Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы

# 1-11 СЫНЫП БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ ПӘНДЕРІ БОЙЫНША БІЛІМІНДЕГІ ОЛҚЫЛЫҚТАРДЫҢ ОРНЫН ТОЛЫҚТЫРУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

Нұр-Сұлтан қаласы
2021

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми-әдістемелік кеңесімен баспаға ұсынылды (2021 жылғы 13 қазандағы № 16 хаттама).

**1-11 сынып білім алушыларының оқу пәндері бойынша біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру бойынша әдістемелік ұсынымдар**– Нұр-Сұлтан қаласы: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2021. – 2152 б.

Әдістемелік ұсынымдарда білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру бойынша халықаралық тәжірибе, Қазақстан мектептерінде қашықтан оқыту жағдайында білім алушылардың білім сапасына талдау, 1-11 сынып оқушыларының оқу пәндері бойынша біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру бойынша әдістемелік ұсынымдар берілген.

Әдістемелік ұсынымдама жалпы білім беретін мектептердің басшылары мен педагогтеріне, әдіскерлерге, білім басқармалары/бөлімдері мен білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаменттерінің басшылары мен пән мұғалімдеріне арналған.

© Ы. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2021

# КІРІСПЕ

Пандемия дағдарысы әлемдік білім беру жүйесіне қатты әсер етті. Халықаралық сарапшылар пандемия кезінде мектептердің жабылуы әлем бойынша білім алушылардың үлгеріміне, сапасына және мектеп бағдарламасын меңгеру деңгейіне әсер еткенін айтқан болатын. Пандемия кезінде қашықтан оқыту форматына көшу барысында тек сын-қатерлер ғана емес, жаңа мүмкіндіктер де пайда болды. Мысалы, ақпараттық құзыреттілік және *цифрлы сауаттылықтың артуы.*

Оқу процесін ұйымдастыру үшін бағалау жүйесі бейімделді және де бірқатар нормативтік құқықтық құжаттар қабылданды. Осы орайда, пандемия кезіндегі педагогтердің атқарған жұмыстарын ерекше атап өткен жөн.

*Пандемиядан кейінгі кезеңде білім беру процесін қалпына келтіру және сын-қатерлерге жауап бере алатын білім беру ұйымдарының жүйесін құру үшін жағдай жасау қажет.* Аталған жүйені Дүниежүзілік банк, БҰҰ Балалар Қоры (ЮНИСЕФ), ЮНЕСКО, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы мен Білім және ғылым министрлігі бірлесіп ұйымдастырды. Осы орайда, өткен 2019-2020, 2020-2021 оқу жылдарында оқу процесінің ауыспалы тәртібіне байланысты әрбір пәннің оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттары бойынша білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру қажет. Одан кейін ғана жаңа 2021-2022 оқу жылындағы әрбір оқу пәні бойынша оқу бағдарламасын меңгеру қамтамасыз ету маңызды.

Білім алушы мен педагогтің алдындағы осындай күрделі міндетті шешу жұмысын қалай ұйымдастыруға болады, әрбір білім алушының біліміндегі өткен оқу жылдарында орын алған олқылықтардың орнын толықтыра отырып жаңа оқу мақсаттарын қалай меңгертуге болады? Берілген проблема бойынша пән мұғалімдеріне, әдістемелік бірлестіктер мен әкімшілік мүшелеріне арналған білім алушының біліміндегі өткен оқу жылдарында орын алған олқылықтардың орнын толықтыра отырып жаңа оқу мақсаттарын меңгертудің алгоритмі ұсынылады.

Қашықтан оқыту кезінде оқушылардың оқу жетістіктерінің жаппай төмендегені байқалды. Сонымен бірге ағымдағы оқу жылында білім алушылардың білімінде орын алған олқылықтардың орнын толықтыру мәселесі өзекті мәселелердің бірі. Берілген әдістемелік ұсынымдамада жалпы білім беретін мектептің педагогтеріне білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыруға қатысты жүйелі және толық көлемде ұсынымдар берілген. Бұл ұсынымдар барлық негізгі пәндерді және барлық сыныптарды қамтиды.

Бүгінгі таңда республика бойынша жалпы білім беретін мектептер осы мәселе бойынша жұмыстар атқаруда.

# 1 БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМІНДЕГІ ОЛҚЫЛЫҚТАРДЫҢ ОРНЫН ТОЛЫҚТЫРУ БОЙЫНША ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕ

COVID-19 дағдарысы білім беру саласына үлкен әсер етті. ЮНЕСКО әлемнің 108 елі 2020 жылы мектептердің жабылуына байланысты орта есеппен 47 күндік күндізгі сабақтың өткізілмегені туралы хабарлады, бұл оқу жылының төрттен біріне тең (2021). COVID-19 пандемиясының орта мерзімді және ұзақ мерзімді әсерлері әлі де белгісіз, бірақ оқушыларды оқытуды жалғастыру және дағдарыстан туындаған оқушылардың біліміндегі олқылықтарды қалпына келтіру қажеттілігі Білім министрлігі мен басқа ұйымдардың қысқа мерзімді әрекеттерін талап етеді.

ЮНЕСКО, Дүниежүзілік банк тобы және ЮНИСЕФ шектеу шаралары кезіндегі мектептерді ашудың негіздемелік бағдарламасын, оқу жылдарында жіберілген білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды анықтап, олардың орнын толықтыру және жаңа оқу жылының оқу бағдарламасын меңгерту және мектепті ашуды жоспарлау үшін барлық факторларды атап көрсететін икемді құралды іске қосты [1].

Бағдарламаның құрылымы табысы төмен және орташа елдердің үкіметтерінен жағдай туралы неғұрлым нақты түсінік алуға және оларға қиын жағдайда мектептер ашуға байланысты нақты проблемаларды анықтауға көмектесетін мәліметтер жинау мен көрсеткіштерді анықтауға бағыттайды.

ЮНЕСКО, ЮНИСЕФ және Дүниежүзілік банк серіктестері барлық оқушылардың қайтадан мектепке баруын қамтамасыз ету, мектептердің қауіпсіз ашылу үшін барлық шараларды қабылдау, оқушылар біліміндегі олқылықтарды қалпына келтіру мен кешенді қызметтер алуы үшін, мұғалімдерді оқушылардың біліміндегі олқылықтарды қалпына келтіру жұмыстарына дайындау және қолдау көрсету үшінін күш біріктіреді.

2020 жылдың тамызында «Covid-19 дәуіріндегі және одан кейінгі кезеңдегі білім» тұжырымдамалық жазба әзірледі. Стратегиялық ұсынымдары үш басым міндетті шешеді: білім беруді қайта қарастыру, оқыту мен оқудағы оң өзгерістерді жеделдету; жоғалған білімнің мәселесін шешу және әсіресе маргиналданған топтардың өкілдері арасында жұмыстан шығарудың алдын алу; мектепті тастап кету қаупі төнген оқушыларды қайтару, оқушылардың, оқытушылар мен персоналдың Әлеуметтік және эмоционалды әл-ауқатына қамқорлық жасау.

ЮНЕСКО, ЮНИСЕФ және Дүниежүзілік банк бірлескен «Recovering Education in 2021 (2021 жылы білім беруді қалпына келтіру)» миссиясын іске қосты.

Миссияның мақсаты: барлық балалардың мектепке оралуына және олардың денсаулығын, психо-әлеуметтік әл-ауқатын және басқа да қажеттіліктерін ескеретін қолайлы оқу ортасын құру. Мерзімі 2021 жылың аяғына дейін.

Миссияда білім беруді қалпына келтіру үшін үш басымдыққа назар аударады: барлық балаларды мектепке қайтару, жоғалтқан білімді қалпына келтіру, мұғалімдерді даярлау және қолдау.

1-басымдылық: барлық балаларды мектепке қайтару. Бұл басымдылықты барлық балалардың мектепке баруы және олардың оқу қажеттіліктерін, денсаулығын, психоәлеуметтік әл-ауқатын және басқа қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қажетті жағдай жасау айтылады. Әріптестерден білім беруді, денсаулықты, балалардың психоәлеуметтік әл-ауқатын және басқа да қажеттіліктерін қолдау үшін кешенді қызметтерді қамтитын мектептерді ашу стратегияларын әзірлеу мен іске асыру сұралады.

2-басымдылық: жоғалтқан білімді қалпына келтіру. Бұл басымдылықта бүкіл әлемдегі балалар айтарлықтай білім алатын уақытын жоғалтты, бұл өз кезегінде оқуда айтарлықтай шығындарға әкелгеніне тоқталған. Мектепке оралғаннан кейін оқушылар өздері оқитын сыныбының оқу бағдарламасын оңай оқып кете алады деп айтуға болмайды, бұл өткен жылдың білім беру мазмұнын игергеніне байланысты. Енді оқушылардың білім алатын уақытының бірнеше айларын жоғалтқаннан кейін көптеген оқушылардың өткен оқу жылындағы меңгермеген білімін толықтыру қажет.

Осыған байланысты әрбір ел жіберіп алған оқушының білімдерін толықтыруға (шыңдауға) және білім берудің ағымдағы проблемаларын шешуге ғана емес, сондай-ақ болашақ сын-қатерлердің алдын алуға қызмет ететін жүйелі шараларды әзірлеуде. Бірнеше айлар бойы оқымаған білімді қалпына келтіру оқушыларға қиын болады, бұл оқушының өзін-өзі бақылауын, табандылығын және оң имиджді қажет етеді.

Қазір балаларды дұрыс жолға түсіру үшін арнайы білім беруді оқушылар біліміндегі олқылықтарды қалпына келтіру қалыпты оқытумен біріктіру қажет. Осыған байланысты әр ел жоғалған білімді толықтыруға (қалыптастыру) және білім берудің өзекті мәселелерін шешіп қана қоймай, болашақ сын -қатерлердің алдын алудың бір түрі ретінде қызмет ететін жүйелік шараларды әзірлеу қажет.

3-басымдылық: Мұғалімдерді білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру бойынша оқыту және оларға мүмкіндік беру.

Мұғалімдер балалардың (қайталап) өткен оқу жылында не білгенің анықтап, білімін толықтыра отырып, сонымен қатар ағымдағы жылға оқу бағдарламасын оқуына көмектесуі керек.

Мұғалімдеге арнайы білім беруді жүзеге асыруға мүмкін болатын қосымша қолдау, әлеуметтік және эмоционалды оқытуға дайындық қажет болады, өйткені бұл көптеген мұғалімдер үшін осы оқу жылы жаңа сынақ.

Олар оқушылардың білім деңгейін бағалау және оларға қажет қолдаудың көлемін анықтайтын құралдардың ең аз жиынтығын алуы тиіс.

Барлық мұғалімдер жыл соңына дейін білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыруға, әлеуметтік-эмоционалды оқытуға және қашықтықтан оқытуға дайын болуы керек.

ЮНЕСКО, ЮНИСЕФ және Дүниежүзілік банк өз тәжірибесін жергілікті жерлерде қолдана отырып, елдерді қолдауға күштерін біріктірді және бүкіл әлем бойынша оқушылардың білімін қалпына келтіру үшіт төмендегі әрекеттер атқарады:

1. Үш басымдыққа қол жеткізу үшін, бүкіл әлемдегі елдерді қолдау үшін команданы жұмылдыру.

Әріптестер үш басымдықты ілгерілету бойынша іс-қимылды жеделдетуде үкіметтерге қолдау көрсету үшін әр елдің деңгейінде ынтымақтасатын және әрекет ететін болады.

2. Үш басымдық үшін ішкі ресурстарды жұмылдыруды насихаттау.

Әріптестер білім беруді қаржыландырудың басымдықтарын анықтау және қосымша ішкі ресурстарды жұмылдыру үшін үкіметтермен және шешім қабылдаушылармен өзара ынтымақтастықта жұмыс жасайды.

Сонымен бірге төмендегідей жаһандық деңгейдегі әрекеттерді анықтайды.

*Шешім қабылдау кезінде ақпараттандыру үшін деректерді пайдалану:* сауалнама жүргізу үшін күш біріктіру; ақпарат жинау; нақты уақыт режимінде ғаламдық, аймақтық және ұлттық деректер қоймасын құру.

Сонымен бірге әріптестерден мектептерді қайта ашу, оқудағы шығындар, жұмыстан шығару және мектептен жұмысқа ауысу туралы ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ететін деректер мен аналитиканы уақтылы жинауды, сондай-ақ шешім қабылдау мен өзара оқытуды қолдау үшін деректерді ұсынуды сұрайды.

eSchool + Джонс Хопкинс Университетінің (JHU), Дүниежүзілік банкі және ЮНИСЕФ-пен қызметкерлерінің бастамасымен бірлескен жұмысының нәтижесі ретінде «COVID-19 жаһандық білім беруді қалпына келтіру трекері» атты (2) COVID-19 пандемиясының әсеріне жауап шаралары және бүкіл әлем бойынша оқушылардың білімін қалпына келтіру мониторингін өткізіп жатыр. Бұл трекер әлемнің 200 -ден астам елі мен аумағының деректерін көрсетеді. Білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру мониторингі білім беру деңгейі бойынша бөлінген: мектепке дейінгі, бастауыш, орта, Жоғары орта мектеп, Техникалық / Кәсіби, Жоғарғы білім беру [2].


Білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру бойынша академиялық қолдау өлшемдері 1.1-кестеде берілген.

1.1-кесте. Білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру бойынша академиялық қолдау өлшемдері

| | |
|---|---|
| Мектепте сабақтын өту уақытын өзгерту | Оқушылардың жағдайын ескере отырып сабақтың өту уақыты ұзартылған, қысқартылған немесе басқаша реттелген. |
| Оқу жылының күнтізбесіне өзгерістер енгізу | Оқу жылының күнтізбесі білім беру мазмұнын ескере отырып ұзартылаған, қысқартылған немесе басқаша реттелген |
| Мұғалімдер тарапынан қосымша оқыту | Мұғалімдер қосымша сабақты нашар оқитын оқушыларға көмектесу ретінде немесе біліміндегі олқылықтарды түзету ретінде өткізеді |
| Қосымша оқыту (Еріктілер/ коммерциялық емес ұйымдар) | Еріктілер нашар оқитын оқушыларға көмектесу ретінде немесе біліміндегі олқылықтарды түзету стратегиялары, қол жетімді оқыту нұсқаларын ұсынады |
| Нақты топтардың білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру үшін мақсатқа бағытталған шаралары | Іс-шараларды мақсатты студенттер немесе арнайы топтар қосымша қолдау ретінде білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру шараларын ұсынады |

| | |
|---|---|
| Басқада білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру бойынша академиялық қолдау | Жоғарыда көрсетілмеген басқа да білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру бойыфнша академиялық қолдау. |

1.1-сурет «COVID-19 жаһандық білім беруді қалпына келтіру трекері» атты бүкіл әлем бойынша оқушылардың білімін қалпына келтіру мониторингі




https://www.covideducationrecovery.global/graphs/in-person-education-supports/#notes

1.2-кесте. Білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру бойынша академиялық қолдау өлшемдерінің диаграммадағы боялған түсі

| | |
|---|---|
| | Мектепте сабақтын өту уақыты өзгереді |
| | Оқу жылының күнтізбесі өзгереді |
| | Мұғалімдер тарапынан қосымша оқыту |
| | Еріктілер / коммерциялық емес ұйымдардың қосымша оқытуы |
| | Нақты топтардың жағдайды түзету үшін мақсатқа бағытталған шаралары (студенттер немесе арнайы топтар) |
| | Жоғарыда көрсетілмеген басқада академиялық қолдау |

«COVID-19 жаһандық білім беруді қалпына келтіру трекері» атты диаграммадан білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру бойынша бүкіл әлем бойынша оқушылардың білімін қалпына келтіру үшін атқарылып жатқан жұмыстардан (1.1-сурет) көріп отырғанымыз:

*Оңтүстік Азияда* білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру үшін 37 пайыз оқу жылының күнтізбесіне өзгерістер енгізген, 26 пайыз нақты топтардың жағдайын түзету үшін мақсатқа бағытталған шаралар

ұйымдастырған және 37 пайыз жоғарыда көрсетілмеген басқада академиялық қолдау жасалынған.

*Еуропа және Орталық Азияда* білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру үшін 20 пайыз оқу жылының күнтізбесіне өзгерістер енгізген, 10 пайыз мұғалімдер тарапынан қосымша оқыту өткізілген, 7 пайыз қосымша оқыту еріктілер және коммерциялық емес ұйымдар тарапынан болған, 4 пайыз нақты топтардың жағдайды түзету үшін мақсатқа бағытталған шаралары арқылы жүзеге асқан, 29 пайыз жоғарыда көрсетілмеген басқада академиялық қолдаулар жасалынған.

*Таяу Шығыс және Солтүстік Африка елдерінде* білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру үшін 50 пайыз оқу жылының күнтізбесіне өзгерістер енгізген, 25 пайыз мектепте сабақтын өту уақыты өзгертілген, 14 пайыз мұғалімдер тарапынан қосымша оқыту өткізілген, 24 пайыз қосымша оқыту еріктілер мен коммерциялық емес ұйымдар тарапынан жасалынған.

*Шығыс Азия және Тынық мұхиты елдерінде* білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру үшін 6 пайыз мектепте сабақтын өту уақытын өзгертеді, 6 пайыз оқу жылының күнтізбесіне өзгерістер енгізіледі, 18 пайыз мұғалімдер тарапынан қосымша оқыту өткізіледі, 9 пайыз қосымша оқыту еріктілер мен коммерциялық емес ұйымдар тарапынан жасалынған, 23 пайыз нақты топтардың жағдайды түзету үшін мақсатқа бағытталған шараларын қолданған, 38 пайыз жоғарыда көрсетілмеген басқада академиялық қолдау алынған.

*Сахараның шығысындағы Африкада* білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру үшін 10 пайыз мектепте сабақтын өту уақытын өзгертеді, 62 пайыз оқу жылының күнтізбесіне өзгерістер енгізеді, 12 пайыз мұғалімдер тарапынан қосымша оқыту ұйымдастырылады, 4 пайыз қосымша оқыту еріктілер мен коммерциялық емес ұйымдар тарапынан жасалынған, 22 пайыз нақты топтардың жағдайды түзету үшін мақсатқа бағытталған шаралары пайдаланылған, 4 пайыз жоғарыда көрсетілмеген басқада академиялық қолдау көрсетілген.

*Латын Америкасы және Кариб бассейнінде* білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыруға жоғарыда көрсетілмеген басқа академиялық қолдау 40 пайыз, қосымша көмеке ретінде студенттер немесе топтардың көмегін пайдалану 12 пайыз, еріктілер және коммерциялық емес ұйымдардың көмегі 25 пайыз, мұғалімдер ұсынған сабақты қолдау немесе түзету стратегиясы ретінде, репетиторлық 3 пайыз қолданылады.

Сонымен бірге Латын Америкасы және Кариб бассейнінде 12 пайыз оқу жылының күнтізбесіне өзгерістер енгізген және 8 пайыз сабақты өткізу уақаты ұзартылған, қысқартылған немесе басқаша реттелген.

*Солтүстік Америкада* білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыруға араласуға 100 пайыз жоғарыда көрсетілмеген басқа академиялық қолдау көсетілген.

*Білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру бойынша халықаралық тәжірибеден бүкіл әлем бойынша оқушылардың білімін*

*қалпына келтіру үшін білім беру мазмұнын ескере отырып оқу жылының күнтізбесіне өзгерістер енгізілуге басты назар аударылғанын байқаймыз. Сонымен бірге мектептегі сабақтын өту уақытын өзгертіп және еріктілерді нашар оқитын оқушыларға көмектесу немесе оқушылардың біліміндегі олқылықтарды толықтыру үшін пайдаланған. Бұданда басқа білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру жолдарын қолданған.*

«Еуропа мен Орталық Азияда COVID-19-дан кейін оқытуды қалпына келтіру: саясат және практика» құжатында Еуропа мен Орталық Азияда COVID-19-дан кейін оқытуды қалпына келтіру үшін жазғы мектепті, репетиторлықты, штаттық кестені өзгетуді ұсынады[3].

1.Жазғы мектеп. Жазғы мектепте қашықтықтан оқыту кезінде оқушылардың жіберіп алған көптеген академиялық мүмкіндіктерін өтеуге көмектесетін басқа да іс-шаралар атқарылады.

2. Репетиторлық. Зертеулерден осы оқу жылында қарқынды оқытуды жоспарлап отырғанын көреміз. Репетиторлық оқушыларға оқудағы олқылықтардың орнын толтыруға көмектесу үшін үлкен пайдасы болуы мүмкін, бірақ бұл мектеп басшылары үшін логистикалық мәселе: мектептер Репетиторлық жасайтын адамдарды жалдауы керек. Мектеп репетиторлық кестені басқаруы керек. Мектеп басшылары ата-аналармен келісе отырып қай жерде репетиторлық өтетінін шешуі керек. Мектеп өз іс-әрекеттерін оқушылардың отбасылармен үйлестіруі керек.

3. Штаттық кесте. Мұғалімдердің ұзақ жұмыс және/немесе мектепте жұмыс жасаған күндері үшін ақы төлеу арқылы оқу уақытын көбейту. Сондай-ақ, консультанттарды, әлеуметтік қызметкерлерді және оқу мамандарын қоса, мамандандырылған қызметкерлерді қосуды жоспарлау.

Мэндегі Солтүстік Энсонда оқушыларға оқудағы олқылықтардың орнын толтыруға көмектесуге интервенциялық мұғалімдер үшін төрт жаңа лауазымдарды жалдауды қарастырған. Сондықтан арнайы оқушылардың біліміндегі олқылықтарды қалпына келтіру қажеттілігі үшін оқу, жазу және математикамен айналысатын адамдарды тартады.

Кейбір елдер (және кем дегенде АҚШ-тың бір штаты) білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын азайту үшін арнайы репетиторлық бағдарламаларды бастады. *АҚШ*-та Теннесси репетиторлар корпусы іске қосылды-бұл бағдарлама колледж студенттері оқушылармен бірге covid-19-ға байланысты оқу шығындарын азайту үшін жұптасып жұмыс істеуге негізделген. Сонымен бірге 1000 білікті колледж студентерін жалдап білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтырудың бір жолын шешіп отыр.

АҚШ-ты AmeriCorps сияқты ұйымдар арқылы оқушылардың білімін қалпына келтіру тығырықтан шығудың жолын күрт кеңейтті.

*Ұлыбританияда* оқушыларға оқудағы олқылықтардың орнын толтыруға көмектесу үшін арнайы әзірленген «Жету жоспары» атты ұлттық репетиторлық бағдарлама іске қосылды. Бұл бағдарлама негізінде мектептерде оқушылардың академиялық қажеттіліктерін қанағаттандыруға көмектесетін тәрбиешілердің бүкіл армиясын жалдады.

Ұлттық репетиторлық бағдарлама мектептердегі екі миллионға жуық білімі нашар оқушыларға субсидияланған репетиторлық сабақтар береді және оны тегін оқытушыларға қол жеткізуге мүмкіндік береді. Сонымен бірге студенттер мен колледждердің түлектерін тәлімгер-репетитор ретінде тартуда экономикалық ынталандыру шарасы ретінде табысты болуы мүмкін.

2020 жылдың маусымында *Нидерланды* үкіметі жазғы мектептер, ұзартылған мектеп күндері және репетиторлық мектептер сияқты қосымша мектептерді қолдау үшін 278 миллион долларға тең сома бөлді. Білім министрлігі репетиторлық сабақ өткізу үшін арнайы дайындалған студенттерді жалдауды ұсынды.

Осы оқу жылының басында *Ресей* 37 мың мектептен 7 миллионнан астам оқушыға Бүкілресейлік тексеру жұмыстарын жүргізді. Мақсаты оқушылардың білім деңгейін бағалау, әр пәннің оқу бағдарламасын игеруде қандай олқылықтар бар екенін анықтау.

*Мониторинг жалпы білім сапасы бойынша нәтиженің бар екенін, қандай да бір елеулі олқылықтар жоқ екенің көрсетті.*

Биылғы оқу жылында көптеген мектептер күндізгі режимде жұмыс істейді. Бірақ Ресейдің кейбір аймақтары белгілі себептермен күзгі демалысты бір аптаға ұзартты, оқушыларын жартылай қашықтықтан оқытуға ауыстырды. Барлық өңірлерге білім беру сапасы төмендемеуі үшін оқу жоспарларын өзгерту бойынша ұсыныстар берген. Оқу жоспарын өзгерту-бұл мектептің, педагогикалық ұжымның шешімі болуы тиіс. Басты қағида: оқушылар білім беру бағдарламаларын толық меңгеруі тиіс. Бірақ бұл ретте білім беру жүктемесінің асып кетуіне жол бермеу маңызды. Мысалы, Мәскеудің астаналық білім департаменті мектептер мен оқушыларға білімдегі мүмкін олқылықтарды жоюға көмек көрсетудің тұтас бағдарламасын жасады. Минстрлік әр өңірге әдістемелік қолдау көрсетіп отыр. Өңірлер білім беру жүйесінің күнтізбелік кестесімен тығыз жұмыс істеуде, барлық жерде бұл, ең алдымен, эпидемиологиялық жағдайға негізделген жеке тәсіл жасалынған. Мәселен, Мәскеу каникулды сәл ұзартады, бірақ бірден бірнеше аймақ жаңа жылдық каникулға бірақ шығуды жоспарлап, барлық сыныптардағы толық күндізгі оқуда алатын білімін, яғни олқылықтардың орнын толтырады. Бұл да білім беру ортасындағы оқушының денсаулығын бақылау үшін өңірлердің қабылдаған салмақты және уақтылы шараларының нәтижесі.

Сонымен бірге, Ресей оқушының «цифрлық өмірбаянын» талдау бойынша оның табыстылығын түзету тетігін енгізуді жоспарлап отыр. Өткен сабақтар, бағалар, тақырыптарды зерделеу тереңдігі, орындалған тапсырмалардың күрделілігі, ГИА, олимпиадалар, WorldSkills чемпионаттарының нәтижелері - бұл барлық ақпарат жиналып, талданатын болады. Үлкен деректерді талдау мектепке әр оқушы үшін жеке білім беру бағытын құруға, оның бағдарламасының тиімділігін бағалауға және қажет болған жағдайда біліміндегі олқылықтарды түзетуге мүмкіндік береді. Оқушыға білімдегі олқылықтардың орнын толтыруға немесе білімін тереңдеуге арналған материалдар автоматты түрде ұсынылады. Яғни, цифрлық

технологияларды енгізу білім беру процесін жеке, яғни тиімді етуге мүмкіндік береді. https://edu.gov.ru/press/news/?page=3

Білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру бойынша халықаралық тәжірибе бойынша зерттеулерден:

*Мектеп күнін ұзарту.* Пандемияға дейінгі әдебиеттерді зертеген ғалымдар оқу күнін ұзартуды ұсынған, (сонымен қатар белгілі ұзартылған/кеңейтілген оқу уақыты) кейбір ғалымдар алмаған білім беру мазмұнын қалпына келтіруге көмектеседі (DISENTANGLING THE EFFECTS OF THE SCHOOL YEAR FROM THE SCHOOL DAY: EVIDENCE FROM THE TIMSS ASSESSMENTS Паталл, Купер и Аллен, 2010; Холланд, Альфаро и Эванс, 2015; Пан и Сасс.2020) дейді. «Оқу жылының әсерін мектеп күнінен ажырату: TIMSS бағалауының дәлелі» мақаласында Ву Дерек оқу күнін ұзартқан елдердің TIMSS бағалауында оқушыларының жетістігі жоғары болатынын талдап көрсетеді (Ву, Дерек. 2020. Уу, Дерек. 2020.https://doi.org/10.1162/edfp_a_00265.).

Ұлыбританияда мектепте сабақтың өткізілу уақытын ұзарту жоспарын қарастырды, оқу күні COVID-19-ды жою бойынша шаралар кешені аясында оқушыларға жоғалған білімді меңгеруге көмектеседі.

*Оқу аптасын ұзарту***.** Алты күндік оқу аптасы, білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыруды қалпына келтірудің тағы бір нұсқасы. Пандемияға дейін «сенбілік мектеп» өте кең таралған білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыруға өзіндік үлесін қосты. Қазір кейбір елдер, соның ішінде Танзания сенбі күні мектепке оқушылар (Омонди 2020) оқып, білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру бойынша жұмыс жасайды. Мектептің батыс жағалауында кездесулер әлі де аралас форматта өткізіледі, бірақ оқушылар қандай да бір мектеп формасына қатысады, қажетіне қарай аптасына алты күн оқиды (БАПОР 2020).

*Оқу жылын ұзарту*. Оқу жылының ұзартылуы оқу уақытын қосқысы келетін елдер де қарастырғысы келуі мүмкін. Кей елдер білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыруды оқу жылының күндерін ұзартылу, каникул күндерінің санын азайту арқылы жоспарлаған. Оқу жылының ұзартылуы бойынша пандемияға дейінгі әдебиеттер оқу жылын ұзарту бұл стратегияның пайдасы аз болатынын көрсетеді.

Бірақ олар басқа білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру бойынша стратегиясымен бірге тиімдірек болуы мүмкін (Patall, Cooper және Allen 2010; Pan and Sass 2020) дейді. Марокко осы бағыт таңдайды. Бұл стратегияны Африкада өткен оқу жылында қолданып, оқу жылында мектеп демалысын ұзартуды кейінге қалдырды (каникул). (Африкада білім беруді дамыту ассоциациясы 2020).

Оқу жылының ұзартылуы ерте басталу күнін де қамтуы мүмкін маусымдық (қысқы / көктемгі) үзілістер, кейінірек аяқталу күніде қарастырылады. Мектепегі сабақтың өтетін күндерін ұзартудың басқа нұсқалары ұзақ мерзімді, мектепте жыл бойы ауысуды қамтиды немесе жазғы мектеп бағдарламаларын іске асыруда өзекті. https://bestevidence-

org.translate.goog/category/research-methods/research-methods-methodological-features-and-effect-sizes/?_x_tr_sl=en&_x_tr_tl=ru&_x_tr_hl=ru&_x_tr_pto=nui,sc

Ватерлоо университетінің қызметкері Джанис Аурини пандемияның мектеп оқушыларының үлгеріміне теріс әсерін ақысыз жазғы оқу лагерлерінің көмегімен азайтуға болады деп санайды. Канада билігінің қолдауымен кейбір мектептер ұйымдастырып отыр. Зерттеушінің айтуынша, мұндай лагерьлерде көңілді атмосфера бар, мектеп оқушылары демалуға, экскурсияға баруға, ата-аналарымен бірге іс-шараларға қатысуға мүмкіндік алады. Пандемияның жағымсыз салдарын қосымша жеке немесе топтық сабақтар арқылы да жеңуге болады. Джанис Ауринидің пікірінше, демалыс кезінде артта қалған оқушылармен сабақ өткізу өте маңызды-мұны шағын топтарда жасаған дұрыс дейді.

Биыл ЮНЕСКО-ның басшылығымен өткен Дүниежүзілік мұғалімдер күнінің тақырыбын «Білім беруді қалпына келтіру орталығындағы мұғалімдер» деп атады. https://en.unesco.org/commemorations/worldteachersday

6 қазанда, «Білім беруді қалпына келтіру үшін технологияларды қолдану: мұғалімдердің дамуындағы инновациялар», 7 қазанда, «Білім беруді қалпына келтіру үшін мұғалімдердің инновацияларын қолдану» халықаралық вебинар ұйымдастырылды. ЮНЕСКО, ЭЫДҰ және Хамдан Қорының, сондай-ақ Гана, Португалия, Панама және Біріккен Корольдіктің баяндамашыларының қатысуымен өтті.

Іс-шарада жеке тұлғалар мен ұйымдар енгізетін оқыту мен оқытудағы инновациялар көрсетілді. Бұған мұғалімдерді қолдаудағы инновациялық әлеуетті атап өтетін ЮНЕСКО-Хамдан сыйлығының жобалары кіреді. Сондай-ақ, ЭЫДҰ, ЮНЕСКО және мұғалімдердің мақсатты тобы 2021 жылдың басында ЭЫДҰ-ның ғаламдық оқыту платформасын қолдана отырып өткізген пандемия кезінде мұғалімдердің идеялары мен инновацияларының ашық краудсорсингінің кейбір негізгі тұжырымдары мен сенімді мысалдары туралы айтылды. Сондай-ақ, бұл инновациялық әдістер күндізгі оқуды қайта бастағаннан кейін де жалғасуын қамтамасыз ету үшін қажетті жағдайлар мен саясатты зерттеуге бағытталған. https://en.unesco.org/sites/default/files/wtd-2021-6-oct-leveraging_technology_for_educational_recovery-cn-en.pdf

2021 жылдың тамызында жарық көрген «Білім беруді қалпына келтіру сабақтары, сауалнама нәтижелері, Білім министрліктері COVID-19 пандемиясы жағдайында» әдістемелік құралында да дүние жүзіндегі мектептердің білім алушыларының оқу пәндері бойынша біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру жұмыстары қарастырылған. http://covid19.uis.unesco.org/wp-content/uploads/sites/11/2021/07/National-Education-Responses-to-COVID-19-Report2_v3.pdf

2021-2022 оқу жылының басты міндеттерінің бірі – шектеу шаралары кезіндегі оқу жылдарында жіберілген білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды анықтап, олардың орнын толықтыру және жаңа оқу жылының оқу бағдарламасын меңгерту. Оқу жылының басында әр пән бойынша өткен оқу жылдарында жіберілген білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру және жаңа оқу жылының оқу бағдарламасын меңгерту

бағытында мақсатты шаралар жыл бойы жүргізілуі тиіс. Білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру жұмыстарын осы жылдың аяғына дейін өткізіп, нәтижесін анықтау қажет.

ЮНЕСКО, ЮНИСЕФ және Дүниежүзілік банк серіктестерінің бірігіп барлық оқушылардың қайтадан мектепке баруын қамтамасыз ету, оқушылар біліміндегі олқылықтарды қалпына келтіру үшін көптеген нормативтік құжаттарын әзірлеп, білім беру ұйымдарына көмек беру үшін халықаралық вебинар, онлайн семинар өткізіп жатыр. Осы атқарылған жұмыстарды талдай отырып білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру әдістерін негіздедік.

eSchool + Джонс Хопкинс Университетінің (JHU), Дүниежүзілік банкі және ЮНИСЕФ-пен бірлескен «COVID-19 жаһандық білім беруді қалпына келтіру трекері» атты бүкіл әлем бойынша оқушылардың білімін қалпына келтіру мониторингін талдап бүкіл әлем бойынша оқушылардың білімін қалпына келтіру үшін атқарылып жатқан жұмыстардан төмендегі әдістемелік ұсынымдама негізделеді:

1.Сабақтын өту уақытын өзгерту немесе сол күнге қосымша сабақ қосу. Оқушылардың жағдайын ескере отырып сабақтың өту уақытын ұзарту немесе қысқарту. Осы күнгі сабақтың мақсатына жету үшін қосымша сабақ беру.

2.Оқу аптасын ұзарту. Оқу аптасын алты күндік немесе жеті күнге ұзарту. Мысалы «сенбілік мектеп». Күнде емес қажетіне қарай оқушылардың жағдайын ескере отырып.

3. Оқу жылының күнтізбесіне өзгерістер енгізу. Оқу жылының күнтізбесін білім беру мазмұнын және білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру жұмыстарын ескере отырып ұзарту немесе қысқару. Каникулдардың уақытын азайту.

4. Білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру бойынша мұғалімдердің жұмыстарын негіздеу. Мұғалімдер білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды анықтап, орнын толықтыру бойынша оқушылармен сабақта жұмыстар жасайды. Оқушылардың жағдайын ескере отырып қосымша сабақ өткізеді.

5.Еріктілердің көмегімен қосымша оқыту. Еріктілер нашар оқитын оқушыларға көмектесу ретінде немесе біліміндегі олқылықтарды түзету үшін қосымша сабақ береді. Еріктілер қатарына зейнеткер ұстаздар және педагогикалық оқу орнының және педагогикалық колледждің студенттері шақырылады. Мектеп директорының бұйрығымен оқушылармен жасалатын жұмыстың көлемі және орны нақтыланады. Бұл репетиторлық орталықтар болуы мүмкін.

6. Репетиторлық көмегімен қосымша оқыту. Мұғалімдердің және нақты топтардың немесе Репетиторлық орталықтың қолдауымен білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыруға бағытталған шараларды атқару. Іс-шаралардың мақсатты арнайы топтар, зейнеткер ұстаздар және педагогикалық оқу орнының және педагогикалық колледждің студенттерінің көмегімен қосымша қолдау ретінде білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру шараларын ұсынады.

## 2 ҚАЗАҚСТАН МЕКТЕПТЕРІНДЕ ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЫНДА БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМ САПАСЫНА ТАЛДАУ

Бұл бөлімде мектептердің ұзақ уақыт жабылуының оқушылардың білім алу жетістіктеріне әсері зерттелген. Атап айтқанда, қашықтан оқытудың оқу материалының көлемі және оқушылардың оны меңгеру дәрежесі; пәндерді зерделеудің күрделілік дәрежесі; сондай-ақ қашықтықтан оқытуды қабылдау мен оған деген қарым-қатынас қарастырылады, бұған мұғалімдердің, оқушылардың және ата-аналардың сауалнама нәтижелері дәлел бола алады.

Сауалнама аясында мұғалімдер қашықтықтан оқыту материалының көлемі дәстүрлі оқытудан қаншалықты ерекшеленетіні туралы пікір алмасты. Сауалнамаға қатысқан мұғалімдердің жартысына жуығы (46,6%) Қашықтықтан оқытудың оқу материалының көлемі дәстүрлі оқытуға қарағанда аз болды деп санайды. Мұғалімдердің тағы үштен бірі (32,6%) оқу материалының көлемі тең болғанына сенімді. 12,4% мұғалім-респонденттердің пікірінше, қашықтық кезінде оқу материалының көлемі үлкен болған (сурет. №). Респонденттердің тұрғылықты жері бойынша сауалнама деректерін талдау айтарлықтай айырмашылықты анықтаған жоқ.

Оқу материалының қандай бөлігін қашықтықтан оқыту кезеңінде оқушыларға жеткізе алдыңыз? "Респонденттердің жалпы санынан мұғалімдердің 20%-ы оқушыларға оқу материалының қажетті көлемінің барлығын немесе барлығын, шамамен 10%-ын ештеңе немесе жартысынан азын жеткізді деп жауап берді.

Респонденттердің басым бөлігі (62,2%) қашықтықтан оқыту кезінде оқушыларға оқу материалы көлемінің жартысын және көп бөлігін жеткізе алды деп санайды. Айта кету керек, кросс-сұрақтарды салыстырмалы талдау мұғалімнің оқу материалының көлемін беру деңгейінің қашықтықтан оқыту кезеңінде балалардың техникалық мүмкіндіктеріне және/немесе құрылғыларына тікелей тәуелділігін көрсетті. Техникалық қамтамасыз ету проблемалары бар оқушылардың үлесі неғұрлым жоғары болса, оқу материалдарының көлемі соғұрлым аз болады. Сонымен, сыныпта техникалық құрылғыларсыз балалары жоқ мұғалімдердің 46,3%-ы оқу материалдарының көп бөлігін жеткізе алатындығын көрсетті. Керісінше, мұғалімдердің 49,4%-ы техникалық мүмкіндіктердің және/немесе құрылғылардың жоқтығынан оқушылардың 30% -50% - ы оларға қажетті оқу материалының жартысынан немесе жартысынан азын берді.

Оқу материалының көлемі туралы сұрақтың жалғасы ретінде сауалнама қашықтықтан оқыту кезеңінде оқушылардың оқу материалының қандай бөлігін игергенін анықтады.

Сауалнамаға қатысқан қазақстандық мұғалімдердің жартысынан астамы қашықтықтан оқыту кезеңінде оқушылардың оқу материалын меңгеру дәрежесін оң бағалайды. Осылайша, мұғалімдердің үштен бірінен көбі өздерінің студенттері қашықтықтан оқыту кезінде оқу материалдарының көп бөлігін игерді деп санайды. Мұғалімдердің 14,3%-ның пікірінше, оқушылар оқу

материалдарының барлығын немесе барлығын дерлік игерді. Мұғалімдердің үштен бір бөлігі студенттер қашықтықтан оқыту жағдайында оқу материалдарының жартысын ғана игерді деп санайды. Оқушылардың оқу материалын меңгеру деңгейінің төмендігі туралы мұғалімдердің 10,4%-ы айтады. Мұғалімдердің 8,9%-ы өз оқушыларының оқу бағдарламасының жартысынан азын, 1,5% - ы ештеңе немесе тек бір бөлігін игергеніне сенімді.

Сауалнамаға қатысқан мұғалімдердің жартысы ғана мектепте дәстүрлі оқыту кезіндегідей бірдей сапалы білім бере алды деп санайды. Мұғалімдердің қалған 40,2%-ы дәстүрлі және қашықтықтан оқыту сапасының баламалылығымен келіспейді. Мұғалімдердің 8,3%-ы осы сұраққа жауап беруден бас тартты.

Қалалық мұғалімдер оқушылардың оқу материалын игеру дәрежесін оң бағалайды. Мәселен, қала мұғалімдерінің 58,4% - ы олардың оқушылары оқу материалдарының барлығын немесе басым бөлігін ауыл мұғалімдерінің 50,8% - на қарама-қарсы игергеніне сенімді. Ауыл мұғалімдерінің 30,2% - ы және қала мұғалімдерінің 23,3% - ы оқушылар оқу материалының жартысын игерді деп санайды. 9,8% қалалық және 10,9% ауыл мұғалімдері оқу материалын игерудің төмен деңгейіне сенімді. Қалалық және ауылдық мектептердегі мұғалімдердің жартысы мектепте дәстүрлі оқыту кезіндегідей қашықтықтан оқыту сапасын қамтамасыз ете алды деп санайды. Ауыл мұғалімдерінің 40,6% - ы және қала мұғалімдерінің 39,6%-ы дәстүрлі және қашықтықтан оқыту сапасының эквивалентімен келіспейді.

Алматы қаласының оқушылары, мұғалімдердің 70,6% пікірі бойынша, оқу материалының барлық немесе көп бөлігін игерді. Бұл оқушылардың оқу материалын игеру дәрежесін оң сипаттайтын еліміздің барлық өңірлері арасындағы мұғалімдердің ең жоғары үлесі. Бұл санатқа сондай-ақ Нұр-сұлтан қаласының (61,5%) және Атырау облысының (61,8%) мұғалімдері жатады. СҚО, Түркістан, Қарағанды облыстарының мұғалімдері сынға түсті. Түркістан облысы мұғалімдерінің 13,6% - ы, СҚО мұғалімдерінің 14,7% - ы, Қарағанды облысы мұғалімдерінің 15,9% - ы, олардың оқушылары оқу материалының жартысынан азын немесе оның бір бөлігін ғана игерді деп санайды.

Мектептегі дәстүрлі оқыту кезіндегідей оқу сапасын қамтамасыз ете алды деп есептейтін мұғалімдердің ең көп үлесі Қызылорда облысына тиесілі. Осы пікірмен келіскен мұғалімдердің үлесі осы өңірде 60,5% - ды құрады. Дәстүрлі оқытуға тең мәнді қашықтықтан білім беруді ұсынған мұғалімдердің ең аз үлесі СҚО – ға тиесілі-39%.

Оқушылар қашықтықтан оқыту режимінде неғұрлым ұзақ оқитын болса, дәстүрлі оқытуға қарағанда олардың үлгерімінің төмендеу ықтималдығы соғұрлым жоғары болады. Сауалнамаға қатысқан қазақстандық мұғалімдердің көпшілігі қашықтықтан оқытуға көшумен оқушылардың білім деңгейі төмендеді (43,6%) немесе дәстүрлі оқыту кезіндегідей (36,3%) қалды деп есептейді. Мұғалімдердің тек 11,8% - ы IV тоқсанның қорытындысы бойынша қашықтықтан оқыту режимінде оқушылардың үлгерімінің жақсарғанын атап өтті.

Сауалнамаға сәйкес, ауылдық және қалалық мұғалімдердің іс жүзінде тең үлесі қашықтықтан оқыту кезінде балаларды оқытудағы шығындарды (40% - дан жоғары) атап өтеді. Оқушылардың үлгерімінде оң динамиканы немесе тұрақтылықты бақылайтын ауыл мұғалімдерінің үлесі біршама аз (-5,4%) және біршама көп (+3,7%). Оқыту сапасының төмендегенін атап өткен өңірдегі жалпы санынан респондент мұғалімдердің басым үлесі Қарағанды, Солтүстік Қазақстан және Түркістан облыстарына тиесілі. Білім деңгейі мектепте дәстүрлі оқыту кезіндегідей болып қалғаны туралы Павлодар облысының мұғалімдері (46,9%) барынша пайымдайды. Басқа өңірлермен салыстырғанда оқушылардың білім сапасының жоғарылағанын атап өткен мұғалімдердің үлесі БҚО – да, төмендеуі СҚО-да басым.

Мұғалімдердің басым үлесі (72,7%) қашықтықтан оқыту жалпы оқушылардың үлгеріміне теріс әсер етеді деп санайды. Респонденттер қашықтықтан оқыту сапасының төмендеуінің себептерінің бірі оқушының мұғаліммен тікелей байланысының болмауы деп санайды. Мұғалімдердің 74,5%-ы осындай фактордың теріс әсерін атап өтті. Сонымен қатар, мұғалімдер қашықтықтан оқыту кезінде сыныпты басқару қиынға соқты (74,7%) және сабақ беру қиынырақ болды (71,4%). Қала/ауыл бөлінісінде оқушылардың білім сапасына Қашықтықтан оқытудың әсер ету факторлары бойынша сауалнама деректерін талдау мұғалім-респонденттер жауаптарының мәні бірдей дерлік үлесін көрсетті.

Жекелеген пәндерді қашықтықтан оқыту мүмкіндігі COVID-19 пандемиясына қарамастан, көптеген елдер мектептерде оқу процесін қайта бастады. Бұл ретте қатаң санитарлық нормаларды сақтау және әлеуметтік қашықтықты қамтамасыз ету негізгі шарт болып қала береді. Бұл тұрғыда көптеген елдер онлайн және офлайн режимінде оқыту кезінде аралас оқыту түріне көшті. Қазақстандағы зерттеу нәтижелері мұғалімдердің көпшілігі (78,4%) өз пәнін қашықтықтан тұрақты негізде оқытқысы келмейтінін атап өтт. Сауалнама деректеріне сәйкес, негізгі себептер онлайн сабақтар кезіндегі техникалық іркілістер, әлсіз Интернет, жүктеменің ұлғаюы, оқушылардың білім сапасының төмендеуі болуы мүмкін.

Көптеген мұғалімдердің пікірінше, математика, жаратылыстану пәндері және шет тілдерін қашықтықтан оқыту ұсынылмайды. Мұғалімдердің жартысына жуығы қашықтықтан гуманитарлық пәндер, қосымша білім беру және ақпараттық технологиялар бойынша сабақ беруге қолайлы деп санайды.

Оқушылардың жартысы математиканы қашықтықтан оқыту кезінде ең қиын екенін атап өтті. Сондай-ақ, оқушылардың пікірінше, оқуға қиын пәндер қатарына тілдер мен жаратылыстану пәндері жатады.

Тілдерді оқыту қашықтықтан оқыту форматындағы ең қиын пәндердің бестігіне кіргеніне қарамастан, оқушылардың 25,9% - ы карантин аяқталғаннан кейін Қазақ тілі мен әдебиетінің қашықтықтан қалуын қалайды. Оқушылардың 20,1% - ы орыс тілі мен әдебиетін қашықтықтан оқытуды жалғастырғысы келетінін атап өтті. Ең аз студенттер пандемиядан кейін жаратылыстану пәндерінің қашықтықтан қалуын қалайды.

## 3 1-11 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ ПӘНДЕРІ БОЙЫНША БІЛІМІНДЕГІ ОЛҚЫЛЫҚТАРДЫҢ ОРНЫН ТОЛЫҚТЫРУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

Еліміздегі эпидемиялогиялық жағдай әлі де айтарлықтай жақсармай отыр. 2021-2022 оқу жылы педагогтерге аса күрделі міндеттер жүктеп отыр. Біріншіден, өткен 2019-2020, 2020-2021 оқу жылдарында оқу процесінің ауыспалы тәртібіне байланысты әрбір пәннің оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттары бойынша білім алушылардың біліміндегі болуы мүмкін олқылықтардың орнын толықтыру қажет. Сонан соң ғана жаңа 2021-2022 оқу жылындағы әрбір оқу пәні бойынша оқу бағдарламасын меңгеру қамтамасыз етіледі.

Оқушы мен педагогтің алдындағы осындай күрделі қос міндетті шешу жұмысын қалай ұйымдастыруға болады, әрбір білім алушының біліміндегі өткен оқу жылдарында орын алған олқылықтардың орнын толықтыра отырып жаңа оқу мақсаттарын қалай меңгертуге болады? Осы мәселе бойынша пән мұғалімдеріне, әдістемелік бірлестіктер мен әкімшілік мүшелеріне арналған білім алушының біліміндегі өткен оқу жылдарында орын алған олқылықтардың орнын толықтыра отырып жаңа оқу мақсаттарын меңгертудің дидактикалық талаптары (алгоритмі) ұсынылады.

| № | Жұмыс мазмұны |
|---|---|
| **Диагностикалық жұмыс** *(I тоқсанның I аптасында)* | |
| 1 | Өткен оқу жылдарындағы пәннің оқу бағдарламасының оқу мақсаттары бойынша ***әкімшілік диагностикалық бақылау*** жұмысын жүргізу |
| 2 | Тақырыптар бойынша олқылығы бар оқушылардың санына байланысты ***өткен тақырыптардың қиындық ретін анықтау***. |
| **Жоспарлау жұмысы** *(I тоқсанның II аптасында)* | |
| 3 | Пәннің оқу бағдарламасы бойынша өткен оқу жылдарының оқу мақсаттарына жаңа оқу жылындағы ***сәйкесті оқу мақсаттарын анықтау*** |
| 4 | Өткен оқу жылдарының оқу бағдарламасы бойынша оқу мақсаттарына жаңа оқу жылындағы сәйкесті оқу мақсаттары анықталған ***сабақтардың қысқа мерзімді жоспарларын*** мақсаттарды үйлестіре, кіріктіре отырып ***дайындау***. |
| 5 | Жаңа оқу жылындағы пәннің оқу бағдарламасы бойынша оқу мақсаттарына өткен оқу жылдарының ***сәйкесті оқу мақсаттары жоқ тақырыптарды анықтау*** |
| 6 | Жаңа оқу жылындағы пәннің оқу бағдарламасының оқу мақсаттарына ***сәйкестігі жоқ*** өткен оқу жылдарының ***оқу мақсаттары бойынша олқылықтары бар оқушыларды тізімдеу және топтастыру*** |
| 7 | Пәннің оқу бағдарламасының оқу мақсаттары бойынша олқылықтары бар оқушылардың топтарымен өткізілетін ***кеңестердің кестесін жасау*** |
| 8 | Олқылықтары бар оқушылардың топтарымен өткізілетін кеңестердің кестесі сәйкесті ***жаңа тақырыптың алдын алу принципімен жасалады*** |
| 9 | Олқылықтары бар оқушылардың топтарымен өткізілетін кеңестердің кестелерін ***жоспарлау принциптері:***<br>- жаңа сабақтың алдындағы күнгі кеңестер;<br>- бескүндік сабақ кестесіне сыймаған жағдайда сенбілік кеңестер;<br>- каникул күндеріндегі кеңестер;<br>- жазғы мектеп күндеріндегі кеңестер. |

| | |
|---|---|
| 10 | ***Жаңа сабақтың алдындағы күнгі кеңес беру*** топтарын анықтау, кестесін жасау |
| 11 | ***Қажеттілігіне қарай сенбілік кеңес беру*** топтарын анықтау, кестесін жасау |
| 12 | ***Каникул күндеріндегі кеңес беру*** топтарын анықтау, кестесін жасау |
| 13 | ***Жазғы мектеп күндеріндегі кеңес*** тақырыптарын анықтау, кестесін дайындау |
| 14 | Жаңа оқу жылындағы оқу пәндері бойынша білім алушылардың білім сапасына ***жүйелі мониторинг жүргіз****у* кестесін және талдау жұмысының ***жоспарын дайындау*** *(осы жерде білім алушының өткен оқу жылы бойынша білімінің сапасы да, олқылықтары да көрінеді):*<br>- қыркүйектің екінші аптасы *(диагностикалық әкімшілік бақылау)*;<br>- бөлім бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) кестесі;<br>- тоқсан бойынша жиынтық бағалау (ТЖБ) кестесі. |
| **Жүзеге асыру және талдау жұмысы** *(оқу жылы бойы)* | |
| 15 | ***Пән бағдарламасы бойынша оқу мақсаттары кіріктірілген қысқа мерзімді жоспар негізіндегі сабақты ұйымдастыру*** арқылы оқушылардың біліміндегі алғашқы олқылықтарын толықтыра отырып жаңа бағдарламалық мақсаттарға қол жеткізу |
| 16 | ***Жаңа сабақ алдындағы кеңес беру кестесі бойынша сабақ жүргізу*** арқылы оқушылардың біліміндегі олқылықтарын толықтыра отырып жаңа бағдарламалық мақсаттарға қол жеткізу |
| 17 | Жаңа сабақ алдындағы ***сенбілік кеңес жүргізу*** арқылы оқушылардың біліміндегі олқылықтарын толықтыра отырып жаңа бағдарламалық мақсаттарға қол жеткізу |
| 18 | ***Каникул күндеріндегі кеңес жүргізу*** арқылы оқушылардың біліміндегі олқылықтарын толықтыра отырып жаңа бағдарламалық мақсаттарға қол жеткізу |
| 19 | ***Жазғы мектеп күндеріндегі кеңес кестесі бойынша сабақ жүргізу*** арқылы оқушылардың біліміндегі олқылықтарын толықтыру |
| 20 | Білім алушылардың білім сапасына жүргізілген жүйелі ***мониторинг жұмысының нәтижесін талдау*** және әдістемелік бірлестікте, әдістемелік кеңесте, педагогикалық кеңесте ***талқылау***:<br>- диагностикалық бақылау жұмысының талдамалық есебі - *әдістемелік бірлестікте, әдістемелік кеңесте, педагогикалық кеңесте;*<br>- бөлім бойынша жиынтық бағалау жұмысының талдамалық есебі - *әдістемелік бірлестікте;*<br>- тоқсан бойынша жиынтық бағалау жұмысының талдамалық есебі - *әдістемелік бірлестікте, әдістемелік кеңесте, педагогикалық кеңесте.*<br>- оқу жылының қорытындысы бойынша талдамалақ есеп – *әдістемелік бірлестікте, педагогикалық кеңесте.* |

Осы ретпен әрбір мұғалім оқушысының біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру жұмысын қалай ұйымдастырылады? Келесі бөлімде осы алгоритм негізінде барлық сыныптардың негізгі пәндерінің үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес тақырыптар мен оқу мақсаттары бойынша білім алушылардың білімінде анықталған олқылықтардың орнын толықтырудың мүмкіндіктері ұсынылған.

## 1. «Қазақ тілі» оқу пәні, 3-сынып

### I. Өткен оқу жылында өтілген оқу бағдарламасының мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттары

3-сыныпта «Қазақ тілі» пәнінен диагностикалық жұмыс жүргізу үшін 2-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» пәнінен оқу бағдарламасының оқыту мақсаттары зерделенеді. Ол үшін бастауыш білім беру деңгейінің 2-3-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын қарастырамыз [5]. 2-сыныптың оқу бағдарламасының мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттары келесі кестеде көрсетілген (1.1-кесте)

1.1-кесте – 2-сыныптың мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттары

| Ортақ тақырып | Бөлім (сөйлеу әрекетінің түрі) | Бөлімше (түйінді дағдылар) | Оқу мақсаттары ** |
|---|---|---|---|
| 1-тоқсан | | | |
| 1. Өзім туралы<br><br>2. Менің отбасым және достарым | Тыңдалым және айтылым | 1.1Тыңдалған материалдың мазмұнын түсіну | 2.1.1.1 тыңдаған материал бойынша түсінбеген сөздерін белгілеу, мәтін мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беру |
| | Оқылым | 2.5 Түрлі дереккөздерден ақпарат алу | 2.2.5.1* дереккөздерден (сөздік, анықтамалық, энциклопедия) мәліметті табу жолын анықтап, берілген тақырып, сұрақ бойынша мәліметті іріктеп алу |
| | Тілдік нормалар дың қолданысы | 4.1 Орфографиялық, орфоэпиялық нормаларды сақтау | 2.4.1.3* дауыссыз дыбыс түрлерін (қатаң, ұяң, үнді) ажырату және дауыссыз п-б, қ-ғ, к-г дыбыстарының емлесін сақтап жазу |
| 2-тоқсан | | | |
| 3. Менің мектебім<br><br>4. Менің туған өлкем | Тыңдалым және айтылым | 1.2 Мәтіннің мазмұнын болжау | 2.1.2.1 мәтіннің тақырыбы мен тірек сөздердің негізінде мәтіннің мазмұнын болжау |
| | Оқылым | 2.1 Мәтін түрлері мен құрылымдық бөліктерін анықтау | 2.2.1.1* сұрақ қою арқылы (не істеді? қандай? неліктен?) мәтін түрлерін (әңгімелеу/сипаттау/пайымдау) және құрылымдық бөліктерін (басы, негізгі бөлім, соңы) анықтау |
| | Жазылым | 3.7 Пунктуациялық нормаларды сақтау | 2.3.7.1 сөйлем түрлерін айтылу мақсатына сәйкес тыныс белгілерін (нүкте, сұрақ белгісі, леп белгісі) қою |
| | Тілдік нормалар дың қолданысы | 4.2 Грамматикалық нормаларды сақтау | 2.4.2.6 сөйлемдегі бір-бірімен байланысып тұрған сөздерді табу |
| 3-тоқсан | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 5. Дені саудың жаны сау | Тыңдалым және айтылым | 1.4 Берілген тақырып бойынша әңгіме құрау | 2.1.4.1 тірек сөздерді қатыстыра отырып, берілген тақырып бойынша әңгіме құрау |
| | Оқылым | 2.2 Мәтіндегі лексикалық бірліктердің қолданылуын түсіну | 2.2.2.1* синоним, антоним, омоним (сөздік қолдану) сөздерді ажырату және мағынасын түсіну, сөйлеу барысында қолдану |
| 6. Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті | Жазылым | 3.2 Түрлі стильде мәтін жазу | 2.3.2.1* үлгі бойынша қарапайым хабарландыру, хабарлама жазу |
| | | 3.3 Оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар бойынша жазба жұмыстар жазу | 2.3.3.1* оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар бойынша мұғалімнің көмегімен жоспар құру және тірек сөздерді пайдалана отырып, мазмұндама жазу |
| | | 3.5 Қатені табу және түзету | 2.3.5.1 жіберілген пунктуациялық, орфографиялық қателерді мұғалімнің көмегімен тауып түзету және құрастырған сөйлемін толықтыру |
| | Тілдік нормалар дың қолданысы | 4.2 Грамматикалық нормаларды сақтау | 2.4.2.1 мұғалімнің көмегімен түбір мен қосымшаны ажырату |
| | | | 2.4.2.2 көптік жалғауларын дұрыс қолдану |
| 4-тоқсан | | | |
| 7. Қоршаған орта | Тыңдалым және айтылым | 1.3 Түрлі жағдаяттарда сөйлеу мәдениетін сақтау | 2.1.3.1 күнделікті өмірде кездесетін жағдаяттарға байланысты сөйлеу мәдениетін сақтап, диалогке қатысу |
| | | 1.4 Берілген тақырып бойынша әңгіме құрау | 2.1.4.1 тірек сөздерді қатыстыра отырып, берілген тақырып бойынша әңгіме құрау |
| | Оқылым | 2.1 Мәтін түрлері мен құрылымдық бөліктерін анықтау | 2.2.1.1* сұрақ қою арқылы (не істеді? қандай? неліктен?) мәтін түрлерін (әңгімелеу/сипаттау/пайымдау) және құрылымдық бөліктерін (басы, негізгі бөлім, соңы) анықтау |
| 8.Саяхат | | 2.3 Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар қою және жауап беру | 2.2.3.1 мәтін мазмұнын анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру |
| | | 2.4 Мәтіннің тақырыбы және негізгі ойды анықтау | 2.2.4.1 мұғалімнің көмегімен мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойды анықтау |
| | Жазылым | 3.1 Мәтін түрлеріне сәйкес мәтін құрап жазу | 2.3.1.1 мұғалім көмегімен жеке сурет, сюжетті суреттер арқылы шағын сипаттау/әңгімелеу мәтіндерін құрап жазу |
| | | 3.3 Оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар бойынша жазба жұмыстар жазу | 2.3.3.1* мұғалімнің көмегімен оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар бойынша жоспар құру және тірек сөздерді пайдалана отырып, мазмұндама жазу |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 3.6 Каллиграфиялық нормаларды сақтау | 2.3.6.1 бас әріп пен кіші әріптің биіктігі мен мөлшерін сақтап, оларды байланыстырып көлбеу және таза жазу |
| | Тілдік нормалардың қолданысы | 4.2 Грамматикалық нормаларды сақтау | 2.4.2.1 мұғалімнің көмегімен түбір мен қосымшаны ажырату |
| | | | 2.4.2.5* дара және күрделі зат есім/сын есім/сан есім/етістікті анықтау |

## II. Іріктеп алынған оқыту мақсаттары бойынша диагностикалық жұмыстың үлгісі

Диагностикалық жұмыс білім алушылардың олқылықтарын толықтыру үшін жүргізілетін жұмыс болып табылады. Сондықтан диагностикалық жұмыстың тапсырмалары ретінде толық жауапты қажет ететін тапсырмаларды беру ұсынылады.

Төменде 2-сыныптағы «Қазақ тілі» пәнінің мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттарына сәйкес әзірленген диагностикалық жұмыс тапсырмаларының үлгісі берілген. Үлгі екі нұсқада әзірленген.

**1-нұсқа.** Диагностикалық жұмыстың үлгісі

| Бөлімше атауы | Оқыту мақсаттары |
|---|---|
| **«Менің отбасым және достарым» ортақ тақырыбы бойынша** | |
| 1.1Тыңдалған материалдың мазмұнын түсіну | 2.1.1.1 тыңдаған материал бойынша түсінбеген сөздерін белгілеу, мәтін мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беру |
| 2.1 Мәтін түрлері мен құрылымдық бөліктерін анықтау | 2.2.1.1* сұрақ қою арқылы (не істеді? қандай? неліктен?) мәтін түрлерін (әңгімелеу/сипаттау/пайымдау) және құрылымдық бөліктерін (басы, негізгі бөлім, соңы) анықтау |
| 3.7 Пунктуациялық нормаларды сақтау | 2.3.7.1 сөйлем түрлерін айтылу мақсатына сәйкес тыныс белгілерін (нүкте, сұрақ белгісі, леп белгісі) қою |

Тыңдалым және айтылым

1-тапсырма. Мәтінді мұқият тыңдау. [Мазмұндамалар жинағы 2-4 сыныптар (ust.kz)]

1) тыңдаған мәтін бойынша түсінбеген сөздерді анықтау
2) мәтін мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беру
3) тыңдаған мәтіннің мазмұнын айту.

Нағыз дос

Саят пен Ермек тату достар еді. Бір күні Ермек ауырып, сабаққа бармай қалды. Кешкісін Ерболдың үйіне барып, үйге берген тапсырманы сұрады. Ол көшіріп алуға дәптерін берді. Сол кезде Ерболдың үйіне Саят келіп қалды. Ол Ермектің асығыс көшіріп жатқанын көріп: - «Сен оны текке көшірме, мен саған

шығару жолын түсіндірейін,сосын өзің де үйреніп аласың»,-деді. Ермек досының сөзін мақұлдап, досына риза болды. (58сөз)

Жазылым

1-тапсырма. Сұрақ қою арқылы (не істеді? қандай? неліктен?) мәтін түрін анықтап, мәтінді бөліктерге бөл.

2-тапсырма. Бөліктер бойынша жоспар құр.

Жоспар:

1._____
2._____
3._____

3-тапсырма. Мәтіндегі сөйлемдерді тыныс белгілеріне қарай түрін ажырат.

№1 Диагностикалық жұмыс бойынша бағалау критерийлері

| **Тапсырмалар** | **Дескрипторлар** | **Ұпай саны** |
|---|---|---|
| Тыңдалым және айтылым | 1) тыңдаған мәтін бойынша түсінбеген сөздерді анықтай алады;<br>2) мәтін мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап бере алады;<br>3) тыңдаған мәтіннің мазмұнын айта алады | 3 ұпай |
| Жазылым | 1) Сұрақ қою арқылы (не істеді? қандай? неліктен?) мәтін түрін анықтайды;<br>2) мәтінді бөліктерге бөліп, ажырата алады<br>3) Бөліктер бойынша жоспар құра алады;<br>4) Мәтіндегі сөйлемдерді тыныс белгілеріне қарай түрін ажырата алады | 3 ұпай |
| Барлық ұпай саны | | 6 |

**№2-нұсқа.** «Менің туған өлкем» тақырыбы бойынша диагностикалық жұмыстың үлгісі

| **Бөлімше атауы** | **Оқыту мақсаттары** |
|---|---|
| **«Менің туған өлкем» ортақ тақырыбы бойынша** | |
| 1.2 Мәтіннің мазмұнын болжау | 2.1.2.1 мәтіннің тақырыбы мен тірек сөздердің негізінде мәтіннің мазмұнын болжау |
| 2.1 Мәтін түрлері мен құрылымдық бөліктерін анықтау | 2.2.1.1* сұрақ қою арқылы (не істеді? қандай? неліктен?) мәтін түрлерін (әңгімелеу/сипаттау/пайымдау) және құрылымдық бөліктерін (басы, негізгі бөлім, соңы) анықтау |
| 3.7 Пунктуациялық нормаларды сақтау | 2.3.7.1 сөйлем түрлерін айтылу мақсатына сәйкес тыныс белгілерін (нүкте, сұрақ белгісі, леп белгісі) қою |
| 4.2 Грамматикалық нормаларды сақтау | 2.4.2.6 сөйлемдегі бір-бірімен байланысып тұрған сөздерді табу |

**БІЛУ**

1-тапсырма. «Менің туған өлкем» тақырыбына берілген тірек сөздер арқылы мәтіннің мазмұнын болжап, шағын әңгіме құрастыру

| | | | |
|---|---|---|---|
| жазғы демалыс | Қазақстан | көрікті жерлер | өте үлкен |
| саяхат | мемлекет | Алматы | биік таулар |
| қалың ормандар | үлкен көлдер | | |

**ТҮСІНУ**

2-тапсырма. Мәтіннің бөліктерін түсініп оқу.


1) Мәтіннің басқы, ортаңғы және соңғы бөліктерін анықтап, дөңгелектің ішіне ретін көрсетіп жазу (1, 2, 3).

Екеуі күшікті аяп, үйлеріне алып кетпек болып келісті. Олар күшікті үйлеріне алып келіп, алдына сүт, тамақ қойды. Кішкентай күшік жылы жерде тамаққа тойып алып, бұйығып, ұйқыға кетті.

Екі бала өз істеріне риза болып, бір-біріне жымыңдай қарады.

Күз мезгілі болатын. Күн бұлтты, Жаңбыр жауып тұр. Түс мезгілінде оқитын Ажар мен Ақжол мектептен шығып, үйлеріне келе жатты. Олар біраз жүргеннен кейін жол бойында бүрісіп тұрған кішентай күшікті көздері шалып қалды.

2) Сұрақ қою арқылы (не істеді? қандай? неліктен?) мәтін түрлерін (әңгімелеу/сипаттау/пайымдау) анықтау



## ҚОЛДАНУ

3-тапсырма. Берілген сөздер қатарынан  3 сөйлем құрастырып жазу. Сөйлемнің соңына тиісті тыныс белгіні қою. Тыныс белгілеріне қарап сөйлем түрлерін анықтау

1) Атамекеніміз, аталады, сүйікті, біздің, қалай
2) Жердің, туған, ыстық, топырағы да
3) Жасасын, кең-байтақ, Қазақстаным

## ТАЛДАУ

4-тапсырма. Берілген суретті пайдаланып, сызба бойынша сөйлем құрастыру. Тыныс белгілеріне қарап сөйлем түрлеріне талдау жасап, себебін түсіндіру.

1) ☐ ☐ ☐ ?
2) ☐ ☐ ☐ .
3) ☐ ☐ ☐ ☐ ?
4) ☐ ☐ ☐ ☐ .



## ЖИНАҚТАУ

5-тапсырма. «Суреттер сөйлейді». Суреттердің атауын тауып, өлең құрастырып жазу. Сөйлемдегі бір-бірімен байланысып тұрған сөздерді табу.

 деген  бар,

Еш  оған жетпейді.

Жасында  , жиып ал,

 кетпейді.

**БАҒАЛАУ**

1-тапсырма. Берілген тақырып пен тірек сөздерді мұқият оқу. Бұл мәтінде не туралы айтылуы мүмкін? Тірек сөздерді қолданып шағын мәтін құрастыру.

Тақырып: Асханада
Тірек сөздер: мектеп асханасы, аспазшы, қарсы алу, ас мәзірі, тапсырыс, дәмді, ас болсын, рақмет, сау болыңыз.



2-тапсырма. Досыңмен жұптасып сурет бойынша диалог құрастыру.

3-тапсырма. Құрастырған диалогтағы сөйлемдерді түрлеріне қарай ажырату.

4-тапсырма. Ойлан, тап! Сұрақтарға жауап бер.
1. Жауап алу мақсатында айтылатын сөйлем түрі.
2. Бірдеңенің жайын хабарлайтын сөйлемнің түрі.
3. Аяқталған ойды білдіретін тілдік бірлік.

5-тапсырма. Берілген сөйлемдерді сұраулы сөйлемге айналдырып жаз.

| | |
|---|---|
| Халқымыз ерте заманнан мал өсірумен шұғылданған. | |
| Жылқы, түйе және сиырды ірі қара деп атаған. | |
| Қой мен ешкіні ұсақ мал деп атаған. | |

№2 Диагностикалық жұмыстың бағалау критерийлері

| Тапсырма | Бағалау критерийлері | Ұпай саны |
|---|---|---|
| 1-тапсырма | Берілген тірек сөздер арқылы мәтіннің мазмұнын болжап, шағын әңгіме құрастыра біледі | 1 |
| 2 -тапсырма | Мәтіннің басқы, ортаңғы және соңғы бөліктерін анықтай алады<br>Сұрақ қою арқылы (не істеді? қандай? неліктен?) мәтін түрлерін (әңгімелеу/сипаттау/пайымдау) ажырата алады | 2 |
| 3-тапсырма | Берілген сөздер қатарынан 3 сөйлем құрастырып жаза алады<br>Тыныс белгілеріне қарап сөйлем түрлерін анықтай алады | 2 |
| 4-тапсырма | Берілген суреттер мен сызбаны сөйлем құрастыруда қолдана алады Тыныс белгілеріне қарап сөйлем түрлеріне талдау жасап, себебін түсіндіре алады | 2 |
| 5-тапсырма | Сөйлемдегі суреттердің атауын тауып, сөздерді бір-бірімен байланыстыра алады. Өлең құрастырып жаза алады. | 2 |
| 6-тапсырма | - Берілген тақырып пен тірек сөздерді қолданып шағын мәтін құрастыра алады; сурет бойынша диалог құрастыра алады; құрастырған диалогтағы сөйлемдерді түрлеріне қарай ажырата алады;<br>- Ойлан, тап! Сұрақтарына жауап бере алады; берілген сөйлемдерді сұраулы сөйлемге айналдырып жаза алады | 5 |
| Жалпы | | 14 |

## III. Сабақ барысында толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары

2-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» пәнінен оқу бағдарламасын зерделеу нәтижесінде 3-сыныптағы «Қазақ тілі» пәнінің оқыту мақсаттарымен кіріктіруге болатын оқыту мақсаттары анықталды [5]. Кіріктіруге болатын оқыту мақсаттары ұсыныс түрінде берілген (1.2-кесте).

1.2-кесте – 2,3-сыныптардың кіріктірілетін оқыту мақсаттары

| **Оқу мақсаттары** | | |
|---|---|---|
| **3-сынып** | | **2-сынып** |
| 1.2Мәтіннің мазмұнын болжау | 3.1.2.1* мәтіннің тақырыбы мен берілген суреттер, фото, диаграмма бойынша мәтіннің мазмұнын болжау | 2.1.2.1 мәтіннің тақырыбы мен тірек сөздердің негізінде мәтіннің мазмұнын болжау |
| 1.3Түрлі жағдаяттарда сөйлеу мәдениетін сақтау | 3.1.3.1 түрлі жағдаяттағы (қоғамдық ортада) қатысымдық әрекеттерде өз сөзін жүйелі түрде жоспарлап, сөйлеу мәдениетін сақтап, диалогке қатысу | 2.3.3.1* оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар бойынша мұғалімнің көмегімен жоспар құру және тірек сөздерді пайдалана отырып, мазмұндама жазу |
| 2.1 Мәтін түрлері мен құрылымдық бөліктерін анықтау | 3.2.1.1 тірек сөздер/көмекші сөздер арқылы мәтін түрлерін (әңгімелеу, сипаттау, пайымдау) және оның құрылымдық бөліктерін анықтау | 2.2.1.1* сұрақ қою арқылы (не істеді? қандай? неліктен?) мәтін түрлерін (әңгімелеу/сипаттау/пайымдау) және құрылымдық бөліктерін (басы, негізгі бөлім, соңы) анықтау |
| 1.1Тыңдалған материалдың мазмұнын түсіну | 3.2.3.1 мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге бағыттал-ған сұрақтар құрастыру және жауап беру | 2.1.1.1 тыңдаған материал бойынша түсінбеген сөздерін белгілеу, мәтін мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беру |
| 3.2 Түрлі стильде мәтін жазу | 3.2.4.1 өз бетінше мәтіннің тақырыбын және мұғалімнің көмегімен негізгі ойды анықтау | 2.2.1.1* сұрақ қою арқылы (не істеді? қандай? неліктен?) мәтін түрлерін (әңгімелеу/сипаттау/пайымдау) және құрылымдық бөліктерін (басы, негізгі бөлім, соңы) анықтау |
| 4.2 Грамматика лық нормаларды сақтау | 3.4.2.3 сөйлемнен сөз таптарын (зат есім, сын есім, сан есім, етістік) табу<br><br>3.4.2.4 негізгі, туынды зат есім/сын есім/етістікті анықтау | 2.4.2.3* - сөз таптарын (зат есім, сын есім, сан есім, етістік) ажырату<br>2.2.5.1* дереккөздерден (сөздік, анықтамалық, |

| | | |
|---|---|---|
| | | энциклопедия) мәліметті табу жолын анықтап, берілген тақырып, сұрақ бойынша мәліметті іріктеп алу |
| 4.2 Грамматика лық нормаларды сақтау | 3.4.2.1 негізгі түбірге жұрнақтар жалғау арқылы туынды сөз жасау, түбірлес сөздердің мағынасын ажырату<br>3.1.2.1* мәтіннің тақырыбы мен берілген суреттер, фото, диаграмма бойынша мәтіннің мазмұнын болжау<br>3.3.5.1 жіберілген пунктуациялық, орфографиялық, грамматикалық және стилистикалық қателерді мұғалімнің қолдауымен тауып, түзету | 2.4.2.1 – мұғалімнің көмегімен түбір мен қосымшаны ажырату<br>2.1.4.1 - тірек сөздерді қатыстыра отырып, берілген тақырып бойынша әңгіме құрау |
| 4.2 Грамматика лық нормаларды сақтау | 3.4.2.4 негізгі, туынды зат есім/сын есім/етістікті анықтау | 2.4.2.5* - дара және күрделі зат есім/сын есім/сан есім/етістікті анықтау |
| 3.6 Каллиграфия лық нормаларды сақтау | 3.3.6.1 кең жолды дәптерде бас әріп пен кіші әріптің биіктігі мен мөлшерін сақтап көлбеу, үзбей және біркелкі жазу, жазу қарқынын жеделдету | 2.3.6.1 - бас әріп пен кіші әріптің биіктігі мен мөлшерін сақтап, оларды байланыстырып көлбеу және таза жазу |
| 2.6 Мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау | 3.2.6.1 Мұғалімнің көмегімен ұқсас тақырыпта берілген мәтін түрлерін/ стилін (көркем мәтін, ғылыми-танымдық мәтін /жанрын салыстырып, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табу | 2.2.6.1 - мұғалімнің көмегімен белгілі бір тақырыпта жазылған мәтіндердің ұқсастығы мен айырмашылығын (жанры, мәтін түрі) табу |

## IV. Кіріктірілетін оқыту мақсаттары бойынша ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгісі

Кіріктірілетін оқыту мақсаттары бойынша ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарын құрастыруда п.ғ.к., доцент Тойбазарова Нағимаш Әмірханқызының және Нұр-Сұлтан қаласы, Б.Майлин атындағы №52 мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі Абдукодирова Маржан Ержановнаның іс-тәжірибелері негізге алынды.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Пәні, сыныбы | Қазақ тілі пәні, 3-сынып | | | |
| Сабақтың тақырыбы | Мәтін | | | |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары | 3.2.1.1 тірек сөздер/көмекші сөздер арқылы мәтін түрлерін (әңгімелеу, сипаттау, пайымдау) және оның құрылымдық бөліктерін анықтау<br>3.2.4.1 өз бетінше мәтіннің тақырыбын және мұғалімнің көмегімен негізгі ойды анықтау; | | | |
| Өткен оқу жылындағы оқыту мақсаты | 2.2.1.1* сұрақ қою арқылы (не істеді? Қандай? Неліктен?) мәтін түрлерін (әңгімелеу/сипаттау/пайымдау) және құрылымдық бөліктерін (басы, негізгі бөлім, соңы) анықтау | | | |
| Сабақтың мақсаты | Тірек сөздер/көмекші сөздер арқылы мәтін түрлерін және оның құрылымдық бөліктерін анықтайды. | | | |
| Сабақтың барысы | | | | |
| Сабақ кезеңдері | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
| Сабақтың басы<br>І Білу | **Ширату жаттығуы.**<br>**(МК; Т) 1-тапсырма.** «Сөздер әлемі» әдісі бойынша мәтін түрлері туралы білімдерін естеріне түсіру.<br>Шарты: Қима қағаздарға тірек сөздер жазылған. «Менің туған өлкем» тақырыбына берілген тірек сөздер арқылы мәтіннің мазмұнын болжап, шағын әңгіме құрастырады. (3 минут уақыт)<br>Киелі мекен<br>туристер<br>Қазақстаным<br>Мәдени орталықтар<br>Табиғаты көрікті<br>Менің Отаным<br>Ыстық ұя | берілген тірек сөздерді қолданып мәтін құрайды. | *Дескрипторлар:*<br>-тірек сөздер арқылы мәтіннің мазмұнын болжайды;<br>-мәтін құрайды. | тірек сөздер |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың ортасы<br><br>II Түсіну | **(МК; Т; Қ) 2-тапсырма.** Мәтіндерді оқып, салыстыру. Мәтін түрін анықтау, мәтінге ат қою, сұрақпен сәйкестендіру, ойын дәлелдеу.<br><br>Күз келді. Айнала алтын түске боялған. Ағаштардың жапырақтары сары, қызыл болып жерге түскен.<br>Құстар жылы жаққа ұшуға дайындалуда.<br><br>Қандай?<br><br>Неліктен?<br><br>Не істеді?<br><br>Аққу - киелі құс. Аққудың мойыны ұзын, тұмсығы қара, ұшы қызыл болып келеді. Аққудың қанаты ұзын, мамығы ұлпа болады. Ол ұшқанда жайымен ұшады. Аққулар достықтың, мәңгіліктің белгісі.<br><br>Ежелден адамдар үйді кірпіштен салуды ұнатқан. Себебі, кірпіш суда ерімейді, суықта үгілмейді.<br>Ол күйдірілгендіктен берік болады.<br>Қазір де кірпіш үй құрылысында, өнеркәсіп құрылыстарында пайдаланылады. | Мәтін түрлерін анықтайды, жазылым тапсырмаларын орындайды. | -мәтінді түсініп оқиды;<br>-мәтінді салыстырады, түрін анықтайды;<br>-мәтінге ат қояды;<br>-мәтінді сұрақпен сәйкестендіреді. | Оқылым, жазылым тапсырмалары.<br><br>Әңгімелеу,пайымдау,сипаттау мәтін түрлеріне мысал – Школьные Знания.com (znanija.com) |
| III Қолдану | Мәтін туралы ережелерді қайталау.<br>**3-тапсырма. Белсенді оқу тапсырмалары** (топта, ұжымда)<br>(МК; Т.Ұ) Мәтінді қайта құрастырып жазу. Мәтінге ат қою.<br>Мұғалім оқушылардың назарын мәтін мазмұнына аударады. Мәтінді оқып, мәтіннің тақырыбына сай келмейтін бөлікті алып тастап, мәтінді қайта құрастырып жазады. Мәтінге ат қояды, түсініксіз сөздерді табады.<br>Аққу – киелі құс. Аққулар алыс Африкадан көктемде келіп, күзде ұшып кетеді. | Оқушылар мәтінді оқып, мәтінді қайта құрастырып жазады.1-топ мәтінді тізбектеп оқып жариялайды. 2-топ мәтінге ат | -мәтінді қайта құрастырып жазады;<br>-мәтінге ат қояды;<br><br>-мәтіндегі түсініксіз сөздерді | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Қара қарға сияқты басқа құстар да өз денесіне қан сорғыш жәндіктерді құрту үшін құмырсқа илеуін емхана ретінде пайдаланады. Ал құмырсқа илеуіндегі қышқыл қан сорғыш жәндіктерді жойып жібереді.<br>Қазақ халқы аққуларды атпаған. Оны атқан адамды аққудың киесі ұрады деп есептейді. Аққуды нәзіктіктің, сұлулықтың, адалдықтың белгісі деп санайды. Әдемі, сұлу қыздарын аққуға теңейді.<br><br>**(Ө;Ұ)** Жазған мәтіндерін **«Дөңгелек үстел»** стратегиясы бойынша топта жариялайды. | қойып, ережені естеріне түсіріп, білімдерін пысықтайды. (тақырыптың ережесін)<br>3-топ түсініксіз сөз бен сөз тіркесін анықтап, мағынасын түсіндіреді. | анықтап, мағынасын ашады.<br>-бірінші тармақтың ұйқасын табады;<br>- үшінші тармақтың ұйқасын табады;<br>- бесінші тармақтың ұйқасын табады;<br>- жетінші тармақтың ұйқасын табады;<br>- тоғызыншы тармақтың ұйқасын табады;<br>- он бірінші тармақтың ұйқасын табады | **Мәтін** мазмұны жағынан өзара байланысты екі не одан да көп сөйлемнен құралады. Мәтін құрамамындағы сөйлемдер ортақ тақырыппен бірігеді. |
| IV Талдау | **(МҚ;Ө)** ***4-тапсырма.*** «Ұйқасын тап» ойыны. (ауызша)<br>Өлеңнің бірінші жолы беріледі,ұйқасын тауып келесі жолын жалғастыру.<br><br>Шаң-тозаң лас, Әсем сабақ оқыды,<br>Өте ақылды есек, Қолында алма,<br>Дина кілем тоқыды. Аспанда күн бар,<br>Болмасын класс. Шығарыпты есеп.<br>Жерде гүл бар. Түсіріп алма.<br>Көңілді жүр, Жадырап жүр. | Ұйқастың бірінші жолы беріледі, келесі жолдарын оқушылар жалғастырып құрастырады. | | Тақырып - мәтінде баяндалатын оқиға мен ойдың түйіні. |
| V Жинақтау | ***(Ө)5-тапсырма.*** Берілген мәтінді түсініп оқып, мәтін мазмұны бойынша жоспар және сұрақтар құрастырып жазу.<br>**Ағаштың көз жасы**<br>Самат бірде ашатаяқ жасап, онымен торғай атқысы келді. Ойға алған ниетін іске асыруға кірісті. Бір ағаш кесіндісінен аққан бірнәрсе қолына тамды. Артынан және бір тамды. Бұл не болды екен? Самат ойланып қалды.<br>Кешкі ас үстінде бұл жағдайды атасына айтты:<br>-Балам-ау соны да білмегенің қалай?! Ол-ағаштың көз | Шығармашылық жұмыс. Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар құрастырып жазады. | -мәтінді түсініп оқиды;<br>- мәтінге жоспар құрастыады;<br>- мәтін мазмұны бойынша сұрақ құрастырып жазады | Мәтіндегі негізгі ой - автор айтқысы келген басты пікір.<br><br>Мазмұндамалар жинағы 2-4 сыныптар (ust.kz) |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | жасы ғой, жаны ауырған болар. Ал сен болсаң өзіңнен әлсізге әлімжеттік жасағаныңды сезбепсің де. Енді, міне, онымен қоймай, ашатаяқпен құс атпақсың. Ал оның жазығы не?- деді атасы.<br>Саматтың денесі түршігіп кеткендей болды. Расында да ол ағаш ауырсынар деп еш ойламаған. Құрысын, мұны білгенде, ағаш бұтағына тиіспейтін еді ғой. Атасына айтқаны қандай жақсы болған. Әйтпесе, мына ашатаяқпен құс атса, оның сарыауыз балапандары болса, мүлдем обал болатын еді ғой.<br>Ол өзіне дер сәтінде келген бұл ойға қатты риза болды. Жүгіріп барып, қалтасынан ашатаяқты алды да, лақтырып жіберді. | | | |
| Сабақтың соңы<br><br>VI Бағалау | ***6-тапсырма.***<br>**А**) Ережені толықтырып жазу.<br>**1) …** мазмұн жағынан өзара байланысты екі не одан да көп сөйлемнен құралады. … құрамындағы сөйлемдер … бірігеді.<br>**2)** Тақырып дегеніміз - …<br>**3)** Мәтіндегі негізгі ой - …<br>ә) Сәйкестендір:<br>Мәтінді аяқтайтын бөлік — Басы<br>Оқырманды оқуға даярлайтын бөлік — Соңғы бөлік<br>Автордың айтқысы келген басты пікірді білдіретін бөлік — Негізгі бөлік | Жеке жұмыс. | -ережені толықтырып жазады;<br>-мәтін бөліктерін тауып сәйкестендіреді | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Рефлексия | Мұғалімнің берген бағалау критерийіне сүйеніп өзінің бүгінгі сабақта жасаған іс-әрекеттерін есіне түсіріп, өз жетістіктерін жазып шығады.<br>***Менің бүгінгі жетістігім:***<br>• тірек сөздер арқылы мәтіннің мазмұнын болжап, шағын әңгіме құрастырдым;<br>• мәтін түрін анықтап, мәтінге ат қойдым;<br>• өлеңнің ұйқасын таптым;<br>• мәтін мазмұны бойынша жоспар және сұрақтар құрастырдым;<br>• ережені толықтырып жазып, мәтіннің құрылымдық бөліктерін сәйкестендірдім. | | | |

**Бағалау критерийі**

| Тапсырмалар | Дескрипторлар | Ұпай саны |
|---|---|---|
| 1-тапсырма | -тірек сөздер арқылы мәтіннің мазмұнын болжайды; мәтін құрайды. | 2 |
| 2-тапсырма | -мәтінді түсініп оқиды; мәтінді салыстырады, түрін анықтайды | 3 |
| | -мәтінге ат қояды; мәтінді сұрақпен сәйкестендіреді | 2 |
| 3-тапсырма | -мәтінді қайта құрастырып жазады; | 2 |
| | мәтіндегі түсініксіз сөздерді анықтап, мағынасын ашады | 2 |
| 4-тапсырма | - әр тармақтың ұйқасын табады; | 6 |
| 5-тапсырма | - мәтінге жоспар құрастырады; | 1 |
| | - мәтін мазмұны бойынша сұрақ құрастырып жазады. | 1 |
| 6-тапсырма | -ережені толықтырып жазады; | 2 |
| | -мәтін бөліктерін тауып сәйкестендіреді | 2 |
| Жалпы | | 23 |

2-сабақ

| | |
|---|---|
| Пәні, сыныбы | Қазақ тілі, 3-сынып |
| Сабақтың тақырыбы | **Түбір сөз және туынды сөз** |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары | 3.4.2.1 негізгі түбірге жұрнақтар жалғау арқылы туынды сөз жасау, түбірлес сөздердің мағынасын ажырату.<br>3.1.2.1* мәтіннің тақырыбы мен берілген суреттер, фото, диаграмма бойынша мәтіннің мазмұнын болжау<br>3.3.5.1 жіберілген пунктуациялық, орфографиялық, грамматикалық және стилистикалық қателерді мұғалімнің қолдауымен тауып, түзету | | | |
| Өткен оқу жылындағы оқыту мақсаты | 2.4.2.1 – мұғалімнің көмегімен түбір мен қосымшаны ажырату<br>2.1.4.1 - тірек сөздерді қатыстыра отырып, берілген тақырып бойынша әңгіме құрау | | | |
| Сабақтың барысы | | | | |
| Сабақ кезеңдері | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
| Сабақтың басы<br><br>І Білу | ***1-тапсырма.***<br>**Ширату жаттығуы:** «Суреттер сөйлейді» ойыны<br>Шарты: Бірінші оқушы суретті атайды, екінші оқушы екінші бағандағы суретті атайды, ал келесі оқушылар екі бағандағы суреттен не байқағанын айтады. Ойын осылай жалғасады.<br><br>***2-тапсырма. (ҰЖ)*** Сұрақтарға жауап беру.<br>- Сөз құрамы неден тұрады?<br>- Түбір дегеніміз не?<br>- Қосымша нешеге бөлінеді ?<br>- Жұрнақ дегеніміз не?<br>- Жалғау дегеніміз не?<br>**3-тапсырма**. Негізгі түбірге жұрнақтар жалғау арқылы туынды сөз жасау, түбірлес сөздердің мағынасын ажырату. | Оқушылар берілген суреттерді атап, қандай айырмашылық бар екенін дәлелдейді.<br>Мысалы:<br>Балық-балықшы<br>Балық-не?<br>Балықшы- кім?<br><br>Балық+шы<br><br>Сұрақтарға жауап береді. | *Дескрипторлар:*<br>-суретті атайды, түбір сөз екенін анықтайды;<br>-суретті атайды, қосымшаны анықтайды;<br>-қосымша түрін анықтайды.<br><br>-сөздің түбір және қосымшадан жасалатынын айтады;<br>- түбір мен қосымшаның жасалу жолын түсіндіреді; |  |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың ортасы<br><br>II Түсіну<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>III Қолдану<br><br><br><br><br><br><br><br><br><

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| V Жинақтау | **I мәтін**<br>Ертеректе **зергер**лер қыздарға арналған алқа, сырға, шолпы, түйрегіш, белдіктер жасаған. Құлаққа тағатын сырға қыздардың ең жақсы көрген бұйымы болған.Сырғаны туғаннан бастап, қартайғанша тағатын болған.<br><br>**II мәтін**<br>Алқа, сырға, шолпы, түйрегіш, белдіктер- зергерлік бұйымдар. **Сырғаның** ұзын, қысқа түрлері бар. Атлын сырға, күміс сырға деп те бөлінеді.Сырға –сәндік зергерлік бұйым<br><br>2.Қарамен жазылған **(Зергер, Сырғаның)** сөздерді сөз құрамына талдау. | | оқиды;<br>-мәтін түрлерін анықтайды;<br>-кестеге салыстырып жазады.<br><br>-бірінші сөзді сөз құрамына талдап, туынды түбір екенін түсіндіреді;<br>Екінші сөзді сөз құрамына талдап, негізгі түбірге жалғау жалғанғанын түсіндіреді. | |

| Ұқсастығы | Айырмашалығы |
|---|---|
| | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың соңы<br>VI Бағалау | Рефлексия<br>Менің бүгінгі жетістігім:<br>• түбір мен қосымшалы сөзді ажырата алдым;<br>• Түбір, туынды және түбірлес сөздерді сәйкестендірдім;<br>• Сурет бойынша тірек сөздерді қолданып мәтін құрап жаздым;<br>• Әңгімелеу және сипаттау мәтінін ажырата алдым;<br>• Қосымшалы сөздерді сөзқұрамына талдадым;<br>•Мәтінді қатесіз, сауатты көшіріп жаздым, туынды және түбірлес сөздерге мысал келтірдім. | | | |

**Бағалау критерийі**


| Тапсырмалар | Дескрипторлар | Ұпай саны |
|---|---|---|
| 1-тапсырма | -суретті атайды, түбір сөз бен қосымшаны анықтайды; | 3 |
| 2-тапсырма | -сөздің түбір және қосымшадан жасалатынын айтады; | 2 |
| | - түбір мен қосымшаның жасалу жолын түсіндіреді; | 2 |
| 3-тапсырма | -түбір сөз бен туынды сөзді сәйкестендіріп жазады; | 2 |
| | түбірлес сөздерді, көптік жалғауы жалғанған сөзді сәйкестендіріп жазады | 2 |
| 4-тапсырма | -тірек сөздерді қолданып мәтін құрайды; | 3 |
| | -туынды сөзді анықтайды, сөз құрамына талдап сызады; | 1 |
| 5-тапсырма | - мәтін түрлерін анықтайды; кестеге салыстырып жазады | 2 |
| 6-тапсырма | - сөйлемдердегі қатені түзетіп жазады; | 3 |
| Жалпы | | 20 |

3-сабақ

| | |
|---|---|
| Пәні, сыныбы | Қазақ тілі, 3-сынып |
| Сабақтың тақырыбы | **Негізгі және туынды зат есім** |

| | |
|---|---|
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары | 3.2.3.1 мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру;<br>3.4.2.3 сөйлемнен сөз таптарын (зат есім, сын есім, сан есім, етістік) табу.<br>3.4.2.4 негізгі, туынды зат есім/сын есім/етістікті анықтау; |
| Өткен оқу жылындағы оқыту мақсаты. | 2.4.2.3* - сөз таптарын (зат есім, сын есім, сан есім, етістік) ажырату |
| Сабақтың мақсаты | Сөйлемнен сөз таптарын анықтайды, негізгі және туынды зат есімнің жасалу жолын түсінеді |

Сабақтың барысы

| Сабақтың кезеңдері | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы | Психологиялық ахуал қалыптастыру.<br>***1-тапсырма.*** **«Кім жылдам?»** ойыны. Ребусты кім бірінші шешеді?<br>„  ‘  ’  ’ М<br>Ребустың жауабына қатысты сөздерді топтастырыңдар.<br><br>**(ҰЖ) Алдыңғы білімді еске түсіру**<br>***2-тапсырма.*** «Жалғастыр» ойыны<br>Мысалы, «мұғалім» сөзіне морфологиялық талдау | Психологиялық ахуалға берілген ребусты шешеді. Зат есімнің ережесін естеріне түсіріп, зат есімге тиісті сөздерді топтастырады.<br><br>«Жалғастыр» ойыны арқылы зат есімге морфологиялық талдау жасайды<br>Кешенді талдау арқылы | *Дескрипторлар:*<br>-ребусты шешеді;<br>-зат есімге тиісті сөздерді анықтайды;<br>-сөздерді бір тақырыпқа топтастырады.<br><br>-сөздің құрамын анықтайды;<br>-негізгі түбір екнін дәлелдейді;<br>-дара зат есім | Психологиялық ахуал<br><br>Ребус |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | жасау.<br>1. Бұл сөз бір құрамнан тұр: мұғалім<br>2. Тұлғасына қарай- мұғалім-негізгі түбір. Себебі, сөздің әрі қарай мағына беретін негізгі бөлігі.<br>3.Құрылысына қарай-дара. Себебі, бір ғана негізгі түбірден тұр.<br>4.Мұғалім – кім? Деген сұраққа жауап береді. Ендеше бұл – зат есім. Зат есім дегеніміз – кім? не? кімдер? нелер? т.б. сұрақтарға жауап беріп, заттың, нәрсенің, құбылыстың, деректі, жартылай деректі, дерексіз ұғымдардың атауын білдіретін сөз табы.<br>5.Мағынасына қарай –жалпы есім. Себебі, біркелкі деректі ұғымға берілген жалпылай атау.<br>6. Жанды. Себебі, тіршілік иесі.<br>7.Деректі. Себебі, көзбен көріп, қолмен ұстап тануға болатын деректі ұғым атауы.<br>8.Нақты. Себебі, деректі болған нәрсе нақты болады. | білімдерін жинақтап, естеріне түсіреді. | екенін анықтайды;<br>-зат есімнің ережесін айтады;<br>-мағынасына қарай түріне ажыратады;<br>-жанды, деректі, нақты екенін дәлелдейді. | |
| Сабақтың ортасы | ***3-тапсырма.*** Мәтінді түсініп оқып, мәтінге ат қою, сұрақтарға жауап беру. Негізгі, туынды зат есім/сын есім/етістікті анықтау<br>Күй атасы – Құрманғазы Сағырбайұлы жасынан ән-күйге әуестігімен көзге түседі. Алғашқы ұстазы Хан Базар күйшісі – Ұзақ. Есейе келе Құрманғазы домбырашылықты кәсіби өнерге айналдырады.<br>Оның бүкіл өмірі әділетсіздікке, озбырлыққа қарсы күресте өтті. Құрманғазы өмірінің ыза-кегін домбырадан төгілген күйлері арқылы суреттейді. Сондай күйлердің кейбіреуі – «Адай», «Ақбай», «Ақсақ киік», «Көбік шашқан». Бұл күйлерді тыңдап отырып, халықтың ерлігін, ат шабысының дүрсілін, ырғағын естисің.Күйшінің | Мәтінді түсініп оқып, топта талқылап, мәтінге ат қояды.<br><br>Топтасып тапсырмаларды орындайды. | -мәтінді түсініп оқиды;<br>-мәтінге ат қояды;<br>-мәтін мазмұны бойынша екі сұрақ құрастырып жазады;<br>-мәтіннің түрін ажыратады;<br>-күй және күйші сөздерін салыстырады, себебін түсіндіреді;<br>-туынды сөзді анықтайды; | Құрманғазы Сағырбайұлының портреті<br><br>Тәрбие хрестоматиясынан |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | «Аман бол шешем, аман бол», «Ертең кетем», «Қайран шешем» күйлерінің музыкалық тілі адамның сөйлеу тіліне өте жақын.<br>Сонымен қатар әрі сазгер, әрі күйші Құрманғазы «Сарыарқа», «Балбырауын» күйлері арқылы туған жеріне деген сүйіспеншілікті, көңіл шаттығын, халықтың асқақ үнін жеткізе білген.<br>Сұрақтар:<br>1) Мәтіннің қай түріне жатады?<br>2) Мәтіннің негізгі идеясы қандай?<br>3) Мәтін мазмұны бойынша екі сұрақ құрастырып жаз.<br>4) Өнердің тағы да қандай түрлерін білесіңдер?<br>5) Мәтіндегі күй, күйші сөздеріне сұрақ қойыңдар. Не байқадыңдар?<br><br>**түбір + жұрнақ = туынды сөз**<br><br>Түбір сөздердің қай сөз табынан жасалғанын анықтайды. **Қобызшы, күйші** сөздерін сөз құрамына талдай отырып, қорытынды жасайды. Мысалы:<br>*қобыз-қобызшы қобыз- түбір, - шы -жұрнақ*<br>*ән-әнші ән- түбір, - ші -жұрнақ*<br>*күй-күйші күй- түбір, - ші -жұрнақ*<br>Оқушыларға негізгі, туынды зат есім туралы түсінік беріледі.<br>***(ЖЖ) 4-тапсырма.*** «Мен саған, сен маған» ойыны. | Түбір сөз бен туынды сөздің айырмашылығын салыстырады.<br><br>Білген білімдерін ортаға салады. Тапсырмаларды орындайды. | -өнер түрлерін атайды;<br>-сөзқұрамына талдап сызады;<br>-пунктуация лық, орфография лық, грамматика лық және стилистика лық қате жібермей жазады. | Ережелер<br><br>Тұлғасына қарай зат есімдер негізгі және туынды болып бөлінеді. Негізгізгі түбірден болған зат есімді **негізгі зат** есім дейміз.Мысалы, ана, ауа, кітап, алма және т.б.<br><br>Синтетикалық және морфологиялық тәсілмен негізгі түбірге сөз тудырушы жұрнақтар арқылы жасалған зат есімді **туынды зат** есім деп атаймыз. Мысалы, сурет+ші, |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>
1. Негізгі зат есім болатын сөзді тап.<br>
а)балықшы<br>
ә) достық<br>
б)аң<br>
2. Туынды зат есім болатын сөзді тап.<br>
а)бас<br>
ә) іскер<br>
б)аң<br>
3. Зат есім дегеніміз не?<br>
а)заттың аты<br>
ә) заттың өлшемі<br>
б)заттың қимылы<br>
4.Негізгі зат есімге жұрнақ жалғану арқылы жасалған сөзді қалай атаймыз?<br>
а)қосымша<br>
ә) дара<br>
б)туынды<br>
5. Мына сөздің қайсысы зат есім?<br>
а)әдемі<br>
ә) келді<br>
б)өзен<br>
5-тапсырма. Семантикалық кестені толтыру.
<table>
<tr><th>Сөздер</th><th>Негізгі зат есім</th><th>Туынды зат есім</th></tr>
<tr><td>Зергер</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Іс</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Құрылысшы</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>дәрігер</td><td></td><td></td></tr>
</table>
</td>
<td>Жұптық жұмыс.<br><br>Берілген сұрақтарға кезектесіп жауап береді.<br><br>Жеке жұмыс.<br><br>1.Негізгі және туынды зат есімдерді белгілеп, кестені толтырады.<br>2.Сөйлем құрап жазады.</td>
<td>- негізгі зат есімді белгілейді;<br>- туынды зат есімді белгілейді;<br>-дұрыс жауапты белгілейді;<br>- дұрыс жауапты белгілейді;<br><br>-зат есімді белгілейді.<br><br>-негізгі зат есімді белгілейді (2)<br>-туынды зат есімді белгілейді (5)</td>
<td>Тест сұрақтары<br>Интербелсенді тақтада көрсетіледі<br><br>Семантикалық кесте</td>
</tr>
</table>

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Ауа | | | | | |
| | Жақсылық | | | | | |
| | Балапан | | | | | |
| Сабақтың соңы | Рефлексия.<br>Менің бүгінгі жетістігім:<br>• мен ребусты шештім;<br>• зат есімді топтастырдым;<br>• туынды зат есімнің жасалу жолдарын түсіндім;<br>• тест сұрақтарын шештім;<br>• семантикалық кестені толтырдым;<br>• негізгі және туынды зат есімге мысал келтіріп, сөйлем құрап жаздым. | | | | Жеткен жетістігін айқындап, өзін-өзі бағалайды. | |

**Бағалау критерийі**

| Тапсырмалар | Дескрипторлар | Ұпай саны |
|---|---|---|
| 1-тапсырма | -ребусты шешеді; -зат есімге тиісті сөздерді анықтайды; | 2 |
| | сөздерді бір тақырыпқа топтастырады. | 1 |
| 2-тапсырма | -сөздің құрамын анықтайды; дара зат есім екенін анықтайды, негізгі түбір екенін дәлелдейді | 3 |
| | -зат есімді мағынасына қарай түріне ажыратады; жанды, деректі, нақты екенін дәлелдейді. | 3 |
| 3-тапсырма | - мәтінді түсініп оқиды; мәтінге ат қояды; мәтіннің түрін ажыратады; | 1 |
| | -мәтін мазмұны бойынша екі сұрақ құрастырып жазады; | 1 |
| | - күй және күйші сөздерін салыстырады, себебін түсіндіреді; | 2 |
| | -туынды сөзді анықтайды; өнер түрлерін атайды; сөз құрамына талдап сызады; | 4 |
| 4-тапсырма | - Тест сұрақтарына жауап береді | 5 |
| 5-тапсырма | негізгі және туынды зат есімді белгілейді; дұрыс жауапты белгілейді | 2 |
| | -туынды зат есімді қатыстырып сөйлем құрап жазады. | 5 |
| Жалпы | | 29 |

## V. Сабақтан тыс уақытта толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары

2-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» пәнінен оқу бағдарламасын зерделеу нәтижесінде сабақтан тыс уақытта толықтырылатын оқыту мақсаттары анықталды [5]. Төменде сабақтан тыс уақытта толықтырылатын оқыту мақсаттары берілген (1.3-кесте)

1.3-кесте – Сабақтан тыс уақытта толықтырылатын оқыту мақсаттары

| **«Тыңдалым және айтылым» бөлімі (сөйлеу әрекетінің түрі) бойынша оқу мақсаттары** | |
|---|---|
| **Дағдылар** | **2-сынып** |
| 1.2 тірек сөздер негізінде мәтін мазмұнын болжау | 2.1.2.1 мәтіннің тақырыбы мен тірек сөздердің негізінде мәтіннің мазмұнын болжау |
| 1.4 Берілген тақырып бойынша әңгіме құрау | 2.1.3.1 күнделікті өмірде кездесетін жағдаяттарға байланысты сөйлеу мәдениетін сақтап, диалогке қатысу |
| **«Оқылым» бөлімі (сөйлеу әрекетінің түрі) бойынша оқу мақсаттары** | |
| 2.4 Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар қою және жауап беру | 2.2.4.1 - мұғалімнің көмегімен мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойды анықтау |
| 2.3 Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар қою және жауап беру | 2.2.3.1 - мәтін мазмұнын анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру |
| **Жазылым бөлімі (сөйлеу әрекетінің түрі) бойынша оқу мақсаттары** | |
| 3.7 Пунктуациялық нормаларды сақтау | 2.3.7.1 - сөйлем түрлерін айтылу мақсатына сәйкес тыныс белгілерін (нүкте, сұрақ белгісі, леп белгісі) қою |
| 3.5 Қатені табу және түзету | 2.3.5.1 жіберілген пунктуациялық, орфографиялық қателерді мұғалімнің көмегімен тауып түзету, толықтыру |
| **Тілдік нормалардың қолданысы бөлімі бойынша оқу мақсаттары** | |
| 4.2 Грамматикалық нормаларды сақтау | 2.4.2.6 - сөйлемдегі бір-бірімен байланысып тұрған сөздерді табу |
| 4.2 Грамматикалық нормаларды сақтау | 2.4.1.3* - дауыссыз дыбыс түрлерін ажырату және емлесін сақтап жазу |

## VI. Сабақтан тыс уақытта толықтырылатын оқыту мақсаттары қарастырылатын кеңестердің кестесі

Білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды толықтыру үшін 3-сыныпқа «Қазақ тілі» пәнін оқыту барысында сабақтан тыс уақытта толықтырылатын оқыту мақсаттары бойынша каникул кездерінде (күзгі, қысқы, көктемгі) кеңестер өткізу ұсынылады.

Төменде каникул кездерінде (күзгі, қысқы, көктемгі) өткізілетін кеңестер кестесінің үлгісі келтірілген (1.4-кесте).

1.4-кесте – Каникул кездерінде (күзгі, қысқы, көктемгі) өткізілетін кеңестердің кестесі

| Өткізілетін мерзімі | Тақырыптың атауы | Дағдылары | Оқыту мақсаттары |
|---|---|---|---|
| Күзгі каникул (1-тоқсан) | 1. Жанды табиғат<br>2. Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен | 1.6 Тыңдарманның назарын аудару | 3.1.6.1 интонацияны, вербалды емес тілдік құралдарды (қимыл, ым-ишара), қаратпа сөздерді қолдана отырып, тақырыпқа тыңдарманның назарын аударту |
| Күзгі каникул (1-тоқсан) | 1. Жанды табиғат<br>2. Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен | 1.4 Берілген тақырып бойынша әңгіме құрау | 3.1.1.1 тыңдаған материал бойынша тірек сөздерді белгілеу, ашық және жабықсұрақтарға жауап беру |
| Қысқы каникул (2тоқсан) | 3. Уақыт<br>4. «Сәулет өнері» Сәулет өнері туралы не білемін? | 1.7 Сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту | 3.1.7.1 сөз ішінде қатар тұрған дауыссыз дыбыстардың өзара үндесуін сақтап айту (сенбі – сембі, Жангүл –Жаңгүл) |
| Қысқы каникул (2тоқсан) | 3. Уақыт<br>4. «Сәулет өнері» Сәулет өнері туралы не білемін? | 4.2 Грамматикалық нормаларды сақтау | 3.4.2.7 сөйлемнің тұрлаулы (бастауыш, баяндауыш) және тұрлаусыз мүшелерін ажырату |
| Көктемгі каникул (3-тоқсан) | 5.«Өнер»<br>6.Атақты тұлғалар | 4.2 Грамматикалық нормаларды сақтау | 3.4.2.2 тәуелдік жалғауларының қолданысын білу; |
| Көктемгі каникул (3-тоқсан) | 5.«Өнер»<br>6.Атақты тұлғалар | 3.5 Қатені табу және түзету | 3.3.5.1 жіберілген пунктуациялық, орфографиялық, грамматикалық және стилистикалық қателерді мұғалімнің көмегімен тауып, түзету |

## VII. Жазғы мектеп кезінде ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгісі

Білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды толтырудың тағы бір жолы – Жазғы мектепті ұйымдастыру. Демалыс кездерінде оқытуға қамтылып үлгермеген оқыту мақсаттары осы жазғы мектеп кезінде оқытылады. Сонымен қатар оқушы оқу жылында аяқтап отырған 3-сыныбындағы кейбір күрделі материалдарды қайталап, пысықтайды. Ол тақырыптар оқу жылы аяқталған кезеңде мұғалімнің жыл бойы жүргізіп отырған «оқушының оқу үлгеріміне жасалатын диагностикадан» алынады. Төмендегі кестеде (1.5-кесте)
2-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» пәні бойынша оқу бағдарламасына сәйкес

жазғы мектеп кезінде оқытылатын сабақтардың тақырыбы мен оқыту мақсаттары берілген.

1.5-кесте – Жазғы мектеп кезінде 2-сынып бойынша оқытылатын сабақтардың тақырыбы мен оқыту мақсаттары

| **Тақырыптары** | **Дағдылар** | **Оқыту мақсаттары** |
|---|---|---|
| 1. Өзім туралы<br><br>2. Менің отбасым және достарым | 3.4 Жазба жұмыстарын түрлі формада ұсыну | 2.3.4.1 мұғалімнің көмегімен тірек сөздерді, сөйлем, суреттерді пайдаланып, қарапайым постер құрастыру |
| | 3.5 Қатені табу және түзету | 2.3.5.1 жіберілген пунктуациялық, орфографиялық қателерді мұғалімнің көмегімен тауып түзету, толықтыру |
| 1. Өзім туралы<br><br>2. Менің отбасым және достарым | 4.1 Орфографиялық, орфоэпиялық нормаларды сақтау | 2.4.1.3* дауыссыз дыбыс түрлерін ажырату және емлесін сақтап жазу |
| 3. Менің мектебім | 4.2 Грамматикалық нормаларды сақтау | 2.4.2.6 сөйлемдегі бір-бірімен байланысып тұрған сөздерді табу |
| 4. Менің туған өлкем | 1.3 Түрлі жағдаяттарда сөйлеу мәдениетін сақтау | 2.1.3.1 күнделікті өмірде кездесетін жағдаяттарға байланысты сөйлеу мәдениетін сақтап, диалогке қатысу |
| 5. Дені саудың жаны сау | 2.2 Мәтіндегі лексикалық бірліктердің қолданылуын түсіну | 2.2.2.1* синоним, антоним, омоним (сөздік қолдану) сөздерді ажырату және мағынасын түсіну, сөйлеу барысында қолдану |
| 6. Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті | 2.6 Мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау | 2.2.6.1 мұғалімнің көмегімен белгілі бір тақырыпта жазылған мәтіндердің ұқсастығы мен айырмашылығын (жанры, мәтін түрі) табу |
| 7. Қоршаған орта | 1.4 Берілген тақырып бойынша әңгіме құрау | 2.1.4.1 тірек сөздерді қатыстыра отырып, берілген тақырып бойынша әңгіме құрау |
| 8.Саяхат | 3.6 Каллиграфиялық нормаларды сақтау | 2.3.6.1 бас әріп пен кіші әріптің биіктігі мен мөлшерін сақтап, оларды байланыстырыпкөлбеу және таза жазу |
| | 4.2 Грамматикалық нормаларды сақтау | 2.4.2.5* дара және күрделі зат есім/сын есім/сан есім/етістікті анықтау |


## VII. Жазғы мектеп кезінде ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгісі

1-сабақ

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Пәні, сыныбы | Қазақ тілі, 2-сынып | | | |
| Сабақтың тақырыбы | **Сөйлемдегі сөздердің байланысы** | | | |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары | 2.1.3.1 - күнделікті өмірде кездесетін жағдаяттарға байланысты сөйлеу мәдениетін сақтап, диалогке қатысу;<br>2.2.3.1 - мәтін мазмұнын анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру;<br>2.4.2.6 - сөйлемдегі бір-бірімен байланысып тұрған сөздерді табу | | | |
| Сабақтың мақсаты | Күнделікті өмірде кездесетін жағдаяттарға байланысты сөйлеу мәдениетін сақтап, диалог құрайды және сөйлемдегі сөздердің байланысын сұрақ қою арқылы анықтайды | | | |
| Сабақтың барысы. | | | | |
| Сабақтың кезең уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
| Сабақтың басы<br><br>І Білу | **Ширату жаттығуы**<br>***1- тапсырма.*** Суреттерді қатыстырып сөйлем құраңдар.Сұраққа жауап беріңдер:<br>- Суреттерді ортақ тақырыпқа біріктіруге болады?<br><br>**2-тапсырма.** Жұмбақ шешу. Кестені толтыру.<br>1) Жұмбақ шешейік!<br>Өзім сөзден тұрамын,<br>Аяқталған ойды құрамын.<br>2 ) Берілген кестедегі сөйлемнің дұрыс, бұрыстығын ажыратып, «иә, жоқ» деп жауап беру. | Оқушылар берілген суреттерді қатыстырып сөйлем құрастырады. Жұмбақтың жауабын айтады. Сөйлемнің ережесін естеріне түсіреді.<br><br>Кестені толтырады. | <u>Дескрипторлар:</u><br>-суреттерді ортақ тақырыпқа біріктіреді;<br>- сөйлем құрастырады.<br><br>-жұмбақтың шешуін табады;<br>- сөйлемнің ережесін айтады.<br><br>- сөйлемнің тыныс белгілерін | Суреттер<br><br>Жұмбақ<br><br>Кесте интербелсенді тақтада көрсетіледі |

<table>
<tr><td></td><td>
<table>
<tr><th>Кім зерек?</th><th>Иә</th><th>Жоқ</th></tr>
<tr><td>Сұраулы сөйлемнен кейін нүкте қойылады</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Лепті сөйлем көтеріңкі дауыспен айтылады</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Хабарлы сөйлем көтеріңкі басталып, бәсеңдеп бітеді</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Хабарлы сөйлемнің соңына (?) белгісі қойылады</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Лепті сөйлемнің соңына (!) қойылады</td><td></td><td></td></tr>
</table>
</td><td></td><td>анықтайды;</td><td></td></tr>
<tr><td>Сабақтың ортасы<br><br>II Түсіну<br><br><br><

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| IV Талдау | құрастырып жазыңдар.<br>а)<br>1) ⎣_____ _____ _____ .<br>2) ⎣_____ _____ _____ ?<br>3) ⎣_____ , _____ _____ !<br><br>ә) Құрастырып жазған бірінші сөйлемдегі сөздердің байланысын анықтап, сызбасын сызыңдар.<br>***5-тапсырма.*** Қай сөйлем аяқталған ойды білдіріп тұр? Сол сөйлемдердің тиісті тыныс белгісін қойып, көшіріп жазыңдар. Сөйлемдердің байланысын сызбамен көрсетіңдер.<br>1. Аязды күні торғайлар<br>2. Біздің сынып<br>3. Арман сабақтан кешікпейді<br>4. Жексенбі күні<br>5. Диас балапанды үйге әкелді<br>6. Жалғыз аяқ жолмен<br>***6-тапсырма.****Сөйлемді синтаксистік талдау үлгісі:*<br>Мысалы: **Арман сабаққа келді.**<br>1. Сөйлемде бір тыныс белгі бар.<br>Ол-нүкте.Нүктенің қойылу себебі, ойды аяқтап, сөйлемді тиянақтап тұр.<br>2. Айтылу сазы мен мазмұнына қарай-хабарлы сөйлем. Себебі, ой баяндай жеткізіліп тұр.<br>3. Құрылысына қарай -жай сөйлем. Себебі, бірнеше сөзден құралып келіп, тиянақты бір ғана ойды білдіріп тұр.<br><br>***7-тапсырма.*** *Берілген* сурет және сызба бойынша мәтін құраңдар. Мәтінге ат | бойынша сөйлем құрап жазады. | <u>Дескрипторлар:</u><br>-хабарлы сөйлем құрап жазады;<br>-сұраулы сөйлем құрап жазады;<br>- лепті сөйлем құрап жазады;<br>-сөйлемдергі сөздердің байланысын анықтап, сызбасын сызады.<br><br><u>Дескрипторлар:</u><br>-сөйлемді анықтайды, тыныс белгісін қойып көшіріп жазады;<br>- сөйлемді анықтайды, тыныс белгісін қойып көшіріп жазады;<br>-сөйлемдергі сөздердің байланысын анықтап, сызбасын сызады. |  |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| V Жинақтау | қойыңдар. Кез келген сөйлемді алып, сөйлемдегі сөздердің байланысын дәлелдеңдер.<br> | | Дескрипторлар:<br>-сөйлемнің тыныс белгісін анықтайды, себебін түсіндіреді;<br>-сызба бойынша мәтін құрайды;<br>- мәтінге ат қояды;<br>-сөйлемдегі сөздердің байланысын анықтап сызады. | |
| Сабақтың соңы<br>VI Бағалау | **8-тапсырма**. Ережені толықтырып жаз.<br>• Сөйлемнің бірінші сөзі ... әріптен басталып жазылады.<br>• Сөйлем ... құралады.<br>• Сөйлемдегі сөздер ... жазылады.<br>• Сөйлем соңында тиісті ... белгі қойылады.<br>• Сөйлемнен ... құралады.<br>• Сөйлемдегі сөздердің байланысы ... арқылы анықталады. | Жеке жұмыс<br>Білімін пысықтайды. | *Дескриптор:*<br>-ережелерді толықтырып жазады. | |
| | Рефлексия . Менің бүгінгі жетістігім:<br>• суреттерді қатыстырып сөйлемдер құрадым;<br>• жұмбақты шешіп, сөйлемнің ережесін есіме түсірдім;<br>• сөйлемнің тыныс белгісіне қатысты кестені толтырдым;<br>• мәтінді түсініп оқып, тапсырмаларды орындадым;<br>• сызба бойынша сөйлем құрастырып жаздым; | Жеткен жетістігін айқындап, өзін-өзі бағалайды. | | |



| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | • сөйлемдегі сөздердің байланысын сұрақтармен анықтадым;<br>• Сызба бойынша мәтін құрап, ережелерді толықтырып жаздым. | | | |

**Бағалау критерийі**

| Тапсырмалар | Дескрипторлар | Ұпай саны |
|---|---|---|
| 1-тапсырма | суреттерді ортақ тақырыпқа біріктіреді; сөйлем құрастырады | 3 |
| 2-тапсырма | жұмбақтың шешуін табады; сөйлемнің ережесін айтады | 1 |
| | сұраулы, лепті, хабарлы сөйлемдердің тыныс белгілерін анықтайды | 3 |
| 3-тапсырма | мәтінге ат қояды; мәтін түрін ажыратады, мәтіннің негізгі ойын анықтайды | 3 |
| | мәтін мазмұны бойынша диалог құрастырады; мәтіннің соңғы бөлігін көшіріп жазады | 3 |
| 4-тапсырма | хабарлы , сұраулы , лепті сөйлем құрап жазады | 3 |
| | сөйлемдергі сөздердің байланысын анықтап, сызбасын сызады | 2 |
| 5-тапсырма | сөйлемді анықтайды, тыныс белгісін қойып көшіріп жазады | 2 |
| | сөйлемдергі сөздердің байланысын анықтап, сызбасын сызады | 4 |
| 6-тапсырма | сөйлемнің тыныс белгісін анықтайды, себебін түсіндіреді | 2 |
| 7-тапсырма | сызба бойынша мәтін құрайды; мәтінге ат қояды; мәтіндегі сөйлемдерді мазмұндық жағынан байланыстырып жазады | 4 |
| | сөйлемдегі сөздердің байланысын анықтап сызады | 2 |
| 8-тапсырма | ережелерді толықтырып жазады | 5 |
| Жалпы | | 35 |

## 2-сабақ

| | |
|---|---|
| Пәні, сыныбы | Қазақ тілі, 2-сынып |
| Сабақтың тақырыбы | **Дауыссыз дыбыстардың түрлері** |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары | 2.4.1.3* - дауыссыз дыбыс түрлерін ажырату және емлесін сақтап жазу;<br>2.3.4.1 мұғалімнің көмегімен тірек сөздерді, сөйлем, суреттерді пайдаланып, қарапайым постер құрастыру |
| Сабақтың мақсаты | Дауыссыз дыбыстардың түрлерін ажыратып, емлесін сақтап жазу |

<table>
<tr><td colspan="5">Сабақтың барысы.</td></tr>
<tr><td>Сабақтың кезеңдері</td><td>Педагогтің әрекеті</td><td>Оқушының әрекеті</td><td>Бағалау</td><td>Ресурстар</td></tr>
<tr><td>Сабақтың басы<br><br>I Білу</td><td>1-тапсырма. Ширату тапсырмасы.<br>Қызығушылықты ояту<br>Құпиялы сөзді табу<br><br><u>Құпиялы сөздің кілті:</u><br><br></td><td>Оқушылар берілген шартты белгілердегі дыбыстарды қатыстырып сөздер құрайды. Сабақтың тақырыбын анықтайды.</td><td>Дескрипторлар:<br>-шартты белгілердің орнындағы дыбытарды анықтайды;<br>-дыбыстардан сөздер құрайды.</td><td>Шартты белгілер</td></tr>
<tr><td>II Түсіну</td><td>2-тапсырма. Дауыссыз дыбыстардың ережесін еске түсіріп, ақпараттың жалған не ақиқат екенін белгілеу.<br><table><tr><th>Кім жылдам?</th><th>Ақиқат</th><th>Жалған</th></tr><tr><td>Дауыссыз дыбыстарды айтқанда өкпеден шыққан ауа ауыз қуысында ешбір кедергіге ұшырамай, ауа еркін шығады</td><td></td><td></td></tr><tr><td>Дыбыстарды айтамыз, естиміз</td><td></td><td></td></tr><tr><td>Бб дауыссыз дыбыс</td><td></td><td></td></tr><tr><td>Өө дауыссыз дыбыс</td><td></td><td></td></tr></table></td><td>Ақиқат-Жалған кестесін толтырады.</td><td>Дескрипторлар:<br>-дауыссыз дыбыстардың ережесін еске түсіріп, ақпараттың ақиқат не жалған екенін белгілейді;</td><td>Кесте<br><br>Ақиқат-жалған</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Дауыссыз дыбыстар буын құрамайды | | | | |
| Сабақтың ортасы<br><br>III Қолдану | **3-тапсырма**. Өлеңді түсініп оқып, дауыссыз дыбыс түрлерін ажырату және емлесін сақтап жазу<br>Ақ мамам<br>Еркелесем, күлімдейтін,<br>Ұрысқаны білінбейтін,<br>Маңдайымнан иіскеп менің,<br>Құлыншағым, күнім, - дейтін.<br>Әлемдегі ақылды адам,<br>Бәрінен сол жақын маған.<br>Ол жанымда жүрсе, мен де<br>Батырларша батылданам.<br>Жамандықтан сақтандырып,<br>Жақсы ісімді мақтан қылып,<br>Мәпелеген ақ мамамды<br>Жүрсем деймін шаттандырып.<br>Ф. Оңғарсынова<br>1) Өлеңнің негізгі ойы қандай?<br>2) Өлең мазмұны бойынша екі сұрақ құрастырып жаз.<br>3) Асты сызылған сөздің құрамындағы дауыссыз дыбыстарды ата, олар дауыссыз дыбыстардың қай түріне жатады деп ойлайсыңдар?<br>Дауыссыз дыбыстарға дыбыстық мінездеме беру үлгісі.<br>Мысалы: Кк<br>1. Бұл-дауыссыз дыбыс. Себебі, бұл дыбысты айтқанда өкпеден шыққан ауа ауыз қуысында түрлі кедергілерге ұшырап, ауа қысылып шығады. | Өлеңді түсініп оқып, топта талқылап, негізгі ойды анықтайды.<br><br>Топтасып тапсырмаларды орындайды. | Дескрипторлар:<br>-өлеңді түсініп оқиды;<br>-өлең мазмұнына байланысты екі сұрақ құрастырып жазады;<br>- сөздегі дауыссыз дыбыстарды атайды.<br><br>Дескрипторлар:<br>- дауыссыз дыбыс екенін дәлелдейді;<br>-үн мен салдырдың қатысына қарай | ЕРЕЖЕ:<br><br>Дауыссыз дыбыстар үн мен салдырдың қатысына қарай үшке бөлінеді:<br>1) Қатаң дауыссыздар: к,қ,х,h,т,п,с,ш,щ,ц,ч,ф – бұл дыбыстар тек салдырдан тұрады.<br>2)Ұяң дауыссыздар: б,в,г,ғ,д,ж,з – бұл дыбыстарды айтқанда үннен гөрі салдыр басым.<br>3)Үнді дауыссыздар: м,н,ң,р,л, (й,у) -бұл дыбыстарды айтқанда салдырдан гөрі үн басым. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| IV Талдау<br><br>V Жинақтау | 2. Үн мен салдырдың қатысына қарай -қатаң дауыссыз дыбыс. Себебі, бұл дыбыс тек салдырдан тұрады.<br>3. Айтылу, жасалу тәсіліне қарай -шұғыл дауыссыз дыбыс. Себебі, бұл дыбысты айтқанда дыбыстау мүшелері бір-біріне қатты соқтығысып, ауа кілт үзіліп, шұғыл шығады.<br>4. Жасалу орны мен дыбыстау мүшелерінің қатысына қарай – тіл ортасы дауыссыз дыбысы.<br>***4-тапсырма.*** Мақалды дұрыс ұйқастырып жазыңдар.<br>Анасыз ақын да болмайды, иесі. / Әке –шаңырақ<br>Нан болса - ойнап күлеміз, кәрі- / Аттамас, одан жас.<br>Ана – отбасының Ұйытқысы, / Батыр да болмайды.<br>Нан – ардақты, асыл ас, еркін / Нан барда – жүреміз.<br>Дауыссыз дыбыстарды теріп жазып, кез келген дауыссыз дыбысқа мінездеме беріңдер.<br>***ӨЖ. 5-тапсырма.*** Сурет мазмұны бойынша шағын мәтін құрастырып жаз. Мәтінге ат қой. | Білген білімдерін ортаға салады.<br><br>Берілген мақалдардың ұйқасын сәйкестендіріп жазады.<br><br>Оқушы жеке өзі орындайды | түрін ажыратады;<br>-айтылу, жасалу тәсіліне қарай түріне ажыратады;<br>-жасалу орны мен дыбыстау мүшелерінің қатысына қарай түрін анықтайды.<br><br>Дескрипторлар:<br>- мақалды ұйқасымен сәйкестендіріп жазады;<br>- мақал құрастырады;<br>- мақалға ой толғау жасайды;<br><br>- суреттің мазмұнына сәйкес құрастырады;<br>-мәтіннің құрылымдық бөліктерін сақтайды.<br>-мәтінге ат қояды |  |
| Сабақтың соңы<br>VI Бағалау | 7-тапсырма: Тест сұрақтарына дауап беріңдер.<br>1.Қатаң дауыссыздарды көрсет. | Оқушы тақырып мақсаттарына байланысты жеке | - Сұрақтарға жауап береді | Тест сұрақтары |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | а)д, в, л, т ә)б,й,р, с б) к,ф,қ,ш<br><br>2.Ұяң дауыссыздарды көрсет.<br>а)д, в, л, т ә)б,в,г,ғ б) к,ф,қ,ш<br><br>3.Тек ұяң дауыссыз дыбысқа аяқталатын сандарды көрсет.<br>а) 8, 9, 100 ә)10,5,9 б) 20,4,8<br><br>4. Қатаң дауыссыз дыбыстар қатар келген сөзді көрсет.<br>а) қасық ә)торсық б) бастық<br><br>5. Ұяң дауыссыз дыбысы жоқ сөзді көрсет.<br>а) қазба ә)көмір б) өзгеріс<br>6. Үнді дауыссыз дыбыстар қатарын көрсет.<br>а) б,в,г,ғ,д,ж,з ә)м,н,ң,л,р б) т,с,ш,қ,h | жұмыс жазады | | |
| | Менің бүгінгі жетістігім:<br>• құпиялы сөзді таптым;<br>• дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажыраттым;<br>• өлеңді түсініп оқып, сұрақтар құрастырдым;<br>• дауыссыз дыбыстарға дыбыстық мінездеме беруді түсіндім;<br>•мақалды ұйқасымен көшіріп жаздым;<br>•мақалды құрастырып, ойтолғау жасадым;<br>• Сурет мазмұны бойынша шағын әңгіме құрап жаздым;<br>• Тест сұрақтарын шештім. | Жеткен жетістігін айқындап, өзін-өзі бағалайды | | |

## 2. «Қазақ тілі» оқу пәні, 4-сынып

### I. Өткен оқу жылында өтілген оқу бағдарламасының мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттары

4-сыныпта «Қазақ тілі» пәнінен диагностикалық жұмыс жүргізу үшін 3-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» пәнінің оқу бағдарламасының оқыту мақсаттары зерделенеді. Ол үшін бастауыш білім беру деңгейінің жаңартылған мазмұндағы 3,4-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінің үлгілік оқу бағдарламаларын қарастырамыз [5]. 3-сыныптың оқу бағдарламасының мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттары келесі кестеде көрсетілген (2.1-кесте).

2.1-кесте – 3-сыныптың мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттары

| Бөлім (сөйлеу әрекетінің түрі) | Оқу мақсаттары |
|---|---|
| Тыңдалым және айтылым | 3.1.1.1 тыңдаған материал бойынша тірек сөздерді белгілеу, ашық және жабық сұрақтарға жауап беру |
| | 3.1.2.1* мәтіннің тақырыбы мен берілген суреттер, фото, диаграмма бойынша мәтіннің мазмұнын болжау |
| | 3.1.3.1 түрлі жағдаяттағы (қоғамдық ортада) қатысымдық әрекеттерде өз сөзін жүйелі түрде жоспарлап, сөйлеу мәдениетін сақтап, диалогке қатысу |
| | 3.1.4.1 тірек сөздер мен жоспарды пайдалана отырып, берілген тақырып бойынша әңгіме құрау |
| | 3.1.6.1 интонацияны, вербалды емес тілдік құралдарды (қимыл, ым-ишара), қаратпа сөздерді қолдана отырып, тақырыпқа тыңдарманның назарын аударту |
| Оқылым | 3.2.1.1* тірек сөздер, көмекші сөздер арқылы мәтін түрлерін (әңгімелеу, сипаттау, пайымдау) және оның құрылымдық бөліктерін анықтау |
| | 3.2.3.1 мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру |
| | 3.2.4.1 өз бетінше мәтіннің тақырыбын және мұғалімнің көмегімен негізгі ойды анықтау |
| | 3.2.5.1* берілген тақырып, сұрақ бойынша түрлі дереккөздерден (мәтін, сөздік, сызба, кесте, карта) алған ақпараттарда кездесетін жаңа сөздердің мағынасын сөздіктер арқылы ашу, жүйелеу, мағлұматтардың маңызды тұстарын анықтау |
| | 3.2.6.1 мұғалімнің көмегімен ұқсас тақырыпта берілген мәтін түрлерін, стилін (көркем мәтін, ғылыми-танымдық мәтін/жанрын салыстырып, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табу |
| Жазылым | 3.3.1.1* жоспар, сызбаны қолдана отырып, тірек сөздер арқылы әңгімелеу мәтінін, салыстыра сипаттау мәтінін, көмекші сөздер арқылы пайымдау мәтінін құрап жазу |
| | 3.3.3.1* оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар бойынша мұғалімнің көмегімен жоспар құрып, мазмұндама жазу |
| | 3.3.4.1* мұғалімнің көмегімен сызба, график, кесте, фотосуреттер пайдаланып, мәтін (хат, шақыру, нұсқаулық) құру/компьютерде теру |
| | 3.3.5.1 жіберілген пунктуациялық, орфографиялық, грамматикалық және стилистикалық қателерді мұғалімнің көмегімен тауып, түзету |

| | |
|---|---|
| | 3.3.6.1 кең жолды дәптерде бас әріп пен кіші әріптің биіктігі мен мөлшерін сақтап көлбеу, үзбей және біркелкі жазу, жазу қарқынын жеделдету |
| | |
| | 3.3.7.1* қаратпа, қыстырма сөздерді ажырату және тыныс белгілерін дұрыс қою |
| | 3.3.7.2 мұғалім көмегімен бастауыш пен баяндауыштың арасына қойылатын сызықшаның орнын білу және қою |
| | |
| Тілдік нормалардың қолданысы | 3.4.1.1* э, ф, в, ц әріптері бар сөздерді сауатты жазу |
| | 3.4.1.2 түбір сөздегі -ы, -і-нің дауысты дыбыстан басталатын қосымша жалғанған кездегі өзгерісін сақтап жазу |
| | 3.4.1.3* ч, щ әріптері бар сөздердің емлесін білу |
| | 3.4.1.4* х, h әріптері бар сөздерді ажыратып жазу |
| | 3.4.2.1* негізгі түбірге жұрнақтар жалғау арқылы туынды сөз жасау, түбірлес сөздердің мағынасын ажырату |
| | 3.4.2.2 тәуелдік жалғауларының қолданысын білу |
| | 3.4.2.3 сөйлемнен сөз таптарын (зат есім, сын есім, сан есім, етістік) табу |
| | 3.4.2.4* негізгі, туынды зат есім/сын есім/етістікті анықтау |
| | 3.4.2.5 болымды және болымсыз етістіктердің айырмашылығын анықтау |
| | 3.4.2.7* сөйлемнің тұрлаулы (бастауыш, баяндауыш) және тұрлаусыз мүшелерін ажырату |
| | 3.4.2.8 мұғалімнің көмегімен жалаң және жайылма сөйлемдерді ажырату |

## II. Іріктеп алынған оқыту мақсаттары бойынша диагностикалық жұмыстың үлгісі

Диагностикалық жұмыс білім алушылардың олқылықтарын толықтыру үшін жүргізілетін жұмыс болып табылады. Сондықтан диагностикалық жұмыстың тапсырмалары ретінде толық жауапты қажет ететін тапсырмаларды беру ұсынылады.

Төменде 3-сыныптағы «Қазақ тілі» пәнінің мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттарына сәйкес әзірленген диагностикалық жұмыс тапсырмаларының үлгісі берілген. Үлгі екі нұсқада әзірленген.


Диагностикалық жұмыс жүргізуге ұсынылатын оқыту мақсаттары

| Бөлімше атауы | Оқыту мақсаттары |
|---|---|
| | |
| Тыңдалым және айтылым | 3.1.1.1 тыңдаған материал бойынша тірек сөздерді белгілеу, ашық және жабық сұрақтарға жауап беру |
| | 3.1.3.1 түрлі жағдаяттағы (қоғамдық ортада) қатысымдық әрекеттерде өз сөзін жүйелі түрде жоспарлап, сөйлеу мәдениетін сақтап, диалогке қатысу |
| | 3.1.5.1 аудио-бейнежазба мазмұны бойынша айтылған өзгенің пікіріне (келісу/келіспеу себебін) өз көзқарасын білдіру |
| | 3.1.2.1* мәтіннің тақырыбы мен берілген суреттер, фото, диаграмма бойынша мәтіннің мазмұнын болжау |


| | |
|---|---|
| Тілдік нормалардың қолданысы | 3.4.2.3 сөйлемнен сөз таптарын (зат есім, сын есім, сан есім, етістік) табу |
| | 3.4.2.4* негізгі, туынды зат есімді анықтау |
| | 3.4.2.4* негізгі, туынды зат есім/сын есім/етістікті анықтау |
| | 3.4.2.5 болымды және болымсыз етістіктердің айырмашылығын анықтау |

## №1диагностикалық жұмыс үлгісі

1-тапсырма. Берілген жұрнақтарды жалғап, туынды зат есім құрастыру.Сұрағын айту.




2-тапсырма. Танымдық тапсырма: Көрсетілген көптік жалғауларына жалғанатын сөздер тауып жазып, зат есім жасау.




«Ой қозғау» әдісі.

3-тапсырма. Мәтінді оқып, өз пікірін білдіру.

«Таласқа» таластық

*Талас* деген сөзге екі бала таласып қалды. Бірі оны етістік десе, екіншісі зат есім деп таласады.


- Неге десең ? – дейді ол, - *Талас* деген өзен бар, деп дәлелдейді.
- Мейлі, өзен болса, бола берсін, бірақ бұл сөз етістік болады, деп бірінші бала да беріспей жатыр.
- Олай таласқанша оны сөйлем ішінде келтіріп айтып көрейік. Сонда анықталады ғой, - деді үшінші бала.
- Сендер қалай ойлайсыңдар?

4-тапсырма. Шығармашылық тапсырма. Берілген жалқы есімдерден жалпы есім жасау.

Асан, Ақтөбе, Елек, Алатау, Есіл, Балқаш, «Ұлан», «Балдырған», Айгүл.

Мысалы: Айгүл – оқушы...

5-тапсырма. Бірінші сөздің жалғасы, екінші сөздің бастауы болатын жұрнақты табу. Шыққан сөз зат есімнің қай түріне жататынын анықтау.




6-тапсырма. Білімді бекітуге арналған тест сұрақтары:

1.Зат есім дегеніміз не?

а) қимылды, іс-әрекетті білдіретін сөздер.

ә) заттың атын білдіретін сөздер.

б) заттың сынын, сапасын білдіретін сөздер.

2. Туынды зат есімді тап.

а) қала

ә) малшы

б) тау

3. Көптік жалғаулы зат есімді тап.

а) батыр

ә) оқушы

б) ағаштар

4.Жалқы есімді тап.

а) журнал

ә) ағам

б) Алматы

5. Жалпы есімді тап.

а) Асан

ә) өзен

б) қазақ тілі

6. Зат есімдер тобын тап.

а) үлкен, көгілдір, ащы.

ә) алатау, орман, алма.

б) өседі, тербеледі, ұшады.

№1 Диагностикалық жұмыстың бағалау критерийлері

| Тапсырмалар | Дескрипторлар | Ұпай саны |
|---|---|---|
| 1-тапсырма | Берілген жұрнақтарды жалғап, туынды зат есім құрастыра алады. Сұраққа жауап бере алады | 6 ұпай |
| 2 – тапсырма | Көрсетілген көптік жалғауларына жалғанатын сөздер тауып жазып, зат есім жасай алады | 4 ұпай |
| 3 – тапсырма | Мәтінді оқып, өз пікірін білдіре алады | 2 ұпай |

| | | |
|---|---|---|
| 4 – тапсырма Шығармашылық тапсырма | Берілген жалқы есімдерден жалпы есім жасайды | 2 ұпай |
| 5-тапсырма | Бірінші сөздің жалғасы, екінші сөздің бастауы болатын жұрнақты табады. Шыққан сөз зат есімнің қай түріне жататынын анықтайды | 2 ұпай |
| 6-тапсырма | Білімді бекітуге арналған тест сұрақтарына жауап бере алады | 6 ұпай |
| Барлық ұпай саны | | 22 |

## №2 диагностикалық жұмыс үлгісі

1-тапсырма. Берілген суретті сызбаны (әртүрлі сандардан салынған адамның, қойдың бейнесін) пайдаланып, өлеңдегі сұрақтарға жауап беру, тапқан сандарды сан есімнің түрлеріне қарай ажырату.

Өмір бойы жан-жануар бейнесін,
Салып келген суретшіге не дерсің?
Жауабын кім тез береді, білсе егер,
Қай сандардан сурет салды бұл шебер?

Сұрақтар:

- сурет қандай сандардан салынған?
- сол сандарды қатыстырып тағы қандай сандар құрауға болады?
- суреттегі адамның көздері нешеу?
- қойдың аяғы нешеу?
- аяқтары неше-нешеден орналасқан?

2-тапсырма. Ішінде саны бар сөздерді байланыстыра оқи отырып, өлеңді жазу, қандай құс туралы айтылғанын табу.

«Көңілді санамақ»
2- екі,
Баласына ж2ріп,
Ұрысып жатыр к2лік,
«2леніп, с2ріп,
Алып қапсың 2лік.»
2шілей 2нді,
Көрсетпе деп ж2рді.

3-тапсырма. Берілген үлгіге қарап, ішінде саны бар сөздерді ойлап жазу.

Мысалы: түбір - түү+1
күшік - к+3+ік
сегізкөз - 8+көз
желтоқсан - жел+90
алтыбақан- 6+бақан
дербес – дер+5
.....
.....

4-тапсырма. «Су - тіршілік көзі» тақырыбына берілген тірек-сөздер мен сөз тіркестерді пайдаланып, ішінде реттік, есептік сан есімдері бар шағын мәтін құрастырып жазу.

Тірек сөздер: кеме, теңізші, теңіздің тартылуы, экологиялық жағдай, судың пайдасы, адам өмірі.

5-тапсырма. Шығармашылық диктант. Сан есімдерден кейін тиісті тыныс белгілерін қойып, сан есімдерді сөзбен жазып, мағыналық түрлеріне қарай ажырату.

*30 дан, 40 қа, 3қатар, 32 мектеп, XXI ғасыр, 4 тен 1, 20 том, 7 сәуір, 2021 жыл, 40 таған, 50 лерде, 40тан астам, 10 дарда.*

№2 Диагностикалық жұмыстың бағалау критерийлері

| Тапсырма | Бағалау критерийлері | Ұпай саны |
|---|---|---|
| 1 – тапсырма | Берілген суретті сызбаны (әртүрлі сандардан салынған адамның, қойдың бейнесін) пайдаланып, өлеңдегі сұрақтарға жауап береді, тапқан сандарды сан есімнің түрлеріне қарай ажырата алады | 7 ұпай |
| 2 – тапсырма | Ішінде саны бар сөздерді байланыстырып оқи отырып, өлеңді жазады, қандай құс туралы айтылғанын таба алады | 2 ұпай |
| 3 – тапсырма | Берілген үлгіге қарап, ішінде саны бар сөздерді ойлап жаза алады | 5 ұпай |
| 4 – тапсырма | «Су - тіршілік көзі» тақырыбына берілген тірек-сөздер мен сөз тіркестерді пайдаланып, ішінде реттік, есептік сан есімдері бар шағын мәтін құрастырып жаза алады | 7 ұпай |
| 5-тапсырма Шығармашылық диктант. | Сан есімдерден кейін тиісті тыныс белгілерін қойып, сан есімдерді сөзбен жазып, мағыналық түрлеріне қарай ажырата алады | 13 ұпай |
| Барлық ұпай саны | | 34 |

## III. Сабақ барысында толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары

3-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» пәнінен оқу бағдарламасын зерделеу нәтижесінде 4-сыныптағы «Қазақ тілі» пәнінің оқыту мақсаттарымен кіріктіруге болатын оқу мақсаттары анықталды [5]. Кіріктіруге болатын оқыту мақсаттары ұсыныс түрінде берілген (2.2-кесте).

2.2-кесте – 3,4-сыныптардың кіріктірілетін оқу мақсаттары

| Оқу мақсаттары | |
|---|---|
| **4-сынып** | **3-сынып** |
| 4.4.2.6 сөз таптарының сөйлемдегі қызметін анықтау | 3.4.2.3 сөйлемнен сөз таптарын (зат есім, сын есім, сан есім, етістік) табу |
| 4.2.2.1 тұрақты сөз тіркестері мен көп мағыналы сөздерді ажырата білу, мағынасын түсіну, сөйлеу барысында қолдану | 3.1.1.1 тыңдаған материал бойынша тірек сөздерді белгілеу, ашық және жабық сұрақтарға жауап беру |

| | |
|---|---|
| 4.2.5.1* дереккөздерден (мәтін, сөздік, сызба, кесте, диаграмма) қажетті ақпараттарды табу, кездескен жаңа сөздердің мағынасын анықтап, ақпаратты қорытындылау, бағалау | 3.2.5.1* берілген тақырып, сұрақ бойынша түрлі дереккөздерден (мәтін, сөздік, сызба, кесте, карта) алған ақпараттарда кездесетін жаңа сөздердің мағынасын сөздіктер арқылы ашу, жүйелеу, мағлұматтардың маңызды тұстарын анықтау |
| 4.1.6.1 интонацияны, вербалды емес тілдік құралдарды (қимыл, ым-ишара) және қыстырма, одағай сөздерді қолдана отырып, тақырыпқа тыңдарманды қызықтыру | 3.1.6.1 интонацияны, вербалды емес тілдік құралдарды (қимыл, ым-ишара), қаратпа сөздерді қолдана отырып, тақырыпқа тыңдарманның назарын аударту |
| 4.1.7.1 сөз ішіндегі және сөз бен сөздің арасындағы буын, дыбыс үндестігін сақтап айту | 3.1.7.1 сөз ішінде қатар тұрған дауыссыз дыбыстардың өзара үндесуін сақтап айту (сенбі – сембі, Жангүл – Жаңгүл) |
| 4.1.1.1 тыңдаған материал бойынша негізгі тұстарын түртіп алу және солардың негізінде мәтіннің мазмұнын айту | 3.1.1.1 тыңдаған материал бойынша тірек сөздерді белгілеу, ашық және жабық сұрақтарға жауап беру |
| 4.1.2.1 мәтіннің тақырыбы мен берілген диаграмма, сызба, кесте бойынша мәтіннің мазмұнын болжау және өз ойын дәлелдеу | 3.1.2.1 мәтіннің тақырыбы мен берілген суреттер, фото, диаграмма бойынша мәтіннің мазмұнын болжау |
| 4.1.3.1 сұхбаттасының жасын, жай-күйін ескере отырып, белгілі бір тақырып аясында сөйлеу мәдениетін сақтап, диалогке қатысу | 3.1.3.1 түрлі жағдаяттағы (қоғамдық ортада) қатысымдық әрекеттерде өз сөзін жүйелі түрде жоспарлап, сөйлеу мәдениетін сақтап, диалогке қатысу |
| 4.1.4.1 тірек сөздер мен жоспарды пайдалана отырып, монолог құрау | 3.1.4.1 тірек сөздер мен жоспарды пайдалана отырып, берілген тақырып бойынша әңгіме құрау |
| 4.1.5.1 аудио-бейнежазба мазмұнына өзіндік баға беру | 3.1.5.1 аудио-бейнежазба мазмұны бойынша айтылған өзгенің пікіріне (келісу, келіспеу себебін) өз көзқарасын білдіру |
| 4.2.2.1 тұрақты сөз тіркестері мен көп мағыналы сөздерді ажырата білу, мағынасын түсіну, сөйлеу барысында қолдану | 3.2.2.1 тура және ауыспалы мағыналы сөздердің мағынасын ажырата білу, сөйлеу барысында қолдану |
| 4.2.5.1 дереккөздерден (мәтін, сөздік, сызба, кесте, карта, диаграмма) қажетті ақпараттарды табу, кездескен жаңа сөздердің мағынасын мәнмәтін бойынша анықтап, ақпаратты қорытындылау, бағалау | 3.2.5.1 берілген тақырып, сұрақ бойынша түрлі дереккөздерден (мәтін, сөздік, сызба, кесте, карта) алынған ақпараттарда кездесетін жаңа сөздердің мағынасын сөздіктер арқылы ашу, жүйелеу, мағлұматтардың маңызды тұстарын анықтау |
| 4.2.6.1 белгілі бір тақырыпта берілген мәтіннің түрлерін, жанрын, стилін (мақала, репортаж, жаңалық, өмірбаян, мінездеме, жарнама, хабарландыру) салыстырып, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау | 3.2.6.1 мұғалімнің көмегімен ұқсас тақырыпта берілген мәтін түрлерін, стилін (көркем мәтін, ғылыми-танымдық мәтін), жанрын салыстырып, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табу |
| 4.3.5.1 стилистикалық қателерді мұғалімінің көмегімен анықтап түзету, жазба жұмысын пунктуациялық, орфографиялық, грамматикалық нормаларға сәйкес өз бетінше редакциялау | 3.3.5.1 жіберілген пунктуациялық, орфографиялық, грамматикалық және стилистикалық қателерді мұғалімнің көмегімен тауып, түзету |

| | |
|---|---|
| 4.4.2.1 күрделі сөздердің түрлерін ажырата алу (біріккен сөз, қос сөз, қысқарған сөз) | 3.4.2.1 негізгі түбірге жұрнақтар жалғау арқылы туынды сөз жасау, түбірлес сөздердің мағынасын ажырату |
| 4.4.2.2 жіктік жалғауларының қолданысын білу | 3.4.2.2 тәуелдік жалғауларының қолданысын білу |
| 4.4.2.3 зат есімді септеу, тәуелденген сөздердің септелуін білу | 3.4.2.3 сөйлемнен сөз таптарын (зат есім, сын есім, сан есім, етістік) табу |
| 4.4.2.1 күрделі сөздердің түрлерін ажырата алу (біріккен сөз, қос сөз, қысқарған сөз) | 3.4.2.1 негізгі түбірге жұрнақтар жалғау арқылы туынды сөз жасау, түбірлес сөздердің мағынасын ажырату |
| 4.4.2.4 жіктеу есімдіктерін септей алу | 3.4.2.4 негізгі, туынды зат есім/сын есім/етістікті анықтау |
| 4.4.2.5 үстеуді мағынасына қарай ажырату, етістікпен байланыстырып, сөйлемде қолдану | 3.4.2.5 болымды және болымсыз етістіктердің айырмашылығын анықтау |
| 4.4.2.6 сөз таптарының сөйлемдегі қызметін анықтау | 3.4.2.6 есептік және реттік сан есімдердің айырмашылығын анықтау |
| 4.4.2.7 сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстыратын шылауларды (және, себебі, мен, пен) қолдану | 3.4.2.7 сөйлемнің тұрлаулы (бастауыш, баяндауыш) және тұрлаусыз мүшелерін ажырату |
| 4.4.2.8 сөйлемде одағай, еліктеуіш сөздерді ажырату және қолдану | 3.4.2.8 мұғалімнің көмегімен жалаң және жайылма сөйлемдерді ажырату |

## IV. Кіріктірілетін оқыту мақсаттары бойынша ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгісі

Кіріктірілетін оқыту мақсаттары бойынша ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспары п.ғ.к., доцент Тойбазарова Нағимаш Әмірханқызының іс-тәжірибесінен алынды

1-сабақ

| | |
|---|---|
| Педагогтің аты-жөні | Тойбазарова Нағимаш Әмірханқызы |
| Пәні, сыныбы | Қазақ тілі, 4-сынып |
| Сабақтың тақырыбы | **Сөз таптары** |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары | 4.4.2.6 сөз таптарының сөйлемдегі қызметін анықтау<br>4.2.2.1 сөздерді мағынасына қарай ажырата білу, мағынасын түсіну, сөйлеу барысында қолдану<br>4.2.5.1* дереккөздерден (мәтін, сөздік, сызба, кесте, диаграмма) қажетті ақпараттарды табу, кездескен жаңа сөздердің мағынасын анықтап, ақпаратты қорытындылау, бағалау |
| Кіріктірілетін оқыту мақсаттары | 3.1.1.1 тыңдаған материал бойынша тірек сөздерді белгілеу, ашық және жабық сұрақтарға жауап беру<br>3.4.2.3 сөйлемнен сөз таптарын (зат есім, сын есім, сан есім, етістік) табу |
| Сабақтың мақсаты | Берілген оқу мақсаттарына сай оқушылардың білімін толықтыру |

Сабақтың барысы.

| Сабақ кезеңдері | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы<br><br>Ой қозғау<br>І Білу | Қызығушылықты ояту.<br>**1-тапсырма. (МК; ҰЖ)** Мұғалімнің айтқан ертегісін мұқият тыңдау. Сұрақтарға жауап беру.<br><br>Мұғалім сөзі: - Балалар, ерте, ерте, ертеде біз білмейтін шексіз бір үлкен елде СӨЗДЕР өмір сүріпті.Ол ел - МОРФОЛОГИЯ елі деп аталыпты. Дүниедегі сөз біткеннің бәрі сол бір елде, кең сарайда тату-тәтті бірге тұрыпты. Бір күні сөздер бір нәрсеге келісе алмай, «сен | Оқушылар:<br>- мұғалімнің айтқан ертегісін мұқият тыңдайды;<br>- ертегі бойынша ашық сұрақтарға жауап береді:<br>- Вагондардағы суреттерге қарап не айтуға болады?<br>- Суреттерге сәйкес әр | Дескрипторлар:<br><br>- сұрақтарға жауап бере алады;<br>- вагондардағы суреттерге қарап өзіндік ойын айта алады;<br>- суреттерге сәйкес әр вагонда | 1) тіркескен вагондары бар поезд суреті<br>2) әр вагонға бір сөз табының тірек-сызбасы жазылған |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | ұзынсың, мен қысқамын, сен көпшілсің, көп мағына бересің, анаумен де мынаумен де тіркесесің, мен бір ғана мағына беріп оқшау жүргенді ұнатамын» - деп, кең сарайға бастары симай, айтысып жатады. Мұны естіген хан оларды жинап алып: - Сендер, өз мағыналарыңа қарай, жауап беретін сұрақтарыңа, өзіндік ерекшеліктеріне қарай топқа бөлініңдер, сосын әрқайсысыңды жеке отау етіп, бөлек-бөлек үй қылып қоямын, - дейді. Сөйтіп, сөздер өздерінің ұқсас белгілеріне қарай тапқа бөлініп, оларға ат беріледі. Осылайша морфология елі - СӨЗ ТАПТАРЫ еліне айналады.<br>Хан өз еліндегі сөз таптарын қалай атағанын сендер қазір тапсырмалар орындау арқылы тез табасыңдар.<br>- Сонымен, бүгін біздер, сол Әлемдегі ең үлкен ел - «Морфология еліне» немесе СӨЗ ТАПТАРЫ еліне саяхатқа шығамыз. Жолда кездескен тапсырмаларды мүдірмей орындап, сөз таптарын дұрыс табуларыңа тілектеспін.<br>Бір, екі, үш, бойымызға жинап күш.<br>Орнымыздан тұрамыз,<br>Ойланамыз, ойнаймыз,<br>Сөз таптары еліне саяхатқа шығамыз. | вагонда қандай сөздер орналасқан деп ойлайсыңдар? | қай сөз табы орналасқанын таба алады | |
| II Түсіну | **Белсенді оқу**<br>**2-тапсырма (МК; Ө):** Тыңдаған материал бойынша тірек сөздерді белгілеу, ашық сұрақтарға жауап беру.<br>Сұрақтар:<br>- Неліктен сөздерді бұлай топтадыңдар?<br>- Бұл сөздер өзара ұқсас мағына беріп | Тыңдаған материал бойынша тірек сөздерді белгілейді, оларға сұрақ қояды. Бірнеше сөздің өзара ұқсас белгілеріне, оларды мағынасына қарай топтайды.<br>Топтаған сөздерді | Дескрипторлар:<br><br>- тыңдаған материал бойынша тірек сөздерді таба алады;<br>- тірек сөздерге сұрақ қоя алады; | Сұрақтар интерактивті тақтада көрсетіледі |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | тұр ма?<br>- Мағыналарына қарай бұл сөздер қалай аталады?<br>**3-тапсырма**: Бірнеше сөздің өзара ұқсас белгілеріне, мағыналарына қарай сөздерді ажырату, мағынасын түсіну, оларға сұрақ қою арқылы қай сөз табына жататынын анықтау. топ-топқа бөлу. Топтаған сөздерді тиісті вагондарға орналастыру. | мағынасына және вагондағы суретке қарап сәйкес вагонына орналастырады.<br>Берілген сөздерге сұрақ қою арқылы қай сөз табына жататынын анықтайды:<br>- Асан, бор, ауа, аңшы (Кім? не?) – Зат есім<br>- Жеті, елу, мың, үш (қанша? неше?) – Сан есім<br>- Қызыл, көк, үлкен, биік (қандай?) – Сын есім<br>- Ойнады, жазды, оқыды (Не істеді?) - Етістік. | - бірнеше сөздерді өзара ұқсас белгілеріне, сұрақтарына қарай топтай алады;<br>- сөздерге сұрақ қою арқылы қай сөз табына жататынын анықтай алады. | |
| Сабақтың ортасы<br>III Қолдану<br><br>Ой толғаныс. | Мұғалім: - Балалар, өздеріңе бұрыннан таныс осы сөзтаптары жазылған 4 вагонға сыйысып отырып, саяхатты бастаймыз. Ал, қалған вагондардағы сөз таптарымен саяхатта тапсырмалар орындау барысында танысамыз.<br>**4-тапсырма**: Берілген сөйлемдерді оқып, қарамен жазылған сөздерге егер қойылса, сұрақ қою. Ол сөздердің қандай мағына беріп тұрғанын айту. Сұрақтарына, мағыналарына қарап, бұл сөздерді қай сөз табына жатқызуға болады? сұрағына жауап беру.<br>*Әкем ұшақпен бір **төмен**, бір **жоғары** көтерілді. **Апам** **бүгін** Алматыдан келді. Асан **мен** Үсен ауылға кетті. **Ол** үнемі үйінде* | Берілген сөйлемдерді оқып, қарамен жазылған сөздерге сұрақ қояды. Ол сөздердің қандай мағына беріп тұрғанын айтады. Сұрақтарына, мағыналарына қарап, ол сөздердің қай сөз табына жататынын анықтайды.<br>- Қашан? қалай?- Бүгін,төмен, жоғары,тез<br>- Үстеу<br>- Кім? – Апам, ол, мен, өзі – зат есімнің орнына жұмсалып тұрған сөздер<br>- Есімдік. | Дескрипторлар:<br><br>-сөйлемдерді оқып, қарамен жазылған сөздерге сұрақ қоя алады;<br>- ол сөздердің қандай мағына беріп тұрғанын айта алады;<br>- сұрақтарына, мағыналарына қарап, сөздердің қай сөз табына жататынын анықтай алады. | Тапсырмаға берілген сөйлемдер интерактивті тақтада көрсетіледі |


<table>
<tr>
<td></td>
<td>орысша сөйлейді. Жұлдызай лекцияны тез жазады. Балалар тауық пен қаздарды аулаға кіргізді.Жақын жерде өзен де, көл де бар. Алақай, әкем маған компьютер сатып әперді! Қап, бүгін мен «үш» алып қалдым.Жаңбырдан соң аспанда сарт-сұрт етіп найзағай ойнады.Бәріне өзі кінәлі.</td>
<td>- Мен, пен, да,де, та,те, үшін, туралы – сөзбен сөзді байланыстыратын<br>- Шылаулар.<br>- Алақай, қап, тәйт, ау, әй, ей, пай-пай – қуануды, ренжуді білдіретін сөздер - Одағай.</td>
<td></td>
<td rowspan="3">Тірек-сызба тақтада көрсетіледі<br><table><tr><td>Сөз таптары</td><td>Сұрақ-тары</td></tr><tr><td>Зат есім</td><td>кім? не? кімдер? нелер?</td></tr><tr><td>Сан есім</td><td>қанша? неше? нешінші?</td></tr><tr><td>Сын есім</td><td>қандай? қай?</td></tr><tr><td>Етістік</td><td>не істеді? не қылды? қайтіп?</td></tr><tr><td>Есімдік</td><td>кім? не? қанша? кімдер? қай? қайсы?</td></tr><tr><td>Үстеу</td><td>қашан? қайда? қанша ? қалай?</td></tr><tr><td>Шылау</td><td></td></tr><tr><td>Одағай</td><td></td></tr><tr><td>Еліктеу сөздер</td><td></td></tr></table></td>
</tr>
<tr>
<td>ІҮ Талдау</td>
<td>5-тапсырма. Тірек-сызбаны пайдаланып, СӨЗ ТАПТАРЫ қалай аталатынына және олардың сұрақтарына назар аудару. Сұрақтарына қарап, әр сөз табының қандай мағына білдіретінін айтуға бола ма? Болса, әр сөз табының ережесін шығару.<br><br>6-тапсырма. Жұмбақты шешіп, заттың атын, сынын, санын білдіретін сөздерді табу.<br>Жұмбақ: Өзі үлкен жануар,<br>Үстінде екі тауы бар.<br>Сергіту сәті: Өлеңді қимыл жасау арқылы айтып, ондағы сөздерді сөз табына қарай ажырату.<br>Аспанды бұлт торлады<br>Жаңбыр жауды себелеп,<br>Жапырақты жамылып,<br>Бұға қалды көбелек.</td>
<td>Жұмбақты шешіп, заттың атын, сынын, санын білдіретін сөздерді табады.<br>Сергіту сәтіндегі өлеңді қимыл жасау арқылы айтып, ондағы сөздерге сұрақ қою арқылы оларды сөз табына ажыратады.</td>
<td>Дескрипторлар:<br><br>- тірек-сызбаны пайдаланып, сұрақтарына қарап, әр сөз табының қандай мағына білдіретінін айта алады;<br>- әр сөз табының ережесін шығара алады;<br>- жұмбақты шешіп, заттың атын, сынын, санын білдіретін сөздерді таба алады;<br>- өлеңдегі сөздерге сұрақ қою арқылы оларды сөз табына ажырата алады.</td>
</tr>
<tr>
<td>Ү Жинақтау</td>
<td>(Ө.Ж.)Шығармашылық тапсырма:<br>- Берілген сөздерге ( Адамзат, жел, қар, бидай, кітап) сұрақ қойыңдар да, оны дәптерге жазыңдар. Не себепті сондай сұрақ қойғандарыңды дәлелдеңдер.<br>- осы сөздерге қатысты қандай іс-қимылды білдіретін сөздерді білесіңдер, соларды жанына жазыңдар.</td>
<td>Әр оқушы өз мүмкіндігінше берілген шығармашылық тапсырманы рет-ретімен орындайды.</td>
<td>- берілген сөздерге ( Адамзат, жел, қар, бидай, кітап) сұрақ қойып, не себепті сондай</td>
</tr>
</table>

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | - осы сөздерге қатысты қандай түр-түстің, көлемнің, сапаның, сынның, атауын білесіңдер., келесі топқа соны жазыңдар.<br>- осы сөздерге қатысты сан атауы бар ма соны анықтаңдар да, дәптерлеріңе жазыңдар. | | сұрақ қойғанын дәлелдей алады;<br>- осы сөздерге қатысты қандай түр-түстің, көлемнің, сапаның, сынның, атауы бар екенін тауып айта алады; | |
| Сабақтың соңы<br>Ой тұжырым<br><br>ҮІ Бағалау | **(ТЖ.)1-тапсырма. Сәйкестендіру тесті.** Екінші бағанда орналасқан сөздер тобының бірінші бағаннан қай сөз таптарына сәйкес келетінін тауып сәйкестендіру.<br><br>Сөз тапттары: Мысалдар:<br>1. Зат есім а) бер, айт, жүр, кет<br>2. Сын есім ә) алтау, он, екінші<br>3. Сан есім б) әдемі, тентек, аласа<br>4. Етістік в) кеше, ілгері, әрең<br>5. Есімдік г) аға, ана, бала, кітап<br>6. Үстеу ғ) арқылы, дейін, мен<br>7. Шылау д) сен, ол, біз, бәрі<br>8. Одағай ж) тарс-тұрс, салп<br>9. Еліктеу з) қап, япырау, әй.<br><br>- Сонымен, ойымызды жинақтап, қорытындылап, морфология еліне келген «Сөз таптары» деген поезымыздың барлық вагондарына отырып мектебімізге ораламыз.<br>**(ӨЖ) 2-тапсырма.**Тірек сөздерді сөз таптарына қарай ажыратып, дәлелдеп, өз вагонына дұрыс орналастыру, сол вагондағы тірек-сызбаны пайдаланып сөз табы туралы не | Екінші бағанда орналасқан сөздер тобына сұрақ қою арқылы олардың қай сөз табына жататынын бірінші бағаннан тауып, сәйкестендіреді.<br>**Мысалы:** төмендегі сөз таптарына сәйкес келетін сөздердің тиістісін көрсет.<br>- тірек сөздерді сөз таптарына қарай ажыратып, дәлелдеп, өз вагонына дұрыс орналастыра алады;<br>- сол вагондағы тірек сызбаны пайдаланып, сөз табы туралы не білетінін айтып бере алады | - сөздерді жауап беретін сұрақтарына қарай сөз таптарына сәйкестендіре алады. | «Сәйкестендіру тесті» тақтада көрсетіледі |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | білетінін айтып беру. | | | |
| Рефлексия | **(Т.Ж.) Рефлексиялық жаттығу.**<br>«Өзіндік қабылдау» тренингі. (Тренинг барысында баяу музыка ойнап тұрады. Ол оқушылардың ашылуына, ойланып қайта әрі сөйлей білуіне әсерін тигізеді).<br>**Тапсырма.** Әр оқушы өзінің сабақтан алған әсерін, жетістігін мен кемшілігін берілген параққа жазып, өзін-өзі бағалау.<br>**Тренинг шарты:** Қағазды екіге бөліп сызып, сол жағына менің кемшіліктерім, оң жағына менің жетістіктерім деп ойларын бүкпей ашық жазу.<br>Менің кемшіліктерім Менің жетістіктерім<br>..... .....<br>5 минөттен соң 3 – 4 оқушының өз жазғандарын топтап талдап, талқыға саламыз. Оған 10 минут уақыт беріледі. Мына ережені есте ұстаған жөн: бір-біріне сұрақ қоюға болады, бірақ, сын айтуға болмайды. | Сабақтан алған әсерлерін әр оқушы өз парағына жазып, топта талқылайды. | тренинг нәтижесі оқушының шыншылдығын, жауаптылығын, алғаш рет өзіне қорытынды жасауын, өзін түсініп, өзіне сын өзгеге сенуін көрсетеді. | Тренингке қатысты баяу музыка |

2-сабақ

| | |
|---|---|
| Пәні, сыныбы | Қазақ тілі, 4-сынып |
| Сабақтың тақырыбы | Есімдік |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары | 4.1.1.1 тыңдаған материал бойынша негізгі тұстарын түртіп алу және солардың негізінде мәтіннің мазмұнын айту<br>4.4.2.4 есімдіктер туралы түсініктерін кеңейту<br>4.4.2.4 жіктеу есімдіктерін септей алу |
| Өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары | 3.1.1.1 тыңдаған материал бойынша тірек сөздерді белгілеу, ашық және жабық сұрақтарға жауап беру<br>3.4.2.3 сөйлемнен сөз таптарын (зат есім, сын есім, сан есім, етістік) табу |
| Сабақтың мақсаты | Берілген оқу мақсаттарына сай оқушылардың білімін толықтыру |

| Сабақтың барысы. | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сабақ кезеңдері | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
| Сабақтың басы<br><br>Ой қозғау | **«Ой қозғау» жаттығулары**<br>**1-тапсырма. (МК; ҰЖ)** Берілген әрбір сөзге сұрақ қойып, қай сөз табының сұрағы екенін анықтау. Әр сөзге басыңқы сөз тауып сөз тіркесін жасау. Әр сөз тіркесімен сөйлем құрап жазу.<br><br>*Сонша, оның, мен, осы, анадай, өзімнің, барлығына, сондай, олар, ешкім.*<br><br>- Сонымен бұл сөздер қай сөз таптарының орнына жұмсалып тұр екен?<br>- Оқушыларға ой тұжырымдамасын жасатып, ереже шығарту.<br>Тұжырымдама: - Бұл сөздер – зат есім, сан есім, сын есімдердің орнына жұмсалып, есім сөздердің орнын басып тұр. Бұл сөздерді А.Байтұрсынов «Орынбасар сөздер» немесе ЕСІМДІК деп атаған.<br>**Тірек-сызбамен жұмыс**.<br>Жоғарыдағы сөздерді мағыналық түрлеріне қарай, сызбаға салатын болсақ, ЕСІМДІКТІҢ қай түріне жатқызуға болады? Неге ол топқа жатқызғаныңды сызбаны пайдаланып, дәлелдеп, түсіндіру.<br>**2-тапсырма.** Төмендегі сөздердің қосымшаларына сәйкес сұрақ қойып, сол сұрақтарға жауап беретін мағыналарына қарап топтап жазу.<br>Бұл-бұлар, осы-осылар, сол-солар, анау-аналар, мынау-мыналар, анауым, | Оқушылар:<br>- берілген әрбір сөзге сұрақ қояды;<br>- қай сөз табының сұрағы екенін анықтайды;<br>- әр сөзге басыңқы сөз тауып сөз тіркесін табады;<br>- әр сөз тіркесімен сөйлем құрап жазады<br>- бұл сөздердің заттың атын, санын, сынын есім сөздердің орнына жұмсалып тұрғанын айтады.<br><br>Тірек-сызбаны пайдаланып, сөздерді мағыналық түрлеріне қарай, ЕСІМДІКТІҢ қай түріне жататынын дәлелдеп, түсіндіреді.<br><br>Сөздердің қосымшаларына сәйкес сұрақ қойып, сол сұрақтарға жауап беретін | Дескрипторлар:<br><br>- сұрақтарға жауап бере алады;<br>- қай сөз табының сұрағы екенін анықтайды;<br>- әр сөзге басыңқы сөз тауып сөз тіркесін таба алады;<br>- тапқан сөз тіркесімен сөйлем құрап жаза алады;<br>- бұл сөздердің заттың атын, санын, сынын білдіретін сөздердің орнына жұмсалып тұрғанын айта алады;<br>- тірек-сызбаны пайдаланып, сөздерді мағыналық түрлеріне қарай ажырата алады;<br>- өз ойын дәлелдеп, | Тірек-сызба:<br> |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | анауыңыз, мынауың, мынауыңыз, мыналарым, кіммен, біреумен, немен, кімде, онда, оған, кімім, кіміңіз, кімге, неге, нелер, мен- біз, сен – сіз,ол – олар, менің, сенің, оның, өзінің, өзіңе, өзіме, маған, саған,өзім, өзің, өзі.<br>- Тірек-сызбаны пайдаланып, топтаған сөздерің туралы не айтасыңдар?<br>- **есімдік** туралы тағы не айтуға болады?<br><br>1-топ: Бұл-бұлар, осы- осылар, сол- солар, анау-аналар, мынау-мыналар, біз- біздер, сен – сендер, ол – олар, нелер – *сілтеу,* ***жіктеу есімдіктері көптеледі;***<br>2-топ: анауым, анауыңыз, мынауың, мынауыңыз, мыналарым, кімім, кіміңіз ***есімдіктері тәуелденеді;***<br>3-топ: кіммен, біреумен, немен, кімде, онда, кімге, оған, неге, маған, саған, кімнің? - менің, сенің, оның, өзінің , өзіңе, өзіме - ***сұрау, жіктеу, өздік есімдіктері септеледі***;<br>4-топ: менің, сенің, оның, өзім, өзің, өзі – ***жіктеу, өздік есімдіктері тәуелденеді.*** | мағыналарына қарап топтап жазады. | түсіндіре алады.<br><br>- сөздердің қосымшаларына сәйкес сұрақ қоя алады;<br>- сөздерді жауап беретін сұрақтарына, мағыналарына қарап топтап жаза алады;<br>- өз пікірін білдіре алады. | |
| Сабақтың ортасы<br><br>Ой толғаныс. | **Белсенді оқу әдісі.**<br>**3-тапсырма (МК; Ө):** Өлеңді мұқият тыңдап, есімдіктерді теріп жазу. Оларға сұрақ қойып, түрлеріне қарай ажырату және өлеңнің мазмұнын айту.<br>**Мұғалім**<br>Жанымды **менің**<br>жайнатып,<br>Баураған **өзің,** мұғалім.<br>Өзіңмен бірге таң атып,<br>**Өзіңмен** күліп шығар күн.<br>Шәкіртің өткен іздерде | Тыңдаған материал бойынша есімдіктерді теріп жазады. Оларға сұрақ қойып, түрлеріне қарай ажыратады.<br>Өлеңнің мазмұнын айтады. | Дескрипторлар:<br><br>- тыңдаған материал бойынша есімдіктерді теріп жаза алады;<br>- оларға сұрақ қойып, түрлеріне қарай ажырата алады;<br>- өлеңнің | Өлең интерактивті тақтада көрсетіледі |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Үмітің гүлдер, мұғалім.<br>Білеміз ертең **бізден** де<br>Өмірдің талап сұрарын.<br>**Сонда**, ардақты мұғалім,<br>Уәдемде **мен** тұрамын!<br>Қиынға берік шыдармын,<br>Қияға талай шығармын!<br>(Қ.Ыдырысов)<br>**4-тапсырма**: Жіктеу есімдіктерін септелуіне мән беру. «Ол» есімдігін үлгіге қарап септеу<br>А. кім? Мен<br>І. кімнің? менің<br>Б. кімге? маған<br>Т. кімді? мені<br>Ж. кімде? менде<br>Ш. кімнен? менен<br>К. кіммен? менімен | Жіктеу есімдіктерінің септелу үлгісіне қарап, «Ол» есімдігін септейді. | мазмұнын айтып бере алады.<br><br>Берілген үлгіні пайдаланып, «Ол» есімдігін септей алады. | |
| Сабақтың соңы<br>Ой тұжырым | **(Ө.Ж.) 5-тапсырма.** Көп нүктенің орнына тиісті есімдіктерді қойып, сөйлемдерді көшіріп жазу.<br>... – белсенді оқушы. ... – үлкенге құрмет көрсетеміз. ... – домбыра үйірмесіне қатысамын. ... бізге қонаққа келді. ... күнделікті сабақты «.... Қазақстаным » атты әнұранмен бастаймыз. ... алғашқы ұстазымызды ... ұмытпаймыз. ... ұстаз сенімін ақтауға уәде берді.<br>**6-тапсырма.** Берілген сөйлемдерді оқып, қарамен жазылған сөздерді дәптерлеріңе жазып алыңдар, сұрақ қою. Олардың қай сөз табының орнына жұмсалып тұрғанын айтып беру.Тірек-сызбаны пайдаланып, есімдіктерді мағыналық түрлеріне қарай ажырату. | Көп нүктенің орнына тиісті есімдіктерді қойып, сөйлемдерді көшіріп жазады.<br><br>Берілген сөйлемдерді оқып, қарамен жазылған сөздерге сұрақ қояды. Олардың қай сөз табының орнына жұмсалып тұрғанын айтып | - көп нүктенің орнына тиісті есімдіктерді қоя алады;<br>- сөйлемдерді көшіріп жазады.<br><br>- Берілген сөйлемдерді оқып, қарамен жазылған сөздерге сұрақ қоя алады;<br>- олардың | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **Бұл** *жеңіске сонда ғана оңай жетеміз; Бористің өзіне сенуге бола ма, жоқ па?* **Мен** *өзіме сенбесем де* ***оған*** *сенемін(Ә.Әбішев).* **Ол** *жаңағыдай кезексіз үн қатып, оқшау бір сөз бастады(М.Әуезов).***Біз** *былтырғы жылдың ауыртпалығынан Тәкежан салығынан тұралап қалған елміз (М.Әуезов).* **Осы** *жігіттердің бәрі де шәкірттеріңіз.* **Ана** *кітап неге жоқ***, мына** *кітап неге жоқ –деп, жұрт есімді шығарады (М.Иманғалиев). Каникулды* ***қалай*** *өткізбексің?* ***Не*** *ексең* соны *орасың (мақал).* **Біреу** *күбірлеген сияқты. Наурыз мерекесін* **бүкіл** *халық тойлады. Қаражан* **өз** *сөзінен қысылғандай болды*. | береді.Тірек-сызбаны пайдаланып, есімдіктерді мағыналық түрлеріне қарай ажыратады. | қай сөз табының орнына жұмсалып тұрғанын айтып бере алады;<br>- тірек-сызбаны пайдаланып, есімдіктерді мағыналық түрлеріне қарай ажыратады. | |
| Рефлексия | **(Ө.Ж.) Рефлексиялық жаттығу.**<br>**7-тапсырма.** Берілген жіктеу есімдіктерін септеу: *сен, біз, сіз, сендер, сіздер, олар.* | Бүгінгі сабақтан алған білімдерін бағалау мақсатында өзіндік жұмыс беріледі. Әр оқушы өз дәптеріне сөздерді жазып септейді. Өз жұмысының нәтижесін тақтада көрсетілген жауаптарымен сәйкестендіріп, тексереді. | Берілген жіктеу есімдіктерін септей алады.<br>Өзін-өзі бағалайды. | Жіктеу есімдіктерінің септелуі интерактивті тақтада көрсетіледі. |

**Бағалау критерийі**

| **Тапсырмалар** | **Дескрипторлар** | **Ұпай саны** |
|---|---|---|
| 1-тапсырма | - сұрақтарға жауап бере алады; | 1 |
| | - қай сөз табының сұрағы екенін анықтайды; | 1 |
| | - әр сөзге басыңқы сөз тауып сөз тіркесін таба алады; | 1 |
| | - тапқан сөз тіркесімен сөйлем құрап жаза алады; | 1 |
| | - бұл сөздердің заттың атын, санын, сынын есім сөздердің орнына жұмсалып тұрғанын айта алады; | 4 |

| | | |
|---|---|---|
| | - тірек-сызбаны пайдаланып, сөздерді мағыналық түрлеріне қарай ажырата алады; | 2 |
| | - өз ойын дәлелдеп, түсіндіре алады. | 2 |
| 2-тапсырма | - сөздердің қосымшаларына сәйкес сұрақ қоя алады;<br>- сөздерді жауап беретін сұрақтарына, мағыналарына қарап топтап жаза алады;<br>- өз пікірін білдіре алады | 3 |
| 3-тапсырма | - тыңдаған материал бойынша есімдіктерді теріп жаза алады;<br>- оларға сұрақ қойып, түрлеріне қарай ажырата алады;<br>- өлеңнің мазмұнын айтып бере алады | 3 |
| 4-тапсырма | - берілген үлгіні пайдаланып, «Ол» есімдігін септей алады | 2 |
| 5-тапсырма | - көп нүктенің орнына тиісті есімдіктерді қоя алады | 8 |
| 6-тапсырма | - берілген сөйлемдерді оқып, қарамен жазылған сөздерге сұрақ қоя алады;<br>- олардың қай сөз табының орнына жұмсалып тұрғанын айтып бере алады;<br>- тірек-сызбаны пайдаланып, есімдіктерді мағыналық түрлеріне қарай ажыратады | 3 |
| | - берілген жіктеу есімдіктерін септей алады | 2 |
| Жалпы | | 33 |

Сабақ соңында әр оқушы өзінің бүгінгі жасаған жұмыстарына талдау жасай отырып, мұғалімнің берген бағалау критерийлеріне сүйеніп, әр тапсырма бойынша жинаған ұпай сандарын қосып, өзін-өзі бағалайды. Барлық ұпайды толық жинаған оқушы бүгінгі тақырыпты толық меңгерді деп ойлаймыз.

## V. Сабақтан тыс уақытта толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары

3-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» пәнінен оқу бағдарламасын зерделеу нәтижесінде сабақтан тыс уақытта толықтырылатын оқыту мақсаттары анықталды [5]. Төменде сабақтан тыс уақытта толықтырылатын оқыту мақсаттары берілген (2.3-кесте).

2.3-кесте – 3-сыныптың сабақтан тыс уақытта толықтырылатын оқыту мақсаттары

| Бөлімше (түйінді дағдылар) | Сөйлеу әрекетінің түрі бойынша оқу мақсаттары |
|---|---|
| 1.4 Берілген тақырып бойынша әңгіме құрау | 3.1.4.1 тірек сөздер мен жоспарды пайдалана отырып, берілген тақырып бойынша әңгіме құрау |
| 1.5 Тыңдалған материал бойынша өз пікірін білдіру | 3.1.5.1 аудио-бейнежазба мазмұны бойынша айтылған өзгенің пікіріне (келісу, келіспеу себебін) өз көзқарасын білдіру |
| 1.7 Дыбыстарды, сөздерді орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту | 3.1.7.1 сөз ішінде қатар тұрған дауыссыз дыбыстардың өзара үндесуін сақтап айту (сенбі – сембі, Жангүл – Жаңгүл) |
| 2.2 Мәтіндегі лексикалық бірліктердің қолданылуын түсіну | 3.2.2.1 тура және ауыспалы мағыналы сөздердің мағынасын ажырата білу, сөйлеу барысында қолдану |
| 3.1 Мәтін түрлеріне сәйкес мәтін құрап жазу | 3.3.1.1 жоспарда сызбаны қолдана отырып, тірек сөздер арқылы әңгімелеу, мәтінін салыстыра сипаттау, көмекші сөздер арқылы пайымдау мәтінін құрап жазу |
| 3.6 Каллиграфиялық нормаларды сақтау | 3.3.6.1 кең жолды дәптерде бас әріп пен кіші әріптің биіктігі мен мөлшерін сақтап көлбеу, үзбей және біркелкі жазу, жазу қарқынын жеделдету |
| 3.7 Пунктуациялық нормаларды сақтау | 3.3.7.1 қаратпа, қыстырма сөздерді ажырату және тыныс белгілерін дұрыс қою |
| | 3.3.7.2 мұғалім көмегімен бастауыш пен баяндауыштың арасына қойылатын сызықшаның орнын білу және қою |
| 4.1 Сөздердің орфографиялық, орфоэпиялық нормаларын сақтау | 3.4.1.3 ч, щ әріптері бар сөздердің емлесін білу |
| | 3.4.1.4 x, h әріптері бар сөздерді ажыратып жазу |
| 4.2 Грамматикалық нормаларды сақтау | 3.4.2.1 негізгі түбірге жұрнақтар жалғау арқылы туынды сөз жасау, түбірлес сөздердің мағынасын ажырату |
| | 3.4.2.2 тәуелдік жалғауларының қолданысын білу |
| | 3.4.2.3 сөйлемнен сөз таптарын (зат есім, сын есім, сан есім, етістік) табу |
| | 3.4.2.4 негізгі, туынды зат есім/сын есім/етістікті анықтау |
| | 3.4.2.5 болымды және болымсыз етістіктердің айырмашылығын анықтау |
| | 3.4.2.8 мұғалімнің көмегімен жалаң және жайылма сөйлемдерді ажырату |

## VI. Сабақтан тыс уақытта толықтырылатын оқыту мақсаттары қарастырылатын кеңестердің кестесі

Білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды толықтыру үшін 3-сыныпқа «Қазақ тілі» пәнін оқыту барысында сабақтан тыс уақытта толықтырылатын оқыту мақсаттары бойынша каникул кездерінде (күзгі, қысқы, көктемгі) кеңестер өткізу ұсынылады.

Төменде каникул кездерінде (күзгі, қысқы, көктемгі) өткізілетін кеңестер кестесінің үлгісі келтірілген (2.4-кесте).

2.4-кесте – Каникул кездерінде (күзгі, қысқы, көктемгі) өткізілетін кеңестердің кестесі

| **Өткізілетін мерзімі** | **Тақырыптың атауы** | **Оқыту мақсаттары** |
|---|---|---|
| Күзгі каникул (1-тоқсан) | 1. Жанды табиғат | 3.1.4.1 тірек сөздер мен жоспарды пайдалана отырып, берілген тақырып бойынша әңгіме құрау |
| Күзгі каникул (1-тоқсан) | 2. Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен | 3.3.1.1 жоспарда сызбаны қолдана отырып, тірек сөздер арқылы әңгімелеу, мәтінін салыстыра сипаттау, көмекші сөздер арқылы пайымдау мәтінін құрап жазу |
| Қысқы каникул (2тоқсан) | 3. Уақыт | 3.1.5.1 аудио-бейнежазба мазмұны бойынша айтылған өзгенің пікіріне (келісу, келіспеу себебін) өз көзқарасын білдіру |
| | 4. «Сәулет өнері» | 3.1.7.1 сөз ішінде қатар тұрған дауыссыз дыбыстардың өзара үндесуін сақтап айту (сенбі – сембі, Жангүл – Жаңгүл) |
| Қысқы каникул (2тоқсан) | Сәулет өнері туралы не білемін? | 3.2.2.1 тура және ауыспалы мағыналы сөздердің мағынасын ажырата білу, сөйлеу барысында қолдану |
| Қысқы каникул (2тоқсан) | | 3.3.6.1 кең жолды дәптерде бас әріп пен кіші әріптің биіктігі мен мөлшерін сақтап көлбеу, үзбей және біркелкі жазу, жазу қарқынын жеделдету |
| Қысқы каникул (2тоқсан) | | 3.3.7.1 қаратпа, қыстырма сөздерді ажырату және тыныс белгілерін дұрыс қою |
| Көктемгі каникул (3-тоқсан) | 5.«Өнер» | 3.4.1.3 ч, щ әріптері бар сөздердің емлесін білу |
| Көктемгі каникул (3-тоқсан) | | 3.4.1.4 x, h әріптері бар сөздерді ажыратып жазу |
| Көктемгі каникул (3-тоқсан) | 6.Атақты тұлғалар | 3.4.2.1 негізгі түбірге жұрнақтар жалғау арқылы туынды сөз жасау, түбірлес сөздердің мағынасын ажырату |
| Көктемгі каникул (3-тоқсан) | | 3.4.2.2 тәуелдік жалғауларының қолданысын білу |
| Көктемгі каникул (3-тоқсан) | | 3.4.2.5 болымды және болымсыз етістіктердің айырмашылығын анықтау |
| | | 3.4.2.8 мұғалімнің көмегімен жалаң және жайылма сөйлемдерді ажырату |

## VII. Жазғы мектеп кезінде ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгісі

1-сабақ

| | |
|---|---|
| Пәні, сыныбы | Қазақ тілі, 4-сынып |
| Сабақтың тақырыбы | Одағай, еліктеуіш сөздер |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары | 4.4.2.8 сөйлемде одағай, еліктеуіш сөздерді ажырату және қолдану<br>4.2.5.1* дереккөздерден (мәтін, өлең) қажетті ақпараттарды табу, кездескен жаңа сөздердің мағынасын анықтап, ақпаратты қорытындылау, бағалау |
| Сабақтың мақсаты | Берілген оқу мақсаттарына сай оқушылардың білімін толықтыру |

Сабақтың барысы.

| Сабақ кезеңдері | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы<br><br>Ой қозғау | **Қызығушылықты ояту. Ширату жаттығуы. (МК; ҰЖ)** «Жануарларды құтқару» ойыны (суреті көрсетіледі).<br>Мұғалім: - Егістікте жануарлар жайылып жүрген. Кенет егістік айналасын су басып кетті. Енді егістіктегі жануарларды құтқару керек. Ол үшін жануарларды әрқайсысының өзіне тән атымен атап шақыру керек. Кәне,төрт түлікті қалай шақыратын едік, есімізге түсірейік. Кім шақырып айта білсе, сол өз жануарын құтқарады.<br>Мұғалім сұрақ қояды, оқушылар жауап береді. Мысалы:<br>- Шопан ата түлегі, қошақаным қайдасың?<br>- ***Пұшайт, пұшайт!***<br>- Өрісте өскен жануар, Шөкетайым қайдасың?<br>- ***Шөре, шөре!***<br>- Қамбар ата өсірген, құлыным менің қайдасың?<br>- ***Құрау, құрау!***<br>- Зеңгі баба өсірген, Әукешім менің | Суретке мұқият қарап, мұғалімнің қойған сұрақтарына жауап беру арқылы өз төлдерін атын атап шақырады. | Дескрипторлар:<br><br>- ойынға белсене қатысады;<br>- суреттерге мұқият қарап, мұғалімнің қойған сұрақтарына жауап бере алады;<br>- төлдердің атын атап шақыра алады | «Жануарларды құтқару» ойыны (суреті көрсетіледі) |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | қайдасың?<br>- ***Әукім, әукім!***<br>- Ойсыл қара баласы, Ботақаным қайдасың?<br>- ***Көс, көс!***<br>Оқушылар жануарларды шақырғанда айтқан сөздерді мұғалім тақтаның бір шетіне жазып тұрады. Болған соң мұғалім балаларға сұрақ қояды:<br>- *Балалар, тақтада қандай сөздер жазулы тұр, оқыңдаршы. Бұл сөздерді қай кезде қолдандыңдар?*<br>- *Олай болса, төлдерді шақырғанда қолданылатын сөздерді қазақ тілінде* қай сөз табына жатқызамыз? | Сұрақтарға жауап береді:<br>- төлдерді шақырғанда қолданылатын сөздерді қазақ тілінде «ОДАҒАЙ сөздер» дейміз. | - сұрақтарға жауап бере алады;<br>- төлдерді шақырғанда қолданылатын сөздердің «ОДАҒАЙ сөздер» екенін біледі | |
| | **Белсенді оқу**<br>**2-тапсырма (МК; Ө):** Берілген сөйлемдерді тиісті дауыс ырғағымен оқыңдар. Қарамен жазылған сөздердің қандай мағына беріп тұрғанын анықтаңдар. Оларды мағыналарына қарай топтап дәптерлеріңе жазыңдар.<br>***Алақай, алақай!*** *бүгін маған ұялы телефон сатып әперді.* ***Қап,*** *мен бүгін математикадан есеп шығарып барғанда бес алатын едім.* ***Әттең****, уақыт жетпей қалды.* ***Апыр-ай,*** *басқадан күтсем де, сенен күтпеп едім!* ***Тәйт,*** *кішкентай боп өзіңнен үлкен кісімен сөз жарыстырма!* ***Жә****, жетер енді, өкінгеннен не пайда?*<br>- Сонымен, адамның көңіл-күйін (қуану, ренжу) білдіретін сөздерді қай сөз табына жатқызамыз? | Берілген сөйлемдерді тиісті дауыс ырғағымен оқиды. Қарамен жазылған сөздердің қандай мағына беріп тұрғанын анықтайды. Оларды мағыналарына қарай топтап дәптерлеріне жазады | Дескрипторлар:<br>- берілген сөйлемдерді тиісті дауыс ырғағымен оқи алады;<br>- қарамен жазылған сөздердің қандай мағына беріп тұрғанын анықтай алады;<br>- оларды мағыналарына қарай топтай алады | Сөйлемдер интерактивті тақтада көрсетіледі |
| | **3-тапсырма**: Өлеңді оқып, еліктеу сөздерді тауып, түрлеріне қарай ажыратыңдар. | Өлеңді оқып, еліктеу сөздерді тауып, | -өлеңдерді оқиды; | Өлеңнің мәтіні интерактивті тақтада көрсетіледі |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | *Өтірігі судай көп:*<br>*Қолынан түспей келтегі,*<br>*Беті- қолын жумай кеп,*<br>***Жалп-жалп** етіп етегі,*<br>*«Үйде су жоқ» дей салар,*<br>*Қарт кісінің алдынан*<br>***Былқ** етпестен Шимайбек.*<br>*Сәлем бермей өтеді.* | түрлеріне қарай ажыратады | - өлеңнен еліктеу сөздерді табады;<br>- түрлеріне қарай ажырата алады | |
| Сабақтың ортасы<br><br>Ой толғаныс. | **(ӨЖ)**: **Ойын «*Бұл қандай одағай?*»**<br>**4-тапсырма** Оқушылардың қолына «1», «2», «3» -сандар жазылған кеспе қағаздар беріледі. Ондағы:<br>«1» - көңіл-күйді,<br>«2» - жекіруді,<br>«3» - шақыруды білдіретін одағайлар. Мұғалім бір одағай сөз айтады, оқушылар соның мағынасына қарап сәйкес келетін санды көрсетеді.<br>Осылайша ойнау арқылы оқушылардың одағайларды қалай меңгергенін білуге болады.<br>- *Пәле! Бәрекелді! Шіркін! Пай-пай-пай!*<br>- *Алақай! Пah-nah-nah! Ойбай-ай! Әттең!*<br>- *Масқара! Ой! Өй! Әй! Мәссаған!*<br>- *Япырай! Ойпырай! Ойпырымау! Апырай!*<br>- *Ауһау-ауһау! Әукім-әукім! Көс-көс!*<br>- *Шөре-шөре! Күшім-күшім! Кә-Кә!*<br>- *Моһ-моһ! Құр-құр! Тәк! Тәйт!*<br><br>**(Ө.Ж) 5-тапсырма.** Берілген өлеңді мұқият тыңдап, еліктеу сөздерді тез тауып айту керек.<br><br>1. *Баяғы жартас –бір жартас,*<br>***Қаңқ** етер, түкті байқамас.*<br>2. *Мақтауға есіріп,* | Оқушылар мұғалімнің айтқан одағай сөздерінің мағынасына қарап, соған сәйкес келетін санды көрсетеді.<br><br>өлеңді мұқият тыңдап, еліктеу сөздерді тез тауып айтады | Дескриптор:<br><br>- одағай сөздердің мағынасын түсінеді;<br>- одағай сөздерді түрлеріне қарай ажырата алады<br><br>- өлеңнен еліктеу сөздерді тауып айта алады | Өлеңнің мәтіні интерактивті тақтада көрсетіледі |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | *Барынша көсіліп,*<br>*Ырғалып* ***қарқ*** *етті,*<br>*Ірімшік жерге* ***салп*** *етті.*<br>3. ***Құжаң-құжаң*** *етеді,*<br>*Жер ұшық берген кісідей,*<br>*Тоңқаңдай ма не етеді. . (Абай)*<br>4. ***Жалт-жұлт*** *нық бас,*<br>***Жарқ-жұрқ*** *от шаш!*<br>***Сарт-сұрт****, марш-марш! (С.Сейфуллин*)<br><br>**(Ө.Ж.) 6-тапсырма.** Берілген сөйлемдерді көшіріп жазып, ішінен еліктеу сөздерді тауып, оларды мағынасына, құрамына қарай талдаңдар.<br>*Ол* ***күрк-күрк*** *жөтеліп жүретін. Сөйлегенде дауысы* ***қыр-қыр*** *етеді. Ана кірпігінің бір талы да* ***селт*** *еткен жоқ. Қарға* ***қарқ*** *етті. Түйе ауыздығын* ***қарш-қарш*** *шайнап тұр.Сырттан* ***гүбір-гүбір*** *дыбыс естіледі. Кешікпей мылтық даусы* ***гүрс-гүрс*** *шықты. Кенет ол жүрісін* ***кілт*** *тоқтатып,* ***жалт*** *қарады. Сағат* ***сырт-сырт*** *соғады.* ***Шұнаң-шұнаң-шұнаң*** *қағып, жүгіреді ақ лағым.* | Берілген сөйлемдерді көшіріп жазады, ішінен еліктеу сөздерді тауып, оларды мағынасына, құрамына қарай талдау жасайды | -сөйлемдердің ішінен еліктеу сөздерді тауып, оларды мағынасына, құрамына қарай ажырата алады | Сөйлемдер интерактивті тақтада көрсетіледі |
| Сабақтың соңы<br>Ой тұжырым | **(ТЖ)7-тапсырма.** «Ойлан, тап!»<br>Берілген сөйлемдерден одағайларды тауып, тиісті тыныс белгілерін қойыңдар.<br>1.Бай бай бай бай<br>Жарым ес-ай<br>«Налок» дей ме, «мәлөк» дей ме,<br>Әй қатырды ғой басымды кеп... (Б.Майлин)<br>2. Шіркін ой, - деп қойды Бектас қарт. Өй мынауың не? – деді ол қайтып кеп. | Берілген сөйлемдерден одағайларды тауып, тиісті тыныс белгілерін қояды | -сөйлемдерден одағайларды таба алады;<br>- тиісті тыныс белгілерді қоя біледі | |


| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Қап – деп өкінді Қалқаман. Ойбай мынауыңның түбінде серейіп екі<br>үлкен қасқыр жатыр! (С.Мұқанов)<br>3. – Ой-ой оған шейін мен қартайып қалам ғой!<br>– Пай-пай... бұл арада тоғай орнатпақпысың!... (Т.Сыдықбеков)<br>4. Ей перзентім, ата-анаңды ешқашан ренжітуші болма.<br>(«Қабуснама» кітабынан)<br>**(ӨЖ) *Ойын «Артық сөзді тап»***<br>**8-тапсырма.** Берілген сөздер қатарынан артық сөзді табыңдар. Олардың қай сөз табына жататынын ажыратып, құрамына қарай талдаңдар. Сол сөздерді қатыстырып сөйлем құраңдар.<br>*1. Кітап, парта, терезе, дәптер, жалт-жұлт, өшіргіш.*<br>*2. Сәуле, Асан, ағай, тарс-тарс, мұғалім.*<br>*3. Басады, балпаң-балпаң, жүреді, отырады, жазады.*<br>*4. Қарға, қаңқ, сауысқан, көгершін, аққу.*<br>5. *мен, сен, ол, жалп, олар.*<br>(жалт-жұлт, тарс-тарс, балпаң-балпаң, қаңқ, жалп – еліктеу сөздер) | Берілген сөздер қатарынан артық сөзді табады. Олардың қай сөз табына жататынын ажыратып, құрамына қарай талдау жасайды. Сол сөздерді қатыстырып сөйлем құрап жазады | - артық сөзді таба алады;<br>- ол сөздің қай сөз табына жататынын ажыратады, құрамына қарай талдай алады;<br>-сол сөздерді қатыстырып сөйлем құрай алады. | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Рефлексия | **(Т.Ж.) Рефлексиялық жаттығу.**<br>«Жетістік баспалдағы» тренингі. (Тренинг барысында баяу музыка ойнап тұрады. Ол оқушылардың ашылуына, ойланып қайта әрі сөйлей білуіне әсерін тигізеді).<br>**Тапсырма.** Әр оқушы өзінің бүгінгі сабақты қаншалықты түсінгенін, меңгергенін, жеткен жетістігі мен кемшілігін берілген стикерге жазып, өзі таңдаған жетістік баспалдағына апарып жапсырады.<br><br> | Сабақтан алған әсерлерін әр оқушы өз парағына жазып, топта талқылайды. | тренинг нәтижесі оқушының шыншылдығын, жауаптылығын, өз жұмысына қорытынды жасауын, өзін түсініп, өзіне сын көзбен қарап, өзін-өзі бағалауын көрсетеді. | Тренингке қатысты баяу музыка.<br><br>«Жетістік баспалдағы» тақтада тұрады. |

2-сабақ

| | |
|---|---|
| Пәні, сыныбы | Қазақ тілі, 3-сынып |
| Сабақтың тақырыбы | Сөз таптары |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары | 3.4.2.3 сөйлемнен сөз таптарын (зат есім, сын есім, сан есім, етістік) табу<br>3.2.5.1* берілген тақырып, сұрақ бойынша түрлі дереккөздерден (мәтін, сөздік, сызба, кесте, карта) алған ақпараттарда кездесетін жаңа сөздердің мағынасын сөздіктер арқылы ашу, жүйелеу, мағлұматтардың маңызды тұстарын анықтау |

<table>
<tr><td>Сабақтың мақсаты</td><td colspan="4">Берілген оқу мақсаттарына сай оқушылардың білімін толықтыру</td></tr>
<tr><td colspan="5">Сабақтың барысы.</td></tr>
<tr><td>Сабақ кезеңдері</td><td>Педагогтің әрекеті</td><td>Оқушының әрекеті</td><td>Бағалау</td><td>Ресурстар</td></tr>
<tr><td>Сабақтың басы<br><br>Ой қозғау</td><td>ТЖ. Саралау тәсілі. «Орнын тап» ойыны<br>Нұсқау: Зат есім, сын есім, сан есім, етістік сұрақтарына жауап беретін сөздерді бір-бірінен ажыратып, тақтадағы кестеге ілу.<br>1-тапсырма: Конвертте берілген сөздердің ішінен:<br>1-топ. Кім?<br>2-топ. Қандай?<br>3-топ. Не істеді?<br>4-топ. Неше? сұрақтарына жауап беретін сөздерді тауып, кестедегі тиісті орнына ілу.</td><td>Сұрақтарға жауап беретін сөздерді тауып, кестедегі тиісті орнына іледі.<br>Сөз таптарын бір-бірінен ажыратады.</td><td>Дескриптор:<br>- сөз таптарын бір-бірінен ажырата алады;</td><td>Конверт, сөздер жазылған қималар</td></tr>
<tr><td>Сабақтың ортасы<br><br>Ой толғаныс</td><td>(ЖЖ) Белсенді оқыту әдісі. «Көрсету және модельдеу» тәсілі<br>2-тапсырма. Берілген сілтемелерді пайдаланып, түрлі дереккөздер бойынша қажетті ақпаратты ала отырып, кестені толтырыңыз.
<table>
<tr><td>Мамандықты жаз</td><td>Қызметі</td><td>Керекті заттары</td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Қызмет іс машинасы</td><td>Орыс тілінде</td><td>Ағылшын тілінде</td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td></tr>
</table></td><td>Интернет ресурсынан қажетті ақпаратты алып, кестені толтырады</td><td>Дескрипторлар:<br>- түрлі дереккөздер бойынша қажетті ақпаратты таба алады;<br>- түрлі дереккөздерге сүйене отырып, модельдеу кестесін толтыра алады;</td><td>Интернет ресурсынан керекті материалдар<br>https://youtu.be/C42v9wloylU<br>https://youtu.be/J90QHB6t0sg<br><br>Кесте</td></tr>
</table>

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | ЖЖ Саралау тәсілі «Дереккөздер» әдісі **3-тапсырма**. Алдарыңызда тұрған газет-журналдардан мамандықтар туралы ертегі, мәтін, мысал, өлең тауып, іштей оқып, жұбыңызға айтып беріңіз. Қазіргі заман мамандықтарын атаңыз.<br><br>Нұсқау: Оқушылар іштей оқып, қай мамандық туралы екендігін жұбына айтады. Ерекшелігіне тоқталып өтеді. Қазіргі заман мамандықтарын атап береді. | - тақырып бойынша негізгі ойды ашуға жетелейтін сұрақтарға жауап дайындай алады;<br>- ойын жүйелі, еркін жеткізе алады | Дескрипторлар:<br>- дереккөздерден қажетті ақпаратты алады;<br>- ақпаратты өңдей алады.<br>- өз ойларын жеткізу барысында сөйлемнің құрылымын дұрыс сақтайды | «Балдырған», «Айгөлек» журналдары<br> |
| Сабақтың соңы<br>Ой тұжырым | Белсенді оқыту әдісі. Сұрақ қою және талқылау тәсілі**.** ҰЖ. «Суретті әңгімеле»<br>4-тапсырма**:** Суреттерде не туралы айтылғанын табыңдар. Суреттен көктемнің белгілерін анықтаңдар. Мәтінге ат қойып, мәтінге қатысты өз пікірлеріңді айтыңдар.<br><br>Белсенді оқыту әдісі. «Нұсқау беру және айту» тәсілі «Суреттер сөйлейді»<br>5-тапсырма: Берілген сурет атауларын қатсытырып сөйлем құраңдар. Сөйлемнен сөз таптарын (зат есім, сын есім, сан есім, етістік) тауып, қай сөз табына жататынын анықтаңдар<br> | | Дескрипторлар:<br>-суреттен көктемнің белгілерін атайды;<br>- мәтінге ат қояды;<br>- мәтінге қатысты өз пікірін айта алады;<br>- сурет атауларын қатсытырып сөйлем құрай алады;<br>- сөз таптарын тауып, сөз табын ажырата алады | Суреттер (слайд)<br> |

**Бағалау критерийі**

| Тапсырмалар | Дескрипторлар | Ұпай саны |
|---|---|---|
| 1-тапсырма | сөз таптарын бір-бірінен ажырата алады | 1 |
| 2-тапсырма | түрлі дереккөздер бойынша қажетті ақпаратты таба алады | 1 |
| | түрлі дереккөздерге сүйене отырып, модельдеу кестесін толтыра алады | 6 |
| 3-тапсырма | дереккөздерден алынған қажетті ақпаратты өңдей алады | 2 |
| | өз ойларын жеткізу барысында сөйлемнің құрылымын дұрыс сақтайды | 2 |
| 4-тапсырма | суреттен көктемнің белгілерін атайды | 4 |
| | мәтінге ат қояды | 1 |
| | мәтінге қатысты өз пікірін айта алады | 2 |
| 5-тапсырма | сурет атауларын қатсытырып сөйлем құрай алады | 4 |
| | сөз таптарын (зат есім, сын есім, сан есім, етістік) тауып, қай сөз табына жататынын анықтайды | 4 |
| Жалпы | | 27 |

Сабақ соңында әр оқушы өзінің бүгінгі жасаған жұмыстарына талдау жасай отырып, мұғалімнің берген бағалау критерийлеріне сүйеніп, әр тапсырма бойынша жинаған ұпай сандарын қосып, өзін-өзі бағалайды. Барлық ұпайды толық жинаған оқушы бүгінгі тақырыпты толық меңгерді деп ойлаймыз.

## 3. «Әдебиеттік оқу» пәні, 3-сынып

### I. Өткен оқу жылында өтілген оқу бағдарламасының мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттары

3-сыныпта «Әдебиеттік оқу» пәнінен диагностикалық жұмыс жүргізу үшін 2-сыныпқа арналған «Әдебиеттік оқу» пәнінен оқу бағдарламасының оқыту мақсаттары зерделенеді. Ол үшін бастауыш білім беру деңгейінің 2-3-сыныптарына арналған «Әдебиеттік оқу» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын қарастырамыз [6]. 2-сыныптың оқу бағдарламасының мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттары келесі кестеде көрсетілген (3.1-кесте)

3.1-кесте – 2-сыныптың мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттары

| Бөлімше (түйінді дағдылар) | Оқу мақсаттары* |
|---|---|
| 1.1 Шығарманың мазмұнын түсіну | 2.1.1.1 шығарманың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру |
| 1.2 Шығарманы мазмұндау | 2.1.2.1* шығарманың мазмұнын дайын жоспар бойынша немесе өз сөзімен мазмұндау, үзіндісін мазмұндау, сахналау |
| 1.3 Шығармадағы оқиғаны болжау | 2.1.3.1 шығарманың тақырыбы мен үзіндісіне (бастапқы бөліміне) сүйеніп, оқиғаның соңын болжау |
| 1.4 Тыңдарманның назарын аударту | 2.1.4.1 сөйлеу барысында мақал-мәтелдерді, вербалды емес тілдік құралдарды қолдану |
| 1.5 Тыңдалған шығарма бойынша пікір білдіру | 2.1.5.1 өз ойы мен сезімін тірек сөздерді пайдалана отырып жеткізу |
| 2.1 Оқу түрлерін қолдану | 2.2.1.1 мәтінді дауыстап дұрыс әрі түсініп оқу, рөлге бөліп, мәнерлеп оқу;<br>2.2.1.2 шығарманы іштей оқып, ондағы қажетті ақпараттарды белгілеп оқу |
| 2.2 Шығарма мазмұны бойынша сұрақтар қою және жауап беру | 2.2.2.1 мұғалім көмегімен қарапайым және нақтылау сұрақтарын қою және оның жауабын шығармадан таба білу |
| 2.3 Шығарманың тақырыбы мен негізгі ойды анықтау | 2.2.3.1 мұғалімнің көмегімен мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтау |
| 2.4 Әдеби шығарманың жанрын анықтау | 2.2.4.1 мақал-мәтел, жұмбақ, ертегі, тұрмыс-салт жырлары, әңгіме, өлеңнің жанрлық ерекшеліктерін анықтау |
| 2.5 Шығарманың композициясын анықтау | 2.2.5.1 мұғалімнің көмегімен көркем шығармадағы оқиғаның басталуын, дамуы мен аяқталуын анықтау |
| 2.6 Кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалау | 2.2.6.1 кейіпкердің сыртқы келбетін сипаттау, мінез-құлқы мен іс-әрекетін бағалау |
| 2.7 Әдеби көркемдеуіш құралдардың қолданысын анықтау | 2.2.7.1 мұғалімнің көмегімен шығармадағы көркемдегіш құралдарды (теңеу, кейіптеу) табу |
| 2.8 Көркем шығарма | 2.2.8.2 мұғалімнің көмегімен көркем шығарма үзіндісін басқа |

| | |
|---|---|
| элементтерін салыстыру | үлгідегі (иллюстрация, мультфильм) нұсқасымен салыстыру |
| 2.9 Түрлі дереккөздерден ақпарат алу | 2.2.9.1 сұраққа жауапты анықтамалық кітаптардан, жинақтардан, сөздіктерден табу және ақпаратты берілген үлгі кестеге салу |
| 3.1 Шығарманың жоспарын құру | 2.3.1.1 мұғалім көмегімен оқылған шығарманы бөліктерге бөліп, жоспар құру |
| 3.2 Шығарманың түрлі жанры бойынша шығармашылық жұмыс жазу | 2.3.2.1* мұғалім көмегімен үлгі бойынша шағын ертегілер, жұмбақтар жазу немесе дайын ұйқастарды қатыстырып шумақтар мен санамақтар құрастыру |
| 3.3 Шығармашылық жұмыстарды түрлі формада ұсыну | 2.3.3.1 шығармашылық жұмысын мұғалімнің көмегімен сурет, каллиграмма, аппликация, фотосуреттер арқылы ұсыну |
| 3.4 Қатені табу және түзету | 2.3.4.1 мұғалімнің көмегімен орфографиялық, пунктуациялық, стилистикалық қателерді табу және түзету |

## II. Іріктеп алынған оқыту мақсаттары бойынша диагностикалық жұмыстың үлгісі

Диагностикалық жұмыс білім алушылардың олқылықтарын толықтыру үшін жүргізілетін жұмыс болып табылады. Сондықтан диагностикалық жұмыстың тапсырмалары ретінде толық жауапты қажет ететін тапсырмаларды беру ұсынылады.

Төменде 2-сыныптағы «Әдебиеттік оқу» пәнінің мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттарына сәйкес әзірленген диагностикалық жұмыс тапсырмаларының үлгісі берілген. Үлгі екі нұсқада әзірленген.

**1-нұсқа.** Диагностикалық жұмыс жүргізуге ұсынылатын оқыту мақсаттары

| Бөлімше атауы | Оқыту мақсаттары |
|---|---|
| 1.2 Шығарманы мазмұндау | 2.1.2.1 Шығарманың мазмұнын дайын жоспар бойынша немесе өз сөзімен мазмұндау / үзіндісін мазмұндау/ |
| 1.3 Шығармадағы оқиғаны болжау | 2.1.3.1 Шығарманың тақырыбы мен үзіндісіне (бастапқы бөліміне) сүйеніп оқиғаның соңын болжау |
| 1.4 Тыңдарманның назарын аударту | 2.1.4.1 сөйлеу барысында мақал-мәтелдерді, вербалды емес тілдік құралдарды қолдану |

**1-тапсырма.** ***«Stop-кадр» ойыны.*** https://youtu.be/YSD50XoKP04 сілтеме бойынша бейне жазбаны мұқият тыңдаңдар. Тоқтатқан кезде шығарманың үзіндісіне сүйеніп оқиғаның жалғасын болжап айтыңдар.

**2-тапсырма.** Дайын жоспар бойынша шығарманың мазмұнын айт

**Байғазы**

Әкесі Аритаға әдемі көйлек алып келді. Етегі күлтелене дөңгеленген көгілдір көйлекті кигенде, тіпті әдемі болып кетті. Арита жеңгесі Анарға көйлегін қуана көрсетіп еді, ол:

- Көйлегің құтты болсын, әдемі екен! Мынау көйлегіңе байғазы, - деп, сандығынан көгілдір бантик алып берді. (Фариза Оңғарсынова. Сөз сыры. – Алматы: Арман ПВ 2005. –152 б)

Жоспар:

1. Аританың көйлегі
2. Жеңгесінің сыйы
3. Байғазы беру

**3-тапсырма.** Мәтінді оқып, оның негізгі идеясын тұжырымдаңдар. Мәтіннің идеясын тұжырымдауды ПОПС әдісі бойынша орындаңдар.

Денсаулық — ең қымбат байлығымыз. Күнделікті өмірде, деніміз сау болғанда, денсаулықтың қадірін біле бермейміз. Аздап ауырсақ, дәрігерге бара қоймаймыз. Шын мәнінде кез келген аурудың алдын алуға болады. Ол үшін не істеу керек?

Ол үшін дұрыс тамақтануға, уақытында демалуға, дене қимылымен айналысуға көп көңіл бөлу қажет.Дұрыс тамақтануға сүт, көкөніс тамақтарын пайдаланған жөн. Денсаулық сақтауда дұрыс тамақтаудың маңызы зор. Ал спортпен айналысу — денсаулықты жақсартады.

ПОПС әдісі:

1. *Менің ойымша ...*
2. *Себебі, мен оны ... деп түсінемін*
3. *Мен оны ... деген мысалдармен дәлелдей аламын.*
4. *Осыған байланысты мен ... қорытындыға келдім.*

**4-тапсырма**. Мақал-мәтелдердегі жоқ сөзді тауып, орнына қойып жалғастырыңдар және мағынасын түсіндіріңдер.

1) ... байлық –денсаулық? (Бірінші)
2) ... , шымыр боласың? (Шыныққан)
3) Дана көптен шығады,
   ... шөптен шығады? (Дәрі)
4) Дерт көп, ... біреу? (денсаулық)

**5-тапсырма.** https://youtu.be/a8H7pmwD04w Бейнебаянды мұқият қараңдар**.** Шығарманың негізгі кейіпкері Бауыржан Момышұлы атамыз туралы өз сөздеріңмен мазмұндаңдар.

№1.Диагностикалық жұмыстың бағалау критерийі

| Тапсырма | Дескрипторлар | Ұпай саны |
|---|---|---|
| 1 – тапсырма | - Бейне жазбаны мұқият тыңдай алады<br>- Мәтінді үзіндісіне сүйеніп оқиғаның | 4 |

| | | |
|---|---|---|
| | жалғасын болжай алады | |
| 2 – тапсырма | - Дайын жоспар бойынша шығарманың мазмұнын айтады | 2 |
| 3 – тапсырма | - ПОПС әдісінің сұрақтарына жауап беру арқылы шығарманың идеясын анықтайды<br>- денсаулықтың маңызы туралы ойларын тұжырымдайды, дәлелдейді | 4 |
| 4 – тапсырма | - мақал-мәтелдердегі жоқ сөзді тауып, орнына қояды;<br>- мағынасын түсіндіре алады;<br>- мақалдың мазмұнын, денсаулықтың адам өмірі үшін маңызымен байланыстырады | 3 |
| 5-тапсырма | - бейнебаянда баяндалатын мағлұматты түсіне алады.<br>- шығарманың мазмұнын өз сөздерімен жеткізе алады | 4 |
| Жалпы | | 17 |

**2-нұсқа.** Диагностикалық жұмыс жүргізуге ұсынылатын оқыту мақсаттары

| Бөлімше атауы | Оқыту мақсаттары |
|---|---|
| 1.1 Шығарманың мазмұнын түсіну | 2.1.1.1 шығарманың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру |
| 1.2 Шығарманы мазмұндау | 2.1.2.1* шығарманың мазмұнын дайын жоспар бойынша немесе өз сөзімен мазмұндау |
| 2.1 Оқу түрлерін қолдану | 2.2.1.2 шығарманы іштей оқып, ондағы қажетті ақпараттарды белгілеп оқу |
| 2.3 Шығарманың тақырыбы мен негізгі ойды анықтау | 2.2.3.1 мұғалімнің көмегімен мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтау |
| 2.6 Кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалау | 2.2.6.1 кейіпкердің сыртқы келбетін сипаттау, мінез-құлқы мен іс-әрекетін бағалау |

**БІЛУ**

1-тапсырма. Бейнебаянды мұқият тыңдаңдар. Бейнебаяннан естігендері мен көргендері бойынша ақпараттарды белгілей отырып, шығарманың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру.
(https://www.google.kz/search?q=қастек+баянбай+суреті)
Сұрақтар:
- Балалар жазушысы Қ.Баянбайдың өмірбаяны туралы не білдіңдер?
- Ол кім?
- Оның қандай шығармаларын білдіңдер?

**ТҮСІНУ**

2-тапсырма. Қастек Баянбайдың «Атқа міндім» өлеңін (Оқулық.31-33 беттер) іштей оқып, ондағы қажетті ақпараттарды белгілеңдер.
«Стоп кадр» әдісі
Нұсқау: Оқушыларға өлеңді түсініп оқу ұсынылады. Стоп кадр әдісі арқылы

өленді әр шумаққа тоқтай отырып, мұқият оқиды. Ондағы кейіпкерлердің іс-әрекетін айтады. Өленді оқып отырған кезде белгілі бір сигнал беріледі, белгі берілген кезде «стоп кадр» дегенде тоқтап, тоқтаған жерінде кейіпкердің іс-әрекетін айтады. Мәтін аяқталғанша дейін осылай жалғасады.

**ҚОЛДАНУ**

3-тапсырма. Берілген сурет қиындыларын пайдаланып, оларды оқиға ретімен орналастырыңдар.
Оқиға желісі бойынша шағын мәтін құрастырып, өз сөзімен мазмұндау




4-тапсырма. Берілген суретті пайдаланып, мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтаңдар.



5-тапсырма. Суреттегі кейіпкердің сыртқы келбетін сипаттап, мінез-құлқы мен іс-әрекетін бағалаңдар.

6-тапсырма. (https://www.youtube.com/watch?v=gdIxuEP0yqQ) сайтынан «Күз» өленінің аудиожазбасын тыңдаңдар. Өленнің ішінен қажетті ақпараттарды белгілеп, жоспар құрыңдар. Жоспар бойынша мазмұнын айтыңдар.

№2 Диагностикалық жұмыстың бағалау критерийі

| Тапсырма | Дескрипторлар | Ұпай саны |
|---|---|---|
| 1-тапсырма | бейнебаяннан естігендері мен көргендері бойынша ақпараттарды белгілей алады;<br>шығарманың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді | 2 |

| | | |
|---|---|---|
| 2-тапсырма | өлеңді іштей оқып, ондағы қажетті ақпараттарды белгілей алады | 1 |
| 3-тапсырма | суреттеді оқиға желісі бойынша дұрыс орналастырады<br>оқиға желісі бойынша шағын мәтін құрастырып, өз сөзімен мазмұндайды | 3 |
| 4-тапсырма | берілген суретті пайдаланып, мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтайды; | 3 |
| 5-тапсырма | суреттегі кейіпкердің сыртқы келбетін сипаттай алады;<br>мінез-құлқы мен іс-әрекетін бағалайды | 2 |
| 6-тапсырма | «Күз» өлеңінің аудиожазбасын тыңдайды;<br>өлеңнің ішінен қажетті ақпараттарды белгілеп, жоспар құрады;<br>жоспар бойынша өз сөзімен мазмұндайды | 3 |
| Жалпы | | 14 |

## III. Сабақ барысында толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары

2-сыныпқа арналған «Әдебиеттік оқу» пәнінің оқу бағдарламасын зерделеу нәтижесінде 3-сыныптағы «Әдебиеттік оқу» пәнінің оқыту мақсаттарымен кіріктіруге болатын оқыту мақсаттары анықталды [6]. Кіріктіруге болатын оқыту мақсаттары ұсыныс түрінде 3.2-кестеде берілген.

3.2-кесте - Кіріктіруге болатын оқыту мақсаттары

| **Оқу мақсаттары** | | |
|---|---|---|
| **3-сынып** | | **2-сынып** |
| 1.2.Шығарманың мазмұнын түсіну | 3.1.1.1 шығарманың маңызды тұстарын анықтау үшін ашық сұрақтар қою және жауап беру. | 2.1.2.1 шығарманың мамұнын дайын жоспар бойынша немесе өз сөзімен мазмұндау, үзіндісін мазмұндау,сахналау |
| 1.4 Тыңдарманның назарын аударту | 3.1.4.1 сөйлеу барысында мақал-мәтелдерді, нақыл сөздерді, вербалды емес тілдік құралдарды қолдану | 2.1.4.1 сөйлеу барысында мақал-мәтелдерді, вербалды емес тілдік құралдарды қолдану |
| 1.5 Тыңдалған шығарма бойынша пікірін білдіру | 3.1.5.1 өз ойы мен сезімін көркем-бейнелі сөздерді қолдана отырып жеткізу | 2.1.5.1 өз ойы мен сезімін тірек сөздерді пайдалана отырып жеткізу |
| 2.1<br>Оқу түрлерін қолдану | 3.2.1.1 шығарманы дауыстап түсініп, рөлге бөліп, мәнерлеп, теріп оқу | 2.2.1.1 шығарманы дауыстап дұрыс әрі түсініп оқу, рөлге бөліп, мәнерлеп оқу |
| | 3.2.1.2 шығарманы іштей саналы түрде түсініп, көз жүгіртіп, шолып, түртіп алып, қажетті ақпаратты тауып, белгі қойып,сын тұрғысынан бағалап оқу | 2.2.1.2 шығарманы іштей оқып, ондағы қажетті ақпараттарды белгілеп оқу |
| 2.2 Шығарманың | 3.2.2.1 қолдануға (практикалық) және | 2.2.2.1 мұғалім көмегімен |

| | | |
|---|---|---|
| мазмұны бойынша сұрақтар қою және жауап беру | бағалауға негізделген сұрақтар қою және жауап беру | қарапайым және нақтылау сұрақтарын қою және оның жауабын шығармадан таба білу |
| 2.3 Шығарманың тақырыбы мен ондағы негізгі ойды анықтау | 3.2.3.1 шығарманың тақырыбын анықтау және негізгі ойды білдіріп тұрған мәтін бөлігін, сөйлемді табу | 2.2.3.1 мұғалімнің көмегімен шығарманың тақырыбы және негізгі ойды анықтау |
| 2.4 Әдеби шығарманың жанрын анықтау | 3.2.4.1 өлең, мысал, нақыл сөз, аңыз, бата, әңгіменің жанрлық ерекшеліктерін анықтау | 2.2.4.1 мақал-мәтел, жұмбақ, ертегі, тұрмыс-салт жырлары, әңгіме, өленнің жанрлық ерекшеліктерін анықтау |
| 2.5 Шығарманың композициясын анықтау | 3.2.5.1 көркем шығармадағы оқиғаның басталуын, дамуын және аяқталуын анықтау | 2.2.5.1 мұғалімнің көмегімен көркем шығармадағы оқиғаның басталуын, дамуы мен аяқталуын анықтау |
| 2.6 Кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалау | 3.2.6.1 кейіпкердің портретін сипаттау, оның іс-әрекеті мен мінез-құлқының өзгеру себептерін мәтіннен тауып, бағалау | 2.2.6.1 кейіпкердің сыртқы келбетін сипаттау, мінез-құлқы мен іс-әрекетін бағалау |
| 2.7 Әдеби көркемдегіш құралдардың қолданысын анықтау | 3.2.7.1 мұғалімнің көмегімен шығармадағы көркемдегіш құралдарды (теңеу, кейіптеу) табу | 2.2.7.1 мұғалімнің көмегімен шығармадағы көркемдегіш құралдарды (теңеу, кейіптеу) табу |
| 2.8 Көркем шығарма элементтерін салыстыру | 3.2.8.1 эпизодтарды салыстыру, сюжеттің дамуындағы өзгерістерді анықтау | 2.2.8.1 мұғалімнің көмегімен сюжеттің дамуындағы өзгерістерді анықтау |
| 3.1 Шығарманың жоспарын құру | 3.1.1.1 мұғалімнің көмегімен шығарманы логикалық бөліктерге бөліп, әр бөлікке ат қойып, жоспар құру | 2.3.1.1.мұғалімнің көмегімен шығарманы бөліктерге бөліп, жоспар құру |
| 3.2 Шығарманы түрлі жанры бойынша шығармашылық жұмыс жазу | 3.3.2.1 шығарма кейіпкеріне хат, ертегі (кейіпкер қосу, соңын өзгерту), өлең (төрт жолды), әңгіме (оқығаны, көргені бойынша) жазу | 2.3.2.1 мұғалім көмегімен үлгі бойынша шағын ертегілер, жұмбақтар жазу немесе дайын ұйқастарды қатыстырып шумақтар мен санамақтар құрастыру |
| 3.4 Қатені табу және түзету | 3.3.4.1 мұғалімнің көмегімен шығарманың құрылымын, стилін жетілдіру, өз бетінше орфографиялық, пунктуациялық, қателерді табу және түзету | 2.3.4.1.мұғалімнің көмегімен орфографиялық, пунктуациялық, стилистикалық қателерді табу және түзету |


## IV. Кіріктірілетін оқыту мақсаттары бойынша ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгісі

Кіріктірілетін оқыту мақсаттары бойынша ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарын құрастыруда п.ғ.к., доцент Тойбазарова Нағимаш Әмірханқызының және Нұр-Сұлтан қаласы, №54 МЛ бастауыш сынып мұғалімі Г.А Оразбекованың іс-тәжірибелері негізге алынды.

1-сабақ

| | |
|---|---|
| Пәні, сыныбы: **Әдебиеттік оқу, 3-сынып**<br>Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі: «Жанды табиғат» | |
| Сабақ тақырыбы | 3.1 Шығарманың жоспарын құру |
| Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары | 3.3.1.1 мұғалім көмегімен оқылған шығарманы логикалық бөліктерге бөліп, әр бөлікке ат қойып жоспар құру<br>3.2.1.1 мәтінді дауыстап түсініп/ рөлге бөліп/ мәнерлеп/ теріп оқу<br>3.1.4.2 сөйлеу барысында иллюстрациялар/ көрнекіліктер/ фото / суреттер қолдану |
| Кіріктірілетін оқу мақсаттары (2-сынып) | 2.2.1.1 шығарманы дауыстап дұрыс әрі түсініп оқу, рөлге бөліп, мәнерлеп оқу<br>2.3.1.1.мұғалімнің көмегімен шығарманы бөліктерге бөліп, жоспар құру |

Сабақ барысы

| **Сабақтың жоспарланған кезеңдері** | **Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Сабақтың басы | **(ТЖ) 1-тапсырма.** Ширату тапсырмасы: «Жартысын тап» ойыны. Сынып төрт топқа бөлінеді. Әр топқа суреттердің бөліктері беріледі.<br>    | Күз мезгілінің суреті<br> |

| | | |
|---|---|---|
| | Оқушылар барлық топты аралап жүріп, суреттердің жартысын тауып, әр бөлікке ат қойып жоспар құру және сол бөлік бойынша әңгіме құрастыру. | |
| Сабақтың ортасы | **(ӨЖ)** «INSERT» әдісі.<br>**2-тапсырма.** Ә.Табылдиевтің «Күз кереметі» мәтінін дауыстап дұрыс әрі түсініп оқу, жоспар құру үшін қажетті ақпаратты стикермен белгілеп отыру.<br><br>**(ЖЖ)** «Көршіңізге айтыңыз» әдісі.<br>**3-тапсырма.** Жұппен жұмыс жасап, ақпараттармен бөлісу, таныс емес сөздермен жұмыс жасау.<br>1. Мұғалім жұмыстың орындалуын түсіндіреді.<br>2. Оқушылар өзінің мәтіннен стикермен белгілеп жинаған мәліметтерін көршісімен бөліседі.<br>3. Оқушылар көршісімен бұрыннан білетін, түсініксіз болған, жаңа ақпарат болған, таңқалдырған мәліметтерді бір - біріне айтып, жұпта талқылайды.<br><br>**(ТЖ) «**Оқиға шыңы» әдісі.<br>**4-тапсырма.** Мұғалімнің көмегімен мәтінді қанша бөліктерге бөлуге болатынын анықтау.<br>1) Мұғалім мәтін бөліктерін «Оқиға шыңы» арқылы түсіндіреді: таудың сол жақ етегі - мәтіннің басталуы, таудың басы- мәтіннің ортасы, таудың оң жақ етегі - мәтіннің соңы.<br>2) Әр топқа тау суреті бар А3 форматтағы қағаз беріледі.Топ ішінде оқушылар жұппен жұмыс кезінде жинақталып, сараланған мәліметтеріне сүйене отырып, стикерлерін «Оқиға шыңына» сай бөліктеріне орналастырады<br>3) Нәтижесінде мұғалім нақты мәтін бөліктерін оқиды, топ мүшелерістикерлерді дұрыс мәтін бөліктеріне сай қайтадан орналастырады.<br><br>**(ТЖ).** «Құрастыр,сосын жауап бер» әдісі<br>**5-тапсырма.** Топ ішінде мәтін бөліктерін ретімен орналастыру арқылы жоспар құру. | Түрлі-түсті стикерлер<br><br> |

| | | |
|---|---|---|
| | 1. Мұғалім әр топқа «Оқиға шыңындағы» мәтін бөліктеріне жапсырған стикерлеріне сүйене отырып, жоспар құруды ұсынады.<br>2. Оқушыларға жоспар құруға өз ойларын жинақтауға уақыт беріледі. Ойлануға 30 секунд уақыт беріледі.<br>3.Топтардың жоспарын сыныппен талқылап, мұғалімнің көмегімен дұрыс жоспар құрылады.<br><br>**Жоспар:**<br>1.Бақшадағы жұмыс<br>2. Келген қонақтар<br>3. Түскі ас<br>4. Омар атайдың әңгімесі<br>5. Қолғабыс<br><br>**(Т**) «Оқиғалар желісі» әдісі.<br>**6-тапсырма.** Жоспарға сүйене отырып, оқиға желісін ретімен орналастырыңдар.<br>1) Мұғалім әр топқа оқиға желісі көрсетілген сурет қиындыларын беріп, суреттерді ретімен орналастыруды тапсырады.<br>2) Оқушылар оқиға желісін ретімен орналастырады.<br>3. Мұғалім интербелсенді тақтадан дұрыс орналасқан оқиға желісін көрсетеді. Оқушылар өз жұмыстарының дұрыстығын тексереді.<br>**ҚБ:**«Бағдаршам».Оқушыларда қызыл, жасыл, сары түсті карточкаларды өз парталарына қояды немесе жоғары көтере отырып (қызыл түсті-түсінбедім, жасыл-түсіндім, сары түсті-толық түсінбедім) топ бірін-бірі бағалайды. | <br>Интербелсенді тақта |
| Сабақтың соңы<br>7 минут | **Рефлексия.** ***«Бес саусақ» әдісі***<br>- Бас бармақ - басты мәселе.<br>- Бүгінгі сабақта ең құнды мәселе қандай болды?<br>- Балалы үйрек - бірлесу.<br>- Мен топта қалай жұмыс жасадым?<br>- Кімге көмектестім? Кімге риза болдым?<br>- Ортан терек - ойлау.<br>- Мен бүгін қандай білім мен тәжірибе алдым? | |

| | | |
|---|---|---|
| | - Шылдыр шүмек - шынайылық.<br>- Сабақ маған ұнады ма? Неліктен?<br>- Кішкентай бөбек - көңіл күй ахуалы.<br>- Мен сабақта өзімді қалай сезіндім? | |
| **Дескрипторлар:**<br>✓ Мәтінді теріп оқиды.<br>✓ Мәтіндегі қажетті ақпаратты таба алады.<br>✓ Белгілеп алынған ақпараттар бойынша мәтін бөліктерін анықтай алады.<br>✓ Мәтінді логикалық бөліктерге бөледі<br>✓ Әр бөлікке ат қоя алады<br>✓ Анықталған мәтін бөліктерінен жоспар құрай алады.<br>✓ Жоспар бойынша оқиға желісін орналастыра алады.<br>✓ Сөйлеу барысында суреттерді қолдана алады | | |

2-сабақ

| **Пәні, сыныбы:** Әдебиеттік оқу, 3-сынып | |
|---|---|
| Сабақ тақырыбы | Адами құндылықтар |
| Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары | 3.2.2.1 шығарманы қайта құруға, интерпретациялауға және бағалауға негізделген сұрақтар қою және жауап беру;<br>3.2.1.1 мәтінді дауыстап түсініп/рөлге бөліп/ мәнерлеп/теріп/ шапшаң оқу. |
| Кіріктірілетін оқу мақсаттары (2-сынып) | 2.2.2.1 мұғалім көмегімен қарапайым және нақтылау сұрақтарын қою және оның жауабын шығармадан таба білу<br>2.2.1.1 мәтінді дауыстап дұрыс әрі түсініп оқу/ рөлге бөліп/ мәнерлеп оқу<br>2.2.1.2 шығарманы іштей оқып, ондағы қажетті ақпараттарды белгілеп оқу |
| Сабақ мақсаттары | **Барлық оқушылар:** қажетті ақпаратты тауып оқиды, шығарма мазмұны бойынша сұрақтар қоя алады;<br>**Көптеген оқушылар:** шығармадан қажетті ақпаратты анықтайды,қолдануға, бағалауға негізделген сұрақтар қояды және оған жауап бере алады.<br>**Кейбір оқушылар:** шығармадан қажетті ақпаратты тауып салыстырады, бағалауға негізделген сұрақтар қойып, жауап бере алады, мысалдар келтіре өз ойын айтады. |

Сабақ барысы

| **Сабақтың жоспарланған кезеңдері** | **Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Сабақтың басы | **Ширату тапсырмасы**<br>**(Ұ, МК, Т)** «Сұрақтар жаңбыры» әдісі.<br>Сынып оқушылары санына қарай бірнеше топқа бөлінеді. Әр топқа мәтін бөлігі бойынша сұрақтар құрастыру тапсырылады. Ол үшін бірнеше қима қағаздар бөлініп таратылады. Әр топ белгілі уақыт арасында сұрақтар құрастырып, бір-біріне лақтырады. Қағып алған сұрақтарға жауап береді, жауаптарын құрастырып оқығанда жаңа сабақтың тақырыбы ашылады. | |
| Сабақтың ортасы | **(МК, Ұ)** «Сұрақ жауап» әдісі.<br>**1-тапсырма.** Шығарма мазмұны бойынша сұрақтар құрастыру.<br>Сұрақтар үлгісі:<br>- Оқушылар сабаққа кіргенде қандай оқиғаға тап болды?<br>- Кезекші кім еді??<br>- Сынып ішіндегі жай күйді суретте.<br>- Рақила неге Боранбайды кінәлі деп таныды?<br>- Сыныптастары Дәуіттің мойындағанына неге таң қалды?<br>- Дәуіт қалай дәлелдеді?<br>- Рақиланы не күтіп тұр?<br>- Жалпы өзің «сеніміңді» қайтарып алу үшін не істер едің?<br>**Саралау.** Диалог және қолдау көрсету тәсілі арқылы оқушылардың сұрақтарға жауап беру кезінде ынталандыру үшін сөзбен қолдау көрсетіледі.<br><br>**(Т,Ө) «Аялдама»** әдісі.<br>**2- тапсырма. «Күмән»** мәтінді түсініп оқып,<br>аялдау арқылы бөліктерге бөлу.<br>1. Оқушылар мәтінді оқи бастағанда мұғалім аялдаманың белгісін көрсете отырып, тоқтатады.<br>**1-аялдама**: Алдымен бірінші бөлікті оқиды. Мұғалім сұрақ қояды. (*Мәтін қалай басталады? Рақила неге састы? Ол неге Боранбайды кіналады?*). | |

| | | |
|---|---|---|
| | Оқушылар сұрақтың жауабын мәтіннен тауып белгі қояды.<br>**2-аялдама**: Екінші бөлікті оқиды. Мұғалім тоқтатып, сұрақ қояды. (*Сыныптағы оқушылардың жай-күйін суретте.? Мұғалім не істеді?*). Оқушылар сұрақтың жауабын мәтіннен тауып белгі қояды.<br>**3-аялдама**: Үшінші бөлікті оқиды. Мұғалім тоқтатып, сұрақ қояды. (Дәуітке неге сыныптастары таң қалды?). Оқушылар сұрақтың жауабын мәтіннен тауып белгі қояды.<br>**4-аялдама**: Төртінші бөлікті оқиды. Мұғалім тоқтатып, сұрақ қояды. (Рақила неге өз ісіне ұялды? Сенімін жоғалтқан рақила ендігі жерде қалай тығырықтан шықпақ?). Оқушылар сұрақтың жауабын мәтіннен тауып белгі қояды.<br>2. Мәтінді тұтас оқып болған соң, қайта шолып оқуға уақыт беріледі. Түсініксіз сөздермен жұмыс жүргізіледі.<br>**Саралау:** қорытынды бойынша саралау жүргізіледі. Тапсырма барлық оқушыларға ұсынылады, бірақ әртүрлі нәтижелер күтіледі. Сұраққа жауап беруде, кейбір оқушыларға мұғалім қолдау көрсетеді.<br><br>**(ТЖ) «**Жаңғақ» әдісі.<br>**3-тапсырма.** Белгілеген ақпараттарды қолданып мәтін бойынша сұрақтар құрастыру және оларға жауап беру.<br>1.Оқушылар өз қалауымен топқа бірігеді.<br>2.Топтағы әрбір оқушыға қиылған қағаз беріледі, ал топтың ортасына сұрақтар салатын ыдыс қойылады (себет, қапшық, қорап т.с.с).<br>3.Әрбір оқушы кесілген қағазға 1 сұрақтан жазады, сонан соң кесілген қағазды жаңғақтың формасына ұқсатып бүктеп, ортадағы қорапқа салады немесе тастайды.<br>4.Топтағы әрбір оқушы кезегімен ыдыстан сұрақтар жазылған «жаңғақты» ашып, оқып және оған жауап береді. Егер оқушы сұраққа жауап берсе, онда сұрақ жазылған қағаз өзінде қалады. Егер оқушы сұраққа жауап бере алмаса, онда басқа оқушылар жауап береді.<br>«Жаңғақ» бір оқушыдан екінші оқушыға ретімен домалау қажет. «Жаңғақты» қораптан алар кезде де осы реттілік сақталуы тиіс.<br>5. Сұрақтарға жауап берілгеннен кейін, қай оқушыда «жаңғақ» саны көп болса, сол оқушы көп ұпай жинайды. | |

| | | |
|---|---|---|
| | **(ЖЖ).** «ПОПС» формуласы.<br>**4-тапсырма.** «Күмән» мәтінінің басты идеясы неде? Сұрағына жауап беріп, жұптағы талқылау. Және ой қорытындысын «ПОПС» формуласы бойынша жазбаша түсіндіру.<br>*Бірінші сөйлем: «Менің ойымша мәтіннің басты идеясы - .... »*<br>*Екінші сөйлем: «Себебі,оны былай түсіндіремін ... »*<br>*Үшінші сөйлем: «Оны мына мысалдармен, фактілермен дәлелдей аламын ... »*<br>*Төртінші сөйлем: «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім ... »*<br><br>**(ҰЖ)** «2 бұрыш» әдісі.<br>**5-тапсырма.** Өз жазғандарын оқу. Сыныптасының позициясына келісу/келіспеуін лайықты бұрышты таңдау арқылы көрсету.<br>**Саралау: Қорытынды саралау тәсілі.** Бір тапсырма беріледі, бірақ жалғыз «дұрыс» жауаптың бағытында жұмыс істеуден гөрі оқушылар өздерінің мықты және әлсіз тұстарына қарай жауап берулері күтіледі.<br>Мен ……. деген өз ойымды өзгерттім.<br>Мен ……. туралы көп білдім.<br>Мені …… таң қалдырды.<br>Мен … сездім.<br>Мен…… басқаша қарайтын болдым | 4<br><br>Сұрақтар салатын ыдыс қойылады (себет, қапшық, қорап т.с.с). |
| Сабақтың соңы | **Рефлексия:** Бүгінгі сабақ туралы ойларыңды қағазға жазып беріңдер.<br>- Маған бүгінгі сабақ ұнады, себебі ... .... ....<br>- Маған бүгінгі сабақта түсініксіз болды ... ... ...<br>- Маған бүгінгі сабақта қиын болды ... .... ..... | |
| Дескрипторлар:<br>- шығарма мазмұны бойынша сұрақтар құрастырады;<br>- мәтінді түсініп оқып, логикалық бөліктерге бөледі;<br>- шығармадан қажетті ақпаратты табады;<br>- ақпаратты сызба түрінде береді;<br>- мәтіндегі ақпаратты түсінеді; | | |

- мәтінінің басты идеясын анықтай алады;
- сұрақтарға жауап беріп, жұптағы талқылауға қатысады;
- өзіндік ой қорытындысын «ПОПС» формуласы бойынша жазбаша түсінде алады;
- сыныптасыңның позициясына келісу/келіспеуін нақты дәлелдеп айта алады


3-сабақ


| **Пәні, сыныбы:** Әдебиеттік оқу, 3-сынып | |
|---|---|
| Сабақ тақырыбы | Тыңдалған шығарма бойынша пікір білдіру |
| Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары | 3.1.5.1 өз ойын, сезімін, көзқарасын өмірде болған, өзге шығармадағы ұқсас оқиғалармен салыстыра отырып білдіру.<br>3.3.2.1 таныс мәтінге жаңа кейіпкерлер қосу, жаңа сюжеттер енгізу,өлең (төрт жолды) жазу |
| Кіріктірілетін оқу мақсаттары (2-сынып) | 2.1.5.1 өз ойы мен сезімін тірек сөздерді пайдалана отырып жеткізу;<br>2.3.2.1 мұғалім көмегімен үлгі бойынша шағын ертегілер/ жұмбақтар жазу немесе дайын ұйқастарды қатыстырып шумақтар/санамақтар құрастыру |
| Сабақ мақсаттары | **Барлық оқушылар:** өз ойы мен сезімін шығармадағы ұқсас оқиғалармен салыстыра отырып жеткізеді және өлең (төрт жол) жазады.<br>**Көптеген оқушылар:** өлең жазу барысында көркем-бейнелі сөздерді орынды қолдана алады.<br>**Кейбір оқушылар:** ойларын жеткізу барысында өзіндік пікірін дәлелдер арқылы ұсына алады. |

Сабақ барысы

| Сабақтың жоспарланған кезеңдері | **Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Сабақтың басы | **Ширату жаттығуы.** «Бес тамшы» стратегиясы арқылы бастапқы білімді бекіту, сабақ мақсатын анықтау. Еденге бес тамшы суреті қойылады. Оқушылар мүдірмей әр қадамын баса отырып берілген көркем сөздерді (бал жинайды, жәндік, еңбекқор, ұшады) қолданып ара туралы сөйлем құрастыру. | Түрлі-түсті қима қағаздан тамшы суреттері |

| | | |
|---|---|---|
| Сабақтың ортасы | **(Ө,Ұ) 1-тапсырма.** О.Әубәкіровтің «Ара мен шыбын» - (YouTube) мультфильмін тамашалау.<br>Сұрақтарға жауап беру:<br>- Мультфильмде не көрдіңіздер?<br>- Ара мен шыбын туралы не білеміз?<br>- Ара мен шыбынның табиғатта алатын орны қандай?<br>- Тағы қандай жәндік осы мультфильмге қосар едіңіз?<br><br>1. Мұғалім өленді 2-3 қайтара оқып береді. (МТ)<br>2. Оқушылар мұғалім оқып отырғанда қолдарындағы түрлі-түсті стикерлерге өленнен түсінген көркем-бейнелі сөздерді жазып отырады.<br>3. Оқушылар өз топтарында көркем-бейнелі сөздерді анықтап, тізімін құрастырады.<br>4. Тізімнің ішінен дұрыс деп есептеген сөздердің үшеуін мұғалімге тапсырады.<br>5. Мұғалім барлық топтардың берген сөздерінен қайта тізім құрастырып, экраннан көрсетеді.<br>***Қосымша мәлімет:***<br>Автор туралы қысқаша дерек.<br>Оспанхан Әубәкіров - 1934 жылы туып, 1986 жылы қайтыс болған. Ол Алматы облысы Жамбыл ауданы Қарақастек ауылында дүниеге келген. Құрманғазы атындағы Алматы Өнер институтының театр факультетін бітірген. Оның «Қоңырау», «Бөдене», «Күлкіңіз келе ме?», «Анау мен Мынау», «Бір дорба», т. б. көптеген жинақтары бар. Оспанхан Әубәкіров – талантты сатирик. Сатирик деп адамның бойындағы теріс қылықтарды сынап, мысқылдап жазатын жазушыны айтамыз.<br>Саралау: «Қарқын» тәсіліне сүйене отырып, топ ішіндегі негізгі тапсырмаларды түсіндіруде көмек қажет ететін оқушыларға біршама уақыт беріледі. Қарқыны жылдам оқушылардың мүмкіндіктерін ескере отырып, қосымша тапсырма ұсынуға болады.<br>*(ҚБ):«*Бас бармақ» әдісі арқылы әр топ бір-бірлерінің жауаптарын бағалайды.<br><br>(МК,ЖЖ) «Атаулар туралы үш сұрақ» әдісі.<br>**2-тапсырма.** Өленнен анықтаған сөздерді қатыстырып, өз ойың мен сезімің | https://www.youtube.com/watch?v=IPv2tBMGJhw -<br><br>А4,түрлі-түсті қарындаш,<br>қалам,<br>түрлі-түсті стикерлер<br><br>https://www.youtube.com/watch?v=HMbHD4cWSFs |

| | | |
|---|---|---|
| | бойынша өлең мазмұнын қысқартып айт.<br>1.Өлеңнен анықталған үш сөз тақтаға жазылады:<br>Еңбекқор, жалқау, қонақ<br>2.Осы атауларға қатысты мынадай сұрақтарға жауап бер:<br>*Қайда?* Бұл сөздерді сен бұрын қайда және қандай мағынада кездестіріп едің?<br>*Қалай?* Өлеңде осы сөздерді кімге қолданғанына мысалдар келтіре аласың ба?<br>*Қандай?* Осы өлең бойынша өз ойың мен сезімің қандай?<br>3.Мұғалім бірнеше оқушының пікірін тыңдайды.<br>Саралау: сұрақтар қойып бір қатар жауаптар алу үшін «диалог және қолдау арқылы» сұрақ қоюда қиналатын оқушыларға көмек көрсетіледі.<br>(ТЖ) «Даралық, ұқсастық» әдісі.<br>**3-тапсырма.** «Графикалық органайзер» арқылы өлеңдегі *Ара пен Шыбынды* салыстыра отырып, кестені толтыру.<br>1. *Ара пен Шыбынның* өзіне ғана тән еркешеліктерін белгіленген бөліктеріне толтырады.<br>2. Ортаға олардың ұқсастығын, айырмашылығын жазады.<br><br><br>3. Толтырған органайзерді ортаға шығып әр топ қорғайды.<br>Саралау: оқушылардың қажеттіліктеріне қарай қолдау беріледі.<br>ҚБ «Смайликпен» бағалау әдісі. Топтар бір –бірін тыңдайды, стикерлерге смайликтер суретін салып, оны бағаланған топ үстеліне жапсырады<br><br>(ТЖ) Модельдеу әдісі.<br>**4-тапсырма.** Берілген сөздерді («қуыс», «тесік», «ұйықтайды», «жасырынады») қатыстырып, әңгіме құрастыру.<br>Шыбынның үйін, көзіңе елестетіп бейнелеп жазып бер.<br>Үлгі:(құрастырған нұсқасы)<br>Суреттерде көбіне шыбын ұясын көрмедім. Сондықтан шыбын қуыс, тесік | |

| | | |
|---|---|---|
| | жерлерде болатын шығар, қабырғаға жабысып ұйықтайтын болар.<br>2.Құрастырған әңгімелерін басқа топтарға береді, топтар сауаттылығын тексеріп, «Таңба» қояды.<br>(ҚБ): «Таңба қою»<br>«Өте жақсы» - тапсырманы жоғары деңгейде орындағанда қойылады,<br>«Жақсы» - жақсы орындағанда қойылады, «Талпын» - орташа деңгейде орындағанда қойылады түрлі түсті таңбасымен бағалау.<br><br>**5-тапсырма.** шығарманың жанрлық ерекшеліктерін анықтау үшін сұрақтар дайындау және талқылау, өз ойларымен бөлісу.<br>**(ТЖ;МК)** «Бірге ойлаймыз» әдісі.<br>Бұл әдістің тиімділігі сыныптағы барлық оқушы сабаққа қатысады. Көршілеріңіз естімейтіндей етіп, сіздің сұрағыңызға жауапты талқылаңыз.<br>• мұғалім 1 – 4 дейінгі санды таңдайды;<br>• осы санға сәйкес келетін оқушы сұраққа жауап береді.<br>1. Шығарма қандай жанрға жатады?<br>2. Өленде қанша шумақ бар?<br>3. Неше тармақтан тұрады?<br>4. Үйқас қалай құрылған?<br>5. Араны қандай сөздер арқылы суреттеген? | |
| Сабақтың соңы | **Рефлексия:** *«Табыс сатысы» әдісі.*<br>Кәдімгі сатының суреті. Оқушылар алдын-ала дайындалған плакатқа өздері таңдаған баспалдаққа стикерлер (қалауынша түсіндірмесімен) жабыстырады.<br><br>*1- Баспалдағы МЕН .....БІЛЕМІН*<br>*2- Баспалдағы МЕН .....ТҮСІНЕМІН*<br>*3-Баспалдағы МЕН .....ҚОЛДАНАМЫН* | Сатының суреті, стикер |

## V. Сабақтан тыс уақытта толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары

2-сыныпқа арналған «Әдебиеттік оқу» пәнінің оқу бағдарламасын зерделеу нәтижесінде сабақтан тыс уақытта толықтырылатын оқыту мақсаттары анықталды [6]. Төменде кіріктіруге болмайтын оқу мақсаттары берілген (3.3-кесте).

3.3-кесте – Сабақтан тыс уақытта толықтырылатын өткен оқу жылындағы (2-сынып) оқу мақсаттары

| Бөлімше (түйінді дағдылар) | Оқу мақсаттары* |
|---|---|
| 1.5 Тыңдалған шығарма бойынша пікір білдіру | 2.1.5.1 өз ойы мен сезімін тірек сөздерді пайдалана отырып жеткізу |
| 2.4 Әдеби шығарманың жанрын анықтау | 2.2.4.1 мақал-мәтел, жұмбақ, ертегі, тұрмыс-салт жырлары, әңгіме, өлеңнің жанрлық ерекшеліктерін анықтау |
| 2.6 Кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалау | 2.2.6.1 кейіпкердің сыртқы келбетін сипаттау, мінез-құлқы мен іс-әрекетін бағалау |
| 2.7 Әдеби көркемдеуіш құралдардың қолданысын анықтау | 2.2.7.1 мұғалімнің көмегімен шығармадағы көркемдегіш құралдарды (теңеу, кейіптеу) табу |
| 2.8 Көркем шығарма элементтерін салыстыру | 2.2.8.2 мұғалімнің көмегімен көркем шығарма үзіндісін басқа үлгідегі (иллюстрация, мультфильм) нұсқасымен салыстыру |
| 2.9 Түрлі дереккөздерден ақпарат алу | 2.2.9.1 сұраққа жауапты анықтамалық кітаптардан, жинақтардан, сөздіктерден табу және ақпаратты берілген үлгі кестеге салу |
| 1.4 Тыңдарманның назарын аударту | 2.1.4.1 сөйлеу барысында мақал-мәтелдерді, вербалды емес тілдік құралдарды қолдану |
| 3.2 Шығарманың түрлі жанры бойынша шығармашылық жұмыс жазу | 2.3.2.1* мұғалім көмегімен үлгі бойынша шағын ертегілер, жұмбақтар жазу немесе дайын ұйқастарды қатыстырып шумақтар мен санамақтар құрастыру |
| 3.3 Шығармашылық жұмыстарды түрлі формада ұсыну | 2.3.3.1 шығармашылық жұмысын мұғалімнің көмегімен сурет, каллиграмма, аппликация, фотосуреттер арқылы ұсыну |
| 3. 4 Қатені табу және түзету | 2.3.4.1 мұғалімнің көмегімен орфографиялық, пунктуациялық, стилистикалық қателерді табу және түзету |

## VI. Сабақтан тыс уақытта толықтырылатын оқыту мақсаттары қарастырылатын кеңестер кестесі

Білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды толықтыру үшін 3-сыныпта «Әдебиеттік оқу» пәнін оқу барысында сабақтан тыс уақытта

толықтырылатын оқыту мақсаттары бойынша каникул кездерінде (күзгі, қысқы, көктемгі) кеңестер өткізу ұсынылады.

Төмендегі кесте каникул кездерінде (күзгі, қысқы, көктемгі) өткізілетін кеңестер кестесінің үлгісі келтірілген (3.4-кесте).

3.4-кесте – Каникул кездерінде (күзгі, қысқы, көктемгі) өткізілетін кеңестердің кестесі

| **Өткізілетін мерзімі** | **Тақырыптың атауы** | **Оқыту мақсаттары** |
|---|---|---|
| Күзгі каникул | 1.5 Тыңдалған шығарма бойынша пікір білдіру | 2.1.5.1 өз ойы мен сезімін тірек сөздерді пайдалана отырып жеткізу |
| Күзгі каникул | 2.4 Әдеби шығарманың жанрын анықтау | 2.2.4.1 мақал-мәтел, жұмбақ, ертегі, тұрмыс-салт жырлары, әңгіме, өлеңнің жанрлық ерекшеліктерін анықтау |
| Күзгі каникул | 2.6 Кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалау | 2.2.6.1 кейіпкердің сыртқы келбетін сипаттау, мінез-құлқы мен іс-әрекетін бағалау |
| Қысқы каникул | 2.7 Әдеби көркемдеуіш құралдардың қолданысын анықтау | 2.2.7.1 мұғалімнің көмегімен шығармадағы көркемдегіш құралдарды (теңеу, кейіптеу) табу |
| Қысқы каникул | 2.8 Көркем шығарма элементтерін салыстыру | 2.2.8.2 мұғалімнің көмегімен көркем шығарма үзіндісін басқа үлгідегі (иллюстрация, мультфильм) нұсқасымен салыстыру |
| Қысқы каникул | 2.9 Түрлі дереккөздерден ақпарат алу | 2.2.9.1 сұраққа жауапты анықтамалық кітаптардан, жинақтардан, сөздіктерден табу және ақпаратты берілген үлгі кестеге салу |
| Көктемгі каникул | 1.4 Тыңдарманның назарын аударту | 2.1.4.1 сөйлеу барысында мақал-мәтелдерді, вербалды емес тілдік құралдарды қолдану |
| Көктемгі каникул | 3.2 Шығарманың түрлі жанры бойынша шығармашылық жұмыс жазу | 2.3.2.1* мұғалім көмегімен үлгі бойынша шағын ертегілер, жұмбақтар жазу немесе дайын ұйқастарды қатыстырып шумақтар мен санамақтар құрастыру |
| Көктемгі каникул | 3.3 Шығармашылық жұмыстарды түрлі формада ұсыну | 2.3.3.1 шығармашылық жұмысын мұғалімнің көмегімен сурет, каллиграмма, аппликация, фотосуреттер арқылы ұсыну |
| Көктемгі каникул | 3. 4 Қатені табу және түзету | 2.3.4.1 мұғалімнің көмегімен орфографиялық, пунктуациялық, стилистикалық қателерді табу және түзету |

## VII. Жазғы мектеп кезінде ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгісі

1-сабақ

| | |
|---|---|
| Пәні, сыныбы: | Әдебиеттік оқу, 3-сынып |
| Сабақ тақырыбы | 1.2. Шығарманы мазмұндау |
| Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары | 3.1.2.1 шығарманың мазмұнын бірлесе құрастырған жоспар бойынша немесе өз сөзімен толық/таңдауына қарай мазмұндау/сахналау<br>3.2.6.1 кейіпкердің портретін сипатта, оның іс-әрекеті, мінез-құлқының өзгеру себептерін мәтіннен тауып, бағалау |
| Сабақ мақсаттары | Барлық оқушылар: кейіпкерлердің портретін сипаттап оның іс-әрекетін, мінез-құлқына баға береді және өз сөзімен толық/таңдауына қарай мазмұндайды.<br>Көптеген оқушылар: кейіпкерлердің іс-әрекетіне қарап, мінез-құлқының анықтап, соған ұқсас мысалмен байланыстырып мазмұндай алады.<br>Кейбір оқушылар**:** кейіпкерлердің іс-әрекеті, мінез-құлқына қарап баға беріп, өзінің бойындағы қасиеттерді байланыстырып өз сөзімен толық мазмұндай алады |

Сабақ барысы

| Сабақтың жоспарланған кезеңдері | Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|---|---|---|
| Сабақтың басы | ***Ширату жаттығуы.*** «Бұл кім?» ойыны.<br>Мұғалім сыныптағы бір оқушыны сипаттап айтады: оның бет әлпетін, сыртқы пішінін, киімін, сөйлеу мәнерін, әдеттерін, мінез-құлқын келтіреді. Әрине, ол оқушының есімін атауға болмайды және де сипаттардың барлығы да жағымды тұрғыдан болуы керек, мұнда оқушыны мақтаған дұрыс.<br>Бір-екі сипаттан кейін оқушылардан: «Бұл кім?<br>Сіздер таптыңыздар ма?» - деп сұрап, олардың жауаптарын тыңдайды. Оқушылар таппаса, сипаттауды әрі қарай жалғастыра береді. Мысалы, «Бұл оқушының күлкісі өте әдемі. Ол ақ жейде киген... Ол кім?... Бұл оқушыны жолдастары сыйлайды. Оның қолында қаламсап бар... Ол кім?...».<br>Бұл ойсергек оқушылардың бір-біріне деген ынта-ықыластарын арттыруға бағытталған: оқушылар өздері және өзге жолдастары туралы әңгімелерді өте ұнатады.<br>*Сабақ мақсатын бірге анықтау мақсатында сұрақтарға жауап беру:*<br>- Қандай іс-әрекет жасадық?<br>- Сұрақтар қандай болады?<br>- Балалар, ендеше бүгін біз сендермен кейіпкерлердің портретін сипаттап, мінез-құлқын анықтаймыз, шығарманың мазмұнын айтамыз. | Аудио үнтаспа |
| Сабақтың ортасы | **Оқиық. (Ө). «Джигсо» әдісі.** *Мәтінді оқы.*<br>Қанекей Жармағамбетовтің «Ормандағы оқиға» мәтіні төрт бөлікке бөлінеді. Оқушыларда төрт адамдық шағын топтарға бөлініп («бастапқы топ»), 1-ден 4-ке дейін | Мәтін бөліктерге бөлініп, қима қағаздарға |

| | | |
|---|---|---|
| | нөмірленеді. Осыдан кейін олардың әрқайсысы өз нөміріне сәйкес мәтіннің бір бөлігін ғана оқиды. Содан кейін топтар құрамы өзгертіліп, жаңа топтар («сарапшылар тобы») тобы құрылады, сарапшылар топтарында оқушылар өз нөмірлері бойынша жинақталады: мәтіннің № 1 бөлігін оқыған оқушылар 1 топқа т.с.с. Өкілдер басқа топтарға барып, өз жұмыстарын таныстырады, топтық талқылау жүреді.<br>**ҚБ «Бағдаршам» әдісі.**<br>Жасыл түсі -барлық тапсырма орындалды.<br>Сары түсі – тапсырманы орташа деңгейде жасады.<br>Қызыл түсі– тапсырма қате орындалған немесе мүлдем жоқ.<br><br>**Табайық. (Ж).** ***«Ойлан, жұптас, бөліс» әдісі*** Ақ қайың мен Қарағаштың іс-әрекеті неге өзгергенін мәтіннен іздеп тап, түртіп ал, түсіндір.<br>1) кейіпкердің іс-әрекеті неге өзгергенін мәтіннен тауып, түртіп алады.<br>3) өзгерген себептерін талқылап ортада түсіндіреді.<br><br>**ҚБ:«Күншуақ».** Күннің шуағына тапсырма бойынша түсінгенін, түсінбегендерін жазады.<br><br>**Анықтайық. (Т). «Қабырға сұлбасы» әдісі.**<br>Оқушылар Тобылғының портерін сипаттайды, іс-әрекетіне, мінез-құлқына баға береді. Топтарға кейіпкердің сұлбасы бар қағаз таратылады.<br>1) Тобылғының портретін білдіретін сөздерді ішіне жазады<br>2) сыртына іс-әкеретіне, мінез-құлқына баға берітін сөздерді жазады.<br>3) жазғандарын оқиды.<br>4) топтар жұмыстарын бағалайды.<br>**Қ/Б.** «Смайликпен» бағалау әдісі. Топтар бір –бірін тыңдайды, стикерлерге смайликтер суретін салып, оны бағаланған топ үстеліне жапсырады.<br><br>**Мазмұндайық.** *Оқушыларға мәтін мазмұны бойынша өз сөзімен толық/таңдауына қарай мазмұндау тапсырылады.*<br>Оқушылар әңгімені келесі критерийлер бойынша мазмұндайды.<br>**Зерттеңіз:** кейіпкердің біреуін таңдап, шығарма ішінен суреттеген жерді айтады.<br>**Дәлелдеңіз:** кейіпкерлердің кім болғанын мазмұндап, шығарма ішінен дәлел келтіріп айтады.<br>**Талқылаңыз:** кейіпкерлердің іс-әрекеті жайлы мазмұндап, мәтіннен дәлелдер келтіріп бағалайды.<br>Оқушылардың өз еріктері бойынша әңгіменің мазмұнын сұраңыз.<br>Оқушылардың жауаптарын бағалаңыз.<br>***ҚБ*** **«Екі жұлдыз, бір тілек»** | жазылып беріледі<br><br> |
| Сабақтың соңы | **«Шеринг» әдісі. (Ұ).** Өткен тақырып бойынша ойларын жинақтайды, пікір алмасады. Барлығы шеңберде тұрады, жүргізуші бастап, кезекпен барлығы тақырып бойынша | |

| | | |
|---|---|---|
| | түйінді ойды қорытындылайды. Идеялар қайталанбау керек. | |

**Бағалау критерийі**

| Дескрипторлар | Ұпай саны |
|---|---|
| - мәтінді оқып, кейіпкердің портретін сипаттайды; | 4 |
| - кейіпкердің іс-әрекетіне, мінез-құлқына баға береді. | 4 |
| - іс-әрекетінің өзгерген себептерін айтады. | 4 |
| - мәтінді өз сөзімен толық/таңдауына қарай мазмұндайды | 4 |
| Жалпы | 16 |

2-сабақ

| **Пән, сыныбы:** Әдебиеттік оқу, 3-сынып | |
|---|---|
| **Сабақ тақырыбы** | Мұхтар Әуезов «Бала Абай» |
| Оқу мақсаттары | 3.1.3.1 шығармадағы кейіпкерлердің мінез-құлқы мен іс-әрекетіне, ондағы оқиғаларға сүйеніп, сюжеттің дамуын болжау<br>3.2.6.1 кейіпкерлердің портретін сипаттау, оның іс-әрекеті, мінез-құлқының өзгеру себептерін мәтіннен тауып, бағалау<br>2.6 Кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалау |
| Сабақ мақсаттары | **Барлық оқушылар**:шығармадағы кейіпкердің мінез-құлқы мен іс-әрекетіне,оқиғаларға сүйеніп сюжеттің дамуын болжайды, кейіпкерлердің портретін сипаттайды, оқиғаның басталуын, дамуын, аяқталуын біледі;<br>**Көптеген оқушылар**: шығармадағы кейіпкерлердің мінез-құлқы мен іс-әрекетіне, ондағы оқиғаларға сүйеніп, сюжеттің дамуын болжайды, көркем шығармадағы кейіпкердің іс-әрекетін бағалай отырып сиптаттайды;<br>**Кейбір оқушылар:**шығармадағы кейіпкерлердің портретін сипаттайды, кейіпкерлердің іс-әрекеті, мінез-құлқының өзгеру себептерін мәтіннен тауыпбағалайды, өз ойың өмірмен байланыстыра дәлелдейді. |

Сабақ барысы

| Сабақтың жоспарланған кезеңдері | Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|---|---|---|
| Сабақтың басы | **Ширату жаттығуы**<br>(Ұ) «Жақсы сөз» ойыны<br>Оқушыларға тақтадағы суретке қатысты 10 сөз айту ұсынылады. Тақтаға ана мен баланың суреті ілінеді. Оқушыларға суретке қатысты сөздерді параққа жазып, айтады. Оқушылармен бірге жазылған сөздер қорытындыланады.<br>Мұғалім: - Бұл сөздердің адамның мінез-құлқы мен іс-әрекетіне байланысты болуы мүмкін бе?<br>- Олай болса, бүгінгі сабақтың тақырыбы мен оқу мақсаты: | Интербелсенді тақтада сабақтың оқу мақсаты көрсетіледі |

<table>
<tr><td></td><td>Шығармадағы кейіпкерлердің мінез-құлқы мен іс-әрекетіне, ондағы оқиғаларға сүйеніп, сюжеттің дамуын болжай отырып, кейіпкерлердің портретін сипаттап, оның іс-әрекетін, мінез-құлқының өзгеру себептерін мәтіннен тауып, бағалау.</td><td></td></tr>
<tr><td>Сабақтың ортасы</td><td>(Ұ;Т) «Кейіпкерлер әлемі» әдісі.<br>1-тапсырма. Мұхтар Әуезовтің «Бала Абай» әңгімесін үш бөлімге бөліп, «Бірлескен оқылым» тәсілімен оқып сұрақ құрастыру.<br>Оқушылар үш топқа бөлінеді. Әр топ әңгіме мазмұныны бойынша оқиғаның басын, дамуын, соңына байланысты сұрақтар қояды. Сұрақтардың мазмұны шығарма кейіпкерлерімен, орын алған оқиғалармен байланысты болуы керек. Оқушылардың сұраққа берген мәнді жауаптары бағаланады.<br>Сұрақтар:<br>1-топ. Абай әңгіме тыңдағысы келгенін қалай білдіруші еді?<br>2-топ. Абайдың үйіне келген қонақтардың түр-түсі, келбеті, мінезі қандай екен?<br>3-топ. Барлас ақын Абайдың бойынан не байқады?<br>Оқу мақсатына сәйкес кейіпкердің мінез-құлқын сипаттап, іс-әрекетіне баға беруде, сын тұрғысынан ойлау дағдылары дамытылады. Кейіпкердің мінез-құлқы мен іс-әрекетіне баға бере отырып, оларға сипаттама бере отырып, үлкендерге құрмет көрсетунасихатталады, өмірмен байланыстырылады.<br>Саралау: Қорытынды тәсілі арқылы оқушылардың қабілеттеріне қарай оқиғаның ретін анықтап, сұрақтарға әртүрлі жауап берулері күтіледі.<br><br>(Ө, Ж, Т)«Ойлан-жұптас-бөліс» әдісі<br>2-тапсырма. «Бала Абай» әңгімесіндегі кейіпкерлердің мінез-құлқы мен іс-әрекетіне, оқиғаларға сүйеніп, сюжеттің дамуын болжау.<br>Оқушылар мәтіннің үзінділері бойынша кейіпкерлерді анықтап, кестеге жазады, олардың іс-әрекетіне қарап, мінездеме береді.<br><table><tr><td>Мәтін үзінділері</td><td>Бұл қандай адам?</td></tr><tr><td>«Еділ - Жайық», «Жұпар қорығы», «Құламерген» бәрі де айтылып еді.</td><td></td></tr><tr><td>Білгенін ішіне бүгіп, тығылып, үндемей отыратын өзге өзге үлкендердей емес</td><td></td></tr><tr><td>Әңгімелерін түсте де, кешке де айтқыза беретін болды.</td><td></td></tr></table>Саралау: Диалог және қолдау көрсету тәсілі арқылы</td><td>«Әдебиеттік оқу» 3-сыныпқа арналған оқулық: 2-бөлім, 51бет<br><br>Кесте</td></tr>
</table>

топтың ішіндегі кейіпкерге сипаттама беруде қолдауды қажет ететін оқушыға сөзбен қолдау көрсетіледі.

(Б)«Шаршылар» әдісі

Жұмысты аяқтағаннан кейін оқушыларға шаршының суреті таратылады. Егер мәтін түсініксіз болса, шаршыны - қызыл түске, егер аздап түсінікті болса - сары, тақырыпты өте жақсы түсінгеніне сенімді болса – жасыл түспен бояйды.

(МК, Ұ) «Төрт сөйлем» тәсілі

**3-тапсырма.** «Бала Абай» әңгімесіндегі кейіпкердің мінез-құлқы мен іс-әрекетіне, ондағы оқиғаларға сүйеніп, сюжеттің дамуын болжау.

Бұл тәсілді келесі үлгіде орындайды:

1. Әр оқушыға кесте таратылады.
2. Оқушылар өздігінен кестені толтырады.

| | |
|---|---|
| 1 -пікір | Абайдың мінез-құлқы мен іс-әрекеті бойынша өзіндік пікірін бір сөйлеммен жазады. |
| 2 -дәлел | Мәтіндегі оқиғаларға сүйеніп Абайдың естіген әңгімелерінің аттарын жазады |
| 3-мысал | Мәтіндегі оқиғаларды өмірмен ба ланыс ырып, бір сөйлеммен мысал келтіреді. |
| 4-қорытынды | Барлас ақынның Абайдың бойынан байқағанына сүйене отырып, Абайдың мінезі туралы қорытынды жасайды. |


**Саралау:** «Қорытынды» тәсілі бойынша оқиға желісін болжай отырып, өз пікірін айтуда әртүрлі дәлелдемелер жасалуы мүмкін. Әңгіме құрастыруда әртүрлі деңгейлі оқушылардың қабілеттерін ескере отырып, жұмыстар қабылданады.

(Т, МК) «Кластер» әдісі

**4-тапсырма.** Оқушыларға мәтін мазмұнына сәйкес Абайдың балалық шағы туралы деректі фильм көөсету.

Оқылған мәтін мен көрсетілген деректі фильм негізінде әр топ кейіпкердің портретін суреттеу.

Әр топқа кластер суреті таратылады. Оқушылар бірлесіп талқылай отырып, кейіпкерді суреттейді.




Абайдың балалық шағы туралы деректі фильм: https://www.youtube.com/watch?v=s23iZgFsmbw



<table>
<tr><td></td><td>Саралау: Диалог және қолдау көрсету тәсілі арқылы топтың ішіндегі қолдауды қажет ететін оқушыға мәтін мазмұнына байланысты жетелеуші сұрақтар қойыла отырып, қолдау көрсетіледі.</td><td></td></tr>
<tr><td>Сабақтың соңы</td><td>(Т)«Оқиға картасы» әдісі<br>5-тапсырма. «Бала Абай» әңгімесінің мазмұны бойынша оқиға желісін болжап, жалғастырып әңгімелеу.<br>«Оқиға картасы» үлгісі:<table><tr><td>1. Кейіпкердің інез ұлқы</td><td>2. Кейіпкердің іс-әрекеті</td></tr><tr><td>4.Сюжеттің дамуын болжау</td><td>3.Оқиға барысы</td></tr></table>Саралау: «Қорытынды» тәсілі бойынша оқиға желісін болжай отырып, жалғастырып әңгімелеуде әртүрлі дәлелдемелер жасалуы мүмкін. Әңгіме құрастыруда әртүрлі деңгейлі оқушылардың қабілеттері ескеріліп, жауаптар қабылданады.<br><br>Рефлексия<br>«Бас бармақ» әдісі арқылы оқушылар бүгінгі сабақ мақсатына жеткені туралы кері байланыс береді.<br>Тік көтерсе – негізгі ойды білдіріп тұрған мәтін бөлігін, сюжеттің дамуындағы өзгерістерді анықтай алдым.<br>Жанына туссе – негізгі ойды білдіріп тұрған мәтін бөлігін, сюжеттің дамуындағы өзгерістерді анықтауда қиналдым.<br>Төмен түссе – негізгі ойды білдіріп тұрған мәтін бөлігін, сюжеттің дамуындағы өзгерістерді анықтай алмадым.<br>Оқушылар өздерін бағалау арқылы азаматтық жауапкершілікке тәрбиеленеді.</td><td>«Оқиға картасы» сызылған кеспе парақ</td></tr>
</table>


**Бағалау критерийі**

| **Дескрипторлар** | **Ұпай саны** |
|---|---|
| - кейіпкердің іс-әрекетіне сүйеніп, сюжеттің дамуын болжайды; | 2 |
| - кейіпкердің іс-әрекетін, мінез-құлқын сипаттайды; | 2 |
| - кейіпкердің іс-әрекетіне баға береді; | 2 |
| - кейіпкерге қатысты пікір білдіреді; | 2 |
| - тақырыпқа байланысты мысал келтіре алады; | 4 |
| - әңгіменің мазмұны бойынша оқиға желісін болжап, жалғастырып әңгімелейді. | 4 |
| - мәтіннің үзінділері бойынша кейіпкерлерді анықтап, кестеге жазады; | 3 |
| - кейіпкердің іс-әрекетіне қарап, мінездеме береді | 3 |
| Жалпы | 22 |

3-сабақ

| | |
|---|---|
| **Пән:** Әдебиеттік оқу<br>**Сынып:** 2 сынып | |
| Сабақ тақырыбы | Менің отбасымдағы адамдар |
| Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме) | 2.2.2.1. Шығарма мазмұны бойынша мұғалім көмегімен қарапайым және нақтылау сұрақтарын қою және оның жауабын мәтіннен таба білу. |
| Сабақ мақсаттары | Барлық оқушылар: Шығарма мазмұны бойынша мұғалім көмегімен қарапайым және нақтылау сұрақтарын қояды және оның жауабын мәтіннен табады.<br>Көптеген оқушылар: Шығарманың мазмұнын өз сөзімен мазмұндайды және сахналайды.<br>Кейбір оқушылар: Шығарма мазмұны бойынша өзіндік талқылау жасайды. |

| **Сабақ кезеңдері** | **Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Сабақтың басы | (ТЖ) Белсенді оқыту әдісі. Нұсқау беру және айту тәсілі.<br>**1-тапсырма.** Берілген шығарманы мұқият тыңдау. Шығарма мазмұны бойынша мұғалім көмегімен қарапайым және нақтылау сұрақтарын қойып, жауаптарын табу.<br>Топқа бөлу. 3 түрлі маркерлер арқылы топтарға бөлу.<br> | <br>https://www.youtube.com/watch?v=rTyyD95PICA |
| Сабақтың ортасы | (Т.Ж) Белсенді оқыту тәсілі. Нұсқау беру және айту тәсілі.<br>**2-тапсырма**. Шығарманың мазмұнын дайын жоспар бойынша суретке қарап мазмұндау және сахналау. | Жоспар интербелсенді тақтада көрсетіледі<br> |

| | | |
|---|---|---|
| | (ҰЖ) Саралау әдісі «Диалог және қолдау көрсету» тәсілі.<br>**3-тапсырма.**<br>1. Шығарма кейіпкерлерінің мінез-құлықтарына талқылау жасау.<br>2. Шығармадағы кейіпкерлердің мінез-құлықтарының ерекшеліктерін атау.<br>3. Шығармадағы баланың іс-әрекетімен өз мінез-құлықтарын салыстыру | Интербелсенді тақтада отбасы мүшелерінің суреттері<br> |
| Сабақтың соңы | **Рефлексия** «Балл қоямын» әдісі.<br>Бүгінгі сабақтан алған білімдерін бағалау мақсатында сабақ соңында әр оқушы өзінің бүгінгі жасаған жұмыстарына талдау жасайды. Мұғалімнің берген бағалау критерийлеріне сүйеніп, әр тапсырма бойынша жинаған ұпай сандарын қосып, өзін-өзі бағалайды. Жинаған ұпай сандарына қарап, бүгінгі тақырыпты қалай меңгергендігі байқалады.<br>Толық ұпай жинаса - «Керемет»<br>Орташа ұпай жинаса - «Сенің қолыңнан келеді»<br>Өте аз ұпай жинаса - «Әлі де талпын» деп бағалаймыз. | |

**Бағалау критерийі**

| Дескрипторлар | Ұпай саны |
|---|---|
| - шығарма мазмұны бойынша мұғалім көмегімен қарапайым және нақтылау; | 2 |
| - сұрақтар қоя алады және жауабын мәтіннен таба алады; | 2 |
| - шығарманың мазмұнын өз сөзімен мазмұндайды және сахналайды; | 2 |
| - шығарманың мазмұнын дайын жоспар бойынша мазмұндайды; | 2 |
| - шығарма кейіпкерлерінің мінез-құлықтарына талқылау жасай алады; | 4 |
| - кейіпкерлердің мінез-құлықтарының ерекшеліктерін атай алады; | 4 |
| - кейіпкерлердің мінез-құлықтары мен өз мінез-құлықтарын салыстыра алады | 4 |
| Жалпы | 20 |

## 4. «Әдебиеттік оқу» пәні, 4-сынып

### I. Өткен оқу жылында өтілген оқу бағдарламасының мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттары

4-сыныпта «Әдебиеттік оқу» пәнінен диагностикалық жұмыс жүргізу үшін 3-сыныпқа арналған «Әдебиеттік оқу» пәнінен оқу бағдарламасының оқыту мақсаттары зерделенеді. Ол үшін бастауыш білім беру деңгейінің 3,4-сыныптарына арналған «Әдебиеттік оқу» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын қарастырамыз [6]. 3-сыныптың оқу бағдарламасының мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттары келесі кестеде көрсетілген (4.1-кесте).

4.1-кесте – 3-сыныптың мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттары

| Ортақ тақырып | Бөлім (сөйлеу әрекетінің түрі) | Бөлімше (түйінді дағдылар) | Оқу мақсаттары ** |
|---|---|---|---|
| 1-тоқсан | | | |
| 1. Жанды табиғат<br><br>2.Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен (жарық пен қараңғы) | Тыңдалым және айтылым | 1.2.Шығарманың мазмұнын түсіну | 3.1.1.1 шығарманың маңызды тұстарын анықтау үшін ашық сұрақтар қою және жауап беру. |
| | | 1.5 Тыңдалған шығарма бойынша пікірін білдіру | 3.1.5.1 өз ойы мен сезімін көркем-бейнелі сөздерді қолдана отырып жеткізу |
| | Оқылым | 2.7 Әдеби көркемдегіш құралдардың қолданысын анықтау | 3.2.7.1 мұғалімнің көмегімен шығармадағы көркемдегіш құралдарды (теңеу, кейіптеу) табу |
| | Жазылым | 3.1 Шығарманың жоспарын құру | 3.1.1.1 мұғалімнің көмегімен шығарманы логикалық бөліктерге бөліп, әр бөлікке ат қойып, жоспар құру |
| | | 3.4 Қатені табу және түзету | 3.3.4.1мұғалімнің көмегімен шығарманың құрылымын, стилін жетілдіру, өз бетінше орфографиялық, пунктуациялық, қателерді табу және түзету |
| 2-тоқсан | | | |
| 3. Уақыт<br><br>4. Сәулет өнері | Тыңдалым және айтылым | 1.4 Тыңдарманның назарын аударту | 3.1.4.1 сөйлеу барысында мақал-мәтелдерді, нақыл сөздерді, вербалды емес тілдік құралдарды қолдану |
| | Оқылым | 2.1 Оқу түрлерін қолдану | 3.2.1.1 мәтінді дауыстап, түсініп, рөлге бөліп, мәнерлеп, теріп оқу |
| | Жазылым | 3.2 Шығарманы түрлі жанры бойынша шығармашылық жұмыс жазу | 3.3.2.1 шығарма кейіпкеріне хат, ертегі (кейіпкер қосу, соңын өзгерту), өлең (төрт жолды), әңгіме (оқығаны, көргені бойынша) жазу |
| 3-тоқсан | | | |
| 5. Өнер | Тыңдалым | 1.4 Тыңдарманның | 3.1.4.1 сөйлеу барысында мақал- |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | және айтылым | назарын аударту | мәтелдерді, нақыл сөздерді, вербалды емес тілдік құралдарды қолдану<br>3.1.4.2 сөйлеу барысында иллюстрациялар, көрнекіліктер, фотосуреттер қолдану |
| | | 1.5 Тыңдалған шығарма бойынша пікір білдіру | 3.1.5.1 өз ойы мен сезімін көркем-бейнелі сөздерді қолдана отырып жеткізу |
| | | 1.3 Шығармадағы оқиғаны болжау | 3.1.3.1 шығарманың тақырыбы және қорытынды бөлімі негізінде сюжеттің дамуын болжау, оның себебін түсіндіру |
| | | 2.2.Шығарма мазмұны бойынша сұрақтар қою және жауп беру | 3.1.2.1 қолдануға практикалық),бағалауға негізделген сұрақтар қою және жауап беру |
| | Оқылым | 2.1 Оқу түрлерін қолдану | 3.2.1.1 мәтінді дауыстап түсініп, рөлге бөліп, мәнерлеп, теріп оқу. |
| | | 2.2 Шығарма мазмұны бойынша сұрақтар қою және жауап беру | 3.2.2.1 шығарма мазмұны бойынша қолдануға (практикалық), бағалауға және шығармашылыққа негізделген сұрақтар қою және жауап беру |
| | | 2.3 Шығарманың тақырыбы мен ондағы негізгі ойды анықтау | 3.2.3.1 шығарманың тақырыбын анықтау және негізгі ойды білдіріп тұрған мәтін бөлігін, сөйлемді табу |
| | | 2.5 Шығарманың композициясын анықтау | 3.2.5.1 көркем шығармадағы оқиғаның басталуын, дамуын және аяқталуын анықтау |
| | | 2.7 Әдеби көркемдегіш құралдардың қолданысын анықтау | 3.2.7.1 мұғалімнің көмегімен шығармадағы әдеби көркемдегіш құралдарды (теңеу, эпитет, кейіптеу) табу |
| 6.Атақты тұлғалар | Жазылым | 3.1 Шығарманың жоспарын құру | 3.3.1.1 мұғалім көмегімен оқылған шығарманы логикалық бөліктерге бөліп, әр бөлікке ат қойып, жоспар құру |
| | | 3.3 Шығармашылық жұмыстарды түрлі формада ұсыну | 3.3.3.1 шығармашылық жұмысын сурет, сценарий түрінде ұсыну |
| | | 3.4 Қатені табу және түзету | 3.3.4.1 мұғалімнің көмегімен шығарманың құрылымын, стилін жетілдіру, өз бетінше орфографиялық, пунктуациялық, қателерді табу және түзету |
| 4-тоқсан | | | |
| 7.Су-тіршілік көзі<br><br>8.Демалыс | Тыңдалым және айтылым | 1.2 Шығарманы мазмұндау мазмұндау, сахналау | 3.1.2.1* шығарманың мазмұнын бірлесе құрастырған жоспар бойынша немесе өз сөзімен толық, таңдауына қарай |
| | | 1.5 Тыңдалған шығарма бойынша | 3.1.5.1 өз ойы мен сезімін көркем-бейнелі сөздерді қолдана отырып жеткізу |

| | | | |
|---|---|---|---|
| мәдениеті. мерекелер | | пікір білдіру | |
| | Оқылым | 2.5Шығарманың композициясын анықтау | 3.2.5.1 көркем шығармадағы оқиғаның басталуын, дамуын және аяқталуын анықтау |
| | | 2.9Түрлі дереккөздерден ақпарат алу | 3.2.9.1 шығарманың мазмұнына сәйкес түрлі дереккөздерден: иллюстрация, әдеби кітаптар, мультфильмнен нақты ақпаратты табу және ақпаратты сызба түрінде беру |
| | Жазылым | 3.1 Шығарманың жоспарын құру | 3.1.1.1 мұғалімнің көмегімен шығарманы логикалық бөліктерге бөліп, әр бөлікке ат қойып, жоспар құру |
| | | 3.2 Шығарманың түрлі жанры бойынша шығармашылық жұмыс жазу | 3.3.2.1* шығарма кейіпкеріне хат, ертегі (кейіпкер қосу, соңын өзгерту), өлең (төрт жолды), әңгіме (оқығаны, көргені бойынша) жазу |

## II. Іріктеп алынған оқыту мақсаттары бойынша диагностикалық жұмыстың үлгісі

Диагностикалық жұмыс білім алушылардың олқылықтарын толықтыру үшін жүргізілетін жұмыс болып табылады. Сондықтан диагностикалық жұмыстың тапсырмалары ретінде толық жауапты қажет ететін тапсырмаларды беру ұсынылады.

Төменде 3-сыныптағы «Әдебиеттік оқу» пәнінің мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттарына сәйкес әзірленген диагностикалық жұмыс тапсырмаларының үлгісі берілген. Үлгі екі нұсқада әзірленген.

**№1-нұсқа.**

№1 - диагностикалық жұмыс жүргізуге ұсынылатын оқыту мақсаттары

| **Бөлімше атауы** | **Оқыту мақсаттары** |
|---|---|
| **«Табиғи құбылыстар» ортақ тақырыбы бойынша** | |
| 1.5 Тыңдалған шығарма бойынша пікір білдіру | 3.1.5.1 өз ойы мен сезімін көркем-бейнелі сөздерді қолдана отырып жеткізу |
| 2.5 Шығарманың композициясын анықтау | 3.2.5.1 көркем шығармадағы оқиғаның басталуын, дамуын және аяқталуын анықтау |
| 3.1 Шығарманың жоспарын құру | 3.3.1.1 мұғалім көмегімен оқылған шығарманы логикалық бөліктерге бөліп, әр бөлікке ат қойып, жоспар құру |
| 3. 4 Қатені табу және түзету | 3.3.4.1 мұғалімнің көмегімен шығарманың құрылымын, стилін жетілдіру, өз бетінше орфографиялық, пунктуациялық, қателерді табу және түзету |

**БІЛУ**

1-тапсырма. https://www.youtube.com/watch?v=P6lTHum2zIg сілтемені пайдаланып, «Әли мен Айя» мультфильміндегі «Аққала» әнін тыңда.

Өмірлеріңде болған оқиғалармен салыстыра отырып өз ойыңды, сезіміңді білдір.

**ТҮСІНУ**

2-тапсырма. Әдеби шығарманың жанрын анықтау

2) Әдеби шығарманың жанрын дөңгелектің ішіндегі сөздермен сәйкестендіріп сыз.

Бір суайт тышқан
Төбесінен ұшқан
Сауысқанды шақырды.
Өтірікті судай сапырды:
— Есіткен шығарсың,
сауысқан,
Біздің бір туысқан,
Тышқан,
Жақында аспанға
ұшқан...
Айға барып қайтты,
Сол маған айтты.

Ертегі

Суалмайтын суат жоқ
Тартылмайтын бұлақ
жоқ,
Құйрығы суда тұрса да,
Уақытысы жеткенде
Құрамайтын құрақ жоқ.
Дүние деген фәни бұл,
Баласы жоқта мият жоқ.
Бәрінен де қиын сол
екен,
Артында жанған шырақ
жоқ….

Мысал

Баяғы заманда түлкі, тасбақа және кене үшеуі дос болыпты. Үшеуі бірге жүріп, бірге тұрыпты. Бірде олар бір уыс тары тауып алады. Үшеуі ақылдасады. Тарыны сеуіп, алынған өнімді өзара бөлісіп алуға келіседі.

Шешенді

**ҚОЛДАНУ**

3-тапсырма. Мәтінді түсініп оқып, жоспар құр, жоспар бойынша мазмұнын айтып бер. Мәтінге ат қой. (Аққала – Инфоурок, https://infourok.ru › material)

Қыс мезгілі. Далада қар көп жауып, айналаның бәрін аппақ қар басқан, тағыда жапалақтап қар жауып тұр. Үйлердің төбесінде де қар. Балалар үйлерінің қасында, ғажайып қысқы табиғат аясында ойнап жүр. Балалар қалың киінген. Бейбарыс пен Бекарыс қардан домалатып «Аққала» жасапты. Олардың қасында Бағжан мен Ақнұр өздерінің Аққаласын жасап жатыр. Болат көмектесіп, қар тасып жүр. Ал балалар көңілді. Өйткені олар қардан аққала жасады.



Мәтіннің аты: .....

Жоспар:

1).....

2).....
3).....
4).....

ТАЛДАУ

4-тапсырма. Берілген суретке қарап, мәтінді жалғастырып жаз.

Қыс мезгілі. Далада қар көп жауып, айналаның бәрін аппақ қар басқан, тағыда жапалақтап қар жауып тұр. Үйлердің төбесінде де қар. Балалар өз үйлерінің қасында, ғажайып қысқы табиғат аясында ойнап жүр. .....



ЖИНАҚТАУ

5-тапсырма. Өленді мұқият оқы, қатесін тап.
( Жау, жаңбыр! - Бейсебай Кірісбаев - Өлеңдер - Bilim – All https://bilim-all.kz › olen › 12...)

Жауа перші, жау, жамбыр,
Дала гөркөн жандандыр.
Жауа берші, жау, жамбыр,
Қаулаб өсзін алуан гүл.
Жауа берші, жау, жамбыр,
Әрбір тамшың – тамған нұр.
Әрбір тамшың – тамған дән,
Асыб жатсын қанбамнан!

БАҒАЛАУ

6-тапсырма. «Алғашқы қар» мәтінін (үзіндісін) түсініп оқы. Мәтін бойынша түсіндіруге/бағалауға бағытталған сұрақ құрастыр және жауапбер. (https://www.balakai.kz/engimeler/915-alashy-ar.html Балалар әлемі «Әңгімелер»

Алғашқы қар жауды. Қара жер әп-сәтте аппақ түске малынды. Ағаштар да ақ ұлпа қарға оранды.

Әлгінде ауа райы суытқан соң, Жәмила мен Керімбек үйге тығылған. Қар жауған сәттен бастап, екеуі терезе алдында сыртқа көз салумен болды.

– Жәмила, қарашы! Аспан тола аппақ қар. Бірінен соң бірі жерге асығып түсіп жатыр, – деді Керімбек.

– Анау бір қар ұлпасы үп-үлкен екен. Қаздың мамығындай-ау. Есіктің алды да аппақ. Қандай керемет, – деді Жәмила терезеге үңіле түсіп.

Екеуі үй ішінде жарты сағаттай отырды. Далаға шығудың ретін таппады. Ата-анасының жұмыстан келуін асыға күтті.

Ата-аналары келген соң бәрі бірге кешкі ас ішті. Бірақ Жәмила мен Керімбектің бүкіл ойы мен көңілі далаға бір рет ойнап келу болатын.

Бұлардың ойын біліп қойғандай, көрші үйлерден ұл-қыздардың сыңғырлаған күлкілері мен былдырлаған дауыстары құлақтарына анық шалынды.

– Далаға барып ойнап келе қойыңдар, – деді әкесі.

Сәлден соң-ақ көше бойы ары-бері шапқылап, аппақ қардың үстінде аунап-қунап ойнаған балаларға лық толды. Асыр салған жас бүлдіршіндер қысқы кештің көркіне көрік қосқандай, көшені нағыз қан базарына айналдырғандай болды.

Алғашқы қар (үзіндісін ғана алу)

| Сұрақ | Жауап |
|---|---|
| | |

1) Сұрақтарға жауап бер:
-Ауа райы қандай еді?
-Балалар ата-анасының жұмыстан келуін неліктен асыға күтті?
-Әкесі не деді?
2) Берілген мәтіннің басын білдіретін сөйлемдерді көшіріп жаз. Негізгі бөлімін тауып,қоршап сыз.
3) Жоғарыда оқыған мәтінге жаңа кейіпкерлер немесе оқиғалар қосып, мәтінді аяқтап жаз.
4) Мәтінге тақырып қой_____

## №1 Диагностикалық жұмыстың бағалау критерийлері

| Тапсырма | Дескрипторлар | Ұпай саны |
|---|---|---|
| 1 – тапсырма | Тыңдалған шығарма бойынша өмірлеріңде болған оқиғалармен салыстыра отырып өз ойын, сезімін білдіре алады. | 2 |
| 2 – тапсырма | Әдеби шығарманың жанрын дөңгелектің ішіндегі сөздермен сәйкестендіріп сызды. | 3 |
| 3 – тапсырма | Мәтінді түсініп оқыды, жоспар құрды, мәтінге ат қоя алды. | 3 |
| 4 – тапсырма | Берілген суретке қарап, мәтінді жалғастырып жазды | 3 |
| 5-тапсырма | Өленді мұқият оқыды, қатесін тауып, көрсетті. | 2 |
| 6-тапсырма | - берілген тақырып бойынша бір сұрақ құрастырып, жауап бере алады;<br>- берілген сұрақтарға жауап бере алады;<br>- берілген мәтіннің басын білдіретін сөйлемдерді көшіріп жазады. Негізгі бөлімін тауып,қоршап сыза алады;<br>- жаңа кейіпкерлер немесе оқиғалар қосып, мәтінді аяқтап жаза алады;<br>- мәтінге ат қоя алады. | 5 |
| Барлық ұпай саны | | 18 |

Әр тапсырма бойынша жинаған ұпай сандарына қарап, білім алушылардың осы тақырыпты қаншалықты толық меңгергенін байқаймыз.

**№2-нұсқа.**

Диагностикалық жұмыс жүргізуге ұсынылатын оқыту мақсаттары

| Бөлімше атауы | Оқыту мақсаттары |
|---|---|
| 1.1 Шығарманың мазмұнын түсіну | 3.1.1.1 шығарманың маңызды тұстарын анықтау |

| | |
|---|---|
| | үшін ашық сұрақтар қою және жауап беру. |
| 1.2 Шығарманы мазмұндау | 3.1.2.1* шығарманың мазмұнын бірлесе құрастырған жоспар бойынша немесе өз сөзімен толық, таңдауына қарай |
| 2.1 Оқу түрлерін қолдану | 3.2.1.1 мәтінді дауыстап түсініп, рөлге бөліп, мәнерлеп, теріп оқу |
| 2.3 Шығарманың тақырыбы мен ондағы негізгі ойды анықтау | 3.2.3.1 шығарманың тақырыбын анықтау және негізгі ойды білдіріп тұрған мәтін бөлігін, сөйлемді табу |
| 3.3Шығармашылық жұмыстарды түрлі формада ұсыну | 3.3.3.1 шығармашылық жұмысын сурет, сценарий түрінде ұсыну |

**БІЛУ**

1-тапсырма. Шығарманың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап бер.
(Толығырақ: https://alashainasy.kz/darynokuortalygy/asyik--kazak-halkyinyin-ulttyik-oyyindaryinyin-br-67654/ материалды қалай болсын қолдану тек қана Alashainasy.kz сілтемесімен бірге рұқсат етіледі)

Қазақтың ұлттық ойындарының жалпы қалыптасу кезеңі біздің заманымызға дейінгі VII-IX ғасырлар. Қазақ жеріндегі көшпелі тайпалардың қай-қайсысы болмасын, қай кезеңде дамымасын олар тек өндірістік құралына пайдалануға жарамды тас, ағаш, сүйек тағы басқа табии заттар осы дәуірде қалыптасқан ұлт ойындарында қолданылады. Асық - қазақтың ықылымнан келе жатқан ұлттық спорттық ойындарының бір түрі. Оны қазақтардан басқа қырғыздар, қарақалпақтар, алтайлықтар да ойнады.

Асық – төрт түлік малдың ішінде қой-ешкінің тілерсегінде, асықты жілік басында орналасатын шымыр сүйек. Аңдардың да тілерсек тұсында болады. Қазақта асық қасиетті саналады. Асықты жерге иірген кезде төрт түрлі қалыпта түседі: алшы – асықтың тік тұрғандағы алшыға қарама-қарсы томпақтау жағы, бүк – асықтың шалқасынан жатқан томпақ беті, шік – бүкке қарама-қарсы асықтың етпетінен жатқан ойық жағы.

Сұрақтар:

- Асық ойыны қашан шыққан?
- Асық ойынын кімдер ойнайды?
- Асық қай жануарда болады?
- Асық атауларын ата

**ТҮСІНУ**

**2-тапсырма.** Шығарманың мазмұнына сүйеніп **«Оқиға картасы»** кестесін толтырыңдар




ҚОЛДАНУ

**3-тапсырма.** Мәтіннің негізгі идеясы бойынша тұжырым жасаңдар:

5. *Менің ойымша ...*
6. *Себебі, мен оны ... деп түсінемін*
7. *Мен оны ... деген мысалдармен дәлелдей аламын.*
8. *Осыған байланысты мен ... қорытындыға келдім.*

ТАЛДАУ

**4-тапсырма.** Мәтін үлгілерін түсініп оқып, негізгі ойды білдіріп тұрған мәтін бөлігін анықтап, кестені толтырыңдар.

**Сүйінші**

Ауылдағы жеміс ағаштарының түбін қопсытып жүрген Болат тоқтаған машина дыбысы шыққасын қақпадан қарап еді-әскер қатарында азаматтық борышын атқарып жүрген ағасы Асылбек түсіп жатыр!

Болат қора жақта жүрген атасына жүгірді:

- Ата, ата! Сүйінші! Асылбек ағам келді!

Екі жыл бойы сағынған Асылбекті көріп, үй-іші мәре-сәре болып қуанып қалды.

Кешкісін атасы қалтасынан ақша алып, Болаттың әкесіне ұсынды.

Болатжан сүйінші сұрап еді, Асылбек аман-есен оралды, жақсы хабарға сүйінші бермеуге болмайды. Мынаған ертең Болатқа велосипед әкеліп берші, - деді Абдол ақсақал баласына. (Фариза Оңғарсынова. Сөз сыры. – Алматы: Арман ПВ 2005. –152 б)

**Сыбаға**

Ет асқанда сойылған малдың әр мүшесі кез келген адамға берілмейді.

Қой сойылса, ең үлкен қонаққа малдың басын, ал тай сойылса немесе соғым мезгілі болса, жылқының, сиырдың шекесін ұсынады. Бас ұстаған адамға жамбас қоса тартылады. Күйеуге –төс, қызға құйымшақ арналады. Күйеу төсті, қыз құйымшақты өзі жеп қоймайды - ауыз тигесін, дастарқан басындағы не сол үйдегі жеңгелерінің біріне ұсынады. Қадірлі сыбағаның бірі - омыртқа.

| | | | |
|---|---|---|---|
| Тақырыбы | | Тақырыбы | |
| Негізгі ойы | | Негізгі ойы | |
| Ұқсастығы | | Ұқсастығы | |
| Айырмашылығы | | Айырмашылығы | |

ЖИНАҚТАУ

**5-тапсырма**. Берілген суреттерді пайдаланып, әңгіме құрастырыңдар және оның мазмұнын сценарий түрінде ұсыныңдар.






**6-тапсырма.** «Қазағымның дәстүрлері-ай» тақырыбында шағын эссе жазу.

№1 Диагностикалық жұмыстың бағалау критерийлері

| Тапсырмалар | Дескрипторлар | Ұпай саны |
|---|---|---|
| 1 – тапсырма | - шығарманың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап бере алады | 4 |
| 2 – тапсырма | - шығарманың мазмұнына сүйеніп «Оқиға картасы» кестесін толтырады | 6 |
| 3 – тапсырма | - мәтіннің негізгі идеясы бойынша тұжырым жасайды | 4 |

| | | |
|---|---|---|
| 4 – тапсырма | - мәтін үлгілерін түсініп оқып, негізгі ойды білдіріп тұрған мәтін бөлігін анықтайды, кестені толтырады | 4 |
| 5-тапсырма | - берілген суреттерді пайдаланып, әңгіме құрастырады<br>- әңгіменің мазмұнын сценарий түрінде ұсынады | 4 |
| 6-тапсырма | - «Қазағымның дәстүрлері-ай» тақырыбында шағын эссе жазады | 4 |
| Жалпы | | 26 |

Әр тапсырма бойынша жинаған ұпай сандарына қарап, білім алушылардың осы тақырыпты қаншалықты толық меңгергенін байқаймыз.

## III. Сабақ барысында толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары

3-сыныпқа арналған «Әдебиеттік оқу» пәнінен оқу бағдарламасын зерделеу нәтижесінде 4-сыныптағы «Әдебиеттік оқу» пәнінің оқыту мақсаттарымен кіріктіруге болатын оқу мақсаттары анықталды [5]. Кіріктіруге болатын оқыту мақсаттары ұсыныс түрінде берілген (4.2-кесте).

4.2-кесте – 3,4-сыныптардың кіріктірілетін оқу мақсаттары

| **Оқу мақсаттары** | | |
|---|---|---|
| **4-сынып** | | **3-сынып** |
| 1.1.Шығарманың мазмұнын түсіну | 4.1.1.1шығарманың мазмұнын толық түсіну, кейбір тұстарын нақтылау, оқиғаның себеп-салдарын анықтау үшін сұрақар қою және жауап беру | 3.1.1.1 шығарманың маңызды тұстарын анықтау үшін ашық сұрақтар қою және жауап беру. |
| 1.5 Тыңдалған шығарма бойынша пікірін білдіру | 4.1.5.1өз ойын, сезімін, көзқарасын өмірде болған, өзге шығармадағы ұқсас оқиғалармен салыстыра отырып білдіру | 3.1.5.1 өз ойы мен сезімін көркем-бейнелі сөздерді қолдана отырып жеткізу |
| 1.2 Шығарманы мазмұндау | 4.1.2.1 шығарма мазмұнын түрлі баяндау тәсілдерін (I немесе III жаққа өзгертіп, жағдаяттар қосып, оқиғаларды өрбітіп) қолданып, шығарманы қысқаша/ толық/ ішінара мазмұндау | 3.1.2.1 шығарманың мазмұнын бірлесе құрастырған жоспар бойынша немесе өз сөзімен толық/таңдауына қарай мазмұндау/ сахналау |
| 1.4Тыңдарманның назарын аударту | 4.1.4.1 сөйлеу барысында мақал-мәтелдерді/өлең жолдарды/ нақыл сөздерді/ шешендік сөздерді және вербалды емес тілдік құралдарды қолдану | 3.1.4.1 сөйлеу барысында мақал-мәтелдерді/ нақыл сөздерді, вербалды емес тілдік құралдарды қолдану |

| | | |
|---|---|---|
| | 4.1.4.2 сөйлеу барысында иллюстрациялар/көрнекіліктер/ фото/ суреттер қолдану, презентация/ видеоролик жасау | 3.1.4.2 сөйлеу барысында иллюстрациялар/көрнекіліктер/ фото/суреттер қолдану |
| 2.1 Оқу түрлерін қолдану | 4.2.1.1 шығарманы дауыстап түсініп/рөлге бөліп/ мәнерлеп/теріп/ шапшаң оқу | 3.2.1.1 шығарманы дауыстап түсініп/ рөлге бөліп/мәнерлеп/теріп оқу |
| | 4.2.1.2 шығарманы іштей көз жүгіртіп/шолып/ түртіп алып/ сұрақтар қоя отырып/ қажетті ақпаратты тауып/ белгі қойып оқу/ талдау жасап оқу/ сын тұрғысынан бағалап оқу | 3.2.1.2 шығарманы іштей саналы түрде түсініп, көз жүгіртіп/ шолып/ түртіп алып/ қажетті ақпаратты тауып/ белгі қойып/сын тұрғысынан бағалап оқу |
| 2.3 Шығарманың тақырыбы мен ондағы негізгі ойды анықтау | 4.2.3.1 шығарманың тақырыбы және негізгі ойды анықтау, автордың ойын мәтін деректерінен келтіре отырып дәлелдеу | 3.2.3.1 шығарманың тақырыбын анықтау және негізгі ойды білдіріп тұрған мәтін бөлігін/сөйлемді табу |
| 2.4 Әдеби шығарманың жанрын анықтау | 4.2.4.1 аңыз, шешендік сөз, батырлар жыры, фантастикалық әңгімелердің жанрлық ерекшеліктерін анықтау | 3.2.4.1 өлең, мысал, нақыл сөз, аңыз, бата, әңгіменің жанрлық ерекшеліктерін анықтау |
| 2.5 Шығарманың композициясын анықтау | 4.2.5.1 мұғалімнің көмегімен шығарманың композициялық құрылымын (сюжеттің басталуы, дамуы, шиеленісуі, шарықтау шегі, шешімі) анықтау | 3.2.5.1 көркем шығармадағы оқиғаның басталуын, дамуын және аяқталуын анықтау |
| 2.6 Кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалау | 4.2.6.1 кейіпкердің/кейіпкерлердің іс-әрекеті, мінез-құлқының өзгеру себептерін мәтіннен тауып, салыстырып бағалау | 3.2.6.1 кейіпкердің портретін сипаттау, оның іс-әрекеті мен мінез-құлқының өзгеру себептерін мәтіннен тауып, бағалау |
| 2.7 Әдеби көркемдегіш құралдардың қолданысын анықтау | 4.2.7.1 шығармадан әдеби көркемдегіш құралдарды (теңеу, кейіптеу, эпитет, аллитерация, әсірелеу) табу және оларды қолдану | 3.2.7.1 мұғалімнің көмегімен шығармадағы көркемдегіш құралдарды (теңеу, кейіптеу) табу |
| 2.8 Көркем шығарма элементтерін салыстыру | 4.2.8.1 эпизодтер мен оқиғалардың негізінде жатқан маңызды тұстарын талдау және салыстыру | 3.2.8.1 эпизодтерді салыстыру, сюжеттің дамуындағы өзгерістерді анықтау |
| | 4.2.8.2 көркем шығарманы басқа үлгідегі (иллюстрация/ музыка (күй)/ мультфильм/ кинофильм) нұсқасымен салыстыру | 3.2.8.2 мұғалімнің көмегімен көркем шығарма үзіндісін басқа үлгідегі (иллюстрация/музыка (күй)/ мультфильм) нұсқасымен салыстыру |

| | | |
|---|---|---|
| 2.9Түрлі дереккөздерден ақпарат алу | 4.2.9.1 түрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты табу, өңдеу, тұжырым жасау және себеп-салдарлық байланысын сызба түрінде көрсету | 3.2.9.1 шығарманың мазмұнына сәйкес түрлі дереккөздерден: иллюстрация, әдеби кітаптар, мультфильм нақты ақпаратты табу және ақпаратты сызба түрінде беру |
| 3.1 Шығарманың жоспарын құру | 4.3.1.1оқылған шығармадағы оқиға жүйесін анықтап, оны бөліктерге бөлу, әр бөлікке ат қойып, жоспар құру | 3.1.1.1 мұғалімнің көмегімен шығарманы логикалық бөліктерге бөліп, әр бөлікке ат қойып, жоспар құру |
| 3.4 Қатені табу және түзету | 4.3.4.1 мұғалімнің көмегімен шығарманың құрылымын, стилін жетілдіру,өз бетінше сын тұрғысынан бағалау және лексикалық, орфографиялық, пунктуациялық, қателерді тауып түзету | 3.3.4.1мұғалімнің көмегімен шығарманың құрылымын, стилін жетілдіру, өз бетінше орфографиялық, пунктуациялық, қателерді табу және түзету |
| 1.4 Тыңдарманның назарын аударту | 4.1.4.1сөйлеу барысында мақал-мәтелдерді, өлең жолдарын, нақыл сөздерді, шешендік сөздерді және вербалды емес тілдік құралдарды қолдану | 3.1.4.1 сөйлеу барысында мақал-мәтелдерді, нақыл сөздерді, вербалды емес тілдік құралдарды қолдану |
| 2.1 Оқу түрлерін қолдану | 4.2.1.2 шығарманы іштей көз жүгіртіп, шолып, түртіп алып, сұрақтар қоя отырып, қажетті ақпаратты тауып, белгі қойып оқу, талдау жасап оқу, сын тұрғысынан бағалап оқу | 3.2.1.1 мәтінді дауыстап түсініп, рөлге бөліп, мәнерлеп, теріп оқу |
| 3.2Шығарманы түрлі жанры бойынша шығармашылық жұмыс жазу | 4.3.2.1таныс мәтінге жаңа кейіпкерлер қосу, жаңа сюжеттер енгізу, өлең (төрт жолды ) жазу | 3.3.2.1 шығарма кейіпкеріне хат, ертегі (кейіпкер қосу, соңын өзгерту), өлең (төрт жолды), әңгіме (оқығаны, көргені бойынша) жазу |
| 3.3 Шығармашылық жұмыстарды түрлі формада ұсыну | 4.3.3.1 шығармашылық жұмысын сызба, диафильм, презентация түрінде ұсыну | 3.3.3.1 шығармашылық жұмысын сурет, сценарий түрінде ұсыну |
| 2.2 Шығарма мазмұны бойынша сұрақтар қою және жауап беру | 4.2.2.1 шығарманы қайта құруға, интерпретациялауға және бағалауға негізделген сұрақтар қою және жауап беру | 3.2.2.1 қолдануға (практикалық),бағалауға негізделген сұрақтар қою және жауап беру |
| 2.5 Шығарманың композициясын анықтау | 4.2.5.1 мұғалімнің көмегімен шығарманың композициялық құрылымын (сюжеттің басталуы, дамуы, шиеленісуі, шарықтау шегі, шешімі) анықтау | 3.2.5.1 көркем шығармадағы оқиғаның басталуын, дамуын және аяқталуын анықтау |

## IV. Кіріктірілетін оқыту мақсаттары бойынша ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгісі

1-сабақ

| | |
|---|---|
| Пән: Әдебиеттік оқу, 4-сынып | |
| Сабақ тақырыбы | 3.1 Шығарманың жоспарын құру<br>Жеті түсті желбір гүл. (Ертегі) В.П.Катаев<br>Аударған Ә.Біржанқызы |
| Оқу мақсаттары 4-сынып | 4.2.3.1 шығарманың тақырыбы және негізгі ойды анықтау, автордың ойын мәтін деректерінен келтіре отырып дәлелдеу;<br>4.3.1.1 мұғалім көмегімен оқылған шығарманы логикалық бөліктерге бөліп, әр бөлікке ат қойып жоспар құру. |
| Оқу мақсаттары 3-сынып | 3.2.3.1 шығарманың тақырыбын анықтау және негізгі ойды білдіріп тұрған мәтін бөлігін, сөйлемді табу<br>3.3.1.1 мұғалім көмегімен оқылған шығарманы логикалық бөліктерге бөліп, әр бөлікке ат қойып, жоспар құру |
| Сабақ барысы | |

| Сабақтың жоспарланған кезеңдері | Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|---|---|---|
| Сабақтың басы | Ширату жаттығуы:<br>(ҰЖ) «Тізбектер» әдісі<br>Оқушылар тізбектеле тұрады. Мұғалім «Жақсы тілектер еліне саяхат» тақырыбына байланысты түрлі әдістегі асық суреттерді интербелсенді тақтадан көрсетеді де, оқушыларға суретке қатысты бір сөз айтуын ұсынады.<br>Мысалы, Асығың алшысынан түссін .... Келесі тұрған оқушы оны жалғастырады, яғни тақырыпқа қатысты келесі сөз айтады. Осылайша жалғаса береді. Оқушылардың санына байланысты бір немесе бірнеше айналым жасауға болады.<br>Ойын кезінде бірлесіп жұмыс жасау арқылы ынтымақтастыққа тәрбиелеу.<br><br>(ҰЖ) «Кір жайылған жіп» әдісі<br>Тақтаның алдына жіпке кірқыстырғыштармен сұрақтар жазылған парақтар ілінеді. Сұрақтар алдыңғы сабақта өткен материалдың мазмұнына байланысты болу керек. Тақта алдына бір оқушыдан кезектесіп шығады да сұрақтарға жауап береді. Жауап дұрыс болса, оқушы сұрақты өзімен бірге алып отырады, қате болса, орнына іледі.. Жіптегі сұрақтардың барлығына жауап бергенше оқушылар кезектесіп шығады. Қызықтыра отырып сұрақ қою арқылы оқушылардың зейіні сабаққа шоғырландырылады. | ақ парақтар, қалам, түрлі асық суреттері |

| | | |
|---|---|---|
| | Сұрақтар үлгісі:<br><br>- Ақынның «Мұнай-өмірдің көлі» деген ойын қалай түсінесің?<br>- Мұнай сөзін естігенде еліміздің қай аймақтары есіңе түседі?<br>- Ақынның мақтаныш сезімін білдірген сөздерін тауып, оқы.<br>- Мұнайдан не алынады?<br>- Мұнай өнімінен алынған заттар тізімін ата.<br><br>Саралау: «Қорытынды» тәсілі арқылы сұрақтарға жауап бере отырып, оқушылар бір тапсырманы орындаса да нәтижелері әртүрлі болатындығына, өздерінен не күтетіндігін түсінгендеріне көз жеткізеді. | |
| Сабақтың ортасы | (Т; МК) «Кім жылдам?» ойыны<br>**1-тапсырма.** Берілген суреттер топтамасын қарастыра отырып, жеті түсті гүл туралы әңгімелеңдер.<br>Оқушылардың белсенді оқу тәсілдерін арттыру мақсатында жылдамдыққа тапсырма орындатылады. Топтарға суреттер топтамасы таратылады. Әр топ суреттер топтамасын қарастыра отырып, жеті түсті гүл туралы әңгімелейді. Мұндай гүл кездестірді ме, түстеріне, көлеміне назар аударылып, топтық талқылау жүргізіледі. (Талқылауға гүлдер туралы қосымша дереккөздердер ұсынуға болады.)<br><br>Саралау: Диалог және қолдау көрсету тәсілі арқылы оқушыларды ынталандыра отырып, сөзбен қолдау көрсетіледі.<br><br>(Ұ;МК;Т) «Айрықша тапсырма» әдісі<br>**2-тапсырма.** «Жеті түсті желбір гүл.» (Ертегі) В.П. Катаев. Аударған Ә.Біржанқызының ертегісін оқыңдар. Оқығандарың бойынша шығарманы логикалық бөліктерге бөліп, әр бөлікке ат қойыңдар.<br>Үлкен қағазға/параққа гүл суреті салынып ұсынылады. Әр топ өз суретінің айналасына бөліктерін көрсетіп әр бөлікке Женяның тілегін жазады. Неліктен сондай бөліктерге бөлгенін айтады.<br><br>(МК; Ж) «Кім байқағыш» әдісі.<br>**3-тапсырма.** Ертегіден Женяның тілегі сипатталған тұстарды анықтап кестеге белгілеп жазыңдар. Алдыңғы сабақтағы танысқан шығармаларыңмен салыстырыңдар. | https://kitaphana.kz › 7166-akranovna<br><br>«Жеті түсті желбір гүл» ертегісі В.П. Катаев. Аударған Ә.Біржанқызы |

| | | |
|---|---|---|
| | Кесте үлгісі:<br><table><tr><td>Сиқырлы гүлдің ат ?</td><td>Женяның гүл күлтелеріне тілегі</td></tr><tr><td>Жеті түсті желбі гүл</td><td>Сары түс: Тоқаштар үйімде болсын</td></tr><tr><td></td><td>Қызыл күлте: сынған құмыраны орнына қойды.<br>Қызғылт түс: оны қайда апарды?</td></tr></table>Саралау «Диалог және қолдау көресту» тәсілі арқылы қажетті ақпаратты мәтіннен қарастырғанда қиналатын оқушыларға сөзбен ынталандырып, қолдау көрсетіледі.<br><br>(Ұ; МК; Ө) «Бірлескен оқылым» әдісі<br>**4-тапсырма.** «Жеті түсті желбір гүл» мәтінімен ұжыммен бірге талдау жасап, бастапқы, ортаңғы, соңғы бөлімдерін тауып, қоршап сызыңдар.<br>Әр бөлікке ат қойып, бөліктердің атауларына сүйене отырып, жоспар құрыңдар.<br><br>Жоспардың үлгісі:<br><br>1. Женя тоқаш сатып алды.<br>2. Тоқашын иті жеп қойды.<br>3. Әженің кездесуі.<br>4. Гүл күлтелеріне тілегі<br>Саралау. «Диалог және қолдау көрсету» тәсілі арқылы оқушыларға мәтінді бөліктерге бөлуге қиналған оқушыларға ынталандыру үшін сөзбен қолдау көрсетуге болады. | |
| | **Рефлексия.** «Аяқталмаған сөйлем» әдісі<br>«Мұғалімге жеделхат» тақтасына оқушылар стикер жапсыру арқылы орындалады.<br><br>Оқушылар өздеріне жақын сөйлемді таңдап, айтылған ойды жалғастырады:<br><br>- бүгінгі сабақта мен....түсіндім, ...білдім, ....көзімді жеткіздім.<br>- бүгін сабақта қуантқаны.....<br>- мен өзімді.....үшін мақтар едім.<br>- маған ерекше ұнағаны.....<br>- қызықты болғаны.....<br>- .....қиындық тудырды.<br>- менің түсінгенім.....<br>ҚБ:«Жетістік баспалдағы» әдісі оқушылардың өткен материалды меңгеруге қай баспалдақта тұрғандығын анықтайды. Баспалдақ тақтаға ілінеді (ватманда, қағаз парағында), балалар | «Мұғалімге жеделхат» тақтасы, стикерлер |

| | | |
|---|---|---|
| | орындаған жұмысты магниттермен немесе стикерлермен өздері қалаған баспалдаққа орналастырады. | |

**Бағалау критерийі**

| Дескрипторлар | Ұпай саны |
|---|---|
| - ертегі мазмұнын түсінеді; | 2 |
| - шығарманың тақырыбы және негізгі ойды анықтайды; | 2 |
| - ертегінің құрылымдық бөліктерін анықтайды; | 4 |
| - ертегі мазмұны бойынша жоспар құрастырады; | 3 |
| - құрастырған жоспары бойынша шығарманың мазмұнын айтады | 3 |
| - ертегі мазмұны бойынша сұрақтарға жауап берді | 4 |
| Жалпы | 18 |

2-сабақ

| **Пәні, сыныбы:** Әдебиеттік оқу, 4-сынып | |
|---|---|
| Сабақ тақырыбы | 2.1 Оқу түрлерін қолдану |
| Оқу мақсаттары 4-сынып | 4.2.1.2 шығарманы іштей саналы түрде түсініп, көз жүгіртіп/ шолып/ түртіп алып/ қажетті ақпаратты тауып/белгі қойып/сын тұрғысынан бағалап оқу**;**<br>4.1.3.1 шығарманың тақырыбы және қорытынды бөлімі негізінде сюжеттің дамуын болжау, оның себебін түсіндіру<br>4.3.3.1 шығармашылық жұмысын сурет/сценарий түрінде ұсыну |
| Кіріктірілетін оқу мақсаттары 3-сынып | 3.1.3.1 шығармадағы кейіпкерлердің мінез-құлқы мен іс-әрекетіне, ондағы оқиғаларға сүйеніп, сюжеттің дамуын болжау<br>3.2.1.1 шығарманы дауыстап түсініп, рөлге бөліп, мәнерлеп, теріп оқу;<br>3.3.3.1 шығармашылық жұмысын сурет, сценарий түрінде ұсыну |
| Сабақ мақсаттары | Барлық оқушылар: шығарманы іштей саналы түрде түсініпоқиды, ондағы оқиғаларға сүйеніп, сюжеттің дамуын болжап, жоспар бойынша мысал құрастырып жазады.<br>Көптеген оқушылар: сюжеттің дамуын болжауда шығарманың маңызды тұстарын анықтай отырып сын тұрғысынан бағалауды түсіндіреді.<br>Кейбір оқушылар: шығарманың негізгі ойын түйіндеп, өмірмен байланыстыра алады. |

Сабақ барысы

| Сабақтың жоспарланған кезеңдері | Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|---|---|---|

| | | |
|---|---|---|
| Сабақтың басы | (Ұ,Т) «Суреттер сөйлейді» әдісі.<br>**Ширату тапсырмасы:** тақтада көрсетілген сурет бойынша сюжетті болжап, суретке ат қойыңдар.<br>Топтар өз нұсқаларын талдап, барлық сыныпқа кезекпен айтады. Сол нұсқалардың ішінен «Қызықты», «Ерекше», «Мазмұнды», «Мен үшін қызықты» деген бірнеше номинациялар бойынша марапатталады. Марапатты оқушылар өздері тағайындайды.<br>(М.Т) Қандай іс-әрекет жасалғаны сұралады. |  |
| Сабақтың ортасы<br>6-13 минут | **(Ө) 1-тапсырма.** Келешектің ғылымы Б.Ысқақовтың «Алыптардың айтысы» өлеңін оқыңдар. Алдыңғы тапсырма бойынша жасаған болжамдарыңмен салыстырып, өз пікірлеріңді білдіріңдер.<br>1. Өлеңді түсініп оқып шығуға уақыт беріледі.<br>2. Алдыңғы тапсырмадағы болжамың дұрыс па? барлық топпен анықтап өз пікірлерін білдіру үшін Оқушылар «Кезек менде» деп өз ойын кезекпен білдіреді.<br>Саралау: қарқын тәсілі арқылы саралау жоспарланады. Тапсырманы орындау кезінде қарқыны жылдам оқушылар ескеріліп, қосымша мәтін мазмұны бойынша сұрақтар құрастыртуды ұсынуға болады. | Келешектің ғылымы Б.Ысқақовтың «Алыптардың айтысы» өлеңі |
| 14-20 минут | (Ж,Ұ) «Ия, жоқ» әдісі<br>**2-тапсырма.** Өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріңдер.<br>Мұғалім бір оқушыға доп лақтырады. Сол оқушы мұғалім сұрағына келісетінін немесе келіспейтінін «ия», «жоқ» жауабы арқылы айтады. (Сонымен қатар ия болса допты қағып алады, жоқ болса допты кері лақтырады.)<br>1. Химик әлемге қуат, жарық нәр береді (жоқ)<br>2. Ішe білсең, тамақ, кие білсең киіммін -деді Химик (иә)<br>3. Электр, химия адам көмегінсіз іске асады (жоқ)<br>Саралау: Қорытынды арқылы саралау.Барлық оқушыларға бағытталған нұсқау бере отырып, олардың әрқайсысының өздерінен не күтетіндігін түсінгендеріне көз жеткізу керек.Мұғалім тапсырма береді, бірақ жалғыз «дұрыс» жауаптың бағытында жұмыс істеуден гөрі оқушылар өздерінің мықты және әлсіз тұстарына қарай жауап береді. | Плакат, түрлі-түсті маркерлер<br>Түсіндірме сөздік |
| 21-28минут | (Ө; Ж) «Кірпіш» стратегиясы<br>**3-тапсырма.** Өлеңдегі үш алыпты сиапттап, бағалаңдар.<br>А4 парағына кірпіштердің суреті салынады. Салған суретіне алдын-ала өлең мазмұны бойынша | Кірпіштердің суреті салынған А4 парағы, |

| | | |
|---|---|---|
| 29-35 минут | алыптар аты жазылады. Жекелеп отырып, берілген алыптарға жауап беріледі. Жұптар бір-бірінің жазғандарын оқиды, бірін-бірі толықтырады. Кірпіштерге жазылған бағалауларын талқылайды. Маңызды 5 ақпарат стикерге жазылып, тақтаға ілінеді және түсіндіріледі.<br>Үлгі:<br>• Электр – өте күшті ток көзі, арнайы мамандар ғана жұмыс жасаса қауіпсіз, ток көзі барлық істе аса қажетті, ол бізге жарық береді.<br>Химия – адам өзіне қажетті заттың түрін өзгертіп ала алады, ағашатан үй, матадан киім, мұнайдан – резеңке, дәрі жасайды.<br>Адамда адамда білім де, күш те бар. Электр де, химия да адам көмегінсіз іске аспайды,<br>Саралау: қорытынды бойынша саралау жүргізіледі. Тапсырма барлық оқушыларға ұсынылады, бірақ әртүрлі нәтижелер күтіледі. Сұраққа жауап беруде, кейбір оқушыларға мұғалім қолдау көрсетеді.<br><br>(Ө,ЖЖ) «Еркін жазу» әдісі<br>**4-тапсырма.** Жоспар бойынша мысал жазыңдар.<br>«Тоңазытқыштың қуанышы» тақырыбына жоспар бойынша мысал жазады. Жұмысты жеке жазуға уақыт беріледі. Жұпта талқылайды, бір – бірінің жұмысын талдайды.<br>«Ыстық орындық» әдісі арқылы топ алдында өз жұмысын оқиды.<br>Жоспар:<br>• Тоңазытқыштың портреті<br>• Тоңазытқыштың қуат көзіне өкпесі<br>• Тоңазытқыштың қуанышы | стикерлер<br> |
| Сабақтың соңы<br>36-40 минут | Рефлекция. «Аяқталмаған сөйлемдер» әдісі.<br>Бүгінгі сабақта жасаған іс-әрекеттері бойынша берілген сөйлемдерді аяқтау арқылы өз пікірлерін білдіреді.<br><br>*Бүгін мен сабақта...*<br>*Мына тапсырмаларды орындай алдым...*<br>*Менің қолымнан келмегендер...*<br>*Маған... жасау керек....* | |

**Бағалау критерийі**

| Дескрипторлар | Ұпай саны |
|---|---|
| - өлеңді түсініп оқиды; | 2 |
| - сюжеттің дамуын болжайды; | 2 |
| - жасаған болжамдарын салыстырып, өз пікірін білдіреді; | 4 |
| - өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді; | 3 |
| - өлеңдегі үш алыпты атай алды, сипаттайды, бағалайды | 3 |
| - жоспар бойынша мысал құрастырып жазады | 4 |
| Жалпы | 18 |

3-сабақ

| **Пәні, сыныбы:** Әдебиеттік оқу, 4-сынып | |
|---|---|
| Сабақ тақырыбы | 3.3 Шығармашылық жұмыстарды түрлі формада ұсыну. Өтепберген Ақылбекұлы «Мен таңдайтын мамандық...» |
| Оқу мақсаттары 4-сынып | 4.1.4.1 сөйлеу барысында мақал-мәтелдерді, өлең жолдарын, нақыл сөздерді, шешендік сөздерді және вербалды емес тілдік құралдарды қолдану<br>4.3.3.1 шығармашылық жұмысын сызба, диафильм, презентация түрінде ұсыну |
| Кіріктірілетін оқу мақсаттары 3-сынып | 3.1.4.1 сөйлеу барысында мақал-мәтелдерді, нақыл сөздерді, вербалды емес тілдік құралдарды қолдану<br>3.3.3.1 шығармашылық жұмысын сурет, сценарий түрінде ұсыну |
| Сабақ мақсаттары | **Барлық оқушылар:** өленді түсініп оқиды, сөйлеу барысында мақал- мәтелдерді, вербалды емес тілідк құралдарды қолданады.<br>**Көптеген оқушылар:** сөйлеу барысында мақал – мәтелдерді, нақыл сөздерді , вербалды емес тілідк құралдарды қолданады, шығармашылық жұмыысын сызба түрінде ұсынады.<br>**Кейбір оқушылар:** мақал- мәтелдер, нақыл сөздер қолданып, дәлелдер келтіре отыры өз ойын білдіреді, шығармашылық жұмысын презентация түрінді ұсынады. |

Сабақ барысы

| Сабақтың жоспарланған кезеңдері | Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|---|---|---|
| Сабақтың басы | **Ширату жаттығуы**<br>Тапсырма. Бейнебаяннан көрсетілген мамандық туралы үзінді және берілген сурет бойынша өз пікірлеріңді айтыңдар<br>*Әнші* — әнді нақышына келтіріп, шебер орындайтын адам. Әнші - халық қалаулысы, онсыз ешбір ортаның сәні келмейді. Әнші-өз жанынан ән шығармалық бірақ халықтық халық композиторларының ән шығармашылығын жұртшылық арасында кеңінен насихаттайтын кәсіби орындаушы.<br>*Кәсіпкер* – кәсіпкерлік қызметпен айналысатын, кәсіпорын құру үшін қаражат іздеп табатын және сол тапқан қаражатымен кәсіпкерлік тәуекелдікке бас тігетін адам. Ол мемлекет тіркеуден өтіп, тіркеу туралы куәлік алады.<br>*Велосипед спорты* — жарыс велосипеді арқылы өте қысқа мерзімде белгілі бір жерге бірінші болып жету, сонымен қатар велосипед көлік ретінде немесе демалу және спортпен шұғылдану үшін қолданылады.<br>*Геолог* — жер қыртысының құрамы мен құрылысын | https://www.youtube.com/watch?v=valQ1OUl35E<br><br> |

| | | |
|---|---|---|
| | және оның терең қойнауында жүріп жатқан эндогендік процестердің өзіндік ерекшеліктерін зерттей отырып, жердің өткен тарихын қалпына келтіру (реконструкция) арқылы, оның даму заңдылықтарын анықтайды Қысқаша айтқанда, геология жердің жаратылысын, құрылысын, құрамын және оның эволюциялық дамуын зерттейді.<br><br>*Елші* (ағылш. *ambassador*) – бір мемлекеттің екінші бір мемлекеттегі өкілетті дипломатиялық өкілдігінің басшысы. Елшіге, әдетте, жоғары дәрежелі диплом. қызметкер тағайындалады. Төтенше және өкілетті елші, төтенше және өкілетті уәкіл, уақытша сеніп тапсырылған өкіл болып бөлінеді. | <br> |
| Сабақтың ортасы | (МК, Ө, Ж) «Уақыт машинасы» стратегиясы<br>**1-тапсырма.** Өтепберген Ақыпбекұлы «Мен таңдайтын мамандық...» өлеңін мәнерлеп, түсініп оқыңдар.<br>Шығарманың маңызды тұстарын анықтау үшін сұрақтар қойыңдар.<br>Сұрақтар үлгісі:<br>- Мамандық дегеніміз не?<br>- Мамандықты не үшін таңдаймын?<br>Сынып оқушылары тапсырманы жұппен орындайды. Орындауға 5-7 минут уақыт беріледі.<br><br>(Т, МК) «Сұрақтар аялдамасы» әдісі<br>**2-тапсырма.** Өлеңдегі ақпаратты сызба түрінде беру мақсатына өлең бойынша үш ашық сұрақ құрастырып жазыңдар.<br>«Мен таңдайтын мамандық...» өлеңінің мазмұны бойынша үш аялдамаға «Неге? Неліктен? Қалай?» сұрақтар жазылған парақтар ілінеді. Топ ішінен бір оқушыға парақты алып сол сұрақтың қай аялдамасына барса, соны қатыстырып, мәтін мазмұнына сәйкес ашық сұрақ құрастыру ұсынылады.<br>Реті:<br>1. Сұрақ аялдамасын таңдайды.<br>2. Сұрақ жазылған парақшаның артына топтаса отырып, бір немесе бірнеше сұрақ қатыстырып жазады.<br>3. Бір-бірінің сұрақтарына жауап береді.<br>Оқушылардың ақпараттар және идеялармен алмасу үшін бірлесіп әрекет ету, жабдықтар мен қосымшаларды кең ауқымда қолдану дағдыларын дамыту көзделеді.<br><br>(МК, ЖЖ) «Үштік» әдісі<br>**3-тапсырма.** Берілген пікірге мән беріп, пікірдің дұрыстығын дәлелдеңдер.<br>Әуелей ұшқан аққудың,<br>Әсерлі үнін салған дәл<br>Күләш Бәйсейтова мен Әміре Қашаубаевтай боламын.<br>Өйткені, ...<br>1. ..... | Өтепберген Ақыпбекұлы «Мен таңдайтын мамандық...» өлеңі<br><br>«Неге? Неліктен? Қалай?» сұрақтары жазылған парақтар |

| | | |
|---|---|---|
| | 2. .....<br>3. .....<br>**(Ө;Т) 4-тапсырма.** «Мен таңдаған мамандық» тақырыбында сызба, презентация дайындаңдар. Түрлі дереккөздерден таңдаған мамандыққа қатысты ақпараттар қарастырыңдар. | |
| Сабақтың соңы | **(Т) 5 – тапсырма.** Жұмбақ шешіңдер.<br>1.Білімнің дәнін береді,<br>Балаға тәлім береді. **(Мұғалім)**<br>2.Қалпағы ақ қарасаң,<br>Дәрігер емес, бірақ ол. **(Аспазшы)**<br>3.Түнде де күндіз де тілдесем жұлдызбен,<br>Күндіз де тексеріп күнделік жүргізем. **(Астроном)**<br>4.Маңдайға жағыпшырақты,<br>Лавалардантұрақты.<br>Ағызыпотынөзенін,<br>Жылытқанкімөзелін? **(Шахтёр)**<br>5.Өрнектеп, сәндеп,<br>Тігістерінбүгетін.<br>Солпысынжөндеп,<br>Кімкөйлектігеді? **(Тігінші)**<br>6.Іш ауырса, тісауырса,<br>Мағандәріберед.<br>Барлық бала, барлықана,<br>Оны жақсыкөреді. дәрігер<br>7.Өскен шаштыжаратпайтын,<br>Қайшысы бар жалақтайтын**.(Шаштараз)**<br>8.Күміс қанат, сұңқары,<br>Көкке еркін сүңгиді.<br>Бұлттан да тым әрі,<br>Кеткенжандыкімдейді?**(Ұшқыш)**<br>Алатаяқ ұстаған<br>Жол тәртібін нұқаған.<br>Өміріңді күзеткен<br>Ысқырығы күшті адам. **(Полиция)**<br>Дабылға тез жететін<br>Жалынға сүңгіп кететін.<br>Қақалса да түтінге,<br>Тайсалмайтын батыл кім,<br>Жасқанбайтын батыр кім?**(Өрт сөндіруші)**<br><br>**Рефлексия.** «Аяқталмаған сөйлем» әдісі<br>«Мұғалімге жеделхат» тақтасына оқушылар стикер жапсыру арқылы орындалады.<br>Оқушылар өздеріне жақын сөйлемді таңдап, айтылған ойды жалғастырады:<br><br>- бүгінгі сабақта мен....түсіндім, ...білдім, ....көзімді жеткіздім.<br>- Бүгін сабақта қуантқаны .....<br>- мен өзімді ..... үшін мақтар едім.<br>- Маған ерекше ұнағаны ..... | Жұмбақтар кітапшасы |

| | | |
|---|---|---|
| | - Қызықты болғаны .....<br>- ..... қиындық тудырды.<br>- Менің түсінгенім ..... | |

**Бағалау критерийі**

| Дескрипторлар | Ұпай саны |
|---|---|
| - Бейнебаяннан көрсетілген мамандық туралы үзінді және берілген сурет бойынша өз пікірлерін айтады; | 2 |
| - өлеңді мәнерлеп, түсініп оқиды; | 2 |
| - шығарманың маңызды тұстарын анықтау үшін сұрақтар қояды; | 3 |
| - сұрақтарға жауап береді; | 5 |
| - берілген пікірге мән беріп, пікірдің дұрыстығын дәлелдейді; | 4 |
| - түрлі дереккөздерден таңдаған мамандыққа қатысты ақпараттар табады; | 4 |
| - «Мен таңдаған мамандық» тақырыбында сызба, презентация дайындайды | 4 |
| - берілген жұмбақтарды шешеді | 4 |
| Жалпы | 28 |

Сабақ соңында әр оқушы өзінің бүгінгі жасаған жұмыстарына талдау жасай отырып, мұғалімнің берген бағалау критерийлеріне сүйеніп, әр тапсырма бойынша жинаған ұпай сандарын қосып, өзін-өзі бағалайды. Барлық ұпайды толық жинаған оқушы бүгінгі тақырыпты толық меңгерді деп ойлаймыз.

## V. Сабақтан тыс уақытта толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары

3-сыныпқа арналған «Әдебиеттік оқу» пәнінен оқу бағдарламасын зерделеу нәтижесінде сабақтан тыс уақытта толықтырылатын оқыту мақсаттары анықталды [6]. Төменде сабақтан тыс уақытта толықтырылатын оқыту мақсаттары берілген (4.3-кесте).

4.3-кесте – Сабақтан тыс уақытта толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары

| Бөлімше (түйінді дағдылар) | Оқу мақсаттары* |
|---|---|
| 1.2 Шығарманы мазмұндау | 3.1.2.1* шығарманың мазмұнын бірлесе құрастырған жоспар бойынша немесе өз сөзімен толық, таңдауына қарай мазмұндау, сахналау |
| 2.4 Әдеби шығарманың жанрын анықтау | 3.2.4.1 өлең, мысал, нақыл сөз, аңыз, бата, әңгіменің жанрлық ерекшеліктерін анықтау |
| 2.7 Әдеби көркемдеуіш құралдардың қолданысын анықтау | 3.2.7.1 мұғалімнің көмегімен шығармадағы әдеби көркемдеуіш құралдарды (теңеу, эпитет, кейіптеу) табу |

| | |
|---|---|
| 3.2 Шығарманың түрлі жанры бойынша шығармашылық жұмыс жазу | 3.3.2.1* шығарма кейіпкеріне хат, ертегі (кейіпкер қосу, соңын өзгерту), өлең (төрт жолды), әңгіме (оқығаны, көргені бойынша) жазу |
| 3. 4 Қатені табу және түзету | 3.3.4.1 мұғалімнің көмегімен шығарманың құрылымын, стилін жетілдіру, өз бетінше орфографиялық, пунктуациялық қателерді табу және түзету |

## VI. Сабақтан тыс уақытта толықтырылатын оқыту мақсаттары қарастырылатын кеңестердің кестесі

Білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды толықтыру үшін 3-сыныпқа «Әдебиеттік оқу» пәнін оқыту барысында сабақтан тыс уақытта толықтырылатын оқыту мақсаттары бойынша каникул кездерінде (күзгі, қысқы, көктемгі) кеңестер өткізу ұсынылады.

Төменде каникул кездерінде (күзгі, қысқы, көктемгі) өткізілетін кеңестер кестесінің үлгісі келтірілген (4.4-кесте).

4.4-кесте – Каникул кездерінде (күзгі, қысқы, көктемгі) өткізілетін кеңестердің кестесі

| **Өткізілетін мерзімі** | **Тақырыптың атауы** | **Оқыту мақсаттары** |
|---|---|---|
| Күзгі каникул | 1.2 Шығарманы мазмұндау | 3.1.2.1* шығарманың мазмұнын бірлесе құрастырған жоспар бойынша немесе өз сөзімен толық, таңдауына қарай мазмұндау, сахналау |
| Қысқы каникул | 2.4 Әдеби шығарманың жанрын анықтау | 3.2.4.1 өлең, мысал, нақыл сөз, аңыз, бата, әңгіменің жанрлық ерекшеліктерін анықтау |
| Қысқы каникул | 2.7 Әдеби көркемдеуіш құралдардың қолданысын анықтау | 3.2.7.1 мұғалімнің көмегімен шығармадағы әдеби көркемдеуіш құралдарды (теңеу, эпитет, кейіптеу) табу |
| Көктемгі каникул | 3.2 Шығарманың түрлі жанры бойынша шығармашылық жұмыс жазу | 3.3.2.1* шығарма кейіпкеріне хат, ертегі (кейіпкер қосу, соңын өзгерту), өлең (төрт жолды), әңгіме (оқығаны, көргені бойынша) жазу |
| Көктемгі каникул | 3. 4 Қатені табу және түзету | 3.3.4.1 мұғалімнің көмегімен шығарманың құрылымын, стилін жетілдіру, өз бетінше орфографиялық, пунктуациялық қателерді табу және түзету |

## VII. Жазғы мектеп кезінде ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгісі

1-сабақ

| Пән: Әдебиеттік оқу, 3-сынып | |
|---|---|
| Сабақ тақырыбы: | 3.3. Шығармашылық жұмыстарды түрлі формада ұсыну |
| Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме) | 3.2.1.1 өлеңді дауыстап түсініп/ рөлге бөліп/ мәнерлеп/ теріп оқу<br>3.3.3.1 шығармашылық жұмысын сурет/сценарий түрінде ұсыну |
| Сабақ мақсаттары | Барлық оқушылар: өлеңді мәнерлеп және қажетті ақпаратты теріп оқиды, шығармашылық жұмысын сурет/сценарий түрінде ұсынады.<br>Көптеген оқушылар: шығарманың маңызды тұстарын анықтауда өзіндік ойын түсіндіре алады.<br>Кейбір оқушылар: өлеңнің жанрлық ерекшелігі туралы білетін білімін күнделікті іс-әрекетте пайдалана алады |

Сабақ барысы

| **Сабақтың жоспарланған кезеңдері** | **Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Сабақтың басы | Ширату жаттығуы: «Суретті жұмбақ» әдісі<br>**1-тапсырма.** Берілген сурет арқылы оқылатын өлеңнің мазмұнын анықтау.<br>Оқушылар екі топқа бөлінеді, топтар сурет бойынша өз ойларын ортаға салады. (Екі топ өз ойларынан қорытынды шығарады, табиғат туралы туралы өлең оқитындарын айтып түсіндіреді) |  |
| Сабақтың ортасы | (Ө,Т) **2-тапсырма.** Әдібай Табылдының «Қоршаған табиғат тамаша» өлеңін мәнерлеп оқыңдар.<br>- Өлеңнің мазмұнына назар аудару<br>- Маңызды тұстарын анықтау<br>- Сұрақтарға жауап беру<br>Сұрақтар:<br>- «Қоршаған табиғат тамаша» дегенді қалай түсінесің?<br>- «табиғатты қорғаңдар» деген ұғымды қалай түсінесіңдер?<br>- табиғатты қорғау кімдердің жұмысы?<br>- табиғатты қорғау үшін не істей аласың?<br>- жанды табиғатқа не жатады?<br><br>(ТЖ) **3-тапсырма.** «Ролдегі оқушылар» әдісі бойынша төрт топқа бөлініп зерттеңдер:<br>1. Баяндаушылар оқулықтағы өлеңді оқып баяндайды.<br>2. Сұрақ қоюшылар ашық сұрақтар құрастырады.<br>3. Дәнекерлеушілер өмірмен байланыстырады.<br>4. Із кесушілер қызықты мәліметтерді табады. | Әдібай Табылдының «Қоршаған табиғат тамаша» өлеңі |

| | | |
|---|---|---|
| | **4-тапсырма.** «Қоршаған табиғат тамаша» өлеңінің шумақтары бойынша мазмұнын бейнелеңдер. Топтар өзара өлең шумақтарын бөліп алып, суреттер салады.<br>1-шумақ «Тал бүр жарып, астық өскен дала»<br>2-шумақ «Аңдар мен құстар»<br>3-шумақ «Орман, тоғай»<br>Салынған суреттерді «Галереяда ой шарлау» әдісі арқылы қортындылап, бағаланады.<br><br>**5-тапсырма.** Өлеңді түсініп оқу, мазмұны бойынша шығармашылық жұмысын сурет/сценарий түрінде ұсыну.<br><br>**Күзде**<br>Аспайды да саспайды,<br>Дайындалып болсын деп.<br>Күн суыта бастайды,<br>Малға пішен орсын деп.<br><br>Кең аспанды бұлт қаптап.<br>Қыс жақынын сездірер.<br>Жаздай жүрген тұрақтап,<br>Көкөкті де бездірер.<br><br>Балаларды қара, әні,<br>Жүрегі алып -ұшады,<br>Мектебіне барады,<br>Гүлге толып құшағы.<br>(Қ. Баянбаев) | Қ. Баянбаев «Күзде» өлеңі интербелсенді тақтада көрсетіледі |
| Сабақтың соңы | **«Бас бармақ» әдісі.** Бас бармақтарын көрсету арқылы бүгінгі сабақты оқушылардың меңгеру деңгейі тексеріледі.<br>Бас бармақ жоғарыға қарап тұрса = Мен түсінемін.<br>Бас бармақ көлденең тұрса = Мен түсінгендеймін.<br>Бас бармақ төмен қарап тұрса = Мен түсінбедім. | |

**Бағалау критерийі**

| Дескрипторлар | Ұпай саны |
|---|---|
| - берілген сурет арқылы оқылатын өлеңнің мазмұнын анықтайды | 2 |
| - өлеңді мәнерлеп оқиды және қажетті ақпаратты теріп алады | 2 |
| - өлеңнің маңызды тұстарын анықтайды | 3 |
| - сұрақтарға жауап береді | 5 |
| - «Ролдегі оқушылар» әдісі бойынша төрт топқа бөлініп зерттеулер жасайды | 4 |
| - өлеңнің мазмұны бойынша шығармашылық жұмысын сурет/сценарий түрінде ұсынады | 4 |
| Жалпы | 20 |

2-сабақ

| Пән: Әдебиеттік оқу, 3-сынып | |
|---|---|
| Сабақ тақырыбы | 2.3 Шығарманың тақырыбы мен негізгі ойды анықтау |
| Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме) | 3.2.3.1 шығарманың тақырыбын анықтау және негізгі ойды білдіріп тұрған мәтін бөлігін/сөйлемді анықтау<br>3.2.7.1 мұғалімнің көмегімен шығармадағы әдеби көркемдегіш құралдарды (теңеу, эпитет, кейіптеу) табу |
| Сабақ мақсаттары | **Барлық оқушылар:**<br>- шығарманың тақырыбын және негізгі ойды білдіріп тұрған сөйлемді анықтайды;<br>- мұғалімнің көмегімен өлеңдегі әдеби көркемдегіш құралдарды (теңеуді) табады<br>**Көптеген оқушылар**: теңеуді тауып, салыстырады және өз пікірлерін айтады<br>**Кейбір оқушылар:** тақырып бойынша қосымша мәліметтер мен дәлелдер келтіріп, талдау жасай алады |

Сабақ барысы

| Сабақтың жоспарланған кезеңдері | Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|---|---|---|
| Сабақтың басы | **(ҰЖ) Ширату жаттығуы**.<br>**1-тапсырма**. Жұмбақты шешіп, сұраққа жауап беру.<br>«Ұшақ» әдісі арқылы тақырыпқа байланысты жұмбақтар жасыру.<br>Қағаздан жасалған ұшақтарға:<br><br>Жапырақты бояды,<br>Атырапты бояды.<br>Бояп-бояп барлығын<br>Сап-сары ғып қояды.<br>- деп, жазылып сыныпта ұшырылады.<br>Қай оқушының алдына ұшақ түссе, сол оқушы жұмбақты шешеді және интерактивті тақтадан дұрыс шешуі көрсетіліп, оның бүгінгі сабақпен байланысын айтады.<br><br>Сұрақ:<br>- «Қоңыр күз» дегенді қалай түсінесіңдер? | Қағаздан жасалған ұшақтар<br> |

| | | |
|---|---|---|
| Сабақтың ортасы | **(ЖЖ)** «Суреттер арқылы болжау» ойыны.<br>**2-тапсырма**. Берілген суреттердің мазмұны бойынша сұрақтар құрастыру.<br>Ойын шарты: оқушыларға күздің бірнеше суреттері ұсынылады. Мазмұны бойынша жұптар сұрақтар құрастырады. Сұрақтардың мазмұны әр түрлі, яғни өзгеше құрастырулары да мүмкін.<br>- Суреттерді таңдау (әр оқушы өзі таңдайды)<br>- Жұптар бір–біріне сұрақ қояды (оқиғаға байланысты немесе өзгеше болуы мүмкін)<br>- Оқылатын өлеңнің тақырыбын анықтайды.<br>Ұтымды сұрақ пен мәнді жауап бағаланады:<br>- Жарайсың! Өте ұтымды сұрақ қойдың. Мәнді жауабың үшін ризамыз.<br><br>**(ҰЖ) 3-тапсырма.** Абайдың «Күз» өлеңін түсініп оқи отырып, өлеңнен 3 фактіні табу.<br>1.Жеңіл, түсінікті факт<br>2.Қиын болып көрінген факт<br>3.Алдағы уақытта жинағысы келетін ақпарат<br>4.«Қайыршы шал -кемпірдей түсі кетіп,<br>Жапырағынан айрылған ағаш, қурай», - деген өлең жолдарында ақын неге олай теңегенін түсіндіріңдер.<br>Алынған фактілерді барлық оқушылар талқылап, талдайды.<br><br>**(ТЖ) 4-тапсырма.**<br>1. «Күз» өлеңінің аудиожазбасын тыңдау.<br>2. Тыңдаған аудиожазбаға сүйеніп өлеңді мәнерлеп оқу.<br>**5-тапсырма.** Берілген үзіндіні түсініп оқу. Мәтіннен негізгі ойды білдіретін сөйлемді тауып, қоршап сызу немесе дәптеріне көшіріп жазу. Мәтінге ат қою.<br><br>– Менің қазіргі талқыға салып отырған тәртіпсіздік қылықтарымның қай-қайсысының да себебі бар еді. Қазды атқан мен емеспін, Сұлтан. Ал бақаны мен сумкаға Майқанова апай талып жығылып қалсын деп, оның соншалық шошымал адам екенін біліп салған жоқпын. Тіпті, мұның ақыры не болады деп ойлап та жатпадым, салғым келді - салдым. Осындай бір ақымақтық кейде ақылға мұрша бермей дедектетіп әкететіні бар. Істеп алып, соңынан бармағыңды тістейсің. Осының бәрі осылай бола тұрса да, мен өзімді ақтап, бірауыз сөз айтпадым. Ақталудың тіпті қисыны бар ма? | <br><br><br><br>https://www.youtube.com/watch?v=gdIxuEP0yqQ сайтынан<br><br>«Күз» өлеңі |
| Сабақтың соңы | **Рефлексия:** «Плюс», «Минус», «Қызықты» сөздері жазылған кеспе қағаздар беріледі. Оқушылар сол қағаздың біреуін алып, бүгінгі сабақта жасаған іс-әрекеттері бойынша тақырыпты қаншалықты меңгергендері туралы өз пікірлерін жазып береді. | «Плюс», «Минус», «Қызықты» сөздері жазылған |

| | | |
|---|---|---|
| | «Плюс» - оң әсер еткен фактілерді, алған, білімдері жайлы жаза алады.<br>«Минус» - «қолымнан келмей жатыр» немесе «түсініксіз болып тұр» деген ойларын жазады.<br>«Қызықты» - деген бағанға өздеріне не қызықты болды немесе не жайында көбірек білгісі келетінін сұрақ түрінде де жасса болады. | кеспе қағаздар |

**Бағалау критерийі**

| Дескрипторлар | Ұпай саны |
|---|---|
| - жұмбақты шешіп, сұраққа жауап береді; | 2 |
| - берілген суреттердің мазмұны бойынша сұрақтар құрастырады; | 2 |
| - Абайдың «Күз» өлеңін түсініп оқи отырып, өлеңнен 3 фактіні табады; | 3 |
| - тыңдаған аудиожазбаға сүйеніп өлеңді мәнерлеп оқиды; | 2 |
| - теңеу сөздерді анықтайды | 4 |
| - мәтіннен негізгі ойды білдіретін сөйлемді табады; | 4 |
| - мәтінге ат қояды | 1 |
| Жалпы | 18 |

3-сабақ

| Пән: Әдебиеттік оқу, 4-сынып | |
|---|---|
| Сабақтың тақырыбы | **Туған жердің таулары** |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары | 4.1.5.1 өз ойы мен сезімін, көзқарасын өмірде болған, өзге шығармадағы ұқсас оқиғалармен салыстыра отырып білдіру<br>4.2.1.1 шығарманы дауыстап түсініп, рөлге бөліп, мәнерлеп оқу, теріп оқу, шапшаң оқу<br>4.2.3.1 шығарманың тақырыбы және негізгі ойды анықтау, автордың ойын мәтін деректерінен келтіре отырып дәлелдеу |
| Өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары | 3.1.5.1 Өз ойы мен сезімін көркем-бейнелі сөздерді қолдана отырып жеткізу |

Сабақ барысы

| Сабақтың жоспарланған кезеңдері | Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|---|---|---|
| Сабақтың басы | **Ширату**<br>**1-тапсырма. (МК; ҰЖ)** Мұғалімнің айтқан деректерін мұқият тыңдау. Өз ойы мен сезімін берілген көркем-бейнелі сөздерді қолдана отырып жеткізу, тауларды сипаттап айту. | Тірек сөздер интерактивті тақтада |

| | | |
|---|---|---|
| | ***Көркем-бейнелі сөздер:*** *әсем, көрікті, Қазақстан, жер, келбет, шыңы, Алатау.*<br><br>Мұғалім сөзі: - Балалар, бүгін біз сіздермен туған жердің таулары туралы білетін боламыз.<br>**Таулар** – жер бетінің жазықтардан оқшау көтеріліп жатқан қатпарлы және қатпарлы-жақпарлы құрылымды бөлігі. Ұзындығы жүздеген және мыңдаған км-ге дейін созылады.<br>Таулар алып жатқан көлеміне, құрылымына, жасына қарай: Жота, Тау Жүйесі, таулы қырат, таулы үстірт, тау сілемі болып бөлінеді.<br>Таулар бедерінің негізгі элементтері – шыңы, басы, жоны, беткейі, етегі, өзен аңғарлары.<br>Таулар - жер бедерінің маңызды бөлігі. Жердің климатын реттеуге көмектеседі, тіршілік көзі болып табылады. | көрсетіледі<br><br>https://www.youtube.com/watch?v=gdIxuEP0yqQ |
| Сабақтың ортасы | Белсенді оқу әдісі. (Нұсқаулық беру тәсілі)<br>**2-тапсырма (МК; Ө):** ***Тау*** сөзін көркемдегіш сөздермен толықтыр.<br>Тау қарлы, тау.....<br><br>«Қарқын» әдісі<br>**3-тапсырма**: Берілген шығарманы дауыстап түсініп, мәнерлеп оқу. Шығармадағы негізгі ойды анықтау, автордың ойын мәтін деректерінен келтіре отырып дәлелдеу.<br><br>**Қазақстан таулары**<br>Әр ауылы-ән отау,<br>Жетісу-жер жаннаты.<br>Асқаралы Алатау<br>Құшағында –Алматы.<br>Кімнен қуат аламыз,<br>Тау болмаса сән қайда?!<br>Жатыр ұлы даламыз<br>Арқа сүйеп Алтайға!<br>Көкке жеткен түндігі<br>Тауларыммен мақтанам.<br>Ұлытау-жер кіндігі<br>Ұлт бірлігін сақтаған!<br>Көкшетауда мүсін көп,<br>Көрген адам тамсанған.<br>Әрбір тасы сыр шертіп,<br>Аққайыңы ән салған!<br>/Айбатыр Сейтақ/ |  |
| | **«Саралау»** әдісі «Түсіндіру және сипаттау» тәсілі<br>**4-тапсырма.** Өлеңді мәнерлеп, түсініп оқу. Оқыған екі өлеңнің ұқсастығын салыстыра отырып, сипаттау<br><br>**Таудай болғым келеді** | |

| | | |
|---|---|---|
| | ...Аласартып асуын,өткелдерін,<br>Астыма әкеп төсейді көк белдерін.<br>Алып тауды бесік қып өсіпсің ғой,<br>Ғұмырым,керемет ең неткен менің!<br>...Тау менің несібеме тиіпті ерек,<br>Мендегі шаттық бөлек,күйік бөлек.<br>Ақсақалдар: «Таудай бол!»-дейтін маған,<br>Таудай болғым келеді,биік керек<br>/ Мұқағали Мақатаев/ | |
| Сабақтың соңы<br>Ой тұжырым | (Ж.Ж) «Кел, сөйлесейік!»әдісі<br>**5-тапсырма.** Берілген тірек сөздерді қатыстырып сөйлем құрастыру, ой тұжырым жасау.<br>***Тірек сөздер***: Алатау, тас, дала, жер кіндігі, шыршалар мен аршалар, сылдыраған бұлақ.<br>**6-тапсырма**. Өз ойы мен сезімін, көзқарасын өзге шығармадағы ұқсас оқиғалармен салыстыра отырып білдіру. | |
| Рефлексия | Рефлексия. «Балл қоямын» әдісі.<br>Бүгінгі сабақтан алған білімдерін бағалау мақсатында сабақ соңында әр оқушы өзінің бүгінгі жасаған жұмыстарына талдау жасайды.<br>Мұғалімнің берген бағалау критерийлеріне сүйеніп, әр тапсырма бойынша жинаған ұпай сандарын қосып, өзін-өзі бағалайды.<br>Жинаған ұпай сандарына қарап, бүгінгі тақырыпты қалай меңгергендігі байқалады.<br><br>Толық ұпай жинаса - «Керемет»<br>Орташа ұпай жинаса - «Сенің қолыңнан келеді»<br>Өте аз ұпай жинаса - «Әлі де талпын» деп бағалаймыз. | |

**Бағалау критерийі**

| Дескрипторлар | Ұпай саны |
|---|---|
| - берілген деректерді мұқият тыңдайды;<br>- өз ойы мен сезімін берілген көркем-бейнелі сөздерді қолдана отырып жеткізеді;<br>- тауларды сипаттап айта алады; | 3 |
| - ***Тау*** сөзін көркемдегіш сөздермен толықтыр; | 2 |
| - берілген шығарманы дауыстап түсініп, мәнерлеп оқиды;<br>- шығармадағы негізгі ойды анықтайды;<br>- автордың ойын мәтін деректерінен келтіре отырып дәлелдейді; | 3 |
| - өлеңді мәнерлеп, түсініп оқиды;<br>- оқыған екі өлеңнің ұқсастығын салыстыра отырып, сипаттайды; | 2 |
| - берілген тірек сөздер қатыстырып сөйлем құрастыру, ой тұжырым жасау; | 4 |
| - өз ойы мен сезімін, көзқарасын өзге шығармадағы ұқсас оқиғалармен салыстыра отырып білдіру | 4 |
| Жалпы | 18 |

## 5. «Қазақ тілі»(Т-2) оқу пәні, 2-сынып

### I. Өткен оқу жылында өтілген оқу бағдарламасының мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттары

2-сыныпта «Қазақ тілі»(Т-2) пәнінен диагностикалық жұмыс жүргізу үшін 1-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» (Т-2) пәнінің оқу бағдарламасындағы оқыту мақсаттары зерделенеді. Ол үшін жаңартылған мазмұндағы бастауыш білім беру деңгейінің 1-2-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» (Т-2) пәнінің үлгілік оқу бағдарламасын қарастырамыз [7]. 1-сыныптың оқу бағдарламасының мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттары келесі кестеде көрсетілген (5.1-кесте)

5.1-кесте – 1-сыныптың мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттары

| Ортақ тақырып | Бөлім (сөйлеу әрекеттерінің түрлері) | Оқу мақсаттары |
|---|---|---|
| 1. Өзім туралы<br><br>2. Менің мектебім | Тыңдалым | 1.1.1.1* хабарлау, сұрау мақсатында баяу және анық айтылған сөзді зейін қойып тыңдау, түсіну және тиісінше іс-әрекет жасау (қимыл, ым-ишараны қолдану) |
| | | 1.1.2.1 баяу және анық айтылған жиі қолданылатын сөздердің мағынасын түсіну |
| | | 1.1.3.1* тыңдаған мәтіннің (ұзақтығы 0,5-1 мин шамасында) мазмұны бойынша мұғалімнің қолдауымен сұрақтарға жауап беру және оған сәйкес фото/сюжетті суреттер/сызбалар таңдау |
| | Айтылым | 1.2.1.1* сөйлеу барысында танысу, өзі туралы айту және затты сипаттау үшін сөздер мен сөз тіркестерін дұрыс қолдану |
| | | 1.2.3.1 сұхбаттасының не туралы айтқанын түсіну және үлгі бойынша жауап беру |
| | | 1.2.6.1* мұғалімнің қолдауымен ә, ө, ү, ұ, і, ң, қ, ғ, h дыбыстарын артикуляциялау |
| | Тілдік дағдылар | 1.5.1.1* мұғалімнің қолдауымен заттың атын/сынын/санын/іс-қимылын білдіретін сөздерді ауызша тілде қолдану |
| | | 1.5.1.2* мұғалімнің қолдауымен көптік/тәуелдік/жіктік/септік жалғауларын ауызша тілде қолдану |
| | | 1.5.1.3* сөйлеу барысында мұғалімнің қолдауымен етістіктің шақтарын, бұйрық рай, болымды/болымсыз етістікті қолдану |
| 3. Менің отбасым және достарым<br><br>4. Бізді | Тыңдалым | 1.1.1.1* хабарлау, сұрау мақсатында баяу және анық айтылған сөзді зейін қойып тыңдау, түсіну және тиісінше іс-әрекет жасау (қимыл, ым-ишараны қолдану) |
| | | 1.1.2.1 баяу және анық айтылған жиі қолданылатын сөздердің мағынасын түсіну |
| | | 1.1.3.1* тыңдаған мәтіннің (ұзақтығы 0,5-1 мин шамасында) мазмұны бойынша мұғалімнің қолдауымен сұрақтарға жауап беру және оған сәйкес фото/сюжетті суреттер/сызбалар таңдау |
| | | 1.1.4.1 мұғалімнің қолдауымен тыңдаған материалдың кім/не |

| | | |
|---|---|---|
| қоршаған әлем | | туралы екенін түсіну |
| | | 1.1.5.1 мәтіннің тақырыбын иллюстрациясы арқылы болжау |
| | Айтылым | 1.2.1.1* сөйлеу барысында танысу, өзі туралы айту және затты сипаттау үшін сөздер мен сөз тіркестерін дұрыс қолдану |
| | | 1.2.2.1* сурет/үлгі бойынша хабарлы және сұраулы сөйлемдердің интонациясын дұрыс қойып сөйлеу (1-2 сөйлем) |
| | Оқылым | 1.3.1.1 жиі қолданылатын сөздерді тұтас оқу |
| | | 1.3.4.1* мұғалімнің қолдауымен мәтін немесе иллюстрация бойынша қарапайым сұрақтар (кім? не? қандай? қанша?) қою және қысқаша жауап беру |
| | Тілдік дағдылар | 1.5.1.1* мұғалімнің қолдауымен заттың атын/сынын/санын/іс-қимылын білдіретін сөздерді ауызша тілде қолдану |
| | | 1.5.1.2* мұғалімнің қолдауымен көптік/тәуелдік/жіктік/септік жалғауларын ауызша тілде қолдану |
| | | 1.5.1.4 сөйлеу барысында сілтеу есімдіктерін мұғалімнің қолдауымен дұрыс қолдану |
| | | 1.5.1.5* мұғалімнің қолдауымен сөз тіркестері/сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін дұрыс қолдану |
| 5. Саяхат | Тыңдалым | 1.1.3.1* тыңдаған мәтіннің (ұзақтығы 0,5-1 мин шамасында) мазмұны бойынша мұғалімнің қолдауымен сұрақтарға жауап беру және оған сәйкес фото/сюжетті суреттер/сызбалар таңдау |
| | | 1.2.4.1* фото/сурет/қуыршақтарды қолданып, шағын мәтінді үлгі бойынша мазмұндау |
| | | 1.2.5.1* оқыған/тыңдаған материал туралы «дұрыс/дұрыс емес», «ұнайды/ұнамайды» үлгісінде қарапайым пікірін білдіру |
| | | 1.2.6.1* мұғалімнің қолдауымен ә, ө, ү, ұ, і, ң, қ, ғ, h дыбыстарын артикуляциялау |
| 6. Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті | Оқылым | 1.3.3.1* мәтіннің жанрын (санамақ, тақпақ, жаңылтпаш, жұмбақ, ертегі) ажырату |
| | | 1.3.4.1* мұғалімнің қолдауымен мәтін немесе иллюстрация бойынша қарапайым сұрақтар (кім? не? қандай? қанша?) қою және қысқаша жауап беру |
| | | 1.3.5.1 иллюстрациялы шағын мәтіннен мұғалімнің қолдауымен қажетті ақпаратты табу |
| | Жазылым | 1.4.1.1* мұғалімнің қолдауымен тақырыпқа қатысты сөздер, сызбалар, суреттерді қолданып, постер/сөйлемді суретпен толықтырып жазу |
| | | 1.4.2.1* оқыған/аудио/бейне материалдарда кездескен таныс атауларды жазу |
| | | 1.4.4.1 бас әріптер мен кіші әріптерді дұрыс байланыстырып, көркем жазу |
| | | 1.4.5.1* мұғалімнің қолдауымен ә, ө, ү, ұ, і, ң, қ, ғ, h әріптер кездесетін сөздерді анықтап, дұрыс жазу |
| | Тілдік дағдылар | 1.5.1.1* мұғалімнің қолдауымен заттың атын/сынын/санын/іс-қимылын білдіретін сөздерді ауызша тілде қолдану |
| | | 1.5.1.2* мұғалімнің қолдауымен көптік/тәуелдік/жіктік/септік жалғауларын ауызша тілде қолдану |
| | | 1.5.1.4 сөйлеу барысында сілтеу есімдіктерін мұғалімнің |

| | | |
|---|---|---|
| | | қолдауымен дұрыс қолдану |
| | | 1.5.1.3* сөйлеу барысында мұғалімнің қолдауымен етістіктің шақтарын, бұйрық рай, болымды/болымсыз етістікті қолдану |
| 7. Тағам мен сусын | Тыңдалым | 1.1.4.1 мұғалімнің қолдауымен тыңдаған материалдың кім/не туралы екенін түсіну |
| | | 1.1.5.1 мәтіннің тақырыбын иллюстрация арқылы болжау |
| | Айтылым | 1.2.2.1* сурет/үлгі бойынша хабарлы және сұраулы сөйлемдердің интонациясын дұрыс қойып сөйлеу (1-2 сөйлем) |
| 8. Дені саудың жаны сау | | 1.2.3.1 сұхбаттасының не туралы айтқанын түсіну және үлгі бойынша жауап беру |
| | | 1.2.5.1* оқыған/тыңдаған материал туралы «дұрыс/дұрыс емес», «ұнайды/ұнамайды» үлгісінде қарапайым пікір білдіру |
| | | 1.2.6.1* мұғалімнің қолдауымен ә, ө, ү, ұ, і, ң, қ, ғ, h дыбыстарын артикуляциялау |
| | Оқылым | 1.3.1.1 жиі қолданылатын сөздерді тұтас оқу |
| | | 1.3.2.1 шағын мәтіндегі жиі қолданылатын сөздердің мағынасын түсіну |
| | | 1.3.3.1* мәтіннің жанрын (санамақ, тақпақ, жаңылтпаш, жұмбақ, ертегі) ажырату |
| | | 1.3.5.1 иллюстрациялы шағын мәтіннен мұғалімнің қолдауымен қажетті ақпаратты табу |
| | Жазылым | 1.4.1.1* мұғалімнің қолдауымен тақырыпқа қатысты сөздер, сызбалар, суреттерді қолданып, постер/сөйлемді суретпен толықтырып жазу |
| | | 1.4.2.1* оқыған/аудио/бейне материалдарда кездескен таныс атауларды жазу |
| | | 1.4.3.1* жай сөйлемнің тыныс белгілерін мұғалімнің қолдауымен қолдану |
| | | 1.4.5.1* мұғалімнің қолдауымен ә, ө, ү, ұ, і, ң, қ, ғ, h әріптер кездесетін сөздерді анықтап, дұрыс жазу |
| | | 1.4.5.2 мұғалімнің қолдауымен бас әріппен жазылатын сөздерді (кісі есімдері, жер-су атаулары, үй жануарларына берілген ат) ажырату |
| | Тілдік дағдылар | 1.5.1.3* сөйлеу барысында мұғалімнің қолдауымен етістіктің шақтарын, бұйрық рай, болымды/болымсыз етістікті қолдану |
| | | 1.5.1.5* мұғалімнің қолдауымен сөз тіркестері/сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін дұрыс қолдану |

## II. Іріктеп алынған оқыту мақсаттары бойынша диагностикалық жұмыстың үлгісі

Диагностикалық жұмыс білім алушылардың олқылықтарын толықтыру үшін жүргізілетін жұмыс болып табылады. Сондықтан диагностикалық жұмыстың тапсырмалары ретінде толық жауапты қажет ететін тапсырмаларды беру ұсынылады.

Төменде 1-сыныптағы «Қазақ тілі» (Т-2) пәнінің мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттарына сәйкес әзірленген диагностикалық жұмыс тапсырмаларының үлгісі берілген. Үлгі екі нұсқада әзірленген.

**1 нұсқа.** Диагностикалық жұмыс жүргізуге ұсынылатын оқыту мақсаттары

| **Бөлімше атауы** | **Оқыту мақсаттары** |
|---|---|
| | |
| Тыңдалым | 1.1.4.1 мұғалімнің қолдауымен тыңдаған материалдың кім/не туралы екенін түсіну |
| Айтылым | 1.2.2.1 Сурет бойынша 2-3 сөйлемен өз ойын білдіру |
| | 1.2.5.1*оқыған/тыңдаған материал туралы «дұрыс/дұрысемес», «ұнайды/ұнамайды» үлгісінде қарапайым пікір білдіру |

1-тапсырма. Мәтінді оқы. Сұрақтарға жауап бер.

Мен таңертең жетіде тұрамын. Жаттығу жасаймын. Жеті жарымда жуынамын. Сегізде тамақ ішемін. Тоғызда үй тапсырмасын орындаймын. Он бірде теледидар көремін. Сағат бірден кеткенде мектепке барамын.

1. Мәтін не туралы

А) демалыс туралы

Ә) орман туралы.

Б) күн тәртібі туралы

2. Бала сағат нешеде үй тапсырмасын орындайды?

А) жетіде

Ә) сегізде

Б) тоғызда

2-тапсырма. Дұрыс және бұрыс сөйлемдерді анықтап жаз.

| Сөйлемдер | дұрыс | бұрыс |
|---|---|---|
| 1. Мен таңертең тоғызда тұрамын. | | |
| 2. Ініміз екеуіміз теледидар көреміз. | | |
| 3. Сағат бірден кеткенде мектепке барамын | | |

3-тапсырма. Берілген сурет пен тірек сөздерге сүйеніп, өз ойын білдіреді.

| **Тірек сөздер** | |
|---|---|
| ➢ әдепті |  |
| ➢ көмектеседі | |
| ➢ ойнап жүрді | |
| ➢ көрді | |
| ➢ балалар | |

4-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті жіктік есімдігін қойып жаз.

| | |
|---|---|
| ..... демаламын | ..... демаламыз |

| | |
|---|---|
| ..... демаласың | .....демаласыңдар |
| ..... демеласыз | .....демаласыздар |
| ..... демалады | ..... демалады |

Бағалау критерийлері

| Тапсырмалар | Дескрипторлар | Ұпай саны |
|---|---|---|
| 1-тапсырма | тыңдаған мәтіннің кім/не туралы екенін түсіну | 1 |
| 2-тапсырма | тыңдаған материал туралы «дұрыс/бұрыс емес сөйлемдерді анықтайды | 1 |
| | | 1 |
| | | 1 |
| 3-тапсырма | Сурет бойынша сөйлемдер құрастырады | 3 |
| 4-тапсырма | Жіктік есімдігін дұрыс қолданады | 2 |
| Жалпы | | 9 |

**2-нұсқа**

Диагностикалық жұмыс жүргізуге ұсынылатын оқыту мақсаттары

| **Бөлімше атауы** | **Оқыту мақсаттары** |
|---|---|
| | |
| Айтылым | 1.2.3.1 Сұхбаттасының не туралы айтқанын түсіну және тілдік нормаларды сақтай отырып, түрлі тәсілдермен жауап беру |
| Жазылым | 1.4.5.1*мұғалімнің қолдауымен ә, ө, ү, ұ, і, ң, қ, ғ, h әріптер кездесетін сөздерді анықтап, дұрыс жазу |

1-тапсырма. Мәтінді оқы. Мәтінде не туралы айтылғанын түсіну және тілдік нормаларды сақтай отырып, мазмұнын айтып беру

Әлібек пен атасы өзенге барады. Олар балық аулайды. Қармаққа балық түседі.

Балық:

Ата, мені алып кетіңізші!- деді

Неге?-деп сұрайды.

Балық:

Бұл өзеннің суы лас. Мен лас суды ішпеймін,-деп жауап береді.

Әлібек пен атасы өзенді тазалайды.

Балық оларға:

Рахмет!-дейді.

2-тапсырма. Мәтіннің мазмұнына сәйкес келетін сөйлемдерді белгіле.

- Әлібек атасымен өзенге барады. ☐
- Олар өзенде шомылады. ☐
- Балық: бұл өзеннің суы лас,-дейді ☐
- Әлібек атасымен өзенді тазалайды ☐

3-тапсырма. Сұрақтардың жауабына сәйкес келетін суреттерді белгіле.

| Сұрақтар | |
|---|---|
| 1. Әлібек пен атасы қайда барады? |  |
| 2.Әлібек пен атасы көлден не аулады? |  |

4-тапсырма. Көп нүктенің орнына ә, ө, ү, ұ, і, ң, қ, ғ, h әріптер кездесетін сөздерді анықтап, дұрыс жазу.

Балы... , с...райды, ... лібек, ..арма.. , алып кеті...ізші, б...л, ...зенге, т...седі.

Бағалау критерийлері

| Тапсырмалар | Дескрипторлар | Ұпай саны |
|---|---|---|
| 1-тапсырма | Мәтінде не туралы айтылғанын түсінеді және тілдік нормаларды сақтай отырып, мазмұнын айтып береді | 3 |
| 2-тапсырма | Мәтіннің мазмұнына сәйкес келетін сөйлемдерді белгілейді | 4 |
| 3-тапсырма | Сұрақтардың жауабына сәйкес келетін суреттерді белгілейді | 2 |
| 4-тапсырма | Көп нүктенің орнына тиісті әріптерді жазады | 8 |
| жалпы | | 17 |

## III. Сабақ барысында толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары

1-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» (Т-2) пәнінен оқу бағдарламасын зерделеу нәтижесінде 2-сыныптағы «Қазақ тілі»(Т-2) пәніниңоқыту мақсаттарымен кіріктіруге болатын оқыту мақсаттары анықталды. Кіріктіруге болатын оқыту мақсаттары ұсыныс түрінде берілген (5.2-кесте).

5.2-кесте – 1,2-сыныптардың кіріктірілетін оқыту мақсаттары

| **Оқу мақсаттары** | | |
|---|---|---|
| **2-сынып** | | **1-сынып** |
| 1.1 Тыңдаған материалдың мазмұнын түсіну | 2.1.1.1 - тыңдаған материал бойынша түсінбеген сөздерін белгілеу, мәтін мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беру | 1.1.1.1 Сөзді зейін қойып тыңдау, түсіну және оған сәйкес дұрыс әрекет ету (қимыл, ым-ишараны қолдану) |
| 1.2 Сөздердің лексикалық | 2.1.2.1 баяу және анық айтылған жиі қолданылатын сөздерден құралған | 1.1.2.1 Күнделікті өмірде қолданылатын таныс |

| | | |
|---|---|---|
| мағынасын түсіну | қарапайым фразалардың мағынасын түсіну | сөздердің мағынасын түсіну |
| 1.3 Тыңдаған аудио/бейнематериалдың мазмұнын түсіну | 2.1.3.1. тыңдаған мәтінге мұғалімнің көмегімен иллюстрация/сызбалар таңдау және қарапайым сұрақтарға жауап беру | 1.1.3.1 Тыңдаған мәтінге мұғалімнің көмегімен суреттер, сызбалар орналастырып, түрлі тәсілдермен жауап беру |
| 2.3 Түрлі жағдаяттарда қарым-қатынасқа түсу (диалог) | 2.2.3.1 күнделікті өмірде кездесетін жағдаяттарда қызығушылығы бойынша сұхбаттасына сұрақ қою, диалогке қатысу барысында этикет сөздерді қолдану | 1.2.3.1 Сұхбаттасының не туралы айтқанын түсіну және тілдік нормаларды сақтай отырып, түрлі тәсілдермен жауап беру |
| 2.1 Сөздік қорды толықтыру | 2.2.1.1. сөйлеу барысында алған ақпарат бойынша сұраулы сөйлем құрастыру үшін сөздер мен сөз тіркестерін қолдану. | 1.2.1.1 сөйлеу барысында танысу, өзі туралы айту және затты сипаттау үшін сөздер мен сөз тіркестерін дұрыс қолдану |
| 2.4 Оқыған/тыңдаған материалды мазмұндау | 2.3.4.1 мәтіннің мазмұны немесе иллюстрация/постер бойынша қарапайым сұрақтар кім? не? қандай? қанша? не істеді?) құрастыру және оған жауап беру | 1.3.4.1 Мұғалімнің көмегімен мәтін немесе иллюстрация бойынша қарапайым сұрақтар қою |
| 1.3Тыңдаған аудио/бейнематериалдың мазмұнын түсіну | 2.1.3.1 - күнделікті өмірде кездесетін жағдаяттарға байланысты сөйлеу мәдениетін сақтап, диалогке қатысу | 1.2.1.1 сөйлеу барысында танысу, өзі туралы айту және затты сипаттау үшін сөздер мен сөз тіркестерін дұрыс қолдану |
| 2.4 Оқыған/тыңдаған материалды мазмұндау | 2.2.4.1 - мұғалімнің көмегімен мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойды анықтау | 1.2.4.1 фото/сурет/ қуыршақтарды қолданып, шағын мәтінді үлгі бойынша мазмұндау |
| 1.4 Мәтіндегі негізгі, қосалқы ақпараттарды түсіну | 2.1.4.1 тыңдаған материалдың мазмұнын түсіну мұғалімнің қолдауымен жағымды және жағымсыз кейіпкерлерді анықтау | 1.1.4.1 мұғалімнің қолдауымен тыңдаған материалдың кім/не туралы екенін түсіну |
| 1.5 Тыңдалым материалын болжау | 2.1.5.1 мәтіннің тақырыбы мен тірек сөздері, сөз тіркестері бойынша мазмұнын болжау | 1.1.5.1 мәтіннің тақырыбын иллюстрация арқылы болжау |
| 2.5 Оқыған/тыңдаған материал бойынша пікірін білдіру | 2.2.5.1 мәлімет, кейіпкер, оқиғаларды салыстыру негізінде қарапайым пікір («мен... деп ойлаймын», «мен... деп санаймын», «маған ... сияқты», «маған ... тәрізді») білдіру | 1.2.5.1 оқыған/тыңдаған материал туралы «дұрыс/дұрыс емес», «ұнайды/ ұнамайды» үлгісінде қарапайым пікірін білдіру |
| 2.6 Орфоэпиялық нормаларды сақтау | 2.2.6.1* ә, ө, ү, ұ, і, ң, қ, ғ, h дыбыстарын артикуляциялау | 1.2.6.1 мұғалімнің қолдауымен ә, ө, ү, ұ, і, ң, қ, ғ, h дыбыстарын артикуляциялау |
| 3.1 Оқу түрлерін қолдану | 2.3.1.1 шағын мәтінді түсініп, мәнерлеп (дауыс ырғағын дұрыс қойып)/рөлге бөліп оқу | 1.3.1.1 жиі қолданылатын сөздерді тұтас оқу |

| | | |
|---|---|---|
| 3.2 Мәтіннің мазмұнын түсіну | 2.3.2.1 шағын мәтіндегі жиі қолданылатын сөздерден құрастырылған қарапайым фразалардың/ сөйлемдердің мағынасын түсіну | 1.3.2.1 шағын мәтіндегі жиі қолданылатын сөздердің мағынасын түсіну |
| 3.4 Сұрақтар мен жауаптар құрастыру | 2.3.4.1 мәтіннің мазмұны немесе иллюстрация/постер бойынша қарапайым сұрақтар кім? не? қандай? қанша? не істеді?) құрастыру және оған жауап беру | 1.3.4.1 мұғалімнің қолдауымен мәтін немесе иллюстрация бойынша қарапайым сұрақтар (кім? не? қандай? қанша?) қою және қысқаша жауап беру |
| 3.5 Түрлі дереккөздер ден қажетті ақпаратты алу | 2.3.5.1 мұғалімнің қолдауымен сөздік, анықтамалықтардан қажетті ақпаратты табу | 1.3.5.1 мұғалімнің қолдауымен иллюстрациялы шағын мәтіннен қажетті ақпаратты табу |
| 4.2 Тыңдаған/оқы ған материалдың мазмұнын жазу | 2.4.2.1 оқыған/ аудио/бейнематериалдың мазмұны бойынша жиі қолданылатын сөздер мен сөз тіркестерін қатыстырып сұраққа жауап (сөйлем) жазу | 1.4.2.1 оқыған/ аудио/бейнематериалдар негізінде заттардың таныс атауларын жазу |
| 5.1 Грамматика лық нормалар ды сақтау (лингвистикалық терминдер ді қолданбау) | 2.5.1.1 мұғалімнің қолдауымен заттың атын/сынын/санын/іс-қимылын білдіретін сөздерді ауызша/жазбаша тілде қолдану | 1.5.1.1 мұғалімнің қолдауымен заттың атын/сынын/санын/іс-қимылын білдіретін сөздерді ауызша тілде қолдану |
| | 2.5.1.2 мұғалімнің қолдауымен шағын мәтіндегі көптік/ тәуелдік/ септік/жіктік жалғаулы сөздерді ауызша/жазбаша тілде қолдану | 1.5.1.2 мұғалімнің қолдауымен көптік/тәуелдік/ жіктік /септік жалғауларын ауызша тілде қолдану |
| | 2.5.1.3 мұғалімнің қолдауымен сөйлемдегі етістіктің шақ, рай формаларын ауызша сөйлеу тілінде қолдану | 1.5.1.3 сөйлеу барысында мұғалімнің қолдауымен етістіктің шақтарын, бұйрық рай, болымсыз етістікті қолдану |
| | 2.5.1.4 мұғалімнің қолдауымен сөйлеу барысында есімдіктерді (сілтеу, сұрау есімдіктерін) қолдану | 1.5.1.4 мұғалімнің қолдауымен сөйлеу барысында сілтеу есімдіктерін дұрыс қолдану |
| | 2.5.1.5 мұғалімнің қолдауымен үлгі бойынша жай сөйлемдегі сөз тіркестерінің байланысын түсіну және сақтау | 1.5.1.5 мұғалімнің қолдауымен сөз тіркестері/ сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтау |
| 4.3 Пунктуация лық нормаларды сақтау | 2.4.3.1 мұғалімнің қолдауымен сөйлем түрлерін айтылу мақсатына қарай ажырату және тиісті тыныс белгілерін (нүкте, сұрақ белгісі, леп белгісі) қолдану | 1.4.3.1 жай сөйлемнің тыныс белгілерін мұғалімнің қолдауымен қолдану |
| 4.4 Каллиграфия лық дағдыларды дамыту | 2.4.4.1 бас әріптер мен кіші әріптердің биіктігін, енін, көлбеулігін және олардың байланысын, азат жолдың және тақырыптың өлшемін сақтап жазу | 1.4.4.1 бас әріптер мен кіші әріптерді дұрыс байланыстырып, көркем жазу |

## IV. Кіріктірілетін оқыту мақсаттары бойынша ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгісі


Кіріктірілетін оқыту мақсаттары бойынша ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарын құрастыруда п.ғ.к., доцент Тойбазарова Нағимаш Әмірханқызының және Ақмола облысы, Ерейментау ауданы, Ақмырза орта мектебінің қазақ тілі пәні мұғалімі – Абакова Алмат Темирбековнаның іс-тәжірибесі негізге алынды.

1-сабақ

| | |
|---|---|
| Сынып: 2 | Қазақ тілі |
| Сабақтың тақырыбы | **Сүт тағамдары** |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары | 2.1.3.1 - күнделікті өмірде кездесетін жағдаяттарға байланысты сөйлеу мәдениетін сақтап, диалогке қатысу<br>2.2.4.1 - мұғалімнің көмегімен мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойды анықтау. |
| Өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары | 1.1.2.1 Күнделікті өмірде қолданылатын таныс сөздердің мағынасын түсіну<br>1.2.3.1 Сұхбаттасының не туралы айтқанын түсіну және тілдік нормаларды сақтай отырып, түрлі тәсілдермен жауап беру |
| Сабақтың мақсаты | **Барлық оқушылар:** күнделікті өмірде кездесетін жағдаяттарға байланысты сөйлеу мәдениетін сақтап, диалогке қатысады. Сұраққа жауап береді.<br>**Көпшілік оқушылар:** мұғалімнің көмегімен мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойды анықтайды<br>**Кейбір оқушылар**: Оқулықтан тыс берілген қосымша тапсырмаларды орындайды. |

Сабақтың барысы

| Сабақ кезеңдері | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы | Ширату жаттығуы:<br>Оқушыларға сергіту жаттығуын жасату.<br>Сәлеметсіз бе,мұғалім,<br>Білімді сізден ұғамын!<br>Сәлем,сәлем достарым,<br>Ашық болсын аспаның.<br>Сәттілік саған,маған да,<br>Бестік болсын бағаң да! | Оқушылар:<br>- мұғалімнің айтқаннын мұқият тыңдайды;<br>-қайталайды. | | Сөздері интербелсенді тақтада көрсетіледі |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Ой қозғау | **1-тапсырма.** Өткен тақырып бойынша сұрақтарға жауап беріңдер.<br>**«Дұрыс, бұрыс»** ойыны арқылы жауаптардың дұрыс, бұрыстығын тексеру, тақырыпты бекіту<br>1. Көктемде «Білім күнін»тойлаймыз. (бұрыс)<br>2. Наурызда ұлттық киімдерімізді киеміз. (дұрыс)<br>3. Наурызда ән айтамыз,би билейміз. Қазақтың ұлттық ойындарын ойнаймыз. (дұрыс)<br>4. Наурызда әжем дастарханға кітап, дәптер,қалам, сызғыш, қаламсауыт қояды. (бұрыс)<br>5. Әжемнің айраны қышқыл. (бұрыс)<br>6. Айран пайдалы тағам. (дұрыс)<br>7. Айранды шырыннан жасайды. (бұрыс) | - өткен тақырып бойынша сұрақтарға жауап береді;<br>- жауаптарының дұрыс, бұрыстығын тексереді | Дескрипторлар:<br>- сөздердің мағынасын дұрыс түсінеді;<br>-сұрақтарға жауап береді;<br>-сөйлемдердің дұрыс, бұрыстығын анықтайды. | Суреттер, тапсырмалар интербелсенді тақтада көрсетіледі |
| | **Ой шақыру «Өрмекші торы» әдісі**<br>**2-тапсырма.** Интербелсенді тақтада көрсетілген ұлттық тағам атауларын атаңдар.<br>Сұрақтарға жауап беріңдер:<br>- Мынау нелер, балалар?<br>- Бұл заттар қай дүкенде сатылады?<br>- Мынау - азық - түліктер.<br>- Ірімшік, қаймақ, май неден жасалады?<br>- Сүтті қайдан алынады?<br>Мұғалім: Балалар, қараңдаршы енді мына жіптеріңнен не шықты деп ойлайсыңдар? Өте жақсы, балалар, сендердің айтқан сөздеріңнің барлығы өрмекшінің торындай бір-бірімен тығыз байланысты екен. Ендеше, назарымызды тақтаға аударайық. | - Оқушылар сұрақтарға жауап береді:<br>- Сын - тұрғысынан ойлау стратегиясы бойынша сүт тағамдарын еске түсіреді (тақтаға орындалады) | - сұрақтарға жауап бере алады;<br>- суреттерге қарап өзіндік ойын айта алады; | Интербелсенді тақтада ұлттық тағам түрлері көрсетіледі<br> |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың ортасы | **3-тапсырма. Сөздікпен жұмыс**<br>Бейне таспаны қарап, суреттер бойынша сөз тіркесін, сөйлем құрастырыңдар.<br><br> | **Сөздікпен жұмыс**<br>-сөздерді қайталайды<br>-сөз тіркесін, сөйлем құрастырады | **Дескрипторлар:**<br>- бейнетаспаны қарап, сүт тағамдардың атауларын айтады<br>-сөздерді қайталайды<br>- сөйлем, сөз тіркестерін құрастырады |  |
| | **Тыңдалым. (МК; Ө):**<br>**4-тапсырма.** Тыңдаған материал бойынша таныс сөздерді белгілеп, мұғалімнің көмегімен мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойды анықтаңдар.<br>*Мынау –«ДЕП» фирмасы. Мұнда сүт тағамдары әзірленеді. Ол сүт тағамдары азық - түлік дүкендеріне сатылады. Сүт тағамдары өте пайдалы, кальцийге бай. Сүт тағамдарына: май, айран, ірімшік, балмұздақ, қаймақ, құрт, сүзбе жатады. Маған сүт тағамдары қатты ұнайды.* | Тыңдаған материал бойынша таныс сөздерді белгілейді, оларға сұрақ қояды. Сұрақтарға жауап береді | Тыңдаған материал бойынша таныс сөздерді белгілеп, мұғалімнің көмегімен мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойды анықтайды | бейнетаспа<br>https://yandex.kz/video/preview/?filmId=6873689429726682644&text=%D0%B2%D0%B8%D0%B4%D0%B5%D0%BE+%D1%81%D2%AF%D1%82+%D1%82%D0%B0%D2%93%D0%B0%D0%BC%D0%B4%D0%B0%D1%80%D1%8B&where=all<br>Мәтін жазылған қима қағаздар |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | ***Жазылым.(ЖЖ)***<br>**5-тапсырма.** Мәтінді мұқият тыңдап, көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойып жазыңдар.<br><br>*Үлгі:* ***Мынау – ..... фирмасы. Мұнда ..... әзірленеді. Сүт тағамдары өте ....., ..... бай. Сүт тағамдарына: ....., ....., ....., ....., ....., ....., ..... жатады. Маған .... ..... қатты ұнайды.*** | Жұптар орындап болған соң, өз жұмыстарын дұрыс нұсқамен тексереді. Жұптар өз-өздерін бағалайды. | - Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойып жазады. | Слайд<br>Өзіңді тексер!<br>Дұрыс нұсқа тақтада көрсетіледі |
| | Сергіту сәті.<br>**6-тапсырма.** Жұмбақты шешіп, заттың атын білдіретін сөздерді табыңдар.<br>Жұмбақ:<br>Сылдыр сұйық, су емес<br>Ішсең сусын қанады.<br>Ақ болса да, қар емес,<br>Шешуін кім табады? | Оқушылар жұмбақты қайталап оқып, шешуін табады. | | Өзіңді тексер!<br>Слайдта дұрыс нұсқасы көрсетіледі |
| Ой толғаныс. | **Ө) Оқылым** «Белгі қойып оқу» әдісі.<br>**7-тапсырма.** Мәтінді оқып, мазмұнымен танысыңдар. Оқып отырып, таныс емес сөздерге немесе түсінбеген тұстарына белгі қойыңдар.<br><br>*Оқылым мәтіні*<br>Сүт тағамдары сүттен жасалады. Олар: айран, қымыз, шұбат, қаймақ, құрт, ірімшік, май. Ет тағамдарына шұжық, балық, тауық еті жатады.Ұннан: нан, торт, тоқаш әзірлейді.<br><br>**8-тапсырма.** Мәтіннің мазмұны бойынша берілген диалогті оқып, сұрақтарға жауап беріңдер: | Берілген сөйлемдерді оқып, мағынасы түсініксіз сөздерді белгілеп, ол сөздердің мағынасын жұпта талдайды, айтады.<br>Жаңа сөздерге сөздерге түсінік береді.<br>Берілген диалог сұрақтарына жауап береді | Дескрипторлар:<br><br>- сөйлемдерді белгілейді;<br>- ол сөздердің қандай мағына беріп тұрғанын айта алады;<br>- диалогті толықтырады. | Тапсырмаға берілген сөйлемдер интерактивті тақтада көрсетіледі<br><br>Өзіңді тексер!<br>- Сәлем! |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | - Сәлем!<br>-Сүт тағамдары неден жасалады?<br>-.....<br>-Ет тағамдарына нелер жатады?<br>-.....<br>-Ұннан нелерәзірлейді?<br>-.....<br>-Сау бол! | | | - Сүт тағамдары неден жасалады?<br>- Сүт тағамдары сүттен жасалады<br>- Ет тағамдарына нелер жатады?<br>- Ет тағамдарына шұжық, балық, тауық еті жатады.<br>-Ұннан нелер әзірлейді?<br>Ұннан: нан, торт, тоқаш әзірлейді.<br>-Сау бол! |
| Сабақтың соңы<br>Ой тұжырым | **(ТЖ)** «Сәйкестендіру» әдісі<br>**1-тапсырма.**<br>Берілген суреттерді сәйкес келетін тағам түрлерінің тұсына қойып, кестені толтырыңдар.<br><br> | Оқушылар тағамдардың суреттерін сәйкес келетін тағам түрлерінің тұсына қояды | - суреттерді дұрыс топтастыра алады | **Кесте** тақтада көрсетіледі |

| | |
|---|---|
| Рефлексия | Рефлексия<br> Сұрақтарым көп. Белсенді бола алмадым.<br> Сұрақтарым жоқ. Белсенді болдым.<br> Маған бәрі түсінікті болды. Өте белсенді болдым. |

**Бағалау критерийі**

| **Дескрипторлар** | **Ұпай саны** |
|---|---|
| - сөздердің мағынасын дұрыс түсінеді;<br>- сұрақтарға жауап береді;<br>- сөйлемдердің дұрыс, бұрыстығын анықтайды | 3 |
| - сұрақтарға жауап бере алады;<br>- суреттерге қарап өзіндік ойын айта алады; | 4 |
| - бейнетаспаны қарап, сүт тағамдардан атауларын айтады<br>- сөздерді қайталайды<br>- сөйлем, сөз тіркестерін құрастырады | 4 |
| - көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойып жазады. | 4 |
| - тыңдаған материал бойынша таныс сөздерді белгілеп, мұғалімнің көмегімен мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойды анықтайды<br>- ол сөздердің қандай мағына беріп тұрғанын айта алады;<br>- диалогті толықтырады | 3 |
| - суреттерді дұрыс топтастыра алады | 3 |
| Жалпы | 21 |

2-сабақ

| | |
|---|---|
| Сынып 2 | Қазақ тілі Т-2 |
| Сабақ тақырыбы | Сурет саламын |
| Оқу бағдарламасына | 2.1.3.1. тыңдаған мәтінге мұғалімнің көмегімен иллюстрация/сызбалар таңдау және қарапайым сұрақтарға жауап беру. |


| | |
|---|---|
| сәйкес оқыту мақсаттары | 2.2.1.1. сөйлеу барысында алған ақпарат бойынша сұраулы сөйлем құрастыру үшін сөздер мен сөз тіркестерін қолдану. |
| Өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары | 1.1.1.1 Сөзді зейін қойып тыңдау, түсіну және оған сәйкес дұрыс әрекет ету (қимыл, ым-ишараны қолдану)<br>1.1.3.1 Тыңдаған мәтінге мұғалімнің көмегімен суреттер, сызбалар орналастырып, түрлі тәсілдермен жауап беру |
| Сабақтың мақсаттары | **Барлық оқушылар:** тыңдаған мәтінге мұғалімнің көмегімен иллюстрация/сызбалар таңдайды және қарапайым сұрақтарға жауап береді |
| | **Көпшілік оқушылар:** сөйлеу барысында алған ақпарат бойынша сұраулы сөйлем құрастыру үшін сөздер мен сөз тіркестерін қолданады;<br>тыңдаған мәтінге мұғалімнің көмегімен суреттер, сызбалар орналастырып, түрлі тәсілдермен жауап береді. |
| | **Кейбір оқушылар:** сөйлеу барысында алған ақпарарт бойынша сұраулы сөйлем құрастыру үшін сөздер мен сөз тіркестерін қолданады. |

Сабақ барысы

| Сабақ кезеңдері | **Мұғалімнің іс-әрекеті** | **Оқушының іс-әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы<br><br>Ой қозғау | Ой ширату жаттығуы. Сұрақтарға жауап беріңдер:<br>- Балалар, қалай ойлайсыңдар қазақ тілінде «Бұл кім?» деген сұрақ қашан қойылады? Қане, осы сұрақты суреттерге қойып көрейік.<br>- Балалар, суреттегі сөздерді дұрыс орналастырып, сөйлем құрастырыңдар. | Мұғалімнің сұрағына жауап береді.<br>Сөздермен сөйлемді дұрыс құрастырып, сабақтың тақырыбын айтады. | Дескрипторлар:<br>- суреттер бойынша мұғалімнің сұрақтарына жауап береді;<br>- сөздермен сөйлемді дұрыс құрастырады | Суреттер<br> |
| | **(МК, Ұ)** Тыңдалым. Оқылым. Сөздікпен жұмыс.<br>**1-тапсырма.** тыңдаған мәтінге мұғалімнің көмегімен иллюстрация/сызбалар таңдайды және қарапайым сұрақтарға жауап береді Жаңа сөздермен сөз тіркестерін және сөйлем құрастырыңдар.<br>сурет, сурет саламын, қағаз | Жаңа сөздерді тыңдайды, қайталайды, оқиды.<br>Сөздермен сөз тіркестерін, сөйлемдер құрастырады | Дескрипторлар:<br>-сөздермен сөйлемдер құрастырады;<br>- сөз тіркестерін сөйлемдер құрастырады. | Слайд<br>Аударма сөздік |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың ортасы | (МК,Ұ) Айтылым. Грамматикалық қоржын<br>**2-тапсырма.** Кесте бойынша жаңа сөздерге жалғанатын қосымшаларға мән беріп, оларды дұрыс айтуға жаттығыңдар.<br><br> | Оқушылар сөздерді дұрыс айтуға жаттығады, қайталайды. | Дескрипторлар:<br>-сөйлемдерді қайталайды;<br>-дұрыс айтуға жаттығады;<br>-жалғауларын дұрыс қолданады. | Слайд<br>Өзіңді тексер!<br>Мен саламын.<br>Сен саласың.<br>Ол салады |
| | (МК Ұ) Тыңдалым. Оқылым.<br>**3-тапсырма.** Оқулықтағы мәтінді оқып, мұғалімнің көмегімен қарапайым сұрақтарға жауап беріңдер.<br><br>*Бұл қағаз. Қағаз ақ. Менің түрлі-түсті қарындаштарым бар. Мен биік таудың суретін саламын. Сен көк аспанның суретін саласың. Ол жасыл ағаштың суретін салады.*<br><br>1. Бұл .....?<br>2. Қағаз .....?<br>3. Менде ..... бар?<br>4. Мен ..... суретін саламын? | Мәтінді оқиды.<br>Мәтін бойынша сұрақтар құрастырып, жауап береді. | Дескрипторлар:<br>-мәтінді мұқият тыңдайды;<br>-мәтінді оқиды;<br>-сұрақтар құрастырады, жауап береді. | Слайд<br>Мәтін жазылған қима қағаздар.<br>Өзіңді тексер!<br>*Бұл (не?) қағаз. Қағаз (қандай? ) ақ. Менің (не? )түрлі-түсті қарындаштарым бар. Мен (ненің ? )биік таудың суретін саламын* |
| | Сергіту сәті. Қимыл жасау арқылы жаңа сөздерді қайталай отырып, жаттығу жасайды | Сергіту жаттығуын жасайды. | | https://www.youtube.com/watch?v=XWKvb1zV_ws |
| | (ӨЖ) Оқылым.<br>**4-тапсырма.** Суреттердің орнына сөздерді қойып, мәтінді толықтырып оқыңдар.<br>*Оқылым мәтіні:*<br>Сурет салсам-  саламын<br>Гүлге толып тұрса алаңым,- деймін мен. | Оқылым.<br>Суреттердің орнына сөздерді қойып, мұқият оқиды | Дескрипторлар:<br>- суреттердің орнына сөздерді қойып, мәтінді толықтырып оқиды | Слайд<br>суреттер |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Сурет салсам  саламын.<br>Күндей күліп тұрса маңым,- деймін мен.<br><br>Сурет салсам  саламын.<br>Болсын барлық баласы аман, - деймін мен. | | | |
| Сабақтың соңы | (ӨЖ) Жазылым.<br>**5-тапсырма.** Суретте берілген сөйлемдерді толықтырып жазыңдар<br> | Жазылым.<br>Сөйлемдерді толықтырып жазады. | Дескриптор<br>-сөйлемдерді толықтырып жазады | Слайд суреттер |
| | «Кім тапқыр?» ойыны.<br>**6-тапсырма.** Кім? Не? деген сұрақтарға сәйкес келетін суретті тез табыңдар.<br> | Ойынның шарты бойынша қойылған сұраққа сәйкес келетін суретті тез табады. | -Не? сұрақтарына жауап беретін сөздерді анықтайды;<br>-кім? сұрақтарына жауап беретін сөздерді анықтайды; | суреттер |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Рефлексия.<br>Бүгінгі сабақта айтылған ақпаратты толық түсінгендерін «Бас бармақ» әдісі бойынша көрсету.<br><br> | | | |

**Бағалау критерийі**

| Дескрипторлар | Ұпай саны |
|---|---|
| - суреттер бойынша мұғалімнің сұрақтарына жауап береді | 3 |
| - сөз тіркестерін құрастыра алады<br>- сөйлемдер құрастырады | 4 |
| - сөйлемдегі сөздердің жалғауларын дұрыс қолданады | 2 |
| - тыңдаған мәтінге мұғалімнің көмегімен иллюстрация/сызбалар таңдайды және қарапайым сұрақтар құрастырады, жауап береді | 4 |
| - суреттердің орнына сөздерді қойып, мәтінді толықтырып оқиды<br>- сөйлемдерді толықтырып жазады | 3 |
| - кім? не? сұрақтарына жауап беретін сөздерді анықтайды | 3 |
| Жалпы | 19 |

Сабақтан алған білімдерін бағалау мақсатында сабақ соңында әр оқушы өзінің бүгінгі жасаған жұмыстарына талдау жасайды. Мұғалімнің берген бағалау критерийлеріне сүйеніп, әр тапсырма бойынша жинаған ұпай сандарын қосып, өзін-өзі бағалайды. Жинаған ұпай сандарына қарап, оқушылардың сол тақырыпты қалай меңгергендігі байқалады.

3-сабақ

| | |
|---|---|
| Сынып: 2 | Қазақ тілі |
| Сабақтың тақырыбы | **Көлік түрлері** |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары | 2.1.1.1 - тыңдаған материал бойынша түсінбеген сөздерін белгілеу, мәтін мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беру |
| Өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары | 1.3.4.1 Мұғалімнің көмегімен мәтін немесе иллюстрация бойынша қарапайым сұрақтар қою |
| Сабақтың мақсаты | **Барлығы оқушылар:** мұғалімнің көмегімен мәтін немесе иллюстрация бойынша қарапайым сұрақтар қояды<br>**Көпшілік оқушылар:** мәтіннен түсінбеген сөздерін белгілеп, мағынасын анықтайды. Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді.<br>**Кейбір оқушылар:** тақырып бойынша білетін қосымша ақпаратымен бөліседі |
| Бағалау критерийлері | Түсінбеген сөздерді белгілейді, мағынасын анықтайды;<br>Сұрақтарды құрастырып, жауап береді.<br>Сөйлемде сөздерді дұрыс байланыстырады. |


Сабақтың барысы.

| Сабақ кезеңдері | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы<br><br>Ой қозғау | **«Қарлы кесек» ойыны**<br>**1-тапсырма.** Тақтада көрсетілген суреттерді пайдалынып, сұрақ қою арқылы қағаздан жасалған домалақ қарды лақтыру.<br>Ойын шарты: Оқушылар шеңберге тұрады. Ойын бастаушы қағаздан жасалған домалақ қарды кез келген оқушыға лақтырады да, сұрақ қояды. Сұраққа жауап берген оқушы өзі сұрақ қойып оны келесі оқушыға лақтырады. Ойын осы тәртіппен жалғаса береді. | Оқушылар өздері білетін көлік атауларын қатыстырып, сұрақ қояды | Дескрипторлар:<br>- сөздердің мағынасын дұрыс түсінеді;<br>- көлік атауларын қатыстырып, сұрақ қояды;<br>-сұрақтарға жауап береді | Тапсырма интерактивті тақтада көрсетіледі<br> |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың ортасы | | | |   |
| | **«Таза тақта» ойыны**<br>**2-тапсырма.** Бейнетаспаны қарап, көлік атауларын айтып үйреніңдер. Жаңа сөздерді қатыстырып сөйлем құрастырыңдар.<br>К**ө**лік түрлері-<br>Ұша**қ**-<br>Жедел жәрдем-<br>**Ө**рт сөндіруші-<br>Зымыран-<br>**Ә**уе к**ө**лігі-<br>Тем**і**ржол- | Оқушылар видеоны көріп, сөздердің аудармасын табады<br>- сөздерді қайталайды<br>- сөз тіркесін, сөйлем құрастырады | Дескрипторлар<br>- бейнетаспаны қарап, көлік атауларын айтады<br>- сөздерді қайталайды<br>- жаңа сөздерді қатыстырып сөйлем құрастырады | Интерактивті тақтадан бейнетаспа көрсетіледі<br><br>https://yandex.kz/video/preview/?text= |
| | **3-тапсырма.** Мәтінді мұқият тыңдап, оқыңдар. Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріңдер. Диаграмманы толтырыңдар.<br>**Мәтінді оқу кезеңі**<br>Ертеде адамдар алыс жерлерге жануарлар арқылы және оларға жегілген екі дөңгелегі бар арбалармен қатынасқан. Кейінірек адамдар двигательді ойлап тапты. Уақыт өте келе көліктің сырт көрінісі өзгеріп, двигателінің қуаты арта түсті. Көлік түрлері әртүрлі мақсатта қолданылады. Бірі-жүк тасыса, екіншісі-адам тасиды.<br><br>1.Ертеде адамдар қалай қатынасқан?<br>2.Адамдар кейін не ойлап тапты?<br>3.Өте келе көліктер қалай өзгерген?<br><br>**4-тапсырма.** Суреттердің орнына сөздерді | Оқушылар мәтінді тыңдайды, мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру арқылы диаграмманы толтырады. | - тыңдалған материал не туралы екенін түсінеді;<br>- сұрақтар құрастырады;<br>- мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға дұрыс жауап бере алады<br>- диаграмманы толтырады | Суреттер<br>Мәтін жазылған қима қағаздар |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | қатыстырып оқып, дәптерлеріңе жазыңдар.<br>Суда   жүзеді.<br>Тас жолда  ,  ,   т.б көліктер жүреді. Теміржолмен -  ,  жүреді.<br>Ауамен  ,  ,  ұшады. | Оқушылар суреттердің орнына сөздерді қойып сөйлемдерді оқиды, дәптеріңе жазады тапсырманы орындайды | - суреттердің орнына сөздерді қойып, сөйлемдерді дұрыс байланыстырып оқиды;<br>- дәптеріңе жазады | |
| Сергіту сәті | **5-тапсырма. «Кім жылдам?» Ең,ең,ең….ойыны**<br>1.Әлемдегі ең үлкен көлік?<br>2.Әлемдегі ең кішкентай көлік?<br>3.Әлемдегі ең сәнді және қымбат көлік?<br>4.Әлемдегі ең жылдам көлік?<br>5.Әлемдегі ең ұзын көлік?<br>6.Әлемдегі ерекше су көлігі?<br>7.Әлемдегі ең жылдам ұшатын әуе көлігі?<br>8.Әлемдегі алып ұшақ? | Оқушылар сұрақтарды тыңдап, жауап береді |  | Слайд<br>Суреттер көрсетіледі |

<table>
<tr>
<td>Ой толғаныс.</td>
<td>6-тапсырма:( ЖЖ) Берілген суреттерді тиісті бағанаға орналастырыңдар.<br><br>
<table>
<tr><td>Ескі көліктер</td><td>Қазіргі заманғы көліктер</td></tr>
<tr><td></td><td></td></tr>
<tr><td></td><td></td></tr>
<tr><td></td><td></td></tr>
<tr><td></td><td></td></tr>
</table>
</td>
<td>Берілген суреттер тиісті бағанаға орналастырады<br>Жұптар орындап болған соң, өз жұмыстарын дұрыс нұсқамен тексереді..<br>Жұптар өз-өздерін бағалайды.</td>
<td>- Суреттерді тиісті бағанаға дұрыс орналастырады</td>
<td>Слайд<br>Өзіңді тексер!<br>Дұрыс нұсқа тақтада көрсетіледі</td>
</tr>
<tr>
<td>Сабақтың соңы<br>Ой тұжырым</td>
<td>«Артығын тап» ойыны.<br>7-тапсырма. Қатардағы артық сөзді тауып, себебін түсіндіріңдер<br><br>
<table>
<tr><td>Төрт сөз тізім</td><td>Артығы</td><td>Себебі</td></tr>
<tr><td>Машина, велосипед, мотоцикл, ұшақ</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Қайық, пойыз, велосипед, машина</td><td></td><td></td></tr>
</table>
</td>
<td>Қатардағы артық сөзді тауып, себебін түсіндіреді</td>
<td>- қатардағы артық сөзді тауып, себебін түсіндіре алады;<br>- көлік атауларын дұрыс топтастыра алады</td>
<td>Кесте көрсетіледі</td>
</tr>
<tr>
<td>Рефлексия</td>
| Сабақ басы | **(ҰЖ) «Кластер» әдісі**<br>**1-тапсырма**. Өлеңнің мазмұны бойынша, сұрақтарға жауап беру арқылы табиғатқа нелер жататынын анықтаңдар.<br>- «табиғат» дегеніміз не?<br>- табиғатқа нелер жатады?<br>- табиғатты қорғауымыз керек пе? Неге?<br>- сен табиғатты қалай қорғайсың? | оқушылар өлеңнің мазмұны бойынша, сұрақтарға жауап беру арқылы табиғатқа нелер жататынын анықтайды. Сабақтың тақырыбын, мазмұнын суреттер | Дескрипторлар:<br>- сұрақтарға жауап береді;<br>- табиғатқа нелер жататынын айтады;<br>- табиғат қандай екі топқа бөлінетінін |  |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | арқылы болжайды. | атайды; | |
| | **(ЖЖ) Сөздік жұмысы:**<br>**2-тапсырма.** Тақырып бойынша берілген суреттер арқылы жаңа сөздерді тауып айтыңдар. Жаңа сөздермен сөйлемдер құрастырыңдар. | Оқушылар ұсынылған суреттер арқылы жаңа сөздермен танысады. Сөйлемдер құрастырады. | - сабақтың тақырыбын анықтайды<br>- суреттердің атауын атайды<br>- суреттер арқылы жаңа сөздерді табады<br>- жаңа сөздермен сөйлемдер құрастырады |  |
| Сабақ ортасы | **(ЖЖ). Тыңдалым.**<br>**3- тапсырма.** Мәтінді мұқият тыңдап, сұрақтарға жауап беріңдер. Мәтіннің мазмұнын әңгімелеңдер.<br>Тыңдалым мәтіні<br>Әлібек атасымен баққа барды. Олар ағаштарға, гүлдерге су құйды. Атасы Әлібекке: - Табиғатты қорғау керек, -деді. - Ата, табиғат деген не?- деп сұрады Әлібек. - Балам,табиғат – бізді қоршаған орта. Біз суды, тамақты, қажет заттарды осы табиғаттан аламыз. Табиғат жанды және жансыз болады, - деді атасы.<br>- Ата, мен түсінбедім, -деп таңқалды Әлібек.<br>- Жанды табиғат су ішеді, қоректенеді. Олар: жануарлар, өсімдіктер, жәндіктер, | Оқушылар тыңдалым тапсырмаларын орындайды.<br>Сұрақтарға жауап береді.<br>Оқушылар дескриптор бойынша бір-бірін бағалайды. | - сұрақтарға жауап береді<br>- тыңдаған мәтіннің мазмұнын айтады.<br>- тірек сөздерді дұрыс қолданады.<br>- сөйлем құрылымын сақтайды. | Мәтін жазылған үлестірме қағаздар<br>Дидактикалық материалдар |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | балықтар. Адам да табиғаттың бір бөлшегі-деп түсіндірді атасы.<br>Сұрақтар:<br>- Әлібек кіммен сөйлесті?<br>- Олар не туралы сөйлесті?<br>- «Табиғат» деген не?<br>- Табиғат қандай болады?<br><br>**(ӨЖ) Айтылым.Жазылым.**<br>**4-тапсырма.** Тірек сөздер мен суреттерді пайдаланып, шағын мәтін құрастырыңдар.<br><br>Тірек сөздер*: Әлібек, ата, сөйлесті, табиғат, жанды, қоршаған орта, жансыз.* | Оқушылар суреттерді, тірек сөздерді пайдаланып, шағын мәтін құрастырады, мәтінді мазмұндайды. | - суреттерді, тірек сөздерді пайдаланып<br><br>- шағын мәтін құрастырады, мәтінді мазмұндайды | |
| Сабақ соңы | **(ҰЖ) Оқылым.**<br>**5-тапсырма.** Мәтінді түсініп оқып, балық аулау арқылы сұрақтарға жауап беріңдер.<br>Мұғалім «Балық аулау» ойынын ұйымдастырады.<br>Мұғалім мәтін соңында берілген әр сұрақты балық пішінді 2 қағазға 2 рет қайталап жазады да, оларды жерге тастайды (сұрақтар көрінбейтіндей етіп).<br>Ортаға 1 оқушыны «балық аулауға» шақырады. Оқушының қолына құрық береді. Оқушы қай балықты ұстаса, сол сұраққа жауап береді. Жауаптарды басқа оқушылардың толықтыруына болады.<br>Оқылым мәтіні.<br>Табиғат жанды және жансыз болады. Жанды табиғатқа адамдар, жануарлар, құстар, өсімдіктер жатады. Жансыз табиғатқа су, тас, тау, Күн, Ай жатады. Жанды табиғат өседі, өзгереді. Ал жансыз | | - мәтінді түсініп оқып, балық аулау арқылы сұрақтарға жауап береді | |


<table>
<tr><td></td><td>табиғат өзгермейді.</td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td></td><td>(ЖЖ) Айтылым. «Кім жылдам?» ойыны.<br><br>6-тапсырма. Кестеден мағыналары қарама-қарсы сөздерді жылдам тапқан жұп жеңімпаз болады.<br><br>
<table>
<tr><td>жанды</td><td>өзгереді</td><td>ақ</td><td>суық</td></tr>
<tr><td>өседі</td><td>жатпайды</td><td>салқын</td><td>қара</td></tr>
<tr><td>өзгермейді</td><td>өспейді</td><td>ыстық</td><td>кіші</td></tr>
<tr><td>жатады</td><td>жансыз</td><td>Үлкен</td><td>жылы</td></tr>
</table>
</td><td></td><td>- кестеден мағыналары қарама- қарсы сөздерді жылдам табады</td><td></td></tr>
<tr><td></td><td>Рефлексия. «Жеміс ағашы» бойынша оқушылар өздерін бағалайды<br> - барлығын түсіндім басқаларға көмектесе аламын<br> - түсіндім<br><br> - түсінбедім<br><br>Тақырыпты түсіну деңгейлеріне қарап, оқушы білімін «Бағдаршам» әдісі бойынша бағалау:<br>Жасыл - «өте жақсы»<br>Сары - «жақсы»<br>Қызыл - «талпын»</td><td></td><td>оқушының қаншалықты сабақты түсінгенін бағдаршамның түстері арқылы білуге болады</td><td>Бағдаршам суреті</td></tr>
</table>

**Бағалау критерийі**

| Дескрипторлар | Ұпай саны |
|---|---|
| - сұрақтарға жауап береді;<br>- табиғатқа нелер жататынын айтады;<br>- табиғат қандай екі топқа бөлінетінін атайды; | 3 |
| - сабақтың тақырыбын анықтайды<br>- суреттердің атауын атайды<br>- суреттер арқылы жаңа сөздерді табады<br>- жаңа сөздермен сөйлемдер құрастырады | 4 |
| - сұрақтарға жауап береді<br>- тыңдаған мәтіннің мазмұнын айтады.<br>- тірек сөздерді дұрыс қолданады.<br>- сөйлем құрылымын сақтайды.<br>- суреттерді, тірек сөздерді пайдаланып шағын мәтін құрастырады<br>- мәтінді мазмұндайды | 6 |
| - мәтінді түсініп оқып, балық аулау арқылы сұрақтарға жауап береді | 4 |
| - кестеден мағыналары қарама- қарсы сөздерді жылдам табады | 4 |
| Жалпы | 21 |

3-сабақ

| | |
|---|---|
| Сабақтың тақырыбы | Ы. Алтынсарин. «Әке мен бала» әңгімесі |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары | 3.1.3.1 - тыңдаған материалдың (ұзақтығы 1,5-2 мин) мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру және сюжеттің даму желісі бойынша иллюстрациялар орналастыру/ кесте толтыру/мазмұндау |
| Өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары | 2.2.1.1 сұрақ қою арқылы (не істеді? қандай? неліктен?) мәтін түрлерін (әңгімелеу, сипаттау, пайымдау) және құрылымдық бөліктерін (басы, негізгі бөлім, соңы) анықтау |
| Сабақтың мақсаты | Барлық оқушылар орындай алады: Берілген әңгіме желісін түсінеді, әңгімелейді, сипаттайды.<br>Оқушылардың көпшілігі: Сұрақ қою арқылы мәтін бөліктерін анықтайды.<br>Кейбір оқушылар: Мәтіннің басы, негізгі бөлімі мен соңын пайымдайды |

| Сабақтың барысы | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сабақ кезеңдері | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
| Сабақтың басы<br><br>Ой қозғау | **Қызығушылығын ояту:**<br>Өлеңді еске түсіру арқылы Ы.Алтынсарин өміріне қысқаша шолу жасау.<br><br>Кел,балалар, оқылық<br>Оқығанды көңілге<br>Ықыласпен тоқылық<br>Оқысаңыз, балалар<br>Шамнан шырақ жағылар<br>Тілегенің алдыңнан<br>Іздемей-ақ табылар. | Оқушылар өлеңді еске түсіріп, айтады.<br>Өмірбаянын тыңдайды.<br>Сабақтың тақырыбын суреттер арқылы болжайды.<br>Сабақтың мақсатымен танысады. |  | интерактивті тақтада көрсетіледі<br> |
| | (ҰЖ) Сөздікпен жұмыс: Жаңа сөздерді суретті сөздік арқылы және анықтама беру арқылы меңгерту:<br>ескі таға – старая подкова<br>иіліп алды – наклонился и взял<br>ұста – кузнец<br>аяңдап жүрді – шли медленно,не спеша<br>азға қанағат ету – довольствоватся малым<br>көптен құр қаларсың – останешься ни с чем | Оқушылар слайдтан суреттерді көріп, сөздердің аудармасын табады<br>- сөздерді қайталайды<br>- сөз тіркесін, сөйлем құрастырады | Дескрипторлар:<br>- жаңа сөздерді қайталайды<br>- сөйлем, сөз тіркестерін құрастырады | Интерактивтік тақтадан сөздер көрсетіледі |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың ортасы | **Тыңдалым.** «Әке мен бала»әңгімесін бейнежазбадан көрсету.<br><br>**1-тапсырма.** Сұрақтарға жауап беру арқылы әр оқушының пікірін тыңдау<br>- Әкесі не деді?<br>- Бала не деп жауап берді?<br>- Олар қайда келді?<br>- Әкесі не істеді?<br>- Бала неліктен тағаны алмады?<br>- Әкесі баласына не деп айтты?<br><br>**(ЖЖ) «**Ойлану баспалдағы» стратегиясы<br>**2-тапсырма.** Мәтінді оқып, баспалдақта берілген сұрақтарға жауап беру арқылы мәтіннің бөліктері (басы, негізгі бөлім, соңы) мен түрлерін анықтау.<br><br>Бір адам он жасар баласын ертіп, егіннен жаяу келе жатса, жолда қалған аттың бір ескі тағасын көріп, баласына айтты:<br>—Анау тағаны, балам, ала жүр, — деп.<br>Бала әкесіне:<br>— Сынып қалған ескі тағаны алып неғылайын, — деді.<br>Әкесі үндемеді, тағаны өзі иіліп алды да, жүре берді.<br>Қаланың шетінде темірші ұсталар бар екен, соған жеткен соң, әкесі қайырылып, манағы тағаны соларға үш тиынға сатты. Одан біраз жер өткен соң, шие сатып отырғандардан ол үш тиынға бірталай шие сатып алды. Сонымен, шиені орамалына түйіп, шетінен өзі бірем - бірем алып жеп, баласына қарамай, | Балалар сұраққа жауап беріп, бейне көрініс туралы өз пікірлерін айтады<br><br>Оқушылар мәтінді оқиды, баспалдақта берілген сұрақтарға жауап беру арқылы мәтіннің бөліктері (басы, негізгі бөлім, соңы) мен түрлерін анықтайды | -Тыңдаған,оқыған мәтіннің мазмұнын айтады.<br>-Оқиғаны өз сөзімен баяндайды<br><br>-кейіпкерлерге мінездеме береді.<br>-Не істеді? қандай? Неліктен? деген сұрақтар арқылы мәтінді әңгімелейді, сипаттайды, пайымдайды | Әке мен Бала. Мультфильм - YouTube<br><br>youtube.com›watch?v=LxqudWHXZe4<br><br><br><br>Ақпарат дереккөзі: https://massaget.kz/layfstayl/debiet/tmsil/41805/ |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | аяңдап жүре берді. Біраз жер өткен соң, әкесінің қолынан бір шие жерге түседі. Артында келе жатқан бала да тым - ақ қызығып келеді екен, жерге түскен шиені жалма-жан жерден алып, аузына салды. Бітегенеден соң және бір шие, онан біраз өткен соң және бір шие, сонымен әр жерде бір әкесінің қолынан түскен шиені он шақты рет иіліп, жерден алып жеді. Ең соңында әкесі тоқтап тұрып айтты:<br>- Көрдің бе, мана тағаны жамансынып жерден бір ғана иіліп көтеріп алуға еріндің, енді сол тағаға алған шиенің жерге түскенін аламын деп бір еңкеюдің орнына он еңкейдің. Мұнан былай есінде болсын: аз жұмысты қиынсынсаң - көп жұмысқа тап боласың, азға қанағат ете білмесең - көптен де құр боласың, - деді.<br><br>- Не істеді? **Әңгімелеу**<br>- Қандай? **Сипаттау**<br>- неліктен?) **Пайымдау**<br><br>**(ТЖ)** Қарама-қарсы элементтер» стратегиясы **3-тапсырма.** «Әке мен бала» әңгімесінің мазмұны бойынша берілген сөздер мен сөз тіркестерін қолданып, әкесі мен баласының іс-әрекетін ажыратып кестеге жазу.<br><br>Әке, Бала ,Үлкен кісі, Тағаны алады, Ақылды адам, Шие сатып алды, Еңбектенді, Жас бала, Алғысы келмейді, Ақылсыз бала, Сатып алмады, Еңбектенген жоқ. | Оқушылар топта берілген тапсырмалар арқылы мәтінге талдау жасап, кестені толтырады, дәптеріңе жазады тапсырманы орындайды. | -топтық жұмысқа белсенді қатысады;<br>-топтық ережеге сәйкес іс әрекет жасайды;<br>- Әке мен бала» әңгімесі бойынша талдау жасайды;<br>-әкесі мен баласының іс-әрекетін ажыратып кестені толтырады. | <table><tr><td>Әке</td><td>бала</td></tr><tr><td></td><td></td></tr><tr><td></td><td></td></tr><tr><td></td><td></td></tr></table> |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Ой толғаныс. | **4-тапсырма** «Еркін жазу» әдісі ( ЖЖ)<br>Берілген суреттер мен сұрақтарды пайдаланып, әңгіменің мазмұнын жазу.<br><br>1.Әңгіменің басы не туралы?<br>2.Әңгіменің ортасы, Әке мен бала не істеді?<br>3.Соңы немен аяқталды?<br>4.Үлкендердің тілін алу керек пе? Қалай ойлайсың?<br>5. Автор не айтқысы келді? | Берілген суреттер мен сұрақтарды пайдаланып, мәтін құрап жазады. | - Суреттер пайдаланды;<br>- -сұрақтарға жауап береді;<br>- Әңгіменің мазмұнын жазады. |  |
| Сабақтың соңы<br>Ой тұжырым | **5-тапсырма**. Тест сұрақтарына жауап беру:<br>ЫБырай Алтынсарин қай жылы дүниеге келді?<br>а/ 1841 ә/ 1842 б/ 1843<br>1. ЫБырай Алтынсаринді кім тәрбиелеген?<br>а/ ата-анасы ә/ әжесі б/ атасы<br>3. ЫБырай Алтынсарин кім болған?<br>а/ әңгімеші ә/ педагог б/ драматург<br>4.«Кел, балалар, оқылық!» өлеңінің авторы?<br>а/ Абай ә/ Ахмет б/ ЫБырай | Оқушыларға тест жазылған үлестірмелі карточкалар беріледі, оқушылар тапсырмаларды мұқият оқып, орындайды. | - тест тапсырмаларын орындайды | Өзіңді тексер!<br>Дұрыс жауаптары слайдта көрсетіледі |
| | Рефлексия<br>Сұрақтарым көп. Белсенді бола алмадым.<br>Сұрақтарым жоқ. Белсенді болдым.<br>Маған бәрі түсінікті болды. Өте белсенді болдым. | | | |

**Бағалау критерийі**

| Дескрипторлар | Ұпай саны |
|---|---|
| - жаңа сөздерді қайталайды<br>- сөйлем, сөз тіркестерін құрастырады | 2 |
| - тыңдаған,оқыған мәтіннің мазмұнын айтады.<br>- оқиғаны өз сөзімен баяндайды<br>- кейіпкерлерге мінездеме береді<br>- Не істеді? қандай? Неліктен? деген сұрақтар арқылы мәтінді әңгімелейді, сипаттайды, пайымдайды | 4 |
| - Әке мен бала» әңгімесі бойынша талдау жасайды;<br>- әкесі мен баласының іс-әрекетін ажыратып кестені толтырады | 4 |
| - суреттер пайдаланды;<br>- сұрақтарға жауап береді;<br>- әңгіменің мазмұнын жазады | 6 |
| - тест тапсырмаларын орындайды | 4 |
| Жалпы | 20 |

Сабақтан алған білімдерін бағалау мақсатында сабақ соңында әр оқушы өзінің бүгінгі жасаған жұмыстарына талдау жасайды. Мұғалімнің берген бағалау критерийлеріне сүйеніп, әр тапсырма бойынша жинаған ұпай сандарын қосып, өзін-өзі бағалайды. Жинаған ұпай сандарына қарап, оқушылардың сол тақырыпты қалай меңгергендігі байқалады.

## V. Сабақтан тыс уақытта толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары

2-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» (Т-2) пәнінен оқу бағдарламасын зерделеу нәтижесінде сабақтан тыс уақытта толықтырылатын оқыту мақсаттары анықталды [7]. Төменде сабақтан тыс уақытта толықтырылатын оқыту мақсаттары берілген (6.3-кесте).

6.3-кесте. Сабақтан тыс уақытта толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары

| **Бөлімше (түйінді дағдылар)** | **Оқу мақсаттары** |
|---|---|
| | **2-сынып** |
| «Оқылым» бөлімі (сөйлеу әрекетінің түрі) бойынша оқу мақсаттары | |
| 3.2 Мәтіннің мазмұнын түсіну | 2.3.2.1 шағын мәтіндегі жиі қолданылатын сөздерден құрастырылған қарапайым фразалардың/ сөйлемдердің мағынасын түсіну |
| 3.3 Мәтіннің жанрлары мен түрлерін анықтау | 2.3.3.1 мәтіннің жанрын (өлең, жаңылтпаш, жұмбақ, ертегі, әңгіме) ажырату |
| 3.5 Түрлі дереккөздер ден қажетті ақпаратты алу | 2.3.5.1 мұғалімнің қолдауымен сөздік, анықтамалықтардан қажетті ақпаратты табу |
| «Жазылым» бөлімі (сөйлеу әрекетінің түрі) бойынша оқу мақсаттары | |
| 4.1 Мәтінді түрлі формада ұсыну | 2.4.1.1 заттың сынын білдіретін сөздерді қолдана отырып, сөйлемді суретпен толықтырып жазу/постер құрастыру/ берілген иллюстрация бойынша мәтін (3 сөйлемнен кем емес) құрау |
| 4.3 Пунктуация лық нормаларды сақтау | 2.4.3.1 мұғалімнің қолдауымен сөйлем түрлерін айтылу мақсатына қарай ажырату және тиісті тыныс белгілерін (нүкте, сұрақ белгісі, леп белгісі) қолдану |
| 4.5 Орфография лық дағдыларды дамыту | 2.4.5.1 ә, ө, ү, ұ, і, ң, қ, ғ, h әріптері кездесетін сөздерді анықтап, теріп жазу |
| «Тілдік нормаларды қолдану» бөлімі бойынша оқу мақсаттары | |
| 5.1 Грамматикалық нормаларды сақтау (лингвистикалық терминдерді қолданбау) | 2.5.1.2 мұғалімнің қолдауымен шағын мәтіндегі көптік/ тәуелдік/септік/жіктік жалғаулы сөздерді ауызша/жазбаша тілде қолдану |
| | 2.5.1.4 мұғалімнің қолдауымен сөйлеу барысында есімдіктерді (сілтеу, сұрау есімдіктерін) қолдану |
| | 2.5.1.5 мұғалімнің қолдауымен үлгі бойынша жай сөйлемдегі сөз тіркестерінің байланысын түсіну және сақтау |

## VI. Сабақтан тыс уақытта толықтырылатын оқыту мақсаттары қарастырылатын кеңестер кестесі

Білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды толықтыру үшін 2,3-сыныптарда «Қазақ тілі» (Т-2) пәнінен сабақтан тыс уақытта толықтырылатын оқыту мақсаттары бойынша каникул кездерінде (күзгі, қысқы, көктемгі) кеңестер өткізу ұсынылады. Төмендегі кестеде каникул кездерінде (күзгі, қысқы, көктемгі) өткізілетін кеңестер кестесінің үлгісі келтірілген (6.4-кесте).

6.4-кесте – Каникул кездерінде (күзгі, қысқы, көктемгі) өткізілетін кеңестер кестесі

| Өткізілетін мерзімі | Тақырыптың атауы | Оқыту мақсаттары |
|---|---|---|
| Күзгі каникул | 3.2 Мәтіннің мазмұнын түсіну | 2.3.2.1 шағын мәтіндегі жиі қолданылатын сөздерден құрастырылған қарапайым фразалардың/сөйлемдердің мағынасын түсіну |
| Күзгі каникул | 3.3 Мәтіннің жанрлары мен түрлерін анықтау | 2.3.3.1 мәтіннің жанрын (өлең, жаңылтпаш, жұмбақ, ертегі, әңгіме) ажырату |
| Күзгі каникул | 3.5 Түрлі дереккөздер ден қажетті ақпаратты алу | 2.3.5.1 мұғалімнің қолдауымен сөздік, анықтамалықтардан қажетті ақпаратты табу |
| Қысқы каникул | 4.1 Мәтінді түрлі формада ұсыну | 2.4.1.1 заттың сынын білдіретін сөздерді қолдана отырып, сөйлемді суретпен толықтырып жазу/постер құрастыру/ берілген иллюстрация бойынша мәтін (3 сөйлемнен кем емес) құрау |
| Қысқы каникул | 4.3 Пунктуация лық нормаларды сақтау | 2.4.3.1 мұғалімнің қолдауымен сөйлем түрлерін айтылу мақсатына қарай ажырату және тиісті тыныс белгілерін (нүкте, сұрақ белгісі, леп белгісі) қолдану |
| Қысқы каникул | 4.5 Орфография лық дағдыларды дамыту | 2.4.5.1 ә, ө, ү, ұ, і, ң, қ, ғ, h әріптері кездесетін сөздерді анықтап, теріп жазу |
| Көктемгі каникул | 5.1 Грамматикалық нормаларды сақтау (лингвистикалық терминдерді қолданбау) | 2.5.1.2 мұғалімнің қолдауымен шағын мәтіндегі көптік/ тәуелдік/септік/жіктік жалғаулы сөздерді ауызша/жазбаша тілде қолдану |
| Көктемгі каникул | 5.1 Грамматикалық нормаларды сақтау (лингвистикалық терминдерді қолданбау) | 2.5.1.4 мұғалімнің қолдауымен сөйлеу барысында есімдіктерді (сілтеу, сұрау есімдіктерін) қолдану |
| Көктемгі каникул | 5.1 Грамматикалық нормаларды сақтау (лингвистикалық терминдерді қолданбау) | 2.5.1.5 мұғалімнің қолдауымен үлгі бойынша жай сөйлемдегі сөз тіркестерінің байланысын түсіну және сақтау |

## VII. Жазғы мектеп кезінде ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгісі

Пәні: қазақ тілі, 2-сынып

1-сабақ

| **Сабақтың тақырыбы: Менің ең жақын досым** | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары | 2.1.1.1 баяу және анық айтылған сөзді тыңдау және интонациясы бойынша сұраулы және лепті сөйлемдерді ажырату<br>2.1.3.1 Тыңдаған мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру және оған сәйкес фото/сюжетті суреттер/сызбалар таңдау/сипаттау | | | |
| Сабақтың мақсаты | Анық айтылған сөзді тыңдау және интонациясы бойынша сұраулы және лепті сөйлемдерді ажыратады<br>Тыңдаған мәтінге иллюстрация/суреттер/сызбалар таңдайды ж/е қарапайым сұрақтарға жауап береді | | | |
| **Сабақтың барысы** | | | | |
| **Сабақ кезеңдері** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
| Сабақтың басы | «Психологиялық жағымды ахуал қалыптастыру: «Сенім аралы»<br>Мақсаты: оқушылардың бір біріне деген сенімділік, жылылық сезімдерін ояту, еркін сөйлеу қабілеттерін дамыту, мейірімділікке тәрбиелеу.<br><br>Оқушылар шеңбер болып отырады. Бастапқы қатысушы жанындағы көршісінің қолын ұстап, «Мен саған сенемін, себебі сен ...» сөйлемді бір сөзбен аяқтайды. Тренинг шеңбер бойымен жалғасады, соңында бір-бірлерінің қолдарын ұстайды.<br><br>Сөйлемді мынадай сөздермен аяқтайды: мейірімдісің, ақылдысың, әдептісің, ұқыптысың, тәртіптісің, әдемісің, т.б.<br><br>Суреттер арқылы сұрақтарға жауап беріп, бүгінгі сабақтың тақырыбын, мазмұнын болжайды. | | *Қолпаштау* | <br> |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың ортасы | **Тыңдалым, айтылым.**<br><br>**1-тапсырма.** Жаңа сөздерді тыңда, оқы, қайтала, дұрыс айт. Жаңа сөздермен сөз тіркестерін, сөйлем құрастырады<br><br>*ең жақын-*<br><br>*қол ұшын-*<br><br>Мұғалім жаңа сөздермен таныстырады, оқушыларға қайталатады.<br><br>**Оқылым. Айтылым**<br>**ҰЖ. 2-тапсырма.** Мәтінді түсініп оқыңдар. Оқыған мәтіннің мазмұны бойынша сұрақ құру. Сызбаға сүйеніп, мәтіннің мазмұнын айт.<br><br>Менің ең жақын досымның есімі - Айжан. Біз бірінші сыныптан бері дос болып келеміз. Әрқашанда қол ұшын беруге дайын тұратын досымды мақтан тұтамын. Айжан екеуіміз сабаққа бірге дайындаламыз. Екеуіміздің ата - аналарымыз да қазір танысып, сыйласып кетті. Достар осындай болу керек деп ойлаймын.<br><br>**ӨЖ. 3-тапсырма.** Мәтінді оқып, | Жаңа сөздерді жазады, сөз тіркестерін, сөйлем құрастырады.<br><br>Оқушылар мәтінді мұқият тыңдайды, қайталап оқиды. Тапсырмаларды орындайды<br><br><br><br><br>• Сызбаны толтырады<br>• Сызбаға сүйеніп, мәтіннің мазмұнын айтады. | Дескрипторлар:<br><br>- жаңа сөздермен сөз тіркестерін, сөйлем құрастырады<br><br>-сызбаны толтырады;<br><br>-сызбаға сүйеніп,мәтінді әңгімелейді,<br><br>- оқыған мәтіннің мазмұны бойынша сұрақ құрады. | Жаңа сөздер тақтада көрсетіледі<br><br>znanija.com›tak/29635922<br><br>тапсырмалар жазылған қима қағаздар |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | сұрақтарға жауап беру.<br><br>Саша, Әнел,Анна, Қанат- менің достарым. Қанат - менің ең жақсы досым. Ол өте мейірімді, әрі ақылды.<br>**ӨЖ. 4-тапсырма.** Сұрақтарға жауап беріп, сөйлемдерді дәптерге жазыңдар.<br><br>- Сенің досың кім?<br>- Сенің ең жақын досың кім?<br>- Ол қандай?<br>**Тілдесім. айтылым**<br><br>**ЖЖ. 5-тапсырма**. Үлгі бойынша диалог құраңдар.<br><br>Үлгі:<br>-Сенің досың бар ма?<br>-Иә, менің досым бар.<br>-Оның аты кім?<br>-Оның аты- Қанат.<br>- сенің кішкентай досың бар ма?<br>-Иә, менің күшігім/мысығым бар.<br>-Ол қандай?<br>-Ол ақылды | Мәтінді оқиды, сұрақтарға жауап береді.<br><br>Сұрақтарға жауап беріп, сөйлемдерді дәптерге жазады.<br><br>Үлгі бойынша диалог құрайды | -мәтінді оқиды, сұрақтарға жауап береді;<br><br>-сұрақтарға жауап береді;<br><br>-сөйлемдерді дәптерге жазады<br><br>-үлгі бойынша диалог құрайды | |
| Сабақтың соңы | Рефлексия. Оқушылар сабақта алған білімдерін, тақырыпты қаншалықты түсінгендерін бағдаршамның түстері арқылы білдіреді | **«Бағдаршам» әдісі**<br>**Қызыл - мүлдем түсінбедім**<br>**Сары - жартылай түсіндім**<br>**Жасыл -толық түсінікті** | |  |

2-сабақ


| | |
|---|---|
| Сабақтың тақырыбы | Атақты ғалым |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары | 2.1.4.1 тыңдаған материалдың мазмұнын түсіну мұғалімнің қолдауымен жағымды және жағымсыз кейіпкерлерді анықтау<br>2.1.5.1 мәтіннің тақырыбы мен тірек сөздері, сөз тіркестері бойынша мазмұнын болжау |
| Сабақтың мақсаты | **Барлығы оқушылар:** мұғалімнің көмегңмен мәтіннің мазмұнын түсініп, жағымды және жағымсыз кейіпкерлерді анықтайды.<br>**Көпшілік оқушылар:** мәтіннің мазмұнын түсініп, мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойды анықтайды..<br>**Кейбір оқушылар:** тақырып бойынша білетін қосымша ақпаратымен бөліседі |

Сабақтың барысы.

| Сабақ кезеңдері | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы<br><br>Ой қозғау | (ҰЖ) «Адасқан сөздер»<br><br>**1-тапсырма.** Қима әріптерден сөз құрау арқылы сабақтың тақырыбын болжау.<br><br>А Ш Қ А , А У Д Р А М Ы Ш А, С А Т Я Х А Т Н А У Ы Ш, А Ғ А Ы М Л.<br><br>Бүгінгі сабағымыз кім және не туралы болмақ, қалай ойлайсыздар? - сұрағына жауап беру арқылы сабақтың тақырыбын болжайды. | Оқушылар қима әріптерден сөз құрау арқылы сабақтың тақырыбын болжайды. | Дескрипторлар:<br>-сөздерді дұрыс құрастырады;<br>-сабақтың тақырыбын болжайды | Кеспе әріптер |

<table>
<tr>
<td rowspan="2">Сабақтың ортасы</td>
<td>2-тапсырма. Сөздік жұмысы. Жаңа сөздерді оқып, жаңа сөздер мен сөз тіркестерін қатыстырып, сөйлем құрастыру.<br><br>Тұңғыш-первый (-ая,-ое)<br>Ғалым-ученый<br>Зерттеу-изучать, исследовать<br><br>Мен зерттеу жасаймын.<br>Сен зерттеу жасайсың<br>Сіз зерттеу жасайсыз<br>Ол зерттеу жасайды</td>
<td>Оқушылар сөздердің аудармасын аударма сөздіктен табады<br>- сөздерді қайталайды<br>- сөз тіркесін, сөйлем құрастырады</td>
<td>- сөздік арқылы сөздерді аударады;<br>-сөздерді қайталайды<br>- жаңа сөздерді қатыстырып сөйлем құрастырады</td>
<td>Сөздер интерактивті тақтадан көрсетіледі</td>
</tr>
<tr>
<td>ЖЖ. 3-тапсырма. Мәтінді мұқият тыңдап, тірек тапсырмаларды орындау.<br><br>Шоқан Уалиханов 1835 жылы қараша айында Омбы қаласында дүниеге келген. Шоқан Уалиханов - ғалым, тарихшы, саяхаттанушы. Шоқан Уалиханов Абылай ханның ұрпағынан тараған. Әкесі аға сұлтан болған. Шоқан – өте талантты білімді болды. Ол жас кезінде Ресейде оқыды. Шоқан Уалиханов сурет салғанды жақсы көрген.<br><br>
<table>
<tr><th>№</th><th>Сөйлемдер</th><th>Дұрыс емес</th><th>Дұрыс</th></tr>
<tr><td>1</td><td>Шоқан 1935 жылы туған</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>2</td><td>Шоқан Омбы қаласында дүниеге келген</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>3</td><td>Шоқан Уалиханов-ғалым,</td><td></td><td></td></tr>
</table>
</td>
<td>Оқушылар мәтінді тыңдайды, оқиды, мәтін мазмұны бойынша берілген тапсырмаларды орындайды</td>
<td>-сөйлемдердің дұрыс, бұрыстығын анықтайды</td>
<td><br>Мәтін жазылған қима қағаздар</td>
</tr>
</table>

<table>
<tr>
<td></td>
<td>
<table>
<tr><td></td><td>тарихшы, саяхаттанушы</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>4</td><td>Әкесі қарапайым адам болған</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>5</td><td>Шоқан Уалиханов сурет салғанды жақсы көрген</td><td></td><td></td></tr>
</table>
<br>
Жазылым.<br>
4-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып жазу.<br><br>
Шоқан – қазақтың .... .... . Ол жас кезінде .... оқыды. Шоқан – өте талантты .... болды. Ол ұстаздарынан .... үйренді.<br><br>
Керекті сөздер: білімді, Ресейде, тұңғыш ғалымы, зерттеу жасауды.
</td>
<td>Сөйлемдерді толықтырып жазады</td>
<td>-сөйлемдердің мазмұнын түсінеді;<br>-сйлемдерді толықтырады</td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td>Ой толғаныс.</td>
<td>
5-тапсырма. Мәтіннің мазмұны бойынша берілген кестені толтырады
<table>
<tr><th>мәтін тақырыбы</th><th>негізгі ақпарат</th><th>мәтіндегі көтерілген мәселе</th></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>
</td>
<td>Кестені толтырады</td>
<td>-мәтіннің тақырыбы мен негізгі ақпаратты анықтайды,<br>-мәтіндегі көтерілген мәселені анықтайды</td>
<td></td>
</tr>
</table>

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың соңы<br>Ой тұжырым | **6-тапсырма**: **«Кластер» әдісі**<br>«Ол-кім?», «Ол не істеді?» деген сұрақтарға жауап беріп,сызбаны толтыру<br><br> | «Ол-кім?», «Ол не істеді?» деген сұрақтарға жауап беріп,сызбаны толтыр. | -сұрақтарға жауап береді;<br>-кластерді толтырады | |
| Рефлексия | «Төрт сауалға жауап» әдісі арқылы сабақты бекіту.<br>Төрт сауалға жауап:<br>1.Біз бүгін білдік (нені?)<br>2.Мен жақсы орындадым (нені?)<br>3 Топ жақсы орындады (нені?)<br>4.Білгім келеді (нені?) | | | |

## 7. «Қазақ тілі»(Т-2) оқу пәні, 4-сынып

### I. Өткен оқу жылында өтілген оқу бағдарламасының мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттары

4-сыныпта «Қазақ тілі»(Т-2) пәнінен диагностикалық жұмыс жүргізу үшін 3-сыныпқа арналған «Қазақ тілі»(Т-2) пәнінің оқу бағдарламасындағы оқыту мақсаттары зерделенеді. Ол үшін жаңартылған мазмұндағы бастауыш білім беру деңгейінің 3,4-сыныптарына арналған «Қазақ тілі»(Т-2) пәнінің үлгілік оқу бағдарламасын қарастырамыз [7]. 3-сыныптың оқу бағдарламасының мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттары келесі кестеде көрсетілген (7.1-кесте).

7.1-кесте – 3-сыныптың мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттары

| Сөйлеу әрекеттерінің түрлері | Бөлімше (түйінді дағдылар) | Оқу мақсаттары |
|---|---|---|
| Тыңдалым | 1.1 Тыңдаған материалдың мазмұнын түсіну | 3.1.1.1* анық айтылған сөзді тыңдап,түсінгені бойынша қарапайым нұсқауларды орындау |
| | 1.2 Сөздердің лексикалық мағынасын түсіну | 3.1.2.1* баяу және анық айтылған жиі қолданылатын сөздер және сөз тіркестерінен құралған шағын мәтіндердегі сөйлемдердің мазмұнын түсіну |
| | 1.3 Тыңдаған аудио/бейнематериал дың мазмұнын түсіну | 3.1.3.1* тыңдаған материалдың (ұзақтығы 1,5-2 мин) мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру және сюжеттің даму желісі бойынша иллюстрациялар орналастыру/кесте толтыру/мазмұндау |
| | 1.4 Мәтіндегі негізгі, қосалқы мәліметтерді түсіну | 3.1.4.1* тыңдаған мәтіннің тақырыбын, жағымды және жағымсыз кейіпкерлерді, мұғалімнің қолдауымен оқиғалар ретін анықтау |
| Айтылым | 2.1 Сөздік қорды толықтыру | 3.2.1.1 берілген тақырыпқа қатысты сөздерді табу және сөйлеу барысында қолдану |
| | 2.2 Берілген тақырып бойынша ойын жеткізу | 3.2.2.1 берілген тірек сөздер негізінде сөйлеу (3-4 сөйлем) |
| | 2.3 Түрлі жағдаяттарда қарым-қатынасқа түсу (диалог) | 3.2.3.1* белгілі тақырыптағы әңгімеге қатысу және сұхбаттасын түсіну және олардың ойын толықтыру |
| | 2.4 Оқыған/ тыңдаған материлды мазмұндау | 3.2.4.1* жоспар (сурет, сызба түрінде) және тірек сөздер негізінде оқиға желісін сақтай отырып мазмұндау |
| | 2.5 Тыңдау-көру материалдары негізінде ойын айту | 3.2.5.1* оқыған/тыңдаған материал бойынша өз пікірін (менің ойымша ..., менің көзқарасым бойынша ..., себебі ...) дәлелдеу |

| | | |
|---|---|---|
| Оқылым | 3.1 Оқу түрлерін қолдану | 3.3.1.1* мәтінді немесе оның бөлімдерін мәнерлеп оқу, шолып (танысу мақсатында) оқу/рөлге бөліп оқу |
| | 3.2 Мәтіннің мазмұнын түсіну | 3.3.2.1 жиі қолданылатын сөздер мен фразалардан құрастырылған шағын мәтіндегі негізгі ойды түсіну |
| | 3.3 Мәтіннің жанрлары мен түрлерін анықтау | 3.3.3.1* мәтіннің жанрын (әңгіме, тұрмыс-салт жырлары, бата, мақал-мәтелдер) ажырату, баяндау/сипаттау мәтіндерін анықтау |
| Жазылым | 4.1 Мәтінді түрлі формада ұсыну | 3.4.1.1* тірек сөздер, сызбалар, суреттер, символдарды қолданып, постер/мәтін құрастыру |
| | 4.2 Тыңдаған/ оқыған/көрген материалдың мазмұнын жазу | 3.4.2.1* оқыған/аудио/бейне материалдың мазмұнын тірек сөздерді қолданып жазу |
| | 4.3 Пунктуация лық нормаларды сақтау | 3.4.3.1 өз бетінше жай сөйлемнің соңында қойылатын тыныс белгілерді қолдану |
| | 4.4 Каллиграфиялық дағдыларды дамыту | 3.4.4.1 кең жолды дәптерге бас әріптер мен кіші әріптердің биіктігін, енін, көлбеулігін және олардың байланысын сақтап жазу, каллиграфиялық дағдыларын дамыту |
| | 4.5 Орфография лық дағдыларды дамыту | 3.4.5.1 жаңа сөздерді орфографиялық сөздіктерге сүйеніп дұрыс жазу |
| | | 3.4.5.2 дауыссыз б-п, қ-ғ, к-г дыбыстары кездесетін сөздерді емлесін сақтап жазу |
| Тілдік дағдылар | 5.1 Грамматикалық нормаларды сақтау (лингвистикалық терминдерді қолданбау) | 3.5.1.1* мұғалімнің қолдауымен заттың атын/сынын/іс-қимылын білдіретін сөздер мен көмекші сөздердің мағынасын ажырату, ауызша/жазбаша сөйлеу тілінде қолдану |
| | | 3.5.1.2* өз бетінше шағын мәтіннен көптік/ тәуелдік/септік/жіктік жалғаулы сөздерді ауызша/жазбаша тілде қолдану |
| | | 3.5.1.3 мұғалімнің қолдауымен шағын мәтіндегі етістіктің шақ, рай формаларын ауызша/жазбаша тілде қолдану |
| | | 3.5.1.4* мұғалімнің қолдауымен жіктеу есімдіктерінің септелуін және септеулік шылауларды ауызша/жазбаша тілде қолдану |
| | | 3.5.1.5* үлгі бойынша сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтап жай сөйлем және мұғалімнің қолдауымен құрмалас сөйлем құрастыру |

## II. Іріктеп алынған оқыту мақсаттары бойынша диагностикалық жұмыстың үлгісі

Диагностикалық жұмыс білім алушылардың олқылықтарын толықтыру үшін жүргізілетін жұмыс болып табылады. Сондықтан диагностикалық жұмыстың тапсырмалары ретінде толық жауапты қажет ететін тапсырмаларды беру ұсынылады.

Төменде 3-сыныптағы «Қазақ тілі» (Т-2) пәнінің мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттарына сәйкес әзірленген диагностикалық жұмыс тапсырмаларының үлгісі берілген. Үлгі екі нұсқада әзірленген.

**1 нұсқа.** Диагностикалық жұмыс жүргізуге ұсынылатын оқыту мақсаттары

| **Бөлімше атауы** | **Оқыту мақсаттары** |
|---|---|
| | |
| Айтылым | 3.2.1.1 Берілген тақырыпқа қатысты сөздерді табу және сөйлеу барысында қолдану |
| | 3.2.4.1 жоспар (сурет, сызба түрінде) және тірек сөздер негізінде оқиға желісін сақтай отырып мазмұндау<br><br>3.2.5.1 оқылған/тыңдаған материал бойынша өз пікірін (менің ойымша ..., менің көзқарасым бойынша ..., себебі ...) дәлелдеу |
| Жазылым | 3.4.5.2 Дауыссыз б-п, қ-ғ, к-г дыбыстары кездесетін сөздерді емлесін сақтап жазу |

«Өнер» тақырыбына берілген диагностикалық жұмыс тапсырмалары

**1-тапсырма**. Мәтінді мұқият тыңдап, сұрақтарға жауап беру арқылы кестені толтыру.

Қазақ жерінде XVIII ғасырлардақолөнер дәстүрі қатты дамыған. Әсіресе жүннен жасалған ашық түсті текеметтер, қара ала сырмақтар, қызыл жасылды түскиіздер, ала қызыл гүлді кілемдер, қошқар мүйізді алашалар мен тоқсылған сандық қап, аяқ қап, кесе қап және шекпен, шапан т. б.

Сонымен бірге қазақтың өткен заманда дамыған қолөнер түрі-зергерлік өнер. Бұрыңғы заманда Қазақстан жерінде алтын, күміс, қорғасын, мыс, қолайы т. б.металлдар өндірілген. Олардан түрлі бұйымдар, киім-кешектер де әзірленген. Әсіресе әйелдерге, қыздарға арналған шолпы, білезік, қапсырма, сақина, жүзік, сырға, алқа, түймелер жасаған.

Сондай-ақ, қару-жарақ, ер-тұрман, ыдыс-аяқ, музыкалық аспаптарын әшейкелеген. Бұл бұйымдар сақтар заманынан белгілі. Мұны Геродот сияқты ежелгі грек ғалымдарының еңбектерінен көруге болады

| Сұрақтар | Жүннен жасалған | Металлдан жасалған |
|---|---|---|
| Қазақ жерінде қолөнер қай ғасырда дамыған? | | |
| Олардың түрлерін атаңдар | | |

| | | |
|---|---|---|
| Қандай ерекшеліктері бар? | | |
| Қалай қолданылды? | | |

**2-тапсырма**. Оқылған мәтін бойынша тірек сөздерді пайдаланып өз пікірін (менің ойымша ..., менің көзқарасым бойынша ..., себебі ...) айтып, дәлелдеу

**Тірек сөздер:**

- XVIII ғасырларда
- қолөнер
- жүннен жасалған
- өткен заманда
- зергерлік өнер
- бұйымдар
- киім кешектер


**3-тапсырма.** Көп нүктенің орнына суреттегі заттың атауын қойып, сөз тіркесін құрастырып жазу.

1. Анамның  ----------

2. Ас бөлменің  ----------

3. Әжемнің  ----------

**4-тапсырма**. Кестеге «Егер мен өнертапқыш болсам...» тақырыбына қатысты сөздер жазу.




**5-тапсырма.** Дауыссыз б-п, қ-ғ, к-г дыбыстары кездесетін сөздерді тауып, емлесін сақтай отырып жазу.

Үлгі: кітап – кітабы, тарақ-тарағы, көйлек-көйлегі, ...
Бағалау критерийлері

| | | |
|---|---|---|
| 1-тапсырма | Мәтінді мұқият тыңдап, кестені толтырады | 4 |

| | | |
|---|---|---|
| 2-тапсырма | Тірек сөздерді пайдаланып, мәтінді мазмұндайды | 4 |
| 3-тапсырма | Суреттердің орнына сөздермен, тиісті қосымшаны жазады | 3 |
| 4-тапсырма | тақырыпқа қатысты сөздер жазады | 3 |
| 5-тапсырма | Дауыссыз б-п, қ-ғ, к-г дыбыстары кездесетін сөздерді тауып жазады | 4 |
| Жалпы | | 18 |

**2 нұсқа.** Диагностикалық жұмыс жүргізуге ұсынылатын оқыту мақсаттары

| **Бөлімше атауы** | **Оқыту мақсаттары** |
|---|---|
| | |
| Айтылым | 3.2.4.1 Жоспар (сурет, сызба түрінде) және тірек сөздер негізінде оқиға желісін сақтай отырып мазмұндау |
| Жазылым | 3.4.1.1 Тірек сөздер, сызбалар, суреттер, символдарды қолдана отырып, мәтін құрастыру /постер құру |

**1- тапсырма**. Мәтінді оқып, оқиға желісін мазмұндау үшін жоспар құру.

Бір күні хан балаларына әлемдегі ең ғажайып затты тауып әкелуді тапсырады. Ханның үлкен ұлы бір кесек алтын әкеледі. Екіншісі қымбат тастарды алып келеді. Ал үшінші ұлы бір құмыра су әкеледі. Ағалары оған күледі. Сонда ол:мен біржұтым су үшін барлық алтынын, бағалы тастарын берген адамды көрдім. Жаңбырдан кейін құлпыра өскен гүлдер мен ағаштарды көрдім. Мен судың әлемдегі ең ғажайып зат екенін осыдан түсіндім, -дейді.

Хан кіші баласына риза болып, батасын береді.

**2- тапсырма**. Оқылған мәтіннің мазмұнын ашатын тірек сөздерді теріп жазу.


**3-тапсырма.** Мәтіннің бөліктерін түсініп оқы. Мәтіннің басқы, ортаңғы және соңғы бөліктерін анықтап, дөңгелектің ішіне ретін көрсетіп жазу (1, 2, 3).

Жаңбырдан кейін құлпыра өскен гүлдер мен ағаштарды көрдім. Мен судың әлемдегі ең ғажайып зат екенін осыдан түсіндім, -дейді

Екіншісі қымбат тастарды алып келеді. Ал үшінші ұлы бір құмыра су әкеледі. Ағалары оған күледі. Сонда ол:мен біржұтым су үшін барлық алтынын, бағалы тастарын берген адамды көрдім.

Бір күні хан балаларына әлемдегі ең ғажайып затты тауып әкелуді тапсырады. Ханның үлкен ұлы бір кесек алтын әкеледі

**4-тапсырма** . Сұрақ қою арқылы (не істеді? қандай? неліктен?) мәтін түрлерін (әңгімелеу/сипаттау/пайымдау) анықтау.




**5-тапсырма**. Берілген суретті пайдаланып, сызба бойынша сөйлем құрастыру. Тыныс белгілеріне қарап сөйлем түрлеріне талдау жасау, себебін түсіндіру.

1) ?

2) .

3) ?

4)



Бағалау критерийлері

| | | |
|---|---|---|
| 1-тапсырма | Мәтінді оқып, оқиға желісін мазмұндау үшін жоспар құрады | 2 |
| 2-тапсырма | Мәтіннен тірек сөздерді жазады | 3 |
| 3-тапсырма | Мәтіннің бөліктерін анықтайды | 3 |
| 4-тапсырма | Сұрақтарға жауап беру арқылы мәтінді әңгімелейді | 4 |
| 5-тапсырма | Суреттің мазмұны бойынша сөйлемдер құрастырады | 4 |
| Жалпы | | 16 |

## III. Сабақ барысында толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары

3-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» (Т-2) пәнінен оқу бағдарламасын зерделеу нәтижесінде 4-сыныптағы «Қазақ тілі» (Т-2) пәнінің оқыту мақсаттарымен кіріктіруге болатын оқыту мақсаттары анықталды. Кіріктіруге болатын оқыту мақсаттары ұсыныс түрінде 7.2-кестеде берілген.

7.2-кесте – 3,4-сыныптардың кіріктірілетін оқыту мақсаттары

| Бөлімше (түйінді дағдылар | Оқу мақсаттары | |
|---|---|---|
| | 4-сынып | 3-сынып |
| «Тыңдалым» бөлімі бойынша оқу мақсаттары | | |
| 1.1 Тыңдаған материалдың мазмұнын түсіну | 4.1.1.1 анық айтылған сөзді тыңдап, қысқаша жазба (тірек сөздер) жасау және нақтылау мақсатында сұрақтар құру | 3.1.1.1 анық айтылған сөзді тыңдап,түсінгені бойынша қарапайым нұсқауларды орындау |
| 1.2 Сөздердің лексикалық мағынасын түсіну | 4.1.2.1 бейтаныс сөздер мен сөз тіркестері бар мәтіннің мағынасын мәнмәтінге қатысты анықтап түсіну | 3.1.2.1 баяу және анық айтылған жиі қолданылатын сөздер және сөз тіркестерінен құралған шағын мәтіндердегі сөйлемдердің мазмұнын түсіну |
| 1.3 Тыңдаған аудио/бейнематер иалдың мазмұнын түсіну | 4.1.3.1 тыңдаған материалдың (ұзақтығы 2-2,5 мин) мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру/сөйлемді толықтыру және түйінді тұстарын анықтау/кесте толтыру/кластер құрастыру | 3.1.3.1 тыңдаған материалдың (ұзақтығы 1,5-2 мин) мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру және сюжеттің даму желісі бойынша иллюстрациялар орналастыру/кесте толтыру/ мазмұндау |
| 1.4 Мәтіндегі негізгі, қосалқы ақпараттар ды түсіну | 4.1.4.1 тыңдаған мәтін бойынша оқиғаның себеп-салдарлық байланысын (кейіпкерлер, оқиға) анықтау | 3.1.4.1 тыңдаған мәтіннің тақырыбын, жағымды және жағымсыз кейіпкерлерді, мұғалімнің қолдауымен оқиғалар ретін анықтау |
| 1.5 Тыңдалым материалын болжау | 4.1.5.1 тыңдаған оқиға/әңгіме бөліктерінің жалғасын болжау | 3.1.5.1 тыңдаған фразаның алдындағы немесе кейінгі оқиғаны болжау |
| «Айтылым» бөлімі бойынша оқу мақсаттары | | |
| 2.1 Сөздік қорды толықтыру | 4.2.1.1 берілген сөздерге қарама-қарсы мағыналы, мағыналас сөздерді табу және сөйлеу барысында қолдану | 3.2.1.1 берілген тақырыпқа қатысты сөздерді табу және сөйлеу барысында қолдану |
| 2.2 Берілген тақырып бойынша сөйлеу | 4.2.2.1 берілген тірек сөздер мен жоспардың негізінде қысқа монолог құру | 3.2.2.1 берілген тірек сөздер негізінде сөйлеу (3-4 сөйлем) |
| 2.3 Түрлі жағдаяттарда қарым-қатынасқа түсу (диалог) | 4.2.3.1 белгілі бір тақырыпта сұхбаттасу барысында шағын мәліметті (4-5 сөйлем) баяндау, кері байланыс беру, сөйлеу стилін сақтау, дауыс ырғағын келтіріп сөйлеу | 3.2.3.1 белгілі тақырыптағы әңгімеге қатысу және сұхбаттасын түсіну және олардың ойын толықтыру |
| 2.4 оқыған/тыңдаған | 4.2.4.1 жоспар/жазбалар ын қолданып, мәтінді толық | 3.2.4.1 жоспар (сурет, сызба түрінде) және тірек сөздер |

| | | |
|---|---|---|
| материалды мазмұндау | мазмұндау | негізінде оқиға желісін сақтай отырып мазмұндау |
| 2.5 Оқыған/тыңдаған материал бойынша пікірін білдіру | 4.2.5.1 шығарманың кейіпкері туралы пікірлерді (менің түсінігім бойынша, ... оның пікірінше, ... оның айтуынша, ..., кейбір адамдардың ойынша, ...) салыстыра отырып бағалау | 3.2.5.1 оқыған/тыңдаған материал бойынша өз пікірін (менің ойымша ..., менің көзқарасым бойынша ..., себебі ...) дәлелдеу |
| «Оқылым» бөлімі бойынша оқу мақсаттары | | |
| 3.1 Оқу түрлерін қолдану | 4.3.1.1 мәтінді іштей, түсініп және қажетті ақпаратты тауып/шолып/бел гі қойып оқу | 3.3.1.1 мәтінді немесе оның бөлімдерін мәнерлеп оқу, шолып (танысу мақсатында) оқу/ рөлге бөліп оқу |
| 3.2 Мәтіннің мазмұнын түсіну | 4.3.2.1 бейтаныс сөздер кездесетін шағын мәтіндегі негізгі ойды түсіну | 3.3.2.1 жиі қолданылатын сөздер мен фразалардан құрастырылған шағын мәтіндегі негізгі ойды түсіну |
| 3.3 Мәтіннің жанрлары мен түрлерін анықтау | 4.3.3.1 мәтіннің жанрын (мақал-мәтелдер, бата, аңыз, мысал, өсиет әңгімелердің) жанрлық ерекшеліктерін және көмекші сөздердің қолдауымен пайымдау мәтінін анықтау | 3.3.3.1 мәтіннің жанрын (әңгіме, тұрмыс-салт жырлары, бата, мақал-мәтелдер) ажырату, әңгімелеу/сипат тау мәтінін анықтау |
| 3.4 Сұрақтар мен жауаптар құрастыру | 4.3.4.1 мұғалімнің қолдауымен мәтін мазмұнын және кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалауға бағытталған сұрақтар (неліктен? не үшін?) құрастыру және оған жауап беру | 3.3.4.1 мәтін мазмұны мен кейіпкерлерінің іс-әрекетін нақтылау үшін сұрақтар (қандай? қай? қашан? қайда?) құрастыру және оған жауап беру |
| 3.5 Түрлі дереккөздер ден қажетті ақпаратты алу | 4.3.5.1 қажетті ақпараттарды табу үшін түрлі дереккөздерді (сөздіктер, инфографикалар, энциклопедиялар, ғаламтор) қолдана білу және ақпаратты кестеге салу (жіктеу)/сызба түрінде беру | 3.3.5.1 сөздіктер мен анықтамалықтардан қажетті ақпаратты табу және оны алу |
| «Жазылым» бөлімі бойынша оқу мақсаттары | | |
| 4.2 Тыңдаған/оқы ған материалдың мазмұнын жазу | 4.4.2.1 оқыған/аудио/ бейнематериалдың мазмұнын дайын жоспар негізінде жазу | 3.4.2.1 оқыған/аудио/бей не материалдың мазмұнын тірек сөздерді қолданып жазу |
| 4.3 Пунктуациялық нормаларды сақтау | 4.4.3.1 сөйлемнің бірыңғай мүшелерінің тыныс белгісін (үтір, қос нүкте)/қаратпа сөзден кейінгі сөйлемнің тиісті тыныс белгілерін қолдану | 3.4.3.1 өз бетінше жай сөйлемнің соңында қойылатын тыныс белгілерді қолдану |
| 4.5 Орфографиялық | 4.4.5.2 сөзге қосымшалар жалғау | 3.4.5.2 дауыссыз б-п, қ-ғ, к-г |

| | | |
|---|---|---|
| дағдыларды дамыту | кезінде үндестік заңын сақтау | дыбыстары кездесетін сөздердің емлесін сақтап жазу |
| «Тілдік нормаларды қолдану» бөлімі бойынша оқу мақсаттары | | |
| 5.1 Грамматикалық нормаларды сақтау (лингвистикалық терминдерді қолданбау) | 4.5.1.2 көптік/ тәуелдік/септік/жіктік жалғаулы сөздерді ауызша/жазбаша тілде қолдану | 3.5.1.2 өз бетінше шағын мәтіннен көптік/ тәуелдік/ септік/жіктік жалғаулы сөздерді ауызша/жазбаша тілде қолдану |
| | 4.5.1.3 өз бетінше шағын мәтіннен етістіктің шақ, рай формаларын ауызша/жазбаша тілде қолдану | 3.5.1.3 мұғалімнің қолдауымен шағын мәтіндегі етістіктің шақ, рай формаларын ауызша/жазбаша тілде қолдану |

## IV. Кіріктірілетін оқыту мақсаттары бойынша ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгісі


1-сабақ

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың тықырыбы: | Отбасым өнерлі | | | |
| Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары | 4.1.3.1* тыңдаған материалдың (ұзақтығы 2-2,5 мин) мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру/сөйлемді толықтыру және түйінді тұстарын анықтау/кесте толтыру/кластер құрастыру | | | |
| Өткен оқу жылындағы оқу мақсаттары | 3.1.3.1 тыңдаған материалдың (ұзақтығы 1,5-2 мин) мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру және сюжеттің даму желісі бойынша иллюстрациялар орналастыру/кесте толтыру/ мазмұндау | | | |
| Сабақтың мақсаты | Оқушылардың барлығы: тыңдаған мәтіннің мазмұнын түсінеді, тірек сөздермен сөз тіркестерін құрайды, жалғауларды дұрыс қолданады.<br>Оқушылардың көпшілігі: тыңдаған мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, сурет бойынша мәтін құрайды, сұрақ-жауапқа қатысады.<br>Оқушылардың кейбірі: тақырып бойынша өз ойларыммен бөліседі, басқа оқушылардың ойларын толықтырады. | | | |
| Сабақтың кезеңі | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
| Сабақтың басы | Ширату жаттығуы: «Жақсы ма?»<br>- Досың болған жақсы ма?<br>- *Жақсы! Жақсы! Жақсы!*<br>- Сабаққа дайындығымыз жақсы ма?<br>- *Жақсы! Жақсы! Жақсы!*<br>-Көңіл-күйіміз жақсы ма?<br>*-Жақсы! Жақсы! Жақсы!*<br>Өткен тақырыпты еске түсіру.<br>«ИӘ» және «ЖОҚ» ойыны | Оқушылар сұрақтарға жауап береді | Оқушылар сыныптастарының жауабын тыңдай отырып бірін-бір бағалайды | |
| | Мақсаты: қатысушылардың көңіл-күйін көтеру, жағымды эмоция туғызу. Сабақтың тақырыбын болжау.<br>1. «Әрқашан күн сөнбесін» (4 жол) | Оқушылар әндерді орындап, сұрақтарға жауап беру арқылы сабақтың тақырыбын | | Ән жолдары жазылған слайд **youtube.com**›watch?v=_vACUCRMv8I |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 2. «Анашым» (4 жол)<br>3. «День рождения» (4 жол)<br>4. «Школный вальс» (4 жол)<br>5. «Жан досым» (4 жол)<br>- Балалар, қалай ойлайсыңдар, ән орындау, бұл өнер ме?<br>- Отбасында кім ән айтқанды жақсы көреді? - Қандай өнер түрлерін білесіңдер?<br>- Ендеше, бүгінгі сабақтың тақырыбы «Өнерлі отбасы» | болжайды | |  |
| | Жаңа сөздермен танысу. Сөздерді оқу, қайталау, сөз тіркесін құрастыру.<br><br>Өнер-искусство<br>Белгілі-известный(-ая,-ое)<br>Зергер-ювелир<br>Сырға-сережка,серьги<br>Күміс- серебро<br>Кілем-ковер<br>Көрме-выставка<br>Ою-орнамент, узор | Сөздерді оқиды, қайталайды, сөз тіркесін құрастырады.<br>Мысалы:<br>Белгілі суретші. | -сөздерді оқиды, қайталайды;<br>-сөз тіркесін құрастырады | |
| Сабақтың ортасы | Тыңдалым.Айтылым.<br>**1-тапсырма.** Мәтінді тыңда.Мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтар құрастырып, жауап беру.<br><br>– Ей, Мысық, аман ба? Мына ойыншықты кім істеді? – деп Шоқан сары балаға жылы амандасып, күлімдей қарады.<br>– Өзімдікі, өзім істедім, – деп танауын бір тартып, кішкене көкшіл көзі шегірейіп, Мысық ойыншықтарын бауырына қарай | | - мәтінді тыңдайды,<br>- сұрақтар құрастырады,<br>- сұрақтарға жауап береді.<br>- кестені толтырады | Суреттер<br>Өзіңді тексер!<br> |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | икемдей берді. Шоқан құнаннан түсіп, өзіне қарай жүргенде, сары бала:<br>– Иә, бермеймін, – деп ойыншықтарын жинай бастады.<br>– Ей, Мысық, немене, өзің сонша қорқасың. Алмаймын, көрейін, – деп күлімдей сұрады Шоқан.<br>– Жоқ, сенің құнаның бар, алып қашып кетесің. Мен жаяумын. Кеше әлгі бір тентек бала өзімді сабап кетті. Сен тимейсің бе? – деп, Мысық батылдана, мұңын шаға сөйледі.<br>– Жоқ, мен алып қашпаймын. Тек көрем.<br>Мысық Шоқанға бұрынғы үйірлігіне сеніп, ойыншықтарын тегіс көрсетті.<br><br>**(Ж)** «Бұл жауабы болса, онда сұрақ қандай болады?» әдісі бойынша оқушыларға сөйлемдер беріліп, жауап ретінде осы сөйлемдерді алу үшін сұрақ қандай болатынын анықтайды.<br>Шоқан Мысықпен жылы амандасты<br>Мысық ойыншықтарын жинады<br>Тентек бала Мысықты сабап кетті<br>Шоқан Мысықтың мүсіндерін қарады. | | |  |
| | **2-тапсырма.** Әңгімедегі кейіпкерлерге мінездеме бер. Кестені толтыр.<br><br>Кейіпкерлер \| мінездеме<br>Шоқан | мәтін бойынша берілген кестені толтырады | -әңгіменің мазмұнын түсінеді;<br>-кейіпкерлерге мінездеме береді | Кесте. Өзіңді тексер! |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Мысық<br><br>**Оқылым. Айтылым.**<br>**3-тапсырма.** Мәтінді оқы. Өз отбасың туралы айтып бер.<br>Менің отбасым өнерлі. Атам – белгілі зергер. Ол кісі күмістен сырға жасайды. Әкем домбыра тартады. Ағам-суретші. Інім ән айтады. Анам киім тігеді. Мен пианинода ойнаймын. Біз «Өнерлі отбасы» байқауына қатыстық. Біз екінші орын алдық. | Оқиды. Өз отбасылары туралы айтады. | -сыныптастарының жауабын тыңдайды;<br>- өз отбасы туралы айтады;<br>- бірін-бір бағалайды |  |
| | **Айтылым.**<br>**4-тапсырма**. Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру:<br>• Оның отбасы қандай?<br>• Оның атасы зергер ме?<br>• Ол неден сырға жасайды?<br>• Әкесі не тартады?<br>• Олар қандай байқауға қатысты? | Мәтін бойынша берілген сұрақтарға жауап береді. | - мәтін мазмұны бойынша берілген сұрақтарға жауап береді | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **Жазылым.**<br>**5-тапсырма**. Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қойып жазу.<br>1. Ол «Өнерлі отбасы» байқауына қатыс...<br>2. Ата... күмістен сырға жасайды.<br>3. Әнел ән айта.. . 4. Анам киім тіге... .<br>5. ... «Өнерлі отбасы» байқауына қатысты.<br>6. Әнел атасымен көрме... барды.<br><br>Тиісті қосымшалар:<br>-ты \| -м \| -ды \| -ді \| -ол \| -ге | | - көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қойып жазады | |
| Сабақтың соңы | **Жазылым.**<br>6-тапсырма Диаграмманы толтыру.<br><br> | Тақырып бойынша диаграмманы толтырады | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **Рефлексия: «Жетістік» баспалдағы**<br>Әр оқушының бүгінгі сабақты қандай деңгейде түсінгені туралыстикерге жазып, **«Жетістік»** баспалдағына орналастырады.<br>• Жақсы түсіндім<br>• Түсіндім<br>• Сұрағым бар<br>• Мүлдем түсінбедім | | Оқушының қаншалықты сабақты түсінгенін **«Жетістік» баспалдағы** арқылы білуге болады |  |


**Бағалау критерийі**

| Дескрипторлар | Ұпай саны |
|---|---|
| - сөздерді оқиды, қайталайды;<br>- сөз тіркесін құрастырады | 4 |
| - мұқият тыңдайды, қайталайды | 2 |
| - мәтінді тыңдайды, сұрақтар құрастырады, сұрақтарға жауап береді,<br>- кестені толтырады | 6 |
| - кейіпкерлерге мінездеме береді<br>- өз отбасы туралы айтады; | 4 |
| - мәтін мазмұны бойынша берілген сұрақтарға жауап береді | 4 |
| - көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қойып жазады | 4 |
| - тақырып бойынша диаграмманы толтырады | 2 |
| Жалпы | 26 |


2-сабақ

| | |
|---|---|
| Сабақтың тықырыбы: | Құдықтың суы |
| Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары | 4.3.4.1* мұғалімнің қолдауымен мәтін мазмұнын және кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалауға бағытталған сұрақтар (неліктен? не үшін?) құрастыру және оған жауап беру |
| Өткен оқу жылындағы оқу мақсаттары | 3.3.2.1 жиі қолданылатын сөздер мен фразалардан құрастырылған шағын мәтіндегі негізгі ойды түсіну |
| Сабақтың мақсаты | **Барлық оқушылар:** тыңдаған мәтіндегі сөйлемдердің мазмұнын түсінеді, қолдау арқылы оқыған мәтіннің мазмұнын айтады, тақырып бойынша жай сөйлемдер құрайды |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **Көпшілік оқушылар:** тыңдаған мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді,мәтіннің мазмұнын тірек сөздердің көмегімен айтады, мұғалімнің қолдауымен құрмалас сөйлем құрайды<br>**Кейбір оқушылар:** тыңдаған мәтінге қатысты өз пікірін айтады, үлгі бойынша құрмалас сөйлемдер құрайды | | | |
| Сабақ барысы | | | | |
| Сабақтың кезеңі | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
| Сабақтың басы | Тренинг: **„***Өзіңізге тілегенді – басқаларға тілеңіз!“*<br>Әр оқушыға 10 -15 секунд уақыт аралығында ішінен өзіне бір ізгі тілек тілеу тапсырылады. Содан кейін қатысушылар жұпқа бөлініп, бір-бірінің қолынан алып, жаңағы өзіне тілегенді жұптасына айту керек.<br>Үлгі: „*Мен саған денсаулық тілеймін“, „Сабақты тек 5-ке оқы“, „Саған сәттілік тілеймін“* | Оқушылар жұпқа бөлініп,<br>бір- бірінің қолынан алып, өзіне тілеген тілекті жұптасына айтады. | | |
| | Ой шақыру «Ойланайық, бірге!» жаттығуы Берілген әріптерді орнына қоя отырып, жаңа сабақтың тақырыбын анықтайды. Шыққан сөздерді оқиды. Тақырыптың мағынасын түсіндіреді. «Құдықтың суы тұшы» ( вода в колодце пресная) | Берілген әріптерді орнына қоя отырып, жаңа сабақтың тақырыбын анықтайды. Шыққан сөздерді оқиды | - берілген әріптерден сөз құрастырады;<br>- сабақтың тақырыбын анықтайды | Кеспе әріптер тақтада көрсетіледі:<br><br>ы д қ у ы т ң щ ұ ұ |
| | Жаңа сөздерді оқу және сол сөздермен сөз тіркесін құрастыру: Мысалы: әдемі жер, керемет жер, жерді қопсыту, арамшөпті жұлу т.б.<br><br>Жер - земля, грунт<br>Қопсыту - разрыхлять<br>Арам шөп - сорная трава,сорняк<br>Иісі - запах<br>Дәм - вкус<br>Терең - глубокий (-ая,-ое,-ие) | Сөздерді оқиды, қайталайды, сөз тіркесін құрастырады. | - Берілген үлгіге қарап жаңа сөздермен сөз тіркестерін құрастырады; | Сөздер тақтада көрсетіледі |

<table>
<tr>
<td>Сабақтың ортасы</td>
<td>
Тыңда.Оқы. Қайтала.<br>
1-тапсырма. Мәтінді тыңдап, қайталау.
<table>
<tr><td>1</td><td>А. Жылқыларын қайда суарса да су шақ келмепті. Күндердің күнінде хан бір жерден екінші жерге көшіп, басқа бір құдыққа қоныс аударыпты</td></tr>
<tr><td>2</td><td>Ә. Баяғы заманда бір хан болыпты. Ханның жалғыз баласы болыпты, дәулеті сонша - бір өзеннен тоқсан мың жылқы суарады екен</td></tr>
<tr><td>3</td><td>В. Әлгі құдықтың қанша жыл суарса да суы таусылмапты, мөлдіреп шығады да тұрады екен. Хан бұл құдық бір қасиетті құдық екен деп, құдыққа келген сайын бір ту бие тастап кетіп отырады екен</td></tr>
</table>
2-тапсырма. Мәтіннің бөліктерін түсініп оқы. Мәтіннің басқы, ортаңғы және соңғы бөліктерін анықтап, ретін көрсетіп жазу. (1, 2, 3).<br>
Сұрақ қою арқылы (не істеді? қандай? неліктен?) мәтін түрлерін (әңгімелеу/сипаттау/пайымдау) анықтау<br>


</td>
<td>Оқушылар бейнетаспадан мәтінді тыңдайды. Үлестірмелі карточкалардан оқиды, тапсырмаларды орындайды</td>
<td>-мәтінді тыңдайды;<br>-мәтін бөліктерін дұрыс анықтап оқиды;<br>-сұрақ қою арқылы, мәтінді әңгімелейді.</td>
<td>https://www.zharar.com/kz/ertegi/15213-l.html</td>
</tr>
</table>

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 3-тапсырма. Берілген суретті пайдаланып, сызба бойынша сөйлем құрастыру.<br> | Оқушылар суреттер бойынша сөйлемдер құрастырады | - берілген суретті пайдаланып, сызба бойынша сөйлем құрастыр |  |
| | **Жазылым**<br>4-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаларды қойып көшіріп жазу.<br>Мен жерді қопсыт ... Біз арамшөп жұл ...<br>Сен жерді қопсыт ... Сендер арамшөп жұл ...<br>Сіз жерді қопсыт ... Сіздер арамшөп жұл ...<br>Ол жерді қопсыт ... Олар арамшөп жұл ....<br>**Тиісті қосымшалар:**<br>-тым -тың -тыңыз -ты<br>-дық -дыңдар -дыңыздар -ды | Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаларды қойып көшіріп жазады. *Үлгі: Мен жерді қопсыттым.* | - қосымшаларды дұрыс қояды;<br>- сөйлемдерді көшіріп жазады. | Кесте |
| Сабақтың соңы | Айтылым. «Су» тақырыбы бойынша «5 жолды тақпақ» құрастыру<br>**Бірінші жол** бір сөзбен тақырып (әдетте зат есім)<br>**Екінші жол** – тақырыпқа екі сөзбен сипаттама беру (екі сын есім)<br>**Үшінші жол** – іс –әрекет (үш етістік)<br>**Төртінші жол** – тақырыпқа қатысты қанатты сөз<br>**Бесінші жол** – тақырып мазмұнын ашатын бір сөз, синоним. | Берілген үлгіні пайдаланып, оқушылар төрт жолды тақпақ құрастырады | - үлгіні пайдаланып, төрт жолды тақпақ құрастырады | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Рефлексия | Рефлексия. ТЖ. «Ой бұлты» әдісі.<br>- Ал балалар осы сабақтан не үйрендік?<br>- Өздеріңе қандай ой түйдіңдер?<br>- Кімнен үлгі алар едіңдер?<br>Топқа ақ парақ беріледі. Топ мүшелері бірлесіп, сабақта өткен тақырып бойынша сөздер мен сөз орамдарын қағазға түсіреді. | сабақтың қай бөлігін немесе тақырыпты түсінбеген болса, ойландырып жүрген сұрақтары болса ашық айтады | |  |

**Бағалау критерийі**

| Дескрипторлар | Ұпай саны |
|---|---|
| - әріптерден сөз құрастырады;<br>- сабақтың тақырыбын анықтайды | 4 |
| - берілген үлгіге қарап жаңа сөздермен сөз тіркестерін құрастырады; | 2 |
| - мәтінді тыңдайды;<br>- мәтін бөліктерін дұрыс анықтап оқиды;<br>- сұрақ қою арқылы, мәтінді әңгімелейді | 6 |
| - берілген суретті пайдаланып, сызба бойынша сөйлем құрастыр | 4 |
| - қосымшаларды дұрыс қойып, сөйлемдерді көшіріп жазады | 4 |
| - үлгіні пайдаланып, төрт жолды тақпақ құрастырады | 4 |
| Жалпы | 24 |

3-сабақ

| Сабақ тақырыбы | Бурабайдағы демалыс |
|---|---|
| Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сәйкес) | 4.1.1.1* анық айтылған сөзді тыңдап, қысқаша жазба (тірек сөздер) жасау және нақтылау мақсатында сұрақтар құру<br>4.А.2.2.1.Берілген тірек сөздер мен жоспардың негізінде қысқаша монолог құру |
| Өткен оқу жылындағы оқу | 3.3.4.1 - мәтін мазмұны мен кейіпкерлерінің іс-әрекетін нақтылау үшін сұрақтар (қандай? қай? |

| | |
|---|---|
| мақсаттары | қашан? қайда?) құрастыру және оған жауап беру<br>3.4.1.1 - тірек сөздер, сызбалар, суреттер, символдарды қолданып, постер/мәтін құрастыру |
| Сабақ мақсаттары | Барлық оқушылар: Берілген сөздердің мағынасын түсінеді, қарама қарсы мағыналы, мағыналас сөздерді қолданады, тірек сөздерді қолдана отырып, жоспар негізінде мұғалімнің қолдауымен монолог құрайды<br>Көпшілік оқушылар: Қарама-қарсы мағыналас сөздер арқылы жоспар негізінде ойын жүйелі жеткізіп, монолог құрайды.<br>Кейбір оқушылар: Сөйлемдердің құрылымын сақтап, жоспар негізінде көтерілген мәселе бойынша өз ойын білдіреді. |

Сабақ барысы

| Сабақтың жоспарланған кезеңдері | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы | **1-тапсырма.** Берілген суреттер бойынша сұрақтар құрастырып айту.<br>«Бір қадам алға» әдісі арқылы оқушылар сурет бойынша сұрақ құрастырып, оған дұрыс жауап айтқан оқушы бір қадам алға басады.<br>Мысалы: Бурабай кай жерде орналасқан?<br>..... | Оқушылар сұрақтар құрастырып, жауап береді | Дескрипторлар:<br>- берілген суреттер бойынша сұрақтар құрастырып айтады;<br>- сұрақтарға дұрыс жауап береді | <br> |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың ортасы | **«Пікірлер базары» әдісі**<br>**2-тапсырма.** Мәтінді мұқият тыңдайды. Тақырып бойынша берілген мәліметтерді пайдаланып, өз пікірін білдіру.<br>**Қызықты мәліметтер**:<br>1. Бурабай саябағында жануарлар әлемінің 305 түрі бар. Оның 87 түрі сирек кездесетін я жойылуға жақын.<br>2. Өсімдіктердің 757 түрі кездеседі. Оның 12 түрі Қызыл Кітапқа енген. Жайқалған ағаштардың 65%-ын қарағай, 31%-ын қайың, 3%-ын көктерек, 1%-ын бұталы өсімдіктер құрайды.<br>3. Тау қыраттарының үгілуі мен желдің әсерінен Бурабайда Оқжетпес, Үйқыдағы батыр, Бүркіт, Түйе, Құдыр, Сфинкс сияқты ерекше тас мүсіндер пайда болған.<br>4. Климаты шұғыл континентальды. Қаңтарайындағы орташа температура -16,70С, шілде айының орташа температурасы +18,60С.<br>5. Бурабайға келген туристердің сүйікті орындарының қатарында «Абылайханның шыңы», жұмбақорын - «Кенесары үңгірі» және де мөлдір бұлақ болып табылады.<br><br>**3-тапсырма.** Берілген сөздердің антонимдерін мәтіннен табу**.**<br>Жиі-<br>Алыс-<br>Баяу-<br>Лас- | Оқушылар мәтінді мұқият оқиды. Мазмұнын түсінеді.<br><br>Берілген сөздердің қарама қарсы мағынасын білдіретін сөздерді мәтіннен табады. | - сөйлеу барысында суреттерді орынды қолданады;<br>-тақырып бойынша берілген мәліметтерді пайдаланып, өз пікірін білдіреді<br><br>-мағынасы қарама-қарсы сөздерді пайдаланады | <br><br><br>**bugin.kz**›2519-burabay-turaly-qyzyqty-derekter |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **ӨЖ.** «Еркін пікір» әдісі<br>**4-тапсырма** «Туған жерім, туған өлкем» тақырыбына суреттер бойынша мәтін құрастыру. | Әр оқушы өз ойын мәтін ретінде жеткізеді. | - суреттер бойынша мәтін құрастырады | Суреттер |
| | **Жазылым.** «Қазына іздеу» әдісі.<br>**5-тапсырма.** Әр торға Бурабай туралы қызықты мәліметтерді жазу арқылы қазынаға жету.<br>*Орындау барысы:* мұғалім тақырыпқа байланысты құнды бір ақпаратты жасырып қояды. Оқушылар жасырын ақпаратты табу үшін кедергілерден өтеді, яғни тапсырмаларды орындайды. Оқушыларға карта (маршрут) беріледі.<br> | Бурабай туралы мәліметтерді жазады | - мәліметтерді жазады | **bugin.kz**›2519-burabay-turaly-qyzyqty-derekter |
| Сабақтың соңы | Сабақты бекіту «Иә, жоқ» әдісімен сабаққа кері байланыс жүргізіледі. Оқушылар сұрақтар жауап беру мақсатында төңірегінде карточкаларын көтереді.<br>- Бурабай әдемі ме?<br>- Бурабай Алматыда орналасқан ба?<br>- Балалар Бурабайға бардыңдар ма? | | - сұрақтарға жауап береді | |

| | |
|---|---|
| | Рефлексия: «Аяқталмаған сөйлем» «Мұғалімге жеделхат» тақтасына оқушылар стикер жапсыру арқылы орындайды. Оқушылар өздеріне жақын сөйлемді таңдап, айтылған ойды жалғастырады:<br>- бүгінгі сабақта мен....түсіндім, ...білдім, ....көзімді жеткіздім.<br>- бүгін сабақта қуантқаны.....<br>- мен өзімді.....үшін мақтар едім.<br>- маған ерекше ұнағаны.....<br>- сабақтан соң маған.....келді.<br>- бүгін маған.....сәті түсті.<br>- қызықты болғаны.....<br>- .....қиындық тудырды.<br>- менің түсінгенім.....<br>- енді мен.....аламын. |

**Бағалау критерийі**

| Дескрипторлар | Ұпай саны |
|---|---|
| - берілген суреттер бойынша сұрақтар құрастырып айтады;<br>- сұрақтарға дұрыс жауап береді | 4 |
| - сөйлеу барысында суреттерді орынды қолданады;<br>- тақырып бойынша берілген мәліметтерді пайдаланып, өз пікірін білдіреді<br>- мағынасы қарама-қарсы сөздерді дұрыс пайдаланады | 3 |
| - суреттер бойынша мәтін құрастырады | 6 |
| - мәліметтерді тауып жазады | 4 |
| - сұрақтарға жауап береді | 4 |
| Жалпы | 20 |

## V. Сабақтан тыс уақытта толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары

3-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» (Т-2) пәнінен оқу бағдарламасын зерделеу нәтижесінде сабақтан тыс уақытта толықтыруды қажет ететін оқыту мақсаттары анықталды [7]. Төменде сабақтан тыс уақытта толықтырылатын оқыту мақсаттары берілген (6.3-кесте).

6.3-кесте. Сабақтан тыс уақытта толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары

| **Бөлімше (түйінді дағдылар)** | **Оқу мақсаттары** |
|---|---|
| | **3-сынып** |
| «Оқылым» бөлімі (сөйлеу әрекетінің түрі) бойынша оқу мақсаттары | |
| 3.2 Мәтіннің мазмұнын түсіну | 3.3.2.1 жиі қолданылатын сөздер мен фразалардан құрастырылған шағын мәтіндегі негізгі ойды түсіну |
| 3.3 Мәтіннің жанрлары мен түрлерін анықтау | 3.3.3.1 мәтіннің жанрын (әңгіме, тұрмыс-салт жырлары, бата, мақал-мәтелдер) ажырату, әңгімелеу/сипат тау мәтінін анықтау |
| 3.4 Сұрақтар мен жауаптар құрастыру | 3.4.3.1 өз бетінше жай сөйлемнің соңында қойылатын тыныс белгілерді қолдану |
| «Жазылым» бөлімі (сөйлеу әрекетінің түрі) бойынша оқу мақсаттары | |
| 4.1 Мәтінді түрлі формада ұсыну | 3.4.1.1 тірек сөздер, сызбалар, суреттер, символдарды қолданып, постер/мәтін құрастыру |
| 4.2 Тыңдаған/оқыған материалдың мазмұнын жазу | 3.4.2.1 оқыған/аудио/бей не материалдың мазмұнын тірек сөздерді қолданып жазу |
| 4.3 Пунктуациялық нормаларды сақтау | 3.4.3.1 өз бетінше жай сөйлемнің соңында қойылатын тыныс белгілерді қолдану |
| 4.5 Орфографиялық дағдыларды дамыту | 3.4.5.2 дауыссыз б-п, қ-ғ, к-г дыбыстары кездесетін сөздердің емлесін сақтап жазу |
| «Тілдік нормаларды қолдану» бөлімі бойынша оқу мақсаттары | |
| 5.1 Грамматикалық нормаларды сақтау (лингвистикалық терминдерді қолданбау) | 3.5.1.1 мұғалімнің қолдауымен заттың атын/сынын/санын/іс-қимылын білдіретін сөздер мен көмекші сөздерді ауызша/жазбаша тілде қолдану |
| | 3.5.1.2 өз бетінше шағын мәтіннен көптік/ тәуелдік/ септік/жіктік жалғаулы сөздерді ауызша/жазбаша тілде қолдану |
| | 3.5.1.3 мұғалімнің қолдауымен шағын мәтіндегі етістіктің шақ, рай формаларын ауызша/жазбаша тілде қолдану |
| | 3.5.1.4 мұғалімнің қолдауымен жіктеу есімдіктерінің септелуін және септеулік шылауларды ауызша/жазбаша тілде қолдану |

## VI. Сабақтан тыс уақытта толықтырылатын оқыту мақсаттары қарастырылатын кеңестер кестесі

Білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды толықтыру үшін 2,3-сыныптарда сабақтан тыс уақытта толықтыруды қажет ететін оқыту мақсаттары бойынша каникул кездерінде (күзгі, қысқы, көктемгі) кеңестер өткізу ұсынылады.

Төмендегі кестеде каникул кездерінде (күзгі, қысқы, көктемгі) өткізілетін кеңестер кестесінің үлгісі келтірілген (6.4-кесте).

6.4-кесте – Каникул кездерінде (күзгі, қысқы, көктемгі) өткізілетін консультациялардың кестесі


| Өткізілетін мерзімі | Тақырыптың атауы | Оқыту мақсаттары |
|---|---|---|
| Күзгі каникул | 3.2 Мәтіннің мазмұнын түсіну | 3.3.2.1 жиі қолданылатын сөздер мен фразалардан құрастырылған шағын мәтіндегі негізгі ойды түсіну |
| Күзгі каникул | 3.3 Мәтіннің жанрлары мен түрлерін анықтау | 3.3.3.1 мәтіннің жанрын (әңгіме, тұрмыс-салт жырлары, бата, мақал-мәтелдер) ажырату, әңгімелеу/сипаттау мәтінін анықтау |
| Күзгі каникул | 3.4 Сұрақтар мен жауаптар құрастыру | 3.4.3.1 өз бетінше жай сөйлемнің соңында қойылатын тыныс белгілерді қолдану |
| Қысқы каникул | 4.1 Мәтінді түрлі формада ұсыну | 3.4.1.1 тірек сөздер, сызбалар, суреттер, символдарды қолданып, постер/мәтін құрастыру |
| Қысқы каникул | 4.2 Тыңдаған/оқыған материалдың мазмұнын жазу | 3.4.2.1 оқыған/аудио/бейне материалдың мазмұнын тірек сөздерді қолданып жазу |
| Қысқы каникул | 4.3 Пунктуациялық нормаларды сақтау | 3.4.3.1 өз бетінше жай сөйлемнің соңында қойылатын тыныс белгілерді қолдану |
| Қысқы каникул | 4.5 Орфографиялық дағдыларды дамыту | 3.4.5.2 дауыссыз б-п, қ-ғ, к-г дыбыстары кездесетін сөздердің емлесін сақтап жазу |
| Көктемгі каникул | 5.1 Грамматикалық нормаларды сақтау (лингвистикалық терминдерді қолданбау) | 3.5.1.1 мұғалімнің қолдауымен заттың атын/сынын/санын/іс-қимылын білдіретін сөздер мен көмекші сөздерді ауызша/жазбаша тілде қолдану |
| Көктемгі каникул | | 3.5.1.2 өз бетінше шағын мәтіннен көптік/ тәуелдік/септік/жіктік жалғаулы сөздерді ауызша/жазбаша тілде қолдану |
| Көктемгі каникул | | 3.5.1.3 мұғалімнің қолдауымен шағын мәтіндегі етістіктің шақ, рай формаларын ауызша/жазбаша тілде қолдану |
| Көктемгі каникул | | 3.5.1.4 мұғалімнің қолдауымен жіктеу есімдіктерінің септелуін және септеулік шылауларды ауызша/жазбаша тілде қолдану |

## VII. Жазғы мектеп кезінде ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгісі

| | |
|---|---|
| Сабақ тақырыбы | Құстар - біздің досымыз |
| Өткен оқу жылындағы оқу мақсаттары | 3.2.3.1 белгілі тақырыптағы әңгімеге қатысу және сұхбаттасын түсіну және олардың ойын толықтыру |
| Сабақ мақсаттары | Оқушылардың барлығы: белгілі тақырыптағы әңгімеге қатысу және сұхбаттасын түсіну, олардың ойын толықтыру<br>Оқушылардың көпшілігі: тыңдаған мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, диалог барысында сұрақтар қояды, сөздерге қосымшаларды дұрыс жалғайды<br>Оқушылардың кейбірі: тақырыпқа қатысты қосымша ақпарат айтады, диалог барысында өз ойын түсінікті жеткізеді. |

Сабақтың барысы

| Сабақтың жоспарланғанкезеңдері | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы | «Ой шырату» жаттығуы.<br>1-тапсырма. Берілген құстардың суреттері тақтадан атап, дұрыс айту арқылы сабақтың тақырыбын болжау. | Оқушылар ойынға белсенді қатысып, құстардың түрлерін атайды, сабақтың тақырыбын болжайды | | құстардың суреттері тақтадан көрсетіледі |
| Сабақтың ортасы | **(МК,Ұ)** 2-тапсырма. Суреттер мен бейнетаспа арқылы жаңа сөздермен танысып, дұрыс айтып үйрену және жаңа сөздермен сөз тіркестерін және сөйлемдер құрастыру.<br>*Мысалы: Жыл құстары, құстарды қорғау. Құстарды қорғау керек.*<br>**Жаңа сөздар:** Құстар, зиян, құмырсқа, ұшып келеді, қарлығаш, қарға, сауысқан қорғау<br><br>**(Ө,Ұ)** 3-тапсырма. «Ойлан, бірік, бөліс» әдісі.<br>«Құстар біздің достарымыз» тақырыбына | Сөздерді оқиды, қайталайды, сөз тіркесін құрастырады. | Дескрипторлар:<br>- бейнетаспа арқылы жаңа сөздермен танысып, дұрыс айтып үйренеді;<br>- жаңа сөздермен сөз тіркестерін және сөйлемдер құрастырады | https://www.youtube.com/watch?v=Rk5QrVVGEJk<br><br> |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | берілген тірек сөздер арқылы мәтіннің мазмұнын болжап, шағын әңгіме құрастыру.<br><br>қорғайды<br>пайдасы<br>Орман дәрігері<br>Жанды табиғат<br>құстар<br>ағаштар<br><br>**(Ж) Оқылым. «Ашық және жабық сұрақтар» әдісі**<br>4-тапсырма. Мәтінді оқып, әр сөйлемге ашық, жабық сұрақтар құрастыру.<br><br>Үлгі (деңгейі жоғары сұрақтар):<br>• Құстарды біз неліктен «досымыз» деп атаймыз?<br>• Құстардың қандай пайдасы болған?<br>• Қарлығашты неге адамға жақсылық ойлайды,- дейді?<br>Құстар біздің – досымыз, олардың бізге пайдасы көп. Құстар өсімдікке зиян келтіретін жәндіктермен құрт, құмырсқалармен қоректенеді, сөйтіп бау-бақша егістердің жақсы өсуіне пайда келтіреді. Кейбір құстар далаға салқын түскенде жылы жаққа ұшып кетеді. Күн жылығанда қайта ұшып келеді. Құстардың кейбірі адамға дос. Соның бірі қарлығаш. Ол адамдарға жақсылық ойлайды. Ол ұясын ауланың жанына салады. | Оқушылар тірек сөздерді пайдаланып, мәтіннің мазмұнын болжайды, шағын әңгіме құрастырады<br><br>Оқушылар үлестірмелі карточкалардан мәтінді оқиды, тапсырмаларды орындайды | - тақырып бойынша мәтін жазады.<br>- мәтін құрылымын сақтайды<br>- сөздерді дұрыс байланыстырады<br><br>- мәтінді оқиды;<br>әр сөйлемге ашық, жабық сұрақтар құрастырады;<br>- сұрақтарға жауап беру арқылы, мәтінді әңгімелейді | <br><br>http://bala.soyle.kz/picture/training?id=12) |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |
| | **(Ө) Грамматикалық қоржын.**<br>**«Сәйкестендіру» әдісі**<br>Жалғауларды дұрыс сәйкестендіреді.<br>Мен қамқоршы – **сыз**<br>Сен қамқоршы – **-**<br>Сіз қамқоршы – **мын**<br>Ол қамқоршы – **сыздар**<br>Біз қамқоршы – **сыңдар**<br>Сендер қамқоршы – **сың**<br>Сіздер қамқоршы – **-**<br>Олар қамқоршы – **мыз** | Оқушылар сөздерге қосымшаларды сәйкестендіреді | - сөздерге қосымшаларды дұрыс жалғайды | Өзіңді тексер!<br>ақтадан дұрыс нұсқасы әрсетіледі |
| | **(МК,Ж) Оқылым.** Диалогты рөлге бөліп оқиды.<br>- Қандай әдемі балапан! Бұл ненің балапаны?<br>- Бұл- тоқылдақтың балапаны.<br>- Тоқылдақ қайда мекендейді?<br>- Тоқылдақ орманда мекендейді.<br>- Тоқылдақ ұясын қайда салады?<br>- Ол ұясын ағаштың басына салады.<br>- Тоқылдақты неге «орман дәрігері» деп атайды?<br>- Себебі ол ағаштарды қорғайды. | Оқушылар диалогтің мазмұнын түсініп оқиды | - диалогты рөлге бөліп оқиды;<br>- тақырыпқа қатысты қосымша ақпарат айтады, диалог барысында өз ойын түсінікті жеткізеді | Диалог жазылған үлестірмелі карточкалар |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **(Ж) Айтылым. «Кім тез»әдісі**<br>Төмендегі сұрақтарды қолданып, диалог құрайды.<br>Сен тұратын жерде қандай құстар мекендейді?<br>Құстардың табиғатқа қандай пайдасы бар?<br>Құстар неге жанды табиғатқа жатады?<br>Қыста құстарға қандай қамқорлық жасайсың? | Оқушылар диалог құрастырады, тақырып бойынша өз ойларын білдіреді | - диалог құрастырады;<br>- өз ойын айтады. | |
| Сабақтың соңы | **Рефлексия.** Сабақты бекіту мақсатында әр оқушы берілген үлгі бойынша сөйлемді толықтырып, өз пікірін білдіреді.<br>Мен бүгін ... .... үйрендім.<br>жаңа сөздер;<br>сұрақтар құрастыруды;<br>сұрақтарға жауап беруді;<br>тақырып бойынша диалог құруды | | | |

Сабақтан алған білімдерін бағалау мақсатында сабақ соңында әр оқушы өзінің бүгінгі жасаған жұмыстарына талдау жасайды. Мұғалімнің берген бағалау критерийлеріне сүйеніп, әр тапсырма бойынша жинаған ұпай сандарын қосып, өзін-өзі бағалайды. Жинаған ұпай сандарына қарап, оқушылардың сол тақырыпты қалай меңгергендігі байқалады.

## 2-сабақ

| | |
|---|---|
| Сабақ тақырыбы | Қазақстанның табиғаты |
| Өткен оқу жылындағы оқу мақсаттары | 3.3.3.1 - мәтіннің жанрын (әңгіме, тұрмыс-салт жырлары, бата, мақал-мәтелдер) ажырату,баяндау/ сипаттау мәтіндерін анықтау |
| Сабақ мақсаттары | **Оқушылардың барлығы:** Мәтін мазмұнын мұғалімнің қолдауымен тірек сөздер арқылы айтады.<br>**Оқушылардың көпшілігі:** Оқыған мәтін мазмұнын, өз пікірін жай сөйлеммен білдіреді.<br>**Оқушылардың кейбірі:** Мәтіннің жанрын анықтап, оқыған мәтін бойынша өз ойын дәлел келтіріп айтады. |

Сабақ барысы

| Сабақтың жоспарланған кезеңдері | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың<br>басы | **1-тапсырма.** Берілген суреттерді қарап, топтастыру.<br>- суреттерді бір сөзбен қалай атауға болады? - деген сұраққа жауап беру арқылы сабақтың тақырыбын болжайды.<br>(*Қазақстанның табиғаты*) | суреттерді топтастырып,<br>сұраққа жауап беру арқылы сабақтың тақырыбын болжайды | Дескрипторлар:<br>- суреттерді топтастырып,<br>сұраққа жауап береді | <br> |
| | **(ҰЖ)** Сөздік жұмыс:<br>- сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру<br>- сөздерді мәнерлеп оқып беру; | оқушылар мұғалімнен кейін сөздерді | - жаңа сөздерді дұрыс айта алады; | Жаңа сөздер тақтада жазылған |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | - оқушылар мұғалімнен кейін сөздерді дауыстап оқиды, қайталайды, тізбекпен оқиды;<br><br>Оңтүстік -<br>Солтүстік -<br>Батыс -<br>Шығыс -<br>Жауһар -<br>Шипажай -<br>Тұрғындар - | қайталайды, дауыстап оқиды, тізбекпен оқиды;<br>- дұрыс айтуға дағдыланады | | |
| Сабақтың<br><br>ортасы | **ҰЖ. 2-тапсырма.** Мәтінді оқып, сұраққа жауап беру арқылы мазмұндау, мәтінге ат қою, мәтін түріне қарай ажырату<br><br>Сарыарқа – Орталық Қазақстанда орналасқан. Батыстан шығысқа қарай 1200 шақырымға созылып жатыр. Орташа биіктігі – 500-600 м. Сарыарқа солтүстігінде Батыс-Сібір жазығымен, оңтүстігінде Балқаш көлімен және Бетпақ Дала шөлімен, шығысында Сауыр-Тарбағатай тау жүйесімен шектеседі. Сарырканың негізгі жауһары – Бурабай шипажайлық аймағы. Жергілікті тұрғындар бұл жерді "қазақстандық Швейцария" деп атайды.<br>Сұрақтар:<br>1. Мәтін не туралы?<br>2. Бұл мәтіннің қай түріне жатады?<br><br>әңгімелеу мәтіні<br>сипаттау мәтіні<br>пайымдау мәтіні | Оқушылар сұрақтарға жауап береді, мәтіннің түрін анықтайды | - мәтінді оқып, сұраққа жауап береді;<br>- мәтінге ат қояды;<br>-мәтіннің түрін анықтайды;<br>-мәтінді мазмұндайды | Үлестірмелі карточкалар суреттер |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **ТЖ. 3-тапсырма. «Еркін жазу» әдісі**<br>Суреттер мен тірек сөздерді пайдаланып, Қазақстанның табиғатын сипаттау.<br>Топқа сөздер мен сөз тіркестері және суреттер қима қағаз түрінде ұсынылады.<br>*Тірек сөздер: кең –байтақ, қалың орман, биік таулар, жануарлар, өсімдіктер, таза ауа, жазық дала, аймақ, табиғаты көрікті.*<br>**Өзіңді тексер!**<br>Қазақстанның жері кең-байтақ. Әр аймақтың табиғаты көрікті. Биік таулар мен қалың орманның ауасы таза. Елімізде жануарлар мен өсімдіктердіі түрлері өте көп.<br>**4-тапсырма.** Сөздердің мазмұнына қарай дұрыс қойып сөйлемдерді құрастырып жазу.<br><br>1. бай Қазақстанның өте табиғаты<br>2.қолайлы,Ауа райы мол болғандықтан егіні мол суы<br>3.әлеміне де Қазақстан бай жануарлар<br>4.100 түрі балықтардың құстардың бар 490 түрі, 172 түрі, сүтқоректілердің<br>5. сияқты қаз, үйрек көп құстар өзендерде мен Көлдер, бар. | Оқушылар мәтінді мұқият оқиды. Мазмұнын түсінеді.<br><br>Берілген сөздердің қарама қарсы мағынасын білдіретін сөздерді мәтіннен табады. | - суреттер мен тірек сөздерді пайдаланып, Қазақстанның табиғатын сипаттайды | <br><br> |
| | **(Т, Ұ)** «Таусылмайтын сөйлем» әдісі **«Табиғат» тақырыбына** 1-ші топ сұрақ қояды, 2-ші топ сұраққа жауап береді<br>Ескерту: ойын кезекпен ойналады. Ең көп сөйлем құраған немесе ең көп сұрақ қойған топ «жеңімпаз» атанады. | Оқушылар топта сұрақтар құрастырып, жауап береді | - топта сұрақтар құрастырып, жауап бере алады | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың<br><br>соңы | **Рефлексия.** Сабақты бекіту мақсатында «Иә, жоқ» әдісімен сабаққа кері байланыс жүргізіледі. Оқушылар карточкаларын көтеру арқылы сұрақтың дұрыс жауабын «Иә, жоқ» деп көрсетеді.<br>1. Сарыарқа – Орталық Қазақстанда орналасқан ба?<br>2. Сарыарқаның негізгі жауһары –Баянауыл шипажайлық аймағы.<br>3. Сарыарқа оңтүстікте Балқаш көлімен шектеледі.<br>4. Қазақстанның жері шағын. | | -сұраққа «Иә, жоқ»деп дұрыс жауабын беру арқылы бүгінгі тақырыпты меңгергенін бағалау | |

**Бағалау критерийі**

| **Дескрипторлар** | **Ұпай саны** |
|---|---|
| - суреттерді топтастырып,сұраққа жауап береді | 2 |
| - жаңа сөздерді дұрыс айта алады; | 2 |
| - мәтінді оқып, сұраққа жауап береді; мәтінге ат қояды;<br>- мәтіннің түрін анықтайды; мәтінді мазмұндайды | 6 |
| - суреттер мен тірек сөздерді пайдаланып, Қазақстанның табиғатын сипаттайды | 4 |
| - топта сұрақтар құрастырып, жауап бере алады | 4 |
| - сұраққа «Иә, жоқ»деп дұрыс жауабын беру арқылы бүгінгі тақырыпты меңгергенін бағалау | 4 |
| Жалпы | 22 |

Сабақтан алған білімдерін бағалау мақсатында сабақ соңында әр оқушы өзінің бүгінгі жасаған жұмыстарына талдау жасайды. Мұғалімнің берген бағалау критерийлеріне сүйеніп, әр тапсырма бойынша жинаған ұпай сандарын қосып, өзін-өзі бағалайды. Жинаған ұпай сандарына қарап, оқушылардың сол тақырыпты қалай меңгергендігі байқалады.

## 8. «Математика» оқу пәні, 2-сынып

### I. Өткен оқу жылында өтілген оқу бағдарламасының мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттары

2-сыныпта «Математика» пәнінен диагностикалық жұмыс жүргізу үшін 1-сыныпқа арналған «Математика» пәнінен оқу бағдарламасының оқыту мақсаттары зерделенеді. Ол үшін бастауыш білім берудің 1-4-сыныптарына арналған «Математика» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын қарастырамыз [8]. Оқу бағдарламасына сәйкес 1-сыныпта 5 бөлім қарастырылады. Бес бөлімге қатысты 1-сыныптың мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттары келесі кестеде көрсетілген (8.1-кесте).

8.1-кесте – өткен оқу жылындағы өтілген 1-сыныптың оқу бағдарламасының мазмұнын толық қамтитын оқу мақсаттары

| Ортақ тақырыптар | Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі | Бағдарлама бөлімшелері | Оқу мақсаттары |
|---|---|---|---|
| 1-тоқсан | | | |
| 1. Өзім туралы<br>2. Менің мектебім | 1А Сандар мен цифрлар | 1.1 Натурал сандар және 0 саны. Бөлшектер | 1.1.1.1**натурал сандар құрылу жолын түсіну, 10 көлемінде тура және кері санау, натурал сандар қатарындағы орнын анықтау;<br>1.1.1.2** біртаңбалы сандарды және 10 санын оқу, жазу және салыстыру;<br>1.1.1.3** біртаңбалы сандардың құрамын анықтау |
| | | 3.2 Геометриялық фигураларды кескіндеу және салу | 1.3.2.5 заттардың кеңістікте (оң жақта, сол жақта, жоғарыда, төменде, үстінде, астында, арасында, алдында, артында) орналасуын анықтау;<br>1.3.2.4 геометриялық фигуралар арасындағы негізгі қатынастарды анықтау (үлкен-кіші, жоғары-төмен, кең-тар, жуан-жіңішке, қалың-жұқа) |
| | | 1.2 Сандармен амалдарды орындау | 1.1.2.1 қосу амалын ортақ элементтері жоқ жиындардың бірігуі, азайтуды жиынның бөлігін ажыратып алу ретінде түсіну;<br>1.1.2.5** ондықтан аттамай бір таңбалы сандарды ауызша қосу және азайтуды орындау;<br>1.1.2.3** 1 санының қасиетін қолдану |
| | | 3.3 Нүктелер координаттары және қозғалыс бағыты | 1.3.3.1 сан сәулесінде белгіленген нүктелердің бір-біріне қатысты орналасуын анықтау |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 4.3 Тізбектер | 1.4.3.1** 10-ға дейінгі сандар тізбегін және кері ретпен сандар тізбегін құрастыру |
| | | 5.2 Математикалық тіл | 1.5.2.1 цифрды саннан ажырату, көрнекі түрде бір таңбалы сандарды түрлі тәсілдермен: нүктелер жиынтығымен, таяқшалармен және сан сәулесінде көрсету;<br>1.5.1.2 ** сандарды, заттарды, тауардың құнын салыстыру кезінде қолданылатын ұғымдарды пайдалану/ заттар арасындағы арақашықтықты, бағытты, орналасуын анықтайтын терминдер пайдалану;<br>1.5.2.3 сандардың қосындысы мен айырмасын/сандарды салыстыру (артық/кем), көршілес сандарды, сандық аралықтарды, сандар қатарын көрсету үшін сан сәулесін қолдану;<br>1.5.2.2** «+», «-», «=», «≠», «>», «<» таңбаларын қолдану;<br>1.5.2.4 қосу мен азайту амалдарының компоненттері атауларын өрнектерді оқу мен жазуда қолдану |
| | 1В Геометриялық фигуралар | 4.1 Жиындар және олармен орындалатын амалдар | 1.4.1.2 жиындарды элементтерінің белгілері (нысандардың түсі, пішіні, өлшемі, материалы, әрекеті) бойынша жіктеу |
| | | 3.1 Геометриялық фигуралар | 1.3.1.1 геометриялық фигураларды: нүкте, түзу, қисық және сынық сызықтар, тұйықталған және тұйықталмаған сызықтар, кесінді, сәуле, бұрышты бір-бірінен ажырату және атау;<br>1.3.1.2 жазық фигураларды (үшбұрыш, дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш)/кеңістік фигураларды (куб, шар, цилиндр, конус, пирамида, тікбұрышты параллелипипед) тану және қоршаған ортадағы заттармен сәйкестендіру |
| | | 3.2 Геометриялық фигураларды кескіндеу және салу | 1.3.2.3 жазық фигуралардың модельдерінен және бөліктерінен композиция құрастыру |
| | 1С Шамалар және өлшем бірліктері | 5.1 Есептер және математикалық модель | 1.5.1.2** сандарды, заттарды, тауардың құнын салыстыру кезінде қолданылатын ұғымдарды пайдалану |
| | | 1.3 Шамалар және олардың өлшем бірліктері | 1.1.3.1** ұзындық/масса/көлем (сыйымдылық) шамаларын ажырату, оларды өлшеу үшін өлшемдер мен |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | құралдарды таңдау, өлшемдер жүргізу;<br>1.1.3.2** өлшем бірліктерін: ұзындық (см, дм)/масса (кг)/көлем (сыйымдылық) (л) қолданып, шамаларды өлшеу;<br>1.1.3.3** ұзындық (см, дм)/масса (кг)/ көлем (сыйымдылық) (л) салыстыру және шамалар мәндерімен қосу мен азайту амалдар орындау |
| 2-тоқсан | | | |
| 3. Менің отбасым және достарым<br><br>4. Бізді қоршаған әлем | 2А<br>10 көлеміндегі сандарды қосу және азайту | 1.2 Сандармен амалдарды орындау | 1.1.2.4 біртаңбалы сандарды ондықтан аттамай қосу кестесін құру, білу және қолдану;<br>1.1.2.3 қосудың ауыстырымдылық қасиетін, 0-дің қасиетін қолдану |
| | | 1.1Натурал сандар және 0 саны. Бөлшектер | 1.1.1.1** нөл санының құрылу жолын түсіну;<br>1.1.1.4 санаудың ірі бірлігі ондықты құрастыру, 100-ге дейін ондықтармен санау, жазу және салыстыру |
| | | 4.3 Тізбектер | 1.4.3.1** ондықтармен 100-ге дейін және кері ретпен сандар тізбегін құрастыру, 100 көлеміндегі сандар, суреттер, фигуралар, символдардан тұратын тізбектердің заңдылықтарын анықтау |
| | | 1.2 Сандармен амалдарды орындау | 1.1.2.5** ондықтарды ауызша қосу және азайтуды орындау;<br>1.1.2.1 қосу амалын ортақ элементтері жоқ жиындардың бірігуі, азайтуды жиынның бөлігін ажыратып алу ретінде түсіну |
| | | 2.1 Санды және әріпті өрнектер | 1.2.1.1** санды өрнектерді (қосынды, айырма) ажырату, құрастыру, жазу және оқу |
| | | 5.2 Математикалық тіл | 1.5.2.2** «+», «-», «=», «>», «<» белгілерін қолдану;<br>1.5.2.4 қосу мен азайту компоненттері атауларын өрнектерді оқу мен жазуда қолдану |
| | 2В<br>Сандар және заңдылықтар | 1.1 Натурал сандар және 0 саны. Бөлшектер | 1.1.1.5** тәжірибе арқылы<br>2, 4, 6, 8, 10 заттың жартысын табу |
| | | 4.3 Тізбектер | 1.4.3.1** 100 көлеміндегі сандар, суреттер, фигуралар, символдардан тұратын тізбектердің заңдылықтарын анықтау;<br>1.4.3.2 іс-әрекет және табиғат күйінің |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | тізбектілігін анықтау/сандар, фигуралар, ойыншықтар, түрлі-түсті моншақтар тізбектерін құру және тізбектегі заңдылықтың бұзылуын табу |
| | | 4.2 Тұжырымдар | 1.4.2.2** бірдей цифрлар мен фигуралардан тұратын басқатырғыштар, есептер, ребустар шешу |
| | 2С Шамалар және өлшем бірліктері | 3.1 Геометриялық фигуралар және олардың классификациясы | 1.3.1.3 геометриялық фигуралардың (үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) қабырғаларын өлшеу және салыстыру |
| | | 3.2 Геометриялық фигураларды кескіндеу және салу | 1.3.2.2 берілген ұзындығы бойынша кесінді сызу |
| | | 1.3 Шамалар және олардың өлшем бірліктері | 1.1.3.1** ұзындық/масса/көлем (сыйымдылық) шамаларын ажырату, оларды өлшеу үшін өлшемдер мен құралдарды таңдау, өлшемдер жүргізу;<br>1.1.3.2** өлшем бірліктерді (ұзындық (см, дм)/масса(кг)/көлем (сыйымдылық) (л) қолданып өлшеу;<br>1.1.3.3** ұзындық (см, дм)/ масса (кг)/көлем (сыйымдылық) (л) салыстыру және шамалар мәндерімен қосу мен азайту амалдар орындау;<br>1.1.3.4 ұзындық өлшем бірліктерін: см, дм олардың арақатысына сүйеніп түрлендіру |
| 3-тоқсан | | | |
| Саяхат<br><br>Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті | 3А Сандармен амалдар орындау. Есептер. | 1.1 Натурал сандар және 0 саны. Бөлшектер | 1.1.1.2** біртаңбалы сандарды салыстыру |
| | | 5.1 Есептер және математикалық модель | 1.5.1.1**есепті сызба, сурет, қысқаша жазба түрінде модельдеу/есепті шешу үшін тірек сызбасын таңдау;<br>1.5.1.3** қосынды және қалдықты табуға берілген есептерді талдау және шығару/кері есеп құрастыру және шығару;<br>1.5.1.4 санды бірнеше бірлікке арттыру, кеміту, айырмалық салыстыруға берілген есептерді талдау және шығару, кері есептер құрастыру және шығару;<br>1.5.1.5 қосу мен азайтудың белгісіз компоненттерін табуға берілген |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | есептерді талдау және шығару, кері есептер құрастыру және шығару |
| | | 5.2 Математикалық тіл | 1.5.2.2 «+», «-», «=», «≠», «>», «<» таңбаларын/ цифрларды, (□) белгісіз сан символын қолдану |
| | | 1.2 Сандармен амалдарды орындау | 1.1.2.2 қосу және азайту өзара кері амалдар екенін түсіну, қосу және азайту амалдары компоненттері мен нәтижелері арасындағы байланысты анықтау;<br>1.1.2.3 қосудың ауыстырымдылық қасиетін қолдану |
| | 3В Шамалар. Уақытты бағдарлау | 1.3 Шамалар және олардың өлшем бірліктері | 1.1.3.5 уақытты циферблат бойынша 12 сағаттық форматта анықтау/уақыт өлшем бірліктерін (минут, сағат, күн, апта, ай, жыл) ажырату;<br>1.1.3.1** уақыт шамаларын ажырату, оларды өлшеу үшін өлшемдер мен құралдарды таңдау, өлшемдер жүргізу;<br>1.1.3.2** өлшем бірліктерді: уақыт (сағ) қолданып өлшеу |
| | 3С Теңдік және теңсіздік. Теңдеу Қосу кестесін қолдану. Есептер | 2.2 Теңдік және теңсіздік. Теңдеу | 1.2.2.1 теңдік және теңсіздікті, теңдеуді, тура және тура емес теңдік пен теңсіздікті айыра білу;<br>1.2.2.2 таңдап алу әдісі және қосу мен азайту амалдарының байланысы негізінде теңдеулерді шешу |
| | | 2.1 Санды және әріпті өрнектер | 1.2.1.1 санды және әріпті өрнектерді (қосынды, айырма)/теңдік және теңсіздікті ажырату,құрастыру, жазу және оқу;<br>1.2.1.2 әріптің берілген мәніндегі бір амалды әріпті өрнектің мәнін табу;<br>1.2.1.3 қосу мен азайту арасындағы қатынасты әріпті өрнектер түрінде: a+b=c, c-a=b, c-b=a көрсету және қолдану;<br>1.2.1.4 қосу және азайту жағдайында 0-дің қасиетін әріпті өрнек түрінде: a+0=a, a-0=a көрсету;<br>1.2.1.5 жақшасыз әріпті/санды өрнектерді салыстыру |
| | | 5.2 Математикалық тіл | 1.5.2.2 «+», «-», «=», «>», «<» белгілерін/цифрларды қолдану, (□) белгісіз сан символын қолдану |
| 4-тоқсан | | | |
| 7. Тағам мен | 4А | 1.1 Натурал сандар | 1.1.1.1** 11-20 көлемінде тура және |

| | | | |
|---|---|---|---|
| сусын<br><br>8. Дені саудың жаны сау | Күнделікті өмірдегі есептеулер | және 0 саны. Бөлшектер | кері санау, натурал сандар қатарындағы орнын анықтау;<br>1.1.1.2** 11-ден 20-ға дейінгі сандарды оқу, жазу және салыстыру;<br>1.1.1.3** 20 көлемінде сандардың разрядтық құрамын анықтау, разрядтық қосылғыштарға жіктеу;<br>1.1.1.5** 20-ға дейінгі сандарды 2-ден топтап тура және кері санау |
| | | 1.2 Сандармен амалдар орындау | 1.1.2.5 20 көлеміндегі біртаңбалы мен екітаңбалы сандарды ауызша қосу және азайтуды орындау |
| | | 1.3 Шамалар және өлшем бірліктер | 1.1.3.6 1 тг, 2 тг, 5 тг, 10 тг, 20 теңгелік тиындармен түрлі төлем жасау |
| | | 4.3 Тізбектер | 1.4.3.1** 20-ға дейінгі сандар тізбегін және кері ретпен сандар тізбегін құрастыру |
| | | 5.1 Есептер және математикалық модель | 1.5.1.4 санды бірнеше бірлікке арттыру, кеміту, айырмалық салыстыруға берілген есептерді талдау және шығару, кері есептер құрастыру және шығару;<br>1.5.1.3 қосынды және қалдықты табуға берілген есептерді талдау және шығару, кері есеп құрастыру және шығару;<br>1.5.1.6 қосу мен азайтуға берілген есептерге қатысты таңдаған амалдарын негіздеу, шығару әдісін түсіндіру |
| | 4В<br>Жиын және логика элементтері | 5.2 Математикалық тіл | 1.5.2.5 деректерді жинақтау, жүйелеу және толықтыру/қолда бар материалдарды пайдаланып, кестелер, пиктограмма мен диаграммалар құрастыру |
| | | 4.2 Тұжырымдар | 1.4.2.1 тұжырымдардың ақиқаттығын немесе ақиқат еместігін анықтау;<br>1.4.2.2** сәйкестік пен ақиқаттықты анықтауға берілген қарапайым логикалық есептерді шығару |
| | | 4.1 Жиындар және олармен орындалатын амалдар | 1.4.1.2 жиындарды элементтерінің белгілері (нысандардың түсі, пішіні, өлшемі, материалы, әрекеті) бойынша құру және олардың классификациясы;<br>1.4.1.3 жұп құру арқылы нысандар жиындарын салыстыру, тең жиындарды, бос жиындарды |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | анықтау;<br>1.4.1.1 екі жиынның бірігуін және жиыннан оның бөлігін айырып алуды диаграмма арқылы көрнекі түрде кескіндеу |
| | | 4.4 Нысандардың комбинациялары | 1.4.4.1 қоршаған ортадағы заттардан «екі-екіден» комбинациялар жиынын құрастыру |
| | | 1.3 Шамалар және олардың өлшем бірліктері | 1.1.3.1 ұзындық/масса/көлем (сыйымдылық)/уақыт шамаларын ажырату, оларды өлшеу үшін өлшемдер мен құралдарды таңдау, өлшемдер жүргізу;<br>1.1.3.3** ұзындық (см, дм)/ масса (кг)/көлем (сыйымдылық) (л)/ уақыт (сағ) салыстыру және шамалар мәндерімен қосу мен азайту амалдар орындау |
| | 4С Нысандардың орналасуы және бағыты | 3.1 Геометриялық фигуралар және олардың классификациясы | 1.3.1.2 жазық фигураларды (үшбұрыш, дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш) және кеңістік фигураларды (куб, шар, цилиндр, конус, пирамида, тікбұрышты параллелепипед) тану және қоршаған ортадағы заттармен сәйкестендіру |
| | | 3.2 Геометриялық фигураларды кескіндеу және салу | 1.3.2.1 түзу, тұйықталған және тұйықталмаған және қисық, сынық сызықты жазықтықта/қарапайым жазық геометриялық фигураларды (үшбұрыш, төртбұрыш) нүктелі қағазда кескіндеу;<br>1.3.2.2 берілген ұзындығы бойынша кесінді сызу;<br>1.3.2.3 жазық фигуралардың моделдерінен және бөліктерінен композиция құрастыру;<br>1.3.2.4 геометриялық фигуралар арасындағы негізгі қатынастарды анықтау (үлкен-кіші, жоғары-төмен, кең-тар, жуан-жіңішке, қалың-жұқа) |
| | | 5.1 Есептер және математикалық модель | 1.5.1.2** заттардың орналасуын, арақашықтығын, бағытын анықтайтын терминдерді пайдалану |

## II. Іріктеп алынған оқыту мақсаттары бойынша диагностикалық жұмыстың үлгісі

8.2-кесте – Диагностикалық жұмыс жүргізуге ұсынылатын оқыту мақсаттары

| Бөлімше атауы | 2-сынып |
|---|---|
| **«Менің мектебім» ортақ тақырыбы бойынша Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі: «1С Шамалар және өлшем бірліктері»** | |
| Бағдарлама бөлімшесі: 2.1.3 Шамалар және өлшем бірліктері | 1.1.3.2 өлшем бірліктерді: ұзындық (см, дм)/масса (кг)/ көлем (сыйымдылық) (л), уақыт (сағ) қолданып, шамаларды өлшеу |
| | 1.1.3.3 ұзындық (см, дм)/масса (кг)/ көлем (сыйымдылық) (л)/уақыт (сағ) салыстыру және шамалар мәндерімен қосу мен азайту амалдар орындау |
| | 1.1.3.4 ұзындық өлшем бірліктерін (см, дм) олардың арақатысына сүйеніп түрлендіру |

### Диагностикалық жұмыс жүргізуге ұсынылатын бақылау жұмысының I нұсқасы

**1 - тапсырма**


Ұзындық өлшем бірліктерін жаз.

_____

_____

**2 - тапсырма**

Қандай азық-түліктің массасы 1 кг болады? Бос торкөзге белгі қой.





**3 - тапсырма**

Салыстыр

| | |
|---|---|
| 2 дм .....4 см | 6 кг.....7 кг |
| 8 кг..... 7 кг | 5 л ....6 л |
| 1 л .....10 л | 4 л .... 8л |

**4 - тапсырма**

Алманың салмағы қанша килограмм?




**Диагностикалық жұмыс жүргізуге ұсынылатын бақылау жұмысының II нұсқасы**

**1 - тапсырма**


Масса өлшем бірліктерін жаз:

_____

_____

**2 - тапсырма**

Бірінші банкада 10 л су бар, 2-інші және 3-інші банкаларда 10 литр су болу үшін әр банкаға неше литр су құю керек?




10 л 5 л 2 л


_____

**3 - тапсырма**
Салыстыр

| | |
|---|---|
| 3 дм ....4 см | 6 кг....7кг |
| 9 кг..... 5 кг | 5 л.....6л |
| 1л.....10 л | 4 л .... 8л |

**4 - тапсырма**
Жүзімнің салмағы қанша килограмм?



8.3-кесте – Бақылау жұмысының I, II нұсқасын бағалау кестесі

| Тапсырма I-нұсқа | Бағалау критерий | Тапсырма II-нұсқа | Бағалау критерий | Ұпай саны |
|---|---|---|---|---|
| 1 – тапсырма Ұзындық өлшем бірліктерін жаз | Мм, см, м, дм, км | 1-тапсырма Масса өлшем бірліктерін жаз | г, кг, ц, т | 1 |
| 2 – тапсырма Қандай азық-түліктің массасы 1 кг болады? | Шай-1 кг<br>Қант-1кг | 2 – тапсырма Бірінші банкада 10 л су бар, 2-інші және 3-інші банкаларда 10 литр су болу үшін әр банкаға неше литр су құю керек? | 10-2=8<br>10-5=5 | 2 |
| 3 – тапсырма Салыстыр | 2 дм > 4 см<br>6 кг < 7 кг<br>8 кг > 7 кг<br>5 л < 6 л<br>1 л < 10 л<br>4 л < 8л | 3 – тапсырма Салыстыр | 3 дм > 4 см<br>6 кг < 7кг<br>9 кг > 5 кг<br>5 л < 6л<br>1л < 10 л<br>4 л < 8л | 2 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 4 – тапсырма Алманың салмағы қанша килограмм? | ☐ +2=5<br>5-2=3 | 4 – тапсырма Жүзімнің салмағы қанша килограмм? | ☐ +1=5<br>5-1=4 | 2 |
| Барлық ұпай саны | | | | 7 |


8.4-кесте – «Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті» ортақ тақырыбы бойынша ұсынылған диагностикалық жұмыстың оқыту мақсаттары

| **«Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті» ортақ тақырыбы бойынша**<br>1-бөлім: Санды және әріпті өрнектер. Теңдеулер. Есептер | |
|---|---|
| Бөлімше:<br>2.2 Теңдіктер мен теңсіздіктер. Теңдеулер | 1.2.2.1 теңдік және теңсіздікті, теңдеуді тану/ тура және тура емес теңдікті айыра білу<br>1.2.2.2 таңдап алу әдісі және қосу мен азайту амалдарының байланысы негізінде теңдеулерді шешу |
| Бөлімше:<br>5.1 Есептер және математикалық модель | 1.5.1.1 есепті сызба, сурет, қысқаша жазба түрінде модельдеу/ есепті шешу үшін тірек сызбасын таңдау<br>1.5.1.3 қосынды және қалдықты табуға берілген есептерді талдау және шығару/кері есеп құрастыру және шығару<br>1.5.1.4 санды бірнеше бірлікке арттыру, кеміту, айырмалық салыстыруға берілген есептерді талдау және шығару, кері есептер құрастыру және шығару |
| 5.2 Математикалық тіл | 1.5.1.2 сандарды, заттарды, тауардың құнын салыстыру кезінде қолданылатын ұғымдарды пайдалану/ заттар арасындағыара-қашықтықты, бағытты, орналасуын анықтайтын терминдер пайдалану |

## Диагностикалық жұмыс жүргізуге ұсынылатын өзіндік жұмыстың I нұсқасы

**1 - тапсырма**

Берілген өрнектерден теңдеуді тап.




**2 - тапсырма**


Теңдеулерді шеш

10-a=4 x-8=2

**3 - тапсырма**

Есепке сәйкес сызбаны тап. Есептің қысқа шартын құр және шығар. Есепке кері есеп құрастыр, шығар.

**Тігінші ұлдарға арнап 6 шапан, ал қыздарға арнап 4 бөрік тікті. Тігінші барлығы неше киім тікті?**




## Диагностикалық жұмыс жүргізуге ұсынылатын өзіндік жұмыстың II нұсқасы

**1 - тапсырма**

Берілген амалдардан теңдеуді тап

| | |
|---|---|
| 8-6=2 | 2+5=6+1 |
| 10-1> 6+1 | c-4=5 |

**2 - тапсырма**


Теңдеулерді шеш

9-а=4 х-7=2

**3 - тапсырма**



Есепке сәйкес сызбаны тап. Есептің қысқа шартын құр және шығар. Есепке кері есептер құрастыр, шығар.

Кітапханада оқушылар кітап оқыды. Бір айда бірінші сынып оқушылары 4 ертегі кітап, ал екінші сынып оқушылары 5 ертегі кітап оқыды. Барлығы неше ертегі кітабы оқылды?




8.5-кесте – өзіндік жұмысының I, II нұсқасын бағалау кестесі

| Тапсырма I-нұсқа | Бағалау критерий | Тапсырма II-нұсқа | Бағалау критерий | Ұпай саны |
|---|---|---|---|---|
| 1 – тапсырма | 9-а=5 | 1-тапсырма | с-4=5 | 1 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Берілген өрнектерден теңдеуді тап | | Берілген өрнектерден теңдеуді тап | | |
| 2 – тапсырма Теңдеулерді шеш. | 10-а=4<br>а=6<br>х-8=2<br>х=10 | 2 – тапсырма Теңдеулерді шеш. | 9-а=4<br>а= 5<br>х-7=2<br>х=9 | 4 |
| 3 – тапсырма Есепке сәйкес сызбаны тап. Есептің қысқа шартын құр және шығар. Есепке кері есеп құрастыр, шығар. | <br>Ұлдарға-6ш.<br>Қыздарға-4б. ?<br>Ш:6+4=10<br>Ж: барлығы 10 киім тікті.<br>Ұлдарға-?ш.<br>Қыздарға-4б. 10к<br>Ш:10-4=6<br>Ж: Ұлдарға 6 шапан тікті.<br>Ұлдарға-6ш.<br>Қыздарға-?б. 10к<br>Ш:10-6=4<br>Ж: Қыздарға 4 бөрік тікті. | 3– тапсырма Есепке сәйкес сызбаны тап. Есептің қысқа шартын құр және шығар. Есепке кері есеп құрастыр, шығар. | <br>1-сынып-4 е.к.<br>2-сынып-5е.к. ?<br>Ш:4+5=9<br>Ж: барлығы 9 ертегі кітабы оқылды<br>1-сынып-? е.к.<br>2-сынып-5е.к. 9<br>Ш:9-5=4<br>Ж: 1-сынып 4 ертегі кітабын оқыды.<br>1-сынып-4 е.к.<br>2-сынып-?е.к. 9<br>Ш:9-4=5<br>Ж: 2-сынып 5 ертегі кітабын оқыды. | 5 |
| Барлық ұпай саны | | | | 10 |

8.6 -кесте – «Дені саудың жаны сау» ортақ тақырыбы бойынша ұсынылған диагностикалық жұмыстың оқыту мақсаттары


| **«Дені саудың жаны сау» ортақ тақырыбы бойынша**<br>2-бөлім: Жиындар. Логика элементтері | |
|---|---|
| Бөлімше: 4.1 Жиындар және олармен орындалатын амалдар | 1.4.1.1 екі жиынның бірігуін және жиыннан оның бөлігін айырып алуды көрнекі түрде кескіндеу |
| | 1.4.1.2 жиындарды элементерінің белгілері (нысандардың түсі, пішіні, өлшемі, материалы, әрекеті) бойынша құру |
| 4.1 Жиындар және олармен орындалатын амалдар | 1.4.1.3 жұп құру арқылы нысандар жиындарын салыстыру/ тең жиындарды, бос жиындарды анықтау |
| 4.2 Тұжырымдар | 1.4.2.1тұжырымдардың ақиқаттығын немесе ақиқат еместігін анықтау |
| 4.2 Тұжырымдар | 1.4.2.2 бірдей цифрлар мен фигуралардан тұратын басқатырғыштар, ребустар шешу, сәйкестік пен ақиқаттықты анықтауға берілген қарапайым логикалық есептерді шығару |
| 4.4 Нысандардың | 1.4.4.1 қоршаған ортадағы заттардан «екі -екіден» комбинациялар |

| | |
|---|---|
| комбинациялары | жиынын құрастыру |

**Диагностикалық жұмыс жүргізуге ұсынылатын шығармашылық жұмыс**

**1 - тапсырма**

Жиынның ортақ атауын жаз




**2 - тапсырма**

Элементтер берілген жиынға тиісті ме? «✓» немесе « -» таңбасын қой



| Саяхат | Нұр-Сұлтан | қала | Бурабай |
|---|---|---|---|
| ☐ | ☐ | ☐ | ☐ |

**3 - тапсырма**

Жиыннан артық затты сызып таста, жиынға атау бер



_____

**4 - тапсырма**


Тізбекті жалғастыр

Іле, Есіл, _____

**5 - тапсырма**
Комбинация құрастыр

| | | |
|---|---|---|
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |

8.7-кесте – Шығармашылық жұмысты бағалау кестесі

| Тапсырма | Бағалау критерийлері | Ұпай саны |
|---|---|---|
| 1 – тапсырма<br>Жиынның ортақ атауын жаз. | Қала | 1 |
| 2 – тапсырма | Саяхат ✓<br>Нұр-Сұлтан ✓<br>Қала –<br>Бурабай ✓ | 1<br>1<br>1<br>1 |
| 3 – тапсырма Жиыннан артық затты сызып таста, жиынға атау бер. | Тоқ шәугім<br>Саяхатшы заттары | 1<br>1 |
| 4 – тапсырма<br>Тізбекті жалғастыр. | Іле, Есіл, Шу, Жайық | 1 |
| 5-тапсырма<br>Комбинация құрастыр . |  | 2 |
| Барлық ұпай саны | | 10 ұпай |

## III. Сабақ барысында толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары

Өткен оқу жылындағы, яғни 1-сыныптағы оқу мақсаттарын әр бөлім бойынша 2-сыныптың сабақ барысында кіріктіре меңгерту арқылы білім алушылардың біліміндегі орын алған олқылықтарды толықтыруға болатындығы туралы 3-кестеде көрсетіледі.

8.8 -кесте – Сабақ барысында толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқу мақсаттарының жобасы


| **Оқу мақсаттары** | | |
|---|---|---|
| **2-сынып** | | **1-сынып** |
| 5.1 Есептер және математикалық модель | 2.5.1.1 бір-екі амалмен орындалатын есепті кесте, сызба, қысқаша жазба түрінде модельдеу | 1.5.1.1 есепті сызба, сурет, қысқаша жазба түрінде модельдеу/ есепті шешу үшін тірек сызбасын таңдау |
| 1.3 Шамалар және өлшем бірліктері | 2.1.3.1 әртүрлі өлшеу құралдары шкалаларын бір бірінен ажырату және шамалардың сәйкес мәндерін анықтау | 1.1.3.1 ұзындық/масса/ көлем (сыйымдылық)/уақыт шамаларын ажырату, оларды өлшеу үшін өлшемдер мен құралдарды таңдау, өлшемдер жүргізу |
| | 2.1.3.2 ұзындық (м)/ масса (ц) өлшем бірліктерін қолданып өлшеу | 1.1.3.2 өлшем бірліктерді: ұзындық (см, дм)/ масса (кг)/ көлем (сыйымдылық) (л), уақыт (сағ) қолданып, шамаларды өлшеу |
| | 2.1.3.4 - ұзындық (см, дм, м)/ масса (кг, ц)/ уақыт (сағ, мин, тәулік, ай, жыл) өлшем бірліктерін олардың арақатысына сүйеніп түрлендіру | 1.1.3.4 ұзындық өлшем бірліктерін (см, дм) олардың арақатысына сүйеніп түрлендіру |
| | 2.1.3.3 ұзындық (см, дм, м)/масса (кг, ц)/ көлем(сыйымдылық) (л)/ уақыт: (сағ, тәул, апта, ай, жыл) өлшем бірліктерін салыстыру және шамалар мәндерімен қосу/азайту/ көбейту/бөлу амалын орындау | 1.1.3.3 ұзындық (см, дм)/масса (кг)/ көлем (сыйымдылық) (л)/уақыт (сағ) салыстыру және шамалар мәндерімен қосу мен азайту амалдар орындау |
| 4.1 Жиындар және олармен орындалатын амалдар | 2.4.1.3 - жиындар мен олардың элементтерін диаграммада белгілеу; элементтердің жиынға жиындардың бірігуіне және қиылысуына тиістілігін анықтау | 1.4.1.3 жұп құру арқылы нысандар жиындарын салыстыру/ тең жиындарды, бос жиындарды анықтау |
| | 2.4.2.1 тұжырымдардың ақиқаттығын немесе жалғандығын анықтау, ақиқат немесе жалған тұжырымдар құру | 1.4.2.1 тұжырымдардың ақиқаттығын немесе ақиқат еместігін анықтау |
| 2.1 Санды және әріпті өрнектер | 2.2.1.1 - санды және әріпті өрнектерді (көбейтінді, бөлінді)/теңдіктер мен теңсіздіктерді ажырату, құрастыру, жазу және оқу | 1.2.1.1 санды және әріпті өрнектерді (қосынды, айырма)/ теңдік, теңсіздіктерді ажырату, құрастыру, жазу және оқу |

## IV. Кіріктірілетін оқыту мақсаттары бойынша ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгісі


«Сандармен амалдар орындау. Есептер» тақырыбы бойынша 2.5.1.1 «Бір-екі амалмен орындалатын есепті кесте, сызба, қысқаша жазба түрінде модельдеу» оқу мақсатына 1.5.1.1 «Есепті сызба, сурет, қысқаша жазба түрінде модельдеу/ есепті шешу үшін тірек сызбасын таңдау» оқу мақсаттарының кіріктіруіне байланысты ұсынылған қысқа мерзімді жоспар 8.8-кестеде ұсынылады.


8.9-кесте – «Сандармен амалдар орындау. Есептер» тақырыбы бойынша 2 сыныптың оқу мақсаттарына 1 сыныптың оқу мақсаттарының кіріктірілуі бойынша қысқа мерзімді жоспар

| | | |
|---|---|---|
| Білім беру ұйымының атауы | №53 мектеп-лицейі КММ | |
| Мұғалімнің аты-жөні | Аубатырова Арайлым Нурталиповна | |
| Бөлім: | 1В бөлім-Сандармен амалдар орындау. Есептер. | |
| Сынып: 2 | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы | Бір және екі амалмен орындалатын есептер. | |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары | 2.5.1.1 бір-екі амалмен орындалатын есепті кесте, сызба, қысқаша жазба түрінде модельдеу | |
| Өткен жылғы оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары | 1.5.1.1 есепті сызба, сурет, қысқаша жазба түрінде модельдеу/ есепті шешу үшін тірек сызбасын таңдау | |
| Сабақтың мақсаты | Барлық оқушылар: 100 көлеміндегі сандарды ондықтан аттап ауызша қосу мен азайтуды орындай алады, есепті бір-екі амалмен моделдей алады.<br>Көптеген оқушылар: 100 көлеміндегі сандарды ондықтан аттап ауызша қосу мен азайтуға мысалдар келтіреді.<br>Кейбір оқушылар: жылдам есептеулер жүргізе алады. | |

| Сабақтың барысы | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
| Сабақтың басы<br>5 мин | **“Ой қозғау” стратегиясы**<br>Балаларды 5 топқа бөлу<br>Әр топқа бірдей «Лабиринт» ойынын ұсыну. Балалар қосындысы 30 саны шығатын шаршыларды бояй отырып лабиринттен шығу керек. 100 көлеміндегі сандарды ауызша қосу мен азайтуды еске түсіреді | Сандардың қосындысын, айырмасын ауызша, жылдам табады. | Тез шығарған топ жеңімпаз болады |  |
| | 3.5.1.7 үш амалмен шығарылатын есептерді (шамалар арасындағы тәуелділікке құрылған жай есептердің түрлі комбинациялары) модельдеу және шығару | 2.5.1.7 екі амалмен орындалатын есептерді (санды бірнеше есе арттыру/кемітуге, еселік салыстыруға берілген жай есептердің түрлі комбинациялары) модельдеу |
| | 3.5.1.8 айнымалысы бар өрнектер мен теңдеулер түрінде барлық арифметикалық амалдарға берілген қарапайым есептерді шешуді, қосу мен азайтуға берілген құрама есептерді сандық өрнектер түрінде моделдеу | 2.5.1.8 барлық арифметикалық амалдарға берілген жай есептердің шешуін санды өрнектер және теңдеулер түрінде/құрама есептердің шешуін санды өрнектер, жекелеген амалдар түрінде модельдеу және шығару |
| 5.2 Математикалық тіл | 3.5.2.2 екі жиынның қиылысуы $\cap$, екі жиынның бірігуі $\cup$, бос жиын $\varnothing$ таңбаларын қолдану | 2.5.2.2 жиынды белгілеу үшін латын алфавитінің бас әріптерін, жиын элементтерін белгілеу үшін латын алфавитінің кіші әріптерін, жиынға тиістілігін және тиісті еместігін белгілеу үшін $\in$ және $\notin$ таңбаларын қолдану; |
| | 3.5.2.5 деректерді жинақтау, жүйелеу және диаграммалар мен пиктограммалар қолданып салыстыру | 2.5.2.5 деректерді жинақтау, жүйелеу, кестелер және диаграммалар құрастыр |

**V. Кіріктірілетін оқыту мақсаттары бойынша ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгісі**

3.2.4.4 «Пікірлер туралы түсінігі болу, олардың ақиқаттығын немесе ақиқат еместігін анықтай білу» оқу мақсатына 2.2.4.5 «Тұжырымдардың ақиқаттығын немесе ақиқат еместігін анықтау» кіріктіруіне байланысты ұсынылған қысқа мерзімді жоспар 9.8-кестеде ұсынылады.

9.9-кесте – 3 сыныптың оқу мақсаттарына 2 сыныптың оқу мақсаттарының кіріктірілуі бойынша қысқа мерзімді жоспар

| | |
|---|---|
| Тақырыбы Ақиқат және жалған пікірлер құру | |
| Күні: | Мектеп: Шейх Тәмим бен Хамад әл - Тәни атындағы 85 мектеп - лицей КММ |
| Сынып: 3 | Есмурзина Айгерим Жаксылыковна |
| Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары | 3.4.2.1 ақиқат немесе жалған пікірлер құру |
| Кіріктірілген оқу мақсаты | 2.4.2.1тұжырымдардың ақиқаттығын немесе жалғандығын анықтау, ақиқат немесе жалған тұжырымдар құру |
| Сабақ мақсаттары | Барлық оқушылар: |
| | пікірлер туралы түсініктерін айтып айқындайды; |
| | Көптеген оқушылар: |
| | олардың ақиқаттығын немесе ақиқат еместігін анықтай біледі; |
| | Кейбір оқушылар: |
| | меңгерген білімдері мен қалыптасқан түсініктерін қолдана алады. |
| Бағалау критерийлері | - Пікірлер туралы түсініктерін айтады;<br>- Олардың ақиқаттығын немесе ақиқат еместігін анықтап ажыратады;<br>- Меңгерген білімдері мен қалыптасқан түсініктерін қолданып тұжырымдай алады. |
| Ойлау дағдылары | Түсіну, қолдану, талдау, жинақтау |

| | | |
|---|---|---|
| Тілдік мақсаттар | Тілдік дағдыларды дамыту мақсатында оқушылар<br>Жиын – набор-set, логика – логика – logic,<br>пікір – комментарий – comment, ақиқат – истина – truth, ақиқат емес – ложный - false сөздерін үш тілде айтып қолданып, сөздік қорларын ұлғайтады. | |
| Құндылықтарды дарыту | Ұйымшылдық, сыйластық, достық қарым-қатынас | |
| Пәнаралық байланыстар | Ағылшын, орыс тілі | |
| АКТ қолдану дағдылары | Интербелсенді тақта, әр оқушыда ұялы телефон (Kahoot оқу-ойын платформасы) | |
| Бастапқы білім | 3.2.4.3 Кесте құру арқылы логикалық есептің шешімін табу | |
| Сабақтың барысы | | |
| Сабақтың жоспарланған кезеңдері | Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
| Сабақтың басы<br><br>3- 4 мин<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Бағалау критерийі: пікірлер туралы түсініктерін айтып айқындайды. | «Артығын алып таста»<br><br>Нұсқаулық: Балалар әр қатардан артық затты алып тастайды. Неліктен сол заттарды алғандарын дәлелдейді.<br>(ЖЖ)<br>1-тапсырма. Қима қағазда берілген тапсырманы орындап, олардың ақиқат | Интербелсенді тақта, әр оқушыға А4 таратылады.<br><br>Ақиқат және ақиқат емес деген жазу бар А-4 қағаз. Қима қағаздарда:<br>25 + 26 = 51 6 х 3 = 21<br>78 – 59 = 19 63 : 7 = 8<br>29 + 46 > 36<br><br>Интербелсенді тақтада<br>жиын – набор-set, логика – логика – logic,<br>пікір – комментарий – comment, ақиқат – истина – truth, ақиқат емес – ложный - false сөздерін айтып үйренеді. |

<table>
<tr><td>6-7 мин</td><td>немесе ақиқат еместігін дәлелдеңіз.<br>Нұсқаулық: оқушылардың алдына ақиқат және ақиқат емес деген қағаз таратылады. Конвертке салынған қима қағаздар болады. Қима қағаздарда теңдіктер, теңсіздіктер жазылады. Оқушылар қима қағаздардағы тапсырмаларды орындап, ақиқат немесе ақиқат емес деген бағандарға бөліп орналастырады.<br>ҚБ:</td><td></td></tr>
<tr><td colspan="3">Дескрипторлар<br>- есеп жауабының ақиқат екендігін дәлелдейді-1 ұпай<br>- қосындының ақиқат екендігін дәлелдейді-1 ұпай<br>- көбейтіндінің ақиқат еместігін табады-1 ұпай<br>- айырманың ақиқат екендігін анықтап талқылайды-1 ұпай<br>- бөлінді мәнінің ақиқат еместігін анықтап айқындайды- 1 ұпай<br>- теңсіздіктің ақиқат екендігін анықтайды-1 ұпай</td></tr>
<tr><td>Сабақтың ортасы<br>10-15 мин<br><br>Бағалау критерийі: олардың ақиқаттығын немесе ақиқат еместігін анықтап ажыратады.</td><td>(ТЖ)<br>«Белсенді оқу» әдісі. «Қорытынды шығару және есте сақтау» тәсілі<br>2- тапсырма. Берілген сұрақтың дұрыс жауабын анықтап, оның ақиқат немесе ақиқат еместігін қоршап ажырат.<br>1.Шаршының барлық қабырғалары тең.<br>2.Тіктөртбұрыштың 5 қабырғасы бар.<br>3. 698 бен 235 санда-рының қосындысы 987 мен 128 сандарының айырмасынан кем.<br>4. 25 пен 69-дың көбейтіндісі 1 725-ке тең болады.<br>5. 259 бен 698-дің қосындысын 6-ға көбейткенде 5 748 шығады.<br>6. (x + 631) –567 = 666<br>x = 532<br>7. Бірінші орамда 90 см, ал екінші орамда одан 2 есе артық сым бар. Екі орамда барлығы неше см сым бар?<br>Ж: екі орамда барлы-ғы 270 см сым бар.<br>Нұсқаулық: оқушылар А4 қағазында берілген сұрақтарға жауап беріп, оның ақиқат немесе ақиқат еместігін анықтайды.
<table>
<tr><th>№</th><th>Тапсырма</th><th>Ақиқат</th><th>Ақиқат емес (жалған)</th></tr>
<tr><td>1</td><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>
</td><td>А 4 қағазы.</td></tr>
</table>




<table>
<tr><td colspan="3">Бағалау критерийі:<br>-шаршының барлық қабырғаларының тең екендігін дәлелдейді;<br>-тіктөртбұрыштың 5 қабырғасы жоқ екенін анықтап салыстырады, пікірдің ақиқат еместігін біледі;<br>-теңсіздіктің ақиқат екенін ажыратады;<br>-көбейтінді мәнінің ақиқат екендігін анықтайды;<br>-өрнек мәнінің ақиқат еместігін ажыратады;<br>-теңдеу түбірінің ақиқат еместігін түсіндіреді;<br>-есеп жауабының ақиқат екендігін дәлелдейді.</td></tr>
<tr><td></td><td>(ЖЖ)<br>Дәлелденетін пікір<br>3-тапсырма<br>Берілген пікірлерді мұқият оқы. Ақиқат пікірді көкпен, ақиқат емес пікірді қызылмен қорша.<br>1.Алдар көсе байларды алдайды.<br>2. Алдар көсе орыс ертегісінің кейіпкері.<br>3. Алдар көсе кедейлерге көмектеседі.<br>4. Байлар Алдар көсені жақсы көреді.<br>ҚБ: «Ойлан-жұптас – бөліс»</td><td></td></tr>
<tr><td colspan="3">Дескрипторлар:<br>- 1. Ақиқат пікірді анықтайды – 2 ұпай<br>- 2. Ақиқат емес пікірді анықтайды – 2 ұпай</td></tr>
<tr><td>Сабақтың соңы<br>Бағалау критерийі: меңгерген білімдері мен қалыптасқан түсініктерін қолданып тұжырымдай алады.</td><td>« Саралау» әдісі. «Қалыптастырушы бағалау» тәсілі<br><br>3-тапсырма. Kahoot оқу-ойын платформасын ашамыз. Берілген тапсырманың ақиқат немесе ақиқат емес екендігін анықтап тұжырымда.<br>1.256 + 457 = 987 – 256<br>2. 358 + 554 < 458 х 2<br>3. 5 сағ 30 мин = 330 мин<br>4. Ұзындық өлшем бірлігі өсу ретімен орналасқан: мм, м, дм, км, см.</td><td>Интербелсенді тақта, әр оқушыда ұялы телефон<br>Kahoot – оқу-ойын платформасы</td></tr>
<tr><td colspan="3">Дескрипторлар</td></tr>
<tr><td colspan="3">-теңдіктің ақиқат еместігін анықтайды;<br>- теңсіздіктің ақиқат екенін ұсынады;</td></tr>
</table>

| |
|---|
| - уақыт өлшем бірлігінің ақиқат екендігін дәлелдейді;<br>-ұзындық өлшем бірліктері өсу ретімен жалған (ақиқат емес) орналасқанын тұжырымдайды. |
|  |


| Баға | Сипаты | Ұпайдың пайыздық мазмұны | Жинаған ұпайы |
|---|---|---|---|
| «2» | Қанағаттанғысыз | 0% - 39 % | 1 – 6 ұпай |
| «3» | Қанағаттанарлық | 40% - 64% | 7 – 10 ұпай |
| «4» | Жақсы | 65 % - 84% | 11- 13 ұпай |
| «5» | Өте жақсы | 85% - 100 % | 14 – 16 ұпай |



9.10-кесте – 3 сыныптың оқу мақсаттарына 2 сыныптың оқу мақсаттарының кіріктірілуі бойынша қысқа мерзімді жоспар

| Тақырыбы: Есепті модельдеу | |
|---|---|
| Сыныбы: 2 | Мектеп: Шейх Тәмим бен Хамад әл - Тәни атындағы 85 мектеп - лицей КММ |
| Күні: | Мұғалімнің аты-жөні: Есмурзина Айгерим Жаксылыковна |
| Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары | 3.5.1.1 екі-үш амалмен орындалатын есепті кесте, сызықтық/бағандық диаграмма, сызба, қысқаша жазба түрінде модельдеу |
| Кіріктірілген оқу мақсаты | 2.5.1.1 бір – екі амалмен орындалатын есепті кесте, сызба, қысқаша жазба түрінде модельдеу |
| Сабақтың мақсаттары | Барлық оқушылар:<br>түрлі құрама есептерді модельдейді және шешеді; |
| | Көптеген оқушылар:<br>түрлі құрама есептерді салыстырып, модельдерін ажыратып таңдайды; |

| | | |
|---|---|---|
| | Кейбір оқушылар:<br>түрлі берілген модель бойынша есептер құрастырып ұсынады. | |
| Бағалау критерийлері | -түрлі құрама есептерді модельдеп шеше алады;<br>- түрлі құрама есептерді салыстырып (бірнеше есе артық, бірнеше есе кем, еселік салыстыру), модельдерін ажыратып таңдайды;<br>- түрлі берілген модель бойынша есептер құрыстырып ұсына алады. | |
| Ойлау дағдылары | Түсіну, қолдану, талдау, жинақтау | |
| Тілдік мақсаттар | Тілдік дағдыларды дамыту мақсатында оқушылар<br>Есеп – задача – task, модель – модель – model сөздерін үш тілде айтып қолданып, сөздік қорларын ұлғайтады. | |
| АКТ қолдану дағдылары | Интербелсенді тақта | |
| Бастапқы білім | 3.4.1.5 Есептің шартын кестелер мен диаграмма түрінде көрсету | |
| Сабақтың барысы | | |
| Сабақтың жоспарланған кезеңдері | Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
| Сабақтың басы<br><br>3-4 мин<br><br>Бағалау критерийі:<br>түрлі құрама есептерді модельдеп шеше алады. | (ТЖ) СТ «Қарқын»<br><br><br>(ЖЖ) СТ «Тапсырма»<br>1-тапсырма.Берілген есепті модельдеп шеш.<br>Аружанда 1 570 теңге ақша болды. Ал Тимурда одан 3870 теңге артық ақша бар. Екеуінде барлығы неше теңге ақша бар?<br>Ш: 1)1570 + 3870=5440 тг<br>1 5 7 0<br>+ 3 8 7 0<br>5 4 4 0<br>Тимурда 5440 тг бар.<br>2) 1570 + 5440 = 7010 | Интербелсенді тақтада есеп жазылып тұрады.<br><br><br><br> |


| | | |
|---|---|---|
| | 1 5 7 0<br>+ 5 4 4 0<br>7 0 1 0<br>Ж: Екеуінде барлығы 7 010 тг ақша бар.<br>ҚБ: «Өзін-өзі бағалау» | |
| Дескрипторлар<br>- құрама есептердің қадамдарын анықтай алады;<br>-1-ші амалды анықтап шығарады;<br>-2-ші амалды айқындап шығарады;<br>- есептің 1-қадамын модельдейді;<br>- есептің 2-қадамын модельдейді;<br>- есептің жауабын түсіндіре алады. | | |
| Сабақтың ортасы | *«Белсенді оқу» әдісі. «Қорытынды шығару және есте сақтау» тәсілі*<br>Бағалау критерийі:<br>- түрлі құрама есептерді салыстырып (бірнеше есе артық, бірнеше есе кем, еселік салыстыру), модельдерін ажыратып таңдайды. | |

| № | Есептер | Модель |
|---|---|---|
| 1 | Кітапханада жануарлар туралы 256 ертегі бар, ал қиял-ғажайып ертегілер оған қарағанда 3 есе артық. Кітапханада барлығы неше ертегі бар? |  |

| | | |
|---|---|---|
| 2 | Сөреде 96 әдеби кітап және 32 ертегі кітап тұр. Әдеби кітап ертегіге қарағанда неше есе артық? |  |
| 3 | Арман 5 жәшік алма сатып алды. Әр жәшікте 48 алма бар. Ол алмаларды бірдей етіп 8 қалташаға салды. Бір қалташаға неше алма салды? |  |

Дескрипторлар

-түрлі құрама есептерді салыстырып (бірнеше есе артық, бірнеше есе кем, еселіктерін) табады;
- 1-есептің моделін анықтап, мәліметтермен толықтыра алады;
- 2-есептің моделін анықтап, мәліметтермен толықтырып дәлелдейді;
- 3- есептің моделін анықтап,мәліметтермен толықтырып саралайды.
- есеп жауабының ақиқат екендігін дәлелдейді.

| | | |
|---|---|---|
| Сабақтың соңы<br><br>Бағалау критерийі: түрлі берілген модель бойынша есептер құрыстырып ұсына алады. | *« Саралау» әдісі. «Қалыптастырушы бағалау» тәсілі*<br><br>*3-тапсырма.*<br> | Интербелсенді тақта |

Дескрипторлар

-есептің қадамдарын анықтайды;

- модель бойынша есеп құрастырып ұсынады;
-шешуін орындайды;
-жауабын талдап жазады.




| Баға | Сипаты | Ұпайдың пайыздық мазмұны | Жинаған ұпайы |
|---|---|---|---|
| «2» | Қанағаттанғысыз | 0% - 39 % | 1 – 5 ұпай |
| «3» | Қанағаттанарлық | 40% - 64% | 6 – 9 ұпай |
| «4» | Жақсы | 65 % - 84% | 10- 11 ұпай |
| «5» | Өте жақсы | 85% - 100 % | 12-14 ұпай |

«3.4.1.3 Екі жиынның қиылысуы, екі жиынның бірігуі, бос жиын таңбаларын қолдану» оқу мақсатына «2.4.1.3 Жиынға тиісті $\in$, жиынға тиісті емес $\notin$ таңбаларын қолдану» кіріктіруіне байланысты ұсынылған қысқа мерзімді жоспар 9.9 -кестеде ұсынылады.



9.11-кесте – 3 сыныптың оқу мақсаттарына 2 сыныптың оқу мақсаттарының кіріктірілуі бойынша қысқа мерзімді жоспар

| Тақырыбы: Екі жиынның бірігуі мен қиылысуы | |
|---|---|
| Күні: | Мектеп: Шейх Тәмим бен Хамад әл - Тәни атындағы 85 мектеп - лицей КММ |
| Сынып: 3 | Мұғалімнің аты-жөні: Есмурзина Айгерим Жаксылыковна |
| Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме) | 3.4.1.2 сандардың жиындарын, олардың бірігуі мен қиылысуын элементтердің берілген немесе оқушылардың өздері анықтаған қасиеттері бойынша құру |

| | | |
|---|---|---|
| Кіріктірілген сабақ мақстаты: | 2.4.1.2 сандардың жазылуындағы цифрлар саны, 2-ге бөлінуі, сандық тізбектегі алатын орындары бойынша санды жиындар құру және жіктеу (бөліктеу); | |
| Сабақтың мақсаттары | Барлық оқушылар:<br>Екі жиынның қиылысуы U , екі жиынның бірігуі Ո , бос жиын таңбаларын қолдану; | |
| | Көптеген оқушылар:<br>Екі жиынның қиылысу мен бірігуінде орналасқан элементтерді ажырата алады; | |
| | Кейбір оқушылар:<br>Жиындар құрастырып, дұрыс пікірді анықтай алады. | |
| Бағалау критерийлері | -түрлі құрама есептерді модельдеп шеше алады;<br>- түрлі құрама есептерді салыстырып (бірнеше есе артық, бірнеше есе кем, еселік салыстыру), модельдерін ажыратып таңдайды;<br>- түрлі берілген модель бойынша есептер құрыстырып ұсына алады. | |
| Ойлау дағдылары | Түсіну, қолдану, талдау, жинақтау | |
| Тілдік мақсаттар | Тілдік дағдыларды дамыту мақсатында оқушылар<br>Есеп – задача – task, модель – модель – model сөздерін үш тілде айтып қолданып, сөздік қорларын ұлғайтады. | |
| АКТ қолдану дағдылары | Интербелсенді тақта | |
| Бастапқы білім | 3.4.1.2 Қосу, азайту, көбейту және бөлу амалдары компоненттерінің атауларын жақшалы өрнектерді оқу мен жазуда қолдану | |
| Сабақтың барысы | | |
| Сабақтың жоспарланған кезеңдері | Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
| Сабақтың басы<br>5-6 мин | (ТЖ)<br>1-тапсырма<br>Біздің сыныптың оқушылары бимен және тенниспен айналысады.<br>Сұрақтарға жауап бер:<br>*Қанша бала бимен айналысады?<br>*Қанша бала тенниспен айналысады?<br>*Қанша бала бимен де, тенниспен де айналысады?<br>*Айжан бимен де, тенниспен де айналысатыны рас па?<br>Сурет бойынша сұрақтар ойластырып тобыңа, досыңа қой. | |

| | | |
|---|---|---|
| | <br>  | |
| Бағалау критерийі | Дескрипторлар | |
| Екі жиынның қиылысуы U , екі жиынның бірігуі U, бос жиын таңбаларын қолданады. | -жиындардың қиылысқан бөлігінде орналасқан элементтерді табады - 1<br>- жиындардың бірігу элементтерін жазады- 1 | |
| Сабақтың ортасы<br>10-12 мин | (ЖЖ)<br>СТ «Қарқын»<br>2-тапсырма<br>Біздің сынып оқушылары демалыс уақытында аққала жасағанды және шанамен сырғануды ұнатады екен. Сызбаға қарап қарап, берілген сұрақтарға жауап бер.<br>1.Қанша бала шанамен сырғануды ұнатады?<br>2.Қанша бала аққала жасағанды ұнатады?<br>3.Қанша бала шанамен сырғанағанды да, аққала жасағанды да ұнатады екен? | |

| | | |
|---|---|---|
| | <br> <br>Суреттегі А мен В жиындардың қиылысқан бөлігінде орналасқан балаларды ата.<br>Нұсқаулық:<br>A ∩ B = {Әлия, Бекзат}<br>∩ – қиылысу белгісін білдіреді.<br>Суреттегі А мен В жиындарының бірігу бөлігінде орналасқан балаларды ата.<br>A U B = { Жанар, Гүлшат, Айғаным, Нұрлан, Бақыт, Әлия, Бекзат, Ләззат, Санжар, Нұрбек, Диас}<br>U – бірігу белгісін білдіреді.<br>ҚБ: «Төрт бұрыш» | |

| | | |
|---|---|---|
| 4-5 мин | (ЖЖ)<br>СТ «Дереккөздер»<br>3-тапсырма<br>Берілген А мен В жиындарының U, ∩ элементтерін жаз.<br><br><br>ҚБ: «Шапалақ» | |
| Бағалау критерийі<br>Екі жиынның қиылысу мен бірігуінде орналасқан элементтерді ажырата алады; | Дескрипторлар<br>-Шанамен сырғануды ұнататын балалар санын анықтайды - 1<br>-Аққала жасауды ұнататын балалар санын табады - 1<br>- Екі жиынның қиылысқан бөлігінде орналасқан балалар санын анықтайды -1<br>-екі жиынның қиылысқан бөлігінде орналасқан элеметтерді жазады-1<br>-екі жиынның бірігу элементтерін табады - 1 | |
| Сабақтың соңы | БО «РжБ»<br>4-тапсырма. Берілген жиындардың ∩,U элементтерін анықта. | <br> |
| Бағалау критерий<br>Жиындар құрастыра алады. | Дескрипторлар:<br>-3-ке бөлінетін сандар жиынын жазады-1<br>-4-ке бөлінетін сандар жиынын жазады - 1<br>-екі жиынның қиылысқан бөлігінде орналасқан элеметтерді жазады-1<br>-екі жиынның бірігу элементтерін табады - 1 | |

## V. Сабақтан тыс уақытта толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары

9.12-кесте– Сабақтан тыс уақытта толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары

| Бөлімше | Бөлім бойынша оқу мақсаттары<br>2-сынып |
|---|---|
| 1.3 Шамалар және өлшем бірліктер | 2.1.3.6 50 тг, 100 тг монеталарды, 200 теңгелік, 500 теңгелік купюраларды ажырату және түрліше төлем жасау |
| | 2.1.3.2** ұзындық (м)/масса (ц) өлшем бірліктерін қолданып өлшеу; |
| | 2.1.3.5 циферблат бойынша уақытты анықтау: сағат және минут |
| 3.2 Геометриялық фигураларды кескіндеу және салу | 2.3.2.4 бастапқы орнын, бағытын, қозғалысын (оңға, солға, тура, толық бұрылу, сағат тілімен және сағат тіліне кері жартыға, төрттен бірге бұрылу), анықтау айқындайтын нұсқаулыққа сәйкес әрекет жасау |
| | 2.3.2.3 жазық фигуралардың модельдерін бөлу және олардан композиция құрастыру; |
| 4.2 Пікірлер | 2.4.2.2 сандық есептерді, әртүрлі сандардан тұратын басқатырғыштарды, ауыстырып құюға және өлшеуге берілген логикалық есептерді зерттеу және шығару |
| 4.3 Тізбектер | 2.4.3.2 берілген заңдылық бойынша тізбекті құрастыру, тізбектегі заңдылықтың бұзылуын табу |
| 4.4 Заттардың комбинациялары | 2.4.4.1 қоршаған ортадағы заттардан «үш-үштен» комбинациялар жиынын құрастыру |
| 5.2 Математикалық тіл | 2.5.2.5 деректерді жинақтау, жүйелеу, кестелер және диаграммалар құрастыр |
| | 2.5.2.3 нүктелерді, кесінділерді, сәулелерді, түзулерді латын алфавитінің бас әріптерімен таңбалау, оларды таңбалануы бойынша оқу |
| | 2.5.1.2** есептерді шығару барысында баға, мөлшер (сан), құн арасындағы тәуелділігін пайдалану; |

9.13-кесте – Сабақтан тыс уақытта толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттарына жұмыс жоспары

| Бөлім бойынша оқу мақсаттары<br>2-сынып | Жасалынатын сыныптан тыс жұмыстар: |
|---|---|
| 2.1.3.6 50 тг, 100 тг монеталарды, 200 теңгелік, 500 теңгелік | «Мен сатушы, сен сатып алушы» рөлдік ойын ұйымдастыру. |

| | |
|---|---|
| купюраларды ажырату және түрліше төлем жасау | |
| 2.1.3.2** ұзындық (м)/масса (ц) өлшем бірліктерін қолданып өлшеу; | Ұзындық өлшем бірліктерін пайдаланып, күнделікті қолданатын заттарының өлшемін анықтау |
| 2.1.3.5 циферблат бойынша уақытты анықтау: сағат және минут | Сағат моделін жасау |
| 2.3.2.4 бастапқы орнын, бағытын, қозғалысын (оңға, солға, тура, толық бұрылу, сағат тілімен және сағат тіліне кері жартыға, төрттен бірге бұрылу), анықтау айқындайтын нұсқаулыққа сәйкес әрекет жасау | «Сағат неше?» ойынын ұйымдастыру |
| 2.3.2.3 жазық фигуралардың модельдерін бөлу және олардан композиция құрастыру; | Әртүрлі табиғи материалдардан жазықтықтағы фигуралардың моделін жасап, көрме ұйымдастыру |
| 2.4.2.2 сандық есептерді, әртүрлі сандардан тұратын басқатырғыштарды, ауыстырып құюға және өлшеуге берілген логикалық есептерді зерттеу және шығару | Интеллектуалды ойынын ұйымдастыру |
| 2.4.3.2 берілген заңдылық бойынша тізбекті құрастыру, тізбектегі заңдылықтың бұзылуын табу | «Кім жылдам?» сынып аралық жарыс ұйымдастыру |
| 2.4.4.1 қоршаған ортадағы заттардан «үш-үштен» комбинациялар жиынын құрастыру | Зерттеу жұмысын ұйымдастыру<br>Тақырыбы: «Әлемдегі комбинацияның құпиялары» |
| 2.5.2.5 деректерді жинақтау, жүйелеу, кестелер және диаграммалар құрастыр | «Мен зерттеушімін» ойынын ұйымдастыру<br>Әртүрлі тақырыптарда диаграммалар жасап, жариялым жасауға дайындалу. |
| 2.5.1.2** есептерді шығару барысында баға, мөлшер (сан), құн арасындағы тәуелділігін пайдалану; | «Бір күндік сауда» азық – түлік дүкеніне саяхат ұйымдастыру |

## VI. Кіріктіруге болмайтын оқыту мақсаттары қарастырылатын кеңестердің кестесі

9.14-кесте–Жаңа тақырыптың алдында ұйымдастырылатын кеңес кестесі

| Тақырып | Оқыту мақсаты<br>2- сынып | Ұйымдастырылатын жұмыс |
|---|---|---|
| Көбейтуді кестесін бекіту | 2.1.2.1 көбейтуді бірдей қосылғыштардың қосындысы, бөлуді заттарды түрлеріне қарай және тең бөліктерге бөлу ретінде түсіну; | «5 оқушы 30мекунд» әдісімен көбейту кестесін сабақ басында тексеру жұмысын жасау |
| Көбейту мен бөлу тәсілдері | 2.1.2.2 көбейту және бөлу өзара кері амалдар екенін түсіну, көбейту және бөлу амалдарының компоненттері арасындағы байланысты анықтау; | Көбейту мен бөлу амалдарының компоненттерін ертегі кейіпкерлері ретінде таныстыру. |
| Үш таңбалы сандарды қосу және азайту алгоритмі | 2.1.2.4** бір таңбалы сандарды ондықтан аттап қосу кестесін құру, білу және қолдану; | «Кім шапшаң» ауызша, жазбаша қосу азайту сайысын ұйысдастыру |
| | 2.1.2.6 екітаңбалы сандарды: 40+17, 57-40, 57-17, 35±12 жағдайларында ондықтан аттамай ауызша қосу және азайтуды орындау | |
| | 2.1.2.7 45±9, 40-14 жағдайларында ондықтан аттап, ауызша қосу мен азайтуды орындау | |

9.15-кесте – Каникул кездерінде ұйымдастырылатын кеңестер кестесі

| Өткізілетін мерзімі | Тақырыптың<br>атауы | Оқыту мақсаттары<br>2- сынып |
|---|---|---|
| Күзгі каникул | Шамалар арасындағы тәуелділік | 2.1.3.1 әртүрлі өлшеу құралдары шкалаларын бір бірінен ажырату және шамалардың сәйкес мәндерін анықтау; |
| Қысқы каникул | Көбейту мен бөлу амалдарын орындаудағы 1 санының қасиеті | 2.2.1.4 санды 1-ге көбейту және бөлу жағдайларын әріпті теңдік түрінде: а·1=а, а:1=а көрсету |
| Көктемгі каникул | Тіктөртбұрыш пен шаршының ауданын табу | 2.3.1.1 бұрыш түрлерін (тік, сүйір, доғал) бір - бірінен ажырату және атау/ тіктөртбұрышты, шаршыны, тікбұрышты үшбұрышты мәнді белгілері бойынша ажырату және атау |

## VII. Жазғы мектеп кезінде ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгісі

9.16-кесте – «Жиындар.Пікірлер» тақырыбы бойынша қысқа мерзімді жоспары

| | | |
|---|---|---|
| Бөлімі: Жиындар. Пікірлер. | | |
| Күні: | Мектеп: Шейх Тәмим бен Хамад әл - Тәни атындағы 85 мектеп - лицей КММ | |
| Сынып: | Мұғалімнің аты-жөні: Есмурзина Айгерим Жаксылыковна | |
| Тақырыбы: | Мүмкіндіктер тармағы | |
| Оқу мақсаты: | 3.4.4.1 «мүмкіндік ағашы» туралы түсінігі болу, күнделікті өмірде кездесетін түрлі жағдаяттар мен есеп шығаруда қолдану | |
| Кіріктірілетін оқу мақсаты: | 2.4.4.1 қоршаған ортадағы заттардан «үш-үштен» комбинациялар жиынын құрастыру | |
| Сабақтың мақсаты: | Барлық оқушылар жасай алады:<br>Мүмкіндіктер ағашын құрастыруды біледі. | |
| | Оқушылардың көпшілігі:<br>Мүмкіндік ағашын құрастыруды және оны есептерді шығару барысында қолдануды біледі. | |
| | Оқушылардың кейбіреулері*:*<br>Есептер бойынша мүмкіндіктер ағашын құрады. | |
| Ғылыми тіл | *Оқушылар* мүмкіндіктер ағашын құрастырады. | |
| | *Талқылауға арналған сұрақтар:*<br>Мүмкіндік ағашы қалай құрылады. | |
| Құндылықтар | Өмір бойына білім алу | |
| Пәнаралық байланыс | Дүниетану, көркем еңбек. | |
| АКТ қолдану дағдылары | Интербелсенді тақта | |
| Алдыңғы меңгерілген білім | Сандар жиыны.Ішкі жиындар | |
| Сабақ барысы | | |
| Жоспарланған уақыт | Оқушылардың жоспарланған іс-әрекеті | Ресурстар |
| Сабақтың басы<br>5мин | Сабақтың тақырыбы мен мақсатын хабарлау.<br>Топқа бірігу.<br>(Ұ.Ж) Ой шақыру.<br>Оқушыларға бес түсті және бес түрлі фигуралар тарату.<br><br>Таратылған түрлі – түсті фигуралардың қасиеттеріне байланысты топтарға бірігеді. | |

| | | |
|---|---|---|
| 10мин | Оқушылардың айтқан нұсқалар бойынша тақтаға фигураларды жапсырады.<br>➢ Тағы басқа да нұсқалары болуы мүмкін?<br>➢ Барлық нұсқа саны қанша болады?<br>Оқушылардың жауаптарын тыңдау.<br>(Т.Ж) Жасырын сөзді тап<br>Өрнектердің мәнін анықтап, өсу ретімен орналастыру арқылы жасырын сөзді табады.<br>Бірінші топ<br>Төртінші топ<br>Екінші топ<br>Бесінші топ<br>Үшінші топ<br>Жасырылған сөздер<br>Бірінші топ – терек<br>Екінші топ - қайың<br>Үшінші топ - шырша<br>Төртінші топ – шетен<br>Бесінші топ – үйеңкі<br>Жасырылған сөздерді қандай жиынға біріктіруге болады?<br>Бағалау.<br>Оқушыларға өзін - өзі бағалау парақтарын тарату.<br>10 ұпайлық жүйемен алдымен өзін – өзі бағалайды. Екінші топтағы өзінің |  |


| | |
|---|---|
| 300 · 2 + 50 – 3 · 20 + 50 = | р |
| 87 · 7 : 3 – 199 = | т |
| 179 · 4 – 160 + 269 = | к |
| 876 : 2 – 672 : 4 + (1000 - 703) | е |
| 221 · 2 + 106 · 3 = | е |

| | |
|---|---|
| (567 - 398) – 640 : 5 = | е |
| (1000 - 876) + 355 · 2= | н |
| (701 - 36)- 660 : 5= | т |
| 215 · 2 - (847 - 426) = | ш |
| 670 : 5 + (76 + 376) = | е |

| | |
|---|---|
| 750 – 128 · 5 = | а |
| 45 + 750 : 6 = | й |
| 115 · 8 – (77 +245)= | ң |
| (567 - 398)- 640 : 5= | қ |
| 900 – 557 + 672 : 4 = | ы |


| | |
|---|---|
| 209 · 3 + 636 : 6 | к |
| 580 : 5 + 196 · 4 – 307 | і |
| 490 + 330 + 150 | і |
| 346 + 48 · 4 | й |
| 807 – 243 · 2 | ү |
| 300 + 124 · 5 – 258 | ң |

| | |
|---|---|
| 210 · 2 + 150 · 2 | р |
| (182 · 5 + 45) - 453 | ы |
| (315 · 3 – 179 · 4 )– 65 + 768 | а |
| 912 : 3 + 108 · 4 | ш |
| 135 · 4 – 460 | ш |

| | | |
|---|---|---|
| 8мин | белсенділігін, соңынан топпен жасалған жұмыстың нәтижесіне қосқан үлесін бағалайды.<br>(Ж.Ж) Мүмкін нұсқаларын анықта<br>Оқушыларға алдыңғы тапсырмада анықталған ағаштарды аулаға, бақшаға, көшеге отырғызу керек болса, қай жерге отырғызылуы мүмкін екенін анықтау үшін мүмкіндіктер тармағын қолдануды ұсыну.<br>Тапсырма.<br>Ағаш атауларын латын әріптерімен белгілеп, ал отырғызылатын орынды 1, 2, 3 цифрларымен белгіле.<br>Мүмкіндіктер тармағын құрастырып, қанша отырғызу нұсқасы бар екенін анықта.<br>Бағалау.<br>Дұрыс орындаған жұптарды ауызша «Жарайсыңдар!» «Жақсы жұмыс!» «Керемет жауап!» тіркестері арқылы бағаланады.<br>(Ө.Ж) Тест<br>Дұрыс жауапты белгіле. |  |
| 7мин | Бағалау.<br>Орындаған тестті бір – бірімен алмастыру арқылы тексеріліп, бағаланады.<br>Бағалау критерийі<br>«4» дұрыс жауап - «Жарайсың»<br>«2– 3» дұрыс жауап - «Жақсы»<br>«1 – 0» - дұрыс жауап - «Әлі де ойлан»<br>(Ж.Ж) «Қатесін тап» дидактикалық ойыны<br>Арман сурет бойынша мүмкіндіктер тармағын құрастырды. Арманның жұмысында қате бар. Қатені тап. Себебін түсіндіріңдер.<br>Бағалау.<br>Дұрыс жауаппен өз жауаптарын салыстырады.<br>Дұрыс орындаған топтар «Шапалақ» әдісімен бағаланады.<br>(Т.Ж) Математикалық эстафета<br>Оқушылар үш топқа бөлініп, шеңбер жасап отырады.<br>Берілген тапсырма бойынша топтың әр мүшесі мүмкін болатын бір нұсқа жазады. | |


| | | |
|---|---|---|
| 10мин | Белгіленген уақыт аяқталғанша шеңбердегі оқушылар кезекпен кезек жазуды жалғастырады<br>Бірінші айналым<br>«Шерлок Холмс хикаялар» кітабының авторы Конан Дойль билеп жүрген адамдарға ұқсайтын құпия әліпби тапты. Берілген төрт әріптен неше сөз құрастыруға болады?<br>Бағалау.<br>Бірінші айналым соңында топ мүшелері жұмыстарын дұрыс жауаппен салыстырып, тиісті ұпайды иеленеді.<br>Барлық мүмкін жауап саны – 60 нұсқа. Әрбір дұрыс нұсқаға бір ұпайдан беріледі.<br>Екінші айналым<br>Асқар өз үйінің есігінің құпия кодын ұмытып қалды. Ол тек құпия кодтың екі таңбалы тақ сан екенін есіне түсіре алды. Есіктің құпия кодының мүмкін нұсқаларын құрастыр.<br>Бағалау.<br>Екінші айналым соңында топ мүшелері жұмыстарын дұрыс жауаппен салыстырып, тиісті ұпайды иеленеді.<br>Барлық мүмкін жауап саны – 25 нұсқа. Әрбір дұрыс нұсқаға бір ұпайдан беріледі.<br>Үшінші айналым<br>Майрада 2 ойыншық пирамида, 3 доп және 2 қуыршақ бар. Ол осы ойыншықтарынан бір пирамида, бір доп және бір қуыршақ таңдап алғысы келеді. Мүмкіндіктер тармағын құрастыр.<br>Бағалау.<br>Үшінші айналым соңында топ мүшелері жұмыстарын дұрыс жауаппен салыстырып, тиісті ұпайды иеленеді.<br>Әрбір дұрыс нұсқаға бір ұпайдан беріледі.<br>Үшінші айналымнан кейін үш айналым бойынша барлық ұпай саны қосып, жеңімпаз топ мадақталады. | <br><br>1 3 5 7 9<br>1 3 5 7 9 |

| | Бірінші айналым бойынша жинаған ұпай саны | Екінші айналым бойынша жинаған ұпай саны | Үшінші айналым бойынша жинаған ұпай саны | Барлық ұпай саны | Иеленген орыны |
|---|---|---|---|---|---|
| Бірінші топ | | | | | |
| Екінші топ | | | | | |
| Үшінші топ | | | | | |

| | | |
|---|---|---|
| Сабақтың соңы<br>5мин | Кері байланыс<br>«Алма ағашы» әдісі<br>Оқушыларға қызыл және жасыл түсті алма суреттерін тарату. Оқушылар өз көңіл күйлеріне сәйкес келетін алманы таңдап, ағашқа іледі.<br>Қызыл алма – сабақтағы өз – өзімнің белсенділігіме көңілім толады.<br>Жасыл алма - сабақтағы белсенділігіме көңілі толмады. |  |

9.17-кесте – «Жиындар.Пікірлер» тақырыбы бойынша қысқа мерзімді жоспары

| | | |
|---|---|---|
| Тарау: Жиындар. Пікірлер | | |
| Күні: | Мектеп: Шейх Тәмим бен Хамад әл - Тәни атындағы 85 мектеп - лицей КММ | |
| Сынып: | Мұғалімнің аты-жөні: Есмурзина Айгерим Жаксылыковна | |
| Тақырыбы: | Ішкі жиындар | |
| Оқу мақсаты: | 3.4.1.3 сандар жиынының ішкі жиындарын элементтердің берілген немесе оқушылардың өздері анықтаған қасиеттері бойынша құру | |
| Кіріктірілген оқу мақсаты | 2.4.1.3 жиындар мен олардың элементтерін диаграммада белгілеу, элементтердің жиынға жиындардың бірігуіне және қиылысуына тиістілігін анықтау | |
| Ғылыми тіл | Оқушылар ішкі жиындар мен сыртқы жиындарды ажыратады | |
| | Талқылауға арналған сұрақтар:<br>Ішкі жиынның сыртқы жиынға қатысы бар ма? Мына жиындардың ішкі жиындарын ата | |
| Пәнаралық байланыс | Дүниетану, көркем еңбек | |
| АКТ қолдану дағдылары | Интербелсенді тақта | |
| Алдыңғы меңгерілген білім | Шамалар оның бірліктері | |
| Сабақ барысы | | |
| Жоспарланған уақыт | Оқушылардың жоспарланған іс-әрекеті | Ресурстар |

| | | |
|---|---|---|
| Сабақтың басы<br>10мин | Сабақтың тақырыбы мен мақсатын хабарлау.<br>Топқа бірігу.<br>(Ұ.Ж.) «Өз үйшігіңді тап»<br>Сабаққа қызығушылығын арттыру мақсатында дидактикалық ойын жүргізу.<br>Оқушылардың әр қайсысына кеспе қағаздағы суреттер тарату. Суреттердің белгілері бойынша «өз үйшігіне» орналасуды ұсыну.<br>Оқушылар 5 топқа бірігеді.<br>Үй жануралары: жылқы, сиыр, қой, ешкі, мысық, ит;<br>Құстар: тырна, қарлығыш, қарға, бүркіт, шағала, торғай;<br>Шөл жануарлары: кесіртке, шаян, қосаяқ, кенгуру;<br>Орман жануарлары: аю, қасқыр, түлкі, тиін, кірпі, бұғы;<br>Суқойма жануарлары: дельфин, кит, сазан, қолтырауын, сегізаяқ, жылан;<br>Оқушыларға сұрақ қою.<br>✓ Барлық үйшіктегі жануарлардың ортақ қасиеті бар ма?<br>✓ Барлығын бір жиынға біріктірсек, жиынның атауы қалай аталуы мүмкін?<br>«Жануарлар» жиыны деп атауға болады. Жануарлар жиынын бес шағын жиындарға біріктіре аламыз.<br>«Жануарлар» - жиын. «Үй жануралары», « Құстар» , «Шөл жануарлары», «Орман жануарлары», «Суқойма жануарлары» - ішкі жиындар. «Жануарлар» жиынын А жиыны деп белгілейміз. «Үй жануралары», « Құстар» , «Шөл жануарлары», «Орман жануарлары», «Суқойма жануарлары» жиындарын B, C,D, F, E жиындары деп белгілейміз. | <br>ШӨЛ ЖАНУАРЛАРЫ<br><br>ҚҰСТАР<br><br>СУҚОЙМА ЖАНУАРЛАРЫ<br><br>ОРМАН ЖАНУАРЛАРЫ<br><br>Үй жануарлары |
| | B, C,D, F, E жиындары A жиынының бөліктері, яғни ішкі жиындары деп аталады.<br>(Ө.Ж) «Ішкі жиын»<br>Оқушыларға шеңбер сызғызу. Шеңбер - А (жануарлар) жиыны. А жиынының ішкі жиындарын орналастыруды ұсыну.<br>Бағалау.<br>Оқушылар жұмыстарын ауысытып, дұрыс жауаппен салыстырады, бағалайды.<br>Бағалау критерийі<br>Барлық ішкі жиындар салынса – «Жарайсың, досым»<br>Егер ішкі жиындар түгел салынбаса - «Әлі де ойлан, досым» тіректерін жазып береді. | <br> |


| | | |
|---|---|---|
| Сабақтың ортасы<br>30 мин | (Т.Ж) Жиынның ішкі жиынын табу.<br><br><br>A B C<br>Тапсырма<br>Жиындарға қара. Жиындарға атау бер. Жиындардың ортақ қасиеттерін ата. Қай жиын ішкі жиын бола алатынын анықта. Жиынтардың қатынасын белгіле.<br>Бағалау.<br>Топтың жұмысы «Нысана» әдісі бағаланады.<br>Бағалау критерийі<br>Нысанаға белгі қойылады.<br>✓ Егер қатесіз орындаса, сарының ішкі шеңбері<br>✓ Егер бір қате жіберсе, сарының сыртқы шеңбері<br>✓ Егер екі қате болса, қызылдың ішкі шеңбері<br>✓ Егер үш қате болса, қызылдың сыртқы шеңбері<br>✓ Егер төрттен көп қате болса, көк шеңбер.<br>(Ұ.Ж) «Менің үйімнің номері»<br>Оқушыларға стикерлер тарату. Стикерге үйінің номерін жазып, тақтаға жапсырады.<br>Тақтаға жазылған сандарды жиындарға біріктіру.<br>✓ Бір таңбалы сандар жиыны;<br>✓ Екі таңбалы сандар жиыны;<br>✓ Үш таңбалы сандар жиыны;<br>Әр жиынының элементтерін тиісті жиынға орналастыру.<br>➢ «Жиынның құрамына кірмеген элементтер сыртқы жиынды құрайды» пікіріне қосыласыз ба?<br>Сұрақ:<br>➢ Бұл жиынды қалай атауға болады?<br>Оқушылардың жауаптарын тыңдау.<br>Бұл жиындардың элементтері сандар болғандықтан «Сандар» жиыны деп аталады.<br>Осы тапсырманы 2 «А» сыныбы қалай орындағанын көрейік.<br>https://bilimland.kz/kk/subject/matematika/2-synyp/sandar-zhiyny<br>Бағалау.<br>Оқушыларды ауызша «Жарайсың!» «Дұрыс айттың!» «Жақсы жауап!» тіркестерін | <br><br> |

пайдаланып бағалау.


(Т.Ж) «Дұрыс, әрі тез!»

Мысалдардың мәні болатын сандарды пайдаланып жиын құрастыр. Жиынды элементтермен толықтыр.

1 - топ




2 – топ




Бағалау.

Тапсырманы алғашқы болып аяқтаған топ мүшелері жұмыстарын жариялайды. Қарсы топ мүшелері сұрақтарға қоюға мүмкіндіктері болады. Топтар жұмыстарды өзара тексеріп, бағалайды.

Бағалау парақтары таратылады.

Критерийі

1. Тапсырманың алғашқы аяқтаса – 3 ұпай
2. Жиындар дұрыс құрастырылса – 3 ұпай
3. Жиын жаңа элементтермен толықтырылса - 3 ұпай
4. Сұрақтарға дұрыс жауап – 3 ұпай
5. Дұрыс жарияланса – 3 ұпай

(Ө.Ж) «Қай сандар жетіспейді?» математикалық ойын

Шарты: оқушыларға екі сан айтылады. Оқушылар сол екі санның ортасындағы сандарды жазады.

14….17

29 …..33

897 ….904

98 ....101

56 ….61

| | | |
|---|---|---|
| | Бағалау.<br>Жасалған жұмыстарды ауыстыру арқылы тексереді, бағалау критерийі арқылы бағалайды.<br>Критерий:<br>17 – 16 сан жазса – «Өте жақсы»<br>15 – 14сан жазса - «Жақсы»<br>13 сан және одан аз сан жазса - «әлі де ойлан»<br>(Ж.Ж) Сандар жиынын құрастыру.<br>Оқушылар жұпта «Қай сандар жетіспейді?» математикалық ойынында анықтаған сандарды пайдаланып, сандар жиынын құрастырады.<br>Бағалау.<br>Жұптарды ауызша «Керемет жұмыс!» «Тамаша орындалған!» «Әлі де ойланыңдар!» тіркестерін пайдаланып бағалау. | |
| Сабақтың соңы<br>5мин | Кері байланыс<br>«Түрлі - түсті гүл шоғы» әдісі<br>Тақтаға түрлі түсті гүл күлтелерін ілу. Оқушыларға өздерінің көңіл – күйлеріне сәйкес гүл күлтесін алып, гүл құрастыруды ұсыну. Оқушылардың көңіл күйін түс бойынша анықтау үшін «Макс Люшер мінездемесі» қолданылады.<br>Қызғылт түс - қуанышты, таңғажайып көңіл – күй;<br>Қызыл түс – агрессия, ашулы көңіл - күй;<br>Көк түс – шаршаңқы көңіл – күй;<br>Жасыл түс – белсенді көтеріңкі көңіл – күй;<br>Сары түс - жағымды, сабырлы көңіл – күй;<br>Күлгін түс – уайымшыл, тұрақсыз көңіл – күй;<br>Сұр түс - көңілі пәс;<br>Қара түс - қарсы шығу, қарым - қатынасқа жабық;<br>Қоңыр түс - пассивті, сенімсіздік. |  |

## 10. «Математика» оқу пәні, 4-сынып

### I. Өткен оқу жылында өтілген оқу бағдарламасының мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттары

4-сынып білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды толықтыру мақсатында өткен оқу жылындағы өтілген 3-сыныптың оқу бағдарламасының мазмұнын толық қамтитын оқу мақсаттарының жобасы ұсынылады.

4-сыныпта «Математика» пәнінен диагностикалық жұмыс жүргізу үшін 3-сыныпқа арналған «Математика» пәнінен оқу бағдарламасының оқыту мақсаттары зерделенеді. Ол үшін бастауыш білім берудің 1-4-сыныптарына арналған «Математика» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын қарастырамыз [9]. Оқу бағдарламасына сәйкес 3-сыныпта 5 бөлім қарастырылады. Бес бөлімге қатысты 3-сыныптың мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттары келесі кестеде көрсетілген (10.1-кесте).

10.1-кесте – өткен оқу жылындағы өтілген 3-сыныптың оқу бағдарламасының мазмұнын толық қамтитын оқу мақсаттарының жобасы

| Ортақ тақырып | Бөлім (сөйлеу әрекетінің түрі) | Бөлімше (түйінді дағдылар) | Оқу мақсаттары ** |
|---|---|---|---|
| 1-тоқсан | | | |
| «Өзім туралы» «Менің отбасым және достарым» ортақ тақырыптары аясында | 1-бөлім:«Сандар және өлшемдер» | 1.1 Натурал және рационал сандар | 3.1.1.4 Санның жаңа бірлігі – мыңдық туралы түсінігі болу, 1 000 000-ға дейін мыңдықтармен санау<br>3.1.1.5 1000 көлеміндегі сандардың разрядтық және кластық құрамын анықтау жәнеразрядтық қосылғыштарға жіктеу |
| | | | 3.1.1.7 Өлшемдегі үлесті табу және өлшем мағынасы бойынша үлесті (жарты, үштен бірі, ширек және т.б.) табу |
| | | | 3.1.1.8 Бөлшек — бұл бірліктің (бір бүтіннің) бір не бірнеше тең үлестерінен құралған сан екенін түсіну |
| | | | 3.1.1.9 Бөлімдері бірдей жай бөлшектерді кесінділердің көмегімен салыстыру |
| «Менің мектебім» «Менің туған өлкем» ортақ тақырыптары аясынд | | 1.2 Сандармен амалдарды орындау | 3.1.2.1 Санның квадраты және кубын табуға болатынын түсіну |
| | | | 3.1.2.7 Санның бөлігін және бөлігі бойынша санды табу: 100 көлеміндегі сандар мен толық жүздіктердің жарты, үштен бір, төрттен бір, оннан бір бөлігін табу |
| | | | 3.1.2.11 Екітаңбалы санды екітаңбалы санға бөлуді орындау |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | 3.1.2.13 Екі/үштаңбалы сандарды біртаңбалы санға өрнектің 46:2, 246:2 ; 84:3, 538:2 түрлерін жазбаша бөлуді орындай білу |
| | | 1.3 Шамалар және олардың өлшем бірліктері | 3.1.3.1 Ұзындық (мм), масса (г, т), аудан (см2, дм2, м2, ), көлем (см3, дм3, м3) өлшем бірліктерін білу және салыстыру, өлшеу |
| | | | 3.1.3.4 Ұзындық (мм, км), масса (г, т) өлшем бірліктерін түрлендіру және атаулы сандармен амалдар орындау |
| | 2-бөлім: «Алгебра» | 2.1 Алгебралық өрнектер және оларды түрлендірулер | 3.2.1.2 Екі айнымалысы бар өрнек құру және оның мәнін әріптердің берілген мәні бойынша табу |
| | | | 3.2.1.5 Әріпті, санды өрнектерді салыстыру (үш амалдан артық) |
| | | 2.2. Теңдеулер мен теңсіздіктер | 3.2.2.1 Көбейту мен бөлудің белгісіз компоненттерін табу ережелері негізінде теңдеулерді шешу және таңдау әдісімен түбірін табу |
| | | | 3.2.2.2 39 + 490 : k = 46, 230×a+40=1000:2 түріндегі теңдеулерді шешу |
| | | 2.4 Жиын және логика элементтер | 3.2.4.1 Логикалық есептерді шешуде ЭйлерВенн диаграммасын қолдан |
| | | | 3.2.4.2 Жиыннның енуі, ішкі жиын туралы түсінігі болу |
| | | 2.5 Комбинаторика негіздері: заттар мен сандардың комбинациялары | 3.2.5.1 «Мүмкіндіктер тармағы» туралы түсінігі болу, күнделікті өмірде кездесетін түрлі жағдаяттар мен есеп шығаруда қолдану |
| | 3-бөлім: «Геометрия» | 3.1 Геометриялық фигуралар | 3.3.1.1 Кеңістік геометриялық фигуралар (тікбұрышты параллепипед) туралы ұғымы болу, фигуралардың элементтерін атау, қоршаған ортадағы заттармен сәйкестендіру |
| | | | 3.3.1.7 Тікбұрышты параллепипедтің көлемін, тіктөртбұрыштың ауданы мен периметрін табуға арналған есептерді шығару |
| | 4-бөлім: «Математикалық модельдеу» | 4.1 Математикалық тіл және математикалық модель | 3.4.1.8 Үш амалмен шығарылатын есептерді түрлі тәсілдермен шығару |
| | | | 3.4.1.9 Жанама түрде тұжырымдалған (еселік салыстырумен байланысты) есептерді талдау және шығару |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | 3.4.1.10 «Бір заттың массасы», «саны», «жалпы массасы», «бір затқа жіберілген шығын», «заттардың саны», «жалпы шығын» ұғымдары және олардың өзара тәуелділігі туралы түсінігі болу, есеп шығаруда қолдану. |

## II. Іріктеп алынған оқыту мақсаттары бойынша диагностикалық жұмыстың үлгісі

10.2-кесте – Диагностикалық жұмыс жүргізуге ұсынылатын оқыту мақсаттары

| Бөлімше атауы | 3-сынып |
|---|---|
| **«Менің мектебім» ортақ тақырыбы бойынша** | |
| Бағдарлама бөлімшесі: 1.2 Сандармен амалдарды орындау | 3.1.2.7 Санның бөлігін және бөлігі бойынша санды табу: 100 көлеміндегі сандар мен толық жүздіктердің жарты, үштен бір, төрттен бір, оннан бір бөлігін табу |
| | 3.1.2.11 Екітаңбалы санды екітаңбалы санға бөлуді орындау |
| | 3.1.2.13 Екі/үштаңбалы сандарды біртаңбалы санға өрнектің 46:2, 246:2 ; 84:3, 538:2 түрлерін жазбаша бөлуді орындай білу |

## Диагностикалық жұмыс жүргізуге ұсынылатын бақылау жұмысының нұсқасы

10.3-кесте – Диагностикалық жұмыс жүргізуге ұсынылатын бақылау жұмысының нұсқасы

| **1-тапсырма. Сандардың бөлігін тап** | |
|---|---|
| **1-нұсқа** | **2-нұсқа** |
| **600-дің жартысы - _____**<br>**240-тың оннан бір бөлігі - _____**<br>**120-ның үштен бір бөлігі - _____** | **200-дің жартысы - _____**<br>**360-тың оннан бір бөлігі - _____**<br>**900-дің үштен бір бөлігі - ____** |
| **2-тапсырма. Бөлігі бойынша санды тап** | |
| ¾-і 60-қа тең _____<br>3/7 -і 30-ға тең _____ | ¼ - і 80-ге тең _____<br>5/10 –і 40-қа тең ____ |
| **3-тапсырма.** Өрнектердің мәнін тап | |
| **75 : 15 84 : 12 95 : 19** | **72 : 24 90 : 18 85 : 17** |
| **4- тапсырма.** Амалдардың орындалу ретін анықтап, өрнектің мәнін тап | |
| **96 : 6 + 845 : 5** | **72 : 4 + 996 : 6** |

10.4-кесте – Бақылау жұмысын бағалау кестесі

| Бағалау критерийі | Тапсырма | Дескрипторлар | Ұпайы |
|---|---|---|---|

| | | | |
|---|---|---|---|
| Санның бөлігін және бөлігі бойынша санды табу: 100 көлеміндегі сандар мен толық жүздіктердің жарты, үштен бір, төрттен бір, оннан бір бөлігін табады | 1 | толық жүздіктің жартысын табады; | 1 |
| | | санның оннан бір бөлігін анықтайды; | 1 |
| | | санның үштен бір бөлігін шығарады; | 1 |
| | | санның төрттен бір бөлігін табады; | 1 |
| | 2 | бөлігі бойынша санда табады; | 2 |
| Екітаңбалы санды екітаңбалы санға бөлуді орындайды | 3 | екітаңбалы санды екітаңбалы санға бөлуді табады; | 3 |
| Екі/үштаңбалы сандарды біртаңбалы санға жазбаша бөлуді орындай біледі | 4 | амалдардың орындалу ретін анықтайды; | 3 |
| | | екітаңбалы санды біртаңбалы санға бөледі; | 1 |
| | | үштаңбалы санды біртаңбалы санға бөледі; | 1 |
| | | өрнектің мәнін табады; | 1 |
| **Барлығы** | | | **15** |

10.5-кесте – «Менің туған өлкем» ортақ тақырыбы бойынша ұсынылған диагностикалық жұмыстың оқыту мақсаттары

| **Бөлімше атауы** | **3-сынып** |
|---|---|
| | |
| 1.3 Шамалар және олардың өлшем бірліктері | 3.1.3.1 Ұзындық (мм), масса (г, т), аудан ($см^2$, $дм^2$, $м^2$, ), көлем ($см^3$, $дм^3$, $м^3$) өлшем бірліктерін білу және салыстыру, өлшеу |
| | 3.1.3.4 Ұзындық (мм, км), масса (г, т) өлшем бірліктерін түрлендіру және атаулы сандармен амалдар орындау |

10.6-кесте – Диагностикалық жұмыс жүргізуге ұсынылатын бақылау жұмысының нұсқасы

| **1-тапсырма. Салыстыр** | |
|---|---|
| **1-нұсқа** | **2-нұсқа** |
| 204 см + 6дм * 56 дм + 3 м<br>5 $м^2$ - 90 $см^2$ * 6 $м^2$<br>3 $дм^3$ + 89 $см^3$ * 102 $см^3$ | 315 см + 5 дм * 97 дм + 2 м<br>6 $м^2$ – 70 $см^2$ * 5 $м^2$<br>6 $дм^3$ + 57 $см^3$ * 312 $см^3$ |
| **2-тапсырма. Көрсетілген өлшем бірліктеріне өрнекте** | |
| 2 м 34 см = _____ см<br>5 $м^2$ 6 $дм^2$ = _____ $дм^2$<br>96 $см^3$ = _____ $мм^3$ | 67 дм 5 см = _____ мм<br>9 $м^2$ 9 $дм^2$ = _____ $дм^2$<br>74 $см^3$ = _____ $мм^3$ |
| **3-тапсырма. Есепте** | |
| 3 м 5 дм 4 см – 1 м 4 дм 9 см =<br>67 дм 2 см – 3 м 8 см =<br>45 дм + 3м 8 см = | 2 м 6 дм 4 см – 1 м 7 дм 8 см =<br>73 дм 6 см – 5 м 9 см =<br>69 дм + 6 м 9 дм |

10.4-кесте – Бақылау жұмысын бағалау кестесі

| Бағалау критерийі | Тапсырма | Дескрипторлар | Ұпайы |
|---|---|---|---|
| Ұзындық (мм), масса (г, т), аудан ($см^2$, $дм^2$, $м^2$, ), көлем ($см^3$, $дм^3$, $м^3$) өлшем бірліктерін білу және салыстыру, өлшеу | 1 | қосындылардың мәнін тауып салыстырады; | 3 |
| | | айырманың мәнін тауып салыстырады; | 2 |
| | | қосындының мәнін тауып салыстырады; | 2 |
| Ұзындық (мм, км), масса (г, т) өлшем бірліктерін түрлендіру және атаулы сандармен амалдар орындау | 2 | өлшем бірліктерін түрлендіреді; | 3 |
| | 3 | 1-ші айырманың мәнін табады; | 1 |
| | | 2-ші айырманың мәнін табады; | 1 |
| | | қосындының мәнін табады; | 1 |
| **Барлығы** | | | **13** |

## III. Сабақ барысында толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары

Өткен оқу жылындағы, яғни 3-сыныптағы оқу мақсаттарын әр бөлім бойынша 4-сыныптың сабақ барысында кіріктіре меңгерту арқылы білім алушылардың біліміндегі орын алған олқылықтарды толықтыруға болатындығы туралы 3-кестеде көрсетіледі.

10.5-кесте – Сабақ барысында толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқу мақсаттарының жобасы (Қысқа мерзімді сабақ жоспарын әзірлеуде кіріктіріп өткізуге ұсынылатын күрделі оқу мақсаттары)

| **Оқу мақсаттары** | | |
|---|---|---|
| **4-сынып** | | **3-сынып** |
| 1.1 Натурал және рационал сандар | 4.1.1.3 Санның жаңа бірлігі – миллион туралы түсінігінің болуы | 3.1.1.4 Санның жаңа бірлігі – мыңдық туралы түсінігі болу, 1 000 000-ға дейін мыңдықтармен санау |
| | 4.1.1.3 көптаңбалы сандардың разрядтық және кластық құрамын және разрядтық бірліктердің жалпы санын анықтау, разрядтық қосылғыштарға жіктеу | 3.1.1.3 1000 көлеміндегі сандардың разрядтық және кластық құрамын анықтау жәнеразрядтық қосылғыштарға жіктеу |
| | 4.1.1.5 пайыз бүтіннің жүзден бір бөлігі екенін түсіну | 3.1.1.5 үлесті құру жолын көрсетіп беру, оларды оқу, жазу және салыстыру |
| | 4.1.1.8 Жай бөлшектерді бөлшектің негізгі қасиетін қолданып салыстыру | 3.1.1.8 Бөлшек — бұл бірліктің (бір бүтіннің) бір не бірнеше тең үлестерінен құралған сан екенін түсіну |

| | | |
|---|---|---|
| | 4.1.1.6<br>бөлімдері немесе алымдары бірдей жай бөлшектерді салыстыру, сан сәулесінде салыстыру/<br>дұрыс бөлшек, бұрыс бөлшек, аралас сандарды ажырату | 3.1.1.6<br>жай бөлшектерді оқу, жазу, бөлімдері бірдей жай бөлшектерді көрнекілік қолдану арқылы салыстыру |
| 1.2Сандармен амалдарды орындау | 4.1.2.1 Аралас санды бұрыс бөлшекке және бұрыс бөлшекті аралас санға айналдыруды орындау | 3.1.2.1 Санның квадраты және кубын табуға болатынын түсіну |
| | 4.1.2.7 Бөлімдері бірдей жай бөлшектерді қосу және азайтуды орындай білу<br>$\frac{a}{n}+\frac{b}{n}=\frac{a+b}{n}$ және<br>$\frac{a}{n}-\frac{b}{n}=\frac{a-b}{n}$ | 3.1.2.7 Санның бөлігін және бөлігі бойынша санды табу: 100 көлеміндегі сандар мен толық жүздіктердің жарты, үштен бір, төрттен бір, оннан бір бөлігін табу |
| | 4.1.2.13Үштаңбалы санға жазбаша көбейту және бөлуді орындау | 3.1.2.11 Екітаңбалы санды екітаңбалы санға бөлуді орындау |
| | 4.1.2.16 Бөліндінің мәнінде нөлдер болғанда екітаңбалы санға жазбаша көбейту/бөлуді орындай білу | 3.1.2.13 Екі/үштаңбалы сандарды біртаңбалы санға өрнектің 46:2, 246:2 ; 84:3, 538:2 түрлерін жазбаша бөлуді орындай білу |
| 1.3 Шамалар және олардың өлшем бірліктері | 4.1.3.1 Мәндерді салыстыру үшін ұзындық (мм, см, дм, м, км), масса (г, кг, ц, т), аудан (см2, дм2, м2 , а, га), көлем (см3, дм3, м3) өлшем бірліктерін салыстыр | 3.1.3.1 Ұзындық (мм), масса (г, т), аудан (см2, дм2, м2, ), көлем (см3, дм3, м3) өлшем бірліктерін білу және салыстыру, өлшеу |
| | 4.1.3.4 Өлшем бірліктерін (мм, см, дм, м, км, г, кг, ц, т, см2, дм2, м2,га, а, см3, дм3, м3, мин, сағ, жыл, ғасыр) түрлендіру,салыстыру және атаулы сандармен амалдар орындау | 3.1.3.4 Ұзындық (мм, км), масса (г, т) өлшем бірліктерін түрлендіру және атаулы сандармен амалдар орындау |
| 2.1 Алгебралық өрнектер және оларды түрлендірулер | 4.2.1.2 Бірнеше айнымалысы бар өрнек құру және оның мәнін әріптердің берілген мәні бойынша табу | 3.2.1.2 Екі айнымалысы бар өрнек құру және оның мәнін әріптердің берілген мәні бойынша табу |
| 2.2. Теңдеулер мен теңсіздіктер | 4.2.2.2 a+12 ≤ 15 түріндегі теңсіздіктің шешімдер жиынын табу | 3.2.2.1 Көбейту мен бөлудің белгісіз компоненттерін табу ережелері негізінде теңдеулерді шешу және таңдау әдісімен түбірін табу |
| | 4.2.2.3 Теңсіздіктердің шешімдер жиындарының қиылысуы мен бірігуін табу | 3.2.2.2 39 + 490 : k = 46, 230×a+40=1000:2 түріндегі теңдеулерді шешу |
| 2.4 Жиын және логика элементтер | 4.2.4.2 Берілген екі жиын арқылы жиынның бірігу, қиылысуын құра білу | 3.2.4.1 Логикалық есептерді шешуде ЭйлерВенн диаграммасын қолдану |


## IV. Кіріктірілетін оқыту мақсаттары бойынша ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгісі



10.6-кесте – «Бөлшектер және пайыз» тақырыбы бойынша 4 сыныптың оқу мақсаттарына 3 сыныптың оқу мақсаттарының кіріктірілуі бойынша қысқа мерзімді жоспар

| | | |
|---|---|---|
| Білім беру ұйымының атауы | №53 мектеп-лицейі КММ | |
| Бөлім: | 1В бөлім-Сандармен амалдар орындау. Есептер. | |
| Мұғалімнің аты-жөні | Аубатырова Арайлым Нурталиповна | |
| Сынып: 2 | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы | Пайыздар | |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары | 4.1.1.5 пайыз бүтіннің жүзден бір бөлігі екенін түсіну; бүтіннің бөліктерін пайызбен жазу<br>4.5.2.4** пайызды % символымен белгілеуді қолдану | |
| Өткен жылғы оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары | 3.1.1.5<br>үлесті құру жолын көрсетіп беру, оларды оқу, жазу және салыстыру | |
| Сабақтың мақсаты | Барлық оқушылар: пайыз ұғымын түсінеді<br>Оқушылардың басым бөлігі: пайызды % символымен белгілеуді қолдана алады<br>Кейбір оқушылар: пайыз бүтіннің жүзден бір бөлігі екенін түсінеді. | |


Сабақтың барысы


| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы<br>5 мин | “Ой толғау” стратегиясы<br>Нұр-Сұлтан қаласынан 1 күнде орта есеппен 969 тонна қатты тұрмыстық қалдық жиналады екен. Егер Нұр-Сұлтан қаласында 2000000 адам тұрады деп алсаң, адам басына шаққанда, 1 күнде 1 адам неше кг қалдық тастайтынын есептеп көрейік. Ал 30 күнде ше?<br>Отбасыңның орта есеппен 1 айлық қалдық | 969т=969000 кг<br>2000000:<br>969000=2 кг<br>2 кг х 30 =60 кг | Сабақ басталғанда балаларға жеке бағалау парақшалары беріледі. Егер тапсырманы орындай алса, өзіне 1 ұпай қойып отырады. | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | тастау мөлшерін есептеп көр<br>-Қалдық көп шығармау үшін не істеу керек?<br>- Отбасында тұрмыстық қалдық тастағанда сұрыптайсың ба? | | | |
| Сабақтың ортасы<br>15 мин | Өзіндік жұмыс<br>Лего текшелерін пайдаланып, бөлшекке бөлуді тақтаға жазу<br><br><br>Дескриптор:<br>- Бөлшектерді жазады<br>Есіңе түсір:<br>Бөлшектің бөлімі<br>Бөлшектің алымы<br>Бөлшек сызығы<br>2- тапсырма Топпен жұмыс. а)Фигураның боялған бөліктерін бөлшек түрінде жаз.<br>ә) Бөліндіні бөлшек түрінде жаз. Есіңе түсір! Бөлшектің көмегімен екі натурал санды бөлу нәтижесін көрсетуге болады. Бөлшектің бөлімі (n) бүтіннің теңдей қанша бөлікке бөлінгенін, ал бөлшектің алымы (m) осындай неше бөлік алынғанын көрсетеді. Алымы мен бөлімін бөліп тұратын сызық бөлшек сызығы деп аталады.<br>Дескриптор:<br>-бөліндіні бөлшек түрінде жаза біледі<br>1-тапсырма. Мақсат қою (мәселелі жағдаят)<br>– Математика тілінде 1 тақтайшаның үлесін | Балалар 3-сыныптан Үлес ұғымын еске түсіру<br><br>2<br>-<br>4<br><br>2:5 = 2/5<br>m:n= m/n | Дұрыс жауапқа бір ұпай беріледі | Лего, тақта<br><br>Оқулық, дәптер, қалам<br><br>Парақтар |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | (бөлігін) қалай атауға, жазуға болады?<br>– Нені үйрену керек?<br>Бізге үлестерді атауды, жазуды, салыстыруды үйрену керек.<br>Үлестерді бөлшек түрінде жаз<br><br>Дескрипторлар:<br>-Үлестерді атай алады;<br>-Үлестерді жаза біледі;<br>-Үлестерді салыстыруды түсінеді.<br>Түсіндірме<br>Осы таспаны 100 ге бөлсе, оның 1 үлесі айрықша «пайыз» атауына ие болады. Пайыз-бұл бөлімі 100 болатын бөлшекпен өрнектелетін шаманың бөлігі.<br>Пайызды жазу үшін «%» белгісін пайдаланады.<br>Пайыз –нағыз өмірге пайдалы есептеу құралы. Әлемде бұл сөз procentum деп жазылып, процент деп айтылып кеткен.<br>Ой қозғау «3 сұрақ» әдісі<br>1 Не? Пайыз деген сөзді естігендерің бар ма?<br>2. Не үшін? Пайыз ұғымы не үшін қолданылады деп ойлайсыңдар?<br>3. Қайда? Күнделікті өмірде пайыз ұғымы қай жерде қолданылады? Оқушылар өз | <br>Бөлшек түрінде жазады | Тапсырманы толық орындаса өзіне 1 ұпай қояды | Тақта |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 2 мин<br><br>10 мин | айналасындағы, күнделікті тұрмыста кездесіп жатқан пайызға байланысты мысалдарды атайды.<br>Атап айтқанда, «күнделікті тұтынатын өнім құрамындағы қоспалардың пайызын, дүкендерде заттарға берілген пайыздық жеңілдіктерді, ұялы телефондағы қуаттың пайыздық көрсеткішін, қаржыға байланысты жеке кәсіпкерлік істерде көп қолданылуы» туралы және тағы басқа мысалдар келтіреді.<br><br><br><br><br>Өзіндік жұмыс:<br>3 тапсырма<br>Тапсырманы орында.<br>а) «%» белгісін пайдаланып, бөлшектерді пайыз түрінде жаз:<br>$\frac{4}{100}; \frac{25}{100}; \frac{38}{100}; \frac{59}{100}$.<br>ә) Пайыздарды бөлшек түрінде жаз:<br>18%; 58 %; 76%; 99%.<br>Дескриптор:<br>-Бөлшекті пайызға және пайызды бөлшекке ауыстыра алады;<br>4 тапсырма: Қатарға бөліну:<br>Тапсырма:<br>1-қатар алымы бір таңбалы болатын бөлшек | Дұрыс жауап тақтаға жазылады | Өзін-өзі бағалу<br><br>Бәрі дұрыс жазылса, 1 ұпай қойылады | Оқулық 88-бет.<br>3-тапсырма<br><br>Оқулық 88-бет. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | жазады<br>2-қатар алымы екі таңбалы сан болатын бөлшек жазады.<br><br><br>Дескриптор:<br>-Пайызы бойынша бөлшекті жаза біледі;<br>Сергіту сәті: «Атом» ойынын ойнау<br><br>5-тапсырма. Сен зерттеушісің! -- Балалар экологиялық таза көлік деп нені айтуға болады? Оқушылардың жауабы тыңдалады.<br>Тапсырма:<br>Құлып 3,2 және 4 сандарының көмегімен ашылады. Бұл 400-ден үлкен тақ сан екендігі белгілі. Санды ата.<br>Шығармашылық жұмыс:<br>-сыныптың 50% қыздар болса, олар нешеу болар еді?<br>-сыныптың 25% шашы ұзын болса, олар нешеу болар еді?<br>Дескриптор:<br>-пайызды бөлшекке айналдыру.<br>Қалыптастырушы бағалау<br>1. Пайызды бөлшек түрінде жаз:<br>12%, 6%, 20%<br>2. Бөлшекті пайыз түрінде жаз:<br>54/100, 62/100, 14/100<br>3. Бөліктерді бөлшек түрінде жаз: | Басқарушы «Атом» дегенде балалар шашылып жүреді. «Молекула 3 тен» десе сол айтылған санға сай топтасады, артық қалып қойған бала ойынана шығады | Қатарлар өзара бағалайды. Дұрыс жазуға 1 ұпай қояды. Дұрыс болмаған жағдайда түсіндіреді<br><br>Жылдам орындаушыға 1 ұпай беріледі<br><br>ҚБ: 1-10 балдық жүйе. | 4-тапсырма<br><br>Оқулық 89-бет.<br>8-тапсырма<br><br>парақтар |



4. 1 см бір метрдің қандай бөлігін құрайды?

| Бағалау критерийі | № | Дескрипторлар | балл |
|---|---|---|---|
| Пайызды түсінеді, қолданады | 1 | -пайызды бөлшек түрде жаза алады; | 3 |
| | 2 | -бөлшекті пайыз түрде жаза біледі; | 3 |
| Үлес ұғымын біледі | 3 | -үлесті құра біледі; | 3 |
| пайыз бүтіннің жүзден бір бөлігі екенін түсінеді. | 4 | - пайыз бүтіннің жүзден бір бөлігі екенін түсіне біледі. | 1 |
| | | Барлығы: | 10 |

Рефлексия.
Рефлексия жүргізу үшін балалар өз біліктіліктерін мақсаттарымен үйлестіреді:

Код 423

12/100, 6/100,20/100
54%, 62%, 14%

3/8, 7/18, 7/16

1/100

Жалпы балалар жинаған ұпайларын санайды, пайыздық өлшем бірлігін шығарады, сәйкесінше бағаларын біледі





| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | сабақ үстінде қолынан не келетінін кім түсінді:<br>-пайыз ұғымын түсінді,<br>- пайыз бүтіннің жүзден бір бөлігі екенін білді,<br>-пайызды бөлшек түрінде жазып, қолданды.<br>-шығармашылық жұмыс жасай алды. | | | |


10.7-кесте – «Бөлшектер және пайыз» тақырыбы бойынша 4 сыныптың оқу мақсаттарына 3 сыныптың оқу мақсаттарының кіріктірілуі бойынша қысқа мерзімді жоспар


| | | |
|---|---|---|
| Білім беру ұйымының атауы | №53 мектеп-лицейі КММ | |
| Бөлім: | 1В бөлім-Сандармен амалдар орындау. Есептер. | |
| Мұғалімнің аты-жөні | Аубатырова Арайлым Нурталиповна | |
| Сынып: 2 | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы | Дұрыс және бұрыс бөлшектер | |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары | 4.1.1.6 бөлімдері немесе алымдары бірдей жай бөлшектерді салыстыру, сан сәулесінде салыстыру/ дұрыс бөлшек, бұрыс бөлшек, аралас сандарды ажырату | |
| Өткен жылғы оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары | 3.1.1.6 жай бөлшектерді оқу, жазу, бөлімдері бірдей жай бөлшектерді көрнекілік қолдану арқылы салыстыру | |
| Сабақтың мақсаты | Барлық оқушылар: дұрыс бөлшек, бұрыс бөлшектерді ажырата алады<br>Көптеген оқушылар: дұрыс бөлшек, бұрыс бөлшектерді сан сәулесінде салыстырады<br>Кейбір оқушылар: бөлшек сандармен есептер шығарады. | |

**Сабақтың барысы**

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы<br>5 мин | “Ой толғау” стратегиясы.<br>Сыныпты үш қатар бойынша топқа бөлу<br>1-қатар:<br>Берілген сызбаларды бөлшектермен сәйкестендір<br>2-қатар: Берілген бөлшектерді сызбаларда бояп көрсет<br>3-қатар:<br>Уақытты пайызбен көрсет |  | Топтар 10 ұпай жүйесімен өзара тексереді, бағалайды | Тапсырма парақтары |
| Сабақтың ортасы<br>15 мин | Түсіндірме:<br>№2 а) Боялған бөліктерді көрсететін бөлшектерді жаз.<br>ә) Бөлшектердің қосындысын тап.<br><br><br>Дескриптор:<br>-бұрыс бөлшек ұғымын біледі.<br>Топтық жұмыс:<br>«Сұрақты ұстап ал» әдісі | Балалар бөлшектерге қарап қорытынды жасайды.<br> | | Оқулық, дәптер қалам<br><br>Оқулық, дәптер қалам |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 2 мин | 1. Жетіден төрт<br>2. Алтыдан сегіз<br>3. тоғыздан тоқсан тоғыз<br>4. бестен үш<br>5. сегізден он<br>6. он екіден он үш<br>Дескриптор:<br>-дұрыс бөлшек, бұрыс бөлщек ұғымдарын түсіне біледі.<br>4-тапсырманы орында:<br>1. Үлестің жалпы санын қосынды түрде жаз;<br>2. Оларды бірлікпен салыстыр;<br>3. Теңсіздер жаз;<br>1-топ: а)<br>2-топ: ә)<br>3-топ: б)<br>Дескриптор:<br>- дұрыс бөлшек, бұрыс бөлщек ұғымдарын талдай алады<br>Сергіту сәті:<br>Топ балалары фломастерді байлап алып, лабиринттен шығуға тырысады.<br><br>Топтық жұмыс:<br>1. Бөлшек сандармен амалдар орында, есепті шығар<br>а)Ұзындығы -25 см,ал ені ұзындығының 1/5 бөлігіне тең болатын төртбұрыш жиектемеге ұзындығы қандай білте тақтайша қажет болды?<br><br>ә) Тіктөртбұрыш пішінді бақшаға қоршау жасау керек.Бақшаның ұзындығы -80 см, ені ұзындығының 1/8 бөлігіне тең.Қоршаудың жалпы ұзындығы қанша болуы тиіс?<br>б) Сымтемірдің 4/1 бөлігі ,яғни 16 м-і кесіп | Топтар дұрыс жауабын айтуға тырысады.<br><br><br>*Шешуі: 25 см : 5 = 5 см (25 см + 5 см ) *2 = 60 см*<br>*Жауабы: 60 см тақтайша қажет болды.*<br>*Шешуі: 80 см : 8 = 10 см (80 см +10 см) *2 = 180 см*<br>*Жауабы: жалпы* | Әр дұрыс жауап 1 ұпай береді<br><br>Әр дұрыс жауапқа 1 ұпай беріледі | Оқулық 108 бет<br><br>парақтар<br><br>Оқулық 108 бет |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 10 мин | алынды.Сымтемірдің жалпы ұзындығы қандай?<br><br>Дескриптор:<br>-бөлшек сандармен амалдар орындауды біледі.<br>Қалыптастырушы бағалау:<br>1. Берілген бөлшектерді дұрыс бөлшек, бұрыс бөлшекке бөліп жаз<br>2. тапсырма<br>Тапсырманы орында.<br>а) Сан сәулесін сыз. Сан сулесінде $\frac{2}{4}; \frac{3}{4}; \frac{4}{4}; \frac{8}{4}; \frac{12}{4}$ бөлшектерін белгіле.<br><br><br>ә) Бұрыс бөлшектерді көшіріп жаз. Оларды бірлікпен салыстыр. Бұрыс бөлшектерді сандардың бөліндісі түрінде жазып, ережені тексер.<br>2.<br>№ \| Дескрипторлар: \| Ұпай<br>1 \| -дұрыс бөлшек, бұрыс бөлшек ұғымдарын жинақтай біледі; \| 4<br>2 \| -бөлшектерді сандық сәуледе орналастыра алады.<br>- бұрыс бөлшекті бірлікпен салыстыра алады;<br>-сандардың бөліндісі түрінде жаза алады \| 2<br>2<br>2<br>Барлығы \| 10<br><br>«Синквейн» әдісі бойынша қорытындылау | *ұзындығы -180 см болуы тиіс*<br>*Шешуі: 16 м * 4 = 64 м*<br>*Жауабы: 64 м*<br>*сымтемір қажет*<br><br><br>2<1, 3<1, 4=1<br>4 4 4<br><br>8>1, 12>1<br>4 4<br><br>8/4=2 2>1<br>12/4=4 4>1<br><br>1. Бұрыс бөлшек<br>2. Алымы үлкен<br>3. 1 санымен салыстырылады<br>4. Алымы бөлімінен үлкен бөлшек бұрыс бөлшек деп аталады<br>5. жай бөлшек | ҚБ: 1-10 балдық жүйе. | Карточка немесе тақта |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 1. Не?<br>2. Қандай?<br>3. Не істеледі?<br>4. Сөйлем<br>5. Синоним | | Топтардың ұпайлары есептеледі. ҚБ қойылады. | |


## V. Сабақтан тыс уақытта толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары

10.8 -кесте – Сабақтан тыс уақытта толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары

| Бөлімше | Бөлім бойынша оқу мақсаттары |
|---|---|
| | 3-сынып |
| 3.3 Нүктелер координаттары және қозғалыс бағыты | 3.3.3.1 жазық фигурада белгіленген нүктелердің орнын бір-біріне қатысты анықтау |
| 3.1 Геометриялық фигуралар және олардың классификациясы | 3.3.1.1 шеңбер мен дөңгелек, және олардың элементтерін (центр, радиус, диаметр) бір-бірінен ажырату және атау/симметриялы және симметриялы емес жазық фигураларды айыра білу және оларды қоршаған ортадағы заттармен сәйкестендіру; |
| | 3.3.1.2 геометриялық фигуралардың классификациясы; |
| | 3.3.1.3 тіктөртбұрыш тікбұрышты үшбұрыш, $S= (a\cdot b):2$, шаршы $S=a^2$, тікбұрышты үшбұрыш $S=a\cdot b$ ауданы формуласын қорытындылап алу және қолдану; |
| | 3.3.1.4 суретте кескінделген құрастырылған фигуралардың, қоршаған ортадағы жазық фигуралардың периметрін анықтау; |
| | 3.3.1.5 берілген ауданы бойынша жазық фигуралар салу, олардың пішіндері өзгеруіне қарай ауданының қалай өзгеретінін түсіндіру |
| 1.2 Сандармен амалдар орындау | 3.1.2.3** тиімді есептеу үшін көбейтудің үлестірімділік, терімділік қасиеттерін қолдану; |
| | 3.1.2.6 біртаңбалы санға қалдықпен бөлуді орындау; |
| | 3.1.2.7 кестеден тыс 17·5, 96:6, 75:15, 84:4 жағдайларында ауызша көбейту мен бөлуді орындау; |

10.9 -кесте – Сабақтан тыс уақытта толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттарына жұмыс жоспары

| Бөлім бойынша оқу мақсаттары | Жасалынатын сыныптан тыс жұмыстар: |
|---|---|
| 3-сынып | |
| 3.3.3.1 жазық фигурада белгіленген нүктелердің орнын бір-біріне қатысты анықтау | «Біз саяхатшы» тақырыбында жасалған картадан қала ғимараттарының орнын тауып , координаталарын жазғызу |
| 3.3.1.1 шеңбер мен дөңгелек, және олардың элементтерін (центр, | « Геометриялық фигуралар сөйлесін» екі күндік 3-сынаптар арасында жарыс ұйымдастыру |

| | |
|---|---|
| радиус, диаметр) бір-бірінен ажырату және атау/симметриялы және симметриялы емес жазық фигураларды айыра білу және оларды қоршаған ортадағы заттармен сәйкестендіру; | 1- күн:<br>1. Комбинаторлық тапсырмалар<br><br>2.Геометриялық конкурс<br>3.Сыңарын тап<br>4.Таңғажайып есептер<br>5.Жағдаятты сұрақтар<br>2-күн:<br>1.Геометриялық басқатырғылар<br>2. Геометриялық фигураларды қатыстырумен ертегі көрніс шығару |
| 3.3.1.2 геометриялық фигуралардың классификациясы; | |
| 3.3.1.3 тіктөртбұрыш тікбұрышты үшбұрыш, $S=(a\cdot b):2$, шаршы $S=a^2$, тікбұрышты үшбұрыш $S=a\cdot b$ ауданы формуласын қорытындылап алу және қолдану; | |
| 3.3.1.4 суретте кескінделген құрастырылған фигуралардың, қоршаған ортадағы жазық фигуралардың периметрін анықтау; | |
| 3.3.1.5 берілген ауданы бойынша жазық фигуралар салу, олардың пішіндері өзгеруіне қарай ауданының қалай өзгеретінін түсіндіру | |
| 3.1.2.3** тиімді есептеу үшін көбейтудің үлестірімділік, терімділік қасиеттерін қолдану; | <br>Ламинатталған карточкамен жұмыс жасау |
| 3.1.2.6 біртаңбалы санға қалдықпен бөлуді орындау; | «Атом-молекула» ойыны<br>Атом бөлінбейтін бөлшек екенін айту, балалар жеке қозғалып жүреді. «Молекула үштен» немесе басқа сандарды айтқанда балалар сол сандар бойынша бірігеді.Бірікпей қалған бала қалдық болып, ойынан шығады. |
| 3.1.2.7 кестеден тыс 17·5, 96:6, 75:15, 84:4 жағдайларында ауызша көбейту мен бөлуді орындау; | <br>Түрлі-түсті қарындаштарды пайдалана отырып, көбейту мен бөлуді орындату |

## VI. Кіріктіруге болмайтын оқыту мақсаттары қарастырылатын кеңестердің кестесі

10.10-кесте – Каникул кездерінде (күзгі, қысқы, көктемгі) өткізілетін кеңестердің кестесі

| Өткізілетін мерзімі | Тақырыптың атауы | Оқыту мақсаттары |
|---|---|---|
| Күзгі каникул | Мүмкіндіктер тармағы | 3.4.4.1 «мүмкіндіктер тармағы» туралы түсінігі болу, күнделікті өмірде кездесетін түрлі жағдаяттар мен есеп шығаруда қолдану |
| Күзгі каникул | Мүмкіндіктер тармағы | 3.4.4.1 «мүмкіндіктер тармағы» туралы түсінігі болу, күнделікті өмірде кездесетін түрлі жағдаяттар мен есеп шығаруда қолдану |
| Күзгі каникул | 8,9 сандарына көбейту және бөлу кестесі | 3.1.2.4 6; 7; 8; 9 сандарына көбейту мен бөлу кестесін құру, білу және қолдану |
| Қысқы каникул | Шамалар арасындағы тәуелділікке берілген есептерді шығару | 3.5.1.4 шамалар арасындағы тәуелділікке; пропорцияның белгісіз мүшесін табуға берілген есептерді талдау және шығару |
| Қысқы каникул | Шамалар арасындағы тәуелділікке берілген есептерді шығару | 3.5.1.4 шамалар арасындағы тәуелділікке; пропорцияның белгісіз мүшесін табуға берілген есептерді талдау және шығару |
| Қысқы каникул | Есептер шығару | 3.5.1.2 есептерді шығаруда «бір заттың массасы», «саны», «жалпы масса»/ «бір затқа жіберілген шығын», «заттардың саны», «жалпы шығын»/ ұзындығы, ені, ауданы ұғымдарының өзара тәуелділігін пайдалану<br>3.5.1.4 шамалар арасындағы тәуелділікке; пропорцияның белгісіз мүшесін табуға берілген есептерді талдау және шығару |
| Көктемгі каникул | Тиімді есептеу | 3.1.2.3** көбейтудің үлестірімділік, терімділік қасиеттерін тиімді есептеулер жүргізу үшін қолдану |
| Көктемгі каникул | Тиімді есептеу үшін көбейтудің қасиеттерін пайдалану | 3.1.2.3** көбейтудің үлестірімділік, терімділік қасиеттерін тиімді есептеулер жүргізу үшін қолдану |

## VII. Жазғы мектеп кезінде ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгісі

10.11-кесте – «Нөлдермен аяқталатын көптаңбалы сандарды жазбаша бөлу тәсілдері» тақырыбы бойынша қысқа мерзімді жоспары

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Білім беру ұйымының атауы | №53 мектеп-лицейі КММ | | | |
| Бөлім: | Нөлдермен аяқталатын көптаңбалы сандарды жазбаша бөлу тәсілдері» тақырыбы бойынша қысқа мерзімді жоспары | | | |
| Мұғалімнің аты-жөні | Аубатырова Арайлым Нурталиповна | | | |
| Сынып: | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: | | |
| Сабақтың тақырыбы | Нөлдермен аяқталатын көптаңбалы сандарды жазбаша бөлу тәсілдері | | | |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары | 4.1.2.12 - нөлмен аяқталатын көп таңбалы сандарды бір таңбалы/ екі таңбалы/үш таңбалы санға көбейту және бөлу алгоритмдерін қолдану | | | |
| Сабақтың мақсаты | Барлық оқушылар:<br>Нөлдермен аяқталатын көптаңбалы сандарды көбейту алгоритмін ережелерін біледі;<br>Оқушылардың басым бөлігі: Нөлдермен аяқталатын көптаңбалы сандарды көбейту алгоритмін есептерде шығаруда қолданады;<br>Кейбір оқушылар: Нөлдермен аяқталатын көптаңбалы сандарды көбейту алгоритмін біледі және колдана алады. | | | |
| Бағалау критерийі | -Көбейтуді орындай алады;<br>- Көбейту ережелерін қолдана алады | | | |
| Сабақтың барысы. | | | | |
| Сабақтың кезең уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
| Басы | Ойды ширату:<br>Кез келген кі таңбалы санды 11 ге көбейткенде есептеудің тиімді жолы | Орындап көру:<br>24х11=264<br>35х11=385 | КБ: өзара тексеру | тақта |


| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| |  | 69x11=759 | | |
| Ортасы | Топпен жұмыс<br>№2 Жазба мен есептеу тәсілін талдай отырып қалай орындалғанын түсіндіру<br>Нольдермен аяқталатын сандарды жазбаша бөлу кезінде алдымен бөлінгіш пен бөлгіштегі сандарды теңдей алып тастап ,содан соң бөлуді орындау керек.<br>246000:600=410<br>Әр топтан бір оқушы түсіндіреді.<br>Тапсырманы топқа бөліп беру<br>1топ 45000:90 ,45000:900<br>3-топ 24000:60 24000:400 45000:15 24000:12<br>2-топ 45000:150 45000:500<br>4-топ 24000:120 45000:5000 24000:800 24000:2000<br><br>Дескрипторлар:<br>• өрнектерді оқу мен жазу кезіндегі көбейту мен бөлу амалдары компоненттерінің атауларын қолдана алады;<br>• амалдарды қолдану кезінде көбейту мен бөлу алгоритмін құрастырады және қолданады;<br>Сергіту сәті<br>Математикалық қызықтар | Жауабын айтып тұрған оқушы қорытынды жасайды.<br><br>. | | Тапсырмалары<br><br>тақта |


| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 0 x 9 + 1 = 1<br>1 x 9 + 2 = 11<br>12 x 9 + 3 = 111<br>123 x 9 + 4 = 1111<br>1234 x 9 + 5 = 11111<br>12345 x 9 + 6 = 111111<br>123456 x 9 + 7 = 1111111<br>1234567 x 9 + 8 = 11111111<br>12345678 x 9 + 9 = 111111111<br>123456789 x 9 + 10 = 1111111111 | | | |
| Соңы | Жаңа білім мен тәжірибені қолдану.<br>Есепті шығар •<br>Қапшағай ыдыс-аяқ зауыты дүкендерге 18 000 кесе жөнелтуі керек. Ол әрқайсысында 360 кеседен 20 жәшік және 240 кеседен 10 жәшік жіберді. Дүкендерге жіберетін тағы неше кесе қалды?<br>Дескриптор:<br>- Нөлдермен аяқталатын көптаңбалы сандарды көбейту алгоритмін есептерде шығаруда қолданады;<br>Топтық жұмыс:<br>I топ<br>6 = 60 000 = 6 000 000<br>5 154 кг = 5 т 1 ц 54 кг<br>25 км 500 м = 25 500 м = 2 550 дм<br>25 036 см = 250 м 3 дм 6 см<br><br>II топ<br>120 ц = 12 т<br>10 = 1000<br>32 кг 50 г = 32 050 г<br>25 036 см = 250 360 мм<br><br>III топ, IV топ<br>56 000 г = 56 кг<br>4 580 м = 4 км 580 м | Жауабы: 1800 – (360 · 20 + 240 · 10) = 8400 кесе қалды<br><br>Түрлендіреді | Өзара бағалау<br><br>Топтар өзара бағалау жүргізеді | Тақта<br><br>карточкалар |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 56 000 000 = 56<br>5 = 500 = 50 000<br>Дескриптор:<br>-Шамаларды түрлендіре біледі. | | | |
| Кері байланыс | “Плюс-Минус-Қызығамын” кестесі<br>“Плюс” (+) Сабақта қызық болған, пайдалы болар деп ұйғарылған мәселелер мен жәйттер жазылады.<br>“Минус” (-) Сабақта сәтсіз шыққан, пайдасы жоқ не шамалы болды деп ұйғарылған мәселелер мен жәйттер жазылады.<br>“Қызығамын”<br>(?) “Не білгім келеді?” немесе “Бұл мен үшін қызық бола ма?” деген сұрақтарға жауап келтіру | Оқушыларға кері байланыс кестесі таратылады. Оқушылар өздері белгілейді. | Өзіндік бағалау | Кері байланыс кестесі |

10.12-кесте – «Графиктер» тақырыбы бойынша қысқа мерзімді жоспары

| | | |
|---|---|---|
| Білім беру ұйымының атауы | №53 мектеп-лицейі КММ | |
| Мұғалімнің аты-жөні | Аубатырова Арайлым Нурталиповна | |
| Сынып: | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы | Графиктер | |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары | 4.5.1.1 есепті сызба, алгоритм, дөңгелек диаграмма, график түрінде модельдеу<br>4.5.1.2 есептерді шығаруда жұмысқа жіберілген уақыт, атқарылған жұмыс; өнімділік/ егіннің түсімділігі; ауданы мен массасы/ жылдамдық, арақашықтық, уақыт шамаларырының өзара тәуелділігін пайдалану | |
| Сабақтың барысы. | | |

| Сабақтың кезең уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Басы | “Ой толғау” стратегиясы: Кез келген екі таңбалы сады 12 ге көбейтудің қызықты жолы   | Ұқсас тапсырмалар орындайды | Өзара бағалау | тақта<br>. |
| Ортасы | Еске түсіру: Ақпараттарды графикке енгіз, есепті шығар<br>График, диаграмма ұғымдарын еске түсіру<br>Жаяу жүргінші 8.00-де үйден шықты. 3 км жол жүріп базарға 8.30-да келді. Мұнда 10 минут аялдап, 8.40-та жолға шықты. Тағы 3 км жол жүріп сағат 9.10-да саяжайға келді. Саяжайды 10 минут аралап, 9.20-да жолға шықты. Тағы 4 км жол жүріп сағат 10.20-да әуежайға келді. Мұнда 10 минут аялдап, 10.30-да жолға шықты. Жолаушының барлық уақыты мен жолын анықта.<br>Дескрипторлар:<br>-арақашықтық пен уақыттың тәуелділігіне назар аударады;<br>- қажетті ақпараттарды графикке енгізе алады.<br>- берілген мәліметтерді талдайды және шығарады<br>Сергіту сәті: Қызықты мәліметтер.<br>Сен білесің бе? |  <br>. | Өзара бағалау | Оқылым, жазылым тапсырмалары. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 12345679 x 9=111111111<br>12345679 x18=222222222<br>12345679 x27=333333333<br>12345679 x36=444444444<br>12345679 x45=555555555<br>12345679 x54=666666666<br>12345679 x63=777777777<br>12345679 x72=888888888<br>12345679 x81=999999999<br>- Julie B. Lacea - | | | |
| Соңы | Жаңа білім мен тәжірибені қолдану.<br>Шығармашылық жұмыс<br><br>Сынып болып бір аяқпен тұру ұзақтығы мен бала санын анықтайды. Мәліметтерді графикке енгізеді.<br><br> | Ұйымдастырушы мәліметтерді жазып отырады | Жеңімпаз ең көп тұру бойынша анықталады | секундомер |
| Кері байланыс | Кері байланыс<br><br>Тапсырманы орындау маған ұнады (ұнамады) _____<br>Ерекше қиын болды_____<br>Менің ойымша, оның себебі_____<br>Ең қызықты болғаны_____<br>Егер мен бұл тапсырманы тағы орындасам, келесілерді жасар едім_____ _<br>Менің жектекшіге өтінішім_____ | Түстер бойынша өз пікірлерін білдіреді | | |

## 14. «Жаратылыстану» оқу пәні, 2-сынып

### I. Өткен оқу жылында өтілген оқу бағдарламасының мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттары

2-сыныпта «Жаратылыстану» пәнінен диагностикалық жұмыс жүргізу үшін 1-сыныпқа арналған «Жаратылыстану» пәнінен оқу бағдарламасының оқыту мақсаттары зерделенеді. Ол үшін бастауыш білім берудің 1-4 сыныптарына арналған «Жаратылыстану» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын қарастырамыз[9]. Оқу бағдарламасына сәйкес 2-сыныпта 5 бөлім қарастырылады. Бес бөлімге қатысты 1-сыныптың мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттары келесі кестеде көрсетілген (14.1-кесте).

14.1-кесте – өткен оқу жылындағы өтілген 1-сыныптың оқу бағдарламасының мазмұнын толық қамтитын оқу мақсаттарының жобасы

| Ортақ тақырып | Бағдарлама бөлімшелері | Оқу мақсаттары |
|---|---|---|
| 1-тоқсан | | |
| 1 Өзім туралы | 1.1 Мен – зерттеушімін | 1.1.1.1 қоршаған әлем құбылыстары, үдерістері мен нысандарын зерттеудің қажеттілігін түсіндіру |
| | | 1.1.2.1 қоршаған әлем құбылыстарына бақылау жүргізу; |
| | | 1.1.2.2 көрсетілген экспериментті түсіндіру |
| 2 Менің мектебім | 1.2 Өсімдіктердің қандай түрлері болады? | 1.2.1.2 өсімдіктердің негізгі бөліктерін ажырату; |
| | | 1.2.1.3 жабайы өсімдіктер мен мәдени өсімдіктерді ажырату; |
| | | 1.1.2.1 қоршаған әлем құбылыстарына бақылау жүргізу; |
| | 1.8 Адамдар жануарлардан не алады? | 1.2.2.2 жабайы және үй жануарларын ажырату; |
| | | 1.1.1.1 қоршаған әлем құбылыстары,үдерістері мен нысандарын зерттеудің қажеттілігін түсіндіру |
| 2-тоқсан | | |
| 3.Мен және менің отбасым | 1.1 Адамның дене мүшелері | 1.2.3.1 адам денесінің негізгі бөліктерін және олардың қызметтерін атау; |
| | | 1.1.2.1 қоршаған әлем құбылыстарына бақылау жүргізу; |

| | | |
|---|---|---|
| 4 Бізді қоршаған әлем | 1.2 Қозғалыс траекториясы дегеніміз не? | 2.1.3.2 Қазақстан картасынан ірі өзен-көлдерді, қалаларды, жолдарды, өз облысын көрсету |
| 3-тоқсан | | |
| 5 Саяхат | 1.2 Адамдар ғарышты қалай зерттеді? | 1.4.2.1 астрономияны ғарыш туралы ғылым ретінде сипаттау; |
| | | 1.4.2.2 ғарышты зерттеуге арналған құрылғылар мен ұшу аппараттарын сипаттау; |
| | 1.3 Қазір ғарышты қалай зерттейді? | 1.4.2.3 жекелеген ғарыштық денелерді атау және сипаттау |
| | | 1.4.2.2 ғарышты зерттеуге арналған құрылғылар мен ұшу аппараттарын сипаттау; |
| 6 Дәстүр және ауыз әдебиеті | 1.1 Жылытқыш құралдар | 1.5.4.1 жылыту жабдықтары мен құрылғыларын анықтау |
| | | 1.1.1.1 қоршаған әлем құбылыстары,үдерістері мен нысандарын зерттеудің қажеттілігін түсіндіру |
| | 1.2 Электр | 1.5.5.1 адамдардың күнделікті өміріндегі электр энергиясының маңызын түсіндіру |
| | | 1.1.1.1 қоршаған әлем құбылыстары,үдерістері мен нысандарын зерттеудің қажеттілігін түсіндіру |
| 4-тоқсан | | |
| 7 Тағам және сусындар | 1.2 Жасанды жарық көздері дегеніміз не? | 1.5.2.2 жарықтың табиғи және жасанды көздерін ажырату; |
| | | 1.5.2.3 жасанды жарықтың қажеттілігін және оның көздерін анықтау |
| | 1.4 Қараңғы қай кезде қажет? | 1.5.2.1 жарық пен қараңғылықты салыстыру |
| | | 1.1.2.2 көрсетілген экспериментті түсіндіру) |
| 8 Дені саудың жаны сау | 1.2Жасанды дыбыс көздері дегеніміз не? | 2.1.3.1 өз зерттеулеріне сүйене отырып, өлкесінің көрікті жерлерін сипаттау және бейнелеу |
| | 1.3Дыбыс қалай тарайды? | 1.5.3.1 дыбыстың таралуының ерекшеліктерін түсіндіру; |
| | | 1.1.2.1 қоршаған әлем құбылыстарына бақылау жүргізу; |
| | | 1.1.2.2 көрсетілген экспериментті түсіндіру |

## II. Іріктеп алынған оқыту мақсаттары бойынша диагностикалық жұмыстың үлгісі

14.2-кесте – «Тағам және сусындар» ортақ тақырыбы бойынша диагностикалық жұмыс жүргізуге ұсынылатын оқыту мақсаттары

| Бөлімше атауы | 2-сынып |
|---|---|
| **«Тағам және сусындар» ортақ тақырыбы бойынша** | |
| 5.2 Жасанды жарық көздері дегеніміз не? | 1.5.2.2 жарықтың табиғи және жасанды көздерін ажырату; |
| 5.2 Жарық не үшін қажет? | 1.5.2.3 жасанды жарықтың қажеттілігін және оның көздерін анықтау |
| | 1.1.2.1 қоршаған әлем құбылыстарына бақылау жүргізу; |

### «Тағам және сусындар» ортақ тақырыбы бойынша диагностикалық жұмыстың үлгісі

### Өзіндік жұмыс

**1 - тапсырма**

Табиғи жарық көзі бейнеленген суретті көрсетіңіз


А


Ә


Б


В

Жасанды жарық көзі бейнеленген суретті көрсетіңіз


А


Ә


Б


В

**2 - тапсырма**

Суреттегі заттар мен сөз тіркестерін  мағынасына қарай байланыстыр



**Үстел шамы**

бөлмені жарықтандыру үшін



**Көше шамы**

жұмыс орнын жарықтандыру



**Аспашам**

көшені жарықтандыру үшін

**3 - тапсырма**

Қай ұшақтың дыбысы  қатты естіледі деп ойлайсыз?



№2 ұшақ

№1 ұшақ

Сөйлемді толықтырып жазыңыз: № ___ ұшақтың дыбысы қатты естіледі, себебі ол _____ ұшып бара жатыр.

**4 - тапсырма**

Аталған дыбыстар қай дыбыс көзіне жатады?

Табиғи дыбыс көзі

Жасанды дыбыс көзі

құстың сайрауы
қоңыраудың үні
баланың күлкісі
телефонның  шылдыры
жаңбырдың сыбдыры
балғаның дыбысы

14.3-кесте – «Тағам және сусындар» ортақ тақырыбы бойынша өзіндік жұмысты бағалау

| Тапсырма | Бағалау критерийі | Дескриптор | Ұпай |
|---|---|---|---|
| 1 | Табиғи және жасанды жарық көздерін таниды. | табиғи жарық көзін белгілейді; | 1 |
| | | жасанды жарық көзін белгілейді; | 1 |
| 2 | Жасанды жарық көзін және оның қажеттілігін анықтайды | көшені жарықтандыруға арналған жарық көзін анықтайды; | 1 |
| | | бөлмені жарықтандыруға арналған жарық көзін анықтайды; | 1 |
| | | жұмыс орнын жарықтандыруға арналған жарық көзін анықтайды; | 1 |
| 3 | Дыбыстың таралу ерекшеліктерін сипаттайды. | дыбысы қатты естілетін ұшақты анықтайды | 1 |
| | | дыбыстың таралуына байланысты оқу материалын түсінеді | 1 |
| 4 | Табиғи және жасанды дыбыс көздерін ажыратады. | құстың сайрауын табиғи көзімен сәйкестендіреді; | 1 |
| | | дыбысқоңырауының үнін жасанды көзібен сәйкестендіреді; | 1 |
| | | балғаның дыбысын жасанды дыбыс көзінен ажыратады; | 1 |
| | | телефонның шырылын жасанды дыбыс қоңыраудың үнін жачанды дыбыс көзінен ажыратады; | 1 |
| | | дыбыс жаңбырдың сыбдырын табиғи дыбыс көзімен сәйкестендіреді; | 1 |
| | | дыбыс баланың күлкісін табиғи көзімен сәйкестендіреді; | 1 |
| **Барлығы** | | | **12** |

14.4-кесте – «Саяхат» ортақ тақырыбы бойынша диагностикалық жұмыс жүргізуге ұсынылатын оқыту мақсаттары

| **«Саяхат» ортақ тақырыбы бойынша** | |
|---|---|
| 4.2 Адамдар ғарышты қалай зерттеді? | 1.4.2.1 астрономияны ғарыш туралы ғылым ретінде сипаттау;<br>1.4.2.2 ғарышты зерттеуге арналған құрылғылар мен ұшу аппараттарын сипаттау; |
| 4.2 Қазір ғарышты қалай зерттейді? | 1.4.2.2 ғарышты зерттеуге арналған құрылғылар мен ұшу аппараттарын сипаттау; |
| | 1.4.2.2 ғарышты зерттеуге арналған құрылғылар мен ұшу аппараттарын сипаттау; |

**«Саяхат» ортақ тақырыбы бойынша диагностикалық жұмыстың үлгісі**

**Өзіндік жұмыс**

**1 – тапсырма**

Жылытқыш құралдарды белгіле







**2 – тапсырма**

Магниттік қасиеті бар заттарды анықта






**3 – тапсырма**

Электр тогына жалғанбай жұмыс істейтін заттардың суретін белгіле







**4 – тапсырма**

Астрономия дегеніміз не? Дұрыс жауапты белгіле

А) уақытты анықтайтын құрал
Ә) бұл сопақша тәрізді көгілдір шар
Б) аспан денелері туралы ғылым

**5– тапсырма**

Теледидардың жұмыс істеуі үшін не қажет? Дұрыс жауапты белгіле

А) магнит Ә) жылу Б) электр

**6 – тапсырма**
Аспан, ғарыш денелерін жаз

_____

**7–тапсырма**
Ғарышты зерттейтін құралды белгіле

А) телескоп Ә) глобус Б) микроскоп

**8 –тапсырма**
Уақытты анықтауға арналған құралдарды белгіле




☐ ☐ ☐ ☐ ☐

14.5-кесте – «Саяхат» ортақ тақырыбы бойынша өзіндік жұмысты бағалау

| Тапсыр-ма № | Бағалау критерийі | Дискрипторлар | Ұпай саны |
|---|---|---|---|
| 1 | Жылытқыш құралдарды көрсетеді | Жылытқыш құралдарды дұрыс белгілейді<br>- бір құралды белгілейді;<br>- екі құралды белгілейді; | <br>1<br>2 |
| 2 | Магниттік қасиеті бар денелерді анықтайды | Магниттік қасиеті бар денелерді дұрыс белгілейді<br>- біреуін белгілейді;<br>- екеуін белгілейді; | <br>1<br>2 |
| 3 | Электр тоғына жалғанбай жұмыс істейтін заттардың суретін белгілейді. | Электр тоғына жалғанбай жұмыс істейтін заттарды дұрыс белгілейді<br>- бір затты белгілейді;<br>- екі затты белгілейді; | <br>1<br>2 |
| 4 | Астрономия ұғымының анықтамасын біледі. | Астрономия ұғымының анықтамасын басқа анықтамалардан ажыратады. | 1 |
| 5 | Теледидардың жұмыс істеуі үшін не қажет екенін ұғады | Теледидардың жұмыс істеуі үшін не қажет екенін табады. | 1 |
| 6 | Аспан, ғарыш денелеріне нелер жататынын біледі | Аспан, ғарыш денелеріне нелер жататынын жазады.<br>- 1-2 аспан денелерін жазады;<br>- 3-тен артық аспан денелерін жазады; | <br>1<br>2 |
| 7 | Ғарышты зерттейтін құралды біледі. | Ғарышты зерттейтін құралды белгілейді. | 1 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 8 | Уақытты анықтауға арналған құралдарды біледі. | Уақытты анықтауға арналған құралдарды белгілейді.<br>- бір затты белгілейді;<br>- екі затты белгілейді; | <br><br>1<br>2 |
| **Барлығы** | | | **13** |

## III. Сабақ барысында толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары

Өткен оқу жылындағы, яғни 1-сыныптағы оқу мақсаттарын әр бөлім бойынша 2-сыныптың сабақ барысында кіріктіре меңгерту арқылы білім алушылардың біліміндегі орын алған олқылықтарды толықтыруға болатындығы туралы 3-кестеде ұсынылады.

14.6-кесте – Сабақ барысында толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқу мақсаттарының жобасы (Қысқа мерзімді сабақ жоспарын әзірлеуде кіріктіріп өткізуге ұсынылатын күрделі оқу мақсаттары)

| **Оқу мақсаттары** | | |
|---|---|---|
| **2-сынып** | | **1-сынып** |
| 2.1Өсімдік бөліктері қандай қызмет атқарады? | 2.2.1.3 - өсімдіктің негізгі бөліктерінің қызметін сипаттау;<br>2.1.1.1 - қоршаған әлем құбылыстары, үдерістері мен нысандарын зерделеуге қажетті жағдайларды және зерттеушінің тұлғалық қасиеттерін анықтау | 1.2.1.2 өсімдіктердің негізгі бөліктерін ажырату;<br>1.1.2.1 қоршаған әлем құбылыстарына бақылау жүргізу; |
| 2.1 Өсімдікке жыл бойы қалай күтім жасау керек? | 2.2.1.2 - өсімдіктердің маусымдық өзгерістерін сипаттау;<br>2.2.1.6 - топырақты күтудің маңызын түсіндіру;<br>2.1.2.1 - «ақпарат көзі» ұғымын және оның зерттеу жүргізудегі маңызын түсіндіру; | 1.2.1.5 мәдени өсімдіктерге күтім жасаудың тәсілдерін сипаттау<br>1.1.2.1 қоршаған әлем құбылыстарына бақылау жүргізу; |
| 2.2 Алуан түрлі жануарлар<br>Жануарлар әлемінің көптүрлілігі | 2.2.2.1 - жануарлар класының өкілдерін ажырату: бунақденелілер, балықтар, қосмекенділер,бауырмен жорғалаушылар, құстар және сүтқоректілер;<br>2.1.2.3 - бақылау нәтижелерін шартты белгілердің көмегімен белгілей білу; | 1.2.2.2 жабайы және үй жануарларын ажырату;<br>1.1.1.1 қоршаған әлем құбылыстары,үдерістері мен нысандарын зерттеудің қажеттілігін түсіндіру |
| 2.3 Қаңқа құпиясы | 2.2.3.1 - адамның тірек-қимыл жүйесінің қызметін анықтау<br>2.2.3.2 - дұрыс дене сымбатын сақтаудың маңыздылығын түсіндіру; | 1.2.3.1 адам денесінің негізгі бөліктерін және олардың қызметтерін атау;<br>1.1.2.1 қоршаған әлем құбылыстарына бақылау жүргізу; |
| 4.2 Ғаламшарлар қалай орналасқан? | 2.4.2.1 - Күн жүйесі ғаламшарларының орналасу тәртібін | 1.4.2.1 астрономияны ғарыш туралы ғылым ретінде |

| | | |
|---|---|---|
| | анықтау<br>2.1.1.1 - қоршаған әлем құбылыстары, үрдістері мен нысандарын зерделеуге қажетті жағдайларды және зерттеушінің тұлғалық қасиеттерін анықтау | сипаттау;<br>1.1.1.1 қоршаған әлем құбылыстары,үдерістері мен нысандарын зерттеудің қажеттілігін түсіндіру |
| 5.3 Дыбыстар қандай болады?<br>Дыбысты қалай қаттырақ шығаруға болады? | 2.5.3.1 - дыбыс қаттылығы бойынша дыбыс көздерін жіктеу;<br>2.1.1.1 - қоршаған әлем құбылыстары, үрдістері мен нысандарын зерделеуге қажетті жағдайларды және зерттеушінің тұлғалық қасиеттерін анықтау | 1.5.3.1 дыбыстың таралуының ерекшеліктерін түсіндіру;<br>1.1.2.1 қоршаған әлем құбылыстарына бақылау жүргізу;<br>1.1.2.2 көрсетілген экспериментті түсіндіру |
| Магнит не үшін керек? | 2.5.6.1 - магниттерді қолдану аясын сипаттау;<br>2.1.2.7 - эксперимент жүргізу және оның нәтижелерін кестеге түсіру | 1.5.6.1 магниттілік қасиеті бар жекелеген денелерді анықтау;<br>1.5.6.2 магниттің қасиетін зерттеу<br>1.1.2.2 көрсетілген экспериментті түсіндіру |

**IV. Кіріктірілетін оқыту мақсаттары бойынша ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгісі**

14.7-кесте – «Өсімдік бөліктері қандай қызмет атқарады?» тақырыбындағы кіріктірілетін оқыту мақсаттары бойынша ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгісі

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Мектеп | "Шәкәрім атындағы үш тілде оқытатын көпбейінді гимназия" ММ | | | |
| Мұғалім | Кабдоллина Шұғыла Өмірғазиевна | | | |
| Тарау немесе бөлім атауы: | Мен зерттеушімін | | | |
| Сабақтың тақырыбы:№2 | Өсімдік бөліктері қандай қызмет атқарады? | | | |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты | 2.2.1.3 - өсімдіктің негізгі бөліктерінің қызметін сипаттау;<br>2.1.2.4 бақылау жүргізудің жоспарын құру; | | | |
| Оқу мақсаттарының кіріктірілуі | | | | |
| Оқу мақсаты: | Барлық оқушылар: өсімдіктің негізгі бөліктерінің қызметін сипаттай алады.<br>Көптеген оқушылар: өсімдіктің негізгі бөліктерінің қызметін талдайды.<br>Кейбір оқушылар: өсімдіктің негізгі бөліктерінің қызметін бақылап қорытынды жасайды. | | | |
| Саралап оқыту тапсырмалары | | | | |
| Ұжымдық жұмыс<br>Жаңа тақырыптың түсіндірілуі<br>Тапсырманы ұсыну және дұрыс жауапты ұсыну арқылы үйрету | | Жеке жұмыс<br>Тапсырманы ұсыну, оқушылар өз бетімен орындауы | | |
| Кезеңдері | Педагогтың әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
| Басы | ЫнтымақтастықатмосферасынқалыптастыруКөңіл күйді көтеретін ән тыңдау.<br>Оқу материалын жариялау:<br>«4 сурет 1 сөз» әдісі.<br>-Қандай сөз шықты?<br>-Өсімдік бөліктері дегенді қалай түсінесің?<br>– Өсімдіктің қандай бөліктері болады?<br>-Өсідік гүлінің орнында не пайда болады?<br>-Жемістердің ішінде не болады?<br>-Тұқым не үшін керек?<br>-Ендеше бүгінгі сабақта өтетін тақырыбымыз қандай болады? | Суреттердің ортақ атауын табады.<br><br>Сұраққа жауап береді. | | <br> |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | |  |
| Ортасы | (Д) 1- тапсырма «Еркін әңгіме» әдісі арқылы жүзеге асады.<br>А) Тамыр мен сабақ туралы мәтінді оқып, сұрақтарға жауап бер. Суреттерді зерделе. Сұрақтарға жауап бер<br>-Тамыр мен сабақ қандай қызмет атқарады?<br>-Өсімдік суды қалай сіңіреді?<br>Саралау тәсілі: «Қарқын» әдісі арқылы жүзеге асады<br>Қарқыны жоғары оқушыға:<br>- Өсімдіктің негізгі бөліктерінің қызметін бақыла. Қорытынды жаса.<br>Қарқыны баяу оқушыларға: уақыт беріледі.<br>Сергіту сәті<br>Өз қолыммен ыдысқа<br>Отырғыздым үй гүлін.<br>Сабақтары қып - қысқа.<br>Терезеден сүйді күн.<br>Топырағын қопсытып,<br>Мезгілімен суғардым.<br>Жапырақ жайып өсті тік,<br>Қызыға қарап жүр әркім.<br>Үйімізге сән беріп,<br>Ашылды гүл бір шөптен.<br>Жатса да тысты қар көміп,<br>Тереземе тұр көктем.<br><br>(Д) 2- тапсырма «Салыстырып көр» әдісі арқылы жүзеге асады.<br>А) Мәтінді түсініп оқы.<br>Ә) Суреттерге қара. Тамырдың және | Оқушы оқулықпен танысып, сұрақтарға жауап береді. Ойын түсіндіреді.<br>Дескриптор:<br>-Оқулықтағы суреттерді зерделейді.<br>-Сұрақтарға жауап береді.<br><br>Өлеңді дауыстап айтып, сергіту жаттығуларын жасайды.<br><br>Мәтінді оқиды. Оқушы тамырдың және жапырақтың түрлері туралы | ҚБ: 1-10 балдық жүйе. | Оқулық |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | жапырақтың түрлеріне назар аудар. Қорытынды жаса.<br>Саралау тәсілі: «Тапсырма» әдісі арқылы жүргізіледі.<br>Кейбір оқушыға:<br>-Адам өсімдіктерден көп жеміс алу үшін не істей алатынын әңгімеле. | туралы әңгімелейді.<br>Дескриптор:<br>- Мәтінді оқиды.<br>-Тамырдың және жапырақтың түрлері туралы әңгімелейді. | ҚБ: 1-10 балдық жүйе. | Оқулық |
| Кері байланыс | Кері байланыс: «Менің сөзім» әдісі бойынша өтеді. | Бүгінгі сабақта не білгенін, үйренгенін, түсінгені туралы бөліседі. | | |

14.8-кесте – «Жануарлар әлемінің көптүрлілігі» тақырыбындағы кіріктірілетін оқыту мақсаттары бойынша ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгісі

| | |
|---|---|
| Мектеп | "Шәкәрім атындағы үш тілде оқытатын көпбейінді гимназия" ММ |
| Мұғалім | Кабдоллина Шұғыла Өмірғазиевна |
| Тарау немесе бөлім атауы: | Мен зерттеушімін |
| Сабақтың тақырыбы:№6 | Жануарлар әлемінің көптүрлілігі |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты | 2.2.2.1 - жануарлар класының өкілдерін ажырату: бунақденелілер, балықтар, қосмекенділер,бауырмен жорғалаушылар, құстар және сүтқоректілер;<br>2.1.2.2 - бақылаудың басты белгілерін анықтау (мақсат, нысан, жоспар, мерзім, нәтиже); |
| Оқу мақсаттарының кіріктірілуі | |
| Оқу мақсаты: | Барлық оқушылар: жануарлар топтарын атайды, класының өкілдерін ажыратып көрсетеді.<br>Көптеген оқушылар: жануарларды тіршілік ортасына және қоршаған ортаның жағдайларына бейімделу мүмкіндіктерін зерттеп талдайды.<br>Кейбір оқушылар: жануарларды зерттеп қорытынды жасайды. |
| Саралап оқыту тапсырмалары | |
| Ұжымдық жұмыс<br>Жаңа тақырыптың түсіндірілуі | Жеке жұмыс<br>Тапсырманы ұсыну, оқушылар өз бетімен орындауы |

| Тапсырманы ұсыну және дұрыс жауапты ұсыну арқылы үйрету | | |
|---|---|---|
| Кезеңдері | Педагогтың әрекеті | Оқушының әрекеті |
| Сабақтың барысы | | |
| Басы<br>5мин | Ынтымақтастықатмосферасынқалыптастыруүшінкөңілкүйдікөтеретінәнтыңдату.<br>Оқу материалын жариялау:<br>«Мюссенберг» әдісі.<br>Берілгенәріптерарасынанмағыналы сөздердітауып, тақырыптышығарыңдар.<br>Раэлиащжануарлартадпигөәлемініңпывыыкөпеаозннушәтүрлілігіжпгвпвущпдпщ<br>-Қандай сөз шықты?<br>-Жануарлар әлемі дегенді қалай түсінесің?<br>– Жануарлар неліктен әртүрлі болады деп ойлайсың?<br>-Ендеше бүгінгі сабақта өтетін тақырыбымыз қандай болады? | Тақырып атауын табады.<br>(Жануарлар әлемінің көп түрлілігі)<br><br>Сұрақтарға жауап береді. |
| Сабақтың ортасы<br>15 мин<br><br><br><

| | | |
|---|---|---|
| | | салыстырады. |
| Кері байланыс 5 мин | Кері байланыс: «Менің сөзім» әдісі бойынша өтеді. | Бүгінгі сабақта не білгенін, үйренгенін, түсінгені туралы бөліседі. |

14.9-кесте – «Адамдар ғарышты қалай зерттеді?» тақырыбындағы кіріктірілетін оқыту мақсаттары бойынша ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгісі

| | |
|---|---|
| Мектеп | "Шәкәрім атындағы үш тілде оқытатын көпбейінді гимназия" ММ |
| Мұғалім | Кабдоллина Шұгыла Өмірғазиевна |
| Бөлім: | Жер және ғарыш |
| Сабақтың тақырыбы | Адамдар ғарышты қалай зерттеді? |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары | 2.4.2.1 - Күн жүйесі ғаламшарларының орналасу тәртібін анықтау; |
| Оқу мақсаттарының кіріктірілуі | |
| Сабақтың мақсаты | Барлық оқушылар: Күн жүйесі ғаламшарларының орналасу тәртібін анықтай алады.<br>Көптеген оқушылар: тест сұрақтарына өз бетінше жауап бере алады.<br>Кейбір оқушылар: тақырыпқа қатысты сұрақтар құрастыра алады. |

| Сабақтың барысы | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы<br>10 мин | Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру ширату жаттығулары арқылы жүреді.<br>Оқу материалын жариялау<br>«Мюссенберг» әдісі арқылы жүреді:<br>Берілген әріптер арасынан мағыналы сөздерді тауып, тақырыпты шығарыңдар.<br>раэлиащөуубізыпывыыкеаозмқнеадпигннушәжпоүйрендікзащпдпщ<br>-Қандай сөз шықты?<br>-Біз осы тоқсан басталғалы қандай бөлімді оқып жатырмыз?<br>-Жер деген не?<br>-Ғарыш деген не?<br>-Күн жүйесі ғаламшарлары деген не?<br>-Күн жүйесі ғаламшарларын ата.<br>- Күн жүйесі ғаламшарлары қандай топтарға бөлінеді?<br>-Ендеше, бүгінгі сабақта не істейміз деп ойлайсыңдар? | Ширату жаттығуын орындайды.<br><br>Мағыналы сөздерді тауып, тақырыпты шығарады.<br>Сұрақтарға жауап береді. | «Ауызша мадақтау» әдісі | |
| Сабақтың ортасы<br>10 мин | (Д) 1- тапсырма «Ашық микрофон» әдісі арқылы жүзеге асады.<br>А) Ойлан.<br>Күннің Жер ғаламшарына тигізетін пайдасын айт.<br>Күннің Жер ғаламшарына тигізетін қандай зияны бар?<br>Жердің табиғи серігі туралы не білесің?<br>Жер тобы ғаламшарларын ата.<br>-Алып ғаламшарларды ата.<br>Ең үлкен ғаламшар қалай аталады?<br>Ең кішкентай ғаламшар қалай аталады?<br>Дескриптор:<br>- Сұрақтарға жауап береді.<br>Саралау тәсілі: «Тапсырма» әдісі арқылы жүзеге асады.<br>Кейбір оқушыға:<br>- Тақырыпқа қатысты сұрақтар құрастыр.<br>Сергіту сәті<br><br>(Ұ) 2- тапсырма «Тест» әдісі арқылы жүзеге асады.<br>А) Тест | - Сұрақтарға жауап береді. | ҚБ: 1-10 балдық жүйе. | Оқулық |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 2 мин<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>13 мин | 1) Жерді табиғи түрде жылумен қамтамасыз ететін не?<br>а) Ай<br>ә) ғарыш<br>б) Күн<br>2) Күннен ең алыс орналасқан ғаламшар қалай аталады?<br>а) Нептун<br>ә) Шолпан<br>б) Сатурн<br>3) Ең жылдам қозғалатын ғаламшарды ата.<br>а) Жер<br>ә) Меркурий<br>б) Шолпан<br>4) Сақиналар жүйесі бар ғаламшарды ата.<br>а) Плутон<br>ә) Юпитер<br>б) Шолпан<br>Дескриптор:<br>-Тест сұрақтарына жауап береді. | Жаттығу жасайды.<br><br><br><br><br><br><br><br>Тест сұрақтарына жазбаша жауап береді. | ҚБ: 1-10 балдық жүйе. | Дәптер, қалам |
| Сабақтың соңы 5 мин | Рефлексия: «Менің сөзім» әдісі бойынша өтеді.<br>Оқу тапсырмасы: Жер және ғарыш туралы қайтала. | Рефлексия жасайды. | | |

## V. Сабақтан тыс уақытта толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары

14.11-кесте – Сабақтан тыс уақытта толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары

| Бөлімше (түйінді дағдылар) | Оқу мақсаттары |
|---|---|
| | 1-сынып |
| 2.1 Менің мектебім | 1.2.1.5 мәдени өсімдіктерге күтім жасаудың тәсілдерін сипаттау |
| 1.1 Мен және менің отбасым | 2.1.1.4 бақылау мен сауалнама негізінде тұтыну заттарына деген отбасы қажеттіліктерінің құрылымын, олардың түсу көзін анықтау; |
| 5.1 Бізді қоршаған әлем | 1.5.1.1 түрлі денелердің қозғалысынан мысалдар келтіру;<br>1.5.1.2 қозғалыстың адам өміріндегі және табиғаттағы маңыздылығын анықтау; |
| 1.1 Дәстүр және ауыз әдебиеті | 1.1.1.1 қоршаған әлем құбылыстары,үдерістері мен нысандарын зерттеудің қажеттілігін түсіндіру |
| 5.2 Тағам және сусындар | 1.5.2.3 жасанды жарықтың қажеттілігін және оның көздерін анықтау<br>1.1.2.1 қоршаған әлем құбылыстарына бақылау жүргізу; |
| 5.3 Дені саудың жаны сау | 1.5.3.2 дыбыстың табиғи және жасанды көздерін ажырату |
| | 1.1.2.2 көрсетілген экспериментті түсіндіру |
| 4.2 Саяхат | 1.4.2.3 жекелеген ғарыштық денелерді атау және сипаттау<br>1.4.2.2 ғарышты зерттеуге арналған құрылғылар мен ұшу аппараттарын сипаттау;<br>1.1.2.1 қоршаған әлем құбылыстарына бақылау жүргізу; |

14.12-кесте – Сабақтан тыс уақытта толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттарына жұмыс жоспары

| Бөлім бойынша оқу мақсаттары 2-сынып | Сыныптан тыс жұмыстар |
|---|---|
| 2.1.1.4 бақылау мен сауалнама негізінде тұтыну заттарына деген отбасы қажеттіліктерінің құрылымын, олардың түсу көзін анықтау; | «Отбасылық себет» тәжірибелік сабақ<br>Оқушылар отбасына бір аптада қажетті заттардың тізімін жасап, шығыстарды есептейді. |
| 1.1.1.1 қоршаған әлем құбылыстары,үдерістері мен нысандарын зерттеудің қажеттілігін түсіндіру | «Егер біздің үйде жылытқыш құралдар болса не болар еді?» өздік жұмыс<br>Оқушылар жылытқыш құралдардың суреттерін және мәліметтер, альбомдар әкелу. |
| 1.2.1.5 мәдени өсімдіктерге күтім жасаудың тәсілдерін сипаттау | «Мен зерттеушімін» зерттеу жұмысы<br>Әр оқушы үйде өсетін бір гүлді алып, күтіп баптайды (қай уақытта су құю, қандай тыңайтқыш т.б.) |
| 1.4.2.3 жекелеген ғарыштық денелерді атау және сипаттау | «Ғарыш кемесі» тәжірибелік сабақ<br>Әр түрлі заттардан ғарыш кемесін жасау. |

## VI. Кіріктіруге болмайтын оқыту мақсаттары қарастырылатын кеңес кестесі

14.13-кесте – Жаңа тақырыптың алдында ұйымдастырылатын кеңес кестесі

| **Тақырып** | Оқу мақсаттары | Жұмыс түрі |
|---|---|---|
| Адамдар жануарлардан не алады**?** | 1.2.2.2 жабайы және үй жануарларын ажырату;<br>1.1.1.1 қоршаған әлем құбылыстары,үдерістері мен нысандарын зерттеудің қажеттілігін түсіндіру | «Постер »құрау. Жабайы үй жануарларына жеке постер құрау. Ерекшеліктерін айқындау. |
| Қозғалыс траекториясы дегеніміз не? | 1.5.1.3 қозғалыстың түрлі траекториясын зерттеу, оларды сурет түрінде көрсету<br>1.5.1.2 қозғалыстың адам өміріндегі және табиғаттағы маңыздылығын анықтау;<br>1.1.2.2 көрсетілген экспериментті түсіндіру | Дененің жүрген жолдағы траекториясын анықтайды. Мектептен үйге дейінгі жол. |
| Электр | 1.5.5.1 адамдардың күнделікті өміріндегі электр энергиясының маңызын түсіндіру<br><br>1.1.1.1 қоршаған әлем құбылыстары,үдерістері мен нысандарын зерттеудің қажеттілігін түсіндіру | Электрдің маңызын зерттеу<br>-Бөлмедегі электр затын анықтайды<br>-Не үшін қажет?<br>-Шамдарды бақыла. |

14.14-кесте – Каникул кездерінде ұйымдастырылатын кеңес кестесі

| Өткізілетін мерзімі | Тақырыптың атауы | Оқыту мақсаттары |
|---|---|---|
| Күзгі каникул | Жер ғаламшарының көрінісі | 1.4.1.1 Жердің пішінін оның жасанды моделі негізінде анықтау<br><br>1.1.1.1 қоршаған әлем құбылыстары, үдерістері мен нысандарын зерттеудің қажеттілігін түсіндіру |
| Қысқы каникул | Адам қалай есейеді? | 1.2.3.2 адам өмірінің кезеңдерін |

| | | |
|---|---|---|
| | | сипаттау;<br><br>1.1.1.1 қоршаған әлем құбылыстары,үдерістері мен нысандарын зерттеудің қажеттілігін түсіндіру |
| Көктемгі каникул | Жыл мезгілдері жануарларға қалай әсер етеді? | 1.2.2.3 жыл мезгілдерінің ауысуына жануарлардың бейімделуін дайындығын түсіндіру<br><br>1.1.2.1 қоршаған әлем құбылыстарына бақылау жүргізу; |

## VII. Жазғы мектеп кезінде ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгісі

14.15-кесте – «Жануарлар қалай көбейеді?» тақырыбында жазғы мектепте ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгісі

| | | |
|---|---|---|
| Мектеп | "Шәкәрім атындағы үш тілде оқытатын көпбейінді гимназия" ММ | |
| Мұғалім | Кабдоллина Шұғыла Өмірғазиевна | |
| Бөлім: | Жануарлар | |
| Сынып: 2 | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы | Жануарлар қалай көбейеді? | |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары | 2.2.2.3 - жануарлардың көбею жолдарын түсіндіру;<br>2.2.2.2 - жануарлардың тіршілік ортасына бейімделу жолдарын сипаттау; | |
| Сабақтың мақсаты | Барлық оқушылар: жануарлардың көбею жолдарын түсіндіреді.<br>Көптеген оқушылар: жануарлардың түрлерін сақтау жолдарын талдайды.<br>Кейбір оқушылар: жануарлардың түрлерін сақтаудың маңыздылығын дәлелдейді, қорытынды жасайды. | |

**Сабақтың барысы**

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы<br>5 мин | Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру үшін «Төлдер» әнін тыңдату.<br>Оқу материалын жариялау:<br>«4 сурет 1 сөз» әдісі.<br>Берілген суреттерге қарап ортақ мағына беретін сөзді тауып, тақырыпты шығар.<br>-Қандай сөз шықты?<br>-Көбею дегенді қалай түсінесің?<br>– Жануарлар қалай көбейеді деп ойлайсың?<br>-Жаңа тыңдағын әніміз не туралы болды? | Ән тыңдайды.<br><br>Тақырып атауын табады.<br>(көбею)<br><br>Сұрақтарға жауап береді. | Бірін-бірі бағалау | <br> |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | -Төл деген не?<br>-Ендеше бүгінгі сабақта өтетін тақырыбымыз қандай болады? | | | <br> |
| Сабақтың ортасы<br>15 мин<br><br><br><


| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | А) Жануарларды көбеюіне қарай топтастыр.<br><table><tr><td>Жұмыртқа, не уылдырық салады</td><td>Баласын тірі туады</td></tr><tr><td></td><td></td></tr><tr><td></td><td></td></tr></table>-Неге балықтар көп уылдырық шашады деп ойлайсың?<br>Дескриптор:<br>- Жануарларды топтастырады.<br>-Сұрақтарға жауап береді.<br>Саралау тәсілі: «Қарқын» әдісі арқылы жүзеге асады<br>Қарқыны жоғары оқушыға:<br>- Жануарлардың түрлерін сақтаудың маңыздылығын дәлелде.<br>Қорытынды жаса.<br>Қарқыны баяу оқушыларға: уақыт беріледі. | Би қимылын жасайды.<br><br>Жануарларды топтастырады.<br>-Сұрақтарға жауап береді. | ҚБ: 1-10 балдық жүйе. | Оқулық |
| Сабақтың соңы<br>5 мин | Кері байланыс: «Менің сөзім» әдісі бойынша өтеді.<br>Үй тапсырмасы: Мәтінді оқып, жануарлардың көбеюі туралы әңгімеле. | | | |

14.16-кесте – «Өсімдік тіршілігіне жылудың әсері» тақырыбында жазғы мектепте ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгісі

| | | |
|---|---|---|
| Мектеп | "Шәкәрім атындағы үш тілде оқытатын көпбейінді гимназия" ММ | |
| Мұғалім | Кабдоллина Шұгыла Өмірғазиевна | |
| Бөлім: | Мен зерттеушімін. Өсімдіктер | |
| Сынып: 3 | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы | Өсімдік тіршілігіне жылудың әсері | |

| | |
|---|---|
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары | 3.2.1.2 өсімдіктердің қоршаған орта жағдайларына (жылу, жарық, ылғал) бейімделу жолдарын түсіндіру;<br>3.1.2.2 ақпарат көздерінің артықшылығы мен кемшілігін анықтау |
| | Саралау әдісі «Бағалау» тәсілі<br>3-жаттығу. Тамырдың, сабақтың, жапырақтың және гүлдің қызметтерін анықтап, сөйлемдерді толықтырыңыз.<br>1.Өсімдіктердің негізгі мүшелері – ...<br>2.Тамырлар жерде орналасып, өсімдікке ... сіңіреді.<br>3.Сабақ жапырақтар мен гүлдерді ...<br>4.Гүлдер – ...<br>5.Фотосинтез процесі, яғни қоректік заттар пайда болуы үшін ...<br>6.Жапырақтарда ...<br>7.Қоректік заттар . . . жапырақтарға тасымалданады.<br>Қажетті сөздер: ағзаның көбеюші мүшелері, күн жарығы, су және көмірқышқыл газы қажет,<br>фотосинтез жүреді, сабақ арқылы жоғары қарай, тамырлар, сабақ, жапырақтар және гүлдер, тік ұстайды, қажетті су мен минералдар.<br>КБ «Шеңбер бойынша жазу»<br>Бағалау критерийі<br>Тамырдың, сабақтың, жапырақтың және гүлдің қызметтерін туралы меңгергенбілімдері мен түсініктерін қолдана алады.<br>Дескрипторлар<br>1. Өсімдіктің негізгі мүшелерін анықтай алады;<br>2. Өсімдіктің мүшелерінің қызметін көрсете алады;<br>3. Фотосинтез үдерісін анықтай алады;<br>4. Қоректік заттардың тасымалдау жолын ажырата алады;<br>5. Тамырдың мағынасын анықтай алады;<br>6. Қоректік заттардың пайда болу жолын анықтай алады; | |

<table>
<tr>
<td>Сабақтың соңы</td>
<td>Бағалау критерийі:<br>Өздеріне ұпай қою арқылы сабақты түсіну деңгейін анықтайды.<br>ҚБ<br><table><tr><td><br>Тамаша<br>16-20 – ұпай</td><td><br>Жақсы<br>10- 15 ұпай</td><td><br>Талпын<br>1-9 балл</td></tr></table>Дескрипторлар:<br>Бала сабақ бойы алған ұпайларын жинақтай алады;</td>
<td>Интербелсенді тақта</td>
</tr>
<tr>
<td>Саралау – оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз?</td>
<td>Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз?</td>
<td>Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы</td>
</tr>
<tr>
<td>Саралау әдістерін қолданып берген тапсырмалар оқушылардың қажеттіліктерін ескереді. Оқушыны мақсаттарға жетуге бағытталған.<br>Ықшамсабақты жоспарлауда кері байланысты тиімді және ұтымды қолдануды үйрендім. «Саралау»,</td>
<td>«INSERT» немесе «түртіп алу» әдісі<br>«v»- білемін, «+» - білмеймін, «-» - мен үшін жаңа білім (ақпарат), «?» – мені таң қалдырды - деген белгілердің тұсына тапсырмалар бойынша ойларын жазып білдіреді. Бұл әдіс оқығанын саналы түсінуге, өз ойын басшылыққа алуға, ойын білдіруге үйретететін ұтымды әдіс.</td>
<td>Сабақ оқушылардың денсаулығын және техника қауіпсіздігінің сақталу ережелеріне сәйкес құрылған.</td>
</tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| «Белсенді оқу» әдістерін тиімді қолдануды тереңірек түсіндім.<br>*«Қорытынды шығару және есте сақтау» тәсілдері, Саралау әдісі «Қорытынды», «Қарқын» «Дереккөздер», «Диалог және қолдау көрсету» т.б.тәсілдер* | | |

10.12-кесте – 2 сынып бойынша «Өсімдік бөліктері қандай қызмет атқарады?» тақырыбындағы кіріктірілетін оқыту мақсаттары бойынша ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгісі

| | |
|---|---|
| Бөлім: | Мен зерттеушімін. Өсімдіктер |
| Мектеп | «Шәкәрім атындағы үш тілде оқытатын көпбейінді гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі |
| Мұғалім: | Сексенбаева Сауле Кенжегалиевна |
| Сабақтың тақырыбы | Ғажайып фабрика. |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары | 3.1.1.1 маңызды ғылыми жаңалықтар мен олардың адамның күнделікті өміріне әсері туралы әңгімелеу<br>3.1.2.1 ақпарат көзінің түрлерін анықтау |
| Сабақтың мақсаты | Барлық оқушылар: жаңалықтар мен олардың адамның күнделікті өміріне әсері туралы әңгімелейді.<br>Көптеген оқушылар: өсімдіктердің оттек бөлетінін анықтап, тіршілік үшін маңызын талдайды.<br>Кейбір оқушылар: өсімдіктерді қорғау туралы әңгімелеп, қорытынды жасайды. |
| Сабақтың барысы | |

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы<br>5 мин | Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру «Гүлмен тілек» әдісі арқылы жүреді.<br>Оқу материалын жариялау<br>«Мюссенберг» әдісі арқылы жүреді:<br>Берілген әріптер арасынан мағыналы сөздерді тауып, тақырыпты шығарыңдар.<br>Раэладпигнменушәжкепщиащзерттеушімінигннушәжкепщғажайыпңөпывыыа фабрикаозсбюадпигннушәжкепщ<br>-Қандай сөйлем шықты?<br>-Фабрика деген не?<br>-Ғажайып дегенді қалай түсінесің?<br>-Ендеше бүгінгі сабақтағы оқитын тақырыбымыз: Ғажайып фабрика. | Бір-біріне гүл беріп, тілек айтады.<br>Мағыналы сөздерді тауып, тақырыпты шығарады.<br>Сұрақтарға жауап береді. | ҚБ: «Смайлик» | |
| Сабақтың ортасы<br>15 мин | (Ұ) 1- тапсырма «Ашық микрофон» әдісі арқылы жүзеге асады.<br>А) Сұрақ-жауап:<br>-Өсімдік туралы не білесің?<br>-Өсімдік қандай мүшелерден тұрады?<br>-Тамыр мен жапырақ қандай қызмет атқарады?<br>-Өсімдіктің өсуі үшін қандай жағдайлар қажет?<br>Ә) Суретпен жұмыс. Негеш пен Эврика құрастырған инфографикаға қара.<br>-Өсімдіктің өсуіне Күн сәулесінің әсері жайлы әңгімеле.<br>-Өсімдіктің өсуі үшін не қажет?<br>-Өсімдік немен қоректенеді?<br>Дескриптор:<br>- Өсімдік туралы 2-сыныптағы білімдерін естеріне түсіріп, сұрақтарға жауап береді.<br>- Инфографикамен жұмыс жасап, өсімдік жайлы әңгімелейді.<br><br>Сергіту сәтінде «Қаражорға» биіне жаттығулар жасайды.<br><br>(Т) 2- тапсырма «Зерттеу» әдісі арқылы жүзеге асады. | - Өсімдік туралы 2-сыныптағы білімдерін естеріне түсіріп, сұрақтарға жауап береді.<br>- Инфографикамен жұмыс жасап, өсімдік жайлы әңгімелейді. | ҚБ:<br><br>5 балл | Оқулық |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 2 мин<br><br>18 мин | А) Өсімдіктің оттек бөлетініне қалай көз жеткізуге болады? Өсімдіктің жапырағын суға салып, ауа көпіршіктерінің пайда болғанын көрсету қажет.<br>Ә) Мәтінді оқыңдар.<br>Б) Сұрақтарға жауап беріңдер:<br>- Өсімдіктерді «ғажайып фабрика» деп атауға бола ма? Қалай ойлайсың?<br>-Орманда, саябақта серуендеу неліктен пайдалы?<br>Дескриптор:<br>- Өсімдіктің жапырағын суға салып, ауа көпіршіктерінің пайда болғанын анықтайды.<br>- Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап береді.<br>Саралау тәсілі: «Тапсырма» әдісі арқылы жүзеге асады.<br>Кейбір оқушыға:<br>Өсімдіктерді қорғау жайлы әңгімеле, қорытынды жаса. | Би қимылын жасайды.<br><br>-Мәтінді оқиды.<br>- Сұрақтарға жауап береді. | 5 балл | Оқулық, ыдыста-ғы су, өсімдік жапырағы |
| Сабақтың соңы<br>5 мин | Кері байланыс: «Үш қадамдық сұрақ» әдісі бойынша өтеді.<br>Үй тапсырмасы: Мәтінді оқып, өсімдік туралы әңгімеле. | Рефлексия жасайды. | ҚБ қойыла-ды. | |

## 16. «Жаратылыстану» оқу пәні, 4 сынып

### I. Өткен оқу жылында өтілген оқу бағдарламасының мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттары

4-сыныпта «Жаратылыстану» пәнінен диагностикалық жұмыс жүргізу үшін 3-сыныпқа арналған «Жаратылыстану» пәнінен оқу бағдарламасының оқыту мақсаттары зерделенеді. Ол үшін бастауыш білім берудің 1-4-сыныптарына арналған «Жаратылыстану» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын қарастырамыз [9]. Оқу бағдарламасына сәйкес 4-сыныпта 5 бөлім қарастырылады. Бес бөлімге қатысты 3сыныптың мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттары келесі кестеде көрсетілген (16.1-кесте).

16.1-кесте –өткен оқу жылындағы өтілген 3 сыныптың оқу бағдарламасының мазмұнын толық қамтитын оқу мақсаттарының жобасы

| Ортақ тақырыптар | Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі | Бағдарлама бөлімшелері | Оқу мақсаттары |
|---|---|---|---|
| 1-тоқсан | | | |
| 1. Менің Отаным – Қазақстан | 1 Мен зерттеушімін | 1.1 Ғылым мен зерттеушілердің рөлі | 4.1.1.1 зерттеудің өзекті бағытын өз пайымдауы негізінде анықтау |
| | | 1.2 Табиғатты тану әдістері | 4.1.2.1 зерттеу әдісін (бақылау мен эксперимент) таңдау себебін оның артықшылығы мен кемшілігіне байланысты негіздеу;<br>4.1.2.2 алынған нәтижені білім алушы таңдаған формада ұсыну |
| | 2 Жанды табиғат | 2.1 Өсімдіктер | 4.2.1.1 қоректік тізбектегі өсімдіктердің рөлін анықтау;<br>4.2.1.2 өсімдіктің тіршілік циклін сипаттау;<br>4.2.1.3 тозаңдану нәтижесінде тұқымның түзілуін сипаттау;<br>4.2.1.4 тұқым таралу жолдарын сипаттау;<br>4.2.1.5 төменгі және жоғарғы сатыдағы өсімдіктерді ажырату;<br>4.2.1.6 өсімдіктерді қорғау жолдарын ұсыну |
| 2. Құндылықтар | | 2.2 Жануарлар | 4.2.2.1 өз өлкесіндегі жануарларды жіктеу;<br>4.2.2.2 бунақденелілердің тіршілік циклін сипаттау;<br>4.2.2.3 өсімдікқоректі және жыртқыш жануарларды ажырату;<br>4.2.2.4 симбиоздық қарым-қатынасқа мысал келтіру;<br>4.2.2.5 қоректік тізбектің құрылымын түсіндіру;<br>4.2.2.6 белгілі бір тіршілік ортасындағы қоректік тізбектің моделін құрастыру;<br>4.2.2.7 жойылу шегінде тұрған жануарларға мысал келтіру;<br>4.2.2.8 ұлттық саябақтар мен қорықтарды құру |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | мақсатын түсіндіру |
| | 1 Мен зерттеушімін | 1.2 Табиғатты тану әдістері | 4.1.2.1 зерттеу әдісін (бақылау мен эксперимент) таңдау себебін оның артықшылығы мен кемшілігіне негізінде таңдау себебін түсіндіру;<br>4.1.2.2 - алынған нәтижені білім алушы таңдаған формада ұсыну |
| 2-тоқсан | | | |
| 3. Мәдени мұра | 2 Жанды табиғат | 2.3 Адам | 4.2.3.1 зәр шығару жүйесі мен оның адам ағзасындағы рөлін сипаттау;<br>4.2.3.2 жүйке жүйесі мен оның адам ағзасындағы рөлін сипаттау |
| | 1 Мен зерттеушімін | 1.2 Табиғатты тану әдістері | 4.1.2.1 зерттеу әдісін (бақылау мен эксперимент) таңдау себебін оның артықшылығы мен кемшілігіне негізінде таңдау себебін түсіндіру;<br>4.1.2.2 алынған нәтижені білім алушы таңдаған формада ұсыну |
| | 3 Заттар және олардың қасиеттері | 3.1 Заттардың типтері | 4.3.1.1 заттың қасиетіне байланысты қолдану аясын анықтау;<br>4.3.1.2 құрылған эксперимент жоспарына сәйкес жаңа зат алу |
| 4. Мамандық тар әлемі | | 3.2 Ауа | 4.3.2.1 адам тіршілігінің түрлі салаларында ауаны қолдану жолдарын анықтау;<br>4.3.2.2 ауаның ластану көздерін анықтау;<br>4.3.2.3 ауа тазалығын сақтау жолдарын және оны тазарту шараларын ұсыну;<br>4.3.2.4 ауаның табиғаттағы орын ауыстыру процесін түсіндіру;<br>4.3.2.5 желдің пайдасы мен зияны туралы мысал келтіру |
| | | 3.3 Су | 4.3.3.1 табиғаттағы су айналымын сипаттау;<br>4.3.3.2 атмосферада жауын-шашын түзілу процесін сипаттау;<br>4.3.3.3 судың ластану көздерін анықтау;<br>4.3.3.4 судың ластануының түрлі ағзаларға әсерін түсіндіру;<br>4.3.3.5 түрлі заттардың судағы ерігіштігін зерттеу |
| | 1 Мен зерттеушімін | 1.2 Табиғатты тану әдістері | 4.1.2.1 зерттеу әдісін (бақылау мен эксперимент) таңдау себебін оның артықшылығы мен кемшілігіне негізінде таңдау себебін түсіндіру;<br>4.1.2.2 алынған нәтижені білім алушы таңдаған формада ұсыну |
| 3-тоқсан | | | |
| 5. Табиғат құбылыс тары | 5 Табиғат физикасы | 5.2 Жарық | 4.5.2.1 көлеңкенің кедергі өлшеміне және жарық көзінен кедергіге дейінгі қашықтыққа тәуелділігін зерттеу және түсіндіру;<br>4.5.2.2 жарықтың шағылуы, жұтылуы сияқты қасиеттерін зерттеу және түсіндіру |
| | | 5.3 Дыбыс | 4.5.3.1 белгілі бір кедергілердің дыбыстың |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | қаттылығы мен таралуына әсерін зерттеу және түсіндіру |
| | | 5.4 Жылу | 4.5.4.1 түрлі материалдардың жылуөткізгіштігін зерттеу |
| | | 5.5 Электрлік | 4.5.5.1 түрлі материалдардың электрөткізгіштігін зерттеу |
| | 1 Мен зерттеушімін | 1.2 Табиғатты тану әдістері | 4.1.2.1 зерттеу әдісін (бақылау мен эксперимент) таңдау себебін оның артықшылығы мен кемшілігіне негізінде таңдау себебін түсіндіру;<br>4.1.2.2 алынған нәтижені білім алушы таңдаған формада ұсыну |
| 6. Қоршаған ортаны қорғау | 3 Заттар және олардың қасиеттері | 3.4 Табиғат ресурстары | 4.3.4.1 кейбір пайдалы қазбалардың (бор, тұз, әктас, саз, мұнай, гранит, көмір, табиғи газ) қолданылу саласын анықтау;<br>4.3.4.2 Қазақстанның негізгі пайдалы қазбалары өндірілетін кен орындарын картадан көрсету;<br>4.3.4.3 пайдалы қазбаларды сақтау және үнемді қолданудың жолдарын ұсыну |
| | 1 Мен зерттеушімін | 1.2 Табиғатты тану әдістері | 4.1.2.1 зерттеу әдісін (бақылау мен эксперимент) таңдау себебін оның артықшылығы мен кемшілігіне негізінде таңдау себебін түсіндіру;<br>4.1.2.2 алынған нәтижені білім алушы таңдаған формада ұсыну |
| 4-тоқсан | | | |
| 7. Ғарышқа саяхат | 4 Жер және ғарыш | 4.1 Жер | 4.4.1.1 жер бетінің ірі элементтерін атау және сипаттау |
| | | 4.2 Ғарыш | 4.4.2.1 жекелеген ғарыш денелерін сипаттау;<br>4.4.2.2 Жердегі тіршілікке ғарыштың әсерін анықтау |
| | | 4.3 Кеңістік және уақыт | 4.4.3.1 Жердің орбиталық айналуының салдарын түсіндіру;<br>4.4.3.2 жыл мезгілдерін сипаттау |
| | 1 Мен зерттеушімін | 1.2 Табиғатты тану әдістері | 4.1.2.1 зерттеу әдісін (бақылау мен эксперимент) таңдау себебін оның артықшылығы мен кемшілігіне негізінде таңдау себебін түсіндіру;<br>4.1.2.2 алынған нәтижені білім алушы таңдаған формада ұсыну |
| 8. Болашаққа саяхат | 5 Табиғат физикасы | 5.1 Күш және қозғалыс | 4.5.1.1 Архимед күшін сипаттау және оның білінуіне мысал келтіру;<br>4.5.1.2 судағы әр түрлі денелерге әсер ететін Архимед күшін бақылау және болжау |
| | 1 Мен зерттеушімін | 1.2 Табиғатты тану әдістері | 4.1.2.1 зерттеу әдісін (бақылау мен эксперимент) таңдау себебін оның артықшылығы мен кемшілігіне негізінде таңдау себебін түсіндіру;<br>4.1.2.2 алынған нәтижені білім алушы таңдаған формада ұсыну |

Ескерту: зерттеушілік білік пен дағдыларын қалыптастыру мен дамытуға бағытталған «Мен зерттеушімін» бөлімінің оқу мақсаттары «Жанды табиғат», «Заттар және олардың қасиеттері», «Жер және ғарыш», «Табиғат физикасы» бөлімдерінің оқу мақсаттарымен кіріктіріле жүзеге асырылады.

## II. Іріктеп алынған оқыту мақсаттары бойынша диагностикалық жұмыстың үлгісі

16.2-кесте – «Мен зерттеушімін» ортақ тақырыбы бойынша диагностикалық жұмыс жүргізуге ұсынылатын оқыту мақсаттары

| «Мен зерттеушімін» ортақ тақырыбы бойынша | |
|---|---|
| **Бөлімше:** 2.1.Өсімдіктерге жарық қалай әсер етеді? Өсімдік тіршілігіне жылудың әсері | 3.2.1.2 өсімдіктердің қоршаған орта жағдайларына (жылу, жарық, ылғал) бейімделу жолдарын түсіндіру;<br>3.2.1.2 өсімдіктердің қоршаған орта жағдайларына (жылу, жарық, ылғал) бейімделу жолдарын түсіндіру |
| 2.2.Жануарлар арасындағы қарым-қатынас. Жануарлардың тіршілік ортасы жағдайының өзгеруі Жануарлардың саны неге азаяды? | 3.2.2.5 тіршілік ортасындағы жағдайдың өзгеруіне байланысты жануарлар санының өзгеруін түсіндіру;<br>3.2.2.6 адамның жануарлар санының азаюына себепші болатын іс-әрекет түрлерін анықтау<br>3.1.1.1 маңызды ғылыми жаңалықтар |

## «Мен зерттеушімін» ортақ тақырыбы бойынша диагностикалық жұмыстың 1-үлгісі

### Өзіндік жұмыс

**1 - тапсырма**

Берілген тапсырмаларды орында

| № | Атауы | Тапсырма |
|---|---|---|
| 1. | Өсімдік | Хлорофилл деген не? |
| 2. | Фотосинтез үдерісі тарихы | Жапыраққа жасыл түс беретін пигменттің барын зерттеп тауып және оған хлорофилл деп ат қойған ғалымдар.<br>A) Жозеф Бьенеме Каванту<br>B) М.В. Ломоносов<br>C) Жозеф Бьенеме Каванту мен Пьер Жозеф Пеллетье |
| 3. | Зерттеу | Зерттеп, дұрыс жауаптарды тап:<br>**1)** https://kk.wikipedia.org сілтемесіне кіріп фотосинтез үдерісінің «жарық фазасы» мен «қараңғы фазасын» оқып зерттеңіз.<br>**2)** Оттегінің өсімдікке әсері қандай екенін айтып беріңіз.<br>**3)** Фотосинтез үдерісі дегеніміз не?. |
| 4. | Экология | Егер табиғатта фотосинтез үдерісі жүрмесе, онда әлем қалай өзгеріп кетеді?<br>A) Гүлденеді<br>B) Экологиялық қатерге ұшырайды<br>C) Орман тоғайлар өседі. |

16.3-кесте – «Мен зерттеушімін» ортақ тақырыбы бойынша өзіндік жұмысты бағалау

| № | Бағалау критерийлері | Дұрыс жауаптар | Ұпай саны |
|---|---|---|---|
| 1 – тапсырма | Анықтамасын жазады | Өсімдікте пигмент деп аталатын боялыш зат болады.Оны хлорофилл деп атайды. | 1 |
| 2 – тапсырма | Дұрыс жауабын белгілейді | Жозеф Бьенеме Каванту мен Пьер Жозеф Пеллетье | 2 |
| 3 – тапсырма | Зерттейді, дұрыс жауабын табады | 1) Фотосинтез процесінің «жарық фазасы» кезінде өсімдіктен оттегі бөлініп шығады.<br>2) Фотосинтездің «қараңғы фазасында» оттегі өте аз мөлшерде бөлінеді, ол өсімдіктің өсуін баяулатады.<br>3) Фотосинтез үдерісі кезінде ғана оттегі өсімдіктен бөлініп шығады. | 3 |
| 4 – тапсырма | Тұжырым жасайды | Күз кезінде жапырақтар сарғайып, көктем кезінде жапырақтар жасылданады Мәлімдеме дұрыс. Себебі, күн сәулесі азайған шақтарда фотосинтез үрдісі бәсеңдейді.<br>Глюкоза - фотосинтез үдерісі кезінде түзілетін коректік зат. Мәлімдеме дұрыс . Себебі. Күн сәулесі өсімдікке түскенде онда, оттегі мен коректік зат глюкоза түзіледі. Глюкоза өсімдіктің өсуі мен дамуы үшін қажет<br>Жауабы: 2 мәлімдеме де дұрыс. | 2<br>2 |
| 5-тапсырма | Тұжырым жасайды | Егер табиғатта фотосинтез үдерісі жүрмесе, тірі ағзалардың тыныс алуына қажетті оттегі жетіспеушілк туындайды. Табиғат экологиялық қатерге ұшырайды.<br>Жауабы: Экологиялық қатерге ұшырайды | 5 |
| Барлық ұпай саны | | | 15 ұпай |

**2-тапсырма**

Суреттегі жануарлардың қай топқа жататынын жаз

А. Жыртқыш_____

Ә. Жәндік _____

Б. Балықтар_____

В. Құстар_____



**2-тапсырма**

Өз беттеріңмен ізденіп, жауаптар жаз

1. Мысықтәрізділер түріне жатады, сағатына112 км жылдамдықпен жүгіре алатын құрлықтағы ең жылдам жануар түрін ата.
2. Алақұланға ашық түсті ала тері не үшін керек?
3. Жылқы сүті қалай аталады?
4. Қалталы аю қайда мекен дейді?
5. Аңдарды неге көктемде ауламайды?
6. Мысықтың қандай сезім мүшесі жақсы дамыған?

**3-тапсырма**

Аңдардың қысқа қалай дайындалатынын әңгімелеп бер



Аңдар қысқы ұйқыға тоңғандықтан ба, әлде қорегі таусылғандықтан кетеді ме?

**4 -тапсырма**

Жануарлар қалай қоректенеді? Кестені толтыр

| № | | Өсімдіктер | Жәндіктер | Ірі немесе ұсақ жануарлар | Бунақденелілер |
|---|---|---|---|---|---|
| 1. | Қасқыр | | | | |
| 2. | Қоян | | | | |
| 3. | Бұғы | | | | |
| 4. | Тауық | | | | |
| 5. | Түлкі | | | | |
| 6. | Сиыр | | | | |
| 7. | Аю | | | | |
| 8. | Бақа | | | | |
| 9. | Тышқан | | | | |
| 10. | Арыстан | | | | |

16.4-кесте – «Мен зерттеушімін» ортақ тақырыбы бойынша өзіндік жұмысты бағалау

| № | Бағалау критерийлері | Дұрыс жауаптар | Ұпай саны |
|---|---|---|---|
| 1 – тапсырма | Сәйкестендір | А.Жолбарыс<br>Ә.Көбелек, қоңыз<br>Б.Балық<br>В. Бүркіт,балапан | 1 дұрыс жауап - 1 ұпай;<br>Барлығы 4 ұпай. |
| 2 – тапсырма | Дұрыс жауабын жаз | 1.Қабылан<br>2. Жауынан қорғану үшін<br>3.қымыз<br>4.коала<br>5.аңдар көктемде төлдейді<br>6.Есту мүшесі | 1дұрыс жауап - 1 ұпай;<br>Барлығы 6 ұпай. |
| 3 – тапсырма | Әңгімелеп бер | Қыс түсіп, күн суытуымен жабайы жануарлардың өмір сүруі қиындай түседі. Оларға қорек табу қиынға түседі.<br>Көптеген аңдар қыстың аязды күндерінде індеріне кіріп, жылынады.<br>Ал, аю, борсық, суыр, саршұнақ, тіпті кірпі де қыс бойы ұйқыға кетеді.<br>Аңдар қысқы ұйқыға қорегі таусылғандықтан кетеді. | 1<br>1<br>1<br>1<br>Барлығы 4 ұпай. |
| 4 – тапсырма | Кестені толтыр | Қасқыр-ірі жануарлармен, қоян –өсімдікпен, бұғы-өсімдікпен, тауық-өсімдікпен, аю-ірі жануармен, өсімдікпен, сиыр-өсімдікпен, бақа-жәндік пен бунақденелілермен, тышқан-өсімдікпен, түлкі-ұсақ жануарлармен, өсімдікпен, арыстан -ірі жануарлармен қоректенеді. | 1 дұрыс жауап - 1 ұпай;<br>Барлығы 10 ұпай. |
| **Барлығы** | | | **24** |

## «Мен зерттеушімін» ортақ тақырыбы бойынша диагностикалық жұмыстың 2-үлгісі

| **«Мен зерттеушімін» ортақ тақырыбы бойынша** | |
|---|---|
| **Бөлімше:** 1.4.Өсімдіктің даму кезеңдері | 4.1.2.1 зерттеу әдісін (бақылау мен эксперимент) таңдау себебін оның артықшылығы мен кемшілігіне байланысты негіздеу;<br>4.1.2.2 алынған нәтижені білім алушы таңдаған формада ұсыну |

**1 -тапсырма**
Тестік тапсырмаларды орында

1. Тірі табиғатқа жатады:
А) жер, ауа, тау
Ә) қар, ағаш, құстар
Б) адам, балық, өсімдіктер

2. Өсімдік түрлері неше топқа бөлінеді?
А) 2
Ә) 5
Б) 3

3. Ағаштың топырақ астындағы бөлігі
А) жапырақ
Ә) тамыр
Б) дің

4. Қарағай, шырша, емен. Бұлар – .....
А) шөптекті өсімдіктер
Ә) бұта
Б) ағаш

5. Шөптекті өсімдіктерді ата
А) қарағай, емен, шырша
Ә) қарақат, таңқұрай, итмұрын
Б) жусан, бақбақ, жаңышқа

6. Өсімдік – тірі табиғатқа жатады. Ол.....
А) Өсімдік өседі, өнеді, қурайды.
Ә) Өсімдік өлі табиғатқа жатады.
Б) Өсімдіктердің пайдасы өте аз.
7. Өсімдікке тірі организм ретінде не керек?
А) ауа, жайлы жер, бөлме
Ә) ауа, жылу, жарық, су, топырақ
Б) тамақ, су, топырақ

8. Өсімдік түрлері. Қайсысы дұрыс деп ойлайсыңдар?
А) таңқурай – бұта

Ә) шырша – жалпақ жапырақты

Б) өсімдік ағаш, бұта, шөп болып бөлінеді

16.5-кесте – «Мен зерттеушімін» ортақ тақырыбы бойынша тестік тапсырмаларды бағалау

| № | Бағалау критерийі | Жауаптар | Ұпай |
|---|---|---|---|
| 1 | Дұрыс бір жауапты анықтайды; | Б | 1 |
| 2 | Дұрыс бір жауапты анықтайды; | Б | 1 |
| 3 | Дұрыс бір жауапты анықтайды; | Ә | 1 |
| 4 | Дұрыс бір жауапты анықтайды; | Б | 1 |
| 5 | Дұрыс бір жауапты анықтайды; | Б | 1 |
| 6 | Дұрыс бір жауапты анықтайды; | А | 1 |
| 7 | Дұрыс бір жауапты анықтайды; | Ә | 1 |
| 8 | Дұрыс бір жауапты анықтайды; | Б | 1 |
| **Барлығы** | | | **8 ұпай** |

## III. Сабақ барысында толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары

Өткен оқу жылындағы, яғни 3-сыныптағыоқу мақсаттарын әр бөлім бойынша 4-сыныптың сабақ барысында кіріктіре меңгерту арқылы білім алушылардың біліміндегі орын алған олқылықтарды толықтыруға болатындығы туралы 3-кестеде ұсынылады.

10.4-кесте – Сабақ барысында толықтырылатын өткен оқу жылындағыоқу мақсаттарының жобасы (Қысқа мерзімді сабақ жоспарын әзірлеуде кіріктіріп өткізуге ұсынылатын күрделі оқу мақсаттары)

| **Оқу мақсаттары** | | |
|---|---|---|
| **4-сынып** | | **3-сынып** |
| 2.2.Қоректік тізбек түрлері | 4.2.2.5 Қоректік тізбектің құрылымын түсіндіру<br>4.2.2.6 Белгілі бір тіршілік ортасындағы қоректік тізбектің моделін құрастыру; | 3.2.2.2 - жануарларды тіршілік ортасы бойынша ажырату;<br>3.2.2.3 - табиғаттағы жануарлардың өзара қарым-қатынас түрлерін сипаттау; |
| 3.1.Заттың қасиеттері | 4.3.1.1заттың қасиетіне байланысты қолдану аясын анықтау<br>4.1.2.2 алынған нәтижені оқушы таңдаған формада ұсыну | 3.3.1.1 - заттарды шығу тегі және агрегаттық күйі бойынша жіктеу |
| 3.2.Заттардың қасиеті қалай өзгереді? | 4.3.2.4 ауаның табиғаттағы орын ауыстыру процесін түсіндіру<br>4.1.2.2 алынған нәтижені оқушы таңдаған формада ұсыну | 3.3.2.1 - ауаның құрамын сипаттау;<br>3.1.2.1 - ақпарат көзінің түрлерін анықтау; |

| | | |
|---|---|---|
| 3.3.Жауын-шашынға не жатады? | 4.3.3.2 атмосферада жауын-шашын түзілу процесін сипаттау<br>4.1.2.2 алынған нәтижені оқушы таңдаған формада ұсыну | 3.3.3.1 - судың жанды ағзаларда және жансыз табиғатта кездесетінін түсіндіру;<br>3.3.3.2 - судың негізгі табиғи көздерін салыстыру; |
| 5.2.Дыбысты бәсеңдетуге бола ма? | 4.5.2.2 жарықтың шағылуы, жұтылуы сияқты қасиеттерін зерттеу және түсіндіру<br>4.1.2.2 алынған нәтижені оқушы таңдаған формада ұсыну | 3.5.2.2 - денелердің жарықты шағылыстыру қасиетін түсіндіру<br>3.1.2.3 - экспериментті жоспарлау және жүргізу; |
| 5.1.Кері итеруші күш деген не? | 4.5.1.1 Архимед күшін сипаттау және оның білінуіне мысал келтіру<br>4.5.1.2 судағы әр түрлі денелерге әсер ететін Архимед күшін бақылау және болжау | 3.5.1.4 - күштің әсер ету бағытын анықтау<br>3.1.2.3 - экспериментті жоспарлау және жүргізу; |
| Денелер суда қалай жүзеді? | 4.1.1.1зерттеудің өзекті бағытын өз пайымдауы негізінде анықтау<br>4.1.2.1зерттеу әдісін (бақылау мен эксперимент) таңдау себебін оның артықшылығы мен кемшілігіне байланысты негіздеу<br>4.1.2.2 алынған нәтижені оқушы таңдаған формада ұсыну | 3.1.1.1 - маңызды ғылыми жаңалықтар мен олардың адамның күнделікті өміріне әсері |

## IV. Кіріктірілетін оқыту мақсаттары бойынша ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгісі


10.5-кесте – «Симбиоз» тақырыбындағы кіріктірілетін оқыту мақсаттары бойынша ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгісі


| | |
|---|---|
| Ұзақмерзімді жоспардың бөлімі: Заттар және олардың қасиеттері | |
| Мектеп: "Шәкәрім атындағы үш тілде оқытатын көпбейінді гимназия" ММ | |
| Мұғалімнің аты-жөні: Мұқанова Нұргүл Кулжагазиновна | |
| Сынып: 4 | Қатысқандар саны: қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы: | Заттардың типтері |

| Сабақ тақырыбы | Симбиоз деген не? |
|---|---|
| Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме) | 4.2.2.1 Өз өлкесіндегі жануарларды жіктеу |
| Кіріктірлген оқу мақсаты | 3.2.2.2 - жануарларды тіршілік ортасы бойынша ажырату;<br>3.2.2.3 - табиғаттағы жануарлардың өзара қарым-қатынас түрлерін сипаттау; |
| Сабақ мақсаттары | Барлық оқушылар: Жануарлар мен өсімдіктердің өзара байланысы туралы біледі, жануарлардың өзара қарым-қатынас түрлерін сипаттайды, оларды түрлі белгілері бойынша топтарға жіктей алады.<br>Көптеген оқушылар: Түрлі жануарлар қалай қоректенетінін біледі, өз өлкесіндегі мекен ететін жануарларды біледі.<br>Кейбір оқушылар: Жануарлардың тіршілік ортасындағы жағдайлардың, адамның іс-әрекетінің жануарлардың санының азаюына әсер ететінін біледі. |
| Бағалау критерийлері | - Оқушылар жануарлардың өсімдікқоректі және жыртқыш болатынын, қоректік тізбек және оның әр буыны сақталуының маңызын түсінеді.<br>- Тұрғылықты жердегі жануарлар туралы көп білуге ынталанады. Жануарлардың табиғаттағы орнын түсінеді және оларды сақтаудың жолы мен амалдары туралы біледі. |
| Тілдік мақсаттар | Оқытудың тілдік мақсаты Пәндік лексика және терминология Диалог/жазу үшін пайдалы фразалар сериясы<br>Оқушылар<br>-өсімдікқоректі және жыртқыш жануарлардың айырмашылығын атайды;<br>-өз өлкесіндегі өсімдікқоректі және жыртқыш жануарларды сипаттайды;<br>-қоректің тізбектің құрылымын сипаттайды; |

| | |
|---|---|
| | -жануарларды қорғаудағы ұлттық саябақтар мен қорықтарды құрудың рөлі туралы әңгімелейді.<br>Өсімдікқоректі және жыртқыш жануарлар,<br>қорек тізбегі, құрылым, қорық, Ұлттық саябақ, қорғау.<br>Талқылау үшін сұрақтар:<br>Өсімдікқоректі және жыртқыш жануарлардың айырмашылығы қандай?<br>Қандай өсімдікқоректі және жыртқыш жануарларды білесің? Олар туралы не айта аласың?<br><br>Жазуға арналған тапсырмалар:<br>Өздерің тұратын жердегі жануарларды сипатта.<br>Оларды түрлі белгісі бойынша топтарға жікте. |
| Құндылықтарды дарыту | Оқушыларды бір-біріне деген құрмет көрсетуіне тәрбиелеу. |
| Пәнаралық байланыстар | Математика, дүниетану, әдебиеттік оқу, көркем еңбек. |
| АКТ қолдану дағдылары | Интернет-ресурстар, дерекқордан және интернеттен сабаққа қатысты ақпаратты іздеу; |
| Бастапқы білім | Жануарлар мен өсімдіктердің өзара байланысы туралы біледі, жануарлардың өзара қарым-қатынас түрлерін сипаттайды, оларды түрлі белгілері бойынша топтарға жіктей алады. Түрлі жануарлар қалай қоректенетінін біледі, өз өлкесіндегі мекен ететін жануарларды біледі. Жануарлардың тіршілік ортасындағы жағдайлардың, адамның іс-әрекетінің жануарлардың санының азаюына әсер ететінін біледі. |

| Сабақ барысы | | |
|---|---|---|
| Сабақтың жоспарланған кезеңдері | Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
| Сабақтың басы | Жаңа топ құру<br><br>Психологиялық ахуал қалыптастыру:<br>«Гүлмен тілек»<br>(сергіту және топқа біріктіру) Тыңдау дағдыларын дамыту, сондай-ақ оқушыларды қатыстыру арқылы барлығын теңестіру, жағымды ахуал қалыптастыру.<br>Оқушыны бір-біріне тілек айту арқылы жақындастырады, көңіл күйін көтереді, бауырмалдығын оятады.<br>Жұмыс ережесін келісу<br>Алдыңғы білімді еске түсіру (жеке,жұпта,топта, ұжымда)<br>«Кезектескен интервью» әдісі. | Гүлдер<br><br>Тапсырманы орындаған оқушыны ауызша мадақтау, толықтыру жасау, бағыттау. |

| | | |
|---|---|---|
| | (Әр топқа өткен сабақтардан сұрақтар беріледі. Микрафон қолдану.<br>Автор орындығы әдісі.<br>Үй тапсырмасын орындаған кез-келген оқушы. Орындыққа жайғасып, барлық сыныпқа үй тапсырмасын қалай орындағанын түсіндіріп береді.<br><br>Күтілетін нәтижені анықтау<br>Жедел жауап<br>• Өсімдіктер мен жануарлар арасында қандай байланыс бар?<br>• Жануарлардың арасында қандай қарым-қатынас түрлері болады? Осындай қарым-қатынастарға мысал келтір. | <br>«Сұқ саусақ » стратегиясы |
| Сабақтың ортасы | Ширату тапсырмасы (Жұптық, ұжымдық жұмыс) «Ойлан-жұптас-бөліс» әдісі<br><br><br>Табиғаттағы барлық тірі ағзалар бір-бірімен үнемі қарым-қатынаста болады. Кейде мұндай қарым-қатынастың пайдасы да тиеді. Мысалы, жануарлардың үстінен құстарды жиі байқаймыз. Бұл қарым-қатынас екеуіне де жағымды, яғни құстар өзіне қорек табады, ал жануар денесіндегі зиянды жәндіктерден тазарады. Сол сияқты көбелек гүлдің шірнесімен қоректенсе, гүл көбелектің көмегімен тозаңданады. Осындай қарым-қатынастарды симбиоз деп атайды.<br>Дескрипторы:<br>тірі ағзалардың арасындағы қарым-қатынас түрлерін біледі | «Ойлан-жұптас-бөліс» әдісі<br><br>Тақтаға ілінген суреттер<br><br>Тапсырманы орындаған оқушыны ауызша мадақтау, толықтыру жасау, бағыттау.<br>Қосымша жұмыс дәптері |

| | | |
|---|---|---|
| Сергіту сәті | Сергіту сәті. Мен қазақпын<br><br>Анықтама<br>Жануарлар тіршілік ортасындағы өзінің тіршілік етуіне қолайлы жағдайлары бар нақтылы үлескілерді мекендейді. Олар қоныстанған осындай нақтылы бір үлескіні сол жануарлардың мекен ортасы дейді.<br><br>Жер ғаламшарында тірі ағзалар, олардың ішінде жануарлар үш түрлі ортада тіршілік етеді. Сулы ортада, мысалы, балықтар, киттер, т. б.; құрлық-ауада – өрмекшілер, бунақденелілер, құстар, аңдар; топырақта – құрттардың кейбір түрлері (шұбалшаңдар), кейбір аңдар (мысалы, көртышқан) тіршілік етеді. Жануарлардың паразит түрлері үшін басқа жануарлар мен адам денесі тіршілік ортасы болып саналады. Мысалы, паразит құрттар мен кенелер жануарлардың денесінде (сыртқы, ішкі мүшелерінде) тіршілік етеді. Күйкентай орманды дала аймағында кездеседі (тіршілік ортасы). Бірақ орманға кірмейді; ашық, ағаштары сирек өскен жерлерді мекендейді. Ондай жерлер дала тышқандарын аулауға, ағаш басына ұя салуға қолайлы<br>.<br><br>Өз тіршілігінде бір ортада ғана емес, екі түрлі 1-сурет . Күйкентайортада тіршілік ететін жануарлар да бар. Мысалы, безгек масасы, бақалар – суда да, құрлықта да; ал дала тышқандары топырақта да, жер үсті-ауа ортасында да тіршілік етеді. Іркінді суы бар батпақты жер безгек масасының мекен ортасы, мұнда оның көбеюіне қолайлы жағдайлар бар.<br>Жануарлар тіршілік ортасындағы өзінің тіршілік етуіне қолайлы жағдайлары бар нақтылы үлескілерді мекендейді. Олар қоныстанған осындай нақтылы бір үлескіні сол жануарлардың мекен ортасы дейді.<br>Мысалы, ормандағы қарағай, шырша көбірек өсетін аймақтары тиіннің мекен ортасы болады. Бұл мекенде тиіннің сүйікті азығы – бүр жеткілікті, саңырауқұлақ та көп; тоңса – паналайтын, қорықса – тығылатын, ағаш діңіндегі қуыстар – баспана болып табылады.<br>Әрбір мекен ортаны жануарлардың көптеген түрлері қоныстанады. | Оқушылар би билеп сергіп қалады. |
| Сабақтың соңы | Жаңа білім мен тәжірибені қолдану<br>Ит пен мысық<br>«Екеуінің арасы ит пен мысықтай» дегенді естіп көрдің бе? Қандай қарым-қатынас түрі туралы айтылып тұр? | Тапсырманы орындаған оқушыны ауызша мадақтау, толықтыру жасау, |

| | | |
|---|---|---|
| | Ондай қарым-қатынас өзгеруі мүмкін бе? Ол үшін қандай жағдайлар орын алуы керек? Мысық пен ит арасында симбиоз бола ала ма? Неліктен?<br>Жікте<br>Суреттердегі тірі ағзалар арасындағы қарым-қатынас мысалдарын сипатта. Оларды қандай топтарға біріктіруге болады? Көмекші сөздерді пайдалан. Жауабыңды түсіндір.<br><br><br><br>Рефлексия (жеке,жұпта,топта, ұжымда)<br>Оқушыларға «Білім пирамидасы» кері байланыс постері түсіндіріледі. Стикерлер таратылады. Оқушылар өздері қалаған шың басына жабыстырады. | бағыттау.<br><br>Тапсырманы орындаған оқушыны ауызша мадақтау, толықтыру жасау, бағыттау.<br>«Білім пирамидасы» кері байланыс парағы |

| | | |
|---|---|---|
| |  | |

10.7-кесте – «Заттар және олардың қасиеттері» тақырыбындағы кіріктірілетін оқыту мақсаттары бойынша ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгісі

| | | |
|---|---|---|
| Ұзақмерзімді жоспардың бөлімі: Заттар және олардың қасиеттері | | |
| Мектеп: "Шәкәрім атындағы үш тілде оқытатын көпбейінді гимназия" ММ | | |
| Мұғалімнің аты-жөні: Мұқанова Нұргүл Кулжагазиновна | | |
| Сынып: 4 | Қатысқандар саны: | қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы: | Заттардың типтері | |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары | 4.3.1.1 заттың қасиетіне байланысты қолдану аясын анықтау<br>4.3.1.2. алынған нәтижені оқушы таңдаған формада ұсыну | |
| Кіріктірілген оқу мақсаты | 3.3.1.1 - заттарды шығу тегі және агрегаттық күйі бойынша жіктеу | |
| Сабақтың мақсаты | Барлық оқушылар:заттың қасиетіне байланысты қолдану аясын анықтайды.<br>Кейбір оқушылар: тәжірибе жасап, қорытынды жасау.<br>Көптеген оқушылар:сызбалардан, суреттерден, мәтіндерден ақпарат алу.<br>Мәтінді талдап, бастысын таңдау. | |
| Бағалау өлшемдері | • заттардың қасиеттеріне сәйкес олардың қолданылу саласын айқындау<br>• өз тәжірибесіне сүйеніп, тәжірибе нәтижесін болжау<br>• тәжірибе мен тәжірибені өздігінен жүргізу<br>• тақырып бойынша монолог құру, өз ұстанымын негіздеу, қорытынды жасау | |
| Тілдік мақсат | Көптілділік: су – вода – water, тәжірибе – эксперимент – experiment | |

| | |
|---|---|
| | Негізгі терминдер мен сөз тіркестері:<br>заттардың қасиеттері, қаттылық, мөлдірлік, серпімділік |
| | Сабақта диалог/жазу үшін қолданылатын тіл:<br>*Талқылауға арналған сұрақтар:*<br>Сезім мүшелері арқалы заттардың қандай қасиеттерін тексеруге болады? Сызбаны қандай қасиеттермен толықтыруға болады? Заттың мөлдірлігін қалай тексеруге болады? Сен заттардың мөлдірлік, серпімділік, қаттылық қасиеттерін анықтаған кезде қандай зерттеу әдістерін пайдалана аласың ? Адам үшін қандай зат ең пайдалы деп ойлайсың? Неліктен? |
| Құндылықтарға баулу | «Мәңгілік ел» ұлттық идеясына негізделген құндылықтар: мінез қасиеттері (білуге құмарлық, ықылас, ынта және т.б.). |
| Пәнаралық байланыстар | Пәнаралық байланыс – салауатты өмір салты, қауіпсіздік техникасы.<br>Коммуникативтік құзыреттіліктерді дамыту – басқа оқушыны коммуникация бойынша серіктесін және мұғалімді тыңдау, пікір алмаса білу; өз әрекеттерін серіктесімен үйлестіре білу.<br>Тіл дамыту – синквейн құру.<br>Ерте бағдарлау – химик ғалымдар. |
| Алдыңғы білім | Заттарды олардың шығу тегі мен агрегаттық күйі бойынша жіктеу. |

| Сабақтың барысы | |
|---|---|
| Сабақтың жоспарланған кезеңдері | Жоспарланған әрекет |
| Сабақтың басталуы | (Ұ) Мұғалім сабақ үстінде жұмысқа қолайлы жағдай жасайды.<br>Мақсат қою.<br>-Заттар бір-бірінен несімен ерекшеленетінін білетін боласың.<br>-Заттардың кейбір қасиеттерін қалай білуге болатынын түсіндіре алатын боласың.<br>-Балалар айналамызда нелерді көріп тұрмыз?<br>(терезе, шкаф, есік, тақта т.б.)<br>-Бұларды бір сөзбен не деуге болады?<br>-Заттар.<br>«Ойлан, тап!» ойыны<br>Мұғалім оқушылардан не туралы айтылып жатқанын табуды сұрайды<br>1. Ол қолдың жылуынан жұмсарады. Ол еңбек сабағында қолданылады (ермексаз).<br>2. Бұл – сарғыш түсті иісі өткір сұйықтық. Ол мұнайдан алынады. Ол «автомобиль» үшін азық (бензин). |

<table>
<tr><td></td><td>3. Бұл тәтті жартылай мөлдір бөліктер желеге ұқсайды. Оны дайындау үшін көп қант қосылады. Бірақ ол пайдалы тәттіге жатады (мармелад).<br>Заттардың қасиетін анықтау.<br>Доп, қарындаш, қайшы, текшелер, ойыншық, кітап, шелек<br>Бір заттан жасалған әр түрлі денелердің топтастыр.<br>Бұл заттардың ұқсастығы неде?<br>Дескриптор<br>Бір заттан бірнеше дене жасауға болады және бір денені әртүрлі заттан жасауға да болады.<br>Қолғаптар қандай материалдан жасалған? Олар қай кезде қолданады?<br>Топтық жұмыс<br>Машина жасауға қандай заттар пайдаланған.<br>(шыны,пластик, металл,резеңке)<br>Әр қайсысының қасиетін анықтау</td></tr>
<tr><td>Сабақтың ортасы</td><td>Анықта.
<table>
<tr><td></td><td>Зат қасиеттері</td><td>Дұрыс</td><td>Дұрыс емес</td></tr>
<tr><td>1</td><td>Сүт аққыш</td><td>+</td><td></td></tr>
<tr><td>2</td><td>Сым иілгіш</td><td>+</td><td></td></tr>
<tr><td>3</td><td>Өсімдік майы жұмсақ</td><td>+</td><td></td></tr>
<tr><td>4</td><td>Тас қатты</td><td>+</td><td></td></tr>
<tr><td>5</td><td>Топырақ жылтыр</td><td></td><td>+</td></tr>
<tr><td>6</td><td>Шырын сұйық</td><td>+</td><td></td></tr>
<tr><td>7</td><td>Темір мөлдір</td><td></td><td>+</td></tr>
<tr><td>8</td><td>Тұз сұйық</td><td></td><td>+</td></tr>
<tr><td>9</td><td>Топырақ борпылдақ</td><td>+</td><td></td></tr>
<tr><td>10</td><td>Мұнай қатты</td><td></td><td>+</td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>
Дескриптор: Заттардың қасиеттерін анықтай алады.<br>(Ұ) «Сипаттамасы бойынша таны» ойыны<br>Заттарды сипаттамасы бойынша танып, атауларын торларға жаз.<br>1.Бұл зат кез келген тірі ағзаның құрамына кіреді. Адам денесінің 3-тен 2 бөлігі осы заттан тұрады.<br>Жауабы: су.<br>2.Бұл зат тас түрінде жер астында кездеседі, сондай-ақ теңіз бен мұхит суларында еріген түрде бар. Оны әр үйде асүйден табасың.<br>Жауабы: тұз<br>3.Бұл зат жер астында тас түрінде, сондай-ақ теңіз және мұхит суында ерітінді түрінде кездеседі. Табиғатта өсімдіктердің құрамында бар.<br>Жауабы: қант.<br>4.Бұл зат адамның асүйдегі көмекшісі, өйткені жақсы жанады. Бірақ жылыстаған кезде, бүкіл үйге таралуы</td></tr>
</table>

| | |
|---|---|
| | мүмкін, бұл өте қауіпті болуы мүмкін.<br>Жауабы: табиғи газ.<br>5.Мына заттар жасанды. Оларды үй жабдығын, құрал-сайман, терезе тұтқасын, ойыншықтар және тағы көптеген басқа бұйымдарды жасау үшін қолданады.<br>Жауабы: пластмасса.<br>Дескриптор; сипаттамасы бойынша заттардың қасиеттерін анықтайды |
| Сабақтың соңы | (Ө, Қ) Рефлексиялық бағалау.<br>Заттар бір-бірінен несімен ерекшеленетінін білдің бе?<br>Заттардың кейбір қасиеттерін қалай білуге болатынын түсіндіре аласың ба? |

10.7-кесте – «Жауын-шашынға не жатады?» тақырыбындағы кіріктірілетін оқыту мақсаттары бойынша ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгісі

| | | |
|---|---|---|
| Мектеп: "Шәкәрім атындағы үш тілде оқытатын көпбейінді гимназия" ММ | | |
| Мұғалімнің аты-жөні: Мұқанова Нұргүл Кулжагазиновна | | |
| Сабақ тақырыбы: Жауын-шашынға не жатады? | | |
| Сынып 4 | Қатысқандар саны | Қатыспағандар саны |
| Сабаққа негізделген оқу мақсаты | 4.3.3.2 атмосферада жауын-шашын түзілу процесін сипаттау<br>4.1.2.2 алынған нәтижені оқушы таңдаған формада ұсыну | |
| Кіріктірілген оқу мақсаты | 3.3.3.1 - судың жанды ағзаларда және жансыз табиғатта кездесетінін түсіндіру;<br>3.3.3.2 - судың негізгі табиғи көздерін салыстыру | |
| Сабақ мақсаттары: | Барлық оқушылар: Оқушылар ауаны қолданудың тәсілдерін, желдің маңызын, пайдасы мен зиянын түсінеді.<br>Оқушылардың басым бөлігі: Ауаның ластану көздерін анықтап, ауа тазалығын сақтау жолдарын және оны тазарту шараларын ұсынады.<br>Кейбір оқушылар: Заттың қасиеттеріне байланысты қолдану аясын анықтайды. | |
| Бағалау критерийлері: | жауын-шашын туралы біледі. | |
| Тілдік мақсаттар | Тілдік дағдылар:<br>-заттардың қасиеттері мен оларды қолдану аясы туралы әңгімелейді; | |
| | Терминология: қар, жаңбыр, шық, бұршақ, қырау, қылау | |
| | Сөз тіркестері:<br>*Талқылау сұрақтары:*<br>Күн райы деген не? | |

| | | |
|---|---|---|
| | • Су айналымы деген не?<br>• Су айналымында су қандай күйлерде кездеседі? | |
| Құндылықтарды дарыту | Оқушыларды бір-біріне деген құрмет көрсетуіне тәрбиелеу. | |
| Пәнаралық байланыстар | Математика, дүниетану, әдебиеттік оқу, көркем еңбек. | |
| Алдыңғы оқу/ Бастапқы білім | Оқушылар заттарды шығу тегіне және агрегаттық күйіне қарай ажырата біледі. Ауаның қасиеттерін, кеңістікті толтырып тұратынын және жануды қолдайтынын біледі. Ауаның тіршілік үшін маңызын түсінеді. | |
| Сабақтың барысы | | |
| Жоспарланған уақыт | Жоспарланған жаттығулар | Ресурстар |
| Басталуы | Ұйымдастыру кезеңі<br>Түрлі түсті гүлдер арқылы топқа бөлу<br>Жұмыс ережесін келісу<br>Алдыңғы білімді еске түсіру (жеке,жұпта,топта, ұжымда) сұрақтар қоямын.<br>Жедел жауап<br>• Күн райы деген не?<br>• Су айналымы деген не?<br>• Су айналымында су қандай күйлерде кездеседі?<br>*ҚБ: Отшашу арқылы бір-бірін бағалау.*<br>Оқу мақсатын таныстыру<br>Күтілетін нәтижені анықтау<br>Оқулықпен жұмыс. Жаңа сабақ | Оқушыларды топтарға бөлуге арналған суреттер.<br><br>Сұраққа жауап берген оқушыны мадақтау,толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату.<br><br>Алдыңғы білімді еске түсіру тапсырмалары |

| | | |
|---|---|---|
| | **Жауын-шашын түрлері**<br>Эврика теледидардан күн райы болжамын тыңдап, жауын-шашын болатынын естіді. Сонда жауын-шашын деген не? Эврика жауын-шашын туралы ақпарат іздеді. Оның ғаламтордан тапқан ақпараттарын зерделе. Жауын-шашын түрлеріне берілген сипаттамаларды фотосуреттерімен сәйкестендір.<br><br>**Жауын-шашын түрлері**<br>Жаңбыр: Жер бетіне сұйық күйде түсетін жауын-шашын.<br>Қар: Түрлі пішінді мұз қиыршығы түрінде түсетін жауын-шашын.<br>Бұршақ: Ірілі-ұсақты түйіршік түрінде жауатын жауын-шашын.<br>Қырау: Түрлі заттарға тұрып қалатын ине тәрізді ақ ұлпа мұз қиыршықтары.<br>Шық: Ауадан бөлініп, шөпке, жапыраққа тұрып қалатын су тамшысы.<br>Дескрипторы:<br>жауын-шашын туралы біледі. | |
| Ортасы | **Неліктен әртүрлі?**<br>Негеш жауын-шашынның түзілу жолы бірдей болса, онда неге кейде қар, кейде жаңбыр түрінде жауады деп ойлады. Бұл сұраққа жауап беру үшін ол кластер жасады. Оны аяқтауға көмектес.<br><br>Мұз қиыршықтары бірігіп, бұлт түзеді.<br>Атмосферада бу салқындап, мұз қиыршықтарына айналады.<br>Біртіндеп ауырлап, мұз түйіршіктері жерге қарай құлайды.<br>Бу ... көтеріледі.<br>Жер бетіндегі су ... .<br>Егер жер бетінде ауа жылы болса, онда ... .<br>Егер жер бетінде ауа салқын болса, онда ... .<br>Жауын-шашын бұлттан пайда болады. Бұлт жер бетінен буланған су тамшыларының атмосфераның жоғарғы қабатында мұз қиыршығына айналып бірігуінен түзіледі. Бұлттан жер бетіне түсетін сұйық немесе қатты күйдегі | Тапсыр маны орындаған оқушыны мадақтау,толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату.<br><br>Оқулық<br>Жұмыс Дәптерлері |

| | | |
|---|---|---|
| | ылғалды жауын-шашын деп атайды. | |
| Аяқталуы | Жаңа білім мен тәжірибені қолдану.<br>Ой толғаныс кезеңі. Жауын-шашын жаңбыр, қар, бұршақ, шық, қырау, қылау түрінде болады. Шық пен қырау – ауадағы будың жер бетіндегі түрлі денелерге жанасуынан пайда болатын ылғал. Оның қырау болып қатуы немесе шық тамшысына айналуы ауа температурасына байланысты. Тұман ауада жиналған будан пайда болады. Қылау – аязды түні ағаш бұтағына, электр сымына, тағы басқа заттарға тұрып қалатын, қарға ұқсас, өте ұсақ мұз қиыршығы. Ал бұршақ қар мен жаңбыр тәрізді өте биікте түзіледі. Бұршақ жылы күндері жаз кезінде жауады. Ол – қатты, домалақ мұз түйіршігі. Ірі бұршақ шаруашылыққа зиян келтіреді.<br>Дәптермен жұмыс<br>Есте сақта!<br>Бұлттан жер бетіне<br>түсетін сұйық немесе қатты күйдегі ылғалды жауын-шашын деп атайды.<br>Сен білесің бе?<br>Жер бетіне түсетін жауын-шашын мөлшерін арнайы<br>құралмен өлшейді.<br>Рефлексия (жеке,жұпта,топта, ұжымда)<br>«Ұстазға хат» кері байланыс.<br> | Тапсыр<br>маны орындаған<br>оқушыны мадақтау, толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату.<br><br>Оқушылар сабақтан алған әсерлерін кері байланыс парағы тапсырмалары арқылы білдіре алады. |

## V. Сабақтан тыс уақытта толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары

10.8-кесте – Сабақтан тыс уақытта толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары

| Бөлімше (түйінді дағдылар) | Оқу мақсаттары |
|---|---|
| | 3-сынып |
| | |
| Тағам не үшін қажет?<br>Ас қайда қорытылады? | 3.2.3.2 асқорыту жүйесінің тіршілікке қажетті энергияны алудағы рөлін сипаттау;<br>3.2.3.1 адамның ішкі ағзаларының орналасуын анықтау; |
| Тыныс алу құпиялары<br>Өкпені шынықтыру | 3.2.3.3 тыныс алу жүйесін және оның адам ағзасындағы рөлін сипаттау;<br>3.2.3.3 тыныс алу жүйесін және оның адам ағзасындағы рөлін сипаттау; |
| Жер қабықтары қалай орналасқан?<br>Ғарыш қалай игерілді? | 3.4.1.1 Жер сфераларын түсіндіру және графиктік кескіндеу<br>3.4.2.1 ғарышты игерудің кейбір айтулы оқиғалары туралы әңгімелеу; |
| Ғарышқа қалай ұшады?<br>Зымырандар қай жерден ұшады? | 3.4.2.1 ғарышты игерудің кейбір айтулы оқиғалары туралы әңгімелеу;<br>3.4.2.2 адамзат дамуындағы ғарыштың маңызын түсіндіру<br>3.4.2.1 ғарышты игерудің кейбір айтулы оқиғалары туралы әңгімелеу;<br>3.4.2.2 адамзат дамуындағы ғарыштың маңызын түсіндіру |
| Көлеңке театрын қалай жасайды? Дыбыс қалай пайда болады? | 3.5.2.1 көлеңкенің пайда болу себептері мен ерекшеліктерін түсіндіру<br>3.5.3.1 дыбыс қаттылығының дыбыс көзі мен қабылдағыш арасындағы қашықтыққа тәуелділігін түсіндіру |
| Электр тогы қалай пайда болады?<br>Электр энергиясы қайдан алынады? | 3.5.5.1 электр энергиясы көздерін анықтау;<br>3.5.5.1 электр энергиясы көздерін анықтау; |
| Электр тізбегін қалай көрсетуге болады?<br>Магниттік қасиеттер | 3.5.6.1 магнит көмегімен әртүрлі металдардың магниттелу қасиетін зерттеу<br>3.5.6.1 магнит көмегімен әртүрлі металдардың магниттелу қасиетін зерттеу |

10.9-кесте – Сабақтан тыс уақытта толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттарына жұмыс жоспары

| Бөлім бойынша оқу мақсаттары | Сыныптан тыс жұмыстар |
|---|---|
| 3-сынып | |
| 3.2.3.3 тыныс алу жүйесін және | Тыныс алу жүйесі туралы деректі фильм қарау. |

| | |
|---|---|
| оның адам ағзасындағы рөлін сипаттау;<br>3.2.3.3 тыныс алу жүйесін және оның адам ағзасындағы рөлін сипаттау; | «Тыныс алу жолдарының гигиенасы » тақырыбында витруалды падлет тақтасына постер жасау |
| .5.2.1 көлеңкенің пайда болу себептері мен ерекшеліктерін түсіндіру<br>3.5.3.1 дыбыс қаттылығының дыбыс көзі мен қабылдағыш арасындағы қашықтыққа тәуелділігін түсіндіру | «Заттардың көлеңкесі» көрмесі<br>Жас зерттеушілермен дыбыс туралы диспут |
| 3.4.1.1 Жер сфераларын түсіндіру және графиктік кескіндеу<br>3.4.2.1 ғарышты игерудің кейбір айтулы оқиғалары туралы әңгімелеу; | «Менің ғарыштағы бір күнім» эссе жазу |

## VI. Кіріктіруге болмайтын оқыту мақсаттары қарастырылатын кеңестердің кестесі

10.10-кесте – Жаңа тақырыптың алдында ұйымдастырылатын кеңестер кестесі

| **Тақырып** | Оқу мақсаттары | Жұмыс түрі |
|---|---|---|
| Электр тогын қандай денелер өткізед | 4.5.4.1 түрлі материалдардың жылу өткізгіштігін зерттеу<br>4.1.2.2 алынған нәтижені оқушы таңдаған формада ұсыну | Электр құралдарын қолдану кезінде қандай қауіпсіздік ережелерін сақтау керек? Әр суретке қауіпсіздік ережесін құрап жаз.<br> |
| Пайдалы қазба деген не? | 4.3.4.1 кейбір пайдалы қазбалардың (бор, тұз, әктас,саз, мұнай, гранит, көмір, табиғи газ) қолданылу саласынанықтау<br>4.3.4.2 Қазақстанның негізгі пайдалы қазбалары өндірілетін кен орындарын картадан көрсету | Пайдалы қазбалар туралы деректі фильм бойынша әңгімелесу<br>Картамен жұмыс |
| Жер ғаламшары қандай? | 4.4.1.1жер бетінің ірі элементтерін атау және сипаттау | Ғаламшарлар туралы, жер туралы анаграмма, кроссвордтар шешу. Реферат жазу |

| | | |
|---|---|---|
| | 4.1.2.2 алынған нәтижені оқушы таңдаған формада ұсыну | |

10.11-кесте – Каникул кездерінде ұйымдастырылатын кеңестер кестесі

| Өткізілетін мерзімі | Тақырыптың атауы | Оқыту мақсаттары |
|---|---|---|
| Күзгі каникул | 2.3.Жүйке жүйесін қандай мүшелер құрайды? | 4.2.3.2 Жүйкежүйесі мен оныңадамағзасындағырөлінсипаттау |
| Қысқы каникул | 5.2.Жылу өткізгіштік деген не? | 4.5.2.1 көлеңкенің кедергі өлшеміне және жарық көзінен кедергіге дейінгі қашықтыққа тәуелділігін зерттеу және түсіндіру |
| Көктемгі каникул | 3.4.Пайдалы қазбаны өндірудің зияны бар ма? | 4.3.4.1 кейбір пайдалы қазбалардың (бор, тұз, әктас,саз, мұнай, гранит, көмір, табиғи газ) қолданылу саласынанықтау |

## VII. Жазғы мектеп кезінде ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгісі

10.12-кесте – «Электр энергиясы қайдан алынады?» тақырыбындағы кіріктірілетін оқыту мақсаттары бойынша ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгісі

| | |
|---|---|
| Мектеп: "Шәкәрім атындағы үш тілде оқытатын көпбейінді гимназия" ММ | |
| Мұғалімнің аты-жөні: Мұқанова Нұргүл Кулжагазиновна | |
| Сыныбы: 4 | |
| Сабақ тақырыбы: | Электр энергиясы қайдан алынады? |
| Оқу мақсаттары : | 3.5.5.1 электр энергиясы көздерін анықтау;<br>3.5.5.1 электр энергиясы көздерін анықтау |
| Кіріктірілген мақсат | 4.5.3.1 белгілі бір кедергілердің дыбыстың қаттылығы мен таралуына әсерін зерттеу және түсіндіру<br>4.1.2.2 алынған нәтижені оқушы таңдаған формада ұсыну |
| Ресурстар: | Оқулық |
| Түсіндірме: | Кіріспе тапсырма. «Жедел жауап».<br><br>-Үйде қандай электр құрылғылары бар?<br>-Олардың жұмыс жасауы үшін не қажет?<br>Олар іске қосылуы үшін не істеу керек?»<br>-Сағаттың қоңырауы не себепті жұмыс істемеуі мүмкін?<br>-Батареялардың қандай түрлері болады?<br>-Олар неге бұлай аталған? Неге құрылғыларға батарея орнатады?<br>-Барлық құрылғыларға жұмыс істеу үшін батарея керек пе? Мысалы, теледидар энергиямен қалай қамтамасыз етіледі?<br>Электр тогы розеткаға қалай түседі?<br>Электр стансасынан сымдар арқылы үйге келеді.<br>-Электр стансаларының қандай түрлері бар? Электр энергиясының көздері:<br>Оқулықтың 66 бетіндегі электр энергиясының көздеріне назар аудар.<br>1.Электр стансалары: су электр стансалары, жылу электр стансалары, атом электр стансалары. Олардың ішінде *ең қауіпсізі су электр стансасы* болып саналады.<br>2. Күн батареялары. Артықшылығы: қауіпсіздігі, экологиялық тазалығы. Кемшілігі: қымбатқа түсетіні.<br>3. Жел генераторлары. Артықшылығы: қауіпсіздігі, экологиялық тазалығы, арзандығы. Кемшілігі: тек желді күндері жұмыс істейді, шулы.<br>4. Гальваникалық элементтер: батарея, аккумулятор. Артықшылығы: қолжетімдігі, кез келген жағдайларда қолдану. Кемшілігі: жою қиыншылығы. |

| | |
|---|---|
| | Қазақстанда экологиялық тұрғыдан таза электр көздерін пайдаланудың маңызын бағалайды. Алдағы уақытта елімізде күн батареялары мен жел генераторларын кеңірек қолдану үшін жұмыстар жасалуда.<br>Зертте. Оқушыларды қабілеттеріне қарай топтарға бөлу.<br>Қабілеті жоғары оқушыларды бірінші екі топқа, ал үлгерімі төмен оқушыларды басқа екі топқа бөлу.<br>Әр топ кішкене шам немесе сымға жалғанған жарықдиодтар (светодиод), лимон, түйреуіш немесе мырыш бұрама шеге алады. Бірінші екі топ онымен қоса, картоп, тұздалған қияр мен алма алады.<br>Оқушыларға өздерін ғалым ретінде сезініп, өз батареясын ойлап табуды тапсыру. Бірақ олар әлі бала болғандықтан, өз үйінде болатын нәрселерден – көгөністер мен жемістерден жасайды. |
| Тапсырмалар: | 1.«Электр көздері» Сөйлемдерді аяқтап жаз.<br><br>Электр көздері батареялар, ----------, ---------- ---------, жел генераторлары болып табылады.<br>Электр көздері ---------- -------- -------- өндіру үшін қажет.<br>Ең қауіпсіз электр көздері: ------- -------- және -------- .<br>2. Электрстансылар қандай жерде болады?Жазбаша жауап жаз.<br>Су электр стансасы – --------, жел генераторы – ----------, күн батареялары – ---------- |
| Кері байланыс | Суреттегі заттарға қара. Бұл заттар заттар қалай аталады, қай жерде қолданылады? Жазбаша жауап бер.<br>Тапсырма. Электр энергиясы көздерін белгіле (□).<br> |

10.12-кесте – «Спорт – денсаулық кепілі» тақырыбындағы кіріктірілетін оқыту мақсаттары бойынша ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгісі

| | |
|---|---|
| Мектеп: "Шәкәрім атындағы үш тілде оқытатын көпбейінді гимназия" ММ | |
| Мұғалімнің аты-жөні: Мұқанова Нұргүл Кулжагазиновна | |
| Сынып: 4-сынып | Қатысқандар саны:<br>Қатыспағандар саны: |

| | |
|---|---|
| Сабақ тақырыбы | Қандай жануарлар жойылып бара жатыр?<br>Бөлім бойынша жиынтық бағалау. |
| Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме) | 4.2.2.7 Жойылу шегінде тұрған жануарларға мысал келтіру;<br>4.2.2.8 Ұлттық саябақтар мен қорықтарды құру мақсатын түсіндіру |
| Сабақ мақсаттары | Барлық оқушылар: Жануарлар мен өсімдіктердің өзара байланысы туралы біледі, жануарлардың өзара қарым-қатынас түрлерін сипаттайды, оларды түрлі белгілері бойынша топтарға жіктей алады. Көптеген оқушылар: Түрлі жануарлар қалай қоректенетінін біледі, өз өлкесіндегі мекен ететін жануарларды біледі.<br>Кейбір оқушылар: Жануарлардың тіршілік ортасындағы жағдайлардың, адамның іс-әрекетінің жануарлардың санының азаюына әсер ететінін біледі. |
| Бағалау критерийлері | - Оқушылар жануарлардың өсімдікқоректі және жыртқыш болатынын, қоректік тізбек және оның әр буыны сақталуының маңызын түсінеді.<br>- Тұрғылықты жердегі жануарлар туралы көп білуге ынталанады. Жануарлардың табиғаттағы орнын түсінеді және оларды сақтаудың жолы мен амалдары туралы біледі. |
| Тілдік мақсаттар | Оқытудың тілдік мақсаты Пәндік лексика және терминология Диалог/жазу үшін пайдалы фразалар сериясы<br>Оқушылар<br>-өсімдікқоректі және жыртқыш жануарлардың айырмашылығын атайды;<br>-өз өлкесіндегі өсімдікқоректі және жыртқыш жануарларды сипаттайды;<br>-қоректің тізбектің құрылымын сипаттайды;<br>-жануарларды қорғаудағы ұлттық саябақтар мен қорықтарды құрудың рөлі туралы әңгімелейді.<br>Өсімдікқоректі және жыртқыш жануарлар,<br>қорек тізбегі, құрылым, қорық, Ұлттық саябақ, қорғау.<br>Талқылау үшін сұрақтар:<br>Өсімдікқоректі және жыртқыш жануарлардың айырмашылығы қандай?<br>Қандай өсімдікқоректі және жыртқыш жануарларды білесің? Олар туралы не айта аласың?<br>Жазуға арналған тапсырмалар:<br>Өздерің тұратын жердегі жануарларды сипатта.<br>Оларды түрлі белгісі бойынша топтарға жікте. |
| Құндылықтарды дарыту | Оқушыларды бір-біріне деген құрмет көрсетуіне тәрбиелеу. |

| | | |
|---|---|---|
| Пәнаралық байланыстар | Математика, дүниетану, әдебиеттік оқу, көркем еңбек. | |
| АКТ қолдану дағдылары | Интернет-ресурстар, дерекқордан және интернеттен сабаққа қатысты ақпаратты іздеу; | |
| Бастапқы білім | Жануарлар мен өсімдіктердің өзара байланысы туралы біледі, жануарлардың өзара қарым-қатынас түрлерін сипаттайды, оларды түрлі белгілері бойынша топтарға жіктей алады. Түрлі жануарлар қалай қоректенетінін біледі, өз өлкесіндегі мекен ететін жануарларды біледі. Жануарлардың тіршілік ортасындағы жағдайлардың, адамның іс-әрекетінің жануарлардың санының азаюына әсер ететінін біледі. | |
| **Сабақтың барысы** | | |
| Сабақтың жоспарланған кезеңдері | Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет | **Ресурстар** |
| **Сабақтың басы** | **Сергіту жаттығуы**<br>**«Мен ақылды баламын»** әр бала өздерінің жақсы қасиеттерін атап, қалай өсіп келе жатқандарын айтады. Мыс: Мен Балнұр, балдай тәтті үйдің еркесімін. Мен Асқар, барлығынан біліміммен барлығынан асып түссем деймін т.б.<br>**Жаңа топ құру**<br>**Топтарға бөлу.**<br><br>***Асық арқылы бөлу***<br>Сыныптағы бала санына қарай 3 түрлі асық шашылады, әр оқушы өзіне ұнаған түсті алады түстер бір-бірін тауып, бір топ құрайды<br>**1-топ: «Алтын асықтар»**<br>**2-топ: «Күміс асықтар»**<br>**3-топ: «Қола асықтар»**<br>**Жұмыс ережесін келісу**<br>- Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз!<br>- Уақытты үнемдейміз!<br>- Нақты,дәл жауап береміз!<br>- Сабақта өзіміздің шапшаңдығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз!<br>- Сабаққа белсене қатысып, жақсы баға аламыз!<br>**Алдыңғы білімді еске түсіру (жеке,жұпта,топта, ұжымда)** | Оқушыларды топтарға бөлуге арналған суреттер.<br><br>Сұраққа жауап берген оқушыны мадақтау,толықты ру жасау, тиімді кері байланыс орнату.<br>Алдыңғы білімді еске түсіру тапсырмалары |

| | | |
|---|---|---|
| **Сабақтың ортасы** | Елімізде көптеген жануарлар тіршілік етеді. Олардың кейбір түрлерінің саны жылдан-жылға артып келеді. Жануарлардың тіршілік ортасы неғұрлымқолайлы болса, олардың көбеюі соғұрлым қарқынды жүреді. Дегенмен, кейбір жануарлардың саны кеміп, жойылып кету шегінде тұрғаны белгілі. Оларға Каспий албырты, Балқаш алабұғасы, жетісулық бақатіс, барыс, сілеусін, сұр келес, қызғылт бірқазан, кіші аққу, сары көккұтан, дала бүркіті жатады. Жануарлардың жойылуы көп жағдайда адамның іс-әрекетіне байланысты болады. Шөл және шөлейт жерлерді игеру, жерді жырту, батпақты құрғату, өзен арнасын бұру, орман ағаштарын кесу жануарлардың тіршілік ортасының тарылуына алып келеді. Соның салдарынан олар басқа жерге қоныс аударуға мәжбүр болады. Бұл олардың ұрпақ өсіріп, көбеюіне де кедергі жасайды. Тірі ағзалардың жойылуына табиғи катаклизмдер де себеп болады. Катаклизмге өрт, су тасқыны, сел, қар көшкіні сияқты табиғи апаттар жатады. Табиғи апаттар салдарынан тірі ағзалардың саны азайып, жойылу қаупі төніп тұр. Егер де тірі ағзалар саны азайса, табиғаттағы қоректік тізбектер де бұзылады. Кейбір ағзалар қоректсізқалады. Осылайша бір ағзаның жойылуы басқа ағзаларды жойылу шегіне жеткізуі мүмкін.Жануарлардан келген шағым хаттар Негеш пен Эврика еліміздегі саны азайып бара жатқан жануарлар туралы ақпарат жинады. Оны әр жануардың атынан жазылған хат ретінде құрастырып, кітапша жасады. Кітапшадағы ақпаратпен таныс. Жануарлар неліктен жойылып барады? Олардың жойылу себептерін анықта.<br>**Сен білесің бе?**<br>Қызғылт қоқиқаз тек Қорғалжын қорығының Теңіз көлінде ғана ұя салып, жұмыртқа басады. Жұмыртқаны жарып шыққанда аппақ болатын қоқиқаздың түсі біртіндеп қызғылт түске айналады. Оған қорек ететін ұсақ шаяндардың қабыршағының түсі себеп болады. Ғаламтордың көмегімен қызғылт қоқиқаздардың елімізге қай айда ұшып келетінін анықта. | Тапсырманы орындаған оқушыны мадақтау,толықты ру жасау, тиімді кері байланыс орнату.<br><br>Белсенді оқу тапсырма лары. |

| | | |
|---|---|---|
| | <br>***Дескрипторы:***<br>жойылу шегінде тұрған жануарлармен танысады;<br>• жануарлардың жойылуының себептерін біледі.<br>**Модель жаса**<br>Қорықтың моделі қандай болуы мүмкін?<br>Өз ойындағы қорықтың моделін жаса. | |
| **Сергіту сәті** | Сергіту сәті **«Қызыл гүлім – ай»**<br> | Оқушылар сергіту сәтін жасайды. |

| | | |
|---|---|---|
| **Сабақтың соңы** | **Жаңа білім мен тәжірибені қолдану**<br>Білімді бекіту: Өтілген тақырыпқа байланысты бірнеше сұрақтар қоямын. Түсінбеген сұрақтарына жауап беремін.<br>**Ойтолғаныс**<br>Рефлексия. Сөйлемді толықтыр:<br>Маған ... ұнады.<br>Мені ... таңғалдырды.<br>Мен ... болғым келеді.<br>***Үй тапсырмасы: Ертегі мазмұны бойынша жоспар құрап жаз.***<br>**Рефлексия «Жұлдыздар шеруі» әдісі.**<br> | Оқушылар сабақтан алған әсерлерін кері байланыс«Жұлдыздар шеруі» әдісі тапсырмалары арқылы білдіре алады. |

## 14. «Дүниетану» оқу пәні, 2-сынып

### I. Өткен оқу жылында өтілген оқу бағдарламасының мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттары

2-сыныпта «Дүниетану» пәнінен диагностикалық жұмыс жүргізу үшін 1-сыныпқа арналған «Дүниетану» пәнінен оқу бағдарламасының оқыту мақсаттары зерделенеді. Ол үшін бастауыш білім берудің 1-4-сыныптарына арналған «Дүниетану» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын қарастырамыз [10]. Оқу бағдарламасына сәйкес 2-сыныпта 3 бөлім қарастырылады. Үш бөлімге қатысты 1-сыныптың мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттары келесі кестеде көрсетілген (14.1-кесте).

14.1-кесте – өткен оқу жылындағы өтілген 1-сыныптың оқу бағдарламасының мазмұнын толық қамтитын оқу мақсаттарының жобасы

| Ортақ тақырып | Бөлімшелер | Оқу мақсаттары |
|---|---|---|
| 1-тоқсан | | |
| 1 Өзім туралы | 1.1 Мен және менің отбасым | 1.1.2.4 күн тәртібін сақтау маңызын түсіндіру және күн тәртібін құру |
| | | 1.1.2.5 тәулік уақыты мен апта күндерінің атауларын қолдану |
| 2 Менің мектебім | 1.2 Мектеп және мектеп қауымдастығы | 1.1.4.4 жолда жүру тәртібін, жаяу жүргіншілердің қозғалысын реттейтін жол белгілерінің мәнін түсіндіру |
| | | 1.1.4.5 үй мен мектеп арасындағы қауіпсіз маршрут жоспарын құрастыру |
| | | 1.1.2.2 мектептегі функционалдық аймақтардың орналасқан жерін анықтау |
| 2-тоқсан | | |
| 3 Менің отбасым және достарым | 1.1 Мен және менің отбасым | 1.1.1.2 отбасындағы өзге мүшелерге қатысты өзінің туыстық байланыстар жүйесіндегі орнын анықтау |
| | | 1.1.1.3 отбасы мүшелерінің арасындағы қамқор қарым-қатынастың маңызын түсіндіріп, мысалдар келтіру |
| 4 Бізді қоршаған әлем | 2.1 Жергілікті жерде бағдарлау | 1.2.1.1 жергілікті белгілер бойынша көкжиек тұстарын анықтау |
| | 1.3 Менің атамекенім | 1.1.3.1 өз мекенжайын атау және елді мекенінің географиялық орналасқан жерін сипаттау |
| | 2.2 Климат және ауа-райы | 1.2.2.1 ауа-райының адамға және оның іс-әрекетіне әсерін анықтау |

| | | |
|---|---|---|
| | | 1.2.3.1 жыл мезгілдеріне орай табиғатта бос уақытты өткізу мүмкіндіктерін анықтау |
| 3-тоқсан | | |
| 5 Саяхат | 3.1 Ежелгі мәдениеттер мен өркениеттер | 1.3.1.1 көрнекі материалдарды зерделеу арқылы ежелгі адамдардың өмірі туралы әңгімелеу |
| | 3.2 Қазақстанның тарихи тамырлары | 1.3.2.1 көрнекі материалдар негізінде сақтардың өмір салтын сипаттау |
| | | 1.3.4.1 дереккөздерді зерделеу арқылы Томирис туралы әңгімелеу |
| | 2.4 Туризм | 1.2.4.2 туристердің негізгі мақсаттарын анықтау |
| 6 Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті | 3.5 Қазақстан тарихы: тәуелсіздік, мемлекеттілік және патриотизм | 1.3.5.2 тәуелсіз мемлекеттің негізгі белгілері туралы әңгімелеу |
| | | 1.3.5.1 Қазақстан Республикасының рәміздерін өзге елдердің рәміздерінен ажырату |
| | 3.3 Қазақстан тарихындағы маңызды оқиғалар | 1.3.3.1 Қазақстан аумағындағы көне жазулар туралы білу |
| | | 1.3.3.2 түрлі материалдарды, әдістер мен құралдарды пайдалана отырып, көне жазуларды бейнелеу |
| | 3.1 Ежелгі мәдениеттер мен өркениеттер | 1.3.1.2 ежелгі заманның танымал тарихи ескерткіштері/жәдігерлері туралы әңгімелеу |
| | 3.5 Қазақстан тарихы: тәуелсіздік, мемлекеттілік және патриотизм | 1.3.5.3 Қазақстан астанасы туралы шығармашылық жұмыстарын таныстыру |
| 4-тоқсан | | |
| 7 Тағам мен сусын | 1.4 Денсаулық пен қауіпсіздік | 1.1.4.2 тамақтану режимін сақтаудың қажеттілігін түсіндіру |
| | 1.4 Денсаулық пен қауіпсіздік | 1.1.4.1 жеке бас гигиенасын сақтаудың маңыздылығын түсіндіру |
| | 1.1 Мен және менің отбасым | 1.1.1.4 тауар-ақша қатынасының қарапайым түрлерін түсіндіру |
| 8 Дені саудың жаны сау | 1.4 Денсаулық пен қауіпсіздік | 1.1.4.3 үйдегі қауіпсіздік ережелерін түсіндіру |
| | | 1.1.4.6 шұғыл көмек қызметтерін білу және олармен хабарласу жағдайларын анықтау |

## II. Іріктеп алынған оқыту мақсаттары бойынша диагностикалық жұмыстың үлгісі (екі нұсқа)

14.2-кесте – Диагностикалық жұмыс жүргізуге ұсынылатын оқыту мақсаттары

| Бөлімше атауы | 1-сынып |
|---|---|
| **«Бізді қоршаған әлем» ортақ тақырыбы бойынша** | |
| 2.1 Жергілікті жерде бағдарлау | 1.2.1.1 жергілікті белгілер бойынша көкжиек тұстарын анықтау |
| 1.3 Менің атамекенім | 1.1.3.1 өз мекенжайын атау және елді мекенінің географиялық орналасқан жерін сипаттау |
| 2.2 Климат және ауа-райы | 1.2.2.1 ауа-райының адамға және оның іс-әрекетіне әсерін анықтау |
| | 1.2.3.1 жыл мезгілдеріне орай табиғатта бос уақытты өткізу мүмкіндіктерін анықтау |

«Бізді қоршаған әлем» ортақ тақырыбы бойынша диагностикалық жұмыстың үлгісі

### Өзіндік жұмыс


**1 - тапсырма**

Жергілікті белгілер бойынша көкжиек тұстарын анықта
Оңтүстік болса, О әрпімен, ал солтүстік болса, С әрпімен белгіле




**2-тапсырма**

Бірінші картадан қарап, екінші қартаға Қазақстанның елордасын және өз сүйікті қаланды белгіле





**3-тапсырма**

Жыл мезгілдерін анықтап жаз



**4 - тапсырма**

Ауа райы болжамын жаса




**5- тапсырма**
Тесттік тапсырмалар

1. Көкжиек тұстарын қандай аспаптың көмегімен анықтайды?
А. Тонометр
Ә. Термометр
Б. Тұсбағдар
В. Барометр

2. Жыл мезгілдері қандай ретпен орналасады?
А. Көктем, жаз, күз, қыс.
Ә. Жаз, көктем, қыс, күз.
Б. Көктем, қыс, жаз, күз.
В. Күз, жаз, көктем, қыс.

3. Ауа температурасын қандай құралмен анықтайды?
А. Таразы
Ә. Термометр
Б. Тұс бағдар
В. Сызғыш

14.3-кесте – «Бізді қоршаған әлем» ортақ тақырыбы бойынша өзіндік жұмысты бағалау

| № | Бағалау критерийлері | Дұрыс жауаптар | Ұпай саны |
|---|---|---|---|
| 1-тапсырма | Жергілікті белгілер бойынша көкжиек тұстарын анықтайды; Оңтүстік болса, О әрпімен, ал солтүстік болса, С әрпімен белгілейді; |  | 8 |
| 2-тапсырма | Бірінші картадан қарап, екінші қартаға Қазақстанның елордасын және өз сүйікті қаласын белгілейді | - Нұр – Сұлтан қаласын белгілейді;<br>- Сүйікті қаласын белгілейді; | 2 |
| 3-тапсырма | Жыл мезгілдерін анықтап жаз | 1. Қыс<br>2. Көктем<br>3. Жаз<br>4. Күз | 4 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 4 – тапсырма | Ауа райы болжамын жасайды; | Нұр - Сұлтан жаңбыр - 12 салқын<br>Алматы ашық + 2 жылы<br>Шымкент ала бұлтты + 5 жылы | 6 |
| 5-тапсырма | Тест сұрақтарының дұрыс жауабын табады;<br>1.<br>2.<br>3. | 1. Көкжиек тұстарын қандай аспаптың көмегімен анықтайды?<br>А. Тонометр<br>Ә. Термометр<br>Б. Түсбағдар<br>В. Барометр<br><br>2. Жыл мезгілдері қандай реттпен орналасады?<br>А. Көктем, жаз, күз, қыс.<br>Ә. Жаз, көктем, қыс, күз.<br>Б. Көктем, қыс, жаз, күз.<br>В. Күз, жаз, көктем, қыс.<br><br>3. Ауа температурасын қандай құралмен анықтайды?<br>А. Таразы<br>Ә. Термометр<br>Б. Түсбағдар<br>В. Сызғыш<br> | 3 |
| **Барлық ұпай саны** | | | **23** |

14.4-кесте – Диагностикалық жұмыс жүргізуге ұсынылатын оқыту мақсаттары

| **«Саяхат» ортақ тақырыбы бойынша** | |
|---|---|
| **Бөлімше атауы** | **1 - сынып** |
| 3.1 Ежелгі мәдениеттер мен өркениеттер | 1.3.1.1 көрнекі материалдарды зерделеу арқылы ежелгі адамдардың өмірі туралы әңгімелеу |
| 3.2 Қазақстанның тарихи тамырлары | 1.3.2.1 көрнекі материалдар негізінде сақтардың өмір салтын сипаттау |
| | 1.3.4.1 дереккөздерді зерделеу арқылы Томирис туралы әңгімелеу |
| 2.4 Туризм | 1.2.4.2 туристердің негізгі мақсаттарын анықтау |

## «Саяхат» ортақ тақырыбы бойынша диагностикалық тапсырмалар үлгісі


**1- тапсырма**

Ежелгі адамдар айналысқан кәсіпті жасыл түспен, айналыспаған кәсіпті қызыл түспен боя



**2 - тапсырма**

Алғашқы адамдар суреттегі құралдарды не үшін қолданды?




1) _____
2) _____

**3- тапсырма**

Сақтар туралы ақиқат пікірді ✓ таңбасымен белгіле

| | Пікірлер | Ақиқат |
|---|---|---|
| 1 | Сақтардың кейбірі көшпелі болды. | |
| 2 | Сақтар балаларын оқуға үйретті. | |
| 3 | Сырдария бойындағы сақтар егін екті. | |
| 4 | Сақтар күріш екті. | |
| 5 | Сақтардың әшекей бұйымдарында аңдар бейнеленген | |
| 6 | Сақтар қазақтардың арғы ата – бабасы. | |
| 7 | Сақтар бір қабатты үйде тұрды. | |

**4- тапсырма**

Ребус шеш

Ребус шешуінен шыққан сөз туралы білетініңді жаз.



Ребустың шешуі:_____

_____
_____
_____
_____

**5- тапсырма**
Томирис ханшайымға қатысты сөздерді боя

| | | |
|---|---|---|
| 1.Бес жасынан атқа отырып, садақ атқан. | 2. Томирис – парсы патшайымы | 3. Елінің үшін күресті |

**6- тапсырма**
Саяхатшы ұстанатын негізгі 5 ережені құрастыр.


1. _____
2. _____
3. _____

**7- тапсырма**
«Нұр - Сұлтан – Қазақстанның астанасы» тақырыбында сөз жұмбақты шеш

1. Нұр – Сұлтан қаласының бұрынғы атауы
2. Аңыздағы бәйтерек ағашына биігіне ұя салатын құс
3. Думан ойын – сауық орталығында не бар?
4. Нұр – Сұлтан қаласы арқылы ағып жатқан өзен
5. Гимн сөзінің синонимі
6. Нұр – Сұлтан қаласының «қала күні» қай айда тойланады?
7. Нұр – Сұлтан қаласының символы атанған ғимарат
8. Нұр – Сұлтан қаласының «қала күнін» шілде айының қай күні тойланады?
9. Нұр – Сұлтан қаласында шатырға ұқсас ғимарат

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | А | С | Т | А | Н | А | | |
| | | | | С | А | М | Ұ | Р | Ы | Қ |
| О | К | Е | А | Н | А | Р | И | У | М | |
| | | | | | | - | | | | |
| | | | | | Е | С | І | Л | | |
| | | | | Ә | Н | Ұ | Р | А | Н | |
| | | | | Ш | І | Л | Д | Е | | |
| | | | Б | Ә | Й | Т | Е | Р | Е | К |
| | | | | | | А | Л | Т | Ы | |
| | | | | Х | А | Н | Ш | А | Т | Ы | Р |

14.5-кесте – «Саяхат» ортақ тақырыбы бойынша тапсырмаларды бағалау

| № | Бағалау критерийі | Жауаптар | Ұпай |
|---|---|---|---|
| 1 | Ежелгі адамдар айналысқан кәсіпті жасыл түспен, айналыспаған кәсіпті қызыл түспен бояйды; |  | 4 |
| 2 | Алғашқы адамдар суреттегі құралдарды не үшін қолданғанын анықтап жазады; | 1) тамыр қазу /теріні сыдыру<br>2) аң аулау | 2 |
| 3 | Сақтар туралы ақиқат пікірді ✓ таңбасымен белгілейді |  | 4 |
| 4 | Ребус шешуінен шыққан сөз туралы білетініңді жазады | Ребус шешуі: Томирис<br>Томирис ханшайым туралы білгенін жазады. | 2 |
| 5 | Томирис ханшайымға қатысты сөздерді бояйды | 1 және 3-ші ақпаратты бояйды. | 2 |
| 6 | Саяхатшы ұстанатын негізгі 5 ережені құрастырады | 1.Саяхатқа аттанатын жер туралы ақпарат білу<br>2. Маршрутын жасау<br>3. Қажетті заттарды дайындау | 3 |
| 7 | «Нұр – Сұлтан – Қазақстанның астанасы» тақырыбында сөз жұмбақты шешеді |  | 9 |
| **Барлығы** | | | **26** |

14.6-кесте – Диагностикалық жұмыс жүргізуге ұсынылатын оқыту мақсаттары

| **«Салт – дәстүр және ауыз әдебиеті» ортақ тақырыбы бойынша** | |
|---|---|
| **Бөлімше атауы** | **1 - сынып** |
| 3.5 Қазақстан тарихы: тәуелсіздік, мемлекеттілік және патриотизм | 1.3.5.2 тәуелсіз мемлекеттің негізгі белгілері туралы әңгімелеу |
| 3.3 Қазақстан тарихындағы маңызды оқиғалар | 1.3.5.1 Қазақстан Республикасының рәміздерін өзге елдердің рәміздерінен ажырату |
| | 1.3.3.1 Қазақстан аумағындағы көне жазулар туралы білу |
| 3.1 Ежелгі мәдениеттер мен өркениеттер | 1.3.1.2 ежелгі заманның танымал тарихи ескерткіштері/жәдігерлері туралы әңгімелеу |
| 3.5 Қазақстан тарихы: тәуелсіздік, мемлекеттілік және патриотизм | 1.3.5.3 Қазақстан астанасы туралы шығармашылық жұмыстарын таныстыру |

«Салт – дәстүр және ауыз әдебиеті» ортақ тақырыбы бойынша диагностикалық жұмыстың үлгісі

**Тест**

1. Қазақстан Тәуелсіздікті қай жылы алды?

А) 1991 жылы 16 желтоқсан
Ә) 1991 жылы 30 тамыз

2. Мемлекеттік рәмізді анықта

А) Елтаңба
Ә) Бәйтерек

3. Рәміздер күні қашан тойланады?

А) 4 шілде
Ә) 4 маусым

4. Еліміздің астанасы - қай қала?

А) Нұр – Сұлтан
Ә) Алматы

5. Қазақстанның Тұңғыш Президенті кім болды?

А) Бауыржан Момышұлы
Ә) Нұрсұлтан Назарбаев

6. Қазақстанның Туы қандай түсті?

А) көгілдір
Ә) жасыл

7. Елтаңбаның дәл ортасында не бейнелеген?

А) шаңырақ
Ә) киіз үй

8. Қазақстанда қанша ұлт өкілдері тұрады?

А) 120 – дан астам
Ә) 130 – дан астам

9. Қазақстанның ұлттық валютасы қалай аталады?

А) теңге
Ә) евро

10.Заң жазылған құжат

А) Конституция
Ә) Қызыл кітап

14.7-кесте – «Салт – дәстүр және ауыз әдебиеті» ортақ тақырыбы бойынша тест жұмысының бағалау критерийлері

| № | Бағалау критерийі | Жауаптар | Ұпай |
|---|---|---|---|
| 1 | Қазақстан Тәуелсіздікті қай жылы алғанын анықтайды | А) 1991 жылы 16 желтоқсан | 1 |
| 2 | Мемлекеттік рәмізді анықта | А) Елтаңба | 1 |
| 3 | Рәміздер күні қашан тойланатынын анықтайды | Ә) 4 маусым | 1 |
| 4 | Еліміздің астанасы қай қала екенін анықтайды | А) Нұр – Сұлтан | 1 |
| 5 | Қазақстанның Тұңғыш Президенті кім болғанын табады | Ә) Нұрсұлтан Назарбаев | 1 |
| 6 | Қазақстанның Туы қандай түсті екенін анықтайды | А) көгілдір | 1 |
| 7 | Елтаңбаның дәл ортасында не бейнелегенін табады | А) шаңырақ | 1 |
| 8 | Қазақстанда қанша ұлт өкілдері тұратынын табады | Ә) 130 – дан астам | 1 |
| 9 | Қазақстанның ұлттық валютасы қалай аталатынын анықтайды | А) теңге | 1 |
| 10 | Заң жазылған құжатты анықтайды | А) Конституция | 1 |
| **Барлығы**<br>10 -9 дұрыс жауап – «Өте жақсы»<br>8 – 6 дұрыс жауап – «Жақсы»<br>5 – 0 дұрыс жауап – «Талпын» болып бағаланады. | | | **10** |

## III. Сабақ барысында толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары

Өткен оқу жылындағы, яғни 1-сыныптағы оқу мақсаттарын әр бөлім бойынша 2-сыныптың сабақ барысында кіріктіре меңгерту арқылы білім алушылардың біліміндегі орын алған олқылықтарды толықтыруға болатындығы туралы -кестеде ұсынылады.

14.8-кесте – Сабақ барысында толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқу мақсаттарының жобасы (Қысқа мерзімді сабақ жоспарын әзірлеуде кіріктіріп өткізуге ұсынылатын күрделі оқу мақсаттары)

| **2-сынып** | | **1-сынып** |
|---|---|---|
| 1-тоқсан | | |
| 1.4 Денсаулық және қауіпсіздік | 2.1.4.4 Қоғамдық көліктегі өзін – өзі ұстау ережелерін түсіндіру | 1.1.4.4 жолда жүру тәртібін, жаяу |

| | | |
|---|---|---|
| | | жүргіншілердің қозғалысын реттейтін жол белгілерінің мәнін түсіндіру |
| 1.4 Денсаулық және қауіпсіздік | 2.1.4.2 күнделікті жағдаяттардағы (үйде және қоғамдық орындарда) қауіпсіздік ережелерін түсіндіру | 1.1.4.5 үй мен мектеп арасындағы қауіпсіз маршрут жоспарын құрастыру |
| | | 1.1.4.3 үйдегі қауіпсіздік ережелерін түсіндіру |
| | | 1.1.4.6 шұғыл көмек қызметтерін білу және олармен хабарласу жағдайларын анықтау |
| 1.2 Мектеп және мектеп қауымдастығы | 2.1.2.2 мектеп қауымдастығының және мүшелерінің қызметін анықтау | 1.1.2.2 мектептегі функционалдық аймақтардың орналасқан жерін анықтау |
| 2 – тоқсан | | |
| 1.1 Мен және менің отбасым | 2.1.1.1 отбасылық мұрағат негізінде отбасы мүшелерінің ауызша портретін жасау | 1.1.1.2 отбасындағы өзге мүшелерге қатысты өзінің туыстық байланыстар жүйесіндегі орнын анықтау |
| 1.1 Мен және менің отбасым | 2.1.1.2 мысалдар келтіре отырып, өз отбасындағы әдеп нормаларын түсіндіру | 1.1.1.3 отбасы мүшелерінің арасындағы қамқор қарым-қатынастың маңызын түсіндіріп, мысалдар келтіру |
| 2.1 Жергілікті жерде бағдарлау | 2.2.1.1 тұс бағдар көмегімен көкжиек бағыттарын анықтау | 1.2.1.1 жергілікті белгілер бойынша көкжиек тұстарын анықтау |
| 1.3 Менің атамекенім | 2.1.3.1 өз зерттеулеріне сүйене отырып, өлкесінің көрікті жерлерін сипаттау және бейнелеу | 1.1.3.1 өз мекенжайын атау және елді мекенінің географиялық орналасқан жерін сипаттау |
| | | 1.1.3.2 өзі тұратын елді мекеннің басты көшесін, ғимараттарын және көрнекі жерлерін сипаттау |
| 2.2 Климат және ауа - райы | 2.2.2.1 ауа – райының адам өмірі мен шаруашылық іс – әрекетіне оң және кері әсерін талдау | 1.2.2.1 ауа-райының адамға және оның іс-әрекетіне әсерін анықтау |
| | | 1.2.3.1 жыл мезгілдеріне орай табиғатта бос |

| | | |
|---|---|---|
| | | уақытты өткізу мүмкіндіктерін анықтау |
| 3-тоқсан | | |
| 3.1 Ежелгі мәдениеттер мен өркениеттер | 2.3.1.2 түрлі дереккөздерді зерделеу арқылы көне қалалар мен ескерткіштерді зерделеу | 1.3.1.1 көрнекі материалдарды зерделеу арқылы ежелгі адамдардың өмірі туралы әңгімелеу |
| | | 1.3.1.2 ежелгі заманның танымал тарихи ескерткіштері/жәдігерлері туралы әңгімелеу |
| 3.2 Қазақстанның тарихи тамыры | 2.3.2.1 көрнекі материалдарды зерделеу арқылы ғұндардың өмір салтын сипаттау | 1.3.2.1 көрнекі материалдар негізінде сақтардың өмір салтын сипаттау |
| 2.4 Туризм | 2.2.4.3 туристік нысандардың ерекшеліктерін сипаттау | 1.2.4.2 туристердің негізгі мақсаттарын анықтау |
| 3.5 Қазақстан тарихы: тәуелсіздік, мемлекеттілік және патриотизм | 2.3.5.1 Қазақстан Республикасы мемлекеттік рәміздерінің маңызын түсіндіру | 1.3.5.2 тәуелсіз мемлекеттің негізгі белгілері туралы әңгімелеу |
| 3.5 Қазақстан тарихы: тәуелсіздік, мемлекеттілік және патриотизм | 2.3.5.2 бақылау негізінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерінің қолданылу саласын анықтау | 1.3.5.1 Қазақстан Республикасының рәміздерін өзге елдердің рәміздерінен ажырату |
| 4-тоқсан | | |
| 1.4 Денсаулық және қауіпсіздік | 2.1.4.1 түрлі дереккөздер негізінде пайдалы және зиянды тағамдардың арасындағы айырмашылықтарды анықтау | 1.1.4.2 тамақтану режимін сақтаудың қажеттілігін түсіндіру |
| 1.1 Мен және менің отбасым | 2.1.1.4 бақылау және сауалнама негізінде тұтыну заттарына деген отбасы қажеттіліктерінің құрылымын, олардың түсу көзін анықтау | 1.1.1.4 тауар-ақша қатынасының қарапайым түрлерін түсіндіру |

**IV. Кіріктірілетін оқыту мақсаттары бойынша ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгісі**

14.9-кесте – «Дұрыс тамақтана біл» тақырыбындағы кіріктірілген оқыту мақсаттары бойынша ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгісі

| | |
|---|---|
| Мектеп | Шейх Тәмим бен Хамад әл - Тәни атындағы 85 мектеп - лицей КММ |
| Мұғалімнің аты – жөні: | Есмурзина Айгерим Жаксылыковна |
| Сабақ тақырыбы | Дұрыс тамақтана біл |
| Оқу мақсаты | 2.1.4.1 түрлі дереккөздер негізінде пайдалы және зиянды тағамдардың арасындағы айырмашылықтарды анықтау |
| Кіріктірілетін оқу мақсаты | 1.1.4.2 тамақтану режимін сақтаудың қажеттілігін түсіндіру |
| Сабақ мақсаттары | - Дұрыс тамақтану ережесін құрастырады<br>- Пайдалы және зиянды тағамдар түрлерін ажыратады |
| | - Ұлттық тағам түрлерін анықтайды, әңгімелейді<br>- Қонақжайлық ұғымын түсінеді, әңгімелейді |
| Бағалау критерийлері | - Дұрыс тамақтану ұғымымен танысады;<br>- Ұлттық тағамдардың түрлерін біледі;<br>- Қалай дұрыс тамақтану керектігін біледі;<br>- Дұрыс тамақтану ережесін құрастырады;<br>- Тамақтану режимін сақтаудың қажеттілігін түсінеді; |
| Тілдік мақсат | Пәнге тән лексика мен терминология:<br>Дұрыс тамақтану – правильное питание – proper nutrition<br>Ұлттық тағамдар – национальные блюда – national dishes |
| | Диалог пен жазу үшін пайдалы сөздер мен тіркестер:<br>- Қай сөздер артық болып шықты?<br>- Олардың ортақ атауы қандай?<br>- Қандай тағам түрлері жасырылды?<br>- Олардың ортақ атауы бар ма?<br>- Ұлттық тағамның дайындалу ретін білесіңдер ме?<br>- Дұрыс емес тамақтану ережелері не себепті дұрыс емес деп ойлайсыңдар? |

| | | |
|---|---|---|
| Құндылықтарды дарыту | Жауапкершілік, әдептілік, ынтымақтастық.<br>Ұлттық дүниетанымын кеңейту. | |
| Пәнаралық байланыстар | Көркем еңбек | |
| АКТ қолдану дағдылары | Интер белсенді тақта, слайд. | |
| Бастапқы білім | Ертедегі адамдардың тамақтану салты және тамақтану ерекшелігі туралы біледі. Тамақтанудың маңыздылығын түсінеді. | |
| Сабақ барысы | | Ресурс |
| Сабақтың басы<br>5мин | Психологиялық ахуал.<br>Қуанамын мен де,<br>Қуанасың сен де,<br>Қуанайық бәріміз<br>Арайлап атқан күнге!<br>Оқушылардың назарын сабаққа аудару.<br><br>№1-тапсырма<br>(ҰЖ) Артығын тап.<br>Қияр, картоп, қымыз, сәбіз, қызылша.<br>Қоян, түлкі, қасқыр, ет, арыстан.<br>Қарлығаш, нан, аққу, тырна.<br>Қызғалдақ, раушан, май, бәйшешек.<br>- Қай сөздер артық болып шықты?<br>- Олардың ортақ атауы қандай?<br>Сабақтың тақырыбы мен мақсатын хабарлау.<br>Дескриптор:<br>- Берілген сөздердің мағыналық айырмашылығын ажыратады;<br>- Артық шыққан сөздердің тағам ұғымымен байланысты екенін ұғады;<br>Ортақ атауын анықтайды;<br>Кері байланыс<br>Бағалау.<br>Белсенділік көрсеткен оқушыларды ауызша мадақтау. | слайд |

| | | |
|---|---|---|
| Сабақтың ортасы<br>10мин | Оқушыларды төрт топқа біріктіру.<br>№2-тапсырма<br>(ТЖ) «Азық – түлік дүкені» ойыны<br>Оқушылар топта ақылдасып бір топ мүшесін «Азық – түлік дүкеніне» азық – түліктің бір түрін алуға жібереді.<br><br>Таңдаған тағамның пайдасы туралы топта ой бөлісіп, ұжымда жариялайды.<br>Дескриптор:<br>- топта жұмыс жасайды;<br>- таңдап алған тағам туралы толық ақпарат айтуға талпынады;<br>- жариялым жасау дағдыларын арттыра түседі;<br>- тағамдардың пайдасы туралы әңгімелейді;<br>Кері байланыс<br>Бағалау.<br>«Комплимент» әдісі арқылы бағалайды.<br>Топтар өзара бір - бірін бағалайды. Азық – түлік дүкенінен алған тағам туралы толық ақпарат айтқан топтарға мадақтау сөздерімен бағалайды. Толық ақпарат бере алмаған топтарға келешекте толығырақ айтуға болатынын айтып, қолдау көрсетеді.<br><br>№3-тапсырма<br>(ҰЖ) Ұлттық тағамдар<br>«Иә» және «Жоқ» ойыны<br>Ортаға бір оқушы шақырылады. Оған көрсетпей сынып оқушыларына бір тағам суреті көрсетіледі. Ортаға шыққан оқушы сынып оқушыларына сұрақтар қояды. Ал сынып оқушылары тек «иә» және «жоқ» деп қана жауап береді. Ортаға шыққан оқушы жасырылған тағамның атауын сұрақтар қою арқылы табу керек. Оқушы жасырын сөзді тапқан соң, тақтаға ілініп отырады.<br>Жасырылатын тағам түрлері: құрт, бауырсақ, ет (бесбармақ), қуырдақ.<br>- Қандай тағам түрлері жасырылды?<br>- Олардың ортақ атауы бар ма?<br>Ұлттық тағамдар туралы ақпарат слайдтан көрсетіледі.<br>Қазақстанда әртүрлі ұлт өкілдері өмір сүреді. Олардың | Азық – түлік дүкені.<br><br>Азық – түліктің суреттері<br><br>Кеспе қағаздардағы суреттері<br>-құрт<br>-бауырсақ<br>-ет (бесбармақ)<br>-қуырдақ. |
| 5мин | | |

| | | |
|---|---|---|
| | әрқайсысының өз салт – дәстүрлері, ұлттық аспап, ұлттық өнерлері, мерекелері, сонымен қатар ұлттық тағамдары бар. Қазақ халқының ұлттық тағамдарына қуырдақ, ет, сірне, сорпа, көже, жент, бауырсақ, айран, құрт, шелпек, қаттама т.б жатады.<br>- Ұлттық тағамның дайындалу ретін білесіңдер ме?<br>Дескриптор:<br>- Сұрақтар арқылы заттың белгілерін болжайды;<br>- Заттың белгілері арқылы жасырын затты анықтайды;<br>- Ұлттық тағам түрлерімен танысады;<br>Кері байланыс<br>Бағалау. «Шапалақ» әдісі<br>Жасырылған сөзді дұрыс анықтаған оқушыларды «Өте жақсы!» «Жарайсың!» «Керемет!» сөздерімен мадақтап, қол шапалақтау.<br><br>Ширату жаттығуы<br>«Қабырға, балта, алақан»<br>Ережесі: Алдымен оқушылар оң қолымен партаның үстіне «қабырға» деп қолын бір қырымен соғады, «балта» деп жұдырығын жұмып бір рет соғады, «алақан» деп алақанын ашып бір рет соғады. Бірнеше рет қайталанады, оқушылар естеріне сақтаған соң ойын жылдамдатылады. Оқушылар жаттығуды оң қолымен жасап жаттыққан соң, сол қолымен бірнеше рет қайталайды. Жаттығудың мақсаты оқушылардың зейінін қалыптастыру.<br><br>№4 тапсырма<br>(ӨЖ) Пайдалы ма, зиян ба?<br>Суретте берілген азық – түліктердің пайдалысын бір бағанға зияндысын бір бағанға жаз.<br><br>Дескриптор:<br>- Пайдалы тағамдарды зиянды тағамдардан ажыратады.<br>- Тиісті номерді кестеге жаза алады.<br>- Өз жауабын дұрыс жауаппен салыстыра алады.<br><br>Бағалау<br>Бағалау критерийін ұсыну. | |
| 3мин | | |

| | | |
|---|---|---|
| 3мин<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>7мин<br><br><br><br><br><br><br><br>8мин | - Барлық жауап дұрыс болса, «Жарайсың»<br>- Бір не екі қате жіберілсе, «Жақсы»<br>- Үш және одан көп қате жіберілсе, «Талпын» тіркестері арқылы бағалау.<br>№5 - тапсырма<br>(ТЖ) Тамақтану ережесі<br>Дұрыс құрастырылған тамақтану ережесін таңдап алады. Таңдап алған ережелерді топта ақылдаса отырып толықтырады. Постер құрастырып, ұжымда жариялым жасайды.<br><br>- Дұрыс емес тамақтану ережелері не себепті дұрыс емес деп ойлайсыңдар?<br>Дескриптор:<br>- Тамақтану ережесін біледі;<br>- Тамақтанудың дұрыс емес ережелерін дұрыс тамақтану ережесімен салыстыра алады;<br>Кері байланыс<br>Бағалау. «Шартты шкала» әдісі<br>Топтар дұрыс жауаппен өз жауаптарын салыстырады. Топтарға «өзін – өзі бағалау шкаласы» беріледі. Топтар өздерінің жасаған жұмысын бағалайды.<br><br>Шкаладан өз тобының жұмысының деңгейін қоршап сызады. | <br><br> |
| Сабақтың соңы<br>4 мин | Рефлексия<br>«Еркін микрофон» әдісі<br>Не білдім?<br>Не үйрендім?<br>Не қызықты болды?<br>Оқушылар сабақ бойынша әсерлерімен бөліседі. | |


14.10-кесте – «Адам өміріне ауа райының әсері» тақырыбындағы кіріктірілген оқыту мақсаттары бойынша ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгісі

| | | |
|---|---|---|
| Мектеп | Шейх Тәмим бен Хамад әл - Тәни атындағы 85 мектеп - лицей КММ | |
| Мұғалімнің аты – жөні: | Есмурзина Айгерим Жаксылыковна | |
| Сынып: 2 | Қатысқандар саны: | Қатыспағандар саны: |
| Тақырыбы: | Адам өміріне ауа райының әсері | |
| Оқу мақсаты | 2.2.2.1 ауа – райының адам өмірі мен шаруашылық іс – әрекетіне оң және кері әсерін талдау | |
| Кіріктірілген | 1.2.2.1 ауа-райының адамға және оның іс-әрекетіне әсерін анықтау<br>1.2.3.1 жыл мезгілдеріне орай табиғатта бос уақытты өткізу мүмкіндіктерін анықтау | |

| Сабақтың барысы | | |
|---|---|---|
| Жоспарланған уақыт (минут) | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
| Сабақтың басы<br>5мин | (ҰЖ) «Ой шақыру» стратегиясы<br>Тауға топ серуенге аттануға дайындық жұмысын жүргізу керек болды делік.<br>- Тауға топ серуенге аттанбас бұрын нені білу керек? (демалыс уақытындағы ауа райын білу керек)<br>Ауа райы дегеніміз не? Ауа райы арқылы нені білеміз?<br>- Ауа температурасы<br>- Желдің күші<br>- Аспандағы бұлттың жағдайы<br>- Жауын шашынның болуын<br>Дескрипторлар:<br>- Тауға топ серуенге аттанбас бұрын нені білу керектігін айтады;<br>- Ауа райы ұғымымен танысады;<br>- Ауа райы арқылы нақты қандай ақпарат білетінін түсінеді;<br>(ЖЖ)«Қашан және не себепті?» жұптық жұмыс<br>- Мына киімдерді қай мезгілде киеді?<br><br>Қолғапты қыста киеді, себебі ауа райы суық болады. | |

| | | |
|---|---|---|
| Сабақтың ортасы<br><br>3мин | Қысқа шалбарды жазда киеді, себебі жазда ауа райы ыстық болады.<br>Күртені көктемде және күзде киеді себебі, көктемде және күзде ауа райы жиі жаңбырлы болады.<br><br>- Қандай қорытындығы шығаруға болады?<br>Ауа райы жыл мезгілдеріне қарай өзгеріп отырады. Адамдар ауа райын сай киім таңдап киеді.<br>Дескрипторлар:<br>- Берілген киімдерді қай жыл мезгілінде киетінін анықтайды;<br>- Себебін түсіндіреді;<br>- Адамдар ауа райына сай киінетінін түсінеді;<br><br>(ТЖ) Жыл мезгілдеріндегі ауа райын сипатта.<br>Жыл мезгілдеріне байланысты ауа райының өзгеруі мүмкін.<br>1-топ<br>Күз мезгіліндегі ауа райын сипаттауды ұсыну. Жариялым жасау<br>2– топ<br>Қыс мезгіліндегі ауа райын сипаттауды ұсыну. Жариялым жасау<br>3-топ<br>Жаз мезгіліндегі ауа райын сипаттау. Жариялым жасау<br>4 – топ<br>Көктем мезгіліндегі ауа райын сипаттау. Жариялым жасау<br>Ауа райы адамның шаруашылықпен айналысуында маңызды рөл атқарады.<br>Дескрипторлар:<br>- Өлең шумақтарын және суреттерді пайдаланып, жыл мезгілдеріндегі ауа райын сипаттайды;<br>- Жариялым жасайды;<br><br>(ҰЖ) Кестені толтыр | <br><br><br><br><br><br><br><br> |
| 10мин | | |

| Ауа райы | Оң әсері | Кері әсері |
|---|---|---|
| Жаңбырлы | | |
| Ашық | | |
| Тұманды | | |
| Қарлы | | |

| | | |
|---|---|---|
| 7мин | боранды |  |

Кестені толтыру үшін түрткі сұрақтар қойылады:

- Жаңбырлы ауа райының қандай оң және кері әсерлері бар?
- Ашық ауа райының пайдасы қандай?
- Тұманды ауа райы неге кедергі келтіруі мүмкін?
- Қарлы күннің пайдасы бар ма?
- Боранды ауа райының зияны қандай?

Ауа райының адам өмірінде оң да, кері де әсері бар. Сондықтан адамдар ауа райын алдын ала болжауды ерте заманнан қолға алған.


Дескрипторлар:

- Ауа райын оң әсерін анықтайды;
- Ауа райының кері әсерін анықтайды;
- Ауа райын алдын ала болжаудың маңызын түсінеді;

(ЖЖ) Халықтық ауа райы болжамдары
Кестедегі ақпаратты пайдаланып жариялым жасауды ұсыну
Қазіргі заманда ауа райын болжаудың халықтың тәсілдерін қолдана ма?
Қалай ойлайсыңдар?
Дескрипторлар:
Ауа райын болжаудың халықтық әдістері туралы біледі.
Қазіргі заманда қандай ауа райын болжау әдістері бар екендігі туралы өз ойын білдіреді;
Кесте:

| | | |
|---|---|---|
| 1.  | ағаш діңгегіне жақын қонса | күн желді болады. |
| 2.  | төменге қарай ұшса | ауа райы бұзылады. |
| 3.  | ерте оянып, қатты ызыңдаса | ауа райы жайлы болады. |
| 4.  | орындарын ауыстырып, дамыл таппай ұшса | қатты дауыл соғады. |

(ӨЖ)
Мен синоптикпін

| | | |
|---|---|---|
| 5мин<br><br>10мин | Ауа райының шартты белгілерін пайдаланып ауа райы болжамын хабарла<br><br><br><br><br>Бұндай ауа райы болжамдарын қалай анықтайды?<br>Дескрипторлар:<br>Ауа райы болжамын ұсынатын синоптиктің рөлін сомдауға талпынады<br>Ауа райы шартты белгілерін еске түсіреміз.<br>Бағалау<br>«Ауа райы» әдісі арқылы бағалау<br><br>Барлығы дұрыс болса <br>1- қате болса<br>2-ден көп қате   көтереді. | |
| Сабақтың соңы<br>5 мин | Кері байланыс<br>«Еркін микрофон» әдісі<br>Микрофонды кезек – кезек алып, сұрақтарға жауап береді.<br>Сабақтан не үйрендің?<br>Сабақ ұнаса, не ұнады?<br>Сабақ ұнамаса, не ұнамады?<br>Тапсырмаларды орындауда қандай қиындық туындады? |  |

## V. Сабақтан тыс уақытта толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары

14.11-кесте – Сабақтан тыс уақытта толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары

| Бөлімше (түйінді дағдылар) | Оқу мақсаттары |
|---|---|
| | 1-сынып |
| 1.4 Денсаулық және қауіпсіздік | 1.1.4.4 жолда жүру тәртібін, жаяу жүргіншілердің қозғалысын реттейтін жол белгілерінің мәнін түсіндіру |
| 1.2 Мектеп және мектеп қауымдастығы | 1.1.2.2 мектептегі функционалдық аймақтардың орналасқан жерін анықтау |
| 1.1 Мен және менің отбасым | 1.1.1.2 отбасындағы өзге мүшелерге қатысты өзінің туыстық байланыстар жүйесіндегі орнын анықтау |
| | 1.1.1.3 отбасы мүшелерінің арасындағы қамқор қарым-қатынастың маңызын түсіндіріп, мысалдар келтіру |
| 2.1 Жергілікті жерде бағдарлау | 1.2.1.1 жергілікті белгілер бойынша көкжиек тұстарын анықтау |
| 1.3 Менің атамекенім | 1.1.3.1 өз мекенжайын атау және елді мекенінің географиялық орналасқан жерін сипаттау |
| | 1.1.3.2 өзі тұратын елді мекеннің басты көшесін, ғимараттарын және көрнекі жерлерін сипаттау |
| 3.1 Ежелгі мәдениеттер мен өркениеттер | 1.3.1.1 көрнекі материалдарды зерделеу арқылы ежелгі адамдардың өмірі туралы әңгімелеу |
| | 1.3.1.2 ежелгі заманның танымал тарихи ескерткіштері/жәдігерлері туралы әңгімелеу |
| 3.2 Қазақстанның тарихи тамыры | 1.3.2.1 көрнекі материалдар негізінде сақтардың өмір салтын сипаттау |
| 2.4 Туризм | 1.2.4.2 туристердің негізгі мақсаттарын анықтау |
| 3.5 Қазақстан тарихы: тәуелсіздік, мемлекеттілік және патриотизм | 1.3.5.2 тәуелсіз мемлекеттің негізгі белгілері туралы әңгімелеу |
| | 1.3.5.1 Қазақстан Республикасының рәміздерін өзге елдердің рәміздерінен ажырату |
| 1.1 Мен және менің отбасым | 1.1.1.4 тауар-ақша қатынасының қарапайым түрлерін түсіндіру |

14.12-кесте — Сабақтан тыс уақытта толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттарына жұмыс жоспары

| Бөлім бойынша оқу мақсаттары | Сыныптан тыс жұмыстар |
|---|---|
| 1-сынып | |
| 1.1.4.4 жолда жүру тәртібін, жаяу | Мектептегі «Жолда жүру ережесі» бұрышына саяхат |

| | |
|---|---|
| жүргіншілердің қозғалысын реттейтін жол белгілерінің мәнін түсіндіру | жасау<br>Мектеп инспекторымен кездесу ұйымдастыру |
| 1.1.2.2 мектептегі функционалдық аймақтардың орналасқан жерін анықтау | Мектеп ішінде саяхат жасау<br>Кітапхана, асхана, спорт зал, оқырмандар бұрышына, демалыс бұрышына, шахмат бұрышына бару |
| 1.1.1.2 отбасындағы өзге мүшелерге қатысты өзінің туыстық байланыстар жүйесіндегі орнын анықтау | Отбасы күніне орай «Менің отбасым» атты постер жасау |
| 1.1.1.3 отбасы мүшелерінің арасындағы қамқор қарым-қатынастың маңызын түсіндіріп, мысалдар келтіру | Сынып ұжымымен отбасылық кездесу ұйымдастыру |
| 1.2.1.1 жергілікті белгілер бойынша көкжиек тұстарын анықтау | Мектеп ауласына серуенге шығу. Табиғи белгілер бойынша көкжиек тұстарын анықтауды көрсету |
| 1.1.3.1 өз мекенжайын атау және елді мекенінің географиялық орналасқан жерін сипаттау | Мекенжайы, байланыс телефондары жазылған карта дайындату. Портфелінің ішіне салып қоюды тапсыру |
| 1.1.3.2 өзі тұратын елді мекеннің басты көшесін, ғимараттарын және көрнекі жерлерін сипаттау | Сынып ұжымымен қала/ауылдағы көрікті жеріне серуен ұйымдастыру. |
| 1.3.1.1 көрнекі материалдарды зерделеу арқылы ежелгі адамдардың өмірі туралы әңгімелеу | «Адамды адам еткен еңбек» тақырыбында пікірталас ұйымдастыру |
| 1.3.1.2 ежелгі заманның танымал тарихи ескерткіштері/жәдігерлері туралы әңгімелеу | Мұражайға саяхат ұйымдастыру |
| 1.3.2.1 көрнекі материалдар негізінде сақтардың өмір салтын сипаттау | Сақтардың патшайымы – Томирис патшайым туралы көркем фильм көру |
| 1.2.4.2 туристердің негізгі мақсаттарын анықтау | Туристтердің негізгі 5 қағидасын ұйымдастыру |
| 1.3.5.2 тәуелсіз мемлекеттің негізгі белгілері туралы әңгімелеу | «Менің Отаным - Қазақстан» тақырыбында 16-желтоқсан тақырыбында сынып сағатын өткізу |
| 1.3.5.1 Қазақстан Республикасының рәміздерін өзге елдердің рәміздерінен ажырату | Мектеп ішінде орналасқан Мемлекеттік рәміздерді сипаттау, рәміздер туралы ақпаратпен танысу |
| 1.1.1.4 тауар-ақша қатынасының қарапайым түрлерін түсіндіру | «Ақша» тақырыбында кітапша жасау |

## VI. Кіріктіруге болмайтын оқыту мақсаттары қарастырылатын кеңестердің кестесі

14.13-кесте – Жаңа тақырыптың алдында ұйымдастырылатын кеңестер кестесі


| **Тақырып** | Оқу мақсаттары | Жұмыс түрі |
|---|---|---|
| Адам еңбегі | 1.1.2.4 күн тәртібін сақтау маңызын түсіндіру және күн тәртібін құру | «Күн тәртібін» әңгімелеу<br>Күн тәртібін сақтаса, адам еңбегі нәтижелі болады. |
| Дұрыс тамақтана біл | 1.1.2.5 тәулік уақыты мен апта күндерінің атауларын қолдану | «Тамақтану кестесі» құрастыру<br>Бір тәулікте 4 рет тамақтану қажет. |
| Қазақстанға саяхат | 1.3.3.1 Қазақстан аумағындағы көне жазулар туралы білу | Алматы облысындағы «Таңбалы тас жазбалары» ескерткіші туралы ақпаратпен таныстыру |
| | 1.3.5.3 Қазақстан астанасы туралы шығармашылық жұмыстарын таныстыру | Нұр – Сұлтан қаласының көрікті орындарына бейне саяхат |


14.14-кесте – – Каникул кездерінде ұйымдастырылатын кеңестер кестесі (күзгі, қысқы, көктемгі)

| Өткізілетін мерзімі | Тақырыптың атауы | Оқыту мақсаттары |
|---|---|---|
| Күзгі каникул | Қазақстанға саяхат | 1.3.3.2 түрлі материалдарды, әдістер мен құралдарды пайдалана отырып, көне жазуларды бейнелеу |
| Қысқы каникул | Ғұндар қалай өмір сүрді? | 1.3.4.1 дереккөздерді зерделеу арқылы Томирис туралы әңгімелеу |
| Көктемгі каникул | Мен және менің отбасым | 1.1.4.1 жеке бас гигиенасын сақтаудың маңыздылығын түсіндіру |

## VII. Жазғы мектеп кезінде ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгісі

14.15-кесте – «Ежелгі қалалар» тақырыбындағы  кіріктірілген оқыту мақсаттары бойынша ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгісі

<table>
<tr><td>Мектеп:</td><td colspan="3">Шейх Тәмим бен Хамад әл - Тәни атындағы 85 мектеп - лицей КММ</td></tr>
<tr><td>Мұғалімнің аты – жөні:</td><td colspan="3">Есмурзина Айгерим Жаксылыковна</td></tr>
<tr><td colspan="4">Тақырыбы:  Ежелгі қалалар</td></tr>
<tr><td>Сынып:</td><td colspan="2">Қатысқандар саны:</td><td>Қатыспағандар саны:</td></tr>
<tr><td>Оқыту мақсаты:</td><td colspan="3">2.3.1.2 түрлі дереккөздерді зерделеу арқылы көне қалалар мен ескерткіштерді зерделеу</td></tr>
<tr><td colspan="4">Сабақтың барысы</td></tr>
<tr><td>Жоспарланған уақыт (минут)</td><td colspan="2">Жоспарланған іс-әрекет</td><td>Ресурстар</td></tr>
<tr><td>Сабақтың басы<br>8мин</td><td colspan="2">“Ой шақыру “стратегиясы<br>(ҰЖ) Суреттердің ұқсастықтары мен айырмашылығын анықтау<br>Көне Сауран Жана Нұр – Сұлтан<br> <br>Венн диаграммасы арқылы екі қаланың айырмашылығы мен ұқсастықтарын топтастыру</td><td>Ежелгі және жаңа қаланың суреті</td></tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| Сабақтың ортасы<br>10мин | <br><br>- Қандай жаңа қалаларды білесіңдер?<br>- Қандай ежелгі қалаларды білесіңдер?<br><br>Дескрипторлар:<br>- Суретте бейнеленген бейнелердің қала екенін анықтайды?<br>- Ұқсастығы мен айырмашылығын анықтайды;<br>- Венн диаграммасына ұқсастығы мен айырмашылығын түсіреді;<br><br>(ЖЖ) Ежелгі қалаларға саяхат<br><br>Картада бейнеленген ежелгі қалаларды жазып алады:<br>✓ Сарайшық<br>✓ Сығанақ<br>✓ Отырар<br>✓ Баласағұн<br>✓ Созақ<br>✓ Құлан<br>✓ Егіндібұлақ<br>✓ Басқамыр<br>✓ Қойлық<br>Бұл қалалар арқылы Ұлы Жібек жолы аталатын сауда саттық керуендері өтетін болған. Қазіргі кезде бұл қалалардың қорымдары бар.<br>Дескрипторлар:<br>- Картамен жұмыс жасайды;<br>- Картадан ежелгі қалаларды тауып жазады; | <br> |

| | | |
|---|---|---|
| | - Ежелгі қалалардың болғанын біледі;<br>- Ұлы Жібек жолында орналасқанын түсінеді;<br><br>(ТЖ) «Ежелгі қалалар туралы білгім келеді»<br>https://youtu.be/1c4da6Uxo5U бейне баянды тамашалау |  |
| 15 мин | Топтарға берілген ежелгі қалалар туралы ақпарат пен сурет арқылы жариялым жасауды ұсыну. Жариялым жасау.<br>1-топ<br>Сауран қаласы - 900 жыл тарихы бар қала. 12 ғасырда Ұлы Жібек жолында пайда болған. Қазіргі Түркістаннан 30 шақырым жерде орналасқан. Үлкен қалалардың бірі болған. Қала 7 дуалмен қоршалып тұрған. Арнайы кіретін қақпасы болған. Қалада мешіт, сауда жәрмеңкесі болған. Ақорда мемлекетінің астанасы болған. Жайлы, жарқыраған, ағаштары көп, айналасында қазылған ор болған.<br>2-топ<br>Отырар қаласының 1200 жылдық тарихы бар. Ұлы Жібек жолында пайда болған. Отырар Әбу Насыр әл – Фарабидің туған жері. Қазір Оңтүстік Қазақтанда Түркістан қаласынан 7 шақырым жерде орналасқан. Ежелде Фараб қаласы деп атаған. Қалада сауда орталығы, мешіт болған, ғылым мен мәдениет, мал және егін шаруашылығы дамыған.<br>3-топ<br>Түркістан қаласының 1500 жылдық тарихы бар. Қазақ хандығының астанасы болған қалалардың бірі. Ежелде Яссы қаласы деп аталған. Қазіргі Түркістан қаласында орналасқан. Мәдени ескерткіш Қожа Ахмет Ясауи кесенесі бар. Түркістанда мешіттер, сауда орталықтары болған.<br>Дескрипторлар:<br>- Ежелгі қалалар туралы бейне баянды тамашалайды;<br>- Ежелгі қалалар туралы ақпаратты оқиды;<br>- Алған білімдерін жариялайды; | |
| 7мин | (ӨЖ)<br>Ой толғау<br>«Егер ежелгі қала тұрғындары заманауи қалада болса, неге таң қалған болар | |

| | | |
|---|---|---|
| | еді?»<br>Дескрипторлар:<br>- Ежелгі қала тұрғынының орында өзін жаңа қалада елестетеді;<br>- Заманауи қаланың таңқаларлық тұстарын айтады;<br>Бағалау<br>Өз ойымен бөліскен оқушыларды ауызша «Жарайсың!» «Керемет!» «Өте жақсы!» «Жақсы!» тіркестерін пайдаланып бағалау. | |
| Сабақтың соңы<br>5мин | Кері байланыс<br>«Смайлик» әдісі<br>Оқушыларға адам бет бейнесінің толық емес нұсқасы салынған сурет таратылады. Оқушылар өздерінің сабақтан алған эмоциясын суретке толықтырып салады. Суретті толықтыру кезінде әуе шарлары, гүл шоғын немесе басқа да суреттермен толықтыра алады.<br>Сұрақтармен де толықтыруға болатынын айту.<br>Дайын түрлі – түсті смайликтер тақтаға ілу. | |

14.16-кесте – «Мектеп ережелері» тақырыбындағы кіріктірілген оқыту мақсаттары бойынша ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгісі

| | | |
|---|---|---|
| Мектеп: | Шейх Тәмим бен Хамад әл - Тәни атындағы 85 мектеп - лицей КММ | |
| Мұғалімнің аты – жөні: | Есмурзина Айгерим Жаксылыковна | |
| Тақырыбы: Мектеп ережелері | | |
| Сынып: 2 | Қатысқандар саны: | Қатыспағандар саны: |
| Оқыту мақсаты: | 2.1.2.3 мектеп қауымдастығындағы ұжымдық, топтық және тұлға аралық мінез – құлық нормаларын түсіндіру | |
| Тілдік мақсаттар | Дағдыларын дамыту:<br>Мектеп ережелерін орындау маңызыдығын түсінеді;<br>Пәндік лексика және терминология<br>Мектеп, үзіліс, шартты белгі | |

| | | |
|---|---|---|
| | Сабақта диалог/жазу үшін пайдаланылатын тіл.<br>Талқылау:<br>- «Тәртіп бар жерде тәрбие бар» деген мақалды қалай түсінесіңдер?<br>- Сабаққа кешіккен жағдайда не істеу керек?<br>- Сабаққа кешікпеу үшін не істеу керек?<br>- Партаға дұрыс отырмаған оқушыларға қандай кеңес айтар едің? | |
| | Жазу:Партада дұрыс отырмаған оқушыларға кеңесін жазады. | |
| Тірек білім, білік, дағдылар | Мектеп, ереже, тәртіп | |
| Сабақтың барысы | | |
| Жоспарланған уақыт (минут) | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
| Сабақтың басы<br>5мин<br><br>Сабақтың ортасы<br>15мин | “Ой шақыру “стратегиясы<br>Жұмбақ шешу.<br>Білімнен мол сый - асы,<br>Балғындардың ұясы.<br>Жұмбақтың шешуі: мектеп<br>Мектеп – білім беру мекемесі. Мектептен оқушылар білім алуға келеді. Мектеп қоғамдық орын болғандықтан мектепте өзін – өзі ұстау ережелері бар.<br>-«Тәртіп бар жерде тәрбие бар» деген мақалды қалай түсінесіңдер?<br>Оқушылардың жауаптары тыңдалады.<br>(ТЖ) Сабаққа кешікпе<br>«Сабаққа кешігудің зияны» тақырыбында кластер құрастыру. Жариялым жасау. Сұрақтарға жауап беруге дайындалу.<br>Сабаққа кешігудің зияны:<br>• Сабақты бөлу<br>• Жаңа тақырыпты түсінбеу<br>• Сыныптастарына кедергі жасау<br>• Мектеп ережесін бұзу<br>• Ескерту алу<br>Сабаққа кешіккен жағдайда не істеу керек?<br>Сабаққа кешікпеу үшін не істеу керек?<br><br>Дескрипторлар: | <br><br>Берілген |

| | | |
|---|---|---|
| 7 мин | - Топта жұмыс жасайды;<br>- Берілген тақырыпқа сай кластер құрастырады;<br>- Жариялым жасайды;<br>- Қосымша сұрақтарға жауап береді;<br>(ЖЖ) Мектеп ережелерін бұзғандарды анықта<br>Суретке мұқият қарап, мектеп ережесі бұзылған оқушыларды бояу. Бояу себебін түсіндіру.<br>Дескрипторлар:<br>- Суретке мұқият қарап, мектеп ережесін бұзған оқушыларды анықтап бояйды;<br>- Бояу себебін түсіндіреді;<br>(ӨЖ) «Үзіліс кезіндегі ережелерді білемін»<br>Шартты белгілерге назар аудару. Шартты белгілер қандай ережеге меңзеп тұрғанын анықтау<br><br>✓ Дәлізде айқайлап сөйлеме<br>✓ Ешкімді итерме<br>✓ Жүгірме<br>Шартты белгілерде жасауға болмайтын әрекеттер бейнеленген.<br>Үзілісте жасауға болатын ережелерді шартты белгілермен бейнелеуді ұсыну.<br>Жасаған шартты белгіні түсіндіру.<br>Дескрипторлар:<br>- Берілген шартты белгілердегі ережелерді анықтайды;<br>- Үзілісте жасауға болмайтын әрекеттерді біледі;<br>- Үзіліс уақытында жасайтын әрекеттерді шартты белгілермен бейнелеп, түсірдіреді;<br>(ӨЖ)<br>«Менің кеңесім» | сурет:<br><br> |

| | | |
|---|---|---|
| 8 мин<br><br><br><br><br><br><br><br>5 мин | Партада отыру ережесімен таныстыру. Партада дұрыс отырмаған оқушыларға кеңесін жазу<br>- Партаға дұрыс отырмаған оқушыларға қандай кеңес айтар едің?<br>Бағалау<br>Сабақ барысында өз жұмысын «Нысана» әдісі бағалайды. Нысанаға белгі қойылады.<br>Бағалау критерийі<br>- Егер қатесіз орындаса, сарының ішкі шеңбері<br>- Егер бір қате жіберсе, сарының сыртқы шеңбері<br>- Егер екі қате болса, қызылдың ішкі шеңбері<br>- Егер үш қате болса, қызылдың сыртқы шеңбері<br>- Егер төрттен көп қате болса, көк шеңбер. |  |
| Сабақтың соңы<br>5мин | Кері байланыс<br>«Түрлі - түсті гүл шоғы» әдісі<br>Тақтаға түрлі түсті гүл күлтелерін ілу. Оқушыларға өздерінің көңіл – күйлеріне сәйкес гүл күлтесін алып, гүл құрастыруды ұсыну. Оқушылардың көңіл күйін түс бойынша анықтау үшін «Макс Люшер мінездемесі» қолданылады.<br>Қызғылт түс - қуанышты, таңғажайып көңіл – күй;<br>Қызыл түс – агрессия, ашулы көңіл - күй;<br>Көк түс – шаршаңқы көңіл – күй;<br>Жасыл түс – белсенді көтеріңкі көңіл – күй;<br>Сары түс - жағымды, сабырлы көңіл – күй;<br>Күлгін түс – уайымшыл, тұрақсыз көңіл – күй;<br>Сұр түс - көңілі пәс;<br>Қара түс - қарсы шығу, қарым - қатынасқа жабық;<br>Қоңыр түс - пассивті, сенімсіздік; |  |

## 15. «Дүниетану» оқу пәні, 3-сынып

### I. Өткен оқу жылында өтілген оқу бағдарламасының мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттары

3-сыныпта «Дүниетану» пәнінен диагностикалық жұмыс жүргізу үшін 2-сыныпқа арналған «Дүниетану» пәнінен оқу бағдарламасының оқыту мақсаттары зерделенеді. Ол үшін бастауыш білім берудің 1-4-сыныптарына арналған «Дүниетану» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын қарастырамыз [10]. Оқу бағдарламасына сәйкес 3-сыныпта 3 бөлім қарастырылады. Үш бөлімге қатысты 2-сыныптың мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттары келесі кестеде көрсетілген (15.1-кесте).

15.1-кесте – өткен оқу жылындағы өтілген 2-сыныптың оқу бағдарламасының мазмұнын толық қамтитын оқу мақсаттарының жобасы

| Ортақ тақырып | Бағдарлама бөлімшелері | Оқу мақсаттары |
|---|---|---|
| 1-тоқсан | | |
| 1 Өзім туралы | 1.1 Мен және менің отбасым | 2.1.1.3 түрлі дереккөздерді зерттеу арқылы жалпыға ортақ әдеп нормаларын анықтау |
| | | 2.1.1.4 бақылау мен сауалнама негізінде тұтыну заттарына деген отбасы қажеттіліктерінің құрылымын, олардың түсу көзін анықтау |
| 2 Менің отбасым және достарым | 1.5 Құқық және міндет | 2.1.5.1 өз өмірінен мысалдар келтіру негізінде құқықты, міндетті және жауапкершілікті ажырату |
| | | 2.1.5.2 қоғамға қызмет етудің әлеуметтік маңыздылығын түсіндіру |
| | 3.5 Қазақстан тарихы: тәуелсіздік, мемлекеттілік және патриотизм | 2.3.5.3 Қазақстан халықтары достығының маңыздылығын түсіндіру |
| 2-тоқсан | | |
| 3 Менің мектебім | 1.2 Мектеп және мектеп қауымдастығы | 2.1.2.2 мектеп қауымдастығының құрылымын және мүшелерінің қызметін анықтау |
| | | 2.1.2.3 мектеп қауымдастығындағы ұжымдық, топтық және тұлғааралық мінез-құлық нормаларын түсіндіру |
| 4 Менің туған елім | 1.3 Менің атамекенім | 2.1.3.2 Қазақстан картасынан ірі өзен-көлдерді, қалаларды, жолдарды, өз облысын көрсету |
| | 1.4 Денсаулық және қауіпсіздік | 2.1.4.4 қоғамдық көліктегі өзін өзі ұстау ережелерін түсіндіру |

| | | |
|---|---|---|
| | 3.5 Қазақстан тарихы: тәуелсіздік, мемлекеттілік және патриотизм | 2.3.5.2 бақылаулар негізінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерінің қолданылу саласын анықтау |
| 3-тоқсан | | |
| 5 Дені саудың жаны сау | 1.2 Мектеп және мектеп қауымдастығы | 2.1.2.1 мектептегі оқу және оқудан тыс әрекет түрлерін түсіндіру |
| | 1.4 Денсаулық пен қауіпсіздік | 2.1.4.1 түрлі дереккөздер негізінде пайдалы және зиянды тағамдардың арасындағы айырмашылықтарды анықтау |
| | | 2.1.4.2 күнделікті жағдаяттардағы (үйде және қоғамдық орындарда) қауіпсіздік ережелерін түсіндіру |
| 6 Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті | 1.6 Мерекелер | 2.1.6.1 таңдауы бойынша Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мерекелерінің мәнін түсіндіру |
| | | 2.3.1.2 түрлі дереккөздерді зерделеу арқылы көне қалалар мен ескерткіштерді сипаттау |
| | 3.2 Қазақстанның тарихи тамыры | 2.3.2.1 көрнекі материалдарды зерделеу арқылы ғұндардың өмір салтын сипаттау |
| | 3.1 Ежелгі мәдениеттер мен өркениеттер | 2.3.1.1 көрнекі материалдар негізінде иемденуші және өндіруші шаруашылық арасындағы айырмашылықты анықтау |
| | 3.4 Көрнекті тарихи тұлғалар және мәдениет қайраткерлері | 2.3.4.1 әл-Фарабидің ғылымның дамуына қосқан үлесі туралы әңгімелеу |
| | 3.3 Қазақстан тарихындағы маңызды оқиғалар | 2.3.3.1 Ботай мәдениетінің ерекшеліктерін сипаттау |
| 4-тоқсан | | |
| 7 Қоршаған орта | 2.1 Жергілікті жерде бағдарлау | 2.2.1.1 тұсбағдар көмегімен көкжиек бағыттарын анықтау |
| | 2.2 Климат және ауа-райы | 2.2.2.1 ауа-райының адам өмірі мен шаруашылық іс-әрекетіне оң және кері әсерін талдау |
| | 2.3 Табиғи жағдайлар және олардың әсері | 2.2.3.1 ірі табиғи нысандардың (тау, жазық, көлдер мен өзендер) шаруашылық маңызын анықтау |
| | | 2.2.3.2 өз өңіріндегі табиғи жағдайлардың (жер бедері, климат, өсімдік және жануарлар әлемі, су нысандары) оң және кері тұстарын талдау |

| | | |
|---|---|---|
| | | 2.2.3.3 табиғаттың қолайсыз және қауіпті құбылыстарын жіктеу |
| 8 Саяхат | 1.3 Менің атамекенім | 2.1.3.1 өз зерттеулеріне сүйене отырып, өлкесінің көрікті жерлерін сипаттау және бейнелеу |
| | 2.4 Туризм | 2.2.4.1 туризмнің негізгі түрлерін ажырату |
| | | 2.2.4.2 зерттеу негізінде Қазақстанда туризмнің түрлерін дамытуға қолайлы нысандарды анықтау |
| | | 2.2.4.3 туристік нысандардың ерекшеліктерін сипаттау |

## II. Іріктеп алынған оқыту мақсаттары бойынша диагностикалық жұмыстың үлгісі (екі нұсқа)

15.2-кесте – «Дәстүр және ауыз әдебиеті» ортақ тақырыбы бойынша диагностикалық жұмыс жүргізуге ұсынылатын оқыту мақсаттары

| Бөлімше атауы | 2-сынып |
|---|---|
| **«Дәстүр және ауыз әдебиеті» ортақ тақырыбы бойынша** | |
| 3.1 Ежелгі мәдениеттер мен өркениеттер | 2.3.1.1 көрнекі материалдар негізінде иемденуші және өндіруші шаруашылық арасындағы айырмашылықты анықтау |
| 3.4 Көрнекті тарихи тұлғалар және мәдениет қайраткерлері | 2.3.4.1 әл-Фарабидің ғылымның дамуына қосқан үлесі туралы әңгімелеу |

### «Дәстүр және ауыз әдебиеті» ортақ тақырыбы бойынша диагностикалық жұмыстың үлгісі
### Өзіндік жұмыс


**1 - тапсырма**
Артығын тап





а) ә) б)

**2-тапсырма**
Сурет бойынша ежелгі адамдардың іс – әрекетін сипаттап жаз



1) _____
2) _____
3) _____
4) _____
5) _____

**3 – тапсырма**

Суреттерді тиісті сөздермен сәйкестендір



**А) Терімділік** **Ә) Егіншілік** **Б) Аңшылық** **В) Малшаруашылығы**


**4 – тапсырма**

Сөйлемдерді толықтыр

Әбу Насыр әл – Фараби – ғылыммен айналысқан ұлы ... . Ол ... қаласында дүниеге келген. Оның әкесі әскери ... болған. Әл – Фараби туған жерінен алыстап, ... қаласына білім іздеп барады. Ол Аристотельден кейінгі ... атанған.

Қажетті сөздер: *ғалым, Отырар, қолбасшы, Бағдат, араб,парсы, грек, «Екінші ұстаз».*

15.3-кесте – «Дәстүр және ауыз әдебиеті» ортақ тақырыбы бойынша өзіндік жұмысты бағалау

| № | Бағалау критерийлері | Дұрыс жауаптар | Ұпай саны |
|---|---|---|---|
| 1 – тапсырма | Артығын табады | *қол арасы* | 1 |
| 2 – тапсырма | Сурет бойынша ежелгі адамдардың іс- әрекеттерін сипаттап жазады. | *Жеміс – жидек теру*<br>*Аң аулау, аңшылық*<br>*Тері өңдеу, киім дайындау*<br>*Қоныс жасау, үй жасау*<br>*От жағу, ет қақтау, пісіру* | 1<br>1<br>1<br>1<br>1 |
| 3 – тапсырма | Суреттерді тиісті сөздермен сәйкестендіреді. |  | 1<br>1<br>1<br>1 |
| 4 – тапсырма | Қажетті сөздерді пайдаланып, сөйлемдерді толықтырады.<br>. | Әбу Насыр әл – Фараби – ғылыммен айналысқан ұлы ***ғалым***. Ол ***Отырар*** қаласында дүниеге келген. Оның әкесі әскери ***қолбасшы*** болған. Әл – Фараби туған жерінен алыстап, ***Бағдат*** қаласына білім іздеп барады. Ол Аристотельден кейінгі***«Екінші ұстаз»*** атанған | 1 (ғалым)<br>1 (Отырар)<br>1 (қолбасшы)<br>1 (Бағдат)<br>1 (Екінші ұстаз) |
| **Барлық ұпай саны** | | | **15 ұпай** |

| **«Саяхат» ортақ тақырыбы бойынша** | |
|---|---|
| 1.3 Менің атамекенім | 2.1.3.1 өз зерттеулеріне сүйене отырып, өлкесінің |

| | |
|---|---|
| | көрікті жерлерін сипаттау және бейнелеу |
| 2.4 Туризм | 2.2.4.1 туризмнің негізгі түрлерін ажырату |
| | 2.2.4.2 зерттеу негізінде Қазақстанда туризмнің түрлерін дамытуға қолайлы нысандарды анықтау |

«Саяхат» ортақ тақырыбы бойынша диагностикалық жұмыстың үлгісі

**Тест**

1. Ұлы Жібек жолы Қазақстанның қай бөлігінен өткен?
   А. Батысынан
   Ә. Шығысынан
   Б. Оңтүстігінен

2. Сәйкестендір

| | |
|---|---|
| А. Түркістан | 1. «Медеу мұзайдыны» |
| Ә. Алматы | 2. «Думан» ойын – сауық орталығы |
| Б. Нұр – Сұлтан | 3. Қожа Ахмет Ясауи кесенесі |

3. Көне қаланы анықта

   А. Отырар
   Ә. Нұр-Сұлтан
   Б. Ақтөбе

4. Толықтыр ... – қыштан бұйым жасайтын шебер.
   А. Ұста
   Ә. Көзеші
   Б. Зергер

5. Отырар қаласы тұрғындарының негізгі кәсібін анықта.
   А. аңшылық
   Ә. ұсталық
   Б. аспаздық

6. Зергер не жасайды?
   А. ыдыс жасайды
   Ә. қылыш жасайды
   Б. сырға жасайды

7. Қазақстанның «інжу - маржаны» атанған жерді анықта.
   А. Таңбалы тас жазбалары
   Ә. «Бәйтерек» монументі
   Б. Бурабай көлі

8. Қазба жұмыстар кезінде Отырардан не табылған?

А. қыш ыдыстар
Ә. ағаш ыдыстар
Б. шыны ыдыстар

9. Қазба жұмыстары кезінде Отырар қаласынан қандай қойма табылды?
А. алтын тиындар қоймасы
Ә. күміс тиындар қоймас
Б. темір тиындар қоймасы

10. Туризмнің түрлерін белгіле
А. спорттық
Ә. сауықтыру
Б. балалар
В. экологиялық
Г. табиғи
Ғ. Танымдық

15.4-кесте – «Саяхат» ортақ тақырыбы бойынша тест жұмысының бағалау

| № | Бағалау критерийі | Жауаптар | Ұпай |
|---|---|---|---|
| 1 | Дұрыс бір жауапты анықтайды; | Б) Оңтүстігінен | 1 |
| 2 | Тиісті нұсқаларды сәйкестендіреді; | А – 3<br>Ә – 1<br>Б – 2 | 1<br>1<br>1 |
| 3 | Дұрыс бір жауапты анықтайды; | А) Отырар | 1 |
| 4 | Дұрыс бір жауапты анықтайды; | Ә) көзеші | 1 |
| 5 | Дұрыс бір жауапты анықтайды; | Ә) ұсталық | 1 |
| 6 | Дұрыс бір жауапты анықтайды; | Б) сырға | 1 |
| 7 | Дұрыс бір жауапты анықтайды; | Б) Бурабай көлі | 1 |
| 8 | Дұрыс бір жауапты анықтайды; | А) қыш ыдыстар | 1 |
| 9 | Дұрыс бір жауапты анықтайды; | Ә) күміс тиындар қоймасы | 1 |
| 10 | Дұрыс бірнеше жауапты анықтайды; | А) спорттық<br>Ә) сауықтыру<br>В) экологиялық<br>Ғ) танымдық | 1<br>1<br>1<br>1 |
| **Барлығы** | | | **15 ұпай** |

## III. Сабақ барысында толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары

Өткен оқу жылындағы, яғни 2-сыныптағы оқу мақсаттарын әр бөлім бойынша 3-сыныптың сабақ барысында кіріктіре меңгерту арқылы білім алушылардың біліміндегі орын алған олқылықтарды толықтыруға болатындығы туралы 3-кестеде ұсынылады.

15.5-кесте – Сабақ барысында толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқу мақсаттарының жобасы (Қысқа мерзімді сабақ жоспарын әзірлеуде кіріктіріп өткізуге ұсынылатын күрделі оқу мақсаттары)

| **Оқу мақсаттары** | | |
|---|---|---|
| **3-сынып** | | **2-сынып** |
| 1-тоқсан | | |
| 2.2 Климат және ауа - райы | 3.2.2.1 Жер климатының негізгі түрлерінің сипаттамаларын анықтау | 2.2.2.1 ауа – райының адам өмірі шаруашылық іс- әрекетіне оң және кері әсерін талдау |
| 2.3 Табиғи жағдайлар және олардың әсері | 3.2.3.1 адамдардың табиғи жағдайларға байланысты орналасуы талдау (рельеф, климат, өсімдік және жануарлар әлемі, су нысандары) | 2.2.3.2 өз өңіріндегі табиғи жағдайларын (жер бедері, климат, өсімдік және жануарлар әлемі, су нысандары) оң және кері тұстары талдау |
| 1.4 Денсаулық пен қауіпсіздік | 3.1.4.3 түрлі дереккөздер негізінде табиғи ортадағы қауіп – қатерлерді анықтау және бағалау | 2.2.3.3 табиғаттың қолайсыз және қауіпті құбылыстарын жіктеу |
| 1.1 Мен және менің отбасым | 3.1.1.4 өз шығындарын жоспарлау және негіздеу | 2.1.1.4 бақылау мен сауалнама негізінде тұтыну заттарына деген отбасы қажеттіліктерінің құрылымын, олардың түсу көзін анықтау |
| 1.2 Мектеп және мектеп қауымдастығы | 3.1.2.3 қоғамда өзін – өзі ұстау әдеп нормаларын түсіндіру | 2.1.1.3 түрлі дереккөздерді зерттеу арқылы жалпыға ортақ әдеп нормаларын анықтау |
| 1.2 Мектеп және мектеп қауымдастығы | 3.1.2.1 сыныптың өзін – өзі басқару ережелерін түсіндіру және өз нұсқасын ұсыну | 2.1.2.1 мектептегі оқу және оқудан тыс әрекет түрлерін түсіндіру |
| 1.2 Мектеп және мектеп қауымдастығы | 3.1.2.2 түрлі көзқарастар жағдайында сыныпта ұжымдық шешімді қабылдау жолдарын түсіндіру | 2.1.2.2 мектеп қауымдастығының құрылымын және мүшелерінің қызметін анықтау |
| 1.5 Құқық және міндет | 3.1.5.1 Қазақстан Республикасының Конституциясының маңызын түсіну | 2.1.5.1 өз өмірінен мысалдар келтіру негізінде құқықты, міндетті және жауапкершілікті ажырату |
| 1.6 Мерекелер | 3.1.6.1 зерттеулер негізінде Қазақстан халықтарының ұлттық мерекелерін шығармашылық түрінде ұсыну | 2.3.5.3 Қазақстан халықтары достығының маңыздылығын түсіндіру |

| | | |
|---|---|---|
| 3.1 Ежелгі мәдениеттер мен өркениеттер | 3.3.1.1 көшпелі және отырықшы өмір салтының ерекшеліктерін түсіндіру | 2.3.1.1 көрнекі материалдар негізінде иемденуші және өндіруші шаруашылық арасындағы айырмашылықты анықтау |
| 2.4 Туризм | 3.1.3.2 қала мен ауылдың байланысын зерттеу, мысалдар келтіру | 2.2.3.1 ірі табиғи нысандардың (тау, жазық, көлдер мен өзендер) шаруашылық маңызын анықтау |
| 2.4 Туризм | 3.2.4.1 Қазақстанның барынша тартымды туристік нысандарының рейтингін жасау | 2.2.4.2 зерттеу негізінде Қазақстанда туризмнің түрлерін дамытуға қолайлы нысандарды анықтау |
| 2.1 Жергілікті жерде бағдарлану | 3.2.1.1 астрономиялық белгілер бойынша көкжиек бағыттарын анықтау | 2.2.1.1 тұсбағдар көмегімен көкжиек бағыттарын анықтау |
| 3.5 Қазақстан тарихы: тәуелсіздік, мемлекеттілік және патриотизм | 3.3.5.1 Қазақстанның бейресми рәміздерінің мәнін түсіндіру («Алтын адам», «Бәйтерек» монументі, «Мәңгілік Ел» қақпасы) | 2.3.5.2 бақылаулар негізінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерінің қолданылу саласын анықтау |
| 1.4 Денсаулық пен қауіпсіздік | 3.1.4.3 түрлі дереккөздер негізінде табиғи ортадағы қауіп – қатерлерді анықтау және бағалау | 2.1.4.2 күнделікті жағдаяттардағы (үйде және қоғамдық орындарда ) қауіпсіздік ережелерін түсіндіру |
| 1.4 Денсаулық пен қауіпсіздік | 3.1.4.4 өзінің табиғи ортадағы қауіпсіздігін жоспарлау | 2.1.4.4 қоғамдық көліктегі өзін – өзі ұстау ережелерін түсіндіру |
| 1.6 Мерекелер | 3.1.6.1 зерттеулер негізінде Қазақстан халықтарының ұлттық мерекелерін шығармашылық түрде ұсыну | 2.1.6.1 таңдауы бойынша Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мерекелерінің мәнін түсіндіру |

## IV. Кіріктірілетін оқыту мақсаттары бойынша ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгісі

15.6-кесте – «Біздің Ата Заңымыз – Конституция» тақырыбындағы кіріктірілетін оқыту мақсаттары бойынша ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгісі

| | | |
|---|---|---|
| Мектеп: | Шейх Тәмим бен Хамад әл - Тәни атындағы 85 мектеп - лицей КММ | |
| Мұғалімнің аты – жөні: | Есмурзина Айгерим Жаксылыковна | |
| Тақырыбы: | Біздің Ата Заңымыз - Конституция | |
| Сынып: | Қатысқандар саны: | Қатыспағандар саны: |
| Оқыту мақсаттары | 3.1.5.1 Қазақстан Республикасының Конституциясының маңызын түсіну | |
| Кіріктірілген оқу мақсаты | 2.1.5.1 өз өмірінен мысалдар келтіру негізінде құқықты, міндетті және жауапкершілікті ажырату | |
| Сабақтың мақсаттары | Барлық оқушылар: | |
| | Конституция маңызын түсінеді | |
| | Көптеген оқушылар: | |
| | Конституциядағы кейбір адам құқықтары мен міндеттерін біледі | |
| | Кейбір оқушылар: | |
| | Қазақстан Республикасын Конституциясы туралы ақпарат біледі | |
| Тілдік мақсаттар | Дағдыларын дамыту:<br>Конституциялық құқықтары мен міндеттерін ажыратады<br>Пәндік лексика және терминология.<br>Құқық, міндет, азамат, Конституция | |
| | Сабақта диалог/жазу үшін пайдаланылатын тіл.<br>Талқылау:<br>- Конституция кім және не үшін жазылған?<br>- Құқық пен міндеттің айырмашылығы қандай? | |
| | Жазу:<br>Міндеттер мен құқықтарды жазады | |
| Тірек білім, білік, дағдылар | Қазақстан Республикасы, заң, құқық, міндет | |

| Сабақтың барысы | | |
|---|---|---|
| Жоспарланған уақыт (минут) | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
| Сабақтың бас<br>5 мин | «Ой шақыру» стратегиясы<br>«Дана мен Аланның диалогы»<br>- Дана, сенің ыстығың бар сияқты ғой! Жағдайың қалай?<br>- Алан, менің басым ауырып тұр.<br>- Дәрігерге баруымыз керек.<br>Алан мен Дана дәрігерге барады. Дәрігер Дананың дене қызуын тексеріп, тамағын қарады. Дәрігер Данаға дәрі беріп, Данаға төсек режимін сақтауды тапсырды. Алан мен Дана ауруханадан шығып, үйге келе жатыр. Алан айтты:<br>- Дана, сен бүгін өзіңнің конституциялық құқығыңды пайдаландың!<br>- Қандай құқығымды?<br>- Мемлекеттің әр азаматы өз денсаулығын қорғауға құқылы.<br>- Неге сен оны кон – сти – ту – циялық деп атадың?<br>- Себебі, адам құқықтары Конституцияда жазылған.<br>- Алан, Конституция деген не?<br>- Оқушылар, Дананың сұрағының жауабын біз бүгін сабақта қарастыратын боламыз. | Бейнебаян |
| Сабақтың ортасы<br>10мин | (ТЖ) «АВС» стратегиясы<br>Сынып үш топқа бөлініп, әр топқа мәтін беріледі. Берілген уақытта топта мәтін талқынады. Талқылау нәтижесін А, В, С оқушылар жариялайды.<br>А оқушы - мәтін бойынша қысқаша ақпарат береді<br>В оқушы – басқа топ мүшелеріне сұрақ қояды<br>С оқушы – басқа топ мүшелерінің жауаптарын бақылап, қажет жағдайда толықтырады.<br>**Топтарға ұсынылатын мәтін**<br>Конституция – мемлекеттің негізгі заңы. Жоғары заңдық күшке ие Ата Заң. Ол адамдар арасындағы қарым – қатынас қағидаларын анықтап, қоғамның негізгі құндылықтарын белгілейді. Қазақстан Республикасының Конституциясына сай «Мемлекеттің ең қымбат қазынасы – адам және оның өмірі, құқығы мен еркіндігі» әрбір адам өзінің конституциялық құқықтарын пайдаланып, міндеттерін орындау керек. Басқа адамдардың құқықтарына құрметпен қарау керек. Міндеттері: | Үлестірмелі материал |

| | | |
|---|---|---|
| | мемлекеттік рәміздерді құрметтеу, тарихи және мәдени мұраларды сақтау, табиғатты қорғау. Конституцияның бірінші бетінде бұл заңның кім және не үшін жасалғандығы жазылған. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылы 30 тамызда бекітілген. Елімізде Конституция күні жыл сайын 30 тамызда атап өтіледі.<br>Дескрипторлар<br>- Тақырып туралы өз ойларын ортаға салады;<br>- Ақпаратты жүйелеп, ықшамдап жариялайды;<br>- Ақпарат бойынша сұрақ құрастырады;<br>- Басқа топ мүшелерінің жауаптарын мұқият тыңдайды;<br>- Басқа топ мүшелерінің жауаптарын толықтырады;<br>Бағалау<br>Топтық жұмыстың нәтижесін критерийлер арқылы бағаланады.<br>- Жариялым – 5 ұпай<br>- Сұрақтар – 5 ұпай<br>- Толықтырылған жауаптар – 5 ұпай<br>- Топтық жұмыс ережесінің сақталуы – 5 ұпай. | |
| 8 мин | (ҰЖ) «Аражігін ажырат» стратегия<br>Берілген адам құқықтар мен міндеттерін ажыратады. Себебін түсіндіреді.<br>Берілген адам құқықтары мен міндеттері:<br>- Өмір сүру<br>- Рәміздерді құрметтеу<br>- Денсаулығын қорғау<br>- Орта білім алу<br>- Еңбек ету<br>- Табиғатты қорғау<br>- Демалу<br>- Тарихи және мәдени мұраларды сақтау<br>- Отанын қорғау<br>- Құқық және міндет сөздерінің айырмашылығы қандай?<br>Құқықтар – права – rights<br>Міндеттер – обязанности – duties<br>Дескрипторлар:<br>- Құқықтарды анықтайды; | Слайд |

| | | |
|---|---|---|
| | - Міндеттерді анықтайды;<br>- Адам құқықтары мен міндеттерінің айырмашылын анықтайды;<br>- Құқық және міндет сөздерін ағылшын, орыс тілдеріне аударады;<br>Бағалау<br>«Жарайсың!», «Өте жақсы!», «Керемет!» сөздерін пайдаланып оқушылардың жауаптарын бағалау. | |
| 3мин<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>10мин | Сергіту сәті<br>«Қабырға, балта, алақан»<br>Ережесі: Алдымен оқушылар оң қолымен партаның үстіне «қабырға» деп қолын бір қырымен соғады, «балта» деп жұдырығын жұмып бір рет соғады, «алақан» деп алақанын ашып бір рет соғады. Бірнеше рет қайталанады, оқушылар естеріне сақтаған соң ойын жылдамдатылады. Оқушылар жаттығуды оң қолымен жасап жаттыққан соң, сол қолымен бірнеше рет қайталайды. Жаттығудың мақсаты оқушылардың зейінін қалыптастыру.<br>(ЖЖ) «Дәлелденетін пікір»<br>Әр жұпқа қалаған пікірді таңдап, пікірдің дұрыстығын дәлелдеу ұсынылады.<br>Ұсынылатын пікірлер<br>1. Отанымды қорғау менің азаматтық борышым.<br>2. Менің жеке бас еркіндігім бар.<br>3. Мен тегін білім алуға құқылымын.<br>4. Мен ата – анамның қамқорлығындамын.<br>5. Қоршаған ортаны таза ұстауға міндеттіміз.<br>Дескрипторлар:<br>- Пікірлердің бірін таңдайды;<br>- Жұпта пікірдің дұрыстығына дәлел табады;<br>- Сынып ұжымына жұптық жұмыс нәтижесін жариялайды;<br>Бағалау<br>«Шартты шкала» әдісі арқылы оқушылардың пікірді дәлелдеу деңгейін бағалау. Пікірді толық дәлелдесе, шкаланың «+» көрсеткіші көрсетіледі, жеткілікті деңгейде дәлелдесе ортаңғы көрсеткіш, дәлел келтірілмеген жағдайда «-» көрсеткіш көрсетіледі.<br>Қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырма<br>1 – тапсырма<br>Дұрыс болса «+», бұрыс болса «-» таңбасын қой. | |

| | | |
|---|---|---|
| 5мин | 1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылы бекітілді.<br>2. Конституция күні 30 қарашада тойланады.<br>3. Мемлекеттің басты құндылығы, қазынасы – табиғат байлықтары.<br>4. Ақылы білім алуға міндеттімін.<br>5. Демалуға құқығым бар.<br>Дескрипторлар:<br>- Дұрыс жауаптарды анықтайды;<br>- Бұрыс жауаптарды анықтайды;<br>Бағалау критерийлері арқылы өзін – өзі бағалау.<br>Әр дұрыс жауап үшін бір ұпай беріледі.<br>5 ұпай – «Өте жақсы»<br>4 – 3 ұпай – «Жақсы»<br>2-1 ұпай – «Талпын» | Шкала<br><br>Үлестірме қағаз |
| Сабақтың соңы<br>5мин | Рефлексия.<br>Оқушыларға берілген сөйлемдерді аяқтауды ұсыну.<br>Оқушылар сөйлемдерді толықтырады.<br>**Сөйлемді толықтыр**<br>**Бүгінгі сабақта маған ..... ұнады.**<br>**Бүгінгі сабақтан ..... түсіндім.**<br>**Мен үшін бүгінгі сабақ ..... есте қалады.**<br>**Мен үшін сабақтаға ..... маңызды болды.** | слайд |

15.7-кесте – «Астрономиялық белгілер бойынша қалай бағдарлауға болады?» тақырыбындағы кіріктірілетін оқыту мақсаттары бойынша ұйымдас-тырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгісі


| | |
|---|---|
| Мектеп: | Шейх Тәмим бен Хамад әл - Тәни атындағы 85 мектеп - лицей КММ |
| Мұғалімнің аты – жөні: | Есмурзина Айгерим Жаксылыковна |

| | | |
|---|---|---|
| Тақырыбы: | Астрономиялық белгілер бойынша қалай бағдарлауға болады? | |
| Сынып: | Қатысқандар саны: | Қатыспағандар саны: |
| Оқыту мақсаттары | 3.2.1.1 астрономиялық белгілер бойынша көкжиек бағыттарын анықтау | |
| Кіріктірілген оқу мақсаты | 2.2.1.1 тұсбағдар көмегімен көкжиек бағыттарын анықтау | |
| Сабақтың мақсаттары | Барлық оқушылар: | |
| | Көкжиек тұстарын біледі | |
| | Көптеген оқушылар: | |
| | Астрономиялық белгілер бойынша көкжиек тұстарын анықтайды | |
| | Кейбір оқушылар: | |
| | Көкжиек тұстарын анықтаудың бірнеше жолын біледі | |
| Тілдік мақсаттар | Дағдыларын дамыту:<br>Көкжиек тұстарын астрономиялық белгілер бойынша анықтайды<br>Пәндік лексика және терминология.<br>Астрономия, көкжиек тұстары, Жетіқарақшы, Темірқазық. | |
| | Сабақта диалог/жазу үшін пайдаланылатын тіл.<br>Талқылау:<br>Көкжиек тұстарын Күннің көмегімен қалай анықтауға болады?<br>Тұсбағдарды қолдану ережелерін білесің бе?<br>Астрономиялық белгілер бойынша жол бағдарлау мүмкін бе? | |
| | Жазу:<br>Көкжиек тұстарын анықтап жазады | |
| Тірек білім, білік, дағдылар | Көкжиектің негізгі тұстары, тұсбағдар, Күн жүйесі | |
| **Сабақтың барысы** | | |
| Жоспарланған уақыт (минут) | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
| Сабақтың басы<br>10 мин | «Ой шақыру» стратегиясы<br>(ТЖ) «Бірге саяхаттаған көңілді»<br>- Оқушылар, бүгін саяхат сабақ өткіземіз.<br>- Саяхатқа қай әдеби кейіпкермен аттанғыларың келеді? | Слайд, әдеби кейіпкерлер суреттері |

| | | |
|---|---|---|
| | Алдар көсе Қожанасыр Тазша бала<br>  <br>Оқушылар қай әдеби кейіпкермен бірге саяхатқа баратынын анықтаған соң, таңдалған кейіпкердің тапсырмасы ұсынылады.<br>Кейіпкер тапсырмасы:<br>Сөзжұмбақ шешу<br>1. Жердің серігі (ай)<br>2. Уақыт анықтайтын құрал. (сағат)<br>3. Жетінші ата (тек ата)<br>4. Ауызша хабар, музыка таратын құрал. (радио)<br>5. Бір топ қойды қалай атайды? (отар)<br>6. Ананыңның ағасы. (нағашы)<br>7. Тұрақты үй – жайында өмір сұру салты. (отырықшы)<br>8. Жер бетінде өлшенген қашықтықты қағазға түсіргенде қанша рет кішірейтілгендігін көрсететін бөлшек сан. (масштаб)<br>9. Ауылда шаруашылықты күзететін үй жануары. (ит)<br>10. Қазақ әліпбиіндегі соңғы әріп. (Я)<br>Сұрақтардың жауабын анықтап, жауаптың алғашқы әріптерін қосып, жасырын сөзді анықтайды.<br>Жасырын сөз: Астрономия<br>Астрономия – Күн, Ай, жұлдыз сияқты аспан денелерін зерттейтін ғылым.<br>Күн жүйесі және Шоқ жұлдыздар туралы бейнематериал тамашалайды.<br>Дескрипторлар:<br>- Сөзжұмбақтың жауаптарын анықтайды;<br>- Сөзжұмбақ жауаптарының бірінші әріптерінің көмегімен жасырын сөзді анықтайды;<br>- Астрономия ұғымының мәнін ашады;<br>Бағалау критерийлері:<br>Сұрақтарға дұрыс жауап беріп, жасырын сөзді бірінші болған топ мүшелері | |

| | | |
|---|---|---|
| | ауызша мадақталады. | |
| Сабақтың ортасы<br>10мин | (ЖЖ) (ҰЖ)<br>«Саяхат көлігі»<br>Оқушылар, саяхатымызды ары қарай жалғастыру үшін көлік қажет. Саяхатқа арналған үш көлік ұсынылған. Таңдау өздеріңде.<br><br>Кеме Ат арба Автокөлік<br>  <br>Көлік тапсырмасы<br>Тапсырма мақсаты: оқушылардың көкжиек, көкжиек сызығы, көкжиектің негізгі тұстары туралы білімдерін еске түсіріп, жаңа тақырыпты меңгеруіне мүмкіндік туғызу.<br>Берілген ақпартты пайдаланып, сұрақ құрастыр.<br><br>Ұсынылатын ақпарат:<br>Көз жететін кеңістік көкжиек деп аталады. Аспан мен жердің астасқан сызығын көкжиек сызығы деп атайды. Көкжиектің негізгі төрт тұсы бар. Олар: оңтүстік, солтүстік, батыс, шығыс. Көкжиектің аралық тұстары да болады. Көкжиек тұстарын анықтау үшін тұсбағдар қолданылады. Тұсбағдарды геологтар, саяхатшылар, зерттеушілер, ұшқыштар мен теңізшілер жол бағдарлауда пайдаланады.<br>Оқушылар ұсынылған ақпаратпен танысады, бір сұрақтан құрастырады. Сынып ұжымымен сұрақ – жауап жүргізіледі.<br>Дескрипторлар:<br>- Көкжиек, көкжиек сызығы, көкжиек тұстары туралы алдыңғы білімдерін еске түсіреді;<br>- Ұсынылған ақпараттың көмегімен сұрақтар құрастырады;<br>- Сынып ұжымы құрастырылған сұрақтардың жауаптарын анықтайды;<br>Бағалау | Көлік суреттері, ақпарат жазылған қағаз |


| | | |
|---|---|---|
| | Оқушылар бір – бірін бағалайды. Егер жауап дұрыс болса, бас бармақ көрсетеді. Егер жауап дұрыс болмаса, мұғалімнің көмегімен жетелеу сұрақтарын қойып, дұрыс жауапқа жетелейді. | |
| 5мин | (ЖЖ) «Жол бағдарлау тәсілдерін білемін»<br>- Оқушылар, сонымен біз кіммен саяхаттайтынымызды және қандай көлік арқылы саяхатқа аттанатынымызды анықтап алдық. Енді саяхат кезінде нені білуіміз қажет? (оқушы жауаптары тыңдалады)<br>- Жол бағдарлауды білуіміз қажет. Сондықтан біз бірнеше аялдамаға тоқтап, білімімізді толықтырып алайық<br>1 – аялдама<br>Көкжиек тұстарын анықтау үшін тұсбағдар қолдану ережесін еске түсіру. Тұсбағдарды қолдану ережесін құрастыру.<br>Тұсбағдарды қолдану ережесі:<br>1. Тұсбағдарды тегіс жерге қою<br>2. Тежегішін ағытып,тілі тоқтағанша күту<br>3. Көк тілі С әрпін, қызыл тілі О әрпін көрсеткенше қорабын бұрамыз.<br>4. Енді бағытты анықтаймыз<br>5. Жұмысты аяқтаған соң, тежегішті қайта қосамыз.<br>- Егер қолымызда тұсбағдар болмаса, қалай көкжиек тұстарын анықтаймыз. Оны білу үшін келесі аялдамаға аттанайық<br>Дескрипторлар:<br>- Көкжиек тұстарын анықтауда тұсбағдарды қолдану ережесін еске түсіреді;<br>- Тұсбағдарды қолдану ережесін құрастырады;<br>2 – аялдама<br>Күн көзі – тіршілік иесі ғана емес, жақсы жол бағдарлаушы.<br>Күннің көмегімен жол бағдарлау тәсілдері:<br>1. Тал түсте күнге арқаңды беріп тұр. Сенен түскен көлеңке солтүстік бағытты көрсетеді. Өкше жағың оңтүстік, оң қолың шығыс, сол қолың батысты көрсетеді.<br>2. Таңертең күн шыққан жақ шығыс екені белігі<br>3. Кешкілік күн батқан жақ батыс екені белгілі<br>4. Күн арқылы көкжиек тұстарын ғана емес, уақытты да анықтауға болады. | Тұсбағдар, тұсбағдар сурет, тұсбағдарды қолдану ережесі жазылған қағаз |

| | | |
|---|---|---|
| 10мин | Тәжірибелік жұмыс «Күн сағат жасау»<br><br>- Егер сен қараңғы уақытта жолда болсаң қалай жолды бағдарлайсың? Оны білу үшін келесі аялдамаға барайық.<br>Дескрипторлар:<br>- Күн сағат жасайды;<br>- Жасау жолын түсіндіреді;<br>3 – аялдама<br>Ай мен жұлдыздар көмегімен жол бағдарлау<br>1. Темірқазық жұлдызы әрқашан солтүстікті нұсқайды<br>2. Жаңа толысып келе жатқан айдың шеттері батысты көрсетеді, ай керісінше аяқталып жатқанда айдың шеттері шығысқа бағытталып тұрады.<br>Тәжірибелік жұмыс<br>Үлкен және Кіші Жетіқарақшы жұлдыздарын орналастыру.<br>  | Күн сағат жасауға арналған қажетті заттар |
| 5мин | Дескрипторлар:<br>- Темірқазық шоқ жұлдызының көмегімен жол бағдарлау туралы біеледі;<br>- Үлкен және Кіші Жетіқарақшы жұлдыздарын аспанда тиісінше орналастырады;<br>Бағалау | Түңгі аспан сурет, кеспе жұлдыздар, желім. |

| | | |
|---|---|---|
| | Оқушылардың аялдама тапсырмаларын орындау барысындағы өз белсенділіктерін өздері бағалайды. Сөйлемдерді толықтыр.<br>Мен үшін бәрі түсінікті болды. Мен....<br>Мен үшін бәрі түсінікті болды. Бірақ ....<br>Мен үшін түсіну қиын болды. Себебі ..... | |
| Сабақтың соңы<br>5мин | Кері байланыс<br>Оқушылар тақтада жазылып тұрған сөйлемдерді толықтырады. Сөйлемдерді толықтыру бас бармақтан басталады. Сөйлемдерді толықтыру барысында оқушылар бармақтарын кезекпен көрсету қажет.<br>«Менің алақаным»<br>5. Мен бүгін ..... түсіндім<br>4. Мен бүгінгі сабақта .... білдім<br>3. Мен үшін ең қиыны .....болды<br>2. Мен .....қызықтырды<br>1. Мен .....ұсынамын.<br>Кері санап тұрып сөйлемдерді толықтырады. |  |

15.8-кесте – «Табиғат және менің қауіпсіздігім» тақырыбындағы кіріктірілетін оқыту мақсаттары бойынша ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгісі

| | | |
|---|---|---|
| Мектеп: | Шейх Тәмим бен Хамад әл - Тәни атындағы 85 мектеп - лицей КММ | |
| Мұғалімнің аты – жөні: | Есмурзина Айгерим Жаксылыковна | |
| Тақырыбы: | Табиғат және менің қауіпсіздігім | |
| Сынып: | Қатысқандар саны: | Қатыспағандар саны: |
| Оқыту мақсаттары | 3.1.4.3 түрлі дереккөздер негізінде табиғи ортадағы қауіп – қатерлерді анықтау және бағалау | |
| Кіріктірілген оқу мақсаты | 2.2.3.3 табиғаттың қолайсыз және қауіпті құбылыстарын жіктеу | |
| Сабақтың мақсаттары | Барлық оқушылар: Төтенше жағдайларды ажыратады | |
| | Көптеген оқушылар: Төтенше жағдай кезіндегі қауіпсіздік ережелерді біледі | |
| | Кейбір оқушылар: Табиғат апаттарының зардаптарын түсінеді | |

| | | |
|---|---|---|
| Тілдік мақсаттар | Дағдыларын дамыту:<br>Төтенше жағдайда қандай іс – әрекет жасау керектігін түсінеді<br>Пәндік лексика және терминология.<br>Төтенше жағдай, катаклизм, тәртіп ережесі | |
| | Сабақта диалог/жазу үшін пайдаланылатын тіл.<br>Талқылау:<br>- Табиғат апаттарының болу себептері<br>- Төтенше жағдайда жасалатын алғашқы іс – әрекеттер<br>- Төтенше жағдайда орындалатын қауіпсіздік ережелері | |
| | Жазу:Төтенше жағдай кезіндегі қауіпсіздік ережелерін жазады | |
| Тірек білім, білік, дағдылар | Катаклизм, табиғат апаттары, табиғат құбылыстары | |
| **Сабақтың барысы** | | |
| Жоспарланған уақыт (минут) | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
| Сабақтың басы<br>3мин | Ұйымдастыру<br>Оқушыларды бірнеше топқа біріктіріп, әр топқа ағаш бейнесін ұсыну. Сабақ барысында оқушылардың жетістіктерін бағалау мақсатында жапырақтар мен гүлдер беру. Топ мүшелері алған жапырақтары мен гүлдерін ағаш бұтақтарына жапсырып отырады. Сабақ соңында топтар безендендірілген ағаштарын тақтаға іледі. Топтардың сабақ барысындағы белсенділігі мен жетістігін ағаштың бейнесіне қарап анықтау.<br>   | Ағаш бұтақтары, жапырақ, гүл кеспе қағаздар |
| 5мин | «Ой шақыру» стратегиясы<br>(ҰЖ) «Ассоциация» стгатегиясы<br>Оқушылар ауа – райы құбылыстарына қарай көңіл – күйлері қалай өзгеретін айтады. | Ауа - райы |

| | | |
|---|---|---|
| | <br>Ауа – райы құбылыстарын адам көңіл – күйлеріне байланыстырып айтқан оқушыларға ағаш жапырақтары мен гүлдері беріледі.<br>Ауа – райы адамның көңіл - күйін жақсартатыны белгілі. Алайда ауа – райы күтпеген сәтте өзгеріп, бұзылып әртүрлі табиғат апаттарына ұласып жатады. Табиғат апаттарын катаклизм деп атайды. Күтпеген жағдайда болған қатерді төтенше жағдай деп атайды.Төтенше жағдай қысқаша ТЖ болып белгіленеді.<br>Дескрипторлар:<br>- Ауа – райының шартты белгілерін адамның көңіл – күйімен байланыстырып айтады;<br>- Ауа – райының адамның көңіл – күйіне байланысты болу себебін түсінеді;<br>Сергіту сәті. «Қанқыз» ойыны<br>Ойын шарты: Оқушыларға кесте көрсету. Кестеде 1 – ден 16 – ға дейінгі сандар жазылады. Алдымен мұғалімнің көмегімен қанқыз қоңызын қозғалтамыз, мұғалімнен кейін оқушылар арасынан ойын бастаушысын таңдап аламыз. Ойын әрқашан 6 цифрынан басталады. Ойын бастаушысы қанқыз қоңызының бағытын айтып отырады. Ойынға қатысушылар қанқыздың қозғалысын ойша бақылап отырады. Соңғы бағыт айтылғаннан соң, қанқыз қоңызының нешінші торкөзде тұрғанының айтады. Ең бірінші және дұрыс айтқан оқушы ойын бастаушы болады. Ойынды күрделендіру мақсатында кестені кестені жауап қойып ойнауға да болады. Оқушылар көздеріне елестету арқылы орындайды.<br><br>1 \| 2 \| 3 \| 4<br>5 \| 6 \| 7 \| 8<br>9 \| 10 \| 11 \| 12<br>13 \| 14 \| 15 \| 16 | 3мин | құбылысының суреттері<br><br>Ойынға арналған кесте, қанқыз суреті |

| | | |
|---|---|---|
| Сабақтың ортасы<br>10мин | (ТЖ) «Мүмкін»<br>Суреттің мазмұны бойынша қандай төтенше жағдай туындауы мүмкін екендігін әңгімелеу.<br><br>1 – сурет. Су тасқыны кезіндегі төтенше жағдай<br>2 – сурет. Орман өрті кезіндегі төтенше жағдай<br>3 – сурет. Оттан өрт туындауы мүмкін<br>4 – сурет. Дауыл кезіндегі төтенше жағдай<br>5 – сурет. Жер сілкінісі кезіндегі төтенше жағдай<br>6 – сурет. Суға батуы мүмкін<br>7 – сурет. Құрылыс кезінде төтенше жағдай<br>Дескрипторлар:<br>- Берілген суреттер бойынша топта талқылау жұмысын жүргізеді;<br>- Топта талқылау жұмысын жариялайды;<br>Бағалау<br>Топтар өзара бір – бірін бағалайды.<br>Бағалау критерийлері:<br>Ақпараттың дұрыстығы – 1 ұпай<br>Ақпараттың жүйелігі – 1 ұпай<br>Уақытты тиімді пайдалануы – 1 ұпай<br>Ақ параттың жеткізілуі – 1 ұпай<br>Ақпараттың мазмұндылығы – 1 ұпай<br>Әр ұпайға ағаш жапырақтары мен гүлдерін ұсыну. | ТЖ бейнеленген суреттер |

| | | |
|---|---|---|
| 10 мин | (ҰЖ) (ЖЖ)<br>«Жадынама жаса» жұптық жұмыс<br>Ұжыммен өрт кезіндегі тәртіп ережелерін суретпен, шартты белгілермен бейнелеу<br><br><br>Оқушылар жұпқа бірігіп әртүрлі төтенше жағдайларға қауіпсіздік ережелерін құрастырады.<br>Ұсынылатын төтенше жағдайлар:<br>- Жер сілкінісі<br>- Жарақат алған жағдайда<br>- Су тасқыны кезінде<br>- Құрылыста<br>- Дауыл кезінде<br>Жинақталған қауіпсіздік ережелерінен жадынама кітапшасын жасау.<br>Дескрипторлар:<br>- Өрт кезіндегі ережерлерді шартты белгілермен белгілейді;<br>- Әртүрлі төтенше жағдайлардың бірін таңдайды;<br>- Таңдаған төтенше жағдайдағы жалпы ережелерді жұпта құрастырады;<br>- Құрастырылған ережелерді бір кітапшаға жинақтайды;<br>Бағалау<br>Жұптар жұмыстарын жариялайды. Жариялым мазмұны мен дұрыстығына байланысты ағаш жапырақтары мен гүлдері беріледі.<br>(ЖЖ) «Тығырықтан шығу жолын тап!»<br>Оқушылар берілген жағдаяттар шешу жолдарын ұсынады. | Қағаздар, түрлі – түсті қарындаштар |

| | | |
|---|---|---|
| 8мин | 1 – жағдаят<br>Бүгін 1 – маусым балалар күні. Айша ағасымен әткеншектер орталығына келді. Ағасы 5 – ші сыныпта оқиды. Балалар күні болғандықтан орталықта адам көп жиналыпты. Айша мен ағасы әткеншекке отырды. Әткеншектен түскенде ағасын таба алмай қалды. Бірнеше рет дауыстап шақырып еді, ағасын көрмеді. Айша не істеу керек?<br>2 – жағдаят<br>Дәурен бүгін үйде жалғыз қалды. Ата – анасы жұмыста . Дәурен қарны ашқандықтан тамақ ішкісі келді. Тамақты ыстуға қойды. Ойнап жүріп тамақ туралы ұмытып кетті. Біраз уақыттан үйдің іші түтіндей бастады. Дәурен не істеу керек?<br>3 – жағдаят<br>Айнұр жаңа қалаға көшіп келді. Анасы таңертең мектепке ертіп апарды. Жаңа мектеп Айнұрға ұнады. Сабақтан кейін анасын күтіп тұрды. Барлық балалар үйлеріне қайтты. Айнұр да үйге қайта берейін деп шешті. С өйтіп ешкімге айтпай, жол шықты. Біраз жүргеннен кейін өзінің адасып қалғанын түсінді. Айнұр енді не істейді?<br>Дескрипторлар:<br>Жағдаяттан шығу жолдарын ұсынады;<br>Бағалау<br>Берілген жағдаяттардан шығу жолдарын дұрыс ұсынған оқушыларға ағаш жапырақтары мен гүлдерін береді. | |
| Сабақтың соңы<br>3 мин<br><br>3мин | **Бағала**у<br>Оқушылар сабақ барысында жинаған ағаш жапырақтары мен гүлдерін ағаш бұтақтарына жапсырып, безендірілген ағашты тақтаға іледі.<br>Кері байланыс<br>Оқушылар қалған затты таңдап өз оймен бөліседі.<br> бүгінгі сабақтан «Білім чемоданыма» салып аларым .....<br> бүгінгі сабақтан «Іздену күнделігіме» жазып аларым .....<br> бүгін сабақтан «Қажет емес» жәшігіме тастайтын дағдым ..... | |

## V. Сабақтан тыс уақытта толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары

15.9-кесте – Сабақтан тыс уақытта толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары

| Бөлімше (түйінді дағдылар) | Оқу мақсаттары |
|---|---|
| | 2-сынып |
| 1.1 Мен және менің отбасым | 2.1.1.4 бақылау мен сауалнама негізінде тұтыну заттарына деген отбасы қажеттіліктерінің құрылымын, олардың түсу көзін анықтау |
| 1.5 Құқық және міндет | 2.1.5.2 қоғамға қызмет етудің әлеуметтік маңыздылығын түсіндіру |
| 3.5 Қазақстан тарихы: тәуелсіздік, мемлекеттілік және патриотизм | 2.3.5.2 бақылау негізінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерінің қолдану саласын анықтау |
| 1.4 Денсаулық және қауіпсіздік | 2.1.4.1 түрлі дереккөздер негізінде пайдалы және зиянды тағамдардың арасындағы айырмашылықтарды анықтау |
| | 2.1.4.2 күнделікті жағдаяттардағы (үйде және қоғамдық орындарда) қауіпсіздік ережелерін түсіндіру |
| 1.2 Мектеп және мектеп қауымдастығы | 2.1.2.3 мектеп қауымдастығындағы ұжымдық, топтық және тұлғааралық мінез – құлық нормаларын түсіндіру |
| 1.3 Менің атамекенім | 2.1.3.2 Қазақстан картасынан ірі өзен – көлдерді, қалаларды, жолдарды, өз облысын ккрсету |
| 1.6 Мерекелер | 2.1.6.1 таңдауы бойынша Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мерекелерінің мәнін түсіндіру |
| | 2.3.1.2 түрлі дереккөздерді зерделеу арқылы көне қалалар мен ескерткіштерді сипаттау |
| 3.2 Қазақстанның тарихи тамыры | 2.3.2.1 көрнекі материалдарды зерделеу арқылы ғұндардың өмір салтын сипаттау |
| 3.1 Ежелгі мәдениеттер мен өркениеттер | 2.3.1.1 көрнекі материалдар негізінде иемденуші және өндіруші шаруашылық арасындағы айырмашыдықьы анықтау |
| 3.4 Көрнекті тарихи тұлғалар және мәдениет қайраткерлері | 2.3.4.1 әл-Фарабидің ғылымның дамуына қосқан үлесі туралы әңгімелеу |
| 3.3 Қазақстан тарихындағы маңызды оқиғалар | 2.3.3.1 Ботай мәдениетінің ерекшеліктерін сипаттау |
| 2.1 Жергілікті жерде бағдарлау | 2.2.1.1 тұсбағдар көмегімен көкжиек бағыттарын анықтау |
| 2.2 Климат және ауа-райы | 2.2.2.1 ауа-райының адам өмірі мен шаруашылық іс-әрекетіне оң және кері әсерін талдау |
| 2.3 Табиғи жағдайлар және олардың әсері | 2.2.3.1 ірі табиғи нысандардың (тау, жазық, көлдер мен өзендер) шаруашылық маңызын анықтау |

| | |
|---|---|
| | 2.2.3.2 өз өңіріндегі табиғи жағдайлардың (жер бедері, климат, өсімдік және жануарлар әлемі, су нысандары) оң және кері тұстарын талдау |
| 2.4 Туризм | 2.2.4.1 туризмнің негізгі түрлерін ажырату |
| | 2.2.4.2 зерттеу негізінде Қазақстанда туризмнің түрлерін дамытуға қолайлы нысандарды анықтау |

## VI. Кіріктіруге болмайтын оқыту мақсаттары қарастырылатын кеңестердің кестесі

15.11-кесте – Жаңа тақырыптың алдында ұйымдастырылатын кеңестер кестесі

| **Тақырып** | Оқу мақсаттары | Жұмыс түрі |
|---|---|---|
| Мен және қоғам | 2.1.5.2 қоғамға қызмет етудің әлеуметтік маңыздылығын түсіндіру | «Жанды әріптер»<br>ҚОҒАМ<br>Қоғамда қолайлы өмір сүру үшін әрбір әріпке қажетті сипаттарды ойлап тап. |
| Түркілер және олардың өмір сүру салты | 2.3.2.1 көрнекі материалдарды зерделеу арқылы ғұндардың өмір салтын сипаттау | Қолөнер бұйымдары мен тұрмыстық заттар арқылы ата – баларымыздың өмірін сүру салтын сипатта. |
| Тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғаудың маңызы неде? | 2.3.3.1 Ботай мәдениетінің ерекшеліктерін сипаттау | Суретке қара<br>Тарихи мәдени ескерткіштердің түрлерін ата. |

15.12-кесте – Каникул кездерінде ұйымдастырылатын кеңестер кестесі (күзгі, қысқы, көктемгі)

| Өткізілетін мерзімі | Тақырыптың атауы | Оқыту мақсаттары |
|---|---|---|
| Күзгі каникул | Елді мекендер қандай болады? | 2.1.3.2 Қазақстан картасынан ірі өзен – көлдерді, қалаларды, жолдарды, өз облысын көрсету |
| Қысқы каникул | Өз шығыстарыңды қалай жоспарланған жөн? | 2.1.4.1 түрлі дереккөздер негізінде пайдалы және зиянды тағамдардың арасындағы айырмашылықтарды анықтау |
| Көктемгі каникул | Тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғаудың маңызы неде? | Әл – Фарабидің ғылымның дамуына қосқан үлесі туралы әңгімелесу |

## VII. Жазғы мектеп кезінде ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгісі


15.13-кесте – «Қазақстан халықтарының мейрамдары» тақырыбындағы кіріктірілетін оқыту мақсаттары бойынша ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспары

<table>
<tr><td>Мектеп:</td><td colspan="3">Шейх Тәмим бен Хамад әл - Тәни атындағы 85 мектеп - лицей КММ</td></tr>
<tr><td>Мұғалімнің аты – жөні:</td><td colspan="3">Есмурзина Айгерим Жаксылыковна</td></tr>
<tr><td colspan="4">Тақырыбы: Қазақстан халықтарының мейрамдары</td></tr>
<tr><td colspan="2">Сынып: 3</td><td>Қатысқандар саны:</td><td>Қатыспағандар саны:</td></tr>
<tr><td>Оқыту мақсаттары</td><td colspan="3">3.1.6.1 зерттеулер негізінде Қазақстан халықтарының ұлттық мерекелерін шығармашылық түрде ұсыну</td></tr>
<tr><td rowspan="6">Сабақтың мақсаттары</td><td colspan="3">Барлық оқушылар:</td></tr>
<tr><td colspan="3">- Қазақстанда тойланатын мерекелерді біледі<br>- Мерекелердің тойлану мақсаты мен себебін түсінеді</td></tr>
<tr><td colspan="3">Көптеген оқушылар:</td></tr>
<tr><td colspan="3">- Мереке түрлерін ажыратады</td></tr>
<tr><td colspan="3">Кейбір оқушылар:</td></tr>
<tr><td colspan="3">- Мерекелердің аталып өтуін сипаттап айтады</td></tr>
<tr><td rowspan="3">Тілдік мақсаттар</td><td colspan="3">Дағдыларын дамыту:<br>Қазақстанның мерекелерін біледі, түрлерін ажыратады.<br>Пәндік лексика және терминология.<br>Ұлттық, мемлекеттік, кәсіби мерекелер.</td></tr>
<tr><td colspan="3">Сабақта диалог/жазу үшін пайдаланылатын тіл.<br>Талқылау:<br>- Қазақстан халықтарының қандай мерекелері барЮ<br>- Олар қашан, қалай тойланады?<br>- Мерекелер қандай топтарға бөлінеді?<br>- Наурыз мерекесі қалай тойланады?</td></tr>
<tr><td colspan="3">Жазу:<br>Мереке түрлерін жазады</td></tr>
</table>

| | |
|---|---|
| Тірек білім, білік, дағдылар | Мерекелер, Наурыз мерекесі, ұлттар, достық. |

| Сабақ барысы | | |
|---|---|---|
| Жоспарланған уақыт (минут) | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
| Сабақтың басы 3мин | «Ой шақыру» стратегиясы<br>- Оқушылар, суретте не бейнеленген?<br>- Суретті көргенде қандай ой туды?<br><br>Адамдар арасында достық қарым – қатынастың болуы маңызды. Біздің елімізде 130 – дан астам ұлт өкілдері тұрады. Олардың бәрі бір – бірімен тату, бірлікте. Еліміздегі халықтардың бірлігі күнін 1 – мамырда атап өтеді.<br>- Бірінші мамыр мерекесі қалай тойланады? (оқушылардың жауаптары тыңдалады) |  |
| Сабақтың ортасы 12мин | (ҰЖ) «Достығы жарасқан Қазақстан халқы»<br>Ұлттық киімдер арқылы ұлттың атауын анықта.<br><br>1. Орыстар<br>2. Белорусь<br>3. Қазақтар<br>4. Украиндар<br>5. Өзбектер<br>6. Татарлар<br>7. Қырғыздар<br>8. Поляктар<br>9. Латыштар<br>10. Грузиндер<br><br>Қазақстан - көпұлтты мемлекет.<br>- Қазақстанда тұратын ұлт және ұлыс өкілдері туралы не білесің?<br><br>Дескриптор:<br>- Ұлттық киімдеріне қарап, Қазақстанда тұратын халықтарды |  |

| | | |
|---|---|---|
| 2мин<br><br>13мин | ажыратады.<br>- Қазақстанда тұратын ұлт және ұлыс өкілдері туралы білетін ақпараттарымен бөліседі.<br>- Қазақстанда басқа қандай мерекелер тойланады? (оқушылардың жауаптары тыңдалады)<br><br>Сергіту сәті.<br><br>Бас бармағым - әкем,<br>Балаң үйрек – шешем,<br>Ортақ тірек – ағам,<br>Шылдыр шүмек апам,<br>Кішкентай бөбек – мен.<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Бір үйде біз бесеуміз.<br><br>(ЖЖ) «Бұл қай мереке?»<br>Берілген ақпарат бойынша мерекелерді анықта<br>Сәйкестендір<br><br>30 тамыз – Тәуелсіздік күні<br>8 наурыз – Дәрігерлер күні<br>Қазан айының бірінші жексенбі күні – Мұғалімдер күні<br>1 желтоқсан – Халықаралық әйелдер күні<br>22 наурыз – Конституция күні<br>Маусым айының үшінші жексенбі күні – Тұңғыш Президент күні<br>Тамыз айының екінші жексенбі күні – Наурыз мерекесі<br>16 – 17 желтоқсан – Құрылысшылар күні<br><br>- Аталған мерекелерді ерекшеліктері мен ұқсастықтарына қарай | |

| | | |
|---|---|---|
| 12мин | қандай топтарға бөлуге болады?<br>(мұғалімнің көмегімен үш топқа біріктіреді)<br><br>Ұлттық мерекелер – Тәуелсіздік күні<br>Кәсіби мерекелер – Дәрігерлер күні, Мұғалімдер күні, Құрылысшылар күні<br>Мемлекеттік мерекелер – Халықаралық әйелдер күні, Конституция күні, Тұңғыш Президент күні, Наурыз.<br><br>Дескриптор:<br>- Берілген ақпараттарды тиісінше сәйкестендіреді;<br>- Мерекелердің ұқсастықтары мен ерекшеліктерін айтады;<br>Бағалау<br>Өзін – өзі бағалау картасын қолдана отырып, өзін – өзі, жұбын және өзінің жасаған жұмысының нәтижесін бағалайды.<br><br>(ТЖ) «Блум күлтесі» стратегиясы<br>«Наурыз мерекесі» тақырбында сұрақтар жүйесін құрастыру<br><br>Оқушылар топта тақырып бойынша сұрақтар құрастырады. Құрастырылған сұрақтарға топтар өзара жауап береді.<br><br>1.Жай сұрақ<br>2. Анықтау сұрақ<br>3. Бағалау сұрақ<br>4. Шығармашылық сұрақ<br>5. Интерпретация сұрақ<br>6. Тәжірибелік сұрақ<br><br>Дескриптор:<br>• Стратегия бойынша сұрақтар құрастырады<br>• Сұрақтарға жауап табады.<br><br>«Басбармақ» әдісі арқылы бағалау.<br> Барлығы дұрыс | <br><br> |

| | | |
|---|---|---|
| |  1 қате болған жағдайда<br> 2-3 қате болған жағдайда | |
| Сабақтың соңы<br>3мин | Кері байланыс<br>«Алма ағашы» әдісі<br>Оқушыларға қызыл және жасыл түсті алма суреттерін тарату. Оқушылар өз көңіл күйлеріне сәйкес келетін алманы тандап, ағашқа іледі.<br> – сабақтағы өз – өзімнің белсенділігіме көңілім толады.<br> - сабақтағы белсенділігіме көңілі толмады. |  |

15.14-кесте – «Спорт – денсаулық кепілі» тақырыбындағы кіріктірілетін оқыту мақсаттары бойынша ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспары

| | | | |
|---|---|---|---|
| Мектеп: | | Шейх Тәмим бен Хамад әл - Тәни атындағы 85 мектеп - лицей КММ | |
| Мұғалімнің аты – жөні: | | Есмурзина Айгерим Жаксылыковна | |
| Тақырыбы: Спорт – денсаулық кепілі | | Мектеп: | |
| Сынып: | | Қатысқандар саны: | Қатыспағандар саны: |
| Оқыту мақсаттары | 3.1.4.2 спорт түрлерін топтастыру, спорттың қандай да бір түрімен айналысу үшін қажетті негізгі және өзінің қабілеттерін анықтау | | |
| Сабақтың мақсаттары | Барлық оқушылар: | | |
| | - Спорттың пайдасы туралы біледі<br>- Спорт түрлерімен танысады | | |
| | Көптеген оқушылар: | | |
| | - Олимпиада чемпиондарымен танысады | | |
| | Кейбір оқушылар: | | |

| | | |
|---|---|---|
| | - Спорт түрлеріне байланысты қажетті қабілеттерді анықтайды | |
| Тілдік мақсаттар | Дағдыларын дамыту:<br>Спорттың маңызын түсінеді, спорт түрлерін ажыратады<br>Пәндік лексика және терминология.<br>Жазғы спорт, қысқы спорт, олимпиада, олимпиада чемпионы | |
| | Сабақта диалог/жазу үшін пайдаланылатын тіл.<br>Талқылау:<br>- Спортпен айналысудың қандай маңызы бар?<br>- Қандай спорт түрлері бар?<br>- Жазғы және қысқы спорт түрлерінің айырмашылығы қандай?<br>- Спорт түрлеріне қарай адам бойында қандай қабілеттер болуы қажет және қандай қабілеттер пайда болады? | |
| | Жазу:<br>Адамның спортпен айналысуының себептерін жазады | |
| Тірек білім, білік, дағдылар | Спорт, денсаулық, спорттық ойындар | |
| **Сабақ барысы** | | |
| Жоспарланған уақыт | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
| Сабақтың басы<br>10мин | “Ой шақыру “стратегиясы<br>(ТЖ)«Теңге алу» ойыны<br>Сыныпты шағын топтарға біріктіру. Топ мүшелері жұмбақ шешу арқылы жасырын сөздің бір әрпін алып отырады.<br>1-топ<br>Ертемен күнде сен,<br>Қолыңды сүйкесең,<br>Кетіп кір-ласың,<br>Тап-таза боласың.<br>Бұл не? (Сабын)<br><br>2-топ<br>Өзі орындық, әрі үстел,<br>Оқушылар бесігі. (парта)<br>3-топ | Жұмбақ жазылған кеспе қағаздар |

| | | |
|---|---|---|
| Сабақтың ортасы<br>5мин | Жалт-жұлт етеді,<br>Жалмай-жалмай жұтады. (От)<br>4-топ<br>Есіксіз үй кішкене,<br>Әңгіме айтар кей шақта.<br>Жан адам жоқ ішінде,<br>Ән де салады кей уақытта. (радио)<br>5-топ<br>Қолы жоқ, сөзі жоқ, бірақ тісі бар. Басыңмен ісі бар. Бұл не? (тарақ)<br><br>Жұмбақтардың шешуіндегі сөздердің алғашқы дыбыстарынан пайда болған жасырын сөзді анықтайық.<br>Жасырын сөз: спорт<br>Дескриптор:<br>Жұмбақтардың шешуін топта талқылап анықтайды<br>Жұмбақ шешуіндегі сөздердің алғашқы дыбыстарының көмегімен жасырын сөзді анықтайды.<br>Спорт әр адамның өмірінің бір бөлігі болуы керек. Адамның денсаулығының мықты болуының алғышарттарының бірі - спортпен айналысу<br>Бағалау<br>Оқушыларды «Шапалақ» әдісі арқылы бағалау.<br><br>(ӨЖ) «Не үшін?»<br>Адамдардың спортпен айналысуының негізгі үш себебін жаз.<br>Дескриптор:<br>Адамдардың спортпен айналысуының негізгі үш себебін жазады.<br>Жазған себептерін оқиды.<br>Сергіту сәті<br>«Пантомима» ойыны<br>Ойын шарты: қимыл – қозғалыс арқылы бір спорт түрін бейнелейді. Басқа оқушылар бейнеленген спорт түрін анықтау қажет.<br>Спорттың 200-ден астам түрі бар екен. Сендер спорттың | |

| | | |
|---|---|---|
| 3мин<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>10мин | қандай түрлерін білесіңдер? (оқушылардың жауаптары тыңдалады)<br>(ҰЖ) «Шартты белгілер көмегімен»<br>Шартты белгілер көмегімен спорт түрлерін анықта.<br>Баскетбол<br>Бокс<br>Велоспорт<br>Мәнерлеп сырғанау<br>Футбол<br>Хоккей<br>Шаңғымен сырғанау<br>Конькимен сырғанау<br>Жүзу<br>Теннис<br>Спорт түрлерінің қандай екі топқа біріктіруге болады?<br>Жазғы спорт түрлері: баскетбол, бокс, велоспорт, футбол, жүзу, теннис.<br>Қысқы спорт түрлері: мәнерлеп сырғанау, хоккей, шаңғымен сырғанау, конькимен сырғанау<br>Қандай айырмашылығы бар?<br>Дескриптор:<br>Шартты белгілер көмегімен спорт түрлерін анықтайды<br>Ортақ белгілері бойынша екі топқа біріктіреді.<br>Жазғы және қысқы спорт түрлерінің айырмашылығын айтады.<br>Бағалау<br>Дұрыс жауап тапқан оқушыларды ауызша «Жарайсың!» «Керемет!» «Өте жақсы!» «Жақсы!» тіркестерін пайдаланып бағалау.<br><br>(ЖЖ) «Елімнің мақтаныштары<br>Қазақстанның Олимпиада чемпиондары туралы ақпарат ұсыну.<br>Әр төрт жыл сайын әлемдік спорттық жарыс Олимпиада өтеді. Бұл әлемдік додаға Қазақстан мықты спортшылары да қатысады.<br>Серік Сәпиев – бокстан Олимпиада чемпионы. 2012 жылы | <br> |

| | | |
|---|---|---|
| 10мин<br><br><br><br>5мин | Лондон Олимпиадасында алтын медальға ие болды. Қарағанды облысында туған. Серік Сәпиев өте талантты боксшы.<br>Дмитрий Баландин – жүзуден Олимпиада чемпионы. 2016 жылы Рио – Де – Жанейро Олимпиадасының алтын медаль иегері. Ол 1995 жылы Алматы қаласында дүниеге келген. Денсаулығын жақсарту үшін жүзу спортына келіп, кәсіби түрде айналыса бастаған.<br>Тапсырма:<br>Оқушыларға жұпта Олимпиада чемпиондарынан сұхбат алу үшін сұрақтартар құрастыруды ұсыну.<br>Дескриптор:<br>- Қазақстандық Олимпиада чемпиондары туралы ақпаратты тыңдайды.<br>- Чемпионнан сұхбат алу үшін сұрақтар қатарын құрастырады.<br>(ӨЖ) «Ой толғау» стратегиясы<br>- Спорт түрлеріне қандай қабілет болу керек?<br>- Оқушылардың жауаптары тыңдалады.<br>Дескриптор:<br>спорт түрлеріне байланысты адам бойындағы қабілеттерді жазады.<br>Бағалау<br>Оқушылардың ой толғауларын «Шапалақ» әдісі арқылы сынып ұжымы болып бағалау. |  |
| Сабақтың соңы<br>3мин | Кері байланыс<br>«Смайлик» әдісі | Дайын түрлі – түсті смайликтерді тақтаға ілу. |

## 16. «Дүниетану» оқу пәні, 4-сынып

**I. Өткен оқу жылында өтілген оқу бағдарламасының мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттары**

4-сыныпта «Дүниетану» пәнінен диагностикалық жұмыс жүргізу үшін 3-сыныпқа арналған «Дүниетану» пәнінен оқу бағдарламасының оқыту мақсаттары зерделенеді. Ол үшін бастауыш білім берудің 1-4-сыныптарына арналған «Дүниетану» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын қарастырамыз [10]. Оқу бағдарламасына сәйкес 4-сыныпта 3 бөлім қарастырылады. Үш бөлімге қатысты 3-сыныптың мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттары келесі кестеде көрсетілген (16.1-кесте).

16.1-кесте – өткен оқу жылындағы өтілген 3-сыныптың оқу бағдарламасының мазмұнын толық қамтитын оқу мақсаттарының жобасы

| Ортақ тақырып | Бағдарлама бөлімшелері | Оқу мақсаттары |
|---|---|---|
| 1-тоқсан | | |
| 1 Жанды табиғат | 2.2 Климат және ауа-райы | 3.2.2.1 Жер климатының негізгі түрлерінің сипаттамаларын анықтау |
| | 2.3 Табиғи жағдайлар және олардың әсері | 3.2.3.1 адамдардың табиғи жағдайларға байланысты орналасуын талдау (рельеф, климат, өсімдік және жануарлар әлемі, су нысандары) |
| | 1.4 Денсаулық пен қауіпсіздік | 3.1.4.3 түрлі дереккөздер негізінде табиғи ортадағы қауіп-қатерлерді анықтау және бағалау |
| 2 Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен | 3.5 Қазақстан тарихы: тәуелсіздік, мемлекеттілік және патриотизм | 3.3.5.2 тұлғаның, отбасының, қоғам мен мемлекеттің дамуындағы еңбектің рөлін түсіндіру |
| | 1.1 Мен және менің отбасым | 3.1.1.4 өз шығындарын жоспарлау және негіздеу |
| | 1.2 Мектеп және мектеп қауымдастығы | 3.1.2.1 сыныптың өзін-өзі басқару ережелерін түсіндіру және өз нұсқасын ұсыну |
| | 1.5 Құқық және міндет | 3.1.5.1 Қазақстан Республикасының Конституциясының маңызын түсіндіру |
| 2-тоқсан | | |
| 3 Уақыт | 1.1 Мен және менің отбасым | 3.1.1.1 отбасы мүшелерінің арасындағы туыстық қатынастарды түсіндіру |
| | | 3.1.1.2 әулет шежіресін құрастыру |
| | 1.4 Денсаулық пен қауіпсіздік | 3.1.4.2 спорт түрлерін топтастыру, спорттың қандай да бір түрімен айналысу үшін қажетті негізгі және өзінің |

| | | |
|---|---|---|
| | | қабілеттерін анықтау |
| | 1.6 Мерекелер | 3.1.6.1 зерттеулер негізінде Қазақстан халықтарының ұлттық мерекелерін шығармашылық түрде ұсыну |
| | 2.2 Климат және ауа-райы | 3.2.2.2 ауа райы мен климаттың қолайсыз жағдайларында өзін-өзі ұстау ережелерін құрастыру |
| | 3.1 Ежелгі мәдениеттер мен өркениеттер | 3.3.1.1 көшпелі және отырықшы өмір салтының ерекшеліктерін түсіндіру |
| | | 3.3.1.2 тарих және мәдениет ескерткіштерін сақтау маңыздылығын түсіндіру |
| | 3.2 Қазақстанның тарихи тамырлары | 3.3.2.1 түрлі материалдарды зерделеу арқылы түркілердің өмір салтын анықтау |
| 4 Сәулет өнері | 1.3 Менің атамекенім | 3.1.3.1 елді мекендерді түрлі белгілері бойынша ажырату (тип, көлемі, қызметі) |
| | 2.4 Туризм | 3.1.3.2 қала мен ауылдың байланысын зерттеу, мысалдар келтіру |
| | 2.1 Жергілікті жерде бағдарлану | 3.2.1.2 масштаб пен шартты белгілерді пайдалана отырып, жергілікті жердің жоспарын құру |
| | | 3.2.1.1 астрономиялық белгілер бойынша көкжиек бағыттарын анықтау |
| 3-тоқсан | | |
| 5 Өнер | 1.1 Мен және менің отбасым | 3.1.1.3 өз әулетінің құндылықтарын анықтау |
| | 1.4 Денсаулық пен қауіпсіздік | 3.1.4.1 тұрмыстық құралдарды пайдалану ережелерін графикалық түрде көрсету |
| | 3.5 Қазақстан тарихы: тәуелсіздік, мемлекеттілік және патриотизм | 3.3.5.1 Қазақстанның бейресми рәміздерінің мәнін түсіндіру («Алтын адам», «Бәйтерек» монументі, «Мәңгілік Ел» қақпасы) |
| 6 Атақты тұлғалар | 3.3 Қазақстан тарихындағы маңызды оқиғалар | 3.3.3.1 Қазақ хандығының құрылу себептерін түсіндіру |
| | 3.4 Көрнекті тарихи тұлғалар және мәдениет қайраткерлері | 3.3.4.1 тарихи мысалдар негізінде хандар, батырлар мен билердің рөлін түсіндіру |
| | | 3.3.4.2 тарихи мысалдар негізінде қазақ халқының азаттығы үшін күрескен тұлғалардың рөлін шығармашылық түрде көрсету |
| 4-тоқсан | | |
| 7 Су – тіршілік | 2.4 Туризм | 3.2.4.1 Қазақстанның барынша тартымды туристік нысандарының рейтингін жасау |

| | | |
|---|---|---|
| көзі | 2.3 Табиғи жағдайлар және олардың әсері | 3.2.3.2 геологиялық және табиғи-климаттық апаттар туындаған жағдайдағы өзін өзі ұстау ережелерін құрастыру |
| 8 Демалыс мәдениеті. Мерекелер | 1.1 Мен және менің отбасым | 3.1.1.5 өз шығындарын оңтайландыру жолдарын ұсыну |

## II. Іріктеп алынған оқыту мақсаттары бойынша диагностикалық жұмыстың үлгісі (екі нұсқа)


16.2-кесте – «Жанды табиғат» ортақ тақырыбы бойынша диагностикалық жұмыс жүргізуге ұсынылатын оқыту мақсаттары

| Бөлімше атауы | 3-сынып |
|---|---|
| **«Жанды табиғат» ортақ тақырыбы бойынша** | |
| 2.2 Климат және ауа-райы | 3.2.2.1 Жер климатының негізгі түрлерінің сипаттамаларын анықтау |
| 2.3 Табиғи жағдайлар және олардың әсері | 3.2.3.1 адамдардың табиғи жағдайларға байланысты орналасуын талдау (рельеф, климат, өсімдік және жануарлар әлемі, су нысандары) |
| 1.4 Денсаулық пен қауіпсіздік | 3.1.4.3 түрлі дереккөздер негізінде табиғи ортадағы қауіп-қатерлерді анықтау және бағалау |

### «Жанды табиғат» ортақ тақырыбы бойынша диагностикалық жұмыстың үлгісі
### Өзіндік жұмыс

**1- тапсырма**

Жер бетінің климаттық белдеулерін анықтап, байланыстырып сыз




**2- тапсырма**

Суреттегі жануарларды тіршілік ететін белдеуімен сәйкестендір




**3- тапсырма**

Геологиялық катаклизмдерді жасыл түспен, табиғи – климаттық катаклизмдерді қызыл түспен боя




**4-тапсырма**

Жануарлардан келетін қауіптерге мысал жаз

1) _____
2) _____

**5-тапсырма**

Өсімдіктерден келетін қауіптерге мысал жаз

1) _____
2) _____


**5-тапсырма**

**Табиғи құбылыстан келетін қауіптерге мысал жаз**

1) _____

2) _____

16.3-кесте – «Жанды табиғат» ортақ тақырыбы бойынша өзіндік жұмысты бағалау

| № | Бағалау критерийлері | Дұрыс жауаптар | Ұпай саны |
|---|---|---|---|
| 1-тапсырма | Климаттық белдеулердің түрлерін анықтайды. | Климаттық белдеу түрлері:<br>1. Экваторлық–тропиктік<br>2. Қоңыржай<br>3. Полярлық | 1<br>1<br>1 |
| 2-тапсырма | Жануарлардың тіршілік ететін белдеуін анықтайды. |  | 7 |
| 3-тапсырма | Катаклизмнің түрлерін ажыратады. |  | 8 |
| 4-тапсырма | Жануарлардан, өсімдіктерден, табиғи құбылыстардан келетін қауіптерге екі мысалдан жазады. | Жануарлардан келетін қауіптер:<br>- Улы жануарлар шағуы<br>- Жабайы жануарлар жарақаттауы<br>Өсімдіктерден келетін қауіптер:<br>- Улы өсімдіктермен улану<br>- Бұтақ, тікенектен жарақаттануы<br>Табиғи құбылыстардан келетін қауіптер:<br>- Суқоймаларға суға батуы<br>- Найзағайдың түсуі | 6 |
| **Барлық ұпай саны** | | | **24** |

16.4-кесте – «Сәулет өнері» ортақ тақырыбы бойынша диагностикалық жұмыс жүргізуге ұсынылатын оқыту мақсаттары

| «Сәулет өнері» ортақ тақырыбы бойынша | |
|---|---|
| **Бөлімше атауы** | **3 - сынып** |
| 1.3 Менің атамекенім | 3.1.3.1 елді мекендерді түрлі белгілері бойынша ажырату (тип, көлемі, қызметі) |
| 2.4 Туризм | 3.1.3.2 қала мен ауылдың байланысын зерттеу, мысалдар келтіру |
| 2.1 Жергілікті жерде бағдарлану | 3.2.1.2 масштаб пен шартты белгілерді пайдалана отырып, жергілікті жердің жоспарын құру |
| | 3.2.1.1 астрономиялық белгілер бойынша көкжиек бағыттарын анықтау |

**«Сәулет өнері» ортақ тақырыбы бойынша диагностикалық жұмыс жүргізуге ұсынылатын тестік тапсырмалар**

1. Елді мекендердің түрлерін анықта.

А) мерзімдік, көлемдік

Ә) қалалық, ауылдық

Б) аумақтық, аудандық

В) облыстық, шекаралық

2. Қазақстанда қанша қала бар?

А) 88

Ә) 78

Б) 87

В) 89

3. Ірі қалаға жататын қаланы анықта

А) Шымкент

Ә) Екібастұз

Б) Көкшетау

В) Сарыағаш

4. Қазақстанның астанасы - қай қала?

А) Қостанай

Ә) Нұр – Сұлтан

Б) Ақтау

В) Қарағанды

5. Портты қаланы анықта.

А) Қостанай

Ә) Нұр – Сұлтан

Б) Ақтау

В) Қарағанды

6. .... - бұл адамдардың шаруашылық қызметі.

А) Өндіріс

Ә) Құрылыс
Б) Көлік
В) Экономика
7. Экономика саласын тап
А) ауылшаруашылық
Ә) адам
Б) өсімдік
В) жануар
8.  шартты белгісі нені білдіреді?
А) бұлақ
Ә) көл
Б) орман
В) бақ
9. Жер бетінде өлшенген қашықтықты қағазға түсіргенде қанша рет кішірейтілгендігін көрсететін бөлшек сан қалай аталады?
А) сурет
Ә) масштаб
Б) план
В) шартты белгі
10. Күн жүйесіне кіретін ғаламшарды анықта
А) Юпитер
Ә) Темірқазық
Б) Жетіқарақшы
В) Күн
11. Жол бағдарлауға мүмкіндік беретін шоқ жұлдызды анықта
А) Арыстан
Ә) Темірқазық
Б) Екі аю
В) Су құйғыш
12. Жол бағдарлауға мүмкіндік бермейтін денені анықта.
А) Күн
Ә) Ай
Б) Жұлдыз
В) Топырақ

16.5-кесте – «Сәулет өнері» ортақ тақырыбы бойынша тесттік тапсырмаларды бағалау

| № | Бағалау критерийі | Жауаптар | Ұпай |
|---|---|---|---|
| 1 | Елді мекеннің түрлерін анықтайды; | Ә) қалалық, ауылдық | 1 |
| 2 | Қазақстандағы қала санын анықтайды; | Б) 87 | 1 |
| 3 | Ірі қаланы анықтайды; | А) Шымкент | 1 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 4 | Қазақстанның астанасын анықтайды; | Ә) Нұр - Сұлтан | 1 |
| 5 | Қазақстандағы портты қаланы анықтайды; | Б) Ақтау | 1 |
| 6 | Адамдардың шаруашылық қызметін анықтайды; | В) Экономика | 1 |
| 7 | Экономика саласын табады; | А) ауылшаруашылық | 1 |
| 8 | Шартты белгінің мағынасын анықтайды; | В) бақ | 1 |
| 9 | Жер бетінде өлшенген қашықтықты қағазға түсіргенде қанша рет кішірейтілгендігін көрсететін бөлшек санның не екенін анықтайды; | Ә) масштаб | 1 |
| 10 | Күн жүйесіне кіретін ғаламшарды анықтайды; | А) Юпитер | 1 |
| 11 | Жол бағдарлауға мүмкіндік беретін шоқ жұлдызды анықтайды; | Ә) Темірқазық | 1 |
| 12 | Жол бағдарлауға мүмкіндік бермейтін денені анықта. | В) Топырақ | 1 |
| **Барлығы** | | | **2** |


16.6-кесте – «Атақты тұлғалар» ортақ тақырыбы бойынша диагностикалық жұмыс жүргізуге ұсынылатын оқыту мақсаттары

| **«Атақты тұлғалар» ортақ тақырыбы бойынша** | |
|---|---|
| **Бөлімше атауы** | **3 - сынып** |
| 3.3 Қазақстан тарихындағы маңызды оқиғалар | 3.3.3.1 Қазақ хандығының құрылу себептерін түсіндіру |
| 3.4 Көрнекті тарихи тұлғалар және мәдениет қайраткерлері | 3.3.4.1 тарихи мысалдар негізінде хандар, батырлар мен билердің рөлін түсіндіру |
| | 3.3.4.2 тарихи мысалдар негізінде қазақ халқының азаттығы үшін күрескен тұлғалардың рөлін шығармашылық түрде көрсету |

«Атақты тұлғалар» ортақ тақырыбы бойынша диагностикалық жұмыс жүргізуге ұсынылатын тапсырмалар үлгісі

**1- тапсырма**

Сөзжұмбақты шеш. Жасырын сөзді анықта.



1.11– 12 ғасырда Дунай жағасында өмір сүрген халық.
2.Қыпшақтар ерекше бағалаған үй жануары
3.Қыпшақтар еккен дәнді дақылдардың бірі
4.Қыпшақ тілінде «бес» саны.
5.Қыпшақтар мекендеген тау
6.Түркілердің қыпшақ тармағынан тараған халық

**2- тапсырма**

Берілген ақпарат кім\не туралы екенін анықтап жаз

А) 6 – ғасырда Жайық өзені мен Балқаш көлінің арасындағы жерде өмір сүрген. Мемлекет басшысының есімі мен мемлекет атауы бір. Елдің басшысының билігіне халқы наразы болды. Бұл қай мемлекет?

_____

Ә) Сұлтандар халыққа бас болып, Жетісу өңіріне көшті. Жетісу ханы сұлтандарды құшақ жая қарсы алды. Шу мен Талас өзендерінің арасындағы жерге ие болды. 1465 жылы Қазақ хандығын құрды. Бірі – тақ иесі, бірі – ақыл иесі болды.
Бұл қай сұлтандар?

_____

Б) Жетісуда билік жүргізген - хан . Жетісуға көшіп келген халықты құшақ жая қарсы алды. Шу мен Талас өзендерінің арасындағы жерді Қазақ хандығының сұлтандарына береді.
Бұл хан кім?

_____

**3 - тапсырма**

Дұрыс жауабын тап

| | |
|---|---|
| 1. Жайықтан Балқашқа дейінгі жерлерді біріктіріп, билік жүргізген, қазақ жерінің іргесін бекіткен хан. | А) Тәуке хан |
| 2. Ор бұлақ шайқасында 600 жауынгер және Жалаңтөс батырдың қолымен жаудың 50 мың қолын жеңген хан. | Ә) Қасым хан |
| 3. Аты «Алтын ғасыр» | |

ұғымы және «Жеті жарғы» заңымен тығыз байланысты хан

Б) Жәңгір хан

**4 - тапсырма**

Кестені толтыр


| Суреті | Аты – жөні | Ақпарат | батыр болса ✚ би болса ✓ |
|---|---|---|---|
|  | **Төле** | | |
|  | **Қабанбай** | | |
|  | **Қазыбек** | | |
|  | **Бөгенбай** | | |
|  | **Наурызбай** | | |
|  | **Әйтеке** | | |

**5 - тапсырма**

«Тәуелсіздік сыйлаған ата – бабама тағзым етемін» тақырыбында эссе жаз

16.7-кесте – «Атақты тұлғалар» ортақ тақырыбы бойынша тапсырмаларды бағалау

| № | Бағалау критерийі | Жауаптар | Ұпай |
|---|---|---|---|
| 1 | Сөз жұмбақ сұрақтарының жауаптарын табады;<br>Жасырын сөзді анықтады; | 1. Қыпшақ<br>2. Жылқы<br>3. Арпа<br>4. Беш<br>5. Алтай<br>6. Қазақ<br>Жасырын сөз: Қыпшақ | 1<br>1<br>1<br>1<br>1<br>1<br>1 |
| 2 | Берілген ақпараттың не\кім туралы екенін анықтайды; | А) Әбілқайыр ұлысы (мемлекеті)<br>Ә) Керей мен Жәнібек сұлтандар<br>Б) Есенбұға хан | 1<br>1<br>1 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 3 | Қазақ хандарын тиісті ақпаратпен сәйкестендіреді; |  | 1<br>1<br>1 |
| 4 | Кестені толтырады; |  | 12 |
| 5 | «Тәуелсіздік сыйлаған ата – бабама тағзым етемін» тақырыбында эссе жазады; | - Тақырып пен мәтін мазмұны сәйкес келеді;<br>- Жүйелі жазады;<br>- Мазмұны толық ашады;<br>- Сауаттылық нормалары сақталады;<br>- Көлемі нормаға сәйкес келеді; | 5 |
| **Барлығы** | | | **30** |

## III. Сабақ барысында толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары

16.8-кесте – Сабақ барысында толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқу мақсаттарының жобасы (Қысқа мерзімді сабақ жоспарын әзірлеуде кіріктіріп өткізуге ұсынылатын күрделі оқу мақсаттары)

| **Оқу мақсаттары** | | |
|---|---|---|
| **4-сынып** | | **3-сынып** |
| 2.2 Климат және ауа райы | 4.2.2.1 адамзат дамуына климаттық әсерін талдау | 3.2.2.1 Жер климатының негізгі түрлерінің сипаттамаларын анықтау |
| 2.3 табиғи жағдайлар және олардың әсері | 4.2.3.1 өз өңіріндегі және Қазақстан аймақтарындағы адамдардың табиғи жағдайларға (рельеф, климат, өсімдік және жануарлар әлемі, су нысандары) байланысты шаруашылық іс – әрекетін талдау | 3.2.3.1 адамдардың табиғи жағдайларға байланысты орналасуын талдау (рельеф, климат, өсімдік және жануарлар әлемі, су нысандары) |
| 1.5 Құқық және міндет | 4.1.5.2 Қазақстан Республикасының азаматы ретінде жеке тұлғаның демократиялық құқықтары, бостандықтары, міндеттерінен мысал келтіру | 3.3.5.2 тұлғаның, отбасының, қоғам мен мемлекеттің дамуындағы еңбектің рөлін түсіндіру |
| 1.4 Денсаулық және қауіпсіздік | 4.1.4.2 спорттың әр түрлеріндегі жарақаттану қауіпін азайту және алдын | 3.1.4.2 спорт түрлерін топтастыру, спорттың қандай да |

| | | |
|---|---|---|
| | алу әдістерін ұсыну | бір түрімен айналысу үшін қажетті негізгі және өзінің қабілеттерін анықтау |
| 1.6 Мерекелер | 4.1.6.1 зерттеулер негізінде кәсіби мерекелердің тарихын шығармашылық түрде таныстыру | 3.1.6.1 зерттеулер негізінде Қазақстан халықтарының ұлттық мерекелерін шығармашылық түрде ұсыну |
| 2.3 Табиғи жағдайлар және олардың әсері | 4.2.3.2 зерттеу негізінде өз өңіріндегі табиғи апаттар туындауы ықтималдылығын болжау | 3.2.2.2 ауа райы мен климаттың қолайсыз жағдайларында өзін-өзі ұстау ережелерін құрастыру |
| | | 3.2.3.2 геологиялық және табиғи-климаттық апаттар туындаған жағдайдағы өзін өзі ұстау ережелерін құрастыру |
| 3.1 Ежелгі мәдениеттер мен өркениеттер | 4.3.1.1 түрлі дереккөздер негізінде тарихи кезеңдердегі технологиялық прогресті анықтау | 3.3.1.1 көшпелі және отырықшы өмір салтының ерекшеліктерін түсіндіру |
| | 4.3.1.2 тарихи мұражайлардың қызметін түсіндіру | 3.3.1.2 тарих және мәдениет ескерткіштерін сақтау маңыздылығын түсіндіру |
| 3.2 Қазақстанның тарихи тамыры | 4.3.2.2 сақтар, ғұндар, түркілер және қазақтар арасындағы байланысты графикалық түрде бейнелеу | 3.3.2.1 түрлі материалдарды зерделеу арқылы түркілердің өмір салтын анықтау |
| 1.3. Менің атамекенім | 4.1.3.1 түрлі дәрежедегі әкімшілік – аумақтық бірліктерді (аймақ, аудан, аудан, облыс) ажырату | 3.1.3.1 елді мекендерді түрлі белгілері бойынша ажырату (тип, көлемі, қызметі) |
| 2.1 Жергілікті жерде бағдарлану | 4.2.1.2 глобус мен карталардың қолдану аясын, олардың негізгі нысандарды көрсете білу | 3.2.1.2 масштаб пен шартты белгілерді пайдалана отырып, жергілікті жердің жоспарын құру |
| 3.5 Қазақстан тарихы: тәуелсіздік, мемлекеттілік және патриотизм | 4.3.5.1 зерттеулер негізінде «Қазақстан» атауымен байланысты мағыналық ассоциациялар қатарын (ұлттық бренд) ұсыну | 3.3.5.1 Қазақстанның бейресми рәміздерінің мәнін түсіндіру («Алтын адам», «Бәйтерек» монументі, «Мәңгілік Ел» қақпасы) |
| 3.4 Көрнекті тарихи тұлғалар және мәдениет қайраткерлері | 4.3.4.1 өмірбаяндық мәліметтеріне сүйене отырып, шығармашылық және еңбек салаларындағы көрнекті қайраткерлердің елімізге сіңірген еңбегі туралы қорытынды жасау | 3.3.4.2 тарихи мысалдар негізінде қазақ халқының азаттығы үшін күрескен тұлғалардың рөлін шығармашылық түрде көрсету |
| 2.4 Туризм | 4.2.4.1 ақпараттың қолжетімді көздерін интернет, кітаптар, Бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалана отырып, Қазақстан мен Астана бойынша туристік маршрут құру | 3.2.4.1 Қазақстанның барынша тартымды туристік нысандарының рейтингін жасау |

## IV. Кіріктірілетін оқыту мақсаттары бойынша ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгісі

16.9-кесте – «Тас дәуірінен ғарыш әлеміне дейін» тақырыбындағы кіріктірілетін оқыту мақсаттары бойынша ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгісі

| | | |
|---|---|---|
| Мектеп: | Шейх Тәмим бен Хамад әл - Тәни атындағы 85 мектеп - лицей КММ | |
| Мұғалімнің аты – жөні: | Есмурзина Айгерим Жаксылыковна | |
| Тақырыбы: Тас дәуірінен ғарыш әлеміне дейін | Мектеп: | |
| Сынып:4 | Қатысқандар саны: | Қатыспағандар саны: |
| Оқыту мақсаттары | 4.3.1.1 түрлі дереккөздер негізінде тарихи кезеңдердегі технологиялық прогресті анықтау | |
| Кіріктірліген оқу мақсаты | 3.3.1.1 көшпелі және отырықшы өмір салтының ерекшеліктерін түсіндіру | |
| Сабақтың мақсаттары | Барлық оқушылар: | |
| | Техникалық прогресс туралы біледі; | |
| | Көптеген оқушылар: | |
| | Техникалық прогрестің даму кезеңдерін біледі; | |
| | Кейбір оқушылар: | |
| | Техникалық прогрестің адам өміріне тигізетін әсерін оқып таниды; | |
| Тілдік мақсаттар | Дағдыларын дамыту:<br>Пәндік лексика және терминология: прогресс, техника, авиация | |
| | Сабақта диалог/жазу үшін пайдаланылатын тіл.<br>Талқылау:<br>- Тас дәуірінде адамдар қалай өмір сүргенін болжап көр<br>- Техникалық прогресс ұғымын қалай түсінесің?<br>- Техника ұғымын қалай түсінесің?<br>- Авиацияның даму кезеңдері туралы не айта аласың?<br>- Ғарыш саласының даму кезеңдері туралы не айтасыз? | |
| | Жазу:<br>Техникалық прогреске қатысты екі дұрыс, екі бұрыс пікір жазады. | |
| Тірек білім, білік, дағдылар | Еңбек құралдар, ғарыш, ұшақ, компьютер | |

| Сабақтың барысы | | |
|---|---|---|
| Жоспарланған уақыт (минут) | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
| Сабақтың басы<br><br>5мин | “Ой шақыру “стратегиясы<br>Суретке қарап, адамдардың қай заманда өмір сүргенін, қандай кәсіппен айналысқанын болжап көр.<br><br>Тас дәуірінде адамдар ежелгі адамдарға қарағанда тасты тіршіліктеріне қолданып үйренген. Тас дәуірінде тастан жасалған еңбек құралдар, қару – жарақтар, баспаналар пайда болған.<br>Дескрипторлар:<br>- Суреттегі адамдардың қай дәуірде өмір сүргенін болжайды;<br>- Суретте бейнеленген адамдар қандай кәсіппен айналысқанын болжайды;<br>- Тас дәуірі ұғымымен танысады;<br><br>(ҰЖ) Прогресс<br>Еңбек құралдың дамуының келесі кезеңін анықта. | <br>Тас дәуіріндегі адамдар бейнеленген сурет |
| Сабақтың ортасы<br><br>5мин | Суретте берілген еңбек құралдарды пайда болуына қарай реттік номермен белгіле.<br><br>Сөздік жұмысы<br>Прогресс – алға ұмтылу, дамудың жоғары сатысына көтерілу<br><br>Дескрипторлар:<br>- Тас дәуірінде қолданылған еңбек құралының даму кезеңдерін анықтайды; | <br>Тас дәуіріндегі еңбек құралының суреті |

| | | |
|---|---|---|
| 20мин | - Ең құралының қалай жақсартылып отырғанын түсінеді;<br>- Прогресс ұғымымен танысады;<br><br>(ТЖ) «Мен білгім келеді»<br>1-топ Авиация саласындағы техникалық прогресс<br>2-топ Ғарыш саласындағы техникалық прогресс<br>3-топ Компьютер саласындағы техникалық прогресс<br>Топтарға тақырыптар және тақырып бойынша мәлімет беріледі. Оқушылар ақпаратты жүйелеп, жариялым жасайды.<br>1 – топ<br>Авиация саласындағы прогресс<br>✓ Ағайынды Райттар ұшағы (1903)<br>✓ Бірінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі ұшақ (1915)<br>✓ Дыбыстан жылдам ұшатын ТУ – 144 ұшағы (1975)<br>✓ «Эйр Астана» компаниясының Боинг – 757ұшағы (2019)<br><br>Ағайынды Райттар ұшағы (1903) Бірінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі ұшақ(1915)<br>Дыбыстан жылдам ұшатын ТУ –144 ұшағы (1975) «Эйр Астана» компаниясының Боинг- 757ұшағы (2019)<br>2-топ<br>Ғарыш саласындағы прогресс<br>✓ Жер туралы болжамдар<br>✓ Жер шар тәрізді екендігі дәлелденді<br>✓ Телескоп ойлап табылды<br>✓ Ғарышқа жануарлар ұшырыла бастады<br>✓ Ғарышқа адам ұшырыла бастады<br>✓ Қазіргі замандағы ғарыштың дамуы | А3 форматтағы ақ қағаз |

| | | |
|---|---|---|
| 2мин<br><br>5мин<br><br>7мин |   <br>Жер туралы болжамдар Жер шар тәрізді екені белгілі болды Телескопты ойлап тапты<br>  <br>Ғарышқа жануарлардың ұшуы Адамның ғарышқа ұшуы Қазіргі кездегі ғарыштың дамуы<br><br>3-топ<br>Компьютерлік технология саласындағы прогресс<br>✓ Үлкен залда орналасқан<br>✓ Бөлмеде орналасқан<br>✓ Шағын функциялы<br>✓ 20-ғасырдың соңындағы<br>✓ 21-ғасырдың басындағы<br>✓ Қазіргі замандағы<br>  <br>Үлкен залда орналасқан Бөлмеде орналасқан Шағын функциялы<br>  <br>20 ғасырдың соңындағы 21 ғасырдың басындағы Қазіргі замандағы | Сергіту сәтіне арналған аудио материал |

| | | |
|---|---|---|
| | Дескрипторлар:<br>- Берілген ақпаратпен танысады;<br>- Ақпаратты жүйелейді;<br>- Жариялым жасайды;<br>- Авиация, ғарыш, компьютер саласының даму кезеңдерін біледі;<br>Сергіту сәті<br>(ЖЖ) «Дұрыс – бұрыс» жұптық жұмысы<br>Жұпта оқушылар екі дұрыс, екі бұрыс пікір құрастырады. Құрастырған пікірлерін ұжымға айтады. Ұжым пікірлердің дұрыс не бұрыстығын анықтайды.<br>Дескрипторлар:<br>- Екі дұрыс, екі бұрыс пікірді жұпта жазады;<br>- Жазған пікірді ұжымда дауыстап оқиды;<br>- Пікірдің дұрыстығы мен бұрыстығын анықтайды;<br><br>(ӨЖ) «Менің ойым»<br>Берілген сұрақтардың бірі туралы өз ойыңмен бөлісу. Дәлел келтіру<br>- Техникалық прогресс адам өмірін жеңілдетті ме, қиындатты ма?<br>- Болашақта қандай жаңалықтар пайда болуы мүмкін деп ойлайсың<br>Дескрипторлар:<br>- Сұрақтар бойынша өз ойымен бөлеседі;<br>- Өз ойына дәлелдер келтіреді;<br>Бағалау<br>Өз ойларын білдірген оқушыларды «Шапалақ» әдісі арқылы бағалау.<br>(ҰЖ) Суретке қарап қандай прогресті байқауға болады? Прогресті толықтыруға талпын.<br> |  |

| | | |
|---|---|---|
| | Баспананың даму кезеңдері<br>- Көшпелі өмір салтына ыңғайлы баспана<br>- Отырықшы өмір салтына ыңғайлы баспана<br>- Қазіргі замандағы баспана<br>Дескрипторлар:<br>- Сурет бойынша прогресті болжайды;<br>- Баспананың даму кезеңдерін әңгімелейді;<br>- Баспананың даму кезеңдерін қандай кезең қосар едің?<br>Бағалау<br>Оқушылардың жауаптарын ауызша мадақтау тәсілі арқылы бағалау. | |
| Сабақтың соңы<br>3мин | Кері байланыс<br>Тақтаға үш түрлі көңіл - күйдегі ергежейлі бейнесін ілу. Оқушыларға ергежейлінің ішінен өзінің бүгінгі сабақтағы көңіл - күйі қай ергежейлімен сәйкес келсе, сол ергежейліге өз билетін беру керектігін айту.<br> Бірінші ергежейлі, ол тақырыпты өте жақсы түсінді. Енді ол келесі жаңа тақырыпты бастауға дайын.<br> екінші ергежейлі, ол тақырыпты түсінді алайда қате жіберіп қоямын деп ойлайды. Сондықтан тағы да осы тақырыпты қайталап өткісі келеді.<br> үшінші ергежейлі, ол бүгінгі тақырып туралы толық түсінбеді. Қайта түсіндіріп беруін сұрайды.<br>Оқушылар өзінің бүгінгі сабақта өткен тақырыпқа қатысты ойын ергежейлілер арқылы жеткізеді. Оқушылар өз билетін қалаған ергежейлінің жанына рет – ретімен іледі. Әр ергежейлінің жанында диаграмма пайда болады. Диаграммаға қарап оқушылардың тақырыпты қаншалықты түсінгенін бақылауға болады. | |

# V. Сабақтан тыс уақытта толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары

16.11-кесте – Сабақтан тыс уақытта толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары

| Бөлімше (түйінді дағдылар) | Оқу мақсаттары |
|---|---|
| | 3-сынып |
| 1.1 Мен және менің отбасым | 3.1.1.5 өз шығындарын оңтайландыру жолдарын ұсыну |
| | 3.1.1.1 отбасы мүшелерінің арасындағы туыстық қатынастарды түсіндіру |
| | 3.1.1.4 өз шығындарын жоспарлау және негіздеу |
| 3.5 Қазақстан тарихы: тәуелсіздік, мемлекеттілік және патриотизм | 3.3.5.1 Қазақстанның бейресми рәміздерінің мәнін түсіндіру («Алтын адам», «Бәйтерек» монументі, «Мәңгілік Ел» қақпасы) |
| 3.1 Ежелгі мәдениеттер мен өркениеттер | 3.3.1.2 тарих және мәдениет ескерткіштерін сақтау маңыздылығын түсіндіру |
| 1.4 Денсаулық және қауіпсіздік | 3.1.4.3 түрлі дереккөздер негізінде табиғи ортадағы қауіп-қатерлерді анықтау және бағалау |
| 1.5 Құқық және міндет | 3.1.2.1 сыныптың өзін-өзі басқару ережелерін түсіндіру және өз нұсқасын ұсыну |

16.12-кесте – Сабақтан тыс уақытта толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттарына жұмыс жоспары

| Бөлім бойынша оқу мақсаттары | Сыныптан тыс жұмыстар |
|---|---|
| 3-сынып | |
| 3.1.1.5 өз шығындарын оңтайландыру жолдарын ұсыну | «Кіріс – шығыс күнделігі»<br>Айлық шығындар мен кірістер күнделігін жүргізу.<br>Жөнсіз шығындарды жою жолдарын қарастыру.<br>Сыныптастарымен жасаған жұмысымен бөлісу |
| | |
| 3.1.1.1 отбасы мүшелерінің арасындағы туыстық қатынастарды түсіндіру | «Менің туыстарым» жобасын жасау<br>Туыстары туралы жариялым жасауға дайындалу |
| 3.3.5.1 Қазақстанның бейресми рәміздерінің мәнін түсіндіру («Алтын адам», «Бәйтерек» монументі, «Мәңгілік Ел» қақпасы) | «Алтын адам» ескерткіші, «Бәйтерек» монументі, «Мәңгілік Ел» қақпасы тақырыптарында кітапша жасау |
| 3.3.1.2 тарих және мәдениет ескерткіштерін сақтау маңыздылығын түсіндіру | Мұражайға саяхат ұйымдастыру |
| 3.1.2.1 сыныптың өзін-өзі басқару ережелерін түсіндіру және өз нұсқасын | Сынып белсенділерін сайлауын жүргізу. |

| | |
|---|---|
| ұсыну | |

## VI. Кіріктіруге болмайтын оқыту мақсаттары қарастырылатын кеңестердің кестесі

16.13-кесте – Жаңа тақырыптың алдында ұйымдастырылатын кеңестер кестесі

| **Тақырып 4-сынып** | Оқу мақсаттары | Жұмыс түрі |
|---|---|---|
| Отбасының қоғам өміріндегі маңызы | 3.1.1.3 өз әулетінің құндылықтарын анықтау | Қыркүйек айының екінші жексенбісі Отбасы күні мерекесінде «Менің отбасым» жобасын жасау |
| Қазақ халқының шығу тегі | 3.3.4.1 тарихи мысалдар негізінде хандар, батырлар мен билердің рөлін түсіндіру | Мұражайға саяхат жасау |
| Менің өлкемнің өнеркәсібі мен ауылшаруашылығы | 3.1.3.2 қала мен ауылдың байланысын зерттеу, мысалдар келтіру | «Ауылдың қаласыз, қаланың ауылсыз өмірі жоқ» тақырыбында пікірталас ұйымдастыру |

16.14-кесте – Каникул кездерінде ұйымдастырылатын кеңестер кестесі (күзгі, қысқы, көктемгі)

| Өткізілетін мерзімі | Тақырып 4-сынып | Оқыту мақсаттары |
|---|---|---|
| Күзгі каникул | Катаклизм кезіндегі менің қауіпсіздігім | 3.1.4.3 түрлі дереккөздер негізінде табиғи ортадағы қауіп-қатерлерді анықтау және бағалау |
| Қысқы каникул | Біздің отбасылық бюджетіміз | 3.1.1.4 өз шығындарын жоспарлау және негіздеу |
| Көктемгі каникул | Жасанды ортадағы қауіп – қатер | 3.1.4.1 тұрмыстық құралдарды пайдалану ережелерін графикалық түрде көрсету |

## VII. Жазғы мектеп кезінде ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгісі

16.14-кесте – Жазғы мектеп кезінде «Біздің отбасылық бюджетіміз» тақырыбында ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспары

| | |
|---|---|
| Мектеп: | Шейх Тәмим бен Хамад әл - Тәни атындағы 85 мектеп - лицей КММ |
| Мұғалімнің аты – жөні: | Есмурзина Айгерим Жаксылыковна |
| Бөлімі: | Құндылықтар |
| Сыныбы: 4 | Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны: |
| Сабақ тақырыбы | Біздің отбасылық бюджетіміз |
| Ойлау дағдыларының деңгейі | Біледі,түсінеді, қолданады |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты | 4.1.1.3 отбасы бюджетінің негізгі кіріс-шығыстарын талдау<br>4.1.1.4 отбасы бюджетін оңтайландыру жолдарын ұсыну |
| Сабақтың мақсаты: | Барлық оқушылар: Оқушылар отбасының маңыздылығын дәлелдеуге, отбасы мүшелерінің функционалдық рөлін талдауға үйренеді.<br>Көптеген оқушылар: Конституцияны туралы ұғымдарын толықтырады.Оқушылар адам өміріндегі ата заңның маңыздылығы туралы қорытынды жасауға үйренеді.<br>Кейбір оқушылар: Тапсырмалар отбасылық бюджеттің табысын және шығыстарын талдау мүмкіндігіне бағытталған. Оқушылар отбасы бюджетін оңтайландыру жолдарын ұсынады. |
| Бағалау критерийлері | Оқушылар отбасының қоғам өміріндегі маңызын дәлелдеуге, отбасы мүшелерінің функционалдық рөлін талдауға үйренеді. Отбасы бюджетінің негізгі кіріс-шығыстарын талдайды<br>Қазақстан Республикасының азаматы ретіндегі жеке тұлғаның демократиялық құқықтары мен бостандықтарының, міндеттерінің болуын, мысалдар келтіру арқылы дәлелдеу дағдысы дамиды.<br>Оқушылар арасындағы көшбасшыға тән тұлғалық қасиеттерді анықтауды үйренеді. |

**Сабақ барысы**

| Сабақ кезеңі/ Уақыты | Педагогтің іс-әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы<br>Ұйымдастыру кезеңі | **Психологиялық ахуал қалыптастыру:**<br>«Бір сөзбен» әдісі барысында оқушылар берілген | Берілген сөздердің | Мадақтау<br>Сұраққа жауап | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | сөздердің ішінен бүгінгі сабақтағы жағдайын сипаттайтын үш сөзді таңдайды. (қуаныш, немқұрайлылық, шабыт, зерігу, сенімсіздік,сенімділік,рахаттану,алаңдау) | ішінен өздері сабақ барысында қандай көңіл-күйде болғысы келетінін айтады | берген оқушыны мадақтау,толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату. | Суреттер |
| Сабақтың ортасы | Жаңа сабақ<br><br>Отбасылық бюджет дегеніміз не?<br>**Отбасы бюджеті дегеніміз – бұл әдетте кесте түрінде бір айға жасалатын отбасылық кірістер мен шығыстардың есебі, отбасылық баланс.**<br><br><br><br><br>1-тапсырма<br>Табыс көзі деген не?<br>Отбасыңның табыс көзі не?<br><br>Дескрипторы:<br>Берілген тақырып бойынша өз көзқарасын білдіріп, ой қорыту жасай алады. | Дәптермен жұмыс жасайды<br><br>Сұраққа | Формативті бағалау<br><br><br><br><br>Сұраққа жауап берген оқушыны мадақтау,толықтыру жасау, тиімді кері байланыс | Отбасы туралы слайд<br><br>Суреттер<br><br>суреттер<br><br>Тақтаға ілінген |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Сұрақтарға жауап бере алады<br><br>2-тапсырма<br>Топтық тапсырма орындау.Ақша үлгілерімен жұмыс жасау.<br>Топтық тапсырма:<br>1-топ – Кіріс тобы.<br>Сендер отбасы мүшесісіңдер. Отбасыңа табыс әкелесіңдер. Сендердің ойларыңша айына қанша ақша табасың? Ол ақшаны қандай жұмыс жасап табасыңдар?<br><br>Кестені толтыр<br>Табыс түрлері / ӘКЕСІ / АНАСЫ<br>Айлық<br>Қосымша табыс<br><br>2-топ – Шығыс тобы<br>Сендер отбасы мүшесісіңдер.Бірақ табыс таппайсыңдар. Өйткені баласыңдар. Енді сендердің қажеттіліктеріңді білуіміз керек.Қалай ойлайсыңдар, ең маңызды қажеттіліктер не? Оған қанша ақша кетеді?<br><br>Кестені толтыр<br>Шығыс түрі / Балаларға / Үлкендерге<br>Тамақ<br>Киім<br><br>Дескриптор:<br>Кіріс және шығысты біледі.<br>Отбасы қаржысын жұмсай алады.<br><br>3-тапсырма<br>Ортақ сұрақ:<br>Өз отбасыларыңда тағы да қандай шығыс түрлері бар? | жауап дайындайды.<br><br>**Оқушыларды екі топқа бөліп, ойын ойнату**<br><br>Үйге ақша алып келіп есеп береді.<br><br>**«Үйрете отырып үйренемін» әдісі бойынша жүргізіледі.**<br><br>Кестені толтырады | орнату.<br><br><br><br>ҚБ:<br>Сен мықтысың!<br><br>Тапсырманы орындаған оқушыны ауызша мадақтау, толықтыру жасау, бағыттау. | суреттер<br><br>Оқулық<br><br>Кесте<br><br>Суреттер<br><br>Кесте<br><br>оқулық |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Отбасы мүшелерінің қосымша табыс көзі не?<br><br>Дескриптор:<br>Отбасының шығыс мөлшерін біледі<br>Табыс көзін айта алады | Өз ойын еркін жеткізуге тырысады | ҚБ:<br>Керемет! | |
| Сабақтың соңы | 4-тапсырма үйге:<br>Өз отбасыларыңның айлық кірісі мен шығысын ата-анаңмен бірге есептеп көр. | Шығармашылық жұмыс жасайды | Мадақтау, мақтау | Оқулық,<br>Суреттер |


16.14-кесте – Жазғы мектеп кезінде «Мектептегі өзін-өзі басқару» тақырыбында ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспары

| | |
|---|---|
| Мектеп: | Шейх Тәмим бен Хамад әл - Тәни атындағы 85 мектеп - лицей КММ |
| Мұғалімнің аты – жөні: | Есмурзина Айгерим Жаксылыковна |
| Бөлімі: | Құндылықтар |
| Сыныбы: 4 | Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны: |
| Сабақ тақырыбы | Мектептегі өзін-өзі басқару |
| Ойлау дағдыларының деңгейі | Біледі,түсінеді, қолданады |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты | 4.1.2.1 мектептің өзін-өзі басқару ұйымына мүше болу жолдарын түсіндіру<br>4.1.2.2 оқушылар арасындағы көшбасшыға тән тұлғалық қасиеттерді анықтау<br>4.1.5.1 Конституцияның қоғам өміріндегі маңызы туралы қорытынды жасау |
| Сабақтың мақсаты: | **Барлық оқушылар:** Оқушылар мектептің маңыздылығын дәлелдеуге, оқушылардың функционалдық рөлін талдауға үйренеді.<br>**Көптеген оқушылар:** Конституцияны туралы ұғымдарын толықтырады.Оқушылар адам өміріндегі ата заңның маңыздылығы туралы қорытынды жасауға үйренеді.<br>Кейбір оқушылар: Мектептегі өзін-өзі басқару жүйесін түсінеді, белсене қатысуға әрекеттенеді |

| | |
|---|---|
| Бағалау критерийлері | Мектептің өзін-өзі басқару ұйымына мүше болу жолдарын ұсынады.<br>Қазақстан Республикасының азаматы ретіндегі жеке тұлғаның демократиялық құқықтары мен бостандықтарының, міндеттерінің болуын, мысалдар келтіру арқылы дәлелдеу дағдысы дамиды.<br>Оқушылар арасындағы көшбасшыға тән тұлғалық қасиеттерді анықтауды үйренеді. |

**Сабақтың барысы**

| Сабақ кезеңі/ Уақыты | Педагогтің іс-әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы<br>Ұйымдастыру кезеңі | **Психологиялық ахуал қалыптастыру:**<br>«Бір сөзбен» әдісі барысында оқушылар берілген сөздердің ішінен бүгінгі сабақтағы жағдайын сипаттайтын үш сөзді таңдайды. (қуаныш, немқұрайлылық, шабыт, зерігу, сенімсіздік,сенімділік,рахаттану,алаңдау) | Берілген сөздердің ішінен өздері сабақ барысында қандай көңіл-күйде болғысы келетінін айтады | Мадақтау<br>Сұраққа жауап берген оқушыны мадақтау,толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату. | Суреттер |
| Сабақтың ортасы | Жаңа сабақ.<br>Мектептегі өзін-өзі басқару<br>Балалар, мектеп дегеніміз – қоғамның шағын үлгісі іспетті. Біз есейген кезімізде жігерлі әрі бастамашыл болу үшін болашақ өмірге деген дайындығымызды мектептен бастауымыз керек. Біз мектепте жүргенде-ақ өз бетімізше шешім қабылдауды үйренеміз. Ондай қасиеттерді тек мектеп өмірінде болмаса жиналыста да, сабақта да меңгере алмаймыз. Біздің мектебімізде өзін-өзі басқару жүйесі бар.<br>Демек, оқушылар мектептегі өз өмірлеріне байланысты мәселелерді өздері шешеді деген сөз. Мектебіміздегі өзін-өзі басқару органы – Кеңестер сол үшін сайланған. Егер оқушылардың өмірінде әлдебір мәселе туындаса, Мектеп кеңесі оны мектеп директорына жеткізеді. Кеңестер алқасы бүкіл оқушылардың атынан сөйлейтінін директор біледі. | Дәптермен жұмыс жасайды | Формативті бағалау<br>Мадақтаулар | Өз мектебі туралы слайд<br>Суреттер |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Егер балалар сабақтан тыс уақытта бірдеңемен айналысқылары келсе, мысалға, спорт мерекесін өткіземіз десе, Кеңестер алқасы оны ұйымдастыруға көмектеседі.<br>1-тапсырма<br>3-сыныпта сыныптың өзін-өзі басқаруы туралы өткенбіз. Сыныпты қалай басқарамыз? Айтып көрейік.<br>Ж: Сыныпты сынып белсенділері басқарады. Олар оқу,тәрбие саласына және сабақтан тыс жұмыстарға жауап береді.<br><br>Дескрипторы:<br>Сыныпты басқару бойынша өз көзқарасын білдіріп, ой қорыту жасай алады.<br>Сұрақтарға жауап бере алады<br><br>2-тапсырма<br>Ал бүгін мектептегі басқару жұмысын үйренеміз. Мектепті кім басқарады? Басшылар не істейді?<br><br>Ж: Мектепті директор, оқу және тәрбие орынбасарлары, шаруашылық орынбасары басқарады.<br>Олар білім, тәрбие және шаруашылық саласына жауап береді. Мектептің ережесі болады. Ереженің сақталуын қадағалайды.<br><br>Дескриптор:<br>Мектептің басқару жүйесін біледі<br>Мектеп ережесін түсінеді<br><br>3-тапсырма<br>Бүгін өзіміз үйрене отырып, өзгені үйретеміз.<br>Енді мектепті өзіміз басқарып көрейік. Мектепті | Сұраққа жауап дайындайды.<br><br>Мектеп ережесі туралы айтады | Сұраққа жауап берген оқушыны мадақтау,толықты ру жасау, тиімді кері байланыс орнату.<br><br><br><br>ҚБ:<br>Өте тамаша жеткіздің! | суреттер<br><br>Тақтаға ілінген суреттер<br><br>Оқулық<br><br>Мектеп ережесі жазылған парақша<br><br>Суреттер<br><br>Кесте |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>оқушылар басқару үшін не істеу керек? Олар қандай жұмыстармен айналысады? Кез келген оқушы мектептің өзін-өзі басқару жұмысына араласа ала ма?<br>Мектептің өзін-өзі басқару жүйесінің кестесін сызып көрейік. Әр саланың атқаратын жұмысы туралы жазыңдар.<br><table><tr><td>Білім</td><td>Тәрбие</td><td>Қоғамдық жұмыс</td><td>Мәдениет</td><td>Спорт</td></tr><tr><td>Білім комитеті .....</td><td>Тәрбие саласы... .....</td><td>Белсенділер.....</td><td>Мәдениет комитеті.....</td><td>Спорт комитеті.... .....</td></tr></table><br>Ж:Мектептің өзін-өзі басқару жүйесіне белсенді оқушылар кіреді.Олар оқушылардың біліміне, тәрбиесіне жауап береді.Оқушылар өз мәселелерін өздері шешеді. Өзін-өзі басқару жүйесінің ұйымы-мектеп кеңесі. Туындаған мәселені мектеп кеңесі шешіп отырады.<br><br>Дескриптор:<br>Мектептің басқару жүйесі туралы біледі<br>Олардың атқаратын қызметі туралы айта алады<br>Кестені талапқа сай толтырады</td>
<td>«Үйрете отырып үйренемін» әдісі бойынша жүргізіледі.<br><br>Кестені толтырады<br><br>Өз ойын еркін жеткізуге тырысады</td>
<td>Тапсырманы орындаған оқушыны ауызша мадақтау, толықтыру жасау, бағыттау.<br><br>ҚБ:<br>Керемет!<br><br></td>
<td>Оқулық<br><br>Бағалау парақшасы</td>
</tr>
<tr>
<td>Сабақтың соңы</td>
<td>4-тапсырма үйге:<br>Егер өз мектебіңді басқаратын болсаң, нені өзгертер едің?<br>Өз басқаруыңдағы жұмыс кестесін сызып кел.</td>
<td>Шығармашылық жұмыс жасайды</td>
<td>Мадақтау, мақтау</td>
<td>Оқулық,<br>Суреттер</td>
</tr>
</table>

## 17. «Қазақ тілі» оқу пәні, 5-сынып

I. Өткен оқу жылында өтілген оқу бағдарламасының мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттары

5-сыныпта «Қазақ тілі» пәнінен диагностикалық жұмыс жүргізу үшін 4-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» пәнінің оқу бағдарламасының оқыту мақсаттары сараланды. 4-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» пәнінің базалық білім мазмұны:

1) тіл және сөйлеу: ауызекі және жазба тілде сөйлеу туралы түсініктерін кеңейту; тірек сөздер мен жоспарды пайдаланып монолог құрау;

2) сөйлеу мәдениеті: сөйлеу мақсаты мен ортасына сәйкес белгілі бір тақырып аясында диалог құру; сұхбаттасының жасын, жай-күйін ескере отырып, сезімі мен көңіл күйіне әсерін ескеру; интонацияны, вербалды емес тілдік құралдарды (қимыл мен ым-ишара, және қыстырма, одағай сөздерді қолдана отырып, тақырыпқа тыңдарманды қызықтыру;

3) фонетика: буын үндестігі туралы ұғым қалыптастыру: дауысты дыбыстардың сөз ішінде жуан-жіңішкелігіне қарай үндесіп айтылуы және жазылуы; дыбыс үндестігі туралы түсінік; сөзге қосымшалар жалғауда дыбыс үндестігін ескеріп қолдану: түбірдің соңғы дыбысы қатаң болса, оған жалғанатын қосымшаның бірінші дыбысы қатаң болып келетіні, түбірдің соңғы дыбысы ұяң немесе үнді болса, оған жалғанатын қосымшаның бірінші дыбысы да ұяң не үнді болып сәйкестенуі, дауысты дыбыстың әсерінен түбірдің соңындағы қатаң дыбыстың ұяң не үнді болып өзгеруі;

4) мәтін: мәтін түрлері (әңгімелеу, сипаттау, пайымдау) туралы берілген ұғымды кеңейту; мәтіннің құрылымын талдау; мәтіннің тақырыбы мен мазмұнының өзара сәйкестігін анықтау және ондағы негізгі ойды тұжырымдау; пайымдаудың мазмұндық және құрылымдық ерекшеліктерін (түсіндіру, дәлелдеу, қорытынды) анықтау; мәтін мазмұны бойынша шешім табуға бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру; мәтіндерді салыстырмалы талдау: бір тақырыпта түрлі жанрда берілген мәтіндерді салыстыру;

5) тыңдалған материал бойынша негізгі тұсын түртіп алу және солардың негізінде мәтіннің мазмұнын айту; берілген мәтіннің тақырыбы мен диаграмма, сызба, кесте бойынша мәтіннің мазмұнын болжау және өз ойын дәлелдеу; аудио-бейне жазба мазмұнын өзіндік бағалау;

6) сөз тіркесі, сөйлем: сөйлемге қатысты өтілгенді қайталау; сөйлемдегі сөз тіркестерін табу; сөйлемнің бірыңғай мүшелері және олардың тыныс белгісі; жай және құрмалас сөйлем; құрмалас сөйлемді сызба бойынша құрау; құрмалас сөйлемнің тыныс белгісі;

7) диалогте қолданылатын тыныс белгілер;

8) күрделі сөз туралы жалпы түсінік: біріккен сөз; біріккен сөздің жасалуы және оның жиі кездесетін түрлері; қос сөз және олардың жасалуы; қос сөздердің мәні және емлесі; қысқарған сөз; қысқарған сөздердің жасалуы және олардың емлесі; бірігу, қосарлану, тіркесу жолымен туынды сөздер жасау;

9) сөз және оның мағынасы: тұрақты сөз тіркестері туралы түсінік беру; мәнмәтінде тұрақты сөз тіркестері мен көпмағыналы сөздерді ажырата білу,

мағынасын түсіну, сөйлеу барысында қолдану; түрлі дереккөздерден (мәтін, сөздік, сызба, кесте, диаграмма) берілген тақырыпты, қажетті ақпараттарды табу, кездескен жаңа сөздердің мағынасын мәнмәтін бойынша анықтап, ақпаратты қорытындылау, бағалау;

10) сөз таптары: зат есім туралы өтілгенді қайталау, зат есімнің септелуі; септік жалғауының аттары мен септелуі; септік жалғауының емлесі; тәуелденген сөздердің септелуі; көптік жалғаулы сөздердің септелуі; зат есімнің жіктелуі; жіктік жалғаулары, олардың жекеше, көпше түрлері; етістік, туралы өтілгенді қайталау; етістік, оның жіктелуі; жекеше және көпше жіктеу үлгілері; етістіктің шақтары: осы шақ, өткен шақ, келер шақ; сын есім; қарсы мәндес сын есімдер; сан есім, дара және күрделі сан есімдер, емлесі; есімдік туралы жалпы түсінік; жіктеу есімдіктері, олардың септелуі; үстеу туралы түсінік; шылау туралы түсінік, олардың мәні; шылау мен шылау тұлғалас қосымшалардың жазылуы; одағай сөздер және олардың емлесі; еліктеуіш сөздер туралы түсінік; олардың мәні мен емлесі;

11) шығармашылық жұмыс: оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар бойынша жоспар құрып, мазмұндама және тірек сөздерді қолданып эссе жазу; берілген тақырыпта әңгімелеу, сипаттау және пайымдау элементтері бар мәтін құрап жазу; түрлі стильде мәтін жазу; қабырға газетіне мақала, жарнама, жаңалық жазу; мінездеме жазу; жіберілген қателерді (пунктукациялық, орфографиялық, грамматикалық, стилистикалық) анықтап, орфографиялық сөздік пен анықтамалық арқылы түзету;

12) жыл бойы өткенді қайталау [11].

Осы берілген үлгілік оқу бағдарламасындағы оқыту мақсаттарын саралай келе өткен оқу жылындағы олқылықтармен жұмыс жасау үшін әр бөлім бойынша оқушының меңгере алмаған оқыту мақсаттарын нақтылап алып кестеге түсірдік. Онда 1) «тыңдалым және айтылым» бөлімі бойынша төрт бөлімшенің (1.2 Мәтіннің мазмұнын болжау, 1.3 Түрлі жағдаяттарда сөйлеу мәдениетін сақтау, 1.4 Берілген тақырып бойынша әңгіме құрау, 1.6 Тыңдарманның назарын аудару) оқыту мақсаттарын алдық. Келесі 2) «Оқылым» бөлімі бойынша төрт бөлімшенің (2.2 Мәтіндегі лексикалық бірліктердің қолданылуын түсіну, 2.3 Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар қою және жауап беру, 2.5 Түрлі дереккөздерден ақпарат алу, 2.6 Мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау) оқыту мақсаттары алынды. 3) «Жазылым» бөлімі бойынша: (3.2 Түрлі стильде мәтін жазу, 3.3 Оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар бойынша жазба жұмыстар жазу, 3.4 Жазба жұмыстарын түрлі формада ұсыну, 3.5 Қатені табу және түзету, 3.6 Каллиграфиялық нормаларды сақтау, 3.7 Пунктуациялық нормаларды сақтау) алты бөлімшенің оқыту мақсаттары алынды. 4) «Тілдік нормалардың қолданысы» бөлімі бойынша (4.2 Грамматикалық нормаларды сақтау) бір бөлімшенің оқыту мақсаттары қарастырылды. (17.1-кестеде).

17.1-кесте – 4-сыныптың мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттары

| **Бөлімше (түйінді дағдылар)** | **«Тыңдалым және айтылым» бөлімі (сөйлеу әрекетінің түрі) бойынша оқу мақсаттары** |
|---|---|
| | **4-сынып** |
| 1.2 Мәтіннің мазмұнын болжау | 4.1.2.1 мәтіннің тақырыбы мен берілген диаграмма, сызба, кесте бойынша мәтіннің мазмұнын болжау және өз ойын дәлелдеу |
| 1.3 Түрлі жағдаяттарда сөйлеу мәдениетін сақтау | 4.1.3.1 сұхбаттасының жасын, жай-күйін ескере отырып, белгілі бір тақырып аясында сөйлеу мәдениетін сақтап, диалогке қатысу |
| 1.4 Берілген тақырып бойынша әңгіме құрау | 4.1.4.1 тірек сөздер мен жоспарды пайдалана отырып, монолог құрау |
| 1.6 Тыңдарманның назарын аудару | 4.1.6.1 интонацияны, вербалды емес тілдік құралдарды (қимыл, ым-ишара) және қыстырма, одағай сөздерді қолдана отырып, тақырыпқа тыңдарманды қызықтыру |
| **Бөлімше (түйінді дағдылар)** | **«Оқылым» бөлімі (сөйлеу әрекетінің түрі) бойынша оқу мақсаттары** |
| | **4-сынып** |
| 2.2 Мәтіндегі лексикалық бірліктердің қолданылуын түсіну | 4.2.2.1 тұрақты сөз тіркестері мен көп мағыналы сөздерді ажырата білу, мағынасын түсіну, сөйлеу барысында қолдану |
| 2.3 Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар қою және жауап беру | 4.2.3.1 мәтін мазмұны бойынша шешім табуға бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру |
| 2.5 Түрлі дереккөздерден ақпарат алу | 4.2.5.1 дереккөздерден (мәтін, сөздік, сызба, кесте, карта, диаграмма) қажетті ақпараттарды табу, кездескен жаңа сөздердің мағынасын мәнмәтін бойынша анықтап, ақпаратты қорытындылау, бағалау |
| 2.6 Мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау | 4.2.6.1 белгілі бір тақырыпта берілген мәтіннің түрлерін, жанрын, стилін (мақала, репортаж, жаңалық, өмірбаян, мінездеме, жарнама, хабарландыру) салыстырып, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау |
| **Бөлімше (түйінді дағдылар)** | **Жазылым бөлімі (сөйлеу әрекетінің түрі) бойынша оқу мақсаттары** |
| | **4-сынып** |
| 3.2 Түрлі стильде мәтін жазу | 4.3.2.1 тірек сөздерді қолданып, белгілі бір стильде мәтін (мақала, мінездеме, сұхбат) жазу |
| 3.3 Оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар бойынша жазба жұмыстар жазу | 4.3.3.1 оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар бойынша жоспар құрып, мазмұндама/ тірек сөздерді пайдаланып эссе жазу |
| 3.4 Жазба жұмыстарын түрлі формада ұсыну | 4.3.4.1 мәтінді құруда (жаңалық, репортаж, жарнама) сызба, график, кесте, фото және диаграмманы қолмен сызу/компьютерде теру |
| 3.5 Қатені табу және түзету | 4.3.5.1 стилистикалық қателерді мұғалімінің көмегімен анықтап түзету, жазба жұмысын пунктуациялық, орфографиялық, грамматикалық нормаларға сәйкес өз бетінше редакциялау |
| 3.6 Каллиграфиялық нормаларды сақтау | 4.3.6.1 каллиграфиялық нормаларды сақтау, жазу техникасын жетілдіру |
| 3.7 Пунктуациялық нормаларды сақтау | 4.3.7.1 құрмалас сөйлемнің тыныс белгісін қою |
| | 4.3.7.2 сөйлемнің бірыңғай мүшелерін ажырату және тыныс белгісін |

| | |
|---|---|
| | ( үтір, қос нүкте) қою |
| | 4.3.7.3 диалогке тән тыныс белгілерді қою |
| **Бөлімше (түйінді дағдылар)** | **Тілдік нормалардың қолданысы бөлімі бойынша оқу мақсаттары** |
| | **4-сынып** |
| | 4.4.1.2 сөзге қосымшалар жалғауда буын үндестігін ескеріп қолдану |
| 4.2 Грамматикалық нормаларды сақтау | 4.4.2.1 күрделі сөздердің түрлерін ажырата алу (біріккен сөз, қос сөз, қысқарған сөз) |
| | 4.4.2.3 зат есімді септеу, тәуелденген сөздердің септелуін білу |
| | 4.4.2.6 сөз таптарының сөйлемдегі қызметін анықтау |
| | 4.4.2.7 сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстыратын шылауларды (және, себебі, мен, пен) қолдану |
| | 4.4.2.8 сөйлемде одағай, еліктеуіш сөздерді ажырату және қолдану |
| | 4.4.2.9 етістікті тиісті шақта (өткен шақ, келер шақ, осы шақ) қолдану |

II. Іріктеп алынған оқыту мақсаттары бойынша диагностикалық жұмыстың үлгісі

Бұл кезеңде 17.1-кестеде алынған оқыту мақсаттарын оқушының қаншалықты меңгергеніне диагностика жасап, зерттеу үшін тапсырмалар жүйесі дайындалады.

Диагностикалық жұмыс білім алушылардың олқылықтарын толықтыру үшін жүргізілетін жұмыс болып табылады. Сондықтан диагностикалық жұмыстың мазмұнына толық жауапты қажет ететін тапсырмаларды беру ұсынылады. Төменде 4-сыныптағы «Қазақ тілі» пәнінің мазмұнын қамтитын оқыту мақсаттарына сәйкес әзірленген диагностикалық жұмыс тапсырмаларының үлгісі берілген. Үлгі екі нұсқада әзірленген.

**І Нұсқа**

**«Оқылым» бөлімі (сөйлеу әрекетінің түрі) бойынша оқу мақсаттары:**

4.2.3.1 мәтін мазмұны бойынша шешім табуға бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру

***Бағалау критерийлері***

*Негізгі ойды анықтай отырып, көтерілген мәселеге баға береді;*

*Мәліметтер мен пікірлерді өңдеп жіктейді;*

***Дескриптор:***

*- мәтіндегі негізгі ойды анықтайды;*

*- көтерілген мәселені бағалайды;*

*- мәлімет пен пікірді өз түсінігімен өңдейді.*

***Оқылым алды кезеңі.***



Суреттегі тұлға туралы қандай ақпарат көздерін білесіздер?

Қазақтың батыр қыздарын білесіздер ме?
«Батыр» деп кімдерді атауға болады?

**Оқылым кезеңі**

*Мәтінді оқи отырып, мәтін мазмұнына бағытталған сұрақтар құрастырады.*

**Хиуаз**

Хиуаз жасынан қағілез, бірбеткей, еркін, намысшыл қыз болып өсті. Өз құрбылары сияқты қуыршақпен ойнауға, әткеншек тебуге қызықпады. Ол әкесі айлық еңбекақысын алған сайын кітап сатып алуды әдетке айналдырды. Хиуаз оқуға өте алғыр болып, алтыншы және жетінші сыныптарды бір жылда бітіріп шықты.

Ұшқыш болуды армандаған қайсар қыздың шешіміне әке-шешесі қарсы болмады. Ол Мәскеудегі Жуковский атындағы әскери әуе академиясына барып бағын сынады. Жолы болмаған жас қыз мединститутта алған білімімен тылда еңбек етті. Болашағын әуелеген бұлттар арасынан көрген «қанатты қыз» аэроклуб оқуына жазылды. Сүп-сүйкімді қазақ қызының алғырлығы мен қайсарлығына қызыққан атақты ұшқыш Марина Раскова Хиуазды ұшу өнеріне баулыды.

***Ашық сұрақтар үлгісі***

Хиуаз Доспановаңың «Халық қаһарманы» дәрежесіне жетуіне қандай қасиеттері көмектесті деп ойлайсың?

Ұшқыш болу үшін адамда қандай қасиеттер болуы керек деп есептейсің?

**Оқылымнан кейінгі кезең**

**1-тапсырма.** *Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап бер*

Хиуазды ұшу өнеріне баулыған ұшқыш?

Қай оқу орнында бағын сынады?

Хиуазды не себепті «қанатты қыз» деп атады?

**2-тапсырма.** *Мәтіннен күрделі сөздерді теріп жаз.*

Күрделі сөздер: он бес - жиырма, .....

**3-тапсырма.** *Екі бағандағы сөздерді салыстыр. Оларға сұрақ қой. Сонда не байқадың? Екінші бағандағы сөздердің жазылуына назар аудар, мағыналарын түсіндір. Сөздерді көркем жаз.*

| | |
|---|---|
| Бір, беткей, еңбек,<br>ақы, ұшқыш, болу,<br>әке, шеше, әскери,<br>әуе, академия, ұшу,<br>өнер, медицина, институт. | Бірбеткей, еңбекақы,<br>әке-шеше,<br>әскери-әуе академиясы,<br>ұшу өнері, мединститут. |

**II нұсқа**

**Жазылым бөлімі (сөйлеу әрекетінің түрі) бойынша оқу мақсаттары:**

4.3.3.1 оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар бойынша жоспар құрып, мазмұндама/ тірек сөздерді пайдаланып эссе жазу

**Жазуға дейінгі кезең**

**Дайындық**

**1-қадам:**

*Мәтінді оқып, жоспар құру.*

Сүт тағамдарын қазақ халқы бір сөзбен “ақ” дейді. Ақтан тағамдар әзірлеуде бірнеше мыңдаған жылдар бойы халық аса бай тәжірибе жинақтай отырып, одан жүзден астам тамақ түрлері мен дайындау әдістерін жасаған. Сиыр сүтінен сұйық, қою, қоймалжың, ащы, тұщы, жұмсақ, қатты, ұнтақ түріндегі ұлттық тағамдар жасаса, ешкі сүтін емге қолданған. Бие сүтін ашытып қымыз, түйе сүтінен шұбат жасап, оларды әр түрлі ауруларға ем ретінде де пайдаланған. Сүт тағамдарының құрамы ақуыз, май және көмірсуларға өте бай, олар адам организмінде оңай қорытылады әрі сіңімді болады. Кейбір сүт тағамдарында түзілетін сүт қышқылы адамның ас қорыту жүйесіндегі шіру процестерінің дамуын тежеп отырады. Ол денсаулыққа пайдалы және қоректік қасиеті мол.

**Жоспар:**

Сүт тағамдарының пайдасы

Сүт тағамдарын «ақ» деп атау себебі не?

Ұлттық тағамдардың адам өміріндегі пайдасы

**Жазылым кезеңі**

2-қадам: *Ұсынған тірек сөздерді негізге ала отырып, сүттің адам ағзасына пайдасы қандай? деген тақырыпта эссе жаз.*

Аңдату:

1. Сүт тағамдарының пайдасы

Мазмұндау:

Не себепті сүт тағамдарын «ақ» деп атаған?

2. Ұлттық тағамдардың адам өміріндегі пайдасы

Қорытынды сөйлем:

1.Сүт – адам денсаулығын нығайтатын бірден-бір қажетті тағам.

Аңдату - абзацтың негізгі идеясын көрсетеді

Мазмұндау – аңдатпа сөйлемдегі ойды ашатын сөйлемдер

Қорыту – абзацтағы ойды қорытындылайтын сөйлем

**Жазылымнан кейінгі кезең**

Түзету және редакциялау

| | |
|---|---|
3) жазылым:

мәтін бөлімдеріне (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды) жоспар құру, хат, хабарлама, жарнаманы жанрлық ерекшеліктеріне сәйкес жазу, сюжетті суреттер негізінде әңгіме жазу, эссенің бөлімдерін меңгеру (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды), мекен мен оқиғаны сипаттайтын не суреттейтін эссе жазу;

4) әдеби тіл нормалары:

орфографиялық норма: қазақ тілінің дыбыстар жүйесі, үндестік заңы, емле заңдылықтары;

орфоэпиялық норма:ілгерінді, кейінді, тоғыспалы ықпал;

лексикалық норма:сөздердің тура және ауыспалы мағынасы, көп мағыналы сөздер, синоним, омоним, антоним;

грамматикалық норма: туынды сөздер, күрделі сөздер, зат есімнің мағыналық түрлері, сын есім, шырай категориясы, сан есім, мағыналық түрлері, төл сөз бен төлеу сөз, автор сөзі;

пунктуациялық норма: төл сөз, төлеу сөз, автор сөзінің тыныс белгілерін дұрыс қолдану [11].

Осы берілген үлгілік оқу бағдарламасындағы оқыту мақсаттарын саралай келе өткен оқу жылындағы олқылықтармен жұмыс жасау үшін әр бөлім бойынша оқушының меңгере алмаған оқыту мақсаттарын нақтылап алып кестеге түсірдік. Онда 1) «тыңдалым және айтылым» бөлімі бойынша үш бөлімшенің (Әртүрлі жанрдағы мәтіндерді талдау, Тыңдалым материалы бойынша жауап беру және бағалау, Сөйлеу мәдениетін дамыту) оқыту мақсаттарын алдық. Келесі 2) «Оқылым» бөлімі бойынша төрт бөлімшенің (Мәтіннің стильдік ерекшелігін тану, Мәтіннің жанрлық ерекшелігін ажырату, Мәтіндерге салыстырмалы анализ жасау, Оқылым стратегияларын қолдану) оқыту мақсаттары алынды. 3) «Жазылым» бөлімі бойынша: (Әртүрлі жанрда мәтіндер құрастыру, Жазба жұмыстарын әртүрлі формада ұсыну, Эссе жазу,

Оқылым және тыңдалым материалдары негізінде жинақы мәтін (компрессия) жазу, Мәтіндерді түзету және редакциялау) бес бөлімшенің оқыту мақсаттары алынды. 4) «Әдеби тіл нормаларын сақтау» бөлімі бойынша (Орфографиялық норма, Лексикалық норма, Грамматикалық норма, Пунктуациялық норма) төрт бөлімшенің оқыту мақсаттары қарастырылды [11]. (18.1-кесте).

18.1-кесте – 5-сыныптың мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттары

| Дағдылар | 5-сынып (өткен оқу жылы) |
|---|---|
| **1) тыңдалым және айтылым** | |
| 2.Әртүрлі жанрдағы мәтіндерді талдау | 5.1.2.1 әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени, тақырыптарға байланысты диалог, монологтердегі (ән мәтіні, хабарлама, жарнама, хабарландыру) көтерілген мәселені түсіндіру |
| 5.Тыңдалым материалы бойынша жауап беру және бағалау | 5.1.5.1 тыңдалған мәтін мазмұны негізінде сұрақтарға жауап беру, көтерілген мәселе бойынша өз ойын білдіру |
| 6. Сөйлеу мәдениетін дамыту | 5.1.6.1 коммуникативтік жағдаятқа сай эмоционалды сөздерді, дауыс ырғақтары арқылы қыстырма, қаратпа, одағай сөздерді еркін қолданып, диалогке даярлықсыз қатысу, өз пікірін білдіру |
| **2) оқылым** | |
| 2. Мәтіннің стильдік ерекшелігін тану | 5.2.2.1 лексиканың ауызекі сөйлеу және жазба стильдік айырмашылықтарын мәтіндер арқылы тану |
| 3. Мәтіннің жанрлық ерекшелігін ажырату | 5.2.3.1 хат, хабарлама, жарнама, нұсқаулық, хабарландырудың құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату |
| 4. Мәтіндерге салыстырмалы анализ жасау | 5.2.4.1 ауызекі стильдегі мәтіндердің мазмұнын, тақырыбын және тілдік құралдарын салыстыру |
| 6. Оқылым стратегияларын қолдану | 5.2.6.1 оқылым стратегияларын қолдану: жалпы мазмұнын түсіну үшін оқу, нақты ақпаратты табу үшін оқу |
| **3) жазылым** | |
| 2. Әртүрлі жанрда мәтіндер құрастыру | 5.3.2.1 жанрлық ерекшеліктеріне сай ресімделуі мен құрылымын сақтап, хат, жарнама, хабарландыру құрастырып жазу |
| 3. Жазба жұмыстарын әртүрлі формада ұсыну | 5.3.3.1 сюжетті суреттердің (фотосуреттер) желісі бойынша әңгіме құрастыру |
| 4. Эссе жазу | 5. 3.4.1 эссенің кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдерін сақтай отырып, өзіне таныс адамды, белгілі бір мекен мен оқиғаны сипаттап не суреттеп жазу |
| 5. Оқылым және тыңдалым материалдары негізінде жинақы мәтін (компрессия) жазу | 5.3.5.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ақпараттарды сақтай отырып, жинақы мәтін жазу |
| 6. Мәтіндерді түзету және редакциялау | 5.3.6.1 мәтіндегі орфографиялық қателерді сөздіктерге сүйене отырып, түзету және редакциялау |
| **4) әдеби тіл нормаларын сақтау** | |
| 1. Орфографиялық норма | 5.4.1.1 қазақ тілінің дыбыстар жүйесін, үндестік заңын, емлелік ерекшеліктерін ескере отырып, орфографиялық |

| | |
|---|---|
| | нормаға сай жазу |
| 3. Лексикалық норма | 5.4.3.1 тура және ауыспалы мағыналы сөздерді, көп мағыналы сөздер, омоним, антоним, синонимдерді көркемдік ерекшеліктеріне сай қолдану |
| 4. Грамматикалық норма | 5.4.4.1 жұрнақ арқылы жасалған туынды сөздерді және күрделі сөздерді ауызша және жазбаша тілдесім барысында қолдану;<br>5.4.4.2 зат есімдердің мағыналық түрлерін мәнмәтін аясында жалғаулар арқылы түрлендіріп қолдану;<br>5.4.4.3 сын есімдердің, шырай түрлерінің көркемдік ерекшелігін тану, сын есімді зат есім орнына қолдана білу;<br>5.4.4.4 сан есімнің мағыналық түрлерін ажырата білу, сан есімді зат есім орнына қолдана білу;<br>5.4.4.5 төл сөз, төлеу сөз, автор сөзінің жасалу жолдарын, қызметін білу, төл сөзді төлеу сөзге айналдыру |
| 5. Пунктуациялық норма | 5.4.5.1 төл сөз, төлеу сөз, автор сөзінің тыныс белгілерін дұрыс қолдану |

II. Іріктеп алынған оқыту мақсаттары бойынша диагностикалық жұмыстың үлгісі

Келесі кезеңде 18.1-кестеде алынған оқыту мақсаттарын оқушының қаншалықты меңгергенін диагностика жасап, зерттеу үшін тапсырмалар жүйесі дайындалады.

Диагностикалық жұмыс білім алушылардың олқылықтарын толықтыру үшін жүргізілетін жұмыс болып табылады. Сондықтан диагностикалық жұмыстың мазмұнына толық жауапты қажет ететін тапсырмаларды беру ұсынылады.Төменде 5-сыныптағы «Қазақ тілі» пәнінің мазмұнын қамтитын оқыту мақсаттарына сәйкес әзірленген диагностикалық жұмыс тапсырмаларының үлгісі берілген. Үлгі екі нұсқада әзірленген.

I-НҰСҚА.

1) Оқылым стратегияларын қолдану

5.2.6.1 оқылым стратегияларын қолдану: жалпы мазмұнын түсіну үшін оқу, нақты ақпаратты табу үшін оқу.

**1-тапсырма.**

**Бағалау критерийі:**

- *негізгі ойды анықтай отырып, көтерілген мәселеге баға береді;*
- *мәліметтер мен пікірлерді өңдеп жіктейді.*

**Дескриптор:**

- *мәтіндегі негізгі ойды анықтайды;*
- *көтерілген мәселені бағалайды;*
- *мәлімет пен пікірді анықтайды, сұрақтарға жауап береді.*

➢ **Оқылым алды тапсырмасы**

**Ойтүрткі**



1.Мына сурет қандай тәсілмен жасалған деп ойлайсың?
2.Мұнда суретшінің қиялы қалай көрінген?
3.Бұл жұмыстың авторы кім?

- **Оқылым барысы тапсырмасы**

Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап бер.

1. Диалог не туралы болды?
2. Бен Хейннің шығармашылығы туралы кім кімге ақпарат берді?
3. Әңгіме қандай өнер түрі туралы болды? Айару мен Тұмардың сөйлеу тілінде қандай ерекшеліктер бар?
4. Егер сен кейіпкерлердің қасында болсаң, қандай ой қосар едің немесе тағы не туралы сұрар едің?
5. Сені осы жанр қызықтыра ма? Неге?
6. Диалогте қандай заттық мағынаны білдіретін сөздер қолданылды.

– Тұмар, саған Бейн Хейннің аты таныс па?
– Шетелдік жазушы болар?
– Жоқ жазушы емес, бірақ ол – өнер адамы.
– Жоқ оның есімін естімеппін.
– Ол қазіргі заманғы жаңа бағытта сурет салатын адам.
– Айару, жаңа бағыт дегеніңді түсіндірші.
– Фотошоп дегенді білесің бе?
– Әрине, екі не одан да көп фотоны қиюластырып бір суретке жинақтау ғой.
– Дұрыс айтасың, ендеше соны енді екі түрлі жанрдың қосындысы деп қара.
– Сонда қалай?
– Фотосуретпен қолдан салынған суреттің қосындысынан да таңғажайып дүниелер жасалады екен. Мен айтып отырған Бейн Хейн осы жанрда жұмыс жасайтын суретші.
– Қандай керемет! Суреттерін көрсете аласың ба?
– Әрине, ғаламторға кіріп, Бейн Хейн шығармашылығы деп түймені бассаң шыға келеді.
– Жақсы, міндетті түрде көріп танысамын.
– Жарайды, одан алған әсерің туралы айтасың ғой?
– Әрине, міндетті түрде ой бөлісеміз.

- **Оқылымнан кейінгі кезең**

**1-жаттығу.** Мәтіннен оқшау сөздерді теріп жаз. Кестені өзің білетін мысалдармен толықтыр**.**

| Қаратпа сөздер | Қыстырма сөздер | Одағай сөздер |
|---|---|---|
| | | |

**2-жаттығу.** Мәтін мазмұнына сүйеніп, Бен Хейнмен сұхбат құрап жаз.

- ----------
- ----------
- ----------
- ----------
- ----------

**3-жаттығу.** Мәтінге сүйене отырып, берілген кестені толтыр.

| Негізгі зат есімдер | Туынды зат есімдер | Күрделі зат есімдер | Жаңа сөздер |
|---|---|---|---|
| | | | |

| | |
|---|---|
| Керек дерек ! | Сұхбат – пікірталас, әңгімелесу. Публицистиканың ақпарат жанрлар тобына кіреді. Өзіне қажетті мәліметтерді маңызды деген оқиғаға қатысып, ондағы деректермен және өзге де мәліметтермен танысып, әрі адамдармен сөйлесе келе жинақтайды. Сұхбат жанры негізінен көркемдік бейнелеуші құралдарды сөзбен, диалогпен бірлікте көркемдеп отырады. Газетте сұхбаттың сәтті шығуы тікелей журналистке байланысты. Оның жазу шеберлігі, шешендігі мен қысқа да нақты, түсінікті сөйлеуі басты назарда болса, радио сұхбаттың сәтті өтуі көбіне-көп сұхбат берушіге байланысты.<br>**Сұхбат дегеніміз** – журналист пен әңгіме жүргізілген адамның екеуара біріккен шығармашылық жұмысы. Оның табысты болуы көпжағынан жүргізушіге, яғни журналистке байланысты. Ол жоғары мәдениетті, редакциялық жұмыстан мол тәжірибесі болуға тиіс.<br>**Әрбір жанр сияқты сұхбат та бірнеше түрге бөлінеді:** 1. сұхбат-монолог; 2. сұхбат-диалог; 3. суреттеме-сұхбат; 4. анкета. |

**2-тапсырма.**

3. Жазба жұмыстарын әртүрлі формада ұсыну

5.3.3.1 сюжетті суреттердің (фотосуреттер) желісі бойынша әңгіме құрастыру

- **Жазылым алды тапсырмасы**





Суретші Бен Хейн фотосурет пен қарындашпен салған суреттерді біріктіре отырып, қиял мен шындықтың араласқан әлемін жасап шығарды.

Бұл туындылардыңдың ешқандай құпиясы жоқ. Әуелі Бен қағазға салар дүниесінің сұлбасын сызып алады. Содан соң нысанын шынайы бейнесінде суретке түсіріп алады. Артынан суретін фотоөңдеуде өңдеп, қанықкан түрлі түстер үстемелейді. Соның нәтижесінде таңғажайып туынды дүниеге келеді. Бары сол ғана. Әрине, бұл үшін үлкен ерік-жігер мен қатар табиғи таланттың да керегі анық.

Бен 2010 жылы алғашқы картинасын жеке бір хатын суреттермен түсіндіру кезінде, байқаусызда жасап шығарды. Қазір суретшінің шығармашылық қорында 100-ге жуық картиналар бар. Олардың тақырыбы: махаббат, еркіндік, достық, өлімнен кейінгі өмір, және т.б.

- **Жазылым барысы**

«РАФТ» әдісі бойынша әңгіме құрап жаз.

| **РӨЛ** | **АУДИТОРИЯ** | **ФОРМАТ** | **ТАҚЫРЫП** |
|---|---|---|---|
| Суретші | Ұстазға | Әңгіме | Менің алғаш туындым |
| Оқушы | Суретшіге | Монолог | Беннің алғаш туындылары |

- **Жазылымнан кейінгі кезең**

**Дескриптор:**

*-Мәтін деңгейінде тыныс белгілерді дұрыс қолданады;*

*-Даралаушы, ерекшелеуші, ойдың ара жігін ажырататын тыныс белгілерді дұрыс белгілейді.*

Жұптық жұмыс: «Редакциялау парағы»

| |
|---|
| |

| | |
|---|---|
| **Керек дерек !** | Әңгіме жанры - әдебиетте оқиғаны қарасөзбен баяндайтын шағын көркем шығарма Әңгіменің жанрлық ерекшеліктері оқиғаны баяндау тәсілі, композициялық, сюжеттік құрылысы, көркемдік жүйесі арқылы айқындалады.<br>Әңгіменің көлемі шағын, кейіпкерлер саны аз, сюжет ұйытқысын құрайтын оқиғаның басталуы, шарықтау шегі мен шешімі болады. Онда адам, оның өмірі мен тағдыры, аса маңызды деген оқиға жинақы беріледі. Мұнда бір айтылған жайларға қайта оралуға, тәтпіштеп баяндауға, ұзақ суреттеуге орын жоқ.<br>Әңгіме жанры аз сурет арқылы көп жайды аңғарта білетін айрықша көркемдік шеберлікті талап етеді. Оқиға көбіне бірінші жақтан баяндалып, |

| | |
|---|---|
| | әңгімешінің оқиғаға тікелей қатыстылығын көрсетеді. |

**3-тапсырма.**
**Әдеби тіл нормаларын сақтау.** 4. Грамматикалық норма

5.4.4.2 зат есімдердің мағыналық түрлерін мәнмәтін аясында жалғаулар арқылы түрлендіріп қолдану;

5.4.4.3 сын есімдердің, шырай түрлерінің көркемдік ерекшелігін тану, сын есімді зат есім орнына қолдана білу;

5.4.4.4 сан есімнің мағыналық түрлерін ажырата білу, сан есімді зат есім орнына қолдана білу;

5.4.4.5 төл сөз, төлеу сөз, автор сөзінің жасалу жолдарын, қызметін білу, төл сөзді төлеу сөзге айналдыру.

***Жаттығулар:***

**№1**

Ақбауыр

Бұл – өте сүйкімді кірпі. Денесінің бәрі қарасұр. Бауыры ғана ақшыл. Жаз кезі болатын. Аулада інім екеуміз отыр едік. Бір нәрсе қыбырлағандай болды. Қарасам кірпінің сүп-сүйкімді баласы екен. Оны үйге әкеліп тамақ бердім. Қағаздан қорапшадан үй жасадым. Қорапшаның жанын тесіп, есік ойып қойдым. Көзі мөлдіреп тұрады. Бауыры аппақ болғандықтан Ақбауыр деп атадым. Өзі өте ақылды, әрі ұқыпты. Ақбауыр үйге тез үйреніп алды.

*1. Мәтіннің қай түрі екенін анықта.*

*2. Сын есімдерді теріп жаз.*

*3. Соңғы сөйлемнен бастауыш пен баяндауыштың астын сыз.*

**№2**

Менің атам – ардагер. Менің атам – соғысқа қатысқан адам. Ол бір мың тоғыз жүз отыз тоғызыншы жылы Шымбай қаласынан әскери қызметке алынған. Ол әскери қызметте жүрген кезінде екінші дүние жүзілік соғыс басталып кетті. Атам үш рет жараланған. Үшінші рет ауыр жараланып емханаға түскен. Ол кісінің соғыста алған ордендері мен медальдарі көп.Әр ордендері мен медальдарының өзіндік тарихы бар. Атамның соғыстағы естеліктері мен өмірден алған өсиеттері жетерлік. Мен атамды мақтан етемін.

*1. Соңғы сөйлемдегі жіңішке дыбыстардың астын сыз.*

*2. Сан есімдерді тауып, түрлерін анықта.*

*3. Екінші сөйлемді сөз таптарына талдау жаса.*

**№3**

Шекарада

Қараңғы түн. Қалың орман. Оның маңында шекарашы қас қақпай күзетеді. Шекарашының жанында Арлан деген иті бар. Ол қыбыр етпейді. Арлан қараңғыға қарап, құлағын сергек қозғап қояды. Кенет ол елең етіп, жоғары қарай қарады. Иесінің етегінен тістей тарта бастады. Шекарашы Арланды босатып жіберді. Ит қараңғыға сүңгіп кетті. Арлан шекара бұзушыны бас

салды. Шекарашылар жүгіріп жетті. Арлан шекара бұзушыны ұстап алыпты. Олар жау барлаушысын шекара бекетіне алып кетті.

*1. Бесінші сөйлемді сөз құрамына талда.*

*2. Шекара сөзін септеу.*

*3. Мәтіннен тәуелдеулі зат есімді тап.*

**№4**

Соңғы алма

Күз айы еді. Рысбек ауланы жапырақтардан тазартып жүр еді. Бір кезде ағаш басындағы жалғыз алмаға көзі түсті. Рысбек ойланбастан алманы алғысы келді. Ол бұтаққа шықты. Бұтақ сынып кетті. Рысбек ағаш түбіндегі кірпінің үстіне құлап түсті. Ол жылап қалды. Үзіліп түскен алма кірпінің үстінде кетті.

*1. Бесінші сөйлемді сөйлем мүшелеріне талда.*

*2. Бұтақ тәуелдеу.*

*3. Мәтіннен  күрделі етістікті тап.*

**№5**

Жалқау мысық

Менің бір әдемі мысығым бар. Өзі өте сүйкімді. Оның бізбен тұрғанына алты жылдай болып қалды. Бұрын, алғаш асырап алған кезімізде, ол сондай тынымсыз еді. Кішкене доп, оралған жіп көрсе сонымен ойнайтын. Ал қазір оны орнынан тұрғыза алмайсын. Күндіз де, түнде де пештің түбінде жатып алып ұйқыдан бас көтермейді. Сөйтіп, менің мысығым жалқау болып кетті. Маған мысығымның осы мінезі ұнамай жүр.

*1. Екінші сөйлемді сөз құрамына талда.*

*2. Күрделі етістіктерді теріп жаз.*

*3. Мәтіннен тәуелдеулі зат есімді тап.*

**№6**

Сабақ түстен кейін басталатын. Күздің жайма шуақты күндерінің бірі еді. Мектепке жайбарақат келе жатқам. Бір үйдің бұрышынан өте бергенде, жылаған баланың дауысын естідім. Құлағы салпиған күшік төрт жасар шамасындағы қыздың жолын бөгеп жүргізер емес. Күшікті қуып жібердім. Қыз бала қатты қорыққан екен. Өксігін баса алмай, солқ-солқ етеді. Қолынан ұстап, жетелеп келемін. Ол үйінің маңына жақындаған кезде қуанып кетті. Рахмет айтып жүгіре жөнелді.

*1. Мәтінге ат қой.*

*2. Мәтін түрін анықта.*

*3. бұрышынан сөзін сөз құрамына талда.*

*4. Күрделі етістіктерді теріп жаз.*

**№7**

Адамдар ертеде әуеде ұшып жүруді көп аңсаған. Сондықтан олар ұшқыш кілем туралы ертегіні ойлап шығарады. Алыс сапарларға жылдам барсақ деп ойлайды. Қазіргі кезде адамдардың ойлары, армандары орындалды. Ұшқыш

кілем болмағанымен, ұшақтар бар. Оған ұшқан құс та жете алмайды. Сол ұшақтармен кез келген жерге жылдам жетуге болады. Тіпті айға да ұшып барып келуге болады.

*1. Мәтінге ат қой.*

*2. Мәтін түрін анықта.*

*3. ұшақтармен сөзін сөз құрамына талда.*

*4. Ұшқыш сөзін тәуелдеу*

**№8**

Қыркүйек. Күздің алғашқы айы. Аспан бұлттанды. Күннің қызуы азаяды. Ағаштың жапырағы сарғая бастайды. Терек пен қайың жасыл жапырағынан айырылды. Айнала сары түске боялды. Шық осы айда түседі. Құстар жылы жаққа ұшып кетеді. Аңдар қысқы тіршіліктеріне кіріседі

2-НҰСҚА

**Тілдік бағдар бойынша тест**

Зайсан көлін ертеде монғолша Хуно-Хуто-Нор – «Қоңыраулы көл» деп атапты.

Бұл атау алыстан көк толқынның қоңырауша сылдырлап естілуіне байланысты айтылған болар.

Зайсан көлі, әсіресе, жаздыгүні өте әдемі болады. Ол жаздың тымық күнінде шексіз теңізге ұқсайды. Көл өте үлкен, жағалай біткен көк құрақ.

Құсы көп, әсіресе жазғытұрым қаз қаптап кетеді. Жұмыртқаларын қамыс құраққа салады. Қайықпен аралап жүріп қаптап алуға болатын. Қамыстарда шағала, үйрек, қаз, бірқазан, әупілдектер, суында құндыз, ондатрлар мекен етеді.

Мұнда шабақ балық көп, одан кейін шортан, қарабалық, сазан, алабұға. Міне, Зайсан көлі бұрын осындай еді.

**1. Екінші абзацта не туралы айтылған?**

A) Көлді мекендейтін жәндіктер туралы

B) Көлдегі балықтар туралы

C) Көлдің көлемі туралы

D) Көл атауы туралы

E) Қамысты құрақтағы құстар туралы

**2. Көлдің «Қоңыраулы көл» аталуының себебі неде?**

A) Көлде жүзген құс үнінің жағымдылығына байланысты.

B) Көлдің әдемілігіне байланысты

C) Көк толқындардың жылдамдығына байланысты

D) Көлден шыққан ерекше дыбысқа байланысты

E) Көл толқындарының бұйралығына байланысты

**3. Үтірдің қойылу себебі**

*Міне, Зайсан көлі бұрын осындай еді.*

A. Бірыңғай мүше

B. Одағай сөз
C. Қаратпа сөз
D. Қыстырма сөз
E. Шылау сөз

**4. Сөйлемдегі зат есімге лайық қатар.**

*Зайсан көлі, әсіресе жаздыгүні өте әдемі болады*

A. Жалпы есім, дара
B. Жалқы есім, күрделі
C. Жалқы есім, дара
D. Деректі, дара
E. Жалпы есім, негізгі

**5. Берілген сөйлемдегі сын есімнің түрі**

*Көл үлкен, жағалай біткен көк құрақ.*

A. Қатыстық, дара
B. Сапалық, күрделі
C. Күрделі, негізгі
D. Сапалық, туынды
E. Қатыстық, негізгі

**6. Зат есім қай септіктік жалғауын талап етіп тұр.**

*Қайықпен аралап жүріп қаптап алуға болатын*

A. Атау септікті
B. Ілік септікті
C. Барыс септікті
D. Шығыс септікті
E. Көмектес септікті

1.Айдостың туфлиі жыртылып қалды. Ертесі сабаққа киіп баратын туфли табыла қоймады. Ауылдағылар ауданға себепсіз бара бермейді. Әкесі жыртылған туфлиінің табанын алып, басқа табаны тозған аяқ киімге тігіп берді. Көзге қораш көрінеді. Оны қарап тұрған әкесі жоқ. «Тамаша емес пе?» деп қояды.

2. Ертесіне еріксіз әлгі аяқ киіммен мектепке барды. Галош секілді бірдеме өзі. Әшейінде партаның үстімен жүгіріп жүретін Айдос осы жолы тыныш отырды. Сұрағандарға «ауырып отырмын» дей салды. Аяғына бәрі қарап отырғандай. Партаның астына тығып әлектенді. Мұғалімдер сабақ сұрайды, бұл дайын емеспін дей салады. Олар да журналға тиісті бағаларын қонжитып жатыр.Тақтаға да шықпады. Өзін қор санады. Тамағына өксік тығылды. 4 сабақ біткенше орнынан тапжылмай отырды.

3. Сабақ аяқталысымен, мектептен жүгіре шықты. Еңіреп жылап үйге келді.Үйге кірсе, жаңа туфли әкеліп қойыпты.

**7. Айдос бүгінгі сабағын әдеттегідей оқыды.**

A) Үшінші
B) Бірінші
C) Екінші
D) Барлығы теріс
E) Барлығы дұрыс

**8. 1-бөлім бойынша Айдос қандай әрекетке ыза болды?**
A) Әкесі Айдостың пікірін сұрамағанына
B) Ертең сабаққа баратынына
C) Ауданға баратын адамның болмағанына
D) Әкесінің басқа табан тігіп бергеніне
E) Туфлиінің жыртылғанына
**9. Қандай мақал-мәтел Айдостың қылығына сәйкес келеді?**
A) Базарда бәрі бар, ақшасыз ешкім бермейді.
B) Қалауын тапса қар жанар.
C) Қырсыққан жігіт мал таппас.
D) Өтірік айтқаннан өлген артық.
E) Жылай-жылай жар қазсаң, күле-күле су ішерсің.
**10. Айдос неліктен жылап жіберді?**
A) Туфлисіз қалғанына ренжіп.
B) Бүгін басынан өткен жағдайға төзгеніне.
C) Жаңа туфли әпергеніне қуанып.
D) Ата-анасына сенбегеніне ренжіп.
E) Сабақты айтпай, тисті баға алғанына
**11. Төл сөзді сөйлемді анықтаңыз.**
A. Партаның астына тығып әлектенді.
B. Айдос осы жолы тыныш отырды.
C. Үйге кірсе, жаңа туфли әкеліп қойыпты
D. «Тамаша емес пе?» -деп қояды.
E. Айдостың туфлиі жыртылып қалды
**12. Сан есімнің мағыналық түрін ажыратыңыз.**
*4 сабақ біткенше орнынан тапжылмай отырды.*
A. Реттік
B. Есептік
C. Жинақтық
D. Топтау
E. Бөлшектік
**13. Сөйлемдегі зат есімдердің саны**
*Ертесі сабаққа киіп баратын туфли табыла қоймады.*
A. 1
B. 2
C. 3
D. 4
E. 5
**14. «Ы» дыбысына тән қатар**
A. Жуан, ашық, еріндік
B. Жуан, қысаң, езулік
C. Жуан, еріндік, ашық
D. Жуан, қысаң, еріндік
E. Жуан, қысаң, жіңішке
**15. Мата атауына байланысты көнерген сөзді анықтаңыз.**

A. Шекпен, шидем
B. Сәукеле, қыжым
C. Торқа, торсық
D. Дүрия, патсайы
E.Қылша, қыжым

**16. Көп мағыналы сөзді белгілеңіз. Бұлақ көрсең, көзін аш.**

A. Бұлақ
B. Көрсең
C. Көзін
D. Аш
E. Тау

**17. Сөзді бастан- аяқ біркелкі әуезбен айтудың заңдылығы**

A. Дыбыс үндестігі
B. Ілгерінді ықпал
C. Үндестік заңы
D. Тасымал
E. Буын үндестігі

**18. Ілгерінді ықпалға лайық қатар**

A.Тастан
B. Жазса
C. Досжан
D. Тасжарған
E. Көнбеді

**19.Буын талғайтын дыбыстар**

A. а, ә, е,о
B. о, е, ы, е
C. і, и, а, ә
D. о, ө, ұ,ү
E. ө, ә,ү, е

**20. Сөз бен қосымшаның жігінде немесе сөз бен сөздің аралығында дауыссыз дыбыстардың бір-біріне ұқсата әсер етуі**

A. Үндестік заңы
B. Буын үндестігі
C. Дыбыс үндестігі
D. Кейінді ықпал
E. Тоғыспалы ықпал

III. Сабақ барысында толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары

18.2-кесте – 5-6-сыныптардың кіріктірілетін оқыту мақсаттары

| **1) тыңдалым және айтылым** | | |
|---|---|---|
| **Дағдылар** | **6-сынып** | **5-сынып (өткен оқу жылы)** |
| 5. Тыңдалым | 6.1.5.1 тыңдалған мәтін мазмұны бойынша жалпы | 5.1.5.1 тыңдалған мәтін мазмұны негізінде сұрақтарға жауап беру, |

| | | |
|---|---|---|
| материалы бойынша жауап беру және бағалау | және нақты сұрақтарға жауап беру, мәтіндегі ақпаратты шынайы өмірмен байланыстыру | көтерілген мәселе бойынша өз ойын білдіру |
| 6. Сөйлеу мәдениетін дамыту | 6.1.6.1 коммуникативтік жағдаятқа сай ресми сөздер мен тіркестер, дайын тіркестер мен терминдерді орынды қолданып, диалогке қатысу, ойын анық жеткізу | 5.1.6.1 коммуникативтік жағдаятқа сай эмоционалды сөздерді, дауыс ырғақтары арқылы қыстырма, қаратпа, одағай сөздерді еркін қолданып, диалогке даярлықсыз қатысу, өз пікірін білдіру |
| **2) оқылым** | | |
| 2. Мәтіннің стильдік ерекшелігін тану | 6.2.2.1 ауызекі сөйлеу және көркем сөйлеудің стильдік ерекшеліктерін қолданылған тілдік құралдар арқылы тану | 5.2.2.1 лексиканың ауызекі сөйлеу және жазба стильдік айырмашылықтарын мәтіндер арқылы тану |
| 4. Мәтіндерге салыстырмалы анализ жасау | 6.2.4.1 ауызекі және ресми стильдегі мәтіндердің тақырыбын, мазмұнын, тілдік ерекшелігін салыстыру | 5.2.4.1 ауызекі стильдегі мәтіндердің мазмұнын, тақырыбын және тілдік құралдарын салыстыру |
| 6. Оқылым стратегияларын қолдану | 6.2.7.1 энциклопедия, сөздік, балаларға арналған газет-журналдардан қажетті ақпараттарды алу, авторына сілтеме жасау | 5.2.6.1 оқылым стратегияларын қолдану: жалпы мазмұнын түсіну үшін оқу, нақты ақпаратты табу үшін оқу |
| **3) жазылым** | | |
| 2. Әртүрлі жанрда мәтіндер құрастыру | 6.3.2.1 жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай құрылымын сақтай отырып, мінездеме, құттықтау, өмірбаян құрастырып жазу | 5.3.2.1 жанрлық ерекшеліктеріне сай ресімделуі мен құрылымын сақтап, хат, жарнама, хабарландыру құрастырып жазу т |
| 4. Эссе жазу | 6.3.4.1 эссе тақырыбынан ауытқымай, абзац түрлерін жүйелі құрастырып, көтерілген мәселе бойынша келісу-келіспеу себептерін айқын көрсетіп жазу («келісу, келіспеу» эссесі) | 5. 3.4.1 эссенің кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдерін сақтай отырып, өзіне таныс адамды, белгілі бір мекен мен оқиғаны сипаттап не суреттеп жазу. |
| 5. Оқылым және тыңдалым материалдары негізінде жинақы мәтін (компрессия) жазу | 6.3.5.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді іріктей отырып, жинақы мәтін жазу | 5.3.5.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ақпараттарды сақтай отырып, жинақы мәтін жазу. |
| **4) әдеби тіл нормаларын сақтау** | | |
| 3. Лексикалық норма | 6.4.3.1 көнерген сөз, эвфемизм, дисфемизм, неологизм, термин, диалект сөз, кәсіби сөз, табу сөздердің қолданыс аясын түсіну және ажырата білу | 5.4.3.1 тура және ауыспалы мағыналы сөздерді, көп мағыналы сөздер, омоним, антоним, синонимдерді көркемдік ерекшеліктеріне сай қолдану |

| | | |
|---|---|---|
| 5. Пунктуациялық норма | 6.4.5.1 қазақ тіліндегі тыныс белгілерінің түрлері мен қызметін (даралаушы) түсіну, дұрыс қолдану | 5.4.5.1 төл сөз, төлеу сөз, автор сөзінің тыныс белгілерін дұрыс қолдану |

IУ. Кіріктірілетін оқыту мақсаттары бойынша ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгісі

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Мектеп: Мұғалімнің аты-жөні:** | | Қожа Ахмет Яссауи атындағы № 123 мектеп-гимназия<br>Шахы Мөлдір Бисенбайқызы | |
| **Пән/сынып** | | 6-сынып. Қазақ тілі | |
| **Күні:** | | | |
| **Тарау немесе бөлім атауы** | | **Қазақ халқының әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері** | |
| **Сабақтың тақырыбы** | | 7-8-сабақ. **Наурыз-жыл басы. Мөлшер үстеу** | |
| **Оқу мақсаты** | | 6.2.7.1 Энциклопедия, сөздік, балаларға арналған газет-журналдардан қажетті ақпараттарды алу, авторына сілтеме жасау;<br>ӘТН4. Үстеудің мағыналық түрлерін ажырату, синонимдік қатарларын түрлендіріп қолдану. | |
| **Кіріктірілген мақсат** | | 5.2.6.1 Оқылым стратегияларын қолдану: жалпы мазмұнын түсіну үшін оқу, нақты ақпаратты табу үшін оқу | |
| **Сабақтың мақсаттары** | | • тақырыптың мағынасын ашып түсінеді;<br>• энциклопедиядан қажетті ақпараттарды алады;<br>• үстеудің мағыналық түрлерін ажыратады. | |
| **Бағалау критерийлері** | | • тақырыпқа байланысты ақпараттарды саралайды;<br>• тақырыптың идеясын анықтайды;<br>• үстеудің мағыналық түрлерін ажыратады алады. | |
| **Уақыты** | **Кезеңдері** | **Тапсырма** | **Ресурстар** |
| 1 минут | Ұйым-дастыру кезеңі | 1. Оқушылармен амандасу, түгендеу.<br>2. Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру<br>Сәлеметсіздер ме, оқушылар ?! Кезекті қазақ тілі пәні сабағына қош келдіңіз!<br>Бүгінгі сабағымыздың тақырыбы: **Наурыз- жыл басы. Мөлшер үстеу** | Оқулық, жұмыс дәптерлері ДК экран |
| | Тілдік мақсат-тар | Оқушылар орындай алады: Сабақ соңында оқушылар сөздік қорларын кеңейтеді. Өз ойын жүйелі де еркін жеткізе отырып, өзгенің пікірін тыңдай біледі. Пәнге қатысты сөздік қор мен термин: дәстүр, құндылық, ұлттық рух, отбасылық дәстүрлер Жазу үшін қолданылатын тіркестер: менің ойымша..., мен бұны былай түсінемін..., ...қорытындылай келе... т.б. | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 7 минут | Жаңа сабақ | **«Ой түрткі» сұрақтары**<br>Құрметті оқушылар, сабағымызды бастамас бұрын ой түрткі ретінде мына суреттерге назар аударып, сұрақтарға жауап берсеңіздер.<br><br>1. Балалар, суретте не бейнеленген?<br>2. Бүгін сабағымызда біз не туралы айтатын боламыз?<br>3. Ортақ тақырыпқа арналған суреттер бар ма?<br>4. Салт-дәстүр дегенді қалай түсінесіздер?<br>5. Біздің тақырыпқа қатысы жоқ суреттер бар ма?<br>  <br>  <br> <br>Дұрыс айтасыздар, берілген кейбір суреттерде әдет-ғұрыпқа байланысты суреттер берілген (1). Иә, балалар, бүгінгі сабағымызда Наурыз мерекесі туралы айтпақпыз (2). Ортақ тақырыпқа арналған бірінші, төртінші, алтыншы суреттерді айтуға болады (3). Салт-дәстүр — әр ұлттың, халықтың діні мен сеніміне, тұрмыс-тіршілігіне, ұлттық құрылым ерекшелігіне сәйкес ғасырлар бойы жинақталып, өмірдің өзі туғызған ғұрыптардың жиынтығы (4). Біздің сабаққа қатысы жоқ суреттер бесінші және сегізінші суреттер болып табылады. | Оқулық, слайд, ДК экраны |
| 3 минут | | **Қазақтың ұлттық ойындарын сәйкестендіреді** | Оқулық, слайд, ДК экраны |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | Қазақтың ұлттық ойындарын сәйкестендір<br><br><br><br>Алтыбақан. Алтыбақан – кәдімгі әткеншек. Жастардың көңіл-көтеріп, сауық-сайран құруы үшін таптырмайтын ойын. Алтыбақанды құру үшін 3-4 метрлік 7 томар ағаш пен 3 арқан керек. Алтыбақанға екі адам, әдетте, бозбала мен бойжеткен мініп, қалғандары ән айтып, қалжыңдап көңіл көтеріп тұрады.<br>Аударыспақ. Бұл ойында жеңіске жету үшін ептілік, күш, тапқырлық, батылдық керек. Екі жігіт атқа мініп, бірін-бірі аттан аударып тастауға тырысады. Бұл ойынның жауынгерлік қасиеттерді қалыптастыруға көмегі көп болған.<br>Тымақ ату. Ойынға кез келген адам қатыса алады. Жерге ойыншының бойынан аспайтын сырық қадалып, оның үстіне тымақ кигізіледі. Ойыншы тымақтың қай жерде тұрғанын көріп алғаннан кейін көзі байланады. Содан соң қолына қамшы алып, тымақты жерге түсіруі керек. Әр адамға үш мүмкіндіктен беріледі. Үшеуінде де тымақ жерге түспесе, ойыншы өнер көрсетіп, тағы үш мүмкіндік ала алады.<br>**Өзіңді тексер!** | |
| 6 минут | Тәжіри-бе | Балалар, келесі тапсырманы орындамас бұрын алдыңғы сабақта өткен Үстеу туралы білімізді еске түсіріп өтейік.<br>**Үстеу** - іс-әрекеттің түрлі белгілерін: амалын, тәсілін, сипатын, жай-күйін, мекенін, мезгілін, себебін, мақсатын білдіретін сөздер. Үстеу түрленбейтін сөз табы болып табылады.<br>Мөлшер үстеу – қимылдың немесе сынның мөлшері мен шама-шарқын, көлемдік дәрежесін білдіреді. Сұрақтары: қанша? қаншама? қаншалық? Мысалы: сонша, едәуір, соғұрлым, бірталай, қыруар, аз, көп, әжептәуір, бірен- | Оқулық, жұмыс дәптер-лері ДК экран |
| 5 минут | | **1-тапсырма.** Берілген қанатты сөздерді қажетті сөздермен толықтырып жазыңыздар.<br>**Қажетті сөздер:** көп, неғұрлым, сонша, соғұрлым.<br>1. Біз тілімізді қанша сақтасақ, ұлтымызды да ... сақтаған боламыз.<br>Ғ.Қараш<br>2. ... сөйлемей азбен келтір иінін,<br>Бір сөзбен шеш түмен сөздің түйінін.<br>Ж.Баласағұн<br>3.Әрбір халықтың тілін сол елдің дүниетанымы, мәдениеті мен тарихы, салт-дәстүрі арқылы меңгеруге болады. Өзге тілді ... көп меңгерген сайын, ... | Оқулық, жұмыс дәптер-лері, ДК экран |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 7 минут | | дүниетанымы кеңейіп, рухани байи түседі.<br>Н.Назарбаев<br>**Тапсырманың дескрипторы:**<br>- ***қажетті сөздерді табады;***<br>- ***сауатты жазады.***<br><br>**Өзіңді тексер!**<br>1. Біз тілімізді қанша сақтасақ, ұлтымызды да **сонша** сақтаған боламыз.<br>Ғ.Қараш<br>2. **Көп** сөйлемей азбен келтір иінін,<br>Бір сөзбен шеш түмен сөздің түйінін.<br>Ж.Баласағұн<br>3. Әрбір халықтың тілін сол елдің дүниетанымы, мәдениеті мен тарихы, салт-дәстүрі арқылы меңгеруге болады. Өзге тілді **неғұрлым** көп меңгерген сайын, **соғұрлым** дүниетанымы кеңейіп, рухани байи түседі.<br><br>Балалар, сөйлемде кездесетін сонша, көп, неғұрлым, соғұрлым сөздері үстеудің мағыналық түрлерінің бірі – мөлшер үстеу болып табылады.<br>Н.Назарбаев<br>**2-тапсырма.** "Сәйкестендіру кестесі" бойынша берілген сөздерді үстеудің мағыналық түрлеріне қарай сәйкестендіріңіз.<br>**Тапсырманың дескрипторы:**<br>- үстеудің мағыналық түрлерін ажыратады;<br>- сөздерді сәйкестендіреді.<br>-<br>**күздей** — **сын-қимыл**<br>**төмен** — **Мезгіл**<br>**ақырын** — **Мөлшер**<br>**әжептәуір** — **Мекен**<br><br>**Өзіңді тексер!**<br>**күздей** — **сын-қимыл**<br>**төмен** — **Мезгіл**<br>**ақырын** — **Мөлшер**<br>**әжептәуір** — **Мекен** | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 7 минут<br><br><br><br><br>2 минут | <br><br><br><br><br>Бекіту | **3-тапсырма.** Төмендегі мөлшер үстеулерін қолданып, «Наурыз» мерекесіне қатысты сөйлем құрап жаз<br><br>Соншама әдемі, бірқатар қыздар, осыншама тартымды, біршама қазақ үйлер, мұнша тағамдар, соғұрлым әсерлі, едәуір үлкен, қыруар қаржы.<br><br>Құрметті оқушылар, сабағымыздың соңына да жетіп қалдық. Бүгінгі сабақта алған біліміміздің бағалап көрелік, бүгін біз қандай мақсатқа жеттік деп ойлайсыздар? Осыған қорытынды жасайық. Онда алдымыздағы білім есігінің кілтін дәл тауып, аша алдық деп ойлаңыздар.<br>- тақырыпқа байланысты ақпараттарды саралай аламын;<br>- мәтіннің жанры мен идеясын анықтай аламын;<br>- үстеудің мағыналық түрлерін ажырата аламын. | <br><br><br><br><br> |
| 2 минут | Бағалау |  | |
| | Үйге тапсыр-ма | "Наурызым-мерекем, Наурызым-берекем" атты тақырыпта эссе жазыңыздар. | |

Ү. Сабақтан тыс уақытта толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары

5-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» пәнінен оқу бағдарламасын зерделеу нәтижесінде 6-сыныптағы «Қазақ тілінің» оқыту мақсаттарымен кіріктіруге болмайтын оқыту мақсаттары анықталды [11]. Төменде кіріктіруге болмайтын оқыту мақсаттары берілген:

18.3-кесте – 5-6-сыныптардың кіріктірілмейтін оқыту мақсаттары

| **1) тыңдалым және айтылым** | |
|---|---|
| **Дағдылар** | **5-сынып (өткен оқу жылы)** |
| 2. Әртүрлі жанрдағы мәтіндерді талдау | 5.1.2.1әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени, тақырыптарға байланысты диалог, монологтердегі (ән мәтіні, хабарлама, жарнама, хабарландыру) көтерілген мәселені түсіндіру |
| **2) оқылым** | |
| 3. Мәтіннің жанрлық ерекшелігін ажырату | 5.2.3.1 хат, хабарлама, жарнама, нұсқаулық, хабарландырудың құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату |
| **3) жазылым** | |
| 3. Жазба жұмыстарын әртүрлі форма | 5.3.3.1сюжетті суреттердің (фотосуреттер) желісі бойынша әңгіме құрастыру |

| | |
|---|---|
| да ұсыну | |
| 6. Мәтіндерді түзету және редакциялау | 5.3.6.1 мәтіндегі орфографиялық қателерді сөздіктерге сүйене отырып, түзету және редакциялау |
| **4) әдеби тіл нормаларын сақтау** | |
| 1. Орфографиялық норма | 5.4.1.1 қазақ тілінің дыбыстар жүйесін, үндестік заңын, емлелік ерекшеліктерін ескере отырып, орфографиялық нормаға сай жазу |
| 4. Грамматикалық норма | 5.4.4.1 жұрнақ арқылы жасалған туынды сөздерді және күрделі сөздерді ауызша және жазбаша тілдесім барысында қолдану;<br>5.4.4.2 зат есімдердің мағыналық түрлерін мәнмәтін аясында жалғаулар арқылы түрлендіріп қолдану;<br>5.4.4.3 сын есімдердің, шырай түрлерінің көркемдік ерекшелігін тану, сын есімді зат есім орнына қолдана білу;<br>5.4.4.4 сан есімнің мағыналық түрлерін ажырата білу, сан есімді зат есім орнына қолдана білу;<br>5.4.4.5 төл сөз, төлеу сөз, автор сөзінің жасалу жолдарын, қызметін білу, төл сөзді төлеу сөзге айналдыру |

VI. Кіріктіруге болмайтын оқыту мақсаттары қарастырылатын кеңестердің кестесі

Білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды толықтыру үшін 6-сыныпқа «Қазақ тілі» пәнін оқыту барысында кіріктіруге болмайтын оқыту мақсаттары бойынша каникул кездерінде (күзгі, қысқы, көктемгі) консультациялар өткізу ұсынылады.

Төменде каникул кездерінде (күзгі, қысқы, көктемгі) өткізілетін кеңестердің кестесінің үлгісі келтірілген (18.4-кесте).

18.4-кесте – Каникул кездерінде (күзгі, қысқы, көктемгі) өткізілетін кеңестердің кестесі

| **Өткізілетін мерзімі** | **Тақырыптың атауы** | **Оқыту мақсаттары** |
|---|---|---|
| Күзгі каникул (1-тоқсан) | 2. Киіну. Сән.Талғам. Фонетика/ Дыбыс үндестігі | 5.1.2.1әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени, тақырыптарға байланысты диалог, монологтердегі (ән мәтіні, хабарлама, жарнама, хабарландыру) көтерілген мәселені түсіндіру |
| Күзгі каникул (1-тоқсан) | 2. Киіну. Сән.Талғам. Фонетика/ Дыбыс үндестігі | 5.2.3.1 хат, хабарлама, жарнама, нұсқаулық, хабарландырудың құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату |
| Қысқы каникул (2тоқсан) | . Бос уақыт және хобби. Морфология/ Сөздің жасалу жолдары | 5.4.4.1 жұрнақ арқылы жасалған туынды сөздерді және күрделі сөздерді ауызша және жазбаша тілдесім барысында қолдану |
| Көктемгі каникул (3-тоқсан) | Саяхат және демалыс. Синтаксис/ Төл сөз бен автор сөзінің тыныс белгілері | 5.3.3.1сюжетті суреттердің (фотосуреттер) желісі бойынша әңгіме құрастыру |
| Көктемгі каникул (3-тоқсан) | 6. Қиял әлемі. Морфология/ Сөздің топтары. Зат есім. | 5.3.6.1 мәтіндегі орфографиялық қателерді сөздіктерге сүйене отырып, түзету және редакциялау |

| | | |
|---|---|---|
| | Зат есімнің мағыналық түрлері.<br>Зат есімнің түрленуі | |

VII. Жазғы мектеп кезінде ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгісі.

Білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды толтырудың тағы бір жолы – Жазғы мектепті ұйымдастыру. Демалыс кездерінде оқытуға қамтылып үлгермеген оқыту мақсаттары осы жазғы мектеп кезінде оқытылады. Сонымен қатар оқушы оқу жылында аяқтап отырған 6-сыныбындағы кейбір күрделі материалдарды қайталап, пысықтайды. Ол тақырыптар оқу жылы аяқталған кезеңде мұғалімнің жыл бойын жүргізіп отырған «оқушының оқу үлгеріміне жасалатын диагностикадан» алынады. Төмендегі кестеде (18.5-кесте) 5-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» пәні бойынша оқу бағдарламасына сәйкес жазғы мектеп кезінде оқытылатын сабақтардың тақырыбы мен оқыту мақсаттары берілген.

18-5-кесте – 5-сыныптағы қамтылып үлгермеген олқылықтардың оқыту мақсаттары

| 4) әдеби тіл нормаларын сақтау | | |
|---|---|---|
| Дағдылар | Тақырыптың атауы | Оқыту мақсаттары (5-сынып, өткен оқу жылы) |
| 1. Тыңдалым және айтылым | 1. Мәдениет: тіл және қарым-қатынас.<br>Фонетика.<br>Дауысты, дауыссыз дыбыстардың емлесі.<br>Үндестік заңы.<br>Орфографиялық норма | 5.1.5.1 тыңдалған мәтін мазмұны негізінде сұрақтарға жауап беру, көтерілген мәселе бойынша өз ойын білдіру |
| 1. Орфографиялық норма | 1. Мәдениет: тіл және қарым-қатынас.<br>Фонетика.<br>Дауысты, дауыссыз дыбыстардың емлесі.<br>Үндестік заңы.<br>Орфографиялық норма | 5.4.1.1 қазақ тілінің дыбыстар жүйесін, үндестік заңын, емлелік ерекшеліктерін ескере отырып, орфографиялық нормаға сай жазу |
| 4. Грамматикалық норма | 6. Қиял әлемі.<br>Морфология. Сөздің топтары.<br>Зат есім.<br>Зат есімнің мағыналық түрлері.<br>Зат есімнің түрленуі. | 5.4.4.2 зат есімдердің мағыналық түрлерін мәнмәтін аясында жалғаулар арқылы түрлендіріп қолдану. |
| | 8. Адамның сырт келбеті мен мінезі.<br>Морфология.<br>Сын есім.<br>Сын есімнің мағыналық түрлері. | 5.4.4.3 сын есімдердің, шырай түрлерінің көркемдік ерекшелігін тану, сын есімді зат есім орнына қолдана білу; |

| | | |
|---|---|---|
| | Сын есімнің шырайлары.<br>Сын есімнің заттануы. | |
| | 7. Көлік және жол белгілері.<br>Морфология.<br>Сан есім.<br>Сан есімнің мағыналық түрлері.<br>Сан есімнің заттануы | 5.4.4.4 сан есімнің мағыналық түрлерін ажырата білу, сан есімді зат есім орнына қолдана білу; |
| | 9. Аспан әлемінің құпиялары.<br>Синтаксис.<br>Төл сөз.<br>Автор сөзі.<br>Төлеу сөз.<br>Төл сөзді төлеу сөзге айналдыру жолдары | 5.4.4.5 төл сөз, төлеу сөз, автор сөзінің жасалу жолдарын, қызметін білу, төл сөзді төлеу сөзге айналдыру |

## ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ЖОСПАРЛАР


**№1**

| | | |
|---|---|---|
| **Бөлім:** | 1-бөлім: Мәдениет: тіл және қарым-қатынас | |
| Педагогтің аты-жөні | Сұлтанбек Дулат Мейрамбекұлы | |
| Күні: | | |
| Сынып: 5 | **Қатысушылар саны:** | **Қатыспағандар саны:** |
| Сабақтың тақырыбы | Тілдік қарым-қатынас талаптары | |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары | 5.1.5.1 тыңдалған мәтін мазмұны негізінде сұрақтарға жауап беру, көтерілген мәселе бойынша өз ойын білдіру;<br>5.2.1.1 мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты түсіну, анықтау | |
| Сабақтың мақсаты | Барлық оқушылар: Үй тапсырмасын орындап, ойтүрткі сұрақтарына жауап береді.<br>Оқушылардың көпшілігі: Тыңдалым тапсырмасын орындап, тыңдалымнан кейінгі жазылым және айтылым тапсырмаларын жүйелі орындауға тырысады.<br>Кейбір оқушылар: Үй тапсырмасын және тыңдалым тапсырмаларын жүйелі орындайды. Сабақ үдерісінде белсенділік танытады. | |
| Бағалау критерийлері | тыңдалған мәтін мазмұны негізінде сұрақтарға жауап беріп, көтерілген мәселе бойынша өз ойын білдіріп, тапсырмаларды жүйелі орындайды; мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты түсініп, анықтап, сұрақтарға жауап береді; | |

**Сабақтың барысы**

| Сабақтың кезеңі/ уақыты | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы<br>Ұйымдастыру кезеңі<br>7 минут | **Сәлемдесу.**<br>**Оқушылардың көңіл-күйлерін білу**<br><br>**Үй тапсырмасын сұрау.**<br>9-тапсырма. 17-бет<br>Тілек сөздерді сөйлеу жағдаятына қарай | Мұғаліммен сәлемдеседі.<br><br>Үй тапсырмасын | Баллдық | Интербелсенді тақта, презентация |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | топтап жаз. | оқып, бағаланады | шкала: 2 балл | Оқулық |
| Сабақтың ортасы<br><br>3 минут | **Тыңдалымалды тапсырма**<br>Ойтүрткі сұрақтар:<br>-Тілдік қарым-қатынас кезінде қандай талаптарды ұстанған жөн?<br>-Адамдарға ұнауға мүмкіндік беретін қандай ережелерді білесіздер? | Берілген ойтүрткі сұрақтарға жауап беріп, өз ойын білдіреді | Баллдық шкала: 2 балл | Интербелсенді тақта, презентация. |
| 5 минут | **Тыңдалым тапсырмасы.**<br>*(Р.Сыздық «Тілдік норма»)*<br>Тіл білімінің бір тармағы болып саналатын «тіл мәдениеті» көптеген ғылыми-практикалық проблемаларды қамтиды. Ол тек тілдің қолданысындағы ағаттықтары мен жазудағы қателерді тауып, көрсетіп отыруды ғана көздемейді. Тіл – тек қатынас құралы емес, ол эстетикалықта құрал. Тіл адамдарға бір-бірімен түсінісіп қою үшін ғана емес, әсемдік дүниені сезіну үшін де қажет, демек, тіл арқылы бір-бірімізге жақсы әсер ету де көзделетіндіктен, экспрессиясы күшті сөздерді таңдау, сөйлемдерді әсерлі етіп құрастыру, яғни тілдік көріктеу құралдарын танып дұрыс жұмсау да тіл мәдениетінің бір пұшпағын құрайды. Ал бұлардың барлығын әңгіме ету тілдің лексикология,грамматика, фонетика, фонология салаларымен астарласып жатады, жазу таңбалары – графикаға, жазу тәртіптеріне (орфографияға) назар аударады<br><br>**Қосымша ақпарат:**<br>*Адамдарға ұнаума мүмкіндік беретін алты ереже:*<br>1. Басқа адамдарға шын ниетпен ықылас білдіріңіз;<br>2. Күлімсіреңіз;<br>3. Қасыңыздағы адамның есімі қай тілде болсын, ол оның құлағына жағымды естілетінін естен шығармаңыз.<br>4. Жақсы тыңдаушы бола біліңіз.Өзге адамдарды өздері туралы көбірек айтуға ынталандырыңыз<br>5. Әңгімелесуші адамыңызды қызықтыратын тақырыпта әңгіме айтыңыз<br>6. Әңгімелесуші адамды оның өмірде | Тыңдалым мәтінін тыңдап, сұрақтарға жауап береді | Бағалау шкаласы: 3 балл<br><br>Бағалау шкаласы: 3 балл | Оқулық<br><br>Оқулық<br><br>Оқулық |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 10 минут<br><br>7 минут | алатын өзіндік орны бар екендігіне сендіріңіз және оны шын ниетпен жасаңыз.<br><br>**Тыңдалымнан кейінгі тапсырма (жазылым):**<br>3-тапсырма, 18-бет.<br>Тілдік қарым-қатынастағы ережелер туралы өз пікіріңді дәлелде<br>**7-тапсырма, 19-бет (айтылым):**<br>Сұрақтарға жауап бер (6-тапсырма оқылым мәтіні негізінде)<br>-Жоғарыдағы әңгімеде Бөлтірік шешен сөзге қандай анықтама берді?<br>-Дұрыс сөйлеу әдептілігі жөнінде не деді?<br>-Шешеннің «ойсызға айтқан сөзден ойлыға айтқан сөз дұрыс» дегені нені білдіреді? | Тыңдалым мәтінінен негізгі ақпараттарды анықтап, тілдік қарым-қатынастағы ережелер туралы өз пікірің дәлелдейді.<br><br>Оқылым мәтіні негізінде көрсетілген сұрақтарға ашық жауап береді. | | |
| Сабақтың соңы<br><br>5 минут<br><br>5 минут<br><br>3 минут | **Кері байланыс. Рефлексия**<br>**«Блоб ағашы» әдісі**<br>- Мен бүгінгі сабақта қай деңгейде болдым? Неліктен? Келесі сабақта қай сатыдан көрінуге талпынамын?<br><br><br>**Бағалау дескрипторы: «Өзін-өзі бағалау стратегиясы»**<br>Үй тапсырмасы — 3 балл<br>Тыңдалымалды тапсырма — 2 балл<br>Тыңдалымнан кейінгі тапсырма — 3 балл<br>7-тапсырма — 2 балл<br>**Үйге тапсырма.**<br>8-тапсырма, 20-бет.<br>Керекті сөздер мен сөз тіркестерін тауып, орнына қой. Айтылған ойдың мәнін түсіндір. | Оқушылар қойылған сұрақтарға жауап бере отырып, кері байланыс жасайды<br><br>Бағалау дескрипторлары арқылы өзін-өзі бағалайды.<br><br>Мұғалімнің түсіндірмесін тыңдап, үй тапсырмасын түртіп алады. | Бағалау дескрип торы | Презента ция<br><br>Оқулық |

**№2**

| | | |
|---|---|---|
| **Бөлім:** | 1-бөлім: Мәдениет: тіл және қарым-қатынас | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Сұлтанбек Дулат Мейрамбекұлы | |
| **Күні:** | | |
| **Сынып:** 5 | **Қатысушылар саны:** | **Қатыспағандар саны:** |
| **Сабақтың тақырыбы** | Сөйлесу әдебі | |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары** | 5.2.1.1 мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты түсіну, анықтау;<br>5.4.1.1 қазақ тілінің дыбыстар жүйесін, үндестік заңын, емлелік ерекшеліктерін ескере отырып, орфографиялық нормаға сай жазу; | |
| **Сабақтың мақсаты** | Барлық оқушылар: Үй тапсырмасын орындап, ойтүрткі сұрақтарына жауап береді.<br>Оқушылардың көпшілігі: Оқылым тапсырмасын орындап, оқылымнан кейінгі жазылым тапсырмасын жүйелі орындауға тырысады.<br>Кейбір оқушылар: Үй тапсырмасын және оқылым тапсырмаларын жүйелі орындайды. Сабақ үдерісінде белсенділік танытады. | |
| **Бағалау критерийлері** | - мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты түсініп, анықтап, оқылым тапсырмаларын орындайды;<br>- қазақ тілінің үндестік заңын, емлелік ерекшеліктерін ескере отырып, сұрақтарға жауап береді. | |

**Сабақтың барысы**

| **Сабақтың кезеңі/ уақыты** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы Ұйымдастыру кезеңі**<br><br>7 минут | Сәлемдесу.<br>Оқушылардың көңіл-күйлерін білу<br>Үй тапсырмасын сұрау.<br>«РАФТ» әдісі бойынша сұхбат құру<br>Р: Оқушы; А: Батырлар, қоғам қайраткері, ақын-жазушы; Ф: Сұхбат; Т: Тәуелсіздікке - 30 жыл | Мұғаліммен сәлемдеседі.<br><br>Үй тапсырмасын оқып, бағаланады | Баллдық шкала: 2 балл | Интербелсенді тақта, презентация<br><br>Оқулық |
| **Сабақтың ортасы**<br><br>3 минут<br><br>2 минут<br><br>10 минут | **Оқылымалды тапсырма**<br>Ойтүрткі сұрақтар:<br>- Сұхбаттасу мәдениетіне нені жатқызар едіңіз?<br>- Сәлемдесу әдебі жайлы не айтасыз?<br>- Үндестік заңы дегеніміз не? Нешеге және қалай жіктеледі?<br>- Буын үндестігі дегеніміз не?<br>- Дыбыс үндестігі дегеніміз не? Қалай және нешегі е жіктеп қарастырамыз?<br>**Оқылым тапсырмасы**<br>5-тапсырма, 15-бет.<br>«Сөйлеу этикеті».<br><br>**Оқылымнан кейінгі тапсырма**<br>(жазылым тапсырмасы)<br>**6-тапсырма, 16-бет.** Мәтінді талда. | Берілген ойтүрткі сұрақтарға жауап беріп, өз ойын білдіреді<br><br>Оқылым мәтінін оқып, сұрақтарға жауап береді<br><br>Оқылым мәтінінен | Баллдық шкала: 2 балл<br><br>Бағалау шкаласы: 3 балл | Интербелсенді тақта, презентация.<br><br>Оқулық<br><br>Оқулық |

<table>
<tr>
<td>3 минут<br><br><br><br><br>10 минут</td>
<td>Төмендегі белгілермен әр абзацты немесе сөйлемдерді белгіле. Өз ойыңды қорытындылап жаз.
<table>
<tr><td>Бұрыннан білемін</td><td></td></tr>
<tr><td>Менің ойлағаныма қайшы, кереғар</td><td></td></tr>
<tr><td>Мен үшін жаңа ақп рат</td><td></td></tr>
<tr><td>Келісе алмаймын, білгім келеді</td><td></td></tr>
</table>
Есте сақта!<br>Эмоционалды сөздер – адамның сезімін, көзқарасын, көңіл күйдің түрлі иірімдерін білдіріп тұратын сөздер.<br><br>10-тапсырма, 17-бет.<br>Оқылым мәтініндегі эмоционалды-экспрессивті сөздерді буын үндестігі мен дыбыс үндестігіне қарай талда.</td>
<td>негізгі ақпараттарды анықтап, кестені толтырады.<br><br><br><br>Есте сақта ережесін дәптерлеріне түртіп алады.<br><br><br>Оқылым мәтініндегі эмоционалды сөздерге талдау жасайды.</td>
<td><br><br><br><br>Бағалау шкаласы: 3 балл</td>
<td><br><br><br><br>Оқулық<br><br><br>Оқулық</td>
</tr>
<tr>
<td>Сабақ тың соңы<br><br>3 минут<br><br><br><br><br>5 минут<br><br><br><br>2 минут</td>
<td>Кері байланыс. Рефлексия<br>«Шығу парағы» әдісі<br>1.Бүгін не үйрендің?<br>2. Сабақ бойынша қандай сұрақтарың бар?<br>3.Келесі сабақта қандай мәселелерге баса назар аудару керек?<br><br>Бағалау дескрипторы: «Өзін-өзі бағалау стратегиясы»
<table>
<tr><td>Үй тапсырмасы</td><td>2 балл</td></tr>
<tr><td>Оқылымалды тапсырма</td><td>2 балл</td></tr>
<tr><td>Оқылымнан кейінгі тапсырма</td><td>3 балл</td></tr>
<tr><td>10-тапсырма</td><td>3 балл</td></tr>
</table>
Үйге тапсырма.<br>9-тапсырма. 17-бет<br>Тілек сөздерді сөйлеу жағдаятына қарай топтап жаз.</td>
<td>Оқушылар қойылған сұрақтарға жауап бере отырып, кері байланыс жасайды<br><br><br><br>Бағалау дескрипторлары арқылы өзін-өзі бағалайды.<br><br><br>Мұғалімнің түсіндірмесін тыңдап, үй тапсырмасын түртіп алады.</td>
<td>Бағалау дескрипторы</td>
<td>Презентация<br><br><br><br><br>Оқулық</td>
</tr>
</table>

**№ 3**

| | | |
|---|---|---|
| **ҰМЖ тарауы:** 7-бөлім: Көлік және жол белгілері | | |
| **Күні:** | **Мұғалімнің аты-жөні:** Мазходжаева Р.<br>**Машықтанушы:** Сұлтанбек Д. | |
| **Сынып:** 5 | **Қатысқандар:** 8 | **Қатыспағандар:** |
| **Сабақтың тақырыбы:** | Метрополитен. Зат есімнің түрлері. | |

| | | |
|---|---|---|
| **Осы сабақта қол жеткізетін оқу мақсаттары:** | 5.О5. Мәтін мазмұнын түсінуге, нақты ақпараттарды анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру;<br>5.ӘТН.4.2. Зат есімдердің мағыналық түрлерін мәнмәтін аясында жалғаулар арқылы түрлендіріп қолдану | |
| Сабақ мақсаттары: | **Барлық оқушылар орындай алады:** Мәтінді оқып, аудиомәтінді тыңдап, тың ақпараттарды меңгере алады;<br>**Оқушылардың көпшілігі орындай алады:** Оқылым және тыңдалым дағдысына негізделген тапсырмаларды орындай алады;<br>**Кейбір оқушылар орындай алады:** Зат есімнің түрлерін ажыратып, оқулық тапсырмаларын дұрыс орындайды; | |
| Бағалау критерийі: | - Оқылым, тыңдалым мәтіндерімен танысып, тапсырмаларын орындайды;<br>- Зат есімнің түрлерін ажыратып, мысал келтіре алады. | |
| Құндылықтарға баулу: | Мәңгілік Ел құндылықтары:<br>- Сын тұрғысынан ойлау<br>- Сыйластық<br>- Құрмет<br>- Ынтымақтастық<br>- жауапкершілік | |
| Пәнаралық байланыс: | Механика, Физика | |
| Алдыңғы білім: | Метро – жер асты көлігі | |
| Сабақ барысы: | | |
| Сабақ кезеңдері | **Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері** | **Ресурстар** |
| Сабақ басы<br>2 минут | **Ұйымдастыру кезеңі:** Сабақтың тақырыбы мен қол жеткізетін оқу мақсаттарын таныстыру. | |
| Сабақ ортасы<br>15 минут | **Оқылым тапсырмасы:**<br>«Метрополитен» мәтіні<br><br>**Ж:**<br>А.Мәтінге сүйеніп, ойды жалғастырыңыз.<br>*1. «Метрополитен» - кірме сөз, ол ....*<br>*2. XIX ғасырдың екінші жартысында....*<br>*3. XXI ғасырдың басында ...*<br>*4. Алматы метросының ерекшеліктері ...*<br>*5. Пекин метросы ...*<br>*6. Метроны пайдаланудың артықшылықтары: .....* | Оқулық. «Қазақ тілі» 147-148-бет |
| 10 минут | **ЕРЕЖЕ:**<br><br>**Зат есімнің түрлері:**<br>**-Жалпы есім-** тілдегі әр алуан деректі және дерексіз заттар мен ұғымдардың атауын білдіретін зат есімдер. М: ат, бала арба, т.б.<br>**-Жалқы есім-** белгілі бір затт арнайы, даралай атайтын есімдерді атаймыз. М: | |

| | | |
|---|---|---|
| 10 минут | Асқар, Тайбурыл, Теміртай.<br>-**Деректі есім** – нақтылы тануға, көзбен көріп, қолмен ұстауға болатын зат есімдер. Мысалы: мысық, бор, ағаш т.б.<br>-**Дерексіз есім** – көзге көрінбегенмен, адамның ойлауы нәтижесінде ғана танылатын құбылыс, ұғым атаулары. М: достық, арман, тілек т.б.<br><br>**Ж: Тыңдалым тапсырмасы.**<br>**«Ең үлкен аспалы көпір»**<br><br>А. Сөйлемдерді мәтін мазмұнына сай толықтырыңдар.<br>*1.Аспалы көпірдің негізгі жолы ілгектер арқылы діңгектерге бекітіледі.*<br>*2.Семейдегі аспалы көпір көлемі жағынан әлем бойынша 17-ші орында*<br>*3. Көпірдің биіктіге - 90 метр, ені - 35 метр, ұзындығы - 1086 метр.*<br>*4. Көпір пайдалануға 2000 жылдың 17 қазанда берілді.* | №36-аудио |
| **Сабақ соңы**<br><br>**3 минут** | **Кері байланыс. Рефлексия.**<br>«Көңіл-күй микрофоны»<br><br>Оқушылар рет-ретімен микрофонға сабақтан алған әсерлерін айтып, көңіл-күйлерімен бөліседі<br><br>**Үйге тапсырма:**<br>4-тапсырма: Ә<br>5-тапсырма. | |

| Қосыма ақпарат | | |
|---|---|---|
| Саралау – Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Сіз қабілеті жоғары оқушыларға тапсырманы күрделендіруді қалай жоспарлайсыз? | Бағалау – оқушылардың үйренгенін тексеруді қалай жоспарлайсыз? | Пәнаралық байланыс |
| **Рефлексия**<br>Сабақ мақсаттары шынайы ма? Бүгін оқушылар не білді? Сыныптағы ахуал қандай болды? Мен жоспарлаған саралау шаралары тиімді болды ма? Мен берілген уақыт ішінде үлгердім бе? Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен | | |

## 19. «Қазақ тілі» оқу пәні, 7-сынып

I. Өткен оқу жылында өтілген оқу бағдарламасының мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттары

7-сыныпта «Қазақ тілі» пәнінен диагностикалық жұмыс жүргізу үшін 6-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» пәнінің оқу бағдарламасының оқыту мақсаттары сараланды. 6-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» пәнінің базалық білім мазмұны:

1) тыңдалым және айтылым:

көтерілген мәселені болжау, әлеуметтік-мәдени, ресми-іскери тақырыптарға байланысты диалог, монологтердегі көтерілген мәселені талдау, мәтін мазмұнын түсіну, детальді ақпаратты түсіну, жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтау, жалпы және нақты сұрақтар, мәтін мазмұнын шынайы өмірмен байланыстыру, ресми сөздер мен тіркестерді, терминдерді орынды қолдану, диалогке қатысу;

2) оқылым:

мәтіннен негізгі және детальді ақпаратты анықтау, ауызекі сөйлеу мен көркем сөйлеуді тілдік құралдар арқылы тану, ауызекі сөйлеу мен көркем сөйлеудің құрылымдық және жанрлық ерекшеліктерін ажырату, мәтін негізінде нақтылау сұрақтарын құрастыру, оқылым стратегияларын қолдану,

комментарий жасау, іріктеп оқу, рөлге бөліп оқу, сілтеме жасау;

3) жазылым:

әртүрлі жанрдағы мәтіндер жазу үшін жоспар құру, мінездеме, өмірбаян, құттықтауды жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай жазу, графиктік мәтін құрастыру, эссе жазу барысында абзацты жүйелі құрастыру, «келісу, келіспеу» эссесін жазу, жинақы мәтін жазу, мәтіндегі орфографиялық және пунктуациялық қателерді сөздіктерге, емле ережелеріне сүйеніп, түзету, редакциялау;

4) әдеби тіл нормалары:

орфографиялық норма: жеке, бірге, бөлек, дефис арқылы жазылатын сөздер;

орфоэпиялық норма:сөз екпіні, тіркес екпіні, логикалық екпін;

лексикалық норма: көнерген сөз, эвфемизим, дисфемизм, неологизм,термин, диалект сөз, кәсіби сөз, табу сөздер;

грамматикалық норма: есімдік, етістік, етіс түрлері, салт және сабақты етістік, үстеу, үстеудің мағыналық түрлері;

пунктуациялық норма: қазақ тіліндегі тыныс белгінің түрлері, даралаушы тыныс белгілері [11].

Осы берілген үлгілік оқу бағдарламасындағы оқыту мақсаттарын саралай келе өткен оқу жылындағы олқылықтармен жұмыс жасау үшін әр бөлім бойынша оқушының меңгере алмаған оқыту мақсаттарын нақтылап алып кестеге түсірдік. Онда 1) «тыңдалым және айтылым» бөлімі бойынша төрт бөлімшенің (Болжау, Әртүрлі жанрдағы мәтіндерді талдау, Тыңдалым материалы бойынша жауап беру және бағалау, Сөйлеу мәдениетін дамыту) оқыту мақсаттарын алдық. Келесі 2) «Оқылым» бөлімі бойынша төрт бөлімшенің (Мәтіннің стильдік ерекшелігін тану, Мәтіннің жанрлық ерекшелігін ажырату, Мәтіндерге салыстырмалы анализ жасау, Оқылым стратегияларын қолдану) оқыту мақсаттары алынды. 3) «Жазылым» бөлімі бойынша: (Әртүрлі жанрда мәтіндер құрастыру, Жазба жұмыстарын әртүрлі формада ұсыну, Эссе жазу, Оқылым және тыңдалым материалдары негізінде жинақы мәтін (компрессия) жазу, Мәтіндерді түзету және редакциялау) бес бөлімшенің оқыту мақсаттары алынды. 4) «Әдеби тіл нормаларын сақтау» бөлімі бойынша (Лексикалық норма, Грамматикалық норма, Пунктуациялық норма) үш бөлімшенің оқыту мақсаттары қарастырылды [11]. (19.1-кесте).

19.1-кесте - 6-сыныптың мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттары

| Дағдылар | 6-сынып (өткен оқу жылы) |
|---|---|
| **1) тыңдалым және айтылым** | |
| 1. Болжау | 6.1.1.1 мәтіннің атауын талқылау және алғашқы бөлігін тыңдау арқылы көтерілетін мәселені болжау |
| 2. Әртүрлі жанрдағы мәтіндерді талдау | 6.1.2.1 әлеуметтік-мәдени, ресми-іскери тақырыптарға байланысты диалог, монологтердегі (нұсқаулық, құттықтау, хабарландыру, өмірбаян, жаңалық, интервью) көтерілген мәселені талдау |
| 5. Тыңдалым материалы бойынша жауап беру және | 6.1.5.1 тыңдалған мәтін мазмұны бойынша жалпы және нақты сұрақтарға жауап беру, мәтіндегі ақпаратты |

| | |
|---|---|
| бағалау | шынайы өмірмен байланыстыру |
| 6. Сөйлеу мәдениетін дамыту | 6.1.6.1 коммуникативтік жағдаятқа сай ресми сөздер мен тіркестер, дайын тіркестер мен терминдерді орынды қолданып, диалогке қатысу, ойын анық жеткізу |
| **2) оқылым** | |
| 2. Мәтіннің стильдік ерекшелігін тану | 6.2.2.1 ауызекі сөйлеу және көркем сөйлеудің стильдік ерекшеліктерін қолданылған тілдік құралдар арқылы тану |
| 3. Мәтіннің жанрлық ерекшелігін ажырату | 6. 2.3.1 ауызекі сөйлеу этикеттері мен көркем сөйлеудің құрылымдық және жанрлық ерекшеліктерін ажырату |
| 4. Мәтіндерге салыстырмалы анализ жасау | 6.2.4.1ауызекі және ресми стильдегі мәтіндердің тақырыбын, мазмұнын, тілдік ерекшелігін салыстыру |
| 6. Оқылым стратегияларын қолдану | 6.2.6.1оқылым стратегияларын қолдану: комментарий жасау, іріктеп оқу, рөлге бөліп оқу |
| **3) жазылым** | |
| 2. Әртүрлі жанрда мәтіндер құрастыру | 6.3.2.1жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай құрылымын сақтай отырып, мінездеме, құттықтау, өмірбаян құрастырып жазу |
| 3. Жазба жұмыстарын әртүрлі формада ұсыну | 6.3.3.1 ұсынылған тақырып бойынша деректер жинақтай отырып, графиктік мәтін (диаграмма, кесте, сызба) түрінде құрастыру |
| 4.Эссе жазу | 6.3.4.1эссе тақырыбынан ауытқымай, абзац түрлерін жүйелі құрастырып, көтерілген мәселе бойынша келісу-келіспеу себептерін айқын көрсетіп жазу («келісу, келіспеу» эссесі) |
| 5. Оқылым және тыңдалым материалдары негізінде жинақы мәтін (компрессия) жазу | 6.3.5.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді іріктей отырып, жинақы мәтін жазу |
| 6. Мәтіндерді түзету және редакциялау | 6.3.6.1 мәтіндегі орфографиялық және пунктуациялық қателерді сөздіктерге, емле ережелеріне сүйеніп, түзету, редакциялау |
| **4) әдеби тіл нормаларын сақтау** | |
| 3. Лексикалық норма | 6.4.3.1 көнерген сөз, эвфемизм, дисфемизм, неологизм, термин, диалект сөз, кәсіби сөз, табу сөздердің қолданыс аясын түсіну және ажырата білу |
| 4. Грамматикалық норма | 6.4.4.1 сөйлемдегі есімдіктің қызметін түсіну, есімдікті зат есім, сын есімнің орнына қолдану;<br>6.4.4.2етістіктің етіс түрлері мен салт-сабақты етістіктердің тіркесімдік мүмкіндігін ауызша және жазбаша тілдесім барысында қолдану;<br>6.4.4.3 үстеудің мағыналық түрлерін ажырату, синонимдік қатарларын түрлендіріп қолдану |
| 5.Пунктуациялық норма | 6.4.5.1 қазақ тіліндегі тыныс белгілерінің түрлері мен қызметін (даралаушы) түсіну, дұрыс қолдану |

II. Іріктеп алынған оқыту мақсаттары бойынша диагностикалық жұмыстың үлгісі

Келесі кезеңде 19.1-кестеде алынған оқыту мақсаттарын оқушының қаншалықты меңгергенін диагностика жасап, зерттеу үшін тапсырмалар жүйесі дайындалады.

Диагностикалық жұмыс білім алушылардың олқылықтарын толықтыру үшін жүргізілетін жұмыс болып табылады. Сондықтан диагностикалық жұмыстың мазмұнына толық жауапты қажет ететін тапсырмаларды беру ұсынылады.

Төменде 6-сыныптағы «Қазақ тілі» пәнінің мазмұнын қамтитын оқыту мақсаттарына сәйкес әзірленген диагностикалық жұмыс тапсырмаларының үлгісі берілген. Берілген тапсырмалар жүйесінің мазмұны 19.1-кестедегі бөлімдердің мазмұнын қамтып, құрастырылған.

***6-сыныптағы олқылықтарды анықтау бойынша диагностикалық тапсырма.***

Оқылым бөлімі бойынша:

Оқылым алды (жауап бер)

1-тапсырма.

*Қазақтың ер-тұрман атауларын білесің бе?*

*Ер-тұрмандардың өзіндік ерекшеліктері неде?*

*Бұл бұйымдарды ұлттық құндылығымызға жатқыза аламыз ба? Себебі?*

**Оқылым кезі (оқы, ойлан, зерделе)**

*Мәтінді оқы. Өз ойыңды ауызша баянда.*

Ер-тұрман – атқа салт мініп жүруге қажетті жабдықтардың жиынтық аты. Ер-тұрманға ерден басқа тоқым, желдік, тебінгі, үзеңгі, үзеңгі бау, таралғы, тартпа, айыл (төс айыл, шап айыл), өмілдірік, құйысқан, жүген, шылбыр, тізгін, ат көрпе, көпшік, пыстан, кежім, қамшы, шідер, тұсамыс, кісен, қанжыға жатады. Әйелдерге арналған ер-тұрман (тоқым, үзеңгі, үзеңгі бау, таралғы, ноқта, жүген, сулық, айыл, өмілдірік, құйысқан, пыстан, шеттік, сауырлық, салпыншақ) әшекейленеді. Ерлерге арналған ер-тұрман жеңіл, ықшам, көбінесе мүйіз, сүйекпен, әшекейленеді. Ер-тұрман «ер-тоқым» деп те аталады.

Ер-тоқым — салт атқа мініп жүруге лайықталған жабдықтардың бір түрі. Адамның атқа мініп-түсуі мен атқа ер салу мұқтаждығы қашан басталғаны белгісіз. Қазақстан жеріндегі жартастар бетінде ер-тоқымды ат суреті кезігеді. Соның ішінде, тура сызықты суреттер, бедер сызықты суреттер бар. Бұл ертедегі адамдардың да ер-тоқымды пайдаланғанынан дерек береді. Ер-тоқымды көне заман көшпелілерінің дамытқан өнер туындысының бірі деуге болады. Өйткені көшпелі тұрмыс, жорық, шабуыл- ат үстіндегі қимылдың барлығы ер-тоқым, тұрман-жабдықтарын тамаша толықтырған. Бұл жабдықтар екі жаққа да (атқа да, адамға да) қолайлылық тудыру мақсатында жасалған. Әсіресе, атқа жайлы болу жағы басты шарт болған. Қазақ халқы осы тұрғыдан, « Алтында ерің атқа тисе, алтынын ал да отқа жақ»,- деп, тұжырымдайды. Соңғы кездегі қалыптасқан атаулар- қалмақ ер, қырғыз ер, қазақ ер, орыс ер.

Ал, біздің айтайық деп отырғанымыз-қазақ ері. Қазақ ері негізгі қаңқасының жасалуы жағынан-ойма ер, құранды ер, ақбас ер, ашамай болып бөлінеді. Жабдықталуы жағынан қыз-келіншек ері, еркек ері деп жіктеледі.

**Бағалау критерийі:**

*- негізгі ойды анықтай отырып, мәтіндегі мәселеге баға береді;*

*- мәліметтер мен пікірлерді өңдеп жіктейді.*

**Дескриптор:**

*- мәтіннің стилін анықтай алады;*

*- мәтіндегі негізгі ойды анықтайды;*

*- көтерілген мәселені бағалайды;*

*- мәліметтерді анықтайлы, сұрақтарға жауап береді.*

**Жазылым бөлімі бойынша:**

**Оқылымнан кейін жазылым кезеңі (оқы, ойлан, зерделе)**

**1-деңгей тапсырмасы**. *Жоғарыда берілген мәтіннен есімдіктер қатысқан сөйлемдерді теріп жаз.*

---

---

**2-деңгей тапсырмасы**. *Берілген етістіктерге етіс жұрнақтарын жалғап жаз.*

Баста, бол, ки, жікте, қалыптас, отыр, жүр, ой, мін, түс, ойла.

Өздік етіс----------

Өзгелік етіс----------

Ырықсыз етіс----------

Ортақ етіс----------

**3-деңгей тапсырмасы**. *Талдау – табыс кілті. Берілген сөйлемдерді сөз құрамына талда.*

Қазақ ері негізгі қаңқасының жасалуы жағынан-ойма ер, құранды ер, ақбас ер, ашамай болып бөлінеді. Жабдықталуы жағынан қыз-келіншек ері, еркек ері деп жіктеледі.

**Бағалау критерийі:**

*- мәтінді оқи отырып, сөз таптарына ажыратады;*

*- Әр сөз табының атқаратын қызметін біледі.*

**Дескриптор:**

*- Сөздерді сөз табына талдай алады;*

*- есімдік сөз табын таба алады;*

*- сөйлемнен етістік сөз табын таба алады;*

*- етіс жұрнақтарын жалғай алады;*

*- сөздерді сөз құрамына талдайды.*

**3-тапсырма.** Мәтіндер бойынша құрылған тест сұрақтарына жауап беру.

***1-мәтін.***

Құмырсқа – әлемдегі ең көп тараған жәндіктің бірі. Қазақ «құмырсқадай қажырлы», «құмырсқадай құжынаған», «құмырсқадай еңбекқор» деген тіркестерді бекер айтпаған. Олардың біз білмейтін қызық қыры көп. Оны ғалымдар зерттеп, бұқараға жеткізіп отыр.

Құмырсқаларды зерттейтін ғылым – мирмекология деп аталады. Осы мирмеколог мамандардың құмырсқадай тынбай талаптанып, қайнаған тіршілікті зерттеуі нәтижесінде бізге олар туралы көптеген қызықты деректер белгілі болды.

Құмырысқа – жер жүзінде ең көп тараған жәндік. Әлемдегі ең құрметті мимекологтардың бірі Эдвард Уилсонның есебі бойынша, бүгін жер бетінде 10 квадрилиион, яғни онның 15 дәрежесіндей құмырсқа бар екен. Жан басына шаққанда, бір адамға миллион құмырсқадан келеді, ал жалпы үлесі барлық адамның үлесіндей.

**1. «Құмырсқадай құжынаған» тіркесінің мағынасына сай келмейтін қатарды көрсетіңіз.**

A) Көп, қарақұрым
B) Қаптап кетті, қайнады
C) Қажырлы, еңбекқор
D) Нөпір болды, ығы-жығы
E) Қайнаған, қалың

**2. Мәтіннің тақырыбы қандай?**

A) Құмырсқалар еңбегі
B) Құмырсқалар достығы
C) Жәндіктер туралы
D) Мирмекологтар туралы
E) Құмырсқалар илеуі туралы

**3. « мирмекология» сөзі қай қатарға тән.**

A) жаңа сөз
B) термин сөз
C) көнерген сөз
D) табу сөз
E) кәсіби сөз

**4. Сөйлемдегі есімдіктер қай сөз табының орнына жұмсалып тұр.**

*Олардың біз білмейтін қызық қыры көп.*

A) сын есім
B) есімдік
C) үстеу
D) зат есім
E) сан есім

***2-мәтін.***

1. Сізге, ардақты және құрметті, жақсы көретін аяулы іниміз Халиулла мырзаға, бізден, ағаңыз Ибраһимнен және барлық ата-аналарыңыздан, аға-іні, жеңгелеріңізден көп-көп дұғай сәлемдер жолдадық.

2. Құдайға шүкір, осы күнде өзің көрген жандар тегіс аманбыз. Сізбен бірге бізге хат жазған Қамаридден моллаға көптен-көп сәлем дегейсіз.

Сізге хат жазуға уақытын бөлген және басқа да әрбір жақсылықтары алла тағаладан қайтсын, Аягөзге келген уақытта почта жүргелі тұр екен, сіздің хаттарыңызды көрген соң, көңіліміз жай тапты және сізге жол қаржыға отыз теңге жібердім.

3. Жаңа Семейге мағлұм еткен уақытыңызда құдайтағала қаласа ат тағайындармыз. Тәтеңіз 1 білімнің қайнар бұлағын үйренгенің турасында бекқуанып жатыр. Әрқашан құдайтағалаға сиынып талап қыла көрсін дейді.

Хатыңыз тиісімен ешбір тоқтамайынша Аягөзге келіп осы хатты жаздық.

Әрдайым деніңіз сау болып, абыройлы болыңыз. Ғұмырыңызды тілеп хат жазушы ағаңыз Ибраһим Құнанбайұлы деп білесіз. Тағы да көп-көп сәлем.

**5. Берілген мәтін қай стильде жазылған?**

A) Ғылыми стиль
B) Көркем әдебиет стилі
C) Ресми іскағаз стилі
D) Публицистикалық стиль
E) Ауызекі сөйлеу стиль

**6. Халиулланың ісі туралы қай бөлімде айтылған?**

A) Үшінші
B) Екінші және үшінші
C) Бірінші
D) Екінші
E) Барлығында

**7. Неге хатта Қамаридден моллаға алғыс айтылды?**

A) Себебі Халиулла молламен бірге тұрады.
B) Себебі Қамариден молла хат тасиды.
C) Себебі хат Қамариден моллаға арналған.
D) Себебі молла Халиуллаға хат жазуға көмектеседі.
E) Себебі Қамариден молладан ат мінеді.

**8. Хаттың 1-бөлімі арқылы жазған адам туралы не айтуға болады?**

A) Ардақты адам
B) Құрметті адам
C) Бауырмал адам
D) Танымал адам
E) Талапшыл адам

***3-мәтін***

Арқар көбінесе үйір-үйірімен жүреді. Көбіне, көгалды шоқылардың арасындағы далалы өңірде жайылады. Қыста салқын түссе, таудың етегіне, көктеммен жазда таудың субальпілік белдеуіне қарай аударылады. Бұл мезгілде олар 10-15-тен топтанып жүреді. Тек жазда көбею кезінде бөліне бастайды, көбіне егіз туады. Арқарлардың басты жауы – қасқыр мен барыс. Арқар дәмді ет, сапалы тері беретін аң болып саналады. Алайда саны жылданжылға азайып

барады. Сондықтан қазір оны аулауға тыйым салынған. Қазақстан Ғылым академиясының бір топ ғалымдары арқарды меринос қойымен будандастыру арқылы қазақтың асыл тұқымды арқар-меринос қойын шығарды.

**9. Неліктен арқарды аулауға тыйым салынған?**
A) Меринос қойымен будандастыратындықтан
B) Саны жылдан-жылға азайып бара жатқандықтан
C) Мүйізі үлкен болғандықтан
D) Егіз төл беретіндіктен
E) Суыққа төзімді болғандықтан
**10.Арқардың негізгі жауы нелер?**
A) Сүт қоректілер.
B) Қос аяқтылар.
C) Үй жануарлары.
D) Ет қоректілер.
E) Шөп қоректілер.
**11.Қазақстан ғалымдары қандай ғылыми жаңалық ашты?**
A) Арқардың тіршілік ету ортасын айқындады
B) Арқардың мүйізіне қарап жасын анықтады
C) Арқардың төлдеу ерекшелігін көрсетті
D) Арқар терісінің сапалылығын дәлелдеді
E) Арқардан төрт түлік түрін шығарды
**12.Арқар қандай жерлерді мекендейді?**
A) Құмдауыт ойпаттарды
B) Егіс алқаптарын
C) Шөлейт жерлерді
D) Тау бөктерлерін
E) Жазық даланы
**13. Сөйлемдегі сан есімнің мағыналық түрі**
*Бұл мезгілде олар 10-15-тен топтанып жүреді.*
A) Есептік
B) Реттік
C) Топтау
D) Жинақтық
E) Болжалдық
**14. Сөйлемдегі есімдіктің мағыналық түрі**
*Бұл мезгілде олар 10-15-тен топтанып жүреді.*
A) жіктеу, сұрау
B) сілтеу, жіктеу
C) белгісіздік, жіктеу
D) жіктеу, жалпылау
E) сілтеу, сұрау
**15. Сөйлемдегі етістіктің түрі**
*Бұл мезгілде олар 10-15-тен топтанып жүреді.*
A) дара

B) үйірлі
C) күрделі
D) негізгі
E) болымсыз

***4-мәтін.***

Айнабұлақ! Мыңбұлақ! Өмірге тұңғыш келгенімде дүниеде теңдесі жоқ нәрлі суымен мені шомылдырған, мені жуындырған бұлақ. Мен алғаш суын ішкен, мені әлдилеп сүйген, маған сенген, туған жерім Мыңбұлақ... Біз де сүйек, еттен жаралған жанбыз. Біздің жанымызды тебіренте соққан жүрек болаттан құралған емес, бірақ біздің жүрек – отты жүрек. Оның оты болатты ерітіп, жаңқадай жандыратын от. Біздің жүрегімізде қауіп-қатерді көтеріп, өлімді жеңетін бір жарық, - ана сүтін ақтап, туған елді, Отанымызды сүю сезімі. Бізде ер атасы -махаббат, өмір тасы - халық, ел намысы - ер қолында. Біз намысты елдің ұлымыз. Жеңілмес күшіміз сонда. (94 сөз)

Бауыржан Момышұлы

**16. Мәтінде «жаңқадай жандыратын от» дегені не?**
A) Айнабұлақ
B) Махаббат
C) Жүрек
D) Мыңбұлақ
E) Намыс

**17. Берілген мақалдардың қайсысы мәтіннің түйінін ашып тұр?**
A) Ерлік пен еңбек – егіз
B) Талапты ерге нұр жауар
C) Туған елдей ел болмас, туған жердей жер болмас
D) Атадан ұл туса игі, ата жолын қуса игі
E) Ерлік тәрбиеден туады

**18. Сөйлемдегі сын есім**
*Талапты ерге нұр жауар*
A) ерге
B) нұр жауар
C) талапты
D) ерге жауар
E) жауар

**19. Сөйлемдегі тыныс белгінің қойылу орны. *Ерлік пен еңбек – егіз.***
A) жалпылауш сөзден соң
B) бастауыш пен баяндауыштың арасына
C) бірыңғай мүшеге байланысты
D) төл сөз бен автор сөзіне байланысты
E) айқындауыш мүше

**20. Сөйлемдегі туынды сөзді анықтаңыз.**
*Біз намысты елдің ұлымыз.*
A) Біз

B) намысты
C) елдің
D) ұлымыз
E) елдің ұлымыз

**3-тапсырма.** Тест сұрақтарына жауап беріңіз.

**1.Жүгері шаруашылығына байланысты кәсіби сөзді белгілеңіз.**
A) Дүмбі, пәшік, сота
B) Жом, қылша
C) Адырна, атыз
D) Шиіт, сота, терімші
E) Әңгелек, мырзашөл

**2.Мақта байланысты кәсіби сөзді анықтаңыз.**
A) Аймақ
B) Ыңғуыр
C) Балдан
D) Атыз
E) Мұрап

**3.Табу сөзді белгілеңіз**
A) Найзағай, жасыл
B) Ұлыс, нөкер
C) Аймақ, қызыл әскер
D) Адырна
E) Ұзын шешей, Ұлытау

**4.Антоним мәнді тұрақты тіркесті белгілеңіз.**
A) Су жүрек-қоян жүрек
B) Ит арқасы қиянда – ит өлген жер
C) Ат ізін салмады-ат ізін құрғатпады
D) Тайға таңба басқандай- қыздың жиған жүгіндей
E) Ат шаптырым жер-таяқ тастам жер

**5. Мата атауына байланысты көнерген сөзді анықтаңыз.**
A) Шекпен, шидем
B) Сәукеле, қыжым
C) Торқа, торсық
D) Дүрия, патсайы
E) Қылша, қыжым

**6.Дисфемизмге тән қатар**
A) Әдеби тілде жұмсалады
B) Ресми тілде жұмсалады
C) Ауызекі тілде жұмсалады
D) Жалпы халықтық тілде жұмсалады
E) Көркем әдеби тілде жұсалады

**7.Эвфемизмді көрсет:**
A) Бөрігін аспанға лақтырды
B) Жан тәсілім етті

C) Ұрлықшы
D) Өсекшіл
E) Боқмұрын

**8.Термин сөзді анықтаңыз.**

A) Тұрақ
B) Түбек
C) Түйме
D) Түйе
E) Тұлым

**9.«Орфография» сөзі қай тілден енген?**

A) Араб тілінен
B) Грек тілінен
C) Латын тілінен
D) Орыс тілінен
E) Шағатай тілінен

**10.Барыс, жатыс, шығыс, көмектес септікті сқздермен тіркесетін етістік түрі.**

A) Салт
B) Сабақты
C) Болымды
D) Болымсыз
E) Туынды

**11.Ырықсыз етісті көрсетеңіз.**

A) Жуысты
B) Таранды
C) Тазаланды
D) Тазарты
E) Тартқызды

**12.Төменде берілген сөйлемдегі үстеудің түрі мен сөйлемде атқаратын қызметін анықтаңыз.**

*Бұлар үш қабат үлкен үйдің баспалдағымен жоғары көтерілді. (С.Бақб.)*

A) Мезгіл үстеу- пысықтауыш
B) Себеп салдар үстеуі- толықтауыш
C) Мекен үстеу-пысықтауыш
D) Мекен үстеу- толықтауыш
E) Мөлшер үстеу- пысықтауыш

**13.Сын- қимыл үстеуін белгілеңіз.**

A) Анағұрлым, шалқасынан
B) Жорта, қасақана
C) Ерте,ілгеріден
D) Бостан-босқа, емін-еркін
E) Әрі-бері, жорта

**14.Қай сөйлемде сан есі емлеге сай жазылған?**

A) 1845 жылы Абай дүниеге келген.
B) Жолдастарымның кеткеніне екі үш күн болды.

C) Сағат 6 ға 10 минут қалған кезде Азамат пәтерінен шықты.
D) 30-40 тай адам жиналған екен.
E) Біз 2 еу едік.

**15.Сын есім жасайтын жұрнақтарды анықтаңыз.**

A) Шылық,-шілік
B) Рақ,- рек
C) Ғы,- гі
D) Мақ,- мек
E) А, -е,-й

**16.Қатыстық сын есім қатысқан тіркесті белгілеңіз.**

A) Қызғылт орамал
B) Ащылау қымыз
C) Орманды алқап
D) Тас жол
E) Ағаш күрек

**17. Есептік сан есім қатысқан сөйлемді табыңыз?**

A) Күллі ақыл мен ғылымды тоздыратұғын төрт нәрсе бар.
B) Құдасының аулына Ұлжан отыз шақты кісімен келген
C) Арада жыл жарым өтті.
D) Бір үйден он бес-жиырмадан мал өреді
E) Мен 11-сыныпта оқимын.

**18. Сабақты етістікті көрсетіңіз.**

A) Оқыды
B) Қайтты
C) Келді
D) Қайтты
E) Жинастырды

**19. Дұрыс жазылған үстеуді табыңыз.**

A) жолжөнекей
B) ала-жаздай
C) тасыр-тұсыр
Д) ендігәрі
E) быйыл

**20. Мекен үстеуді көрсетіңіз.**

A) Алға қадам басты
B) Әрең-әрең бара жатты.
C) Қасақана істеген
Д) Амалсыздан үйіне жүрді
E) Қолма-қол тапсырды

**Бағалау критерийі:**

- *берілген қысқа мәтіндерді оқи отырып, тест сұрақтарына жауап береді;*

*- лексикология, грамматика салалары бойынша құрылған тест сұрақтарына жауап береді.*

*- әр сөз табының атқаратын қызметін біледі.*

**Дескриптор:**

*- мәтінді оқып, негізгі айтылатын ойды түсінеді;*

*- мәтін мазмұны бойынша құрастырылған тест сұрақтарына жауап береді;*

*- сөздерді сөз табына талдай алады;*

*- сөз мағынасын ажырата алады;*

*- диалект сөздерді біледі;*

*- орфографиялық нормаларды біледі;*

*- сөздерді сөз құрамына талдайды.*

III. Сабақ барысында толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары

19.2-кесте – 6-7-сыныптардың кіріктірілетін оқыту мақсаттары (өткен оқу жылындағы 6-сынып)

| **Дағдылары** | **7-сынып** | **6-сынып** |
|---|---|---|
| **1) тыңдалым және айтылым** | | |
| 1. Болжау | 7.1.1.1 мәтін үзінділерін тыңдай отырып, оқиғаның дамуы мен аяқталуын болжау | 6.1.1.1 мәтіннің атауын талқылау және алғашқы бөлігін тыңдау арқылы көтерілетін мәселені болжау |
| 2. Әртүрлі жанрдағы мәтіндерді талдау | 7.1.2.1 әлеуметтік-қоғамдық, оқу-еңбек тақырып-тарына байланысты диалог, монолог, полилогтердегі (интервью, пікірталас, жаңалық, ән, көркем әдеби шығармалардан үзінді) автор көзқарасы мен көтерілген мәселені талдау | 6.1.2.1әлеуметтік-мәдени, ресми-іскери тақырыптарға байланысты диалог, монологтердегі (нұсқаулық, құттықтау, хабарландыру, өмірбаян, жаңалық, интервью) көтерілген мәселені талдау |
| 5. Тыңдалым материалы бойынша жауап беру және бағалау | 7.1.5.1проблемалық сұрақтарға тыңдалған мәтіннен деректер келтіре отырып, дәлелді жауап беру, өз жауабын өзгенің жауабымен салыстыру, талқылау | 6.1.5.1тыңдалған мәтін мазмұны бойынша жалпы және нақты сұрақтарға жауап беру, мәтіндегі ақпаратты шынайы өмірмен байланыстыру |
| 3. Мәтіннен ақпаратты анықтау | 7.1.3.1 тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, ұсынылған ақпарат бойынша факті мен көзқарасты ажырата білу. | 6.1.5.1тыңдалған мәтін мазмұны бойынша жалпы және нақты сұрақтарға жауап беру, мәтіндегі ақпаратты шынайы өмірмен байланыстыру |
| 6. Сөйлеу мәдениетін дамыту | 7.1.6.1 коммуникативтік жағдаятқа сай көркем бейнелеуіш, эмоционалды-экспрессивті сөздерді және | 6.1.6.1коммуникативтік жағдаятқа сай ресми сөздер мен тіркестер, дайын тіркестер мен терминдерді орынды қолданып, диалогке қатысу, |

| | | |
|---|---|---|
| | мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестерді еркін қолданып, диалогке қатысу, пікірталаста тез және дұрыс шешім қабылдай білу | ойын анық жеткізу |
| **2) оқылым** | | |
| 2. Мәтіннің стильдік ерекшелігін тану | 7.2.2.1публицистикалық және ресми стиль ерекшеліктерін қолданылған тілдік құралдар арқылы тану | 6.2.2.1ауызекі сөйлеу және көркем сөйлеудің стильдік ерекшеліктерін қолданылған тілдік құралдар арқылы тану |
| 3.Мәтіннің жанрлық ерекшелігін ажырату | 7.2.3.1 хроника, хабар, очерктердің және кеңсе құжаттарының, қызметтік жазбалардың құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату | 6. 2.3.1ауызекі сөйлеу этикеттері мен көркем сөйлеудің құрылымдық және жанрлық ерекшеліктерін ажырату |
| 4. Мәтіндерге салыстырмалы анализ жасау | 7.2.4.1идеясы ұқсас публицистикалық және көркем әдебиет стиліндегі мәтіндердің тақырыбы, құрылымы, мақсатты аудиториясы, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау | 6.2.4.1ауызекі және ресми стильдегі мәтіндердің тақырыбын, мазмұнын, тілдік ерекшелігін салыстыру |
| 6.Оқылым стратегияларын қолдану | 7.2.6.1оқылым стратегияларын қолдану: комментарий жасау, іріктеп оқу, зерттеп оқу | 6.2.6.1оқылым стратегияларын қолдану: комментарий жасау, іріктеп оқу, рөлге бөліп оқу |
| **3) жазылым** | | |
| 2. Әртүрлі жанрда мәтіндер құрастыру | 7.3.2.1жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай көркемдегіш құралдарды орынды қолдана отырып, шағын мақала, нұсқаулық, әңгіме құрастырып жазу | 6.3.2.1жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай құрылымын сақтай отырып, мінездеме, құттықтау, өмірбаян құрастырып жазу |
| 4. Эссе жазу | 7.3.4.1эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, тақырыпқа байланысты берілген мәселенің оңтайлы шешілу жолдары немесе себептеріне өз көзқарасын жазу (дискуссивті эссе) | 6.3.4.1эссе тақырыбынан ауытқымай, абзац түрлерін жүйелі құрастырып, көтерілген мәселе бойынша келісу-келіспеу себептерін айқын көрсетіп жазу («келісу, келіспеу» эссесі) |
| 5. Оқылым және тыңдалым материалдары негізінде жинақы мәтін (компрессия) жазу | 7.3.5.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша тірек сөздер мен сөз тіркестерін синонимдік қатармен ауыстыра отырып, жинақы мәтін жазу | 6.3.5.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді іріктей отырып, жинақы мәтін жазу |
| 6. Мәтіндерді түзету және редакциялау | 7.3.6.1 мәтіндегі сөздердің тақырыпқа сай орынды қолданылуын тексеру, | 6.3.6.1 мәтіндегі орфографиялық және пунктуациялық қателерді сөздіктерге, емле ережелеріне |


| | | |
|---|---|---|
| | синонимдік қатармен ауыстыра отырып, лексикалық түзетулер енгізу, редакциялау | сүйеніп, түзету, редакциялау |
| **4) әдеби тіл нормаларын сақтау** | | |
| 1. Орфография-лық норма | 7.4.1.1 жалғаулар мен шылаулардың ерекшелігін ескере отырып, үндестік заңына сәйкес орфографиялық нормаға сай жазу | 6.4.1.1 тақырып бойынша жеке сөздер, бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздерді орфографиялық нормаға сай жазу |
| 2. Орфоэпиялық норма | 7.4.2.1 сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсініп қолдану | 6.4.2.1 екпіннің түрлерін (сөз екпіні, тіркес екпіні, логикалық екпін) сөз және сөйлем ішінде орынды қолдану |
| 3. Лексикалық норма | 7.4.3.1 фразеологизм, мақал-мәтелдердің эмоционалды мәнін, көркемдік ерекшеліктерін түсініп қолдану | 6.4.3.1көнерген сөз, эвфемизм, дисфемизм, неологизм, термин, диалект сөз, кәсіби сөз, табу сөздердің қолданыс аясын түсіну және ажырата білу |
| 4. Грамматикалық норма | 7.4.4.1 етістіктің есімше, көсемше, тұйық етістік, шақ, рай түрлерін тілдесім барысында қолдану;<br>7.4.4.2 еліктеуіш сөздердің мәнмәтіндегі қолданысын түсіну.<br>7.4.4.3шылау түрлерін ажырата білу, орынды қолдану;<br>7.4.4.4 одағай түрлерін ажырата білу, қолдану;<br>7.4.4.5 оқшау сөздердің қызметін түсіну, ажырата білу | 6.4.4.1 сөйлемдегі есімдіктің қызметін түсіну, есімдікті зат есім, сын есімнің орнына қолдану;<br>6.4.4.2етістіктің етіс түрлері мен салт-сабақты етістіктердің тіркесімдік мүмкіндігін ауызша және жазбаша тілдесім барысында қолдану;<br>6.4.4.3 үстеудің мағыналық түрлерін ажырату, синонимдік қатарларын түрлендіріп қолдану |
| 5. Пунктуация-лық норма | 7.4.5.1 сөйлем соңында және сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерін (даралаушы және ерекшелеуші) дұрыс қолдану | 6.4.5.1 қазақ тіліндегі тыныс белгілерінің түрлері мен қызметін (даралаушы) түсіну, дұрыс қолдану |

## IY. Кіріктірілетін оқыту мақсаттары бойынша ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгісі


**№ 1**

| | | |
|---|---|---|
| **ҰМЖ тарауы:** 3-бөлім: Денсаулық – зор байлық | | |
| **Күні:** | **Мұғалімнің аты-жөні:** Джетпысбаева Ш.<br>**Машықтанушы:** Сұлтанбек Д. | |
| **Сынып: 7** | **Қатысқандар:** | **Қатыспағандар:** |
| **Сабақтың тақырыбы:** | Дұрыс тамақтану – денсаулық кепілі | |
| **Осы сабақта қол жеткізетін оқу мақсаттары:** | 7.1.3.1 тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, ұсынылған ақпарат бойынша факті мен көзқарасты ажырата білу;<br>7.2.1.1 мәтіндік және графиктік (кесте, диаграмма, сурет, шартты белгілер) ақпаратты интерпретациялау; | |
| **Кіріктірілген мақсат:** | 6.1.5.1тыңдалған мәтін мазмұны бойынша жалпы және нақты сұрақтарға жауап беру, мәтіндегі ақпаратты шынайы өмірмен байланыстыру | |

| | | |
|---|---|---|
| **Сабақ мақсаттары:** | **Барлық оқушылар орындай алады:** Тыңдалымалды сұрақтарына дұрыс жауап бере алады;<br>**Оқушылардың көпшілігі орындай алады:** Тыңдалымалды, тыңдалымнан кейінгі тапсырмаларды дұрыс орындайды;<br>**Кейбір оқушылар орындай алады:** Барлық тыңдалым тапсырмалары мен оқулық жаттығуларын дұрыс орындайды; | |
| **Бағалау критерийі:** | - дұрыс тамақтану мәтінін тыңдап, тамақтану пирамидасын құрастырады. Өз ойларын ортаға салып, пікірталасады;<br>- теориялық білімді меңгеріп, оқулықта берілген жаттығу жұмыстарын орындайды | |
| **Құндылықтарға баулу:** | Мәңгілік Ел құндылықтары:<br>- Сын тұрғысынан ойлау<br>- Сыйластық<br>- Құрмет<br>- Ынтымақтастық<br>- жауапкершілік | |
| **Пәнаралық байланыс:** | Салауатты өмір салты, анатомия | |
| **Алдыңғы білім:** | Адам денсаулығына пайдалы, дәрумені мол тағамдарды тұтыну керек | |
| **Сабақ барысы:** | | |
| **Сабақ кезеңдері** | **Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері** | **Ресурстар** |
| **Сабақ басы**<br><br>**5 минут** | **Ойқозғау.** «Суреттер сөйлейді» әдісі. Суреттерге қарап, сабақ тақырыбыны ашу<br>**Ұйымдастыру кезеңі:** Сабақтың тақырыбы мен қол жеткізетін оқу мақсаттарын таныстыру; | <br> |
| **Сабақ ортасы**<br><br>**2 минут**<br><br><br><br><br>**3 минут** | **Тыңдалымалды тапсырма:**<br>-Дұрыс тамақтану дегенді қалай түсінесіз?<br>-Дұрыс тамақтанудың денсаулыққа деген әсері бар ма?<br>-Өз достарымызға дұрыс тамақтану әдебі туралы өз кеңесімізді білдірейік.<br><br>**Тыңдалым тапсырмасы:**<br>«Дұрыс тамақтану» бейнебаяны<br> | **https://youtu.be/jYGQOcCA2JM** |



| | | |
|---|---|---|
| **10 минут** | **ЖЖ: Тыңдалымнан кейінгі тапсырма.**<br>«Дұрыс тамақтану пирамидасы».<br>-Оқушылар бейнематериалдан көрген ақпарат бойынша дәптерлеріне тамақтанц пирамидасын салып, өз жұмыстарын таныстырады.<br><br>**Бағалау дескрипторы:**<br>✓Бейнематериалды көріп, ақпарат жинақтайды;<br>✓Дұрыс тамақтану пирамидасын жүйелі құрастырады;<br>✓Ойын ашық, әрі нақты жеткізеді. | |
| **5 минут** | **ҚБ:** Мадақтау<br>***Теориялық білім: «Қос нүкте»*** | |
| **5 минут** | **6-тапсырма. 47-бет.**<br>Мәтінді оқып шық. Мәтіндегі қос нүкте, үтір мен сызықшаның қойылу себебін айт. | |
| **5 минут** | **9-тапсырма. 48-бет.**<br>Адамның хал-ахуалын жақсартуға бағытталған нұсқаулық жаз. Тыныс белгілерін дұрыс қолдан. | |
| **5 минут** | **ҚБ:** Бармақ арқылы бағалау | |
| **Сабақ соңы**<br><br>**5 минут** | **Рефлексия.** «ББҮ» кестесі<br><br>Білдім \| Білгім келеді \| Үйрендім<br>\| \| \| | |
| | **Үй тапсырмасы:** 8-тапсырма. 48-бет.<br>Мәтін мазмұнындағы ақпараттар бойынша диалог құра. Сұрақ құрастыруда көрсетілген мәселелерді негізге ал. | |




| **Қосымша ақпарат** | | |
|---|---|---|
| **Саралау – Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Сіз қабілеті жоғары оқушыларға тапсырманы күрделендіруді қалай** | **Бағалау – оқушылардың үйренгенін тексеруді қалай** | **Пәнаралық байланыс** |

| жоспарлайсыз? | жоспарлайсыз? | |
|---|---|---|
| *Қай бір сынып болмасын дарынды оқушылар мен қиын оқушылар болады. Олармен сыныптан тыс жұмыс түрлерін жүргізген дұрыс. Ал сабақ барысында тапсырма орындау деңгейлеріне қарай ажыратып, тапсырманы күрделендіріп отыру қажет.* | *Әрбір тапсырмадан соң бағалау дескрипторын қойып, қалыптастырушы бағалау нәгізенде жүзеге асырамын.* | *Салауатты өмір салты, анатомия, валеология* |
| **Рефлексия**<br>Сабақ мақсаттары шынайы ма? Бүгін оқушылар не білді? Сыныптағы ахуал қандай болды? Мен жоспарлаған саралау шаралары тиімді болды ма? Мен берілген уақыт ішінде үлгердім бе? Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен | *Бүгінгі сабақта мақсатыма жете алдым деп ойлаймын. Оқушылар дұрыс тамақтану жайлы ақпарат біліп, бейнематериалды графикке салып, интерпретация жасай алды. Грамматикалық тақырыпта тыс қалмай, тапсырма орындалды.* | |

**№ 2**

| **ҰМЖ тарауы:** 4-бөлім: Сүйіспеншілік пен достық | | |
|---|---|---|
| **САБАҚ: қазақ тілі** | **Мектеп: №126 мамандандырылған лицей** | |
| **Күні:** | **Мұғалімнің аты-жөні:Джетпысбаев Ш.М.**<br>**Машықтанушы: Рысмахан С.М.** | |
| **Сынып: 7 В** | Қатысқан оқушылар саны: | Қатыспағандар: |
| **Бөлімнің тақырыбы** | Сүйіспеншілік пен достық | |
| **Сабақтың тақырыбы** | Достық дәнегі | |
| **Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары** | 7.1.1.1 Мәтін үзінділерін тыңдай отырып, оқиғаның дамуы мен аяқталуын болжау.<br>7.4.4.1 Етістіктің есімше, көсемше түрлерін, тұйық етістікті тілдесім барысында қолдану. | |
| **Кіріктірілген мақсат** | 6.1.1.1 мәтіннің атауын талқылау және алғашқы бөлігін тыңдау арқылы көтерілетін мәселені болжау | |
| **Сабақтың мақсаттары** | ➢ Мәтін мазмұнын болжай алады;<br>➢ Тапсырма орындау барысында етістіктің есімше, көсемше түрлерін, тұйық етістікті орынды қолдана алады. | |
| **Бағалау критерийлері** | ➢ Тыңдалым мәтіні бойынша оқиғаның дамуы мен аяқталуын болжай алады.<br>➢ Етістіктің есімше, көсемше түрлерін, тұйық етістікті қолдана алады . | |
| **АКТ қолдану** | - АКТ мүмкіншіліктерін пайдалану (компьютер, ноутбук) | |
| **Сабақта қамтылатын білім беру құндылықтары** | - Мәтін мазмұнындағы адами құндылықтарды бойына сіңіру;<br>- өз болжамын жазу кезінде және тыңдалым мәтінінде ұлттық ерекшеліктерді тану;<br>- жұптық және топтық жұмыстар орындау барысында өзіне және айналадағы адамдарға деген құрмет, ынтымақтастық және шығармашылық.<br>- өз пікірін білдіру барысындағы ашықтық; | |

| | |
|---|---|
| | - білімін тереңдету, қажетті материалдарды табу, өзінің жұмысын ұсыну мақсатында өмір бойы оқу. |
| **Тілдік мақсаттар** | **Тілдік мақсаттар:** оқушылар өз пікірлерін, көзқарастарын, болжамдарын өзіндік дағдыларына сүйене отырып, сын тұрғысынан ойлау арқылы, креативті шығармашылық қабілеттерін пайдалана отырып, ойын еркін жеткізе алады.<br>**Пән лексикасы және терминология**: мәтін, кіріспе бөлім, негізгі бөлім, қорытынды, кейіпкер, басты кейіпкер, еліктеу сөз, бейнелеуіш сөз, еліктеуіш сөз, сөйлем мүшесі т.б |
| **Осыған дейін меңгерілген білім** | «Ауа райы және климаттық өзгерістер», «Көшпенділер мәдениеті», «Денсаулық – зор байлық» тақырыптары аясында берілген фразеологизм, мақал-мәтелдердің эмоционалды мәнін, көркемдік ерекшеліктерін түсініп, етістіктің есімше, көсемше, тұйық етістік, шақ, рай түрлерін жазбаша жұмыс барысында дұрыс қөолданады, оған қоса жалғаулар мен шылаулардың ерекшелігін ескере отырып, үндестік заңына сәйкес орфографиялық нормаға сай жазуда пайдаланады. |

**Жоспар**

| **Жоспарланатын уақыт** | **Жоспар бойынша орындалуы тиіс іс-әрекеттер (төменде келтірілген жазбаларды жоспарланған әрекеттермен алмастырыңыз)** | **Дереккөздер** |
|---|---|---|
| Сабақтың басы<br><br>5 минут | Оқушылар суретке қарап сабақтың тақырыбын болжайды.<br><br>Оқушылар тақырыпты болжаған соң сабақтың мақсатымен танысып, жетістік критерийлері оқушылармен бірге жасалынады. | |
| Сабақтың ортасы<br>5 минут<br><br>8 минут | ***Тыңдалымалды тапсырма:***<br>«Атаулар көмегімен болжау» стратегиясы арқылы тыңдалым мазмұны неге қатысты екенін болжаңдар.<br>Әр бала ойланып, өз жауаптарын жүйелі жеткізеді.<br><br>***Тыңдалым тапсырмасы:***<br>«Балапан және оның достары» тақырыбындағы аудиомәтіннің бірнеше үзіндісін тыңда, оқиғаның қалай дамығанын жазбаша жалғастыр. (Оқушылар өздерінше болжап аяқтайды.) (Жеке жұмыс)<br><br>**Дескрипторлар:**<br>1. Тақырыптың мазмұнын суретке қарап болжай алады;<br>2. Зейінін шоғырландырып, тыңдай алады; | https://www.youtube.com/watch?v=IzaRkN6uWRA |

| | | |
|---|---|---|
| 15 минут | 3. Әр бөлімнің соңын мазмұнына сай болжай алады.<br><br>***Жеке тапсырма:***<br><br>***Тізім бойынша 1-4 оқушылар***: Достық тақырыбында мақал- мәтелдер жазыңыздар.<br>Мақал-мәтелдерден есімше, көсемше, тұйық етістік арқылы жасалған сөздерді талдаңыздар.<br><br>**Достық туралы мақал-мәтелдер** / **Талдау жұмысы**<br>(4 бос жол)<br><br>***Тізім бойынша 5-9 оқушылар:*** Достық туралы нақыл сөздер жазыңыздар.<br>Мақал-мәтелдерден есімше, көсемше, тұйық етістік арқылы жасалған сөздерді талдаңыздар.<br><br>**Достық туралы нақыл сөздер** / **Талдау жұмысы**<br>(4 бос жол)<br><br>***Тізім бойынша 10-13 оқушылар:*** Достық туралы 5 сөйлем құрап жазыңыз.<br>Мақал-мәтелдерден есімше, көсемше, тұйық етістік арқылы жасалған сөздерді талдаңыздар.<br><br>**Достық туралы сөйлем** / **Талдау жұмысы**<br>(4 бос жол)<br><br>2 минут<br>***Бағалау дескрипторы:***<br>➢ Жазба жұмысын толық орындай алады;<br>➢ Талдау жұмысын нақты орындай алады; | |

| | | |
|---|---|---|
| Сабақтың соңы<br>5 минут | **Рефлексия**<br>Блоб ағашы. Оқушылар суретке қарап отырып, бүгінгі сабақ туралы өз пікірлерін жеткізеді.<br><br> | |

| Қосымша ақпарат | | |
|---|---|---|
| Дифференциация – Сіз оқушыларға көбірек қолдау көрсету үшін не істейсіз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай тапсырма беруді көздеп отырсыз? | Бағалау – Оқушылардың ақпаратты қаншалықты меңгергенін қалай тексересіз? | Пәнаралық байланыс Қауіпсіздік ережелері АКТ-мен байланыс. Құндылықтармен байланыс (тәрбиелік элемент) |
| • Әр оқушының жұмысына «түртіп алу» стратегиясы бойынша кері байланыс беру<br>• Қабілеті жоғары оқушыларға «Кідіріспен оқу» стратегиясымен жұмыс кезінде бір сөйлемде бірнеше еліктеу сөздерді қолдануға ұсыныс жасауға болады. | Оқушылардың өзін-өзі бағалауы мен өзінің жұмысына берген кері байланыстары арқылы оқушының жеткен жетістігі бағаланады. | Өнер, бейнелеу өнері, сабақтарымен өте тығыз байланыстағы сабақ.<br>Сабақ барысында орындалатын жұмыстар оқушы өміріне қауіп тудырмайды, керісінше топтағы, жұптағы жұмыстар балалардың психологиялық жағымды жағдайда жұмысын ұйымдастыруға мүмкіндік береді.<br>АКТ слайд көрсету үшін қолданылады. Қажет болған жағдайда Presi com бағдарламасын қолдануға болады.<br>Оқушылар шығарма кейіпкерлерін талдай отыра, өздерінің өміріне қажет сабақ алады. |

| | |
|---|---|
| Ойлану<br>Сабақ мақсаттары/оқу мақсаттары жүзеге асырымды болды ма?<br>Бүгін оқушылар нені үйренді? Сыныптағы оқу атмосферасы қандай болды? Дифференциацияны жүзеге асыру қолымнан келді ме? Мен оспарланған уақытымды ұстандым ба? Мен жоспарыма қандай өзгерістер енгіздім және неліктен? | Төменде берілген бөлімді осы сабақ туралы ойларыңызды жазу үшін пайдаланыңыз. Сол жақ бағанда берілген сабағыңызға қатысты ең маңызды сұрақтарға жауап беріңіз. |

| |
|---|
| Жалпы баға<br>Сәтті өткен екі нәрсені атап көрсетіңіз (сабақ беру және оқытуға қатысты)?<br>1:<br>2:<br>Қандай екі нәрсе сабақтың одан да жақсы өтуіне ықпалын тигізер еді (сабақ беру және оқытуға қатысты)?<br>1:<br>2:<br>Осы сабақ барысында сынып немесе жеке оқушылар туралы менің келесі сабағыма дайындалу үшін қажет болуы мүмкін қандай ақпарат алдым?<br>1:<br>2: |

**№ 3**

| | | |
|---|---|---|
| **ҰМЖ тарауы:** 7-бөлім: Қазақстандағы ұлттар достастығы | | |
| **Күні:** | **Мұғалімнің аты-жөні:** Мазходжаева Р.<br>**Машықтанушы:** Сұлтанбек Д. | |
| **Сынып:** 7 | **Қатысқандар:** 8 | **Қатыспағандар:** |
| **Сабақтың тақырыбы:** | Бір шаңырақ астында | |
| **Осы сабақта қол жеткізетін оқу мақсаттары:** | 7.2.4.1. Идеясы ұқсас публицистикалық және көркем әдебиет стиліндегі мәтіндердің тақырыбы, құрылымы, мақсатты аудиторясы, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау. | |
| **Кіріктірілген мақсат:** | 6.2.4.1. Ауызекі және ресми стильдегі мәтіндердің тақырыбын, мазмұнын, тілдік ерекшелігін салыстыру | |
| **Сабақ мақсаттары:** | **Барлық оқушылар орындай алады:** Үй тапсырмасын дұрыс орындап, жаттығу жұмысына белсене қатысады. Тест тапсырмасының 3 сұрағына дұрыс жауап береді;<br>**Оқушылардың көпшілігі орындай алады:** Үй тапсырмалары мен оқулық жаттығуларын дұрыс орындап, тест тапсырмасының 6 сұрағына дұрыс жауап береді;<br>**Кейбір оқушылар орындай алады:** Үй тапсырмалары мен оқулық тапсырмаларын дұрыс орындап, өзара бағалау жүргізе алады. Тест тапсырмаларының барлық сұрағына дұрыс жауап береді. | |
| **Бағалау критерийі:** | - Бір шаңырақ астында өмір сүріп жатқан ұлттар достастығымен тікелей байланыста оқулық тапсырмаларын орындайды;<br>- Етістіктің шақ категорияларын қайталау, тест тапсырмасын тапсыру. | |
| **Құндылықтарға баулу:** | Мәңгілік Ел құндылықтары:<br>- Сын тұрғысынан ойлау<br>- Сыйластық<br>- Құрмет<br>- Ынтымақтастық<br>- жауапкершілік | |
| **Пәнаралық байланыс:** | Этнография, әдебиет | |
| **Алдыңғы білім:** | Бір шаңырақ астында өмір сүріп жатқан 131 ұлт өкілі бар. Олардың татулығын сақтау мақсатында Ассамблея құрылып, Достық үйі салынады. | |
| **Сабақ барысы:** | | |
| **Сабақ кезеңдері** | **Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері** | **Ресурста** |

| | | |
|---|---|---|
| | | **р** |
| **Сабақ басы**<br><br>**10 минут** | **Ұйымдастыру кезеңі:** Сабақтың тақырыбы мен қол жеткізетін оқу мақсаттарын таныстыру;<br><br>**Үй тапсырмасын сұрау:** «БИНГО» әдісі<br>Арнайы құтыда әр түрлі сандар жасырылған. Таңдалған сан, журналдағы оқушы реттілігімен сәйкес келсе, онда сол оқушы үй тапсырмасын орындайды.<br><br><br>**ҚБ:** Мадақтау | |
| **Сабақ ортасы**<br><br>**15 минут**<br><br><br><

| | | |
|---|---|---|
| | А) Ашық рай<br>Ә) Қалау рай<br>Б) Бұйрық рай *<br>**5. Шартты рай -**<br>А) Қимылдың, іс-әрекеттің болу-болмау, іске асу-аспау шартын білдіретін етістік формасы. *<br>Ә)осы шақта, келер шақта және өткен шақта бір істің, қимылдың болу-болмауы туралы сөйлеушінің шындық деп баяндауын білдіретін етістік формасы.<br>Б) Қимылдың, іс-әрекеттің орындалуын талап ету мағынасын білдіретін етістік формасы<br>**6.Іс иесінің қимылды, іс-әрекетті қалауын білдіретін етістік формасын табыңыз.**<br>А) Ашық рай<br>Ә) Қалау рай *<br>Б) Бұйрық рай<br>**7. Етістіктің шартты рай формасына тән сөйлемді белгілеңіз**<br>*А) 1 мамыр – Бірлік күні керемет өтсе игі еді.*<br>*Ә) Егер барлығы тату-тәтті өмір сүрсе, онда біз бірлігі жарасқан ел боламыз.* *<br>*Б) Қызылорда қаласында ашылған Достық үйіне барғым келіп тұр.*<br>**8. Қалау райдың жасалу формасын анықтаңыз**<br>А) –са; - се игі еді, -са; -се.<br>Ә) –а; -е; -й.<br>Б) –ғы; -гі, -ғай; -гей. *<br>**9. Етістіктің бұйрық рай формасында тұрған сөйлемді табыңыз**<br>А) Барлығымыз бір шаңырақ астында тату-тәтті сүрейік *<br>Ә) Еліміздің өркендеуі жайында әрқашан жақсы хабар естігім келеді<br>Б) Сыныпта бір-бірімізге деген сыйластық болмаса, онда біздің ауызбіршілігіміз ешқашан жараспайды.<br>**10. Сәйкестендіру сұрағы:**<br>А) Ашық рай 1) отырса<br>Ә) Бұйрық рай 2) отырсын<br>Б) Қалау рай 3) отыр<br>В) Шартты рай 4) отырмағай<br>а-3; ә-2; б-4; в-1<br><br>**ҚБ:** Өзара бағалау.<br>Балдық шкала:<br>1-3сұрақ – 3балл<br>4-7сұрақ – 4 балл<br>8-10сұрақ – 5балл | |
| **Сабақ соңы**<br><br>**5 минут** | **Рефлексия.** «ББҮ кестесі» | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Білдім | Білгім келеді | Үйренім | **Үй тапсырмасы:** Етістіктің рай категориялары на тапсырмалар құрастырып келу | |
| | | | | | |
| **Қосыма ақпарат** | | | | | |
| Саралау – Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Сіз қабілеті жоғары оқушыларға тапсырманы күрделендіруді қалай жоспарлайсыз? | | Бағалау – оқушылардың үйренгенін тексеруді қалай жоспарлайсыз? | | Пәнаралық байланыс | |
| | | | | | |
| **Рефлексия** Сабақ мақсаттары шынайы ма? Бүгін оқушылар не білді? Сыныптағы ахуал қандай болды? Мен жоспарлаған саралау шаралары тиімді болды ма? Мен берілген уақыт ішінде үлгердім бе? Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен | | | | | |

Ү. Сабақтан тыс уақытта толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары

6-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» пәнінен оқу бағдарламасын зерделеу нәтижесінде 7-сыныптағы «Қазақ тілінің» оқыту мақсаттарымен кіріктіруге болмайтын оқыту мақсаттары анықталды [11]. Төменде кіріктіруге болмайтын оқыту мақсаттары берілген:

19.3-кесте – 6-7-сыныптардың кіріктірілмейтін оқыту мақсаттары

| **Дағдылар** | **6-сынып (өткен оқу жылы)** |
|---|---|
| **1) тыңдалым және айтылым** | |
| 2. Әртүрлі жанрдағы мәтін дерді талдау | 6.1.2.1 әлеуметтік-мәдени, ресми-іскери тақырыптарға байланысты диалог, монологтердегі (нұсқаулық, құттықтау, хабарландыру, өмірбаян, жаңалық, интервью) көтерілген мәселені талдау |
| 5.Тыңдалым материалы бойынша жауап беру және бағалау | 6.1.5.1 тыңдалған мәтін мазмұны бойынша жалпы және нақты сұрақтарға жауап беру, мәтіндегі ақпаратты шынайы өмірмен байланыстыру |
| **2) оқылым** | |
| 3. Мәтіннің жанрлық ерекшелігін ажырату | 6.2.3.1 ауызекі сөйлеу этикеттері мен көркем сөйлеудің құрылымдық және жанрлық ерекшеліктерін ажырату |
| **3) жазылым** | |
| 4. Эссе жазу | 6.3.4.1 эссе тақырыбынан ауытқымай, абзац түрлерін жүйелі құрастырып, көтерілген мәселе бойынша келісу-келіспеу себептерін айқын көрсетіп жазу («келісу, келіспеу» эссесі) |
| 3. Жазба жұмыстарын әртүрлі формада ұсыну | 6.3.3.1 ұсынылған тақырып бойынша деректер жинақтай отырып, графиктік мәтін (диаграмма, кесте, сызба) түрінде құрастыру |

| | |
|---|---|
| 5. Оқылым және тыңдалым материалдары негізінде жинақы мәтін (компрессия) жазу | 6.3.5.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді іріктей отырып, жинақы мәтін жазу |
| 6. Мәтіндерді түзету және редакциялау | 6.3.6.1 мәтіндегі орфографиялық және пунктуациялық қателерді сөздіктерге, емле ережелеріне сүйеніп, түзету, редакциялау |
| **4) әдеби тіл нормаларын сақтау** | |
| 4. Грамматикалық норма | 6.4.4.1 сөйлемдегі есімдіктің қызметін түсіну, есімдікті зат есім, сын есімнің орнына қолдану;<br>6.4.4.2етістіктің етіс түрлері мен салт-сабақты етістіктердің тіркесімдік мүмкіндігін ауызша және жазбаша тілдесім барысында қолдану;<br>6.4.4.3 үстеудің мағыналық түрлерін ажырату, синонимдік қатарларын түрлендіріп қолдану |

VI. Кіріктіруге болмайтын оқыту мақсаттары қарастырылатын кеңестердің кестесі

Білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды толықтыру үшін 7-сыныпқа «Қазақ тілі» пәнін оқыту барысында кіріктіруге болмайтын оқыту мақсаттары бойынша каникул кездерінде (күзгі, қысқы, көктемгі) консультациялар өткізу ұсынылады.

Төменде каникул кездерінде (күзгі, қысқы, көктемгі) өткізілетін кеңестердің кестесінің үлгісі келтірілген (19.4-кесте).

19.4-кесте – Каникул кездерінде (күзгі, қысқы, көктемгі) өткізілетін кеңестердің кестесі

| **Өткізілетін мерзімі** | **Тақырыптың атауы** | **Оқыту мақсаттары** |
|---|---|---|
| Күзгі каникул (1-тоқсан) | 2. Ұлттық және отбасылық құндылықтар.<br>Фонетика.<br>Екпін,оның түрлері | 6.1.2.1 әлеуметтік-мәдени, ресми-іскери тақырыптарға байланысты диалог, монологтердегі (нұсқаулық, құттықтау, хабарландыру, өмірбаян, жаңалық, интервью) көтерілген мәселені талдау |
| Күзгі каникул (1-тоқсан) | 3. Әлемнің жеті кереметі.<br>Лексикография.<br>Орфографиялық норма.<br>Орфографиялық сөздік | 6.1.5.1 тыңдалған мәтін мазмұны бойынша жалпы және нақты сұрақтарға жауап беру, мәтіндегі ақпаратты шынайы өмірмен байланыстыру |
| Қысқы каникул (2-тоқсан) | 4. Астана – мәдениет пен өнер ордасы. Лексика. Неологизм сөздер. Термин сөздер. Диалект сөздер. Кәсіби сөздер | 6. 2.3.1 ауызекі сөйлеу этикеттері мен көркем сөйлеудің құрылымдық және жанрлық ерекшеліктерін ажырату |
| Қысқы каникул (2-тоқсан) | 4. Астана – мәдениет пен өнер ордасы.<br>Лексика. Неологизм сөздер. Термин сөздер. Диалект сөздер. Кәсіби сөздер | 6.3.4.1 эссе тақырыбынан ауытқымай, абзац түрлерін жүйелі құрастырып, көтерілген мәселе бойынша келісу-келіспеу себептерін айқын көрсетіп жазу («келісу, келіспеу» эссесі) |
| Көктемгі каникул | 6. Су – тіршілік көзі. | 6.4.4.1 сөйлемдегі есімдіктің қызметін |

| | | |
|---|---|---|
| (3-тоқсан) | Қазақстандағы өзен-көлдер. Морфология. Есімдік, оның мағыналық түрлері. | түсіну, есімдікті зат есім, сын есімнің орнына қолдану. |
| Көктемгі каникул (3-тоқсан) | 7. Спорт. Белгілі спорт жұлдыздары. Морфология. Етістік, оның мағыналық түрлері. Етіс түрлері. | 6.4.4.2 етістіктің етіс түрлері мен салт-сабақты етістіктердің тіркесімдік мүмкіндігін ауызша және жазбаша тілдесім барысында қолдану. |

VII. Жазғы мектеп кезінде ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгісі

Білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды толтырудың тағы бір жолы – жазғы мектепті ұйымдастыру. Демалыс кездерінде оқытуға қамтылып үлгермеген оқыту мақсаттары осы жазғы мектеп кезінде оқытылады. Сонымен қатар оқушы оқу жылында аяқтап отырған 7-сыныбындағы кейбір күрделі материалдарды қайталап, пысықтайды. Ол тақырыптар оқу жылы аяқталған кезеңде мұғалімнің жыл бойын жүргізіп отырған «оқушының оқу үлгеріміне жасалатын диагностикадан» алынады. Төмендегі кестеде (19.5-кесте) 6-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» пәні бойынша оқу бағдарламасына сәйкес жазғы мектеп кезінде оқытылатын сабақтардың тақырыбы мен оқыту мақсаттары берілген.



19-5-кесте. 6-сыныптағы қамтылып үлгермеген олқылықтардың оқыту мақсаттары

| **Дағдылар** | **Тақырыптың атауы** | **Оқыту мақсаттары (6-сынып, өткен оқу жылы)** |
|---|---|---|
| 1. Оқылым және тыңдалым материалдары негізінде жинақы мәтін (компрессия) жазу | 9. Әлемдегі ірі кітапханалар. Морфология. Үстеу. Үстеудің мағыналық түрлері | 6.3.5.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді іріктей отырып, жинақы мәтін жазу |
| 3. Жазба жұмыстарын әртүрлі формада ұсыну | 1. Қазақстандағы көрікті жерлер. Лексикография Орфографиялық норма. Орфографиялық сөздік | 6.3.3.1 ұсынылған тақырып бойынша деректер жинақтай отырып, графиктік мәтін (диаграмма, кесте, сызба) түрінде құрастыру |
| 6. Мәтіндерді түзету және редакциялау | 9. Қазақ халқының әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері. Наурыз. Морфология. Үстеудің мағыналық түрлері. | 6.3.6.1 мәтіндегі орфографиялық және пунктуациялық қателерді сөздіктерге, емле ережелеріне сүйеніп, түзету, редакциялау |
| 4. Грамматикалық норма | Қазақ халқының әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері. Наурыз. Морфология. Үстеу. Үстеудің мағыналық | 6.4.4.3 үстеудің мағыналық түрлерін ажырату, синонимдік қатарларын түрлендіріп қолдану |

| | | |
|---|---|---|
| | түрлері. | |

## ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ САБАҚ ЖОСПАРЫ

| | |
|---|---|
| **Ұзақ мерзімді жоспар тарауы:.** 1-бөлім Қазақстандағы көрікті жерлері<br>**Мектеп: «** №8 Егінді ЖОББ мектебі» КММ<br>**Күні:** **Мұғалімнің аты-жөні:** Иманмухаммед Мерей<br>**Сынып: 6** **Қатысқандар:** **Қатыспағандар:** | |
| **Сабақ тақырыбы** | Алтайдың сұлу табиғаты. Біріккен сөздердің емлесі. 1-сабақ. |
| **Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары** (оқу бағдарламасына сәйкес) | 6.1.1.1 мәтіннің атауын талқылау және алғашқы бөлігін тыңдау арқылы көтерілген мәселені болжау;<br>6.3.3.1 ұсынылған тақырып бойынша деректер жинақтай отырып, графиктік мәтін (диаграмма, кесте, сызба) түрінде құрастыру; |
| **Сабақ мақсаты** | 1. Оқушылар берілген сурет бойынша әңгіме құрастыру арқылы мәтіннің атауын талқылау.<br>2. Марқакөл жайлы аңыздар мәтіннен көтерілген мәселені болжау.<br>3. Тақырып бойынша ақпараттарды жинақтай отырып, кесте құрастыру. |
| **Бағалау критерийі** | - Оқушылар берілген сурет бойынша әңгіме құрастыру арқылы мәтіннің атауын талқылайды.<br>- Марқакөл жайлы аңыздар мәтіннен көтерілген мәселені болжайды.<br>- Тақырып бойынша ақпараттарды жинақтай отырып, кесте құрастырады. |
| **Тілдік мақсаттар** | **Оқушылар орындай алады:**<br>Оқушылар тыңдалған мәтін бойынша жалпы және нақты сұрақтарға жауап береді, ақпараттарды өмірмен байланыстырады. Біріккен сөздерді анықтап, жазады.<br>**Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер:**<br>Марқа, шүмек,шанағаты,шикірек,аңыз,күмп,аңғар,Қарағайлыбұлақ, Барсакелмес.<br>**Диалог құруға,әңгіме құрастыруға арналған пайдалы тіркестер:**<br>Менің ойымша,әңгімедегі басты идея....<br>Мен оны былай түсіндіремін.....<br>Қорыта айтқанда.... |
| **Құндылықтарға баулу** | -Қарым-қатынас жасау қабілеті;<br>-өмір бойы оқуға дайын болу;<br>-жауапкершілік;<br>-құндылыққа баулу топтық,жұптық жұмыстарға бағытталған тапсырмалар арқылы іске асырылады. |
| **Пәнаралық байланыс** | Сабақта АКТ пайдалану арқылы информатика, География пәнімен байланысады. |
| **Алдыңғы білім** | Барсакелмес қорығы туралы аңыз туралы еске түсіру. «Ыстық доп» әдісі бойынша бір-бірінің сұрақтарына жауап беру арқылы пікір алмасып, өз көзқарастарын белдіреді. Алдыңғы білім жаңа тақырыпты анықтауға көмектеседі. |

| Сабақ барысы | | |
|---|---|---|
| **Сабақтың жоспарланған кезеңдері** | **Сабақта жоспарланған жаттығу түрлері** | **Ресурстар** |
| Сабақтың бас<br>7 мин | **Ұйымдастыру кезеңі 2 минут**<br>**Топтарға бөлу**<br>**Тірек сөздер бойынша топқа бөлу.**<br>Оқушыларға сөзер қиындыларын беремін. Әріп қиындыларында бұлақ, мөлдір деген сөздер болу керек. Осы сөздер арқылы оқушылар топтарға бөлінеді.<br>**Психологиялық ахуал қалыптастыру: 3 минут**<br>«Күншуақ» әдісімен бір-бірімен жақсы тілектер тілеу арқылы сыныпта психологиялық ахуалды қалыптастыруларын ұсынады. Оқушылар бір-біріне күннің шуағы арқылы сабаққа тілек айтады. | 1-топ: бұлақ<br>2-топ: мөлдір<br> |
| Сабақтың ортасы<br>25 мин | **Ширату жаттығуы арқылы «Біріккен сөздер емлесі»** бұрын өткендерін түрткі сұрақтар қою арқылы еске түсіріп,тақырыпты ашу.<br>**«Серпілген доп»** әдісі<br>**Мақсаты:** Тақырыптың түсіну деңгейін арттыруға және талқылау дағдыларын дамытуға қол жеткізу.<br>- Біріккен сөздер дегеніміз не?<br>- Біріккен сөздерден жасалған кісі аттары?<br>- Біріккен сөздерден жасалған жер-су аттары?<br>- Біріккен сөздерден жасалған аң-құс аттары?<br>- Біріккен сөздер неше жолмен жасалады?<br>- Мысал келтіріңдер.<br>**ҚБ. «Үш шапалақ»** әдісі бойынша бағалау<br>**Мақсаты:** Оқушыларды мұғалім қошеметтеу арқылы бағалайды.<br>**Тыңдалым алды тапсырмасы**<br>**ТЖ.1-тапсырма. «Ойлан, жұптас, бөліс»** әдісі бойынша берілген суреттерді өзара пайдалана отырып,әңгіме құрастырыңдар.<br>**Мақсаты:** Оқушылардың шығармашылығын,ынтасын,танымдық қабілеттерін дамыту.<br> | Сұрақ-жауап<br><br><br> |

**Сұрақтар:**
- Суреттерде не көрсетілген?
- Суреттерді рет-ретімен орналастырып,сөйлемнің тұсындағы сөздерді пайдаланып әңгіме құруастыруға болама?
- Берілген суреттер бойынша өз ойыңды айт?

**Диалог және қолдау көрсету:**
**А.** суретте берілген сөздерді суретпен байланыстырады.
**В.** берілген суреттер бойынша өз ойын айтады.
**С.** Берілген суреттер бойынша әңгіме құрайды.




**Бағалау критерийі:**
- Оқушылар берілген сурет бойынша әңгіме құрастыру арқылы мәтіннің атауын талқылайды.

**Дескриптор:**
- оқушылар суреттер бойынша әңгіме құрастырады;
- тақырыбын байланыстырады;
- тақырып мағынасына пікір білдіреді.

**ҚБ. «Бас бармақ»** әдісі бойынша бағалау
**Мақсаты:** Әр топқа кері байланыс ұсыну болып табылады.




**ТЖ. 2-тапсырма: «Марқакөл жайлы аңыздар» аудио жазба тыңдау.**
**Мақсаты:** Оқушылардың ойын шоғырландыру арқылы сабақтың тақырыбын анықтау үшін.
**Марқакөл жайлы аңыздар**
Ерте кезде көлдің орнында кең жазық дала болыпты. Бұл жерде алуан түрлі әсем жасыл шөптер өскен екен. Оны жайлаған бір байдың жүйрік аты байланған қазық суырылып орнынан су атқылап шығады. Атқылаған су шөптерді,ағаштарды басып,жоғары көтеріліп,тау баурайына дейін жетеді. Ауыл көшіп үлгере алмай,байдың бір көген марқа қозылары су астында қалып қойыпты. Осыдан барып пайда болған көл Марқакөл атаныпты.
Тағы бір аңыз: Баяғыда өте бір бай адам болыпты. Табын-табын жылқысы,мыңдаған отар қойы болса керек.Оның бір сұлу қызы болыпты. Оны күйеуге беруге әкесі келіспейді. Құдаласып келгендерді есіктен қайырып жібереді екен. Ол жігіттер жан-жағын ақ киіз үй тігіп байды ортаға алады.Бай жігіттерге шарт қояды.Қызымды кім марқа еті піскенше көлді атпен айналып келеді соған беремін-дейді. Осы уақытта байғқ малшы болып жүрген қойшы



| | | |
|---|---|---|
| | келеді де рұқсатын сұрайды. Бай келіседі. Жігіттер жарысқа түседі. Аспазшылар «ет пісті» деп айтады. Қойшы жігіт жеңіске жетеді. Сөйтіп байдың қызын қойшы жігіт алады.<br>**1-топ:**<br>**1.**Өздерің құрастырған әңгіме мен тыңдалым мәтінінің мазмұнын «Венн диаграммасы» әдісімен салыстырыңдар.<br><br><br>**Мақсаты:** Бір-бірімен айқасқан екі шеңбердің екі жағына салыстыруға берілетін нысандардың сипаттамалары жазылады.Ал айқасқан жерге екеуіне ортақ сипаттама тізіледі.Оқушылардың танымдық қасиеттерін арттыру,уәжін өсіру.<br><br>**2.** Мәтіннің мазмұнына мейлінше жақын келетін жауапты белгілеп, ойларыңды дәлелдеңдер.<br>**1. Мәтін не туралы?**<br>**а)** марқаның еті туралы;<br>**ә)** көл атауының тарихы жайында;<br>**б)** бай қызының ұзатуы туралы.<br>**2. Бай жігіттерге қандай талап қойды?**<br>**а)** ет піскенше бәйгеден бірінші келу;<br>**ә)** марқаның етін жақсылап пісіру;<br>**б)** атпен көлді бір айналып шығу.<br>**3. Бәйгеден кімнің аты озып келді?**<br>**а)** байдың;<br>**ә)** балуанның;<br>**б)** кедей жігіттің.<br>**2-топ:**<br>1.Бағандағы сөздерді сәйкестендір.<br>Шүмек → көлдің атауы<br>Сарытау өзеннің атауы<br>Марқакөл жайлаудың атауы<br>Шанағаты байдың қыста отыратын қонысы<br>Қарағайлыбұлақ байдың күзде отыратын қонысы<br><br>2. **«Графикалық органайзер»** әдісі бойынша бір сөзге зерттеу жасаңыз.<br>Берілетін сөздер: марқа,шүмек,аңыз<br>Шүмек<br>↓ | <br>Өте жақсы<br>Орташа |

Бесік әбзелі. Шүмекті қойдың асық жілігіннен
жасайды. Шүмек бала дәретін жайылдырмайды.

Шүмекті ағаштан
Атам бөпеме
сүйектен де жаса
шүмек жасады.



Оқушылар кестемен жұмыс жасайды

**Тапсырма арқылы саралау**

**А.** мәтіннің мазмұнына жақын келетін жауапты белгіле.

**В.** бағандағы сөздерді сәйкестендір.

**С.** өздерің құраған әңгімемен аудиодағы мәтінді салыстыр. Анықтамасын, мысалын жаз.

**Бағалау критерийі:**

- Марқакөл жайлы аңыздар мәтіннен көтерілген мәселені болжайды.

**Дескриптор:**

- аудио жазбадағы ойды анықтайды;
- мәтіндегі ақпараттарды ажыратады;
- сұрақтарға дәлелді жауап береді;



**ҚБ. «Фигуралар»** әдісі бойынша бағалау

**Мақсаты:** Әр топ бірін-бірі фигуралар арқылы бағалайды.Тапсырманы толық орындаған топ қызыл түсті жұлдызшаны алады.Толық емес болса жасыл шаршыны алады.Ал келіспейтін болса сары үш бұрышты алады.

**Сергіту сәті «Көзқарас» әдісі**

Екі жауырынды бір-біріне тигізу, өзінің жақсы қасиеттерін айтады.

**ЖЖ. 3-тапсырма. Сәйкестендіру тесті**

| | |
|---|---|
|  | **Жұмбақтас** |
|  | **Марқакөл** |
|  | **Қызылқұм** |

| | | |
|---|---|---|
| | | |
|  | **Барсакелм с** | |
|  | **Баянауыл** | |



**ҚБ. «Бағдаршам»** әдісі бойынша бағалау.
**Мақсаты:** Ауызша кері байланыс арқылы оқушының материалды игеру деңгейн анықтау.

**ТЖ.4-тапсырма «Кестені толтыр» әдісі** бойынша кестені толтыр Мәтінді (аудио жазбаны) тыңдау барысында күрделі сөздерді мағынасын ажыратып, кестеге топтастыр.

| **Біріккен сөздер** | **Қос сөздер** | **Тіркесті сөздер** |
|---|---|---|
| | | |

**Тапсырма арқылы саралау**
**А.** қос сөздерді теріп жаз;
**В.** біріккен сөздерді мәтіннен тап;
**С.** Мәтіннің ішінен тіркескен сөздерді тауып,сөйлем құрастыр.

**Бағалау критерийі:**
- тақырып бойынша ақпараттарды жинақтай отырып, кесте құрастырады

.**Дескриптор:**
- берілген сөздерді табады;
- тіркестерді ашып жазады;;
- кестені орындайды..

**ҚБ. «Түйінді сұрақтар»** бойынша бағалау
**Мақсаты:** Оқушылардың материалды игеру деңгейін тиімді кері байланыс арқылы бағалау.

| | | |
|---|---|---|
| Сабақтың соңы 8 мин. | Қорытынды<br>Сабақты бекіту.<br>«Сабақ мазмұны бойынша ойынды білдір» әдісі<br>Мақсаты: Кестені толтыру арқылы | Рефлексиялық шеңбер |

| | | |
|---|---|---|
| | оқушылардың ойларын білдіру,тиімді кері байланыс ұсыну.<br>Қандай жаңа білім алдың? / Алған біліміңді қолдана аласың ба? / Саған қиын тудырған түсініктер<br><br>**«Рефлексиялық шеңбер»**<br>Оқушылар шеңберге тұрып,төмендегі сұрақтарға жауап береді.<br>➢ Сабақ барысында көңіл-күйіңіз қандай болды? Неліктен?<br>➢ Бүгін не білдіңіз? Сіз үшін не жаңалық болды?<br>➢ Сабаққа қатысуыңызды қалай бағалайсыз?<br>➢ Сабақта қандай қиындықтар туындады?<br>➢ Сабақ аяқтағанда көңіл-күйіңіз қандай болды? Неліктен?<br>Үйге тапсырма:<br>«Туған өлкем» тақырыбына эссе жазу. | |

| **Саралау:** Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз басқаларға қарағанда қабілетті оқушыларға қандай тапсырма бересіз? | **Бағалау:** Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз? | **Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау** |
|---|---|---|
| **Диалог және қолдау көрсету:**<br>**А.** суретте берілген сөздерді суретпен байланыстырады.<br>**В.** берілген суреттер бойынша өз ойын айтады.<br>**С.** Берілген суреттер бойынша әңгіме құрайды.<br><br>**Тапсырма арқылы саралау**<br>**А.** мәтіннің мазмұнына жақын келетін жауапты белгіле.<br>**В.** бағандағы сөздерді сәйкестендір.<br>**С.** өздерің құраған әңгімемен аудиодағы мәтінді салыстыр. Анықтамасын, мысалын жаз.<br><br>**Тапсырма арқылы саралау**<br>**А.** қос сөздерді теріп жаз;<br>**В.** біріккен сөздерді мәтіннен тап;<br>**С.** Мәтіннің ішінен тіркескен | Оқушыларды бағалау барысында Бағалау критерийілеріне негізделген ҚБ тапсырмаларының дескрипторлары бойынша «Үш шапалақ», «Бас бармақ», «Фигуралар», «Бағдаршам», «Түйінді сұрақтар» қалыптастырушы бағалауларды қолданамын. | Оқушылар сабақ барысында өздерін жайлы сезіну үшін, «Күншуақ» әдісі бойынша сыныпта психологиялық ахуал туғызды.Ширату жаттығу орнату үшін, «Серпілген доп» әдісі бойынша бұрынғы өткендерін еске түсіру арқылы сабақты бекітті.Бойларын сергіту үшін «Көзқарас» атты сергіту сәті жүргізілді. «Ойлан,жұптас,бөліс», «Венн диаграммасы», «Графикалық органайзер», «Кестені толтыр» әдістері бойынша топтаса тапсырмалар орындалды. |

| | | |
|---|---|---|
| сөздерді тауып,сөйлем құрастыр. . | | |
| **Сабақ бойынша рефлексия** | Бұл тарауды сабақ туралы рефлексия жасау үшін пайдаланаңыз. Төменде өзіңіз маңызды деп санайтын сұрақтарға жауап беріңіз | |
| Сабақ мақсаты қолжетімді болды ма?<br>Барлық оқушылар оқу мақсатына қол жеткізді ме?<br>Егер оқушылар оқу мақсатына жетпеген болса, неліктен деп ойлайсыз?<br>Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме?<br>Сабақ кезеңдерінде уақытты тиімді пайдаландыңыз ба?<br>Сабақ жоспарынан ауытқу болды ма және неліктен? | | |
| **Жалпы бағалау**<br>Сабақта ең жақсы өткен 2 нәрсе (оқыту мен оқуға қатысты)?<br>1.<br>2.<br>Сабақтың бұдан да жақсы өтуіне оң ықпал етер еді (оқыту мен оқуға қатысты)?<br>1.<br>2.<br>Осы сабақтың барысында мен сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері/қиыншылықтары туралы нені анықтадым,келесі сабақта не нәрсеге назар аудару керек? | | |

## 20. «Қазақ тілі» оқу пәні, 8-сынып

I. Өткен оқу жылында өтілген оқу бағдарламасының мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттары

8-сыныпта «Қазақ тілі» пәнінен диагностикалық жұмыс жүргізу үшін 7-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» пәнінің оқу бағдарламасының оқыту мақсаттары сараланды. 7-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» пәнінің базалық білім мазмұны:

1) тыңдалым және айтылым:

мәтін негізінде оқиғаның дамуы мен аяқталуын болжау, әлеуметтік-қоғамдық, оқу-еңбек тақырыптарына байланысты диалог, монолог, полилогтердегі (интервью, пікірталас, жаңалық, ән, көркем әдеби шығармалардан үзінді) автор көзқарасы мен көтерілген мәселені талдау, факті мен көзқарасты ажырату, дауыс ырғағы мен сөйлеу мәнері арқылы негізгі ойды анықтау, дәлелді жауап беру, салыстыру, талқылау, коммуникативтік жағдаятқа сайкөркем бейнелеуіш, эмоционалды-экспрессивті сөздерді және мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестерді еркін қолданып, диалогке қатысу, пікірталаста тез және дұрыс шешім қабылдай білу;

2) оқылым:

мәтіндік және графиктік ақпаратты интерпретациялау, тілдік құралдар арқылы публицистикалық және ресми стиль ерекшеліктерін тану, хроника, хабар, очерктердің және кеңсе құжаттарының қызметтік жазбалардың құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату, мәтіннің тақырыбын, құрылымын, мақсатты аудиториясын, тілдік ерекшеліктерін талдау, мәтін негізінде проблемалық сұрақтар құрастыра білу, комментарий жасау, іріктеп оқу, зерттеп оқу, сілтеме жасау;

3) жазылым:

күрделі жоспар құру, шағын мақала, нұсқаулық, әңгіме құрастырып жазу, графиктік мәтін түрінде берілген процесті сипаттап жазу, дискуссивті эссе жазу, жинақы мәтін жазу, мәтін негізінде лексикалық түзетулер енгізу, редакциялау;

4) әдеби тіл нормалары:

орфографиялық норма:жалғаулар мен шылаулардың ерекшелігін ескере отырып, үндестік заңына сәйкес орфографиялық нормаға сай жазу;

орфоэпиялық норма: сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсініп қолдану;

лексикалық норма:фразеологизм, мақал-мәтелдердің эмоционалды мәнін, көркемдік ерекшеліктерін түсініп қолдану;

грамматикалық норма: есімше, көсемше, тұйық етістік, шақ, рай түрлері, еліктеу сөздер, шылау түрлері, одағай, оқшау сөздер;

пунктуациялық норма: сөйлем соңында және сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерін (даралаушы және ерекшелеуші) дұрыс қолдану [11].

Осы берілген үлгілік оқу бағдарламасындағы оқыту мақсаттарын саралай келе өткен оқу жылындағы олқылықтармен жұмыс жасау үшін әр бөлім бойынша оқушының меңгере алмаған оқыту мақсаттарын нақтылап алып кестеге түсірдік. Онда 1) «тыңдалым және айтылым» бөлімі бойынша төрт бөлімшенің (Әртүрлі жанрдағы мәтіндерді талдау, Мәтіннен ақпаратты анықтау, Тыңдалым материалы бойынша жауап беру және бағалау, Сөйлеу мәдениетін дамыту) оқыту мақсаттарын алдық. Келесі 2) «Оқылым» бөлімі бойынша төрт бөлімшенің (Ақпаратты түсіну, Мәтіннің жанрлық ерекшелігін ажырату, Мәтіндерге салыстырмалы анализ жасау, Оқылым стратегияларын қолдану) оқыту мақсаттары алынды. 3) «Жазылым» бөлімі бойынша: (Әртүрлі жанрда мәтіндер құрастыру, Жазба жұмыстарын әртүрлі формада ұсыну, Эссе жазу, Оқылым және тыңдалым материалдары негізінде жинақы мәтін (компрессия) жазу, Мәтіндерді түзету және редакциялау) бес бөлімшенің оқыту мақсаттары алынды. 4) «Әдеби тіл нормаларын сақтау» бөлімі бойынша (Орфоэпиялық норма, Лексикалық норма, Грамматикалық норма, Пунктуациялық норма) төрт бөлімшенің оқыту мақсаттары қарастырылды. (20.1-кестеде).

20.1-кесте -7-сыныптың мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттары

| **Дағдылар** | **7-сынып** |
|---|---|
| **1) тыңдалым және айтылым** | |
| 2. | 7.1.2.1әлеуметтік-қоғамдық, оқу-еңбек тақырып-тарына |

| | |
|---|---|
| Әртүр<br>лі жанрдағы мәтін<br>дерді талдау | байланысты диалог, монолог, полилогтердегі (интервью, пікірталас, жаңалық, ән, көркем әдеби шығармалар дан үзінді) автор көзқарасы мен көтерілген мәселені талдау |
| 3.<br>Мәтіннен ақпаратты<br>анықтау | 7.1.3.1 тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, ұсынылған ақпарат бойынша факті мен көзқарасты ажырата білу |
| 5. Тыңдалым<br>материалы бойынша<br>жауап беру және<br>бағалау | 7.1.5.1 проблемалық сұрақтарға тыңдалған мәтіннен деректер келтіре отырып, дәлелді жауап беру, өз жауабын өзгенің жауабымен салыстыру, талқылау |
| 6. Сөйлеу<br>мәдениетін дамыту | 7.1.6.1 коммуникативтік жағдаятқа сай<br>көркем бейнелеуіш, эмоционалды-экспрессивті сөздерді және мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестерді еркін қолданып, диалогке қатысу, пікірталаста тез және дұрыс шешім қабылдай білу |
| **2) оқылым** | |
| 1.Ақпаратты түсіну | 7.2.1.1 мәтіндік және графиктік (кесте, диаграмма, сурет, шартты белгілер) ақпаратты интерпретациялау |
| 3.Мәтіннің жанрлық<br>ерекшелігін ажырату | 7.2.3.1хроника, хабар, очерктердің және кеңсе құжаттарының, қызметтік жазбалардың құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату |
| 4. Мәтіндерге<br>салыстырмалы<br>анализ жасау | 7.2.4.1идеясы ұқсас публицистикалық және көркем әдебиет стиліндегі мәтіндердің тақырыбы, құрылымы, мақсатты аудиториясы, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау |
| 6.Оқылым<br>стратегияларын<br>қолдану | 7.2.6.1 оқылым стратегияларын қолдану: комментарий жасау, іріктеп оқу, зерттеп оқу |
| **3) жазылым** | |
| 2. Әртүрлі жанрда<br>мәтіндер құрастыру | 7.3.2.1 жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай көркемдегіш құралдарды орынды қолдана отырып, шағын мақала, нұсқаулық, әңгіме құрастырып жазу |
| Жазба жұмыстарын<br>әртүрлі форма<br>да ұсыну | 7.3.3.1 мәтін құрылымын (кіріспе бөлім, жалпы мәлімет беру, детальді мәлімет беру) сақтай отырып, графиктік мәтін (шартты белгі, сурет, сызба) түрінде берілген процесті сипаттап жазу |
| 4.<br>Эссе жазу | 7.3.4.1 эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, тақырыпқа байланысты берілген мәселенің оңтайлы шешілу жолдары немесе себептеріне өз көзқарасын жазу<br>(дискуссивті эссе) |
| 5. Оқылым және<br>тыңдалым<br>материалдары<br>негізінде жинақы<br>мәтін (компрессия)<br>жазу | 7.3.5.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша тірек сөздер мен сөз тіркестерін синонимдік қатармен ауыстыра отырып, жинақы мәтін жазу |
| 6. Мәтіндерді түзету<br>және редакциялау | 7.3.6.1 мәтіндегі сөздердің тақырыпқа сай орынды қолданылуын тексеру, синонимдік қатармен ауыстыра отырып, лексикалық түзетулер енгізу, редакциялау |
| **4) әдеби тіл нормаларын сақтау** | |
| 2.<br>Орфоэпиялық норма | 7.4.2.1 сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсініп қолдану |
| 3.<br>Лексикалық норма | 7.4.3.1фразеологизм, мақал-мәтелдердің эмоционалды мәнін, көркемдік ерекшеліктерін түсініп қолдану |

| | |
|---|---|
| 4. Грамматикалық норма | 7.4.4.1 етістіктің есімше, көсемше, тұйық етістік, шақ, рай түрлерін тілдесім барысында қолдану;<br>7.4.4.2 еліктеуіш сөздердің мәнмәтіндегі қолданысын түсіну.<br>7.4.4.3шылау түрлерін ажырата білу, орынды қолдану;<br>7.4.4.4 одағай түрлерін ажырата білу, қолдану;<br>7.4.4.5 оқшау сөздердің қызметін түсіну, ажырата білу |
| 5.Пунктуация лық норма | 7.4.5.1 сөйлем соңында және сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерін (даралаушы және ерекшелеуші) дұрыс қолдану. |

II. Іріктеп алынған оқыту мақсаттары бойынша диагностикалық жұмыстың үлгісі

Келесі кезеңде 20.1-кестеде алынған оқыту мақсаттарын оқушының қаншалықты меңгергенін диагностика жасап, зерттеу үшін тапсырмалар жүйесі дайындалады.

Диагностикалық жұмыс білім алушылардың олқылықтарын толықтыру үшін жүргізілетін жұмыс болып табылады. Сондықтан диагностикалық жұмыстың мазмұнына толық жауапты қажет ететін тапсырмаларды беру ұсынылады.

Төменде 7-сыныптағы «Қазақ тілі» пәнінің мазмұнын қамтитын оқыту мақсаттарына сәйкес әзірленген диагностикалық жұмыс тапсырмаларының үлгісі берілген.

**1-деңгей. Жазылым алды тапсырмасы**

**Бағалау критерийлері:**

- *Сөз таптарына ажыратады.*
- *Есімше сөз табын біледі.*
- *Көсемшенің жасалу жолдарын біледі*
- *Еліктеу, одағай, қаратпа, қыстырма сөздерді біледі.*

**Дескрипторлар:**

- *Есімшелерді мағынасына сәйкес сөздермен тіркестіре алады;*
- *Сөйлем ішінен көсемше тұлғалы сөздерді анықтайды;*
- *Шылауларды мағынасына қарай топтап, түрлерін ажыратады;*
- *Еліктеу сөздерді тауып, құрамына, түріне қарай ажыратады;*
- *Сөйлем ішінен одағай, қыстырма және қаратпа сөздерді таба алады;*
- *Сөйлем ішінен оқшау сөздерді тауып, тыныс белгілерін қояды.*

**Тапсырмалар:**

***Есімшелерді мағынасына сәйкес сөздермен тіркестіріп, сөз тіркестерін жаса.***

Түсінбейтін, гүлденген, құлпырған, кепкен, айтқан, сөгілген, жатқан, өскен, келер, айтар, ойнамақ, жүрмек, ойнар, қазбақ, жүзбек, сөкпек.

**Үлгі:** *түсінбейтін сөз*

**2-деңгей. Жазылым кезі тапсырмасы.**

***Есімше тұлғалы сөздерді қатыстырып, тамылжыған табиғатты суреттеп жаз.***

***Үлгі:*** *Хадиша даланы жаңа көргендей, аңырып ұзақ қарады. Көшеде жан жоқ. Мал қораның көлеңкесінде жаткан сары төбеттің тілі салақтап, екі бүйірі солқ-солқ етеді. Жайшылықта құрқылдап, тыным таппай зікір салатын құмыр құстар да қазір ағаш бұтағында көк теректің безіндей боп бедірейіп қатып қалған. Тек шекшек қана алабота арасынан жағы тынбай ырылдайды. Шілде шықпаған кез. Дала ыстыққа мойын ұсынып, мүлгіп тұр. (Ш.М.)*

**3-деңгей. Жазылымнан соң тапсырмасы.**

***Есімше тұлғалы сөздердің қай шақты білдіріп тұрғанын анықта.***

Тойын ағайын бөле-жара көтерді. (Д.Д.) Қызығы, ақ шабақтары санынды соғып ойнайтын. Бірде ауылдың қыз-келіншек, бала-шағалары суға түсіп жүрген. Жағада жатқан қыз- келіншектердің киімдерін іліп ала қашуға қаракер атын жалақтатып келіп қалыпты. Еңкейе бергенде қарымды бір келіншек судан атылып шығып, аттан жұлып алып қалды. (Н.Қ.) Әкем қара жұмысшы болып жұмыс істейтін. Құрылыс техникумының кешкі бөліміне оқуға түстім. Темір есік сықырлап, салдырлап ашылатын, жабылатын… Бұл дүниедегі зор бақыт - еркіндік екен ғой, кім білген. Менде Қайраттың торкөзді дәптердің бір бетіне туыстарына (анасына) қазақша жазған хаты бар болатын. Куә – айғақшы ретінде абақтыдағы жазасын өтеушілер қатыстырылған. (К.Т.) Ердің атын еңбегі шығарар, жердің атын жер кені шығарар. Бейнетің қатты болса, татқаның тәтті болар. Тозған қазды, топтанған қарға алады. Айырылған азады, қосылған озады. Бөлінгенді бөрі жейді. Біріккен жүз бытыраңқы мыңды алар. Бірлікті бұзған - жаманның ісі. Қатардан қалған - шабанның ісі. Ыдыраған ырысты қашырады. Батыр мақтанса, жауға шапқанын айтар. Қу мақтанса, алдап қаққанын айтар. Ер жігіттің екі сөйлегені - өлгені. Еменнің иілгені - сынғаны. Он саусақтан өнері тамған. Бала соққан кездіктің басы жарық. (мақ-мәт.). Үш жүз бір- бірімен ешқашан жауласқан емес, қайта бірін-бірі шақырып, той, аста бірлесіп өмір сүрген. (Т.Д.).

**1-деңгей. Жазылым алды тапсырмасы.**

***Көсемше тұлғалы сөздерді анықта.***

Ақ шәйнектің қақпағын ашып қарап еді, буы бұрқ етті де түбінен қып-қызыл қою шай жайнап көрінді. Хадиша дастарқандай ақ беторамалмен көзінің терін сүртіп, дәлізден сыртқа қарады. (Ш.М.) Тай жарысы кішігірім той, мереке, жалпы демалыс күндері өткізіледі.

**2-деңгей. Жазылым тапсырмасы.**

***Көсемше тұлғалы сөздерді қатыстырып, әсем табиғатты суреттеп жаз.***

**Үлгі:** *Хадиша дастарқандай ақ беторамалмен көзінің терін сүртіп, дәлізден тысқа қарады. Арық бойындағы орылмаған шырмауық пен сора тот басқан қаңылтырдай кошқылданып кетіпті. Алма ағаштардың жапырағын*

*тозаң тұтып қалған. Барып тұрып әрқайсысын дымқыл шүберекпен сүртқің келеді. Алмасының күн жақ беті қызара бастапты. Жүгерінің желегі түсіп, шашақ шығарыпты. Күнбағыстың бастары салбырап қалған екен. Тікесінен ұйықтап тұрған тұтқындар сияқты. Қызанақ помидорды тауықтар шоқып жатыр. (Ш.М.)*

**3-деңгей. Жазылымнан кейінгі тапсырма.**

***Көсемше тұлғалы сөздерді тауып, сөйлем мүшесіне талда.***

Фотограф екі қыз құшақтасып күліп түскен суретке бір, Мақсұттың жеке түскен суретіне бір қарады. Басын шайқап қойды. Дәл осы суретшіге Хадиша өзі айтқалы оқталып тұр еді, мына Ақшайдың қақтығуынан кейін күрт өзгеріп, фотографқа қарап:

- Карашо, карашо! - деді. (Ш.М.) Тасқын орнында қалған қойтас секілді үш шал совхоз кеңсесінің алдында дөңкейіп- дөңкейіп отырғалы қашан. Таң құланиектеніп келе жатқан мезетте бастары қарағаш томарындай тіп-тік еді, енді күн арқан бойы көтеріле күнбағысқа ұқсап, бүгіліп қалыпты. Шалдар шошайма елтірі бөріктерін сонда да шешер емес. (Д.Д.)

**1-деңгей.**

***Шылауларды мағынасына қарай топтап, түрлерін ажыратыңдар.***

Сол сол-ақ екен, Жамалдың ағалары шатақ шығарып, Талқанбай қашып құтылды. Түрлері кісі аярлық, бейне жабағы секілді тулаққа салып түтіп, не күріш секілді келіде түйіп алғандай әлем-жәлем, қойны-қонышынан құм саулап, үсті-басы шаңнан көрінер емес. (Д.Д.) Үнемі күлмей жүре аламыз ба, үнемі күлмей жүруге жан шыдай ма екен? (А.) Омбының тарихи архивінде сақтаулы шекара қорғаныстары бастықтарының сол кездегі әскери жорық істері туралы жазбалар мен құжаттарында Өтеген батырдың ерлігі туралы айтылып, нақты мәліметтер келтіріледі. Кейін ауылға келгенде де көпке дейін өзгеше бір күйге түсіп жүрдім. (А.С.) 1864 жылы қаңтардың сегізінде қазақ баласы үшін осындай мектептің есігі айқара ашылады. (Қ.Ж.) Мұның өзі үй иесіне ілтипат көрсету ғана емес, дәм-тұзды құрметтеудің үлкен нышаны деуге болады. (Н.У.) Мұнан соң салмағы бірте-бірте арта бастайды. Осы құралмен баланың денесін күн сайын өлшеп тұру керек. Тамақ баланың өсуіне қарай өзгеріп отыруға керек. Тамақ бергеннен кейін баланың аузын тазалап отыру керек. (М.Ж.) Егер өзен бойында, әйтпесе далалы аймақта, тау бөктерінде ойдым-ойдым болып бөлек өскен ағаштар сипатына қарай: «Топағаш, Бестерек, Жалқарағай, Шетендісай, Қайыңды» деген секілді атаулармен аталып кетеді. Бірақ қалыңдығын көрген сайын жеңгелеріне «жеңгетай» төлеп, қалтасы да қағылған еді. (Н.Қ.)

**2-деңгей.**

***-да, -де, -та, -те қай сөйлемде жалғаулық, қай сөйлемде демеулік, қай сөйлемде жатыс септігінің жалғауы екенін анықта.***

Осы күн(де) ешкімнен рұқсатсыз көк тиын ала алмайсың, өкімет мүлкіне (де) қол сұғуға қақың жоқ. Былайғы кісілер (де) тиын-сиынға назар

аудармайды. Екі жүз отыз сомын санап беремін (де), «он сомға майдам жоқ», - деймін. «У дәрі», «тоспа құлақ» дегенді естігені болмаса көрген (де), білген (де) емес. Исатай кеңсесіне қас қарайып, маса көтерілген(де) оралды. Соңынан жігі ажыраған тақтай еденді дүсірлете басып, томпаңдап ол(да) ере кірген. Одан арғысын тарқатып айтпаса (да) болғандай тегі. Шешіндіріп, қолына су құйып бәйек болды (да) қалды. Көргенмін талай марқасқа жайсаңдардың салқын кеңсе(де) шахмат ойнап, темекі сорып отырғанын. Бұлар бас изесіп сәлемдесті (де), тапжылмастан отыра берген. Исатай (да), доқтыр бала (да) басын(да). Енді сырқаттанып жатқан(да) жамбасыма тастай батты, олай-бұлай болып кетсем кісі ақысы қарыз болмасын, көзімнің тірісін(де) құтылып қояйын деп маған жетелетіп жіберді. Сол қырғын(да) талай азамат апат болған. Ауыз үйін(де) байлаулы тұр. (Д.Д.) Ер артық сұраса (да) азға разы болады. Ез аз сұрар, артылтып берсең (де) разы болмас. Дүние(де) бар жаман (да) көп(те), бірақ қызық (та), ермек (те) көп(те). Жоқ, ғылым бағарға (да) ғылым сөзін сөйлесер адам жоқ. (А.).

**3-деңгей.**

***- ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе тұлғалары қай сөйлемде шылау, қай сөйлемде жұрнақ (болымсыз етістіктің жұрнағы, етістіктен зат есім тудыратын жұрнақ) екенін анықта.***

Көріп жүрмін, күні-түні жер ойып, кетпен шапқан, күрішшінің өзі өндіріп ақша ала алмайды. Сонда жұрт жалақысынан жырып бере ме? Білегінің күші бар адамның бәрі жер аударып, шаң қауып жүруі мәре ме екен. Совхоз директорына адам салып, кассирлік жұмысын алмасам, аштан өлер ме едім? (Д.Д.) Бұл кезде қазақ хандығының ішкі және сыртқы жағдайлары жаман болмайды. (А.С.) Нағыз суреткер жазушыға тек жалғызілік жараса ма деймін. Ондай үмітсіз, сенімсіз әдебиет дами алмайды, жазушы шығармасын жаза алмайды. Әдебиет те одан шеттеп, бөлек қала алмайды. Осы бір қиын сындардан әдебиетіміз өте алар ма екен. Ешкім өзіне тікелей қатысты іспен айналыспайтын болды. (Б.Т.) Биіктен құлаған тау суындай тасқын бар емес пе, бұл күнде? Ол Қайрат па, жоқ басқа біреу ме, көздері қарауытқан олар үшін бәрі бір еді. Ал, әйел затын ол кімнен қорғады - жеті басты айдahардан ба, жалғыз көзді диюдан ба, жоқ, әлде көк сауыт құрсанған әскерден бе - бұл басқа мәселе. «Арман қудың ба, алдыңа қара, артыңа алаң болма. Өмірдің өткелін іздеп таптың ба, шеш те, кешіп өт».

**1-деңгей.**

***Еліктеу сөздерді тауып, құрамына, түріне қарай ажыратып, қалай жасалғанын талдап көрсет. Терме диктант.***

- Өмірінде қыңқ етіп ауырып көрмеген кісі екен, осы төтенше келген қиын дертін жақсылыққа жорып жатқан жоқ. Тұқшиып отырған әкесі астынан жер көтерілгендей қопаң етті, бәдікті тиып тастады. (Д.Д.) Мұндай беймазадан өзен құстары у-шу. Үйректер қырқылдап, қаз қаңқылдап, тау құдірет жылады. Дүбір-дүбір дыбыс естілді. (Ш.М.) Жоқ, біз олай қылмадық, ұзақтай шулап, қарғадай барқылдап, ауылдағы боқтықтан ұзамадық. (А.) Ал иіріміне ат

бойламай, пырылдап жүзіп, жүріп беретін. «Жиырма бес киім жыртыс әкеліпті» деп, қоржын ашып, өңір алып қайтқан әйелдер гу-гу әңгіме етісті. (Н.Қ.) Әңгіме біткеннен кейін де есеңгіреген адамдай тырп етпей, селт етпей отырып қалдық. (Б.Т.) Әйтеуір, сол кісінің келуіне орайлас бұрқ еткен, жалпақ әлемді дүр сілкіндірген әйгілі Желтоқсан оқиғасының шарпуы әлі басылмаған кез еді. (К.Т.)

**2-деңгей.**

***Одағай, қыстырма және қаратпа сөздерді тауып, астын сызыңдар.***

1. - Е, онда қалтамда бұл дәрі жоқ еді, - деді молда кідірместен.

2. - Қой, шырағым, жездең болса молда ғой. Қадірлі адаммен байқап әзілдес, -деп, Айнаштар жаққа зер салды.

3. - Ал, тақсыр, той басталды. Қалыңдық қасында. Кәні, қол сандықты қолға бер.

4. - О, бойжеткен, тоқта. Мына түріңмен мені қаматарсың қазір, ә?! - деп, Айбалта шошыды.

5. - Астапыралла, мына сотқар ит не дейді… Ойбай, мұның соңында жүрген бұзықтар мені қоса алдап кетер, шамасы, - деп, кетік шал тулап тұрды орнынан.

6. - Әрине, мен де көп ойланып, осы шешімге тоқтадым. Ол, бәлкім, қателеспеген шығар.

7. - Досым-ау, сүйінші бер, - деді Тәнкей, Жаманқарадан көп алған алақаны қайта қышып.

**3-деңгей.**

***Оқшау сөздерді тауып, тыныс белгілерін қойыңдар.***

1. Шамасы сірә бұл ат та Қален қолынан шыққан болар деп ойлады. Әрине оған теңіз жағасының сүреңсіз, жүдеу тірлігі ұнамасы анық. 2. Айғанша жеңгесінің мойнынан құшағын жазып алды: - Жеңеше сен кете бер. Мен… мына ауылға соғам.п ы- - Қарағым-ау бұның қалай болды? Аған білсе… ол зат - Мейлі біле берсін, - деді де, Айғанша жүріп кетті. (Ә.Н.)

III. Сабақ барысында толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары

20.2-кесте – 7-8-сыныптардың кіріктірілетін оқыту мақсаттары (өткен оқу жылындағы 7-сынып)

| **1) тыңдалым және айтылым** | | |
|---|---|---|
| **Дағдылар** | **8-сынып** | **7-сынып** |
| | | |
| 3. Мәтіннен ақпаратты анықтау | 8.1.3.1тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, ұсынылған ақпараттан астарлы ойды анықтау | 7.1.3.1 тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, ұсынылған ақпарат бойынша факті мен көзқарасты ажырата білу |
| 5. Тыңдалым материалы бойынша жауап беру және | 8.1.5.1перифраз түрінде берілген сұрақтар арқылы мәтіннен қажетті ақпаратты таба білу, көтерілген мәселе бойынша ой | 7.1.5.1проблемалық сұрақтарға тыңдалған мәтіннен деректер келтіре отырып, дәлелді жауап беру, өз жауабын өзгенің жауабымен |

| | | |
|---|---|---|
| бағалау | тұжырымдау | салыстыру, талқылау |
| 6. Сөйлеу мәдениетін дамыту | 8.1.6.1 коммуникативтік жағдаятқа сай ғылыми және халықаралық терминдерді, ғылыми деректерді орынды қолданып, диалог, монолог, полилогта өз ойын дәлелді, жүйелі жеткізу | 7.1.6.1 коммуникативтік жағдаятқа сай көркем бейнелеуіш, эмоционалды-экспрессивті сөздерді және мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестерді еркін қолданып, диалогке қатысу, пікірталаста тез және дұрыс шешім қабылдай білу |
| **2) оқылым** | | |
| 6. Оқылым стратегияларын қолдану | 8.2.6.1 оқылым стратегияларын қолдану: комментарий жасау, іріктеп оқу, талдап оқу | 7.2.6.1 оқылым стратегияларын қолдану: комментарий жасау, іріктеп оқу, зерттеп оқу |
| **3) жазылым** | | |
| 3. Жазба жұмыстарын әртүрлі форма да ұсыну | 8.3.3.1 мәтін құрылымын сақтай отырып, графиктік мәтіндегі (диаграмма, кесте) деректердің маңызды тұстарын анықтап жазу | 7.3.3.1 мәтін құрылымын (кіріспе бөлім, жалпы мәлімет беру, детальді мәлімет беру) сақтай отырып, графиктік мәтін (шартты белгі, сурет, сызба) түрінде берілген процесті сипаттап жазу |
| 6. Мәтіндерді түзету және редакциялау | 8.3.6.1 БАҚ материалдары негізінде стильдік ауытқуларды, орынсыз қолданылған сөз оралымдарын талдап, стильдік түзетулер жасау, редакциялау. | 7.3.6.1 мәтіндегі сөздердің тақырыпқа сай орынды қолданылуын тексеру, синонимдік қатармен ауыстыра отырып, лексикалық түзетулер енгізу, редакциялау. |
| **4) әдеби тіл нормаларын сақтау** | | |
| 2. Орфоэпиялық норма | 8.4.2.1 сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану | 7.4.2.1 сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсініп қолдану |
| 5. Пунктуация-лық норма | 8.4.5.1 сөйлем соңында қабаттасып қойылатын тыныс белгілерін дұрыс қолдану | 7.4.5.1 сөйлем соңында және сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерін (даралаушы және ерекшелеуші) дұрыс қолдану |

## IY. Кіріктірілетін оқыту мақсаттары бойынша ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгісі

**№ 1**


| | |
|---|---|
| **Мұғалімнің аты-жөні:** | Кадирбай Акниет |
| **Пән/Сынып:** | қазақ тілі, 8-сынып |
| **Қай аптаның нешінші сабағы** | |
| **Тарау немесе бөлім атауы:** | 6-бөлім.Қоршаған орта және энергия ресурстары |
| **Сабақтың тақырыбы:** | Сабақтың тақырыбы: Қазақстанның қазба байлықтары |

| | |
|---|---|
| **Оқу мақсаттары:** | 8.1.6.1 коммуникативтік жағдаятқа сай ғылыми және халықаралық терминдерді, ғылыми деректерді орынды қолданып, диалогте өз ойын дәлелді, жүйелі жеткізу.<br>8.4.4.3 сөйлем ішінде бірыңғай мүшелерді қолдана білу. |
| **Кіріктірілген мақсат:** | 7.1.6.1 коммуникативтік жағдаятқа сай көркем бейнелеуіш, эмоционалды-экспрессивті сөздерді және мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестерді еркін қолданып, диалогке қатысу, пікірталаста тез және дұрыс шешім қабылдай білу |
| **Сабақ мақсаты:** | Коммуникативтік жағдаятқа сай ғылыми және халықаралық терминдерді, ғылыми деректерді орынды қолданып, диалогте өз ойын дәлелді, жүйелі жеткізе алады. Сөйлем ішінде бірыңғай мүшелерді қолдана біледі. |
| **Бағалау критериі:** | берілген суреттер бойынша диалог құрастырады;<br>картадан термин сөздерді тауып, сөйлемдер құрастырады;<br>мәтін бойынша өз ойын 4 сөйлеммен қорытып жазады;<br>мәтіндегі бірыңғай бастауыштар мен баяндауыштарды анықтайды. |

**Саралап оқыту тапсырмалары**

| | |
|---|---|
| **Ұжымдық жұмыс**<br>Жаңа тақырыптың түсіндірілуі | **Бірлескен жұмыс (1,2 тапсырма)**<br>Тапсырманы ұсыну және дұрыс жауапты ұсыну арқылы үйрету |

| **Уақыты** | **Кезеңдері** | **Сабақтың мазмұны** | **Мұғалімнің бақылауы мен зерттеуі не?** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| 1 минут | Ұйымдастыру | Сәлеметсіздер ме?<br>8-сыныптың қазақ тілі пәніне қош келдіңіздер! | Сабақ мақсатын қаншалықты түсінгенін бақылау | 8-сыныптың оқулығы, суреттер |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | «Миға шабуыл» жасаймыз. Берілген суреттегі белгілер нені білдіретіндігін айтады.<br><br> | | |
| 2-минут | Жаңа сабақ | **Сабағымыздың тақырыбы:**<br><br>Қазақстанның қазба байлықтары<br>Бүгінгі сабақта:<br>Сенің білетінің:<br><br>берілген суреттер бойынша диалог құрастырасыз;<br><br>картадан термин сөздерді тауып, сөйлемдер құрастырасыз;<br><br>мәтін бойынша өз ойын 4 сөйлеммен қорытып жазасыз;<br><br>мәтіндегі бірыңғай бастауыштар мен баяндауыштарды анықтайсыз. | Оқушылар мәтінді оқиды. Картамен жұмыс істейді. Суреттермен диалог құрастырады. Бірыңғай мүшелерді анықтайды. | карта, суреттер, кесте, презентация |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 2-минут | Тапсырмалар | **1- оқу тапсырмасы:**<br><br><br><br><br>**Өзіңді тексер!**<br>-Сәлем, Анар, қалың қалай?<br>-Жақсымын, рахмет, Қайрат.<br>-Анар мына суреттер нені біздіреді?<br>-Менің ше бұл суреттерден Қазақстанның қазба байлықтары туралы мәлімет бізге болады. Ол байлықтарды адамдар техниканың көмегімен өндіреді.<br>-Иә, дұрыс айтасың Анар, қазба - адамға әрқашанда керек байлық.<br>-Мәселен, Қазақстанда өндірілетін алтыннан, күмістен, мыстан, мұнайдан, қорғасыннан қаншама заттар шығарылады. Ол заттарды сырт мемлекеттерге экспортқа жібереді.<br>-Иә, осындай қазба байлығы мол мемлекетте тұрып жатқаныма қуанамын.<br>-Мен де, Анар.<br>-Досым бүгін өкуміз маңызды тақырыпта сұхбат жүргіздік, рахмет сағаң.<br>- Оқасы жоқ, досым. | **2-оқу тапсырмасы:**<br><br> | Берілген суреттерді пайдаланып, "Қазақстанның қазба байлықтары" деген тақырыпта диалог құрастырады.<br><br>Берілген Қазақстан картасына қарап отырып, тақырыпқа байланысты термин сөздерді тауып, сөйлемдер құрастырып, төмендегі кестені толтырады. | Суреттер , презентация<br><br>Қазақстан картасы |
| 3-минут | Тапсырмалар | | Мәтін бойынша "Төрт сөйлем" әдісі арқылы «Қазақстанның қазба байлықтары» тақырыбындағы деректерді негізге ала отырып, өз ойыңызды қорытып жазады. | Мәтін<br><br>мәтін |

| Термин сөздер | Сөйлемдер |
|---|---|
| | |
| | |
| | |

**Дескрипторы:**
-Картадан термин сөздерді табады;
-термин сөздермен сөйлемдер құрастырады.

**Өзіңді тексер!**

| Термин сөздер | Сөйлемдер |
|---|---|
| 1. Тас көмір | Қазақстанда тас көмір өндірісі жақсы дамып келеді. |
| 2. Темір | Темір кендерінің қоры 8 млрд. тоннадан астам. |
| 3. Алюминий | Алюминий кендері Арал маңынан табылған. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 3-минут | Тапсырмалар | **3- оқу тапсырмасы:**<br>***3-тапсырма.*** *Мәтін бойынша "Төрт көйлем" әдісі арқылы «Қазақстанның қазба байлықтары» тақырыбындағы деректерді негізге ала отырып, өз ойыңызды қорытып жазыңыз.*<br>***Қазақстанның қазба байлықтары***<br>*Қазақстан минералдық ресурстарға, яғни қазба байлықтарға өте бай. Қазақстан дүние жүзінің 186 елінің ішінде вольфрам, қорғасын және барийдің қоры бойынша бірінші орында, хромит, күміс және цинк бойынша екінші, марганец және молибден -үшінші, мыс - төртінші, уран - бесінші, алтын - алтыншы, темір кені - жетінші, қалайы мен никель - сегізінші, көмір мен табиғи газ - тоғызыншы, мұнай бойынша он үшінші орында.*<br>*Қазақстанда тас көмір және қоңыр көмірдің қоры 200 млрд. тоннадан астам. Көмір бассейндеріне Қарағанды, Екібастұз, Майкөбен жатады. Қазақстанның жер қыртысы мұнай мен табиғи газдарға бай. Каспий маңы ойпаты, Каспий теңізінің жағалауын қоса алғанда мұнай қоры 7 млрд. тонна. Марганец кендері Атасу темір марганец бассейнінен басқа Сарыарқада, Ұлытауда, Қаратауда, Маңғыстау мен Семейде табылып, анықталған. Титан кендері Қостанайда, Көкшетауда, Ақмола мен Ақтөбе облыстарында барланған. Алюминий кендері келешегі бар ауданлар Сарыарқаның батысы мен солтүстігі, Торғай ойпаты, Сырдария өзенінің бассейні.Каспий маңы және Арал маңы ойпатында зерттеліп, табылған. Шымкент қаласының маңындағы кен орындарын атауға болады. Алтын мен күміс ертеден Қазақстанның шығысы мен солтүстігінде өндіріліп, алынып келген. Көкшетау жақын жылдары негізгі алтын өндіруші аймаққа айналады. Өндірілетін алтын мөлшерін қазіргі жылына 10-15-тен 100-120 тоннаға дейін арттыруға болады.*<br>***Өзіңді тексер!***<br>*1.Менің ойымша ,бұл мәтінде қазба байлықтар туралы айтылады.*<br>*2.Себебі, мәтінде алтын, тас көмір, табиғи газ, мұнай жайлы ақпарат берілген.*<br>*3.Мысалы: Қазақстан дүние жүзінің 186 елінің ішінде вольфрам, қорғасын және барийдің қоры бойынша бірінші орында, хромит, күміс және цинк бойынша екінші, марганец және молибден -үшінші, мыс - төртінші, уран - бесінші, алтын - алтыншы, темір кені - жетінші, қалайы мен никель - сегізінші, көмір мен табиғи газ - тоғызыншы, мұнай бойынша он үшінші орында.*<br>*4.Қорыта айтқанда, осы қазба байлықтарды сақтап, тиімді пайдалана алу керекпіз.* | | Кесте |
| 2-минут | Тапсырмалар | **4- оқу тапсырмасы:**<br>***4-тапсырма.*** *Мәтіннен (Қазақстанның қазба байлықтары) бірыңғай бастауыштар мен баяндауыштарды анықтаңыздар.*<br>***Бірыңғай мүшелер*** \| ***Мысалдар***<br>*Бірыңғай бастауыштар*<br>*Бірыңғай баяндауыштар*<br>***Дескрипторы:***<br>*-Мәтіндегі бірыңғай бастауыштар мен баяндауыштарды анықтайды.*<br>***Өзіңді тексер!***<br>***Бірыңғай мүшелер*** \| ***Мысалдар***<br>*Бірыңғай бастауыштар* \| *-минералдар, тау жыныстары; -вольфрам, қорғасын, барий, хромит; - Қарағанды, Екібастұз,Майкөбен.*<br>*Бірыңғай баяндауыштар* \| *-табылды, анықталған; -зерттеліп, табылған; - өндіріліп, алынып келген.*<br>**Қорытынды** | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1минут<br><br>1<br>минут | Қорытынды<br><br>Қосымша тапсырма | -суреттер бойынша ғылыми және халықаралық терминдерді қолданып, диалогте ойымызды дәлелді, жүйелі жеткіздік;<br>-Қазақстан картасында берілген суреттер арқылы термин сөздерді тауып, сөйлемдер құрастырдық;<br>-ғылыми деректерді пайдаланып, мәтін бойынша ойымызды 4 сөйлеммен қорытып жаздық;<br>-сөйлем ішінен бірыңғай мүшелерді анықтай алдық.<br><br>**Қосымша тапсырма**<br>«Қазба байлықтар таусылып барады» атты сілтемені тыңдау арқылы **https://www.youtube.com/watch?v=V6VF74DXu2k** және сабақта алған мәліметтерді қолдана отырып, «Пайдалы қазбалардың қазіргі жағдайы» тақырыбында жоба жұмысын жазыңыздар.<br>Жазылым барысында абзац, ойды жүйелі жеткізуді, тақырыпқа қатысты сөздерді іріктеп қолдануды есте сақтаңыздар. | Мәтіннен (Қазақстанның қазба байлықтары) бірыңғай бастауыштар мен баяндауыштарды анықтайды. | «Қазба байлықтар таусылып барады» атты сілтеме **https://www.youtube.com/watch?v=V6VF74DXu2k** |

**№ 2**

| | | |
|---|---|---|
| **Бөлім:** | 1-бөлім: Көне түркі жазбалары және қазақ жазуы | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Сұлтанбек Дулат Мейрамбекұлы | |
| **Күні:** | | |
| **Сынып:** 8 | **Қатысушылар саны:** | **Қатыспағандар саны:** |
| **Сабақтың тақырыбы** | Қазақ жазуы | |
| **Оқыту мақсаттары** | 8.1.3.1 тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, ұсынылған ақпараттан астарлы ойды анықтау | |
| **Кіріктірілген мақсат** | 7.1.3.1 тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, ұсынылған ақпарат бойынша факті мен көзқарасты ажырата білу | |
| **Сабақтың мақсаты** | Барлық оқушылар: Үй тапсырмасын орындап, өткен материалды қайталау сұрақтарына жауап береді.<br>Оқушылардың көпшілігі: Жазылым тапсырмаларын жүйелі орындауға талпынады.<br>Кейбір оқушылар: Жазылым тапсырмасын жүйелі орындап, сұрақтарға жауап беріп, сабақ процесінде белсенділік танытады. | |
| **Бағалау критерийлері** | Бақылау диктантын жазып, диктантқа негізделген тапсырмаларды орындайды. | |

**Сабақтың барысы**

| Сабақтың кезеңі/ уақыты | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы Ұйымдастыру кезеңі**<br>5 минут | **Сәлемдесу. Оқушылардың көңіл-күйін сұрау.**<br><br>**Үй тапсырмасын сұрау.**<br>4-тапсырма, 7-бет.<br>Мәтін бойынша сұхбат құрыңдар<br>1-қатар: 1-мәтін (Әбіш Кекілбаев)<br>2-қатар: 2-мәтін(Мырзатай Жолдасбеков)<br>3-қатар: 3-мәтін (Мұстафа Шоқай) | Мұғаліммен сәлемдеседі.<br><br>Үй тапсырмасын орындап, дайындағын сұхбатын оқиды. | Баллдық шкала:<br>2 балл | Презентация<br><br>Оқулық |
| **Сабақтың ортасы**<br><br>2 минут<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>8 минут | **Өткен материалды қайталау:**<br>- Неліктен көне түркі ескерткіштері деп аталады?<br>- Қандай көне түркі ескерткіштерді білесіздер?<br>-Ғалымдар көне түркі ескерткіштеріндегі жазбаларды қандай жазу деп пікір білдірді?<br>- Күрделі сөздерді қалай жіктеп қарастырамыз?<br>- Бас әріппен жазылатын күрделі-құрамды сөздерді қалай жіктейміз?<br>**Тілдік бағдар**<br>Кез келген сөз қысқартыла бермейді, тек күрделі атаулар қысқарады. Шартты түрде қысқарту арқылы жасалған күрделі атауларды қысқарған сөз деп атаймыз.<br>Қысқарған сөздер төрт түрлі жолмен жасалады:<br>1. Күрделі атаудың әр сөзінің басқы дыбысы алынады: АҚШ – Америка Құрама Штаттары, БҰҰ – Біріккен Ұлттар Ұйымы, ҚХР – Қытай Халық Республикасы. Бұған тек өлшем атаулары бағын-байды: м – метр, кг – килограмм, мм – милиметр, г – грамм т.б. | Берілген өткен материал сұрақтарына жауап беруге талпынады.<br><br><br><br><br><br><br><br>Теориялық тақырып бойынша мұғалімнің түсіндірмесін тыңдап, түртіп алады. | Баллдық шкала:<br>1 балл | Интербелсенді тақта, презентация.<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Оқулық, презентация |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 2. Күрделі атаудың бірінші сөзінің алғашқы буыны және қалған сөздерінің басқы дыбысы алынады: ҚазҰПУ – Қазақ Ұлттық Педа- гогикалық университеті, ҚазҰУ – Қазақ Ұлттық университеті.<br>3. Күрделі атаудың алғашқы сөзінің алғашқы буыны алынып, келесі сөз түгел айтылады: педколледж, мединститут.<br>4. Қысқарған сөздердің бұл айтылғандардан басқа ТУ-114, АН-24, см, км, мм, дм т.б. сияқты түрлері бар. Қысқарған сөздердің құрамындағы әріптердің, буындардың, буын мен сөздердің араларына ешқандай белгі қойылмайды. | | | |
| 15 минут | **Жазылым тапсырмасы**<br>Бақылау диктанты<br>«Қазақ жазуы»<br>Адамзат мәдениеті тарихында жазудың маңызы ерекше. Жазу – адамдардың кеңістік пен уақытқа тәуелді болмай, әлеуметтік өмірдің барлық саласында кең түрде қарым-қатынас жасауына мүмкіндік беретін құрал. Әр халықтың рухани, мәдени өсуін, даму деңгейін көрсететін әлеуметтік мәні зор құбылыс ретінде жазу – өткен мен бүгінгіні, бүгін мен келешекті жалғастыратын алтын көпір. Халықтың ғасырлар бойы игерген барлық жетістіктері жазу мұрасы арқылы танылады. Қоғам қайраткері, зерттеуші ғалым А.Байтұрсынұлы ана тіліне лингвистикалық тұрғыда ерекше мән берген. Ол: | «Қазақ жазуы» атты бақылау диктантын жазады. | Баллдық шкала:<br>4 балл | Диктанттар жинағы |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 10 минут | «Жұрт баласын әуелі өз тілінде оқытып, өз тілінде жазу – сызу үйретіп, өз тілінің жүйесін білдіріп, жолын танытып, балалар әбден дағдыланғаннан кейін, басқаша оқыта бастайды. Біз де тіліміз бұзылмай сақталуын тілесек, өзгелерше әуелі өз тілімізбен оқытып, онан соң басқаша оқытуға тиіспіз», - деген еді.<br>А.Байтұрсыновтай дара тұлғаның өсиеті, қалдырған мұрасы тіл жанашырларының алға ұстар бағдаршамы болуға тиіс. Тілімізді таза ұстаймыз десек, ана тіліміздің мүмкіндігін толық пайдаланып, өз тіліміздегі ғылым сөздерін қалыптастырып, сырттан кірген терминдерге балама тауып, немесе тіліміздің дыбыстық ерекшелегіне сай жазуымыз қажет деп білеміз.<br>(155 сөз)<br>**Бақылау диктантына негізделген тапсырмалар:**<br>**1-тапсырма:** Берілген сөздерге фонетикалық талдау жасаңыз:<br>*Адамзат, әлеуметтік, дыбыстық.*<br><br>**2-тапсырма:** Диктант мәтінінен күрделі сөздерді теріп жазып, талдаңыз.<br><br>**3-тапсырма:** Берілген сөйлемдерге морфологиялық және синтаксистік талдау жасаңыз. *Халықтың ғасырлар бойы игерген барлық жетістіктері жазу мұрасы арқылы танылады. А.Байтұрсыновтай дара тұлғаның өсиеті,* | Бақылау диктантына негізделген тапсырмаларды орындайды. | Баллдық шкала:<br>3 балл | 7-8 сынып қазақ тілі оқулығы |

<table>
<tr><td></td><td>қалдырған мұрасы тіл жанашырларының алға ұстар бағдаршамы болуға тиіс</td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Сабақтың соңы<br><br>2 минут<br><br><br><br><br>3 минут</td><td>Кері байланыс. Рефлексия<br>«Шығу парағы» әдісі<br>- Бүгінгі сабақтан не білдің, бұрын қандай мәлімет білетін едің?<br>- Бас әріппен жазылатын қандай күрделі-құрама атауларды білесің?<br><br>Бағалау дескрипторы: «Өзін-өзі бағалау стратегиясы»<table><tr><td>Үй тапсырма ы</td><td>2 балл</td></tr><tr><td>Өткен материалды қайталау</td><td>1 балл</td></tr><tr><td>Бақылау диктанты</td><td>4 балл</td></tr><tr><td>Бақылау диктантына негізделген тапсырмалар</td><td>3 бал</td></tr></table>Үйге тапсырма.<br>2-тапсырма, 8-бет.<br>Сызба бойынша қазақ жазуы туралы мәліметтер жина.</td><td>Оқушылар қойылған сұрақтарға жауап бере отырып, кері байланыс жасайды<br><br>Бағалау дескрипторлары арқылы өзін-өзі бағалайды.<br><br>Мұғалімнің түсіндірмесін тыңдап, үй тапсырмасын түртіп алады.</td><td>Бағалау дескрипторы</td><td>Презентация<br><br><br>Оқулық</td></tr>
</table>

Ү. Сабақтан тыс уақытта толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары

7-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» пәнінен оқу бағдарламасын зерделеу нәтижесінде 8-сыныптағы «Қазақ тілінің» оқыту мақсаттарымен кіріктіруге болмайтын оқыту мақсаттары анықталды [11]. Төменде кіріктіруге болмайтын оқыту мақсаттары берілген:

20.3-кесте – 8-7-сыныптардың кіріктірілмейтін оқыту мақсаттары

| Дағдылар | 7-сынып (өткен оқу жылы) |
|---|---|
| **1) тыңдалым және айтылым** | |
| 2. Әртүрлі жанрдағы мәтін<br>дерді талдау | 7.1.2.1 әлеуметтік-қоғамдық, оқу-еңбек тақырып-тарына байланысты диалог, монолог, полилогтердегі (интервью, пікірталас, жаңалық, ән, көркем әдеби шығармалар дан үзінді) автор көзқарасы мен көтерілген мәселені талдау |
| 6. Сөйлеу мәдениетін дамыту | 7.1.6.1 коммуникативтік жағдаятқа сай көркем бейнелеуіш, эмоционалды-экспрессивті сөздерді және мақал-мәтелдер мен |

| | |
|---|---|
| | тұрақты тіркестерді еркін қолданып, диалогке қатысу, пікірталаста тез және дұрыс шешім қабылдай білу |
| **2) оқылым** | |
| 3.Мәтіннің жанрлық ерекшелігін ажырату | 7.2.3.1хроника, хабар, очерктердің және кеңсе құжаттарының, қызметтік жазбалардың құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату |
| 4. Мәтіндерге салыстырмалы анализ жасау | 7.2.4.1идеясы ұқсас публицистикалық және көркем әдебиет стиліндегі мәтіндердің тақырыбы, құрылымы, мақсатты аудиториясы, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау |
| | |
| **3) жазылым** | |
| 2. Әртүрлі жанрда мәтіндер құрастыру | 7.3.2.1жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай көркемдегіш құралдарды орынды қолдана отырып, шағын мақала, нұсқаулық, әңгіме құрастырып жазу |
| 4. Эссе жазу | 7.3.4.1эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, тақырыпқа байланысты берілген мәселенің оңтайлы шешілу жолдары немесе себептеріне өз көзқарасын жазу<br>(дискуссивті эссе) |
| 5. Оқылым және тыңдалым материалдары негізінде жинақы мәтін (компрессия) жазу | 7.3.5.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша тірек сөздер мен сөз тіркестерін синонимдік қатармен ауыстыра отырып, жинақы мәтін жазу |
| **4) әдеби тіл нормаларын сақтау** | |
| 3. Лексикалық норма | 7.4.3.1 фразеологизм, мақал-мәтелдердің эмоционалды мәнін, көркемдік ерекшеліктерін түсініп қолдану |
| 4. Грамматикалық норма | 7.4.4.1 етістіктің есімше, көсемше, тұйық етістік, шақ, рай түрлерін тілдесім барысында қолдану;<br>7.4.4.2 еліктеуіш сөздердің мәнмәтіндегі қолданысын түсіну.<br>7.4.4.3шылау түрлерін ажырата білу, орынды қолдану;<br>7.4.4.4 одағай түрлерін ажырата білу, қолдану;<br>7.4.4.5 оқшау сөздердің қызметін түсіну, ажырата білу |

VI. Кіріктіруге болмайтын оқыту мақсаттары қарастырылатын кеңестердің кестесі

| 4. Грамматикалық норма | 9.4.4.1 құрмалас сөйлем жасалу жолдарын, түрлерін білу;<br>9.4.4.2 салалас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін ажырата білу, түрлендіріп қолдану;<br>9.4.4.3 сабақтас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін ажырата білу, түрлендіріп қолдану;<br>9.4.4.4 аралас құрмалас сөйлемдердің жасалу жолдарын білу, қолдану |
| 5. Пунктуациялық норма | 9.4.5.1 құрмалас сөйлемнің тыныс белгілерін (даралаушы, ерекшелеуші, ойдың аражігін ажырата<br>тын) ережеге сай қолдану |

II. Іріктеп алынған оқыту мақсаттары бойынша диагностикалық жұмыстың үлгісі

Келесі кезеңде 22.1-кестеде алынған оқыту мақсаттарын оқушының қаншалықты меңгергенін диагностика жасап, зерттеу үшін тапсырмалар жүйесі дайындалады.

Диагностикалық жұмыс білім алушылардың олқылықтарын толықтыру үшін жүргізілетін жұмыс болып табылады. Сондықтан диагностикалық жұмыстың мазмұнына толық жауапты қажет ететін тапсырмаларды беру ұсынылады.

Төменде 9-сыныптағы «Қазақ тілі» пәнінің мазмұнын қамтитын оқыту мақсаттарына сәйкес әзірленген диагностикалық жұмыс тапсырмаларының грамматикалық мазмұнға құрылған үлгісі берілген.

**І нұсқа**

**Бағалау критерийі:**

- *құрмалас сөйлем туралы түсініктері бар.*
- *салалас құрмалас сөйлемнің түрлерін біледі.*

**Дескрипторлар:**

*- Ыңғайлас салаластың құрамындағы жай сөйлемдерінің қалай байланысып тұрғанын анықтайды;*

*- Себеп-салдар салалас құрмалас сөйлемдерді табады;*

*-Салалас құрмалас сөйлемдердің түрлерін анықтайды.*

*- Түсіндірмелі және кезектес салалас құрмалас сөйлемдерді ажыратып, түсінеді.*

*- Талғау мәнді жалғаулықтардың қызметін біледі.*

**1-деңгей.** *Ыңғайлас салаластың құрамындағы жай сөйлемдерінің қалай байланысып тұрғанын анықтаңдар.*

1. Тосырқаған торыға бір кезең бір күндік жолдай, жалыққан Жамалға бір күн бір жылдай. (F.M.) 2. Жер де мәңгі, ел де мәңгі. 3. Қорғасын балқытудың қарт шебері Мелдекең оған көп үйретті, өзінің барлық тәжірибесін Оспан мен оның қасындағы жастарға берді. (С.Б.) 4. Манағы бір кезде алыстан шумағы қалың бір шаң көрініп еді, сол шаң жақындап келеді. 5. Жұрт босағадан аттап та үлгермеді, жас нәрестенің шыр ете қалған даусы казарманы басына көтерді. (Ә.С.) 6. Қабырғада ілулі тұрған репродуктор тысырлады да, отырған үшеуі де тына қалды. (М.И.) 7. Үй ішіне қаз-қатар қалайы бидондар қойылған екен, әрқайсысына бес-бес шелектен сүт кетеді. (С.М.) 8. Қарт ойына алған жұмысын түгел орындап тынды да, шекпенінің үстіне «yh» деп жантая кетті. (Қ.Ж.)

**2-деңгей.** *Себеп-салдар салалас құрмалас сөйлемдерді табыңдар.*

1. Менің әндерімді тыңдаушы да, сынаушы да, салушы да халық, сондықтан біздің жиған-тергеніміздің бәрі халықтікі. (М.Ә.) 2. Мен қорықпаймын: әжем кеше сұрап алған. (Б.М.) 3. Бүкіл тұла бойының талып шаршағаны соншалық - ештеңені ойлауға да зауқы соқпады. (Қ.Ж.) 4. Бір жаман жіпті далада ұмытып қалдырдың деп сонша кейіп тұрған адам бізге еш нәрсе бере қоймас, аузымызды ауыртпай, келген ізімізбен қайталық. (Ы.А.) 5. Әкесінің рұқсаты бола түра, Гүлнар Байжанды осы Марфуғаның сөзіне қарап түсірмеді. (С.М.).

**3-деңгей.** *Көп нүктенің орнына тиісті шылауларды қойып, салаластың түрлерін анықтаңдар.*

1. Биыл шөп қалың шықты, … жаңбыр көп жауды. 2. … айқайлаған дауыс қатты естілді, … ақырын естілді. 3. Ол кешке жұмыстан кеш қайтты, … келе алмады. 4. Балалар… футболойнайды, … өзенге барып шомылады. 5. Ол сенев үлкен, … сеноны құрметтеуің керек. 6. Әдемі сөздері менің жүрегімді тербетті, … сөздің мән-мағынасы тереңде жатыр емес пе?! **Керекті шылаулар:** себебі, бірде, кейде, өйткені, сондықтан, сол себепті.

**1-деңгей.** *Түсіндірмелі салалас пен талғаулы салаласты салыстыра отырып, Венн диаграммасын құрыңдар.*

| ***Түсіндірмелі салалас*** | ***Ортақ белгісі*** | ***Талғаулы салалас*** |
|---|---|---|
| | | |

**2-деңгей.** *Түсіндірмелі және кезектес салалас сөйлемдерді тауып, олардың ерешеліктерін түсіндіріндер.*

1. Орта белінен жерге батқан ағаш үй ерте күнде едірейіп-ақ түрған шығар, су тасқыны мұны да шоңқитыпты. 2. Ол қызына екі пікірді сіңіруге қатты тырысты: бірі - бұлжымайтын тұрақтылық, екіншісі - айнымайтын махаббат. 3. Сөз бен қылық суық көңілді жылытады немесе жылы көңілді суытады. 4. Құлыңды көп жәбірлеме: қожа бұғауланып, құл бостандық алатын да күн туады. 5. Басшы кейде жұмысты тексереді, кейде ойдағы жоспардың орындалуын бағалайды. 6. Елемес бір нәрсе айтайын деп еді, - Шымырбек үндемей қалды. 7. Адамдыекі нәрсе қартайтпайды: бірі - жақсы мінез, екіншісі - жақсы сөз. 8. Артқы тракторлардың жарығынан жұрт енді ғана шамалады: әр трактордың артында кішігірім үйдей болып ұбақ-шұбақ сүйретілген бірдемелер келеді. 9. Әдетте оруды ең құрметті кісі бастауға тиіс, сондықтан бұл құрметін көрсетпек болды. 10. Бірде көк ала қамысты көлдер қалып жатыр, бірде сары ала тон белестер кездесіп жатыр.

**3-деңгей.** *Талғау мәнді жалғаулықтардың қайсысы талғаулы салаласты, қайсысы бірынғай мүшелерді байланыстырып тұрғанын ажыратыңдар.*

1. Сіздің не аңшы екеніңіз өтірік, не қорқып келе жатқаныңыз өтірік.
2. Осыдан басқа не бір дыбыс, қозғалыс, не бір сөзбен сыр берген жоқ. 3. Бұл сөздердің бірін де я Раушанның, я Бәкеннің көзінше ешкім айтқан емес.
4. Аратұра болса да, небір тұщы көл, не бір тұщы бұлақ, я өзен бітірсейші кең далаға. 5. Орныма кісі табылмайды деген сөз бе екен? Не Самарқан бола салар, болмаса Анатолий Кондратьевичтің өзін қыстаймын. 6. Әлде әзілі, әлде мазағы екенін түсіне алмаған Дана бір қызарып, бір сазарып, не күлерін, не ренжірін білмей отырды.

**II Нұсқа**

**Бағалау критерийі:**

*- құрмалас сөйлем туралы түсініктері бар.*
*- сабақтас құрмалас сөйлемнің түрлерін біледі.*

**Дескрипторлар:**

*- Шартты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемдердің жасалу жолдарын біледі.*
*- Сөйлем мүшесіне талдайды.*
*- Қарсылықты бағыныңқылы сабақтас сөйлемдердің жасалу жолдарын біледі.*
*- Мезгіл бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемдердің жасалу жолдарын ажыратады.*
*- Құрмалас сөйлемнің баяндауыштарының грамматикалық ерекшелігіне талдау жасай алады.*
*- Себеп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемдердің жасалу жолдарын біледі.*
*- Қимыл-сын бағыныңқылы сабақтастардың жасалу жолдарын біледі.*

**1-тапсырма.** *Шартты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемдердің жасалу жолдарын ажыратып, баяндауыштарының грамматикалық ерекшелігіне талдау жасаңдар.*

1. Енді жол түссе, ол орманды толық игеруге елдің күші жетеді. (F.C.) 2. Дәл осы минутта мұғалім кіріп келмегенде, мұның аяғы жақсылықпен тына қоюы екіталай еді. (М.И.) 3. Жол ұзамай, көбейген қалың көмір қойнына кіргізбей- (F.Муст.) 4. Саз бен құмға кездессе, машинадан түйе жүйрік. (С.М.) 5. Егер Қазекеңнің көзі кемпірі ұсынған газет бетіндегі суретке түспегенде, қызықты жайлар басталып кетуі мүмкін еді. (Ә.Ә.) 6. Әр күннің қорытындысын қағазға түсірмей, ешкім үйіне де кетпейді. (М.И.) 7. Оның өскен ортасын білмейінше, түс жүмбақ қасиетін де түсінуге болмайды. (А.Лек.) 8. Кішкентай күнінде әжесі осы жырмен тербетпейінше, Абай да үйықтамаушы еді. (М.Ә.)

**2-тапсырма.** *Мәтіннен шартты бағыныңқылы сабақтастарды тауып, көшіріп жазыңдар. Сөйлем мүшесіне талдаңдар.*

Ертеде жылқы күнге қарап былай дейді:

- О, барлық жан-жануарларға тіршілік сыйлаған қайырымды күн, мені жануарлардың арасындағы ең сұлулардың бірі деседі жұрт. Солай екенін өзім де сезем‌ін. Сонда да кейбір дене мүшелерімді бұдан да әдемірек етуге болар еді-ау деп ойлаймын.

- Қай жеріңді түзей түсуге болар еді деп ойлайсың? - деп сұрайды күн күлімсіреп. Сонда жылқы былай деп жауап береді:

- Егер аяғым үзын болса, мен тіпті алдына жан салмайтын жүйрік болар едім. Мойным аққудың мойнындай ұзын болса, маған ол бұдан да әсем көрік бітірер еді. Төсім жалпақтау келсе, қазіргіден де алымдырақ болар едім. Оның үстіне адамзатты арқалап жүру үшін жотамнан мәңгі алынбайтын ер болса, тіпті жарасып тұрар еді…

- Жақсы, қалағаның болсын, - дейді күн жайраңдап, - сәл күте тұр. Соны айтады да, күн жерге түйені түсіреді. Денесі алпамсадай, тұрқы арбиған жануарды көрген жылқы қалшылдап қоя береді. ( «balakai.kz» сайтынан)

**3-тапсырма**. *Қарсылықты бағыныңқылы сабақтас сөйлемдердің жасалу жолдарын ажыратып, құрамындағы жай сөйлемдердің мағыналық қарым-қатынасын талдаңдар.*

1. Патша қатесін мойнына алып, кешірім сұрағанын біле тұра, Рүстем батыр қаһарлы райынан қайтпады. (М.Қ.) 2. Алексей Мересьев аяқтарының үсігеніне немесе мылжаланғанына қарамастан, орман мен балшықты аралап, күндіз-түні еңбектеді. (Б.П.) 3. Бұл атыраптың күні ыстық болғанмен, түні салқын (З.Қ.).

4. Мотор үні өшті демесең, екпіні басылмаған винтақырынғана айналып тұр. (Ә.Ә.) 5. Мен қанша тесіле қарасам да, Маржан менің сағынышымды көктем хабаршы- сындай көре алмады. (Ә.Т.) 6. Менің бойым піскенмен, ойым әлі піскен жоқ. (С.М.)

**4-тапсырма.** *Мезгіл бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемдердің жасалу жолдарын ажыратып, құрамындағы жай сөйлемдердің мағыналық қарым-қатынасын талдаңдар.*

1. Шынында да, Барластар келгелі, Құнанбай бұл үйіне көп қонған емес. 2. Бүгін қара жел басталысымен, қиыршықтап қар да түсе бастады. 3. Абай Семейге кеше келгенде, Михайлов оған орыс классиктерінің еңбектерін көрсетті. (М.Ә.) 4. Екеуі ымырт үйіріле үйден шыққанда, қонақтардың соңы әлі тараған жоқ-ты. 5. Күн ұясына төніп келген кезде, Амангелдіге тағы он шақты адам кездеседі. 6. Жұрт кейін мекеніне қайтып, малын сұрағанша, қолдан-жолдан қосылған жеті мың жылқы таңбаланып та қалған еді. 7. Сейіттің әке-шешесі даланың бір айналсоқ қырғыны - обадан өлгеннен кейін, Игілік жетім баланы да өз қолына алдырған. (F.M.) 8. Осындай қарбалас күндердің бірінде Ерлан түс ауа шеберханаға келсе, Жақып жігіттерімен жоқ. (С.Б.)

**5-тапсырма.** *Мезгіл және себеп бағыныңқылы сабақтастарды тауып, баяндауыштарының грамматикалық ерекшелігіне талдау жасаңдар.*

1. Күн сәулесі кеткендіктен, үйдің іші күңгірт еді. (Ә.Ә.) 2. Алдыңда ағаларың барда, жоқ таңдамай тұра тұр. (І.Е.) 3. Үлкендер ырық бермей кеткен соң, Жанәбілді ертіп әкетуге келдім. 4. Олар танысып болғанша, кең шалбарының терең қалтасына қолын сұғып, ойын бұзбастан ерсілі-қарсылы біраз жүрді. (F.Муст.) 5. Құнанбай, ел жайлауға шығардан бұрын, былтыр өзі Қа- рашоқыдан көшірген Бөкенші, Борсаққа Жігітек жерінің жапсарынан жайлау берген болатын. 6. Қыстың қалың ортасы болған шақта, Абай Ақшоқыдағы жаңа қыстауда үнемі кітап соңында болатын. 7. Қыстың қысқа күні түс шағына жеткенде, барлық жылқышы түсіріліп, ат атаулы алынып, Әбілғазының айтқаны түгел орындалып болған-ды. (М.Ә.)

**6-тапсырма.** *Себеп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемдерді табыңдар. Қандай жолмен жасалғанын түсіндіріңдер.*

1. Балуан аңға көшкен соң, қалғандары да тақым суыта бастады. 2. Киетін жылы киімдері болмаған соң, Әлипа көшеге шыққан жоқ. (А.Маманов) 3. Үйдің іші қараңғы болғандықтан, Зәмзәгүл есікті айқара ашып қойды. 4. Сол кезде бұтақ сынып кетіп, Асылып құзға Қайсар тұра қалды. (С.Муқанов) 5. Үлес үстінде әлі ойын ашпаған Абай болғандықтан, Тәкежан енді бұның өзінен ішіндегі ниетін сұрады. (М.Әуезов )

**7-тапсырма.** *Қимыл-сын бағыныңқылы сабақтастарды табыңдар, баяндауыштарының грамматикалық ерекшелігіне талдау жасаңдар.*
1. Ар-ұят, намыс, кек - бәрі ортақ болған соң, әскер достығы терең бір мағына табады. 2. Ханның ұлы қашпай, алаңның ортасына барып тұрады. 3. Бұқа аяқ тіреп тұра алмай, төбесімен тік шаншылып жығылды. 4. Баласын аяп, үйқы-сынан оятпады. 5. Бұдан бұрынғы екі күндік жолда үлкендер жылдам жүрмей, баланың шыдамын әбден тауысқан-ды. 6. Кәдімгі ұрыларша шапан-бөркін айналдыра киіп, мұрны мен аузын қызыл орамалмен таңып алған. 7. Екі аққу ұзын, сұлу мойындарын иіп, әсем жүзіп, күміс судың айнадай мөлдірін шымырлатып сызады. 8. Құс та тез жалтарып, оның улы тісін бойына дарытатын емес. 9. Ашулы құс шаңқылдап, үсті-үстіне шоқи берді, шоқи берді.

III. Сабақ барысында толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары

22.2-кесте – 10-9-сыныптардың кіріктірілетін оқыту мақсаттары (өткен оқу жылындағы 9-сынып)

| Дағдылар | 10-сынып | 9-сынып (өткен оқу жылы) |
|---|---|---|
| **1) тыңдалым және айтылым** | | |
| 3. Мәтіннен ақпаратты анықтау | 10.1.3.3 тыңдалған мәтіндегі ақпаратты ғаламдық мәселелермен байланыстыра білу, астарлы ойды анықтау | 9.1.3.1 тыңдалған мәтіндегі ақпаратты өмірлік мәселелермен байланыстыра білу |
| 5. Тыңдалым материалы бойынша сұрақтар құрастыру және бағалау | 10.1.5.1 мәтінде көтерілген мәселеге автор мен оқырманның қарым-қатынасын ескере отырып, сұрақтар құрастыру және бағалау | 9.1.5.1 мәтіндегі айтылған ойға өз көзқарасын білдіреді, сыни тұрғыдан баға беріп айту |
| **2) оқылым** | | |
| 7. Әртүрлі ресурс көздерінен қажетті ақпарат алу | 10. 2.7.1 БАҚ, энциклопедиялық, ғылыми-көпшілік деректерді ала білу, сілтеме жасау жолдарын білу | 9.2.7.1 ғаламтор, энциклопе дия, газет-журналдар, оқулықтар, ғылыми еңбектерден алынған деректерді дәлел ретінде қолдану, авторына сілтеме жасау |
| **3) жазылым** | | |
| 3. Жазба жұмыстарын әртүрлі формада ұсыну | 10.3.3.1 мәтін құрылымын сақтай отырып, әртүрлі графиктік мәтіндегі (диаграмма, кесте) деректерді салыстырып, маңызды тұстары мен үрдістерді талдап жазу | 9.3.3.1 мәтін құрылымын сақтай отырып, бірнеше графиктік мәтіндегі (диаграмма, кесте) деректерді салыстыру, маңызды тұстары мен үрдістерді (тенденция) анықтап жазу |
| 7. Мәтіндерді түзету және редакциялау | 10.3.7.1 жазба жұмысын абзац пен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық және стильдік түзетулер енгізу, редакциялау | 9.3.6.1 жазба жұмысын абзацтар мен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық түзетулер енгізу, редакциялау |
| **4) әдеби тіл нормаларын сақтау** | | |
| 5. Пунктуациялық норма | 10. 4.5.1 сөйлем және мәтін деңгейінде тыныс белгілерін қолдана білу | 9.4.5.1 құрмалас сөйлемнің тыныс белгілерін (даралаушы, ерекшелеуші, ойдың аражігін ажырата тын) ережеге сай қолдану |

IY. Кіріктірілетін оқыту мақсаттары бойынша ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгісі.

Республика мектептері бойынша 22.2-кестеде берілген 9-10-сыныптардың кіріктірілген оқыту мақсаттары бойынша әзірленген қысқа мерзімді сабақ жоспарларының үлгілері ұсынылады.

**№1**

| **... орта мектебі** |
|---|

| **Сабақ тақырыбы: БІЛІМ. ҒЫЛЫМ. ИННОВАЦИЯ** | | |
|---|---|---|
| **Күні** | **Мұғалімнің есімі** | |
| **Сынып** | **Қатысқандар саны** | **Қатыспағандар саны** |
| **Сабаққа негізделген оқу мақсаты** | 10.2.6.1 - белгілі бір мақсат үшін оқылым стратегияларын жүйелі қолдана білу<br>10.3.5.1 - оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ақпаратты іріктей отырып, түртіп жазу (конспектілеу) | |
| **Кіріктірілген мақсат:** | 9.3.2.1- мақсатты аудиторияның қызығушылығын ынталандыру үшін әртүрлі жанрда мәтіндер құрастыру. | |
| **Сабақ мақсаттары:** | **Барлық оқушылар:**<br>Негізгі ақпаратты түртіп жазады;<br>**Оқушылардың басым бөлігі:**<br>Мәтін бойынша сұрақтар дайындайды, жауап береді.<br>**Кейбір оқушылар:**<br>Оқылым стратегияларын сәтті қолданады | |
| **Бағалау критерийлері: (жетістік критерийлері, табыс критерийлері, күтілетін нәтиже)** | - «Қалыптастырушы бағалау бойынша мұғалімге арналған әдістемелік нұсқаулықтан» оқу мақсатына байланысты критерийлерді алу керек.<br>- Қалыптастырушы бағалау таңдалмаған оқу мақсаттары үшін бағалау критерийлерін мұғалімнің өзі құрастырады. | |
| **Тілдік мақсаттар** | **Тілдік дағдылар:** тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым. | |
| | **Терминология:** білім, ғылым, инновация, технология, жетістік | |
| | **Сөз тіркестері:** бәсекеге қабілеттілік, ізденген жетер мұратқа, табысты болу | |
| **Құндылықтарды дарыту** | Өмір бойы білім алу | |
| **Пәнаралық байланыстар** | Өзге ғылым салалары арқылы жеткен жетістіктерді саралай алады,<br>ғылым мәнін айқындайды, мысалдар келтіреді | |
| **АКТ қолдану дағдылары** | Ғылыми жетістіктерді саралайды, мысалдар келтіреді | |
| **Алдыңғы оқу/ Бастапқы білім** | Ғылым, оның мүмкіндіктері, ірі жаңалықтар, адамзат дамуы | |

**Жоспар**

| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған жаттығулар** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| **Басталуы** | **«20 сұрақ – иә-жоқ деген жауап» әдісі**<br>Оқушыларға ақпарат алу үшін, 20 сұрақ қоюға болады. Алайда сұрақ қойылып жатқан адам «иә» не «жоқ» деп қана жауап береді. Мысалы, оқушы бір геометриялық фигура – ромбыны жасыруы мүмкін, ал сыныптың қалған бөлігі қасиеттерін атау арқылы оның қандай фигура екенін табуы керек. | Мәтін, Интернет сайты, Слайд Видео |
| **Ортасы** | 1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Астарлы ойды таратып айтыңдар.<br>**Ықтимал жауап** – ақ зат асыл болады.<br>2-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Мазмұны бойынша өз | |

| | | |
|---|---|---|
| | жұптарыңа сұрақтар дайындаңдар.<br>**Критерий** – мәнді, мәтін мазмұнын ашатын сұрақтар ұсыну<br>**Дескриптор:**<br>Абзацтардағы ой ретін сақтайды;<br>Автор көзқарасын айқындайды;<br>Өмірмен байланыстырады;<br>Астарлы ойды түсіндіреді;<br>Сұрау есімдіктерін қолданады.<br>3-тапсырма. Мәтінді оқып, кестені толтырыңдар<br>Әдісі – **Попкорн**<br><br>4-тапсырма. Толғауда айтылған ойды әңгіме түрінде дайындаңдар.<br>**Критерий** – шағын мәтін ұсыну<br>**Дескриптор:**<br>Астарлы ойды анықтайды;<br>Өмірмен байланыстырады;<br>Мысалдар келтіреді;<br>150 сөзден аспайды. | |
| **Аяқталуы** | **5-5-1**<br>Оқушылар сабақ кезінде нені меңгергендері жайлы 5 сөйлем жазады. Одан кейін сол 5 сөйлемді 5 сөзге дейін қысқартады. Соңында 5 сөзді 1 сөзге қысқартады. Оқушылар өздерінің түйінді сөзін бүкіл сыныппен бөліседі. | |

| **Қосымша ақпарат** | |
|---|---|
| **<u>Саралау</u> – Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлайсыз?** | Саралап іріктелген тапсырмалар, нақты бір оқушыдан күтілетін нәтижелер: оқушыға дербес көмек көрсету, оқу материалдары мен ресурстарын оқушылардың жеке қабілеттерін есепке ала отырып іріктеу (Гарднердің жиынтық зият теориясы) түрінде болуы мүмкін. Саралау уақытты ұтымды пайдалануды есепке ала отырып, сабақтың кез-келген кезеңінде қолданылады. |
| **Бағалау – Оқушылардың үйренгенін, материалды меңгергенін тексеруді қалай жоспарлайсыз?** | Бұл бөлімде оқушылардың сабақ барысында үйренгенін бағалау үшін қолданатын әдіс-тәсілдерді жазу керек. |
| **Сабақ бойынша рефлексия**<br>Сабақтың оқу мақсаты шынайы ма?<br>Бүгін оқушылар не білді?<br>Сыныптағы ахуал қандай болды?<br>Мен орындаған саралау шаралары тиімді болды ма?<br>Мен бүкіл уақыт ішінде үлгердім бе?<br>Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен? | Төмендегі ұяшыққа сабақ туралы өз пікірлеріңізді жазыңыз. Сол ұяшықтағы Сіздің сабақтың тақырыбына сәйкес келетін сұрақтарға жауап беріңіз. |

| **Қорытынды бағамдау** |
|---|
| Қандай екі нәрсе табысты болды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?<br>1.<br>2.<br>Қандай екі нәрсе сабақты жақсарта алды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?<br>1.<br>2.<br>Сабақ барысында сынып немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері/қиындықтары туралы не білдім? Менің келесі сабағымды жетілдіруге не көмектеседі, неге көңіл бөлу керек?<br>1.<br>2. |

**№2**

| **орта мектебі** | | |
|---|---|---|
| **Сабақ тақырыбы: Қазіргі қоғам: әлеуметтік теңсіздік** | | |
| **Күні** | **Мұғалімнің есімі** | |
| **Сынып** | **Қатысқандар саны** | **Қатыспағандар саны** |
| **Сабаққа негізделген оқу мақсаты** | 10.1.1.1 – мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, өз біліміне сүйеніп тақырыпты жалғастыру;<br>10.2.4.1- әртүрлі стильдегі (ғылыми, ресми іс-қағаздар, публицистикалық, ауызекі сөйлеу, көркем әдебиет стилі) мәтіндердің тақырыбын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау; | |
| **Кіріктірілген мақсат** | 9.2.4.1- әртүрлі стильдегі мәтіндердің тақырыбын, қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау | |
| **Сабақ мақсаттары:** | **Барлық оқушылар:**<br>Мәтінге ой қосады; идеясын түсінеді.<br>**Оқушылардың басым бөлігі:**<br>Мәтін тақырыбына түсінік береді, құрылымын ажыратады.<br>**Кейбір оқушылар:**<br>Тілдік ерекшелігін салыстырады, жоба ұсынады. | |
| **<u>Бағалау критерийлері:</u> (жетістік критерийлері, табыс критерийлері, күтілетін нәтиже)** | - «Қалыптастырушы бағалау бойынша мұғалімге арналған әдістемелік нұсқаулықтан» оқу мақсатына байланысты критерийлерді алу керек.<br>- Қалыптастырушы бағалау таңдалмаған оқу мақсаттары үшін бағалау критерийлерін мұғалімнің өзі құрастырады. | |
| **Тілдік мақсаттар** | **Тілдік дағдылар:** тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым. | |
| | **Терминология:** теңсіздік, кедейлік, әлсіз | |
| | **Сөз тіркестері:** әлеуметтік жағдай, кедейлікке ұрыну, қамқорлық көрсету | |
| **Құндылықтарды дарыту** | Өмір бойы білім алу<br>Еңбек ету | |
| **Пәнаралық байланыстар** | Тарихтан мәліметтер келтіреді. | |
| **АКТ қолдану дағдылары** | Керекті мәліметтер мен кесте, диаграмма таба алады. | |

| | |
|---|---|
| **Алдыңғы оқу/ Бастапқы білім** | Кедейлік, еңбектің мәні, әлсіз топтар |

| **Жоспар** | | |
|---|---|---|
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған жаттығулар** | **Ресурстар** |
| **Басталуы** | **Сәлемдеме жіберіңіз**<br>Затты бірнеше қабат қағазға/газетке орыңыз. Оқушылар әуен ойнап жатқанда оралған затты сынып ішінде береді; музыка тоқтаған кезде, оқушы бір қабатын ашады. Әр қабатқа тақырыпқа қатысты бір сұрақ немесе затты анықтауға көмектесетін ишара қойыңыз, оқушылар оны тауып, одан кейін оралған затты әрі қарай береді. Осылайша заттың орамасы біткенше жалғасады. | Мәтін, Интернет сайты, Слайд Видео |
| **Ортасы** | 1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Мәтінде айтылған иедяға өз болжамдарыңды ұсыныңдар.<br>**Критерий** – нұсқаулық дайындау<br>**Дескриптор:**<br>• Астарлы ойды табады;<br>• Өмірмен байланыстырады;<br>• Нақыл сөздерді қолданады;<br>• «Қарекет» бағдарламасынан мысал пайдаланады.<br><br>2-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Мәтіннің стилін анықтаңдар.<br>**Критерий** – белгілерін топтастырады.<br>**Дескриптор:**<br>Сандық көрсеткіштерді талдайды;<br>Өмірмен байланыстырады;<br>Мәліметтерді жіктейді;<br>Дәйек келтіреді.<br><br>3-тапсырма. Мәтінге сүйеніп **«Қос жазба»** күнделігін толтырыңдар<br>жалақысы төмен 2 млн.-нан астам адамның табысы молаяды;<br>Тағы да бір асқынған проблеманың бірі – жұмыссыздық<br>4-тапсырма. Мәтіндегі ақпараттар бойынша өз пікіріңді дәлелде.<br>**«Төрт бұрыш» әдісі.** Әр бұрышқа әртүрлі пікір ілінеді. Оқушылар өздерінің жауаптарына жақын бұрышқа барып тұра алады: мысалы, толықтай келісемін, келісемін, келіспеймін, толықтай келіспеймін.<br>5-тапсырма. Төменде берілген даналық сөзді пайдаланып, эссе дайындаңдар.<br>**Критерий** – тақырып ашылған жоба ұсыну<br>**Дескриптор:**<br>200 сөзден тұрады;<br>Нақыл сөздерді келтіреді;<br>Өмірмен байланыстырады;<br>Сұраулы сөйлемдерді қолданады;<br>Астарлы ойды ашады. | |

| | | |
|---|---|---|
| **Аяқталуы** | **Байланысқан оқу**<br>Өз оқуын бір сөйлеммен түсіндіретін оқушыны таңдаңыз. Келесі оқушы өз сөйлемін құру үшін жалғаулық шылаулар мен жалғауларды пайдаланады.<br>**Әріптестер**<br>Әр оқушыға не жауабы бар, не сұрағы бар қағаз беріңіз. Оқушылар сынып ішінде жүріп, сәйкес келетін сұрақ пен жауапты іздейді. Күрделілік деңгейін арттыру үшін, оқушылар үндемей орындай алады. | |

| **Қосымша ақпарат** | |
|---|---|
| **<u>Саралау</u> - Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлайсыз?** | Саралап іріктелген тапсырмалар, нақты бір оқушыдан күтілетін нәтижелер: оқушыға дербес көмек көрсету, оқу материалдары мен ресурстарын оқушылардың жеке қабілеттерін есепке ала отырып іріктеу (Гарднердің жиынтық зият теориясы) түрінде болуы мүмкін. Саралау уақытты ұтымды пайдалануды есепке ала отырып, сабақтың кез-келген кезеңінде қолданылады. |
| **Бағалау - Оқушылардың үйренгенін, материалды меңгергенін тексеруді қалай жоспарлайсыз?** | Бұл бөлімде оқушылардың сабақ барысында үйренгенін бағалау үшін қолданатын әдіс-тәсілдерді жазу керек. |
| **Сабақ бойынша рефлексия**<br>Сабақтың оқу мақсаты шынайы ма?<br>Бүгін оқушылар не білді?<br>Сыныптағы ахуал қандай болды?<br>Мен орындаған саралау шаралары тиімді болды ма?<br>Мен бүкіл уақыт ішінде үлгердім бе?<br>Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен? | Төмендегі ұяшыққа сабақ туралы өз пікірлеріңізді жазыңыз. Сол ұяшықтағы Сіздің сабақтың тақырыбына сәйкес келетін сұрақтарға жауап беріңіз. |

**Қорытынды бағамдау**

**Қандай екі нәрсе табысты болды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?**
**1**.
2.
Қандай екі нәрсе сабақты жақсарта алды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?
1.
2.
Сабақ барысында сынып немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері/қиындықтары туралы не білдім? Менің келесі сабағымды жетілдіруге не көмектеседі, неге көңіл бөлу керек?
1.
2.

## №3

| | | |
|---|---|---|
| **орта мектебі** | | |
| **Сабақ тақырыбы: ҚЫЛМЫС ЖӘНЕ ЗАҢ** | | |
| **Күні** | **Мұғалімнің есімі** | |
| **Сынып** | **Қатысқандар саны** | **Қатыспағандар саны** |
| **Сабаққа негізделген оқу** | 10.1.4.1- мәтінде көтерілген мәселені (қоғамдық-саяси) талдай | |

| | |
|---|---|
| **мақсаты** | отырып, негізгі ойды анықтау және ғаламдық мәселелермен байланыстыру;<br>10.2.4.1- әртүрлі стильдегі (ғылыми, ресми іс-қағаздар, публицистикалық, ауызекі сөйлеу, көркем әдебиет стилі) мәтіндердің тақырыбын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау. |
| **Кіріктірілген мақсат** | 9.2.2.1 - қазақ тілі стильдері мен шешендік сөздің түрлерін қолданылған тілдік құралдар арқылы тану |
| **Сабақ мақсаттары:** | **Барлық оқушылар:**<br>Мәтіннің идеясын түсіндіре алады.<br>**Оқушылардың басым бөлігі:**<br>Өмірмен байланыстырып, мысалдар келтіре алады.<br>**Кейбір оқушылар:**<br>Тілдік ерекшелігін, құрылымын талдайды. |
| **<u>Бағалау критерийлері:</u> (жетістік критерийлері, табыс критерийлері, күтілетін нәтиже)** | - «Қалыптастырушы бағалау бойынша мұғалімге арналған әдістемелік нұсқаулықтан» оқу мақсатына байланысты критерийлерді алу керек.<br>- Қалыптастырушы бағалау таңдалмаған оқу мақсаттары үшін бағалау критерийлерін мұғалімнің өзі құрастырады. |
| **Тілдік мақсаттар** | **Тілдік дағдылар:** тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым. |
| | **Терминология:** қылмыс, заң, жаза, жауапкершілік |
| | **Сөз тіркестері:** заң баршаға ортақ, қылмыстың алдын алу, заң шеңберінде, қызыл кітап |
| **Құндылықтарды дарыту** | Қоршаған ортаны қорғау, адамға деген құрмет сезімі |
| **Пәнаралық байланыстар** | Заң, тарих пәндерінен алған білімдеріне сүйеніп, мәліметтерді іріктейді |
| **АКТ қолдану дағдылары** | Мәлімет ұсыну үшін ізденіс жүргізеді |
| **Алдыңғы оқу/ Бастапқы білім** | Заң алдындағы жауапкершілік, қоғам өмірі, қылмыс әлемі |

**Жоспар**

| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған жаттығулар** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| **Басталуы** | **Бинго**<br>3х3 шаршысында сабақ тақырыбына қатысты әртүрлі түйінді сөздер орналасқан. Оқушылар тиісті түйінді сөздерді айрықшалауы керек. Барлық түйінді сөздерді анықтаған бірінші оқушы жеңімпаз атанады. Ескерту: оқушыларда әртүрлі түйінді сөздер жинағы болу керек. | Мәтін,<br>Интернет сайты,<br>Слайд<br>Видео |
| **Ортасы** | **1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар.** Қазақ тарихындағы шешендік өнердің сипатына шолу жасаңдар.<br>Ықтимал жауаптар – Төле би Ұлы жүздің көсемі;<br>Қазыбек би – Орта жүзді билеген;<br>Әйтеке би – Кіші жүздің атақты биі. Қазақ даласындағы заң ісіне қатысты тоқтамдар мен билік айтқан тұлғалар.<br>**2-тапсырма.** Мәтінді оқыңдар. Дала өркениетіндегі заңнама тарихымен танысып, тілдік ерекшелігіне талдау жасаңдар. | |

| | | |
|---|---|---|
| | **Критерий –** құрылым мен идеясын түсіндіру.<br>**Дескриптор**:<br>Тарихқа шолу жасайды;<br>Етістіктерді жіктейді;<br>Өмірмен байланыстырады;<br>Мәліметтерді іріктейді;<br>Бөліктерге бөледі.<br>**3-тапсырма.** Мәтінге сүйеніп **«Қос жазба»** күнделігін толтырыңдар.<br>Мысалы:<br>елге опасыздық еткендер<br>жазықсыз кісі өлтіргендер<br>сәйгүлік атты ұрлаған кісіге<br>өзге де құнды мүлік<br>**4-тапсырма.** Мәтіндерді оқыңдар. Ауызекі сөйлеу стиліне тән ерекшеліктерін көрсетіңдер.<br>Бір дауды шеше алмасаң сен не ғып хан болып отырсың, құлаққа құлақ, тұяққа тұяқ емес пе?..<br>Әлей болсын. Аққу құстың төресі, жеке жүріп оттамас. Аса ердің жақсысы, бұралқы сөзді бұттамас. Шақшасын қайырып бер, қайырмасаң қалғанын бер...т.б.<br>**5-тапсырма**. «Конституция – кемел келешектің кепілі» деген тақырыпта эссе жазыңдар.<br>**Критерий** – идеясы айқын жұмыс ұсыну.<br>**Дескриптор:**<br>Көркем ой ұсынады;<br>Дәйектер келтіреді;<br>150 сөзден тұрады;<br>Терминді орынды қолданады;<br>Өмірмен байланыстырады. | |
| **Аяқталуы** | **Сыныптан шығу билеті**<br>Оқушыларға олардың оқуына қатысты сұрақтар жазылған қағаз беріңіз, олар сұрақтарға жауап беріп, оны сыныптан шығуға рұқсат етілген уақытқа дейін мұғалімге беруі керек. | |

| **Қосымша ақпарат** | |
|---|---|
| **<u>Саралау</u> - Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлайсыз?** | Саралап іріктелген тапсырмалар, нақты бір оқушыдан күтілетін нәтижелер: оқушыға дербес көмек көрсету, оқу материалдары мен ресурстарын оқушылардың жеке қабілеттерін есепке ала отырып іріктеу (Гарднердің жиынтық зият теориясы) түрінде болуы мүмкін. Саралау уақытты ұтымды пайдалануды есепке ала отырып, сабақтың кез-келген кезеңінде қолданылады. |
| **Бағалау - Оқушылардың үйренгенін, материалды меңгергенін тексеруді қалай жоспарлайыз?** | Бұл бөлімде оқушылардың сабақ барысында үйренгенін бағалау үшін қолданатын әдіс-тәсілдерді жазу керек. |
| **Сабақ бойынша рефлексия**<br>Сабақтың оқу мақсаты шынайы ма? | Төмендегі ұяшыққа сабақ туралы өз пікірлеріңізді жазыңыз. Сол ұяшықтағы Сіздің сабақтың |

| | |
|---|---|
| Бүгін оқушылар не білді?<br>Сыныптағы ахуал қандай болды?<br>Мен орындаған саралау шаралары тиімді болды ма?<br>Мен бүкіл уақыт ішінде үлгердім бе?<br>Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен? | тақырыбына сәйкес келетін сұрақтарға жауап беріңіз. |

**Қорытынды бағамдау**

**Қандай екі нәрсе табысты болды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?**
1.
2.
Қандай екі нәрсе сабақты жақсарта алды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?
1.
2.
Сабақ барысында сынып немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері/қиындықтары туралы не білдім? Менің келесі сабағымды жетілдіруге не көмектеседі, неге көңіл бөлу керек?
1.
2.

## № 4

| | | |
|---|---|---|
| **орта мектебі** | | |
| **Сабақ тақырыбы: Қазіргі әлемдегі саясат және жаһандық мәселелер** | | |
| **Күні** | **Мұғалімнің есімі** | |
| **Сынып** | **Қатысқандар саны** | **Қатыспағандар саны** |
| **Сабаққа негізделген оқу мақсаты** | 10.1.1.1 -мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, өз біліміне сүйеніп тақырыпты жалғастыру;<br>10.2.4.1- әртүрлі стильдегі (ғылыми, ресми іс-қағаздар, публицистикалық, ауызекі сөйлеу, көркем әдебиет стилі) мәтіндердің тақырыбын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау. | |
| **Кіріктірілген мақсат** | 9.2.4.1 - әртүрлі стильдегі мәтіндердің тақырыбын, қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау. | |
| **Сабақ мақсаттары:** | **Барлық оқушылар:**<br>Мәтін үзінділері бойынша болжам жасайды;<br>**Оқушылардың басым бөлігі:**<br>Өз біліміне сүйеніп тақырыпты жалғастырады;<br>**Кейбір оқушылар:**<br>Мәтіндердің құрылымын, стильдік ерекшелігін талдайды. | |
| **<u>Бағалау критерийлері:</u> (жетістік критерийлері, табыс критерийлері, күтілетін нәтиже)** | - «Қалыптастырушы бағалау бойынша мұғалімге арналған әдістемелік нұсқаулықтан» оқу мақсатына байланысты критерийлерді алу керек.<br>- Қалыптастырушы бағалау таңдалмаған оқу мақсаттары үшін бағалау критерийлерін мұғалімнің өзі құрастырады. | |
| **Тілдік мақсаттар** | **Тілдік дағдылар:** тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым. | |
| | **Терминология:** саясат, жаһандану, еуразия, континент, саяси | |
| | **Сөз тіркестері:** Қазақ елі, әлемдік саясат, жасампаз Қазақстан еуразиялық континент | |
| **Құндылықтарды** | Отанды сүю, ұлттық, жалпыадамзаттық құндылықтарды | |

| | |
|---|---|
| **дарыту** | құрметтеу;<br>Өмір бойы білім алу |
| **Пәнаралық байланыстар** | Тарих, география пәндерінен алған білімдеріне сүйеніп, мәтін талдайды. |
| **АКТ қолдану дағдылары** | Интернет желісінен білім қорын толықтырады |
| **Алдыңғы оқу/ Бастапқы білім** | Әлемдік экономика, әлемдік саясат, жаһандану, саяси көршілер, көрші елдер |

**Жоспар**

| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған жаттығулар** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| **Басталуы** | **«Қазына іздеу жолында» әдісі**<br>Сабақ тақырыбына қатысты ақпаратты жасырыңыз. Оқушылар жасырылған ақпаратты табуы керек. Күрделілік деңгейін арттыру үшін, тақырыпқа қатысы жоқ ақпарат қосып, оқушылардан оларға қажетті және қажет емес ақпаратты ажыратуды сұрауыңызға болады. | Мәтін, Интернет сайты, Слайд Видео |
| **Ортасы** | 1-тапсырма. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Елім менің» әнін үнтаспадан тыңдаңдар. Мәтіннің идеясын таратып айтыңдар.<br>**«Төрт бұрыш» әдісі.** Әр бұрышқа әртүрлі пікір ілінеді. Оқушылар өздерінің жауаптарына жақын бұрышқа барып тұра алады: мысалы, толықтай келісемін, келісемін, келіспеймін, толықтай келіспеймін.<br>**Критерий** – идеяны талдау.<br>**Дескриптор:**<br>Тірек сөздерді анықтайды;<br>Қанатты сөздердің астын сызады;<br>Тарихпен, өмірмен байланыстырады;<br>Өзіндік тұжырымын ұсынады.<br>**2-тапсырма.** Мәтінді оқыңдар. Өз білімдеріңе сүйеніп, мәтінді жалғастырыңдар.<br><br>**Критерий** – өз жобасын ұсыну.<br>**Дескриптор:**<br>Өз болжамын ұсынады;<br>Қанатты сөздерді қолданады;<br>3 дәйек келтіреді.<br><br>**3-тапсырма.** Мәтіндегі ақпаратты «Төрт сөйлем» тәсілін пайдаланып айтыңдар.<br>**Критерий** – қорытынды шығару<br>**Дескриптор:**<br>• Пікірін бір сөйлемге сыйғызады;<br>• Пікірін бір сөйлеммен дәлелдейді;<br>• Мысал келтіреді;<br>• Тұжырым жасайды.<br>**4-тапсырма.** Мәтінде берілген ақпараттардың ішінен негізгі ойды іріктеп жазыңдар.<br>**Ықтимал жауаптар:**<br>• барыс сияқты секіріс жасаған Қазақстан | |

<table>
<tr><td></td><td>
• құрдымға кетірген жоспарлы экономика<br>
• ақылға бағындырылған секіріс қажет еді<br>
• тек алдағы нақты мақсатқа деген секіріс!<br>
5-тапсырма. Мәтінге сүйеніп «Қос жазба» күнделігін толтырыңдар.<br>
Ықтимал жауаптар:
<table>
<tr><th>Үзінді</th><th>Түсініктеме</th></tr>
<tr><td>қабырғасы қақырап</td><td>Одақтың тарауы, құлауы</td></tr>
<tr><td>етек–жеңін жинаған</td><td>Есін жиған, сергек болған</td></tr>
<tr><td>ырымдап ат тағу</td><td>Сенім білдіру</td></tr>
</table>
</td><td></td></tr>
<tr><td>Аяқталуы</td><td>
«5-5-1» әдісі<br>
Оқушылар сабақ кезінде нені меңгергендері жайлы 5 сөйлем жазады. Одан кейін сол 5 сөйлемді 5 сөзге дейін қысқартады. Соңында 5 сөзді 1 сөзге қысқартады. Оқушылар өздерінің түйінді сөзін бүкіл сыныппен бөліседі.<br>
«Әріптестер» әдісі<br>
Әр оқушыға не жауабы бар, не сұрағы бар қағаз беріңіз. Оқушылар сынып ішінде жүріп, сәйкес келетін сұрақ пен жауапты іздейді. Күрделілік деңгейін арттыру үшін, оқушылар үндемей орындай алады.
</td><td></td></tr>
<tr><td colspan="3">Қосымша ақпарат</td></tr>
<tr><td colspan="2"><u>Саралау</u> - Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлайсыз?</td><td>Саралап іріктелген тапсырмалар, нақты бір оқушыдан күтілетін нәтижелер: оқушыға дербес көмек көрсету, оқу материалдары мен ресурстарын оқушылардың жеке қабілеттерін есепке ала отырып іріктеу (Гарднердің жиынтық зият теориясы) түрінде болуы мүмкін. Саралау уақытты ұтымды пайдалануды есепке ала отырып, сабақтың кез-келген кезеңінде қолданылады.</td></tr>
<tr><td colspan="2">Бағалау - Оқушылардың үйренгенін, материалды меңгергенін тексеруді қалай жоспарлайсыз?</td><td>Бұл бөлімде оқушылардың сабақ барысында үйренгенін бағалау үшін қолданатын әдіс-тәсілдерді жазу керек.</td></tr>
<tr><td colspan="2">Сабақ бойынша рефлексия<br>Сабақтың оқу мақсаты шынайы ма?<br>Бүгін оқушылар не білді?<br>Сыныптағы ахуал қандай болды?<br>Мен орындаған саралау шаралары тиімді болды ма?<br>Мен бүкіл уақыт ішінде үлгердім бе?<br>Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен?</td><td>Төмендегі ұяшыққа сабақ туралы өз пікірлеріңізді жазыңыз. Сол ұяшықтағы Сіздің сабақтың тақырыбына сәйкес келетін сұрақтарға жауап беріңіз.</td></tr>
<tr><td colspan="3">Қорытынды бағамдау</td></tr>
<tr><td colspan="3">Қандай екі нәрсе табысты болды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?<br>1.<br>2.<br>Қандай екі нәрсе сабақты жақсарта алды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?<br>1.<br>2.</td></tr>
</table>

| |
|---|
| Сабақ барысында сынып немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері/қиындықтары туралы не білдім? Менің келесі сабағымды жетілдіруге не көмектеседі, неге көңіл бөлу керек?<br>1.<br>**2.** |

Ү. Сабақтан тыс уақытта толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары

9-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» пәнінен оқу бағдарламасын зерделеу нәтижесінде 10-сыныптағы «Қазақ тілінің» оқыту мақсаттарымен кіріктіруге болмайтын оқыту мақсаттары анықталды [13]. Төменде кіріктіруге болмайтын оқыту мақсаттары берілген:

22.3-кесте –10-9-сыныптардың кіріктірілмейтін оқыту мақсаттары

| **Дағдылар** | **9-сынып (өткен оқу жылы)** |
|---|---|
| **1) тыңдалым және айтылым** | |
| 2. Әртүрлі жанрдағы мәтіндерді талдау | 9.1.2.1қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық, ғылыми тақырыптарға байланыс<br>ты әртүрлі жанрдағы кең көлемді мәтіндердегі (дәріс, интервью, пікірталас, мақала, Жолдау) мақсатты аудитория мен көркемдегіш құралдардың рөлін талдау |
| 6. Сөйлеу мәдениетін дамыту | 9.1.6.1қоғамдық-саяси, ғылыми, коммуникативтік жағдаятқа сай тиісті сөздер мен фразаларды таңдау,орта көлемді монолог дайындау |
| **2) оқылым** | |
| 1. Ақпаратты түсіну | 9.2.1.1тұтас емес (кесте, диаграмма, сызба, сурет) мәтіндердегі мәліметтерді салыстыру, өңдеу |
| 2. Мәтіннің стильдік ерекшелігін тану | 9.2.2.1қазақ тілі стильдері мен шешендік сөздің түрлерін қолданылған тілдік құралдар арқылы тану |
| 3. Мәтіннің жанрлық ерекшелігін ажырату | 9.2.3.1мақала, аннотация, презентация, тұжырымдамалар, тезистердің құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату |
| **3) жазылым** | |
| 2. Әртүрлі жанрда мәтіндер құрастыру | 9.3.2.1мақсатты аудиторияның қызығушылығын ынталандыру үшін әртүрлі жанрда мәтіндер құрастыру |
| 4. Эссе жазу | 9.3.4.1эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, көтерілген мәселе бойынша екіжақты пікірді немесе жағдаятты талқылау, біреуіне таңдау жасап, өз ойын дәлелдеп жазу<br>(аргументативті эссе) |
| 5. Оқылым және тыңдалым материалдары негізінде жинақы мәтін жазу | 9.3.5.1оқылым және тыңдалым материалдары бойынша автордың негізгі ойын сақтай отырып, перифраз тәсілдері арқылы жинақы мәтін (аннотация, тезис) жазу |
| **4) әдеби тіл нормаларын сақтау** | |
| 4. Грамматикалық норма | 9.4.4.1 құрмалас сөйлем жасалу жолдарын, түрлерін білу;<br>9.4.4.2 салалас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін ажырата білу, түрлендіріп қолдану;<br>9.4.4.3 сабақтас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін ажырата білу, түрлендіріп қолдану; |

| | |
|---|---|
| | 9.4.4.4 аралас құрмалас сөйлемдердің жасалу жолдарын білу, қолдану |

VI. Кіріктіруге болмайтын оқыту мақсаттары қарастырылатын кеңестердің кестесі

Білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды толықтыру үшін 10-сыныпқа «Қазақ тілі» пәнін оқыту барысында кіріктіруге болмайтын оқыту мақсаттары бойынша каникул кездерінде (күзгі, қысқы, көктемгі) консультациялар өткізу ұсынылады.

Төменде каникул кездерінде (күзгі, қысқы, көктемгі) өткізілетін кеңестердің кестесінің үлгісі келтірілген (22.4-кесте).

22.4-кесте – Каникул кездерінде (күзгі, қысқы, көктемгі) өткізілетін кеңестердің кестесі

| **Өткізілетін мерзімі** | **Тақырыптың атауы** | **Оқыту мақсаттары** |
|---|---|---|
| Күзгі каникул (1-тоқсан) | 1. Мәңгілік Ел – мұратым. Стилистика. Мәтіндегі сөз таңдау, сөз қолдану (қисыны), сөз әрлеу | 9.1.2.1 қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық, ғылыми тақырыптарға байланысты әртүрлі жанрдағы кең көлемді мәтіндердегі (дәріс, интервью, пікірталас, мақала, Жолдау) мақсатты аудитория мен көркемдегіш құралдардың рөлін талдау |
| Қысқы каникул (2тоқсан) | 4. Адам құқығы мен бостандығы. Синтаксис. Ыңғайлас салалас. Себеп-салдар салалас. Қарсылықты салалас | 9.1.6.1 қоғамдық-саяси, ғылыми, коммуникативтік жағдаятқа сай тиісті сөздер мен фразаларды таңдау,орта көлемді монолог дайындау |
| Қысқы каникул (2тоқсан) | 3. Тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстан. ЭКСПО-2017 Синтаксис. Құрмалас сөйлемнің жасалу жолдары. Құрмалас сөйлемнің түрлері | 9.3.5.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша автордың негізгі ойын сақтай отырып, перифраз тәсілдері арқылы жинақы мәтін (аннотация, тезис) жазу |
| Көктемгі каникул (3-тоқсан) | 1. Мәңгілік Ел – мұратым. Стилистика. Мәтіндегі сөз таңдау, сөз қолдану (қисыны), сөз әрлеу | 9.2.2.1 қазақ тілі стильдері мен шешендік сөздің түрлерін қолданылған тілдік құралдар арқылы тану |
| Көктемгі каникул (3-тоқсан) | 2. Жаһандану мәселелері. Стилистика. Қазақ әдеби стилінің түрлері | 9.3.4.1 эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, көтерілген мәселе бойынша екіжақты пікірді немесе жағдаятты талқылау, біреуіне таңдау жасап, өз ойын дәлелдеп жазу (аргументативті эссе) |

VII. Жазғы мектеп кезінде ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгісі.

Білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды толтырудың тағы бір жолы – жазғы мектепті ұйымдастыру. Демалыс кездерінде оқытуға қамтылып үлгермеген оқыту мақсаттары осы жазғы мектеп кезінде оқытылады. Сонымен қатар оқушы оқу жылында аяқтап отырған 10-сыныбындағы кейбір күрделі материалдарды қайталап, пысықтайды. Ол тақырыптар оқу жылы аяқталған кезеңде мұғалімнің жыл бойын жүргізіп отырған «оқушының оқу үлгеріміне жасалатын диагностикадан» алынады. Төмендегі кестеде (22.5-кесте) 9-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» пәні бойынша оқу бағдарламасына сәйкес жазғы мектеп кезінде оқытылатын сабақтардың тақырыбы мен оқыту мақсаттары берілген.

22-5-кесте. 9-сыныптағы қамтылып үлгермеген олқылықтардың оқыту ақсаттары

| **Дағдылар** | **Тақырыптың атауы** | **Оқыту мақсаттары (9-сынып, өткен оқу жылы)** |
|---|---|---|
| **4) әдеби тіл нормаларын сақтау** | | |
| 4. Грамматикалық норма | 3. Тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстан. ЭКСПО-2017<br>Синтаксис. Құрмалас сөйлемнің жасалу жолдары. Құрмалас сөйлемнің түрлері | 9.4.4.1 құрмалас сөйлем жасалу жолдарын, түрлерін білу. |
| 4. Грамматикалық норма | Отбасы және демографиялық өзгеріс.<br>Синтаксис. Түсіндірмелі салалас.<br>Талғаулы салалас.<br>Кезектес салалас | 9.4.4.2 салалас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін ажырата білу, түрлендіріп қолдану. |
| 4. Грамматикалық норма | 6. Биотехнология және гендік инженерия келешегі.<br>Синтаксис. Шартты бағыныңқы сабақтас.<br>Қарсылықты бағыныңқы сабақтас.<br>Мезгіл бағыныңқы сабақтас | 9.4.4.3 сабақтас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін ажырата білу, түрлендіріп қолдану. |
| 4. Грамматикалық норма | Әлемдегі қақтығыстар және бейбітшілік.<br>Синтаксис. Аралас құрмалас сөйлемдердің жасалу жолдары. | 9.4.4.4 аралас құрмалас сөйлемдердің жасалу жолдарын білу, қолдану. |

## ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ЖОСПАР


**№ 1**

| | | |
|---|---|---|
| **Бөлім:** | 1-бөлім: Мәңгілік Ел – мұратым. | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Сұлтанбек Дулат Мейрамбекұлы | |
| **Күні:** | | |
| **Сынып:** 9 | **Қатысушылар саны:** | **Қатыспағандар саны:** |
| **Сабақтың тақырыбы** | Тәуелсіздік таңы | |
| **Оқу бағдарламасына** | 9.1.1.1 мәтін мазмұны бойынша дайындалған сұрақтарға | |

| | |
|---|---|
| **сәйкес оқыту мақсаттары** | болжаммен жауап беру, түпнұсқамен салыстыру; |
| **Сабақтың мақсаты** | Барлық оқушылар: Жаңа сабақтың тақырыбын болжап, тыңдалымалды сұрақтарға жауап береді.<br>Оқушылардың көпшілігі: Бейнематериалды тыңдап, тыңдалымнан кейінгі сұрақтарға дұрыс жауап береді.<br>Кейбір оқушылар: Тыңдалым тапсырмалары мен қосымша жазылым тапсырмасын жүйелі орындап, сабақ үдерісіне белсене қатысады. |
| **Бағалау критерілері** | Тыңдалым мәтін мазмұны бойынша дайындалған сұрақтарға жауап беріп, ойын ашық жеткізеді.<br>Қосымша жазылым тапсырмасын жүйелі, әрі дұрыс орындауға талпынады |

**Сабақтың барысы**

| Сабақтың кезеңі/ уақыты | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы Ұйымдастыру кезеңі**<br><br>7 минут | **Сәлемдесу.**<br>**Оқушылардың көңіл-күйін сұрау.**<br>Сабақ үдерісінде ескеретін ережелермен таныстыру:<br>Сыйластық, құрмет, ауызбіршілік, жауапкершіліктің болуы;<br>Сабақтан кешікпеуге тырысу;<br>Оқу құралдарының түгел болуы (екі дәптер арнаймыз);<br>Бағалау процесіндегі әділдік;<br>Санитарлық ережелерді ұстану.<br><br>**Болжау стратегиясы: «Суреттер сөйлейді» әдісі**<br>Суреттер арқылы сабақтың тақырыбына болжам жасайды. | Мұғаліммен сәлемдеседі.<br>Сабақ үдерісінде ескеретін ережелермен танысып, түртіп алады.<br><br>Берілген суреттерді сөйлетіп, жаңа тақырыпты болжайды. | Бағалау шкаласы:<br>1 балл | Интербелсенді тақта, презентация<br><br><br><br> |
| **Сабақтың ортасы**<br><br>3 минут | **Тыңдалымалды тапсырма.**<br>**Ойтүрткі сұрақтар:**<br>Бүгінгі тәуелсіз қазақ елінің негізі қай кезде қабылданды?<br>Тәуелсіздік үшін күрескен қандай батырларымызды білесіздер?<br>Биыл Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне қанша жыл? | Ойтүрткі сұрақтарына жауап береді | Баллдық шкала:<br>2 балл | Интербелсенді тақта, презентация. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 5 минут<br><br><br><br><br><br>10 минут<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>10 минут | **Тыңдалым тапсырмасы**<br>«Тәуелсіздік таңы» атты бейнематериал<br><br>**Тыңдалымнан кейінгі тапсырма**<br>- Тыңдалым мәтінінде не туралы айтылды?<br>- Еліміздің тарихында орын алған қандай кезеңдер көрсетілді?<br>- «Тәуелсіздік бізге оңай келмеді, Жұртым менің не қиындық көрмеді?!» өлең жолдарының мағынасын ашыңыз.<br><br>**Қосымша жазылым тапсырмасы**<br>«Бес жолды өлең» әдісі<br><br>1. Зат есім (Тәуелсіздік)<br>2.Сын есім (Ызғарлы, шуақты)<br>3.Етістік (Күресті, тоңды, күн шықты)<br>4.Синоним (Еркіндік, азаттық, зайырлы мемлекет)<br>5.Сөйлем (Тәуелсіздік күні – еліміздегі елеулі мереке) | Тыңдалым материалын тыңдап, ақпарат алады.<br><br>Тыңдалым материалы негізінде дайындалған сұрақтарға жауап береді<br><br>Көрсетілген тапсырма ережесі бойынша бес жолды өлең құрап, жазылым тапсырмасын орындайды | Баллдық шкала:<br>3 балл<br><br>Баллдық шкала:<br>4 балл | https://youtu.be/84OXpjHv2tw<br><br>Презентация<br><br>Презентация |
| **Сабақтың соңы**<br><br>5 минут<br><br><br><br><br><br><br><br>5 минут | **Кері байланыс. Рефлексия**<br>«Блоб ағашы» әдісі<br>-Мен бүгінгі сабақта қай деңгейде болдым? Неліктен?<br>-Келесі сабақта қай сатыдан көрінуге талпынамын?<br><br><br><br>**Бағалау дескрипторы: «Өзін-өзі бағалау стратегиясы»**<br><br>Болжау — 1 балл | Оқушылар қойылған сұрақтарға жауап бере отырып, кері байланыс жасайды<br><br>Бағалау | Бағалау дескрипторы | Презентация |


| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | стратегиясы | | дескрипторлары арқылы өзін-өзі бағалайды. | | |
| | Ойтүрткі сұрақтар | 2 балл | | | |
| | Тыңдалымнан кей нгі тапсырма | 3 балл | | | |
| | Қосымша жазылым тапсырмасы | 4 балл | | | |
| | **Үйге тапсырма.**<br>«Тәуелсіздік – ең басты құндылығымыз» тақырыбында эссе жазу<br>Дескрипторы:<br>200-250 сөзден тұрады<br>2 мақал-мәтел қатыстырады<br>2 тұрақты сөз тіркесін қолданады. | | Мұғалімнің түсіндірмесін тыңдап, үй тапсырмасын түртіп алады. | | |

**№ 2**

| | | |
|---|---|---|
| **Бөлім:** | 1-бөлім: Мәңгілік Ел – мұратым. | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Сұлтанбек Дулат Мейрамбекұлы | |
| **Күні:** | | |
| **Сынып:** 9 | **Қатысушылар саны:** | **Қатыспағандар саны:** |
| **Сабақтың тақырыбы** | Біз қандай халықпыз? | |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары** | 9.1.1.1 мәтін мазмұны бойынша дайындалған сұрақтарға болжаммен жауап беру, түпнұсқамен салыстыру; | |
| **Сабақтың мақсаты** | Барлық оқушылар: Үй тапсырмасын орындап, өткен материалды қайталау сұрақтарына жауап береді;<br>Оқушылардың көпшілігі: Тыңдалымалды сұрақтарына жауап беріп, тыңдалым мәтінін мұқият тыңдап, тапсырмаларды орынадауға талпынады;<br>Кейбір оқушылар: Тыңдалым және айтылым тапсырмаларын жүйелі әрі дұрыс орындап, сабақ үдерісіне белсене қатысады. | |
| **Бағалау критерийлері** | Тыңдалым мәтінінің мазмұны бойынша дайындалған сұрақтарға болжаммен жауап беріп, тапсырмаларды жүйелі орындайды. | |

**Сабақтың барысы**

| **Сабақтың кезеңі/ уақыты** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы**<br>**Ұйымдастыру кезеңі**<br><br>7 минут | **Сәлемдесу.**<br>**Оқушылардың көңіл-күйін сұрау.**<br><br>**Үй тапсырмасын сұрау**<br>9-тапсырма, 9-бет.<br>Мәтіндегі ойға өз көзқарасыңды білдіріп, | Мұғаліммен сәлемдеседі.<br><br>Үй тапсырмасын оқып, талдама жұмысын жасайды. | Бағалау шкаласы:<br>2 балл | Интербелсен-ді тақта, презентация |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | ойынды дәлелде. | | | |
| **Сабақтың ортасы**<br><br>3 минут<br><br><br><br><br><br>2 минут<br><br><br><br><br><br>5 минут<br><br><br><br><br>10 минут<br><br><br><br><br><br><br><br><br>8 минут | **Өткен материалды қайталау:**<br><br>- Орфография дегеніміз не?<br>-Орфографиялық ережелер қанша және қандай принциптерді басшылыққа алады? (жеке талдап айтыңыз)<br><br>**Тыңдалымалды тапсырма**<br>Ойтүрткі сұрақтар:<br>- Қалай ойлайсыз, біз, қазақтар қандай халықпыз?<br>- Қазақ халқына қандай қасиеттер тән?<br><br>**Тыңдалым тапсырмасы**<br>«Біз қандай халықпыз?» бейнематериал.<br><br>**Тыңдалымнан кейінгі тапсырма** Тыңдалым мәтінінен естіген ақпараттары негізінде кластерді толтыру<br><br><br><br>**Айтылым тапсырмасы**<br>(шығармашылық тапсырма)<br>«Біз ..... халықпыз» тақырыбын толықтырып, жанындағы досыңмен бірге диалог құр. | Өткен материал бойынша теориялық сұрақтарға жауап береді<br><br>Тыңдалымалды тапсырмасының ашық сұрақтарына жүйелі жауап береді<br><br>Тыңдалым материалын тыңдап, түртіп алады.<br><br>Тыңдалым мәтінінен естіген ақпараттары негізінде кластерді толтырады<br><br>Берілген тақырыпты толықтырып, диалог құрады | Бағалау шкаласы: 2 балл<br><br>Бағалау шкаласы: 1 балл<br><br>Бағалау шкаласы: 1 балл<br><br>Бағалау шкаласы: 2 балл<br><br>Бағалау шкаласы: 2 балл | Интербелсен-ді тақта, оқулық<br><br>Презентация<br><br>https://youtu.be/EzU51AN8uPQ<br><br>Оқулық<br><br>Презентация |

<table>
<tr>
<td>Сабақтың соңы<br><br>3 минут<br><br><br><br><br><br><br>5 минут<br><br><br><br><br><br>2 минут</td>
<td>Кері байланыс. Рефлексия<br>«Шығу парағы» әдісі<br><br>- Бүгінгі сабақтан не білдің, бұрын қандай мәлімет білетін едің?<br>- Алдағы сабаққа қоятын мақсатың қандай?<br><br>Бағалау дескрипторы: «Өзін-өзі бағалау стратегиясы»
<table>
<tr><td>Үй тапсырмасы</td><td>2 балл</td></tr>
<tr><td>Өткен материалды қайталау</td><td>2 балл</td></tr>
<tr><td>Тыңдалымалды тапсырма</td><td>1 балл</td></tr>
<tr><td>Тыңдалым тапсырмасы</td><td>1 балл</td></tr>
<tr><td>Тыңдалымнан кейінгі тапсырма</td><td>2 балл</td></tr>
<tr><td>Айтылым тапсырма</td><td>2 балл</td></tr>
</table>
Үйге тапсырма.<br>3-тапсырма, 11-бет.<br>Мәтінді оқып, қарамен берілген сөздердің орфографиялық принциптің қай түріне жататынын айт</td>
<td>Оқушылар қойылған сұрақтарға жауап бере отырып, кері байланыс жасайды<br><br><br><br><br>Бағалау дескрипторлары арқылы өзін-өзі бағалайды.<br><br><br><br><br><br><br><br>Мұғалімнің түсіндірмесін тыңдап, үй тапсырмасын түртіп алады.</td>
<td><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Бағалау дескрип-торы</td>
<td>Презентация<br><br><br><br><br><br><br><br><

11-сыныпта «Қазақ тілі» пәнінен диагностикалық жұмыс жүргізу үшін 10-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» пәнінің оқу бағдарламасының оқыту мақсаттары сараланды. Оқу пәнінің 10-сыныптағы базалық мазмұны:

1) тыңдалым және айтылым: мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, өз біліміне сүйеніп тақырыпты жалғастыру, мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (дәріс, интервью, пікірталас, мақала) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды талдау, тыңдалған мәтіндегі ақпаратты ғаламдық мәселелермен байланыстыра білу, мәтінде көтерілген мәселені (қоғамдық-саяси) талдай отырып, негізгі ойды анықтау, мәтінде көтерілген мәселеге автор мен оқырманның қарым-қатынасын ескере отырып, сұрақтар құрастыру және бағалау, коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында тиісті сөйлеу әдебін сақтай отырып, дұрыс сөйлеу тілінің лексикалық, фонетикалық-морфологиялық, синтаксистік ерекшеліктерін ажыратып, орынды қолдану.

2) оқылым: әртүрлі графиктік мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, шартты белгі) мәліметтерді талдау, негізгі үрдістерді анықтау, ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильді тілдік құралдар арқылы тану (терминдер, тілдік оралымдар, өзге стиль элементтері), әртүрлі стильдегі мәтіндердің жанрлық ерекшеліктерін таба білу, ауызекі сөйлеудің стильдік бедерін дұрыс қолдану, публицистикалық шығарма тілінің стильдік бедерін дұрыс қолдана білу, ресми іскағаздары тілінің сөз бедерін дұрыс қолдана білу, көркем әдебиет тілінің сөз бедерін дұрыс қолдана білу, әртүрлі стильдегі мәтіндердің тақырыбын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау (фонетикалық деңгей, лексикалық деңгей, морфологиялық деңгей, синтаксистік деңгей негізінде), мәтіндегі негізгі ойды анықтау, көтерілген мәселеге баға беріп, мәліметтер мен пікірлерді өңдей білу, белгілі бір мақсат үшін оқылым стратегияларын жүйелі қолдана білу, БАҚ, энциклопедиялық, ғылыми-көпшілік деректерді ала білу, сілтеме жасау жолдарын білу.

3) жазылым: жоспар түрлерін құру (қарапайым, күрделі, тезистік), ауызекі сөйлеу стилінде әлеуметтік жағдайларға сай мәтін құрастыру, ресми қарым-қатынас аясында ресми құжат түрлерін жазу: сенімхат, кепілхат, өтінім, тапсырыс, келісімшарт, еңбек шарты, шарт, еңбек келісімі және т.б. мәтіндер құрастыру, ғылыми стильдің стильдік және жанрлық ерекшеліктерін ескере отырып, баяндама, мақала, лекция, баяндама тезистері, аннотация, түйіндеме, рецензия және мәтіндер құрастыру, публицистикалық стильдің стильдік және жанрлық ерекшеліктерін ескере отырып, мақала, репортаж, сұхбат, ақпарат, информациялық хабар, очерк, памфлет жазу, көркем әдебиет стилінің стильдік және жанрлық ерекшеліктерін ескере отырып мәтіндер құрастыру (таңдау бойынша), мәтін құрылымын сақтай отырып, әртүрлі графиктік мәтіндегі деректерді салыстырып, маңызды тұстары мен үрдістерді талдап жазу, эссе түрлерінің құрылымын сақтай отырып, көтерілген мәселе бойынша өзіндік пікір жаза білу, оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ақпаратты іріктей отырып, түртіп жазу (конспектілеу), әртүрлі тақырып бойынша көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, шығармашылық

жұмыстар (өлең, хат, әңгіме, шығарма) ұсына білу, жазба жұмысын абзац пен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық және стильдік түзетулер енгізу, редакциялау.

4) әдеби тіл нормалары: орфографиялық нормаға сай жазу, сөздерді фонетикалық принцип негізінде жазу, сөздерді морфологиялық-фонематикалық принцип негізінде жазу, сөздерді тарихи-дәстүрлік принцип негізінде жазу, сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерді дұрыс қою (нүкте, сұрау белгісі, леп белгісі, көп нүкте), сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерді дұрыс қою (үтір, нүктелі үтір, жақша, қос нүкте, тырнақша, сызықша) [13].

Осы берілген үлгілік оқу бағдарламасындағы оқыту мақсаттарын саралай келе өткен оқу жылындағы олқылықтармен жұмыс жасау үшін әр бөлім бойынша оқушының меңгере алмаған оқыту мақсаттарын нақтылап алып кестеге түсірдік. Онда 1) «тыңдалым және айтылым» бөлімі бойынша төрт бөлімшенің (1. Болжау, Әртүрлі жанрдағы мәтіндерді талдау, 4. Негізгі ойды анықтау, 6. Сөйлеу мәдениетін дамыту) оқыту мақсаттарын алдық. Келесі 2) «Оқылым» бөлімі бойынша төрт бөлімшенің (2. Мәтіннің стильдік ерекшелігін тану, 3. Мәтіннің жанрлық ерекшелігін ажырату, 4. Мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау, 5. Мәліметтерді өңдей білу) оқыту мақсаттары алынды. 3) «Жазылым» бөлімі бойынша: (2. Әртүрлі жанрда мәтіндер құрастыру, Эссе жазу, 5. Оқылым және тыңдалым материалдары негізінде жинақы мәтін жазу, 6. Шығармашылық жұмыс) төрт бөлімшенің оқыту мақсаттары алынды. 4) «Әдеби тіл нормаларын сақтау» бөлімі бойынша (1. Орфографиялық норма, 3.Лексикалық норма, 4. Грамматикалық норма, 5. Пунктуациялық норма) төрт бөлімшенің оқыту мақсаттары қарастырылды. (23.1-кестеде).

23.1-кесте -10-сыныптың мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттары

| **Дағдылар** | **10-сынып (өткен оқу жылы)** |
|---|---|
| **1) тыңдалым және айтылым** | |
| 1. Болжау | 10.1.1.1 мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, өз біліміне сүйеніп тақырыпты жалғастыру |
| 2. Әртүрлі жанрдағы мәтіндерді талдау | 10.1.2.1 мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (дәріс, интервью, пікірталас, мақала) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды талдау |
| 4. Негізгі ойды анықтау | 10.1.4.1 мәтінде көтерілген мәселені (қоғамдық-саяси) талдай отырып, негізгі ойды анықтау және ғаламдық мәселелермен байланыстыру |
| 6. Сөйлеу мәдениетін дамыту | 10.1.6.1 коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында тиісті сөйлеу әдебін сақтай отырып, дұрыс сөйлеу |
| **2) оқылым** | |
| 2. Мәтіннің стильдік ерекшелігін тану | 10.2.2.1 ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильді тілдік құралдар арқылы тану (терминдер, тілдік оралымдар, өзге стиль элементтері) |
| 3. Мәтіннің жанрлық ерекшелігін ажырату | 10.2.3.1 көпшілікке арналған дәріс, интервью, мақала, очерктің құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық ерекшеліктерін талдау |
| 4. Мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау | 10.2.4.1 әртүрлі стильдегі (ғылыми, ресми іс-қағаздар, публицистикалық, ауызекі сөйлеу, көркем әдебиет стилі) мәтіндердің тақырыбын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, |

| | |
|---|---|
| | құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау |
| 5. Мәліметтерді өңдей білу | 10.2.5.1 мәтіндегі негізгі ойды анықтау, көтерілген мәселеге баға беріп, мәліметтер мен пікірлерді өңдей білу |
| **3) жазылым** | |
| 2. Әртүрлі жанрда мәтіндер құрастыру | 10.3.2.1 ғылыми-көпшілік стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, мақала, интервью, нұсқаулық жазу |
| 4. Эссе жазу | 10.3.4.1 қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу («келісу, келіспеу» эссесі, дискуссивті эссе, аргументативті эссе) |
| 5. Оқылым және тыңдалым материалдары негізінде жинақы мәтін жазу | 10.3.5.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ақпаратты іріктей отырып, түртіп жазу (конспектілеу) |
| 6. Шығармашы лық жұмыс | 10.3.6.1 әртүрлі тақырып бойынша көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, шығармашылық жұмыстар (өлең, хат, әңгіме, шығарма) ұсына білу |
| **4) әдеби тіл нормасы** | |
| 1. Орфографиялық норма | 10. 4.1.1 мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу |
| 3. Лексикалық норма | 10.4.3.1 белгілі бір тақырып аясында сөздерді іріктеп, түрлендіріп, талғаммен қолдана білу |
| 4. Грамматикалық норма | 10. 4.4.1 сөзжасамдық және синтаксистік нормаларды сақтай білу |
| 5. Пунктуациялық норма | 10. 4.5.1 сөйлем және мәтін деңгейінде тыныс белгілерін қолдана білу |

II. Іріктеп алынған оқыту мақсаттары бойынша диагностикалық жұмыстың үлгісі

Келесі кезеңде 23.1-кестеде алынған оқыту мақсаттарын оқушының қаншалықты меңгергенін диагностика жасап, зерттеу үшін тапсырмалар жүйесі дайындалады.

Диагностикалық жұмыс білім алушылардың олқылықтарын толықтыру үшін жүргізілетін жұмыс болып табылады. Сондықтан диагностикалық жұмыстың мазмұнына толық жауапты қажет ететін тапсырмаларды беру ұсынылады.

Төменде 10-сыныптағы «Қазақ тілі» пәнінің мазмұнын қамтитын оқыту мақсаттарына сәйкес әзірленген диагностикалық жұмыс тапсырмаларының үлгісі берілген.

*Алдыңғы оқу жылының оқу мақсаты:*

10.2.4.1 әртүрлі стильдегі (ғылыми, ресми іс-қағаздар, публицистикалық, ауызекі сөйлеу, көркем әдебиет стилі) мәтіндердің тақырыбын, мақсатты

аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау.

*Оқу мақсаты:* 11.2.3.1 таза ғылыми стильдегі дәріс, интервью, мақала, баяндама, тезис, аннотация, рецензияның құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық ерекшеліктерін талдау

## А мәтіні

***«Ұлағат ұясы» газеті***

**Ұлылықтың төрінде ұстаз тұрар...**

Ұстаз.. Бұл – адамзаттың ардақтысы. Олай дейтін себебіміз, ұстаз - барша адамзатты білім нәрімен сусындатып , көкірек көзін оятататын тұлға. Ұстаз алдын көрмейтін жан жоқ. Ұстаз – өзінің бар білгенін үйретіп ғана қоймай, тәрбие беретін, ұлт тәрбиесімен айналысатын адам. Мұғалім болу – өз пәніңді сүю және оны жетік меңгеру. «Маған жақсы мұғалім бәрінен де қымбат, өйткені мұғалім - мектептің жүрегі» - деген Ыбырай Алтынсарин. Ал, ұстаз болу - барлық оқушыларды жақсы көру және олардың келешегіне алаңдай отырып, білім мен тәрбие беру. Барлық ұстаздар қауымы қандай да болсын құрметтің иегерлері. Себебі, ұстаз арқылы бала адам болады. Болашаққа нық қадам басып, ұстаз арқылы арман-мақсаттарына жетеді. Бала бойына ұстаздан адамгершілік қасиеттері даритындығы туралы: «Мен өзімнің ұстазыма әкемнен кем қарыздар емеспін:әкемнен өмір алсам, ал Аристотельден өмірімді жақсы өткізу туралы білім алдым» - деген Александр Македонский және « Адамның адамшылдығы жақсы ұстаздан болады» - деп Абай Құнанбаев жазған.

«Бір әріп үйреткенге 40 жыл сәлем бер » деген сөз ертеден келе жатыр. Бұл сөздің өзі сені тәрбиелеген, білім берген жанды ешқашан ұмытпа дегендей естіледі. Осы тұста, шәкірттерінен ештенесін аямайтын, әрқашан жетістікке ұмтылдырып, алдыға сүйрейтін М.Мәметова атындағы гуманитарлық колледжінің ұстаздары қандай құрметке болсын лайық жандар. Ұстаздар күні – ең керемет мерекелердің бірі.Оқушылардың құшақ толы гүлге оранып, білім берген аяулы адамдарын тағы бір мәрте сыйлайтын мезгілі. Осы бір мерекенің күз мезгілінен орын алуы да ерекше. Адамдардың бір-біріне жылылық сыйлар кезеңіне сәйкес есептелегндей. Осы бір мерекеде ұстаз мәртебесі тағы бір биіктеп қалары анық.

Мереке аясында колледж жанынан құрылған «Студенттік кеңес» мүшелері және «шетел тілі » бөлімінің ұйымдастыруымен «Ұлылықтың төрінде ұстаз тұрар...» атты әдеби-сазды кеш өтті. Кеш барысында Әмқ-15 оқу тобының мың бұралған бишілері «Кербез», «Хорезм» және «Қалмақ» биін тарту етті. Облыстық лигада өнер көрсетіп жүрген «Мәншүк» құрамасы барша көрермендердің көзайымына айналды. Осы кеште колледж жанынан құрылған «Дарын» ақындар клубының тұсауы кесіліп, ұстаздарға деген жүрекжарды өлең шумақтарын жатқа оқыды. Облысымызға белгілі болып жүрген Әли Айдар және Кубесова Айя жүргізген бұл кеш жоғарғы деңгейде өтті.Ән салу мамандығының студенті Маргарита «Ұстазым» атты әсем әнімен жүректерден орын алса, Шәмші әндерін орындап, ұстаздарымыз оған қосылып, керемет үйлесімділік орнады. Осы кеште «қазақ тілі және әдебиеті» бөлімінің студенттері ұстаздарға деген ақ тілектерін арнап, құттықтауларын кереметтей қара сөздермен білдірді.Студенттердің ұстаздарға деген құрметіне барша ұстаздар атынан студенттердің жанашыр қолдаушысы Мұрат ағай және «Өнер» бөлімінің меңгерушісі Рая апай өз алғыстарын білдірді. Әдеби-сазды кеш осылайша өз мәресіне жетті. Кеш соңында қадірлі көрермендерге, аяулы ұстаздарға гүл шоқтары таратылды.

Жер бетінің күн сияқты шапақ таратушылары , небір жүректерде мәңгілік алтын әріптермен жазылатын тау тұлғалар мерекелерің құтты болсын!

## В мәтіні

**Мен болашақ педагогпін**

«Маған немен айналысқан ұнайды? Болашақта өзімді қай саланың маманы ретінде елестетемін? Осы мамандықты оқу арқылы қоғамға қандай үлесімді қоса аламын? Бұл салада жетістікке жете аламын ба, жұлдызым жоғарыдан көріне ме?» - деген сынды сұрақтарға

жауап табу өмірдің маңыздылығы мен мәнін айқын көрсетеді. Мамандық таңдау- ол өмірлік таңдау. Мамандықты таңдай отырып, тағдырымызды да таңдайтынымызды естен шығармауымыз керек.

Мен жас ұрпақты тәрбиелеп, білім беретін, қоғамның айнасы іспеттес мәртебелі мамандық иесі болуды жөн көрдім. Иә, мен болашақ педагогпын. Ал бұл деген- менен үлкен жауапкершілікті, білімді талап ететін үлкен міндет. Өйткені, алдыма келеген әрбір баланың тағдырына, оның болашақта білімді, саналы, тәрбиелі азамат болып өсуіне жауаптымын. Менің алдымдағы әрбір шәкіртім – еліміздің ертеңі, болашағы. Бұл турасында елбасымыз Н.Назарбаев «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер – бүгінгі мектеп оқушылары. Мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан да сол деңгейде болады. Сондықтан ұстазға артылатын міндет ауыр» деп айтқан болатын. Демек, ұрпақ тағдыры ұстаздың қолында.

Қабілетіміз бен қызығушылығымызға байланысты белгілі бір мамандықты таңдаған соң, 4-5 жыл бойы білім алатын оқу ордасын да байыппен таңдағанымыз жөн. Мен өз мақсатымның бастапқы сатысы ретінде М.Мәметова атындағы Қызылорда гуманитарлық колледжінде білім алудамын. Мамандығым қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі. Осы уақыт аралығында білгенімді жетілдіріп, білмегенімді үйрендім. Жылына екі рет тәжірибе жинақтауға шығып, тәжірибелі маман болуға да бір табан жақындадым. Бұл менің өз мамандығыма деген қызығушылығымды арттырып, үлкен жетістік сыйлады.

Оқыту, тәрбие барысында жаңа әдіс-тәсілдерді ұтымды, шеберлікпен пайдалана отырып, оқушының білім деңгейін, қабілетін саралай білуді, баланың жеке тұлғалық дамуына дұрыс бағыт-бағдар беруді, оларды заман талабына сай қалай қалыптастыру керек екендігін, міне осы білім ордасының ұстаздары арқасында үйрене білдім.

Педагог- шәкіртінің бойындағы сан алуан қасиеттерін дөп басып, саралай білетін, талабын ұштап, талантына жол ашатын, бағыт сілтейтін, арман-қиялына үкілеп үміт қосатын жанашыр жан. Міне осындай, озат тәжірибелі, озық ойлы, шәкірттері де, өздері де биік белестерді бағындырып жүрген колледжіміздің «қазақ тілі және әдебиеті» бөлімінің маңдай алды майталман ұстаздары Бахадұрова Гүлзира, Ахунов Бақытжан, Жүсіпова Гүлнұр, Махамбетова Зәуре, Дүйсенова Тұрар сынды ұстаздардан болашақ педагогтардың үйренері көп екені ақиқат. Осындай ұлағатты ұстаздардың жол бастауымен, осы мамандықтың қызығы мен қиындығына көне жүріп, жетістіктерге жетсем бе деген үмітім мен мақсатым мені алға жетелейді.

| **Екі мәтіннің ұқсастығы** | |
|---|---|
| | |
| **Екі мәтіннің айырмашылығы** | |
| ***А мәтіні*** | ***В мәтіні*** |
| **Түрі** | |
| . | |

| **Көзделген аудитория кімдерге арналғандығы** | |
|---|---|
| | |
| **Мақсаты** | |
| | |
| **Мазмұны** | |
| | |
| **Стилі** | |
| | |

| Тілі | |
|---|---|
| | |

| Екі мәтіннің ұқсастығы | |
|---|---|
| Екі мәтінде де М.Мәметова атындағы гуманитарлық колледжінің ұлағатты ұстаздары жайлы айтылған. Колледж ішінде болып жатқан өмір суреттелген. | |
| **Екі мәтіннің айырмашылығы** | |
| ***А мәтіні*** | ***Б мәтіні*** |
| **Түрі** | |
| Формасы әдеби нормаларды қатаң сақтап, **жазбаша** түрде жазылған.<br>Мәтінде **суреттеу, баяндау** элементтері қолданылған. Себебі, колледж ішінде болып жатқан іс-шарларды қалай болғандығын суреттеп, газет бетіне шығарып баяндаған. Типі жағынан **монологке** сәйкес келеді.<br>Жанры жағынан әрине газет бетінде жарық көрген **мақала** екендігі анық байқалады. | Формасы жағынан өзінің болашағы жайлы сөз еткендіктен **ауызша**, әдеби норманың еркін түрімен сипатталған.<br>Мәтінде колледжіндегі ұстаздарды **аргумент ретінде келтіріп**, сондай ұстаздарда білім алған керемет екендігіне **сендірген.**<br>Бұл да типі жағынан **монолог**. Жанры жағынан **әңгіме** деп қарастыруға болады. |

III. Сабақ барысында толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары

23.2-кесте – 11-10-сыныптардың кіріктірілетін оқыту мақсаттары (өткен оқу жылындағы 10-сынып)

| **Дағдылар** | **11-сынып** | **10-сынып** |
|---|---|---|
| **1) тыңдалым және айтылым** | | |
| 1. Болжау | 11.1.1.1 мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, тиісті ақпаратты анықтай білу | 10.1.1.1 мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, өз біліміне сүйеніп тақырыпты жалғастыру |
| 6. Сөйлеу мәдениетін дамыту | 11.1.6.1 коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында дұрыс сөйлеу, тыңдаушыларға ықпал ете білу, шешен сөйлеу | 10.1.6.1 коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында тиісті сөйлеу әдебін сақтай отырып, дұрыс сөйлеу |
| **2) оқылым** | | |
| 3. Мәтіннің жанрлық ерекшелігін ажырату | 11.2.3.1 таза ғылыми стильдегі дәріс, интервью, мақала, баяндама, тезис, аннотация, рецензияның құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық ерекшеліктерін талдау | 10.2.3.1 көпшілікке арналған дәріс, интервью, мақала, очерктің құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық ерекшеліктерін талдау |
| 5. Мәліметтерді өңдей білу | 11.2.5.1 мәтіндегі негізгі ойды анықтау, берілген мәліметтер мен пікірлерді өңдеу және толықтыру | 10.2.5.1 мәтіндегі негізгі ойды анықтау, көтерілген мәселеге баға беріп, мәліметтер мен пікірлерді өңдей білу |
| **3) жазылым** | | |

| | | |
|---|---|---|
| 5. Оқылым және тыңдалым материалдары негізінде жинақы мәтін жазу | 11.3.5.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша түртіп жазудың (конспектілеудің) әртүрлі жолдарын меңгеру арқылы негізгі ақпаратты іріктеу | 10.3.5.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ақпаратты іріктей отырып, түртіп жазу (конспектілеу) |
| 6. Шығармашылық жұмыс | 11.3.6.1 әртүрлі тақырып бойынша көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, шығармашылық жұмыстар (өлең, әңгіме, естелік, шығарма) ұсына білу | 10.3.6.1 әртүрлі тақырып бойынша көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, шығармашылық жұмыстар (өлең, хат, әңгіме, шығарма) ұсына білу |
| **4) әдеби тіл нормасы** | | |
| 3. Лексикалық норма | 11.4.3.1 белгілі бір тақырып аясында тілдегі көркемдік құралдарды орынды пайдалану: көркемдеу, айшықтау, дәлелдеу, сөздерді сұрыптай білу (образды-эстетикалық) | 10.4.3.1 белгілі бір тақырып аясында сөздерді іріктеп, түрлендіріп, талғаммен қолдана білу |
| 5. Пунктуациялық норма | 11.4.5.1 мәтін және мәтін үзінділері деңгейінде тыныс белгілерін қолдана білу | 10. 4.5.1 сөйлем және мәтін деңгейінде тыныс белгілерін қолдана білу |

IY. Кіріктірілетін оқыту мақсаттары бойынша ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгісі


Республика мектептері бойынша 23.2-кестеде берілген 11-10-сыныптардың кіріктірілген оқыту мақсаттары бойынша әзірленген қысқа мерзімді сабақ жоспарларының үлгілері ұсынылады:


**№1**

| | | |
|---|---|---|
| **Пәні** | **Қазақ тілі** | |
| **Педагогтің аты-жөні** | №148 мектеп-гимназияның қазақ тіл мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Төлеуғали Құралай Қанатқызы | |
| **Күні:** | | |
| **Бөлім:** | 5. Бейбітшілік, Қауіпсіздік және жаһандық экономика. Шешендік сөздер. Сөз мәдениеті. Көркем әдебиет стилі. | |
| **Сынып: 11** | Қатысқаны: | Қатыспағаны: |
| **Сабақтың тақырыбы** | 5.2.Біріккен Ұлттар Ұйымы | |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары** | 11.3.5.1 - оқылым және тыңдалым материалдары бойынша түртіп жазудың (конспектілеудің) әртүрлі жолдарын меңгеру арқылы негізгі ақпаратты іріктеу;<br>11. 4.3.1 белгілі бір тақырып аясында тілдегі көркемдік құралдарды орынды пайдалану:көркемдеу,айшықтау,дәлелдеу,сөздерді сұрыптай білу . | |
| **Кіріктірілген мақсат:** | 10.4.3.1 белгілі бір тақырып аясында сөздерді іріктеп, түрлендіріп, талғаммен қолдана білу | |
| **Сабақтың мақсаты** | **Оқушылардың бәрі орындай алады:** мәтін мзмұны бойынша негізгі және қосымша мәліметтерді анықтай біледі.<br>**Оқушылардың көпшілігі орындай алады:** Күрделі сөздердің жасалу жолдарын біледі. | |

| | |
|---|---|
| | **Кейбір оқушылар орындай алады:** пәнаралық байланыс жасап, алған білімдерін пайдалана алады. |
| **Бағалау критерий лері** | Негізгі ақпаратты қосымша ақпараттан ажырата білуі.<br>Теориялық білімін көрсете алуы.<br>Шығармашылық ізденісі. |
| **Ресурстар** | Қазақ тілі. Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманит.бағытындағы 11-сыныбына арналған оқулық/ Б.Қапалбек, Ш.Ерхожина, М.Жолшаева.-Алматы: Мектеп, 2020.-216 б. |

**Сабақтың барысы**

| **Сабақтың кезеңі/ уақыт** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы** | Сәлемдесу. Психологиялық ахуал тудыру. | Әртүрлі смайликтер арқылы бүгінгі көңіл-күйлерін білдереді. | |  |
| **Сабақтың ортасы** | Танымыңды арттыр. Біріккен Ұлттар Ұйымы – екінші дүниежүзілік соғыстан кейін КСРО, АҚШ, Қытай және Ұлыбритания мемлекеттерінің белсенділік танытуымен құрылған халықаралық ұйым. 1945 жылы Сан-Францискодағы конференцияда антигитлерлік коалицияға мүше мемлекеттердің ұсынысымен күштерін біріктіру мақсатында құрылған егеменді мемлекеттердің халықаралық ұйымы. Штаб-пәтері Нью-Йорк (АҚШ) қаласында орналасқан. Ағымда БҰҰ құрамына 192 мемлекет кіреді. «Біріккен Ұлттар» атауын АҚШ президенті Ф.Д.Рузвельт ұсынды. Декларациясы Сан-Францискода 1945 ж. 24 қазанда қабылданды. Бұл БҰҰ-ң күні деп жарияланды. БҰҰ құрылымы: Біріккен Ұлттар | Жаңа ақпаратты меңгереді.<br><br>Негізі ақпатар: Қосымша ақпарат: | «Бір сұрақ әдісі » | <br>Қазақ тілі. Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманит.бағытындағы 11-сыныбына арналған оқулық/ Б.Қапалбек, Ш.Ерхожина, М.Жолшаева.-Алматы: Мектеп, 2020.-216 б.<br> |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Ұйымының ең басты әрі негізгі құжаты оның Жарғысы болып табылады.<br><br>ӘТН. Пікірталас мәдениетіндегі ең бастысы аудиторияға ой тастау, ал көпшілік ойын әрқашан бір арнаға құя бермейді. «Ойды ой қозғайды», жаңа пікір тудырады немесе жаңа пікірдің ашылуына жағдай жасайды, не қарсы көзқарас пайда болады.<br>Пікірталас – түрлі көзқарас, ой-пікірлерді қатар қою, салыстыру, салғастыру арқылы өзінің көзқарас, ой-пікірін дәлелдеу.<br><br>1-тапсырма.<br>1-тапсырма, 98-бет . Мәтінді түсініп оқып, негізгі ақпараттарды іріктеп, конспект жазыңдар.<br><br>2-тапсырма.<br>1-тапсырмадағы мәтін құрамынан күрделі сөздердің түрлерін теріп жазыңдар. Жазылу жолдарын естеріңе сақтаңдар.<br><br>3-тапсырма. География және тарих пәнінен алған білімдеріңді пайдалана отырып, сызбаны толтырыңдар. | Күрделі сөздер<br>Қос сөздер / Біркелі сөздер / Тіркескен сөздер / Қ р с р<br><br> | «Бес бармақ» әдісі<br><br>«Бағдаршам» әдісі<br><br>«ПОПС» әдісі | |
| **Сабақтың соңы** | **Рефлекция .**<br>«Желкенді қайық» әдісі | Сабақты түсінгеніне қарай тиісті түспен қайық желкенін баяйды. | |  |

| Қосымша ақпарат | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |

**№ 2**

| **Пәні** | **Қазақ тілі** | |
|---|---|---|
| **Педагогтің аты-жөні** | №148 мектеп-гимназияның қазақ тіл мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Төлеуғали Құралай Қанатқызы | |
| **Күні:** | | |
| **Бөлім:** | 5. Бейбітшілік, Қауіпсіздік және жаһандық экономика. Шешендік сөздер. Сөз мәдениеті. Көркем әдебиет стилі. | |
| **Сынып: 11** | Қатысқаны: | Қатыспағаны: |
| **Сабақтың тақырыбы** | 5.3. Әлемнің бейбітшілік пен тұрақтылық ісіне Қазақстанның үлесі. | |
| **Оқу бағдарлама сына сәйкес оқыту мақсаттары** | 11.2.6.1 – белгілі бір мақсат үшін оқылым стартегияларын жүйелі қолдана білу<br>11.2.5.1 - мәтіндегі негізгі ойды анықтау, берілген мәліметтер мен пікірлерді өңдеу және толықтыру; 11.2.6.1 – белгілі бір мақсат үшін оқылым стартегияларын жүйелі қолдана білу<br>11.2.5.1 - мәтіндегі негізгі ойды анықтау, берілген мәліметтер мен пікірлерді өңдеу және толықтыру; | |
| **Кіріктірілген мақсаттар:** | 10.2.5.1 мәтіндегі негізгі ойды анықтау, көтерілген мәселеге баға беріп, мәліметтер мен пікірлерді өңдей білу | |
| **Сабақтың мақсаты** | Оқушылардың бәрі орындай алады:<br>Оқушылардың көпшілігі орындай алады:<br>Кейбір оқушылар орындай алады. | |
| **Бағалау критерийлері** | ӘТН меңгеруі.<br>Талапқа сай эссе жаза алуы.<br>Жеке іздену жұмысының нәтижесі. | |
| **Ресурстар** | Қазақ тілі. Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманит.бағытындағы 11-сыныбына арналған оқулық/ Б.Қапалбек, Ш.Ерхожина, М.Жолшаева.-Алматы: Мектеп, 2020.-216 б. | |

**Сабақтың барысы**

| **Сабақтың кезеңі/ уақыт** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы** | Сәлемдесу.<br>Психологиялық ахуал тудыру.<br>«Еркін тыныс» әдісі | «Еркін тыныс» әдісі арқылы жайлы жайғасып алады да, ең көңілді кездерін естеріне түсіндіреді | |  |
| **Сабақтың ортасы** | ӘТН. 'Көркем әдебиет стилі' - проза, поэзия, драма тургия салаларында жазылған көркем шығармалардың стилі (тілі). Көркем әдебиет стиліне тән | Оқулықтан 102-беттегі ережені оқиды.<br>Мәтін тақырыбы →<br>Мәтін идеясы →<br>Стиль түрі → | Смайлик | Қазақ тілі. Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманит.бағытындағы 11-сыныбына арналған оқулық/ Б.Қапалбек, |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | бірнеше ерекшеліктер бар. Солардың бірі - тіл байлығы.<br>102-беттегі ережені оқы.<br><br>1-тапсырма<br>101-беттегі мәтін мазмұны бойынша кестені толтыр.<br><br>2-тапсырма.<br>«Көркем әдебиет стилінің стильдер жүйесінде алатын орны» тақырыбында дәлелді эссе жаз.<br><br>3-тапсырма.<br>*Ядро, Ассамблея, миссия, санкция, атом, статистика* сөздері қай тілден енгенін тауып, мағынасын сөздіктен оқыңдар. | Негізгі ақпарат<br><br>Дәлелді эссе жазады.<br><br>Сөздікпен жұмыс жасайды | арқылы<br><br>«Бас бармақ» әдісі | Ш.Ерхожина, М.Жолшаева.- Алматы: Мектеп, 2020.-216 б.<br><br>Түсіндірмелі сөздік |
| Сабақтың соңы | **Рефлекция .**<br>«СМС жазу» әдісі<br>Мен үшін бүгін.... құнды болды. Себебі.... Келесі сабақ.... білсек екен ... | Мен үшін- бүгін.... құнды болды. Себебі.... Келесі сабақ.... білсек екен ... | «СМС жазу» әдісі |  |
| Қосымша ақпарат | | | | |
| | | | | |

**№ 3**

| | | |
|---|---|---|
| **Пәні** | Қазақ тілі | |
| **Педагогтің аты-жөні** | №148 мектеп-гимназияның қазақ тіл мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Төлеуғали Құралай Қанатқызы | |
| **Күні:** | | |
| **Бөлім:** | 6. Ұлттың тарихи жәдігерлерін сақтау. Шешендік сөздер. | |
| **Сынып: 11** | Қатысқаны: | Қатыспағаны: |
| **Сабақтың тақырыбы** | 6.1. Тарихи жәдігерлерге не жатады? | |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту** | 11.1.1.1 – мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, тиісті ақпаратты анықтай білу<br>11..4.4.1- мәтін нормаларын (мәтін құрылымы, абзац, мәтін бөліктері,тақырып ) сақтап жазу | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **мақсат тары** | | | | |
| **Кіріктірілген мақсат:** | 10.1.1.1 мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, өз біліміне сүйеніп тақырыпты жалғастыру | | | |
| **Сабақтың мақсаты** | **Оқушылардың бәрі орындай алады:** берілген суреттер бойынша тақырыптық әңгіме құрай алады.<br>**Оқушылардың көпшілігі орындай алады:** тірек сөздерді нақты анықтай біледі.<br>**Кейбір оқушылар орындай алады:** ой қозғаушы сұрақтар әзірлей алады. | | | |
| **Бағалау критерийлері** | Суреттегі жәдігерлерді нақты таба алуы және ол туралы берген ақпараттарының құндылығы.<br>Тірек сөздерді таба алуы.<br>Пікір таластыруға талапқа сай сұрақтар құрастыра білуі. | | | |
| **Ресурстар** | Қазақ тілі. Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманит.бағытындағы 11-сыныбына арналған оқулық/ Б.Қапалбек, Ш.Ерхожина, М.Жолшаева.- Алматы: Мектеп, 2020.-216 б. | | | |
| **Сабақтың барысы** | | | | |
| **Сабақтың кезеңі/ уақыт** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
| **Сабақтың басы** | Сәлемдесу.<br>Психологиялық ахуал тудыру.<br>«Алтын балық» әдісі арқылы. | Оқушылар өздерінің арман-тілектерін ортаға айтады.<br>Басқалар тілектестігін білдереді. | |  |
| **Сабақтың ортасы** | Ториялық бөлім.<br>Тарих – бір күнде зерттелетін шаруа емес, сондай-ақ заттай деректер мен жазба құжаттардың көмегінсіз тарихты зерттеу де мүмкін емес. Сондықтан тарихшылар көп ізденіп, ежелгі дәуірден сақталған тарихи деректерді мұқият зерттей отырып, адамзат баласының өткен тарихын жазады. Ендеше, адамдардың өткен өміріне қатысты түрлі мәліметтерді «тарихи деректер» деп атаймыз. Өз кезегінде тарихи | Жаңа ақпараттармен танысады | | Қазақ тілі. Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманит.бағытындағы 11-сыныбына арналған оқулық/ Б.Қапалбек, Ш.Ерхожина, М.Жолшаева.- Алматы: Мектеп, 2020.-216 б. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | деректер ауызша, жазбаша, археологиялық, этнографиялық және антропологиялық болып әр түрге бөлінеді. Пікірталасқа бастайтын пікірлесудің қарапайым түрі – әңгіме, ал жоспарлы түрде өткізілетін жүйелі түрі – дөңгелек үстел. **1-тапсырма**. Төменде қандай жәдігерлер белгіленген? Олар Қазақстанның қай өңірлерінен табылған? Сурет бойынша тарихпен, әдебиетпен байланыстыра отырып әңгімеле. **2-тапсырма.** 115-беттегі «Атажұртымыз – «Алтын адамдар» меккені» мәтінін оқып түсін. Тірек сөздерді теріп жаз. **3-тапсырма**. «Тарихи жәдігерлер – асыл мұра» атты дөңгелек үстел үшін сұрақтар дайында. | Сурет бойынша тарихпен, әдебиетпен байланыстыра отырып әңгімелейді.<br>Тірек сөздерді анықтайды.<br>Тақырыптық сұрақтар әзірлейді. | «Бес бармақ» әдісі арқылы<br>«Алма ағашы» әдісі арқылы.<br>Смайлик тер арқылы | Қазақ тілі. Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманит.бағыты ндағы 11-сыныбына арналған<br><br>оқулық/ Б.Қапалбек, Ш.Ерхожина, М.Жолшаева.- Алматы: Мектеп, 2020.- 216 б. |
| **Сабақтың соңы** | **Рефлекция .** ББББ әдісі арқылы | Білемін...<br>Білдім....<br>Білгім келеді... | | |
| Қосымша ақпарат | | | | |
| | | | | |

**№ 4**

| | | |
|---|---|---|
| **Пәні** | Қазақ тілі | |
| **Педагогтің аты-жөні** | №148 мектеп-гимназияның қазақ тіл мен әдебиеті пәнінің мұғалімі. Төлеуғали Құралай Қанатқызы | |
| **Күні:** | | |
| **Бөлім:** | 6. Ұлттың тарихи жәдігерлерін сақтау.Шешендік сөздер. | |
| **Сынып: 11** | Қатысқаны: | Қатыспағаны: |
| **Сабақтың тақырыбы** | 6.2. Мәдени мұра» бағдарламасы | |

| | |
|---|---|
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары** | 11.3.2.1 – стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып,тезис.аннотация,рецензия жазу<br>11.1.6.1 – коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында дұрыс сөйлеу,тыңдаушыларға ықпал ете білу,шешен сөйлеу |
| **Кіріктірілген мақсат:** | 10.3.6.1 әртүрлі тақырып бойынша көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, шығармашылық жұмыстар (өлең, хат, әңгіме, шығарма) ұсына білу |
| **Сабақтың мақсаты** | **Оқушылардың бәрі орындай алады:** мәтін түріне талдау жасай алады.<br>**Оқушылардың көпшілігі орындай алады:** шығармашылық жұмыс түрін жаза алады.<br>**Кейбір оқушылар орындай алады:** көпшілік алдында сөйлеу үшін қажет қасиеттерді толықтыра алады. |
| **Бағалау критерийлері** | Стиль түрлерін ажырата алуы.<br>Шығармашылық жұмыстардың талапқа сай орындалуы.<br>Ойды анық жеткізу жолдарын жаза алуы. |
| **Ресурстар** | Қазақ тілі. Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманит.бағытындағы 11-сыныбына арналған оқулық/ Б.Қапалбек, Ш.Ерхожина, М.Жолшаева.-Алматы: Мектеп, 2020.-216 б. |

**Сабақтың барысы**

| **Сабақтың кезеңі/ уақыт** | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы** | Сәлемдесу.<br>Психологиялық ахуал тудыру.<br>«Күн шуағы» әдісі | Оқушылар бір-біріне жылы ықыластарын біліреді. | |  |
| **Сабақтың ортасы** | «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы – мәдени, экономикалық және әлеуметтік капитал, жалпы адамзаттық мәдениеттің құрылымдық бөлігі, этнос, қоғам, адам парасатының дамуы мен құрылуының бастауы, тарихи естеліктердің маңызды қоймасын жасау және қорғау бағдарламасы.<br>Елбасымыз осыдан 15 жыл бұрын, яғни 2003 жылы сәуірде Қазақстан хал | Жаңа ақпаратты меңгереді.<br><br>Мәтін А,Ә<br>Мәтін стилі-<br>Тақырыбы –<br>Автор көзқарасы-<br>Тілдік ерекшілігі-<br>Қандай аудиторияға | «Бір сауал» әдісі арқылы<br><br>«Жетістік баспалдағы» әдісі арқылы. | МӘДЕНИ МҰРА<br>Ақпараттық партал<br><br>Қазақ тілі. Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманит.бағытындағы 11- |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | қына жолдауында арнайы «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруды тапсырған болатын. Елбасының жолдауымен қабылданған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы қазіргі Қазақстанның әлемдік өркендеуінің дәлелі.<br><br>**1-тапсырма.** 1-тапсырма, 118-беттегі «А» және «Ә» мәтіні. Екі мәтінді оқи отырып кестені толтыр.<br><br>**2-тапсырма.** Әртүрлі көркемдік құралдарды тиімді пайдаланып, «Мәдени мұра» бағдарламасы менің өлкемде» атты шығармашылық жұмыс (өлең, әңгіме, естелік, шығарма) жаз.<br><br>**3-тапсырма.** Көпшілік алдында сөйлеуде ойдың айқын болуы үшін не қажет? Тізімді жалғастырыңдар. | арналған-<br><br>«Мәдени мұра» бағдарламасы менің өлкемде» атты шығармашылық жұмыс (өлең, әңгіме, естелік, шығарма) жазады.<br><br>Тізімді жалғастырады.<br>• Тақырыпты жетік білу.<br>• Өзіне деген сенімділік.<br>• Әр сөзді өз мағынасында дәл қолдана алу. | «Бас бармақ» әдісі арқылы.<br><br>«Бес саусақ» әдісі арқылы | сыныбына арналған оқулық/ Б.Қапалбек, Ш.Ерхожина, М.Жолшаева.- Алматы: Мектеп, 2020.- 216 б. |
| **Сабақ тың соңы** | **Рефлекция .** «Бағдаршам» әдісі арқылы | Өз деңгейлеріне қарай бағдаршам көздерін бояйды. | |  |
| Қосымша ақпарат | | | | |
| | | | | |

**№5**

| | | |
|---|---|---|
| **Пәні** | Қазақ тілі | |
| **Педагогтің аты-жөні** | №148 мектеп-гимназияның қазақ тіл мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Төлеуғали Құралай Қанатқызы | |
| **Күні:** | | |
| **Бөлім:** | 6. Ұлттың тарихи жәдігерлерін сақтау.Шешендік сөздер. | |
| **Сынып: 11** | Қатысқаны: | Қатыспағаны: |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың тақырыбы** | 6.6.«Ұлы даланың жеті қыры» | | | |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары** | 11.3.2.1 – таза ғылыми стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып,тезис.аннотация,рецензия жазу.<br>11.3.6.1 - әртүрлі тақырып бойынша көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, шығармашылық жұмыстар (өлең, әңгіме, естелік, шығарма) ұсына білу. | | | |
| **Кіріктірілген мақсаттар:** | 10.3.6.1 әртүрлі тақырып бойынша көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, шығармашылық жұмыстар (өлең, хат, әңгіме, шығарма) ұсына білу | | | |
| **Сабақтың мақсаты** | **Оқушылардың бәрі орындай алады:** Елбасының екі маңызды бағдарламасын өзара салыстыра алады.<br>**Оқушылардың көпшілігі орындай алады:** Бағдарлама негізінде таныстырылым жасай алады.<br>**Кейбір оқушылар орындай алады:** мәтін мазмұны бойынша аннотация жаза біледі. | | | |
| **Бағалау критерийлері** | ▪ Елбасы мақалаларының ерекшеліктерін ажырата алуы мен маңыздылығын түсінуі.<br>▪ Таныстырылымның құндылығы.<br>Талапқа сай аннотация жаза алуы. | | | |
| **Ресурстар** | Қазақ тілі. Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 11-сыныбына арналған оқулық/ Б.Қапалбек, Ш.Ерхожина, М.Жолшаева.-Алматы: Мектеп, 2020.-216 б. | | | |
| **Сабақтың барысы** | | | | |
| **Сабақтың кезеңі/ уақыт** | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
| **Сабақтың басы** | Сәлемдесу.<br>Психологиялық ахуал тудыру.<br>«Табиғат құбылыстары» әдісі | Әр оқушы дәл қазіргі көңіл күйін ауа райы құбылыстарына теңеп айтады. | | |
| **Сабақтың ортасы** | https://www.youtube.com/watch?v=xik7WrrmmPo<br><br>**1-тапсырма.**<br>Ұлы даланың жеті қыры» мен «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» Елбасының мақалаларын салыстыра отырып талда.<br><br>**2-тапсырма.**<br>Елбасы мақаласындағы 7 бөлімнің біреуін таңдап алып, жан-жақты зерттеп, толық таныстырылым жаса. | «Ұлы даланың жеті қыры» тақырыбнда бейне жазба көреді.<br><br>Ұлы даланың жеті қыры» мен «Рухани жаңғыру»: болашаққа бағдар» Елбасының мақалаларын салыстыра отырып талдайды. Таныстырылым жұмысын жасайды. | «жеміс бағы» әдісі<br><br>Смайлик арқылы.<br><br>«Бас бармақ» әдісі арқылы | https://www.youtube.com/watch?v=xik7WrrmmPo<br><br><br><br>Қазақ тілі. Жалпы<br><br><br><br>білім беретін мектептің қоғамдық-гуманит.бағытын |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **3-тапсырма.**<br>131-беттегі мәтінді түсініп оқып, мәтінге аннотация жаз. | Аннотация жазады. | | дағы 11-сыныбына арналған оқулық/ Б.Қапалбек, Ш.Ерхожина, М.Жолшаева.- Алматы: Мектеп, 2020.-216 б. |
| **Сабақтың соңы** | **Рефлекция . «Жапондық бағалау» әдісі арқылы** | Дұрыс мен келісемін...<br>Толық түсіндім...<br>Менің сұрағым бар | |  |
| Қосымша ақпарат | | | | |
| | | | | |

**№ 6**

| | | |
|---|---|---|
| **Пәні** | Қазақ тілі | |
| **Педагогтің аты-жөні** | №148 мектеп-гимназияның қазақ тіл мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Төлеуғали Құралай Қанатқызы | |
| **Күні:** | | |
| **Бөлім:** | 7. Табиғат және экология. Шешендік сөздер | |
| **Сынып: 11** | Қатысқаны: | Қатыспағаны: |
| **Сабақтың тақырыбы** | 7.7. Табиғатты қорғайтын халықаралық ұйымдар | |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары** | 11.3.6.1 - әртүрлі тақырып бойынша көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, шығармашылық жұмыстар (өлең, әңгіме, естелік, шығарма) ұсына білу.<br>11..4.4.1- мәтін нормаларын (мәтін құрылымы,абзац,мәтін бөліктері,тақырып ) сақтап жазу. | |
| **Кіріктірілген мақсаттар:** | 10.3.6.1 әртүрлі тақырып бойынша көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, шығармашылық жұмыстар (өлең, хат, әңгіме, шығарма) ұсына білу | |
| **Сабақтың мақсаты** | Оқушылардың бәрі орындай алады: пәнаралық байланыс жасай алады.<br>Оқушылардың көпшілігі орындай алады: Терминдерді анықтап, тезистік жоспар құра алады.<br>Кейбір оқушылар орындай алады: проблемалық эссе жаза алады. | |
| **Бағалау критерийлері** | Пәнаралық білімін пайдалана отырып белгілерді анықтауы.<br>Тезистік жоспар құра алуы және терминдерді табуы.<br>Эссесінде әлемдік деңгейдегі мәселелерді тақырып етіп қозғай білуі. | |
| **Ресурстар** | Қазақ тілі. Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманит.бағытындағы 11-сыныбына арналған оқулық/ Б.Қапалбек, Ш.Ерхожина, М.Жолшаева.- Алматы: Мектеп, 2020.-216 б. | |

**Сабақтың барысы**

| **Сабақтың кезеңі/ уақыт** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы** | Сәлемдесу.<br>Психологиялық ахуал | Сабақ басындағы көңіл күйлерін ауа | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | тудыру.<br>«Ауа райы құбылыстары» | райы құбылыстарына сай айтып шығажы. | | |
| **Сабақтың ортасы** | ВВФ - ғаламшар тоғайларын қорғаудың халықаралық интернационалды жастар қоры;<br>Гринпис («Жасыл әлем») - Бүкіл дүниежүзілік табиғат қорғау<br>ұйымы. 1970 жылы құрылған. 17 мемлекетте топтары бар, 2,5 млн адам мүше.<br>«Робин Вуд» - германиялық жастардың «қышқыл жаңбырларға» қарсы күрес жүргізетін экологиялық қоғамы.<br>МСОП - Халықаралық<br>табиғатты қорғау және табиғат ресурстары ұйымы.<br>ВФОП - Бүкіл дүниежүзілік табиғатты қорғау қоры.<br>Дүниежүзілік фауна мен экожүйені<br>сақтау проблемасымен айналысады.<br><br>**1-тапсырма.**<br>Мына белгілер нені білдіреді?. Георгафиядан алған білімдеріңді пайдалана отырып, суреттерді сөйлетіңдер.<br><br>2-тапсырма.<br>Мәтін мазмұнын түсініп (151-бет) , термин сөздерді теріп жазыңдар. Мәтінге тезистік жоспар жасаңдар.<br><br>3-тапсырма.<br>«Табиғат және әлем» | Жаңа ақпарат алады.<br><br>Географиядан алған білімдерін пайдалана отырып, суреттерді сөйлетеді.<br><br>Термин сөздерді анықтайды.<br>Тезистік жоспар құрады.<br><br>Проблемалық эссе жазады. | «Ашық микро фон» әдісі<br><br>«Бағдар шам» әдісі<br><br>«Алма ағашы» әдісі<br><br>«СМС» әдісі. | Түсіндірмелі сөздік<br><br>Қазақ тілі. Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманит.бағытындағы 11-сыныбына арналған оқулық/ Б.Қапалбек, Ш.Ерхожина, М.Жолшаева.- Алматы: Мектеп, 2020.- 216 б. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | тақырыбында проблеммалық эссе жаз.<br> | | | |
| **Сабақтың соңы** | **Рефлекция.**<br><br>**«Жетістік баспалдығы» әдісі** |  | | |
| Қосымша ақпарат | | | | |
| | | | | |

Ү. Сабақтан тыс уақытта толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары

10-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» пәнінен оқу бағдарламасын зерделеу нәтижесінде 11-сыныптағы «Қазақ тілінің» оқыту мақсаттарымен кіріктіруге болмайтын оқыту мақсаттары анықталды [13]. Төменде кіріктіруге болмайтын оқыту мақсаттары берілген:

23.3-кесте –11-10-сыныптардың кіріктірілмейтін оқыту мақсаттары

| **1) тыңдалым және айтылым** | |
|---|---|
| 2. Әртүрлі жанрдағы мәтіндерді талдау | 10.1.2.1 мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (дәріс, интервью, пікірталас, мақала) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды талдау |
| 4. Негізгі ойды анықтау | 10.1.4.1 мәтінде көтерілген мәселені (қоғамдық-саяси) талдай отырып, негізгі ойды анықтау және ғаламдық мәселелермен байланыстыру |
| **2) оқылым** | |
| 2. Мәтіннің стильдік ерекшелігін тану | 10.2.2.1 ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильді тілдік құралдар арқылы тану (терминдер, тілдік оралымдар, өзге стиль элементтері) |
| 4. Мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау | 10.2.4.1 әртүрлі стильдегі (ғылыми, ресми іс-қағаздар, публицистикалық, ауызекі сөйлеу, көркем әдебиет стилі) мәтіндердің тақырыбын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, |

| | |
|---|---|
| | құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау |
| **3) жазылым** | |
| 2. Әртүрлі жанрда мәтіндер құрастыру | 10.3.2.1 ғылыми-көпшілік стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, мақала, интервью, нұсқаулық жазу |
| 4. Эссе жазу | 10.3.4.1 қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу («келісу, келіспеу» эссесі, дискуссивті эссе, аргументативті эссе) |
| **4) әдеби тіл нормасы** | |
| 1. Орфографиялық норма | 10. 4.1.1 мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу |
| 4. Грамматикалық норма | 10. 4.4.1 сөзжасамдық және синтаксистік нормаларды сақтай білу |

VI. Кіріктіруге болмайтын оқыту мақсаттары қарастырылатын кеңестердің кестесі

Білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды толықтыру үшін 10-сыныпқа «Қазақ тілі» пәнін оқыту барысында кіріктіруге болмайтын оқыту мақсаттары бойынша каникул кездерінде (күзгі, қысқы, көктемгі) консультациялар өткізу ұсынылады.

Төменде каникул кездерінде (күзгі, қысқы, көктемгі) өткізілетін кеңестердің кестесінің үлгісі келтірілген (23.4-кесте).

23.4-кесте – Каникул кездерінде (күзгі, қысқы, көктемгі) өткізілетін кеңестердің кестесі

| **Өткізілетін мерзімі** | **Тақырыптың атауы** | **Оқыту мақсаттары** |
|---|---|---|
| Күзгі каникул (1-тоқсан) | 1. Тіл және алаш идеясы. Сөз мәдениеті. Кітаби тіл. Сөйлеу тілі. | 10.1.4.1 мәтінде көтерілген мәселені (қоғамдық-саяси) талдай отырып, негізгі ойды анықтау және ғаламдық мәселелермен байланыстыру |
| Күзгі каникул (1-тоқсан) | 2. Әлем жаңалықтары: өнер және мәдениет. Сөз мәдениеті. Сөз құрамы мен сөз байлығы. Сөйлеу стильдеріндегі тілдік оралымдар және олардың қолданысы | 10.1.2.1 мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (дәріс, интервью, пікірталас, мақала) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды талдау |
| Қысқы каникул (2тоқсан) | 4. Экономикалық интеграция – бүгінгі күннің даму үрдісі. Тілдік жүйе және норма. Сөз тазалығы. Ресми іскағаздары тілінің ерекшеліктері. | 10.3.2.1 ғылыми-көпшілік стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, мақала, интервью, нұсқаулық жазу; |
| Көктемгі каникул (3-тоқсан) | 6. Қазіргі қоғам: әлеуметтік теңсіздік. Тілдік жүйе және стиль. Әлеуметтік-тұрмыстық | 10.2.4.1 әртүрлі стильдегі (ғылыми, ресми іскағаздар, публицистикалық, ауызекі сөйлеу, көркем әдебиет стилі) мәтіндердің тақырыбын, мақсатты |

| | | |
|---|---|---|
| | қатынастағы сөздер. Публицистика лық шығарма тілінің стильдік ерекшеліктері. | аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау; |
| Көктемгі каникул (3-тоқсан) | 6. Қазіргі қоғам: әлеуметтік теңсіздік. Тілдік жүйе және стиль. Әлеуметтік-тұрмыстық қатынастағы сөздер. Публицистика лық шығарма тілінің стильдік ерекшеліктері. | 10.3.4.1 қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу («келісу, келіспеу» эссесі, аргументативті эссе) |

VII. Жазғы мектеп кезінде ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгісі.

Білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды толтырудың тағы бір жолы – жазғы мектепті ұйымдастыру. Демалыс кездерінде оқытуға қамтылып үлгермеген оқыту мақсаттары осы жазғы мектеп кезінде оқытылады. Сонымен қатар оқушы оқу жылында аяқтап отырған 10-сыныбындағы кейбір күрделі материалдарды қайталап, пысықтайды. Ол тақырыптар оқу жылы аяқталған кезеңде мұғалімнің жыл бойын жүргізіп отырған «оқушының оқу үлгеріміне жасалатын диагностикадан» алынады. Төмендегі кестеде (23.5-кесте) 10-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» пәні бойынша оқу бағдарламасына сәйкес жазғы мектеп кезінде оқытылатын сабақтардың тақырыбы мен оқыту мақсаттары берілген.

23-5-кесте. 10-сыныптағы қамтылып үлгермеген олқылықтардың оқыту мақсаттары

| **4) әдеби тіл нормаларын сақтау** | | |
|---|---|---|
| **Дағдылар** | **Тақырыптың атауы** | **Оқыту мақсаттары (10-сынып, өткен оқу жылы)** |
| 2. Мәтіннің стильдік ерекшелігін тану | 1. Тіл және алаш идеясы. Сөз мәдениеті. Кітаби тіл. Сөйлеу тілі. | 10.2.2.1 ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильді тілдік құралдар арқылы тану (терминдер, тілдік оралымдар, өзге стиль элементтері). |
| 5. Мәліметтерді өңдей білу | Адамзат әлемі және құндылықтар | 10.2.5.1 мәтіндегі негізгі ойды анықтау, көтерілген мәселеге баға беріп, мәліметтер мен пікірлерді өңдей білу |
| 1. Орфографиялық норма | 2. Әлем жаңалықтары: өнер және мәдениет. Сөз мәдениеті. Сөз құрамы мен сөз байлығы. Сөйлеу стильдеріндегі тілдік оралымдар және олардың қолданысы. | 10.4.1.1 мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу |
| 4. Грамматикалық норма | 7. Сәулет өнері. Стильдік ерекшеліктер. Жаңа қолданыстағы сөздер. Ғылыми және ғылыми-көпшілік стиль атаулары. | 10.4.4.1 сөзжасамдық және синтаксистік нормаларды сақтай білу |

## ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ЖОСПАРЛАР

**№ 1**

| | | |
|---|---|---|
| **Бөлім:** | 1-бөлім: Қазіргі қоғам құндылықтары: мәдениет және өркениет. Сөз мәдениеті | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Сұлтанбек Дулат Мейрамбекұлы | |
| **Күні:** | | |
| **Сынып:** 10 | **Қатысушылар саны:** | **Қатыспағандар саны:** |
| **Сабақтың тақырыбы** | Адамзат әлемі және құндылықтар | |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары** | 10.1.3.1 мәтінде көтерілген мәселені (қоғамдық- саяси) талдай отырып, негізі ойды анықтау және ғаламдық мәселелермен байланыстыру;<br>10.2.5.1 мәтіндегі негізгі ойды анықтау, көтерілген мәселеге баға беріп, мәліметтер мен пікірлерді өңдей білу; | |
| **Сабақтың мақсаты** | Барлық оқушылар: Берілген үй тапсырмасына таныстырылым жасап, сұрақтарға жауап беруге талпынады;<br>Оқушылардың көпшілігі: Оқылымалды сұрақтарына жауап беріп, оқылым, оқылымнан кейінгі тапсырмаларды жүйелі орындайды;<br>Кейбір оқушылар: Оқылым және айтылым тапсырмаларын жүйелі әрі дұрыс орындап, сабақ процесінде белсенділік танытады. | |
| **Бағалау критерийлері** | - Мәтінде көтерілген негізгі мәселені анықтап, оқылым тапсырмаларын орындайды; | |

**Сабақтың барысы**

| Сабақтың кезеңі/ уақыты | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы Ұйымдастыру кезеңі**<br><br>7 минут | **Сәлемдесу. Оқушылардың көңіл-күйін сұрау.**<br><br>**Үй тапсырмасын сұрау.**<br>3-тапсырма, 5-бет. «Құнды», «құндылық», «жалпыадамзаттық», «ұлттық» сөздерінің мағынасын қалай түсінетініңді тұжырымдап жаз. | Мұғаліммен сәлемдеседі.<br><br>Үй тапсырмасын оқып, тұжырымдамаларына таныстырылым жасайды. | Баллдық шкала:<br>2 балл | Интербелсенді тақта, презентация<br><br>Оқулық |
| **Сабақтың ортасы**<br><br>5 минут<br><br>3 минут | **Оқылымалды тапсырма:**<br>**Ойтүрткі сұрақтар:**<br>- құндылық дегеніміз не?<br>- құндылықтың қандай түрлері бар?<br>- Сіз үшін қай құндылық маңыздырақ? (Материалдық және рухани)<br>-XXI ғасырда қай | Ойтүрткі сұрақтарына жауап береді<br><br>Оқылым мәтінін оқиды, қысқаша | Баллдық шкала:<br>1 балл | Интербелсенді тақта, презентация. |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>құндылықтың орны айрықша? Неліктен?<br><br>Оқылым тапсырмасы<br>2-тапсырма, 5-бет.<br>«Құндылық дегеніміз не?»<br>Оқылымнан кейінгі тапсырма.<br>4-тапсырма, 5-бет.<br>Мәтін бойынша және өздерің құндылықты тағы қалай түсінетіндеріңді ойланып, диаграмма мен кестені толтырыңыздар.<br><br>1-топ: Диаграмманы толтыру:<br><br></td>
<td>мазмұндайды.<br>Мәтін бойынша және өздерің құндылықты тағы қалай түсінетіндеріңді ойланып, диаграмма немесе кестені толтырады.</td>
<td>Баллдық шкала:<br>4 балл</td>
<td>Оқулық<br><br>Презентация<br>Оқулық</td>
</tr>
<tr>
<td>10 минут</td>
<td>2-топ: Кестені толтыру<br><table><tr><td colspan="3">Құндылық</td></tr><tr><td>Матер иалдық</td><td>Табиғи</td><td>Көркем</td></tr></table><br>Айтылым тапсырмасы<br>5-тапсырма, 6-бет.<br>Тірек сөздерді оқы. Осы сөздер бар мәтінде не туралы айтылуы мүмкін деп ойлайсың? Пікірлесіңдер.<br><u>Тірек сөздер:</u> жіктеу, адамзаттық, ұлттық, құндылық, қалып.</td>
<td>Тірек сөздерді оқып, мәтінде кездескен жағдайда не айтылуы мүмкін екендігін талқылайды</td>
<td>Баллдық шкала:<br>3 балл</td>
<td>Оқулық</td>
</tr>
<tr>
<td>Сабақтың соңы<br><br>3 минут</td>
<td>Кері байланыс. Рефлексия<br>«3Қ» әдісі<br>Сабақтан алған құнды, қызықты, қажетті ақпараттарымен бөліседі.<br><table><tr><td>Құнды</td><td>Қызық</td><td>Қаж</td></tr></table></td>
<td>Оқушылар қойылған сұрақтарға жауап бере отырып, кері байланыс жасайды</td>
<td></td>
<td>Презентация<br><br>Оқулық</td>
</tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 5 минут<br><br>2 минут | <table><tr><td></td><td>ты</td><td>етті</td></tr><tr><td></td><td></td><td></td></tr></table><br>**Бағалау дескрипторы: «Өзін-өзі бағалау стратегиясы»**<br><table><tr><td>Үй тапсырмасы</td><td>2 балл</td></tr><tr><td>Ойтүрткі сұрақтар</td><td>1 балл</td></tr><tr><td>Оқылымнан кейінгі тапсырма</td><td>4 балл</td></tr><tr><td>Айтылым тапсырмасы</td><td>2 балл</td></tr></table><br>**Үйге тапсырма.**<br>6-тапсырма, 6-бет. «Құндылық» сөзін бірнеше сын есім сөздермен тіркестіріп жаз. Ең көп сөз тіркесін жазған оқушыны анықтау. | Бағалау дескрипторлары арқылы өзін-өзі бағалайды.<br><br>Мұғалімнің түсіндірмесін тыңдап, үй тапсырмасын түртіп алады. | Бағалау дескриптор ы | |

**№2**

| | | |
|---|---|---|
| **Бөлім:** | 1-бөлім: Қазіргі қоғам құндылықтары: мәдениет және өркениет.<br>Сөз мәдениеті | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Сұлтанбек Дулат Мейрамбекұлы | |
| **Күні:** | | |
| **Сынып:** 10 | **Қатысушылар саны:** | **Қатыспағандар саны:** |
| **Сабақтың тақырыбы** | Қазіргі қоғамдағы мәдениет пен өнер құндылықтары | |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары** | 10.1.3.1 мәтінде көтерілген мәселені (қоғамдық- саяси) талдай отырып, негізі ойды анықтау және ғаламдық мәселелермен байланыстыру; | |
| **Сабақтың мақсаты** | Барлық оқушылар: Берілген үй тапсырмасына таныстырылым жасап, сұрақтарға жауап беруге талпынады;<br>Оқушылардың көпшілігі: Суреттер бойынша өз пікірін білдіріп, оқылым, оқылымнан кейінгі тапсырмаларды жүйелі орындайды;<br>Кейбір оқушылар: Оқылым және оқулық тапсырмаларын жүйелі әрі дұрыс орындап, сабақ процесінде белсенділік танытады. | |
| **Бағалау критерийлері** | Мәтінде көтерілген негізгі мәселені анықтап, оқылым тапсырмаларын орындайды; | |

**Сабақтың барысы**

| **Сабақтың кезеңі/ уақыты** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы Ұйымдастыру кезеңі**<br><br>7 минут | **Сәлемдесу. Оқушылардың көңіл-күйін сұрау.**<br><br>**Үй тапсырмасын сұрау.**<br>1-тапсырма, 18-бет. Сұрақтарға жауап бер.<br>2-тапсырма, 18-бет. Тілдің құндылық ретіндегі қызметі мен маңызын болжап, сызба түрінде жаз. | Мұғаліммен сәлемдеседі.<br><br>Үй тапсырмасын оқып, тұжырымдама ларына таныстырылым жасайды. | <br><br>Баллдық шкала:<br>3 балл | Интербелсенді тақта, презентация<br><br>Оқулық |
| **Сабақтың ортасы**<br><br>5 минут<br><br><br><

<table>
<tr><td></td><td>дәлелдеп айт.</td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Сабақтың соңы<br><br>2 минут<br><br><br><br><br><br><br>3 минут</td><td>Кері байланыс. Рефлексия<br>«3Қ» әдісі<br>Сабақтан алған құнды, қызықты, қажетті ақпараттарымен бөліседі.<br><table><tr><td>Құнды</td><td>Қызықты</td><td>Қаж</td></tr><tr><td></td><td></td><td></td></tr></table><br>Бағалау дескрипторы: «Өзін-өзі бағалау стратегиясы»<br><table><tr><td>Үй тапсырмасы</td><td>3 балл</td></tr><tr><td>1-тапсырма</td><td>2 балл</td></tr><tr><td>Оқылымнан кейінгі тапсырма</td><td>3 балл</td></tr><tr><td>10 -тапсырма</td><td>2 балл</td></tr></table><br>Үйге тапсырма.<br>3-4-5-тапсырма, 25-бет. Димаш Құдайбергеновпен сұхбат құр. Өмірбаяны мен ұлттық өнерді насихаттаған жерлерді қатыстыр.</td><td>Оқушылар қойылған сұрақтарға жауап бере отырып, кері байланыс жасайды<br><br><br><br><br><br><br><br>Бағалау дескрипторлары арқылы өзін-өзі бағалайды.<br><br><br><br>Мұғалімнің түсіндірмесін тыңдап, үй тапсырмасын түртіп алады.</td><td><br><br><br><br><br><br><br><br>Бағалау дескрипторы</td><td>Презентация<br><br><br><br><br><br><br><

## 24. «Қазақ әдебиеті» оқу пәні, 5-сынып

I. Өткен оқу жылында өтілген оқу бағдарламасының мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттары

5-сыныпта «Қазақ әдебиеті» пәнінен диагностикалық жұмыс жүргізу үшін 4-сыныпқа арналған «Әдебиеттік оқу» пәнінен оқу бағдарламасындағы оқыту мақсаттары зерделенеді. Ол үшін бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған «Әдебиеттік оқу» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын қарастырамыз [6]. Оқу бағдарламасына сәйкес 4-сыныптың мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттары келесі кестеде көрсетілген (24.1-кесте)

24.1-кесте – 4-сыныптың мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттары

| Бөлімше (түйінді дағдылар) | Тыңдалым және айтылым бөлімі (сөйлеу әрекетінің түрі) бойынша оқу мақсаттары |
|---|---|
| | 4-сынып |
| 1.1 Шығарманың мазмұнын түсіну | 4.1.1.1 шығарманың мазмұнын толық түсіну, кейбір тұстарын нақтылау, оқиғаның себеп-салдарын анықтау үшін сұрақтар қою және жауап беру |
| 1.2 Шығарманы мазмұндау | 4.1.2.1* шығарма мазмұнын түрлі баяндау тәсілдерін (I немесе III жаққа өзгертіп, жағдаяттар қосып, оқиғаларды өрбітіп) қолданып, шығарманы қысқаша, толық, ішінара мазмұндау |
| 1.3 Шығармадағы оқиғаны болжау | 4.1.3.1 шығарманың тақырыбы және қорытынды бөлімі негізінде сюжеттің дамуын болжау, оның себебін түсіндіру |
| 1.4 Тыңдарманның назарын аударту | 4.1.4.1 сөйлеу барысында мақал-мәтелдерді, өлең жолдарын, нақыл сөздерді, шешендік сөздерді және вербалды емес тілдік құралдарды қолдану |
| | 4.1.4.2 сөйлеу барысында иллюстрациялар, көрнекіліктер, фотосуреттер қолдану, презентация, видеоролик жасау |
| 1.5 Тыңдалған шығарма бойынша пікір білдіру | 4.1.5.1 өз ойы мен сезімін, көзқарасын өмірде болған, өзге шығармадағы ұқсас оқиғалармен салыстыра отырып білдіру |
| Бөлімше (түйінді дағдылар) | Оқылым бөлімі (сөйлеу әрекетінің түрі) бойынша оқу мақсаттары: |
| 2.1 Оқу түрлерін қолдану | 4.2.1.1 шығарманы дауыстап түсініп, рөлге бөліп, мәнерлеп оқу, теріп оқу, шапшаң оқу |
| | 4.2.1.2* шығарманы іштей көз жүгіртіп, шолып, түртіп алып, сұрақтар қоя отырып, қажетті ақпаратты тауып, белгі қойып оқу, талдау жасап оқу, сын тұрғысынан бағалап оқу |
| 2.2 Шығарманың мазмұны бойынша сұрақтар қою және жауап беру | 4.2.2.1 шығарманы қайта құруға, интерпретациялауға және бағалауға негізделген сұрақтар қою және жауап беру |
| 2.3 Шығарманың тақырыбы | 4.2.3.1 шығарманың тақырыбы және негізгі ойды анықтау, |

| | |
|---|---|
| мен ондағы негізгі ойды анықтау | автордың ойын мәтін деректерінен келтіре отырып дәлелдеу |
| 2.4 Әдеби шығарманың жанрын анықтау | 4.2.4.1 аңыз, шешендік сөз, батырлар жыры, фантастикалық әңгімелердің жанрлық ерекшеліктерін анықтау |
| 2.5 Шығарманың композициясын анықтау | 4.2.5.1 мұғалімнің көмегімен шығарманың композициялық құрылымын (сюжеттің басталуы, дамуы, шиеленісуі, шарықтау шегі, шешімі) анықтау |
| 2.6 Кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалау | 4.2.6.1 кейіпкердің, кейіпкерлердің іс-әрекеті, мінез-құлқының өзгеру себептерін мәтіннен тауып, салыстырып бағалау |
| 2.7 Әдеби көркемдеуіш құралдардың қолданысын анықтау | 4.2.7.1 шығармадан әдеби көркемдегіш құралдарды (теңеу, кейіптеу, эпитет, аллитерация, әсірелеу) табу және оларды қолдану |
| 2.8 Көркем шығарма элементтерін салыстыру | 4.2.8.1 эпизодтар мен оқиғалардың негізінде жатқан маңызды тұстарын талдау және салыстыру |
| | 4.2.8.2 көркем шығарманы басқа үлгідегі (иллюстрация, музыка (күй), мультфильм, кинофильм) нұсқасымен салыстыру |
| 2.9 Түрлі дереккөздерден ақпарат алу | 4.2.9.1 түрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты табу, өңдеу, тұжырым жасау және себеп-салдарлық байланысын сызба түрінде көрсету |
| Бөлімше (түйінді дағдылар) | Жазылым бөлімі (сөйлеу әрекетінің түрі) бойынша оқу мақсаттары: |
| 3.1 Шығарманың жоспарын құру | 4.3.1.1 оқылған шығармадағы оқиға жүйесін анықтап, оны бөліктерге бөлу, әр бөлікке ат қойып, жоспар құру |
| 3.2 Шығарманың түрлі жанры бойынша шығармашылық жұмыс жазу | 4.3.2.1 таныс мәтінге жаңа кейіпкерлер қосу, жаңа сюжеттер енгізу, өлең (төрт жолды) жазу |
| 3.3 Шығармашылық жұмыстарды түрлі формада ұсыну | 4.3.3.1 шығармашылық жұмысын сызба, диафильм, презентация түрінде ұсыну |
| 3.4 Қатені табу және түзету | 4.3.4.1 мұғалімнің көмегімен шығарманың құрылымын, стилін жетілдіру, өз бетінше сын тұрғысынан бағалау және лексикалық, орфографиялық, пунктуациялық қателерді тауып түзету |

II. Іріктеп алынған оқыту мақсаттары бойынша диагностикалық жұмыстың үлгісі (екі нұсқа)

24.2-кесте – Диагностикалық жұмысқа үлгі ретінде ұсынылған оқыту мақсаттары

| **Бөлімше атауы** | **4-сынып** |
|---|---|
| **«Менің Отаным – Қазақстан. Құндылықтар» ортақ тақырыбы бойынша** | |
| 2.2 Шығарманың мазмұны бойынша сұрақтар қою және жауап беру | 4.2.3.1 шығарманың тақырыбы және негізгі ойды анықтау, автордың ойын мәтін деректерінен келтіре отырып дәлелдеу |

| | |
|---|---|
| 2.6 Кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалау | 4.2.6.1 кейіпкердің, кейіпкерлердің іс-әрекеті, мінез-құлқының өзгеру себептерін мәтіннен тауып, салыстырып бағалау |
| | 4.3.2.1 таныс мәтінге жаңа кейіпкерлер қосу, жаңа сюжеттер енгізу, өлең (төрт жолды) жазу |

1-нұсқа.

«Менің Отаным – Қазақстан. Құндылықтар» ортақ тақырыбы бойынша диагностикалық жұмыстың үлгісі

Оқылым

1-тапсырма

Мәтінді түсініп оқы. Тапсырмаларды орында.

24.1-суретте мәтін берілген (Мазмұндамалар жинағы. Құрастырған: Исмадиярова Г.Б., Алматы, 2012).

Қоңыр күз. Күн көзі көрінгенімен, ауа салқын. Есік алдындағы жиде әбден піскен. Көрші үйдегі әжей кішкентай Нұргүлді шақырды.

– Келе ғой, Нұргүл. Жидені теріс. Бір өзім үлгере алар емеспін. Биыл өте көп салыпты, – деп Нұргүлді демде-ақ жанына үйіріп алды.

– Әрине, әже, көмектесемін, – деп Нұргүл үлкен тостаққа жидені теріп, сала бастады.

Жиде ағашының қол жетер жеріндегі өнімін екеулеп, әп-сәтте теріп алды. Содан соң әжей жиде ағашын қолымен сілкіп-сілкіп қалды. Жиделер жерге топ-топ етіп түсе бастады.

– О, әже, жиденің бәрі түсіп қалды.

– Ә, уақыты болды. Күн суымай, жинап алу керек. Міне, екеуіміз ешбір қиналмай, қапты да толтырдық, – деп әжей риза көңілін жасыра алмады.

Нұргүл жиде тергенімен, шаршаған жоқ. Көрші үйдегі әжейдің «Айналайын, Нұргүл болмаса бұл жидені түгел теріп алу қайда?», «Нұргүл қарағым, қолғанат болып қалыпсың» деген жылы сөздері көңілін өсірді.

– Мынау сенің сыбағаң, Нұргүл. Үлкен қыз бол!, – деп батасын берді әжей.

Әженің алғыс сөзінен Нұргүлдің мерейі тасыды. Әжейдің қолынан тостақ толы жидені алып, үйіне қарай томпаңдап, жүгіре жөнелді.

24.1-сурет

1) Мәтіннің негізгі ойына сәйкес болатын мақал-мәтелді анықтап, белгіле.

| | |
|---|---|
| Жақсы сөз – жан азығы | Жақсылық еккен алғыс орады |

2) Мәтінге тақырып қой _____

3) Нұргүлдің шаршамай жұмыс істеуіне не себеп болды?

_____
_____

4) Төртінші абзацтағы «мерейі тасыды» деген сөз тіркесі қандай мағынаны білдіреді? Жаз

_____
_____

5) Мәтін бойынша кейіпкердің мінез-құлқын немесе іс-әрекетін бағалайтын сұрақ құрастыр және жауап бер.

*Сұрақ*: _____

*Жауап:*_____

Жазылым

2-тапсырма

Оқылым мәтініне жаңа кейіпкер немесе оқиға қосып, мәтінді аяқтап жаз.

_____
_____
_____

2-нұсқа.

«Құндылықтар» ортақ тақырыбы бойынша диагностикалық жұмыстың үлгісі

24.3-кесте – Диагностикалық жұмыс жүргізуге ұсынылатын оқыту мақсаттары

| **«Құндылықтар» ортақ тақырыбы бойынша** | |
|---|---|
| 2.3 Шығарманың тақырыбы мен ондағы негізгі ойды анықтау | 4.2.2.1 шығарманы қайта құруға, интерпретациялауға және бағалауға негізделген сұрақтар қою және жауап беру |
| 3.1 Шығарманың жоспарын құру | 4.3.1.1 оқылған шығармадағы оқиға жүйесін анықтап, оны бөліктерге бөлу, әр бөлікке ат қойып, жоспар құру |

Оқылым

1-тапсырма

Мәтінді түсініп оқы. Тапсырмаларды орында.

24.2-суретте мәтін берілген (Қазақ тілі диктант https://kznews.kz/bilim).

Бозторғай өзінің туысы қараторғаймен көрші тұрады. Ол ертелі-кеш ән салып, көңілін көтеретін еді. Қараторғайдың да шықылдап бірсыдырғы ыңылдайтын «әндері» болатын. Бозторғайдың әнінен кейін, қараторғайдың шықылы аяқ асты болып, ескерусіз қалды. Өзін әншілердің санатына қосып жүрген қараторғайды күншілдік жеңді. Бозторғай әндете бастаса, қабағын түйіп, ашуын шақырып:
— Сен-ақ шықылдаудан жалықпайды екенсің? Не дауыс, не әуен жоқ, сенің әнінді кім тыңдасын,- деп жақтырмайтын.
Енді бозторғай жазық далаға кетіп әндететінді шығарды. Оның әнін жалпақ дала мен ондағы тіршілік тыңдады. Кең аспанда салған ән бұрынғыдан да әуенді естілетін.
— Тым биік көтерілмесеңші. Мерт боларсың, — деп аяған болады қараторғай.
«Жақыннан тістескенше, алыстан кісінескен артық» деген емес пе, алыстан әуендірек естіледі, — деді бозторғай.

24.2-сурет

1. Мәтінге тақырып қой _____

2) Мәтіннің негізгі ойына сәйкес мақал-мәтелді анықта.
А) Күншілдің күні қараң
В) Әркімнің өзі шығар биігі бар
С) Адамның ұяты бетінде, адамгершілігі ниетінде
Д) Айтысып сөзге келгенше, ақылменен жөнге кел

3) Мәтін арқылы автордың не айтқысы келді деп ойлайсың? Мәтіннен дәлелдер келтір.

_____
_____

2-тапсырма
Оқылымға берілген мәтінді үш бөлікке бөліп, әр бөлікке ат қой.

| **Мәтіннің бөліктері** | **Тақырып** |
|---|---|
| Кіріспе | |
| Негізгі бөлім | |
| Қорытынды | |

III. Сабақ барысында толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары

4-сыныпқа арналған «Әдебиеттік оқу» пәнінен оқу бағдарламасын зерделеу нәтижесінде 5-сыныптағы «Қазақ әдебиеті» оқу пәнінің оқыту мақсаттарымен кіріктіруге болатын оқыту мақсаттары анықталды [14]. Кіріктіруге болатын оқыту мақсаттары ұсыныс түрінде берілген (24.4-кесте).

24.4-кесте – 4-5-сыныптардың кіріктірілетін оқыту мақсаттары

| **Бөлімше атауы** | **Оқыту мақсаттары** | | |
|---|---|---|---|
| | **5-сынып** | **4-сынып** | |
| 1) Түсіну және жауап беру | | Бөлімше (түйінді дағдылар) | Сөйлеу әрекетінің түрлері бойынша оқу мақсаттары |
| 1. Көркем шығарманың мазмұны мен пішіні | 5.1.1.1 әдеби шығарманың жанрына қарай фабуласы мен сюжеттік дамуын сипаттау | 2.5 Шығарманың композициясын анықтау | 4.2.5.1 мұғалімнің көмегімен шығарманың композициялық құрылымын (сюжеттің басталуы, дамуы, шиеленісуі, шарықтау шегі, шешімі) анықтау |
| 2. Әдеби шығарманың тұжырымдамасы | 5.1.2.1 әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтау | 2.3 Шығарманың тақырыбы мен ондағы негізгі ойды анықтау | 4.2.2.1 шығарманы қайта құруға, интерпретациялау-ға және бағалауға негізделген сұрақтар қою және жауап беру;<br>4.2.3.1 шығарманың тақырыбы және негізгі ойды анықтау, автордың ойын мәтін деректерінен келтіре отырып дәлелдеу |
| 3.Көркем шығармадағы образ | 5.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашу | 2.6 Кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалау | 4.2.6.1 кейіпкердің, кейіпкерлердің іс-әрекеті, мінез-құлқының өзгеру себептерін мәтіннен тауып, салыстырып бағалау |
| 4. Шығарма үзінділерімен жұмыс | 5.1.4.1 көркем шығармалардан шағын көлемді үзінділерді мәнерлеп оқу, жатқа айту | 2.1 Оқу түрлерін қолдану | 4.2.1.1 шығарманы дауыстап түсініп, рөлге бөліп, мәнерлеп оқу, теріп оқу, шапшаң оқу |
| 2) Анализ және интерпретация | | Бөлімше (түйінді дағдылар) | Сөйлеу әрекетінің түрлері бойынша оқу мақсаттары |
| 1. Әдеби шығарманың композициясы | 5.2.1.1 әдеби шығармадағы екі нәрсені салыстыра суреттеулер мен қарама-қарсы суреттеулерді табу | 2.8 Көркем шығарма элементтерін салыстыру | 4.2.8.1 эпизодтар мен оқиғалардың негізінде жатқан маңызды тұстарын талдау және салыстыру |
| 3. Көркем шығарманың тілі | 5.2.3.1 шығармадағы тілдік бейнелеу, суреттеу құралдарының (теңеу, эпитет, ауыспалы мағынадағы сөздер, қайталау, өлең құрылысы) мағынасын анықтау | 2.7 Әдеби көркемдеуіш құралдардың қолданысын анықтау | 4.2.7.1 шығармадан әдеби көркемдегіш құралдарды (теңеу, кейіптеу, эпитет, аллитерация, әсірелеу) табу және оларды қолдану |
| 4. Шығармашылық | 5.2.4.1 көркем шығармадан алған | 3.2 шығарманың түрлі жанры | 4.3.2.1 таныс мәтінге жаңа кейіпкерлер қосу, жаңа |

| | | | |
|---|---|---|---|
| жұмыс | әсерін сипаттап авторға хат, өлең жазу | бойынша шығармашылық жұмыс жазу | сюжеттер енгізу, өлең (төрт жолды) жазу; |
| | | 3.4 Қатені табу және түзету | 4.3.4.1 мұғалімнің көмегімен шығарманың құрылымын, стилін жетілдіру, өз бетінше сын тұрғысынан бағалау және лексикалық, орфографиялық, пунктуациялық қателерді тауып түзету |

IV. Кіріктірілетін оқыту мақсаттары бойынша ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгісі

Әрі қарай республика мектептерінің педагогтері әзірлеген сабақтардың қысқа мерзімді жоспарларының үлгілері ұсынылады:

## Қысқа мерзімді сабақ жоспарлары

| | |
|---|---|
| **І бөлім. Таза, мінсіз асыл сөз**<br>Мерзімі 18.09.2021ж Сабақ №5<br>Сабақтың тақырыбы: Ертегі. Ертегі түрлері. «Керқұла атты Кендебай» Қазанғап кедей. Кендебайдың өмірге келуі | Мектеп «Д. Бабаев атындағы №115 жалпы білім беретін мектеп» КММ<br>Мұғалім: Нусупбекова Мейрамгүл Барказатқызы |
| Сынып: 5<br>қазақ әдебиеті | Қатысқандар- 23 Қатыспағандар-1 онлайн |
| Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары | 5.1.1.1 әдеби шығарманың жанрына қарай фабуласы мен сюжеттік дамуын сипаттау<br>4.2.5.1 мұғалімнің көмегімен шығарманың композициялық құрылымын (сюжеттің басталуы, дамуы, шиеленісуі, шарықтау шегі, шешімі) анықтау |
| Сабақ мақсаттары | Барлық оқушылар орындай алады:<br>Ертегі, оның түрлері туралы мәлімет алады, «Керқұла атты Кендебай» ертігісінің мазмұнымен танысады. |
| | Оқушылардың көпшілігі орындай алады:<br>Сұрақтарға толық жауап бере алады, ертегінің сюжетіне талдау жасайды, ертегіні басқа ертегімен салыстыра алады. |
| | Кейбір оқушылар орындай алады:<br>Ертегінің фабуласын баяндап бере алады, шығарма сюжеті композициясының өрбу кезеңдеріне сәйкес кейіпкерлер диалогін құрастыра алады. |
| Бағалау критерийлері | *Ертегінің мазмұнын түсінеді және кейіпкерлерге сипаттама бере алады.* |
| Тілдік мақсат | Оқушылар орындай алады: Сұрақтарға жауап бере алады, ертегіні салыстыра алады, сценарий құрастыра алады. |
| | Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер:<br>*Сюжет, композиция, фабула, кейіпкер, тақырып* |

| | |
|---|---|
| | Диалог құруға/шығарма жазуға арналған пайдалы тіркестер:<br>*Қазанғап кедей, Керқұла атты Кендебай, алты күнде күліпті, алпыс күнде жүріпті, алты жылда алып бала болыпты.* |
| | *Талқылауға арналған сұрақтар:* |
| | - *Әдеби жанр дегеніміз не?*<br>- *Шығарманың қаһарманы деген ұғымның анықтамасы қандай?*<br>- *Не себепті Кендебай ерекше тез өсті?*<br>- *Неліктен баланың атын Кендебай қойған?*<br>- *Керқұланы қалай асырап алады?* |
| | *Ишара: жест, ым-ишара, қол сигналдары* |
| Құндылықтарға баулу | Ұлттық құндылықтар |
| Пәнаралық байланыс | *қазақ тілі* |

Жоспар

| Жоспарланған уақыт | Жоспарланған жаттығу түрлері | | Ресурстар |
|---|---|---|---|
| | Мұғалім әрекеті | Оқушы әрекеті | |
| *Басы*<br>*5минут*<br>Қызығушылықты ояту | Ойсергек. «Өзіңе тілегенді өзгеге тіле»<br><br>«Жуан және жіңішке сұрақтар» әдісі | Оқушылар қағазға тілек жазады, шашу етіп шашып, қалаған қағаздарын алып, тілекті оқып барып орындарына отырады.<br><br>1.Пролог дегеніміз не?<br>2.Эпилог ше?<br>3. Кендебайдың ерекшелігі мен Керқұланың ерекше болуының себебі неде?<br>4.Халық өзі армандаған кейіпкері арқылы нені көрсеткісі келеді?<br>5. Ертегінің фабуласы қалай болады? | https://www.youtube.com/watch?v=pItdxTiLpww |
| *Ортасы*<br>*30минут* | «Дананың кілттері»<br>1. «Әліпби» кілті<br>Ертегінің кейіпкерлерін А-дан Я-ға дейінгі әліпби ретімен тізбектеп жазыңдар.<br>2. «Егер де» кілті<br>Егер осы ертегінің авторы болсаңдар қандай оқиғалар қосар едіңдер?<br>3. «Қиыстыру» кілті<br>4-тапсырма, 17-бет<br>4. «Талдау» кілті<br>5-тапсырма, 17-бет | Ертегі кейіпкерлерін әліпби ретімен жазып шығады.<br>Мыс: *Арыстан, дәу, Мергенбай, Кендебай, Керқұла, Қазанғап...*<br><br>Өз жауаптарын ұсынады.<br><br>Сұрақтарға жауап береді.<br>Ертегінің фабуласын қиыстырып айтады.<br><br>Ертегінің сюжетін топта талдап, оқиғаның шиеленісуі мен аяқталуы туралы пікірлер айтады. | Үлестірме қағаздар, маркер, Стикер<br><br>Оқулық 9-17-бет |
| *Соңы*<br>*5 минут*<br><br>*Кері байланыс* | «Мадақтау сэндвичі» | 1-бөлік бойынша не ұнады?<br>2-бөлікте не нәрсені жақсарту керек?<br>3-бөлікте маған ұнады, бірақ келесі жолы ... | кесте |

| | | | |
|---|---|---|---|
| *Үй тапсырмасы* | 9-16-беттер оқу,<br>8-тапсырма, 17-бет | Керқұла атты Кендебайдың ерлігін сипаттайтын жерлерді ертегіден тауып, өздері білетін басқа ертегімен салыстырып келеді. | |

| **Қосымша ақпарат** | | |
|---|---|---|
| Саралау – оқушыға мейлінше қолдау көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілетті оқушыға тапсырманы қалай түсіндіресіз? | Бағалау – оқушы білімін тексеруді қалай жоспарлайсыз? | Денсаулық және қауіпсіздік<br>АКТ- мен байланыс |
| «Дананың кілттері» бойынша төрт кілтпен сабақты үйлестіремін. Топтық белсенді оқу ортасын құруға жағдай туғызамын. | Сабақтың өн бойында қалыптастырушы бағалау жүзеге асады. | «Өзіңе тілегенді өзге ге де тіле» |
| Рефлексия<br>Сабақтың мақсаты мен оқу міндеттері орындалды ма?<br><br>Бүгін оқушылар не үйренді?<br><br>Сабақ қалай өтті,қандай деңгейде өтті?<br><br>Жоспарланған саралау жақсы іске асты ма?(тапсырмалар сәйкес болды ма?)<br><br>Уақытты қалай пайдаландым?<br><br>Жоспарыма қандай өзгеріс енгіздім және неге? | | |
| Қорытынды бағалау<br>Ең жақсы өткен екі нәрсе(оқыту мен оқуға қатысты)<br>1:<br>2:<br><br>Қандай екі нәрсе немесе тапсырма сабақтың одан да жақсы өтуіне ықпалын тигізер еді (оқыту мен оқуға қатысты)<br>1:<br>2: | | |

| **I бөлім. Таза, мінсіз асыл сөз**<br>Мерзімі 20.09.2021ж Сабақ №6<br>Сабақтың тақырыбы: Кендебай және қойшы бала. Керқұла ат пен Кендебай. Малшы Кендебай. | Мектеп «Д. Бабаев атындағы №115 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі<br>Мұғалім: Нусупбекова Мейрамгүл Барказатқызы |
|---|---|

| | |
|---|---|
| Сынып: 5 қазақ әдебиеті | Қатысқандар- 24 Қатыспағандар-1 онлайн |
| Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары | 5.1.2.1 әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтау<br>4.2.3.1 шығарманың тақырыбы және негізгі ойды анықтау, автордың ойын мәтін деректерінен келтіре отырып дәлелдеу |

| | |
|---|---|
| Сабақ мақсаттары | Барлық оқушылар орындай алады:<br>Мәтінмен жұмыс жасай алады, мәтіннен кейіпкердің әрекетін тауып сипаттай алады. |
| | Оқушылардың көпшілігі орындай алады:<br>Керқұла ат пен Кендебайдың ерекшеліктері мен ерліктерін салыстыра алады. Оқиғаны баяндай алады. |
| | Кейбір оқушылар орындай алады:<br>9-тапсырма бойынша Мергенбай батырға арнап эссе жазуда ой ұшқырлығын танытады, жазбаша сөйлеу тілі қалыптасады. |
| Бағалау критерийлері | - *кейіпкердің іс әрекетіне талдау жасайды және эссе жаза алады.* |
| Тілдік мақсат | Оқушылар орындай алады: Мәтінді тыңдайды, кейіпкерлердің іс әрекеттері сипатталған бөлікті ажырата алады, Мергенбай батыр туралы эссе жаза алады. |
| | Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер:<br>**Ырғай** (лат. *Sambucus*) – немесе **Аюбадам** байсаттар тұқымдасына жататын көбіне бұталы өсімдіктер, кейде талдар тегі.<br>**Ши** (лат. *Achnatherum*) – астық тұқымдасына жататын шөптесін өсімдік түрі, Биіктігі 50—220 см, (ені 3—2 мм), |
| | Диалог құруға/шығарма жазуға арналған пайдалы тіркестер:<br>*Көкжал мен Кендебай, бала мен Кендебай, алты құлаш алмас қылыш, жүз батпан шоқпар, мойындары ырғайдай, сирақтары шидей* |
| | *Талқылауға арналған сұрақтар:* |
| | - *Ертегіде құлын қалай өседі?*<br>- *Алты құлаш алмас қылыш көздеріңе қалай елестейді?*<br>- *Жүз батпан шоқпар деген қандай шоқпар?* |
| | *Ишара: жест, ым-ишара, қол сигналдары* |
| Құндылықтарға баулу | Ұлттық құндылықтар |
| Пәнаралық байланыс | *қазақ тілі* |
| Тақырып бойынша алдыңғы білім | Кендебайдың суретін салып келу |

| Жоспар | | | |
|---|---|---|---|
| Жоспарланған уақыт | Жоспарланған жаттығу түрлері | | Ресурстар |
| | Мұғалім әрекеті | Оқушы әрекеті | |
| *Басы*<br>*5минут*<br>Қызығушылықты ояту | «Жүректен-жүрекке» | Шаттық шеңберіне тұрып, бір-біріне жақсы тілек айтады. | |
| *Ортасы*<br>*30минут* | Тапсырма:<br>1.Көкжал мен Кендебай арасындағы тартысты суреттеп жазыңдар.<br>2.Ертегідегі құлынның өсуін сипаттайтын сөздерді теріп жазыңдар.<br>3. Бала мен Кендебай арасындағы диалогті жазыңдар. | Берілген үш тапсырмаға жазбаша жауап жазады. | Үлестірме қағаздар, маркер, Стикер https://www.youtube.com/watch?v=pItdxTiLpww |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | 9-тапсырма, 18-бет «Керқұла атты Кендебай» ертегісіндегі Мергенбай батырға арнап эссе жазыңдар. | Эссе жазады. | Оқулық 9-19-бет |
| *Соңы 5 минут*<br><br>*Кері байланыс*<br><br>*Үй тапсырмасы* | «Мадақтау сэндвичі»<br><br>9-16-беттер оқу, 12-тапсырма, 19-бет | **1 бөлік** – позитивті комментарий, не ұнады;<br>**2 бөлік** – сындарлы сын, не нәрсені жақсарту керек;<br>**3 бөлік** – келешекке (маған ұнады, бірақ келесі жолы) «Менің сөз әлемім» тақырыбында өз қиялдарын қосып эссе жазып келеді | кесте |
| **Қосымша ақпарат** | | | |
| Саралау – оқушыға мейлінше қолдау көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілетті оқушыға тапсырманы қалай түсіндіресіз? | | Бағалау – оқушы білімін тексеруді қалай жоспарлайсыз? | Денсаулық және қауіпсіздік АКТ- мен байланыс |
| Топтық белсенді оқу ортасын құруға жағдай туғызамын. | | Сабақтың өн бойында қалыптастырушы бағалау жүзеге асады. | «Өзіңе тілегенді өзге ге де тіле» |
| Рефлексия<br>Сабақтың мақсаты мен оқу міндеттері орындалды ма?<br>Бүгін оқушылар не үйренді?<br>Сабақ қалай өтті,қандай деңгейде өтті?<br>Жоспарланған саралау жақсы іске асты ма?(тапсырмалар сәйкес болды ма?)<br>Уақытты қалай пайдаландым?<br>Жоспарыма қандай өзгеріс енгіздім және неге? | | | |
| Қорытынды бағалау<br>Ең жақсы өткен екі нәрсе(оқыту мен оқуға қатысты)<br>1:<br>2:<br>Қандай екі нәрсе немесе тапсырма сабақтың одан да жақсы өтуіне ықпалын тигізер еді (оқыту мен оқуға қатысты)<br>1:<br>2: | | | |

| | |
|---|---|
| **І бөлім. Таза, мінсіз асыл сөз**<br>Мерзімі 23.09.2021ж Сабақ №7<br>Сабақтың тақырыбы: :<br>«Қобыланды батыр». Қобыланды батырдың дүниеге келуі.<br>Қобыланды мен Құртқа қыз. | Мектеп «Д. Бабаев атындағы №115 жалпы білім беретін мектеп» КММ<br>Мұғалім: Нусупбекова Мейрамгүл Барқазатқызы |
| Сынып: 5<br>қазақ әдебиеті | Қатысқандар- 24 Қатыспағандар-1 онлайн |

| | |
|---|---|
| Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары | 5.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашу<br>4.2.6.1 кейіпкердің, кейіпкерлердің іс-әрекеті, мінез-құлқының өзгеру себептерін мәтіннен тауып, салыстырып бағалау |
| Сабақ мақсаттары | Барлық оқушылар орындай алады: «Қобыланды батыр» жырының бірінші, екінші бөлімінің мазмұнымен танысады. Жырды оқиды, кейіпкерлерді анықтайды. |
| | Оқушылардың көпшілігі орындай алады:<br>Жырдағы жер-су атауларын теріп жаза алады, Қобыланды мен Құртқа әрекеттеріне талдау жасай алады. |
| | Кейбір оқушылар орындай алады:<br>Қобыландының ерлік әрекеттерін жырдан таба алады, Құртқаның ақылдылығы туралы өз көзқарастарын айтады. |
| Бағалау критерийлері | - *Көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын аша алады.* |
| Тілдік мақсат | Оқушылар орындай алады: «Қобыланды батыр» жырының бірінші, екінші бөлімінің мазмұнымен танысады. Жырды оқиды, кейіпкерлерді анықтайды. |
| | Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер:<br>Қозыжауырын жебе, ақ алмасқа қол салды, семсерменен серместі. Намазшам, Құтпан,кез, жад қылу, сауыт. Құда, пір |
| | Диалог құруға/шығарма жазуға арналған пайдалы тіркестер:<br>*Қарақыпшақ Қобыланды, Қорасанға қой айтып,* |
| | *Талқылауға арналған сұрақтар:* |
| | --*«Қобыланды батыр» жырынан басқа тағы қандай жырларды білесіңдер?*<br>- *Жырдағы Қобыланды бейнесінің прототипі бар ма?*<br>*Ишара: жест, ым-ишара, қол сигналдары* |
| Құндылықтарға баулу | Ұлттық құндылықтар, батырлық, ерлік |
| Пәнаралық байланыс | *қазақ тілі* |
| Тақырып бойынша алдыңғы білім | Батырлар жыры туралы ақпарат жинау |

Жоспар

| Жоспарланған уақыт | Жоспарланған жаттығу түрлері | Ресурстар |
|---|---|---|
| *Басы*<br>*5минут*<br>Қызығушылықты ояту | **«Өзі туралы кластер» тренинг**<br>Оқушылар танысу үшін өздері туралы кластерлер құрастыруы керек. Олар парақтың ортасындағы шеңберге өз есімдерін жазып, одан таралатын шеңберлерге өздерінің өмірінде маңызы бар бес негізгі рөлін жазады. Мысалы: Жанұяның еркесі, адал дос т.б | |

| | | |
|---|---|---|
| *Ортасы*<br>*30минут*<br>*«Шынжыр»*<br>*10 минут*<br><br>*1-тапсырма*<br>*10минут*<br>*2-тапсырма*<br>*10 минут* | **«Шынжыр» әдісімен** қатар бойынша «Қобыланды батырдың дүниеге келуі» және «Қобыланды мен Құртқа қыз» бөлімдерін оқиды.<br>**«Түртіп алу» әдісі бойынша** 1-тапсырма, 49-бет<br>Өздеріңе таныс емес сөздерге назар аударып, олардың мағынасын түсіндірме сөздіктің көмегімен анықтаңдар.<br>2-тапсырма, 49-бет<br>Жырдағы жер-су атауларын тауып, үзінді арқылы олардың қандай мекен екенін дәптерлеріне жазып алады.<br><br>**«Ыстық орындық»** орындық әдісі **(**Бір оқушы алдыңғы жақта, орындықтар оны айнала қоршай орналастырылады.<br>Жаттығудың сипаттамасы:<br><br>Бір оқушы алға шығып өз пікірін айтып және тақырып бойынша сұрақтарға жауап береді. Сұрақты анағұрлым мазмұнды қылу үшін, оқушылар белгілі бір пікір бойынша бірлесіп алға шығып сөйлей алады. | https://www.youtube.com/watch?v=4V8zDaqHa-0&t=71s |
| *Соңы*<br>*5 минут*<br><br>*Кері байланыс* | **«Серпілген сауал» әдісі:**<br>1.Батырдың кеудеге киетін киімі /сауыт/<br>2.Батырдың бас киімі /дулыға/<br>3.Алыстан түйрейтін қару /найза/<br>4.Өткір ,үлкен, пышақ /қанжар/<br>5.Қобыландының руы /қыпшақ/<br>6.Қаһарман- өжет адам /батыр/<br>7. Қобыландының ғашық жары /Құртқа/<br>8. Қобыландының Найман руынан шыққан досы /Қараман/<br>9. Қобыландының анасы /Аналық/<br>10. Сексен жасқа келген Қыпшақ руының байы /Тоқтарбай/<br>11. Қобыландының қарындасы /Қарлығаш/<br>12. 12 күнде жеңген жауы /Қазан хан/ | |

| | | |
|---|---|---|
| Саралау – оқушыға мейлінше қолдау көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілетті оқушыға тапсырманы қалай түсіндіресіз? | | |
| Топтық белсенді оқу ортасын құруға жағдай туғызамын. | | |
| Рефлексия<br>Сабақтың мақсаты мен оқу міндеттері орындалды ма?<br><br>Бүгін оқушылар не үйренді?<br><br>Сабақ қалай өтті,қандай деңгейде өтті?<br><br>Жоспарланған саралау жақсы іске асты ма?(тапсырмалар сәйкес болды ма?)<br><br>Уақытты қалай пайдаландым?<br><br>Жоспарыма қандай өзгеріс енгіздім және неге? | | |

| |
|---|
| Қорытынды бағалау<br>Ең жақсы өткен екі нәрсе(оқыту мен оқуға қатысты)<br>1:<br>2:<br><br>Қандай екі нәрсе немесе тапсырма сабақтың одан да жақсы өтуіне ықпалын тигізер еді (оқыту мен оқуға қатысты)<br>1:<br>2: |

| | |
|---|---|
| **І бөлім. Таза, мінсіз асыл сөз**<br>Мерзімі 11.10.2021 ж. Сабақ №11<br>Сабақтың тақырыбы: Тайбурылдың тууы, өсуі. Қобыланды мен Қараман батырдың Қазанға қарсы жорығы. | Мектеп «Д. Бабаев атындағы №115 жалпы білім беретін мектеп» КММ<br>Мұғалім: Нусупбекова Мейрамгүл Барқазатқызы |

| | |
|---|---|
| Сынып: 5<br>қазақ әдебиеті | Қатысқандар- Қатыспағандар- |
| Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары | 5.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашу<br>4.2.6.1 кейіпкердің, кейіпкерлердің іс-әрекеті, мінез-құлқының өзгеру себептерін мәтіннен тауып, салыстырып бағалау |
| Сабақ мақсаттары | Барлық оқушылар орындай алады: «Қобыланды батыр» жырының үшінші, төртінші бөлімінің мазмұнымен танысады. Жырды оқиды, кейіпкерлерді анықтайды. |
| | Оқушылардың көпшілігі орындай алады:<br>Қараман мен Қобыланды образын салыстыра алады, ерліктеріне сипаттама бере алады, кейіпкерлерге талдау жасайды. |
| | Кейбір оқушылар орындай алады:<br>Кейіпкерлерге салыстырмалы мінездеме бере алады, өз пікірін жүйелі жаза алады, сыни көзқарастарын көрсетеді, жыр мәтінінен дәлелдер келтіре алады. |
| Бағалау критерийлері | - □ Шығарма кейіпкерлерінің бойындағы жағымды, жағымсыз қасиеттерді ажыратады<br>□ Кейіпкерлердің қасиеттерін шынайы өмірдегі адамдармен салыстыра бағалайды. |
| Тілдік мақсат | Оқушылар орындай алады: : «Қобыланды батыр» жырының үшінші, төртінші бөлімінің мазмұнымен танысады. Жырды оқиды, кейіпкерлерді анықтайды. |
| | Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер:<br>Қырлы қала, Сырлы қала, Қызылбас елі, Қазан ер, әлқисса |
| | Диалог құруға/шығарма жазуға арналған пайдалы тіркестер:<br>*Сүйекке таңба емес пе? Атадан ер боп туғасын...* |
| | *Талқылауға арналған сұрақтар:* |
| | - «Атадан ер боп туу» дегеннің мағынасы қандай?<br>- Ноғайлының жерін Қызылбастардың тартып алуы Қараманның намысына тиді ме?<br>- Қараман неліктен Қобыландыны әйеліңмен ақылдасасың деп жазғырды?<br>*Ишара: жест, ым-ишара, қол сигналдары* |

<table>
<tr><td>Құндылықтарға баулу</td><td colspan="2">Ұлттық құндылықтар, батырлық, ерлік</td></tr>
<tr><td>Пәнаралық байланыс</td><td colspan="2">қазақ тілі</td></tr>
<tr><td>Тақырып бойынша алдыңғы білім</td><td colspan="2">Батырлар жыры туралы ақпарат жинау</td></tr>
<tr><td colspan="3">Жоспар</td></tr>
<tr><td>Жоспарланған уақыт</td><td>Жоспарланған жаттығу түрлері</td><td>Ресурстар</td></tr>
<tr><td>Басы<br>5минут<br>Қызығушылықты ояту</td><td>«Жүректен жүрекке» Бір-біріне ізгі тілектерін айтады.<br>Сабақтың тақырыбына сәйкес оқу мақсатын хабарлау.<br>Орындалатын тапсырмаларға тоқталу, бағалауды талқылау.</td><td></td></tr>
<tr><td>Ортасы<br>30минут<br>«Шынжыр»<br>10 минут<br>Қалыптасты рушы бағалау<br>15-20 минут</td><td>«Шынжыр» әдісімен «Тайбурылдың тууы, өсуі». «Қобыланды мен Қараман батырдың Қазанға қарсы жорығы». бөлімдерін оқиды.<br><br>Қ. Оқу мақсаты 5.Б/С2. Кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалау<br>Бағалау критерийі Білім алушы<br> Шығарма кейіпкерлерінің бойындағы жағымды, жағымсыз қасиеттерді ажыратады<br> Кейіпкерлердің қасиеттерін шынайы өмірдегі адамдармен салыстыра бағалайды<br>1-тапсырма<br>Шығармадағы бір кейіпкерге таңдау жасаңыз. Кейіпкердің бойындағы жағымды және жағымсыз қасиеттерін топтастырыңыз.
<table>
<tr><td>Кейіпкер</td><td>Жағымды қасиеттері</td><td>Дәлел</td><td>Жағымсыз қасиеттері</td><td>Дәлел</td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>
2-тапсырма<br>Өзіңіз таңдаған бір кейіпкердің бойындағы қасиеттерді қазіргі өмірдегі адамдармен салыстыра отырып бағалаңыз.<br>.....<br>Дескриптор<br>- әр жағымды және әр жағымсыз қасиетке шығармадан 1 дәлел келтіреді;<br>- шығарма кейіпкерлердің бойындағы анықталған қасиеттердің қазіргі өмірдегі адамдардың бойында кездесу/ кездеспеуін салыстырады.<br>- салыстыру арқылы кейіпкерге өзіндік баға береді.</td><td></td></tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| | 3-тапсырма<br>Жырдағы кейіпкерлердің портреті мен іс-әрекетін талдаңыз. Өз пікіріңізді білдіре отырып, кейіпкерлердің іс-әрекетін шынайы өмірмен салыстыра сипаттаңыз.<br>**Дескриптор**<br>- жырдағы кейіпкерлердің портретін анықтайды;<br>- кейіпкерлердің іс-әрекетіне 2 мысал жазады;<br>- кейіпкерлердің портреті мен іс-әрекетін шынайы өмірмен салыстыра отырып, өз пікірімен сипаттайды. | |
| *Соңы*<br>*5 минут*<br>*Кері байланыс* | «Үш Қ» әдісі<br>Сабақта не Қиын, не Қызық, не Құнды болды? | |

| Кейіпкер | портреті (жыр бойынша) | іс-әрекеті (жыр бойынша) | XXI ғасырда .... (қазіргі өмірге сай өз пікірі) |
|---|---|---|---|
| Қобыланды | | | |
| Құртқа | | | |
| Қараман | | | |

| | |
|---|---|
| Саралау – оқушыға мейлінше қолдау көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілетті оқушыға тапсырманы қалай түсіндіресіз? | |
| Топтық белсенді оқу ортасын құруға жағдай туғызамын. | |
| Рефлексия<br>Сабақтың мақсаты мен оқу міндеттері орындалды ма?<br>Бүгін оқушылар не үйренді?<br>Сабақ қалай өтті,қандай деңгейде өтті?<br>Жоспарланған саралау жақсы іске асты ма?(тапсырмалар сәйкес болды ма?)<br>Уақытты қалай пайдаландым?<br>Жоспарыма қандай өзгеріс енгіздім және неге? | |
| Қорытынды бағалау<br>Ең жақсы өткен екі нәрсе(оқыту мен оқуға қатысты)<br>1:<br>2:<br><br>Қандай екі нәрсе немесе тапсырма сабақтың одан да жақсы өтуіне ықпалын тигізер еді (оқыту мен оқуға қатысты)<br>1:<br>2: | |

| | |
|---|---|
| **I бөлім. Таза, мінсіз асыл сөз**<br>Мерзімі 13.10.2021ж Сабақ №12<br>Сабақтың тақырыбы: Қобыланды батырдың жорыққа аттануы. Қобыландының Сырлы қала мен Қырлы қаланы алғандағы ерлігі | Мектеп «Д. Бабаев атындағы №115 жалпы білім беретін мектеп» КММ<br>Мұғалім: Нусупбекова Мейрамгүл Барқазатқызы |
| Сынып: 5<br>қазақ әдебиеті | Қатысқандар- Қатыспағандар- |

| | |
|---|---|
| Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары | 5.2.4.1 көркем шығармадан алған әсерін сипаттап авторға хат, өлең жазу<br>4.3.2.1 таныс мәтінге жаңа кейіпкерлер қосу, жаңа сюжеттер енгізу, өлең (төрт жолды) жазу; |
| Сабақ мақсаттары | Барлық оқушылар орындай алады:<br>Қобыланды батырдың жорыққа аттану себептерін түсінеді,<br>Қобыландының ерліктеріне сипаттама бере алады. |
| | Оқушылардың көпшілігі орындай алады:<br>Сырлы қала мен Қырлы қаланы алу кезіндегі Қобыландының ерліктеріне салыстырмалы талдау жасай алады. |
| | Кейбір оқушылар орындай алады:<br>Мәтін мазмұнындағы таныс емес сөздердің мәнін аша алады, сыни көзқарастарын білдіреді. |
| Бағалау критерийлері | - □ Шығарма кейіпкерлерінің бойындағы жағымды, жағымсыз қасиеттерді ажыратады<br>□ Қобыландының қасиеттерін шынайы өмірдегі адамдармен салыстыра бағалайды. |
| Тілдік мақсат | Оқушылар орындай алады: : «Қобыланды батыр» жырының үшінші, төртінші бөлімінің мазмұнымен танысады. Жырды оқиды, кейіпкерлерді анықтайды. |
| | Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер:<br>Күлтөбе, Қыздыкөл, Құмыра, Қотан, Қоскөл, дуадақ, көккұтан, қарабай, жек, ақ қарабас, лашын |
| | Диалог құруға/шығарма жазуға арналған пайдалы тіркестер:<br>*Беліне семсер іледі, Қараспан тауын бөктерлеп, сеңгір-сеңгір таулардан, барлы, барлы, барлы тау* |
| | *Талқылауға арналған сұрақтар:* |
| | - «Атадан ер боп туу» дегеннің мағынасы қандай?<br>- Ноғайлының жерін Қызылбастардың тартып алуы Қараманның намысына тиді ме?<br>- Қараман неліктен Қобыландыны әйеліңмен ақылдасасың деп жазғырды?<br>*Ишара: жест, ым-ишара, қол сигналдары* |
| Құндылықтарға баулу | Ұлттық құндылықтар, батырлық, ерлік |
| Пәнаралық байланыс | *қазақ тілі* |
| Тақырып бойынша алдыңғы білім | Батырлар жыры туралы ақпарат жинау |

Жоспар

| Жоспарланған уақыт | Жоспарланған жаттығу түрлері | Ресурстар |
|---|---|---|
| *Басы*<br>*5минут*<br>Қызығушылықты ояту | «Жүректен жүрекке» Бір-біріне ізгі тілектерін айтады.<br>Сабақтың тақырыбына сәйкес оқу мақсатын хабарлау.<br>Орындалатын тапсырмаларға тоқталу, бағалауды талқылау. | |

| | | |
|---|---|---|
| *Ортасы*<br>*30минут*<br>*«Шынжыр»*<br>*10 минут*<br>*Қалыптасты рушы бағалау*<br>*15-20 минут* | «Шынжыр» әдісімен «Қобыланды батырдың жорыққа аттануы». «Қобыландының Сырлы қала мен Қырлы қаланы алғандағы ерлігі» бөлімдерін оқиды.<br><br>Оқу мақсаты 5.А/И4. Көркем шығармадан алған әсерін сипаттап авторға хат, өлең жазу<br>Бағалау критерийі *Білім алушы*<br>□ Стратегия бойынша авторға хат жазады<br>□ Хат мазмұнынан алған әсерімен бөліседі<br>Тапсырма<br>«РАФТ» стратегиясын негізге ала отырып, шығармадан алған әсеріңізбен бөлісіп, авторға хат жазыңыз (100-120 сөз).<br>Р (роль) - болашақ ұрпақ<br>А (аудитория) - автор<br>Ф (форма) - хат<br>Т (тақырып) - Отанға деген сүйіспеншілік<br>Дескриптор *Білім алушы*<br>- стратегия бойынша болашақ ұрпақ атынан авторға хат жазады;<br>- хат мазмұнында Отанға деген сүйіспеншілік сезімі туралы жеткізеді;<br>- шығармадан алған әсерін кейіпкерлер әрекетімен байланыстырады;<br>- хат құрылымын сақтайды. | https://www.youtube.com/watch?v=e2ID6qsTjAI |
| *Соңы*<br>*5 минут*<br>*Кері байланыс* | «Аяқталмаған сөйлем» әдісі<br>Сабақта мен .....түсіндім<br>Хат жазуда маған.....қиын болды<br>Маған.....оңай болды<br>Мен сабақта.....көмектестім<br>Маған.....көмектесті | |

| | | |
|---|---|---|
| Саралау – оқушыға мейлінше қолдау көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілетті оқушыға тапсырманы қалай түсіндіресіз? | | |
| Топтық белсенді оқу ортасын құруға жағдай туғызамын. | | |
| Рефлексия<br>Сабақтың мақсаты мен оқу міндеттері орындалды ма?<br>Бүгін оқушылар не үйренді?<br>Сабақ қалай өтті,қандай деңгейде өтті?<br>Жоспарланған саралау жақсы іске асты ма?(тапсырмалар сәйкес болды ма?)<br>Уақытты қалай пайдаландым?<br>Жоспарыма қандай өзгеріс енгіздім және неге? | | |


Қорытынды бағалау. Ең жақсы өткен екі нәрсе(оқыту мен оқуға қатысты)
1:
2:
Қандай екі нәрсе немесе тапсырма сабақтың одан да жақсы өтуіне ықпалын тигізер еді? (оқыту мен оқуға қатысты)
1:
2:

**Қысқа мерзімді жоспарлар**

| | |
|---|---|
| Бөлімі: | Таза мінсіз асыл сөз |
| Педагогтің аты-жөні: | Ажибаева У. Б |
| Күні: | |
| Сыныбы: | Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы: | «Қобыланды батыр» жыры. Алғашқы сын |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты | 4.2.5.1 мұғалімнің көмегімен шығарманың композициялық құрылымын (сюжеттің басталуы, дамуы, шиеленісуі, шарықтау шегі, шешімі) анықтау<br>5.1.1.1 әдеби шығарманың жанрына қарай фабуласы мен сюжеттік дамуын сипаттау |
| Сабақтың мақсаты: | **Барлық оқушылар:** әдеби шығарманың мазмұнын түсінеді.<br>**Көптеген оқушылар:** әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын, композициялық құрылымын анықтай алады.<br>**Кейбір оқушылар:** әдеби шығарманың көркемдік ерекшелігін анықтап, жанрына қарай фабуласы мен сюжеттік дамуын сипаттайды. |

**Сабақтың барысы:**

| Сабақ кезеңі/Уақыты | Педагогтің іс-әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы. Ұйымдастыру кезеңі | <br>**Миға шабуылы.**<br>*Суреттерде кім бейнеленген?*<br>*Олар туралы не білесіңдер?*<br>*Батырлар деп кімдерді айтамыз?*<br><br>«Қобыланды батыр» жыры аудиомәтіні | Сұрақтарға жауап береді.<br><br>Жырдың мазмұнымен танысады | Дескриптор<br>- *сурет бойынша тақырыпты болжайды;*<br>*-жырдың мазмұнын түсінеді;* | https://bilimland.kz/kk/search?q=%D2%9B%D0%BE%D0%B1%D1%8B%D0%BB%D0%B0%D0%BD%D0%B4%D1%8B+%D0%B1%D0%B0%D1%82%D1%8B%D1%80+%D0%B6%D1%8B%D1%80%D1%8B |
| Сабақтың ортасы | **1-тапсырма**<br>**«Қобыланды батыр» жырының сюжеттік композициялық құрылымын** | «Қобыланды батыр» жырын | Дескриптор<br>*-композициялық* | Қима қағаздар, оқулық |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **сәйкестендіріңіздер.**<br><br> | түсіне отырып, композициялық құрылымына талдайды | *құрылымын еске түсіреді;*<br>*-композициялық құрылымы бойынша сәйкестендіреді.* | |
| Сабақтың соңы | **Еске түсірейік!**<br><br>**Фабула** (лат.*Fabula* — аңыз, әңгіме, ертегі, мысал) — көркем шығармада суреттелген оқиғаны рет-ретімен жүйелеу.<br><br>**Сюжет** (фр.*sujet* - зат) - өзара жалғасқан оқиғалардың тізбегі, біртұтас желісі.<br><br>**2-тапсырма.**<br>**Шығарманың фабуласына қарай оқиғалар тізбегін реттілігімен орналастырыңыз.**<br><br>1. Қобыланды мен Қараманның Көбікті ханның еліне шабуыл жасауы<br>2. Батырлардың елін жаудан азат етуі | Фабула, сюжет анықтамасын өз беттерінше анықтайды. Оқулықты пайдалана отырып, шығарманың сюжетін ретімен орналастырады. Мұғалімнің жауабымен салыстыра отырып, дәлелдейді. | Дескриптор<br>*-фабула, сюжет анықтамасын еске түсіреді;*<br>*-фабуласына қарай оқиғалар тізбегін ретімен орналастырады.* | |

<table>
<tr><td></td><td>3. Қарлығаның Қобыландыны зынданнан шығаруы және батырдың Көбікті ханды жеңуі<br>4. Мергендігімен көзге түсіп, Көктім Аймақ ханның қызы Құртқаны, еліне алып келуі.<br>5. Қобыландының Сырлы қала мен Қырлы қаланы алғандағы ерлігі<br>6. Тоқтарбайдың перзентке зар болуы. Қыпшақ елі тілеуінің орындалуы<br>7. Құртқаның Тайбурылды бағып өсіруі<br>8. Қобыланды мен Қараман батырдың Қазанға қарсы жорығы<br>9. Қарлығаш пен Қобыландының дүниеге келуі</td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Бекіту</td><td>«Иә» несе «Жоқ» ойыны. Берілген ақпараттардың дұрыс немесе бұрыстығын анықтаңыз
<table>
<tr><th>№</th><th>Ақпарат</th><th>Иә</th><th>Жоқ</th></tr>
<tr><td>1</td><td>Қобыланды қара қыпшақ руынан</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>2</td><td>Қобыландының аты – Байшұбар</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>3</td><td>Қобыланды Құртқа жайлы алғаш анасы Аналықтан естиді</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>4</td><td>Қобыланды батыр – лиро-эпикалық жыр</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>5</td><td>Қобыланды батырдың әкесінің аты – Тоқтарбай</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>6</td><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>
Кері байланыс: «3-2-1» әдісі<br>3 маңызды ақпарат<br>2 маңызды мәселе<br>1 түйін<br><br>Үйге тапсырма: «Қобыланды батыр» жырындағы өздеріңізге ұнаған жыр үзінділерін мәнерлеп жатқа айтыңыздар</td><td>Жырдың мазмұнын түсіне отырып, сұрақтарға жауап береді. Оқулықтан дәлел келтіреді.</td><td>Дескриптор:<br>- берілген жырдың толық мазмұнын біледі;<br>- жауаптарын ажырата алады.</td><td>Оқулық, интерактивті тақта</td></tr>
</table>

| Қосымша ақпарат | | |
|---|---|---|
| Саралау – Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Сіз қабілеті жоғары оқушыларға тапсырманы күрделендіруді қалай жоспарлайсыз? | Бағалау - Оқушылардың үйренгенін тексеруді қалай жоспарлайсыз? | Пәнаралық байланыс<br>Қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелері<br>АКТ-мен байланыс<br>Құндылықтардағы байланыс |
| Рефлексия<br>Сабақ / оқу мақсаттары шынайы ма?<br>Бүгін оқушылар не білді?<br>Сыныптағы ахуал қандай болды?<br>Мен жоспарлаған саралау шаралары тиімді болды ма?<br>Мен берілген уақыт ішінде үлгердім бе? Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен? | Төмендегі бос ұяшыққа сабақ туралы өз пікіріңізді жазыңыз.<br>Сол ұяшықтағы Сіздің сабағыңыздың тақырыбына сәйкес келетін сұрақтарға жауап беріңіз. | |
| Қорытынды бағамдау<br>Қандай екі нәрсе табысты болды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?<br>1:<br>2:<br>Қандай екі нәрсе сабақты жақсарта алды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?<br>1:<br>2:<br>Сабақ барысында мен сынып немесе жекелеген оқушылар туралы менің келесі сабағымды жетілдіруге көмектесетін не білдім? | | |

V. Сабақтан тыс уақытта толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары

4-сыныпқа арналған «Әдебиеттік оқу» пәнінің оқу бағдарламасын зерделеу нәтижесінде 5-сыныптағы «Қазақ әдебиеті» оқу пәнінің оқыту мақсаттарымен кіріктіруге келмейтін және қайталауды қажет ететін оқыту мақсаттары анықталды [6]. Төменде кіріктіруге келмейтін және қайталауға ұсынылатын оқыту мақсаттары берілген (24.5-кесте).

24.5-кесте – 4-сыныптың кіріктіруге келмейтін және қайталауға ұсынылатын оқыту мақсаттары

| Бөлімше (түйінді дағдылар) | Тыңдалым және айтылым бөлімі (сөйлеу әрекетінің түрі) бойынша оқу мақсаттары |
|---|---|
| | 4-сынып |
| 1.1 Шығарманың мазмұнын түсіну | 4.1.1.1 шығарманың мазмұнын толық түсіну, кейбір тұстарын нақтылау, оқиғаның себеп-салдарын анықтау үшін сұрақтар қою және жауап беру |
| 1.2 Шығарманы мазмұндау | 4.1.2.1* шығарма мазмұнын түрлі баяндау тәсілдерін (I немесе III жаққа өзгертіп, жағдаяттар қосып, оқиғаларды өрбітіп) қолданып, шығарманы қысқаша, толық, ішінара мазмұндау |
| 1.3 Шығармадағы оқиғаны болжау | 4.1.3.1 шығарманың тақырыбы және қорытынды бөлімі негізінде сюжеттің дамуын болжау, оның себебін түсіндіру |
| 1.4 Тыңдарманның назарын аударту | 4.1.4.1 сөйлеу барысында мақал-мәтелдерді, өлең жолдарын, нақыл сөздерді, шешендік сөздерді және вербалды емес тілдік құралдарды қолдану |
| | 4.1.4.2 сөйлеу барысында иллюстрациялар, көрнекіліктер, фотосуреттер қолдану, презентация, видеоролик жасау |
| 1.5 Тыңдалған шығарма бойынша пікір білдіру | 4.1.5.1 өз ойы мен сезімін, көзқарасын өмірде болған, өзге шығармадағы ұқсас оқиғалармен салыстыра отырып білдіру |
| Бөлімше (түйінді дағдылар) | Оқылым бөлімі (сөйлеу әрекетінің түрі) бойынша оқу мақсаттары: |
| 2.1 Оқу түрлерін қолдану | 4.2.1.1 шығарманы дауыстап түсініп, рөлге бөліп, мәнерлеп оқу, теріп оқу, шапшаң оқу |
| | 4.2.1.2* шығарманы іштей көз жүгіртіп, шолып, түртіп алып, сұрақтар қоя отырып, қажетті ақпаратты тауып, белгі қойып оқу, талдау жасап оқу, сын тұрғысынан бағалап оқу |
| 2.2 Шығарманың мазмұны бойынша сұрақтар қою және жауап беру | 4.2.2.1 шығарманы қайта құруға, интерпретациялауға және бағалауға негізделген сұрақтар қою және жауап беру |
| 2.3 Шығарманың тақырыбы мен ондағы негізгі ойды анықтау | 4.2.3.1 шығарманың тақырыбы және негізгі ойды анықтау, автордың ойын мәтін деректерінен келтіре отырып дәлелдеу |
| 2.4 Әдеби шығарманың жанрын анықтау | 4.2.4.1 аңыз, шешендік сөз, батырлар жыры, фантастикалық әңгімелердің жанрлық ерекшеліктерін анықтау |
| 2.5 Шығарманың | 4.2.5.1 мұғалімнің көмегімен шығарманың композициялық |

| | |
|---|---|
| композициясын анықтау | құрылымын (сюжеттің басталуы, дамуы, шиеленісуі, шарықтау шегі, шешімі) анықтау |
| 2.8 Көркем шығарма элементтерін салыстыру | 4.2.8.2 көркем шығарманы басқа үлгідегі (иллюстрация, музыка (күй), мультфильм, кинофильм) нұсқасымен салыстыру |
| Бөлімше (түйінді дағдылар) | Жазылым бөлімі (сөйлеу әрекетінің түрі) бойынша оқу мақсаттары: |
| 3.1 Шығарманың жоспарын құру | 4.3.1.1 оқылған шығармадағы оқиға жүйесін анықтап, оны бөліктерге бөлу, әр бөлікке ат қойып, жоспар құру |
| 3.2 Шығарманың түрлі жанры бойынша шығармашылық жұмыс жазу | 4.3.2.1 таныс мәтінге жаңа кейіпкерлер қосу, жаңа сюжеттер енгізу, өлең (төрт жолды) жазу |

## VI. Кіріктіруге келмейтін және қайталауға ұсынылатын оқыту мақсаттары қарастырылатын консультациялардың кестесі

Білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды толықтыру үшін 5-сыныпта «Қазақ әдебиеті» пәнін оқу барысында кіріктіруге келмейтін және қайталау қажет болатын 4-сыныптың «Әдебиеттік оқу» пәнінің оқыту мақсаттары бойынша каникул кездерінде (күзгі, қысқы, көктемгі) консультациялар өткізу ұсынылады.

Төменде каникул кездерінде (күзгі, қысқы, көктемгі) өткізілетін консультация кестесінің үлгісі ұсынылған (24.6-кесте).

24.6-кесте – Каникул кездерінде (күзгі, қысқы, көктемгі) өткізілетін консультациялардың кестесі

| Өткізілетін мерзімі | Бөлімше атауы | Оқыту мақсаттары |
|---|---|---|
| Күзгі каникул | Тыңдалым және айтылым бөлімі (сөйлеу әрекетінің түрі) бойынша оқу мақсаттары | |
| | 1.1 Шығарманың мазмұнын түсіну | 4.1.1.1 шығарманың мазмұнын толық түсіну, кейбір тұстарын нақтылау, оқиғаның себеп-салдарын анықтау үшін сұрақтар қою және жауап беру |
| | 1.2 Шығарманы мазмұндау | 4.1.2.1* шығарма мазмұнын түрлі баяндау тәсілдерін (I немесе III жаққа өзгертіп, жағдаяттар қосып, оқиғаларды өрбітіп) қолданып, шығарманы қысқаша, толық, ішінара мазмұндау |
| | 1.3 Шығармадағы оқиғаны болжау | 4.1.3.1 шығарманың тақырыбы және қорытынды бөлімі негізінде сюжеттің дамуын болжау, оның себебін түсіндіру |
| | 1.4 Тыңдарманның назарын аударту | 4.1.4.1 сөйлеу барысында мақал-мәтелдерді, өлең жолдарын, нақыл сөздерді, шешендік сөздерді және вербалды емес тілдік құралдарды |

| | | |
|---|---|---|
| | | қолдану |
| | 1.5 Тыңдалған шығарма бойынша пікір білдіру | 4.1.5.1 өз ойы мен сезімін, көзқарасын өмірде болған, өзге шығармадағы ұқсас оқиғалармен салыстыра отырып білдіру |
| | Оқылым бөлімі (сөйлеу әрекетінің түрі) бойынша оқу мақсаттары: | |
| | 2.1 Оқу түрлерін қолдану | 4.2.1.1 шығарманы дауыстап түсініп, рөлге бөліп, мәнерлеп оқу, теріп оқу, шапшаң оқу |
| | | 4.2.1.2* шығарманы іштей көз жүгіртіп, шолып, түртіп алып, сұрақтар қоя отырып, қажетті ақпаратты тауып, белгі қойып оқу, талдау жасап оқу, сын тұрғысынан бағалап оқу |
| 3 минут | **«Білгенің жөн!» Жаңа ұғымдармен танысу** | 1. Толғаудың жанрлық ерекшелігіне тоқталып, анықтап өтеді.<br>2.Арнау ұғымына қатысты А.Байтұрсынұлының ғылыми жіктелімімен таныстырады. | 1.Толғаудың жанрлық ерекшелігін анықтауға тырысады.<br>2. Арнау жанры туралы өз білімдерін толықтырады.<br>**Арнау** – адамның немесе ақынның өзіне не өзгеге, кейде тіпті жалпы жұртқа арнайы тіл қатуы, көпшілікке қайырыла сөйлеуі, олармен іштей кеңесуі.<br>**Жарлай арнау**<br>Ақын жеке адамға емес, жалпы жұртқа қайырыла сөйлеп, жеке адаммен оңаша емес, жалпы жұртпен жария кеңесуі.<br>Мысалы:<br>«Қалың елім, қазағым,<br>қайран жұртым,<br>Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың.<br>Жақсы менен жаманды айырмадың,<br>Бірі қан, бірі май боп енді екі ұртың...»<br>Абай<br>**Сұрай арнау**<br>Ақын немесе ақын жырға қосып отырған адам өз ойын өзгеге арнап сан-салалы сауал арқылы айтып жеткізеді де, өзі сол сауалдарға жауап күтеді.<br>Мысалы:<br>«Айналайын Ақжайық,<br>Ат салмай өтер күн қайда?<br>Еңсесі биік боз орда,<br>Еңкеймей кірер күн қайда?»<br>Доспамбет жырау<br>**Зарлай арнау**<br>Арнау өленінің ең көне түрі. Мұнда халық басына түскен қиындық, тағдыр талкегінің азабы ерекше ашылып көрсетіледі.<br>Мысалы:<br>«Әуелі бас қосқаным Жағалбайлы,<br>Жылқысын көптігінен баға алмайды.<br>Өлгені Төлегеннің рас болса,<br>Құдайым Қыз Жібекті неге алмайды?!»<br>«Қыз Жібек» жыры<br><br>Арнау өленді қазақ әдебиеттану ғылымында алғаш енгізіп, ішкі жанрлық түрге жіктеген – Ахмет Байтұрсынов. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы**<br>6 минут | **Өткенді пысықтау** | 1.Толғау мәтіні бойынша құрылысына талдау жасауға жағымды орта қалыптастырады.<br>2. Толғау мәтіні бойынша құрылысына талдау жасауға жетелеуші сұрақ қою арқылы көмектеседі (қажет болған жағдайда). | 1. Толғау мәтінін мұқият оқып, құрылысына талдау жасайды.<br>**1-тапсырма**<br>**Толғау құрылысына талдау жасаңыз.**<br>**Айналайын, Ақжайық**<br>Айналайын, Ақжайық,<br>Ат салмай өтер күн қайда?<br>Еңсесі биік боз орда,<br>Еңкеймей кірер күн қайда?<br>Қара бұлан терісін<br>Етік қылар күн қайда?<br>Күдеріден бау тағып,<br>Кіреуке киер күн қайда?<br>Күмбір-күмбір кісінетіп,<br>Күренді мінер күн қайда?<br>Толғамалы ақ балта,<br>Толғап ұстар күн қайда?<br>Алты құлаш ақ найза,<br>Ұсынып шаншар күн қайда?<br>Садақ толған сайгез оқ<br>Масағынан өткеріп,<br>Басын қолға жеткеріп,<br>Созып тартар күн қайда?<br>Кетбұғадай билерден<br>Кеңес сұрар күн қайда?<br>Еділдің бойын ен жайлап,<br>Шалғынға бие біз байлап,<br>Орнықты қара сабадан<br>Бозбаламен күліп, ойнап,<br>Қымыз ішер күн қайда?<br>**Шумағы:**<br>**Тармағы:**<br>**Бунақ саны:**<br>**Ұйқасы:** | ҚБ<br>*Дескриптор:*<br>толғаудың шумақ санын, тармағын анықтайды; бунағы мен ұйқас түрін ажыратады. | АКТ |
| 2 минут | **Анықтама бұрышымен жұмыс** | Анықтама бұрышымен жұмыс жасау барысынды оқушылардың 5-сыныпта өткен білімдерін еске түсіріп, толықтыруға ықпал етеді.<br>**Анықтама бұрышы**<br>**Қайталау**<br>Сөз әсерін күшейте отырып, оқырман назарын айырықша аударғысы келген нәрсені не құбылысты бірнеше мәрте қайталап қолдану тәсіл.<br>**Анафора**<br>Өлеңнің әр жолы немесе әрбір ой ағымы бір сөзден басталып отырады. Мысалы: **Ұйқыдан соң** – жаңырақтың, Жаңбыр шайып жаңарған. **Ұйқыдан соң** – құспын, Ұзақ ұшып, көліне кеп дем алған.<br>С.Мәуленов<br>**Эпифора**<br>Өлеңнің әр жолының соңындағы немесе әрбір ой ағымының аяқ жағындағы бір сөз бірнеше мәрте қайталанып отырады. Мысалы: Күншілдер **еледі,** Көңілін от қарып;<br>Батырлар **еледі**, Борышын атқарып.<br>Қ.Мырзалиев | Экрандағы берілген әдеби-теориялық ұғымдардың анықтамасын оқып, еске түсіріп, өз білімдерін толықтырады.<br>**Анықтама бұрышы**<br>**Ассонанс**<br>(французша assonance - үйлесім) өлең сөзде дауысты дыбыстардың үндесе қайталануы. Ассонанс сөздің интонациясын, экспрессивтік-эмоционалдық бояуын күшейтіп, ерекше елеулі тұстарды дыбыстандырып, ой әсерлігін арттырады.<br>**Аллитерация**<br>(латынша allittera - дыбыстас) дауыссыз дыбыстардың қайталануы арқылы әдеби тілді ажарлап, сөздің реңін келтіре түсетін көркемдік тәсіл. | | |
| **САБАҚТЫҢ ОРТАСЫ** | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 8 минут | **Жұптық жұмыс**<br><br>**Мәтіннен көркемдегіш құралдарды анықтау** | 1.Оқушыларға арнайы үзінділері бар кесте ұсынады.<br>2.Көркемдегіш құралдарды анықтауға ықпал етеді.<br>3. Оқушылардың анықталған көркемдегіш құралдар бойынша мағынасын анықтауына жағымды орта туғызады.<br>**2-тапсырма**<br>**Үзінділерден көркемдегіш құралдарды анықтаңыз.**<br>Көркемдегіш құралдар / Толғаудан үзінді: Теңеу; Ассонанс; Эпитет; Аллитерация; Риторикалық сұрау/ Эпифора<br>Айналайын Ақжайық, Ат салқай өтер **күн қайда?** Еңсесі биік боз орда, Еңкеймей кірер **күн қайда?**<br>**Алты құлаш ақ** найза Ұсынып шаншар **күн қайда?**<br>Күдеріден бау тағып, Кіреуке киер **күн қайда?** Күмбір-күмбір кісінетіп, Күренді мінер **күн қайда?**<br>**Кетбұғадай** билерден Кеңес сұрар **күн қайда?** | 1.Толғау үзінділеріне мән бере отырып, көркемдегіш құралдарды анықтайды.<br>2.Жұптасып жұмыс жасалуы күтіледі.<br>3. Анықталған көркемдегіш құралдардың мағынасын түсіндіреді<br>Көркемдегіш құралдар / Толғаудан үзінді: Теңеу; Ассонанс; Эпитет; Аллитерация; Риторикалық сұрау/ Эпифора<br>Айналайын Ақжайық, Ат салқай өтер **күн қайда?** Еңсесі биік боз орда, Еңкеймей кірер **күн қайда?** — Ассонанс, Риторикалық сұрау/ Эпифора<br>**Алты құлаш ақ** найза Ұсынып шаншар **күн қайда?** — Эпитет, Риторикалық сұрау/ Эпифора<br>Күдеріден бау тағып, Кіреуке киер **күн қайда?** Күмбір-күмбір кісінетіп, Күренді мінер **күн қайда?** — Аллитерация, Риторикалық сұрау/ Эпифора<br>**Кетбұғадай** билерден Кеңес сұрар **күн қайда?** — Теңеу, Риторикалық сұрау/ Эпифора | ҚБ<br>*Дескриптор:*<br>үзінділерден көркемдегіш құралдарды анықтайды;<br>мағынасын түсіндіреді. | |
| 10 минут | **Жеке жұмыс**<br><br>**Көркемдегіш құралдарды пайдалана отырып табиғат көрінісін сипаттап жазу** | 1.Толғау мазмұны бойынша сұрақтар қояды.<br>2.Әдеби көркемдегіш құралдарды қатыстыра отырып экрандағы берілген Жайық өзенінің табиғаты туралы сипаттап жазуға жағымды орта туғызады.<br>3. Оқушылардың жазба жұмысын тыңдап, саралау жұмыстарын жүргізеді. | 1. Мұғалімнің сұрақтарына жауап береді.<br>2. Тапсырманы мұқият, дұрыс орындалуы күтіледі.<br>**3-тапсырма**<br>**Жас суреткер.**<br>**Толғау мазмұнын есіңізге түсіріңіз. Жыраудың ерекше ықылас танытып суреттеген көріністерінде қандай жер-су аттары аталып еді? Аталған жер-су атауларына көркемдегіш құралдарды пайдалана отырып табиғат көрінісін сипаттап жазыңыз.**<br><br>**Көркемдегіш құралдар:**<br>***айнадай, бесігіндей, бейбіт ел, дарқан дала*** | ҚБ<br>*Дескриптор*:<br>сұрақтарға жауап береді;<br>берілген көркемдегіш құралдарды қатыстыра отырып табиғат көрінісін сипаттап жазады. | |
| 5 минут | **Бекіту тапсырмасы** | 1.Бүгінгі алған білімдерін пысықтап, қайталауға ықпал етеді. | 1. Бүгінгі сабақ барысында жасаған жұмыстарын еске түсіре отырып, тұжырымдардың дұрыс не бұрыстығын ажыратады. | ҚБ<br>*Дескриптор:*<br>Берілген тұжырымдардың | АКТ |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | |  |  | дұрыс, бұрыстығын таңбалар арқылы ажыратады. | |
| **САБАҚТЫҢ СОҢЫ** | | | | | |
| 5 минут | **Кері байланыс «Бес саусақ»**<br> | **Бас бармақ** – басты мәселе. Тақырып бойынша ең құнды мәселе қандай болды?<br>**Балаң үйрек** – бірлесу. Мен жұпта қалай жұмыс жасадым?<br>**Ортан терек** – ойлану. Мен қандай білім мен тәжірибе алдым?<br>**Шылдыр шүмек** – шынайылық. Маған шығарма ұнады ма? Неліктен?<br>**Кішкентай бөбек** – көңіл күй ахуалы. Мен осы мақсатпен жұмыс жасау барысында өзімді қалай сезіндім?<br><br>«Бес саусақ» әдісі бойынша берілген сұрақтармен кері байланыс жасауға жағымды орта қалыптастырады.<br>Сабақтың оқушы үшін тиімділігін анықтайды. | 1.Берілген сұрақтар бойынша кері байланыс жасайды.<br><br>2.Сабақ барысында өздері жасаған жұмыстарына талдау жүргізеді.<br><br>3.Оқушылардан шынайылық пен ашықтық күтіледі. | | АКТ |
| 2 минут | **Үйге тапсырма** | Оқулықтағы 43-бет, 3-тапсырма бойыншы түсіндіру жұмыстарын жүргізеді. | Үй тапсырмасы бойынша сұрақтар қойып, мұқият түсініп алулары күтіледі. | | Оқулық |
| **Рефлексия** | Жалпы бағалау:<br>Сабақтың кандай екі аспектісі өте жақсы өтті?<br>Сабақтың жақсырақ өтуіне қандай жағдайлар көмек болар еді? | | **1.**<br>**2.** | | |

V. Сабақтан тыс уақытта толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары

5-сыныпқа арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінің оқу бағдарламасын зерделеу нәтижесінде 6-сыныптағы «Қазақ әдебиеті» оқу пәнінің оқыту мақсаттарымен кіріктіруге келмейтін және қайталауды қажет ететін оқыту мақсаттары анықталды [6]. Төменде кіріктіруге келмейтін және қайталауға ұсынылатын оқыту мақсаттары берілген (25.4-кесте).

25.4-кесте – 5-сыныптың кіріктіруге келмейтін және қайталауға ұсынылатын оқыту мақсаттары

| **Бөлімше атауы** | **5-сынып** |
|---|---|
| 1) Түсіну және жауап беру | |
| 1. Көркем шығарманың мазмұны мен пішіні | 5.1.1.1 әдеби шығарманың жанрына қарай фабуласы мен сюжеттік дамуын сипаттау |
| 2. Әдеби шығарманың тұжырымдамасы | 5.1.2.1 әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтау |
| 3. Көркем шығармадағы образ | 5.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашу |
| 4. Шығарма үзінділерімен жұмыс | 5.1.4.1 көркем шығармалардан шағын көлемді үзінділерді мәнерлеп оқу, жатқа айту |
| 2) Анализ және интерпретация | |
| 1. Әдеби шығарманың композициясы | 5.2.1.1 әдеби шығармадағы екі нәрсені салыстыра суреттеулер мен қарама-қарсы суреттеулерді табу |
| 2. Автор бейнесі | 5.2.2.1 эпикалық шығармадағы автор бейнесін анықтау |
| 3. Көркем шығарманың тілі | 5.2.3.1 шығармадағы тілдік бейнелеу, суреттеу құралдарының (теңеу, эпитет, ауыспалы мағынадағы сөздер, қайталау, өлең құрылысы) мағынасын анықтау |
| 4. Шығармашылық жұмыс | 9.2.4.1 автор стиліне сүйене отырып, шығармашылық жұмыс жазу |
| 3) Бағалау және салыстыру | |
| 1. Тарихи және көркемдік құндылығы | 5.3.1.1 шығармадағы эпизодтар арқылы тарихи құндылығын бағалау |
| 2. Заманауилығы мен жаңашылдығы | 5.3.2.1 кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалау |
| 3. Әдеби эссе | 5.3.3.1 шығармадағы кейіпкерді өзіндік құндылығы тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу |
| 4. Әдеби сын | 5.3.4.1 оқырманның рухани дүниесіне шығарма әсерін талдай отырып, сыни хабарлама жазу |

VI. Кіріктіруге келмейтін және қайталауға ұсынылатын оқыту мақсаттары қарастырылатын консультациялардың кестесі

Білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды толықтыру үшін 6-сыныпта «Қазақ әдебиеті» пәнін оқу барысында кіріктіруге келмейтін және қайталауға ұсынылатын оқыту мақсаттары бойынша каникул кездерінде (күзгі, қысқы, көктемгі) консультациялар өткізу ұсынылады.

Төменде каникул кездерінде (күзгі, қысқы, көктемгі) өткізілетін консультация кестесінің үлгісі ұсынылған (25.5-кесте).

25.5-кесте – Каникул кездерінде (күзгі, қысқы, көктемгі) өткізілетін консультациялардың кестесі

| Өткізілетін мерзімі | Тақырыптың атауы | Бөлімшелер атауы | Оқыту мақсаттары |
|---|---|---|---|
| Күзгі каникул | 1) Түсіну және жауап беру | | |
| | «Керқұла атты Кендебай» ертегісі,<br>«Қобыланды батыр» жыры,<br>Асан қайғы «Асан қайғының жерге айтқан сыны» аңызы,<br>Дулат Бабатайұлы<br>«О, Ақтан жас, Ақтан жас»,<br>Ыбырай Алтынсарин<br>«Қыпшақ Сейітқұл» | 1.Көркем шығарманың мазмұны мен пішіні | 5.1.1.1 әдеби шығарманың жанрына қарай фабуласы мен сюжеттік дамуын сипаттау |
| | | 2. Әдеби шығарманың тұжырымда<br>масы | 5.1.2.1 әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтау |
| | | 4. Шығарма үзінділерімен жұмыс | 5.1.4.1 көркем шығармалардан шағын көлемді үзінділерді мәнерлеп оқу, жатқа айту |
| | 2) Анализ және интерпретация | | |
| | | 1. Әдеби шығарманың композициясы | 5.2.1.1 әдеби шығармадағы екі нәрсені салыстыра суреттеулер мен қарама-қарсы суреттеулерді табу |
| | | 2. Автор бейнесі | 5.2.2.1 эпикалық шығармадағы автор бейнесін анықтау |
| | | 3. Көркем шығарманың тілі | 5.2.3.1 шығармадағы тілдік бейнелеу, суреттеу құралдарының (теңеу, эпитет, ауыспалы мағынадағы сөздер, қайталау, өлең құрылысы) мағынасын анықтау |
| | 3) Бағалау және салыстыру | | |
| | | 2. Заманауилығы мен жаңашылдығы | 5.3.2.1 кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалау |
| | | 3. Әдеби эссе | 5.3.3.1 шығармадағы кейіпкерді өзіндік құндылығы тұрғысынан |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | талдап, әдеби эссе жазу |
| | 1) Түсіну және жауап беру | | |
| Қысқы каникул | Ыбырай Алтынсарин «Атымтай Жомарт», «Дүние қалай етсең табылады?», А.Байтұрсынұлы «Егіннің бастары» мысалы, «Адамдық диқаншысы» өлеңі, Б.Соқпақбаев «Менің атым Қожа» хикаяты | 1. Көркем шығарманың мазмұны мен пішіні | 5.1.1.1 әдеби шығарманың жанрына қарай фабуласы мен сюжеттік дамуын сипаттау |
| | | 2. Әдеби шығарманың тұжырымдамасы | 5.1.2.1 әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтау |
| | | 3. Көркем шығармадағы образ | 5.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашу |
| | 2) Анализ және интерпретация | | |
| | | 1. Әдеби шығарманың композициясы | 5.2.1.1 әдеби шығармадағы екі нәрсені салыстыра суреттеулер мен қарама-қарсы суреттеулерді табу |
| | | 2. Автор бейнесі | 5.2.2.1 эпикалық шығармадағы автор бейнесін анықтау |
| | | 4. Шығармашылық жұмыс | 9.2.4.1 автор стиліне сүйене отырып, шығармашылық жұмыс жазу |
| | | 3) Бағалау және салыстыру | |
| | | 1. Тарихи және көркемдік құндылығы | 5.3.1.1 шығармадағы эпизодтар арқылы тарихи құндылығын бағалау |
| | | 2. Заманауилығы мен жаңашылдығы | 5.3.2.1 кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалау |
| | | 4. Әдеби сын | 5.3.4.1 оқырманның рухани дүниесіне шығарма әсерін талдай отырып, сыни хабарлама жазу |
| Көктемгі каникул | 1) Түсіну және жауап беру | | |
| | М.Қабанбай «Бауыр» әңгімесі, Т.Нұрмағамбетов «Анасын | 2. Әдеби шығарманың тұжырымдамасы | 5.1.2.1 әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтау |
| | | 3. Көркем | 5.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс- |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | сағынған бала» әңгімесі,<br>Нұрдәулет Ақыш «Нағыз әже қайда?» әңгімесі,<br>Д.Лондон «Мексика ұлы» әңгімесі | шығармадағы образ | әрекеті арқылы образын ашу |
| | | 2) Анализ және интерпретация | |
| | | 2. Автор бейнесі | 5.2.2.1 эпикалық шығармадағы автор бейнесін анықтау |
| | | 1. Әдеби шығарманың композициясы | 5.2.1.1 әдеби шығармадағы екі нәрсені салыстыра суреттеулер мен қарама-қарсы суреттеулерді табу |
| | | 4. Шығармашылық жұмыс | 5.2.4.1 көркем шығармадан алған әсерін сипаттап авторға хат, өлең жазу |
| | | 3) Бағалау және салыстыру | |
| | | 1. Тарихи және көркемдік құндылығы | 5.3.1.1 шығармадағы эпизодтар арқылы тарихи құндылығын бағалау |
| | | 2. Заманауилығы мен жаңашылдығы | 5.3.2.1 кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалау |
| | | 3. Әдеби эссе | 5.3.3.1 шығармадағы кейіпкерді өзіндік құндылығы тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу |


VII. Жазғы мектеп кезінде ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгісі

**Қысқа мерзімді жоспарлар**

| | |
|---|---|
| **Педагогтің аты-жөні:** | Жорашова Айжан Маратовна |
| **Пәні:** | Қазақ әдебиеті |
| **Күні:** | |
| **Сынып:** 5 «Б» | Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны: |
| **Бөлім:** | І бөлім: Таза, мінсіз асыл сөз |
| **Сабақтың тақырыбы** | «Керқұла атты Кендебай» ертегісі. «Керқұла атты Кендебай» ертегісінің маңызы |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары** | Әдеби шығармадағы екі нәрсені салыстыра суреттеулер мен қарама-қарсы суреттеулерді табу (5.А/И1.)<br>Шығармадағы тілдік бейнелеу, суреттеу құралдарының (теңеу, эпитет, ауыспалы мағынадағы сөздер, қайталау, өлең құрылысы) мағынасын анықтау (5.А/И3.) |
| **Сабақтың мақсаты** | Ертегідегі екі нәрсені салыстыра суреттеулер мен қарама-қарсы суреттеулерді табу. Шығармадағы тілдік бейнелеу, суреттеу құралдарының (теңеу, эпитет, ауыспалы мағынадағы сөздер, қайталау, өлең құрылысы) мағынасын анықтау. |
| **Бағалау критерийлері** (күтілетін нәтиже) | ➢ шығармадан екі нәрсені салыстыра суреттеулер мен қарама-қарсы суреттеулерді табады;<br>➢ ертегіден тілдік бейнелеу, суреттеу құралдарының мағынасын анықтайды. |

**САБАҚ БАРЫСЫ**


| **Сабақтың кезеңі/ уақыт** | **Тапсырма мақсаты** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|---|
| **САБАҚТЫҢ БАСЫ** | | | | | |
| **Ұйымдастыру кезеңі**<br>**2 минут** | Жағымды орта, жақсы көңіл күй дағдысын қалыптастыру | **«Бүгінгі күн тамаша!»** жаттығуы арқылы сергіту жаттығуын ұйымдастырады. | Оқушылардың белсенді жұмыс жасау әрекеті күтіледі. | | |
| **Сабақтың басы**<br>5 минут | **Ойтүрткі**<br>**Сұрақ-жауап** | Оқушылардың тақырыпқа қызығушылығын ояту. Оқушылардың жылдам жауап беруін қадағалау. | Экрандағы берілген сұрақтарға жауап береді | ҚБ | АКТ |




| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | |  | | | |
| 2 минут | **Сабақтың тақырыбы мен мақсаты** | Сабақтың тақырыбы мен мақсатын таныстырып, қандай іс-әрекет орындайтынына болжам жасату. | Сабақтың тақырыбы мен мақсатын мұқият тыңдауы күтіледі. | | слайд |
| 3 минут | **Анықтама бұрышымен танысу** | Сабақ мақсатына қатысты әдеби-теориялық ұғымдарды түсіндіреді.<br>**Есте сақтаңыз!**<br>**Салыстыра суреттеу** – ұқсату арқылы адамның ішкі және сыртқы әрекеттерін байланыстыруға мүмкіндік беретіндіктен, заттар мен құбылыстарды суреттеу.<br>**Қарама-қарсы суреттеу** – антонимдес суреттеулер. | Мұғалімді мұқият тыңдап, әдеби-теориялық ұғымдарды түсінеді.<br>**Кендебай** – батыр, еліне қамқор, жанашыр, мейірімді, қайырымды.<br>**Керқұла ат** – ауызымен құс тістеген жүйрік, адал дос.<br>**Қойшы бала** – ата-анасы жау қолына түсіп, жетім қалған көкірегі қайғыға толы қойшы бала.<br>**Хан** – талаптары мен бұйрықтары көп қатал, шыншыл хан.<br>**Ханның балалары** – жалқау, өтірікші. | | |
| **САБАҚТЫҢ ОРТАСЫ** | | | | | |
| 12 минут | **Жұптық жұмыс**<br><br>«Ойлан-жұптас- | 1.Ертегі мәтінімен жұмыс жасатады.<br>**Шығармадан дәлел келтіріңіз.**<br>Салыстырмалы суреттеу / 1-дәлел / 2-дәлел / 3-дәлел<br>Қарама-қарсы суреттеу / 1-дәлел / 2-дәлел / 3-дәлел | 1. Ертегі мәтінінен салыстырмалы суреттеу мен қарама-қарсы суреттеуге мысалдар келтіріп, дәлелдер жазады. | ҚБ<br>*Дескриптор:* ертегіден салыстырмалы қарама-қарсы суреттеулерді анықтап, дәлелдер | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | пікірлес» әдісі | | | келтіреді. | |
| 5 минут | **Анықтама бұрышы** | Анықтама бұрышымен жұмыс. Көркемдегіш құралдарды түсіндіреді.<br>**Анықтама бұрышы**<br>Теориялық ұғым / Анықтамасы / Мысал<br>Теңеу — Екі заттың не құбылысты салыстыра отырып, әдеби көркем түрде айту. - дай, -дей, -тай, -тей жұрнақтары арқылы жасалады. — Айдай сулу дегенде айдай сөзі теңеу болады.<br>Эпитет — Заттың немесе құбылыстың әлдестету үшін бейнелі түрде айтылуы. — Алманың түсі қызыл десек, эпитет болмайды, ал балбырап піскен қызыл алма дегендегі қызыл сөзі эпитетке айналады.<br>Өсірелеу (гипербола, литота) — Бірінші түрі – гипербола, заттың құбылысты ерекше ұлғайтып айту. Екінішісі – литота, заттың не құбылысты ерекше кішірейтіп айту. — Жоғалды ерлі көк тірлеп, темірлі ерні жер тірлеп дегенде ұлғайтып түр. Ал темір етік дегендегі, темір найза тебеңдей дегенде кішірейтіп көрсетеді.<br>Тұрақты тіркестер — Екі немесе одан да көп сөздердің тіркесуінен жасалып, бір ұғымды білдіреді. — Кәдді ашып-жұмғанша – лезде деген мағынаны білдіреді.<br>Ауыспалы мағынадағы сөздер — Сөздің мағыналарын ауыстырып, басқа мағынада қолдану. — Тәуқын басына шықтын дегенде бас сөзі өз мағынасында емес ауыспалы мағынада тұр. | Көркемдегіш құралдар туралы түсінік қалыптастырады. Өз білімдерін толықтырады. | | АКТ |
| 8 минут | **Жеке жұмыс** | Берілген мысалдар арқылы көркемдегіш құралдарды анықтауға қолайлы орта туғызады.<br>**Шығармадағы үзінділерді көркемдік ерекшелігіне сай сәйкестендіріңіз.**<br>Шығармадан үзінді / өсірелеу / эпитет / теңеу<br>Ай сайын емес, күн сайын өсіпті. Алты күнде күліпті, алпыс күнде жүріпті. Алты жылда алып жігіт болыпты.<br>Сағат сайын емес, минут сайын өсіпті.<br>Асқар таудай өкеңді алса, көрген күнің құрысын!<br>Көзінің жасын көл қылып<br>Ат құстай ұшып...<br>Айлық жерді алты-ақ аттайды<br>Таң алдында бие алтын құйрықты, құндыз жүнді құлын туды.<br>Арыстанның апандай аузын көреді<br>Алты құлаш алмас қылышын көлденең ұстай қояды<br>Мойындары ырғайдай, сирақтары шидей | Ертегі үзінділері бойынша жұмыс жасайды. Берілген мысалдардан көркемдегіш құралдарды анықтайды.<br>**Шығармадағы үзінділерді көркемдік ерекшелігіне сай сәйкестендіріңіз.**<br>Шығармадан үзінді / өсірелеу / эпитет / теңеу<br>Ай сайын емес, күн сайын өсіпті. Алты күнде күліпті, алпыс күнде жүріпті. Алты жылда алып жігіт болыпты. — өсірелеу<br>Сағат сайын емес, минут сайын өсіпті. — өсірелеу<br>Асқар таудай өкеңді алса, көрген күнің құрысын! — теңеу<br>Көзінің жасын көл қылып — өсірелеу<br>Ат құстай ұшып... — теңеу<br>Айлық жерді алты-ақ аттайды — өсірелеу<br>Таң алдында бие алтын құйрықты, құндыз жүнді құлын туды. — эпитет<br>Арыстанның апандай аузын көреді — өсірелеу<br>Алты құлаш алмас қылышын көлденең ұстай қояды — эпитет<br>Мойындары ырғайдай, сирақтары шидей — өсірелеу | ҚБ<br>*Дескриптор:*<br>үзінділерден көркемдегіш құралдарды табады;<br>оларды сәйкестендіреді. | |
| **САБАҚТЫҢ СОҢЫ** | | | | | |
| 5 минут | **Кері байланыс**<br>**«Ақылды үкі»**<br> | ✓ Менің білімім қандай деңгейде?<br>✓ Мен бүгін не білдім?<br>✓ Мен қандай қиындықтарға тап болдым?<br>✓ Мен ол қиындықтарды қалай жеңемін?<br>Сұрақтарға жауап беру арқылы кері байланыс жасатады.<br><br>Сабақтың оқушы үшін тиімділігін анықтайды | Экрандағы берілген сұрақтар арқылы ауызша кері байланыс беруге үйренеді. Сабақ бойынша қорытынды жасай алулары күтіледі. | | АКТ |
| 2 минут | **Үйге** | 19-бет, 16-тапсырма. | Үй тапсырмасы бойынша сұрақтар қойып, | | Оқулық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **тапсырма** | | мұқият түсініп алулары күтіледі. | | |
| **Рефлексия** | **Жалпы бағалау:**<br>**Сабақтың кандай екі аспектісі өте жақсы өтті?**<br>**Сабақтың жақсырақ өтуіне қандай жағдайлар көмек болар еді?** | | **1.**<br>**2.**<br><br>**1.**<br>**2.** | | |


| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Педагогтің аты-жөні:** | Жорашова Айжан Маратовна | | | | |
| **Пәні:** | Қазақ әдебиеті | | | | |
| **Күні:** | | | | | |
| **Сынып:** 5 «Б» | Қатысушылар саны: | | Қатыспағандар саны: | | |
| **Бөлім:** | III бөлім. Адамгершілік – асыл қасиет | | | | |
| **Сабақтың тақырыбы** | Марат Қабанбайдың «Бауыр» әңгімесі | | | | |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары** | 5. Т/Ж2 әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтау. | | | | |
| **Сабақтың мақсаты** | Әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтау. | | | | |
| **Бағалау критерийлері** (күтілетін нәтиже) | ➢ шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтайды; | | | | |
| **САБАҚ БАРЫСЫ** | | | | | |
| **Сабақтың кезеңі/ уақыт** | **Тапсырма мақсаты** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
| **САБАҚТЫҢ БАСЫ** | | | | | |
| **Ұйымдастыру кезеңі**<br>**2 минут** | Жағымды орта, жақсы көңіл күй дағдысын қалыптастыру | **«Бүгінгі күн тамаша!»** жаттығуы арқылы сергіту жаттығуын ұйымдастырады. | Оқушылардың белсенді жұмыс жасау әрекеті күтіледі. | | |
| **Сабақтың басы** | **Ойтүрткі** | Оқушылардың тақырыпқа қызығушылығын ояту. Автордың өмірі мен шығармашылығы туралы қысқаша | Автордың өмірі мен шығармашылығы туралы мағлұмат алады. | ҚБ | АКТ |




| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 5 минут | | шолу<br>жасау.<br><br> | | | |
| 2 минут | **Сабақтың тақырыбы мен мақсаты** | Сабақтың тақырыбы мен мақсатын таныстырып, қандай іс-әрекет орындайтынына болжам жасату. | Сабақтың тақырыбы мен мақсатын мұқият тыңдауы күтіледі. | | слайд |
| 2 минут | **Анықтама бұрышымен танысу** | Сабақ мақсатына қатысты әдеби-теориялық ұғымдарды түсіндіреді. Тақырып пен идея туралы өткен білімдерін пысықтап, қайталауға мүмкіндік береді. | Мұғалімді мұқият тыңдап, әдеби-теориялық ұғымдарды қайталайды, түсінеді. | | |
| **САБАҚТЫҢ ОРТАСЫ** | | | | | |
| 6 минут | **Топтық жұмыс**<br> | 1.Берілген суреттер бойынша шығарма мазмұнымен жұмыс жасауға ықпал етеді.<br><br> | 1.Суреттерге қарап әңгіменің не туралы екенін баяндайды. Әңгіме мазмұнына тоқталады. | ҚБ<br>*Дескриптор:*<br>суреттерге қарап әңгіменің не туралы екендігін анықтайды;<br>2-3 сөйлеммен өз ойын білдіреді. | |
| 8 минут | **Жұптық жұмыс** | 1.Берілген сұрақтар бойынша оқушылардың жұптасып жұмыс | 1. Сұрақтар арқылы әңгіменің мазмұнын | ҚБ<br>*Дескриптор:* | |



| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | <br>«Ойлан-жұптас-пікірлес» әдісі | жасауына ықпал етеді.<br><br>2. Сұрақ-жауаптың дұрыс болуын қадағалайды.<br> | еске түсіреді<br><br>2.Экрандағы сұрақтар бойынша ойланып, жұбымен жұмыс жасайды.<br><br>3. Сыныптасының жауабын мұқият тыңдап, өз пікірін білдіру күтіледі. | сұрақтарға жауап береді. | |
| 5 минут | **Жеке жұмыс**<br><br>Автордың негізгі ойын анықтауға жұмыс жасау | 1.Қажетті сөздерді ұсына отырып, автордың негізгі ойын анықтауға ықпал етеді.<br> | 1. Мұғалім ұсынған қажетті сөздерді пайдаланып, автордың негізгі ойын анықтайды.<br><br>2. Өзіндік ойлары мен тұжырымдарын білдіріу күтіледі. | ҚБ<br>*Дескриптор:*<br>автордың негізгі ойын анықтайды;<br>қажетті сөздерді пайдаланады. | |
| 5 минут | Қорытынды ойға жетелеуші тапсырма | 1.Шығарма үзінділеріндегі көтерілген мәселені анықтап өз көзқарасын жазуға жағымды орта туғызады. | 1. Үзінділердегі көтерілген мәселені анықтап, өз көзқарасын білдіреді.<br> | ҚБ<br>Дескриптор:<br>мәселені анықтайды;<br>өз көзқарасын білдіреді. | |
| 5 минут | «4 сөйлем» әдісі арқылы бүгінгі сабақтың | 1.Әңгіменің тақырыбы мен идеясын 4 сөйлем арқылы түсіндіруге ықпал етеді. | 1. Алдыңғы тапсырмаларда жасаған жұмыстарын саралай отырып, әңгіменің тақырыбы мен идеясын анықтайды. | ҚБ<br>Дескриптор:<br>әңгіменің басты идеясын анықтайды; | |


| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мақсатына қол жеткізу |  | | оның себебін түсіндіреді;<br>өз ойына дәлел келтіреді;<br>шығарманың тақырыбын анықтайды. | |
| **САБАҚТЫҢ СОҢЫ** | | | | | |
| | | | | | |
| 5 минут | **Кері байланыс**<br><br>**«Ақылды үкі»**<br> | ✓ Менің білімім қандай деңгейде?<br>✓ Мен бүгін не білдім?<br>✓ Мен қандай қиындықтарға тап болдым?<br>✓ Мен ол қиындықтарды қалай жеңемін?<br>Сұрақтарға жауап беру арқылы кері байланыс жасатады.<br><br>Сабақтың оқушы үшін тиімділігін анықтайды | Экрандағы берілген сұрақтар арқылы ауызша кері байланыс беруге үйренеді. Сабақ бойынша қорытынды жасай алулары күтіледі. | | АКТ |
| 1 минут | **Үйге тапсырма** | 121-бет, 2-тапсырма | Үй тапсырмасы бойынша сұрақтар қойып, мұқият түсініп алулары күтіледі. | | Оқулық |
| **Рефлексия** | **Жалпы бағалау:**<br>**Сабақтың кандай екі аспектісі өте жақсы өтті?**<br>**Сабақтың жақсырақ өтуіне қандай жағдайлар көмек болар еді?** | | **1.**<br>**2.**<br><br>**1.**<br>**2.** | | |

| | |
|---|---|
| **Педагогтің аты-жөні:** | **Жорашова Айжан Маратовна** |
| **Пәні:** | **қазақ әдебиеті** |
| **Күні:** | |
| **Сынып:** 5 «Б» | **Қатысушылар саны:** **Қатыспағандар саны:** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Бөлім:** | IV бөлім. Отбасы құндылықтары | | | | |
| **Сабақтың тақырыбы** | Нүрдаулет Ақыштың «Нағыз әже қайда?» әңгімесі | | | | |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары** | 5.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашу;<br>5.2.2.1 эпикалық шығармадағы автор бейнесін анықтау | | | | |
| **Сабақтың мақсаты** | әңгімедегі кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашу;<br><br>шығармадағы автор бейнесін анықтау | | | | |
| **Бағалау критерийлері** (күтілетін нәтиже) | ➢ әңгімедегі кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашады;<br>➢ шығармадағы автор бейнесін анықтайды. | | | | |
| **САБАҚ БАРЫСЫ** | | | | | |
| **Сабақтың кезеңі/ уақыт** | **Тапсырма мақсаты** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
| **САБАҚТЫҢ БАСЫ** | | | | | |
| **Ұйымдастыру кезеңі**<br><br>**2 минут** | Жағымды орта, жақсы көңіл күй дағдысын қалыптастыру | **«Досыма тілек»** ізгі-тілектерді білдіру, достық қарым-қатынасты нығайту сәтін ұйымдастырады. | Оқушылардың белсенді жұмыс жасау әрекеті, бір-біріне деген ізгі тілектерді айтып, көтеріңкі көңіл күйде болулары күтіледі. | | |
| **Сабақтың басы**<br><br>5 минут | **Ойтүрткі** | Оқушылардың тақырыпқа қызығушылығын ояту.<br><br> | Экрандағы берілген сұрақтар бойынша мұқият ойланып, өз ойларын білдіреді. | ҚБ | АКТ |
| 2 минут | **Сабақтың тақырыбы мен мақсаты** | Сабақтың тақырыбы мен мақсатын таныстырып, қандай іс-әрекет орындайтынына болжам жасату. | Сабақтың тақырыбы мен мақсатын мұқият тыңдауы күтіледі. | | слайд |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 2 минут | **Анықтама бұрышымен танысу** | Сабақ мақсатына қатысты әдеби-теориялық ұғымдарды түсіндіреді. Кейіпкер және кейіпкер портреті туралы өткен білімдерін пысықтап, қайталауға мүмкіндік береді. | Мұғалімді мұқият тыңдап, әдеби-теориялық ұғымдарды қайталайды, түсінеді.<br> | | |
| **САБАҚТЫҢ ОРТАСЫ** | | | | | |
| 6 минут | **Әңгіме мәтінімен жұмыс жасау** | 1.Берілген кейіпкер туралы әңгіме мәтінімен жұмыс жасауға ықпал етеді.<br> | 1.Әңгіме мазмұнын еске түсіреді.<br><br>2. Кейіпкер туралы мәтіннен үзінділер келтіреді. | ҚБ<br>*Дескриптор:*<br>кейіпкер туралы үзінділерді іздейді;<br>теріп жазады. | |
| 5 минут | **Жұптық жұмыс**<br> | 1.Кейіпкерлерге тән әңгіме мазмұнынан үзінділер ұсынады.<br><br>2. Олардың іс-әркеттерін еске түсіруге ықпал етеді. | 1. Кейіпкерлердің іс-әрекеттерін еске түсіреді.<br><br>2. Қай кейіпкер екендігін тауып, сәйкесендіреді.<br> | ҚБ<br>*Дескриптор:*<br>кейіпкерлердің іс-әрекеттерін табады;<br>сәйкестендіреді; | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 6 минут | Автордың баяндау стилі мен позициясын анықтауға жұмыс жасау | 1.Автордың баяндау стилі туралы ой қозғайды.<br>2. Оның нешінші жақта баяндауын анықтап, авторлық позицияны айқындауға ықпал етеді.<br> | 1. Мұғалім түсіндірген ақпараттарды мұқият тыңдайды.<br><br>2. Автордың баяндау стилі мен позициясы туралы сұрақтар қояды (қажет болған жағдайда)<br><br>3. Қаламгердің нешінші жақта баяндағанын, оның көзқарасын анықтайды. | ҚБ<br>*Дескриптор:*<br>баяндау стилін анықтайды;<br>автор көзқарасын айқындайды. | |
| 5 минут | **Топтық жұмыс**<br> | 1. Оқушыларды топтастырады.<br><br>2. Кейіпкерлердің ұқсастықтары мен айырмашылықтары туралы топ ішінде талқылауға ықпал етеді. | 1.Кейіпкерлердің ұқсастықтары мен айырмашылықтары туралы топтасып талқылайды.<br>2. Өз ойларын ортаға салады.<br> | ҚБ<br>*Дескриптор:*<br>кейіпкерлерді салыстырады;<br>ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтайды;<br>өз пікірлерін білдіреді | |
| 5 минут | **Жеке жұмыс**<br><br>Бүгінгі сабақтың мақсатына қол жеткізу тапсырмасы | 1.Шығармадағы басты кейіпкерді сипаттаған тұсын тауып жазуға ықпал етеді.<br><br>2. Нағыз әже анықтауға жағымды орта туғызады. | 1. Нағыз әжені сипаттаған тұсын тауып жазады.<br><br>2. Кейіпкер образын ашуда автор бейнесінің қандай сипатта көрініс тапқанын анықтайды. | ҚБ<br>Дескриптор:<br>кейіпкерді сипаттаған үзіндіні тауып жазады;<br>сол үзінді арқылы автор бейнесін анықтайды. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | |  | | |
| **САБАҚТЫҢ СОҢЫ** | | | | | |
| | | | | | |
| 5 минут | **Кері байланыс**<br><br>«Қызық.Қиын.Құнды»<br><br> | Жапырақ бөліктеріне «Нағыз әже қайда?» әңгімесін оқу барысында, бүгінгі жұмыс жасаған әрекеттері бойынша оқушылар үшін қызық, қиын, құнды болған тұстарды жазып, ой қорытуға жағымды орта туғызады.<br><br>Қосымша сұрақтарға жауап беру арқылы кері байланыс жасатады.<br><br>Сабақтың оқушы үшін тиімділігін анықтайды | Оқушы бүгінгі сабақ барысында өзіне қызық, қиын, құнды болған тұстарды анықтап, өз біліміне зерттеу жүргізеді. Өз әрекетін саралайды, қандай қиындықтар барын анықтап оны мұғалімге айту күтіледі. | | АКТ |
| 1 минут | **Үйге тапсырма** | 146-бет, 7-тапсырма | Үй тапсырмасы бойынша сұрақтар қойып, мұқият түсініп алулары күтіледі. | | Оқулық |
| **Рефлексия** | **Жалпы бағалау:**<br>**Сабақтың кандай екі аспектісі өте жақсы өтті?**<br>**Сабақтың жақсырақ өтуіне қандай жағдайлар көмек болар еді?** | | **1.**<br>**2.**<br><br>**1.**<br>**2.** | | |

## 26. «Қазақ әдебиеті» оқу пәні, 7-сынып

I. Өткен оқу жылында өтілген оқу бағдарламасының мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттары

7-сыныпта «Қазақ әдебиеті» пәнінен диагностикалық жұмыс жүргізу үшін 6-сыныпқа арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінен оқу бағдарламасындағы оқыту мақсаттары зерделенеді. Ол үшін негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын қарастырамыз [14]. Оқу бағдарламасына сәйкес 6-сыныптың мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттары келесі кестеде көрсетілген (26.1-кесте)

26.1-кесте – 6-сыныптың мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттары

| Бөлімше атауы | 6-сынып |
|---|---|
| **1) Түсіну және жауап беру:** | |
| 1. Көркем шығарманың мазмұны мен пішіні | 6. 1.1.1 әдеби шығарманың жанрын, фабуласын, сюжетін анықтау |
| 2. Әдеби шығарманың тұжырымдамасы | 6.1.2.1 әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені идеясы арқылы түсіндіру |
| 3.Көркем шығармада ғы образ | 6.1.3.1 әдеби туындыдағы кейіпкердің типтерін тек тұрғысынан сипаттау |
| 4. Шығарма үзінділерімен жұмыс | 6.1.4.1 көркем шығармалардан орта көлемді үзінділер ді мәнерлеп оқу, жатқа айту |
| **2) Анализ және интерпретация** | |
| 1. Әдеби шығарманың композициясы | 6.2.1.1 шығарма композициясындағы белгілі бір эпизодтың алатын маңызына негіздеме жасау |
| 2. Автор бейнесі | 6.2.2.1 эпикалық, поэзиялық шығармалардағы автор бейнесін анықтау |
| 3. Көркем шығарманың тілі | 6.2.3.1 шығармадағы көркем ауыстыруларды (троптар ды: метафора, кейіптеу, метонимия, гипербола, литота, аллегория, антитеза, градация, арнау) анықтау |
| 4. Шығармашылық жұмыс | 6.2.4.1 әдеби көркемдегіш құралдарды пайдаланып шығармадағы табиғат көрінісін, оқиға орнын, кейіпкер бейнесін сипаттап жазу |
| **3) Бағалау және салыстыру:** | |
| 1. Тарихи және көркемдік құндылығы | 6.3.1.1 шығармадағы кейіпкерлерді өзара салыстыра отырып, тарихи және көркемдік құндылығына баға беру |
| 2. Заманауилығы мен жаңашылдығы | 6.3.2.1 кейіпкерлер жүйесінің заманауи жаңашылдығын өзара салыстырып баға беру |
| 3. Әдеби эссе | 6.3.3.1 шығармадағы кейіпкерлер қарым-қатынасын отбасылық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу |
| 4. Әдеби сын | 6.3.4.1 шығармада көтерілген мәселенің әлеуметтік рөлі туралы сыни хабарлама жасау |

II. Іріктеп алынған оқыту мақсаттары бойынша диагностикалық жұмыстың үлгісі (екі нұсқа)

26.2-кесте – Диагностикалық жұмыс жүргізуге ұсынылатын оқыту мақсаттары

| **Бөлімше атауы** | **Оқытылған шығармалар** | **6-сынып** |
|---|---|---|
| 2. Автор бейнесі | «Аяз би» ертегісі, «Алып Ер Тұңға» жыры, Әбу-Насыр Әл-Фараби «Қашықтасың туған жер» өлеңі, Доспамбет жырау «Айналайын, Ақжайық» толғауы | 6.2.2.1 эпикалық, поэзиялық шығармалардағы автор бейнесін анықтау |
| 3. Көркем шығарманың тілі | | 6.2.3.1 шығармадағы көркем ауыстыруларды (троптарды: метафора, кейіптеу, метонимия, гипербола, литота, аллегория, антитеза, градация, арнау) анықтау |

1-тапсырма. Үзіндіні мұқият оқыңыз. «Аяз би» ертегісінің мазмұнын еске түсіре отырып ертегідегі автор бейнесін анықтаңыз.

«Ей, Аяз, баймын деп аспа, ханмын деп таспа! Аяз, әліңді біл, құмырсқа жолыңды біл!»...

_____
_____
_____
_____
_____
_____
_____
_____

2-тапсырма. Әдеби-теориялық ұғымдардың анықтамасын еске түсіріп, берілген мысалдарды сәйкестендіріңіз.

| **Әдеби-теориялық ұғымдар** | | **Мысалдар** |
|---|---|---|
| Метафора | | Ақыреттік дос, ақ киіз |
| Эпитет | | Сүлейменнің жүзігіндей, Мұсаның асасындай, Дәуіттің қоржынындай |
| Теңеу | | Тура жол |

3-тапсырма. «Алып Ер Тұңға» жырының үзінділерін мұқият оқып, автор бейнесіне талдау жасаңыз.

| Өлеңнен үзінді | Автор бейнесі |
|---|---|
| Тағдырдың күнін тербертер,<br>Пенденің күшін меңдетер.<br>Пәниді жұрттан тазартар,<br>Қашсаң тағы артылар. | |
| Замана түгел күйреді,<br>Білімді жақсы сиреді.<br>Жаман-жәутік түптеді,<br>Ізгі бектер шетінер. | |
| Алып Ер Тұңға өлді ме?<br>Опасыз дүние қалды ма?<br>Заман өшін алды ма?<br>Енді жүрек жыртылар... | |

4-тапсырма. Әбу Насыр әл-Фарабидің «Қашықтасың туған жер» өлеңінен алынған үзіндіні мұқият оқып, көркемдегіш құралды анықтап, дәлелдеңіз.

| Өлеңнен үзінді | Метафора | Дәлелдеңіз |
|---|---|---|
| Қашықтасың, туған жер – қалың елім,<br>Небір жүйрік болдырып жарау деген.<br>Шаршадым мен, жанарым талды менің,<br>Шаңыт жолға сарылып қарауменен. | | |

5-тапсырма. Доспамбет жыраудың «Айналайын, Ақжайық» толғауындағы көркемдегіш құралдарды анықтаңыз.

| Көркемдегіш құралдар / Толғаудан үзінді | Теңеу | Ассонанс | Эпитет | Аллитерация | Риторикалық сұрау/ Эпифора |
|---|---|---|---|---|---|
| Айналайын Ақжайық,<br>Ат салмай өтер күн қайда?<br>Еңсесі биік боз орда,<br>Еңкеймей кірер күн қайда? | | | | | |
| Алты құлаш ақ найза<br>Ұсынып шаншар күн қайда? | | | | | |
| Күдеріден бау тағып,<br>Кіреуке киер күн қайда?<br>Күмбір-күмбір кісінетіп,<br>Күреңді мінер күн қайда? | | | | | |
| Кетбұғадай билерден<br>Кеңес сұрар күн қайда? | | | | | |

Диагностикалық бақылау
2-нұсқа

Сынып: 6

Пән: Қазақ әдебиеті

Оқылатын шығарма тақырыбы: А.Құнанбайұлының «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін», «Ғылым таппай мақтанба» өлеңдері. Қарасөздері. «Отыз бірінші сөз»


Оқу мақсаты:

А/И. 6.2.2.1 эпикалық, поэзиялық шығармалардағы автор бейнесін анықтау.

А/И. 6.2.4.1 әдеби көркемдегіш құралдарды пайдаланып шығармадағы табиғат көрінісін, оқиға орнын, кейіпкер бейнесін сипаттап жазу;

Б/С. 6.3.4.1 шығармада көтерілген мәселенің әлеуметтік рөлі туралы сыни хабарлама жасау.

1-тапсырма. А.Құнанбайұлының «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» өлеңіндегі автор маңызды және онша маңызды емес деп санаған мәселелерді анықтаңыз. Анықталған маңызды аспектілер арқылы автор бейнесін сипаттаңыз.







2-тапсырма. «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінің мазмұнын есіңізге түсіріңіз. Берілген көркемдегіш құралдарды қатыстыра отырып «Болмасаң да ұқсап бақ...» тақырыбында ғалым адамның бейнесін сипаттап жазыңыз.

**Болмасаң да ұқсап бақ...**

_____
_____
_____
_____
_____
_____
_____

*Көркемдегіш құралдар: Мәңгілік ел, дана тұлға, жан азығы, білімді ұрпақ, қызыл тіл.*

3-тапсырма. «Жетінші қарасөз» мазмұнын есіңізге түсіріңіз. Үзіндіде көтерілген мәселе туралы сыни хабарлама жасаңыз.

| Жетінші қарасөз | Сыни хабарлама |
|---|---|
| Көкіректе сәуле жоқ, көңілде сенім жоқ. Құр көзбенен көрген біздің хайуан малдан неміз артық? Қайта бала күнімізде жақсы екенбіз. Білсек те, білмесек те, білсек екен деген адамның баласы екенбіз. Енді осы күнде хайуаннан да жаманбыз. Хайуан білмейді, білемін деп таласпайды. Біз түк білмейміз, біз де білеміз деп надандығымызды білімділікке бермей таласқанда, өлер-тірілерімізді білмей, күретамырымызды адырайтып кетеміз. | |

4-тапсырма. «Отыз бірінші қарасөзден» алынған үзіндіні мұқият оқыңыз. Авторға тән қасиеттерді анықтай отырып, автор бейнесіне талдау жасаңыз.

| Үзінді | Авторға тән қасиеттер | Автор бейнесі |
|---|---|---|
| Естіген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар: әуелі – көкірегі байлаулы берік болмақ керек; екінші – сол нәрсені естігенде я көргенде ғибрәтлану керек, көңілденіп, тұшынып, ынтамен ұғу керек; үшінші – сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып ойланып, көңілге бекіту керек; төртінші – ой кеселі нәрселерден қашық болу керек. Егер кез болып қалса, салынбау керек. | | |

III. Сабақ барысында толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары

6-сыныпқа арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінен оқу бағдарламасын зерделеу нәтижесінде 7-сыныптағы «Қазақ әдебиеті» оқу пәнінің оқыту мақсаттарымен кіріктіруге болатын оқыту мақсаттары анықталды [14]. Кіріктіруге болатын оқыту мақсаттары ұсыныс түрінде берілген (26.3-кесте).

26.3-кесте – 7-6-сыныптардың кіріктірілетін оқыту мақсаттары

| Бөлімше атауы | 7-сынып | 6-сынып |
|---|---|---|
| 1) Түсіну және жауап беру | | |
| 2. Әдеби шығарманың | 7.1.2.1 әдеби шығармадағы тұлғалық болмысты гуманистік | 6.1.2.1 әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық |

| | | |
|---|---|---|
| тұжырымдамасы | тұрғыдан талдау | мәселені идеясы арқылы түсіндіру |
| 3. Көркем шығармадағы образ | 7.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлердің типтерін жасалу тәсілдері тұрғысынан анықтау | 6.1.3.1 әдеби туындыдағы кейіпкер дің типтерін тек тұрғысынан сипаттау |
| 2) Анализ және интерпретация | | |
| 1. Әдеби шығарманың композициясы | 7.2.1.1 шығармадағы эпизодтар мен бейнелерді салғастыру | 6.2.1.1 шығарма композициясында ғы белгілі бір эпизодтың алатын маңызына негіздеме жасау |
| 2. Автор бейнесі | 7.2.2.1 эпикалық, поэзиялық, драмалық шығармадағы автор бейнесін анықтау | 6.2.2.1 эпикалық, поэзиялық шығармалардағы автор бейнесін анықтау |
| 3. Көркем шығарманың тілі | 7.2.3.1 шығармадағы көркемдегіш құралдардың (символ, синекдоха, қайталау түрлері: эпифора, анафора, аллитерация, ассонанс, риторикалық сұрақ) қолданысын талдау | 6.2.3.1 шығармадағы көркем ауыстыруларды (троптарды: метафора, кейіптеу, метонимия, гипербола, литота, аллегория, антитеза, градация, арнау) анықтау |
| 3) Бағалау және салыстыру | | |
| 1.Тарихи және көркемдік құндылығы | 7.3.1.1 кейіпкерлердің іс-әрекеті мен автор берген портреттік мінездемені салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығына баға беру | 6.3.1.1 шығармадағы кейіпкерлерді өзара салыстыра отырып, тарихи және көркемдік құндылығына баға беру |
| 2.Заманауилығы мен жаңашылдығы | 7.3.2.1 әдеби жанр түрлерінің даму барысына, жаңашылдығына заманауи тұрғыдан баға беру | 6.3.2.1 кейіпкерлер жүйесінің заманауи жаңашылдығын өзара салыстырып баға беру |

IV. Кіріктірілетін оқыту мақсаттары бойынша ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгісі (2-3)

Әрі қарай республика мектептерінің педагогтері әзірлеген сабақтардың қысқа мерзімді жоспарларының үлгілері ұсынылады:


# Қысқа мерзімді сабақ жоспарлары

| | | |
|---|---|---|
| **Бөлім:** | Көне күндерден жеткен жәдігерлер | |
| **Педагогтің аты-жөні:** | Бейсенбина Айгүл Базарбайқызы | |
| **Күні:** | | |
| **Сынып:** | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| **Сабақ тақырыбы:** | «Күлтегін» жазба ескерткіші | |
| **Оқу мақсаты** | 7.3.1.1 кейіпкерлердің іс-әрекеті мен автор берген портреттік мінездемені салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығына баға беру;<br>6.3.1.1 шығармадағы кейіпкерлерді өзара салыстыра отырып, тарихи және көркемдік құндылығына баға беру. | |
| **Сабақтың мақсаты** | Кейіпкерлердің іс-әрекеті мен автор берген портреттік мінездемені салыстырып, шығарманың тарихи және көркемдік құндылығына баға беру. | |

**Сабақтың барысы**

| Уақыт | Кезеңдері | Мұғалімнің іс-әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|---|
| 5 мин | Сабақтың басы | Қызығушылықты ояту. «Досыма тілек» атты тренинг ұйымдастыру.<br>Оқушыларды топтастырады. | Бір-біріне жақсы тілектер айтады. | Мұғалімнің ауызша кері байланысы | Музыка |
| 25 мин | Сабақтың ортасы | **Ойтүрткі**<br>Орхон-Енисей ескерткіштері туралы не білеміз?<br>Жырдың мазмұнында не баяндалады?<br>Жырдың негізгі идеясы неде?<br>**1-тапсырма**<br>**Берілген мінездеме арқылы кейіпкердің іс-әрекетін анықтаңыз.**<br>**Портреттік мінездеме** / **Кейіпкердің іс-әрекеті**<br>Күлтегін оттай лаулады, Елдің дауын даулады. /<br>Бозын мініп Күлтегін, Алдаспанын сілтеді. Алты жауын түйреді, Жетіншісін сүйреді. / | Сұрақтарға жауап береді.<br>Берілген портреттік мінездемелерді оқи отырып, кейіпкерлердің іс-әрекетін талдап жазады. | **Дескриптор:**<br>1.Кейіпкердің іс-әрекетін сипаттап жазады– 1 ұпай<br>**«Бір ұсыныс, бір тілек»** әдісі арқылы мұғалім ауызша кері байланыс береді. | АКТ |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Отызға ол толған-ды.<br>Салмағы да сан батпан,<br>Баяғыдай қайратты,<br>Қос батырды жайратты... | | | |
| | | **2-тапсырма**<br>**Сұрақтарға жауап бере отырып, шығарманың тарихи және көркемдік құндылығын анықтаңыз.**<br>1. Автор берген мінездеме мен кейіпкер іс-әрекеті қай жерде түйіседі?<br>2. Автор берген мінездеме мен кейіпкер іс-әрекетінің түйіскен тұсынан шығарманың қандай тарихи және көркемдік құндылығын анықтай алдыңыз?<br>3. Алынған үзінді туралы қандай ой түйдіңіз?<br>Осы үш сұрақ төңірегінде кестеге жауабыңызды жазыңыз. | Сұрақтарға жауап береді. Шығарманың тарихи және көркемдік құндылығын анықтайды. | **Дескриптор:**<br>1. Сұрақтарға жауап береді – 1 ұпай<br>2. Шығармадан кейіпкердің портреттік мінездемесін анықтайды– 1 ұпай<br>3.Шығарманың тарихи құндылығын анықтайды– 1 ұпай<br>4. Шығарманың көркемдік құндылығын анықтайды– 1 ұпай<br>5.Өз ойын қорытындылайды– 1 ұпай<br>«Еркін микрофон» әдісі арқылы бағаланады. | |
| | | **Портреттік мінездеме**<br>**Тарихи құндылығы**<br>**Көркемдік құндылығы**<br>**Қорытынды пікір** | | | |
| | | **3-тапсырма. Орхон ескерткішінің кейіпкерін эпостық жырдың кейіпкерімен салыстырыңыз.**<br>**Қобыланды батыр** / **Күлтегін**<br>**Ұқсастығы**<br>**Айырмашылығы** | Берілген кейіпкерлерді салыстырып, өз ойын айтады. | **Дескриптор:**<br>1. Кейіпкерлердің екі ұқсастығын анықтайды – 1 ұпай<br>2. Кейіпкерлердің екі айырмашылығын анықтайды – 1 ұпай | |
| 12 мин | Сабақтың соңы | Білге қаған мен Күлтегін бейнесін салыстыра отырып, ой бұлтшасын толтырыңыз. | Кейіпкер бейнесін салыстыра отырып, тұжырым жасайды. | **Дескриптор:**<br>1.Кейіпкер бейнесін | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | |  | | салыстырады– 1 ұпай<br>2.Өз ойын тұжырымдайды– 1 ұпай | |
| 3 мин | Кері байланыс | **«Есесіне мен ...»** әдісі арқылы оқушылардың білімін анықтайды. | Оқушылар өздерінің нені үйренгенін, нені түсінбегенін ашып жазады. | Мұғалімнің ауызша кері байланысы | Үлестірмелі парақтар |
| **Қорытынды** | | Балалар! Бүгінгі сабақта сіздер кейіпкерлердің іс-әрекеті мен автор берген портреттік мінездемені салыстырдыңыдар, шығарманың тарихи және көркемдік құндылығына баға бердіңіздер.<br>Осымен сабағымызды аяқтаймыз. | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Бөлім:** | Көне күндерден жеткен жәдігерлер | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні:** | Бейсенбина Айгүл Базарбайқызы | | | | |
| **Күні:** | | | | | |
| **Сынып:** | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: | | | |
| **Сабақ тақырыбы:** | Жиембет жырау «Еңсегей бойлы ер Есім» толғауы | | | | |
| **Оқу мақсаты** | 7.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлердің типтерін жасалу тәсілдері тұрғысынан анықтау;<br>6.1.3.1 әдеби туындыдағы кейіпкердің типтерін тек тұрғысынан сипаттау;<br>7.2.3.1 шығармадағы көркемдегіш құралдардың (символ, синекдоха, қайталау түрлері: эпифора, анафора, аллитерация, ассонанс, риторикалық сұрақ) қолданысын талдау;<br>6.2.3.1 шығармадағы көркем ауыстыруларды (троптарды: метафора, кейіптеу, метонимия, гипербола, литота, аллегория, антитеза, градация, арнау) анықтау. | | | | |
| **Сабақтың мақсаты** | Кейіпкерлердің типтерін тек тұрғысынан талдап, шығармадағы қайталау түрлерінің қолданысына анықтау. | | | | |
| **Сабақтың барысы** | | | | | |
| **Уақыт** | **Кезеңдері** | **Мұғалімнің іс-әрекеті** | **Оқушының іс-әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
| 5 мин | Сабақтың басы | Қызығушылықты ояту. «Ауа райы» тренингін ұйымдастыру.<br>Оқушыларды топтастырады. | Сапта тұрып, ауа райына қатысты түрлі қимыл-қозғалыстар жасайды. | Мұғалімнің ауызша кері байланысы | Музыка |
| 25 | Сабақтың | **Ойтүрткі** | Сұрақтарға жауап береді. | | АКТ |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| мин | ортасы | Жиембет жырау ханға қандай талап қойған?<br>Жырау неліктен халықтың атынан сөйлеген?<br>Оқушылар, біз бүгінгі сабақта кейіпкерлердің типтерін жасалу тәсілі арқылы талдаймыз. Ендеше әдеби теориялық ұғымдар туралы мәлімет алайық.<br><br>**Шығарманың кейіпкері** – көркем шығармада суреттелетін оқиғаға қатысушы адам, әдеби образ. Әдеби образ - көркем шығармада сөзбен сомдалған әдеби қаһарман бейнесі. Образдың тұрлерін белгілеудің бірнеше (<u>әдістік, тектік, тәсілдік</u>) факторлары бар.<br>**Көркемдік әдіс** тұрғысынан образ екі түрлі: <u>романтикалық образ, реалистік образ</u>. <u>Реалистік образ – әдебиеттегі адам бейнесінің ең сымбатты да, шынайы түрі</u>. Мұның сымбаттылығы да, шынайылығы да шыншылдығында.<br>**Әдеби тек** тарапынан образ үшке бөлінеді. Олар: <u>эпикалық образ, лирикалық образ, драмалық образ.</u><br><u>Лирикалық образ</u> – сыршыл – өлең жырларындағы ақынның өр бейнесі, оның ішкі бітімі, сыры мен сезімі.<br>**Жасалу тәсіліне** қарай образ бірнеше түрге бөлінеді. Олар: сатиралық образ, юморлық образ, фантастикалық образ, трагедиялық образ, геройлық образ. <u>Геройлық образ</u> – суреткердің ең биік идеалының және асыл мұратының көркем жинақталуынан туындаған тарихи бейне.<br>Міне, оқушылар, образдың түрлері туралы мәлімет алдық. Ендеше алған білімімізді пысықтау үшін тапсырма орындап көрейік.<br><br>**1-тапсырма**<br>**Кейіпкердің бейнесін ашатын көркем образдың** | Берілген үзіндіні оқып, жасалу | **Дескриптор:** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **түрін анықтаңыз.**<br><br>**Үзінді** / **Жасалу тәсілі**<br>Мен, өлсем, құнсыз кетер деме сен<br>Кешегі өзіңнің ұрып өлтірген<br>Тілеуберді құлыңдай!<br>Тілеуберді құлың мен емес,<br>Мұның, ханым, жөн емес.<br>Менің ер екенімді көргенсің,<br>Әуелден бірге жүргенсің,<br>Дегенімді қылғансың,<br>Қайратымды білгенсің...<br><br>**2-тапсырма**<br>**Берілген үзінділерден кейіпкердің тұлғалық болмысын анықтап, ой тұжырымдаңыз.**<br><br>**Үзінділер** / **Кейіпкер тұлғасының жасалу тәсілі**<br>Қайрылып қайыр қылуға<br>Қылығың жоқ ұнаған.<br>Қайратым қанша қайтса да,<br>Мұныңа, ханым, шыдаман!<br>Арқаға қарай көшермін,<br>Алашыма ұран десермін,<br>Ат құйрығын кесермін,<br>Ат сауырын берермін,<br>Көруші едім, Есім хан,<br>Ханымды күнім, сізді айымдай...<br>...Қалмақтың Бөрі ханы келгенде,<br>Соқыр бурыл байталға<br>Сонда бір жайдақ мінгенсің... | тәсілін анықтайды.<br><br>Берілген үзіндіні оқып, кейіпкердің тұлғалық болмысын анықтап, өз ойын тұжырымдайды. | 1. Кейіпкердің образын анықтайды – 1 ұпай<br>2. Жыр жолдарынан мысал келтіріп, өз ойын дәлелдейді– 1 ұпай<br>3.Кейіпкер бейнесін сипаттап жазады– 1 ұпай<br>**«Еркін микрофон»** әдісі арқылы бағаланады.<br><br>**Дескриптор:**<br>1. Үзінділерді түсініп оқиды – 1 ұпай<br>2. Кейіпкердің тұлғалық болмысын анықтайды – 1 ұпай<br>3. Өз ойын тұжырымдайды– 1 ұпай<br>**Мұғалімнің ауызша кері байланысы**. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Т.Ахтанов «Күй аңызы» әңгімесі, Ж.Сахиев «Айдағы жасырынбақ», «Дабыл» фантастикалық әңгімелері, Р. Мұқанова «Мәңгілік бала бейне» | 1. Көркем шығарманың мазмұны мен пішіні | 8.1.1.1 әдеби шығарманың жанрына байланысты сюжеттік желілерін, эпилог, прологтарды анықтау |
| | | 2. Әдеби шығарманың тұжырымдамасы | 8.1.2.1 әдеби шығарманың идеясы мен пафосын ұлттық мүдде тұрғысынан ашу |
| | | 3. Көркем шығармадағы образ | 8.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлерді сомдауда тура және жанама мінездеулерді жіктеу |
| | | 4. Шығарма үзінділерімен жұмыс | 8.1.4.1 көркем шығармалардан алған үзінділерді өз көзқарасын дәлелдеу үшін орынды қолдану |
| | | 2) Анализ және интерпретация | |
| | | 1. Әдеби шығарманың композициясы | 8.2.1.1 композицияны тұтастан бөлшекке, бөлшектен тұтасқа қарай талдау |
| | | 2. Автор бейнесі | 8.2.2.1 автор бейнесі мен кейіпкерлер қарым-қатынасының тілдік көрінісін талдау |
| | | 3. Көркем шығарманың тілі | 8.2.3.1 шығармадағы көркемдегіш құралдардың (психологиялық параллелизм, перифраз, сатира, ирония, гротеск, эллипсис) қолданысын талдай отырып, автор стилін анықтау |
| | | 3) Бағалау және салыстыру | |
| | | 1. Тарихи және көркемдік құндылығы | 8.3.1.1 шығарманың тақырыбы мен идеясын осы тектес басқа шығармалармен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | бағалау |
| | | 3. Әдеби эссе | 8.3.3.1 шығарманың көркемдік-идеялық құндылығын гуманистік тұрғыдан талдап, әдеби эссе жазу |

VII. Жазғы мектеп кезінде ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгісі

| | |
|---|---|
| **Педагогтің аты-жөні:** | **Ниязбаева Динара Амангельдиновна** |
| **Пәні:** | **Қазақ әдебиеті** |
| **Күні:** | |
| **Сынып: 8** | **Қатысушылар саны:**<br>**ғандар саны:** |
| **Бөлім:** | Дананың сөзі-ақылдың көзі |
| **Сабақтың тақырыбы** | Ақтамберді Сарыұлы «Күлдір-күлдір кісінетіп» |
| **Оқу бағдарламасына с оқыту мақсаттары** | 8.1.3.1. көркем шығармадағы кейіпкерлерді сомдауда жанама мінездеулерді жіктеу<br>8.2.4.1. көркем шығармадан алған әсерін сипаттап ат, өлең жазу. |
| **Сабақтың мақсаты** | ● көркем шығармадағы кейіпкерлерді сомдауда тура және жанама мінездеулерді жіктету<br>● көркем шығармадан алған әсерін сипаттап авторға хат, өлең жазғызу |
| **Бағалау критерийлері** үтілетін нәтиже) | ● көркем шығармадағы кейіпкерлерді сомдауда тура және жанама мінездеулерді жіктейді<br>көркем шығармадан алған әсерін сипаттай отырып, авторға хат, өлең жазады |

**САБАҚ БАРЫСЫ**

| **Сабақтың і/ уақыт** | **Тапсырма мақсаты** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Бағала** | **Ресур** |
|---|---|---|---|---|---|
| **САБАҚТЫҢ БАСЫ** | | | | | |
| Ұйымдаст ыру кезеңі 3 минут | Қызығуш ты ояту | Оқушылармен амандасу, түгендеу. иялық жағымды ахуал туғызу. «Суретнама». Оқушыға сыбырлап рді жыраудың Шығыс Қазақстан бай ауданындағы Жүрекжота деген мбезі бар» деген сөйлемді айтады. | 1. Амандасады. 2. Бір оқушы мұғалімнің айтқанына байланысты сурет салады немесе шартты белгі салады. Басқа оқушылар сурет не шартты белгі арқылы анықтайды. | Бас барма қ | |
| 2 минут | **Анықтам ышымен мыс Әдеби-** | «Түсіп қалған сөздерді орнына қой» ..... мінездеу- кейіпкердің ай, сол қалпында баяндау. ..... мінездеу – кейіпкерге қатысты | Теориялық алды қайталайды. | | Тест масы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **иялық дарды талап, ықтау**  | ен ..... суреттеу арқылы бейнесін ашып көрсету. | | | |
| **САБАҚТЫҢ ОРТАСЫ** | | | | | |
| 15 минут | **Топтық**  | 1-тапсырма.<br>«Күлдір-күлдір кісінетіп» толғауын оқыта кестені толтырту.<br>Мысал дар / Автордың қолдануд ағы мақсаты / Мені ң мінез деме м<br>Тура мінездеу<br>Жанама мінездеу | Шығарма отырып, олтырады. | **ҚБ** Өзара ау | Таратпа |
| 20 минут | **Жеке мыс**  | «РАФТ» әдісі<br>Р – Ақтамберді<br>А – жау<br>Ф – хат<br>Т – «Арманым биік арда ұлы едім қазақтың» | «РАФТ» н көркем адан алған йдаланып, | ҚБ Дескри - ы -хат ын - ой | Тарат сте |
| **САБАҚТЫҢ СОҢЫ** | | | | | |
| 3 минут | Кері байланыс | «5-5-1» әдісі<br>Күн тақырыбын 5 сөйлеммен ылату | Сабақ тақырыбы бойынша ойларын 5 сөйлеммен қорытындылай ды. | Стикер | |
| 2 минут | Үйге тапсырма | 38-бет, 4-тапсырма | Үй тапсырмасы бойынша сұрақтар қойып, мұқият түсініп алулары күтіледі. | Оқулық | |

## 29.1. «Қазақ әдебиеті» оқу пәні, 10-сынып (жаратылыстану-математика бағыты)

I. Өткен оқу жылында өтілген оқу бағдарламасының мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттары

10-сыныпта «Қазақ әдебиеті» пәнінен диагностикалық жұмыс жүргізу үшін 9-сыныпқа арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінен оқу бағдарламасындағы оқыту мақсаттары зерделенеді. Ол үшін негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын қарастырамыз [14]. Оқу бағдарламасына сәйкес 9-сыныптың мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттары келесі кестеде көрсетілген (29.1.1-кесте)

29.1.1-кесте – 9-сыныптың мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттары

| Бөлімше атауы | 9-сынып |
|---|---|
| **1) Түсіну және жауап беру:** | |
| 1. Көркем шығарманың мазмұны мен пішіні | 9.1.1.1 әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау |
| 2. Әдеби шығарманың тұжырымдамасы | 9.1.2.1 әдеби шығармадағы психологизмді анықтау |
| 3.Көркем шығармада ғы образ | 9.1.3.1 көркем шығарманың идеясына сай кейіпкерлер жүйесін анықтау |
| 4. Шығарма үзінділерімен жұмыс | 9.1.4.1 көркем шығармалардан алған үзінділерді шығармашылық жұмыстарда қолдану |
| **2) Анализ және интерпретация** | |
| 1. Әдеби шығарманың композициясы | 9.2.1.1 эпикалық, поэтикалық, драмалық мәтіндердегі композициялық амалдарды талдау |
| 2. Автор бейнесі | 9.2.2.1 автор бейнесінің идеялық-стилистикалық тұтастырушы ретіндегі рөліне талдау жасау |
| 3. Көркем шығарманың тілі | 9.2.3.1 шығармадағы әдеби тілді құбылту мен айшықтаудың (троп пен фигура) түрлерін талдай отырып, автор стиліне баға беру |
| 4. Шығармашылық жұмыс | 9.2.4.1 автор стиліне сүйене отырып, шығармашылық жұмыс жазу |
| **3) Бағалау және салыстыру:** | |
| 1. Тарихи және көркемдік құндылығы | 9.3.1.1 шығарманы басқа өнер түрлеріндегі осы мазмұндас туындылармен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау |
| 2. Заманауилығы мен жаңашылдығы | 9.3.2.1 шығармадағы ұрпақтар сабақтастығы көрінісін заманауи тұрғыда салыстырып, жаңашылдығына баға беру |
| 3. Әдеби эссе | 9.3.3.1 шығарманың идеясын ғаламдық тұрғыдан талдап, әдеби эссе жазу |
| 4. Әдеби сын | 9.3.4.1 әдеби шығарманы қазақ әдебиеті мен әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыра талдап, шағын сын мақала жазу |

II. Іріктеп алынған оқыту мақсаттары бойынша диагностикалық жұмыстың үлгісі (екі нұсқа)

29.1.2-кесте – Диагностикалық жұмыс жүргізуге ұсынылатын оқыту мақсаттары

| Бөлімше атауы | 9-сынып |
|---|---|
| 1. Көркем шығарманың мазмұны мен пішіні | 9.1.1.1 әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау |
| 2. Әдеби шығарманың тұжырымдамасы | 9.1.2.1 әдеби шығармадағы психологизмді анықтау |
| 3. Тарихи және көркемдік құндылығы | 9.3.1.1 шығарманы басқа өнер түрлеріндегі осы мазмұндас туындылармен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау |

1-нұсқа.

1-тапсырма. «***Ойлан, бөліс***» әдісі арқылы «Ұлпан» романының сюжеттік - композициялық құрылысына талдау жасаңыз.

| | |
|---|---|
| Шығарманың басталуы | |
| Шығарманың байланысуы | |
| Шығарманың дамуы | |
| Шығарманың шиеленісуі | |
| Шығарманың шарықтау шегі | |
| Шығарманың шешімі | |

Дескриптор:
- шығарма мазмұны бойынша жоспар құрады.
- сюжетті- композициялық құрылымына талдау жасайды.

2-тапсырма. Майқы бидің нақыл сөздерінен оның сүйініш-қуанышын, реніш-өкінішін, күйзеліс-толғанысын анықтап, мінезін, жан дүниесін қалай танығаныңызды жазыңыз. Құндылығы туралы пікіріңізді білдіріңіз.

_____
_____
_____

3-тапсырма. Ғ. Мүсірепов «Ұлпан» романы. Кейіпкерлерге мінездеме беріп, әрекетіне талдау жасаңыз. Кестені толтырыңыз.

| **Кім?** | **Қандай?** | **Қашан?** | **Не істеді?** |
|---|---|---|---|
| Есеней | | | |
| Аңшы Мүсіреп | | | |
| Түрікмен Мүсіреп | | | |
| Артықбай | | | |

4-тапсырма. *«Үндес шығарма» әдісі* (жеке жұмыс). Әңгімені өзің оқыған басқа шығармамен салыстырыңыз.

| «Бақытсыз Жамал» | «Шұғаның белгісі» |
|---|---|
| Басты кейіпкерлер | |
| | |
| Қарама-қайшылық әлемі | |
| | |
| Құндылығы | |
| | |
| Тарихилығы | |
| | |
| Түйіні | |

5-тапсырма. *«Тыңдайтын үштік» стратегиясы.*

1. «Кенесары-Наурызбай» жырында батырлар бейнесі қалай көрінген?

2. Жырда қазақ қоғамындағы әлеуметтік қайшылықтар қалай көрініс тапқан?

Сұрақтарға жауап бере отырып, жырдағы ұрпақтар сабақтастығы көрінісіне өз көзқарасыңызды білдіріп, жаңашылдығына баға беріңіз.

| **Жырдағы ұрпақтар сабақтастығы** | **Заманауи көзқарас** | **Жырдың жаңашылдығы** |
|---|---|---|
| | | |

2-нұсқа.

29.1.3-кесте – Диагностикалық жұмыс жүргізуге ұсынылатын оқыту мақсаттары

| Бөлімше атауы | 9-сынып |
|---|---|
| 3. Көркем шығармадағы образ | 9.1.3.1 көркем шығарманың идеясына сай кейіпкерлер жүйесін анықтау |
| 4. Шығарма үзінділерімен жұмыс | 9.1.4.1 көркем шығармалардан алған үзінділерді шығармашылық жұмыстарда қолдану |
| 3. Көркем шығарманың тілі | 9.2.3.1 шығармадағы әдеби тілді құбылту мен айшықтаудың (троп пен фигура) түрлерін талдай отырып, автор стиліне баға беру |

1-тапсырма. *«Ой күмбезі»* әдісі арқылы шығарманың идеясына сай кейіпкер жүйесін талдаңыз.

Ғ. Мүсірепов «Ұлпан» романынан үзінді

*– Ақнарым, сен мені адам қыла – Ақнарым, сен мені адам қыла бастадың, – деді аттанарда.*

*– Жоқ, Есеней, сен көлеңкең күндік жерге түсетін бәйтерексің. Мен сенің саяңда шырылдаған бозторғаймын. Менің құдайдан бірінші тілегім сенің амандығың! – деді Ұлпан.*

*– Сенсіз мен кім болар едім?..».*

| **Бағыттары** | **Түсініктеме** | **Оқушы пікірі** |
|---|---|---|
| **Ой қазығы** | Негізгі сөзді тауып, түсінік беру | |
| **Ой желісі** | Негізгі сөзден өрбитін ойды талдап, жан- | |

| | | |
|---|---|---|
| | жақты зерделеу, | |
| **Ой өрімі** | Түйінді сөзді жинақтау, дәлелдеу, өзге ұқсайтын өзге ұқсайтын құбылыстармен салыстыру (сөйлем жазу): | |
| **Ой күмбезі** | Ойдың маңызы мен мәнін ашып, қажеттілігі мен орнын айқындап, баға беру (түйін) | |

Дескриптор:
- шығарманың идеясына сай кейіпкер жүйесін анықтайды;
- кейіпкерге қатысты сөздердің мәнін ашып, ой түйінін табады.

2-тапсырма. Шығарма үзіндісін пайдалана отырып, авторға үзіндінің маңызды бөлігіне көңіл аудартатын ашық хат жазыңыз.

*«…Ол заманда Жетісу үздіксіз керуен, тиімді саудамен, самсаған кентімен, құнарлы топырақтан нәр тартқан, қызулы күн мен мол судан күш алған мәуелі бақ, өнімді егінімен, құйқалы қоныста қоралап өрген қой, ен далада қостап жайылған жылқысымен - дәулет, байлығымен ғана емес, інісі іждағатты, ағасы салуатты, ақсақалы абыройлы болған келісті тірлікпен, әйелі бала бағып, еркегі еңбек бағып, әркім өз шаруасын берік білген, аламан атқа мініп жер ұстаған, азамат билік құрып ел ұстаған іргелі ұжымымен, тек өз ішінде ғана емес, кең даланың төрт тарабына қоныстанған аталас ағайындардың бәрімен ынтымақта болған ордалы елдігімен сәулетті екен дейді. Түптеп келгенде елдің байлығы да, жұрттың құты да Жер-Ананың, Су-Ананың мейір-шапағатының арқасы екен»*

Дескриптор:
- көркем шығармалардан алған үзінділерді шығармашылық жұмыстарда қолдана алады.

3-тапсырма. Графикалық органайзер. Берілген үзіндіден құбылту мен айшықтау түрлерін *«Дара диаграмма»* әдісі арқылы топтастырыңыз

Ф. Оңғарсынова «**Өлең, мен сені аялап өтем...**»

*Ақ желкені өзің боп тағдырымның, сіміремін*
*теңіздің таңғы нұрын. Ақ желкенді қайығым*
*- алтын қойма, ұмытылды бұрынғы жарлы*
*күнім, байлық кешіп өткендей бар ғұмырым.*
*Жүрегінде - от сезім, тұлғаңда - айбын,*
*жанарыңнан саркылмас нұрды аңдаймын.*
*Жел айдаған тұмандай барады ұшып мені*
*мәңгі қамаған мұңдар қайғым.*
*Келбетімнен Күн шығып кең әлемде,*
*"кемесіндей дарияның бұлғаңдаймын!"*







| **Бағалау критерийі** | **Дескриптор** |
|---|---|
| Құбылту мен айшықтау түрлерін топтастырады. | - құбылту, айшықтау түрлерін топтастырады;<br>- шығармадағы құбылту, айшықтау түрлерін нақты анықтап топтастырады |

4 тапсырма (жеке жұмыс). *«Автор мінбері» әдісі*.

«Бәйтерек» поэмасында қандай мәселелер көтерілді? Өз ойыңызды жазып, талдаңыз.

_____
_____
_____

Дескриптор:

- автор бейнесінің идеялық-стилистикалық тұтастырушы ретіндегі рөлін түсінеді;
- «Бәйтерек» поэмасындағы көтерілген мәселені біледі.

5-тапсырма. А)Тақырып мақсатына сай екі шығарманы салыстырыңыз.

| Салыстыру өлшемдері | Ш.Уәлиханов «Ыстықкөл сапары» | Д. Дефо «Робинзон Крузо» |
|---|---|---|
| Тақырыбы | | |
| Негізгі деректер | | |
| Мақсатты аудиториясы | | |
| Тілдік ерекшелігі | | |
| Идеясы | | |

Ә) Жоғарыда ұсынылған кесте негізінде екі шығарманы салыстыра отырып, шағын сыни мақала жазыңыз.

_____
_____
_____

Дескриптор:

- екі шығарманы салыстырады;
- екі шығарманы салыстыра отырып, шағын сыни мақала жазады.

III. Сабақ барысында толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары

9-сыныпқа арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінен оқу бағдарламасын зерделеу нәтижесінде 10-сыныптағы «Қазақ әдебиеті» оқу пәнінің оқыту мақсаттарымен кіріктіруге болатын оқыту мақсаттары анықталды [14]. Кіріктіруге болатын оқыту мақсаттары ұсыныс түрінде берілген (29.1.4-кесте).

29.1.4-кесте – 9-10-сыныптардың кіріктірілетін оқыту мақсаттары

| **Бөлімше атауы** | **10-сынып** | **9-сынып** |
|---|---|---|
| 1) Түсіну және жауап беру | | |
| 2. Әдеби шығарманың тұжырымдамасы | 10.1.2.1 әдеби шығарманың жанрлық табиғатын тану | 9.1.2.1 әдеби шығармадағы психологизмді анықтау |
| 3. Көркем шығармадағы образ | 10.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау | 9.1.3.1 көркем шығарманың идеясына сай кейіпкерлер жүйесін анықтау |
| 2) Анализ және интерпретация | | |
| 1. Әдеби шығарманың композициясы | 10.2.1.1 әдеби шығарманың композициялық ерекшеліктерін талдау | 9.2.1.1 эпикалық, поэтикалық, драмалық мәтіндердегі композициялық амалдарды талдау |
| 2. Автор бейнесі | 10.2.2.1 автор бейнесінің шығармадағы белгілі бір оқиғадағы көрінісін анықтау | 9.2.2.1 автор бейнесінің идеялық-стилистикалық тұтастырушы ретіндегі рөліне талдау жасау |
| 3. Көркем шығарманың тілі | 10.2.3.1 шығармадағы көркемдегіш құралдардың орны мен қызметін талдау | 9.2.3.1 шығармадағы әдеби тілді құбылту мен айшықтаудың (троп пен фигура) түрлерін талдай отырып, автор стиліне баға беру |
| 3) Бағалау және салыстыру | | |
| 1. Тарихи және көркемдік құндылығы | 10.3.1.1 шығарманың тарихи және көркемдік құндылығын анықтап, бағалау | 9.3.1.1 шығарманы басқа өнер түрлеріндегі осы мазмұндас туындылармен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау |
| 2.Заманауилығы мен жаңашылдығы | 10.3.2.1 көркем шығармадағы көтерілген мәселелердің жаңашылдығына баға беру | 9.3.2.1 шығармадағы ұрпақтар сабақтастығы көрінісін заманауи тұрғыда салыстырып, жаңашылдығына баға беру |

IV. Кіріктірілетін оқыту мақсаттары бойынша ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгісі

Әрі қарай республика мектептерінің педагогтері әзірлеген сабақтардың қысқа мерзімді жоспарларының үлгілері ұсынылады:

## Қысқа мерзімді жоспарлар

| | | |
|---|---|---|
| **Бөлім:** | Қалың елім, қазағым | |
| **Педагогтің аты-жөні:** | Ахаева С.А. | |
| **Күні:** | | |
| **Сынып:** | Қатысушылар | Қатыспағандар саны: |

| | | |
|---|---|---|
| | саны: | |
| **Сабақ тақырыбы:** | Абай Құнанбайұлының «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» өлеңі | |
| **Кіріктірілген оқу мақсаттары** | 10.2.3.1 шығармадағы көркемдегіш құралдардың орны мен қызметін талдау;<br>9.2.3.1 шығармадағы әдеби тілді құбылту мен айшықтаудың (троп пен фигура) түрлерін талдай отырып, автор стиліне баға беру | |
| **Сабақтың мақсаты** | шығармадағы көркемдегіш құралдардың орны мен қызметін талдай отырып, автор стиліне баға бересіңдер | |

**Сабақтың барысы**

| **Уақыт** | **Кезеңдері** | **Мұғалімнің іс-әрекеті** | **Оқушының іс-әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|---|
| 5 мин | Сабақтың басы<br><br>Ұйымдас-тыру | 1.Амандасу.<br>2.Психологиялық ахуалды жақсарту.<br>3.Сабақтың тақырыбы мен мақсатын хабарлау. | Сабаққа назар аударады. | Мұғалімнің ауызшы кері байланысы | Музыка |
| | Сабақтың ортасы | **Ойтүрткі**<br>Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы,<br>Қиыннан қиыстырар ер данасы.<br>Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,<br>Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы.<br><br>1.Неге өлең - сөздің патшасы?<br>2.Бұл сұраққа жауап беру үшін қатар тұрған үш ұғымның яғни **өлең, сөз, патша** қайсысынан бастамақпыз?<br>3.Үшеуін тұтастырып тұрған негізгі ұғымы қайсы?<br><br>Олай болса, алдымен Абайдың өлеңге қойған талаптарын анықтап алайық... | Сұрақтарға жауап береді.<br><br>Сынып тапсырманы орындайды | Мұғалімнің ауызша кері байланысы | АКТ |

| **Абайдың өлеңге қойған талаптары** | **Өлең** – **сөз**дің **патша**сы, сөз сарасы | **Сөздің патшасы** – өлең.<br>**Сөз** – істің, қарекеттің көрінісі.<br>**Сөз –** патшалық болса, өлең – оның патшасы.<br>**Патша –** әрі кеңдік, |
|---|---|---|
| | Қиыннан қиыстырар ер данасы | |
| | Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп | |

Тапсырманы орындайды.

Оқулық

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | әрі жалпылық. **Сөз сарасы -** сара бағыт, сара жол (тура, әділ). **Сараланған сөз –** нағыз сөз, ол – өлең. **Өлең –** сөздің сарасы. Қиыннан қиыстырған қазақтың баласы **«ер дана»** | Жұптаса отырып, тапсырманы оындайды. | **Дескрипторы:**<br>Өлеңде кездесетін діни сөдерді анықтайды;<br>Сөздік арқылы мағыналарын ашады.<br>**Мұғалімнің кері байланысы** | |
| | | | Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы | | | | | |
| | | **1-тапсырма**<br>***Өлеңдегі негізгі үш ойды анықтаңдар.***<br><br>1. Өлең қандай болуы тиіс?<br>2 Өлеңде бұрынғының ақындарын сынауы.<br>3. Ақынның тыңдаушыға айтары.<br><br>**2-тапсырма ЖЖ**<br>***Берілген өлең шумақтарында кездесетін діни сөздердің мағынасын анықтаңдар. Олардың автор стилін танытуда маңыздылығы бар ма?***<br>Әуелі **хаят, хәдис** – сөздің басы,<br>Қосарлы **бәйітмысал** келді арасы.<br>Қисынымен қызықты болмаса сөз,<br>Неге айтсын пайғамбар мен оны алласы.<br><br>Мешіттің **құтпа** оқыған ғұламасы,<br>**Мүнәжәт уәлилердің** зар наласы.<br>Бір сөзін бір сөзіне қиыстырар,<br>Әрбірі келгенінше өз шамасы.<br><br>**3-тапсырма**<br>**Өлеңнен көркемдегіш құралдарды тауып, өлеңдегі қолданылуын анықтаңдар.** | | Кесте үлгісіне сәйкес тапсырманы орындайды. | **Дескриптор:**<br>Өлеңнен көркемдегіш құралдарды табады;<br>мысал келтіреді;<br>қолданысын, қызметін анықтайды.<br>**Өзара бағалау жүреді.** | |

<table>
<tr><td></td><td></td><td>Автор стилін танытудағы рөлін анықтаңдар.<br><br><table><tr><th>Көркемдегіш құралдар</th><th>Мысал</th><th>Қолданысы</th></tr><tr><td>Метафора</td><td></td><td></td></tr><tr><td>Теңеу</td><td></td><td></td></tr><tr><td>Эпитет</td><td></td><td></td></tr></table></td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>12 мин</td><td>Сабақтың соңы<br>Бекіту</td><td>Сұрақ-жауап:<br><br>Көркемдегіш тәсілдердің шығармадағы мәні қандай деп ойлайсыңдар?<br>Көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарының қызметін талдау арқылы неге көз жеткізуге болады?<br>Олардың автор стилін анықтауға қандай қатысы бар?</td><td>Сұрақтарға жауап береді.</td><td>Дескриптор:<br>1. Сұрақтарға жауап береді.</td><td>Оқулық</td></tr>
<tr><td>3 мин</td><td>Кері байланыс</td><td>Мен бүгінгі сабақта не білдім?</td><td>Оқушылар өздерінің нені үйренгенін, нені түсінбегенін ашып айтады.</td><td>Мұғалімнің ауызша кері байланысы</td><td>Үлестірмелі парақтар</td></tr>
<tr><td colspan="2">Қорытынды</td><td colspan="3">Абай атамыздың:<br>«Өлді деуге сыя ма, ойлаңдаршы,<br>Өлмейтұғын артына сөз қалдырған», – деген өлең жолдарын білмейтін қазақ жоқ шығар. Абай Құнанбайұлының туғанына 176 жыл болса да, қалдырған бай мұра халықпен бірге мәңгі жасайды!<br><br>Біз бүгін сендермен сабақта:<br>- ақынның өлеңге қойған талаптарын білдік;<br>- өлеңдегі діни сөздер мағынасы мен негізгі үш ойды анықтадық;<br>- көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарының қызметін талдадық.<br>Осымен сабағымызды аяқтаймыз.</td><td></td></tr>
</table>

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Бөлім:** | **Парасат пайымы** | | |
| **Педагогтің аты-жөні:** | Ахаева С.А. | | |
| **Күні:** | | | |
| **Сынып:** | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: | |
| **Сабақ тақырыбы:** | **А. Кемелбаева «Шашты» әңгімесі** | | |
| **Кіріктірілген оқу мақсаттары** | 10.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау.<br>9.1.3.1 көркем шығарманың идеясына сай кейіпкерлер жүйесін анықтау. | | |
| **Сабақтың мақсаты** | көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін анықтап, жинақтайсыңдар. | | |

**Сабақтың барысы**

| Уақыт | Кезеңдері | Мұғалімнің іс-әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|---|
| 5 мин | Сабақ-тың басы Ұйымдастыру | 1.Амандасу.<br>2.Психологиялық ахуалды жақсарту.<br>3.Сабақтың тақырыбы мен мақсатын хабарлау. | Сабаққа назар аударады. | | Музыка |
| 25 мин | Сабақ-тың ортасы | **Үй тапсырмасын шын/жалған ақпараттар арқылы тексеру**<br>Бұл әңгіме кейіпкері шашы ұзын қыз бала. **(жалған)**<br>Мұнда қазақ халқының қиын-қыстау кезеңінің бір көрінісі суреттелген. **(шын)**<br>Әңгіменің авторы XIX ғасырда өмір сүрген. **(жалған)**<br>Әңгіменің оқиғасы Өзбек даласында болған. **(жалған)**<br>Басты кейіпкер жылқышы түрікпен шал. **(жалған)**<br>Түрікпендерден зардап шеккен екі тұтқын: бірі-қаңлы, бірі-қыпшақ **(шын)**<br>Кенжебек елге жете алмай жолда қалады.**(жалған)**<br>Кенжебекке қашуға үгіттіген тұтқын шал.**(шын)**<br>Тұтқын шал Кенжебекпен бірге қашты. **(жалған)**<br><br>Есіңде сақта! Жаңа ақпарат!<br>**Жинақтау** – әдеби тип жасау әрекеті. Көркем шығармадағы **жинақтау**-тип, **даралау**-мінез. «Типтендіру» деген суреткердің іс жүзінде өмір шындығын өз дүниетанымы тұрғысынан белгілі бір уақыт пен кеңістікке, әлеуметтік орта мен дәуірге сай талғап-тануы, таңдап іріктеуі және жинақтауы, сол арқылы өзі жасап отырған көркем бейнені сомдауы, тұлғаландыруы, даралуы болып табылады». **З.Қабдолов**<br><br>**1-тапсырма. Топтық жұмыс.** | Сұрақтарға жауап береді.<br><br>Жұптаса отырып, тапсырманы орындайды<br><br>Топпен тапсырманы орындайды. | Мұғалімнің ауызша кері байланысы<br><br>**Өзара бағалау жүреді.**<br><br>Мұғалімнің кері байланыс | АКТ<br><br>АКТ, слайд<br><br>Үлестірме қағаздар |

**I топтың тапсырмасы**
***Кесте үлгісіне сәйкес шығарма кейіпкерлеріне мінездеме беріңдер.***

| **Кейіпкер** | **Іс- әрекеті мен мінезі** | **Авторды кейіпкер шығарм қолданы дәлелдеу** |
|---|---|---|
| **Кенжебек** | | |
| **Тасқұл** | | |
| **Атажан** | | |

**II топтың тапсырмасы**
***«FILA толтыру» кестесі бойынша берілген кейіпкерге ақпараттар жинаңдар. (Тасқұл )***
**F /Дерек/** – шығармадан кейіпкер бейнесін ашатын деректер жинау;
**I /Пікір/ –** кейіпкер туралы өзінің ой- пікірі;
**L /Сұрақ/ –** кейіпкер тұлғасын ашатын сұрақтар;
**A /Іс-әрекет/ –** автордың кейіпкерді суреттеудегі қолданған тәсілі .

| Дерек (F) | Пікір (I) | Сұрақ(L) | Іс – әрекет(A ) |
|---|---|---|---|

**III топтың тапсырмасы**
***«Үшжақты күнделік» бойынша берілген кейіпкерлердің ерекшеліктерін және шығармадағы көтерілген мәселені анықтаңдар.***

| Кейіпкерлер | Кенжебек | Тасқұл | Атажан |
|---|---|---|---|
| Ерекшеліктері | | | |
| Өмірлік мақсаттары | | | |
| Шығармадағы көтерілген мәселе | | | |

**Дескрипторлары:**

| | |
|---|---|
| I топ | - Кейіпкердің іс-әрекеті мінезін сипатт<br>- Автордың кейіпкерге көзқарасын дәл |
| II топ | - Кейіпкер бейнесін ашады;<br>- Кейіпкер туралы пікірін білдіреді;<br>-Кейіпкер тұлғасын ашатын сұрақтар д<br>-Автордың кейіпкерді суреттеудегі тәс |
| III топ | -Кейіпкердің өзіне тән ерекшелігін сип<br>-Өмірлік мақсатын анықтайды;<br>-Шығармадағы көтерілген мәселені тал |

Топпен тапсырманы орындайды.

Топпен тапсырманы орындайды.

Тапсырманы орындайды.

ы

**Өзара бағалау жүреді.**

Мұғалімнің кері байланысы

**Өзара бағалау жүреді.**

Мұғалімнің кері байланысы
ҚБ. «Бір сөйлеммен түйіндеу »

**Дескриптор:** Мәтін үзінділеріне талдау жасай алады, өзіндік

Үлестірме қағаздар

Үлестірме қағаздар

Үлестірме қағаздар

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **2-тапсырма. Жеке жұмыс.**<br>***Үзіндінің шығармадағы орны мен маңызына талдау жаса және жылқышы шалдың неге өкініп неге үміттенетініне ойларыңды білдіріңдер.***<br>«Кетерінде бұл: «Жылқышы ата, туып-өскен жеріңді айт, туыстарыңды іздестірейік, қаңлы ішінде кім боласың? Кіші атаң кім?», – десе, шал басын шайқады. «Ежелден біздің қазақ нәсілін жалпақ тіл қаңлы, қыпшақ атайды. Руын мүсәпір құл жасырады. Тегімді білмей, теріс бағып тұрғамын жоқ, құлдықтан бетер бейдауа қорлықтың күйігі басқа түскенін білесің. Жеті атамды білемін, ел көзіне тура қарар бет болмаған соң тексізден нем артық?!» – деп ширыққан. Ол сүйекке масқара таңба түсті деп қорланған соң атасын жасыруға мәжбүр. «Бұрын періштелер мені ылғи өліге санап кететін. Расымен тірі өлік едім. Атаңа нәлет қу тірлік. Жыланды үш кессе кесірткедей әлі бар. Тірлігімнің ендігі мұраты бір сенің елге аман-есен жеткенің. Сонда мына мен өлінерде артымда басқан ізім, кіндігімнен жаралып, бел балам болмаса да азат рухым, мұрагерім, атұстарым қалды деп білемін».<br>**3-тапсырма. Жұппен жұмыс.**<br>***Үзіндідегі көтерілген мәселелерге өзіндік көзқарасыңды білдір. Кейіпкерлердің ішкі жан дүниесін сипаттап жазыңдар.***<br>– Есіңе мені бір жаман құл, Тасқұл деп алғайсың. Ертең қашпасаң, құлақ кесті қара құлдан бетер сорақы боласың. Мына сенің жасыңда тұтылдым. Уызымнан жарып, бал жалап өскенімді қайтейін. Ат тұяғы басқан жер шапқын, жылқы мінген елдер соғысып, жылқы өсірген халық шабындыға көп түседі екен. Аттанып шыққан түрікпен аламанда тұтты. Ойдағы ауылыма оқыстан жау тиді, қазанды қақ айырды. Қазақ пен текежәуміт, екі жағы барымтада бірдей ожар. Біздің рудың бас көтерер ерлері Жетісу, Теңіз* асып, бұғы қырғыздан* жылқы әкелуге кеткен кезіне килікті. Кілең қатын-бала, кәрі кемпір-шалдан бөлек найза ұстайтын ерлерден аз ғана топ қалған, жасанған дұшпан қырып салды. Жас қыз-келіншектер мен қорғансыз балаларды алғыншылар қоймен қоса айдап әкетті. Кебенек киген тірлік у татып, тұтқыннан қашып кетуге тағдыр еш қоспады. Талай әрекет қылғанмен, | Жұптаса отырып, тапсырманы орындайды. | көзқарасы арқылы баға бере алады.<br><br>**Дескриптор:** Мәтін үзінділеріне талдау жасай алады, өзіндік көзқарасы арқылы баға бере алады. | Үлестірме қағаздар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қолға түсе бердім. Арқамдағы дүренің іздері содан қалған белгі.<br>Жылқышы шал басы салбырап, ұзақ үнсіз отырып қалды. Іштегі шерін, асқан құпиясын ақтаруға батпайтын сияқты.<br>– Он үште отау иесі деген. Ер жетуге аз қалғанда, құдай кешпес бір кепке ұшырап, өлгім келді. Кісіге айтуға арланатын қорқау сөз еді. Құлдық кепиеті ұрмасын деп мына саған айтпасқа еш амал жоқ. Тәңірінің бұйрығы айтқызып тұрғанын қара. Түрікпендер бір күні қатын-қыздарымызға қарап қояды деп мені ата мал сияқты, қошқардайын тарттырып жіберді. Содан бергіде Азбанқұлмын!<br>Жылқышы шалдың иегі кемсеңдеп кеткенін көрген сәтте, бала ah ұрып, оны арқасынан құшақтай алды. | | | |
| 12 мин | Сабақ-тың соңы Бекіту | **Сұрақ-жауап:**<br>Шығармадағы қай кейіпкердің сөзі немесе іс-әрекеті сендерге ерекше әсер етті? Неге?<br>Жазушы болсаң, оқиға желісіне тағы қандай кейіпкер қосар едің? Неге? | Сұрақтарға жауап береді. | **Дескрип тор:**<br>1. Сұрақтар ға жуап береді. | Слайд |
| 3 мин | Кері байланыс | **«Бағдаршам»** арқылы кері байланыс жасайды.<br>**Жасыл –** бәрі түсінікті;<br>**Сары –** әлі де қосымша ізденуім керек;<br>**Қызыл –** сұрағым бар, түсінбедім. | Оқушылар өздерінің нені үйренгенін, нені түсінбегенін ашып айтады. | Мұғалім нің ауызша кері байланыс ы | Үлестірмелі парақтар |
| **Қорытын-ды** | | **Біз бүгін сендермен сабақта:**<br>көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін анықтап, олардың ерекшеліктерін іс-әрекеттері арқылы талдап шықтық.<br>Осымен сабағымызды аяқтаймыз. | | | |

| | | |
|---|---|---|
| **Бөлім:** | Қазақтың Қанышы | |
| **Педагогтің аты-жөні:** | Ахаева С.А. | |
| **Күні:** | | |
| **Сынып:** | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| **Сабақ тақырыбы:** | М.Сәрсеке «Қаныш Сәтбаев» роман-эссе | |
| **Кіріктірілген оқу мақсаттары** | 10.3.2.1 көркем шығармадағы көтерілген мәселелердің жаңашылдығына баға беру;<br>9.3.2.1 шығармадағы ұрпақтар сабақтастығы көрінісін заманауи тұрғыда салыстырып, жаңашылдығына баға беру | |
| **Сабақтың мақсаты** | көркем шығармадағы көтерілген мәселелердің жаңашылдығына баға береді. | |
| **Сабақтың барысы** | | |

<table>
<tr><th>Уақыт</th><th>Кезеңдері</th><th>Мұғалімнің іс-әрекеті</th><th>Оқушының іс-әрекеті</th><th>Бағалау</th><th>Ресурстар</th></tr>
<tr><td>5 мин</td><td>Сабақтың басы<br><br>Ұйымдас-тыру</td><td>1.Амандасу.<br>2.Психологиялық ахуалды жақсарту.<br>3.Сабақтың тақырыбы мен мақсатын хабарлау.</td><td>Сабаққа назар аударады.</td><td></td><td>Музыка</td></tr>
<tr><td>25 мин</td><td>Сабақтың ортасы</td><td>Ойтүрткі<br>1. Берілген үзінді бойынша не айта аласыңдар?<br>«Жомарт табиғаттың сезімтал балаға әсері өзгеше. Шыр етіп жерге түскеннен бері ол соның аясында. Даланың шыжыған ыстығын да, қарлы боран, қақаған суығын да қаршадай кезінен көріп пісіп-қатқан, бәрі-бәріне көндігіп, күн санап, жыл санап қанаты қатайған қыран бүркіттің болат тұяқ балапанына ұқсап жетіліп те келеді...»<br>2. Шығарманың идеялық мазмұны сендерге несімен ұнады?<br>3. Қаныш Сәтпаев туралы қандай жаңа мәлімет ала алдыңдар?<br>4. Осы шығармаға идеялық- мазмұндық жағынан ұқсас қандай туындыларды білесіңдер?<br>1-тапсырма<br>Берілген үзінділерді оқи отырып, көтерілген мәселені анықтаңдар және шешімін жазыңдар.<br><table><tr><td>Үзінді</td><td>Көтерілген мәселе</td></tr><tr><td>Көктем шыға ауыл жайлауға бет түзейді. Қаныш үшін бұл – сағынып күтетін ерекше күн! Бұл сәтті балалар қыс бойы шыдамсыздана күтеді. Төр жайлауға жеткенше неше тәулік жол жүру керек. Үрдіс жүрмей, жолшыбайғы бұлақ, суларда екі ауыл бес-он күн тоқтап, мал мен жанға тыныс беріп, біртіндеп жылжып отырады.</td><td></td></tr></table></td><td>Сұрақтарға жауап береді.<br><br>Жұптаса отырып, тапсырманы орындайды</td><td>Мұғалімнің ауызша кері байланысы<br><br>Дескрипторы:<br>Көтерілген мәселені анықтайды;<br>романнан мысал келтіреді;<br>өз шешімін жазады.<br>Өзара бағалау жүреді.</td><td>АКТ</td></tr>
</table>

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Ақыры арманына қол жетті, семинарияны тәмамдап, тиісті куәлік алды. Жанын күйзелткен дерттің де беті әрі қарады. Көңілге қайта ұялаған көк шымшық маза бермей, ұшқыр қиялын тербеп, алыс қияндарға жетелейді, оқығысы келеді: | | Тапсырманы орындайды. | **Дескрипторы:** эсседе көтерілген мәселеге өзіндік пікір білдіреді; үш сөйлемді шығармашылық жұмыс жазады. | |
| | | **2-тапсырма**<br>***Роман-эсседе көтерілген мәселеге қатысты өзіндік көзқарастарыңды білдіріп, үш сөйлем жазыңдар.***<br>«Қаныш Сәтбаев» роман-эссесі туралы достарыммен бөлісемін, себебі....<br>Шығармадағы мен үшін жаңалық болған ақпараттарды әлеуметтік желіде жариялаймын, себебі....<br>Шығармада көтерілген мәселелерді ұлттық мүдде тұрғысынан ойланып таразылау керек, себебі....<br>**3-тапсырма ЖЖ**<br>***Шығарманың жаңашылдығы туралы мақаланы оқыңдар. Мақаладағы ойды кесте бойынша орналастырып, автордың ойына баға беріңдер***.<br>*«Отызыншы жылдардың басында-ақ біз Қанышекеңнің атын есіте бастадық. Бері келе оның геология ғылымының докторы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты болғаны жалпы халықты аса қуантты. Жүзін көрмегенмен, оның үлкен білімпаз күшті инженер екендігін естіп жүрдік. Оның атының Жезқазғанмен байланысты екенін біз сияқты техникалық ғылымдардан алшақ жүрген адамдар да білетін. Қанышекеңнің жұмыс нәтижелері халыққа ұлы игілікті жарна екені де білінген. Кейде ол кісінің мақаласын оқып қалғанда, «әттең, өзін көрсек!» деген ой келе беретін.*<br>*Ол келешекке батыл көз тастайтын, өзінің арманы үшін күресе білетін талантты инженер және басшы болды. Қазіргі үлкен Жезқазған — Қаныш Сәтбаевтың жүзеге асқан арманы еді. Сол кездің өзінде-ақ Қаныш Имантайұлы өзін тек инженер ретінде емес, парасатты ғалым ретінде* | | Тапсырманы жұптаса отырып, орындайды.<br>. | **Өзара бағалау жүреді.**<br>Мұғалімнің кері байланысы<br>**Дескриптор:**<br>- шығарманың жаңашылдығына баға береді;<br>- мақаладағы автор пікірін анықтайды;<br>-өзіндік пікір білдіреді. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | *көрсете білді.*<br>*Өмірі мен ісі халықтың өнегелі қазынасына айналған адамдардың тіршілігі мен іс-әрекеті жөнінде жазудың өзі тіпті қиын. Ол ма, кейде тіпті қауіпті ме деп те ойлайсың. Өйткені адал ізгі ниеттен ешбір ауытқымай жазып отырғанның өзінде шындықтан алшақ кетіп қалу оп-оңай.»*<br>Жаңашылдығы<br>Мақаладағы пікір<br>Менің пікірім | | | |
| 12 мин | Сабақтың соңы Бекіту | **Сұрақ-жауап:**<br>Шығарманың жазылу стилінен қандай ерекшелік байқадыңдар?<br>Автор қандай тәсілдерді ұтымды қолдана білген?<br>Бала Қаныштың қандай қасиеті сендерге үлгі болды? | Сұрақтарға жауап береді. | **Дескриптор:**<br>1. Сұрақтарға жауап береді. | |
| 3 мин | Кері байланыс | **«Есесіне мен ...»** әдісі арқылы оқушылардың білімін анықтайды. | Оқушылар өздерінің нені үйренгенін, нені түсінбегенін ашып айтады. | Мұғалімнің ауызша кері байланысы | Үлестірмелі парақтар |
| **Қорытынды** | **Біз бүгін сендермен сабақта:**<br>көркем шығармадағы көтерілген мәселелердің жаңашылдығына баға бердік.<br>Осымен сабағымызды аяқтаймыз. | | | | |

V. Сабақтан тыс уақытта толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары

9-сыныпқа арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінің оқу бағдарламасын зерделеу нәтижесінде 10-сыныптағы «Қазақ әдебиеті» оқу пәнінің оқыту мақсаттарымен кіріктіруге келмейтін және қайталауды қажет ететін оқыту мақсаттары анықталды [14]. Төменде кіріктіруге келмейтін және қайталауға ұсынылатын оқыту мақсаттары берілген (29.1.5-кесте).

29.1.5-кесте – 9-сыныптың кіріктіруге келмейтін және қайталауға ұсынылатын оқыту мақсаттары

| **Бөлімше атауы** | **9-сынып** |
|---|---|
| 1) Түсіну және жауап беру | |
| 1. Көркем шығарманың мазмұны мен пішіні | 9.1.1.1 әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау |
| 2. Әдеби шығарманың тұжырымдамасы | 9.1.2.1 әдеби шығармадағы психологизмді анықтау |
| 3. Көркем шығармадағы | 9.1.3.1 көркем шығарманың идеясына сай кейіпкерлер |

| | |
|---|---|
| образ | жүйесін анықтау |
| 4. Шығарма үзінділерімен жұмыс | 9.1.4.1 көркем шығармалардан алған үзінділерді шығармашылық жұмыстарда қолдану |
| 2) Анализ және интерпретация | |
| 1. Әдеби шығарманың композициясы | 9.2.1.1 эпикалық, поэтикалық, драмалық мәтіндердегі композициялық амалдарды талдау |
| 2. Автор бейнесі | 9.2.2.1 автор бейнесінің идеялық-стилистикалық тұтастыру шы ретіндегі рөліне талдау жасау |
| 3. Көркем шығарманың тілі | 9.2.3.1 шығармадағы әдеби тілді құбылту мен айшықтау дың (троп пен фигура) түрлерін талдай отырып, автор стиліне баға беру |
| 4. Шығармашылық жұмыс | 9.2.4.1 автор стиліне сүйене отырып, шығармашылық жұмыс жазу |
| 3) Бағалау және салыстыру | |
| 1. Тарихи және көркемдік құндылығы | 9.3.1.1 шығарманы басқа өнер түрлеріндегі осы мазмұндас туындылармен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау |
| 2. Заманауилығы мен жаңашылдығы | 9.3.2.1 шығармадағы ұрпақтар сабақтастығы көрінісін заманауи тұрғыда салыстырып, жаңашылдығына баға беру |
| 3. Әдеби эссе | 9.3.3.1 шығарманың идеясын ғаламдық тұрғыдан талдап, әдеби эссе жазу |
| 4. Әдеби сын | 9.3.4.1 әдеби шығарманы қазақ әдебиеті мен әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыра талдап, шағын сын мақала жазу |

## VI. Кіріктіруге келмейтін және қайталауға ұсынылатын оқыту мақсаттары қарастырылатын консультациялардың кестесі

Білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды толықтыру үшін 10-сыныпта «Қазақ әдебиеті» пәнін оқу барысында кіріктіруге келмейтін және қайталауға ұсынылатын 9-сыныптың оқыту мақсаттары бойынша каникул кездерінде (күзгі, қысқы, көктемгі) консультациялар өткізу ұсынылады.

Төменде каникул кездерінде (күзгі, қысқы, көктемгі) өткізілетін консультация кестесінің үлгісі ұсынылған (29.1.6-кесте).

29.1.6-кесте – Каникул кездерінде (күзгі, қысқы, көктемгі) өткізілетін консультациялардың кестесі

| Өткізілетін мерзімі | Тақырыптың атауы | Бөлімшелер атауы | Оқыту мақсаттары |
|---|---|---|---|
| Күзгі каникул | 1) Түсіну және жауап беру | | |
| | Ж. Баласағұн «Құтты білік», Шешендік өнер: Майқы би мен Мөңке бидің шешендік сөздері, Әнет баба «Не арсыз? Не ғайып? Не даусыз?», | 1. Көркем шығарманың мазмұны мен пішіні | 9.1.1.1 әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау |
| | | 2. Әдеби шығарманың тұжырымдамасы | 9.1.2.1 әдеби шығармадағы психологизмді анықтау |
| | | 3. Көркем шығармадағы образ | 9.1.3.1 көркем шығарманың идеясына сай кейіпкерлер жүйесін анықтау |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Төле би «Ердің бақыты –әйел», Әйтеке би «Қасқакөл дауы», Қазыбек би «Кім жақын?Не қымбат? Не қиын?», Сырым Датұлы «Балаби мен Сырым», Бұқар жырау «Тілек», «Әй, Абылай, Абылай», «Асқар таудың өлгені», «Біржан-Сара» айтысы , Нысанбай жырау «Кенесары – Наурызбай» | 4. Шығарма үзінділерімен жұмыс | 9.1.4.1 көркем шығармалардан алған үзінділерді шығармашылық жұмыстарда қолдану |
| | 2) Анализ және интерпретация | | |
| | | 1. Әдеби шығарманың композициясы | 9.2.1.1 эпикалық, поэтикалық, драмалық мәтіндердегі композициялық амалдарды талдау |
| | | 2. Автор бейнесі | 9.2.2.1 автор бейнесінің идеялық-стилистикалық тұтастырушы ретіндегі рөліне талдау жасау |
| | | 3. Көркем шығарманың тілі | 9.2.3.1 шығармадағы әдеби тілді құбылту мен айшықтаудың (троп пен фигура) түрлерін талдай отырып, автор стиліне баға беру |
| | | | |
| | 3) Бағалау және салыстыру | | |
| | | 1. Тарихи және көркемдік құндылығы | 9.3.1.1 шығарманы басқа өнер түрлеріндегі осы мазмұндас туындылармен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау |
| | | 2. Заманауилығы мен жаңашылдығы | 9.3.2.1 шығармадағы ұрпақтар сабақтастығы көрінісін заманауи тұрғыда салыстырып, жаңашылдығына баға беру |
| | 1) Түсіну және жауап беру | | |
| Қысқы каникул | Махамбет Өтемісұлы «Махамбеттің | 1. Көркем шығарманың мазмұны мен пішіні | 9.1.1.1 әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Баймағамбетке айтқаны», « Мен, мен, мен едім», «Бағаналы терек», Ш.Уәлиханов «Ыстықкөл күнделігі», І.Жансүгіров «Құлагер» поэмасы, Б.Майлин «Шұғаның белгісі» хикаяты, Ғ.Мүсірепов «Ұлпан» романы | 2. Әдеби шығарманың тұжырымдамасы | 9.1.2.1 әдеби шығармадағы психологизмді анықтау |
| | | 3. Көркем шығармадағы образ | 9.1.3.1 көркем шығарманың идеясына сай кейіпкерлер жүйесін анықтау |
| | | 4. Шығарма үзінділерімен жұмыс | 9.1.4.1 көркем шығармалардан алған үзінділерді шығармашылық жұмыстарда қолдану |
| | 2) Анализ және интерпретация | | |
| | | 1. Әдеби шығарманың композициясы | 9.2.1.1 эпикалық, поэтикалық, драмалық мәтіндердегі композициялық амалдарды талдау |
| | | 2. Автор бейнесі | 9.2.2.1 автор бейнесінің идеялық-стилистикалық тұтастырушы ретіндегі рөліне талдау жасау |
| | | 3. Көркем шығарманың тілі | 9.2.3.1 шығармадағы әдеби тілді құбылту мен айшықтаудың (троп пен фигура) түрлерін талдай отырып, автор стиліне баға беру |
| | | 4. Шығармашылық жұмыс | 9.2.4.1 автор стиліне сүйене отырып, шығармашылық жұмыс жазу |
| | | 3) Бағалау және салыстыру | |
| | | 1. Тарихи және көркемдік құндылығы | 9.3.1.1 шығарманы басқа өнер түрлеріндегі осы мазмұндас туындылармен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау |
| | | 2. Заманауилығы мен жаңашылдығы | 9.3.2.1 шығармадағы ұрпақтар сабақтастығы көрінісін заманауи тұрғыда салыстырып, жаңашылдығына баға беру |
| | | 3. Әдеби эссе | 9.3.3.1 шығарманың идеясын ғаламдық тұрғыдан талдап, әдеби эссе жазу |
| | | 4. Әдеби сын | 9.3.4.1 әдеби шығарманы қазақ әдебиеті мен әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыра талдап, шағын сын |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | мақала жазу |
| Көктемгі каникул | 1) Түсіну және жауап беру | | |
| | Т.Айбергенов «Сағыныш», Ф.Оңғарсынова «Өлең, мен сені аялап өтем», Н.Айтұлы «Бәйтерек» поэмасы, Қажығали Мұхамбетқалиев «Тар кезең» романы | 1. Көркем шығарманың мазмұны мен пішіні | 9.1.1.1 әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау |
| | | 2. Әдеби шығарманың тұжырымдамасы | 9.1.2.1 әдеби шығармадағы психологизмді анықтау |
| | | 3. Көркем шығармадағы образ | 9.1.3.1 көркем шығарманың идеясына сай кейіпкерлер жүйесін анықтау |
| | | 4. Шығарма үзінділерімен жұмыс | 9.1.4.1 көркем шығармалардан алған үзінділерді шығармашылық жұмыстарда қолдану |
| | | 2) Анализ және интерпретация | |
| | | 1. Әдеби шығарманың композициясы | 9.2.1.1 эпикалық, поэтикалық, драмалық мәтіндердегі композициялық амалдарды талдау |
| | | 2. Автор бейнесі | 9.2.2.1 автор бейнесінің идеялық-стилистикалық тұтастырушы ретіндегі рөліне талдау жасау |
| | | 3. Көркем шығарманың тілі | 9.2.3.1 шығармадағы әдеби тілді құбылту мен айшықтау дың (троп пен фигура) түрлерін талдай отырып, автор стиліне баға беру |
| | | 3) Бағалау және салыстыру | |
| | | 1. Тарихи және көркемдік құндылығы | 7.3.1.1 кейіпкерлердің іс-әрекеті мен автор берген портреттік мінездемені салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығына баға беру |
| | | 2. Заманауилығы мен жаңашылдығы | 9.3.2.1 шығармадағы ұрпақтар сабақтастығы көрінісін заманауи тұрғыда салыстырып, жаңашылдығына баға беру |
| | | 3. Әдеби эссе | 9.3.3.1 шығарманың идеясын ғаламдық тұрғыдан талдап, әдеби эссе жазу |

VII. Жазғы мектеп кезінде ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгісі

# Қысқа мерзімді сабақ жоспарының үлгісі

| | | |
|---|---|---|
| **Бөлім:** | Мәңгілік Ел – мәңгілік мұрат | |
| **Педагогтің аты-жөні:** | Ахаева С.А. | |
| **Күні:** | | |
| **Сынып:** | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| **Сабақ тақырыбы:** | Қ.Мұханбетқалиұлы. «Тар кезең» романы | |
| **Оқу мақсаты** | 9.1.1.1 әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау | |
| **Сабақтың мақсаты** | әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасайды | |

**Сабақтың барысы**

| Уақыт | Кезеңдері | Мұғалімнің іс-әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|---|
| 5 мин | Сабақтың басы Ұйымдастыру | 1.Амандасу.<br>2.Психологиялық ахуалды жақсарту.<br>3.Сабақтың тақырыбы мен мақсатын хабарлау. | Сабаққа назар аударады. | | Музыка |
| 25 мин | Сабақтың ортасы | **Еске түсірейік!**<br>**Роман -** күрделі сюжетті, көбіне қара сөзбен, кейде өлеңмен жазылған кең көлемді эпикалық түр. Роман адамдар тағдырын, замана шындығын суреттеу арқылы дәуір мен қоғамды, салт пен сананы бейнелейді. Роман композициялық күрделі құрылымнан тұрады.<br>Ал енді роман авторымен танысайық.<br>**Қажығали Мұханбетқалиұлы – көрнекті жазушы, аудармашы**<br>1942 жылы 8 желтоқсанда Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Қызылбұлақ ауылында дүниеге келген.<br>**Қызметі:** Ақтөбе облыстық телевизия және радио комитетінде редактор, облыстық «Коммунизм жолы» газетінде әдеби қызметкер, Алматыдағы «Қазақстан» баспасында аға редактор, «Жұлдыз» журналында бөлім меңгерушісі, «Қазақ әдебиеті» газетінде жауапты хатшы, «Жаңа фильм» журналында бас редактор қызметтерін атқарады.<br>**Марапаттары:** ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері, Байғанин ауданның құрметті азаматы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, | Жаңа ақпарат алады. | **Мұғалімнің ауызша кері байланысы** | АКТ Слайд, оқулық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Халықаралық қазақ ПЕН клубы сыйлығының лауреаты<br>**Шығармашылығы:** «Мінез», «Ескі достар» прозалық шығармалары, «Дала әуендері», «Қарымта», «Қаңтардың қара суық түні», «Бір машина шөп» әңгімелері<br>Қажығали Мұханбетқалиев қазақтың XVIII ғасырдағы отаршылдық езгіге қарсы күресінің басшысы, әрі би, әрі батыр Сырым Датұлы туралы ұзақ жылдар бойы зерттеу жүргізіп, тұлға туралы республикалық «Арыс» баспасынан «Сырым Датұлы» (2004) атты жинағы, әдебиет пен өнер туралы, қоғам туралы сан түрлі пікірлер мен мақалалардан тұратын «Тоғысар арнамыз бір толғанғанда...» (2010) атты кітаптары жарыққа шықты.<br>**Тәуелсіздік жылдарында жазылған сүбелі еңбегі батыр, би, қайраткер Сырым Датұлы туралы «Тар кезең» атты тарихи романы 2012 жылы жарық көреді.**<br>**1-тапсырма**<br>***Ал, енді алдын-ала шығарманы оқып, мазмұнымен танысып келу үйге берілгендіктен, кестені толтырайық.*** | Жұппен тапсырманы орындайды. | **Дескрипторы:**<br>Шығарманың мазмұнына сүйеніп, тақырыбын, идеясын, жанрын, кейіпкерлерін жазады.<br>**Өзара бағалау жүреді.**<br>Мұғалімнің кері байланысы<br>**Дескрипторы:** | АКТ, слайд |

| | |
|---|---|
| **Шығарманың тақырыбы** | Қазақстан тарихында «Сырым Датұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалысы» атымен әйгілі болған халықтың тағдырындағы Ресейдің отарлық билеу кезеңінің оқиғалары |
| **Шығарманың идеясы** | Ресейдің отарлау саясатындағы озбырлықтардың етек алуына халықтық қарсыласу қуатын таныту |
| **Жанры** | Тарихи роман |
| **Кейіпкерлері** | Сырым Датұлы, Нұралы хан, Барон Игельстром, Екатерина II |
| **Қысқаша мазмұны** | Қазақ даласына Ресей патшалығы отаршылдық бет-бейнесін ашықтан – ашық көрсете бастап, қазақ халқы жан – жақты қысым көре бастайды. Ел басындағы хан Нұралы бұл істердің бірде – бірін орнықты шеше алмай, ел билігі дағдарысқа түседі. Осындай қиын-қыстау кезеңде – Бейбақты Сырым |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |

| | |
|---|---|
| | бастаған қазақтың білікті билері мен батырлары, ақсақалды ағалары ел тағдырын өз жауапкершіліктеріне алады. |

**2-тапсырма**

***Сюжеттік-композициялық желілердегі оқиғаларды анықтайық.***

| «Тар кезең» романы **7 тараудан** тұрады. | | |
|---|---|---|
| Ресей патшалығы әкімшілік жүйесінің қазақ өлкесіндегі мемлекеттік ішкі саясат аясындағы генерал-губернаторлық басқару жүйесінің ерекшелігі | Кіші жүз хандығы басқару жүйесінің дәстүрлі жолы мен оның отарлық әкімшілігіне тәуелділік сипаты | Ресейдің отаршыл озбырлық іс-әрекеттеріне тыйым салу қарсылығын танытушы «Халық кеңесінің» құрылғаны, оған үш ата өкілдерінің мүшелері болғаны. Халық |

**3-тапсырма**

***Кестеге шығармадағы тарихи тұлғалар туралы деректер жазыңдар.***

| | |
|---|---|
|  | |
|  | |

**4-тапсырма**

Сыныппен тапсырманы орындайды.

Сюжеттік-композициялық желілердегі оқиғаларды анықтайды.
**Өзара бағалау жүреді.**

Мұғалімнің кері байланысы

**Дескрипторы:**
шығармадағы тарихи тұлғалар туралы білетін деректерін жазады.
**Өзара бағалау жүреді.**

Мұғалімнің кері байланысы

**Дескриптор:**
Шығарманың композициялық құрылымына талдау жасап, шығармадан дәлел келтіреді.

<table>
<tr>
<td></td>
<td></td>
<td>Шығарманың композициялық құрылымына талдау жасап, шығармадан дәлел келтіріңдер.<br><br>
<table>
<tr><td>Оқиғаның басталуы</td><td></td></tr>
<tr><td>Оқиғаның байланысуы</td><td></td></tr>
<tr><td>Оқиғаның дамуы</td><td></td></tr>
<tr><td>Оқиғаның шиеленісуі</td><td></td></tr>
<tr><td>Оқиғаның шарықтау шегі</td><td></td></tr>
<tr><td>Оқиғаның шешімі</td><td></td></tr>
</table>
<br>5-тапсырма<br>Роман соңындағы Беріш Алдар қарттың Сырымның істеріне сынай қойған сауалы мен Сырым бидің берген жауабын тауып, жазыңдар.<br><br>
<table>
<tr><td>Беріш Алдар қарттың Сырымның істеріне сүйсіне әрі сынай қойған сауалы:</td><td>Сырым батырдың жауабы:</td></tr>
<tr><td></td><td></td></tr>
</table>
</td>
<td>Тапсырманы орындайды.<br><br>Жұптаса отырып, тапсмырманы орындайды.<br><br>Тапсырманы орындайды.</td>
<td>Дескриптор:<br>Беріш Алдар қарттың Сырымның істеріне сынай қойған сауалы<br>Сырым бидің берген жауабын тауып жазады;</td>
<td>АКТ</td>
</tr>
<tr>
<td>12 мин</td>
<td>Сабақтың соңы<br>Бекіту</td>
<td>Міне, өздерің байқағандай, жазушы романда Сырым батырдың шешендігін ерекше суреттеп бере білген. Автордың жазушылық стиліне тәнті болған замандастары былайша пікірлерін білдіреді:<br>Жазушы Әбдіжәміл Нұрпейісов: «...Қажығали қазақ халқын ғасырлар бойы билеген отаршылдықтың табиғатын терең ашыпты, империялық залымдықтың салдарын да, себебін де терең зерттеп, оны алғаш рет ғылыми-көркем кейіпкер деңгейіне көтере алған».</td>
<td>Ой-пікірлерін білдіреді.</td>
<td></td>
<td>Слайд</td>
</tr>
<tr>
<td>3 мин</td>
<td>Кері байланыс</td>
<td>Сұрақ-жауап:<br>Сабақ несімен қызықты болды?<br>Нені білдің?<br>Не қиын болды?</td>
<td>Оқушылар өздерінің нені үйренгенін, нені түсінбегенін ашып айтады.</td>
<td>Мұғалімнің ауызша кері байланысы</td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td colspan="2">Қорытынды</td>
<td colspan="4">Біз бүгін сендермен сабақта: Қ.Мұханбетқалиұлы. «Тар кезең» романымен танысып, сюжеттік-композициялық талдау жасап шықтық.<br>Осымен сабағымызды аяқтаймыз.</td>
</tr>
</table>

## 29.2. «Қазақ әдебиеті» оқу пәні, 10-сынып (қоғамдық-гуманитарлық бағыт)

I. Өткен оқу жылында өтілген оқу бағдарламасының мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттары

10-сыныпта «Қазақ әдебиеті» пәнінен диагностикалық жұмыс жүргізу үшін 9-сыныпқа арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінен оқу бағдарламасындағы оқыту мақсаттары зерделенеді. Ол үшін негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын қарастырамыз [14]. Оқу бағдарламасына сәйкес 9-сыныптың мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттары келесі кестеде көрсетілген (29.2.1-кесте)

29.2.1-кесте – 9-сыныптың мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттары

| Бөлімше атауы | 9-сынып |
|---|---|
| **1) Түсіну және жауап беру:** | |
| 1. Көркем шығарманың мазмұны мен пішіні | 9.1.1.1 әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау |
| 2. Әдеби шығарманың тұжырымдамасы | 9.1.2.1 әдеби шығармадағы психологизмді анықтау |
| 3.Көркем шығармада ғы образ | 9.1.3.1 көркем шығарманың идеясына сай кейіпкерлер жүйесін анықтау |
| 4. Шығарма үзінділерімен жұмыс | 9.1.4.1 көркем шығармалардан алған үзінділерді шығармашылық жұмыстарда қолдану |
| **2) Анализ және интерпретация** | |
| 1. Әдеби шығарманың композициясы | 9.2.1.1 эпикалық, поэтикалық, драмалық мәтіндердегі композициялық амалдарды талдау |
| 2. Автор бейнесі | 9.2.2.1 автор бейнесінің идеялық-стилистикалық тұтастырушы ретіндегі рөліне талдау жасау |
| 3. Көркем шығарманың тілі | 9.2.3.1 шығармадағы әдеби тілді құбылту мен айшықтаудың (троп пен фигура) түрлерін талдай отырып, автор стиліне баға беру |
| 4. Шығармашылық жұмыс | 9.2.4.1 автор стиліне сүйене отырып, шығармашылық жұмыс жазу |
| **3) Бағалау және салыстыру:** | |
| 1. Тарихи және көркемдік құндылығы | 9.3.1.1 шығарманы басқа өнер түрлеріндегі осы мазмұндас туындылармен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау |
| 2. Заманауилығы мен жаңашылдығы | 9.3.2.1 шығармадағы ұрпақтар сабақтастығы көрінісін заманауи тұрғыда салыстырып, жаңашылдығына баға беру |
| Сабақтың ортасы<br><br>Білу<br><br>Түсіну<br> | Миға шабуыл: 3<br>Топтарға сұрақтар беру. Берілген сұрақтарды оқып шығып, өзара ой бөлісу сұралады.<br>1.Қызыл кітап дегеніміз не? Оны оқығандарың бар ма?<br>2. Табиғатты (өсімдіктер мен жануарлар) қорғау бойынша қандай халықаралық ұйымдарды білесіз?<br>3. Жойылып келе жатқан жануарлар мен өсімдіктер түрлерін қайдан білесіз?<br>4. Өсімдіктер мен жануарлар түрлерінің жойылуы мен азаюы қандай табиғат заңдылығының бұзылуына әкеп соқтырады?<br>Тыңдалым. Мәтінмен жұмыс.<br>1-тапсырма.<br>Мәтінді оқу.Мазмұнын өз сөзіңмен айту.<br>Қызыл кітап -халықаралық табиғат қорғау одағының “Қызыл кітабы” — халықаралық дәрежедегі құжат. Қызыл кітапқа сирек кездесетін, жылдан жылға азайып не жойылып бара жатқан, сондықтан да айрықша қорғауды қажет ететін жануарлар мен өсімдіктердің түрлері тіркеледі. Жануарларды халықаралық дәрежеде қорғау мәселесі 20 ғасырдың бас кезінде қолға алынды. 1902 ж. Париж қаласында алғаш рет Құстарды қорғаудың халықаралық конвенциясына қол қойылды. 1948 ж. ЮНЕСКО-ның жанынан Халықаралық табиғат қорғау одағы ұйымдастырылды. Халықаралық табиғат қорғау одағының Қызыл кітапбы 1966 ж. тұңғыш рет 2 том болып шықты. Оның 1-томында сүтқоректілердің 211 түрі, 2-томына құстардың 312 түрі туралы деректер берілді.<br>Миға шабуыл:<br>Таза болса табиғат, аман болар адамзат<br>Ауа - өмірің, | Сұрақтарды дұрыс оқиды.<br>Топта талқылайды. Сұрақтарға жауап береді.<br>Мәтінмен танысады. Мазмұнын түсінеді<br>Берілген нақыл | Ауызша кері байланыс беру. Жақсы! Тамаша!<br> | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың соңы<br>Жинақтау<br><br>Бағалау | Топтық тапсырма.<br>1 тапсырма. Табиғат - ортақ үйіміз мәтін мазмұны бойынша жоспар құр. Жоспар негізінде баяндап бер.<br>2 тапсырма.Сұрақтарға жауап бер.<br>1.Қазақстан тауларын мекендейтін қандай аң - құсты білесің ?<br>2. Қызыл кітапқа енген аңдар мен құстарды білесің бе? Атап бер?<br>«Бағдаршам» әдісі арқылы бір-бірін бағалайды.<br>Рефлексия “Бағдаршам”<br><br><br>Мұғалімнің кері байланысы: Сөздік бағалау (ауызша толықтыру, пысықтау.)<br>Үйге тапсырма: 4-бет 2-тапсырма | Тапсырма орындайды<br>Тілдік бағдары білімін қолдана отырып, тақырыпқа байланысты жоспар құрастырады, сұрақтарға жауап береді<br>Бағалау жұмыстарына белсене қатысады. |  | https://infourok.ru/sabata-paydalanatin-refleksiya-trleri-823076.html (сабақта қолданылатын рефлексия түрлері) |

V. Сабақтан тыс уақытта толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттарым (34. 3-кесте )

34. 3 кесте. Кіріктіруге келмейтін өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары

1) «Тыңдалым» бөлімі:

| Білім алушылар: | |
|---|---|
| | оқу мақсаттары |
| Бөлімше<br>(түйінді дағдылар) | 4-сынып<br>А2 – бастапқы деңгей |
| 1.2<br>Сөздердің лексикалық мағынасын түсіну | 4.1.2.1 бейтаныс сөздер мен сөз тіркестері бар мәтіннің мағынасын мәнмәтінге қатысты анықтап түсіну |
| 1.4<br>Мәтіндегі негізгі, қосалқы ақпараттарды түсіну | 4.1.4.1 тыңдаған мәтін бойынша оқиғаның себеп-салдарлық байланысын (кейіпкерлер, оқиға) анықтау |

2) «Айтылым» бөлімі:

| «Айтылым» бөлімі бойынша оқу мақсаттары | |
|---|---|
| Бөлімше (түйінді дағдылар) | 4-сынып<br>А2 – бастапқы деңгей |
| 2.1<br>Сөздік қорды толықтыру | 4.2.1.1 берілген сөздерге қарама-қарсы мағыналы, мағыналас сөздерді табу және сөйлеу барысында қолдану |
| 2.2<br>Берілген тақырып бойынша сөйлеу | 4.2.2.1 берілген тірек сөздер мен жоспардың негізінде қысқа монолог құру |

3) «Оқылым» бөлімі:

| Білім алушылар | |
|---|---|
| | «Оқылым» бөлімі бойынша оқу мақсаттары |
| Бөлімше (түйінді дағдылар) | 4-сынып<br>А2 – бастапқы деңгей |
| 3.2<br>Мәтіннің мазмұнын түсіну | 4.3.2.1 бейтаныс сөздер кездесетін шағын мәтіндегі негізгі ойды түсіну |
| 3.3<br>Мәтіннің жанрлары мен түрлерін анықтау | 4.3.3.1 мәтіннің жанрын (мақал-мәтелдер, бата, аңыз, мысал, өсиет әңгімелердің) жанрлық ерекшеліктерін және көмекші сөздердің қолдауымен пайымдау мәтінін анықтау |

4) «Жазылым» бөлімі:

| Білім алушылар | |
|---|---|
| | «Жазылым» бөлімі бойынша оқу мақсаттары |
| Бөлімше (түйінді дағдылар) | 4-сынып<br>А2 – бастапқы деңгей |
| 4.5<br>Орфография<br>лық дағдыларды дамыту | 4.4.5.1 мұғалімнің қолдауымен айтылуы мен жазылуында айырмашылығы бар сөздерді дұрыс жазу |

5) «Тілдік нормаларды қолдану» бөлімі:

| Білім алушылар | |
|---|---|
| | «Тілдік нормаларды қолдану» бөлімі бойынша оқу мақсаттары |
| Бөлімше (түйінді дағдылар) | 4-сынып<br>А2 – бастапқы деңгей |
| | 4.5.1.2 көптік/ тәуелдік/септік/жіктік жалғаулы сөздерді ауызша/жазбаша тілде қолдану |
| | 4.5.1.3 өз бетінше шағын мәтіннен етістіктің шақ, рай формаларын ауызша/жазбаша тілде қолдану |
| | 4.5.1.5 сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтап жай және құрмалас сөйлем құрастыру. |

VI. Кіріктіруге болмайтын оқыту мақсаттары қарастырылатын консультациялардың кестесі

Білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды толықтыру үшін 6-сыныпта «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнін оқу барысында кіріктіруге болмайтын оқыту мақсаттары бойынша каникул кездерінде (күзгі, қысқы, көктемгі) кеңестер өткізу ұсынылады.

Төмендегі кесте демалыс кездерінде (күзгі, қысқы, көктемгі) өткізілетін кеңестердің кестесінің үлгісі келтірілген (34.4-кесте).

34.4-кесте – Демалыс кездерінде (күзгі, қысқы, көктемгі) өткізілетін консультациялардың кестесі (34. 4 кесте)

1) «Тыңдалым»:

| Өткізілетін мерзімі | Тақырыптың атауы | Оқыту мақсаттары |
|---|---|---|
| Күзгі демалыста | Менің Отаным – Қазақстан | 4.1.2.1 бейтаныс сөздер мен сөз тіркестері бар мәтіннің мағынасын мәнмәтінге қатысты анықтап түсіну |
| Күзгі демалыста | Құндылықтар | 4.1.4.1* тыңдаған мәтін бойынша оқиғаның себеп-салдарлық байланысын (кейіпкерлер, оқиға) және негізгі ойды мұғалімнің қолдауымен анықтау. |

2) «Айтылым»:

| Өткізілетін мерзімі | Тақырыптың атауы | Оқыту мақсаттары |
|---|---|---|
| Күзгі демалыста | Менің Отаным – Қазақстан | 4.2.1.1* берілген сөздерге қарама-қарсы мағыналы, мағыналас сөздерді табу және сөйлеу барысында қолдану |

3) «Оқылым»:

| Өткізілетін мерзімі | Тақырыптың атауы | Оқыту мақсаттары |
|---|---|---|
| Көктемгі демалыста | Қоршаған ортаны қорғау | 4.3.3.1* мәтіннің жанрын (мақал-мәтелдер, бата, аңыз, мысал, өсиет әңгімелердің) жанрлық ерекшеліктерін және көмекші сөздердің қолдауымен пайымдау мәтінін анықтау |

4) «Жазылым»:

| Өткізілетін мерзімі | Тақырыптың атауы | Оқыту мақсаттары |
|---|---|---|
| Қысқа демалыста | Мамандық тар әлемі Компьютер дің тілін табу − өнер | 4.4.5.1 мұғалімнің қолдауымен айтылуы мен жазылуында айырмашылығы бар сөздерді дұрыс жазу |

5)«Тілдік бағдар»:

| Өткізілетін мерзімі | Тақырыптың атауы | Оқыту мақсаттары |
|---|---|---|
| Қысқы демалыста | 4. Мамандық тар әлемі Компьютер дің тілін табу − өнер | 4.5.1.2* көптік/ тәуелдік/септік/жіктік жалғаулы сөздерді ауызша/жазбаша тілде қолдану. |

VII. Жазғы мектеп кезінде ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгісі

Білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды толтырудың тағы бір жолы – Жазғы мектепті ұйымдастыру. Жазғы мектеп кезінде өткізілетін

сабақтар 6-сыныпқа арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша оқу бағдарламасына сәйкес келесі тақырыптарды қайталау мен пысықтау ұсынылады:

Әрі қарай республика мектептерінің педагогтері әзірлеген сабақтардың қысқа мерзімді жоспарларының үлгілері ұсынылады:

Кальжанова Айгуль Мирасовна
Қостанай облысы, Рудный қаласы №2 гимназиясы

| | |
|---|---|
| Бөлімі: | Менің отаным - Қазақстан |
| Педагогтің аты-жөні: | Кальжанова Айгуль Мирасовна |
| Күні: | |
| Сыныбы: | Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы: | Менің отбасым |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты | 4.2.1.1* берілген сөздерге қарама-қарсы мағыналы, мағыналас сөздерді табу және сөйлеу барысында қолдану) |
| Сабақтың мақсаты: | Жаңа тақырыппен таныстырып, айтылым дағдысын қалыптастыру |

Сабақтың барысы:

| Сабақ кезеңі/Уақыты | Педагогтің іс-әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Ұйымдастыру кезеңі | Сәлемдеседі | Сәлем, сәлем, сәлем !<br>Қалың қалай!<br>Жақсы!<br>Тамаша!<br>Керемет!<br>Әнін айтады. | Оқушылардың психологиялық жағдайын қарау | https://youtu.be/lzGmP47PVyo |
| Ой түрткі | Презентациядағы жұмбақты шешеміз!<br>Онда әкем-шешем тұрады,<br>Ата-әжем, бауырым.<br>Бәрі бірге қосылып,<br>Бұл сөз бір ұғымды құрады.<br>-Бұл не? | Оқушылар жұпта жұмбақты түсініп, шешеді | Мұғалім дұрыс айтқан жұптардың жауабын мақтайды | презентация |
| Сабақтың тақырыбын, мақсатын анықтау | Сонымен оқушылар, бүгінгі сабақтың тақырыбы қандай?<br>1.Оқушылардың ықтимал жауаптарын тақтаға жазады.<br>2.кейін тақтаға сабақтың тақырыбын жазады.<br><br>Презентациядан сабақтың мақсатын | Оқушылар өз ойларын тақтаға салады.<br><br>Өздерінің жауаптарымен салыстырады | Кімнің жауабы мағынасына жақын анықтайды, мақтайды | Тақта |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | анықтайды. | Бүгінгі сабақта мен сұраққа жауап беремін Диалогке қатысамын тб | | презентация |
| Жаңа тақырыппен таныстыру | Сонымен, достар, бүгінгі сабағымыздың тақырыбы «Менің отбасым» Кім өз отбасы жайында ең көп сөйлем айта алады? Әр сөйлем осындай шаңырақ суреттері беріледі, өйткені шаңырақ – отбасы белгісі. | Оқушыларды өз отбасылары жайында сөйлем айтады | Суреттер арқылы сөйлемдерін санайды, бағалайды | жетондар |
| Грамматикалық тақырыпты қайталау | «Отбасы» сөзінің синонимдері қандай? Синоним деген ол не? «Үлкен» сөзінің антонимі қандай антоним деген не? | Оқушылар сұраққа жауап береді. Синоним, антоним сөздерін естеріне алады. | «Бағдаршам» әдісі бойынша | Бағдаршам түстері |
| Тапсырмаларды орындау | Тапсырма 1 Келесі сөздерді екі бағанаға ажыратыңыз. Сөздер: Жанұя, өмір сүру, алыс, тұру, салқын, жақын, кішкентай, шаңырақ, үлкен, жылы.<br>Қарама-қарсы мағыналы сөздер \| Мағыналас сөздер<br>Дескриптор: білім алушы<br>-сөздердің мағынасын түсінеді<br>-қарама-қарсы мағыналы, мағыналас сөздерді ажыратады | Оқушылар жеке карточкамен жұмыс жасайды | Жұпта бір-бірін дескрипторлар арқылы бағалайды | карточкалар |
| | Тапсырма 2. «Менің отбасым сапарға шықты» тақырыбы бойынша шағын | Оқушылар топта диалог құрастырады, диалогке түседі | Бағалау парағы арқылы | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | диалогке түсіңіз.<br>Синоним, антоним сөздерін пайдаланыңыз.<br>Дескриптор: білім алушы<br>-шағын диалогке түседі<br>-синоним, антоним сөздерін пайдаланады. | | | |
| Бекіту | Пармен жұмыс<br>1.Бүгінгі сабақта біз ..... тақырыбымен таныстық<br>2.Мен ..... синоним сөздерді білемін.<br>3.Синоним сөздер - ..... сөздер<br>4.Мен ..... антоним сөздерді білемін.<br>5.Антоним сөздер - .... сөздер. | Оқушылар жұп ішінде сөйлемдерді құрастырады. Сөйлемдер арқылы сабақты бекітеді. | Сынып жұптарды тыңдап «Жақсы. Тамаша.керемет » деген бағалармен бағалайды | карточкалар |
| Рефлексия | Сонымен біздің отбасымыз саяхатқа шықты.<br>Бұл суретте сен қайдасың?<br>«Мен синоним, антоним сөздерін ажырата аламын», десеңдер, сендер өз мақсаттарына жеттіңдер!<br>Егер жартылай түсінсеңдер– жарты жолдасыңдар!<br>Егер ештеңе түсінбесеңдер – үйде қаласыңдар! Сендер қайдасыңдар? | Жеке жұмыс:.оқушы өз-өзін бағалайды:смайликті суретте керекті жеріне жапсырады | Мұғалім түсінбеген оқушыларды анықтайды, түсіндіреді | Суреттер |
| Үй тапсырмасын беру | «Менің отбасым сапарға шықты » диалогті жаттау | | | |

Кальжанова Айгуль Мирасовна
Қостанай облысы, Рудный қаласы №2 гимназиясы

| | |
|---|---|
| Мұғалімнің аты-жөні: | Кальжанова Айгуль Мирасовна |
| Пән/Сынып: | Қазақ тілі мен әдебиеті, 5-сынып |
| Тарау немесе бөлім атауы: | 4 тарау: Компьютердің тілін табу – өнер. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Сабақтың тақырыбы: | | ЫБрай Алтынсарин «Өнер-білім бар жұрттар...» | |
| Оқу мақсаттары: | | 5.1.1.1 тақырыпты тірек сөздер арқылы болжау;<br>5.1.5.1 тыңдалған мәтін мазмұның негізінде көтерілген мәселеге өз ойын білдіру сұрақтарға жауап беру.<br>5.4.1.1 ресми стильдің тілдік ерекшеліктері мен талаптарын дұрыс қолдана отырып, хабарлама, хабарландыру, хат жазу | |
| Бағалау критериі: | | Білім алушы:<br>тақырыпты тірек сөздер арқылы болжайды;<br>тыңдалған мәтін мазмұның негізінде көтерілген мәселеге өз ойын білдіру сұрақтарға жауап береді;<br>ресми стильдің тілдік ерекшеліктері мен талаптарын дұрыс қолданады<br>хабарландыру жазады. | |
| Саралап оқыту тапсырмалары | | | |
| Уақыты | Кезеңдері | Сабақтың мазмұны | Ресурстар |
| 1 минут<br><br><br><br><br><br>2 минут | Ұйымдастыру.<br><br>Психолгиялық ахуал туғызу<br><u>Кері байланыс</u><br><br><br>Ойтүрткі<br><br>Сабақтың тақырыбын, мақсатын анықтау<br><br><br><br><br><br><u>Кері байланыс</u> | Сәлеметсіздер ме, достар!<br>Қазақ тілі мен әдебиет сабағына қош келдіңіздер!<br>- Көңіл-күйлеріңіз қалай? Мен сіздерге сәттілік тілеймін!<br>- Мына суреттерге назар аударыңыз!<br>ЖІГІТТІҢ КӨРКІ НЕДЕ?<br>ҚЫЗДЫҢ КӨРКІ НЕДЕ?<br><br>Мұғалім оқушылардың ықтимал жауаптарын тыңдайды.<br>Сонымен біздің сыныптағы қыздарымыз өздерінің көздерімен, шаштарымен, жүздерімен, көйлектерімен әдемі! Ал ұлдарымыз, жігіттеріміз еңбегімен, жұмысымен, ӨНЕРІМЕН әдемі!<br>А енді, достарым! Сыныбымызға ҚАРА ЖӘШІК әкелінеді.<br>Достар, бұл жәшікте ұлы адамның портреті бар. Ол кім екен? Сендерге бірінші тапсырма!<br>Тапсырма. «Қара жәшіктегі» адамды анықтап, сабақтың тақырыбын болжаңдар!<br>Сендерге көмекке келесі тіреккестер:<br>АЛҒАШҚЫ МЕКТЕП, ҰЛЫ ҰСТАЗ, «ҚАЗАҚ ХРЕСТОМАТИЯСЫ», ӨЛЕҢ ЖОЛДАРЫ, ӨНЕР-БІЛІМ<br><u>Дескриптор: білім алушы</u><br>- сабақ тақырыбын болжайды;<br>- орфоэпиялық нормаларын сақтайды.<br>Мұғалім оқушылардың ықтимал жауаптарын тыңдайды, тақтаға жауаптарын жазады. - Ал енді, достарым, бұл ұлы адам | Бейнеролик<br>2.30-3.30 мин<br>https://www.youtube.com/watch?v=Dh-tARl-dRw |

<table>
<tr><td></td><td></td><td>кім екенін мына бейне көріністен қарайық!<br>Достар, тақтаға қарап, сөздерді оқыңдар!<br>Сендерге қандай тақырып атауы ұнайды?<br>Қараңдаршы, Катяның, Сергейдің жауаптары сыныпқа ұнайды екен! Керемет!<br><br>Ал бүгінгі сабағымыздың тақырыбы ЫБрай Алтынсарин «Өнер-білім бар жұрттар...» өлеңі<br><br>Достар, кімнің жауабы біздің тақырыбымызға жақын болды?<br>....., керемет, жарайсыңдар!<br>Ал енді жаңа тақырыпқа көшейік!</td><td></td></tr>
<tr><td>3-5 минут</td><td>Жаңа сабақ<br>Сөздікпен жұмыс.<br>Түсіндірме сөздік:<br>Лексико-грамматикалық минимуммен таныстыру<br><br>Кері байланыс<br><br>Кері байланыс</td><td>- Жаңа сөздермен танысайық!<table><tr><td>жұрттар</td><td>халықтар</td></tr><tr><td>көзіңді ашып-жұмғанша</td><td>тез, жылдам, лезде</td></tr><tr><td>тамақ пісірді</td><td>ас дайындады</td></tr><tr><td>дүниені кезді</td><td>ел аралады, шарлады</td></tr><tr><td>жасөспірім</td><td>бозбала, жеткіншек</td></tr></table>Сөздердің айтылуына назар аударыңдар!<br>Сөздік дәптерлеріңе жазып алыңдар!<br>Мұғалім сөздердің мағынасын түсіндіріп жазғызады. Әрбір сөз бен, сөз тіркесімен сөйлем құрастырады.<br>Мұғалімнің таңдауы бойынша 3 оқушы сөйлемдерін тақтаға жазады.<br>Балалар, орыс тіліне сүйінсек, бұл қандай сөйлемдер? Бұл сөйлемдер «Повествовательные» немесе «вопросительные»?<br>Ал қазақ тілінде повествовательное предложение – ХАБАРЛЫ СӨЙЛЕМ деп аталады.<br>Яғни, адам ХАБАР айтады. Хабарлы сөйлемнің соңында қандай леп белгіні қоямыз?<br>Дұрыс – НҮКТЕ.<br>Сен неше сөз түсіндің?<br>Сендер үшін қандай сөз ең жеңіл?<br>Қандай сөз, сөз тіркес ең қиын?<br>Хабарлы сөйлемді қалай анықтаймыз?<br>Хабарландыру да ХАБАР деген сөзінен де шыққан. Сондықтан сендерге тапсырма.<br>Тапсырманы топпен орындаймыз.<br>2 тапсырма. Сіздердің мектептеріңізде «Озық тәжірибе әлемінде» атты үйірме ашылады. Ресми стильдің тілдік</td><td>Презентация.</td></tr>
</table>

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | ерекшеліктері мен талаптарын дұрыс қолданып, хабарландыру жазыңыз.<br>Дескриптор: білім алушы<br>тақырып бойынша хабарландыру жазады;<br>ресми стильдің тілдік ерекшеліктері мен талаптарын дұрыс қолданады;<br>жазу емлесін сақтайды.<br>Топтар хабарландыру қағаздарын бір-біріне таратады. Дескрипторлар бойынша бағалайды, кері байланысын айтады. | |
| 1-3 минут | Оқулықпен жұмыс<br><br>Кері байланыс<br><br>Кері байланыс | Достар, кітаптарыңды 67 бетте ашыңдар! Сендердің алдарыңызда ұлы жазушы, ұстаздың өлеңі бар. Ендіше өлеңді тыңдаймыз!<br>Сендерге қандай өлең жолдары түсінікті болды?<br>Ал енді өздерің оқып шығыңдар!<br>Кітаптарыңды сәл жабып, қандай өлең жолдары естеріңде қалды?<br>Бір-бірлеріңе айтыңдар!<br>Дәптерлеріңе жазып алыңдар! Сөздіктің, мұғалімнің көмегімен мағынасын түсінуге тырысыңдар!<br>3.Тапсырма. Сөйлемдерді суреттермен сәйкестендіріңдер.<br>1. <br>2. <br>3. <br>4. <br>А.. «Айшылық алыс жерлерден, В. | Оқулық «Қазақ тілі мен әдебиеті» Оразбаева Ф. I-I бөлім, 67 бет<br>Презентация.<br><br>Жеке карточкалар. |

«Отынсыз тамақ пісірді»
Көзіңді ашып-жұмғанша,
Жылдам хабар алғызды.» С.
«Теңізде жүзді балықтай,
Дүниені кезді жалықпай»
Д. «Адамды құстай ұшырды»

Дескриптор: білім алушы
- сөйлемдерді түсінеді;
- суреттермен сәйкестендіреді.

- достар, сендерге 3 минут беріледі!
- Ал енді бір-біріңізді презентация арқылы жұпта тексеріңдер!

Оқушылар бір-бірін дескриптор арқылы тексереді.

Мысалы: Саша екі сөйлемді түсінді. 3 сөйлемді дұрыс сәйкестендірді.

4.Тапсырма. Кестені толтырыңыз.

| № | Сұрақ |
|---|---|
| 1 |  Адамдар алыс жерлерден не арқылы хабар алғызады? |
| 2 |  Мың шақырым жерлерге күн жарымда жететін қандай арба? |
| 3 |  Адам не арқылы құстай ұшады? |
| 4 |  Мал істейтін жұмысты кім істейді? |

Дескриптор: білім алушы
- сұрақтарды түсінеді;
- қазіргі өмірмен байланыстырады..

<table>
<tr>
<td></td>
<td></td>
<td>- достар, сендерге 3 минут беріледі!<br>Ал енді келесі кесте арқылы тексереміз!<br>Сендердің ықтимал жауаптарың ескеріледі.
<table>
<tr><td>№</td><td>Сұрақ</td></tr>
<tr><td>1</td><td> <br>Адамдар алыс жерлерден<br>не арқылы хабар алғызады?</td></tr>
<tr><td>2</td><td> <br>Мың шақырым жерлерге күн<br>жарымда жететін қандай арба?</td></tr>
<tr><td>3</td><td> <br>Адам не арқылы құстай ұшады?</td></tr>
<tr><td>4</td><td><br>Мал істейтін жұмысты<br>кім істейді?</td></tr>
</table>
Балалар, сендерге қандай сұраққа жауап беруге қиын болды?</td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td>минут</td>
<td><u>Бекіту.<br>Рефлексия.</u></td>
<td>Сонымен, достар, бүгінгі сабақта біз ұлы жазушы Ыбрай Алтынсариннің керемет өлеңімен таныстық. Сендерге өлең мазмұны түсінікті болды ма?<br>Түсінгеніңізді білу үшін біз білетін өлең жолдарын еске түсірейік!<br>Кел, балалар, оқылық!<br>Оқығанды көңілмен, ықыласпен тоқылық!<br>Оқысаңыз, балалар, шамнан шырақ жағылар!<br>Тілегеннің алдынан іздемей-ақ табылар!<br>Егер де сендергі бәрі түсінікті болса, сендер бұл өлеңді көңілді түрде айтып беріңдер!<br>Ал егер керісінше, көңілсіз жүзбен айтасыңдар!</td>
<td></td>
</tr>
</table>

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | Керемет, барлықтарының жүздерің көңілді екен! (Егер кейбір оқушылар көңілсіз болса, олардан түсінбегенін сұрап, бірге түсіндіруге тырысамыз)<br>Күнделіктеріңе: «Қазақстан – «өнер-білім бар жұрттар» деген елге жатады ма? Және неге? Деген сұраққа 2 толық хабарлы сөйлеммен жауап беріңдер!<br>Сабақ аяқталды, сау болыңдар, достар! | |

## 35. «Қазақ тілі мен әдебиеті» оқу пәні, 6-сынып

I. Өткен оқу жылында өтілген оқу бағдарламасының мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттары

6-сыныпта «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінен диагностикалық жұмыс жүргізу үшін 5-сыныпқа арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінен оқу бағдарламасының оқыту мақсаттары зерделенеді. Ол үшін негізгі орта білім беру деңгейінің 5-сыныптарына арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын қарастырамыз [19]. Оқу бағдарламасына сәйкес 5-сыныпта 5 бөлім қарастырылады. Тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым, тілдік бағдар. Бес бөлімге қатысты 5-сыныптың мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттары келесі кестеде көрсетілген (35.1-кесте)

1) «Тыңдалым»:

| Білім алушылар: | |
|---|---|
| Дағдылар | Оқыту мақсаттары |
| | 5-сынып |
| 1. Болжау | 5.1.1.1тақырыпты тірек сөздер арқылы болжау |
| 2. Назарын шоғырландырып тыңдау | 5.1.2.1тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну және нақты ақпаратты анықтау |
| 3. Сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсіну | 5.1.3.1<br>күнделікті тұрмыстық тақырыптарға байланысты жаңа сөздер мен тірек сөздердіңмағынасын түсіну |
| 4. Көркем шығармаларды тыңдау | 5.1.4.1фольклорлық және шағын көлемді көркем әдеби мәтіндердің мазмұнын түсіну |
| 5.Негізгі ойды анықтау | 5.1.5.1<br>тірек сөздер, жетекші сұрақтар арқылы негізгі тақырыпты анықтау |
| 6. Тыңдалым материалдары бойынша жауап беру | 5.1.6.1<br>тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде сұрақтарға жауап беру |

2) «Айтылым»:

| Білім алушылар | |
|---|---|
| Дағдылар | Оқыту мақсаттары |
| | 5-сынып |

| | |
|---|---|
| 1. Сөздік қорының алуандылығы | 5.2.1.1<br>тақырып бойынша меңгерген жаңа сөздерді олардың синонимдерімен, антоним, омонимдерімен қатар қолдану, ойын жеткізе білу |
| 2.Сөз мәнері мен сөйлеу этикеті | 5.2.2.1<br>қазақша амандасу мәнері мен ұлттық этикет формаларын пайдалану |
| 3. Орфоэпиялық нормаларды сақтау | 5.2.3.1<br>ауызша мәтіндер құрауда қазақ тіліндегі төл дыбыстардың дыбысталуын, үндестік заңын ескеріп айту |
| 4. Мәтіннің негізгі аспектілерін анықтау және талқылау | 5.2.4.1<br>шағын көлемді мәтіндердің мазмұнына жоспар құру, соған сүйеніп баяндау |
| 5. Сенімді және еркін жауап беру | 5.2.5.1<br>берілген сұрақты дұрыс түсініп, лайықты жауап беру, шағын диалогке қатысу |
| 6.Визуалды материал дар арқылы тілді дамыту | 5.2.6.1<br>тірек сөздерді дұрыс қолданып иллюстрацияларды сипаттау |

3) «Оқылым»:

| Білім алушылар | |
|---|---|
| Дағдылар | Оқыту мақсаттары |
| | 5-сынып |
| 1. Мәтіндегі ақпаратты анықтау | 5.3.1.1<br>мәтіндегі негізгі ақпаратты анықтау |
| 2. Стильдік ерекшеліктерді анықтау | 5.3.2.1<br>хат, хабарлама, жарнама мазмұнын түсіну, стильдік ерекшелігін анықтау |
| 3.Көркем шығармаларды оқу | 5.3.3.1<br>фольклорлық және шағын көлемді көркем әдеби шығармаларды түсіну, тақырыбын анықтау |
| 4. Мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау | 5.3.4.1<br>мәтіндердің тақырыбын, мазмұндық құрылымын салыстыру |
| 5. Қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді оқу | 5.3.5.1<br>қосымша ақпарат көздерінен тақырыпқа байланысты мәліметтерді ала білу |
| 6. Өзіндік көзқарасын білдіру және бағалау | 5.3.6.1<br>тақырып бойынша үйренген сөздерін қолдана отырып, мәтінде көтерілген мәселеге өз көзқарасын білдіру |

4) «Жазылым»:

| Білім алушылар: | |
|---|---|
| Дағдылар | Оқыту мақсаттары |
| | 5-сынып |
| 1. Әртүрлі стильде мәтіндер құрастыру | 5.4.1.1<br>ресми стильдің тілдік ерекшеліктері мен талаптарын дұрыс қолдана отырып, хабарлама, хабарландыру, хат жазу |
| 2. Эссе жазу | 5.4.2.1<br>эссе құрылымын сақтай отырып, адамды, табиғатты, белгілі бір оқиғаны сипаттап жазу |
| 3. Көркемдегіш құралдар | 5.4.3.1<br>жазба жұмыстарында сипаттау, бейнелеу құралдарын |

| | |
|---|---|
| ды қолданып жазу | қолданып жазу |
| 4. Мәліметтерді жинақтау | 5.4.4.1<br>мәліметтерді жинақтай отырып, тақырып бойынша постер жасау |
| 5. Орфогра<br>фия және пунктуация | 5.4.5.1<br>жазба жұмыстарында жалғаулардың ерекшелігін ескеріп, үндестік заңына сәйкес орфографиялық нормаға сай дұрыс жазу; сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану |

5)«Тілдік бағдар»:

| Білім алушылар | |
|---|---|
| Дағдылар | Оқыту мақсаттары |
| | 5-сынып |
| 1. Сөз таптары | 5.5.1.1 мәтіндерден жалпы және жалқы есімдерді ажырата білу, жалғау түрлерін дұрыс жалғау |
| | 5.5.1.2 лексикалық мағынасы жағынан заттың түрін, түсін сапасын білдіретін сын есімдерді ажырата білу, жазба, ауызша жұмыстарда қолдану |
| | 5.5.1.3<br>сан есім (бірліктер, ондықтар, жүз, мың) атауларын білу, орынды қолдану |
| | 5.5.1.4<br>жіктеу, сілтеу, сұрау есімдіктерін жазба, ауызша жұмыстарда орынды қолдану |
| | 5.5.1.5<br>болымды, болымсыз етістіктерді ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдану |
| | 5.5.1.6<br>мекен және мезгіл үстеулерді ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдану |
| | 5.5.1.7<br>ыңғайластық қатынасты білдіретін және қарсылықтық қатынасты білдіретін жалғаулықтардың қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдану |
| 2. Сөйлем | 5.5.2.1<br>жазба жұмыстарында хабарлы, сұраулы, лепті, бұйрықты сөйлемдердің жасалу жолдарын білу, құрастыру |

II. Іріктеп алынған оқыту мақсаттары бойынша диагностикалық жұмыстың үлгісі

Диагностикалық жұмыс білім алушылардың олқылықтарын толықтыру үшін жүргізілетін жұмыс болып табылады. Сондықтан диагностикалық жұмыстың тапсырмалары ретінде толық жауапты қажет ететін тапсырмаларды беру ұсынылады.

Төменде 5-сыныптағы «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттарына сәйкес әзірленген диагностикалық жұмыс тапсырмаларының үлгісі берілген. Үлгі екі нұсқада әзірленген.

Тыңдалым материалдары бойынша жауап беру дағдысы бойынша

диагностикалық тапсырма

Бөлім «Отбасындағы дәстүр мен мерекелер»

| | |
|---|---|
| Оқу мақсаты | 5.1.2.1 Тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну және нақты ақпаратты анықтау |
| Бағалау критерийі | Білім алушы<br>Мәтіннің негізгі мазмұнын түсінеді<br>Мәтіндегі нақты ақпаратты анықтайды |
| Ойлау дағдыларының деңгейі | Білу мен қолдану |

1-тапсырма Мәтінді 2 рет мұқият тыңдаңыз. Кестедегі ақпараттардың дұрыс немесе бұрыс екенін анықтаңыз.

(Мәтін мазмұны оқушының деңгейіне бейімделген)

Сәлеметсіңдер ме, достар! Менің есімім Айсұлу. Мен сендерге өз отбасымды таныстырамын. Отбасым басқа да қазақ отбасылары сияқты үлкен, мейірімді, қонақжай. Атам мен әжем – отбасымыздың ең үлкен адамдары. Мен әрқашан да оларды төрге отырғызамын, оларға жол беремін, олардан батасын аламын. Атам маған: «Оқуда зерек бол, ұйқыда сергек бол!» дейді, ал әжем: «Қазақ халқы қызды ерекше құрметтейді. Сөзде мәнді бол, тойда сәнді бол, қызым!» дейді.

Менің ата-аналарым өте жақсы адамдар. Әкем жұмыс істейді, көп ақша табады, өйткені ол шебер адам. Ал анам күнде дәмді ас пісіреді, үйде жинайды. Біз ата-анамызға көмектесеміз, қарсы сөйлемейміз, құрметтейміз.


Менің ағам оқуға кемел адам, өйткені ол кітап оқуды жақсы көреді. Ал менің әпкем маған, сіңліме және ініме қамқорлық жасайды, ол бізге жақсы кеңес береді.

Отбасымның дәстүрлері өте көп: біз бірге кешкі асын ішеміз. Атамыз ас батасын береді. Демалыста саябаққа барамыз, демаламыз. Мен өз отбасымды өте жақсы көремін.


| Ақпараттар | + дұрыс | бұрыс |
|---|---|---|
| Айсұлудың отбасы үлкен емес. | | |
| Айсұлудың отбасында ата-әжесі балаларға бата береді. | | |
| Айсұлудың отбасында жеті адам бар. | | |
| Әкесі шебер адам, өйткені ол дәмді ас пісіреді. | | - |
| Айсулудың отбасы демалыста саябақта демалады. | | |


2-тапсырма

Мәтіндегі отбасы мүшелері не істейді? деген сұраққа жауап беріңіз. Сөз тіркестерін бұлтшаның ішіне орналастырыңыз.









2-бөлім «Қазіргі қазақ ауылы мен қаланың тыныс-тіршілігі».

Тақырыбы: Менің қаладағы болашақ пәтерім.

Мақсаты: 5.1.2.1 тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну және нақты ақпаратты анықтау.

1) Тыңдалым

Мәтін.

Сәлем, Ернұр! Бүгін қазақ тілі сабағынан Сәуле апай «Менің болашақ пәтерім» деген тақырыпта шығарма жазып келуді тапсырды. Мен мынадай мәтін жазған едім. Оқып көрші. Ал сен не жазар едің?

«Басқа балалар секілді менің де кішкене кезімнен ойлаған арманым көп. Соның бірі - өзім қалағандай пәтерімнің болуы. Мен болашақ пәтерімнің жобасын жасап қойдым.

Мен аспанмен таласқан зәулім үйдің жоғары қабатында тұруды қалаймын. Өйткені мен қаланы биіктен тамашалағанды ұнатамын. Жатын бөлмемнің терезесі тауға қарап тұрса әрі одан шыршалар көрініп тұрса, шіркін! Таңертеңгі уақытта терезені айқара ашқанда таудың салқын самалы есіп тұрғаны – қандай ғанибет!

Маған екі бөлмелі пәтер болса жетеді. Бірақ оның кең, жарық болғанын қалаймын. Әсіресе қонақ бөлме мен ас үйім әсем болса деймін. Өз пәтерімнің интерьерін ұлттық үлгіде жасатар едім. Дизайнермен кеңесіп, үйдегі жиһаздардың да ұлттық нақышта болуына мән берер едім. Түсі ашық перделер мен шілтерлерді дайын матадан емес, қолдан тоқытып, өзгеше сәнді болуын қадағалаймын. Пәтерімнің көрнекті жеріне алуан түрлі балықтары бар аквариум қойғызамын. Бұл – менің қиялымдағы арман пәтерім». Сәлеммен Әлібек.

(6 сынып қазақ тілі мен әдебиеті 40-бет Көкжиек баспасы)

Тапсырма.Мәтінді тыңдап, берілген сұрақтың дұрыс жауабын таңда.

1. Қазақ тілі сабағынан қандай тапсырма берді?

А) Сурет салу.

Б)Шығарма жазу.

В) Диалог құрастыру.

С) Кітап оқу.
Д) Жоба жасау.
Е) ғаламтордан ақпарат табу

2. Мәтіннен сан есімді тауып жаз. _____

3. Әлібек нені қалайды?


А) Қаланың ортасында пәтері болғанын
Б)жер үйде тұруды
В) зәулім үйдің жоғары қабатында тұруды
С) Метроның жанынан үй салуды
Д) пәтері бірінші қабатта болғанын
Е) Терезенің алдында гүл тұрғанын

4. Тыңдалым бойынша 2 дұрыс ақпаратты тап.

А) Үйімнің көрнекті жеріне алуан түрлі гүлдер отырғызамын.
Б) Таңертеңгі уақытта терезені айқара ашқанда таудың салқын самалы есіп тұрғаны.
В) Маған төрт бөлмелі үй болса жетеді.
С) Жатын бөлмемнің терезесі тауға қарап тұрса әрі одан шыршалар көрініп тұрса.
Д) Әсіресе жатын бөлмемнің терезесі қалаға қараса.
Е) Мен болашақ пәтерімнің жобасын алдағы уақытта жасаймын.

2) Айтылым тапсырмасы.

Мақсаты:5.2.6.1 тірек сөздерді дұрыс қолданып иллюстрацияларды сипаттау
Тапсырма. Берілген тірек сөздерді қолданып, сурет бойынша өзің армандаған пәтерің жайында айтып бер.




Тірек сөздер: қонақ бөлмесі, жатын бөлме, терезеден, ас бөлмесі, кең, жарық, таза ауа, таудың етегінде.

3) Оқылым тапсырмасы

Мақсаты: 5.3.1.1 мәтіндегі негізгі ақпаратты анықтау. Сөйлемнің жалғасын тап, мағынасына қарай сәйкестендір.

| | |
|---|---|
| А.Менің болашақ | үлгіде |
| Б. Ұлттық | пәтерім |

| | |
|---|---|
| С. Алуан түрлі | балықтар |
| Д. Таудың | Ас үйім |
| Е. қонақ бөлме мен | салқын самалы |

Мәтінде жоқ артық ақпаратты тап.

| № | Ақпарат | Артық |
|---|---|---|
| 1 | Мен аспанмен таласқан зәулім үйдің жоғары қабатында тұруды қалаймын. | |
| 2 | Маған екі бөлмелі пәтер болса жетеді. Бірақ оның кең, жарық болғанын қалаймын. | |
| 3 | Қонақ бөлмемнің терезесі қаланың шетіне қарап тұрса әрі одан шыршалар көрініп тұрса, шіркін! | |
| 4 | Әсіресе қонақ бөлме мен ас үйім әсем болса деймін. | |
| 5 | Өз пәтерімнің интерьерін ұлттық үлгіде жасатар едім. | |

4) жазылым тапсырмасы.

Мақсаты: 5.4.5.1 Жазба жұмыстарында жалғаулардың ерекшелігін ескеріп, үндестік заңына сәйкес орфографиялық нормаға сай дұрыс жазу; сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану.

Тапсырма. «Менің арманымдағы пәтерім» тақырыбы бойынша шағын мәтін құра. Шағын мәтінді ережеге сай жаз.

Ереже.

1.Мәтінде синонимдерді қолдан.

2. Жалғауларды дұрыс жаз.

3.Тыныс белгілерді дұрыс қолдан. 40-50 сөз.

5) Тілдік бағдар.

Мақсаты: 5.5.1.1 мәтіндерден жалпы және жалқы есімдерді ажырата білу, жалғау түрлерін дұрыс жалғау.

1.Тапсырма. Берілген суреттерді пайдаланып, ауызша мәтін құра. Мәтінде жалқы және жалпы есімдерді қолдан.







Тапсырма.

2.Мәтіннен жалқы және жалпы есімді тап.

3.дизайнер сөзін жіктік, пәтер сөзін тәуелдік жалғауларға жікте.

Пәтер сөзін тәуелде.

Менің пәтерім

Сенің пәтерің
Сіздің пәтеріңіз
Оның пәтері
Біздің пәтеріміз
Сендердің пәтерлерің
Сіздердің пәтерлеріңіз
Олардың пәтерлері
Дизайнер сөзін жікте.
Мен дизайнермін
Сен дизайнерсің
Сіз дизайнерсіз
Ол  дизайнер
Біз дизайнерміз
Сендер дизайнерсіңдер
Сіздер дизайнерсіздер
Олар дизайнерлер

III. Сабақ барысында толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары

5-сыныпқа арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінен оқу бағдарламасын зерделеу нәтижесінде 6-сыныптағы қазақ тілі мен әдебиеті курсының оқыту мақсаттарымен кіріктіруге болатын оқыту мақсаттары анықталды [ ]. Кіріктіруге болатын оқыту мақсаттары ұсыныс түрінде берілген (35.2-кесте).

35.2-кесте – 5-6-сыныптардың кіріктірілетін оқыту мақсаттары

1) «Тыңдалым»:

| Білім алушылар: | | |
|---|---|---|
| Дағдылар | Оқыту мақсаттары | |
| | 6-сынып | 5-сынып |
| 1. Сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсіну | 6.1.3.1<br>тұрмыстық - әлеуметтік тақырыптарға байланысты жаңа сөздер мен тірек сөздердің мағынасын түсіну | 5.1.3.1<br>күнделікті тұрмыстық тақырыптарға байланысты жаңа сөздер мен тірек сөздердіңмағынасын түсінуб |
| 2. Тыңдалым материалдары бойынша жауап беру | 6. 1.6.1<br>тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде шынайы өмірмен байланыстырып жауап беру | 5.1.6.1<br>тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде сұрақтарға жауап беру |

2) «Айтылым»:

| Білім алушылар | | |
|---|---|---|
| Дағдылар | Оқыту мақсаттары | |
| | 6-сынып | 5-сынып |
| 1.Сөз мәнері мен сөйлеу этикеті | 6.2.2.1<br>тақырып бойынша диалогті бастау, жалғастыру, аяқтаудың ұлттық сөз әдебі  мен сөйлеу этикеті формаларын білу | 5.2.2.1<br>қазақша амандасу мәнері мен ұлттық этикет формаларын пайдалану |
| 2. Орфоэпия | 6.2.3.1 | 5.2.3.1 |

| | | |
|---|---|---|
| лық нормалар ды сақтау | ауызша мәтіндер құрауда сұраулы, хабарлы, лепті және бұйрықты сөйлемдердің интонациялық ерекшелігін ескеріп айту | ауызша мәтіндер құрауда қазақ тіліндегі төл дыбыстардың дыбысталуын, үндестік заңын ескеріп айту |
| 3.Сенімді және еркін жауап беру | 6.2.5.1 коммуникативтік жағдаят бойынша диалогке қатысушылар өзара түсінісіп, ойларын толықтырып отыру | 5.2.5.1 берілген сұрақты дұрыс түсініп, лайықты жауап беру, шағын диалогке қатысу |

3) «Оқылым»:

| Білім алушылар | | |
|---|---|---|
| Дағдылар | Оқыту мақсаттары | |
| | 6 сынып | 5-сынып |
| 1. Стильдік ерекшеліктерді анықтау | 6.3.2.1 ресми стильдегі мәтіндердің стильдік ерекшелігін анықтау (күнделік, мінездеме, түсініктеме, өмірбаян, түйіндеме) | 5.3.2.1 хат, хабарлама, жарнама мазмұнын түсіну, стильдік ерекшелігін анықтау |
| 2.Көркем шығармаларды оқу | 6.3.3.1 орта көлемді шығармаларды түсіну, тақырыбы мен негізгі ойды анықтау | 5.3.3.1 фольклорлық және шағын көлемді көркем әдеби шығармаларды түсіну, тақырыбын анықтау |
| 3. Қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді оқу | 6.3.5.1 қосымша ақпарат көздерінен тақырыпқа байланысты мәліметтерді мәтін мазмұнымен салыстыру, қарама-қайшы ақпараттарды анықтау | 5.3.5.1 қосымша ақпарат көздерінен тақырыпқа байланысты мәліметтерді ала білу |
| 4. Өзіндік көзқарасын білдіру және бағалау | 6.3.6.1 тақырып бойынша үйренген сөздерін қолдана отырып, мәтінде көтерілген мәселені шынайы өмірмен байланыстыру | 5.3.6.1 тақырып бойынша үйренген сөздерін қолдана отырып, мәтінде көтерілген мәселеге өз көзқарасын білдіру |

4) «Жазылым»:

| Білім алушылар: | | |
|---|---|---|
| Дағдылар | Оқыту мақсаттары | |
| | 6-сынып | 5-сынып |
| 1. Эссе жазу | 6.4.2.1 эссе тақырыбының желісінен шықпай, әрбір абзацты жүйелі құрастырып, қажетті мазмұнын ашып жазу | 5.4.2.1 эссе құрылымын сақтай отырып, адамды, табиғатты, белгілі бір оқиғаны сипаттап жазу |
| 2. Мәліметтерді жинақтау | 6.4.4.1 мәліметтерді жинақтай отырып, тақырып бойынша постер, сызба-кестелер жасау | 5.4.4.1 мәліметтер ді жинақтай отырып, тақырып бойынша постер жасау |
| 3. Орфогра фия және пунктуация | 6.4.5.1 жазба жұмыстарында сөзге қосымша жалғауда үндестік | 5.4.5.1 жазба жұмыстарында жалғаулардың ерекшелігін ескеріп, үндестік |

| | | |
|---|---|---|
| | заңын ескеріп, орфографиялық нормаға сай дұрыс жазу; сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану | заңына сәйкес орфографиялық нормаға сай дұрыс жазу; сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану |

5)«Тілдік бағдар»:

| Білім алушылар | | |
|---|---|---|
| Дағдылар | Оқыту мақсаттары | |
| | 6-сынып | 5-сынып |
| | 6.5.1.5 етістіктің шақтарының (нақ осы шақ, ауыспалы осы шақ,жедел өткен шақ, ауыспалы келер шақ) қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарда қолдану | 5.5.1.5 болымды, болымсыз етістіктерді ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдану |
| 2. Сөйлем | 6.5.2.1 жазба жұмыстарында сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтай отырып жай сөйлем құрастыру | 5.5.2.1 жазба жұмыстарында хабарлы, сұраулы, лепті, бұйрықты сөйлемдердің жасалу жолдарын білу, құрастыру |


IV.Кіріктірілетін оқыту мақсаттары бойынша ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгісі (2-3)

Әрі қарай республика мектептерінің педагогтері әзірлеген сабақтардың қысқа мерзімді жоспарларының үлгілері ұсынылады:

Кальжанова Айгуль Мирасовна

Қостанай облысы, Рудный қаласы №2 гимназиясы

| | |
|---|---|
| Мұғалімнің аты-жөні: | Кальжанова Айгуль Мирасовна |
| Пән/Сынып: | Қазақ тілі мен әдебиеті, 6-сынып |
| Тарау немесе бөлім атауы: | Отан отан отбасынан басталады |
| Сабақтың тақырыбы: | «Абай жолы» романы |
| Оқу мақсаттары: | 6.3.3.1 орта көлемді шығармаларды түсіну, тақырыбы мен негізгі ойды анықтау<br>(5.3.3.1 фольклорлық және шағын көлемді көркем әдеби шығармаларды түсіну, тақырыбын анықтау)<br>6.4.5.1 жазба жұмыстарында сөзге қосымша жалғауда үндестік заңын ескеріп, орфографиялық нормаға сай дұрыс жазу; сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану<br>(5.4.5.1 жазба жұмыстарында жалғаулардың ерекшелігін ескеріп, үндестік заңына сәйкес орфографиялық нормаға сай дұрыс жазу; сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану)<br>6.5.2.1 жазба жұмыстарында сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтай отырып жай сөйлем құрастыру. (5.5.2.1 жазба жұмыстарында хабарлы, сұраулы, лепті, бұйрықты |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | сөйлемдердің жасалу жолдарын білу, құрастыру) | |
| Бағалау критериі: | | Білім алушы:<br>- орта көлемді шығарманы түсінеді;<br>- тақырыбы мен негізгі ойды анықтайды;<br>- жазба жұмыстарында сөзге қосымша жалғауда үндестік заңын ескереді;<br>- орфографиялық нормаға сай дұрыс жазады;<br>- сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерді орынды қолданады;<br>- жазба жұмыстарында сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтайды;<br>- хабарлы, сұраулы, лепті, бұйрықты сөйлемдерді құрастырады. | |
| Саралап оқыту тапсырмалары | | | |
| Ұжымдық жұмыс<br>Жаңа тақырыптың түсіндірілуі | | Бірлескен жұмыс (1,2 тапсырма)<br>Тапсырманы ұсыну және дұрыс жауапты ұсыну арқылы үйрету | |
| Уақыты | Кезеңдері | Сабақтың мазмұны | Ресурстар |
| 1 минут<br><br>2 минут | Ұйымдастыру. Психолгиялық ахуал туғызу<br><br><u>Кері байланыс</u> | Сәлеметсіздер ме, достар!<br>Қазақ тілі мен әдебиет сабағына қош келдіңіздер!<br>- Көңіл-күйлеріңіз қалай? Мен сіздерге сәттілік тілеймін!<br>- Мына суретке назар аударыңыз!<br><br><br>Біз үлкен адаммен кездескенде не айтамыз?<br>Хабарлы, сұраулы, лепті, бұйрықты сөйлемдерді құрастырыңыз<br>Мұғалім оқушылардың ықтимал жауаптарын тыңдайды.<br>Сонымен біздің сыныптағы оқушыларымыз үлкендерге сәлем бере алады!<br>Бұл өте керемет! Өйткені «әдептілік | Презентация |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | белгісі – иіліп сәлем бергені» | |
| | Ойтүрткі<br><br>Сабақтың тақырыбын, мақсатын анықтау<br><br><br><br><br><br><br><br>Кері байланыс | - А енді, достарым! Сыныбымызға ҚАРА ЖӘШІК әкелінеді. Достар, бұл жәшікте керемет кітап бар. Ол қандай кітап екен? Сендерге көмекке келесі тіреккестер: ұлы жазушы, ақын, әжесі Зере, Құнанбайдың баласы, өмір жолы<br>Мұғалім оқушылардың ықтимал жауаптарын тыңдайды, тақтаға жауаптарын жазады. - Ал енді, достарым, бұл қандай кітап екенін мына бейне көріністен қарайық! Достар, тақтаға қарап, сөздерді оқыңдар! Сендерге қандай тақырып атауы ұнайды?<br>Қараңдаршы, Катяның, Сергейдің жауаптары сыныпқа ұнайды екен! Керемет!<br><br>- Ал бүгінгі сабағымыздың тақырыбы «Абай жолы» романы.<br><br><br>Достар, кімнің жауабы біздің тақырыбымызға жақын болды? ....., керемет, жарайсыңдар!<br>- Бүгінгі сабағымыздың мақсаттарына назар аударыңдар!<br>6.3.3.1 орта көлемді шығармаларды түсіну, тақырыбы мен негізгі ойды анықтау)<br>6.4.5.1 жазба жұмыстарында сөзге қосымша жалғауда үндестік заңын ескеріп, орфографиялық нормаға сай дұрыс жазу; сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану<br>6.5.2.1 жазба жұмыстарында сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін | Қара жәшік, ішінде кітап.<br><br>**https://yandex.kz/video/preview/?filmId** |

<table>
<tr><td></td><td></td><td>сақтай отырып жай сөйлем құрастыру<br>Бүгін біз сабақта не істейміз?<br>Оқушылардың ықтимал жауаптары:<br>Бүгінгі сабақта біз шығарманы оқимыз!<br>Негізгі ойды анықтаймыз!<br>Жазамыз тб<br>Дұрыс, достар! Ал енді жаңа тақырыпқа көшейік!</td><td></td></tr>
<tr><td>3-5 минут</td><td>Жаңа сабақ<br>Сөздікпен жұмыс.<br><u>Түсіндірме сөздік:</u><br><u>Лексико-граммати калық минимумм ен таныстыр у</u><br><br><u>Кері байланыс</u></td><td>- Жаңа сөздермен танысайық!<table><tr><td>Қатты асықты</td><td>Өте асықты</td></tr><tr><td>меңзеді</td><td>ойлады</td></tr><tr><td>сәлемін береді</td><td>сәлемдеседі</td></tr><tr><td>қәрі әжесіне</td><td>қарт әжесіне</td></tr><tr><td>көп сағынған</td><td>қатты сағынған</td></tr></table>Сөздердің айтылуына назар аударыңдар!<br>Сөздік дәптерлеріңе жазып алыңдар!<br>Мұғалім сөздердің мағынасын түсіндіріп жазғызады. Әрбір сөз бен, сөз тіркесімен сөйлем құрастырады.<br>Мұғалімнің таңдауы бойынша 3 оқушы сөйлемдерін тақтаға жазады.<br>-Балалар, орыс тіліне сүйінсек, бұл қандай сөйлемдер? Бұл сөйлемдер «Повествовательные» немесе «вопросительные»?<br>Ал қазақ тілінде повествовательное предложение – ХАБАРЛЫ СӨЙЛЕМ деп аталады.<br>Яғни, адам ХАБАР айтады.<br>Хабарлы сөйлемнің соңында қандай леп белгіні қоямыз?<br>Дұрыс – НҮКТЕ.<br>Сен неше сөз түсіндің?<br>Сендер үшін қандай сөз ең жеңіл?<br>Қандай сөз, сөз тіркес ең қиын?<br>Хабарлы сөйлемді қалай анықтаймыз?</td><td>Презентация.</td></tr>
</table>

<table>
<tr>
<td>1-3 минут</td>
<td><u>Мәтінмен жұмыс</u><br><br><br

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Абайды жеңгелері қалай еркелетеді? | | | |
| | | Абайды кім құшақтады? | | | |
| | | 3. Негізгі ойды анықтаңыз.<br>А. Абай ана құшағын қатты сағынды.<br>В. Абайды жеңгелері сүйіп, Телғара деп еркелетеді.<br>С. Бәрінен де көп сағынған Зере әжесі немересін қатты құшақтады.<br>Д. Бала ауылындағы ақ үйлердің қасында тұрған екі шешесіне асықты<br>Е. Абай алдымен әкесі және жанында тұрған кісілерге барып, оларға сәлемін береді.<br><u>Дескриптор: білім алушы</u><br>- тірек сөздерді жазады<br>- сұрақтарға қысқа жауап береді<br>- негізгі ойды анықтайды<br>Жұптық жұмыс.- Ал енді кері байланысымызды дескриптор арқылы жүргіземіз.<br>Мысалы, Саша екі тіреккестені дұрыс жазды.<br>Сұрақтарға жауап берді тб<br><br>Ал бізде тағы жеке тапсырмамыз қалды!<br>Тапсырма. Мәтіндердің стильдік ерекшелігін сақтай отырып, өз отбасы мүшелерінің біріне мінездеме жазыңыз. Жалғаулардың ерекшелігін ескеріп, үндестік заңына сәйкес орфографиялық нормаға сай дұрыс жазыңыз. Сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерді орынды қолданыңыз.<br><u>Дескриптор: білім алушы</u><br>- жазба жұмыстарында сөзге қосымша жалғауда үндестік заңын ескереді;<br>- орфографиялық нормаға сай дұрыс жазады;<br>- сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерді орынды қолданады;<br>- жазба жұмыстарында сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтайды; | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | Жұмысымызды аяқтаймыз, дәптерлеріңді тапсырыңдар!<br>Кімге мінездеме жазуға қиын болды?<br>Кім мінездеме жаза алады? | |
| 2 минут | Бекіту.<br><br>Рефлексия.<br><br>Үй тапсырмасын беру. | Сонымен, достар, бүгінгі сабақта біз ұлы ақын-жазушы Абай Құнанбаевтің балалық шағымен таныстық. . Сендерге мәтін мазмұны түсінікті болды ма?<br>Түсінгеніңізді білу үшін біз білетін сөйлемдерді түсірейік еске түсірейік!<br>Сендердің алдарыңызда отбасы ағашы бар. Сендер сабақ соңында өз мақсаттарына жеттіңдер ме?<br>Сендер ағаштың қай жерінде: ағаштың қасында ма, ағаштың бұтағында ма, әлде ағаштың басындасыңдар ма?<br>Күнделіктеріңе: «Сен жақын адамдарыңды не үшін қуантасың?» тақырыбы бойынша шағын эссе жазыңыз.<br>Сабақ аяқталды, сау болыңдар, достар! | |

Асайбекова Асемгуль Токтаровна,
СҚО, Ақжар ауданы, «Қазан орта мектебі» КММ

| | |
|---|---|
| Бөлімі: | «Қазақ отбасының дәстүрлері» |
| Педагогтің аты-жөні: | Асайбекова Асемгуль Токтаровна |
| Күні: | |
| Сыныбы: | 6 «Б» |
| Сабақтың тақырыбы: | «Қазақ отбасының дәстүрлері» |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты | 6.1.3.1 тұрмыстық - әлеуметтік тақырыптарға байланысты жаңа сөздер мен тірек сөздердің мағынасын түсіну<br>6.2.2.1 тақырып бойынша диалогті бастау, жалғастыру, аяқтаудың ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын білу |
| Қайталауға арналған сабақтың сәйкестік мақсаты | Т.5.1.3.1 күнделікті тұрмыстық тақырыптарға байланысты жаңа сөздер мен тірек сөздердің мағынасын түсіну<br>А.5.2.2.1 қазақша амандасу мәнері мен ұлттық этикет формаларын пайдалану |
| Сабақтың мақсаты: | Барлық оқушылар орындай алады: жаңа сөздер мен тірек сөздердің мағынасын түсінеді, сұхбат құрастыра алады. |
| | Оқушылардың көпшілігі орындай алады: жаңа сөздер мен тірек сөздердің мағынасын түсінеді, қазақша амандасу түрлерін |

| | |
|---|---|
| | қолданады |
| | Оқушылардың кейбірі орындай алады:ұсынылған жағдайларға сай амандасу түрлерін орынды қолдана алады, сұхбат құрастыра алады, сөз әдебі мен сөйлеу этикетін сақтайды. |

Сабақтың барысы:

| Сабақ кезеңі/ Уақыты | Педагогтің іс-әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы | Ұйымдастыру кезеңі<br><br>1.Психологиялық дайындық<br>Күлімдеп күн бүгін (қолдарын көтереді)<br>Қарады маған да (қолдарын кеудесіне қояды)<br>Күлімдеп күн бүгін<br>Қарады саған да (қасындағы балаға қарайды)<br>Сәлем деймін достарға!<br>Сәлем барша ұстазға !<br>Тату болып халықтар.<br>Аман болсын балалар.<br>ТЖ.<br>Тыңдалым алды кезең.<br>Қызығушылығын ояту.<br>«Кинометафора» әдісі.<br>«Сәлем-сөздің атасы» бейнеролик көрсету.<br>«Ой түрткі сұрақтар» әдісі.<br>-Тамашалаған видеоролик ұнады ма?<br>-Видеороликте не көрдіңдер?<br>-Видеоролик не туралы қалай ойлайсыңдар?<br>-Демек,балалар, бүгін біз сабақта не туралы айтамыз?<br>Жаңа сөздермен жұмыс.<br>«Семантикалық карта» әдісі<br>Мақсаты: сөздік қорды дамыту, мағынасын ашу.<br>Сөз \| Мағынасы қандай?<br>дәстүр \|<br>отбасы \| | Бейнеролик тамашалау арқылы сабақтың тақырыбын болжайды<br><br>«Семантикалық картаны» толтырады, сөздердің мағынасын түсіндіреді | | АКТ<br><br>«Сәлемдесу салты»бейне ролик You tube<br><br>Бейнеролик https://ok.ru/video/2595047 35643<br><br>Кесте «Семантикалық карта» |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | сәлемдесу<br>құрметтеу | | | |
| *Сабақтың ортасы* | Тыңдалым кезіндегі тапсырма.<br>1-тапсырма.<br>Жеке жұмыс<br>1-тапсырма. Бос орынға керекті сөз бен сөз тіркесін жазыңыз.<br>1. Бір-бірімізді көргенде, ..... немесе бір-бірімізді құттықтап жатамыз.<br>2. ..... деп амандасу үлкен-кішіге, таныс-бейтанысқа, ресми жағдайда да, еркін жағдайда да қолданамыз.<br>3. ..... деп амандасуды ауылдағы кей жасы үлкен ақсақалдар ұнатып тұрады.<br>4.Мектеп шәкірті ұстазымен ..... деп сыпайы сәлемдеседі.<br>Дұрыс жауаптары :<br>1.Бір-бірімізді көргенде, амандасамыз, немесе бір-бірімізді құттықтап жатамыз.<br>2. «Сәлеметсіз бе?» деп амандасу үлкен-кішіге, таныс-бейтанысқа, ресми жағдайда да, еркін жағдайда да қолданамыз.<br>3. «Ассалаумағалейкум!»деп амандасуды ауылдағы кей жасы үлкен ақсақалдар ұнатып тұрады.<br>4. Мектеп шәкірті ұстазымен «Сәлеметсіз бе?»деп сыпайы сәлемдеседі.<br>«Плюс-минус-қызықты» әдісі<br>2-тапсырма. Төменде берілген сөздердің синонимдерін анықтап,сөйлем құрастырыңыз<br>Амандасу-сәлемдесу<br>Туыс- бауыр,жақын<br>Жанұя-отбасы<br>Құрметтеу-сыйлау,қадірлеу<br>Тыңдалымнан кейінгі тапсырма. | Дәптерлеріне көп нүктенің орнына керекті сөз бен сөз тіркестерін жазады<br>Кері байланыс: «Плюс-минус-қызықты» әдісі<br>Сөздердің синонимдерін анықтайды,берілген сөздермен сөйлем құрастырады<br>Ұсынылған жағдаятты пайдаланып, ұлттық сөз әдебі мен | «Өзін-өзі»бағалау әдісі<br>Бағалау. Оқушылар бір-бірінің жұмысымен алмасып, танысады, дескрипторлар бойынша бағалайды<br>ҚБ: «Ойлан-жұптас-бөліс» әдісі (өзара бағалау) | |

| Критерий | Дескрипторлар: |
|---|---|
| Жаңа сөздердің мағынасын түсінеді; | -сөздердің синонимін анықтайды;<br>-сөздермен сөйлемдер құрастырады |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>2-тапсырма<br>Жұптық жұмыс.<br>Айтылым.<br>«Ой қозғау»әдісі<br>СЖ<br>1. Досың екеуіңіз көшеде келе жатып, көрші атаны көріп калдыңыз ....<br>2. Құрбың екеуіңіз бір-біріңмен пойызда кездесіп қалдыңыз ....<br>3. Әпкеңмен келе жатып оның құрбысын кездестірдіңіз ...<br><br>БО: Ұсынылған жағдаятты пайдаланып амандасу жолын атап, шағын диалогке қатысады;<br>ОБ: Ұсынылған жағдаятты пайдаланып, ұлттық этикет формаларын сақтауда жас ерекшелігінің маңыздылығын түсініп, лайықты жауап бере алады;<br>КО: ұсынылған жағдайларға сай амандасу түрлерін ескеріп, ұлттық этикет формаларын сақтап, диалогке қатысады .
<table>
<tr><td>Бағалау критерийлері</td><td>Дескриптор:</td></tr>
<tr><td>Ұсынылған жағдаятты пайдаланып, ұлттық сөз әдебі сөйлеу этикет формаларын ажыратады және диалог құрастырады.</td><td>-ұсынылған жағдаятты түсініп,амандасу жолын атап, шағын диалогке қатысады;<br>-ұсынылған жағдаятты пайдаланып,ұлттық этикет формаларын ұстанады;<br>-ұсынылған жағдайларға сай,ұлттық этикет формаларына қатысты диалог құрастыра алады</td></tr>
</table>
</td>
<td>сөйлеу этикеті формаларын ажыратып,жұпта диалог құрастырады.</td>
<td></td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td>Сабақтың соңы</td>
<td>Рефлексия: «Бес саусақ» әдісі<br>«Бес саусақ» әдісі бойынша сабақты қорытындылау.<br>1.«Бас бармақ»-басты мәселе, Бүгінгі сабақта ең құнды мәселе не болды?</td>
<td>«Бес саусақ» әдісі бойынша сабаққа қорытынты жасайды</td>
<td></td>
<td><br>https://yandex.kz/search/?text</td>
</tr>
</table>

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 2. «Балаң үйрек»-бірлесу.<br>Қалай жұмыс жасадым,кімге көмек бердім?<br>3. «Ортан терек»-ойлану.<br>Мен бүгін қандай білім мен тәжірибе алдым?<br>4. «Шылдыр шүмек»-шынайылық.<br>Сабақ маған ұнады ма? Неліктен?<br>5. «Кішкентай бөбек»-көңіл-күй ахуалы.<br>Мен сабақта өзімді қалайша сезіндім? | | | |
| Үй жұмысы | Әр ұлттың сәлемдесуі туралы мәлімет жинау | | | |

Сулейменова Гульжанат Сабыржановна,
ШҚО Семей қаласы, Экономикалық лицейі

| | |
|---|---|
| Бөлімі: | Қазіргі қазақ ауылы мен қаланың тұрмыс тіршілігі |
| Педагогтің аты-жөні: | Сулейменова Гульжанат Сабыржановна |
| Күні: | |
| Сыныбы: | Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы: | Ауылым-алтын бесігім |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты | 6.1.3.1 тұрмыстық - әлеуметтік тақырыптарға байланысты жаңа сөздер мен тірек сөздердің мағынасын түсіну.<br>5.1.3.1 күнделікті тұрмыстық тақырыптарға байланысты жаңа сөздер мен тірек сөздердің мағынасын түсіну. |
| Сабақтың мақсаты: | Барлығы:жаңа сөздер мен тірек сөздердің мағынасын түсіну.<br>Көпшілігі:берілген сұрақтарды дұрыс түсіну және лайықты жауап беру.<br>Кейбіреуі:шағын диалогқа қатысу өз сөздерін қолдану. |

Сабақтың барысы:

| Сабақ кезеңі/Уақыты | Педагогтің іс-әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы<br>Ұйымдастыру кезеңі<br><br><br><br>Мағынаны тану | Сәтті өтсін сабағымыз Ашық болсын қабағымыз<br>Балалар бір-бірімізге күлімдей қарап, сәттілік тілейік.<br>Берілген сөздер мен сөз тіркестері арқылы сабақтың тақырыбын болжату | Оқушылар бір-біріне сәттілік тілейді<br><br><br><br>Интербелсенді тақтадағы сөздер мен сөз тіркестері арқылы сабақтың тақырыбын анықтайды.<br>Сөздер мен сөз тіркестері: |  | Интербелсенді тақта |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Жаңа сөздермен таныстыру<br>Жерұйық-<br>Кіндік қаны тамған жер-<br>Ұшқан ұя-<br>Қора-<br>Жидек-<br>Балқаймақ-<br>Жент-<br>Бақташы- | Отан,ауыл, алтын бесік,туған жер,дәстүр,құрмет теу<br>Жаңа сөздермен танысады,мағынасын түсінеді.Берілген сөздермен сөз тіркесін құрайды. | | Оқулықпен жұмыс |
| Сабақтың ортасы<br>Тыңдалым алды<br><br><br>Тыңдалым | 1-тапсырма . Сұрақтар қойып,оқушылардан жауап алады. орын?<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>2-тапсырма.Мәтінді мұқият тыңдатады. Қазақта «Ауылым - алтын бесігім» деген сөз бар. Әркімге өзінің туған жері-жерұйық. Біздің дүниеде жалғыз еліміз, жеріміз бар. Ол - Қазақ елі. Жалғыз Отанымыз - Қазақстан. Отаныңды сүю, Отаныңа деген сүйіспеншілік отбасыңнан кіндік қаның тамған жерден, ұшқан | Сұрақтарға жауап береді.<br>1. Отбасында қандай дәстүрлер бар?<br>2.Үйге келген қонақты қалай қарсы аласыңдар?<br>3.Төр -қандай орын?<br>4.Отан отбасынан басталады дегенді қалай түсінесің?<br><br>Оқушылар мәтінді мұқият тыңдайды.Мәтінге тақырып қояды. | Дескриптор:<br>- сұрақтарды түсінеді<br>- сұрақтарға толық жауап береді<br><br><br><br>Бағалау критерийі: Тыңдаған мәтінінің мазмұнын түсінеді, ақпаратты анықтайды | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Жазылым<br>Бағалау критерийі:<br>Сын есімдердің лексикалық мағыналарын ажыратады, ауызша, жазбаша жұмыстарда қолданады. | алтын ұяңнан басталады. Менің де ұшқан ұям - дәл осы жер. Балалық шағы өткен жерін адам еш уақытта ұмытпайды. Ауыл - біздің табан тірер жеріміз, тұғырымыз. Ауыл - халық руханиятының алтын діңгегі (Нұрсұлтан Назарбаевтан).<br>Дескриптор: - мәтінді оқиды, мазмұнын түсінеді; - қосымша ақпаратты ажыратады.<br><br>.Берілген сын есімдерді қолданып, сурет бойынша әңгіме құра |  | Дескриптор:<br>1.Суретпен танысады..<br>2. «Ауыл», «алтын бесік», «таза ауа», «табиғат» деген сөз тіркестерін қолданады<br>3.Сауатты жазады.<br> | Интербелсенді тақта |
| Сабақтың соңы | Кері байланыс: Оқушылар 2 жұлдыз, 1 тілек арқылы бағалайды.<br>Үйге тапсырма: «Ауылым –алтын бесігім» тақырыбына сөйлесу құра | | | |

Кошжанов Куаныш Камбарович,
«Қарағанды облысы Саран қаласы № 7 жалпы
білім беретін мектеп –интернаты» КММ

| | |
|---|---|
| Бөлім: | 3.Таулар сыры. М.Мақатаев «Мен таулықпын» |
| Педагогтің аты-жөні | Кошжанов Куаныш Камбарович |
| Күні | |
| Сынып | 6 - сынып |
| Сабақтың тақырыбы | Қазақстандағы қандай тауларды білесің? |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | 5-сыныпта мақсатқа сәйкес тақырып: Қызыл кітап. | | |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты | | 6.1.3.1 тұрмыстық - әлеуметтік тақырыптарға байланысты жаңа сөздер мен тірек сөздердің мағынасын түсіну | | |
| Қайталауға арналған сабақтың сәйкестік мақсаты | | 5.1.3.1 күнделікті тұрмыстық тақырыптарға байланысты жаңа сөздер мен тірек сөздердің мағынасын түсіну. | | |
| Сабақтың мақсаты | | Негізгі сабақ мақсаты: тұрмыстық-әлеуметтік тақырыптарға байланысты жаңа сөздер мен тірек сөздердің мағынасын түсінеді. 5-сыныпта өткен материалды қайталау мақсаты: күнделікті тұрмыстық тақырыптарға байланысты жаңа сөздер мен тірек сөздердің мағынасын түсінеді. | | |
| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | ресурстар |
| Сабақтың басы | Ширату жаттығулары. «Қазақ таулары» видеоролик. ҚБ. Мадақтау Топқа бөлу. (қазақстан таулары арқылы) I. Тянь-Шань II.Жоңғар Алатауы III. Түрген шатқалы ҚБ. Жарайсыңдар  Тыңдалым сұрақтары Сен Қазақстанның қай бөлігінде тұрасың? Сен тұратын жерде тау бар ма? Ол қалай аталады? Қазақстандағы қандай тауларды білесің? Өзің білетін бір тау жайында сипаттама бер. | Оқушылар сәлемдеседі. Тақырыпқа қатысты видеоролик тамашалайды, бір-біріне көтерңкі көңіл-күй сыйлайтындай сөздер айтады<br><br>Топқа бөлінеді. Сұрақтарға жауап береді. |   | https://www.youtube.com/watch?v=MJ4oX9ojak8 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың ортасы<br><br>Білу<br><br><br><

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | заттың саналу ретін (қатарын) білдіріп, "нешінші? деген сұраққа жауап береді. Реттік сан есімдер есептік сан есімге -ыншы, -інші жұрнағы (дауыссыз дыбыстан кейін), -ншы, -нші(дауысты дыбыстан кейін) жұрнағы жалғану арқылы жасалады. Мысалы: бірінші, тоғызыншы, оныншы.<br>Оқулықпен жұмыс.<br>2-тапсырма.<br>Мәтіннен реттік сан есімдерді тауып, жасалу жолын түсіндір.(тапсырманы жылдам және қатесіз орындау сұралады, ҚБ)<br><br>Миға шабуыл.<br>Қызыл кітап.<br>Электронды тақтадан "Қызыл кітптың" суреті көрсетіледі. Оқушыларды екі шеңберге (ішкі, сыртқы)орналастырып, ішкі шеңберде тұрған оқушылар сыртқы шеңбердегі оқушыларға көрсетілген суретті анықтауға бағытталған сұрақтар қояды Орын ауыстыруға, еркін жүріп-тұруға мүмкіндік беріледі. Сұрақ-жауап талқыланғаннан кейін ақпараттық мәтін оқылады.<br>«Қызыл кітап» деген | жұпта талқылайды.<br>Бір-бірімен пікір алмасады<br><br>Мәтінмен танысады. | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Қолдану<br><br>Талдау | сөз тіркесі ғылымға 1966 жылдан бастап енді. Осындағы «қызыл» деген сөз «қауіп төніп тұр» деген адамзат баласына ескерту ұғымын білдіреді. «Қызыл кітаптарға» жер бетінде жойылып кету қаупі төнген және сирек кездесетін өсімдіктер мен жануарлардың түрлері тіркеліп, ондай түрлерді сақтап қалудың және қорғаудың қажеттігі ерекше атап көрсетіледі. Әрбір «Қызыл кітап» шығарылу дәрежесіне сәйкес ең қажетті мемлекеттік құжат болып саналады. Аталмыш кітапты шығару туралы пікірді алғаш рет ұсынған ағылшын ғалымы Питер Скотт.<br>Тапсырма.<br>Мәтін мазмұнымен танысып, тірек сөздеді анықтайды.<br>Қосымша мәлімет ретінде оқулықта берілген 3-тапсырамдағы (51-бет) мәтінді де оқып шығады. "Қызыл кітап" тқырыбына анқтама беріп, қос мәтнде берілген сан есімдерді пайдалана отырып, кластер жасайды.<br>Реттік сан есімдерді қатысыра отырып, | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | бірнеше сөйлем құрастырады | | | |
| Сабақтың соңы<br>Жинақтау<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Бағалау | Топтық жұмыс.<br>Синквейн немесе бес жолды өлең құрастыр.<br>1. Тақырыпқа қатысты бір зат есім(кім? не?)<br>2. бірінші зат есімге қатысты екі сын есім(қандай?)<br>3. бірінші зат есімге қатысты үш етістік (не істеді/істейді?)<br>4. бірінші зат есіммен төрт сөзден тұратын сөйлем<br>5. бір зат есім-метафора<br>(бірінші жолдағы зат есімге байланысты)<br>Сабақты бекіту. Оқушылар сабақта көп қолданылған 10 сөзді жазып алады.<br>Үйге тапсырма:48-бет,<br>7- тапсырма<br>"Микс әдісі" | Болжалдық сан есімді түсінеді. Тапсырма орындайды<br><br><br><br>Өлең құрастырады | | |

V. Сабақтан тыс уақытта толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары (35.3-кесте)

35.3 –кесте Кіріктіруге болмайтын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары

1) «Тыңдалым»:

| Білім алушылар: | |
|---|---|
| Дағдылар | Оқыту мақсаттары |
| | 5-сынып |
| 1. Көркем шығармаларды тыңдау | 5.1.4.1фольклорлық және шағын көлемді көркем әдеби мәтіндердің мазмұнын түсіну |

2) «Айтылым»:

| Білім алушылар: | |
|---|---|
| Дағдылар | Оқыту мақсаттары |
| | 5-сынып |
| 1. Сөздік қорының алуандылығы | 5.2.1.1<br>тақырып бойынша меңгерген жаңа сөздерді олардың |

| | |
|---|---|
| | синонимдерімен, антоним, омонимдерімен қатар қолдану, ойын жеткізе білу |
| 4. Мәтіннің негізгі аспектілерін анықтау және талқылау | 5.2.4.1<br>шағын көлемді мәтіндердің мазмұнына жоспар құру, соған сүйеніп баяндау |
| 6.Визуалды материал дар арқылы тілді дамыту | 5.2.6.1<br>тірек сөздерді дұрыс қолданып иллюстрацияларды сипаттау |

3) «Оқылым»:

| Білім алушылар | |
|---|---|
| Дағдылар | Оқыту мақсаттары |
| | 5-сынып |
| 1. Мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау | 5.3.4.1<br>мәтіндердің тақырыбын, мазмұндық құрылымын салыстыру |

4) «Жазылым»:

| Білім алушылар: | |
|---|---|
| Дағдылар | Оқыту мақсаттары |
| | 5-сынып |
| 1. Әртүрлі стильде мәтіндер құрастыру | 5.4.1.1<br>ресми стильдің тілдік ерекшеліктері мен талаптарын дұрыс қолдана отырып, хабарлама, хабарландыру, хат жазу |

5)«Тілдік бағдар»:

| Білім алушылар | |
|---|---|
| Дағдылар | Оқыту мақсаттары |
| | 5-сынып |
| | 5.5.1.2 лексикалық мағынасы жағынан заттың түрін, түсін сапасын білдіретін сын есімдерді ажырата білу, жазба, ауызша жұмыстарда қолдану |
| | 5.5.1.3<br>сан есім (бірліктер, ондықтар, жүз, мың) атауларын білу, орынды қолдану |
| | 5.5.1.4<br>жіктеу, сілтеу, сұрау есімдіктерін жазба, ауызша жұмыстарда орынды қолдану |
| | 5.5.1.7<br>ыңғайластық қатынасты білдіретін және қарсылықтық қатынасты білдіретін жалғаулықтардың қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдану |

VI. Кіріктіруге болмайтын оқыту мақсаттары қарастырылатын консультациялардың кестесі

Білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды толықтыру үшін 6-сыныпта «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнін оқу барысында кіріктіруге болмайтын оқыту мақсаттары бойынша демалыс кездерінде (күзгі, қысқы, көктемгі) кеңестер өткізу ұсынылады.

Төмендегі кесте демалыс кездерінде (күзгі, қысқы, көктемгі) өткізілетін кеңестердің кестесінің үлгісі келтірілген (35.3-кесте).

35.3-кесте – Демалыс кездерінде (күзгі, қысқы, көктемгі) өткізілетін

консультациялардың кестесі

1) «Тыңдалым»:

| Өткізілетін мерзімі | Тақырыптың атауы | Көркем шығармалар | Оқыту мақсаттары |
|---|---|---|---|
| Күзгі демалыста | Қазақстандағы жан -жануарлар мен өсімдіктер әлемі | Жан - жануарлар туралы ертегілер, жұмбақтар | 5.1.4.1 фольклорлық және шағын көлемді көркем әдеби мәтіндердің мазмұнын түсіну |

2) «Айтылым»:

| Өткізілетін мерзімі | Тақырыптың атауы | Көркем шығармалар | Оқыту мақсаттары |
|---|---|---|---|
| Қысқы демалыста | Ежелгі көшпелілер мәдениеті | Тұмар ханшайым туралы аңыз | 5.2.1.1 тақырып бойынша меңгерген жаңа сөздерді олардың синонимдерімен, антоним, омонимдерімен қатар қолдану, ойын жеткізе білу |
| Қысқы демалыста | Су – тіршілік көзі | Ә.Тәжібаев «Сырдария» өлеңі | 5.2.4.1 шағын көлемді мәтіндердің мазмұнына жоспар құру, соған сүйеніп баяндау |

3) «Оқылым»:

| Өткізілетін мерзімі | Тақырыптың атауы | Көркем шығармалар | Оқыту мақсаттары |
|---|---|---|---|
| Көктемгі демалыста | Денсаулық – зор байлық | «Ең үлкен байлық» ертегісі | 5.3.4.1 мәтіндердің тақырыбын, мазмұндық құрылымын салыстыру |

4) «Жазылым»:

| Өткізілетін мерзімі | Тақырыптың атауы | Көркем шығармалар | Оқыту мақсаттары |
|---|---|---|---|
| Қысқы демалыста | Компьютер дің тілін табу – өнер | Ы.Алтынсарин«Өнер-білім бар жұрттар» өлеңі | 5.4.1.1 ресми стильдің тілдік ерекшеліктері мен талаптарын дұрыс қолдана отырып, хабарлама, хабарландыру, хат жазу |

5)«Тілдік бағдар»:

| Өткізілетін мерзімі | Тақырыптың атауы | Көркем шығармалар | Оқыту мақсаттары |
|---|---|---|---|
| Күзгі демалыста | Қазақстандағы жан -жануарлар мен өсімдіктер әлемі | Жан - жануарлар туралы ертегілер, жұмбақтар | 5.5.1.2 лексикалық мағынасы жағынан заттың түрін, түсін сапасын білдіретін сын есімдерді ажырата білу, жазба, ауызша жұмыстарда қолдану |

VII. Жазғы мектеп кезінде ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгісі (2-3)

Білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды толтырудың тағы бір жолы – Жазғы мектепті ұйымдастыру. Жазғы мектеп кезінде өткізілетін

сабақтар 6-сыныпқа арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша оқу бағдарламасына сәйкес келесі тақырыптарды қайталау мен пысықтау ұсынылады: (35.5-кесте)

35.5 –кесте Жазғы мектеп кезінде өткізілетін сабақтардың тақырыптары мен мақсаттары

| Тақырыптың атауы | Оқыту мақсаттары |
|---|---|
| Ұлы Дала табиғаты | 5.2.6.1<br>тірек сөздерді дұрыс қолданып иллюстрацияларды сипаттау |
| Ұлы Дала табиғаты | 5.3.4.1<br>мәтіндердің тақырыбын, мазмұндық құрылымын салыстыру |
| Ұлы Дала табиғаты | 5.4.1.1<br>ресми стильдің тілдік ерекшеліктері мен талаптарын дұрыс қолдана отырып, хабарлама, хабарландыру, хат жазу |

Әрі қарай республика мектептерінің педагогтері әзірлеген сабақтардың қысқа мерзімді жоспарларының үлгілері ұсынылады.

Есенгельдина Мария Кеулмжаевна,
Қостанай облысы Жітіқара қаласы

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Бөлім: | 3-бөлім Отан отбасынан басталады.М.Әуезов «Абай жолы» Қайтқанда» тарауы (үзінді) | | | |
| Педагогтің аты-жөні | Есенгельдина Мария Кеулмжаевна | | | |
| Күні | | | | |
| Сынып | 6 - сынып | | | |
| Сабақтың тақырыбы | «Отбасы күнін» тойладық<br>5-сыныпта мақсатқа сәйкес тақырып: Қазақ отбасының дүстүрлері | | | |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты | 6.4.4.1 мәліметтерді жинақтай отырып, тақырып бойынша постер, сызба-кестелер жасау | | | |
| Қайталауға арналған сабақтың сәйкестік мақсаты | 5.4.4.1 мәліметтерді жинақтай отырып, тақырып бойынша постер жасау | | | |
| Сабақтың мақсаты | Негізгі сабақ мақсаты: Мәліметтерді жинақтай отырып, тақырып бойынша постер, сызба-кестелер жасайды.<br>6- сыныпта өткен материалды қайталау мақсаты: Мәліметтерді жинақтай отырып, постер жасайды. | | | |
| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | ресурстар |
| Сабақтың басы | Психологиялық ахуал:<br>«Шаттық шеңбер»<br>Оқушылар шеңберде жиналып, мұғаліммен бірге | Оқушылар сәлемдеседі. Сабақтарына сәттілік тілейді | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | сабаққа сәттілік тілейді<br><br>Ал, балалар, тұрайық,<br>Үлкен шеңбер құрайық<br>Шаңырақты көтеріп, керегені құрайық<br>Уық болып иіліп, бір отбасы болайық.<br>Топқа бөлу.<br>«Суреттер галереясы» әдісі бойынша топқа бөлу.<br>Оқушыларға «әке», «ана», «аға», «қарындас» суреттері таратылады,<br>сол суреттер бойынша балалар топқа бөлінеді. | Берілген суреттер бойынша топқа бөлінеді | Бас бармақ әдісі | |
| Сабақтың ортасы<br><br>Білу | 1.Жетекші сұрақтар бойынша жаңа тақырыпқа шығу.<br>1. «Миға шабуыл»<br>Мына берілген суреттер мен сөздердің арасында қандай байланыс бар?<br>Отбасы, күн, мереке, тойладық, қызықты, тату<br><br>Сурет және сөздер | Сұрақтарға жауап береді.<br><br>Мәтінді тыңдайды. Ақпарат жинайды.<br><br>Жаңа сөздермен танысады | | https://cf2.ppt-online.org/files2/slide/w/WwYABymutjOp1J0SGxcV2FgDizLdQvC9Z8reIa3oM/slide-10.jpg |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Түсіну | арқылы жаңа тақырып ашылады. Мұғалім шәкірттерді оқу мақсатымен және бағалау критерийлерімен таныстырады<br>Мұғалім «Отбасы күні» туралы мәлімет береді. Бүгінгі сабақта отбасы күні туралы отбасындағы салт-дәстүрлер туралы біледі.<br><br>Мәтін.<br>Біздің отбасымыз үлкен, тату. Отбасымызда төрт адам бар. Біз Астана қаласында тұрамыз. Менің атым – Жанар. Мен он тоғыз жастамын, студентпін. Әкемнің мамандығы – заңгер.Анам – мұғалім. Ағамның аты- Арман. Ол он төрт жаста.<br>«Отбасы күні» қыркүйекте болады. Біз отбасымызбен мерекелер күніне жиналып, бір-бірінді құттықтаймыз. «Отбасы күні» болған кезде, Арман мектепте конкурсқа қатысты. Сол кезде біз | Отбасы мүшелері туралы постер құрастырады | Стикер арқылы | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Қолдану | отбасымызбен қатысып қызықты ойындар жасап , ән айтып, би билеп, видео ролик жасап көрсеттік. Бізге екінші орын берді.Бұл күні туған-туысқандар жиналып,мерекені тойлаймыз. Біз бір-бірімізге сыйлықтар береміз. Табиғатқа шығып, серуендегенді ұнатамыз. Дастарқан жайып, жақсы тілек айтып,фотосуретке түсіріп жақсы демаламыз. Отбасылық мереке қызықты өтеді. Топтық тапсырма. Мәтінмен жұмыс. 1.Отбасы мүшелері туралы постер құрастырыңыздар.   Дискриптор: Әр топ мәтіннен білген ақпараттарын пайдаланып постер жасайды Топ жетекшісі мәліметтермен бөліседі. Оқушыларға сұрақ. Отбасыңызда қандай дүстүрді | Отбасы мүшелерін диаграммаға түсіреді<br><br>Сұраққа жауап береді.<br><br>Мәтінмен танысады. | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Талдау | сақтайсыздар?<br>Балалардың жауабы.<br>Туған күн мерекесін тойлау.<br>Қазақ салт дәстүріне мысал келтіріңіздер?<br>Наурыз мерексін тойлау. Бесікке салу.<br>Тыңдалым мәтіні. (қосымша материал ретінде пайдалану үшін мәтін таратылады.)<br>Мәтінді тыңда, тақырыпқа қатысты сөз тіркестерін "Дара диаграммаға" түсір<br>Сәлем,достар! Менің атым - Әлібек.Мен сендерге өз отбасымды таныстырамын.Бұл - менің отбасым.Менің отбасым да басқа қазақ отбасылары секілді үлкен.менің отбасымда атам,әжем,әкем,анам,ағам,інім,қарындасым бар.Бәріміз бірге тұрамыз.<br>Қазақ отбасының жақсы дәстүрі көп.Олар: жасы үлкен адамға жол беру,төрге отырғызу,қарсы сөйлемеу,қызды сыйлау.Үлкендер жасы кішілерге қамқоршы | Мәтіндегі ақпаратты тыңдай отырып, сөз тіркестерінің мағынасын ашады,ұғымдарды сәйкестендіреді. | Бас бармақ әдісі<br>Бағдаршам арқылы | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | болады,кеңес береді,ақылды болуды үйретеді.<br>Қазақ отбасында жасы үлкен адамды ерекше құрметтейді.Әкем маған: "Үлкенді құрметте,кішіге қамқор бол!" - дейді.Мен де атам мен әжемді, әкем мен анамды,ағамды құрметтеймін.Ал, ініме, қарындасыма көмектесемін.<br>Қазақ халқы ежелден ұл бала мен қыз баланың тәрбиесін бөліп қараған.Ұлды мал бағуға, қолөнерге, ақша табуға, қыз баланы ас пісіруге, кесте тігуге, өрмек тоқуға үйреткен.<br>Қазақ дәстүрі бойынша, үйде, көшеде ер адамдар бір - біріне қол беріп амандасады.жасы кіші адам үлкенге: "Ассалаумағалейкум!" - деп амандасса, үлкендер: "Уағалейкумсалам!" - деп жауап береді.Ал мектепте,қоғамдық орындарда ер адаммен де, әйел адамдармен де "Сәлеметсіз бе!" - деп амандасады.<br>Адамды таныстырғанда | | | |

үлкенге кішіні,әйел адамға ер адамды бірінші таныстырады.онда й кезде: "Танысып қойыңыздар", "таныстыруға рұқсат етіңіздер!"- деп айтады.

Мен өз отбасымды жақсы көремін,қазақ отбасының дәстүрлерін құрметтеймін,сақт аймын.

"Дара диаграмма"




Дескриптор
- Мәтінді тыңдайды;
- сөз тіркестерін диаграммаға түсіреді.

."Сәйкестендір"әдісі.
Мәтіндегі ақпаратты тыңдай отырып, сөз тіркестерінің мағынасын ашады,ұғымдарды сәйкестендіреді.

| | |
|---|---|
| Әке | |
| Қыз бала | |
| Үлкенге | |
| Кішіге | |
| Құндылықтар | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Керекті сөздер: ізет,қонақ,құрмет,асқар тау,мәдени<br>Дескриптор<br>- ақпараттың дұрыстығын болжайды;<br>- өз ойын айтады;<br>- сәйкестендіреді. | | | |
| Сабақтың соңы<br>Жинақтау<br><br><br><br><br><br><br><br><br>Бағалау | Топқа тапсырма. :"Қорытынды" "Артық сөзді тап" әдісі бойынша оқушыларға сабақ тақырыбына байланысты сөздер беремін,қай сөз тақырыпқа қатысты емес екенін анықтайды<br><br>Отбасы, табиғат, дәстүр, амандасу, мектеп, сыйлық,жол беру, кітап, төр<br><br>Дескриптор<br>- сөздердің мағынасын түсінеді<br>- сөздердің артығын табады<br>ҚБ "Шапалақтау"<br><br><br>Үйге тапсырмасы: Отбасыңмен бірге қарсы алатын мереке туралы шағын мәтін жаз. | Тақырыпқа қатысты емес сөздерді алып тастайды. | Шапалақтау әдісі<br><br><br><br><br><br><br><br>Білім баспалдағы | https://kzref.org/sabati-tairibi-jandi-grafika-osi-sabata-ol-jetkiziletin-ou-mas/114671_html_m64a393bf.jpg |

Абакова Алмат Темирбековна,
Ақмола облысы, Қорғалғын ауданы,
«Қорғалжын ауданы мектеп-гимназиясы» КММ

| | |
|---|---|
| Бөлімі: | |
| Педагогтің аты-жөні: | Абакова Алмат Темирбековна |

| | |
|---|---|
| Күні: | |
| Сыныбы: | Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы: | Ұлы дала табиғаты |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты | 6.3.4.1<br>мәтіндердің тақырыбына, мазмұндық құрылымына сүйене отырып, түрлерін салыстыру<br>5.3.4.1<br>мәтіндердің тақырыбын, мазмұндық құрылымын салыстыру |
| Сабақтың мақсаты: | Табиғат тақырыбына байланысты мәтіндердің тақырыбын,мазмұндық құрылымын салыстырады |

Сабақтың барысы:

| Сабақ кезеңі/Уақыты | Педагогтің іс-әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы<br>Ұйымдастыру кезеңі<br><br><br><br><br>Мағынаны тану | Психологиялық ахуал туғызу. «Шаттық шеңбері»<br>Оқушылар шеңбер құрып тұрады. Бір-біріне бүгінгі күнге арнап, жақсы тілектерін айтады. Сәттілік тілеп сабақ басталады.<br>1 тапсырма. «Не артық?» ойыны. Балалар, қалған суреттерді қандай сөздермен атауға болады? (Қазақстанның табиғаты) | Оқушылар бір-біріне сәттілік тілейді |  | Интербелсенді тақта<br><br><br><br><br>Оқулықпен жұмыс |

| | |
|---|---|
| 5 мин. | 2 тапсырма. Мәтіналды жұмыс. (ЖЖ)<br>Жаңа сөздер: «Сурет- сөз» шөл, шөлейт, табиғи байлықтар, ұлттық табиғи парк<br>Оқушыларға суреттер ұсынылады, суреттердің қазақша атуын аударма сөздіктен тауып атайды, сөз тіркестерін құрастырады.<br> |

| | |
|---|---|
| 5 мин. |  <br><br>3 тапсырма. Суреттермен қажетті сөздерді пайдаланып, Қазақстанның табиғатын сипаттаңыз.<br>Топқа сөздер мен сөз тіркестері және суреттері қима қағаз түрінде ұсынылады.<br>Қажетті сөздер: кең –байтақ, қалың орман, биік таулар, жануарлар, өсімдіктер, таза ауа, жазық дала, аймақ, табиғаты көрікті.<br>ҚБ. Мадақтау сөздері арқылы.<br><br> <br><br> <br>Өзіңді тексер!<br>Қазақстанның жері кең-байтақ. Әр аймақтың табиғаты көрікті. Биік таулар мен қалың орманның ауасы таза. Елімізде жануарлар мен өсімдіктердіі түрлері өте көп . |

| | |
|---|---|
| 7-20 мин | (ТЖ)Тыңдалым. Оқылым.<br>Тапсырма 1. Мәтіндерді мұқият оқып, тапсырмаларды орындаңыздар. |

| 1- мәтін | 2-мәтін |
|---|---|
| ым ғой Ерейменнің тауларын,<br>де көк шалғынға аунадым.<br>леніп Ағдымменен Күншалған,<br>қанда қонады екен тауға күн.<br>ндаған Тілембек пен Бозайғыр,<br>анмен ұсынғандай саумалын.<br>мендей өзге мекен жоқ менде,<br>ық дәурен қалған сонау көк белде.<br>жатқан Қаратал мен Желтауым,<br>рады балалық шақ көктемге.<br>өбе, Сейфолламен Төрежан,<br>ырады жазғы мақпал кештерде.<br>*С.Жылқыбаев* | Сарыарқа – Орталық Қазақстанда орналасқан. Батыстан шығысқа қарай 1200 шақырымға созылып жатыр. Орташа биіктігі – 500-600 м. Сарыарқа солтүстігінде Батыс-Сібір жазығымен, оңтүстігінде Балқаш көлімен және Бетпақ Дала шөлімен, шығысында Сауыр-Тарбағатай тау жүйесімен шектеседі. Сарырқаның негізгі жауһары – Бурабай шипажайлық аймағы. Жергілікті тұрғындар бұл жерді "қазақстандық Швейцария" деп атайды. |


1.2. Кестені толтырып, мәтіндерді салыстырыңыздар.

| Тапсырмалар | 1 мәтін | 2 мәтін |
|---|---|---|
| Тірек сөздерді анықтаңыз | | |
| Тірек сөздердің көмегімен мәтінге тақырып қойыңыз. | | |
| Мәтіннің жанры | | |
| Мәтіннің стилі | | |

Дескриптор.
1. Тірек сөздерді анықтайды;
2. Тірек сөздердің негізінде мәтінге тақырып қояды;
3. Мәтіндердің стильдік, жанрлық ерекшелігін салыстырады.
КБ. Топтар бір-бірін жұлдызшамен бағалайды

Өзіңді тексер!

| Тапсырмалар | 1 мәтін | 2 мәтін |
|---|---|---|
| Тірек сөздерді анықтаңыз | Ерейменні ң таулары, балалық шақ,өзге мекен | Сарыарқа, Балқаш көлі,"қазақстандық Швейцария", Орталық Қазақстан. |
| Тірек сөздердің көмегімен мәтінге тақырып қойыңыз. | Туған жер | Сарыарқа |
| Мәтіннің жанры | өлең | мәтін |
| Мәтіннің стилі | көркем стилі | публицистикалық стиль |

| | |
|---|---|
| 2 мин | Сергітусәті. https://youtu.be/O8qAc89TgyE |
| Қорытынды<br>5 минут | Синквейн : «Табиғат»<br><br> |
| Рефлексия<br>3 мин | Төрт сауалға жауап.....<br>1.Біз бүгін білдік (нені?)<br>2.Мен жақсы орындадым (нені?)<br>3 Топ жақсы орындады (нені?)<br>4.Білгім келеді (нені?) |

## 36. «Қазақ тілі мен әдебиеті» оқу пәні, 7-сынып

I. Өткен оқу жылында өтілген оқу бағдарламасының мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттары

7-сыныпта «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінен диагностикалық жұмыс жүргізу үшін 6-сыныпқа арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінен оқу бағдарламасының оқыту мақсаттары зерделенеді. Ол үшін негізгі орта білім беру деңгейінің 6-сыныптарына арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын қарастырамыз [19]. Оқу бағдарламасына сәйкес 6-сыныпта 5 бөлім қарастырылады. Тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым, тілдік бағдар. Бес бөлімге қатысты 6-сыныптың мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттары келесі кестеде көрсетілген (36.1-кесте)

36.1- кесте. 6-сыныптың мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттары

1) «Тыңдалым»:

| Білім алушылар | |
|---|---|
| Дағдылар | Оқыту мақсаттары |
| | 6-сынып |
| 1. Болжау | 6.1.1.1<br>тірек сөздер, мәтіннің бастапқы бөлігін тыңдау арқылы тақырыпты және көтерілетін мәселені болжау |
| 2. Назарын шоғырландырып тыңдау | 6.1.2.1 тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, негізгі және қосымша ақпараттарды анықтау |
| 3. Сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсіну | 6.1.3.1<br>тұрмыстық - әлеуметтік тақырыптарға байланысты жаңа сөздер мен тірек сөздердің<br>мағынасын түсіну |
| 4. Көркем шығармаларды тыңдау | 6. 1.4.1<br>әңгіме, хикаялардың және шағын поэзиялық шығармалардың мазмұнын талдай отырып кейіпкерлерге сипаттама жасау |

| | |
|---|---|
| 5.Негізгі ойды анықтау | 6.1.5.1<br>тірек сөздер, жетекші сұрақтар, мәтін тақырыбы арқылы негізгі ойды анықтау |
| 6. Тыңдалым материалдары бойынша жауап беру | 6. 1.6.1<br>тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде шынайы өмірмен байланыстырып жауап беру |

2) «Айтылым»:

| Білім алушылар: | |
|---|---|
| Дағдылар | Оқыту мақсаттары |
| | 6-сынып |
| 1. Сөздік қорының алуандылығы | 6.2.1.1<br>тура және ауыспалы мағынадағы сөздерді қолдану, ойын әсерлі, мазмұнды жеткізу |
| 2.Сөз мәнері мен сөйлеу этикеті | 6.2.2.1<br>тақырып бойынша диалогті бастау, жалғастыру, аяқтаудың ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын білу |
| 3. Орфоэпия лық нормалар ды сақтау | 6.2.3.1<br>ауызша мәтіндер құрауда сұраулы, хабарлы, лепті және бұйрықты сөйлемдердің интонациялық ерекшелігін ескеріп айту |
| 4. Мәтіннің негізгі аспектіле рін анықтау және талқылау | 6.2.4.1 шағын көлемді мәтіндегі жеке эпизодтарды сипаттау және тілдік ерекшелігіне салыстыру жасау |
| 5. Сенімді және еркін жауап беру | 6.2.5.1 коммуникативтік жағдаят бойынша диалогке қатысушылар өзара түсінісіп, ойларын толықтырып отыру |
| 6.Визуалды материал дар арқылы тілді дамыту | 6.2.6.1<br>тірек сөздерге сүйеніп, сюжетті суреттердің желісі бойынша әңгіме құрастыру |

3) «Оқылым»:

| Білім алушылар | |
|---|---|
| Дағдылар | Оқыту мақсаттары |
| | 6-сынып |
| 1. Мәтіндегі ақпаратты анықтау | 6.3.1.1<br>мәтіндегі негізгі және жанама ақпаратты анықтау, өмірдегі кейбір жағдаяттар мен байланыстыру |
| 2. Стильдік ерекшеліктерді анықтау | 6.3.2.1<br>ресми стильдегі мәтіндердің стильдік ерекшелігін анықтау (күнделік, мінездеме, түсініктеме, өмірбаян, түйіндеме) |
| 3.Көркем шығарма ларды оқу | 6.3.3.1<br>орта көлемді шығармаларды түсіну, тақырыбы мен негізгі ойды анықтау |
| 4. Мәтіндерге салыстырма лы талдау жасау | 6.3.4.1<br>мәтіндердің тақырыбына, мазмұндық құрылымына сүйене отырып, түрлерін салыстыру |
| 5. Қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді оқу | 6.3.5.1<br>қосымша ақпарат көздерінен тақырыпқа байланысты мәліметтерді мәтін мазмұнымен салыстыру, қарама-қайшы ақпараттарды анықтау |
| 6. Өзіндік көзқарасын | 6.3.6.1 |

| | |
|---|---|
| білдіру және бағалау | тақырып бойынша үйренген сөздерін қолдана отырып, мәтінде көтерілген мәселені шынайы өмірмен байланыстыру |

4) «Жазылым»:

| Білім алушылар | |
|---|---|
| Дағдылар | Оқыту мақсаттары |
| | 6-сынып |
| 1. Әртүрлі стильде мәтіндер құрастыру | 6.4.1.1 мәтіндердің стильдік ерекшелігін сақтай отырып, күнделік, мінездеме, түсініктеме, өмірбаян жазу |
| 2. Эссе жазу | 6.4.2.1<br>эссе тақырыбының желісінен шықпай, әрбір абзацты жүйелі құрастырып, қажетті мазмұнын ашып жазу |
| 3. Көркемдегіш құралдарды қолданып жазу | 6.4.3.1<br>жазба жұмыстарында теңеу, эпитет сөздерін қолданып жазу |
| 4.Мәліметтерді жинақтау | 6.4.4.1<br>мәліметтерді жинақтай отырып, тақырып бойынша постер, сызба-кестелер жасау |
| 5. Орфография және пунктуация | 6.4.5.1<br>жазба жұмыстарында сөзге қосымша жалғауда үндестік заңын ескеріп, орфографиялық нормаға сай дұрыс жазу; сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану |

5)«Тілдік бағдар»:

| Білім алушылар | |
|---|---|
| Дағдылар | Оқыту мақсаттары |
| | 6-сынып |
| 1. Сөз таптары | 6.5.1.1<br>мәтіндерден дерексіз зат, көптік мәнді есімдерді ажырата білу, жазбаша, ауызша жұмыстарда қолдану |
| | 6.5.1.2<br>лексикалық мағынасы жағынан заттың сипатын, көлемін, салмағын, аумағын білдіретін сын есімдерді ажырата білу, жазба, ауызша жұмыстарда қолдану |
| | 6.5.1.3<br>реттік сан есімдер мен жинақтық сан есімдерді жазба, ауызша жұмыстарда орынды қолдану |
| | 6.5.1.4<br>өздік, болымсыздық, белгісіздік, жалпылау есімдіктерін жазба, ауызша жұмыстарда орынды қолдану. |
| | 6.5.1.5<br>етістіктің шақтарының (нақ осы шақ, ауыспалы осы шақ,жедел өткен шақ, ауыспалы келер шақ) қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарда қолдану |
| | 6.5.1.6<br>сын-қимыл (бейне) және мөлшер үстеулерді ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдану |
| | 6.5.1.7 |

| | |
|---|---|
| | талғаулықты немесе кезектестік мәнді білдіретін және себеп-салдарлық қатынасты білдіретін жалғаулықтардың қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдану |
| 2. Сөйлем | 6.5.2.1<br>жазба жұмыстарында сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтай отырып жай сөйлем құрастыру |

II. Іріктеп алынған оқыту мақсаттары бойынша диагностикалық жұмыстың үлгісі

Диагностикалық жұмыс білім алушылардың олқылықтарын толықтыру үшін жүргізілетін жұмыс болып табылады. Сондықтан диагностикалық жұмыстың тапсырмалары ретінде толық жауапты қажет ететін тапсырмаларды беру ұсынылады.

Төменде 6-сыныптағы «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттарына сәйкес әзірленген диагностикалық жұмыс тапсырмаларының үлгісі берілген. Үлгі екі нұсқада әзірленген.

1- нұсқа

1- бөлім

Отан отбасынан басталады.

М.Әуезов «Абай жолы» «Қайтқанда» тарауы (үзінді) бөлімі бойынша.

1) Тыңдалым тапсырмасы. Мәтінмен жұмыс

Оқыту мақсаты: 6.1.2.1 тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, негізгі және қосымша ақпараттарды анықтау

Тындалым мәтіні.

Отбасы мүшелерінің арасында сыйластық пен махаббат орнаса, ол отбасы ең бақытты жанұя болып саналады. Отбасындағы адамдар бір-біріне тосынсыйлар ұйымдастыру, мерекелер сайын сыйлық жасау, бір-біріне қолдау көрсету арқылы өзара сыйластықтарын көрсетеді. Әр жексенбі және түрлі мейрамдар сайын отбасы мүшелері ата мен әженің шаңырағындағы мол дастарқан басына жиналып, бір-бірлеріне деген құттықтауларын білдіреді. Себебі оларды отбасылық рухани құндылықтар біріктіреді. Жанұяның қонақ күту рәсімі ұлтына, салт-дәстүріне, мәдениетіне байланысты әртүрлі болады. Қазақ халқы қонақжай халық болғандықтан, келген қонақты төрге шығарып, ақ дастарқан жайған. Қазақ отбасында үлкенге құрмет көрсету, кішіге қамқор болу, мерекелерді қара шаңырақта қарсы алу сияқты отбасылық дәстүрлер ертеден қалыптасқан. Бала дүниеге келгенде, шілдехана, бесік той, тұсаукесер, сүндет той сияқты мерекелерді туған-туысқандарымен бірге тойлайды. Орыс халқында балаға отбасындағы құрметті адамның есімін беру және отбасылық мұраны ұрпақтан ұрпаққа жеткізу дәстүрі бар. Отбасылық дәстүр мен мейрамдар жанұядағы адамдардың бір-біріне деген сенімділігін әрі құрметін нығайтады. Ол болашақ ұрпақ тәрбиесінде де маңызды рөл атқарады. Себебі «Отан отбасынан басталады». (Ақпарат дереккөзі: nis.edu.kz/ru/programs/criter-eval/les-plan/)

Тыңдалым мәтінінің тапсырмасы.

1 - тапсырма. Мәтінді түсініп оқы. Тақырып қой.

2 - тапсырма. Мәтінде не туралы айтылған?
3 - тапсырма. Берілген сөйлемдердегі бос орындарға тиісті сөздерді қойып жазыңыз.
Қажетті сөздер: сенімділігін әрі құрметін, ұлтына, салт-дәстүрі мен мәдениетіне, демалыс күндері,
А) Жанұяның қонақ күту рәсімі ... ... ... байланысты болады.
Б) ....отбасы мүшелері қара шаңырақта бас қосады.
В ) Отбасылық дәстүр мен мейрамдар жанұядағы адамдардың бір-біріне деген ... ... нығайтады.
-тапсырма. Тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде өз жанұяңның қонақ күту,салт - дәстүрі туралы айтып бер.
5 - тапсырма. Мақалдың аудармасымен оқып, мағынасын түсіндіріп, өз ой пікіріңізді айтыңыз.

Әке - асқар тау
Ана – сарқылмас бұлақ.
Отец как вершина горы,
Мать – неисякаемый источник.

Қарға баласын аппағым дер,
Кірпі баласын жұмсағым дер.
Ворона говорит о своем дитя мой беленький
Ежиха говорит о своем дитя мой мягонький.


2) Айтылым тапсырмасы
Оқыту мақсаты: 6.2.6.1 тірек сөздерге сүйеніп, сюжетті суреттердің желісі бойынша әңгіме құрастыру.
Берілген мәтін бойынша төмендегі тапсырмаларды орындаңыздар.




1 – тапсырма. Берілген суретті тірек сөздер сызбасы негізінде отбасы мүшелері арасындағы сыйластық пен сүйіспеншілік туралы айтып беріңіз.
2 – тапсырма. Берілген тақырып бойынша, сызбыда көрсетілген тірек сөздерге сүйеніп « Отбасындағы әдеп» деген тақырыпта пікір алмасыңыздар.
3 -тапсырма. Мына сөздерді қолдана отырып, тақырып бойынша жұбыңызбен диалог құрастырыңыз. (отбасы,құрмет, сүйіспеншілік, мейрамдар, қолдау көрсету, келешек, отбасылық дәстүр, қара шаңырақта, мол дастарқан, Отан отбасынан басталады)
3)Оқылым тапсырмасы.
Оқыту мақсаты: 6.3.5.1 қосымша ақпарат көздерінен тақырыпқа байланысты мәліметтерді мәтін мазмұнымен салыстыру, қарама-қайшы ақпараттарды анықтау.
Берілген мәтінді мұқият оқып шығып, төмендегі тапсырманы орындаңыздар.
Төмендегі кесте мен диаграммада берілген ақпаратты өз сөзіңізбен сипаттаңыз.



• *1909 жылы 4 - ақпанда Қызылорда қаласында дүниеге келген.*
• *1995 жылы 23 – қыркүйекте дүниеден өткен.*
• *Ә. Тәжібаев – ақын, драматург, әдебиет зерттеуші, Қазақстанның халық жазушысы, филология ғылымдарының докторы, профессор.*
• *Тұңғыш жинағы «Жаңа ырғақ» 1933жылы жарық көрген.*
• *50 шақты кітаптың авторы.*
• *«Толағай» әдеби ертегісі 1978 жылы жазылған*
• *«Жамбыл» кинофильмінің сценарийін жазған.*
• *Марапаттаулары: «Октябрь революциясы» орденімен, «Еңбек Қызыл Ту» орденімен екі рет, «Құрмет белгісі» орденімен, медальдармен.*
• *Әбділдә Тәжібаев "Күй атасы", "Ақын", "Портреттер" дастандары, балалар тақырыбында да қалам тартты.*




Толғай ертегісі (оқулық 54-55бет)




2 – тапсырма. Толағай тауы туралы халық аңызы не дейді? Толағай тауы (Қосымша деректерді пйдалана отырып,Толғай тауының тарихы туралы ақпарат айтыңыз )

4)Жазылым тапсырмасы.

Мақсаты: 6.4.4.1 мәліметтерді жинақтай отырып, тақырып бойынша постер, сызба-кестелер жасау.

Тапсырма. Берілген тақырып бойынша мәліметтерді жинақтай отырып, «Отан отбасынан басталады» деген тақырыпта, жаңа сөздерді қатыстыра отырып, постер, сызба кестелерін жасаңыз.

5)Тілдік бағдар.

Мақсаты: 6.5.1.1 мәтіндерден деректі және дерексіз зат есімді, көптік мәнді есімдерді ажырата білу, жазбаша, ауызша жұмыстарда қолдану.

Тапсырма.

Мәтіннен деректі және дерексіз зат есімдерді тауып, сұрақтарын дұрыс жазып көрсетіңіз.

| № | Деректі зат есім | Дерексіз зат есім |
|---|---|---|
| 1 | | |
| 2 | | |
| 3 | | |
| 4 | | |

Тапсырма. Берілген жоспар бойынша мәтінді мазмұндау. Көптік мәнді есімдерді қолданыңыз.

Отбасындағы дәстүр мен мерекелер.

Отбасындағы сүйіспеншілік

Отан от басынан басталады

2-нұсқа

8-бөлім.

Болашақтың мамандықтары

( А. Машановтың « Жер астына сяхат» шығармасы бойынша)

1)Тыңдалым тапсырмасы.

Оқыту мақсаты: 6.1.5.1 тірек сөздер, жетекші сұрақтар, мәтін тақырыбы арқылы негізгі ойды анықтау

Мәтін алды жұмыс. Ойланайық пікірлесейік!

Тапсырма. Тыңдалым алдында мына төмендегі суреттерге назар аударып, сұрақтарға жауап беріңіздер.



Суретте не бейнеленген? Бүгінгі тақырып не туралы болуы мүмкін?
Мамандық таңдау ертеңді – ойлау, дегенді қалай түсінесің?
Қажетті сөздерді қолдана отырып өз пікіріңді айт.
Мамандық дегеніміз не? (Кәсіп, сүйікті іс, шығармашылық, қызығушылық, еңбек көзі)
Тыңдалым. Мәтінмен жұмыс.
2 - тапсырма. Мәтінді мұқият тыңда,оқы. Түсінгеніңді айт.

Мамандық таңдау – маңызды іс. Уақыт өте дәстүрлі мамандықтар сұраныстан айырылып, жаңа маман иелері пайда болады. Заманның ағынынан қалмай, жаңадан пайда болатын болашақ мамандықтарға дағдыланайық. Fast Future британдық агенттіктің футурологтары 2030 жылы сұранысқа ие болып, кең жайылатын мамандықтардың тізімін болжады. Сонымен, айналдырған 17 жылдан кейін заманауи инженерлер мен сату бойынша менеджерлердің орнына мынандай маман иелері қажет болады:

Наномедицина қызметкері – адам денесінің мүшелерін қайта жасайтын маман. Ғылым жетістіктері этикасының маманы.

Ғарыш туризм мамандары: ұшқыштар, бортинженерлер мен гидтар. Дамыған технология ғарышқа саяхаттауға мүмкіндік беріп, жаңа жұмыс орындарымен қамтамасыз етеді.

Климат өзгерісі бойынша маман болашақта ең жиі кездесетін мамандықтардың қатарында болады.

Қарт кісілердің денсаулығын күтуші маман тек үлкен кісілерге медициналық көмек көрсететін болады.Адамның табиғи есін жақсартып, «жадысын» көбейтетін арнайы хирург пайда болады.

Ауа райы полициясы бұзылып кеткен ауа-райын қалпына келтіреді-мыс.

Виртуалды құқықтың заңгері қарапайым заңгерлерден де үлкен сұранысқа ие болады. Жеке журналист біреудің жеке БАҚ-ында жұмыс жасайды, олардың саны күрт көбейеді. Инфоқоқысшы компьютеріңізден артық ақпаратты өшіріп отырады.Ал виртуалды әлемді жинастыратын адам электронды пошта, гаджеттер мен компьютердегі файл мен папкаларды реттеп береді.

Уақыт биржасындағы брокер мамандығы қазіргі ақша брокеріндей танымал болады.Қоғамдық желідегі қоғамдық қызметкер. Бұл кісі қоғамдық желілер арқылы жағдайы төмен, жаман әдеттерге шалдыққан қолданушыларға көмекке келеді.Жеке бренд-менеджер. Қазіргі пиар-менеджерлері сияқты белгілі біреу

туралы басқалар арасында жақсы ой қалыптастыруға тырысады. Қазірде мұндай жұмысшы жұлдыздарда ғана болса, болашақта әр адамның өз бренд-менеджері пайда болады.
(Ақпарат дереккөзі:https://massaget.kz/layfstayl/bilim/zharatylystanu/13696/)
1)Тыңдалым мәтінінің тапсырмасы.
3 -тапсырма. Сөздіктің көмегімен мәтіндегі қою қаріппен жазылған сөздердің мағынасын анықта, жаз.
4 – тапсырма. Тындалым мәтіні негізінде заманның ағынынан қалмай, жаңадан пайда болатын болашақ мамандықтар туралы айтып бер
3)Айтылым тапсырмасы
Оқыту мақсаты: 6.2.2.1 тақырып бойынша диалогті бастау, жалғастыру, аяқтаудың ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикет формаларын білу.
1-тапсырма. Берілген тақырыптардың бірін таңдап, жұпта диалог құрастырыңыз.
А. Жақсы мамандық - жақсы болашақтың бастауы
Б. Мамандық таңдау – маңызды іс.
В. Әлемге керек мамандықтар.
2 - тапсырма. Пікірталас. Сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын сақтай отырып, тақырып бойынша сұрақ - жауап пікірталасына қатысыңыз.
1) «Маман иесі дегенді қалай түсінуге болады?»
2) Ата-аналарың отбасында сендер жақсы мамандық таңдауда үлкен азамат болып өсу үшін, өздеріне қандай мақсаттар қоюы мүмкін?
3) Алдағы уақытта қандай маман иесі болатыныңды, қандай бағытты, қандай оқу орнында оқитыныңды және де өзіңнің болашақ кәсіби қызметің туралы білесің бе? Осы туралы ойладың ба?
4) Өзіңнің болашақ мамандығыңды таңдай отырып, сен тіршілік ететін аймаққа қандай мамандықтар қажет деп ойлайсың?
4) Жазылым тапсырмасы.
Мақсаты: 6.4.2.1 эссе тақырыбының желісінен шықпай, әрбір абзацты жүйелі құрастырып, қажетті мазмұнын ашып жазу
1-тапсырма. Төмендегі суреттер мен кесте бойынша,«Мен және мен таңдаған болашақ мамандық» тақырыбында эссе жазыңыз. Эссе құрылымы мен дамуын сақтаңыз, көлемі 70-100 сөз.






| Бұрыннан бар мандықтар | Жаңадан пайда болған мамандықтар |
|---|---|

| | |
|---|---|
| Мұғалім<br>Дәрігер<br>Дәнекерлеуші<br>Құрылысшы<br>Бухгалтер<br>Инженер<br>Экономист<br>Заңгер | Маркетолог<br>Дизайнер<br>Программист<br>Оператор<br>Банкир<br>Брокер<br>Инфоқоқысшы<br>Менеджер |

2 - тапсырма. Кестеде берілген жаңа пайда болған, болашақта пайда болатын мамандықтардың пайдасы мен зияны, ұқсастығы мен ерекшелігі туралы (*бір мамандықты таңдаңыз*) ойтолғау жазыңыз.

5)Тілдік бағдар. Мақсаты: 6.5.2.1 жазба жұмыстарында сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтай отырып жай сөйлем құрастыру.

Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтай отырып, берілген сызба бойынша жай сөйлем құрастырыңыз.




2-тапсырма. Берілген сөз тіркестерін қатыстырып сөйлемдер құрастыр.

Білім, мамандық таңдау, қызметкер, кәсіби білім, жұмыс істеу, қаражат, болашақ, жоспарлау, іс-шара, ұйым, ынтымақтастық, дәрежелер, жоғары білім беру жүйесі, еңбек.

3-тапсырма. «Менің мамандығым – менің болашағым» деген тақырыпқа сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтай отырып, берілген сұрақтарға дұрыс жауап беріңіз.

1. Мамандық деген не?
2. Неге мен осы мамандықты таңдадым?
3. Бұл мамандық маған несімен ұнайды?
4. Менің мамандығым адамдарға қандай пайда әкеледі?

Үлгі: 3 Нұсқа

1)«Тыңдалым»:

Оқыту мақсаттары: 6.1.5.1 тірек сөздер, жетекші сұрақтар, мәтін тақырыбы арқылы негізгі ойды анықтау.

Тыңдалым кезіндегі жұмыс:

Тыңдалған мәтіндегі, тірек сөздерді анықтап,тақырып қойыңыз, 3 сұрақ

бір тарихи қала – Иасы, кейіннен Түркістан атанған. Түркістан ертеден «екінші Мекке» деп аталып кеткен. Қожа Ахмет Иассауидің кесене ғимараты – бүкіл Орта Азиядағы сәулет өнерінің керемет үлгісі болып табылады.

Жібек жолындағы даңқты қалалардың бірі Отырар еді. Бүкіл Шығысқа аты әйгілі қала ең алғаш Фараб деп аталды. Әл Фараби атанған ұлы ғалым Әбу Насыр Ибн Мұхаммед шыққан қала.

Ұлы Жібек жолында тарихи қалалардың қатарына Испиджап, яғни, Сайрам да жатады. Сайрам ұзақ жылдар бойы Жібек жолы бойындағы саяси жағынан да, экономикалық жағынан да, мәдени жағынан да еңсесі биік қалалардың бірі болып қалған.

1-тапсырма. Мәтін мазмұнына 3 сұрақ құрастыр.

| Бағалау критерийі | Дескриптор |
|---|---|
| | |
| Сұрақтар құрастырады. | Мәтін мазмұны бойынша 3 сұрақ құрастырады. |

2-тапсырма

Ұлы Жібек жолының тарихи маңызы туралы өз пікіріңізді айтыңыз, өзгелердің пікірін тыңдаңыз, салыстырыңыз. «ПОПС» формуласын пайдаланыңыз.

«ПОПС» формуласы:

Бірінші сөйлем «Менің ойымша, ... »

Екінші сөйлем «Себебі, мен оны былай түсіндіремін … »

Үшінші сөйлем «Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын … »

Соңғы сөйлем «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім ... »

| Бағалау критерийі | Дескриптор |
|---|---|
| | |
| Мәтінге тақырып қояды.<br>Тірек сөздерді табады. | Тірек сөздерді тауып,мәтінге тақырып қояды. |

2)«Оқылым»

Оқыту мақсаттары: 6.3.3.1 орта көлемді шығармаларды түсіну, тақырыбы мен негізгі ойды анықтау.

Тапсырма

Төмендегі тапсырмаларды орындаңыз

Ұлы Жібек жолы – қытай жерінен басталып,Қиыр Шығыс пен еуропа елдеріне беттеген керуен жолы. Бұл жолдың басым бөлігі Орта Азия мен қазақстан жерінің үстімен өтті. Жібек жолы б.з.д.III ғасырда сауда магистралі ретінде пайда болып, XYI ғасырға дейін қызмет етті. Жібек Жолының бойында орналасқан көне қалалар бірталай соғыс , өрт, аштық,апат ойрандардың куәсі болды. Ұлы Жібек Жолы арқылы тек сауда жүйесі дамып қана қоймай ,Шығыс пен батыс өркениеті тоғысып, мәдениет және дипломатиялық қарым-қатынас орнады. YI-YII ғасырларда Қытайдан бастау алған керуен жетісу мен Оңтүстік қазақстан даласын кесіп өтетін.Отырар, Тараз, Сайрам, Түркістан (Яссы), баласағұн секілді көне қалалар тек сауда ғана емес, мәдениет және ғылым орталықтары болды. Ертеде Тараз қаласындағы сауда базарын көргендер «тараз базары – әлем айнасы» дейтін.Себебі, бұл жақта кез- келген дүниені

айырбастауға, сату мен сатып алуға болатын. Мыстан жасалған тұрмыстық бұйымдар мен қару-жарақтар, киім-кешек пен ер-тұрмандар саудаға түсетін. Отырар алқабына жүз елуден астам кішкентай қалалар кіретін. Бұл елді мекен қорған сарайларға бай болатын.Саудамен қатар, бұл аймақта білім мен ғылым саласы дамыды.Түркістан (Яссы) ертеден «екінші Мекке» деп аталап кеткен. Бүгінгі таңда көне қала әлемдік туризм орталығына айналды.

1.Берілген ақпараттардың ішінен мәтін мазмұнына сай келетін 2 дұрыс тұжырымды анықтаңыз

| Ақпараттар | Дұрыс | Бұрыс |
|---|---|---|
| Көне Түркістан қаласы қазір туризм аймағы | | |
| Жібек жолы - Батыс пен Шығыстың арасын жалғаған сауда жолы. | | |
| Отырар базарларында тауарларды сатуға, айырбас жасауға болады. | | |

2. Мәтінге ат қойып, идеясын анықтаңыз.

| | |
|---|---|
| Мәтіннің тақырыбы (сөз тіркесі) | |
| Мәтіннің идеясы (1сөйлем) | |

«Жазылым»:

Оқыту мақсаттары:6.4.1.1 мәтіндердің стильдік ерекшелігін сақтай отырып, күнделік, мәнездеме, түсініктеме, өмірбаян жазу.

6.5.1.3 реттік сан есімдер мен жинақтық есімдерді жазба, ауызша жұмыстарды орынды қолдану

3. Жанрлық ерекшелігін сақтап, өз өмірбаяныңызды жазыңыз. Реттік сан есімдерді қолданыңыз.

| Бағалау критерийлері | Дескриптор |
|---|---|
| Мәтіндердің стильдік, жанрлық ерекшелігін, түрін салыстырады | мәтіндердің жанрын анықтайды;<br>мәтіндердің түрін анықтайды;<br>мәтіндерге сай тақырып қояды |
| Күнделік, мінездеме, түсініктеме, өмірбаян жазады. Реттік, жинақтық сан есімдерді қолданады | жанрлық ерекшелігіне сай өмірбаян жазады; өмірбаян мазмұнында кем дегенде 2-3 реттік сан есімді қолданады. |

III. Сабақ барысында толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары

6-сыныпқа арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінен оқу бағдарламасын зерделеу нәтижесінде 7-сыныптағы қазақ тілі мен әдебиеті курсының оқыту мақсаттарымен кіріктіруге болатын оқыту мақсаттары анықталды [ ]. Кіріктіруге болатын оқыту мақсаттары ұсыныс түрінде берілген (36.2-кесте).

36.2-кесте – 6-7-сыныптардың кіріктірілетін оқыту мақсаттары

1) «Тыңдалым»:

| Білім алушылар | | |
|---|---|---|
| Дағдылар | Оқыту мақсаттары | |
| | 7-сынып | 6-сынып |
| Назарын шоғырландырып тыңдау | 7.1.2.1 тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, ақпараттың өзектілігін анықтау | 6.1.2.1 тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, негізгі және қосымша ақпараттарды анықтау |

| | | |
|---|---|---|
| Негізгі ойды анықтау | 7.1.5.1<br>тірек сөздер, сөйлеушінің дауыс ырғағы мен сөйлеу мәнері арқылы негізгі ойды анықтау | 6.1.5.1<br>тірек сөздер, жетекші сұрақтар, мәтін тақырыбы арқылы негізгі ойды анықтау |
| Тыңдалым материалдары бойынша жауап беру | 7.1.6.1<br>тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде өз пікірін өзгелердің пікірімен салыстыра отырып жауап беру | 6. 1.6.1<br>тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде шынайы өмірмен байланыстырып жауап беру |

2) «Айтылым»:

| Білім алушылар: | | |
|---|---|---|
| Дағдылар | Оқыту мақсаттары | |
| | 7-сынып | 6-сынып |
| Сөз мәнері мен сөйлеу этикеті | 7.2.2.1<br>кеңес беру, ұсыныс жасау, өтініш, талап, ету, бұйрық берудің түрлі формалары мен жағдаяттарына сай ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын қолдана білу | 6.2.2.1<br>тақырып бойынша диалогті бастау, жалғастыру, аяқтаудың ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын білу7 |
| Орфоэпиялық нормалар ды сақтау | 7.2.3.1<br>ауызша мәтіндер құрауда екпін түрлерін сөз және сөйлем ішінде орынды қолданып айту | 6.2.3.1<br>ауызша мәтіндер құрауда сұраулы, хабарлы, лепті және бұйрықты сөйлемдердің интонациялық ерекшелігін ескеріп айту |
| Мәтіннің негізгі аспектіле рін анықтау және талқылау | 7.2.4.1 шығармадағы кейіпкерлер ге автор берген мінездеменің тілдік құралдарын талдау | 6.2.4.1 шағын көлемді мәтіндегі жеке эпизодтарды сипаттау және тілдік ерекшелігіне салыстыру жасау. |
| Сенімді және еркін жауап беру | 7.2.5.1<br>диалогке қатысушылар коммуникативтік жағдаяттың талаптарына сай «сөйлеуші →тыңдаушы» позицияларын еркін ауыстыру | 6.2.5.1 коммуникативтік жағдаят бойынша диалогке қатысушылар өзара түсінісіп, ойларын толықтырып отыру |

3) «Оқылым»:

| Білім алушылар | | |
|---|---|---|
| Дағдылар | Оқыту мақсаттары | |
| | 7 сынып | 6-сынып |
| Стильдік ерекшеліктерді анықтау | 7.3.2.1<br>ресми -іскерлік (өтініш, нұсқаулық, ресми құттықтаулар, ұсыныстар) салаға қатысты мәтіндердің тілдік ерекшелігін анықтап, талдау жасау | 6.3.2.1<br>ресми стильдегі мәтіндердің стильдік ерекшелігін анықтау (күнделік, мінездеме, түсініктеме, өмірбаян, түйіндеме) |
| Мәтіндерге салыстырма | 7.3.4.1мәтіндердің идеясын, мақсатты аудиториясын | 6.3.4.1<br>мәтіндердің тақырыбына, |

| | | |
|---|---|---|
| лы талдау жасау | салыстырып, талдау жасау. | мазмұндық құрылымына сүйене отырып, түрлерін салыстыру. |
| Өзіндік көзқарасын білдіру және бағалау | 7.3.6.1<br>тақырып бойынша деректер қолдана отырып мәтінде көтерілген мәселеге өз ойын дәлелдеп жеткізу. | 6.3.6.1<br>тақырып бойынша үйренген сөздерін қолдана отырып, мәтінде көтерілген мәселені шынайы өмірмен байланыстыру. |

4) «Жазылым»:

| Білім алушылар | | |
|---|---|---|
| Дағдылар | Оқыту мақсаттары | |
| | 7-сынып | 6-сынып |
| Әртүрлі стильде мәтіндер құрастыру | 7.4.1.1<br>мәтіндердің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап, өтініш, түйіндеме, ресми құттықтаулар жазу. | 6.4.1.1 мәтіндердің стильдік ерекшелігін сақтай отырып, күнделік, мінездеме, түсініктеме, өмірбаян жазу |
| Эссе жазу | 7.4.2.1<br>эссе құрылымы мен дамуын сақтап, көтерілген мәселе бойынша келісу-келіспеу себептерін айқын көрсетіп жазу | 6.4.2.1<br>эссе тақырыбының желісінен шықпай, әрбір абзацты жүйелі құрастырып, қажетті мазмұнын ашып жазу |
| Орфография және пунктуация | 7.4.5.1<br>тақырып бойынша сөздердің маңызды бөліктерін дұрыс жазу (күрделі сөздер);<br>оқшау сөздерге қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану. | 6.4.5.1<br>жазба жұмыстарында сөзге қосымша жалғауда үндестік заңын ескеріп, орфографиялық нормаға сай дұрыс жазу; сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану |

5)«Тілдік бағдар»:

| Білім алушылар: | | |
|---|---|---|
| Дағдылар | Оқыту мақсаттары | |
| | 7-сынып | 6-сынып |
| | 7.5.1.2<br>Салыстырма<br>лы, күшейтпелі, асырмалы шырайлардың қызметін білу, жазба, ауызша жұмыстарда қолдану. | 6.5.1.2<br>лексикалық мағынасы жағынан заттың сипатын, көлемін, салмағын, аумағын білдіретін сын есімдерді ажырата білу, жазба, ауызша жұмыстарда қолдану. |
| | 7.5.1.3<br>сан есімдерін<br>жазба, ауызша жұмыстарда орынды қолдану. | 6.5.1.3<br>реттік сан есімдер мен жинақтық сан есімдерді жазба, ауызша жұмыстарда орынды қолдану. |
| | 7.5.1.5<br>етістіктің шақтары (бұрынғы және ауыспалы өткен шақ, | 6.5.1.5<br>етістіктің шақтарының (нақ осы шақ, ауыспалы осы шақ,жедел |

| | | |
|---|---|---|
| | мақсатты және болжалды келер шақ) мен қалау райдың қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарда қолдану . | өткен шақ, ауыспалы келер шақ) қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарда қолдану. |
| | 7.5.1.6<br>мақсат және себеп-салдар үстеулерді ауызша және жазба жұмыстарда орынды<br>қолдану қолдану. | 6.5.1.6<br>сын-қимыл (бейне) және мөлшер үстеулерді ауызша және жазба жұмыстарда орынды. |
| 2. Сөйлем | 7.5.2.1<br>жазба жұмыстарында ыңғайлас, қарсылықты, түсіндірмелі салалас құрмалас сөйлемдерді құрастыру | 6.5.2.1<br>жазба жұмыстарында сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтай отырып жай сөйлем құрастыру |


IV.Кіріктірілетін оқыту мақсаттары бойынша ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгісі (2-3)

Әрі қарай республика мектептерінің педагогтері әзірлеген сабақтардың қысқа мерзімді жоспарларының үлгілері ұсынылады:

Ирбаева Нұрсұлу Тураровна,

Шымкент қаласы

| | |
|---|---|
| Бөлім: | 1 бөлім. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі - қазақ тілін оқып үйренеміз.<br>Үш тілід біліу - үлкен өнер |
| Педагогтің аты-жөні | Ирбаева Нұрсұлу Тураровна |
| Күні | |
| Сынып | 7 - сынып |
| Сабақтың тақырыбы | Көп тіл білгім келеді.<br>6 -сыныпта мақсатқа сәйкес тақырып: Отан отбасынан басталады. |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты | 7.1.2.1 тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, ақпараттың өзектілігін анықтау<br>7.5.1.2<br>Салыстырма<br>лы, күшейтпелі, асырмалы<br>шырайлардың қызметін білу, жазба, ауызша жұмыстарда қолдану. |
| Қайталауға арналған сабақтың сәйкестік мақсаты | 6.1.2.1 тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, негізгі және қосымша ақпараттарды анықтау<br>6.5.1.2<br>лексикалық мағынасы жағынан заттың сипатын, көлемін, салмағын, аумағын |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | білдіретін сын есімдерді ажырата білу, жазба, ауызша жұмыстарда қолдану. | | |
| Сабақтың мақсаты | | Негізгі сабақ мақсаты: тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсінеді, ақпараттың өзектілігін анықтай алады.<br>6- сыныпта өткен материалды қайталау мақсаты: тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсініп, негізгі және қосымша ақпараттарды анықтап айтып береді. | | |
| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | ресурстар |
| Сабақтың басы<br><br>Түсіну<br><br> | Сәлеметсіздер ме?<br>Бүгінгі күндеріңізге сәттілік тілеймін!<br>Сіздермен қауышқаныма қуаныштымын!<br>Психологиялық жағымды ахуал қалыптастыру: «Сенім аралы»<br>Мақсаты: жылылық, сенімділік деңгейін, еркіндікті дамыту.<br>Оқушылар шеңбер болып отырады. Бастапқы қатысушы жанындағы көршісінің қолын ұстап, «Мен саған сенемін, себебі сен ...» сөйлемді бір сөзбен аяқтайды. Тренинг шеңбер бойымен жалғасады, соңында бір-бірлерінің қолдарын ұстайды.<br>Сөйлемді мынандай сөздермен аяқтайды: мейірімдісің, ақылдысың, әдептісің, ұқыптысың, тәртіптісің, әдемісің, т.б.<br>Топқа бөлу. Түстерді таңдау арқылы 1.2.3 топқа бөлінеді<br><br>Сабақтың тақырыбын, | Оқушылар сәлемдеседі.<br>Бірі-біріне жақыс тілектер айтады.<br><br>Топқа бөлінеді.<br>Түсінбеген сөздерінің мағынасын ашып, аудармасын үйренеді. | «Бас бармақ»<br> | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | мазмұнын суреттер арқылы болжайды.<br><br><br><br> | | | |
| Сабақтың ортасы<br><br>Білу<br> | Миға шабуыл: Жаңа сабақтың алдын тақырыпқа байланысты сұрақ жауап жүргізу.<br>1.Көп тіл білу рухани байлық деген пікірмен келісесің бе?<br>2 Сен өз ана тіліңді жетік меңгергенсің бе?<br>3. Орыс және ағылшын тілін меңгеру қиын емес пе?<br>4 Үш тілде еркін сөйлей аласың ба?<br>5. Үш тілде жазу қабілетің қандай?<br>6 Қазіргі қоғамда үш тілді меңгеру керек пе?<br>Тыңдалым. Мәтінмен жұмыс.<br>1.тапсырма.<br>Мәтінді оқу.Мазмұнын өз сөзіңмен айту.<br>Үш тілділік -заман талабы<br>Ел басы Қазақстан халқына Жолдауындағы білім беру жүйесінде үш тілдің – мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін, ұлтаралық қатынас тілі ретінде орыс тілін және әлемдік экономикаға үйлесімді кірігу тілі ретінде ағылшын тілін меңгерген, бәсекеге қабілетті маман | Сұраққа жауап береді.<br><br>Топта талқылайды. Сұрақтарға жауап береді.<br><br>Мәтінді тыңдайды. Ақпараттың өзектілігін анықтайды. | Ауызша кері байланыс беру. Жақсы! Тамаша!<br> | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Түсіну | даярлау міндетін атап көрсеткенін білеміз. Бұл дегеніміз оқу орындарына жаңа міндеттер, жаңа талап, жаңа мақсаттар қойып отыр дегенді түсіндіреді. Негізгі мақсаты – өмірден өз орнын таңдай алатын өзара қарым – қатынаста өзін еркін ұстап, кез келген ортаға тез бейімделетін, белгілі бір ғылым саласында білімі мен білігін көрсете алатын, көптілді және көпмәдениетті құзіреттіліктерді игерген полимәдениетті жеке тұлға қалыптастыру.<br><br>Миға шабуыл:<br>Балалар, мына сызбаға назар аударсақ, қандай тақырыпты анықтауға болады?<br><br><br>Ия, балалар бұл сурет бойынша «Отан отбасынан басталады» деген тақырыпты анықтаймыз<br><br>ОТБАСЫ<br>Отбасы -<br>адам баласының алтын діңгегі.<br>Өйткені адам ең алғаш дүние ге<br>келген сәтінен бастап, отб асында ер жетіп, тәрбиеле неді.<br>Сондықтан да отбасы – адамзаттың аса қажетті, әрі қ асиетті алтын мектебі.<br>Отбасының адамзат ұрпағ ына деген ықпалы мен ә сер күшін өмірдегі | Мәтінмен танысады.<br><br>Мәтінді тыңдайды. Ақпарат жинайды<br><br>негізгі мазмұнын түсінеді, негізгі және қосымша |  | https://special-edu.kz/TEXTBOOKS/1RAZDEL/book/1.4/files/basic-html/page7.html (суреттің сілтемесі) |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Қолдану<br><br>Талдау | басқа еш нәрсенің күшімен с алыстыруға болмайды. Өйтке ні атаананың балаға деген тәрбиесінің орнын е ш нәрсе толтыра алар емес. «Ел болам десең, бесігіңді түзе» – деген нақыл сөз отбасы тәрб иесінің маңызын айқындап т ұр емес пе? Отбасы мүшелерінің жас ша масы әртүрлі болса да, олард ың арасында мақсат ынты мақтастығы бар. Отбасы – шағын мемлекет, Мен – президент, сен – премьер, - дегені бар. Шынында, отбасы – ол да бір шағын мемлекет. Сондықтан отбасының құрылымына зор маңыз беріліп, мәнін қорғаған, отбасының ар-намысын сақтауға, сырын ша шпауға, мүшелерін бір-біріне қатысты адалдыққа тәрбиелеген. «Отан отбасы нан басталады» деген сөздің мәні сі де осында. | ақпараттарды анықтайды<br><br>«Отбасы,Отан ,Үш тілділік» тақырыптарына АССОЦИОГРАММА құрады<br> | | https://www.youtube.com/watch?v=WUmGVUmpDV4 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың соңы<br>Жинақтау<br><br><br><br><br><br><br>Бағалау | Топқа тапсырма.<br>1 тапсырма. Мына берілген сөздерді сын есімнің салыстырмалы, күшейтпелі шырай формасына айналдырып жаз.<br>Берілген сөздер:<br>Белсенді, көркем,шағын,жақсы<br>2 тапсырма. Сын есімнің салыстырмалы, күшейтпелі шырай формасындағы сөздерді қолдана отырып, Отбасы тақырыбына сөйлем құрастыр.<br><br><br><br>Үйге тапсырма: 4-бет 2-тапсырма | Сын есім шырайларының жасалу жолдарын түсінеді. Тапсырма орындайды<br><br>Тілдік бағдары білімін қолдана отырып, тақырыпқа байланысты сөйлемдер құрастырды | | |

Баймухамбетова А.А.

№5 мектеп-лицейдің қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

| | |
|---|---|
| Бөлім: Үш тілді білу – үлкен өнер | 1-бөлім |
| Мұғалімнің аты-жөні | Баймухамбетова А.А.<br>№5 мектеп-лицейдің қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі |
| Күні | |
| Сынып | 7 – сынып.1- бөлім.Мағжан Жұмабаев «Қазақ тілі» өлеңі. |
| Сабақтың тақырыбы | 6-сыныпта мақсатқа сәйкес тақырып:2- бөлім. Мағжан Жұмабаев «От» өлеңі |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты | 7.3.1.1 - кесте, диаграмма, сызба, шартты белгілер түрінде берілген ақпаратты түсіну, қолдана білу; |
| Қайталауға арналған сабақтың сәйкестік мақсаты | 6.5.2.1 тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, негізгі және қосымша ақпараттарды анықтау |
| Сабақтың мақсаты | Негізгі сабақ мақсаты: кесте, диаграмма, сызба, шартты белгілер түрінде берілген ақпаратты түсінеді, қолданады.<br>6- сыныпта өткен материалды қайталау мақсаты: Оқушылар мәтінді түсінеді, шынайы өмірмен |

| | |
|---|---|
| | байланыстырады,ақынның шығармаларын біледі. |
| Тілдік мақсаттар | Тілдік дағдылар: кеміді, айбынды, бұғады, қайрат,<br>бақ, ардың, кен |
| | Терминология: хан, батыр |
| | Сөз тіркестері: ұшқыр жаны, күндей күшті, алтын ана |
| Құндылықтарды дарыту | Ана тіліне құрмет, ынтымақтастық. Қазақ халқының таритарихын, мәдениетін, тілін білуге баулу. |
| Пәнаралық байланыстар | Қазақ әдебиеті |
| АКТ қолдану дағдылары | слайд |
| Алдыңғы оқу/ Бастапқы білім | М. Жұмабаевтың өмірі мен шығармашылығы туралы білімдерін жаңғырту |

| | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Ресурстар |
|---|---|---|---|
| Сабақтың басы - 5 мин | Сәлеметсіңдер ме, 7-сынып оқушылары! Қазір қазақ тілі мен әдебиеті сабағы.<br>Психологиялық дайындық. «Ыстық алақан» Сабақтың тақырыбы, мақсаты мен бағалау критерийлері түсіндіріледі.<br><br>Кіріспе.<br>Оқушылардың зейінін сабаққа аудару.Бейнежазба қарау<br><br><br> | Оқушылар сәлемдеседі. Бірі-біріне жақсы тілектер айтады. | АКТ слайд портрет<br><br>https://yandex.kz/video/preview/?filmId=6862193763406698507 |
| Сабақтың ортасы 33 минут<br><br>Білу | Жаңа сабақтың алдында бүгінгі күнді жазғызу. Сабақтың тақырыбын анықтау мақсатында сұрақ-жауап.<br>Сөздікпен жұмыс:<br><br><br><br>Жаңа сөздерді оқып, олармен суреттер арқылы танысады.<br>Диалогті түсініп оқы<br>Сен Мағжан Жұмабаев туралы қандай | Сұрақтарға жауап береді.<br><br>Диалогті оқиды. | |

<table>
<tr>
<td>Түсіну</td>
<td>ақпарат білесің?<br>М:Жұмабаев қазақтың ақыны. Ол Солтүстік Қазақстанда дүниге келген. Бала кезінен өте зерек болған.<br>Ақынның қандай шығармаларын білесің?<br>Оның «Батыр Баян»,Қорқыт»,»Ертегі» поэмаларын білемін.<br>Ол кісі қай жылы қайтыс болды?<br>Ол 1938 жылы «халық жауы» деген жаламен жазықсыз атылды.<br>1-тапсырма.<br>Мәтін бойынша ақпаратты айтып<br><table><tr><td>Кім?</td><td>Қандай?</td><td>Не істеді?</td></tr><tr><td></td><td></td><td></td></tr></table>шығыңыз.<br>1- Өз жауаптарыңды тексеріңіз!<br>Мағжан Жұмабаев қазақтың ұлы ақыны<br>Ол білімді,жаңашыр,кісі.<br>Ақын позмалар мен өлеңдер жазды.<br>Дескриптор<br>- ақпарттың дұрыс, бұрыстығын анықтайды.<br>Келесі тапсырманы орындамас бұрын, тірек сызба арқылы ақынның шығармаларымен танысып алайық.<br><br>2-тапсырма.Өлеңдерді оқы,Мағжан Жұмабаевтың «Қазақ тілі» мен «От» өлеңін салыстыр.Кестеге жаз.<br><table><tr><td>Сұрақтар</td><td>«Қазақ тілі» өлеңі</td><td>«От» өлеңі</td></tr><tr><td>Өлең не туралы?</td><td></td><td></td></tr><tr><td>Қандай ерекшелік бар?</td><td></td><td></td></tr><tr><td></td><td></td><td></td></tr></table></td>
<td>Ақпарат жазады.<br><br>Өлеңмен танысады.<br>Аудиотаспадан тыңдайды.<br><br>Сұраққа жауап береді.</td>
<td>Аудиотаспа</td>
</tr>
<tr>
<td>Сабақтың</td>
<td>Инсерт кестесі</td>
<td></td>
<td>.</td>
</tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| соңы<br>7 минут | Білемін | Мен үшін жаңалық | Іздене мін | | |
| | Мағжанның өмірі мен шығармашылығын | «Қазақ тілі» өлеңі қуатты жырларға жатады. | Ақынның сөзіне жазылған әндерді іздене мін. | | |
| | | | | | |
| Бағалау | Бүгінгі сабақта:<br>тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсінесің;<br>негізгі және қосымша ақпаратты анықтай аласың;<br>бейнебаяннан алған мәлімет бойынша кестені толтыра аласың.<br>Үйге тапсырма:15 бет,5-тапсырма | | | | |


Жапабаева Гульден Акимханқызы,
«Ақмола облысы, Ерейментау қаласы
Н.Смағұлов атындағы мектеп-лицейі» КММ

| | |
|---|---|
| Бөлімі: | II.Қазіргі қазақ ауылы мен қаланың тыныс-тіршілігі |
| Педагогтің аты-жөні: | Жапабаева Гульден Акимханқызы |
| Күні: | |
| Сыныбы: | Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы: | Ә.Дүйсенбиев «Бәтеңке, Шұжық, Балқаймақ» өлеңі |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты | 7.3.2.1 ресми -іскерлік (өтініш, нұсқаулық, ресми құттықтаулар, ұсыныстар) салаға қатысты мәтіндердің тілдік ерекшелігін анықтап, талдау жасау<br>6.3.4.1 - мәтіндердің тақырыбына, мазмұндық құрылымына сүйене отырып, түрлерін салыстыру<br>6.3.2.1 - ресми стильдегі мәтіндердің стильдік ерекшелігін анықтау (күнделік); |
| Сабақтың мақсаты: | **Барлық оқушылар:** мәтіндердің тақырыбына, мазмұндық құрылымына сүйене отырып, түрлерін салыстырады. Ресми стильдегі мәтіндердің стильдік ерекшелігін анықтайды; |
| Тілдік мақсаттар | Қандай? |

Сабақтың барысы:

| Сабақ кезеңі/Уақыты | Педагогтің іс-әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Ұйымдастыру кезеңі | Сәлемдеседі | Сәлем, сәлем, сәлем ! | Оқушылардың психологиялық | https://youtu.be/lzGmP |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | Қалың қалай!<br>Жақсы!<br>Тамаша!<br>Керемет!<br>Әнін айтады. | жағдайын қарау | 47PVyo |
| Ой түрткі | Презентациядағы суретті көрсетеді<br>Сұрақ қояды:<br>Бұл кім?<br>Ол кімге келді?<br>Оқушы неліктен дәрігерге келді? | Оқушылар сұрақтарға жауап беруге тырысады | Мұғалім сұраққа жауап бере алатын оқушыны мақтайды | презентация |
| Сабақтың ортасы<br>30 минут | Сөздікпен жұмыс:<br><br>Жаңа сөздер:<br>кептеліс, шулы, қарбалас, қалалық, қиын, қыш, там, ауылдық, ойын-сауық, отшашу, хауыз<br>1. Жаңа сөздердің мағыналарын түсіндіру.<br>2. Дұрыс айтуға дағдыландыру: мұғалім сөздерді мәнерлеп оқиды; | Жаңа сөздерді тыңдайды, оқиды, мұғалім соңынан қайталайды. Оқушылар жаңа сөздермен сөз орамдарын, қарапайым сөйлем құрастырады. Жаңа сөздерді сөздік дәптерге жазады. | Ауызша кері байланыс беру.<br>Жақсы!<br>Тамаша!<br> | Оқулық<br>36 бет<br><br>сөздік слайд |
| | 1-тапсырма.<br>Айтылым.<br>Сурет бойынша бірнеше сұрақ дайында. Көршіңнен сұра. | Сурет бойынша бірнеше сұрақ дайындайды. Көршісінен сұрайды. | Дескриптор:<br>- Сурет бойынша бірнеше сұрақ дайындайды;<br>-парталасымен ақылдасады; | Оқулық<br>36 бет |
| Тапсырмала рды орындау | 2-тапсырма.<br>Жазылым.<br><br>Сұрақтарға жауап жаз.<br>-Қандай елді мекен «қала» деп аталады?<br>-«Қала» деген атқа ие болу үшін не назарға алынады?<br>-Қазақстанда неше ірі қала бар?<br>-Қала мен ауылдың айырмашалығы неде?<br>-Қалада қарбалас | Сұрақтарға жауап жазады | <br>«Қол шапалақ» әдісі | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | тіршілік нешеде басталады? Не себепті?<br>-Қала шулы ма? Не себепті? | | | |
| | 3-тапсырма.<br>Оқылым.<br>Мәтіндерге тақырып қой. Екі мәтінді салыстыр. | Мәтіндерге тақырып қояды. Екі мәтінді салыстырады. | <br>«Бас бармақ» әдісімен бағалау | Оқулық 37 бет |
| Бекіту | Сергіту сәті.<br>4-тапсырма.<br>Айтылым.<br>Сұрақтарға жауап бер.<br>-Мәтінде аталған қалалардың қайсылары осы кезге дейін сақталған? Бұл қалалардағы қызу тіршілік туралы айтып бер.<br>-Қай қалалардың орындары табылды? Дереккөздерден ақпарат жинап, көршіңмен диалог құр | Сергіту сәтін орындайды<br><br>Оқушылар айтылым тапсырмасын орындайды. Сұрақтарға жауап береді. | Дескриптор:<br>- Сұрақтарға жауап береді; | Оқулық 37 бет |
| Сабақтың соңы<br>3 минут | Рефлексия «Жетістік баспалдағы» әдісі: Кері байланыс<br>Оқушылар сабақтан алған әсерлерін жетістік баспалдағы арқылы көрсетеді. |  | Мұғалім сұрақ қоя алатын және сұраққа жауап бере алатын оқушыларды анықтайды, мақтайды | Суреттер |
| | Үй тапсырмасы: 5 тапсырма 37 бет<br>Бағалау.Мұғалім формативті бағалауы бойынша қорытынды балын қояды | | | |

V. Сабақтан тыс уақытта толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары (36.3 -кесте)

36.3- кесте. Толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары

1) «Тыңдалым»:

| Білім алушылар |
|---|

| Дағдылар | Оқыту мақсаттары |
|---|---|
| | 6-сынып |
| Көркем шығармаларды тыңдау | 6. 1.4.1<br>әңгіме, хикаялардың және шағын поэзиялық шығармалардың мазмұнын талдай отырып кейіпкерлерге сипаттама жасау |

2) «Айтылым»:

| Білім алушылар: | |
|---|---|
| Дағдылар | Оқыту мақсаттары |
| | 6-сынып |
| Сөздік қорының алуандылығы | 6.2.1.1<br>тура және ауыспалы мағынадағы сөздерді қолдану, ойын әсерлі, мазмұнды жеткізу |
| Визуалды материал дар арқылы тілді дамыту | 6.2.6.1<br>тірек сөздерге сүйеніп, сюжетті суреттердің желісі бойынша әңгіме құрастыру |

3) «Оқылым»:

| Білім алушылар | |
|---|---|
| Дағдылар | Оқыту мақсаттары |
| | 6-сынып |
| Мәтіндегі ақпаратты анықтау | 6.3.1.1<br>мәтіндегі негізгі және жанама ақпаратты анықтау, өмірдегі кейбір жағдаяттар<br>мен байланыстыру. |
| Көркем шығарма ларды оқу | 6.3.3.1<br>орта көлемді шығармаларды түсіну, тақырыбы мен негізгі ойды анықтау |

4) «Жазылым»:

| Білім алушылар | |
|---|---|
| Дағдылар | Оқыту мақсаттары |
| | 6-сынып |
| Көркемдегіш құралдар ды қолданып жазу | 6.4.3.1<br>жазба жұмыстарында теңеу, эпитет сөздерін қолданып жазу |
| Мәліметтерді жинақтау | 6.4.4.1<br>мәліметтерді жинақтай отырып, тақырып бойынша постер, сызба-кестелер жасау |

5) «Тілдік бағдар»:

| Білім алушылар | |
|---|---|
| Дағдылар | Оқыту мақсаттары |
| | 6-сынып |
| | 6.5.1.4<br>өздік, болымсыздық, белгісіздік, жалпылау есімдіктерін жазба, ауызша жұмыстарда орынды қолдану. |
| | 6.5.1.7<br>талғаулықты немесе кезектестік мәнді білдіретін және себеп-салдарлық қатынасты білдіретін жалғаулықтардың қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдану |

VI. Кіріктіруге болмайтын оқыту мақсаттары қарастырылатын консультациялардың кестесі

Білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды толықтыру үшін 7-сыныпта «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнін оқу барысында кіріктіруге болмайтын оқыту мақсаттары бойынша каникул кездерінде (күзгі, қысқы, көктемгі) кеңестер өткізу ұсынылады.

Төмендегі кесте демалыс кездерінде (күзгі, қысқы, көктемгі) өткізілетін кеңестердің кестесінің үлгісі келтірілген (36.4-кесте).

36.4-кесте – Демалыс кездерінде (күзгі, қысқы, көктемгі) өткізілетін консультациялардың кестесі

«Тыңдалым»:

| Өткізілетін мерзімі | Тақырыптың атауы | Көркем шығармалар | Оқыту мақсаттары |
|---|---|---|---|
| Қысқы демалыста | Қазақстан қорықтары | Ө. Тұрманжанов «Қарлығаш, дәуіт,жылан» | 6. 1.4.1 әңгіме, хикаялардың және шағын поэзиялық шығармалардың мазмұнын талдай отырып кейіпкерлерге сипаттама жасау |

«Жазылым»:

| Өткізілетін мерзімі | Тақырыптың атауы | Көркем шығармалар | Оқыту мақсаттары |
|---|---|---|---|
| Қысқы демалыста | Қазақстан және Ұлы Жібек жолы | Д.Досжан «Жібек жолы» романы (үзінді) | 6.4.3.1 жазба жұмыстарында теңеу, эпитет сөздерін қолданып жазу. |

«Тілдік бағдар»:

| Өткізілетін мерзімі | Тақырыптың атауы | Көркем шығармалар | Оқыту мақсаттары |
|---|---|---|---|
| Көктемгі демалыста | Қуат көзін үнемдей білеміз бе? | М.Жұмабаев «От» өлеңі (үзінді) | 6.5.1.4 өздік, болымсыздық, белгісіздік, жалпылау есімдіктерін жазба, ауызша жұмыстарда орынды қолдану. |
| Көктемгі демалыста | Олимпиада жеңімпаздары – Қазақстан мақтанышы | М.Әлімбаев «Шынықсаң, шымыр боларсың» өлеңі, Ә.Дүйсенбиев «Күшті болсам мен егер» | 6.5.1.7 талғаулықты немесе кезектестік мәнді білдіретін және себеп-салдарлық қатынасты білдіретін жалғаулықтардың қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдану |

VII. Жазғы мектеп кезінде ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгісі (2-3)

Білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды толтырудың тағы бір жолы – Жазғы мектепті ұйымдастыру. Жазғы мектеп кезінде өткізілетін сабақтар 6-сыныпқа арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша оқу бағдарламасына сәйкес келесі тақырыптарды қайталау мен пысықтау ұсынылады: (36.5-кесте)


36.5 – кесте. Оқу бағдарламасына сәйкес келесі тақырыптарды қайталау мен пысықтау

| Тақырыптың атауы | Оқыту мақсаттары |
|---|---|
| Абайды оқы, таңырқа! | 6.2.1.1.<br>тура және ауыспалы мағынадағы сөздерді қолдану, ойын әсерлі, мазмұнды жеткізу. |
| Абайды оқы, таңырқа! | 6.4.3.1<br>жазба жұмыстарында теңеу, эпитет сөздерін қолданып жазу. |
| Өлкені сипаттау өнері | 6.2.6.1<br>тірек сөздерге сүйеніп, сюжетті суреттердің желісі бойынша әңгіме құрастыру |

Әрі қарай республика мектептерінің педагогтері әзірлеген сабақтардың қысқа мерзімді жоспарларының үлгілері ұсынылады:

Нақыпова Ақжанат Өмірбекқызы
Қызылорда облысы,Қармақшы ауданы
Т.Көмекбаев атындағы №250 мектеп-лицейі

| | |
|---|---|
| Пән: Қазақ тілі Т2 | Бөлім: 4.Қазақстанның ежелгі қалалары және Ұлы Жібек жолы |
| Педагогтің аты-жөні: | Нақыпова Ақжанат Өмірбекқызы<br>Қызылорда облысы,Қармақшы ауданы<br>Т.Көмекбаев атындағы №250 мектеп-лицейі |
| Күні: | |
| Сынып: 7 | Қатысқан оқушылар: Қатыспаған оқушылар : |
| Сабақтың тақырыбы: | Ұлы Жібек жолы<br>6 сыныпта мақсатқа сәйкес тақырып:<br>Д.Досжанның «Ұлы Жібек жолы» романы |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары | 7.1.6.1 материалдарының мазмұны негізінде өз пікірін өзгелердің пікірімен салыстыра отырып жауап беру;<br>7.4.5.1 тақырып бойынша сөздердің маңызды бөліктерін дұрыс жазу (күрделі сөздер); |
| Қайталауға арналған сабақтың сәйкестік мақсаты | 6. 1.6.1 материалдарының мазмұны негізінде шынайы өмірмен байланыстырып жауап беру;<br>6.4.5.1 жазба жұмыстарында сөзге қосымша жалғауда үндестік заңын ескеріп, орфографиялық нормаға сай дұрыс жазу; сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану |
| Сабақтың мақсаты : | Барлық оқушылар:<br>Материалдарының мазмұны негізінде өз пікірін айтады;<br>тақырып бойынша сөздердің маңызды бөліктерін дұрыс жазады.<br>Көбісі:<br>Материалдарының мазмұны негізінде өз пікірін өзгелердің пікірімен |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | салыстырады;<br>тақырып бойынша сөздердің маңызды бөліктерін дұрыс жазады,күрделі сөздерді қолданады.<br>Кейбірі:<br>Материалдарының мазмұны негізінде өз пікірін өзгелердің пікірімен салыстырып, дәлеледеп жауап береді.<br>тақырып бойынша сөздердің маңызды бөліктерін дұрыс жазады.<br>Күрделі сөздерді ауызша,жазбаша жұмыстарда орынды қолданады. | | | |
| Сабақтың барысы | | | | |
| Сабақтың кезеңі/уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурс тар |
| Сабақтың басы | «Комплимент»<br>Оқушылар шеңбер бойымен отырады. Кез келген қатысушы бір жағымды комплимент айтады. Шеңберде отырған оқушылар бұл комплименттің кімге арналғанын табуы керек. Комплимент алған оқушы ойынды әрі қарай жалғастырады.<br>*«Бес қадам» әдісі арқылы өтілген сабақ сұралады.*<br>Сабақтың тақырыбын, мазмұнын болжайды. | | *Қолпаштау* | Слайд |
| Сабақтың ортасы | 1.Сөздікпен жұмыс.<br>Тасымалдау, жалғасу,өндіру,жетістік, мүмкіндік, өркендеу<br>Жаңа сөздермен таныстырады, оқушыларға қайталатады.<br><br>2. Мәтіналды жұмыс<br>Айтылым<br><br>Оқылым.<br>Жазылым.<br>2 - тапсырма<br><br>Тыңдалым. оқылым<br>«Ойлан – жұптс - бөліс» әдісі.<br>(Ж.ж, Ж.Ж.) 4- | Тыңдалым,айтылым.<br>Жаңа сөздерді жазады, сөз тіркестерін, сөйлем құрастырады.<br><br>Тыңдалым.<br>Айтылым<br>1-тапсырма<br>Картаға қарап,Ұлы Жібек жолының бойындағы қалалардың атын жазады. Ол неге «Ұлы Жібек жолы» деп аталған?<br>Мәтінді оқиды.<br>Түсінгенін жазады.<br>Тыңдалым.Оқылым<br>«Ойлан – жұптас - бөліс» әдісі.<br>(Ж.ж, Ж.Ж.) 4-тапсырма.<br>Түсінгеніңді айтады.<br>Мәтін бойынша жоспар құрады. | «Бас бармақ»<br><br>**Дескриптор:**<br>-Мәтінді түсініп оқиды.<br>-Мәтін мазмұнын жазады- **2 балл**<br>Өзара бағалау: «Өте жақсы», «Жақсы», «Талпын»<br>**Дескриптор:**<br>- Мәтін | Оқулық 92-бет сөздік слайд |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | тапсырма.<br>Мәтінді тыңда.<br>Оқы.<br>6-тапсырма.<br>Мәтіндегі ақпараттың дұрыстығын тексер.<br>8-тапсырма.<br>Жазылым<br><br><br>9-тапсырма.<br>Айтылым<br><br><br><br>10-тапсырма.<br>Жазылым,Айтылым | Ақпараттың дұрыстығын тексереді.<br><br><br>Зат есімдерге көмекші сөздерді жалғап, күрделі сөзге айналдырып,сөйлем құрайды.<br>Диалог. Мәтін мазмұны бойынша 3 сұрақ құрастырып жазады, сыныпта оқып, жауап береді.<br>Мұрад Аджидің сөзін қазақ тіліне аударып, ғалым сөзінің мағынасын өз ойымен толықтырып айтады. | бойынша жоспар құрады.<br>- Мәтінді мұқият оқып шығады.<br>Өз ойыңды жұбыңа әңгімелеп айтады.Жұбыңның пікірімен өз ойыңды салыстыр.<br>Дәлеледе.<br>Түсігенін сыныптастарымен бөліседі.-<br>**3 балл**<br><br>Өзара бағалау<br><br>Дескриптор:<br>1.Зат есімдерге көмекші сөздерді дұрыс жалғайды.<br>2.Тақырыппен байланыстырып сөйлем құрайды-<br><br>2 балл<br><br>Өзара бағалау:<br>«Өте жақсы»,<br>«Жақсы»,<br>«Талпын»<br>Дескриптор:<br>1.Ғалым сөзін қазақ тіліне аударады;<br>2. ғалым сөзін өз ойымен толықтырады.<br>3. Өз ойын сыныптастарының пікірімен салыстырып, дәлелдейді-<br>3-балл | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Сабақ тың соңы | Үй тапсырмасын беру : 12-тапсырма 96-бет. | | |
| | Кері байланыс<br>Чемодан (маған қажет),<br> Еттартқыш (қайта қарастыру қажет),<br>Қоқыс жәшігі (маған қажет емес)<br> | Өз көңіл күйлерін бейнелеген стикерге сабақтан алған әсерлері мен ұсыныстарын жазады | |
| Бағалау | Мұғалім формативті бағалауы бойынша қорытынды балын қояды. | | |

## 37. «Қазақ тілі мен әдебиеті» оқу пәні, 8-сынып

I. Өткен оқу жылында өтілген оқу бағдарламасының мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттары

8-сыныпта «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінен диагностикалық жұмыс жүргізу үшін 7-сыныпқа арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінен оқу бағдарламасының оқыту мақсаттары зерделенеді. Ол үшін негізгі орта білім беру деңгейінің 7-сыныптарына арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын қарастырамыз [ 19 ]. Оқу бағдарламасына сәйкес 7-сыныпта 5 бөлім қарастырылады. Тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым, тілдік бағдар. Бес бөлімге қатысты 7-сыныптың мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттары келесі кестеде көрсетілген (37.1-кесте)

1) «Тыңдалым»:

| Білім алушылар: | |
|---|---|
| Дағдылар | Оқыту мақсаттары |
| | 7-сынып |
| 1. Болжау | 7.1.1.1<br>мәтін үзінділері арқылы оқиғаның дамуын болжау |
| 2. Назарын шоғырландырып тыңдау | 7.1.2.1 тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, ақпараттың өзектілігін анықтау |
| 3. Сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсіну | 7.1.3.1 әлеуметтік - мәдени тақырыптарға байланысты қажетті сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсіну |
| 4. Көркем шығармаларды тыңдау | 7. 1.4.1 повестердің және лирикалық поэзиялық шығармалардан үзінді тыңдау, тақырыбы мен идеясын талдау |
| 5.Негізгі ойды анықтау | 7.1.5.1<br>тірек сөздер, сөйлеушінің дауыс ырғағы мен сөйлеу мәнері арқылы негізгі ойды анықтау |
| 6. Тыңдалым материалдары бойынша жауап беру | 7.1.6.1<br>тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде өз пікірін өзгелердің пікірімен салыстыра отырып жауап беру |

2) «Айтылым»:

| Білім алушылар: | |
|---|---|
| Дағдылар | Оқыту мақсаттары |
| | 7-сынып |
| 1. Сөздік қорының алуандылығы | 7.2.1.1<br>мақал-мәтелдер, терминдер мен неологизмдерді орынды қолдана отырып, мәтін мазмұнын дамыту |
| 2.Сөз мәнері мен сөйлеу этикеті | 7.2.2.1<br>кеңес беру, ұсыныс жасау, өтініш, талап, ету, бұйрық берудің түрлі формалары мен жағдаяттарына сай ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын қолдана білу |
| 3. Орфоэпия<br>лық нормалар<br>ды сақтау | 7.2.3.1<br>ауызша мәтіндер құрауда екпін түрлерін сөз және сөйлем ішінде орынды қолданып айту |
| 4. Мәтіннің негізгі аспектіле<br>рін анықтау және талқылау | 7.2.4.1 шығармадағы кейіпкерлер<br>ге автор берген мінездеменің тілдік құралдарын талдау |
| 5. Сенімді және еркін жауап беру | 7.2.5.1<br>диалогке қатысушылар коммуникативтік жағдаяттың талаптарына сай «сөйлеуші →тыңдаушы» позицияларын еркін ауыстыру |
| 6.Визуалды материал<br>дар арқылы тілді дамыту | 7.2.6.1<br>кесте, диаграмма, шартты белгілер, суреттер мен сызбаларда берілген ақпаратты сипаттау |

3) «Оқылым»:

| Білім алушылар: | |
|---|---|
| Дағдылар | Оқыту мақсаттары |
| | 7-сынып |
| 1. Мәтіндегі ақпаратты анықтау | 7.3.1.1<br>кесте, диаграмма, сызба, шартты белгілер түрінде берілген ақпаратты түсіну, қолдана білу |
| 2. Стильдік ерекшеліктерді анықтау | 7.3.2.1<br>ресми -іскерлік (өтініш, нұсқаулық, ресми құттықтаулар, ұсыныстар) салаға қатысты мәтіндердің тілдік ерекшелігін анықтап, талдау жасау |
| 3.Көркем шығарма<br>ларды оқу | 7.3.3.1<br>прозалық және поэзиялық шығармалардағы кейіпкердің іс - әрекетіне немесе лирикалық кейіпкердің образын талдау |
| 4. Мәтіндерге салыстырма<br>лы талдау жасау | 7.3.4.1мәтіндердің идеясын, мақсатты аудиториясын салыстырып, талдау жасау |
| 5.<br>Қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді оқу | 7.3.5.1<br>қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді кесте, диаграмма, сызба, шартты белгілер түрінде ұсыну |
| 6. Өзіндік көзқарасын білдіру және бағалау | 7.3.6.1<br>тақырып бойынша деректер қолдана отырып мәтінде көтерілген мәселеге өз ойын дәлелдеп жеткізу |

4) «Жазылым»:

| Білім алушылар: | |
|---|---|
| Дағдылар | Оқыту мақсаттары |
| | 7-сынып |

| | |
|---|---|
| 1. Әртүрлі стильде мәтіндер құрастыру | 7.4.1.1<br>мәтіндердің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап, өтініш, түйіндеме, ресми құттықтаулар жазу |
| 2.<br>Эссе жазу | 7.4.2.1<br>эссе құрылымы мен дамуын сақтап, көтерілген мәселе бойынша келісу-келіспеу<br>себептерін айқын көрсетіп жазу |
| 3. Көркемде<br>гіш құралдар<br>ды қолданып жазу | 7.4.3.1<br>жазба жұмыстарында теңеу мен метафораны қолданып жазу |
| 4.<br>Мәліметтерді жинақтау | 7.4.4.1<br>тақырып бойынша мәліметтерді жинақтап, презентация түрінде ұсыну |
| 5. Орфография және пунктуация | 7.4.5.1<br>тақырып бойынша сөздердің маңызды бөліктерін дұрыс жазу (күрделі сөздер);<br>оқшау сөздерге қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану |

5)«Тілдік бағдар»:

| Білім алушылар: | |
|---|---|
| Дағдылар | Оқыту мақсаттары |
| | 7-сынып |
| 1. Сөз таптары | 7.5.1.1<br>мәтіндерден көмекші есімдерді ажырата білу, жазбаша, ауызша жұмыстарда қолдану |
| | 7.5.1.2<br>Салыстырма<br>лы, күшейтпелі, асырмалы<br>шырайлардың қызметін білу, жазба, ауызша жұмыстарда қолдану |
| | 7.5.1.3<br>топтау сан есімдерін<br>жазба, ауызша жұмыстарда орынды қолдану |
| | 7.5.1.4<br>одағай түрлерін мәтіннен ажырата алады, ауызша жұмыстарда орынды қолдану |
| | 7.5.1.5<br>етістіктің шақтары (бұрынғы және ауыспалы өткен шақ, мақсатты және болжалды келер шақ) мен қалау райдың қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарда қолдану |
| | 7.5.1.6<br>мақсат және себеп-салдар үстеулерді ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдану |
| | 7.5.1.7<br>септеулік шылаулардың қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдану |
| 2. Сөйлем | 7.5.2.1<br>жазба жұмыстарында ыңғайлас, қарсылықты, түсіндірмелі салалас құрмалас сөйлемдерді құрастыру |

II. Іріктеп алынған оқыту мақсаттары бойынша диагностикалық жұмыстың үлгісі

Диагностикалық жұмыс білім алушылардың олқылықтарын толықтыру үшін жүргізілетін жұмыс болып табылады. Сондықтан диагностикалық жұмыстың тапсырмалары ретінде толық жауапты қажет ететін тапсырмаларды беру ұсынылады.

Төменде 7-сыныптағы «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттарына сәйкес әзірленген диагностикалық жұмыс тапсырмаларының үлгісі берілген. Үлгі екі нұсқада әзірленген.

Үлгі 1-нұсқа

2-бөлім. Уақыт - ұлы күш. Абай Құнанбаев «Сағаттың шықылдағы емес ермек» бөлімі бойынша.

1) Тыңдалым тапсырмасы.

Мақсаты:

7.1.2.1 тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, ақпараттың өзектілігін анықтау

Тыңдалым мәтіні.

Уақыт – бағалы сый. Сарқылмас қазына һәм қайтарымсыз алтын жақұт. Біз болып, сіз болып тек уақытты басқара алмаймыз. Бірақ дұрыс пайдаланылған уақыт зая емес. Осы тұрғыда А. Суворовтың «Ақша қымбат, адам өмірі одан қымбат, ал уақыт бәрінен қымбат » деген сөзі еске түседі. Зымырап жатқан уақыттың қадірін түсініп, әрекет етудеміз бе? Күн сайын өз игілімізге жұмсап жатырмыз ба? Егер сұрақ жауабы «жоққа» әкеліп тіресе, онда сіздің заман ағымынан қалып бара жатқаныңыз. Неге ұлы ғұламалар, шешендер, көсемдер, билер тіптен ата-әжелеріміз уақыт жайлы әркез ой өрбітіп, келешек ұрпаққа өсиет қалдырған? Өйткені уақыт, өзін әрдайым бәріне төреші екенін дәлелдей түсті. Ал, әр ғасырдың бай адамдары табысқа қол жеткізгенін қалай баяндады? Барлық іскердің сондағы айтқаны бір : «Өмір қысқа, уақыт – құнды. Таңды жақсы көңіл-күймен бастап, кешіңді рақмет айтумен аяқта. Ештеңе білмей өткен уақыт өлген уақыт». Бұдан түйетініміз: уақытты бастамай жатып, жоғалтып алмау керек. (Ақпарат дереккөзі: https://massaget.kz/blogs/omirdin_ozi/26325/)

Мәтінді мұқият тыңдап, төмендегі тапсырманы орындаңыздар.

1-тапсырма Мазмұны не туралы екенін айтыңыз.

2-тапсырма

1. Сұрақтарға жауап беріңіз, мәтіндегі негізгі ақпараттарды анықтаңыз.
2. Мәтінді қалай атауға болады? Неге?
3. Уақыт туралы қандай ақпараттар айтылады?
4. А. Суворовтың «Ақша қымбат, адам өмірі одан қымбат, ал уақыт бәрінен қымбат » деген сөзін қалай түсінесің?
5. «Өмір қысқа, уақыт – құнды. Таңды жақсы көңіл-күймен бастап, кешіңді рақмет айтумен аяқта. Ештеңе білмей өткен уақыт өлген уақыт» деген пікірмен келісесіз бе?

2) Айтылым тапсырмасы

Мақсаты 7.2.1.1 мақал-мәтелдер, терминдер мен неологизмдерді орынды

қолдана отырып, мәтін мазмұнын дамыту

Берілген мәтін бойынша төмендегі тапсырмаларды орындаңыздар.

1.Төмендегі мақал-мәтелдерді қолданып, жұбыңызбен тіл туралы сөйлесіңіз. Жұбыңызға сұрақтар қойыңыз, жауап беріңіз.

- Уақыт көшкен керуен.
- Уақыт - қадірін білгенге қазына, Білмегенге быламық.
- Уақыттың бос өткені - өмірдің бос кеткені.
- Уақыт-емші.

1.Төмендегі сөйлемдерден терминдер мен неологизмдерді тауып, мағынасын ашыңыз. Олармен сөйлемдер құрастырыңыз.

- Қазіргі таңда көптеген жарнама ғаламтор арқылы жасалады.
- Қазіргі жағдайға байланысты кейбір сыныптар онлайн форматта оқып жатыр.
- Бүгін сабақта интерактивті тақта арқылы тапсырма орындадық.

1.Тақырып бойынша мақал-мәтелдер, неологизм, термин сөздер қолданып, жұбыңызбен диалог құрастырыңыз.

3) Оқылым тапсырмасы.

Мақсаты:7.3.5.1 қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді кесте, диаграмма, сызба, шартты белгілер түрінде ұсыну

Берілген мәтінді мұқият оқып шығып, төмендегі тапсырманы орындаңыздар.

1үТөмендегі кесте мен диаграммада берілген ақпаратты өз сөзіңізбен сипаттаңыз.




2.Күнделікті атқарылатын жұмыстарыңыздың жоспарына кесте құрастырыңыз.

Үлгі: Жұмыс жоспар кестесі

| Жұмыс жоспар | Уақыты | Қосымша жұмыс |
|---|---|---|
| Мектепке бару | 7.30 -14.00 | Жоспарда жоқ |
| Үйірме, спорт секциясы | 16.00-18.00 | |
| Сабаққа дайындық | 19.00 | |
| Бос уақыт | | |

4)Жазылым тапсырмасы

Мақсаты: 7.4.2.1 эссе құрылымы мен дамуын сақтап, көтерілген мәселе бойынша келісу-келіспеу себептерін айқын көрсетіп жазу

Тапсырма. Берілген тақырып бойынша «Уақыт және мен» атты эссе жазыңдар.

I. Кіріспе

1. Уақыт туралы не білесің?
2. Өмір кезеңдері жайлы ғалымдар мен ақын-жазушылардың айтқан сөздерінен

мысал келтіріңіздер.

II. Негізгі бөлім

1. Тезис
2. Мысалдар  мен жеке тәжірибеге негізделген дәлелдер.

III Қорытынды

1. Өз пікірің.
2. Түйін сөз.

5) Тілдік бағдар.

Мақсаты: 7.5.1.5 етістіктің шақтары (бұрынғы және ауыспалы өткен шақ, мақсатты және болжалды келер шақ) мен қалау райдың қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарда қолдану

Тапсырма: 1. Сөздерді аударып I жаққа айналдыр: оралды, пайдаланды, дүниеге келді, хат жазды, ұйықтады, жаттайсың, қыдырасың, айтасың, тыңдады.

2. Етістіктерді келер шаққа айналдыр: тазала, тәрбиеле, сүрт, жүгір

3. Етістіктерді өткен шаққа айналдырып жекеше түрде жікте:

оқы, жаз, апар, әкел

Үлгі: 2-нұсқа

7-бөлім. Ғаламтормен жұмыс жасау – мәдениет

1) тыңдалым тапсырмасы.

Мақсаты: 7.1.3.1 әлеуметтік - мәдени тақырыптарға байланысты қажетті сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсіну

1- тапсырма. Тыңдалым алдында мына төмендегі сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Ғаламтор дегеніміз не?
2. Ғаламтор сөзін орыс тіліне аударыңдар.
3. Ғаламтормен жұмыс жасаудың қандай ережесін білесіздер?
4. Қандай артықшылықтары бар деп ойлайсыздар?
5. Ғаламтордың зиянды жақтары қандай?

2-тапсырма. Мәтінді мұқият тыңдаңыздар.

Ғаламтордың пайдалы жақтары

Ғаламтор - ғылым мен техниканың шынайы жетістігі. Ол - сөзсіз. Интернетті қолдана алатын кез келген адам өзіне қалаған ақпарат мен мағлұматты тауып, қажетіне жарата алады. Мазалап жүрген сауалдарының жауабын табады. Әлемдік жаңалықтар мен оқиғалардан хабардар болып отыруға көмектеспек. Бұл жағынан интернет адамның білімі мен қабілетін, тұлғалық қасиеттерін дамытуға ықпал етеді. Ғаламторда шек жоқ. Алыста жүрген ата-анаңмен де, туған-туыстарыңмен де емін-еркін байланыс ұстайсың, сөйлесесіз, хабарласасың. Тіпті, адамдардың қолы жетпейтін жерге осы ғаламтордың қолы тиіп тұр. Көрісе алмаған адамыңмен ғаламтор арқылы байланыс орнатасың. Ғашығын да ғаламтордан тауып жатқандар қаншама.

Ғаламдық желі, сөзсіз, адамның білімін жетілдіруге көмектесетін құрал. Соның арқасында шет тілін үйреніп, түрлі курстар мен тренингтерге қатысуға болады. Одан бөлек, ғаламтор - нағыз табыс көзіне айналып отырған сала. Онымен табыс тауып отырғандар да аз емес.

Ғаламтордың зияны

Өкінішке орай, жоғарыда айтылған ғаламтордың артықшылықтарына қарамастан, оның зиян жақтары да көп болып шықты. Ғаламторға деген тәуелділік қазір ғаламдық мәселеге айналып бара жатыр. Соның кесірінен адамдар арасындағы күнделікті байланыс бұзылып барады. Адамдар бір-бірімен сөйлесуді, әңгімелесуді, сырын бөлісуді ұмытып бара жатқандай. Жылы шырай танытып, шүлдірлеп сөйлесуден, жанды, табиғи қатынастан қалып барамыз. Ғаламтордың келесі зиянды тұсы - адамның денсаулығы. Компьютер алдында ұзақ отырған адамның денсаулығы да нашарлай түседі. Өйткені ол қозғалыстан қалып, оның соңы бел, арқа, көз ауруларына әкелуі мүмкін. Одан бөлек, қазіргі таңда ғаламторда алаяқтар да көбейді. Олардан сақтанудың да қамын жасаған абзал. (Ақпарат дереккөзі: https://massaget.kz/layfstayl/tehno/60742/)

Тапсырмалар

1. Тыңдалған мәтін бойынша ақпаратты кестеге түсіріңіздер.

| Ақпарат | Дерек көздер | Ғаламтордың пайдалы жақтары | Ғаламтордың зияны | ұсыныс |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |

2. Лексикалық минимум:

Берілген жаңа сөздермен сөз тіркестерін жасау, сөз тіркестерімен сөйлем құрастыру. 3 сөйлем құрастырыңыз. Сөздерді таңдау қалауыңыз бойынша.

Құбылыс, әлеуметтік желі, жеке парақша, ғаламтор желісі, тәуелділік, адам психологиясы, сілтеме

3.Мағынасына қарай мәліметтер мен сөздерді сәйкестендіріңіз.

| | | |
|---|---|---|
| Ғаламдық , сөзсіз, адамның білімін жетілдіруге көмектесетін құрал. | | денсаулығы |
| Ғаламтордың келесі тұсы - адамның денсаулығы | | желі |
| с) Компьютер алдында ұзақ отырған адамның да нашарлай түседі. | | ғаламтор |
| е) Одан бөлек, - нағыз табыс көзіне айналып отырған сала. | | зиянды |

2) айтылым тапсырмасы

Мақсаты 7.2.5.1 диалогке қатысушылар коммуникативтік жағдаяттың талаптарына сай «сөйлеуші →тыңдаушы» позицияларын еркін ауыстыру

1-тапсырма. Берілген тақырыптардың бірін таңдап, жұпта диалог құрастырыңыз.

1. Ғаламтор мәдениеті.
2. Ғаламтордағы ең пайдалы желі
3. Білімлэнд желісі туралы.

2-тапсырма. «Ғаламтор: не білемін? не білдім? не туралы білгім келеді?» деген тақырыпта сөйлесіңіз. «Сөйлеуші -- тыңдаушы» позицияларын ауыстырып отырыңыз.

1. Ғаламтор дегеніміз не?
2. Қандай желілерді білесің?
3. Ғаламтордың қандай пайдалы жақтары бар№

4. Ғаламтордың зиянды жақтарын ата.

3- тапсырма

SWOT талдау.

Кестені толтырыңыздар.

| КҮШТІ | ӘЛСІЗ |
|---|---|
| МҮМКІНДІК | ҚАУІПТІ |

## 3) оқылым тапсырмасы.

Мақсаты: 7.3.4.1мәтіндердің идеясын, мақсатты аудиториясын салыстырып, талдау жасау

Тапсырма: Мәтіндерді түсініп оқыңыз. Берілген үлгі бойынша мәтіндерге талдау жасаңыз.

Ғаламтордың пайдалы жақтары

Ғаламтор - ғылым мен техниканың шынайы жетістігі. Ол - сөзсіз. Интернетті қолдана алатын кез келген адам өзіне қалаған ақпарат мен мағлұматты тауып, қажетіне жарата алады. Мазалап жүрген сауалдарының жауабын табады. Әлемдік жаңалықтар мен оқиғалардан хабардар болып отыруға көмектеспек. Бұл жағынан интернет адамның білімі мен қабілетін, тұлғалық қасиеттерін дамытуға ықпал етеді. Ғаламторда шек жоқ. Алыста жүрген ата-анаңмен де, туған-туыстарыңмен де емін-еркін байланыс ұстайсың, сөйлесесіз, хабарласасың. Тіпті, адамдардың қолы жетпейтін жерге осы ғаламтордың қолы тиіп тұр. Көрісе алмаған адамыңмен ғаламтор арқылы байланыс орнатасың. Ғашығын да ғаламтордан тауып жатқандар қаншама.

Ғаламдық желі, сөзсіз, адамның білімін жетілдіруге көмектесетін құрал. Соның арқасында шет тілін үйреніп, түрлі курстар мен тренингтерге қатысуға болады. Одан бөлек, ғаламтор - нағыз табыс көзіне айналып отырған сала. Онымен табыс тауып отырғандар да аз емес.

Ғаламтордың зияны

Өкінішке орай, жоғарыда айтылған ғаламтордың артықшылықтарына қарамастан, оның зиян жақтары да көп болып шықты. Ғаламторға деген тәуелділік қазір ғаламдық мәселеге айналып бара жатыр. Соның кесірінен адамдар арасындағы күнделікті байланыс бұзылып барады. Адамдар бір-бірімен сөйлесуді, әңгімелесуді, сырын бөлісуді ұмытып бара жатқандай. Жылы шырай танытып, шүлдірлеп сөйлесуден, жанды, табиғи қатынастан қалып барамыз. Ғаламтордың келесі зиянды тұсы - адамның денсаулығы. Компьютер алдында ұзақ отырған адамның денсаулығы да нашарлай түседі. Өйткені ол қозғалыстан қалып, оның соңы бел, арқа, көз ауруларына әкелуі мүмкін. Одан бөлек, қазіргі таңда ғаламторда алаяқтар да көбейді. Олардан

сақтанудың да қамын жасаған абзал. (Ақпарат дереккөзі: https://massaget.kz/layfstayl/tehno/60742/)

1-тапсырма. Мәтіннің ұқсастығы мен айырмашылығын анықтаңыздар




2-тапсырма. Мәтіндерді түсініп оқыңыз. Екі мәтінді кесте бойынша салыстырыңыз.

| | 1-мәтін | 2-мәтін |
|---|---|---|
| Мәтін түрі | | |
| Мәтін тақырыбы<br>(не туралы?) | | |
| Негізгі идеясы<br>(не үшін жазылған?) | | |
| Мақсатты аудиториясы<br>(кімге арналған?) | | |
| Стилі<br>Ауызекі сөйлеу стилі<br>Публицистикалық стиль<br>Көркем әдебиет стилі<br>Ғылыми стиль<br>Ресми іс қағаздар стилі | | |

3-тапсырма. Мәтінді оқыңыз. Негізгі ақпаратты анықтаңыз. Жоспар құрыңыз.

4) Жазылым тапсырмасы

Мақсаты**:** 7.4.2.1 эссе құрылымы мен дамуын сақтап, көтерілген мәселе бойынша келісу-келіспеу себептерін айқын көрсетіп жазу

7.4.4.1 тақырып бойынша мәліметтерді жинақтап, презентация түрінде ұсыну

1-тапсырма. Төмендегі суреттерге бойынша, «Ғаламтордың пайдалы және зиянды жақтары» тақырыбында эссе жазыңыз. Эссе құрылымы мен дамуын сақтаңыз, көлемі 120-140 сөз.











2-тапсырма. «Ғаламтордың пайдалы және зиянды жақтары» тақырыбы бойынша мәліметтерді жинақтап, презентация жасаңыз.

5) Тілдік бағдар.

Мақсаты: 7.5.1.6 мақсат және себеп-салдар үстеулерді ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдану

1-тапсырма. Сөйлемдерден мақсат және себеп-салдар үстеулерін табыңыз.

- Microsoft Excel – әдейі ойлап табылған әдіс, электрондық кестелер бағдарламасы.
- Жастардың есіл уақытын ғаламтор босқа ұрлап жатыр.
- Күні-түні әлеуметтік желілерде отыру - денсаулықты бекерге құрту деген сөз.

2-тапсырма. Суреттерге қарай отырып, «Мен және ғаламтор» тақырыбында жұбыңызбен сөйлесіңіз (диалог). Мақсат және себеп-салдар үстеулерін пайдаланыңыз.







3-тапсырма. Жоғарыда айтылған мәліметтерді қорытындылап, «Ғаламтормен дұрыс жұмыс жасау – мәдениет» тақырыбында мәтін құрастырыңыз. Мақсат және себеп-салдар үстеулерін қолданыңыз.

: 2-бөлім

Бөлім: II. Сауда жасай білесің бе?

1)Тыңдалым тапсырмасы.

Мақсаты:

7. 1.4.1 повестердің және лирикалық поэзиялық шығармалардан үзінді тыңдау, тақырыбы мен идеясын талдау

Базарға, қарап тұрсам, әркім барар
Іздегені не болса, сол табылар.
Біреу астық алады, біреу маржан,
Әркімге бірдей нәрсе бермес базар.
Әркімнің өзі іздеген нәрсесі бар,
Сомалап ақшасына сонан алар.
Біреу ұқпас бұл сөзді, біреу ұғар,
Бағасын пайым қылмай аң – таң қалар.
Сөзді ұғар осы күнде кісі бар ма?
Демеймін жалпақ жұртқа бірдей жағар.
Жазған соң, жерде қалмас тесік моншақ,
Біреуден біреу алып, елге тарар.
Бір кісі емес жазғаным, жалпақ жұрт қой,
Шамданбай – ақ, шырақтар, ұқсаң жарар.
«Ит маржанды не қылсын» деген сөз бар,
Сәулесі бар жігіттер бір ойланар

1.Өленді нақышына келтіріп оқып шығыңыз. Келесі тапсырманы орындаңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.

- Өлең кімге арналған?
- Өленде көтерілген идеяны анықтаңыз.
- Тақырыбы мен идеясы сәйкес келеді ме? Анықтаңыз.

2.«Ит маржанды не қылсын» деген сөздің мағынасын талдаңыз.

3.Өленделегі есімдіктің түрлерін ажыратыңыз.

2) Айтылым тапсырмасы

7.2.2.1 кеңес беру, ұсыныс жасау, өтініш, талап, ету, бұйрық берудің түрлі формалары мен жағдаяттарына сай ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын қолдана білу

Берілген мәтін бойынша төмендегі тапсырмаларды орындаңыздар.

1.«Базар», «Сауда», «Азық-түлік дүкені» тақырыптарында диалог құрастырыңыз. Мұнда ұсыныс жасай білу, өтініш, талап ету, түрлі жағдаятта диалогқа түсе білу.

2.Өленнен базарда не сатып алуға болады? Атап шығу.

3.Сауда саттық туралы мақал-мәтелдер жаттаңыз.

4.Айналым, кіріс-шығыс, төлем, әркім, пайым қылу сөздерінің Өленді мәнерлеп оқы. Мазмұны бойынша жоспар құр.

Мағынасын түсіндірме сөздікті пайдаланып түсіндір.

3) Оқылым тапсырмасы.

7.3.6.1 тақырып бойынша деректер қолдана отырып мәтінде көтерілген мәселеге өз ойын дәлелдеп жеткізу.

Берілген мәтінді мұқият оқып шығып, төмендегі тапсырманы орындаңыздар.

Біреу астық алады, біреу маржан,
Әркімге бірдей нәрсе бермес базар.
Әркімнің өзі іздеген нәрсесі бар,
Сомалап ақшасына сонан алар.

Өлең жолдарын оқып шығып, өз ойын дәлелдеу.

1. «Базарға қарап тұрсам әркім барар» өлеңі бойынша жоспар құрыңыз.

4)Жазылым тапсырмасы

7.4.4.1 тақырып бойынша мәліметтерді жинақтап, презентация түрінде ұсыну

Тапсырма. 1. Берілген тақырып бойынша «Ақшаны үнемдей білесің бе?» тақырыпта презентация жасаңдар.

2. Өлеңді тыңда. Саудаға, базарға қатысты сөздер мен сөз тіркестерін жаз. Мақал-мәтелдердің мағынасын түсіндір.

1. Ақша бақыт әкелмесе де, қаржылай бостандық әкеледі.
2. Ақша – қолдың кірі.
3. Ақша ашпайтын құлып жоқ.
4. Ақшада көз жоқ

Жағдаят: досыңмен бірге дүкеншіге тауар тасуға көмектесіп, ақша таптыңдар. Қомақты ақша. Ол ақшаны қайда жұмсар едің? Нақты бөліп, кесте құра. Өз шешіміңді айт.

III. Сабақ барысында толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары

7-сыныпқа арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінен оқу бағдарламасын зерделеу нәтижесінде 8-сыныптағы қазақ тілі мен әдебиеті курсының оқыту мақсаттарымен кіріктіруге болатын оқыту мақсаттары анықталды [19]. Кіріктіруге болатын оқыту мақсаттары ұсыныс түрінде берілген (37.2-кесте).

37.2-кесте – 7-8-сыныптардың кіріктірілетін оқыту мақсаттары

1) «Тыңдалым»:

| Білім алушылар: | | |
|---|---|---|
| Дағдылар | Оқыту мақсаттары | |
| | 8 сынып | 7 сынып |
| Назарын шоғырландырып тыңдау | 8.1.2.1 тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, детальді ақпараттарды анықтау | 7.1.2.1 тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, ақпараттың өзектілігін анықтау |
| Негізгі ойды анықтау | 8.1.5.1 тірек сөздер, автор көзқарасы мен көңіл күйі арқылы негізгі ойды анықтау. | 7.1.5.1 тірек сөздер, сөйлеушінің дауыс ырғағы мен сөйлеу мәнері арқылы негізгі ойды анықтау. |
| Тыңдалым материалдары бойынша жауап беру | 8.1.6.1 тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде деректерді келтіре отырып, дәлелді жауап беру. | 7.1.6.1 тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде өз пікірін өзгелердің пікірімен салыстыра отырып жауап беру. |

2) «Айтылым»:

| Білім алушылар: | |
|---|---|
| Дағдылар | Оқыту мақсаттары |

| | 8-сынып | 7-сынып |
|---|---|---|
| Сөз мәнері мен сөйлеу этикеті | 8.2.2.1<br>түрлі жанрдағы көркем мәтіндерге сүйене отырып, көңіл-күйді білдіруде ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын қолдана білу. | 7.2.2.1<br>кеңес беру, ұсыныс жасау, өтініш, талап, ету, бұйрық берудің түрлі формалары мен жағдаяттарына сай ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын қолдана білу. |
| Мәтіннің негізгі аспектіле рін анықтау және талқылау | 8.2.4.1<br>идеялық жағынан ұқсас мәтіндердегі оқиғалар желісіне бақылау жасай отырып, мазмұнның дамуын салыстыру және талдау. | 7.2.4.1 шығармадағы кейіпкерлер ге автор берген мінездеменің тілдік құралдарын талдау |
| Сенімді және еркін жауап беру | 8.2.5.1 пікірталасқа қатысушылар берілген тақырып бойынша өз пікірлерін сенімді дәлелдеу және қойылған сұрақтарға еркін жауап беру. | 7.2.5.1<br>диалогке қатысушылар коммуникативтік жағдаяттың талаптарына сай «сөйлеуші →тыңдаушы» позицияларын еркін ауыстыру. |

3) «Оқылым»:

| Білім алушылар: | | |
|---|---|---|
| Дағдылар | Оқыту мақсаттары | |
| | 8-сынып | 7-сынып |
| Мәтіндегі ақпаратты анықтау | 8.3.1.1<br>перифраз түрінде берілген сұрақ арқылы қажетті ақпаратты анықтау. | 7.3.1.1<br>кесте, диаграмма, сызба, шартты белгілер түрінде берілген ақпаратты түсіну, қолдана білу. |
| Көркем шығарма ларды оқу | 8.3.3.1<br>прозалық және поэзиялық шығармалардың композициялық құрылымын анықтау, кейіпкердің іс - әрекетіне немесе лирикалық кейіпкердің образына баға беру. | 7.3.3.1<br>прозалық және поэзиялық шығармалардағы кейіпкердің іс - әрекетіне немесе лирикалық кейіпкердің образын талдау |
| Мәтіндерге салыстырма лы талдау жасау | 8.3.4.1<br>мәтіндердің түрлерін, тілдік ерекшелік<br>терін салыстырып, талдау жасау. | 7.3.4.1мәтіндердің идеясын, мақсатты аудиториясын салыстырып, талдау жасау. |
| Өзіндік көзқарасын білдіру және бағалау | 8.3.6.1<br>тақырып бойынша бірнеше мәтінде көтерілген мәселелерді салыстыра отырып, баға беру. | 7.3.6.1<br>тақырып бойынша деректер қолдана отырып мәтінде көтерілген мәселеге өз ойын дәлелдеп жеткізу. |

4) «Жазылым»:

| Білім алушылар: | | |
|---|---|---|
| Дағдылар | Оқыту мақсаттары | |
| | 8-сынып | 7-сынып |
| Әртүрлі стильде мәтіндер құрастыру | 8.4.1.1<br>мәтіндердің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап, шағын мақала, пікір, интервью | 7.4.1.1<br>мәтіндердің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап, өтініш, түйіндеме, ресми құттықтаулар жазу. |

| | | |
|---|---|---|
| | жазу. | |
| Көркемде гіш құралдар ды қолданып жазу | 8.4.3.1<br>жазба жұмыстарында символ мен кейіптеу түрлерін қолданып жазу. | 7.4.3.1<br>жазба жұмыстарында теңеу мен метафораны қолданып жазу. |
| Мәліметтерді жинақтау | 8.4.4.1<br>тақырып бойынша мәліметтерді жинақтап, эссе жазуда тиімді қолдану. | 7.4.4.1<br>тақырып бойынша мәліметтерді жинақтап, презентация түрінде ұсыну. |
| Орфография және пунктуация | 8.4.5.1<br>тақырып бойынша сөздердің маңызды бөліктерін дұрыс жазу (жеке сөздер, бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздер); сөйлем ішінде қойылатын<br>тыныс белгілерді орынды қолдану. | 7.4.5.1<br>тақырып бойынша сөздердің маңызды бөліктерін дұрыс жазу (күрделі сөздер);<br>оқшау сөздерге қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану. |

5)«Тілдік бағдар»:

| Білім алушылар: | | |
|---|---|---|
| Дағдылар | Оқыту мақсаттары | |
| | 8-сынып | 7-сынып |
| 1. Сөз таптары | 8.5.1.1<br>болжалдық және бөлшектік сан есімдерді жазба, ауызша жұмыстарда орынды қолдану. | 7.5.1.3<br>топтау сан есімдерін жазба, ауызша жұмыстарда орынды қолдану. |
| | 8.5.1.3<br>етістіктің шартты рай және бұйрық рай қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдану | 7.5.1.5<br>етістіктің шақтары (бұрынғы және ауыспалы өткен шақ, мақсатты және болжалды келер шақ) мен қалау райдың қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарда қолдану |
| | 8.5.1.4<br>күшейткіш үстеулерді ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдану. | 7.5.1.6<br>мақсат және себеп-салдар үстеулерді ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдану. |
| | 8.5.1.5<br>демеулік шылаулардың қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдану. | 7.5.1.7<br>септеулік шылаулардың қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдану. |
| Сөйлем | 8.5.2.1<br>жазба жұмыстарында себеп-салдар, талғаулы, кезектес салалас құрмалас сөйлемдерді құрастыру. | 7.5.2.1<br>жазба жұмыстарында ыңғайлас, қарсылықты, түсіндірмелі салалас құрмалас сөйлемдерді құрастыру. |

IV.Кіріктірілетін оқыту мақсаттары бойынша ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгісі (2-3)

Әрі қарай республика мектептерінің педагогтері әзірлеген сабақтардың қысқа мерзімді жоспарларының үлгілері ұсынылады:

Каирбекова Акмарал Абылайханқызы,
«Павлодар қаласы №14 жалпы білім
беру орта мектебі» КММ


| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Бөлім: | 1-бөлім Мен армандайтын мектеп | | | |
| Педагогтің аты-жөні | Каирбекова Акмарал Абылайханкызы<br>Павлодар қаласы №14 жалпы білім беру орта мектебі | | | |
| Күні | | | | |
| Сынып | 8 - сынып | | | |
| Сабақтың тақырыбы | Т.Сұлтанбеков . «Ғажайып планета»<br>7-сыныпта мақсатқа сәйкес тақырып: Д.Дефо «Робинзон Крузо» | | | |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты | 8.5.1.1 болжалдық сан есімдерді жазбаша, ауызша жұмыстарда орынды қолдану. | | | |
| Қайталауға арналған сабақтың сәйкестік мақсаты | 7.1.6.1 тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде өз пікірін өзгелердің пікірімен салыстыра отырып жауап беру. | | | |
| Сабақтың мақсаты | Негізгі сабақ мақсаты: Болжалдық сан есімдерді жазбаша, ауызша жұмыстарда қолданады.<br>7- сыныпта өткен материалды қайталау мақсаты: тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде өз пікірін өзгелердің пікірімен салыстыра отырып жауап береді. | | | |
| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | ресурстар |
| Сабақтың басы | Психологиялық ахуал қалыптастыру.<br>«Жақсы тілек»<br>Оқушылар бір бірінің қолынан ұстап шеңберге тұрады да, бір-біріңе жақсы көңіл күй тілейді.<br>Сәлем достар<br>Сәттілік тілеймін<br>Сендерді көргеніме қуаныштымын т.б<br>Топқа бөлу.<br>«Адасқан сөздер» әдісі<br>Оқушыларға қима қағаздар беріледі. Бұл қима қағаздарда Ғажайып планета тақырыбында мақал-мәтел берілген. Оқушылар қима қағаздағы мақал- | Оқушылар сәлемдеседі.<br>Бірі-біріне жақыс тілектер айтады.<br><br>Топқа бөлінеді.<br>Түсінбеген сөздерінің мағынасын ашып, аудармасын үйренеді. | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | мәтелдің жалғасын дұрыс табу арқылы «Ай», «Жұлдыз», «Күн» атты үш топқа бірігеді. Мақал-мәтелдер:<br>1. Жаяудың **жұлдызы** болмас, Қалың құлан жаусыз болмас.<br>2. Болатын бала — пысық, Жауатын **күн** — ыстық.<br>3. Үркер жиылып - **ай** болмас, Кедей жиылып - бай болмас.<br>Жұлдыз-звезда<br>Ай-луна<br>Күн-солнце<br>Жер-земля | | | |
| Сабақтың ортасы<br><br>**Білу** | Жаңа сабақтың алдында бүгінгі күнді жазғызу. Сабақтың тақырыбын анықтау мақсатында сұрақ-жауап.<br>1.Қандай әдеби шығармаларды оқыдыңыздар?<br>2.Фантастика деген Не?<br>1.Қандай фантастикалық шығармалар оқыдыңыздар?<br>Бүгінгі сабақта суреткер жазушы Талап Сұлтанбековтың өмірі мен шығармашылығымен танысамыз.<br>Мәтінді мұқият тыңдаңыздар. (3рет оқылады.)<br>1930 жылы Алматы облысының Ақсу ауданында мұғалімдер отбасында дүниеге келген қазақтың жазушысы. Алғашқы шығармаларын спорт тақырыбына арнаған. Талап Сұлтанбеков - тұңғыш рет қазақ тілінде "Дойбы деген не?", | Сұрақтарға жауап береді.<br><br>Мәтінді тыңдайды. Ақпарат жинайды. | | http://imena. Pushkin library.kz/ |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Түсіну | "Дойбы, шахмат тоғызқұмалақ" атты көмекші кітап жазған спортшы, қазақ әдебиетінің тарихында ғылыми фантастика жанрына тұңғыш қалам тартқан жазушы. Ғылыми қиял (фантастика) жанрына қалам тартып жүрген жазушы шығармаларының тақырыбы сан алуан. Жасөспірімдерге арналған "Көшпелі алтын", "Жүрек тулайды", "Жұлдыз ат", Лұқпан Хакім", "Тізгін", "Темір еліне саяхат",»Ғажайып планета» әңгімелері оқушыны қиялға, арманға жетелейді. Ол өз оқырманын ғылымның табиғи сырына үңілуге, адам миы арқылы оның құдірет күшін танып білуге, тіпті оны тізгіндеп бағындыруға да болатынын айғақтайды. Талап Сұлтанбеков - қазақың аяулы азаматы, белгілі қаламгер, атақты ақын Ілияс Жансүгіровтің немере інісі. Талап Сұлтанбеков - дойбы ойыны жөнінен мастерлік кандидат, дойбыдан және тоғыз құмалақтан Қазақ ССР-нің экс-чемпионы. Шахмат, дойбы, тоғызқұмалақ ойындары бойынша республикалық категориядағы төреші және республикалық | Топта талқылайды. Топ жетекшісі мәліметтермен бөліседі. Сұраққа жауап береді. Мәтінмен танысады. | | https:// kk.wikipedia. org/wiki/ Даниэль _Дефо |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Қолдану | федерациясының мүшесі.<br>Топқа тапсырма.<br>Мәтінмен жұмыс.<br>1.Талап Сұлтанбековтың өмірі мен шығармашылығы жайлы топтастыру<br><br>Әр топ мәтіннен білген ақпараттарын толтырады. Топ жетекшісі мәліметтермен бөліседі.<br>**Балаларға сұрақ.**<br>Балалар сіздерге Даниэль Дефо деген жазушы таныспа?<br>Балалардың жауабы.<br>Жазушы. Робинзон Крузо деген шығармасы бар.<br>Тыңдалым мәтіні. (қосымша материал ретінде пайдалану үшін екі мәтін таратылады.)<br>Мәтін жазушының өмірбаяны.<br>Даниэль Дефо (Үлгі:IPA-en; 1660, Лондон -1731) - Ағылшын жазушысы, публицист. Атақты «Робинзон Крузоның өмірі мен таңғажайып, қызықты оқиғалары» романының авторы. Оның ата-бабаларының фамилиясы Фо болған, жазушы оған «Де» әріптерін қосқан. Дефоның әкесі қолөнерші болып, шеберхана ұстаған. Ол ұлын рухани академияға берген. Болашақ жазушы онда француз, итальян, испан және | Екі жазушыны салыстырады. Бірін фантаст жазушы, екіншісін драмалық жазушы екенін ажыратады. Ерекшеліктерін анықтайды. | | |


| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Талдау | латын, көне грек тілдерін үйренді. Дефо Диссентер колледжін бітірді. Ол кәсіпкер шарап сатушы болып, Франция, Италия, Испания және Португалия елдерінде болды.<br>Өзінің алғашқы шығармаларынан бастап, Дефо буржуазиялық өкіметке қарсы болды. Ол герцог Монмауттың Яков II ге қарсы көтерілісіне қатысты.1688-1689 ж.ж. мемлекеттік төңкерісті жақтады. Өзінің саяси көзқарасы үшін Дефо абақтыда да отырды. 1731 ж. 26 сәуірде кредиторлардан қашып жүрген кезде семьясынан алыс жерде қайтыс болды.<br>Дефо өз заманының саяси өмірі, экономикасы, моралі, діні, тарихы жайлы көптеген публицистикалық шығарма жазды. «Таза қанды ағылшын» (1701) атты өлеңмен жазылған памфлетінде дандайсыған ақсүйектерді, діни фанатизмді әшкереледі. Дегенмен, Дефо көптеген шығармаларында буржуазиялық құрылыстың нығаюын, сауда-саттықтың дамуын қуаттады («Жобалардың тәжірибесі», 1697 ж.). Дефоның тұңғыш романы «Робинзон | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Крузо» оны дүние жүзілік даңққа бөледі. «Робинзон Крузодан» (1719) кейін Дефо «Капитан Сингльтон» (1720), «Молль Флендерс» (1722), «Полковник Жактың тарихы» (1722), «Роксана» (1724), «Капитан Карлтонның мемуары» (1728) романдарын жазды.<br>Мәтіннен алған ақпараттары бойынша «Вен диаграммасын» құрастыру.<br><br><br>Екі жазушыны салыстырып ортақ ерекшеліктерін анықтау.<br><br><br>Болжалдық сан есім теориясын кесте бойынша түсіндіру. | | | |
| Сабақтың соңы<br>Жинақтау | Топқа тапсырма.<br>Мына сөйлемдердегі сан есімдерді болжалдық сан есімге айналдырып жаз.<br>1.1688-1689 ж.ж. мемлекеттік төңкерісті жақтады. Өзінің саяси көзқарасы үшін Дефо абақтыда да отырды.<br>2.«Таза қанды ағылшын» (1701) атты өлеңмен жазылған памфлетінде дандайсыған ақсүйектерді, діни фанатизмді әшкереледі.<br>3.1697 ж.). Дефоның | Болжалдық сан есімді түсінеді.<br>Тапсырма орындайды | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Бағалау | тұңғыш романы «Робинзон Крузо» оны дүние жүзілік даңққа бөледі. «Робинзон Крузодан» (1719) кейін Дефо «Капитан Сингльтон» (1720), «Молль Флендерс» (1722), «Полковник Жактың тарихы» (1722), «Роксана» (1724), «Капитан Карлтонның мемуары» (1728) романдарын жазды.<br>Бүгінгі сабақта нені үйрендің?<br>1.Сен үшін бұл бөлімде қай мәліметтер маңызды болды?<br>2.Өз жұмысыңа, сыныптастарыңның топ ішіндегі әркетіне көңілің толды ма?(өзіңнің және топтың білімін бағала)<br><br>Үйге тапсырма:18-бет 3-тапсырма | Сұрақтарға жауап береді | | |

Каирбекова Акмарал Абылайханкызы
«Павлодар қаласы №14 жалпы білім беру орта мектебі» КММ

| | |
|---|---|
| Бөлім: | 10-бөлім Наурыз және әлем халықтары-ның оны қарсы алу ерекшеліктері Б.Ж.Бопай<br>ұлы «Қазақы наурызнама» (үзінді). |
| Педагогтің аты-жөні | Каирбекова Акмарал Абылайханкызы<br>Павлодар қаласы №14 жалпы білім беру орта мектебі |
| Күні | |
| Сынып | 8- сынып |
| Сабақтың тақырыбы | Наурыз- түркі халықтарының дәстүрлі мейрамы |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты | 8.2.2.1 түрлі жанрдағы көркем мәтіндерге сүйене отырып, көңіл-күйді білдіруде ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті |
| Қайталауға арналған сабақтың сәйкестік мақсаты | 7.2.2.1 кеңес беру, ұсыныс жасау, өтініш, талап, ету, бұйрық берудің түрлі формалары мен жағдаяттарына сай ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын қолдана білу. |
| Сабақтың мақсаты | Негізгі сабақ мақсаты: түрлі жанрдағы көркем мәтіндерге сүйенеді көңіл-күйді білдіруде ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикетін қолданады.<br>7- сыныпта өткен материалды қайталау мақсаты: кеңес беру, |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | ұсыныс жасау, өтініш, талап, ету, бұйрық берудің түрлі формалары мен жағдаяттарына сай ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын қолдана біледі. | | | |
| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | ресурстар |
| Сабақтың басы | Оқушылармен сәлемдесу.<br>Қызығушылығын ояту<br>«4 сурет, 1 сөз»<br>Суреттерге қарап, тақырыпты 1 сөзбен айтыңыз.<br><br><br><br> <br>Оқу мақсаттары, бағалау критерийлері және дескрипторлармен таныстыру | Суреттерге қарап, тақырыпты ажыратады | | |
| Сабақтың ортасы | Мағынаны тану сыныппен жұмыс · Балалар, Наурыз мерекесінің маңызы қандай? · Бұл мереке басқаларынан несімен ерекшеленеді? Қай елдерде тойланады?<br>Оқушыларға Наурыз мейрамы туралы бейнематериал көрсетіледі.<br>«Ыстық орындық» белсенді әдісі арқылы сұрақтарға жауап беріңіз<br>Сұрақтар:<br>1. Көктемде қандай мерекелер бар ?<br>2. 8 наурызда кімді құттықтаймыз? | Бейнематериалды қарайды. Өз ойларын айтады.<br><br>«Үш сұрақ» әдісі | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 3. Шығыс халықтары жаңа жылды қашан тойлайды?<br>Наурыз мейрамы басқа елдерде қалай тойланады екен?<br>Өзбекстан халқы «Навруз» мейрамына 15-20 күн алдын ала дайындала бастайды. Яғни, арықтарды қоқыстан тазартып, ағаштардың түбін әктейді. Әр махалла (көше, ауыл) Наурыз мерекесін өз көшесінде тойлайды. Мейрам қарсаңында Наурызкөжеге ұқсас «сумаляк» немесе ханпалау әзірлейді. Бұл — бидай қайнатылып, мақтаның майын қосу арқылы дайындалатын тағам. «Сумаляк» өмірді, молшылықты білдіреді.<br>Түрікменстанда «Новруз» мейрамы ресми түрде 1992 жылдан бері аталып келеді. Бұл елде дастарқан басына бидайдан жасалған тағам түрлері, халва және ұннан жасалған ас түрлері қойылады. Дегенмен түрікмендер үшін ең басты тағам бидай сабағынан дайындалған «семене» болып есептеледі.<br>Сөздікпен жұмыс. Сөз тіркестерін, сөйлемдер құрайды.<br>әктеу- белить<br>әзірлейді — готовят<br>молшылық — изобилие, достаток<br>ресми — официальный | Жаңа сөздермен сөз тіркестерін, сөйлемдер құрайды;<br>Мәтінді оқып аудару барысында жаңа сөздерді дұрыс қолданады;<br>Мәтін бойынша сұрақтар қойып, жауап береді;<br>Мәтін бойынша алған мәліметтерді үш сөйлеммен сипаттап береді.<br>Үш сөйлеммен сипаттайды | | «Ойлан, жұптас, талқыла» әдісі |

<table>
<tr><td></td><td>бидай сабағы — стебель пшеницы есептеледі — считается<br>Мәтінді оқып, аударады.<br>«Нақтылық — талант» әдісі. Мәтінді үш сөйлеммен сипаттап береді.</td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Сабақтың соңы</td><td>Ой тоғаныс<br>Мәтіндегі әр халықтың Наурыз мерекесін тойлаудағы ұқсастықтары мен ерекшеліктерін Венн диаграммасы бойынша салыстырыңдар.<br><br><br>«Сабақ мазмұны бойынша ойынды білдір»<table><tr><td colspan="2">Сабақ мазмұны бойынш</td></tr><tr><td>Қандай жаңа білім алдың?</td><td>Алған біліміңді қолдана аласың ба?</td></tr><tr><td></td><td></td></tr></table>Үйге тапсырма: 67-бет 4 тапсырма</td><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>

Наурыз мейрамы туралы бейнематериал
https://yandex.kz/video/preview/?filmId=7188111560674680416&url=http%3A%2F%2Fok.ru%2Fvideo%2F564040372613&text=%D0%9F%D1%80%D0%B0%D0%B7%D0%B4%D0%BD%D0%B8%D0%BA%20%D0%9D%D0%B0%D1%83%D1%80%D1%8B%D0%B7.%20%20%D0%9D%D0%B0%D1%83%D1%80%D1%8B%D0%B7%20%D0%BC%D0%B5%D0%B9%D1%80%D0%B0%D0%BC%D1%8B&path=sharelink

V. Сабақтан тыс уақытта толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары (36. 3-кесте)

36.3. Толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары

1) «Тыңдалым»:

| Білім алушылар: | |
|---|---|
| Дағдылар | Оқыту мақсаттары |
| | 7-сынып |
| 3. Сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсіну | 7.1.3.1 әлеуметтік - мәдени тақырыптарға байланысты қажетті сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсіну |
| 4. Көркем шығармаларды тыңдау | 7. 1.4.1 повестердің және лирикалық поэзиялық шығармалардан үзінді тыңдау, тақырыбы мен идеясын талдау |

2) «Айтылым»:

| Білім алушылар: | |
|---|---|
| Дағдылар | Оқыту мақсаттары |
| | 7-сынып |
| Сөздік қорының алуандылығы | 7.2.1.1<br>мақал-мәтелдер, терминдер мен неологизмдерді орынды қолдана отырып, мәтін мазмұнын дамыту. |
| Визуалды материал дар арқылы тілді дамыту | 7.2.6.1<br>кесте, диаграмма, шартты белгілер, суреттер мен сызбаларда берілген ақпаратты сипаттау. |

3) «Оқылым»:

| Білім алушылар: | |
|---|---|
| Дағдылар | Оқыту мақсаттары |
| | 7-сынып |
| Стильдік ерекшеліктерді анықтау | 7.3.2.1<br>ресми -іскерлік (өтініш, нұсқаулық, ресми құттықтаулар, ұсыныстар) салаға қатысты мәтіндердің тілдік ерекшелігін анықтап, талдау жасау |

4) «Жазылым»:

| Білім алушылар: | |
|---|---|
| Дағдылар | Оқыту мақсаттары |
| | 7-сынып |
| Эссе жазу | 7.4.2.1<br>эссе құрылымы мен дамуын сақтап, көтерілген мәселе бойынша келісу-келіспеу себептерін айқын көрсетіп жазу |

5) Тілдік бағдар»:

| Білім алушылар: | |
|---|---|
| Дағдылар | Оқыту мақсаттары |
| | 7-сынып |
| | 7.5.1.2<br>Салыстырмалы, күшейтпелі, асырмалы шырайлардың қызметін білу, жазба, ауызша жұмыстарда қолдану |

VI. Кіріктіруге болмайтын оқыту мақсаттары қарастырылатын консультациялардың кестесі

Білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды толықтыру үшін 8-сыныпта «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнін оқу барысында кіріктіруге болмайтын оқыту мақсаттары бойынша каникул кездерінде (күзгі, қысқы, көктемгі) кеңестер өткізу ұсынылады.

Төмендегі кесте демалыс кездерінде (күзгі, қысқы, көктемгі) өткізілетін

кеңестердің кестесінің үлгісі келтірілген (37.4-кесте).

37.4-кесте – Демалыс кездерінде (күзгі, қысқы, көктемгі) өткізілетін консультациялардың кестесі

1) «Тыңдалым»:

| Өткізілетін мерзімі | Тақырыптың атауы | Көркем шығармалар | Оқыту мақсаттары |
|---|---|---|---|
| Қысқы демалыста | Ұқсатым. Сән. Талғам. | Ақан сері «Жігіт сипаты», «Қыз сипаты» | 7.1.3.1 әлеуметтік - мәдени тақырыптарға байланысты қажетті сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсіну. |
| Қысқы демалыста | Ғаламтормен дұрыс жұмыс жасау - мәдениет | Жюль Верн «Әлемді сексен күн ішінде шарлау» романы (үзінді) | 7.1.4.1 повестердің және лирикалық поэзиялық шығармалардан үзінді тыңдау, тақырыбы мен идеясын талдау. |

2) «Айтылым»:

| Өткізілетін мерзімі | Тақырыптың атауы | Көркем шығармалар | Оқыту мақсаттары |
|---|---|---|---|
| Қысқы демалыста | Ұқсатым. Сән. Талғам. | Ақан сері «Жігіт сипаты», «Қыз сипаты» | 7.1.3.1 әлеуметтік - мәдени тақырыптарға байланысты қажетті сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсіну. |
| Қысқы демалыста | Ғаламтормен дұрыс жұмыс жасау - мәдениет | Жюль Верн «Әлемді сексен күн ішінде шарлау» романы (үзінді) | 7.1.4.1 повестердің және лирикалық поэзиялық шығармалардан үзінді тыңдау, тақырыбы мен идеясын талдау. |

3) «Оқылым»:

| Өткізілетін мерзімі | Тақырыптың атауы | Көркем шығармалар | Оқыту мақсаттары |
|---|---|---|---|
| Көктемгі демалыста | Наурыз мейрамы.Ақ мол болсын! Ұлыс оң болсын! | М.Мақатаев «Наурыз» | 7.3.2.1. ресми -іскерлік (өтініш, нұсқаулық, ресми құттықтаулар, ұсыныстар) салаға қатысты мәтіндердің тілдік ерекшелігін анықтап, талдау жасау. |

4) «Жазылым»:

| Өткізілетін мерзімі | Тақырыптың атауы | Көркем шығармалар | Оқыту мақсаттары |
|---|---|---|---|
| Көктемгі демалыста | Наурыз мейрамы. Ақ мол болсын! Ұлыс оң болсын! | Ғ.Мұстафин «Шығанақ» романы (үзінді) | 7.4.2.1 эссе құрылымы мен дамуын сақтап, көтерілген мәселе бойынша келісу-келіспеу себептерін айқын көрсетіп жазу. |

5)«Тілдік бағдар»:

| Өткізілетін мерзімі | Тақырыптың атауы | Көркем шығармалар | Оқыту мақсаттары |
|---|---|---|---|
| Көктемгі демалыста | Уақыт –ұлы күш. | Абай Құнанбаев «Сағаттың шықылдағы емес ермек» | 7.5.1.2 Салыстырмалы, күшейтпелі, асырмалышырайлардың қызметін білу, жазба, ауызша жұмыстарда қолдану. . |

VII. Жазғы мектеп кезінде ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгісі (2-3)

Білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды толтырудың тағы бір жолы – Жазғы мектепті ұйымдастыру. Жазғы мектеп кезінде өткізілетін сабақтар 7-сыныпқа арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша оқу бағдарламасына сәйкес келесі тақырыптарды қайталау мен пысықтау ұсынылады:


Әрі қарай республика мектептерінің педагогтері әзірлеген сабақтардың қысқа мерзімді жоспарларының үлгілері ұсынылады:

Ахметова Ж.З

| | | |
|---|---|---|
| Бөлім: Тарихи тұлғалар тарылығы | Мектеп: | |
| Күні: | Мұғалімнің аты-жөні: Ахметова Ж.З. | |
| Сынып: 8 | Қатысқан оқушылар саны: | Қатыспағандар: |

| Сабақтың тақырыбы | Тарихи тұлғалар |
|---|---|
| Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары | 8.3.4.1 - мәтіндердің түрлерін, тілдік ерекшеліктерін салыстырып, талдау жасау.<br>8.5.1.5 - демеулік шылаулардың (сұраулық, күшейткіш) қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдану. |
| Сабақтың мақсаттары | Оқушылардың барлығы істей алады:мәтіннің мазмұнын түсінеді<br>Оқушылардың көбі істей алады: мәтіннің мазмұнын түсінеді, бір-бірімен салыстырады<br>Кейбір оқушылар істей алады: мәтіннің мазмұнын түсінеді, бір-бірімен салыстырып талдау жасайды |
| Қайталауға арналған сабақтың сәйкестік мақсаты | 7.3.4.1мәтіндердің идеясын, мақсатты аудиториясын салыстырып, талдау жасау. |
| Бағалау критерийлері | Мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау |
| Дескрипторлар | Мәтіннің мазмұнын түсінеді<br>Сұраққа жауап береді<br>Өз мәтіні бойынша сұраулық шылауларды қолдана отыра сұрақ құрастырады |
| Тілдік мақсаттар | Лексикалық минимум:Шала, дөңбекшу, толқысу, айдарлану, кіреуке, түрегелу |

| | |
|---|---|
| | Диалог және жазылым үшін қажетті сөз тіркестер:<br>менің ойымша, меніңше, қорытындылай келе, |
| Құндылықтар | Оқушылар бір-бірін тыңдауда шыдамдылық таныта біледі, сыныптастарына құрметпен қарайды. |
| Пәнаралық байланыс | тарих |
| Осыған дейін меңгерілген білім | Тарихи тұлғалар тағылымы. Т.Әлімқұлов «Қараой» әңгіме. |

| Жоспар | | |
|---|---|---|
| Педагогтың әрекеті | Оқушының әрекеті | Ресурстар |
| Ұйымдастыру кезеңі. Амандасу.Көтеріңкі көңіл-күй орнату үшін *«Көңіл-күйім» әдісін* қолдану арқылы сабақтың басталуына жағымды ықпал ететін көңіл-күй қалыптастыру. Кабинеттің төрт бұрышына смайликтер жапсырылады. Смайликтер түрлі көңіл-күйді бейнелейді. Оқушылар өз көңіл-күйіне сәйкес келетін смайликтің жанына барады. Бір-біріне жақсы тілектер айтады | | Слайд суреттер |
| Кіріспе Қызығушылықты ояту кезеңі. Бұл екі адамның арасында қандай _____ байланыс бар деп ойлайсыңдар?   | Сұрақтарға жауап береді | |
| Сөздікпен жұмыс<br>Сөздердің мағынасын анықтау.<br>Шала –<br>Дөңбекшу –<br>Толқысу –<br>Айдарлану –<br>Кіреуке –<br>Түрегелу – | Сөздерді оқып, мағынасын ажыратады | |
| А мәтіні<br>Мәтін не туралы?<br>Мәтіннің стильдік ерекшелігі неде?<br>Тілдік ерекшелік тері қандай? Ұқсасты-Ұқсастықтары неде? Ә мәтіні<br>Мәтін не туралы?<br>Мәтіннің стильдік ерекшелігі неде?<br>Тілдік ерекшелік тері қандай? | Оқушылар туған айларына байланысты жұпқа бөлінеді. Жұпта берілген кестені толтырады. | |

| | | |
|---|---|---|
| Дескриптор<br>Мәтіндердің ерекшеліктері мен ұқсастығын анықтайды | | |
| Оқылымнан кейінгі тапсырма.<br>«Ыстық орындық »әдәсі бойынша жұмыстырын тексеру | «Ыстық орындық» әдісі арқылы әр жұп өз жұмыстарымен таныстырады. | |
| Айтылым.<br>Рөлдік ойын. Мәтіндер мазмұны бойынша бірің — тележүргізуші, екіншің жазушының рөлінде шағын сұхбат құрыңдар.<br>Дескриптор:<br>сұхбат құрастырады<br>сұрақтарды сұраулық, күшейткіш демеуліктерді пайдаланады | Сұраулық, демеулік шылауларды қолдана отырып сұхбат құрастырады | |
| Бағалау. «Бағдаршам» әдісі арқылы бағалау арқылы жүргізу<br>Дескрипторлар.<br>Сұраққа жауап береді<br>Өз мәтіні бойынша сұраулық шылауларды қолдана отыра сұрақ құрастырады | | |
| Мұғалімнің кері байланысы Рефлексия.<br>Бүгін сабақта не білдім?<br>Не қиын болды?<br>Бүгінгі алған білімімді қайда пайдалана аламын?<br>Жұпта, топта кіммен жұмыс істеу қызықты болды? Неге?<br>Өзім үшін қандай құнды мәлімет алдым? | Оқушылар стикерге сабаққа кері байланыс жазады. | |

| | | |
|---|---|---|
| Сабақтың соңы | Мұғалімнің кері байланысы Рефлексия.<br>Бүгін сабақта не білдім?<br>Не қиын болды?<br>Бүгінгі алған білімімді қайда пайдалана аламын?<br>Жұпта, топта кіммен жұмыс істеу қызықты болды? Неге?<br>Өзім үшін қандай құнды мәлімет алдым? | Оқушылар стикерге сабаққа кері байланыс жазады. |


Каирбекова Акмарал Абылайханкызы
«Павлодар қаласы №14 жалпы білім
беру орта мектебі» КММ

| | |
|---|---|
| Бөлім: | 1-бөлім: Ғаламтормен дұрыс жұмыс жасау – мәдениет |
| Педагогтің аты-жөні | Каирбекова Акмарал Абылайханкызы |

| | |
|---|---|
| | Павлодар қаласы №14 жалпы білім беру орта мектебі |
| Күні | |
| Сынып | 8-сынып |
| Сабақтың тақырыбы | Ғаламтормен дұрыс жұмыс жасау - мәдениет |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты | 7.1.4.1 повестердің және лирикалық поэзиялық шығармалардан үзінді тыңдау, тақырыбы мен идеясын талдау. |
| Сабақтың мақсаты | Шығармадан үзінді тыңдайды, тақырыбы мен идеясын анықтайды. |

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы | Оқушылармен сәлемдесу, түгендеу, бүгінгі сабаққа сәттілік тілеу.<br>Қызығушылығын ояту.<br>Ғаламтор жайлы деректі бейнебаян көрсету.<br>https://yandex.kz/video/preview/?filmId=11778395687011919638&from=tabbar&parent-reqid=1632648867705345-475395849274048028 9-sas2-2384-sas-l7-balancer-8080-BAL-7696&text=ғаламтор+жайлы+мәлімет<br>бейнебаян негізінде алған ақпараттарымен бөлісу.<br>Жаңа сабақ алдындағы кіріспе. Топқа бөлу.<br>Жұлдызшалар арқылы 2 топқа бөлемін.<br>I-топ «Білімділер»<br>II-топ «Өнерлілер» | Бейнебаянды көреді.<br>Ақпараттарме н бөліседі.<br><br>Топқа бөлінеді | | |
| Сабақтың ортасы | Мағынасын ашу.<br>Мәтінді мұқият тыңдаңыздар.<br>Ғаламтордың пайдалы жақтары<br>Ғаламтор - ғылым мен техниканың шынайы жетістігі. Ол - сөзсіз. Интернетті қолдана алатын кез келген адам өзіне қалаған ақпарат мен мағлұматты тауып, қажетіне жарата алады. Мазалап жүрген сауалдарының жауабын табады. Әлемдік жаңалықтар мен оқиғалардан хабардар болып отыруға көмектеспек. Бұл жағынан интернет адамның білімі мен қабілетін, тұлғалық қасиеттерін дамытуға ықпал етеді. Ғаламторда | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | шек жоқ. Алыста жүрген ата-анаңмен де, туған-туыстарыңмен де емін-еркін байланыс ұстайсың, сөйлесесіз, хабарласасың. Тіпті, адамдардың қолы жетпейтін жерге осы ғаламтордың қолы тиіп тұр.<br>Ғаламдық желі, сөзсіз, адамның білімін жетілдіруге көмектесетін құрал. Соның арқасында шет тілін үйреніп, түрлі курстар мен тренингтерге қатысуға болады. Одан бөлек, ғаламтор - нағыз табыс көзіне айналып отырған сала. Онымен табыс тауып отырғандар да аз емес.<br>Ғаламтордың зияны<br>Өкінішке орай, жоғарыда айтылған ғаламтордың артықшылықтарына қарамастан, оның зиян жақтары да көп болып шықты. Ғаламторға деген тәуелділік қазір ғаламдық мәселеге айналып бара жатыр. Соның кесірінен адамдар арасындағы күнделікті байланыс бұзылып барады. Адамдар бір-бірімен сөйлесуді, әңгімелесуді, сырын бөлісуді ұмытып бара жатқандай. Жылы шырай танытып, шүлдірлеп сөйлесуден, жанды, табиғи қатынастан қалып барамыз. Ғаламтордың келесі зиянды тұсы - адамның денсаулығы. Компьютер алдында ұзақ отырған адамның денсаулығы да нашарлай түседі. Өйткені ол қозғалыстан қалып, оның соңы бел, арқа, көз ауруларына әкелуі мүмкін. Одан бөлек, қазіргі таңда ғаламторда алаяқтар да көбейді. Олардан сақтанудың да қамын жасаған абзал. (Ақпарат дереккөзі: https://massaget.kz/layfstayl/tehno/60742/)<br>Мәтінді мұқият тыңдап, төмендегі тапсырманы орындаңыздар.<br>Топқа тапсырма.<br>1-тапсырма Мазмұны не туралы екенін айтыңыз.<br>2-тапсырма<br>1. Сұрақтарға жауап беріңіз, | Мазмұнын айтады.<br><br>Сұрақтарға жауап береді. | | |

<table>
<tr><td></td><td>мәтіндегі негізгі ақпараттарды анықтаңыз.<br>2. Мәтінді қалай атауға болады? Неге?<br>3. Уақыт туралы қандай ақпараттар айтылады?<br>4. А. Суворовтың «Ақша қымбат, адам өмірі одан қымбат, ал уақыт бәрінен қымбат » деген сөзін қалай түсінесің?<br>5. «Өмір қысқа, уақыт – құнды. Таңды жақсы көңіл-күймен бастап, кешінді рақмет айтумен аяқта. Ештеңе білмей өткен уақыт өлген уақыт» деген пікірмен келісесіз бе?<br>3- тапсырма. Ғаламтордан Жюль Верн «Әлемді сексен күн ішінде шарлау» романы (үзінді) тауып оқу.<br><br>Оқыған үзінді бойынша тапсырма.<br>Сұрақ-жауап.<br>1.Үзінді жанрын анықтаңыздар.<br>2.Романның авторы кім?<br>3.Романның негізгі идеясын табыңыздар?<br>4. Кейіпкерлерін атаңыздар.</td><td>Үзіндіні оқиды. Негізгі идеясын анықтайды. Сұрақтарға жауап береді.</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Сабақтың соңы</td><td>4- тапсырма<br>SWOT талдау.<br>Кестені толтырыңыздар.<table><tr><td>Күшті</td><td>әлсіз</td></tr><tr><td>Мүмкіндік</td><td>қауіпті</td></tr></table><br>Үйге тапсырма: мына төмендегі сілтеме бойыынша бейнебаянды көріп түсінігін айтып келу.<br>https://yandex.kz/video/preview/?text=Ғаламтордан%20Жюль%20Верн%20«Әлемді%20сексен%20күн%20ішінде%20шарлау»%20қмж&path=wizard&parent-reqid=1632650580404213-726884201086801484 9-sas2-2384-</td><td>Кестені толтырады</td><td></td><td></td></tr>
</table>

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | sas-l7-balancer-8080-BAL-1830&wiz_type=vital&filmId=7761405630708506666&url=http%3A%2F%2Fok.ru%2Fvideo%2F40240351796 | | | |

Каирбекова Акмарал Абылайханқызы
«Павлодар қаласы №14 жалпы білім
беру орта мектебі» КММ

| | |
|---|---|
| Бөлім | |
| Педагогтің аты -жөні | Каирбекова Акмарал Абылайханкызы<br>Павлодар қаласы №14 жалпы білім беру орта мектебі |
| Күні | |
| Сынып | 8- сынып |
| Сабақтың тақырыбы | Уақыт –ұлы күш. |
| Оқу бағдарламасына сәйкес мақсаты | 7.5.1.2 Салыстырмалы, күшейтпелі, асырмалы шырайлардың қызметін білу, жазба, ауызша жұмыстарда қолдану. . |
| Сабақтың мақсаты | Шырай түрлерін түсінеді, жазбша, ауызша жұмыстарда қолданады |

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурс |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы | Оқушылармен сәлемдесу, түгендеу<br>Ширату жаттығу. «Артығын алып таста»<br> <br> <br> <br>Оқушыларға сөздер немесе суреттер жинағын (сабақ тақырыбымен байланысты) көрсетеді. Олар қай сөз немесе сурет қалғандарына қатысты емес екенін анықтау керек.<br>Осы сурет жайлы мақал ойлан: «Ерте тұрған адамның бір ісі артық» т.б<br>Осыдан бүгінгі күннің тақырыбы мен мақсаты айтылады.<br>(интерактивті тақтадан көрсетіледі) | Суреттердің сабаққа қатысы жоғын алып тастайды. Мақал құрастырады | | https://yandex.kz/images |
| Сабақтың ортасы | Мәтінді мұқият оқып шығыңыздар.<br>Уақыт – бағалы сый. Сарқылмас қазына һәм қайтарымсыз алтын жақұт. | | «Бас бармақ» әдісі | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Біз болып, сіз болып тек уақытты басқара алмаймыз. Бірақ дұрыс пайдаланылған уақыт зая емес. Осы тұрғыда А. Суворовтың «Ақша қымбат, адам өмірі одан қымбат, ал уақыт бәрінен қымбат » деген сөзі еске түседі. Зымырап жатқан уақыттың қадірін түсініп, әрекет етудеміз бе? Күн сайын өз игілімізге жұмсап жатырмыз ба? Егер сұрақ жауабы «жоққа» әкеліп тіресе, онда сіздің заман ағымынан қалып бара жатқаныңыз.<br>Неге ұлы ғұламалар, шешендер, көсемдер, билер тіптен ата-әжелеріміз уақыт жайлы әркез ой өрбітіп, келешек ұрпаққа өсиет қалдырған? Өйткені уақыт, өзін әрдайым бәріне төреші екенін дәлелдей түсті. Ал, әр ғасырдың бай адамдары табысқа қол жеткізгенін қалай баяндады? Барлық іскердің сондағы айтқаны бір : «Өмір қысқа, уақыт – құнды. Таңды жақсы көңіл-күймен бастап, кешіңді рақмет айтумен аяқта. Ештеңе білмей өткен уақыт өлген уақыт». Бұдан түйетініміз: уақытты бастамай жатып, жоғалтып алмау керек. (Ақпарат дереккөзі: https://massaget.kz/blogs/omirdin_ozi/26325/)<br>1-Тапсырма. Мәтінді мәнерлеп оқыту.<br>2-тапсырма.<br><table><tr><th>Оқудың алдында</th><th>Оқу кезіңде</th><th>Оқыған кейін</th></tr><tr><td>«Осы мәтінде кездестіремін деп ойлайтын бес сөзді атаңыз».</td><td>«Берілген әр абзацты 5 сөзбен қорытындылаңы ».</td><td>... тура сіздің пікірі қандай?».</td></tr></table><br>3. «Алты неліктен» әдісі (жазбаша жұмыс)<br>1. Неліктен...<br>2. Неліктен...<br>3. Неліктен...<br>4. Неліктен...<br>5. Неліктен...<br>6. Неліктен...<br>Тапсырманы «Смайликтер» әдісі | Тапсырманы орындайды | арқылы бағалау | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | арқылы бағалау.<br><br>Тапсырманы «Өзара бағалау»<br><br>4. «Мәтінді өзара редакциялау» әдісі<br>Осы тапсырмаларды орындағанда орфографиялық нормасына көңіл бөлу.<br>1-кезең. Қошемет сөздер.<br>Мәтіннің 1-абзацын көшіріп жазып, авторға арнап 3 қошамет сөз жаз.<br>1.<br>2.<br>3.<br>2-кезең Ұсыныстар<br>Абзацты қайтадан оқып, авторға мәтінді жақсарту жолдары туралы 3 ұсыныс жаз.<br>1.<br>2.<br>3.<br>3-кезең Түзетулер<br>Абзацты қайтадан оқыңыз. Орфографиялық қателерді белгіле, дауысты дыбыс ерекшеліктерін ажырат.<br>Абай Құнанбаев «Сағаттың шықылдағы емес ермек» өлеңін оқып мазмұнын түсіну.<br>5-тапсырма: «Сағаттың шықылдағы емес ермек» (топтық жұмыс)<br>Өлеңді мұқият оқу<br>Сағаттың шықылдағы емес ермек,<br>Һәмишә өмір өтпек ол білдірмек.<br>Бір минут бір кісінің өміріне ұқсас,<br>Өтті, өлді, тағдыр жоқ қайта келмек.<br><br>Сағаттың өзі ұры шықылдаған,<br>Өмірді білдірмеген, күнде ұрлаған.<br>Тиянақ жоқ, тұрлау жоқ, келді, кетті,<br>Қайта айналмас, бұрылмас бұлдыр заман.<br><br>Өткен өмір белгісі осы сыбдыр,<br>Көңілді күнде сындыр, әлде тындыр.<br>Ақыл анық байқаған қылығынды,<br>Қу шыққансып қағасың босқа бұлдыр.<br><br>Күн жиылып ай болды, он екі ай жыл, | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Жыл жиылып, қартайып қылғаны бұл.<br>Сүйенген, сенген дәурен жалған болса,<br>Жалғаны жоқ бір тәңірім, кеңшілік қыл.<br>«Уақыт тізбегі» сызбасын пайдаланып өлеңнің мазмұнын айту<br><br><br>ТД: Сөздер мен сөз тіркестерін табады<br>ОД: Сөйлемдерді аяқтайды<br>Кесте арқылы шырай түрлерін ажыратыңыздар.<br>Сын есім / асырмалы / Салыстырмалы / Күшейтпелі<br>Сары<br>Жасыл<br>Тәтті<br>Ащы<br>Қара<br>ақ | | | |
| Сабақ - тың соңы | Үйге тапсырма. Өленді жаттау | | | |

Бектіғұлова Назира Мақұлбекқызы
Жамбыл облысы Меркі ауданы Иван Трубицын атындағы №17 ЖОББМГ

| | |
|---|---|
| Бөлімі: | Көшпенділер мәдениеті |
| Педагогтің аты-жөні: | Жамбыл облысы Меркі ауданы Иван Трубицын атындағы №17 ЖОББМГ<br>Бектіғұлова Назира Мақұлбекқызы |
| Күні: | |
| Сыныбы: | 9 |
| Сабақтың тақырыбы: | Ұлттық құндылық |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты: | 9.3.5.1 қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерден қорытынды жасау, өз көзқарасын білдіру;<br>8.3.5.1 қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді қолдана отырып, мәтінге өзгеріс енгізу, ерекшеліктерді бақылау |
| Сабақтың мақсаты: | Барлық оқушылар:алынған мәліметтерден қорытынды жасайды;<br>Оқушылардың басым бөлігі : кесте мен сызбаларда берілген ақпараттарды өзара салыстырып талдай алады; |


| | |
|---|---|
| | Кейбір оқушылар: қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерден қорытынды жасай отырып, өмірмен байланыстыра алады; |

Сабақтың барысы:

| Сабақ кезеңі/Уақыты | Педагогтің іс-әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы<br> | Айтылым<br>Ынтымақтастық орнату.<br>Білім алушыларды «Тайқазан» және<br>«Алтын адам» деп екі топқа бөлемін.<br>Сабақтың мақсатымен таныстыру.<br>Жеке жұмыс. «Қабырғадағы сурет» әдісі арқылы білім алушылардың білімін жан-жақты тексеру.Суреттегі ұлттық құндылықтарды атап, өзіндік ерекшеліктерін айтады.<br><br>Жеке жұмыс.<br>Айтылым.<br>«Қабырғадағы сұрақ» әдісі арқылы<br>білім алушылардың білімін жан-жақты<br>тексеру.<br>Суреттердегі ұлттық құндылықтарды атап өзіндік ерекшеліктерін атайды.<br><br> | Оқушылар топқа бөлінеді.Әр топ өз атауына отырады.<br><br>Оқушылар сұрақтарға жауап береді. Суреттерге қарап, ұлттық құндылықтардың ерекшелігін айтады. | Мұғалімнің бағалауы жүзеге асады.<br>Дескриптор сұрақтарға жауап береді; құндылықтардың ерекшелігін айтады |  |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | <br> | | | |
| Сабақтың ортасы<br> | Топпен жұмыс.<br>Айтылым.<br>«Тыңдау-көру-орындау»әдісі.<br>Бейнежазбадан ұлттық құндылықтарды анықтайды, мазмұнын сызба арқылы түсіндіреді.<br>I топ «ТАЙҚАЗАН»<br>Тайқазан-Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі алты ғасырлық тарихы бар қасиетті, алып қазан.<br>Бұл қазан әйгілі қолбасшы Әмір Темірдің тапсырысымен 1399 жылы 25 маусымда Түркістан қаласының батысында, 27 шақырым жерде орналасқан Қарнақ елді мекенінде<br>құйылған. Ирандық шебер Әбділ Әзиз Шарафаддин Тебризи жасаған.Қазан сыртындағы араптың гүлденген сульс және куфи қолтаңбаларымен жазылған үш қатар жазудың біріншісінде оны Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне арналып жасалғаны туралы айтылады.1935 жылы тайқазанды Санкт-Петербургтегі атақты музей Эрмитажға, Иран шеберлерінің III Халықаралық | Оқушылар бейнежабаны көріп, ұлттық құндылықтарды анықтап, мазмұнын сызба арқылы көрсетеді. Әр топ өзіне тиесілі тапсырманы орындайды. | Ауызша кері байланыс беру.<br>Жақсы!<br>Тамаша!<br><br>Дескриптор:<br>бейнежазбаны көреді;<br>ұлттық құндылықтар-ды анықтайды;<br>сызбаға түсіре-ді | Бейне жазба<br>https://youtu.be/4H-tTKClJa4 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | конференциясына алып кетеді. Жарты ғасырдан астам уақыт сонда тұрып, 1989 жылы 18 қыркүйекте ғана Түркістанға қайтарылды.<br>Тайқазан сирек кездесетін жеті асыл металдың(мырыш, латын, қола, қорғасын, мыс, күміс, темір) қоспасынан құйылған. Қазанның салмағы 2 тонна, сыйымдылығы 3 мың литр, биіктігі – 1,60 метр, диаметрі- 2,42 метр.Тұғырының биіктігі - 0,54 метр, диаметрі – 0,607м.Тайқазанның сыртқы бөлігінің өрнектелуі бес бөліктен тұрады.Бірінші жоғарғы бөлігінде қазанды айнала сулус қолтаңбасымен Құран Кәрім аятынан үзінді жазылып, ол Пайғамбар хадисімен жалғасады, одан соң қазанның кімге арнап жасалғаны, аяқталған жылы берілген.<br>II топ «АЛТЫН АДАМ»<br>Алтын адам (V ғ.) – Алматы облысы Есік қаласының солтүстігіндегі Есік өзенінің сол жақ жағалауындағы темір дәуірінен сақталған сақ обасынан табылған алтын киімді сақ жауынгерінің мүрдесі. 1969-1970 жылдары археолог Б. Нұрмұханбетов тауып, ғалым К.А. Ақышев әлемге жариялаған. Топырақ қорғандармен ұштасып жатқан қорым солтүстіктен оңтүстікке қарай 3 шаршы шақырым жерді алып жатыр. 40-тан астам обадан тұратын қорымның оңтүстік шетінде биіктігі 6 м, диаметрі 60 м үйінді төбе астынан екі қабір ашылды. Біреуі ертеректе тоналған. Екіншісінен жасы 17-18 шамасындағы сақ жауынгерінің мүрдесі ашылды.. Қабірдің оңтүстік және батыс шеттерінде металл, қыш, ағаштан істелінген ыдыстар, зергерлік бұйымдар қойылған. Қабір ағаш қақпақпен жабылып, темір құрсаулармен бекітілген, | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | еденіне тақтай төселген, ал адам қойылатын жеріне алтын жапсырмалармен безендірілген төсеніш салынған. Алтын адам киімі 4 мыңға жуық алтын әшекейлермен безендірілген. Әшекейлер барыс, бұлан, таутеке, арқар, ат, түрлі құс бейнелерін беретін «аң стилінде» жасалған. «Аң стилі» – әлемдік өнер атаулының ішіндегі биік белестердің біріне айналған ерекше құбылыс.<br>Алтын адам – Қазақстан тарихындағы ең танымал археологиялық қазба. Есік қаласында табылған сақ жауынгері, біздің еліміздің басты символына айналды. Бұл адамның жасы – 16-18, ал бойы – 165 см болған. Табылған қорған – ерте темір дәуіріне (б.з.б. VII–III ғасыр) жатады. Зерттеушілердің айтуынша, бұл жерлерде сақ тайпалары өмір сүрген. Зиратта 4000-нан астам алтын заттар, қылыш, қыштан жасалған 31 ыдыс, күміс табақтар, ағаш қасық, қола айна болды. Ғалымдар Алтын адамның қалай қайтыс болғандығын анықтады. Оның арқасына пышақ немесе қылыш соққысы жасалған. Оның бас киімінде төрт жебе бар, бұл әлемнің төрт жағын және ол адам, билеуші әулетке жататындығын білдіреді. Күміс ыдыстағы жазбалар, қай тілде жазылғаны әлі күнге дейін белгісіз. Зиратта табылған адамның қалдықтары әйелдікі болуы мүмкін.<br>Жұппен жұмыс. «Ментальді карта » әдісі.<br>Оқылым. Айтылым.Жазылым.<br>Мәтінді оқып,тақырыбын анықтап,мазмұнын ментальді картаға түсіріңдер. | Оқушылар мәтінді оқып, тақырыбын анықтайды, мәтін мазмұнын ментальді картаға түсіреді. | Ауызша кері байланыс беру. Жақсы! Тамаша! Дескриптор: жұппен жұмыс жасайды; ментальді картаны толтырады |  |
| Сабақтың соңы | «ПОПС» формуласын қолданып, мәтіндегі ақпараттар бойынша өз пікірлерін айтады.<br>Бірінші сөйлем. Менің | Фактілер мен мысалдар жазады.Түйін | Дескриптор: фактілер, | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | ойымша,...<br>Екінші сөйлем. Себебі мен оны ...<br>деп түсіндіремін.<br>Үшінші сөйлем. Оны мен ...<br>деген фактілермен,мысалдармен дәлелдей аламын.<br>Соңғы сөйлем. Осыған байланысты мен ...<br>деген түйін жасадым.<br>49-бет,10-тапсырма.<br><br>ББББ КЕСТЕСІ<br>Білемін \| Білгім келеді \| Білд<br><br>Кері байланыс<br>«Бағдаршам» әдісі<br>Қызыл- мүлдем түсінбедім<br>Сары- жартылай түсіндім<br>Жасыл-толық түсінікті | жасайды. | мысалдар жазады; қорытынды лайды |  |

Абильдина Перизат Азатовна
Караганды облысы «Абай қаласы № 1
қосымша білім беру мектеп -орталығы» КММ

| | |
|---|---|
| Пән: Қазақ тілі Т2<br>Күні<br>Сынып 8 | Бөлім: II. Сауда жасай білесің бе? |
| Педагогтің аты -жөні | Абильдина Перизат Азатовна Қарағанды облысы «Абай қаласы №1 қосымша білім беру мектеп-орталығы» КММ |
| Сабақтың тақырыбы | 2.7. Базарға қарап тұрсам әркім барар. |
| Оқу бағдарламасына сәйкес мақсаты | 8.1.6.1. тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде деректерді келтіре отырып, дәлелді жауап беру<br>8.5.1.1. Бөлшектік сан есімдерді жазба, ауызша жұмыстарды орынды қолдану. |
| Сабақтың мақсаты | Барлық оқушылар: тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде деректерді келтіре отырып, дәлелді жауап береді. Бөлшектік сан есімдерді жазба, ауызша жұмыстарда орынды қолданады. |
| Тілдік мақсаттар | Қанша? Қаншадан? |

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурс |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы | Ұйымдастыру кезеңі. Амандасу.Көтеріңкі көңіл-күй орнату үшін Менің көңіл - күйім» жаттығуын өткізеді. Мақсаты: оқушылардың көңіл - күйін игере білуге және | | | Слайд суреттер |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 7 минут | басқаруға, қадағалауға, дұрыс бағалай білуге тәрбиелеу Оқушылар алдарыңдағы бланкіге өз көңіл - күйлерін суреттеп салады | | | |
| Сабақтың ортасы | Сөздікпен жұмыс<br><br>Жаңа сөздер: төлем, пайым қылу, маржан<br>1. Жаңа сөздердің мағыналарын түсіндіру.<br>2. Дұрыс айтуға дағдыландыру: мұғалім сөздерді мәнерлеп оқиды | Жаңа сөздерді тыңдайды, оқиды, мұғалім соңынан қайталайды.<br>Оқушылар жаңа сөздермен сөз орамдарын, қарапайым сөйлем құрастырады.<br>Жаңа сөздерді сөздік дәптерге жазады. | Ауызша кері байланыс беру. Жақсы! Тамаша!<br> | Оқулық 40 бет<br><br>сөздік слайд |
| | 1-тапсырма. Айтылым.<br>Суреттер бойынша «Сауда орталығында» тақырыбында диалог құрыңдар. | Оқушылар айтылым тапсырмасын орындайды. Суретке қарап диалог құрайды. | Дескриптор:<br>-диалог құрады;<br>-диалог суреттерге сәйкес болады. | Оқулық 40 бет |
| | 2-тапсырма. Жазылым.<br><br>Бөлшектік сан есімдерді пайдаланып, сөйлем құра.<br>½, 3/4, 7/9, 1/10, 2, 15, 4, 05,<br>екі жарым, жарты, екі ширек. | Оқушылар жазылым тапсырмасын орындайды.<br>Бөлшектік сан есімдерді пайдаланып сөйлем құрады | <br>«Бағдаршам» әдісі<br>Арқылы бағалау | Оқулық 40 бет |
| | 3-тапсырма. Оқылым.<br>Өленді мәнерлеп оқы. Мазмұны бойынша жоспар құр.<br>«Базарға қарап тұрсам әркім барар» өлені | Оқушылар оқылым тапсырмасын орындайды. Өленді мәнерлеп оқиды, мазмұны бойынша жоспар құрады. | Дескриптор:<br>-өленді мәнерлеп оқиды;<br>-мазмұны бойынша жоспар құрады | Оқулық 41 бет |
| | Сергіту сәті.<br>4-тапсырма. Айтылым.<br>Өлең бойынша сұрақтарға жауап бер.<br>Базарға адамдар қандай мақсатпен барады?<br>Ақын бұл өлеңінде оқырманға қандай ақыл-кеңес береді?<br>«Сәулесі бар жігіттер бір ойланар» деген сөйлемді | Сергіту сәтін орындайды<br><br>Оқушылар айтылым тапсырмасын орындайды. Өлең бойынша сұрақтарға жауап береді. | <br>«Бас бармақ» әдісі арқылы бағалау | Оқулық 41 бет |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | қалай түсінесің? | | | |
| Сабақтың соңы 3 минут | Рефлексия «Алма ағашы» әдісі:<br>Кері байланыс<br>Оқушылар сабақтан алған әсерлерін алма ағашының жемістері арқылы көрсетеді. | | | |
| Сабақтың соңы 3 минут | Рефлексия «Алма ағашы» әдісі:<br>Кері байланыс<br>Оқушылар сабақтан алған әсерлерін алма ағашының жемістері арқылы көрсетеді.<br> | | |
| | Үй тапсырмасы: 5 тапсырма 41 бет<br>Бағалау.Мұғалім формативті бағалауы бойынша қорытынды балын қояды. | | | |

## 38. «Қазақ тілі мен әдебиеті» оқу пәні, 9-сынып

I. Өткен оқу жылында өтілген оқу бағдарламасының мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттары

9-сыныпта «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінен диагностикалық жұмыс жүргізу үшін 8-сыныпқа арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінен оқу бағдарламасының оқыту мақсаттары зерделенеді. Ол үшін негізгі орта білім беру деңгейінің 8-сыныптарына арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын қарастырамыз [19]. Оқу бағдарламасына сәйкес 8-сыныпта 5 бөлім қарастырылады. Тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым, тілдік бағдар. Бес бөлімге қатысты 8-сыныптың мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттары келесі кестеде көрсетілген (38.1-кесте)

38.1 -кесте. 8-сыныптың мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттары

1) «Тыңдалым»:

| Білім алушылар: | |
|---|---|
| Дағдылар | Оқыту мақсаттары |
| | 8-сынып |
| 1. Болжау | 8.1.1.1<br>мәтін тақырыбы, тірек сөздер, иллюстрациялар арқылы көтерілетін мәселені болжау |
| 2. Назарын шоғырландырып тыңдау | 8.1.2.1 тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, детальді ақпараттарды анықтау |
| 3. Сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсіну | 8.1.3.1<br>оқу-еңбек тақырыптарына байланысты күрделі сөздер мен тұрақты тіркестердің мағынасын түсіну. |
| 4. Көркем шығармаларды тыңдау | 8.1.4.1<br>орта көлемді прозалық, драмалық және поэзиялық шығармалардан үзінді тыңдау, тақырыбы мен идеясын талдау |
| 5.Негізгі ойды анықтау | 8.1.5.1<br>тірек сөздер, автор көзқарасы мен көңіл күйі арқылы негізгі ойды анықтау |
| 6. Тыңдалым материалдары бойынша жауап беру | 8.1.6.1<br>тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде деректерді келтіре отырып, дәлелді жауап беру |

2) «Айтылым»:

| Білім алушылар: | |
|---|---|
| Дағдылар | Оқыту мақсаттары |
| | 8-сынып |
| 1. Сөздік қорының алуандылығы | 8.2.1.1<br>тұрақты тіркестер мен көркемдегіш құралдарды қолданып, ауызша мәтіндер құрау |
| 2.Сөз мәнері мен сөйлеу этикеті | 8.2.2.1<br>түрлі жанрдағы көркем мәтіндерге сүйене отырып, көңіл-күйді білдіруде ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын қолдана білу |

| | |
|---|---|
| 3. Орфоэпия<br>лық нормалар<br>ды сақтау | 8.2.3.1<br>ауызша мәтіндер құрауда сөз ішіндегі және сөз аралығындағы ілгерінді, кейінді және тоғыспалы ықпал заңдылықтарын ескеріп айту |
| 4. Мәтіннің негізгі<br>аспектіле<br>рін анықтау және талқылау | 8.2.4.1<br>идеялық жағынан ұқсас мәтіндердегі оқиғалар желісіне бақылау жасай отырып, мазмұнның дамуын салыстыру және талдау |
| 5. Сенімді және еркін жауап беру | 8.2.5.1 пікірталасқа қатысушылар берілген тақырып бойынша өз пікірлерін сенімді дәлелдеу және қойылған сұрақтарға еркін жауап беру |
| 6.Визуалды материал<br>дар арқылы тілді дамыту | 8.2.6.1<br>кесте, диаграмма, нұсқаулық шартты белгілер мен сызбаларда берілген ақпаратты талдау, баға беру |

3) «Оқылым»:

| Білім алушылар | |
|---|---|
| Дағдылар | Оқыту мақсаттары |
| | 8-сынып |
| 1. Мәтіндегі ақпаратты анықтау | 8.3.1.1<br>перифраз түрінде берілген сұрақ арқылы қажетті ақпаратты анықтау. |
| 2. Стильдік ерекшеліктерді анықтау | 8.3.2.1 публицистикалық стильдің (мақала, интервью, қысқа очерк, жолдаулар) тілдік ерекшеліктері арқылы мәтіндердің жанрын анықтау |
| 3.Көркем шығарма<br>ларды оқу | 8.3.3.1<br>прозалық және поэзиялық шығармалардың композициялық құрылымын анықтау, кейіпкердің іс -әрекетіне немесе лирикалық кейіпкердің образына баға беру. |
| 4. Мәтіндерге салыстырма<br>лы талдау жасау | 8.3.4.1<br>мәтіндердің түрлерін, тілдік ерекшеліктерін салыстырып, талдау жасау. |
| 5.<br>Қосымша ақпарат<br>көздерінен алынған<br>мәліметтерді оқу | 8.3.5.1<br>қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді қолдана отырып, мәтінге өзгеріс енгізу, ерекшеліктерді бақылау. |
| 6. Өзіндік көзқарасын<br>білдіру және бағалау | 8.3.6.1<br>тақырып бойынша бірнеше мәтінде көтерілген мәселелерді салыстыра отырып, баға беру. |

4) «Жазылым»:

| Білім алушылар: | |
|---|---|
| Дағдылар | Оқыту мақсаттары |
| | 8-сынып |
| 1. Әртүрлі стильде мәтіндер құрастыру | 8.4.1.1<br>мәтіндердің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап, шағын мақала, пікір, интервью жазу. |
| 2.<br>Эссе жазу | 8.4.2.1<br>эссе құрылымы мен дамуын сақтап, тақырыпқа байланысты берілген мәселенің оңтайлы шешілу жолдарын ұсыну |
| 3. Көркемде<br>гіш құралдар | 8.4.3.1<br>жазба жұмыстарында символ мен кейіптеу түрлерін |

| | |
|---|---|
| ды қолданып жазу | қолданып жазу. |
| 4.<br>Мәліметтерді жинақтау | 8.4.4.1<br>тақырып бойынша мәліметтерді жинақтап, эссе жазуда тиімді қолдану. |
| 5. Орфогра<br>фия және пунктуация | 8.4.5.1<br>тақырып бойынша сөздердің маңызды бөліктерін дұрыс жазу (жеке сөздер, бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздер); сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану. |

5)«Тілдік бағдар»:

| Білім алушылар: | |
|---|---|
| Дағдылар | Оқыту мақсаттары |
| | 8-сынып |
| 1. Сөз таптары | 8.5.1.1<br>болжалдық және бөлшектік сан есімдерді жазба, ауызша жұмыстарда орынды қолдану. |
| | 8.5.1.2<br>еліктеу сөздерді ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдану. |
| | 8.5.1.3<br>етістіктің шартты рай және бұйрық рай қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдану. |
| | 8.5.1.4<br>күшейткіш үстеулерді ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдану. |
| | 8.5.1.5<br>демеулік шылаулардың қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдану. |
| 2. Сөйлем | 8.5.2.1<br>жазба жұмыстарында себеп-салдар, талғаулы, кезектес салалас құрмалас сөйлемдерді құрастыру. |

II. Іріктеп алынған оқыту мақсаттары бойынша диагностикалық жұмыстың үлгісі

Диагностикалық жұмыс білім алушылардың олқылықтарын толықтыру үшін жүргізілетін жұмыс болып табылады. Сондықтан диагностикалық жұмыстың тапсырмалары ретінде толық жауапты қажет ететін тапсырмаларды беру ұсынылады.

Төменде 8-сыныптағы «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттарына сәйкес әзірленген диагностикалық жұмыс тапсырмаларының үлгісі берілген. Үлгі екі нұсқада әзірленген.

1-бөлім. Достық пен татулық – таптырмас бақыт. Т.Айбергеновтың «Бір тойым бар» бөлімі бойынша.

1)Тыңдалым тапсырмасы.

Мақсаты: 8.1.6.1 Тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде деректерді келтіре отырып, дәлелді жауап беру

Лексикалық минимум:шаңырақ, ассамблея, ұлтаралық достық, берекелі өмір, тату-тәтті

Жұптық жұмыс

«Достық байланыстар» атты бейнекөріністі тамашалап, «достық», «татулық» сөздерінің мағынасын ашу, өз түсініктерімен бөлісу. https://www.youtube.com/watch?v=nzF43Ir77Ko - Достық байланыстар

Топтық жұмыс

- М.Мақатаев. «Дос болам десең» өлеңін тыңдау, топта бір-біріне өлең мазмұнын түсіндіру.

Дос болам десең,
Досымды сыйла, қымбаттым!
Досыңа сонда,
Досыммен ғана қымбатпын.
Дос болам десең,
Мендегі доспен достасқын,
Сендегі доспен дос болып сонда тұрмақпын.
Достарың көп пе?
Апырау неткен жақсы едің?
Досым аз менің...
Досым-ау менің, тапшы емін?
Достарыңменен достастыр мені, асылым,
Достастыр мені?
Болайын құлың нақ сенің!
Достыққа жүрмін,
Достыққа жүрмін құмартып!
Өлгелі жүрмін,
Өзіме-өзім мін артып...
Жауыздың барып, жанына уәзір болғаннан,
Достардың барып, ауласында өлген мың артық.
Досым, саған сенемін. Сеніп өтем!
Жолы бөтен демеймін, жөні бөтен.
Достық деген - адамның көрігі екен,
Достық деген ақылдың серігі екен.
Қыран күлкі-тамаша - бәрі осында,
Отырмын думан-тойдың арасында.
Береке бойдан асып жатқанымен,
Олқы тұр көңілім менің, нанасың ба?
Ұйытқып жатыр көңілде құйын-дауыл,
Неге сен келе алмадың жиынға бұл?!
Жыраққа жалғыз мені жібермеші
Жаныңа жаманшылық бұйырмағыр!
Әне, жұрт өзді-өзімен, сөйлеседі,
Өзімсіп: - Ей! - деседі,- өй! - деседі.
Шіркіндер-ай, даурығып тыңдар емес!
Есіме ап, тост көтертсем, кейде сені.
Сенсіз көңіл қашан да хош тұрған ба?
Сенсіз думан - қызықсыз бос қырманда.
Әсіре ойнап қайтемін, әсіре күліп,

Сенің орның құлазып, бос тұрғанда.
«Ассамблея - татулықтың тұтқасы» деген бейнекөріністі тамашалау, мазмұндау. https://www.youtube.com/watch?v=3pWCnSKl6fg - Ассамблея - татулықтың тұтқасы
Екі мәтінді қайта тыңдап, төмендегі кестені толтырады. Жауаптарын сынып назарына ұсынып, бөліседі.

| Тыңдалған мәтіндер | Мәтіндерден алынған деректер | Оқушының дәлелді жауабы |
|---|---|---|
| 1-мәтін | | |
| 2-мәтін | | |

2)Айтылым тапсырмасы
Мақсаты:
8.2.5.1 пікірталасқа қатысушылар берілген тақырып бойынша өз пікірлерін сенімді дәлелдеу және қойылған сұрақтарға еркін жауап беру
Лексикалық минимум:ынтымақ, сыйластық, сабырлылық, парасаттылық, алауыздық
Жұптық жұмыс
Ел басының жолдауынан
«Бірлігі бар ел озады, бірлігі жоқ ел тозады» деген атам қазақ. Бұл - тарих заңы. Сондықтан да қазақтың бірлігі - еліміздің кілті, ең басты мәселесі. Ел бірлігі - ең асыл қасиет», - деді Мемлекет басшысы.

Президенттің айтуынша, бірлік, татулық, достық, ынтымақ, сабырлылық пен парасаттылық - ең алдымен, өзімізге - қазақ халқына қажет.
«Қазақты еш уақытта сырттан жау алған емес, қазақ әлсіресе - алауыздықтан әлсіреген, күшейсе бірлікпен күшейген. Үйдің берекесі отбасындағы сыйластық пен татулықпен келеді. Мемлекет те солай», - деп түйіндеді өз сөзін Елбасы.
Мәтінді оқып, жұпта талқылайды.
Топтық жұмыс
1-топқа: «Бірлігі бар ел озады, бірлігі жоқ ел тозады» деген атам қазақ. Бұл - тарих заңы», -деген пікірмен келісесіз бе, келіспейсіз бе? Өз пікірлеріңізді дәлелдеңіздер.
2-топқа: Президенттің айтуынша, бірлік, татулық, достық, ынтымақ, сабырлылық пен парасаттылық - ең алдымен, өзімізге - қазақ халқына қажет, - деген пікірді қолдайсыз ба әлде қолдамайсыз ба? Өз пікірлеріңізді дәлелдеңіздер.
3-топқа: «Қазақты еш уақытта сырттан жау алған емес, қазақ әлсіресе - алауыздықтан әлсіреген, күшейсе бірлікпен күшейген. Үйдің берекесі отбасындағы сыйластық пен татулықпен келеді. Мемлекет те солай» - деген пікірмен келісесіз бе, келіспейсіз бе? Ойыңызды дәлелдеңіздер.

3)Оқылым тапсырмасы.

Мақсаты: 8.3.4.1 мәтіндердің түрлерін, тілдік ерекшеліктерін салыстырып, талдау жасау.
Лексикалық минимум:той,сабылдырту, сағындырту, палуан, нысана
Жұптық жұмыс

«Бір тойым болатыны сөзсіз менің...» деген бейнематериалдан ақын жайлы, ақын ұрпақтары мен мұрасы жайлы ақпараттану. Бірі-бірімен ой бөлісу. https://www.youtube.com/watch?v=-T91YprRe6o – «Бір тойым болатыны сөзсіз менің...»

Жеке жұмыс

- Серікбай Маханұлы «Өлеңнің шығу тарихын» оқу, сыныпқа әңгімелеу. http://kuttybolsyn.kz/89-bir-tojym-bar.html - Серікбай Маханұлы. Өлеңнің шығу тарихы

Топтық жұмыс

- Т.Айбергенов. «Бір тойым бар» өлеңін мәнерлеп оқу. Түсінгендерін бір-біріне мазмұндау. Өлеңнің бір шумағын өлең құрылысына талдау. Өлеңде ақын қолданған көркемдегіш тәсілдерді табу.

Бір тойым болатыны сөзсіз менің,
Дәл қай күні екенін айта алмаймын.
Бірақ... бірақ...
Ешкімді де билетпей қайтармаймын.
Онда ортаға тасталар ұран сондай:
Қайта алмайды қартың да бір ән салмай,
Жиырма бестің бәрін де сабылдыртам,
Кемпірлерге қыз күнін сағындыртам...
Сәбилерге ағаны үлгі етемін,
Жеңгейлердің толтырам гүлге етегін.
Менің жарым бұл түні кірпік ілмей,
Ақ көңілімен қуаныш бүртігіндей,
Омырауынан бір тәуір шайқап есіп,
Ажырасқанды жүреді қайта қосып.
Мен өзім де ән салам түн ауғанша,
Менің жаным бұл күнге құмар қанша!
Бәйгі берем жығылған палуанға да,
Адалдығы сезіліп тұрар болса.
Қыз қуатын жігітке ат беремін,
Жанам деген жүрекке от беремін.
Мен әйтеуір бар жиған-тергенімді
Бір тамаша той қылып өткеремін.
Біздің үйді сол күні бетке ал қауым,
Нысанаға ап қуаныш тоқталмауын.
Мен бұл тойдан тілеймін жылап тұрып,
Қазанымда бір асым ет қалмауын,
Мен сөйтіп бар шаңнан бір сілкінемін,
Мен сөйтіп рақаттанып бір күлемін.
Кім білсін талай күнгі арманым ед,
Мәңгілік тарқамауы да мүмкін оның.Ж. Молдабековтың «Қазақтың тойы» атты мақаласын оқу. Автордың айтпақ ойын анықтау. Автор қолданған көркемдік тәсілдерді табу.

http://writers.kz/journals/?ID=10&NUM=83&CURENT=&ARTICLE=2506 - Жақан Молдабеков. «Қазақтың тойы»

- Екі мәтіннің көтерген тақырыптары мен негізгі идеяларын салыстыру.

| | көтерген тақырыптары | негізгі идеяларын |
|---|---|---|
| 1-мәтін | | |
| 2-мәтін | | |

- Мәтіндердің түрлерін анықтау, тілдік ерекшеліктерін салыстыра талдау жасау.

4)Жазылым тапсырмасы

Мақсаты: 8.4.1.1 мәтіндердің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап, шағын мақала, пікір, интервью жазу.

Лексикалық минимум:елдіктің бастауы, ұлттар достығының ұйытқысы, мүдде, тілегі бір, келісім

Жұптық жұмыс

- «Бірлігіміз жарасқан» атты бейнекөріністі тамашалау.

https://www.youtube.com/watch?v=xfTW_-fIReE - «Бірлігіміз жарасқан»

- Бейнекөріністен не түсінгенімен өзара бөлісу
- Бейнекөрініс туралы 5 сөйлем пікір жазып, бір-біріне оқып беру

Топтық жұмыс

- Бейнекөріністегі әр ұлттың рөлінде болып, біреуі тілші ретінде сол мереке сәтінен «Бірлігі жарасқан Қазақстан» деген тақырыпта интервью алу.

Жеке жұмыс

Әр оқушы өзі қалаған бір газетке «Достық пен татулық – дамудың негізі», «Бірлігіміз жарасқан», «Достықта жоқ шекара» деген тақырыптардың бірін таңдап, 120-150 сөзден тұратын шағын мақала жазу.

5)Тілдік бағдар.

Мақсаты: 8.5.1.2 еліктеу сөздерді ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдану.

Лексикалық минимум:шынайы дос, қолдау, қадіріне жетпеу, ұйымшыл ұжым, бәсекелес, кеңсе

Жұптық жұмыс

Мәтіндерді оқу, түсіну. http://massaget.kz/mangilik_el/tup_tamyir/asyil_soz/33707/ - Жолдасын жамандаған жолдассыз қалады

- Мәтінде берілген үлгідегідей етіп 2-3 фраза құрастыру. Құрастырған фразаларын бір-бірімен алмасып, соны таратып, түсіндіру. Еліктеу сөздерді орынды қолдану

Топтық жұмыс

- Екі топқа бөлініп, «Сыныптағы достық ережесін» постер жасап көрсету
- Жұмыстарын сынып алдында қорғау

Жеке жұмыс

«Менің досым қандай болуы керек» деген тақырыпта еліктеу сөздерді орынды қолдана отырып, шағын мәтін құрастыру

2-нұсқа

2-бөлім: Қызым – жағадағы құндызым, Ұлым – аспандағы жұлдызым

«Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жыры (үзінді).
1)Тыңдалым тапсырмасы
Мақсаты:8.1.2.1 тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, детальді ақпараттарды анықтау.
Тапсырма. «Ата-ана алдындағы қарызың» атты бейнебаян көреді. https://www.youtube.com/watch?v=opydfqhlTik
Ата-ана алдындағы қарызың
Тапсырма №1. Бейнебаян бойынша жоспар құр.
Тапсырма №2. Бейнебаян мазмұны бойынша дәптерге детальді ақпараттарды тізбектеп жаз.
2)Айтылым тапсырмасы
Мақсаты:
8.2.6.1 кесте, диаграмма, нұсқаулық шартты белгілер мен сызбаларда берілген ақпаратты талдау, баға беру
Тапсырма. Қай өңірде бала көп дүниеге келетіндігі жөнінде зерттеу жасап, себебін анықтайды, диаграмма құрастырады. Мүмкіндігі болып жатса, ұл мен қыздың санын анықтау.



3)Оқылым тапсырмасы.
Мақсаты:
8.3.5.1 қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді қолдана отырып, мәтінге өзгеріс енгізу, ерекшеліктерді бақылау.
Тапсырма:
Берілген бөлімді Сіздер қалай аяқтар едіңіздер?
Мысалы:
Кемел ақын келтірер сөздің түрін,
Оған да заман өткен бір ықылым,
Кешегі ол бір қатар заманында,
Өтіпті екі байың бізден бұрын.
Қалыпсыз Қарабайдай бай өтіпті.
Тоқсан мың тәңірі алса да жылқысы бар,
Тоқсан мың жылқы айдаған бай болса да,
Үйінде сілкіп алар шапаны жоқ.....
4)Жазылым тапсырмасы
Мақсаты:
8.4.3.1 жазба жұмыстарында символ мен кейіптеу түрлерін қолданып жазу.
Тапсырма:

«Махаббат пен достықтың символы ретінде нені ұсынар едің?» тақырыбында шағын эссе жазыңыз. Жазба жұмысында «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырын негізге алып жазулары тиіс.
5)Тілдік бағдар.
Мақсаты:
8.5.1.4 күшейткіш үстеулерді ауызша және жазба жұмыстарда орындықолдану.
Тапсырма №1. Берілген үстеулерден сөйлем құраңыз.
Ең әдемі, тым биік, өте жақсы, аса терең, орасан зор.
Тапсырма №2. Үстеулерді теріп жазып, сұрақ қойыңыз, түрлеріне ажыратыңыз.
Осы кезде созыла шапқылаған тосушылардың барлығы да мүлдем шаршаған болатын. Мұнда бүгін аса үлкен әбігер бар. Абай мен оның барлық үй іштері, іні шәкірт, достары ең қадірлі әбігер. Тауық етінен жасалған бұл кеспе өте дәмді екен. Ауыл реңі мүлдем жүдеу еді. Содан бері қысқы жүні жетіліп, өңі ажарланып, өте қатты құлпырып алған.
Тапсырма №3. Күшейткіш үстеулерді қатыстыра отырып, өлеңді әрі қарай жалғастыр.

Ең ақылды баламын,
Тым ерекше боламын,
Үздік білім аламын...

Үлгі: 3-нұсқа
1)Тыңдалым тапсырмасы

Мақсаты: 9.1.6.1 тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде көтерілген мәселеге сыни көзқарасын білдіру

Мәтінді мұқият тыңдап, төмендегі тапсырманы орындаңыздар.

Тарихқа үңілер болсақ әрбір халықтың, әрбір ұлттың өз мәдениеті, тұрмыс тіршілігі, салт-санасы, әдет-ғұрпы, дәстүрі, тәрбиелеу тәсілі болатынын білеміз. Халық тәрбиесі – ғасырлар бойы сараланып сан сыннан өткен, сол халықтың ой-арманымен, тіршілік тынысымен, шаруашылық кәсібімен, ұлттық тәлəм-тәрбие дәстүрімен тығыз байланыста туып, өсіп-өркендеп, дамып және ұрпақтан ұрпаққа жалғасып жеткен тарихи және мәдени мұрасы. Әр халықтың ұрпақ тәрбиелеудегі сан ғасырларға созылған өзіндік тарихи тағылымы, ой-пікір қорытындылар түйіні бар. Ал ол жазу-сызудан, оқу құралынан, ауыз әдебиетінен, ұлттық өнер тағылымынан, халықтың дәстүрі мен әдет-ғұрпынан, бір сөзбен айтқанда мәдени мұраларынан өзекті орын алып, көрініс береді. Өткеннің бай рухани мұрасын тал бойына дарытқан озық өнегелі дәстүрсіз, ұрпақтар сабақтастығынсыз тарихи процесті елестету мүмкін емес.

Рухани мұрамыз неғұрлым бай болса, алуан арналы болса, өткен мен бүгінгінің мәдени мұралары жарасымды жалғасып жатса, соғұрлым өміріміздің мән мағынасы терең, мақсатымыз айқын, ұлттық идеямыз жоғары, тарихи үлгі өнеге тұтар парасатты ой толғаныстары күшті ұрпақ тәрбиеленуі еш күмән тудырмайды.

Күмбірлеген күміс күйімен, сыбызғы, сырнай үнімен асқақтата салған әсем сазды әнімен де ата-бабаларымыз өзінің рухани жан дүниесінің мұң шерін, асқақ арманын келер ұрпақтың зердесіне жеткізіп көкірегіне ұялатқанын ұмытуға болмайды. Еліміздің ежелден дәріптеп, қастерлеп келген рухани-

мәдени мұрасының тегін тектеу, болмысын тану, оның асылын тарихтың рухани көш-керуеніне ілестіріп отыру арқылы бүгінгі және болашақ ұрпақ қамын қамдау өскелең өмір талабы болып отыр. Әрбір халық «өз тарихын, философиясын мейлінше және оған белгілі бір көзқараста болмайынша ешқандай мәдениеттің дамуы мүмкін емес». Ұлттық тәрбиенің ұлттық құндылықтардан нәр алатын адамгершілік ұстанымдары мәдени құндылық ретінде ғасырлар қойнауынан нәр алып, мәдениет біткенмен тепе-тең, өзіне байыта, астаса түскен үндестігі, бірлігі, түптеп келгенде, адамдықтың, руханилық пен имандылықтың негізі ретінде мәдениет кеңістігіне жетелеп отырады. https://adyrna.kz/post/25708

1-тапсырма.

Мәтін мазмұны не туралы екенін айтыңыз.

2-тапсырма.

Сұрақтарға жауап беріңіз, мәтіндегі негізгі ақпараттарды анықтаңыз.

1. Мәтінді қалай атауға болады? Неге?
2. Ұлттық құндылық туралы қандай ақпараттар айтылады?
3. Әрбір халық «өз тарихын, философиясын мейлінше және оған белгілі бір көзқараста болмайынша ешқандай мәдениеттің дамуы мүмкін емес» деген ойды қалай түсінесің?


2)Айтылым тапсырмасы

9.2.6.1 кесте, диаграмма, шартты белгілер мен сызбаларда берілген ақпараттарды өзара салыстырып бағалау

1-тапсырма.

Ұлттық құндылықтарды анықтап,әр суретке сипаттама бер----------





2-тапсырма.

«Ұлттық құндылықтар - атадан балаға қалған мирас» тақырыбында ойынды бөліс.

3)Оқылым тапсырмасы

Мақсаты:9.3.5.1 қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерден қорытынды жасау,өз көзқарасын білдіру

Берілген мәтінді оқып шығып, төмендегі тапсырмаларды орындаңыздар

Қазақ ұлттық музыкалық аспаптары

Қазақтың музыкалық аспаптар (домбыра, қобыз, сыбызғы,даңғара, үскірік, кепшік, шаңқобыз, жетіген т.б.) ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа ауысып келе жатқан мәдени мұра. Қазақстанда ұлттық музыкалық аспаптарды жетілдіру мақсатымен бірнеше шеберханалар ашылып (1932 ж. Алматыда, 1947 ж. Осакаровкада, 1957 ж. Алматы мемлекеттік консерваториясы жанында), осылардың негізінде А.Жұбановтың басшылығымен қазіргі Қазақтың

мемлекеттік академиялық халық аспаптар оркестрі құрылды. Қ.Қасымов, А.Ермеков, Э.И. Романенко, О.Бейсенбаев, А.Ауқадиев, Д.Шоқпаров, т.б. шеберлер әр түрлі музыкалық аспаптар үлгілерін жасады.

Қазақтың музыка аспаптарын жалпы ұлттық және фольклорлық деп екі топқа бөлуге болады. Негізгі ұлттық музыка аспаптары:домбыра, қобыз және сыбызғы. .Домбыраның шанағы қырлы немесе жұмыр болып келеді.Оның мойнынан шанағының түбіне тартылған қос ішегі, бұл ішекті көтеріп тұратын екі кішкене ағаш тиегі болады.Мойнындағы тиек қозғалмайтын болып келсе, шанақтағы тиек жылжымалы болады.Мойнына перне байланады.Пернелердің саны әр түрлі:сегіз, он, он бір, он үш болады.Домбыраның ішегі қой мен ешкінің ащы ішегінен ширатылып жасалады.Домбыра – қазақ арасына кең жайылған, шертіліп ойналатын аспап. Қобыз – қазақ қауымына көп таралған ыспалы аспап.Қобыздың мойны имек, шанағы ожау тәрізді және қуыс, бет жағы ашық, ал түбі көнмен(терімен) қапталады.Екі ішегі және садақ тәріздес ысқыш жылқының қылынан жасалады. Сыбызғы – үрлеп тартатын аспап, оны қамыстан немесе жұмсақ ағаштың ішін үңгіп жасайды.Сыбызғыда саусақпен басып ойнайтын төрт тесік болады.Оның үні майда қоңыр, мұңды келеді.Сыбызғы да қазақ арасында ерте кезден таралған аспаптардың бірі.Ол үнемі алып жүруге ыңғайлы.Сыбызғыны ен далада мал жайып жүрген қазақ малшылары көп тартқан. Фольклорлық халық музыка аспаптарына уілдек, сазген, желбуаз, даңғыра, дабыл, дауылпаз, шыңдауыл, керней, дудыға, дүңгіршек, тоқылдақ, асатаяқ, адырна, шыртылдауық, сақпан жатады.Осымен бірге бұл топқа құрылысы, жасау әдісі, музыкалық үні, дыбыс шығару тәсілі көрші елдерден алынған сырнай, кепшік, жетіген, бұғышақ, шың, шаңқобыз, ауыз сырнай қосылады. https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%9C%D1%83%D0%B7%D1%8B%D0%BA%D0%B0%D0%BB%D1%8B%D2%9B_%D0%B0%D1%81%D0%BF%D0%B0%D0%BF%D1%82%D0%B0%D1%80

1-тапсырма.

«Балық қаңқасы» әдісі бойынша мәтін желісін органайзерге салып, талдаңыз.




4)Жазылым тапсырмасы

Мақсаты: 9.4.5.1 тақырып бойынша бас әріппен жазылатын күрделі, құрама атауларды дұрыс жазу; сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану

1-тапсырма

Берілген сөздермен сөйлем құрастыр

Тайқазан,Түркстан,Қожа Ахмет Яссауи,тарих,қасиетті,қолбасшы,Әмір

Темір,Қарнақ,Эрмитаж, Иран шеберлері, Алтын адам, Есік қаласы, К.Ақышев,әшекей бұйымдар.

2- тапсырма

«Ұлттық құндылықтар-еліміздің алтын қазынасы»

«ПОПС» формуласын қолдана отырып, тақырып бойынша өз пікірлеріңді білдіріңдер.

П – Менің ойымша .....

О – Себебі мен оны былай түсіндіремін..... «

П– Оны мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын.....

С – Қорыта келе,.....

5) Тілдік бағдар

Мақсаты:9.5.1.1 өздік,өзгелік,ортақ және ырықсыз етістің қызметін білу,ауызша және жұмыстарда орынды қолдану

1-тапсырма.

Сөйлемдерден ортақ етісті тауып, тұлғалық талдау жасаңдар.

Оның келе жатқан хабарына қуанып, дуылдасып жатыр. Аспанда мың сан жұлдыздар жымыңдасып, гауһартастай жалт-жұлт етеді.

2-тапсырма.

Берілген сөздерден қажетті жұрнақ арқылы өзгелік етіс жасаңдар.

Көбей, ойлан, оқы, өсір, жуын, жина, әкел, өшір

3-тапсырма.

Өлеңнен өздік етістердің қалай жасалғанына назар аудар.

Жау қарасы көрінді,
Жиылған әскер бүлінді.
Түніменен түйіндік,
Таң атқанша тарандық

III. Сабақ барысында толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары

8-сыныпқа арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінен оқу бағдарламасын зерделеу нәтижесінде 9-сыныптағы қазақ тілі мен әдебиеті курсының оқыту мақсаттарымен кіріктіруге болатын оқыту мақсаттары анықталды [19]. Кіріктіруге болатын оқыту мақсаттары ұсыныс түрінде берілген (38.2-кесте).

38.2-кесте – 8-9-сыныптардың кіріктірілетін оқыту мақсаттары

1) «Тыңдалым»:

| Білім алушылар: | | |
|---|---|---|
| Дағдылар | Оқыту мақсаттары | |
| | 9-сынып | 8-сынып |
| Назарын шоғырландырып тыңдау | 9.1.2.1 тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, ақпараттың шынайылығы мен нақтылығын анықтау. | 8.1.2.1 тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, детальді ақпараттарды анықтау. |
| Сөздер мен сөз тіркестері нің мағынасын түсіну | 9.1.3.1 әлеуметтік - қоғамдық тақырыптар аясында айтылған сөздер мен термин | 8.1.3.1 оқу-еңбек тақырыптарына байланысты күрделі сөздер мен тұрақты тіркестердің мағынасын |

| | | |
|---|---|---|
| | сөздердің мағынасын түсіну. | түсіну. |
| Көркем шығармаларды тыңдау | 9.1.4.1<br>орта көлемді прозалық, поэзиялық шығармалардан үзінді тыңдау, көтерілген (тұрмыстық, әлеуметтік, қоғамдық) мәселені анықтап, өз пікірін білдіру. | 8.1.4.1<br>орта көлемді прозалық, драмалық және поэзиялық шығармалардан үзінді тыңдау, тақырыбы мен идеясын талдау. |
| Тыңдалым материалдары бойынша жауап беру | 9.1.6.1<br>тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде көтерілген мәселеге сыни көзқарасын білдіру. | 8.1.6.1<br>тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде деректерді келтіре отырып, дәлелді жауап беру. |

2) «Айтылым»:

| Білім алушылар | | |
|---|---|---|
| Оқыту мақсаттары | | |
| Дағдылар | 9-сынып | 8-сынып |
| Орфоэпия лық нормалар ды сақтау | 9.2.3.1 коммуника тивтік жағдаятқа сай сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсініп, өз ойын жеткізу. | 8.2.3.1<br>ауызша мәтіндер құрауда сөз ішіндегі және сөз аралығындағы ілгерінді, кейінді және тоғыспалы ықпал заңдылықтарын ескеріп айту. |
| Сенімді және еркін жауап беру | 9.2.5.1<br>сөйлеу барысында түрлі стильде берілген тақырып бойынша қажетті аргументтерді орынды қолдану, диалогте, полилогте сенімді сөйлеу. | 8.2.5.1 пікірталасқа қатысушылар берілген тақырып бойынша өз пікірлерін сенімді дәлелдеу және қойылған сұрақтарға еркін жауап беру. |
| Визуалды материал дар арқылы тілді дамыту | 9.2.6.1<br>кесте, диаграмма, шартты белгілер мен сызбаларда берілген ақпараттарды өзара салыстырып бағалау. | 8.2.6.1<br>кесте, диаграмма, нұсқаулық шартты белгілер мен сызбаларда берілген ақпаратты талдау, баға беру. |

3) «Оқылым»:

| Білім алушылар | | |
|---|---|---|
| Дағдылар | Оқыту мақсаттары | |
| | 9-сынып | 8-сынып |
| Стильдік ерекшеліктерді анықтау | 9.3.2.1<br>ғылыми стильде (аннотация, пікір, тезис, мақала, баяндама, презентация) жазылған еңбектердің тілдік және жанрлық ерекшелігін анықтап, талдау жасау. | 8.3.2.1 публицистикалық стильдің (мақала, интервью, қысқа очерк, жолдаулар) тілдік ерекшеліктері арқылы мәтіндердің жанрын анықтау. |
| Көркем шығарма ларды оқу | 9.3.3.1<br>прозалық және поэзиялық шығармалардағы автордың ойы мен көтерілген мәселені анықтап, оқырманға әсерін | 8.3.3.1<br>прозалық және поэзиялық шығармалардың композициялық құрылымын анықтау, кейіпкердің іс - әрекетіне немесе лирикалық |

| | | |
|---|---|---|
| | бағалау. | кейіпкердің образына баға беру. |
| Мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау | 9.3.4.1<br>мәтіндердің стилін, жанрлық ерекшеліктерін салыстырып, талдау жасау. | 8.3.4.1<br>мәтіндердің түрлерін, тілдік ерекшелік<br>терін салыстырып, талдау жасау. |
| Қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді оқу | 9.3.5.1<br>қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерден қорытынды жасау, өз көзқарасын білдіру. | 8.3.5.1<br>қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді қолдана отырып, мәтінге өзгеріс енгізу, ерекшеліктерді бақылау. |

4) «Жазылым»:

| Білім алушылар: | | |
|---|---|---|
| Дағдылар | Оқыту мақсаттары | |
| | 9-сынып | 8-сынып |
| Көркемдегіш құралдарды қолданып жазу | 9.4.3.1<br>жазба жұмыстарында афоризмдерді тиімді қолданып жазу. | 8.4.3.1<br>жазба жұмыстарында символ мен кейіптеу түрлерін қолданып жазу |
| Орфография және пунктуация | 9.4.5.1<br>тақырып бойынша бас әріппен жазылатын күрделі, құрама атауларды дұрыс жазу; сөйлем ішінде қойылатын<br>тыныс белгілерді орынды қолдану. | 8.4.5.1<br>тақырып бойынша сөздердің маңызды бөліктерін дұрыс жазу (жеке сөздер, бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздер); сөйлем ішінде қойылатын<br>тыныс белгілерді орынды қолдану |

5)«Тілдік бағдар»:

| Білім алушылар: | | |
|---|---|---|
| Дағдылар | Оқыту мақсаттары | |
| | 9-сынып | 8-сынып |
| | 9.5.1.1<br>өздік, өзгелік, ортақ және ырықсыз етістің қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдану. | 8.5.1.3<br>етістіктің шартты рай және бұйрық рай қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдану. |
| | 9.5.1.2<br>мекен және мезгіл үстеулерді ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдану. | 8.5.1.4<br>күшейткіш үстеулерді ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдану. |
| Сөйлем | 9.5.2.1<br>жазба жұмыстарында (шартты, қарсылықты, мезгіл, себеп, қимыл-сын, мақсат бағыныңқы) сабақтасқұрмалас сөйлемдерді құрастыру. | 8.5.2.1<br>жазба жұмыстарында себеп-салдар, талғаулы, кезектес салалас құрмалас сөйлемдерді құрастыру. |

IV.Кіріктірілетін оқыту мақсаттары бойынша ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгісі (2-3)


Әрі қарай республика мектептерінің педагогтері әзірлеген сабақтардың қысқа мерзімді жоспарларының үлгілері ұсынылады:

Сексенбева  Айкерим Акмырзаевна,
Түркістан облысы, Төлеби ауданы №16
Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта мектебі» КММ

| | | |
|---|---|---|
| Пән:  Қазақ тілі мен әдебиеті | Мектеп:  Түркістан облысы, Төлеби ауданы, №16 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта мектебі | |
| Күні: | Мұғалім: Сексенбаева Айкерим Акмырзаевна | |
| Сынып: 9 | Оқушылар саны:<br>Қатысқан: | Қатыспаған: |
| Бөлім тақырыбы<br>Сабақ тақырыбы: | Жолың болсын, жолаушы! М.Мақатаев «Ертең біз жол жүреміз»<br>Кемеге отырып көрдің бе? | |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары | 9.1.6.1 тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде көтерілген мәселеге сыни көзқарасын білдіру<br>9.3.4.1  мәтіндердің стилін, жанрлық ерекшеліктерін салыстырып талдау жасау | |
| Қайталауға арналған сабақтың сәйкестік мақсаты | 8.1.6.1 тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде деректерді келтіре отырып, дәлелді жауап беру<br>8.3.4.1<br>мәтіндердің түрлерін, тілдік ерекшеліктерін салыстырып, талдау жасау. | |
| Сабақтың мақсаты | Негізгі сабақ мақсаты: мәтін мазмұны негізінде көтерілген мәселеге сыни көзқарасын білдіреді<br>7- сыныпта өткен материалды қайталау мақсаты: мәтін мазмұны негізінде деректерді келтіре отырып, дәлелді жауап береді. | |

Сабақтың барысы:

| Сабақтың кезеңі/  уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы | 1. Ынтымақтастық ахуал қалыптастыру<br><br>2. Қызығушылықты ояту<br>«Суреттер сөйлейді» әдісі<br><br><br>Суретте не бейнеленген? | Оқушылар бір-бірлеріне жақсы тілектер айтады<br><br>Суреттер бойынша | Ауызша мадақтау<br><br>Ауызша мадақтау | смайликтер<br><br>суреттер |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Бұл суреттердің біздің сабағымыздың тақырыбымен байланысы қандай?<br>Дескриптор: Білім алушы<br>1 Берілген суреттерді атайды, түсіндіреді<br>2 Сабақ тақырыбын болжайды, ашады | сұрақтарға жауап береді, жаңа тақырыпқа болжау жасайды, оқу мақсаты мен күтілетін нәтижені талқылайды . | | |
| Сабақтың ортасы | 1. Сөздік жұмысы<br>Жаңа сөздермен танысу<br>Сақтан-<br>Жедел-<br>Жолдама –<br>Зымырандай -<br>1- тапсырма<br>Оқулықтағы 38-беттегі «Жолаушы көліктері» тақырыбы бойынша жұпта кластер құру<br><br>3-тапсырма<br>Мәтінді тыңдап, сұрақтарға жауап беру<br>Кеме-қандай көлік?<br>Адамдар суда жүзу үшін алғашқыда нені пайдаланған?<br>Қайық ненің діңінен жасалады?<br>Қай ғасырдан бастап ескектің орнына желкен пайдаланылды?<br>Алғашқы кемелер қай | Жаңа сөздерді оқиды, ауызша сөз тіркестер, сөйлем құрастырады , бір-бірлеріне айтады<br>Жұптық жұмыс (мықты және әлсіз оқушы)<br>Тақырып бойынша кластер құрады<br><br>Мәтінді тыңдап, оқушылар бір-біріне сұрақтар қойып, жауап береді | Ауызша мадақтау<br><br>ҚБ:<br>Жұптар бір-бірлерін бағалайды | жаңа сөздер<br><br>Оқулық, 38- бет<br><br>аудиожазба |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | жылдары жасалды?Қай мемлекеттерде жасалды?<br>Кеме жасауда қандай құрылғылар қолданылды?<br>5-тапсырма<br>Оқулықтағы 39-беттегі мәтінді оқы, тақырып қой, 2 ақпаратты салыстыр, стилін анықта<br>«ПОПС формула» арқылы мәтін тақырыбы бойынша өз ойыңды айт.<br>Дескриптор: Білім алушы<br>1 Мәтінді мұқият оқиды, мәтіндегі негізгі ойды анықтайды<br>2 Өз ойын жүйелі, дәлелді жеткізеді, баға береді<br>3 Тақырып қояды<br>4 Мәтіндерді салыстырады<br>5 Стилін анықтайды<br>6 Венн диаграммасын а түсіреді<br>Мәтіндер қандай жанрда жазылған?<br><br>7- тапсырма<br>Жақша ішіндегі қажетті сөздерді қойып, сөйлемдерді | Топтық жұмыс (екі топқа бөлінеді)<br>Мәтінді топта бірлесіп оқиды, негізгі ойын анықтайды. Тақырып қояды. Берілген мәтіндерді салыстырады.<br><br>Әр топ «ПОПС формуласы» бойынша жауап береді, өз ойларын жеткізеді. Тапсырманы топта өзара бөлісіп алады. Әр топтың мықты оқушысы сөйлейді. | Бағалау критерийлері:<br>- ақпараттарды анықтай алады;<br>- пікірлерін айта алады<br>- ойларын дәлелді жеткізе алады<br><br>жазғандарын оқып, бір-бірін бағалайды. | «ПОПС» формуласы<br>•Бірінші сөйлем «Менің ойымша,... »<br>•Екінші сөйлем «Себебі, мен оны былай түсіндіремін … »<br>•Үшінші сөйлем «Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын … »<br>•Соңғы сөйлем «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім ...»<br><br>«Автор орындығы» әдісі<br>1. Әр жұп мүшесі өз жұмысын басқа жұп мүшелеріне ұсынады. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | жаз<br>Дескриптор<br>Білім алушы<br>1 Жақша ішіндегі қажетті сөздерді қояды<br>2 сөйлемдерді жазады | Екі мәтінді салыстыра отырып, Венн диаграммасына түсіреді<br><br>Венн диаграммасы арқылы өз жұмыстарын басқа топ мүшелеріне таныстырады<br><br>Жұптық жұмыс<br><br>Жақша ішіндегі қажетті сөздерді қойып, сөйлемдерді жазады | | 2. жұптағы ең үздік жұмыс анықталады.<br>3. Ортада тұрған орындыққа отырып, автор өз жұмысымен таныстырады.<br>4. Авторға сұрақ қойылады, қолдау көрсетіледі. |
| Сабақтың соңы<br>5 минут | Рефлексия<br>10-тапсырма<br>«Бес саусақ» тәсілі арқылы сұрақтарға жауап беру | Кері байланыс орнатылады | Ауызша мадақтау | |
| Үйге тапсырма | 9-тапсырма.<br>Журнақтарды жалғап, сөйлем құрастыру | | | |
| Сабақ мақсатына талдау жасау | 1. Сабақтың мақсаттары оқу мақсаттарымен келісілген, оқу бағдарламасына сай алынған. | 2. Сабақ мақсаттары пәннің ерекшеліктеріне бағдарланған: тілдік мақсаттары, құндылықтары, пәнаралық байланысы пән ерекшеліктерін ескеріліп алынған. | | 3.Сабақ мақсаттары оқушылардың қажеттіліктерін ескере отырып, SMART (нақты, өлшемді, қол жетімді, шынайы және сабақ шегіндегі уақытқа сай) форматында құрастырылған |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Белсенді оқу әдістеріне талдау | 1. Әдістерді таңдау пән бойынша тақырыптың мазмұнымен анықталған. Мысалы, «Суреттер сөйлейді» әдісінің құрылымы сабақтың тақырыбы бен мазмұнын ашуға мүмкіндік береді | 2. Әдістер оқу мақсаттарына жетуге ықпал етеді. | 3. Әдістер оқушыларды оқуға тартуға бағытталған. Мысалы, «Автор орындығы» әдісі барлық оқушыларды белсенді әрекет жасауға, тақырыпқа қызығушылықтарын арттыруға, топтық жұмыс көмегімен барлық оқушыларды жұмысқа жұмылдыруға мүмкіндік береді. |
| Критериалды бағалау | 1. Бағалау оқу мақсаттарына сәйкес келеді. Сабақтың әр кезеңінде оқушылардың жетістіктері бағаланып отырады. Тапсырмадан кейін оқу мақсатына сай дескрипторлар берілген. | 2. Қалыптастырушы бағалау оқуды қолдайды. Сабақ барысында мұғалім тарапынан «Ауызша мадақтау», оқушылар тарапынан бағалау критерийлер көмегімен өзара бағалау, «Автор орындығы» әдісі арқылы бағалау сияқты ҚБ түрлері қолданылған. Олардың барлығы оқушының оқу жетістіктерін қолдауға бағытталған. | 3. Бағалау критерийлер. Сабақ жоспарында әр тапсырмаға бағалау критерийлер дескрипторлар арқылы ұсынылған. |
| Сабақ бойынша қорытынды | Сабақ құрылымы мен мазмұны жаңартылған білім беру мазмұнына, оқу бағдарлама талаптарына сай, сабақтың мақсатына сәйкес. Сабақта оқушының жеке жұмысы, жұптық және топтық жұмыс ұйымдастыру формалары тиімді қолданылды. Оқушының өз бетінше білімді игеруіне байланысты тапсырмалар қарастырылған. Сабақ барысында кері байланыс орнатуға бағытталған, дескрипторлары оқу мақсатына сай, қалыптастырушы бағалаудың ұтымды әдіс-тәсілдері ұсынылған. | | |


Аубекова Нұргүл Жексенбайқызы,
Тараз қаласы №40 мектеп-гимназиясы

| | |
|---|---|
| Бөлім: | 10-бөлім. Алаш идеясы мен қайраткерлері |
| Педагогтің аты-жөні | Аубекова Нұргүл Жексенбекқызы |
| Күні | |


| | |
|---|---|
| Сынып | 9 - сынып |
| Сабақтың тақырыбы | Алаш қозғалысына – 100 жыл<br>8-сыныпта мақсатқа сәйкес тақырып:«Алашорда» көсемдері |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты | 9.1.2.1 тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, ақпараттың шынайылығы мен нақтылығын анықтау |
| Қайталауға арналған сабақтың сәйкестік мақсаты | 8.2.3.1 ауызша мәтіндер құрауда сөз ішіндегі және сөз аралығындағы ілгерінді, кейінді және тоғыспалы ықпал заңдылықтарын ескеріп айту. |
| Сабақтың мақсаты | Негізгі сабақ мақсаты: тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, ақпараттың шынайылығы мен нақтылығын анықтау<br>8- сыныпта өткен материалды қайталау мақсаты: ауызша мәтіндер құрауда сөз ішіндегі және сөз аралығындағы ілгерінді, кейінді және тоғыспалы ықпал заңдылықтарын ескеріп айту. |
| Сабақтың барысы | |

| Сабақтың жоспарланған кезеңдері | Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері | Ресурстар |
|---|---|---|
| Сабақтың басы | КҮНДЕЛІКТІ ШАРАЛАР:<br>1. Оқушылармен сәлемдесемін;<br>2. Оқушылар санын түгелдеймін;<br>3. Назарларын сабаққа аударамын; | |
| | ШИРАТУ ЖАТТЫҒУЫ:<br>а/ «Суреттер сыр шертеді» әдісі. Жеке жұмыс. Жаңа сабақтың тақырыбын болжау.<br>**Суреттер сыр шертеді**<br><br>*“Бүгінгі күнді түсініп-түйсіну үшін де, болашақтың дидарын көзге елестету үшін де кешегі кезеңге көз жіберуіміз керек”*<br>*Н.Ә.Назарбаев*<br><br>Дескриптор<br>Білім алушы<br>Суреттер арқылы сабақтың тақырыбын болжайды.<br>Мұғалімнің бағалауы.<br>Кері байланыс.<br>Не қызықты болды?<br>Бұл тапсырманы орындауда қандай қиындықтар болды? | Слайд |

| | | |
|---|---|---|
| | КІРІСПЕ:<br>Сабақтың мақсаттарымен таныстырамын: тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсінеді; ақпараттың шынайылығы мен нақтылығын анықтайды. Бағалау критерийін түсіндіру:<br>өзін-өзі бағалау сызбасы;<br>телефон тұтқасы; (жұптық жұмыс)<br>көңіл-күй букеті; (жеке жұмыс)<br>өзара жетілдіру парағы. (топтық жұмыс) | КТЖ, 9-сынып, бағалау параша-лары, слайд. |
| Сабақтың ортасы | ДАМУ:<br>1-тапсырма. Сөздікпен жұмыс.<br>Алаш қозғалысы – движение Алаш<br>Ұлт-азаттық қозғалыс – национально-освободительное движение<br>Халықтың мүддесі – интересы народа<br>Үгіт-насихат – агитация<br>Дербес мемлекет – независимое государство<br>Адам құқығы – права человека<br>Қазақ тілінің беделін арттыру – повышение престижа казахского языка<br>Дескриптор<br>Білім алушы<br>Сөздікті жазады;<br>Сөздермен сөйлем құрайды;<br>2-тапсырма. «Сөз+сөзтіркесі+сөйлем» әдісі. Жеке жұмыс.<br><br><br>Дескриптор<br>Білім алушы<br>Берілген сөздерден сөзтіркесін және сөйлем құрайды.<br>3-тапсырма. Тыңдалым.<br>І. Тыңдалымалды тапсырма. Топтық жұмыс.<br>Бейнежазбаны тыңдай отырып, мәтін мазмұнын әр топ БЛУМ сұрақтары арқылы талдайды. | Слайд |




Дескриптор
Білім алушы
бейнежазбаны тыңдайды
мәтін мазмұнын әр топ БЛУМ сұрақтары арқылы талдайды.
Топтық бағалау: «Өзара жетілдіру парағы»
4-тапсырма. Тыңдалым тапсырмасы. Жеке жұмыс. Бейнежазбаны тыңдай отырып, нақты ақпаратты анықтау.




Дескриптор
Білім алушы
бейнежазба бойынша нақты ақпаратты анықтайды
Жеке бағалау: «Көңіл-күй букеті»
5-тапсырма. Тыңдалымнан кейінгі тапсырма: Жұптық жұмыс. «РАФТ» әдісі. Саралау тәсілі. (Қарқын). Мәтіннің мазмұнын талқылау. Бүгінгі өмірмен байланыстыра отырып, өз ойларымен қорытындылау.

| | | |
|---|---|---|
| | <br>Дескриптор<br>Білім алушы<br>тыңдалған мәтіннен алған ақпаратты негізге алады;<br>«РАФТ» стратегиясы бойынша диалог ұйымдастырылады.<br>Жұптық бағалау критерийі: «Телефон тұтқасы»<br> | |
| Сабақтың соңы | БҮКІЛ СЫНЫП ОРЫНДАЙТЫН ЖҰМЫС:<br>Кері байланыс. «3 минуттық пауза» әдісі. Жеке жұмыс.<br><br>Мұғалім қорытындысы. | |
| | Үй тапсырмасы: Сөздікті жаттау. Қосымша дереккөздерден ақпарат іздей отырып, “Алаш зиялыларының біз білмейтін қырлары немесе | |

| | | |
|---|---|---|
| | айтылмаған әңгіме” тақырыбында шағын мәтін жазуңыз. | |
| Саралаудың қарқын тәсілі.<br>5- тапсырма:<br>Барынша қолдау көрсету:<br>Мәтіннің мазмұнын талқылау барысында қосымша уақыт бере отырып қолдау көрсетемін.<br>Қолдау орташа көрсетіледі:<br>Мәтіннің мазмұнын талқылау барысында қосымша ақпарат бере отырып қолдау көрсетемін.<br>Қолдау аз көрсетіледі:<br>Қосымша сұрақ қою арқылы қолдау көрсетемін. | Бағалау-оқушы білімін тексеруді қалай жоспарлайсыз?<br><br>«Суреттер сыр шертеді» әдісі<br>«3 минуттық пауза» әдісі<br>«Қарқын» тәсілі<br>«РАФТ» әдісі<br>«Телефон тұтқасы» әдісі<br>«Өзара жетілдіру парағы» әдісі<br>«Көңіл-күй букеті» әдісі<br>«Өзін-өзі бағалау сызбасы» | Пәнаралық байланыс: тарих, бейнелеу өнері.<br>Денсаулық және қауіпсіздік:<br>Қауіпсіздік ережелерін еске түсіреміз.<br>АКТ-мен байланыс:<br>Интербелсенді тақта<br>Құндылықтармен байланыс: Құрмет, ынтымақтастық, ашықтық, қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілікке баулу. |
| Рефлексия<br>Сабақ мақсаттары\ оқу мақсаттары қол жетімді ме?<br>Оқушылар бүгін не үйренді?<br>Сабақтағы ахуал қандай болды?<br>Жоспарланған саралау жақсы іске асты ма?<br>Уақыт есебінен ауытқу болды ма?<br>Жоспарға қандай өзгеріс енгізілді? | Өткізген сабақ туралы ойлану үшін төмендегі орынды пайдаланыңыз. Сол жақтағы сіздің сабағыңызға қатысты сұрақтарға жауап беріңіз. | |
| Жалпы бағалау<br>Ең жақсы өткен екі нәрсе (оқыту мен оқуға қатысты)<br>1:<br>2:<br>Қандай екі нәрсе немесе тапсырма сабақтың бұдан да жақсы өтуіне ықпалын тигізер еді? (оқыту мен оқуға қатысты)<br>1:<br>2:<br>Осы сабақтың барысында барлық сынып немесе жекелеген оқушылар жөнінде келесі сабағыма қажет болуы мүмкін қандай ақпарат білдім | | |

Канафина Нургуль Уапихқызы,
«Атырау облысы №3 мектеп-гимназиясы» КММ

| | | |
|---|---|---|
| Бөлім: | Қазақ жазының даму жолы. «Күлтегін» жыры | |
| Педагогтің аты-жөні | Канафина Н.У. | |
| Күні: | | |
| Сынып: | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы | «Күлтегін» жыры | |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары | 9.1.2.1тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, ақпараттың шынайылығы мен нақтылығын анықтау | |
| Кіріктірілген оқу мақсаты: | 8.1.2.1 тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, детальді ақпараттарды анықтау | |
| Сабақтың мақсаты | Орхон- Енисей жазба ескерткіштері, руна жазуы, Күлтегін | |

| | |
|---|---|
| | жыры, кейіпкерлері, ерекшеліктері , жырдың қазақ әдебиетіндегі алатын орны туралы түсінік қалыптастыру |

Сабақтың барысы

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Қызығушылықты ояту<br>5 мин | Ұйымдастыру кезеңі:<br>1.Білім алушылармен амандасу,түгендеу.<br>2.Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру | Білім алушылар бір-біріне тілек білдіреді,тыңдау дағдыларын дамытуға бағытталады, сондай-ақ барлық оқушылардың қатыстырылуы арқылы сабаққа белсенділігі артады | | Оқулық, жұмыс дәптері |
| Мағынаны тану<br>35 минут | «Күлтегін» жыры туралы мәтінді тыңдатамын. ЖЖТапсырма. Мәтін мазмұны негізінде 5 сұрақ құрастыру | Білім алушылар 5 сұрақ құрастырады. | ҚБ | https://kk.wikipedia.org/wiki |
| | Мәтінде берілген құлпытас, қашап жазу, көне түркі, жазба ескерткіш тірек сөздеріне сөйлем құрастырыңыздар. | Білім алушылар мәтін мазмұнын сақтай отырып, берілген тірек сөздерге сөйлем құрастырады. | ҚБ | |
| | Ғаламтордан «Күлтегін» жырын тауып оқуды ұсынады. | Ғаламтордан жырды тауып , оқиды . Жырдың мазмұнына өз пікірлерін білдіреді. «Батыр туса-ел ырысы» деген мақалды жыр мазмұнымен байланыстырады. | ҚБ | https://adebiportal.kz/kz/news/view/kultegin_zhiri_erkin_adebi_nuska__1488 |
| Рефлексия<br>5 минут | Сабақта өткен оқу материалдарына, өзге де ақпараттарға сүйеніп, «Күлтегін» жыры жайлы диаграмманы толықтырып жазыңыздар. | Білім алушылар диаграмманы толтырады. | ҚБ | Оқулық, ғаламтор материалдары |
| Үйге тапсырма | 8-тапсырма 15-бет | Тапсырманы дәптерге орындайды. | | Оқулық |

V. Сабақтан тыс уақытта толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары (38.3-кесте)

38.3-кесте. Толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары

1) «Тыңдалым»:

| Білім алушылар: | |
|---|---|
| Дағдылар | Оқыту мақсаттары |
| | 8-сынып |
| Негізгі ойды анықтау | 8.1.5.1<br>тірек сөздер, автор көзқарасы мен көңіл күйі арқылы негізгі ойды анықтау. |

2) «Айтылым»:

| Білім алушылар: | |
|---|---|
| Дағдылар | Оқыту мақсаттары |
| | 8-сынып |
| Сөз мәнері мен сөйлеу этикеті | 8.2.2.1<br>түрлі жанрдағы көркем мәтіндерге сүйене отырып, көңіл-күйді білдіруде ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын қолдана білу. |
| Мәтіннің негізгі аспектілерін анықтау және талқылау | 8.2.4.1<br>идеялық жағынан ұқсас мәтіндердегі оқиғалар желісіне бақылау жасай отырып, мазмұнның дамуын салыстыру және талдау. |

3) «Оқылым»:

| Білім алушылар | |
|---|---|
| Дағдылар | Оқыту мақсаттары |
| | 8-сынып |
| Өзіндік көзқарасын білдіру және бағалау | 8.3.6.1<br>тақырып бойынша бірнеше мәтінде көтерілген мәселелерді салыстыра отырып, баға беру. |

4) «Жазылым»:

| Білім алушылар: | |
|---|---|
| Дағдылар | Оқыту мақсаттары |
| | 8-сынып |
| Әртүрлі стильде мәтіндер құрастыру | 8.4.1.1<br>мәтіндердің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап, шағын мақала, пікір, интервью жазу. |
| Мәліметтерді жинақтау | 8.4.4.1<br>тақырып бойынша мәліметтерді жинақтап, эссе жазуда тиімді қолдану. |

5)«Тілдік бағдар»:

| Білім алушылар: | |
|---|---|
| Дағдылар | Оқыту мақсаттары |
| | 8-сынып |
| | 8.5.1.5<br>демеулік шылаулардың қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдану. |

VI. Кіріктіруге болмайтын оқыту мақсаттары қарастырылатын консультациялардың кестесі

Білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды толықтыру үшін 8-сыныпта «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнін оқу барысында кіріктіруге болмайтын оқыту мақсаттары бойынша каникул кездерінде (күзгі, қысқы, көктемгі) кеңестер өткізу ұсынылады.

Төмендегі кесте демалыс кездерінде (күзгі, қысқы, көктемгі) өткізілетін кеңестердің кестесінің үлгісі келтірілген (38.4-кесте).

38.4-кесте – Демалыс кездерінде (күзгі, қысқы, көктемгі) өткізілетін консультациялардың кестесі

1)«Тыңдалым»:

| Өткізілетін мерзімі | Тақырыптың атауы | Көркем шығармалар | Оқыту мақсаттары |
|---|---|---|---|
| Күзгі демалыста | Білім. Ғылым. Инновация | Т.Сұлтанбеков «Ғажайып планета» әңгімесі (үзінді) | 8.1.5.1 тірек сөздер, автор көзқарасы мен көңіл күйі арқылы негізгі ойды анықтау. |

2)«Айтылым»:

| Өткізілетін мерзімі | Тақырыптың атауы | Көркем шығармалар | Оқыту мақсаттары |
|---|---|---|---|
| Күзгі демалыста | Сауда жасай білесін бе? | Абай Құнанбаев «Базарға қарап тұрсам әркім барар» | 8.2.2.1 түрлі жанрдағы көркем мәтіндерге сүйене отырып, көңіл-күйді білдіруде ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын қолдана білу. |
| Қысқы демалыста | Кәсіп – бақыттың шырағы, Еңбек – ырыстың бұлағы | С.Мұқанов «Саятшы Ораз» әңгімесі | 8.2.4.1 идеялық жағынан ұқсас мәтіндердегі оқиғалар желісіне бақылау жасай отырып, мазмұнның дамуын салыстыру және талдау. |

3)«Оқылым»:

| Өткізілетін мерзімі | Тақырыптың атауы | Көркем шығармалар | Оқыту мақсаттары |
|---|---|---|---|
| Көктемгі демалыста | Биоалуан түрлілік Жойылып бара жатқанжануарлар мен өсімдіктер | М.Әуезов «Көксерек» | 8.3.6.1 тақырып бойынша бірнеше мәтінде көтерілген мәселелерді салыстыра отырып, баға беру. |

4)«Жазылым»:

| Өткізілетін мерзімі | Тақырыптың атауы | Көркем шығармалар | Оқыту мақсаттары |
|---|---|---|---|
| Көктемгі демалыста | Наурыз және әлем халықтарының оны қарсы алу ерекшеліктері | Б.Ж.Бопай ұлы «Қазақы наурызнама» (үзінді) | 8.4.4.1 тақырып бойынша мәліметтерді жинақтап, эссе жазуда тиімді қолдану. |

5)«Тілдік бағдар»:

| Өткізілетін мерзімі | Тақырыптың атауы | Көркем шығармалар | Оқыту мақсаттары |
|---|---|---|---|
| Көктемгі демалыста | Биоалуан түрлілік Жойылып бара жатқанжануарлар мен өсімдіктер | М.Әуезов «Көксерек» | 8.5.1.5 демеулік шылаулардың қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарда орынды |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | қолдану. |

VII. Жазғы мектеп кезінде ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгісі (2-3)

Білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды толтырудың тағы бір жолы – Жазғы мектепті ұйымдастыру. Жазғы мектеп кезінде өткізілетін сабақтар 6-сыныпқа арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша оқу бағдарламасына сәйкес келесі тақырыптарды қайталау мен пысықтау ұсынылады:



Әрі қарай республика мектептерінің педагогтері әзірлеген сабақтардың қысқа мерзімді жоспарларының үлгілері ұсынылады:

Канафина Нургуль Уапихқызы,
«Атырау облысы №3 мектеп-гимназиясы» КММ

| | | |
|---|---|---|
| Бөлім: | 5-бөлім. Қазақстан Республика-сының Тұңғыш Президенті күні – Тәуелсіз Қазақстанның айбынды мейрамы | |
| Педагогтің аты-жөні | Аубекова Нұргүл Жексенбекқызы<br>Тараз қаласы № 40 гимназия | |
| Күні | | |
| Сынып | 9 - сынып | |
| Сабақтың тақырыбы | Тұңғыш Президент<br>8-сыныпта мақсатқа сәйкес тақырып: Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан жолы» (үзінді) | |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты | 9.1.6.1 тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде көтерілген мәселеге сыни көзқарасын білдіру. | |
| Қайталауға арналған сабақтың сәйкестік мақсаты | 8.2.5.1 пікірталасқа қатысушылар берілген тақырып бойынша өз пікірлерін сенімді дәлелдеу және қойылған сұрақтарға еркін жауап беру. | |
| Сабақтың мақсаты | Негізгі сабақ мақсаты: тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде көтерілген мәселеге сыни көзқарасын білдіру<br>8- сыныпта өткен материалды қайталау мақсаты: пікірталасқа қатысушылар берілген тақырып бойынша өз пікірлерін сенімді дәлелдеу және қойылған сұрақтарға еркін жауап беру. | |
| Сабақтың барысы | | |
| Сабақтың жоспарланған кезеңдері | Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері | Ресурстар |

<table>
<tr><td>Сабақтың басы<br>4 минут</td><td>КҮНДЕЛІКТІ ШАРАЛАР:<br>1. Оқушылармен сәлемдесемін;<br>2. Оқушылар санын түгелдеймін;<br>3. Назарларын сабаққа аударамын;<br>ШИРАТУ ЖАТТЫҒУЫ:<br>«Пазл» әдісі. Жеке жұмыс. Алдыңғы білімде өтілген тақырыпты жинақтау арқылы пазл құрастырып, жаңа сабақтың тақырыбын болжау.<br>Тапсырма қадамдары:<br>сурет қиындыларын құрастырады;<br>сұрақтарды жауаптарымен сәйкестендіреді;<br>сұрақтарға жауап береді;<br>тақырыпты анықтаған соң, тақырып аясында өз ойларымен бөліседі.<br>Оқушылар мұғалім жетекшілігімен ойды қорытындылайды.<br>Дескриптор<br>Білім алушы<br>- сұрақтарды жауаптарымен сәйкестендіреді;<br>- қорытынды ой шығарады.<br>Мұғалімнің бағалауы.<br>Кері байланыс.<br>Не қызықты болды?<br>Бұл тапсырманы орындауда қандай қиындықтар болды?</td><td>Сурет қиын-дылары, интербел-сенді тақта.</td></tr>
<tr><td>2 минут</td><td>КІРІСПЕ:<br>Сабақтың мақсатымен таныстырамын:<br>9.1.6.1 тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде көтерілген мәселеге сыни көзқарасын білдіру.</td><td>КТЖ, 8-сынып, Интербел-сенді тақта.</td></tr>
<tr><td>Сабақтың ортасы<br>22 минут</td><td>ДАМУ:<br>1-тапсырма. Тыңдалым алды тапсырма.Жұптық жұмыс. «Шабандоз бен ат» әдісі. Мәтінді мұқият тыңдап, сұрақтар мен жауаптарды сәйкестендіру.<table><tr><td>Сұрақтар</td><td>Жауаптар</td></tr></table>Тапсырма қадамдары:<br>мәтінді тыңдайды;<br>сұрақтар мен жауаптарды сәйкетендіреді.<br>Дескриптор<br>Білім алушы<br>- сұрақтарға жауап береді.<br><br>Кері байланыс. «Смайликтер» әдісі арқылы мұғалім кері байланысы жүргізеді.</td><td>Интербел-сенді тақта</td></tr>
</table>

<table>
<tr>
<td></td>
<td>- сұрақтарды жауаптарымен дұрыс сәйкестендірді, толық жауап берді.<br>- сұрақтарды жауаптарымен дұрыс сәйкестендіре алмады, сұраққа жауап беруде қиналды.<br>2-тапсырма. Тыңдалым тапсырмасы. Жұптық жұмыс.<br>«Ақпараттың дұрыс-бұрыстығы» әдісі. Мазмұн бойынша саралау. «Сұрақтарды пайдалану» тәсілі. Мәтінді екінші рет тыңдап, ақпараттың дұрыс-бұрыстығын<br>анықтау. Өз ойын дәлелдеп айту.
<table>
<tr><td>Ақпараттар</td><td>Дұрыс, себебі.....</td><td>Дұрыс емес, себебі</td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>
Тапсырма қадамдары:<br>- мәтін бойынша ақпараттың дұрыс-бұрыстығын анықтайды.<br>Дескриптор<br>Білім алушы<br>- ақпараттың дұрыс-бұрыстығын анықтайды.<br>Саралау: «Сұрақтарды пайдалану» арқылы саралау тәсілі бойынша қабілеті жоғарғы оқушылар ақпараттың дұрыс-бұыстығын анықтауда өз ойын дәлелдеп айтуда қосымша ақпарат бере отырып қолдау көрсетемін. Қабілеті орташа оқушылар ақпараттың дұрыс-бұрыстығын анықтауда жетекші сұрақтар арқылы көмектектесемін. Қабілеті төмен оқушылар ақпараттың дұрыс-бұрыстығын анықтауда мәтіндегі тірек сөздерді еске түсіру арқылы қолдау көрсетемін.<br>Өзін-өзі бағалау. «Жетістік баспалдағы» әдісі.<br><br>Ақпаратты дұрыс анықтадым, себебі .....<br>Аздап қателестім, себебі...<br>Түсінбедім, себебі ....</td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td>Сабақтың соңы<br>6 минут</td>
<td>Бүкіл сынып орындайтын жұмыс:<br>3-тапсырма. Айтылым тапсырмасы: Топтық жұмыс. «РАФТ» әдісі. Оқу ортасын саралау. «Рөлдер» тәсілі.«Тұңғыш Президент» тақырыбында рөлдік ойын құрастыру. Диалог құрастыру барысында кеңес беру, ұсыныс жасаудың түрлі формалары қолдану. Сөз әдебі мен сөйлеу этикетін сақтау.</td>
<td>Интербел-сенді тақта</td>
</tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| | <br>Дескриптор<br>Білім алушы<br>-тақырып бойынша диалог құрайды;<br>-ақпарат, сұхбат, кеңес беруді түрлі формаларын қолданады;<br>-берілген тақырыптың мазмұнын ашады;<br>-сөз әдебі мен сөйлеу этикетін сақтайды;<br>-фантазия деңгейін, әртістік қабілеттерін көрсетеді.<br>Талаптар:<br>-өмірмен байланысты болу тиіс ;<br>-ақпарат, сұхбат, кеңес беруді түрлі формаларын қолдану керек;<br>-сөз әдебі мен сөйлеу этикетін сақтау қажет;<br>-фантазия деңгейін, әртістік қабілеттерін көрсету керек.<br>Саралау: «Рөлдер» арқылы саралау тәсілі бойынша қабілеті жоғарғы оқушылар диалог құрастыру барысында кеңес беру, ұсыныс жасаудың түрлі формаларынайта отырып қолдау көрсетемін. Қабілеті орташа оқушылар диалог құрастыру барысында сөз әдебі мен сөйлеу этикетін орынды қолдану керектігін айтамын. Қабілеті төмен оқушылар диалог құрастыру барысында сөзтіркестерді дұрыс қолдану арқылы жетелеймін.<br>Пәнаралық байланыс: тарих, «Қазіргі заман тарихы» кітабынан көрініс табады.<br>Топтық кері байланыс:<br> | |
| 6 минут | Күнделікті шаралар:<br>Үй тапсырмасы: Сөздікті қайталау. 2-тапсырма 78 – | |

бет

Кері байланыс.«Менің сабақтан кейінгі әсерім» әдісі. Жеке жұмыс.

| Қандай ой пайда болды? | Не сезіндім? | Не ұнады? |
|---|---|---|
| | | |

Мұғалім қорытындысы. «Оқушының бағалау сызбасы» әдісі.

| Оқушының аты-жөні: | | | |
|---|---|---|---|
| Тапсырмалар | Толық ⊥ | Жартылай ⊥ | Төмен — |
| №1 сұра тар мен жауаптарды сәйкестендірдім. | | | |
| №2 ақпараттың дұрыс-бұрыстығын анықтадым. | | | |
| №3 диалог құрастыруда кеңес беру, ұсыныс жасаудың түрлі формаларын қолдандым. | | | |

Қосымша ақпарат


| | | |
|---|---|---|
| Саралау – оқушыға мейлінше қолдау көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілетті оқушыға тапсырманы қалай түрлендіресіз?<br>2-тапсырма. Мазмұн бойынша саралау.<br>«Сұрақтарды пайдалану»тәсілі<br>Барынша қолдау көрсету:<br>Мәтін бойынша ақпараттың дұрыс-бұрыстығын анықтау үшін қосымша уақыт бере отырып қолдау көрсетемін.<br>Қолдау орташа көрсетіледі:<br>Мәтін бойынша ақпараттың дұрыс-бұрыстығын анықтауда мәтінді еске түсіру арқылы қолдау көрсетемін<br>Қолдау аз көрсетіледі:<br>Тақырып бойынша қосымша сұрақ қою арқылы қолдау көрсетемін. | Өткізген сабақ туралы ойлану үшін төмендегі орынды пайдаланыңыз.<br>Сол жақтағы сіздің сабағыңызға қатысты сұрақтарға жауап беріңіз.<br>Бағалау-оқушы білімін тексеруді қалай жоспарлайсыз?<br>«Шабандоз бен ат» әдісі. мұғалімнің бағалауы<br>«Смайликтер» әдісі<br>«Ақпараттың дұрыс-бұрыстығы» әдісі.<br>Өзін-өзі бағалау «Жетістік баспалдағы»<br>«РАФТ» әдісі. Топтық бағалау.<br>«Бас бармақ» | Пәнаралық байланыс: тарих, «Қазіргі заман тарихы» кітабынан көрініс табады.<br>Денсаулық және қауіпсіздік: Қауіпсіздік ережелерін еске түсіреміз.<br>АКТ-мен байланыс: Интербелсенді тақта<br>Құндылықтармен байланыс: Қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім. Қазақстан халықтарының |

| | | |
|---|---|---|
| 3-тапсырма.Оқу ортасын саралау. «Рөлдер» тәсілі.Барынша қолдау көрсету:<br>Ақпарат, сұхбат, кеңес беруді түрлі формаларын қалай қолдану керектігі туралы ақпарат беремін.<br>Қолдау орташа көрсетіледі:<br>Тақырыптың мазмұнын ашу үшін қосымша ақпараттарды пайдалануға кеңес беремін .<br>Қолдау аз көрсетіледі:<br>Диалог құраубарысында өмірмен байланыстыру керектігі туралыұсыныс айтып қолдау көрсетемін. | | достық пен келісім дәстүрін сақтап, ұлғайтып, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуді түсінеді.<br>Құндылыққа баулу 3-тапсырмада көрініс тапты. Себебі, диалог құрау барысында ұлттық бірлік, достастық жайлы сөз етіледі. |
| Рефлексия<br>Сабақ мақсаттары\ оқу мақсаттары қол жетімді ме?<br>Оқушылар бүгін не үйренді?<br>Сабақтағы ахуал қандай болды?<br>Жоспарланған саралау жақсы іске асты ма?<br>Уақыт есебінен ауытқу болды ма?<br>Жоспарға қандай өзгеріс енгізілді? | | Өткізген сабақ туралы ойлану үшін төмендегі орынды пайдаланыңыз.<br>Сол жақтағы сіздің сабағыңызға қатысты сұрақтарға жауап беріңіз. |
| Жалпы бағалау<br>Ең жақсы өткен екі нәрсе (оқыту мен оқуға қатысты)<br>1:<br>2:<br>Қандай екі нәрсе немесе тапсырма сабақтың бұдан да жақсы өтуіне ықпалын тигізер еді? (оқыту мен оқуға қатысты)<br>1:<br>2:<br>Осы сабақтың барысында барлық сынып немесе жекелеген оқушылар жөнінде келесі сабағыма қажет болуы мүмкін қандай ақпарат білдім | | |

Исабаева Нұргүл Бабатаевна,
«Павлодар облысы, №11 жалпы білім беру мектебі» КММ

| | |
|---|---|
| Пән: Қазақ тілі Т2 | Бөлім: 1. Қазақ жазуының даму жолы. «Күлтегін» жыры |
| Күні : | Педагогтің аты-жөні: Исабаева Н.Б. |
| Сынып: 9 | Қатысқан оқушылар: Қатыспаған оқушылар : |
| Сабақтың тақырыбы: Орта ғасыр түркі тілі- ғылым тілі | |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары | 9.3.6.1 мәтінде көтерілген мәселені ғаламдық мәселелермен байланыстыра отырып сыни тұрғыда баға беру |
| Сабақтың мақсаты : | мәтінде көтерілген мәселені ғаламдық мәселелермен байланыстыра отырып сыни тұрғыда баға береді |
| Тілдік мақсаттар | Шығыс,трактаттар,ойшылдар |

| Сабақтың барысы | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың кезеңі/уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
| Сабақтың басы (5 минут) | Оқушылардың жаңа сабаққа деген қызығушылығын ояту мақсатында азық-түлік дүкеніне саяхат жасатады. Оқушыларға хабарлама жасап, сұрақтар қояды | Оқушылар сұрақтарға жылдам жауап береді | *«Бас бармақ»*  | Слайд |
| Сабақтың ортасы (6-37 минут) | Мұғалім оқушының іс-әрекетін бақылайды. Үй тапсырмасын сұрайды Оқылым жазылым 2-тапсырма<br><br>Жұптық жұмыс Мәтінге қатысты тірек сөздерді ұсынады<br><br>Тыңдалым жазылым айтылым 6-тапсырма Топтық жұмыс | Үй тапсырмасын Тыңдалым, Айтылым.Жазылым дағдылары арқылы жауап береді<br><br>Мәтінмен жұмыс жасайды. Кластер құрады<br><br>Оқушылар мәтінді тыңдап, негізгі ойды тезис түрінде жазады. Берілген тірек сөздердің мағынасын анықтайды: Сөздік,халықаралық тіл,географиялық карта, «Ұлы кеңесші» лауазымы,Ата заң,бақ-дәулет,ақыл- | Оқушылар өз-өзін ауызша бағалайды<br><br>Дескриптор Білім алушы: -қазақ тіліне тән дыбыстарға көңіл аударып мәтінді оқиды - тілдік нормаларды сақтайды Дескрипторлары: 1. Тақырыпқа қатысты берілген сөздерді қолданалды; 2. Мәтіндегі ақпаратты пайдаланады; | Оқулық 22- бет сөздік слайд<br><br>Слайд Оқулық 23 бет |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Оқылым айтылым 3-тапсырма Жеке жұмыс Өлеңнің мазмұнын түсінуге көмектеседі.<br><br>Жазылым Орта ғасыр ойшылдарының ойларын талдауға бағыттайды | парасат,қанағат-ынсап.<br>Оқушылар өленді мәнерлер оқиды,мазмұнын түсіндіреді<br>5-тапсырма<br>Орта ғасыр ойшылдарының тіл туралы айтқандарын түсінеді, олардың мағынасын өз ойымен таратып жазады<br>. | 3. Сөздерді дұрыс пайдалануды талап етеді.<br>Дескриптор:<br>- тыңдалым мәтіннің мазмұны бойынша ой-пікірін дұрыс құрастырады<br>.<br><br>Дескриптор:<br>– диалог құрайды – сұрақ қояды -сұрақтарға жауап бере алады. | Оқулық 22- бет |
| Сабақтың соңы 3 минут | Үй тапсырмасын беру :4-тапсырма | | | |
| | Кері байланыс «Бағдаршам» әдісі Қызыл- мүлдем түсінбедім Сары- жартылай түсіндім Жасыл- толық түсінікті | Оқушылар сабақта алған білімдерін бағдаршамның түстері арқылы түсінгенін білдіреді | | |
| Бағалау | Мұғалім формативті бағалауы бойынша қорытынды балын қояды. | | | |

Суюндикова Айнур Суюндикқызы,
ШҚО «№7 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ

| | |
|---|---|
| Бөлімі: | 13-бөлім. Қазақстандағы туризм мен экотуризм.Ілияс Жансүгіров «Жетісу суреттері» |
| Педагогтің аты-жөні: | Суюндикова Айнур Суюндикқызы |
| Күні: | |
| Сыныбы: 9 | Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы: | Қазақстандағы киелі орындар |

| | |
|---|---|
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты | 9.1.1.1 тыңдалатын мәтіндегі фразалар мен дәйексөздерді талқылай отырып, тақырып пен көтерілетін мәселені болжау;<br>9.3.6.1 мәтінде көтерілген мәселені ғаламдық мәселелермен байланыстыра отырып сыни тұрғыда баға беру;<br>9.4.5.1 тақырып бойынша бас әріппен жазылатын күрделі, құрама атауларды дұрыс жазу; сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану; |
| Сабақтың мақсаты: | Жаңа тақырыппен таныстырып, айтылым дағдысын қалыптастыру |

Сабақтың барысы:

| | |
|---|---|
| Бағалау критерийлері | Тыңдалатын мәтіндегі фразалар мен дәйексөздерді талқылайды;<br>Тақырып пен көтерілетін мәселені болжайды;<br>Мәтінде көтерілген мәселені ғаламдық мәселелермен байланыстыра отырып баға бере алады; |
| Бағалау түрі | Өзін-өзі бағалау, өзара бағалау «Екі жұлдыз,бір тілек», 10 балдық жүйемен бағалау |
| Алдыңғы білім | Саяхатқа алатын заттарды жинақтау арқылы алдыңғы оқуды еске түсіру. Әр заттың артындағы сұрақтарға жауап беру |
| Сабақ барысы | |
| Сабақтың кезеңдері | Сабақта жоспарланған іс-әрекет |
| Сабақ басы<br>5 мин | I. Психологиялық ахуал.<br>II. Миға шабуыл<br>1. Балаларға сабақтың түрі таныстырылады<br>-Балалар,біздің бүгінгі сабағымыз-саяхат сабақ болады.Яғни біз Қазақстанның төрт аймағына саяхаттап қайтамыз.Ол үшін сыныптағы оқушыларды қазір мен төрт топқа бөлемін,сол төрт топ еліміздің оңтүстігі,солтүстігі,шығысы мен батысындағы киелі орындарға саяхаттап қайтады.Саяхаттан оралған соң,алған әсерлерімен,көрген киелі орындарымен бір-бірімен бөлісетін болады. |
| абақтың ортасы<br>30 мин | 2.Өткен тақырып бойынша сұрақтарға жауап бере отырып,саяхатқа қажетті заттарды жинақтайды<br>Рюкзак – Туризм дегеніміз не?<br>Туризм – адамның бос уақытында өз еркінше көңіл көтеріп,демалуы,басқа жерді көріп,қызықтауы.<br>Жуынатын заттар – Жалқы есім дегеніміз не?<br>Жалқы есім дегеніміз жеке заттың,құбылыстың атауы болатын сөз,сөз тіркесі.Яғни зат есімдер бас әріппен жазылады.<br>Су – Сабақтас құрмалас сөйлемнің түрлерін ата.<br>Шартты бағыныңқылы құрмалас сөйлем<br>Қарсылықты бағыныңқылы құрмалас сөйлем<br>Себеп бағыныңқылы құрмалас сөйлем<br>Мезгіл бағыныңқылы құрмалас сөйлем |
| Білу | Мақсат бағыныңқылы құрмалас сөйлем<br>Қимыл-сын бағыныңқылы құрмалас сөйлем |
| Түсіну | Блокнот пен қалам – Туризмнің қандай түрлері бар? |

| | |
|---|---|
| Қолдану | Экотуризм<br>Тау туризмі<br>Емдік сауықтыру туризмі<br>Мәдени-танымдыю туризм<br>Аңшылық пен балық аулау<br>3. Сыныптағы 12 баланы 4 топқа бөліп,еліміздің оңтүстік,солтүстік,батыс және шығыс аймағындағы киелі орындарға саяхатқа жіберемін<br>Оқушыларды сессия залына жіберу арқылы топқа бөлу<br>1- топ. Оңтүстік Қазақстандағы киелі орындар<br>2-топ. Солтүстік Қазақстандағы киелі орындар<br>3-топ. Батыс Қазақстандағы киелі орындар<br>4-топ. Шығыс Қазақстандағы киелі орындар<br>Саяхаттан балалар оралғаннан кейін,әртүрлі тәсілдер арқылы көрген-білген киелі орындарымен бөліседі<br>(әр топ бір-біріне баға береді,зум платформасындағы смайликтер арқылы бағалайды,екі жұлдыз бір тілек әдісі арқылы бағалайды)<br>4. Тыңдалым. Мәтінді мұқият тыңдау.<br>1-топ. Сызба диаграмманы толтырады, түсіндіреді.<br><br><br>Дескриптор<br>Оқушылар алған мәліметтер бойынша диаграмманы толтырады, жазғандарына түсінік береді.<br>2-топ.Тақырыпқа байланысты сөз тіркестерін құрастырады |

| Әліпби | Тақырыпқа қатысты жаңа сөз тіркесін құрастырады | Сөз тіркесі |
|---|---|---|
| А | Солтүстік Қазақстандағы киелі орындар | А |
| Ә | | Қ |
| Б | | Ы |
| Г | | Н |
| Ғ | | Д |
| Д | | Ы |
| Е | | Қ |
| Ж | | Қ |
| З | | А |
| И | | С |
| К | | И |
| Қ | | Е |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Л | | Т | |

Дескриптор
Тақырыпты түсінгенін көрсетеді, өтілген тақырыпқа қатысты сөз тіркесін құрастырады.
3,4-топ. Слайд-презентация арқылы жұмыстарын қорғайды
Дескриптор
Топ мүшелерінің әрқайсысы слайд арқылы саяхаттан алған әсерлерімен бөлісу арқылы сөйлейді.

5. Тілдік бағдар
Оқулықпен жұмыс. 5-тапсырманы бір оқушы оқиды,басқа оқушылар мәтінді тыңдай отырып,мәтін ішіндегі жалқы есімдерге мән береді.
6-тапсырма.Мәтіннен жалқы есімдерді теріп жазып,сөйлем құра.
Дескриптор
Жалқы есімдерді тауып,сөйлем құрайды
7. ББББ кестесін толтыру

| Білгенмін | Білдім | Білгім келеді |
|---|---|---|
| | | |

Жинақтау

Талдау

Сабақтың соңы
5 минут
Бағалау

Рефлексия Кері байланыс: «3-2-1» стратегиясы
Маған ұнаған 3 аспект
Қиындық тудырған 2 мәселе
Бір ұсыныс
Үйге тапсырма.
«Мен өз еліммен,жеріммен мақтанамын» деген тақырыпта эссе жазу
Бағалау.
10 балдық жүйе бойынша бағалау.

## 39. «Қазақ тілі мен әдебиеті» оқу пәні, 10-сынып

I. Өткен оқу жылында өтілген оқу бағдарламасының мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттары

10-сыныпта «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінен диагностикалық жұмыс жүргізу үшін 9-сыныпқа арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінен оқу бағдарламасының оқыту мақсаттары зерделенеді. Ол үшін негізгі орта білім беру деңгейінің 9-сыныптарына арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын қарастырамыз [ 20 ]. Оқу бағдарламасына сәйкес 9-сыныпта 5 бөлім қарастырылады. Тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым, тілдік бағдар. Бесбөлімге қатысты 9-сыныптың мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттары келесі кестеде көрсетілген (39.1-кесте)

39.1-кесте. 9-сыныптың мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттары

1) «Тыңдалым»:

| Білім алушылар: | |
|---|---|
| Дағдылар | Оқыту мақсаттары |
| | 9-сынып |
| 1. Болжау | 9.1.1.1 тыңдалатын мәтіндегі фразалар мен дәйексөздерді талқылай отырып, тақырып пен көтерілетін мәселені болжау |
| 2. Назарын шоғырландырып тыңдау | 9.1.2.1тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, ақпараттың шынайылы<br>ғы мен нақтылығын анықтау |
| 3. Сөздер мен сөз тіркестері нің мағынасын түсіну | 9.1.3.1<br>әлеуметтік - қоғамдық тақырыптар аясында айтылған сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсіну |
| 4. Көркем шығармаларды тыңдау | 9.1.4.1<br>орта көлемді прозалық, поэзиялық шығармалардан үзінді тыңдау, көтерілген (тұрмыстық, әлеуметтік, қоғамдық) мәселені анықтап, өз пікірін білдіру |
| 5.Негізгі ойды анықтау | 9.1.5.1<br>мәтіннің мақсатты аудиториясын, автордың негізгі ойы мен көзқарасын анықтау |
| 6. Тыңдалым материалдары бойынша жауап беру | 9.1.6.1<br>тыңдалым<br>материалдарының мазмұны негізінде көтерілген мәселеге сыни көзқарасын білдіру |

2) «Айтылым»:

| Білім алушылар | |
|---|---|
| Дағдылар | Оқыту мақсаттары |
| | 9-сынып |
| 1. Сөздік қорының алуандылығы | 9.2.1.1<br>берілген тақырыпқа сай сөздерді орынды қолдана отырып, мақсатты аудиторияға арналған ауызша мәтіндер құрау |
| 2.Сөз мәнері мен сөйлеу этикеті | 9.2.2.1 коммуника<br>тивтік жағдаяттар<br>ға байланысты сөйлеу этикеті формаларын дұрыс таңдай білу |
| 3. Орфоэпия<br>лық нормалар<br>ды сақтау | 9.2.3.1 \<br>коммуникативтік жағдаятқа сай сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсініп, өз ойын жеткізу |
| 4. Мәтіннің негізгі аспектіле рін анықтау және талқылау | 9.2.4.1 шығарма<br>ның идеясы мен мазмұнына байланысты «автордың ойын» бағалау |
| 5. Сенімді және еркін жауап беру | 9.2.5.1<br>сөйлеу барысында түрлі стильде берілген тақырып бойынша қажетті аргументтерді орынды қолдану, диалогте, полилогте сенімді сөйлеу |
| 6.Визуалды материал<br>дар арқылы тілді дамыту | 9.2.6.1<br>кесте, диаграмма, шартты белгілер мен сызбаларда берілген ақпараттарды өзара салыстырып бағалау |

3) «Оқылым»:

| Білім алушылар | |
|---|---|
| Дағдылар | Оқыту мақсаттары |
| | 9-сынып |
| 1. Мәтіндегі ақпаратты анықтау | 9.3.1.1<br>мәтіндегі ақпараттың өзектілігін анықтау, қорытынды жасау |
| 2. Стильдік ерекшеліктерді анықтау | 9.3.2.1<br>ғылыми стильде (аннотация, пікір, тезис, мақала, баяндама, презентация) жазылған еңбектердің тілдік және жанрлық ерекшелігін анықтап, талдау жасау |
| 3.Көркем шығарма ларды оқу | 9.3.3.1<br>прозалық және поэзиялық шығармалардағы автордың ойы мен көтерілген мәселені анықтап, оқырманға әсерін бағалау |
| 4. Мәтіндерге салыстырма лы талдау жасау | 9.3.4.1<br>мәтіндердің стилін, жанрлық ерекшеліктерін салыстырып, талдау жасау |
| 5.<br>Қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді оқу | 9.3.5.1<br>қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерден қорытынды жасау, өз көзқарасын білдіру |
| 6. Өзіндік көзқарасын білдіру және бағалау | 9.3.6.1<br>мәтінде көтерілген мәселені ғаламдық мәселелер мен байланыстыра отырып сыни тұрғыда баға беру |

4) «Жазылым»:

| Білім алушылар: | |
|---|---|
| Дағдылар | Оқыту мақсаттары |
| | 9-сынып |
| 1. Әртүрлі стильде мәтіндер құрастыру | 9.4.1.1<br>мәтіндердің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап, шағын мақала, аннотация, шолу, нұсқаулық жазу |
| 2. Эссе жазу | 9.4.2.1<br>эссе құрылымы мен дамуын сақтап, мәселе бойынша ұсынылған шешімнің артықшылығы мен кемшілік тұстарын салыстыра отырып, өз ойын дәлелдеп жазу |
| 3. Шығармашылық жазба жұмысы | 9.4.3.1<br>жазба жұмыстарында афоризмдерді тиімді қолданып жазу |
| 4. Мәліметтерді жинақтау | 9.4.4.1<br>тақырып бойынша түрлі стильдегі мәтіндер құрауда мәліметтерді жинақтап, дереккөздеріне сілтеме көрсетіп жазу |
| 5. Жинақы мәтін құрастыру (компрессия) | 9.4.5.1<br>тақырып бойынша бас әріппен жазылатын күрделі, құрама атауларды дұрыс жазу; сөйлем ішінде қойылатын<br>тыныс белгілерді орынды қолдану |

5)«Тілдік бағдар»:

| Білім алушылар: | |
|---|---|
| Дағдылар | Оқыту мақсаттары |

| | |
|---|---|
| | 9-сынып |
| | 9.5.1.1<br>өздік, өзгелік, ортақ және ырықсыз етістің қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдану |
| | 9.5.1.2<br>мекен және мезгіл үстеулерді ауызша және жазба жұмыстарда орындықолдану |
| | 9.5.1.3<br>ыңғайластық қатынасты білдіретін және қарсылықтық қатынасты білдіретін жалғаулықтардың қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарда орындықолдану |
| 2. Сөйлем | 9.5.2.1<br>жазба жұмыстарында (шартты, қарсылықты, мезгіл, себеп, қимыл-сын, мақсат бағыныңқы) сабақтасқұрмалас сөйлемдерді құрастыру |

II. Іріктеп алынған оқыту мақсаттары бойынша диагностикалық жұмыстың үлгісі

Диагностикалық жұмыс білім алушылардың олқылықтарын толықтыру үшін жүргізілетін жұмыс болып табылады. Сондықтан диагностикалық жұмыстың тапсырмалары ретінде толық жауапты қажет ететін тапсырмаларды беру ұсынылады.

Төменде 9-сыныптағы «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттарына сәйкес әзірленген диагностикалық жұмыс тапсырмаларының үлгісі берілген. Үлгі екі нұсқада әзірленген.

Үлгі: 1-нұсқа

Жылдам тест

Оқушыларға мұғалім өтілген тақырып бойынша сұрақтар оқиды,оқушылар «иә,жоқ» деген жауап арқылы алдыларындағы алдын-ала таратылған параққа егер оқылған сұрақтың жауабы дұрыс болса тор көзді бояйды, «жоқ» болса тор көзді ашық қалдырады.Бұл тапсырма арқылы мұғалім уақытын үнемдейді және барлық оқушыны бағалай алады.

1- нұсқа

1.Бағыныңққы сөйлем басыңқы сөйлемдегі ойдың болу мезгілін білдіретін құрмаластың түрі мезгіл бағыныңқылы сабақтас деп аталады (иә)

2.Сабақтас құрмалас сөйлем 7 түрге бөлінеді (жоқ)

3.Неліктен?неге?не себепті? Сұрақтары қарсылықты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемнің сұрақтары (жоқ)

4.Шартты бағыныңқы сөйлем басыңқыдағы істің жүзеге асу я аспау шартын білдіреді (иә)

5.Арман бар болса да,Айгүл болмады. Шартты бағыныңқылы сабақта құрмалас сөйлем (иә)

6.Күн жылы болғандықтан,біз серуенге шықтық.Мезгіл бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем (жоқ)

7.Мен қанша тесіле қарасам да,Маржан маған назар аудармады.Қарсылықты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сқйлем (иә)

8.Марат оқымақшы болып,қалаға кетті.Шартты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем (жоқ)
9.Бағыныңқы сөйлем басыңқы сөйлеміне қарама-қарсы болып келсе,қарсылықты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем (иә)

| | | |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| 4 | 5 | 6 |
| 7 | 8 | 9 |

2 нұсқа

1.Құрамындағы жай сөйлемдерінің алғашқысының баяндауышы тиянақсыз болып,соңғысына бағына байланысқан құрмалас сөйлемнің түрі салалас құрмалас сөйлем дейді (жоқ)
2.Сабақтас құрмалас сөйлем 6 түрге бөлінеді (иә)
3.Бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы етістіктің –са,-се шартты рай тұлғасынан болса,шартты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем болады (иә)
4.Құрамындағы жай сөйлемдерінің бірі екіншісіне тәуелді болып,оған бағына байланысқан құрмалас сөйлемнің түрін салалас құрмалас сөйлем дейміз (жоқ)
5.Бірі табылса,бірі жоқ.Қарсылықты бағыныңқылы сабақтас (иә)
6.Диана жазуды білсе де,оқуды білмейді.Себеп бағыныңқылы сабақтас (жоқ)
7.Бүгін қара жел басталысымен,қиыршықтап қар да түсе бастады.Мезгіл бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем (иә)
8.Қайтсе де?не етсе де?қайткенмен?не етпейінше? Деген сұрақтар себеп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемнің сұрақтары (жоқ)
9.Анам маған ештеңе айтпастан,үйден шығып кетті.Қимыл-сын бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем

| | | |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| 4 | 5 | 6 |
| 7 | 8 | 9 |

3-бөлім. Көшпенділер мәдениеті. Қазақтың халық күнтізбесі.

І. Есенберлин «Көшпенділер» (үзінді)

1)Тыңдалым тапсырмасы.

9.1.5.1 мәтіннің мақсатты аудиториясын, автордың негізгі ойы мен көзқарасын анықтау

Тыңдалым мәтіні.

Көшпенділер өз тұрмыс-тіршілігіне дайықты мәдениет қалыптастырған. Көшпенділердің материалдық мәдениеті көшіп-қонуға ыңғайлап жасалған. Мұндай мәдениет үлгілеріне жинамалы, жығып-тігуі өте жеңіл киіз үй, ертұрман, ат әбзелдері, теріден, ағаштан жасалған ыдыс-аяқтар, бесік, басқада тұрмыстық заттар жатады.

Киіз үй-қыста суық аяздан, жазда ыстықтан қорғайтын, тез жинап, тұрғыза қоятын құрастырмалы баспана. Сонымен ол - көшпелі халықтың өмірлік салт-дәстүрінің ажырамас бөлігі. Дөңгеленген сыртқы пішіні қатты желге төтеп берсе, туырлықтар жауыннан кейін тез кебеді. Шеңбер тәрізді шаңырақтан және күлдіреуіштен тұрады. Оның төбесін түндіктің жартылай ашып тұруы, бір жағынан, тұрмыс қажеттерінен туса, екінші жағынан, шаңырақ шексіз аспанның белгісі, мәңгілікке апаратын жол іспеттес. Егер киіз үйге жоғарыдан төмен қарасақ, онда шаңырақ күнге, ал уық керегелері оның сәулелеріне ұқсас. (Ақпарат дереккөзі: https://okulyk.kz/kazahskij-jazyk-i-literatura/429/)

Тыңдалымнан кейінгі тапсырмалар.

1.1. Мәтіннің мақсатты аудиториясын анықтаңдар.

| | |
|---|---|
| Мәтіннің мақсатты аудиториясы | |

1.2. Автордың негізгі ойы мен көзқарасын анықтау

| автордың негізгі ойы | автордың негізгі көзқарасы |
|---|---|
| | |

2) Айтылым тапсырмасы

Мақсаты: 9.2.5.1 сөйлеу барысында түрлі стильде берілген тақырып бойынша қажетті аргументтерді орынды қолдану, диалогте, полилогте сенімді сөйлеу

Айтылым тапсырмасы. «Бес сұрақ» әдісі.

Суреттер «Алмас қылыш» кітабындағы қай оқиғаларға сәйкес келеді?




Түрлі стильде берілген мәтіндердегі «Басқару жүйесі» тақырыбына қатысты аргументтерді орынды қолданып, сызба бойынша полилог құрып, талқылаңыздар.

Жетекші сұрақтар:

1. Көшпенділерде басқару жүйесі қалай болған?
2. Туындаған мәселелер қалай шешіліп отырған?
3. Басқару жүйесі халыққа қалай әсер еткен?
4. Қария неге құтқаруды сұрады?
5. Жәнібек қалай құтқармақ?
Оқушылар ұсыныстарын плакатқа жазады.
Идея/ұсыныс толық қарастырылғанға дейін бірдей сұрағы бар сұрақтарды пайдалануды жалғастыра береді.
3) Оқылым тапсырмасы.

Мақсаты: 9.3.3.1 прозалық және поэзиялық шығармалардағы автордың ойы мен көтерілген мәселені анықтап, оқырманға әсерін бағалау

Поэзиялық шығарма ретінде «Елім-ай» өлеңі беріледі

Елім-ай
Қаратаудың басынан көш келеді,
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді,
Елім-ай, Елім-ай.
Ел-жұртынан айрылған жаман екен,
Қара көзден мөлтілдеп жас келеді,
Елім-ай, Елім-ай.
Мына заман қай заман? Бағы заман,
Баяғыдай болсайшы тағы заман,
Елім-ай, Елім-ай.
Атадан үл, енеден қыз айрылды,
Көздің жасын көлғылып ағызамын,
Елім-ай, Елім-ай.
Мына заман қай заман? Қысқан заман,
Бақыт құсы алаштан үшқан заман,
Елім-ай, Елім-ай.
Көк аспаннан топырақ, шаң борады,
Күні суық қаңтардан, қыстан жаман,
Елім-ай, Елім-ай

Прозалық шығармаға «Көшпенділер» трилогиясынан көшке қатысты кез-келген үзіндіні алса болады.

Күн сәулесіне шомылған кештің беті күнгей тұс. Көш басында тең үстіне қызыл ала масаты кілем жабылған күлсары атан жетектеген, солғын реңді кәрі шал. Астында тобылғы күрең ат, үстінде қоңыр түйе жүн шекпен, басында төрт салалы пұшпақ бөрік. Оның соңынан тізбектелген аттылы, түйелі қалың керуен. Кейбір қомды түйелерде ағараңдаған әйел кимешектері көрінеді. Шаңырақ доңғалақты екі аяқ шиқылдақ арбаларда кемпір-шал, бала-шаға... Қыз-келіншек, бозбала ат үстінде. Бірақ бұлар әдеттегідей ән шырқап, әзілдесе сөз қағысып, бірін-бірі қуып жарыспайды. Үн-түнсіз тұнжырап қалған. Көштің оң жағында қалың жылқы. Қырқаны бүйірлей тасыр-тұсыр жіті басып келе жатыр. Көш соңында қара мал, одан әрі жүре жайылған қотан-қотан қой-ешкі. Көш жүрісі шұғыл. Пысқырған жылқы, анда-санда боздаған түйе. Үстіне қауырт келіп қалған мал тұяғынан сасып, қияқ пен ши түбінен пырылдай ұшқан бөдене

мен жапалақ.

Асыға қимылдаған қыруар ел ылдидағы масағы кере қарыс қалың балқурай көмкерген айдын көлге қарай беттеді... Таң әлетінен жау қуғандай жөңкіген жұрт бір жаманатты аңғартқандай. Оларды қоршауға алып суыт келе жатқан сойыл-шоқпар ұстаған жүзден артық ер азаматтар тобы бар.

Оқылым тапсырмасы. Топтық жұмыс.

| 1- мәтін | 2-мәтін |
|---|---|
| Автордың ойы | |
| | |
| Көтерілген мәселе | |
| | |

Оқылымнан кейінгі тапсырма. Жеке жұмыс.

Екі мәтінде оқырманға қатты әсер еткен автордың ойы ма,
әлде көтерілген мәселе ме?

| | |
|---|---|
| Автордың ойы әсер еткен, себебі..... | |
| Көтерілген мәселе әсер етеді, себебі..... | |

4) Жазылым тапсырмасы

Мақсаты: 9.4.1.1 мәтіндердің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап, шағын мақала, аннотация, шолу, нұсқаулық жазу

Жазылым тапсырмасы.

Жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап «Батыр туса, ел ырысы» тақырыбында шағын мақала жазыңыз. Жазба жұмысында ортақ етістерді орынды қолданыңыз.

5)Тілдік бағдар.

Мақсаты: 9.5.1.1 өздік, өзгелік, ортақ және ырықсыз етістің қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдану

Ортақ етіс (-ыс, -іс. –с) жұрнақтардың қызметі қандай?

Ырықсыз етіс (-ыл, -іл, -л; -ын, -ін, -н) жұрнақтардың қызметі қандай?

Өзгелік етіс (-қыз, -кіз, -ғыз, -гіз;-т) жұрнақтардың қызметі қандай?

Өздік етіс (-ын, -ін, -н) жұрнақтардың қызметі қандай?

Тапсырма.

Өздік, өзгелік, ортақ және ырықсыз етістердің жұрнақтарын пайдаланып, «Ерлік», «Батырлық», «Отан» туралы 4 мақал-мәтелдерді жазыңдар.

III. Сабақ барысында толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары

9-сыныпқа арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінен оқу бағдарламасын зерделеу нәтижесінде 10-сыныптағы қазақ тілі мен әдебиеті курсының оқыту мақсаттарымен кіріктіруге болатын оқыту мақсаттары анықталды [20]. Кіріктіруге болатын оқыту мақсаттары ұсыныс түрінде берілген (39.2-кесте)

39.2-кесте – 9-10-сыныптардың кіріктірілетін оқыту мақсаттары

1) «Тыңдалым»:

| Білім алушылар: | | |
|---|---|---|
| Дағдылар | Оқыту мақсаттары | |
| | 10-сынып | 9-сынып |
| Болжау | 10.1.1.1 мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, өз біліміне сүйеніп тақырыпты жалғастыру. | 9.1.1.1 тыңдалатын мәтіндегі фразалар мен дәйексөздерді талқылай отырып, тақырып пен көтерілетін мәселені болжау. |
| Сөздер мен сөз тіркестері нің мағынасын түсіну | 10.1.3.1 оқу-кәсіби, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени тақырыптар аясында қолданылған сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсіну. | 9.1.3.1 әлеуметтік - қоғамдық тақырыптар аясында айтылған сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсіну. |
| Тыңдалым материалдары бойынша жауап беру | 10.1.6.1 көтерілген мәселе бойынша әртүрлі дереккөздерден алынған мәтіндерді тыңдау және салыстыру, өз көзқарасын аргументтер негізінде дәлелдеу. | 9.1.6.1 тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде көтерілген мәселеге сыни көзқарасын білдіру. |

2) «Айтылым»:

| Білім алушылар: | | |
|---|---|---|
| Дағдылар | Оқыту мақсаттары | |
| | 10-сынып | 9-сынып |
| Орфоэпия лық нормалар ды сақтау | 10.2.3.1 сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану. | 9.2.3.1 коммуникативтік жағдаятқа сай сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсініп, өз ойын жеткізу. |
| Визуалды материал дар арқылы тілді дамыту | 10.2.6.1 әртүрлі графиктік мәтіндердегі (иллюстрация, фотосурет, сызба, шартты белгі) ақпараттарды салыстыру, негізгі идеясын түсіндіру. | 9.2.6.1 кесте, диаграмма, шартты белгілер мен сызбаларда берілген ақпараттарды өзара салыстырып бағалау. |

3) «Оқылым»:

| Білім алушылар: | | |
|---|---|---|
| Дағдылар | Оқыту мақсаттары | |
| | 10-сынып | 9-сынып |
| Көркем шығарма ларды оқу | 10.4.3.1 шығармашылық жазба жұмыстарында көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарын тиімді қолданып жазу. | 9.3.3.1 прозалық және поэзиялық шығармалардағы автордың ойы мен көтерілген мәселені анықтап, оқырманға әсерін бағалау. |
| Мәтіндерге салыстырма лы талдау жасау | 10.4.4.1 тақырып бойынша мәтінге жоспар құрып, әр тармақшаға қажетті негізгі және қосымша мәліметтерді жинақтап ұсыну (тірек-схема, менталды карта, презентация) | 9.3.4.1 мәтіндердің стилін, жанрлық ерекшеліктерін салыстырып, талдау жасау. |
| Қосымша ақпарат | 10.4.5.1 ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильдегі | 9.3.5.1 қосымша ақпарат көздерінен |

| | | |
|---|---|---|
| көздерінен алынған мәліметтерді оқу | мәтіндерден негізгі ұғымдарды анықтай отырып, жинақы мәтін (компрессия) құрастыру . | алынған мәліметтерден қорытынды жасау, өз көзқарасын білдіру. |

4) «Жазылым»:

| Білім алушылар: | | |
|---|---|---|
| Дағдылар | Оқыту мақсаттары | |
| | 10-сынып | 9-сынып |
| Эссе жазу | 10.4.2.1 қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу («келісу, келіспеу» эссесі, дискуссивті эссе, аргументативті эссе) | 9.4.2.1 эссе құрылымы мен дамуын сақтап, мәселе бойынша ұсынылған шешімнің артықшылығы мен кемшілік тұстарын салыстыра отырып, өз ойын дәлелдеп жазу. |
| Шығармашылық жазба жұмысы | 10.4.3.1 шығармашылық жазба жұмыстарында көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарын тиімді қолданып жазу. | 9.4.3.1 жазба жұмыстарында афоризмдерді тиімді қолданып жазу. |
| Мәліметтерді жинақтау | 10.4.4.1 тақырып бойынша мәтінге жоспар құрып, әр тармақшаға қажетті негізгі және қосымша мәліметтерді жинақтап ұсыну (тірек-схема, менталды карта, презентация) | 9.4.4.1 тақырып бойынша түрлі стильдегі мәтіндер құрауда мәліметтерді жинақтап, дереккөздеріне сілтеме көрсетіп жазу |

5)«Тілдік бағдар»:

| Білім алушылар: | | |
|---|---|---|
| Дағдылар | Оқыту мақсаттары | |
| | 10-сынып | 9-сынып |
| | 10.5.1.5 мәтін құрауда есімше сөздерді стильдік қызметіне сай орынды қолдану. | 9.5.1.1 өздік, өзгелік, ортақ және ырықсыз етістің қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдану. |
| | 10.5.1.6 үстеудің жасалу жолы мен сөйлемдегі қызметін білу, мәтін құрауда орынды қолдану. | 9.5.1.2 мекен және мезгіл үстеулерді ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдану. |
| | 10.5.1.7 шылаулардың сөйлемдегі қызметін білу, мәтін құрауда орынды қолдану. | 9.5.1.3 ыңғайластық қатынасты білдіретін және қарсылықтық қатынасты білдіретін жалғаулықтардың қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдану. |

IV.Кіріктірілетін оқыту мақсаттары бойынша ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгісі (2-3)

Әрі қарай республика мектептерінің педагогтері әзірлеген сабақтардың қысқа мерзімді жоспарларының үлгілері ұсынылады:
Тулепбергенова Маншук Ермухамбетовна

Қостанай облысы, Рудный қаласы №18 жалпы
білім беретін мектебі» КММ

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Бөлім: | | Еңбек нарығы және сұраныс<br>Балғабек Қыдырбекұлы<br>«Теміржолшы» | | |
| Педагогтің аты-жөні | | Тулепбергенова М.Е. | | |
| Күні | | | | |
| Сынып | | 10 | | |
| Сабақтың тақырыбы | | Еңбек нарығы<br>9-сыныпта мақсатқа сәйкес тақырып:<br>Елдік пен ерліктің ескерткіші | | |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты | | 10.1.1.1 мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, өз біліміне сүйеніп тақырыпты жалғастыру. | | |
| Қайталауға арналған сабақтың сәйкестік мақсаты | | 9.1.1.1 тыңдалатын мәтіндегі фразалар мен дәйексөздерді талқылай отырып, тақырып пен көтерілетін мәселені болжау. | | |
| Сабақтың мақсаты | | Негізгі сабақ мақсаты: мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, өз біліміне сүйеніп тақырыпты жалғастырады<br>9- сыныпта өткен материалды қайталау мақсаты: тыңдалатын мәтіндегі фразалар мен дәйексөздерді талқылай отырып, тақырып пен көтерілетін мәселені болжайды | | |
| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | ресурстар |
| Сабақтың басы | Психологиялық ахуал қалыптастыру.<br>«Гүл сыйлау» әдісі.<br>Психологиялық ахуал қалыптастыру.<br>Мұғалім оқушыға гүл беріп: -Міне, саған гүл, бүгін күліп жүр, -деп тілек айтады.<br>Топқа бөлу.<br>Оқушыларға қима қағаздар беріледі. Бұл қима қағаздарда «Еңбек» тақырыбында мақал-мәтел берілген. Оқушылар қима қағаздағы мақал-мәтелдің жалғасын дұрыс табу арқылы 2 топқа бөлінеді. | Оқушылар бір-біріне гүл сыйлап, тілек айтады.<br>Мақал-мәтелдердің жалғасын тауып, топқа бөлінеді. | | |
| Сабақтың ортасы | Жаңа сөздер<br>еңбек нарығы- рынок труда | Оқушылар жаңа сөздерді айтады, | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Білу | сұраныс-спрос<br>меншік түрі-вид собственности<br>жұмыс күші-рабочая сила | қайталайды, дәптерге жазады; | | |
| Түсіну | Тыңдалым.<br>Оқушыларға «Еңбек нарығы» мәтіннің басын тыңдатқызады.<br>Тыңдалым мәтіні.<br>Еңбек нарығы-жұмыс күшін тауар ретінде сату-сатып алу туралы экономикалық қатынастар жүйесі. Нарықтың тікелей әсер етуімен жоғары біліктілікке құрылған еңбектің дәрежесі көтеріледі, әрбір жұмыс орнының бағасы өседі, жұмыскерге және оның еңбегіне талап күшейеді. Еңбек нарығында өте қабілетті, іскер жұмыскерлер таңдалып алынады. Нарық еңбекке қабілетсіздерді, жалқаулар мен әлсіздерді ешқашан аямайды. | Оқушылар «Еңбек нарығы» мәтіннің басын тыңдайды. | <br>Ауызша кері байланыс беру. Жақсы! Тамаша! | Компьютер |
| Қолдану | Мұғалім оқушыларға сұрақтар қояды.<br>Қалай ойлайсыңдар, еңбек нарығы деген не?<br>Еңбек нарығында қандай жұмыскерлер таңдап алынады?<br>Өз біліміне сүйеніп тақырыпты жалғастырыңдар.<br>Мәтіннің жалғасын тыңдату.<br>Еңбек нарығы-бәсекелік нарық. Онда жұмыс орындары мен еңбек ресурстарының арасында сәйкессіздік болады. Жоғары біліктілікті талап ететін | Сұрақтарға жауап береді.<br>Әр оқушы өз ойын айтады<br>Оқушылар «Еңбек нарығы» мәтіннің жалғасын тыңдайды. | <br>Ауызша кері байланыс беру. Жақсы! Тамаша! | |

<table>
<tr><td>Талдау</td><td>жұмыс орындарының бір бөлігі бос болып қала береді., ал арнаулы дайындығы жоқ адамдардың бір бөлігі жұмыс таба алмайды. Сонымен бірге өз еңбегімен жоғары табыс табуды көздеген жоғары білікті жұмыскерлер мен ммандар да бір-бірімен бәсекелік сайыста болады<br>Тапсырма.<br>Тыңдалатын мәтіндегі фразалар мен дәйексөздерді дәптерге көшіріп жазыңдар.<br><table><tr><td>фразалар</td><td>дәйексөздер</td></tr><tr><td></td><td></td></tr><tr><td></td><td></td></tr></table></td><td>Өз ойларын салыстырады.<br><br>мәтіндегі фразалар мен дәйексөздерді дәптерге көшіріп жазады</td><td></td><td>Интербелсенді тақта</td></tr>
<tr><td>Бағалау</td><td>«Аяқталмаған сөйлем»<br>1. Мен үшін тапсырмалар қиын болды, себебі.....<br>2. Маған қиындық туғызған тапсырма .....<br>3. Мен өз ойымды толықтыра алдым, себебі .....</td><td>Сұрақтарға жауап береді</td><td></td><td></td></tr>
</table>

Сейтжанова Жанар Шериповна
БҚО «Орал қаласы №8 дарынды балаларға арналған мамандандырылған облыстық мектебі» КММ

| | |
|---|---|
| Бөлім | Еңбек нарығы және сұраныс |
| Педагогтің аты-жөні | Сейтжанова Жанар Шериповна<br>БҚО Орал қаласы №8 дарынды балаларға арналған мамандандырылған облыстық мектеп |
| Күні | |
| Сынып | 10 сынып |
| Сабақтың тақырыбы | Кәсіпкерлік-шеберлік |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты | 10.1.3.1 қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени тақырыптар аясында қолданылған термин сөздердің мағынасын түсіну<br>10.2.2.1 публицистикалық мәтіндерге сүйеніп, диалог құрау, сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын орынды қолдану. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Қайталауға арналған сабақтың сәйкестік мақсаты | 9.1.3.1 әлеуметтік - қоғамдық тақырыптар аясында айтылған сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсіну;<br>9.2.2.1 коммуникативтік жағдаяттарға байланысты сөйлеу этикеті формаларын дұрыс таңдай білу. | | | |
| Сабақ мақсаты | - тақырып аясында қолданылған термин сөздердің мағынасын түсінеді;<br>- сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын орынды қолданады. | | | |
| Сабақ кезеңі/ уақыт | Мұғалімнің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
| I.Кіріспе<br>Қызығушылықты ояту<br><br>1.Амандасу, қолайлы ахуалын туғызу; «Өзіңе тілегенді басқаларға тіле» әдісі (өзіне жақсы тілек тілеп, басқаларға да бір тілек айтуы керек)<br>5 минут | Ой қозғау<br>Жаңа деректерді ұсыну.<br><br><br><br><br>Осы суреттер мен сөздерге ортақ бір сөзді атаңыз.<br>Ортақ сөз- кәсіпкер. | Суреттерге ортақ бір сөзді атап, өз нұсқаларын ұсынады. | | Презентация |
| II. Негізгі бөлім<br>35 минут<br><br> | -Ал, кәсіпкер дегеніміз кім? Алдыңғы білімімізге сүйеніп, бос торкөздерді толтырайық.<br><br><br>1-тапсырма. Жеке жұмыс<br>«Басқадан кем болмас үшін біз білімді һәм бай болуымыз керек. Білімді болуға оқу керек, бай болуға кәсіп керек, күшті болуға бірлік керек. Осы керектің жолында жұмыс істеу керек» деген Ахмет Байтұрсыновтың сөзіне сүйене отырып, | Кәсіпкер сөзіне анықтама береді, бірін-бірі толықтырады.<br><br>Берілген терминдерді қолданып, кәсіпкердің ережесін | Дескриптор:<br>- бос торкөздерге кәсіпкер сөзін анықтайтын сипаттамаларды жазады.<br><br>Бірін- | Слайд, оқулық |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | кәсіпкердің биік нәтижеге жету жолының ережесін құрыңыз. Ереже құруда бөлім бойынша өтіп жатқан термин сөздерді қолданыңыз. Мысалы: сұраныс, тәуекелшілдік, еңбек нарығы, демеушілік, іскер, тапсырыс, табыс, т.б. Бұл тапсырманы орындау арқылы сіздер тақырып аясында қолданылған термин сөздердің мағынасын түсіну мақсатына қол жеткізе аласыздар.<br>1._____<br>2._____<br>3._____<br>2-тапсырма. Жұптық жұмыс<br>Берілген сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын қолданып, «Кәсіпкер болу не үшін керек?» тақырыбына белгілі бір кәсіпкер мен тілші арасында диалог құрыңыз.<br>Мәтін құруда ұсынылатын клишелер: Сіз қалай ойлайсыз; сіздің пікіріңізше; мен сіздің пікіріңізбен толықтай келісемін; кешіріңіз, бірақ мен басқаша ойлаймын; сіздің осы туралы ойыңызды білсем деп едім; өте құнды пікір айттыңыз.<br>3-тапсырма. Топтық жұмыс<br>«Суретті сөйлет»<br>Бейнежазбаны қарап, суреттегі тұлға жөніндегі мәліметпен | құрайды.<br><br>Берілген сөйлеу этикеті формаларын қолданып, жұбымен диалог мәтінін құрайды.<br><br>Сілтемеге өтіп, бейнежазбаны көреді. Сол мәліметтер негізінде берілген сұрақтарға жауап бере отырып, кестені толтырады. Топта талқылайды, топ жетекшісі мәліметтермен бөліседі. | бірі бағалайды.<br><br>**Дескриптор:**<br>- 3 сұрақ қояды;<br>- сұрақтарға толық сөйлем мен жауап береді;<br>- сұхбатасуда ұсынылған клишелерді қолданады.<br><br>ҚБ «Екі жұлдыз, бір ұсыныс»<br>**Дескриптор:**<br>- | Таратпа материалдар<br><br><br><br>https://youtu.be/NjbPtR00WXw<br>Ұялы телефон, ғалам тор<br><br>Смайликтер |
| III. Қорытынды Рефлексия | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 5 мин<br><br>IY. Үй тапсырмасы | танысуды және түрлі дереккөздерден қосымша ақпараттар алып пайдалануды ұсынады.<br><br><br><br>**1. Бұл кім?**<br>**2. Ол не істеді?**<br>**3. Ол несімен танымал?**<br>**4. Қай салаға демеуші болып жүр?**<br>**5. Кәсіпкер болсаң, қай саланы дамытар едің?**<br><br>Өзіңді бағала!<br>Сабақтың мақсатына оралып, сабақта неге қол жеткізгеніміз туралы сұралады.<br>Мен бүгінгі сабақта неге қол жеткіздім? (белгі салыңыз )<br><br>Кәсіпкер сөзіне анықтама бердім; ✓<br>Термин сөздердің мағынасын түсініп, оларды мәтін құруда қолдана алдым;<br>Мәтін негізінде диалог құрай алдым, диалогте сөйлеу этикеті формаларын қолдандым;<br>Берілген тұлға жөнінде бейнебаяндағы ақпаратқа сүйеніп және қосымша | Әркім өз оқу жетістігін бағалайды.<br><br>«Архивиатор» әдісі бойынша кері байланыс жасайды.<br>Ұнаған үш сәтті атау:<br>Өз әрекетіңде қолданатын 2 сәт;<br>Қозғау салған бір сәт.<br><br>Үй тапсырмасын жазып алады. | ғаламторды пайдаланады;<br><br>бейнежазбамен танысады;<br>-сұрақтарға жауап береді;<br>-топ жетекшісі мәлімет термен бөліседі. |  |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ізденіс жұмысын жүргіздім. | | | | |
| | Тақырыпқа қатысты термин сөздерді қолдана отырып, қазақстандық танымал кәсіпкерлердің шығарған отандық өнімдеріне таныстырылым жасаңыз. | | | | |

V. Сабақтан тыс уақытта толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары (39.3-кесте)

39.3-кесте.Толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары

1) «Тыңдалым»:

| Білім алушылар: | |
|---|---|
| Дағдылар | Оқыту мақсаттары |
| | 9-сынып |
| Көркем шығармаларды тыңдау | 9.1.4.1<br>орта көлемді прозалық, поэзиялық шығармалардан үзінді тыңдау, көтерілген (тұрмыстық, әлеуметтік, қоғамдық) мәселені анықтап, өз пікірін білдіру. |
| Негізгі ойды анықтау | 9.1.5.1<br>мәтіннің мақсатты аудиториясын, автордың негізгі ойы мен көзқарасын анықтау. |

2) «Айтылым»:

| Білім алушылар: | |
|---|---|
| Дағдылар | Оқыту мақсаттары |
| | 9-сынып |
| Сөздік қорының алуандылығы | 9.2.1.1<br>берілген тақырыпқа сай сөздерді орынды қолдана отырып, мақсатты аудиторияға арналған ауызша мәтіндер құрау |
| Сөз мәнері мен сөйлеу этикеті | 9.2.2.1 коммуникативтік жағдаяттарға байланысты сөйлеу этикеті формаларын дұрыс таңдай білу. |
| Мәтіннің негізгі аспектіле рін анықтау және талқылау | 9.2.4.1 шығарманың идеясы мен мазмұнына байланысты «автордың ойын» бағалау. |
| Сенімді және еркін жауап беру | 9.2.5.1<br>сөйлеу барысында түрлі стильде берілген тақырып бойынша қажетті аргументтерді орынды қолдану, диалогте, полилогте сенімді сөйлеу. |

3) «Оқылым»:

| Білім алушылар: | |
|---|---|
| Дағдылар | Оқыту мақсаттары |
| | 9-сынып |
| Стильдік ерекшеліктерді анықтау | 9.3.2.1<br>ғылыми стильде (аннотация, пікір, тезис, мақала, баяндама, презентация) жазылған еңбектердің тілдік және жанрлық ерекшелігін анықтап, талдау жасау |
| Өзіндік көзқарасын білдіру | 9.3.6.1 |

| | |
|---|---|
| және бағалау | мәтінде көтерілген мәселені ғаламдық мәселелер мен байланыстыра отырып сыни тұрғыда баға беру |

4) «Жазылым»:

| Білім алушылар: | |
|---|---|
| Дағдылар | Оқыту мақсаттары |
| | 9-сынып |
| Әртүрлі стильде мәтіндер құрастыру | 9.4.1.1<br>мәтіндердің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап, шағын мақала, аннотация, шолу, нұсқаулық жазу. |
| Жинақы мәтін құрастыру (компрессия) | 9.4.5.1<br>тақырып бойынша бас әріппен жазылатын күрделі, құрама атауларды дұрыс жазу; сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану. |

5)«Тілдік бағдар»:

| Білім алушылар: | |
|---|---|
| Дағдылар | Оқыту мақсаттары |
| | 9-сынып |
| Сөйлем | 9.5.2.1<br>жазба жұмыстарында (шартты, қарсылықты, мезгіл, себеп, қимыл-сын, мақсат бағыныңқы) сабақтасқұрмалас сөйлемдерді құрастыру |

VI. Кіріктіруге болмайтын оқыту мақсаттары қарастырылатын кеңес кестесі

Білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды толықтыру үшін 9-сыныпта «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнін оқу барысында кіріктіруге болмайтын оқыту мақсаттары бойынша каникул кездерінде (күзгі, қысқы, көктемгі) кеңестер өткізу ұсынылады.

Төмендегі кесте демалыс кездерінде (күзгі, қысқы, көктемгі) өткізілетін кеңестердің кестесінің үлгісі келтірілген (39.4-кесте).

39.4-кесте – Демалыс кездерінде (күзгі, қысқы, көктемгі) өткізілетін консультациялардың кестесі

1) «Тыңдалым»:

| Өткізілетін мерзімі | Тақырыптың атауы | Көркем шығармалар | Оқыту мақсаттары |
|---|---|---|---|
| Күзгі демалыста | Қазақ жазуының даму жолы | «Күлтегін жыры» | 9.1.4.1<br>орта көлемді прозалық, поэзиялық шығармалардан үзінді тыңдау, көтерілген (тұрмыстық, әлеуметтік, қоғамдық) мәселені анықтап, өз пікірін білдіру. |
| Күзгі демалыста | Көшпінділер мәдениеті Қазақтың халық күнтізбесі | І.Есенберлинлин «Көшпенділер» | 9.1.5.1<br>мәтіннің мақсатты аудиториясын, автордың негізгі ойы мен көзқарасын анықтау. |

2) «Айтылым»:

| Өткізілетін мерзімі | Тақырыптың атауы | Көркем шығармалар | Оқыту мақсаттары |
|---|---|---|---|
| Қысқы демалыста | Қазақстан Республикалық Тұңғыш Президент күні –Тәуелсіз Қазақстанның айбынды мейрамы | Маралтай Ыбыраев «Елбасыма» | 9.2.1.1 берілген тақырыпқа сай сөздерді орынды қолдана отырып, мақсатты аудиторияға арналған ауызша мәтіндер құрау. |
| Қысқы демалыста | Жастар және бұқаралық ақпарат құралдары | К:Аманжолов «Жас дәурен» | 9.2.2.1 коммуникативтік жағдаяттарға байланысты сөйлеу этикеті формаларын дұрыс таңдай білу. |

3) «Оқылым»:

| Өткізілетін мерзімі | Тақырыптың атауы | Көркем шығармалар | Оқыту мақсаттары |
|---|---|---|---|
| Қысқы демалыста | Қазақстан Республикалық Тұңғыш Президент күні –Тәуелсіз Қазақстанның айбынды мейрамы | Маралтай Ыбыраев «Елбасыма» | 9.3.2.1 ғылыми стильде (аннотация, пікір, тезис, мақала, баяндама, презентация) жазылған еңбектердің тілдік және жанрлық ерекшелігін анықтап, талдау жасау |

4) «Жазылым»:

| Өткізілетін мерзімі | Тақырыптың атауы | Көркем шығармалар | Оқыту мақсаттары |
|---|---|---|---|
| Қысқы демалыста | Қазақстан Республикалық Тұңғыш Президент күні –Тәуелсіз Қазақстанның айбынды мейрамы | Маралтай Ыбыраев «Елбасыма» | 9.4.1.1 мәтіндердің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап, шағын мақала, аннотация, шолу, нұсқаулық жазу. |

5)«Тілдікбағдар»:

| Өткізілетін мерзімі | Тақырыптың атауы | Көркем шығармалар | Оқыту мақсаттары |
|---|---|---|---|
| Қысқы демалыста | Алаш идеясы мен қайраткерлері | Д.Әшімханов «Бес арыс» кітабынан үзінді | 9.5.2.1 жазба жұмыстарында (шартты, қарсылықты, мезгіл, себеп, қимыл-сын, мақсат бағыныңқы) сабақтас құрмалас сөйлемдерді құрастыру. |

VII. Жазғы мектеп кезінде ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгісі (2-3)

Білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды толтырудың тағы бір жолы – Жазғы мектепті ұйымдастыру. Жазғы мектеп кезінде өткізілетін сабақтар 9-сыныпқа арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша оқу бағдарламасына сәйкес келесі тақырыптарды қайталау мен пысықтау

ұсынылады:

Әрі қарай республика мектептерінің педагогтері әзірлеген сабақтардың қысқа мерзімді жоспарларының үлгілері ұсынылады:

Тулепбергенова Маншук Ермухамбетовна
Қостанай облысы, Рудный қаласы №18 жалпы
білім беретін мектебі» КММ

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Бөлім: | | Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні – Тәуелсіз Қазақстанның айбынды мейрамы<br>Маралтай Ыбыраев «Елбасыма» | | |
| Педагогтің аты-жөні | | Тулепбергенова М.Е. | | |
| Күні | | | | |
| Сынып | | 10 | | |
| Сабақтың тақырыбы | | Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні | | |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты | | 9.3.2.1 ғылыми стильде (аннотация, пікір, тезис, мақала, баяндама, презентация) жазылған еңбектердің тілдік және жанрлық ерекшелігін анықтап, талдау жасау<br>9.4.1.1 мәтіндердің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап, шағын мақала, аннотация, шолу, нұсқаулық жазу. | | |
| Қайталауға арналған сабақтың сәйкестік мақсаты | | 9.3.2.1 ғылыми стильде (аннотация, пікір, тезис, мақала, баяндама, презентация) жазылған еңбектердің тілдік және жанрлық ерекшелігін анықтап, талдау жасау<br>9.4.1.1 мәтіндердің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап, шағын мақала, аннотация, шолу, нұсқаулық жазу. | | |
| Лексикалық минимум: | | туып-өс, кенші, құштар, кезең, тұспа-тұс .... | | |
| | | | | |
| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | ресурстар |
| Сабақтың басы | **Психологиялық ахуал қалыптастыру.**<br>«Мадақтау» әдісі. Мұғалім оқушыларға бір –біріне мақтау мен комплимент айтуды ұсынады.<br>Оқушылар «Сыңарынды тап» әдісі арқылы 3 топқа бөлінеді.<br>Мақал-мәтелдер арқылы сабақтың тақырыбын табуға ұсынылады.<br>1.«Ақылды басшы | «Мадақтау» әдісі арқылы. оқушылар сынып ішінде әрі – бері жүріп, бір – біріне мақтау мен комплимент айтады: «Бүгін тіпті құлпыра кетіпсің ғой!», «Мен сені шыншылдығың мен әділеттілігің үшін өте сыйлаймын!», «Сен | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | алдырмас».<br>2.«Мың қосшыға бір басшы».<br>3. «Көшбасшы жоқ болса, ел оңбайды». | өте әдепті жансың!», «Маған сенімен оқу ұнайды!»<br><br>Мақал-мәтелдерді оқып, сабақ тақырыбын табады. | | Үлестірмелі материалдар |
| Сабақтың ортасы<br><br>Білу | **ТЖ**. Оқылымалды тапсырмасы.<br>1) ғылыми стильдің жанрлық ерекшелігі туралы ортақ түсінік қалыптастырады. Бірбіріне таныстырады.<br>2) Сынып алдына шығып, ортақ түсінік шығарады.<br><br>Мәтінмен жұмыс.<br>1940 жылы 6 шілдеде Іле Алатауының баурайындағы Үшқоңыр жайлауында Әбіш пен Әлжан Назарбаевтардың шаңырағында көптен күткен ұл өмірге келді. Оған әке-шешесі Нұрсұлтан деп ат қойды. Әлемдегі барлық әжелер секілді Мырзабала да немересінің азамат болып қалыптасуына ерекше еңбек сіңірді. Нұрсұлтанның анасы Әлжан Мырзабаланың балалары мен келіндеріне ақыл-кеңес беріп, халықтың байырғы дәстүрлері мен жоралғылары туралы әңгімелейтінін, немересі Нұрсұлтанның тәрбиесіне аса белсеніп кіріскенін еске алады. Назарбаевтың анасы Әлжан 1910 жылы Жамбыл облысы Қордай ауданы Қасық аулындағы молданың отбасында | Оқушыларға жалпы түсінік беріледі. Оқушылар ақпаратты қолданып, тұжырым жасайды. Ғылыми стильде ғылыми терминдердің мол қолданылатындығы, сөйлемдердің анық, түсінікті болуы ғылыми жазбалардың стильдік белгілері әрі нормалары болып келеді. | 👏 | Ғылыми стиль<br>1.Қолданылу аясы: ғылыми еңбектерде, оқулықта, баяндамаларда, лекцияда қолданылады.<br>2.Айтылу мақсаты: Белгілі бір заттың, нәрсенің, құбылыстың белгілерін атап көрсету.<br>3.Стильдік белгісі: жалпылап айту; дәлелді, ойға қонымды.<br>4.Тілдік құралы: жалпыға бірдей сөздер, кітаби сөздер Термин сөздердің жиі қолданылуы. Жайылма, хабарлы сөйлем жиі кездеседі. Мақаладағы ой бойынша өз пікірлерін дәледеп айтады. «Төрт сөйлем» тәсілін |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | дүниеге келді.<br>Отбасында Сұлтан деп аталған ұланның балалық шағы соғыстың сұрапыл жылдарына және соғыстан кейінгі ауыр кезеңге тұспа-тұс келді.<br>Бұл соғыстағы жеңіске миллиондаған адамды құрбан еткен алып мемлекеттің айрықша күш жұмылдырғанының арқасында қол жетті.<br>Бұл ел әлі аш-жалаңаштықтан арыла қоймаған ауыр кезең еді. Бірақ бала Нұрсұлтанның жас зердесінде сол кезеңнің қыспаққа салған қиыншылықтары ғана емес, анасының аялы алақаны мен әкесінің мейірлі жүзі де сақталып қалды. Тату отбасы, бауырлар, әке-шешесі айтқан әндер... | | | қолданады. |
| Түсіну | Нұрсұлтан өз әкесінің ешқашан қол қусырып қарап отырмағанын көріп, оған үнемі көмектесуге ұмтылды. Үйде де, бақшада да, алма бағында да әкесінің жанында болып, картоп пен алма өсіруге жәрдемдесті. Нұрсұлтан мал жайғарумен айналысты, әкесімен бірге тауға барып, шөп шапты. | Үш топқа бөлініп, мақала оқиды. «Автобус аялдамасы» стратегиясы арқылы тапсырмаларды орындайды | 👏 | |
| Қолдану | ТЖ. Оқылым тапсырмасы.<br>Үш топқа бөлініп, мақала оқиды. «Автобус аялдамасы» стратегиясы арқылы тапсырмаларды орындуға ұсынады (жазбаша)<br>1-аялдама. Тақырыбы | | 👏 | Үлестірмелі материалдар |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Талдау | мен идеясын анықту<br>2-аялдама. Тілдік және жанрлық ерекшелігін анықтау. (1-2 аргумент)<br>3-аялдама. Қолдану аясын, мақсатын, стильдік сипатын талдау<br>ЖЖ. Оқылымнан кейінгі тапсырма.<br>«Төрт сөйлем» тәсілі.<br>1. Пікір. Мақалада көтерілген негізгі ақпарат бойынша өзіндік пікірін бір сөйлеммен айту<br>2. Дәлел. Өз пікірін бір сөйлеммен дәлелдеу<br>3. Мысал. Пікірін өмірмен байланыстырып, мысал келтіру<br>4. Қорытынды. Тақырып/мәселе бойынша қорытынды шығару<br>Жазылым тапсырмасы.<br>«Елбасы жастарға үлкен сенім артады» тақырыбында шағын мақала жазуға тапсырма береді. | Негізгі ақпарат бойынша өзіндік пікірін бір сөйлеммен айтады.<br><br>Өз пікірін бір сөйлеммен дәлелдейді.<br><br>Өмірмен байланыстырып, мысал келтіреді.<br><br>Мәселе бойынша қорытынды шығарады.<br><br>Мақала жазу талаптарымен танысады. Топта талқылайды. Тақырып бойынша мақаланың жоспарын құрастырады. Жазылу тіліне назар аударады. | | Слайд<br><br>слайд |
| Жинақтау | «Автор орындығы» тәсілі арқылы жұмыстарын сынып алдында оқытады.<br>I. Кіріспе бөлім. (Кіріспе сөйлемде ең маңызды мәселе айтылады)<br>II. Негізгі бөлім (Негізгі бөлімде қысқаша баяндаудан кейін мақаладағы | Жазылымнан кейінгі тапсырма. «Автор орындығы» тәсілі арқылы жұмыстарын сынып алдында оқиды. |  | |

<table>
<tr><td></td><td>негізгі деректерді келтіріп,<br>көтеріліп отырған мәселеге<br>қатысы бар тұлғалар мен ұйымдар туралы мәлімет беріп,<br>түпкілікті ой түсіндіріледі)<br>III. Қортынды бөлім. (Қорытынды бөлімде мақала белгілі бір адамның айтқанын сөзбе-сөз<br>келтіре отырып, қорытындылайды)</td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Сабақтың соңы</td><td>«ББББ» кестесін толтыруға береді.<br><table><tr><td>Білемін</td><td>Білдім</td><td>Білгім келеді</td></tr><tr><td></td><td></td><td></td></tr></table></td><td>Оқушылар кестені толтырады.</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Бағалау</td><td>Белсене қатысқан оқушылар «Алтын кілт» иесі атанады<br></td><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>

Ақмолдина Мейрамкүл Советкалиевна
Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы,
№3 жалпы білім беретін мектебі КММ


| | |
|---|---|
| Бөлім: Отандық өнеркәсіп өнімі | 2-бөлім |
| Мұғалімнің аты-жөні | Ақмолдина Мейрамкүл Советкалиевна Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, №3 жалпы білім беретін мектебі КММ |
| Күні | |
| Сынып | 10– сынып .2- бөлім.<br>Қарағанды-өнеркәсіптік аймақ |

| | |
|---|---|
| Сабақтың тақырыбы | 9-сыныпта мақсатқа сәйкес тақырып:<br>Қазақстандық өнертапқыштар |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты | 10.1.6.1 көтерілген мәселе бойынша әртүрлі дереккөздерден алынған мәтіндерді тыңдау және салыстыру, өз көзқарасын аргументтер негізінде дәлелдеу. |
| Қайталауға арналған сабақтың сәйкестік мақсаты | 9.1.6.1 тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде көтерілген мәселеге сыни көзқарасын білдіру. |
| Сабақтың мақсаты | Негізгі сабақ мақсаты:көтерілген мәселе бойынша әртүрлі дереккөздерден алынған мәтіндерді тыңдайды және салыстырып, өз көзқарасын аргументтер негізінде дәлелдейді<br>9- сыныпта өткен материалды қайталау мақсаты: тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде көтерілген мәселеге сыни көзқарасын білдіреді |
| Тілдік мақсаттар | Тілдік дағдылар: Өнеркәсіптік, аймақ,шоғырлану,жекеменшік,шаруашылықтар,металл өңдеу,өңір экономикасы |
| | Терминология: экономика,металл |
| | Сөз тіркестері: өнеркәсіпті аймақ,жекеменшік шаруашылығы,құрылыс материалдар |
| Құндылықтарды дарыту | Отандық өнеркәсіптің дамуына үлес қосуға тәрбиелеу. |
| Пәнаралық байланыстар | Қазақ әдебиеті,Қазақстан тарихы,география |
| АКТ қолдану дағдылары | слайд |
| Алдыңғы оқу/ Бастапқы білім | Еліміздегі өнеркәсіптің дамуы |

| | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Ресурстар |
|---|---|---|---|
| Сабақтың басы - 5 мин | Сәлеметсіңдер ме, оқушылары! Қазір қазақ тілі мен әдебиеті сабағы.<br><br>Үй тапсырмасын тексеру<br>«ПОПС» формуласы әдісі бойынша оқушылар мынадай сұрақтарға жауап береді<br>Бірінші сөйлем.Менің ойымша,...<br>Екінші сөйлем. Себебі мен оны... деп түсіндіремін.<br>Үшінші сөйлем.Оны мен ....деген фактілермен,мысалдармен дәлелдей аламын.<br>Соңғы сөйлем,Осыған байланысты мен....деген түйін жасадым. | Оқушылар сәлемдеседі.<br>Бірі-біріне жақсы тілектер айтады.<br><br><br><br>(Жағымды тілектер алқасы) | АКТ слайд, суреттер |
| Сабақтың ортасы | Жаңа сабақтың алдында бүгінгі күнді жазғызу. Сабақтың тақырыбын анықтау | Сұрақтарға жауап береді. | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 33 минут | мақсатында сұрақ-жауап.<br>Ойтүрткі.<br>Қарағанды облысы қандай өнеркәсібімен танымал?<br>Қарағанды туралы жазылған қандай шығарманы білесіңдер? |  | |
| Білу | Топтық жұмыс<br><br>«Рахат» АҚ-нда 3.500-ге тарта адам жұмыс жасайды. Өндіріс қуаты екі жерде, Алматы және Шымкент қалалары нда орналасқан.<br>Өндірістің жан-жақты сипаты, ауқымдылығы және какао бұршақтарын қайта өңдеу бойынша жеке өз желілерінің болуы компанияның отандық өндірушілер арасында кондитер өнімдерінің кең көлемдегі сұрыпталымына ие болуына мүмкіндік береді. Қазіргі күні «Рахат» АҚ-ның сұрыпталым қоржыны 250-ден астам атауға ие, 10 түрлі топқа жататын әр алуан кондитер өнімдеріне толы.<br>«Рахат» АҚ - диабетпен ауыратын адамдарға арнап арнайы өнім шығаруды меңгерген Қазақстандағы жалғыз кәсіпорын. Бұл сұрыпталымға калориясы төмен және табиғи шикізатпен тең қант алмастырғышы бар шоколад, кәмпит, печенье және вафлидің бірнеше атаулары кіреді.<br>Кондитер өнімдерін шығаратын өндірушілер арасында «Рахат» АҚ өнімінің айрықша ерекшелігі - әр алуандығымен<br>ажыратылатын шоколад өнімдерін шығарудың басымдығы. | Аудиотаспа | Топтық жұмыс<br> |
| Түсіну | Кәсіпорында сапаны бақылаудың кешенді жүйесі және бірыңғай жауапкершілікке негізделген ішкі сапа жүйесі ұйымдастырылған және іске асуда. Бұл жүйе өндірістің әр сатысында шикізат пен өнім сапасын бақылауға негізделген.<br>Ә мәтіні<br>Шетелге танымал қазақ<br>бренді. Компания өнімдері отандық нарықта ғана емес, таяу және алыс | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | шетелдер нарығында да танымал. «Рахат» АҚ өз өнімдерінің ішкі нарықта ең жоғары деңгейдегі қол жетімділік саясатын жүзеге асыруда. «Рахат» АҚ сатылым<br>Географиясы Қазақстанның бүкіл аумағын қамтиды, себебі компания 14 облыс орталығын қоса санда 18 қалада өнім тарату жүйесін жолға қойған. Алматы қаласы бойынша өнім тарату ірі көтерме сауда мен сатып алушылар, сондай-ақ фирмалық бөлшек сауда дүкендері арқылы іске асырылады. Республиканың басқа өңірлерінде «Рахат» АҚ өнімдерінің қолжетімділігі фирмалық сапалы өнім сатумен айналысатын дистрибьюторлық желі (еншілес кәсіпорын) құрумен қамтамасыз етіледі. Бүгінгі күні «Рахат» фабрикасының өнімдері Ресейге, Германия, Моңғолия, Тәжікстан, Қытай жәнеАуғанстанға экспортталады.<br>1-тапсырма. Әр түрлі дерек көздерден алынған мәтіндерді салыстырыңыз.<br><br>Мәтіндерді салыс<br>1-мәтін \| \| 2-мәтін<br>Тақырыбы<br>\| \| \|<br>Ұқсастығы<br>\| \| \|<br>Айырмашылық<br>\| \| \|<br><br>Дескриптор: Білім алушы<br>-әр түрлі дерек көздерден алынған мәтіндерді салыстырады<br>- өз көзқарасын аргументтер негізінде дәлелдейді<br>Жұптық жұмыс<br>2-тапсырма. «Төрт сөйлем» әдісі арқылы екі мәтіннің негізгі ойына салыстырып,дәлелде<br>Пікір<br>Дәлел<br>Мысал<br>Қорытынды<br>Жеке оқушымн жұмыс.<br>3-тапсырма Мәтіндерден негізгі ұғымдарды анықтай отырып,жинақы |  | Жұптық жұмыс<br><br>ҚБ<br>Мадақтау сөздер |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>мәтін құрастыр.
<table>
<tr><td></td><td>Стилі</td><td>Жанры</td><td>Тілдік ерекшелігі</td><td>Құрылымы</td></tr>
<tr><td>А мәтіні</td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Ә мәтіні</td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>
Дескриптор: Білім алушы<br>- көтерілген мәселе бойынша әртүрлі дереккөздерден алынған мәтіндерді тыңдайды және салыстырады;<br>- өз көзқарасын аргументтер негізінде дәлелдейді</td>
<td></td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td>Сабақтың соңы<br>7 минут<br><br>Бағалау</td>
<td>« ББББ» әдісі
<table>
<tr><td>Б</td><td>Б</td><td>Б</td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>
Бүгінгі сабақта: көтерілген мәселе бойынша әртүрлі дереккөздерден алынған мәтіндерді тыңдау және салыстыру, өз көзқарасын аргументтер негізінде дәлелдеу.<br>тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсінесің;<br>әртүрлі дереккөздерден алынған мәтіндерді салыстырасың<br>өз көзқарасын аргументтер негізінде дәлелдейсің<br>Үйге тапсырма:26 бет,7 -тапсырма</td>
<td>
</td>
<td>.ҚБ<br>Мадақтау сөздер</td>
</tr>
</table>

## 40. «Қазақ тілі мен әдебиеті» оқу пәні, 11 сынып

I. Өткен оқу жылында өтілген оқу бағдарламасының мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттары

11-сыныпта «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінен диагностикалық жұмыс жүргізу үшін 10-сыныпқа арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінен оқу бағдарламасының оқыту мақсаттары зерделенеді. Ол үшін негізгі орта білім беру деңгейінің 10-сыныптарына арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын қарастырамыз [20]. Оқу

бағдарламасына сәйкес 10-сыныпта 5 бөлім қарастырылады. Тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым, тілдік бағдар. Бес бөлімге қатысты 10-сыныптың мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттары келесі кестеде көрсетілген (40.1-кесте)

40.1-кесте. 10-сыныптың мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттары

1) «тыңдалым»:

| Білім алушылар: | |
|---|---|
| Дағдылар | Оқыту мақсаттар |
| | 10-сынып |
| 1. Болжау | 10.1.1.1 мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, өз біліміне сүйеніп тақырыпты жалғастыру |
| 2. Назарын шоғырландырып тыңдау | 10.1.2.1 мәтінді тыңдай отырып, негізгі идеяларды (ақпараттарды) қысқаша түртіп жазу (конспектілеу), жазбаға сүйеніп мәтін мазмұнын түсіндіру |
| 3. Сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсіну | 10.1.3.1 оқу-кәсіби, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени тақырыптар аясында қолданылған сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсіну |
| 4. Көркем шығармаларды тыңдау | 10.1.4.1 драмалық, прозалық, поэзиялық шығарманы тыңдау, шығармада көтерілген жалпыадамзаттық мәселені айқындау |
| 5. Негізгі ойды анықтау | 10.1.5.1 мәтіннен автордың көзқарасын (негізгі ойын) негіздейтін аргументтерді талдай отырып, астарлы ойды анықтау |
| 6. Тыңдалым материалдары бойынша жауап беру | 10.1.6.1 көтерілген мәселе бойынша әртүрлі дереккөздерден алынған мәтіндерді тыңдау және салыстыру, өз көзқарасын аргументтер негізінде дәлелдеу |

2) айтылым:

| Білім алушылар: | |
|---|---|
| Дағдылар | Оқыту мақсаттары |
| | 10-сынып |
| 1. Сөздік қорының алуандығы | 10.2.1.1 ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильдегі мәтіндерден күрделі сөздердің жасалу жолын анықтау, ауызша мәтін құрауда орынды қолдану |
| 2. Сөз мәнері мен сөйлеу этикеті | 10.2.2.1 ғылыми-көпшілік және публицистикалық мәтіндерге сүйеніп, монолог және диалог құрау, сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын орынды қолданып, тыңдаушыға әсер ету |
| 3. Орфоэпиялық нормаларды сақтау | 10.2.3.1 сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану |
| 4. Мәтіннің негізгі аспектілерін анықтау және талқылау | 10.2.4.1 мәтіндегі бөлімдердің, абзацтардың орналасу тәртібін, ақпараттың тақырыппен байланысын анықтау, оған түсініктеме беру |
| 5. Сенімді және еркін жауап беру | 10.2.5.1 пікірталастың «пікірталас -монолог», «пікірталас-диалог», «пікірталас-полилог» түрлерінде сенімді және еркін сөйлеу |
| 6. Визуалды материалдар арқылы тілді дамыту | 10.2.6.1 әртүрлі графиктік мәтіндердегі (иллюстрация, фотосурет, сызба, шартты белгі) ақпараттарды салыстыру, негізгі идеясын түсіндіру |

3) оқылым:

| Білім алушылар: | |
|---|---|
| Дағдылар | Оқыту мақсаттары |
| | 10-сынып |
| 1. Мәтіндегі ақпаратты анықтау | 10.3.1.1 мәтіндегі негізгі және қосымша ақпараттарды анықтай отырып, факті мен көзқарасты ажырату, мәтін идеясымен байланысын анықтау |
| 2. Стильдік ерекшеліктерді анықтау | 10.3.2.1 ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильдегі мәтіндердің (мақала, эссе, тезис, интервью, баспасөз парағы) құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық және тілдік ерекшеліктерін талдау |
| 3. Көркем шығармаларды оқу | 10.3.3.1 әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені талдау және кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалау |
| 4. Мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау | 10.3.4.1 ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильдегі мәтіндер (мақала, эссе, тезис, интервью, баспасөз парағы) бойынша салыстырмалы (жанры, құрылымы, тілдік құралдары, мақсатты аудиториясы) талдау жасау |
| 5. Қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді оқу | 10.3.5.1 мәтін тақырыбына байланысты қосымша материалдарды энциклопедиялардан тауып, ортақ қорытындылар жасау |
| 6. Өзіндік көзқарасын білдіру және бағалау | 10.3.6.1 мәтін мазмұнындағы деректі ақпаратты толық анықтап, негізгі ойға өз көзқарасын білдіру және оны бағалау |

4) жазылым:

| Білім алушылар: | |
|---|---|
| Дағдылар | Оқыту мақсаттары |
| | 10-сынып |
| 1. Әртүрлі стильде мәтіндер құрастыру | 10.4.1.1 публицистикалық және ғылыми стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, шағын мақала, баспасөз парағы, тезис, интервью жазу |
| 2. Эссе жазу | 10.4.2.1 қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу («келісу, келіспеу» эссесі, дискуссивті эссе, аргументативті эссе) |
| 3. Шығармашылық жазба жұмысы | 10.4.3.1 шығармашылық жазба жұмыстарында көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарын тиімді қолданып жазу |
| 4. Мәліметтерді жинақтау | 10.4.4.1 тақырып бойынша мәтінге жоспар құрып, әр тармақшаға қажетті негізгі және қосымша мәліметтерді жинақтап ұсыну (тірек-схема, менталды карта, презентация) |
| 5. Жинақы мәтін құрастыру (компрессия) | 10.4.5.1 ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильдегі мәтіндерден негізгі ұғымдарды анықтай отырып, жинақы мәтін (компрессия) құрастыру |
| 6. Орфография және пунктуация | 10.4.6.1 мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу, сөйлем деңгейінде тыныс белгілерін қолдана білу |

5) тілдік бағдар:

| Білім алушылар: | |
|---|---|
| Дағдылар | Оқыту мақсаттары |
| | 10-сынып |
| 1. Сөз таптары | 10.5.1.1 тәуелдік жалғауды (оңаша және ортақ тәуелдеу) және көптік мәнді есімдер мен көптік жалғауларды ажырата танып, дұрыс қолдану. |
| | 10.5.1.2 сын есімнің жасалу жолдарын білу, мәтін құрауда орынды қолдану |
| | 10.5.1.3 сан есімнің жасалу жолдарын білу, мәтін құрауда орынды қолдану |
| | 10.5.1.4 есімдіктердің жасалу жолдарын білу, мәтін құрауда орынды қолдану |
| | 10.5.1.5 мәтін құрауда есімше сөздерді стильдік қызметіне сай орынды қолдану |
| | 10.5.1.6 үстеудің жасалу жолы мен сөйлемдегі қызметін білу, мәтін құрауда орынды қолдану |
| | 10.5.1.7 шылаулардың сөйлемдегі қызметін білу, мәтін құрауда орынды қолдану |
| 2. Сөйлем | 10.5.2.1 мәтін құрауда сөздердің байланысу түрлері мен тәсілдерін орынды қолдану |
| | 10.5.2.2 құрмалас сөйлемдердің (аралас) жасалу жолдарын білу, жазба жұмыстарында орынды қолдану |

II. Іріктеп алынған оқыту мақсаттары бойынша диагностикалық жұмыстың үлгісі

Диагностикалық жұмыс білім алушылардың олқылықтарын толықтыру үшін жүргізілетін жұмыс болып табылады. Сондықтан диагностикалық жұмыстың тапсырмалары ретінде толық жауапты қажет ететін тапсырмаларды беру ұсынылады.

Төменде 10-сыныптағы «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттарына сәйкес әзірленген диагностикалық жұмыс тапсырмаларының үлгісі берілген. Үлгі екі нұсқада әзірленген.

Үлгі 1 нұсқа.

6-бөлім: Ұлттық таным және мерекелер.

Жүсіпбек Аймауытов «Әншi» әңгімесі

1)Тыңдалым тапсырмасы.

Мақсаты: 10.1.5.1 мәтіннен автордың көзқарасын (негізгі ойын) негіздейтін аргументтерді талдай отырып, астарлы ойды анықтау

Т.Тыңдалымалды тапсырмасы.

Оқушылар топта ұлттық таным, ұлттық құндылық туралы түсініктерін қағазға жазып, топта бір-бірімен талқылайды.

Тыңдалым мәтіні.

Әр бір ұлттың сан ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық танымы болады. Ұлттық таным дегеніміз-халықтың қоршаған ортаны танып білуі, ғасырлар бойы дәріптеген рухани құндылықтары. Ұлттық бірегейлікті сақтап тұрған

салт-дәстүрлер, әдеп-ғұрыптар, тіл, дін, наным, сенім, музыка, әдебиет, ұлттық ойындар, бабалар сөзі, ғасырдан ғасырға жалғасып келе жатқан мәдениет ұлттық құндылықтар болып саналады. Ұлттық таным- ұлттың коды.

Кез келген халық ұлттық идеясыз, дінсіз, салт-дәстүрсіз өмір сүре алмайды. Сондықтан әр бір адам баласы «Мен кіммін?», «Не үшін өмір сүріп жүрмін?» деген сұрақтар қоя отырып, жауапты өзі өмір сүріп отырған ортаның мәдениетінен, тіл мен дінінен, діні танымынан табады. Мұнда адам баласының бәріне ортақ құндылықтарымен қатар, әр ұлттың дүниетанымына негізделген рухани құндылықтары жатады.

Тыңдалым тапсырмасы. Тақырып бойынша ақпаратты тыңдай отыра, әр оқушы автордың көзқарасын анықтайтын аргументтерді анықтап жазады.

Тыңдалымнан кейінгі тапсырма.

1. Негізгі аргументтерді қолдан
2. Өз ойларын дәлелде.
3. Автордың көзқарасын анықта.
4. Өз пікірімен салыстыр.

2)Айтылым тапсырмасы

Мақсаты: 10.2.2.1 ғылыми-көпшілік және публицистикалық мәтіндерге сүйеніп, монолог және диалог құрау, сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын орынды қолданып, тыңдаушыға әсер ету.

Тапсырма. Оқушылар қазіргі жастардың құндылық туралы түсінігін талқылайды. Талқылауларына негіз болатын себептері мен

дәлелдерін постерге тізіп жазады.

Талқылаулары негізінде сұрақтарын құрастырады. Жұпта талқылап, келесі жұптағы оқушымен диалогке түседі.

Топта талқылаған мәселені жұпта сұрақ-жауап арқылы бекітеді.

| | |
|---|---|
| Сұрақ | |
| Жауап | |
| Қорытынды ой | |

3)Оқылым тапсырмасы.

Мақсаты: 10.3.1.1 мәтіндегі негізгі және қосымша ақпараттарды анықтай отырып, факті мен көзқарасты ажырату, мәтін идеясымен байланысын анықтау.

Оқылым мәтіні.

Жетішатыр — жақсы қала.

Қаптап жатқан қазақ. Жазы-қысы — қымыз, ойын-сауық —«кататься». Айт, той, құдалық, ат жарыс, күрес. Маскүнем, Төбелес. Үй қыдырған көлең-көлең ақ жаулық... Жаз шықса пароход, паром, желқайық,жасыл арал, қалың орман... Көкке шыққан, гуләйтсоққан, масайраған шат көңіл... Сырнай-керней...Қызық думан... Қайткенмен сергек қала.

Стипендиядан жырмалаған азды-көпті тиынның қызығын көргелі адам сияқтанып отыз тиынға бержабай жалдап, жексенбі күні ар жаққа тарттық.

Келген жылымыз. Қаланың жай-жапсарына қанық емеспіз.

Он минутта арғы қабаққа шықтық.

Ар жақ — қазақ даласы. Өзен өрлей салынған екі мешітті, бір шіркеулі, ығы-

жығы тайпақ қала.
— Балалар, қайда апарайын?
— Қай жақынына апар!
Бержабайшы қос терезелі тоқал үйдің алдына ойысып тұра қалады.
Тымақтарын шекесіне салған төрт-бес желбегей сал даурығып, итермелесіп, тәлтіректеп үйден шығып келе жатады. Бізге оқшия қарайды да, «зиянсыз балалар» екенімізді білген соң, тұмсығын көтеріп жүріп кетеді.
Көптен күткен жеңешедей, ауыз үйдегі алтын сырғалы, ақ құба, бидай өңді кербез жеңгей: «Балалар, жоғары шығыңдар!» — деп майысып, төргі үйге қарай сілтейді.
Төсек-орны, дөңгелек үстелі, тегенесі, кесесі біріне-бірі сай шап-шақ қана бөлмеде екі-үш жігіт қымыз ішіп, томашадай аппақ қана Шәкет сырлы қасықтай сары ожаумен қымыз сапырып отырады. Мұрты тоқпақтай түксиген сары жігіт сырғып орын беріп, отырысымен кесесін ұсынады. Бұл қаланың бір жақсы жері — қазақтың оқыған балаларын сыйлайды.
(https://alashainasy.kz/proza/juspbek-aymauyitov-ansh-56981/)
Тапсырма. Оқылған мәтін бойынша кестені толтырыңдар.
Мәтін бойынша факті мен көзқарасты анықтайды және өз көзқарасын мәтінмен байланыстырып айтады.

| Негізгі ақпарат | Қосымша ақпарат |
|---|---|
| | |

| Факті | Көзқарас |
|---|---|
| | |

| Мәтін идеясы | Өз көзқарасым |
|---|---|
| | |

4)Жазылым тапсырмасы
Мақсаты: 10.4.3.1 шығармашылық жазба жұмыстарында көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарын тиімді қолданып жазу
Жазылымалды тапсырмасы.
«Әнші» әңгімесінің желісі бойынша Наурыздағы ойын-сауық қалай берілген?
Ақпаратты жұпта талықылап, бүгінгі күнгі Наурыз мерекесінің тойлануымен салыстырады.
Жазылым тапсырмасы. «Наурыз-ұлттық мейрам» деген
тақырып бойынша көркемдегіш құралдарды қолданып эссе жазады.
I. Кіріспе
3. Наурыз мейрам тарихы
II. Негізгі бөлім
3. Наурыз тойлау дәстүрі
III Қорытынды
3. Өз пікірің.

5)Тілдік бағдар.

Мақсаты: 10.5.1.5 мәтін құрауда есімше сөздерді стильдік қызметіне сай орынды қолдану.

Есімше формасын қолданып, «Наурыз мерекесінің тойлануы» тақырыбында мәтін құрастырады. Өткен шақ формасын қолданып, қазіргі Наурыз мерекесімен салыстырмалы түрде жаза алады.

III. Сабақ барысында толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары

10-сыныпқа арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінен оқу бағдарламасын зерделеу нәтижесінде 11-сыныптағы қазақ тілі мен әдебиеті курсының оқыту мақсаттарымен кіріктіруге болатын оқыту мақсаттары анықталды [20 ]. Кіріктіруге болатын оқыту мақсаттары ұсыныс түрінде берілген (40.2-кесте).

40.2-кесте – 10-11-сыныптардың кіріктірілетін оқыту мақсаттары

1) тыңдалым:

| Білім алушылар: | | |
|---|---|---|
| Дағдылар | Оқыту мақсаттары | |
| | 11-сынып | 10-сынып |
| Сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсіну | 11.1.3.1 оқу-кәсіби, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени тақырыптар аясында және мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсіну | 10.1.3.1 оқу-кәсіби, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени тақырыптар аясында қолданылған сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсіну |
| Негізгі ойды анықтау | 11.1.5.1 мәтін бойынша автор позициясын және көтерілген мәселеге қарым-қатынасын, тыңдаушыға ықпал ету тәсілін талдай отырып, негізгі ойды анықтау | 10.1.5.1 мәтіннен автордың көзқарасын (негізгі ойын) негіздейтін аргументтерді талдай отырып, астарлы ойды анықтау |
| Тыңдалым материалдары бойынша жауап беру | 11.1.6.1 көтерілген мәселе бойынша әртүрлі дереккөздерден алынған мәтіндерді тыңдау және салыстыру, өз ойын логикалық дұрыс, аргументті және айқын жеткізу | 10.1.6.1 көтерілген мәселе бойынша әртүрлі дереккөздерден алынған мәтіндерді тыңдау және салыстыру, өз көзқарасын аргументтер негізінде дәлелдеу |

2) айтылым:

| Білім алушылар | | |
|---|---|---|
| : Дағдылар | Оқыту мақсаттары | |
| | 11-сынып | 10 сынып |
| Сөздік қорының алуандығы | 11.2.1.1 ғылыми-және кәсіби көпшілік және публицистикалық стильдегі мәтіндерден күрделі сөздердің жасалу жолын анықтау, ауызша мәтін құрауда орынды | 10.2.1.1 ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильдегі мәтіндерден күрделі сөздердің жасалу жолын анықтау, ауызша мәтін құрауда орынды қолдану |

| | | |
|---|---|---|
| | қолдану | |
| Сөз мәнері мен сөйлеу этикеті | 11.2.2.1 ғылыми-көпшілік, кәсіби және публицистикалық мәтіндерге сүйеніп, монолог және диалог құрау, сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын орынды қолданып, тыңдаушылармен қарым-қатынас орнату | 10.2.2.1 ғылыми-көпшілік және публицистикалық мәтіндерге сүйеніп, монолог және диалог құрау, сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын орынды қолданып, тыңдаушыға әсер ету |
| Орфоэпиялық нормаларды сақтау | 11.2.3.1 сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану | 10.2.3.1 сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану |
| Мәтіннің негізгі аспектілерін анықтау және талқылау | 11.2.4.1 мәтіндегі бөлімдердің, абзацтардың орналасу тәртібін, кәсіби бағыттағы түпнұсқа мәтіндерден қажетті ақпаратты (деректерді, сипаттамаларды, сандық көрсеткіштерді, сілтемелерді) анықтау, олардың қолданылу мақсатын талдау. | 10.2.4.1 мәтіндегі бөлімдердің, абзацтардың орналасу тәртібін, ақпараттың тақырыппен байланысын анықтау, оған түсініктеме беру |

3) оқылым:

| Білім алушылар: | | |
|---|---|---|
| Дағдылар | Оқыту мақсаттары | |
| | 11-сынып | 10-сынып |
| Мәтіндегі ақпаратты анықтау | 11.3.1.1 мәтіннен детальді ақпараттарды, факті мен көзқарасты, астарлы ойды анықтау, берілген ақпараттың оқырманға әсерін және автор позициясын талқылау | 10.3.1.1 мәтіндегі негізгі және қосымша ақпараттарды анықтай отырып, факті мен көзқарасты ажырату, мәтін идеясымен байланысын анықтау |
| Көркем шығармаларды оқу | 11.3.3.1 әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселеге баға беру және әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыру | 10.3.3.1 әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені талдау және кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалау |
| Өзіндік көзқарасын білдіру және бағалау | 11.3.6.1 мәтіндегі негізгі ойды анықтап, көтерілген мәселеге баға беру, өзіндік көзқарасын жүйелі, дәлелді жеткізу | 10.3.6.1 мәтін мазмұнындағы деректі ақпаратты толық анықтап, негізгі ойға өз көзқарасын білдіру және оны бағалау |

4) жазылым:

| Білім алушылар: | | |
|---|---|---|
| Дағдылар | Оқыту мақсаттары | |
| | 11-сынып | 10-сынып |
| Әртүрлі стильде мәтіндер құрастыру | 11.4.1.1 ғылыми және публицистикалық стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік | 10.4.1.1 публицистикалық және ғылыми стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, |

| | | |
|---|---|---|
| | құралдарды орынды қолданып, шағын мақала, баспасөз парағы, аннотация, үндеу жазу | шағын мақала, баспасөз парағы, тезис, интервью жазу |
| Шығармашылық жазба жұмысы | 11.4.3.1 шығармашылық жазба жұмыстарында көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарын тиімді қолданып жазу | 10.4.3.1 шығармашылық жазба жұмыстарында көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарын тиімді қолданып жазу |
| Жинақы мәтін құрастыру (компрессия) | 11.4.5.1 ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндерден басты лексикалық бірліктерді нақтылап, мәтіннің ақпараттық-маңызды фрагменттерін анықтап, (компрессия) жинақы мәтін құрастыру | 10.4.5.1 ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильдегі мәтіндерден негізгі ұғымдарды анықтай отырып, жинақы мәтін (компрессия) құрастыру |
| Орфография және пунктуация | 11.4.6.1 мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу, мәтін деңгейінде тыныс белгілерін қолдана білу | 10.4.6.1 мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу, сөйлем деңгейінде тыныс белгілерін қолдана білу |

5) тілдік бағдар:

| Білім алушылар: | | |
|---|---|---|
| Дағдылар | Оқыту мақсаттары | |
| | 11-сынып | 10-сынып |
| 1. Сөз таптары | 11.5.1.1 ғылыми және кәсіби мәтіндер құрауда грамматикалық омонимдерді ажырата танып, ауызша және жазбаша дұрыс қолдану | 10.5.1.1 тәуелдік жалғауды (оңаша және ортақ тәуелдеу) және көптік мәнді есімдер мен көптік жалғауларды ажырата танып, дұрыс қолдану |
| | 11.5.1.3 мәтін құрауда сан есімнің мағыналық түрлерін стильдік ерекшеліктеріне сай қолдану | 10.5.1.3 сан есімнің жасалу жолдарын білу, мәтін құрауда орынды қолдану |
| | 11.5.1.4 мәтін құрауда есімдіктердің мағыналық түрлерін стильдік ерекшеліктеріне сай қолдану | 10.5.1.4 есімдіктердің жасалу жолдарын білу, мәтін құрауда орынды қолдану |
| | 11.5.1.5 мәтіндерден көсемше оралымды сөйлемдерді анықтап,оларды ауызша және жазбаша мәтіндер құрауда орынды қолдану | 10.5.1.5 мәтін құрауда есімше сөздерді стильдік қызметіне сай орынды қолдану |
| | 11.5.1.6 мәтін құрауда үстеудің мағынанылқ түрлерін стильдік ерекшеліктеріне сай орынды қолдану | 10.5.1.6 үстеудің жасалу жолы мен сөйлемдегі қызметін білу, мәтін құрауда орынды қолдану |

IV.Кіріктірілетін оқыту мақсаттары бойынша ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгісі (2-3)

Әрі қарай республика мектептерінің педагогтері әзірлеген сабақтардың қысқа мерзімді жоспарларының үлгілері ұсынылады:

Тулепбергенова Маншук Ермухамбетовна
Қостанай облысы Рудный қаласы №18 жалпы
білім беретін мектебі» КММ

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Бөлім: | Тәуелсіз еліміздің өткені мен келешегі<br>Дүкенбай Досжан<br>«Төрт патшаны көрген кейуана» хикаяты | | | |
| Педагогтің аты-жөні | Тулепбергенова М.Е. | | | |
| Күні | | | | |
| Сынып | 11 | | | |
| Сабақтың тақырыбы | Асыл тұлға | | | |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты | 11.3.1.1 мәтіннен детальді ақпараттарды, факті мен көзқарасты, астарлы ойды анықтау, берілген ақпараттың оқырманға әсерін және автор позициясын талқылау<br>11.4.3.1 шығармашылық жазба жұмыстарында көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарын тиімді қолданып жазу | | | |
| Қайталауға арналған сабақтың сәйкестік мақсаты | 10.3.1.1 мәтіндегі негізгі және қосымша ақпараттарды анықтай отырып, факті мен көзқарасты ажырату, мәтін идеясымен байланысын анықтау<br>10.4.3.1 шығармашылық жазба жұмыстарында көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарын тиімді қолданып жазу | | | |
| Сабақтың мақсаты | Негізгі сабақ мақсаты<br>мәтіннен детальді ақпараттарды, факті мен көзқарасты, астарлы ойды анықтау, берілген ақпараттың оқырманға әсерін және автор позициясын талқылайды<br>шығармашылық жазба жұмыстарында көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарын тиімді қолданып жазады;<br>10- сыныпта өткен материалды қайталау мақсаты:<br>мәтіндегі негізгі және қосымша ақпараттарды анықтай отырып, факті мен көзқарасты ажырату, мәтін идеясымен байланысын анықтайды<br>шығармашылық жазба жұмыстарында көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарын тиімді қолданып жазады | | | |
| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | ресурстар |
| Сабақтың басы | Көтеріңкі көңіл-күй орнату үшін *«Ізгілік шары» әдісін* қолдану арқылы сабақтың басталуына жағымды ықпал ететін көңіл-күй қалыптастыру. | Шеңбер болып тұрған оқушылар бір-біріне «ізгілік шарын» ұсыну арқылы жақсы | | |

<table>
<tr><td></td><td></td><td>тілектер айтады.</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Сабақтың ортасы<br><br>Білу<br><br><br><

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Қолдану<br><br>Талдау<br><br>Жинақтау | аңырайып омалып қалыппыз.<br>— Тұрыңдар, озаттар, Қонаев көкелерің келді,- деді әлдебір өктем дауыс.<br>Дүрк етіп түрегелейік. Әлгі өктем үннің «Қонаев» дегені қарадай суық үрей шақырсадағы, «көкелерің» деген сөз аз-аздап ішімізді жылытты. . Әлгі әдемі мәшинеден түскен ұзын кісі кең адымдап келіп осылай үймелеп отырған, тұрған бізге қаратып қоңыр үнмен: «Сәлеметсіздер ме, бауырлар!» - деді. Ие, дәп солай. «Здрасти» деген жоқ, «армысыздар» дегенін естімедім, ұмытпасам... шынымды айтсам... құлағымда қалғаны... сол... «сәлеметсіздер ме, бауырлар» болыпты. Бір-бірлеп бәрімізге қол беріп амандасып шықты. Алақаны ұлпадай жұмсақ, үгітіліп тұрған жүгері шашағы ма деп қаласың.<br>Ж.Ж.Оқылымнан кейінгі тапсырма.<br>Берілген ақпараттың оқырманға әсері мен позициясын талқылайды.<br><br>Ақпарат \| Оқырманға әсері \| Автор позициясы<br><br>Жазылымға дайындық<br>Лекскалық минимум: айғақ, төңкеріс, қарбалас, серпіліс, мәртебе<br>Берілген сөздермен сөз тіркесін, сөйлем құрастырады.<br><br>Ж. Жазылым тапсырмасы.<br>«Асыл тұлға-Ана» тақырыбында 140 сөз көлемінде эссе жазады. Эссе жазуда метафора, эпитет, тұрақты тіркес<br>қолданады. | Берілген ақпараттың оқырманға әсері мен позициясын талқылайды, кестені толтырады<br><br>Берілген сөздермен сөз тіркесін, сөйлем құрастырады.<br><br>Тақырып бойынша 140 сөз көлемінде эссе жазады. Эссе жазуда метафора, эпитет, тұрақты тіркес қолданады. | <br> | |
| Бағалау | «Аяқталмаған сөйлем» әдісі<br>Мен үшін қызықты болды .....<br>Мен үшін түсініксіз ..... | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Маған қиындық туғызды ..... | | | |

V. Сабақтан тыс уақытта толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары (40.3-кесте)

40.3-кесте. Толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары

1) тыңдалым:

| Білім алушылар: | |
|---|---|
| Дағдылар | Оқыту мақсаттар |
| | 10-сынып |
| Назарын шоғырландырып тыңдау | 10.1.2.1 мәтінді тыңдай отырып, негізгі идеяларды (ақпараттарды) қысқаша түртіп жазу (конспектілеу), жазбаға сүйеніп мәтін мазмұнын түсіндіру |
| Көркем шығармаларды тыңдау | 10.1.4.1 драмалық, прозалық, поэзиялық шығарманы тыңдау, шығармада көтерілген жалпыадамзаттық мәселені айқындау |

2) айтылым:

| Білім алушылар: | |
|---|---|
| Дағдылар | Оқыту мақсаттары |
| | 10-сынып |
| Сенімді және еркін жауап беру | 10.2.5.1 пікірталастың «пікірталас -монолог», «пікірталас-диалог», «пікірталас-полилог» түрлерінде сенімді және еркін сөйлеу |
| Визуалды материалдар арқылы тілді дамыту | 10.2.6.1 әртүрлі графиктік мәтіндердегі (иллюстрация, фотосурет, сызба, шартты белгі) ақпараттарды салыстыру, негізгі идеясын түсіндіру |

3) оқылым:

| Білім алушылар: | |
|---|---|
| Дағдылар | Оқыту мақсаттары |
| | 10-сынып |
| Стильдік ерекшеліктерді анықтау | 10.3.2.1 ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильдегі мәтіндердің (мақала, эссе, тезис, интервью, баспасөз парағы) құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық және тілдік ерекшеліктерін талдау |
| Мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау | 10.3.4.1 ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильдегі мәтіндер (мақала, эссе, тезис, интервью, баспасөз парағы) бойынша салыстырмалы (жанры, құрылымы, тілдік құралдары, мақсатты аудиториясы) талдау жасау |

4) жазылым:

| Білім алушылар: | |
|---|---|
| Дағдылар | Оқыту мақсаттары |
| | 10-сынып |
| Эссе жазу | 10.4.2.1 қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу («келісу, келіспеу» эссесі, дискуссивті эссе, аргументативті эссе) |
| Мәліметтерді жинақтау | 10.4.4.1 тақырып бойынша мәтінге жоспар құрып, әр тармақшаға қажетті негізгі және қосымша мәліметтерді |

| | |
|---|---|
| | жинақтап ұсыну (тірек-схема, менталды карта, презентация) |

5) тілдік бағдар:

| Білім алушылар: | |
|---|---|
| Дағдылар | Оқыту мақсаттары |
| | 10-сынып |
| | 10.5.1.2 сын есімнің жасалу жолдарын білу, мәтін құрауда орынды қолдану |
| | 10.5.1.7 шылаулардың сөйлемдегі қызметін білу, мәтін құрауда орынды қолдану |
| Сөйлем | 10.5.2.1 мәтін құрауда сөздердің байланысу түрлері мен тәсілдерін орынды қолдану |
| | 10.5.2.2 құрмалас сөйлемдердің (аралас) жасалу жолдарын білу, жазба жұмыстарында орынды қолдану |

VI. Кіріктіруге болмайтын оқыту мақсаттары қарастырылатын консультациялардың кестесі

Білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды толықтыру үшін 9-сыныпта «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнін оқу барысында кіріктіруге болмайтын оқыту мақсаттары бойынша каникул кездерінде (күзгі, қысқы, көктемгі) кеңестер өткізу ұсынылады.

Төмендегі кесте демалыс кездерінде (күзгі, қысқы, көктемгі) өткізілетін кеңестердің кестесінің үлгісі келтірілген (40.4-кесте).

40.4-кесте – Демалыс кездерінде (күзгі, қысқы, көктемгі) өткізілетін консультациялардың кестесі

1) «Тыңдалым»:

| Өткізілетін мерзімі | Тақырыптың атауы | Көркем шығармалар | Оқыту мақсаттары |
|---|---|---|---|
| Қысқы демалыста | Ұлттық экологиялық мәдениет | Қадыр Мырзалиев «Аралым» өлеңі | 10.1.2.1 мәтінді тыңдай отырып, негізгі идеяларды (ақпараттарды) қысқаша түртіп жазу (конспектілеу), жазбаға сүйеніп мәтін мазмұнын түсіндіру. |

2)«Айтылым»:

| Өткізілетін мерзімі | Тақырыптың атауы | Көркем шығармалар | Оқыту мақсаттары |
|---|---|---|---|
| Қысқы демалыста | Мұхит – тіршілік мекені | Әбдіжәміл Нұрпейсов «Қан мен тер» | 10.2.6.1 әртүрлі графиктік мәтіндердегі (иллюстрация, фотосурет, сызба, шартты белгі) ақпараттарды салыстыру, негізгі идеясын түсіндіру |

3) «Оқылым»:

| Өткізілетін мерзімі | Тақырыптың атауы | Көркем шығармалар | Оқыту мақсаттары |
|---|---|---|---|
| Көктемгі демалыста | Жер планетасын дағы қауіпті | Думан Рамазан «Соңғы дем» | 10.3.4.1 ғылыми-көпшілік және публицистикалық |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | қалдықтар | әңгімесі, Қайнар Олжай «Жер мен аспан арасындағы дастан» кітабы | стильдегі мәтіндер (мақала, эссе, тезис, интервью, баспасөз парағы) бойынша салыстырмалы (жанры, құрылымы, тілдік құралдары, мақсатты аудиториясы) талдау жасау |

4)«Жазылым»:

| Өткізілетін мерзімі | Тақырыптың атауы | Көркем шығармалар | Оқыту мақсаттары |
|---|---|---|---|
| Көктемгі демалыста | Сауда мен көмек: екі жақты келісімді сауда | Ыбырай Алтынсарин «Дүние қалай етсең табылады?» | 10.4.2.1 қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу («келісу, келіспеу» эссесі, дискуссивті эссе, аргументативті эссе) |

5)«Тілдік бағдар»:

| Өткізілетін мерзімі | Тақырыптың атауы | Көркем шығармалар | Оқыту мақсаттары |
|---|---|---|---|
| Көктемгі демалыста | Бұқаралық ақпарат құралдарын дағы гендерлік бейне | Жанболат Ауыпбаев «Ашылмаған аралдар» кітабынан «Диктор» деректі әңгімесі | 10.5.1.7 шылаулардың сөйлемдегі қызметін білу, мәтін құрауда орынды қолдану |

VII. Жазғы мектеп кезінде ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгісі (2-3)

Білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды толтырудың тағы бір жолы – Жазғы мектепті ұйымдастыру. Жазғы мектеп кезінде өткізілетін сабақтар 6-сыныпқа арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша оқу бағдарламасына сәйкес келесі тақырыптарды қайталау мен пысықтау ұсынылады:


Тулепбергенова Маншук Ермухамбетовна
ҚостанайоблысыРудный қаласы №18 жалпы
білім беретін мектебі» КММ

| | |
|---|---|
| Бөлім: | Жер планетасындағы қауіпті қалдықтар Думан Рамазан «Соңғы дем» әңгімесі, Қайнар Олжай «Жер мен аспан арасындағы дастан» кітабы |
| Педагогтің аты-жөні | Тулепбергенова М.Е. |
| Күні | |
| Сынып | 11 |
| Сабақтың тақырыбы | Қауіпті қалдықтар-ғасыр мәселесі |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты | 10.3.4.1 ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильдегі мәтіндер (мақала, эссе, тезис, интервью, баспасөз |

| | | парағы) бойынша салыстырмалы (жанры, құрылымы, тілдік құралдары, мақсатты аудиториясы) талдау жасау | | |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | ресурстар |
| Сабақтың басы | Психологиялық ахуал қалыптастыру. Оқушылар бір-біріне тілек айтады, көңіл-күйін көтереді және бауырмалдығын оятады.<br><br>Сыныпты 3 топқа бөлінуді ұсынады<br><br>Лексикалық минимум: өндіріс, қорғасын, экологиялық бақылау, кәдеге жарату, қалдықтарды көму, қаржыландыру, заңнама, әкімшілік жауапкершілікк тарту, қатты қалдықтар, т.б. | Бір-біріне тілек айтады, көңіл-күйін көтереді және бауырмалдығын оятады.<br><br>Сынып 3 топқа бөлінеді<br><br>Оқушылар жаңа сөздерді оқиды, мағынасын бір-біріне түсіндіреді.<br><br>Топта сөздерден сөз тіркестерін құрастырады. | | Үлестірмелі материалдар |
| Сабақтың ортасы<br><br>Білу | Оқылымалды тапсырма. Суреттегі ойды түсіне отырып, топтағы оқушылар<br><br>пікірлерімен бөліседі.<br><br><br><br><br>Оқылым тапсырмасы. Мәтіндерді зейін қойып | Суреттегі ойды түсіне отырып, топтағы оқушылар пікірлерімен бөліседі. | 👏 | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Түсіну | оқып, мазмұндарын толық айтыңдар, Топта талқылаңдар.<br>1-мәтін<br>Әлемдегі күрделі экологиялық жағдай бүгінгі күннің өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Адам баласының шаруашылықтағы кез келген әрекетінен шыққан әртүрлі қалдықтар биосфераны ластауда. Бұл халықтың денсаулығы мен өміріне қауіп-қатер тудыруып, флора мен фауна түрлерінің азаюына, қоршаған ортадағы тепе-теңдіктің бұзылуына әсер етуде.<br>Қоқыс қалдықтары – қоршаған ортаны ластайтын көздердің бірі. Жер бетіндегі зиянды заттардың жинақталған массасы топырақ жамылғысына, өсімдіктерге, жерүсті және жерасты суларына жағымсыз әсерін тигізеді. Қоқыстар жанған кезде атмосфераға өте көп улы заттар бөлініп, тыныс алу жүйесі аурулары мен репродуктивті және иммундық жүйелердің ауытқуларына әкеп соғуы мүмкін. Аса қауіп төндіретін органикалық зат – диоксиндер. Олардың әсері цианды калийден, стрихниннен және кураредеп күшті абсолютті у болып есептеледі.<br>Адам денсаулығы мен қоршаған ортаға орасан зор қауіп тудыратын қатерлі зат – фильтрат. Ол қоқыс алаңдары аумағынан жерасты суларына түседі. Қалдықтарда дизентерия, холера, туберкулез сияқты ауруларды тудыратын | Мәтіндерді зейін қойып оқиды, мазмұндарын толық меңгереді. Топта талқылайды. |  | Үлестірмелі материалдар<br>Слайд |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Қолдану<br><br>Талдау | бактериялар ұзақ уақыт бойы сақталады. Сондықтан, қатты тұрмыстық қалдықтарды залалсыздандыру өте маңызды және қажетті.<br>2-мәтін.<br>Адам денсаулығы мен қоршаған ортаға орасан зор қауіп тудыратын қатерлі зат – фильтрат. Ол қоқыс алаңдары аумағынан жерасты суларына түседі. Қалдықтарда дизентерия, холера, туберкулез сияқты ауруларды тудыратын бактериялар ұзақ уақыт бойы сақталады. Сондықтан, қатты тұрмыстық қалдықтарды залалсыздандыру өте маңызды және қажетті.<br>Қазіргі таңда өркениет жолына бет алған әлем елдері қоқысқа қарсы күрестің түрлі амалдарын қарастырып жатыр. Бірқатар еуропалық елдер полиэтиленді құтыларды шығарудан бас тартса, енді бірі қоқысты түрлі заманауи жолдармен өңдеуге бет бұрды. Әлемдегі жетекші елдердің тәжірибесі көрсеткендей, бұл проблеманы оңтайлы шешуге толық мүмкіндік бар. Мәселен, Швейцарияда әрбір тұрғын қоқысты сұрыптап төгуге міндетті. Соның нәтижесінде, ондағы шыны зауыттарының 90 пайызы, қағаз өнімдерінің үштен бірі қайта өңдеуге пайдаланылады. Сондықтан, Швейцария мен Сингапур сияқты елдер әлемдегі экологиялық ең таза мемлекеттердің қатарында.<br>Экология, геология және | | 👏 | слайд |

<table>
<tr><td></td><td>табиғи ресурстар министрлігінің деректері бойынша, ел аумағында 120 миллион тонна қоқыс жинақталған. Әрі бұл көрсеткіш жылына кем дегенде 5 миллион тоннаға көбеюде. Сол қоқыстың 90 пайызы іске аспай, рәсуа болып қалуда. Бұл жайт еліміз үшін күрделі проблемаға айналған. Елбасының тапсырмасымен «жасыл» экономикаға көшу тұжырымдамасына сәйкес, қалдықтарды өңдеу үлесін 2030 жылы – 40 пайызға, 2050 жылы 50 пайызға көтеру көзделген.</td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Жинақтау</td><td>Оқылымнан кейінгі тапсырма. Мәтін негізінде берілген кестені толтырыңдар. Мәтіндерге талдау жасаңдар.
<table>
<tr><td colspan="2">Екі мәтіннің ұқсастығы</td></tr>
<tr><td></td><td></td></tr>
<tr><td colspan="2">Екі мәтіннің айырмашылығы</td></tr>
<tr><td></td><td></td></tr>
<tr><td colspan="2">Стилі</td></tr>
<tr><td></td><td></td></tr>
<tr><td colspan="2">Жанры</td></tr>
<tr><td></td><td></td></tr>
<tr><td colspan="2">Формасы</td></tr>
<tr><td></td><td></td></tr>
<tr><td colspan="2">Түрі</td></tr>
<tr><td></td><td></td></tr>
</table>
<table>
<tr><td>Көзделген аудиториясы</td><td></td></tr>
<tr><td>Мақсаты</td><td></td></tr>
<tr><td>Мазмұны</td><td></td></tr>
</table></td><td>Мәтін негізінде берілген кестені толтырады. Мәтіндерге талдау жасайды.<br><br>Әр топ өз жұмыстарын оқып, өз ойларын айтады.</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Сабақтың соңы</td><td>«ББББ» кестесін толтыруға береді.</td><td>Оқушылар кестені толтырады.</td><td></td><td></td></tr>
</table>

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Бағалау | Оқушылар әр топ бір-бірін бағалайды | Мәнмәтіндік көзқарас – Маған ұнады...<br>Неге десеңіз...<br>Қазір/Келесі жолы… | | |

Умирбаева Гульнара Жулдаскалиевна
Атырау облысы
«№20 А.С.Пушкин атындағы
мектеп-лицейі» КММ

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Бөлім: | | 1-бөлім 1. Қазіргі қоғамдағы әлеуметтік теңсіздік. | | |
| Педагогтің аты-жөні | | Умирбаева Гульнара Жулдаскалиевна | | |
| Күні | | | | |
| Сынып | | 11- сынып | | |
| Сабақтың тақырыбы | | 11..Ауыл тыныс-тіршілігі.<br>10-сыныпта мақсатқа сәйкес тақырып: Еңбек нарығы және сұраныс | | |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты | | 11.1.1.1 мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, тиісті ақпаратты анықтай білу;<br>11.5.1.1 мәтіндер құрауда грамматикалық омонимдерді ажырата танып, ауызша және жазбаша дұрыс қолдану | | |
| Қайталауға арналған сабақтың сәйкестік мақсаты | | 10.1.1.1 мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, өз біліміне сүйеніп тақырыпты жалғастыру.<br>10.5.1.1 тәуелдік жалғауды (оңаша және ортақ тәуелдеу) дұрыс қолдану | | |
| Сабақтың мақсаты | | Негізгі сабақ мақсаты: мәтін үзінділері бойынша болжам жасап, тиісті ақпараттарды анықтайды .<br>Тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде мәтін құрауда грамматикалық омонимдерді ажырата танып, ауызша және жазбаша дұрыс қолдана алады<br>10- сыныпта өткен материалды қайталау мақсаты: мәтін құрауда тиісті ақпараттарды анықтайды, тәуелдік жалғауларды дұрыс қолдана алады . | | |
| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | ресурстар |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы | Ұйымдастыру кезеңі. Сергіту сәті. «Ыстық алақан» тренингі Оқушылар бір-бірімен қол алысып, амандасады. Бір-біріне жақсы тілектер айтады.<br><br>Өз қалаулары бойынша топқа бөліну<br>Мұғалім оқушыларға бүгін өз қалаулары бойынша үш немесе өзі жоспарлағандай төрт топқа топтасуларын сұрайды. Оқушылар өз еріктерімен топтасады.<br>Үй тапсырмасын еске түсіру<br>-Антоним дегеніміз не?<br>-Омоним дегеніміз не? | Оқушылар амандасады .<br>.<br><br>Топқа бөлінеді.<br><br>Түсінбеген сөздерінің мағынасын ашып, аудармасын үйренеді. | | |
| Сабақтың ортасы<br><br>Білу<br><br>Түсіну<br><br><br><br><br><br>Қолдану | Күннің жадын жазады.<br>Жаңа сабаққа оқушы назарын аудару<br><br>Сурет арқылы сабақтың тақырыбын болжайды<br>Тапсырма.<br>Ауылда қандай мәселелер бар?<br>Топтық жұмыс.<br>Мәтінмен жұмыс.<br>2-тапсырма<br>Әр топ мәтіннен білген ақпараттарын толтырады.<br>Топ жетекшісі мәліметтермен бөліседі.<br>Жұптық жұмыс<br>4- тапсырма<br>Берілген сөздерден | Сабақ тақырыбын болжайды<br><br>Топтар ой бөлісіп, пікірлерін айтады<br><br>Мәтінді тыңдайды. Ақпарат жинайды.<br><br><br><br>Сөз тіркестерін жасап, омонимдерді ажыратады. | ҚБ<br> | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | тіркестер жасаңдар. Омонимдерді анықтаңыз. Жылы, ыстық, жомарт, кең,көзі<br>Жеке жұмыс<br>5-тапсырма.<br>«Менің туған жерімнің табиғи байлығы»<br>Шағын мақала жазыңыздар<br>Тәуелдік жалғаулы сөздерді пайдалан<br>Тест тапсырмасын орындайық<br>1. Тәуелдік жалғаулы сөзді табыңыз.<br>а) Отан<br>ә) Туған жер<br>б) Күнім<br>в) Бақыт<br>г) Аспан<br>2. Тәуелдік жалғауының жекеше түрінің III жағын көрсетіңіз.<br>а) Қаламыз<br>ә) Үйім<br>б) Кітабы<br>в) Бақыттары<br>г) Дастарқаным<br>3. Көп нүктенің орнына керекті жалғауды жазыңыз. Ол бізді өзінің үй... не шақырды.<br>а) – ым<br>ә) – ы<br>б) – сы<br>в) – і<br>г) – ің<br>4. Тәуелдік жалғаулы сөзді табыңыз.<br>а) Барады<br>ә) Көрдік<br>б) Дәптер<br>в) Болашағың<br>г) Үй<br>5. Тәуелдік жалғауының көпше түрінің II жағын көрсетіңіз.<br>а) Мектептерің<br>ә) Тілім | Тәуелдік жалғаулы сөздері бар мәтін құрады.<br>Тест<br>.<br>Мәтінмен танысады.<br>Ойларын жеткізіп, маңыздылығын жеткізеді | | |
| Талдау | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | б) Аспаны<br>в) Бақыты<br>г) Келешегіміз<br>Ойтаразы<br>«Ауылдың жағдайын көтеру үшін табыс көзі неде деп ойлайсың? » | | | |
| Сабақтың соңы<br>Жинақтау<br><br><br><

## 41. «Қазақстан тарихы» оқу пәні, 6-сынып

I. Өткен оқу жылында өтілген оқу бағдарламасының мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттары

6-сыныпта «Қазақстан тарихы» пәнінен диагностикалық жұмыс жүргізу үшін 6-сыныпқа арналған «Қазақстан тарихы» пәнінен оқу бағдарламасының оқыту мақсаттары зерделенеді. Ол үшін негізгі орта білім беру деңгейінің 5-6-сыныптарына арналған «Қазақстан тарихы» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын қарастырамыз [21].

6-сыныптың мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттары

1.1 Этникалық қатынастар бөлімі бойынша:

5.1.1.1 Алғашқы адамдардың антропологиялық белгілерін сипаттау;

5.1.1.2 Ежелгі Қазақстан адамдарының антропологиялық тұрпатын анықтау;

5.1.1.3 Ғұндардың қоныс аудару бағыттарын тарихи картадан көрсету.

1.2 Әлеуметтік қатынастар бөлімі бойынша:

5.1.2.1 Алғашқы адамдардың тұрмыс-тіршілігін шығармашылық түрде көрсету;

5.1.2.2 Әлеуметтік топтардың ерекшеліктерін түсіндіру;

2.1 Дүниетаным мен дін бөлімі бойынша:

5.2.1.1 Алғашқы адамдардың наным-сенімдерін сипаттау;

5.2.1.2 Ежелгі тайпалардың дүниетанымын сипаттау;

2.2 Өнер мен әдебиет бөлімі бойынша:

5.2.2.1 Археологиялық ескерткіштерді сипаттау;

5.2.2.2 Археологиялық деректерге сүйене отырып, Андронов мәдениетінің белгілерін анықтау;

5.2.2.3 Ежелгі тайпалардың қолданбалы өнер ерекшеліктерін сипаттау;

5.2.2.4 Есік обасынан табылған «Алтын адам» археологиялық олжасының ерекшеліктерін анықтау;

5.2.2.5 Ә. Марғұланды ғалым-археолог ретінде айқындау;

5.2.2.6 Көшпелілердің әлемдік өркениетке қосқан үлесін түсіну;

5.2.2.7 Тарихи мұраны жеткізудегі жәдігердің рөлін сипаттау;

5.2.2.8 Өлкедегі тарихи ескерткіштердің құндылығын түсіну;

5.2.2.9 Өлкенің аңыз-ертегілерінің мән-мағынасын түсіндіру.

2.3 Білім және ғылым бөлімі бойынша:

5.2.3.1 Қазақстандық ғалымдардың археологиялық жаңалықтарын білу.

3.1. Мемлекеттің ішкі саясаты бөлімі бойынша:

5.3.1.1 картадан тайпалық одақтардың орналасуын көрсету;

5.3.1.2 ежелгі мемлекеттік бірлестіктердің құрылуын түсіндіру;

5.3.1.3тарихи тұлғалардың туған өлке тарихындағы ролін түсіндіру;

3.2 Мемлекеттің сыртқы саясаты бөлімі бойынша:

5.3.2.1 Қазақстан аумағындағы ерте көшпелілердің халықаралық сахнадағы орнын анықтау;

5.3.2.2 Қазақстан аумағындағы алғашқы мемлекеттік бірлестіктердің көрші елдермен қарым-қатынасын анықтау;

4.1 Шаруашылық бөлімі бойынша:

5.4.1.1 ежелгі адамдардың алғашқы кәсібін сипаттау;

5.4.1.2 көшпелі мал шаруашылығы мен егіншіліктің қалыптасуын түсіндіру;

4.2 Өндірістік қатынастар және сауда бөлімі бойынша:

5.4.2.1 еңбек құралдары мен қару түрлерін сипаттау;

5.4.2.2 металл өндірісі жетілуінің шаруашылық салаларына тигізген ықпалын түсіндіру;

5.4.2.3 Ұлы Жібек жолының пайда болуын түсіндіру

II. Іріктеп алынған оқыту мақсаттары бойынша диагностикалық жұмыстың үлгісі

Диагностикалық жұмыс «Қазақстан тарихы» оқу пәнінен білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды анықтау үшін, өткен оқу жылындағы 5-сыныпта өтілген оқу бағдарламасының мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттары бойынша жүргізіледі. Диагностикалық жұмысты орындау уақыты: оқушыларға нұсқау беруге – 5 минут, диагностикалық жұмысты орындауға - 45 минут.

1-нұсқа

1. Жамбыл обылысындағы 5 мыңға жуық тас құралдар табылған тұрақтар:
   A) Арыстанды, Шақпақата
   B) Тесіктас, Семізбұғы
   C) Атасу, Пеньки
   D) Қарасу, Сексеуіл
   E) Бөріқазған, Шабақты
2. Қоғамда алғашқы ірі еңбек бөлінісін туғызған жағдай
   A) терімшіліктің дамуы
   B) аңшылықтың дамуы
   C) тобырдың қалыптасуы
   D) темірді пайдалану
   E) шаруашылықтың егіншілік пен мал шаруашылығы болып бөлінуі
3. Тас өңдеу биік деңгейге көтерілген кезең
   A) Орта полеолит
   B) Кейінгі полеолит
   C) Мезолит
   D) Ерте полеолит
   E) Неолит
4. "Қыш құмыралар заманы" деп аталатын дәуір:
   A) кейінгі палеолит
   B) мезолит
   C) энеолит
   D) неолит
   E) қола дәуірі
5. Жылқыны қолға үйретуге байланысты ойлап табылған жаңалық:
   A) дөңгелекті ойлап табу
   B) ет, сүтін пайдалану

C) көлік ретінде пайдалану
D) терісін пайдалану
E) үзеңгі мен ауыздықты ойлап табу

6. Кестеде берілген сипаттаулардың қай нәсілге тиесілі екенін анықтаңыз.
Моңғолоидтық нәсіл, еуропеоидтық нәсіл, негроидтық нәсіл

| _____ | _____ | _____ |
|---|---|---|
| Терісі ақшыл, шаштары жұмсақ, толқынды, денелері түкті, беті сопақша, қыр мұрынды, еріндері жұқа. | Терісі сары, қоңырқай, шаштары қайратты, денесінің түгі аз, көздері қысыңқы, беті жалпақ, қастары мен еріндері қалың. | Терісі қара, шаштары бұйра, денелері түкті, жақ сүйегі шығыңқы, мұрындары жалпақ, еріндері қалың. |

7. Үйсіндердің шығуы туралы аңызды оқып, сұрақтарға жауап беріңіз. «Үйсіндердің басшысын Гуньмо деп атайды. Оның әкесі сюннудың батыс шекараларындағы шағын патшалықты билеген. Сюнну оның әкесіне шабуыл жасаған кезде Гуньмо туған, оны далаға тастап кеткен. Тұмсығымен ет тістеген қарғалар оның үстінде айналып ұшып жүрді, ал қасқырлар оны емізген. Шаньюй бұған таңғалып, мұны таңғажайып нәрсе деп санап, оны тәрбиелеп өсірді». Сюнну деген кімдер? Қай мемлекеттің билеушісі «шаньюй» аталады? Аңыз шындыққа негізделген бе? Аңыздан қандай қорытынды шығарасыз?

_____
_____
_____

8. Ақпараттардың ақиқат немесе жалған екенін анықтаңыз:

| № | Ақпарат | + | - |
|---|---|---|---|
| 1. | Б.з.б. 55 жылы ғұн мемлекеті өзара ішкі тартыстар мен сыртқы қысымдардың әсерінен күйреуге ұшырап, оңтүстік , орталық және солтүстік ғұндар мемлекеті болып үшке бөлінеді | | |
| 2. | Солтүстік ғұндардың ордасы Монғолияның солтүстік батысындағы Қырғыз-Нұр көлінің маңына орналасқан. | | |
| 3. | Қаңлылармен одақтаса отырып, ғұндарды біріктіру мақсатын көздеген Чжи-Чжи өз қарауындағы ғұн тайпаларымен бірге Оңтүстік-Шығыс Қазақстан жеріне қоныс аударады | | |
| 4. | Б.з.б. 55 жылы Қазақстан жеріне бірінші қоныс аударуда ғұндарды Мөде басқарды. | | |

9. Төмендегі портреттегі тұлға туралы ойыңызды жинақтап жазыңыз.



Диагностикалық тапсырмаларды бағалау жүйесі

1-6 тапсырмалардың әрқайсысы бойынша жұмысты тексеру кезінде жауап дұрыс болса-1 ұпай, қате болса-0 балл қойылады. Тапсырмалардың әрқайсысы үшін.
7- тапсырма бойынша мәтінді оқып, сұрақтарға жауапты толық жазуға арналған, әр толық жауап жауап – 1 ұпай.
8- тапсырма әр дұрыс жауап 1 ұпаймен бағаланады, жауап жоқ блолса- 0 ұпай.
9 -тапсырма үш критерий бойынша бағаланады (тарихи тұлғаның өмір сүру уақытын көрсету, қызметтің негізгі бағыттарының көрсеткіші мен сипаттамасы, қызметтің негізгі нәтижелерін көрсету).

2-нұсқа

1. Ғалымдардың есептеуінше мұздық ери бастады:
A) 12 мың жыл бұрын B) 1 мың жыл бұрын C) 10 мың жыл бұрын
D) 100 мың жыл бұрын E) 13 мың жыл бұрын
2. Кейінгі тас ғасырының хронологиялық ауқымы:
A) б.з.б.2,6 млн ж.- 12 мың ж. B) б.з.б. 40-35 мың ж. C) б.з.б.40-12 мың ж.
D) б.з.б.12-5 мың ж. E) б.з.б.5-3 мың ж.
3. Батпақ тұрағынан барлығы ...-ге таяу тас құралдар шықты:
A) 100 B) 200 C) 300 D) 400 E) 500
4. Неолит кезеңі қамтитын уақыт:
A) б.з.б. 2,6 млн.- 12 мыңж. B) б.з.б. 40-35мыңж. C) б.з.б. 40-12 мыңж.
D) б.з.б. 12-5 мыңж. E) б.з.б. 5-3 мыңж.
5.Адамдар мысқа қалайыны қосуды үйренді:
A) ) б.з.б.5000-2800 мыңж. B) ) б.з.б.4000-2800 мыңж. C) ) б.з.б.3000-2800 мыңж.
D) б.з.б.3000-1800 мыңж. E) б.з.б.2000-1800 мыңж.
6. Ботай қонысынан сүйек қалдықтары табылған жылқы саны:
A) 50 B) 60 C) 70 D) 80 E) 90.
7. Неолит дәуірін кейде осылай атайды:
A) «қыш құмыралар заманы» B) «егіншілік заманы» C) «қола заманы»
D) «мыс-тас заманы» E) «микролиттер заманы».

8. Хронологиялық ретпен орналастыр:
1. Беғазы-Дәндібай мәдениеті.
2. Андрон мәдениеті.
3. Қазақстанда қола балқыту.
A) 1,2,3 B) 2,3,1 C) 3,1,2 D) 1,3,2 E) 3,2,1.
9. Сәйкестендіру: Қола дәуірін зерттеу.

| | |
|---|---|
| 1. В.П.Алексеев | A. Андрондықтарды еуропеоидтерге ұқсатқан. |
| | B. 1946 ж. қола дәуірін жоспарлы зерттеу экспедициясын құрды. |
| | C. Андрондықтардың бет-бейнесін сипаттады. |
| 2. Ә.Х.Марғұлан | D. Энциклопедист-ғалым. |
| | E. Академик. |
| | F. Қазақстан жеріндегі қола дәуірі ескерткіштерінің сырын ашты. |

A) 1-A,C,E; 2-B,F,D. B) 1-A,B,C; 2-F,E,D. C) 1-A,D,E; 2-C,B,F.
D) 1-A,D,F; 2 -B,C,E. E) 1- B,D,E; 2-A,F,C.
10. Хронологиялық ретпен орналастыр:
1. I Дарий жорығы.
2. А.Македонскийдің сақ жеріне жорығы.
3. Марафон шайқасында парсы әскерінің құрамында гректерге қарсы сақ жауынгерлері соғысты.
A) 3,2,1 B) 1,3,2C) 1,2,3 D) 2,3,1 E) 2,1,3.

Диагностикалық тапсырмаларды бағалау жүйесі

1-8, 10 тапсырмалардың әрқайсысы бойынша жұмысты тексеру кезінде жауап дұрыс болса-1 ұпай, қате болса-0 балл қойылады. Тапсырмалардың әрқайсысы үшін.
9- тапсырма Қола дәуірін зерттеу бойынша дұрыс сәйкестік – 1 ұпай, тапсырма бойынша жиыны дұрыс жауап 3 ұпай. .
11- тапсырма кескін картаға дұрыс орналастырылған әр дұрыс жауап 1 ұпаймен бағаланады, жауап жоқ блолса- 0 ұпай.

III. Сабақ барысында толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары

5-сыныпқа арналған «Қазақстан тарихы» пәнінен оқу бағдарламасын зерделеу нәтижесінде 6-сыныптағы Қазақстан тарихы курсының оқыту мақсаттарымен кіріктіруге болатын оқыту мақсаттары анықталды [21]. Кіріктіруге болатын оқыту мақсаттары ұсыныс түрінде берілген (41.1-кесте).

41.1-кесте –5- 6-сыныптардың кіріктірілетін оқыту мақсаттары

| 6-сыныптың оқыту мақсаттары | 5-сыныптың оқыту мақсаттары |
|---|---|
| 6.1.1.1. Түркі тілдес тайпаларды атап, олардың аумақтық орналасуын картада көрсету | 5.3.1.1 картадан тайпалық одақтардың орналасуын көрсету<br>5.3.2.1 Қазақстан аумағындағы ерте көшпелілердің халықаралық сахнадағы орнын анықтау |

| | |
|---|---|
| 6.2.1.3 Тарихи оқиғалар мен процестердің сабақтастығын сипаттауда «Ұлы Дала Елі» ұғымын қолдану<br>6.3.1.3 X-XIII ғ басындағы мемлекеттердің даму ерекшеліктерін түсіндіріп, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау; | 5.3.1.2 ежелгі мемлекеттік бірлестіктердің құрылуын түсіндіру |
| 6.1.2.2 Өлкедегі әр түрлі ұлттардың тарихын, салт-дәстүрін сипаттау | 5.1.2.2әлеуметтік топтардың ерекшеліктерін түсіндіру |
| 6.2.1.1 Түркілердің дүниетанымдық ерекшеліктерін түсіндіру | 5.2.1.1 алғашқы адамдардың наным-сенімдерін сипаттау<br>5.2.1.2 ежелгі тайпалардың дүниетанымын сипаттау |
| 6.2.2.5. Көшпелілердің қолданбалы өнер жетістіктерін сипаттау<br>6.2.3.1 Көне түркі жазуының тарихи маңызын түсіндіру | 5.2.2.3 ежелгі тайпалардың қолданбалы өнер ерекшеліктерін сипаттау |
| 6.2.2.2 Ортағасырлық сәулет өнері ескерткіштерінің ерекшеліктерін түсіндіру | 5.2.2.1 археологиялық ескерткіштерді сипаттау<br>5.2.2.6 көшпелілердің әлемдік өркениетке қосқан үлесін түсіну<br>5.2.2.8 өлкедегі тарихи ескерткіштердің құндылығын түсіну |
| 6.3.1.11. Қоғамдық-саяси өмірдегі сұлтан, би, батыр, жыраулардың қызметтерін сипаттау | 5.3.1.3 тарихи тұлғалардың туған өлке тарихындағы ролін түсіндіру |
| 6.3.2.5. Тарихи оқиғалардың өзара байланысын анықтап, Қазақстан аумағында XIII - XV ғасырларда құрылған мемлекеттердің сыртқы саясатын түсіндіру | 5.3.2.2 Қазақстан аумағындағы алғашқы мемлекеттік бірлестіктердің көрші елдермен қарым-қатынасын анықтау |
| 6.4.1.1 Көшпелілер мен отырықшылар арасындағы өзара экономикалық байланыстарын анықтау | 5.4.1.2 көшпелі мал шаруашылығы мен егіншіліктің қалыптасуын түсіндіру |
| 6.4.2.1 Ұлы Жібек жолының қала мәдениетінің дамуына әсерін анықтау<br>6.4.2.2 Ұлы Жібек жолының халықаралық қатынастардың дамуындағы орнын анықтау | 5.4.2.3 Ұлы Жібек жолының пайда болуын түсіндіру |

Сабақ барысында толықтырылатын 5-сыныпта өткен тақырыптар бойынша оқыту мақсаттары, 6-сыныпта төмендегі тақырыптар бойынша оқыту мақсаттарымен кіріктіру ұсынылады:

Түркі әлемі қалыптасуының басталуы тақырыбы бойынша 6.1.1.1 түркі тілдес тайпаларды атап, картадан олардың аумақтық орналасуын көрсету оқыту мақсатын, 5-сыныптағы Ғұндардың Батысқа қоныс аударуы тақырыбындағы 5.1.1.3 ғұндардың қоныс аудару бағыттарын тарихи картадан көрсету, Ғұн

тайпаларының бірігуі тақырыбы бойынша 5.3.1.1 картадан тайпалық одақтардың орналасуын көрсету оқыту мақсатын және Сарматтардың саяси тарихы тақырыбын өткенде 5.3.2.1 Қазақстан аумағындағы ерте көшпелілердің халықаралық сахнадағы орнын анықтау оқыту мақсатымен кіріктіру ұсынылады.

Қыпшақ хандығы тақырыбы бойынша 6.2.1.3 тарихи оқиғалар мен процестердің сабақтастығын сипаттауда «Ұлы Дала Елі» ұғымын қолдану оқыту мақсатын, 5-сыныптағы Үйсіндер туралы жазба деректер тақырыбы бойынша 5.3.1.2 ежелгі мемлекеттік бірлестіктердің құрылуын түсіндіру оқыту мақсатымен кіріктіру ұсынылады.

| | Қазақ халқының қалыптасуы | 6.1.1.3<br>ежелгі және ортағасыр<br>лар тарихының оқиғалары арасында байланыс орнату арқылы қазақ халқының қалыптасуындағы негізгі кезеңдерді анықтау<br>6.1.1.4 «қазақ» этнонимінің мағынасын түсіндіру | Көктемгі каникул |
| | Біртұтас қазақ мемлекетінің құрылуы | 6.2.1.3<br>тарихи оқиғалар мен процестердің сабақтастығын сипаттауда «Ұлы Дала Елі» ұғымын қолдану | Көктемгі каникул |
| | Қазақ хандығының құрылуы | 6.3.1.9<br>Қазақ хандығы құрылуының тарихи маңызын анықтау<br>6.1.2.1 - Қазақ хандығындағы әлеуметтік топтардың орнын анықтау; | Көктемгі каникул |

Каникул кездерінде ұйымдастырылатын жұмыс түрі оқушылардың өзіндік жұмыстары негізінде ұйымдастырылады. Оқушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыруда мұғалім мынадай қағида ларды есте сақтау керек.

1.Өздігінен орындайтын жұмыстың мазмұны оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай болу тиіс.

2.Өзіндік жұмыс оқушылардың ойлау кабілетін дамытуы тиіс.

3. Өзіндік жұмыстың түрі, мазмұны кіріктіруге болмайтын оқыту мақсаттарына сай болуы тиіс.

4. Әрбір өзіндік жұмыс тексеріліп, бағалануы керек. Өз бетінше жұмыстың нәтижелілігі оның балаға түсінікті болуына және алдын-ала дайындалуына байланысты.

Тақырыбы: Қазақ халқының қалыптасуы мен «Қазақ» атауының мән-мағынасы. Сабақтан тыс жұмыстың мақсаты: Қазақ халқының ежелгі қалыптасу кезеңі, халқымыздың танылуы, «Қазақ» атауы, оның мән-мағынасы, деректерде кездесуі мен зерттеуші ғалымдардың еңбектерімен танысу болмақ.

Орындалу түрі: сұрақ жауап алу

Тапсырма: конспектілеу, пікір қалыптастыру, сұрақтарға жауап беру.

1. Қазақ халқының тарихи аренадағы танылуы.

2. «Қазақ» атауының қалыптасуы.

3. Қазақ даласындағы ежелгі этникалық үрдістер.

4. Ежелгі тұрғындардың антропологиялық және лингвистикалық ерекшеліктері.

5. «Қазақ» атауының деректерде кездесуі.

6. «Қазақ» атауына қатысты халық арасындағы аңыздар. Қарастырылатын мәселелер: Қазақ халқының қалыптасуы мен «Қазақ» атауының зерттелуі төңірегінде ғалымдар мен ізденушілердің көптеген ой- пікірлері жинақталған. Халқымыздың халық есебінде танылуы XY ғасыр екені белгілі. Алайда халқымыздың түп тамыры ерте заманда Қазақ жерін мекендеген рулар, тайпалар, тайпалық одақтардың этникалық даму тарихымен тығыз байланысты. Олардың Қазақ жерін жайлауы мен этникалық құрамдары, этникалық-саяси тарихымызға қосқан үлестері жөнінде көршілес жатқан елдердіәң деректерінде келтірілген. Бүгінде зерттеуші ғалымдар Қытай, Византия, Орыс, Араб-парсы, және т.б елдердің деректерін зерттеу арқылы ежелгі және орта ғасырдағы Қазақ жерінде орын алған этникалық даму үрдісіне қатысты өзіндік ой- пікір қалыптастырған.

Деректерге сүйену арқылы зерттеушілер «Қазақ» сөзінің мән мағынасына да қатысты пікір қалыптастырып келеді. Оқушы сабақтан тыс уақытта аталмыш тақырыпты қарастыру барысында Қазақ даласындағы этникалық даму үрдісіне тоқталып, халқымыздың халық есебінде танылуына дейінгі кезеңдермен оқып танысуы керек.. Нақты даму кезеңдерін көрсетіп, ерекшеліктерін ұғынуы керек. Қазақ даласында этникалық және саяси жағынан күш алған тайпалардың құрамына назар аударып, антропологиялық ерекшеліктеріне мән беруі керек. Сондай-ақ «Қазақ» сөзінің деректерде айтылу ерекшелігі, мәліметті жеткізіп отырған дерек, оның мезгілі, атауға қатысты этно территориялық сілтеме, орын алзған саяси оқиғалар т.б осылардың барлығын ұштастыра отырып, берілген

сұрақтарға жауап беру керек.

Тақырып бойынша сұрақтардың көлемі:

1. Қазақ халқының ежелгі тарихы туралы не айта аласыз ?

2. Қазақ даласын ежелгі кезеңдерде қандай тайпалар күш алып, мемлекеттілігін қалыптастырды ?

3. «Қазақ» атауының деректерде кездесуі туралы не айта аласыз?

4. Халқымыздың дамуы туралы қандай авторлар зерттеу жұмыстарын жүргізді, бұл мәселеге қатысты олардың көзқарастары қандай ?

8. Қазақ халқының қалыптасуы жөнінде қандай аңыздар бар ? Қосымша әдебиеттердің тізімі:

1. Қазақ тарихы.Очерк А.,1994. 123-148 беттер.

2. Қазақстан тарихы. 2 том.А., 1997. 291-312 беттер.

3. Ермұханов Б Қазақтың этникалық тарихы. // Ақиқат, 1998,№ 1, 34-46 беттер; 1998,№ 2, 56-62 беттер.

4. Бұланов Е «Қазақ» туралы қанша айтылды? ( мәселенің тарихнамасы) // Қазақ тарихы, 2005, № 4, 28-32 беттер.

Біртұтас қазақ мемлекетінің құрылуы мен Қазақ хандығының құрылуы тақырыптары бойынша 6.2.1.3 тарихи оқиғалар мен процестердің сабақтастығын сипаттауда «Ұлы Дала Елі» ұғымын қолдану, 6.3.1.9 Қазақ хандығы құрылуының тарихи маңызын анықтау кіріктіруге болмайтын оқыту мақсаттары бойынша сабақтан тыс жұмысының мазмұны .

Қазақ хандығының құрылуы мен саяси тарихына шолу жасау, қазақ хандығының этникалық құрамын анықтау, қазақ «жүздерінің» этникалық құрамын сипаттау тапсырма:

1. Қазақ хандығының алғашқы хандары Керей мен Жәнібектің саяси портреті (қысқаша баяндама жазып, 3 минуттық хабарлама дайындау).

2. «Портреттер сөйлейді» (Шартты көрсетілген фотосуреттердегі (Қазақ хандарының) тарихи тұлғалардың аты-жөнін атап, ішкі, сыртқы саясаттарындағы ерекшеліктер мен айырмашылықтарға тоқталу).

«Түріктер туралы тарихи деректер» тақырыбында 6.2.2.3 көшпелілердің әскери өнеріндегі жетістіктерін сипаттау атты оқу мақсатын меңгерту үшін «Атлах шайқасына қатысты» суретке зерттеу жүргізу тапсырмасын беруге болады. Мұғалімге оқушылардың деректерді тиімді түрде қолдануына және зерттеу арқылы қойылған сұрақтарға жауап табуына бағыт беруі ұсынылады.

Аталған тапсырмаға сәйкес оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып «Фотосуреттермен жұмыс» тәсілін қолдануға болады.

Фотосуреттер – тарих сабағындағы қызықты дереккөздердің бірі болып табылады. Фотосуреттер XIX ғасырдың басынан бері тарихтың әртүрлі аспектілеріне қатысты көптеген шынайы визуалды образдарды бейнелейді, соның ішінде әлеуметтік жағдай, соғыстар, техникалық өнертабыстар, саяси оқиғалар және т.б. Олар ұзақ әрі күрделі жазбаша дереккөздерге қарағанда түсінікті және қызықты болады. Ал, фотосуреттерді қарапайым әрі түсінікті етіп ұсыну қажет. Мұқият талдаусыз ұсынылған ең қызықты деген фотосурет те оқушыға түсініксіз болуы мүмкін. Ең бастысы, оқушыларға визуалды дереккөздерді зерттеуге бағыттайтын сұрақтар мен тапсырмалар беру

ұсынылады. Оқушылар фотосурттерді визуалды дереккөзді-мәтінге және жазбаша деректерге қарағанда оңай қабылдайды. Визуалды дереккөздерді талдау бойынша тапсырма беру үшін, оқушыларды зерттеуге бапғыттайтын сұрақтар мен тапсырмалар мазмұны түсінікті болуы қажет.

Фотосуретпен жұмыс жасаудың алгоритмі:

• фотосуреттерде көргеніңізді сипаттаңыз. Суретте бейнеленген ұсақ бөлектерге да назар аударыңыз;

• суретте қандай нысан басты назарда? Автордың неге көңіл бөлгісі келгенін анықтаңыз;

• фотосуреттегі адамдар қандай іс-әрекетпен айналысуда?

• ойланыңыз, неліктен суретші осы уақытта және осы оқиғаны фотоға түсіргенін анықтаңыз;

• фото мазмұнында мәтіндік ақпарат, плакат, жарнама, қолтаңба көрініс тапқан ба?

• егер фотосуреттің уақыты анық болмаған жағдайда, барлық мүмкіндікті пайдалану арқылы мерзімін анықтауға тырысыңыз;

• әрқашан фотосуреттің т.б деректермен (статистикалық деректер, тарихи оқиғалар, карикатуралар т.б) байланысын анықтаңыз;

• егер тарихи деректер бір-біріне қарама-қайшы келсе, оның себебін анықтаңыз. Қарама-қайшылықтардан тағы да қандай тың деректерді алуға болады? Қайсы дерек неғұрлым шынайы екендігіне көз жеткізіңіз?

1. фото мазмұнында қандай оқиға, ақпарат, мәлімет т.б.жеткіліксіз болып тұр? [Работа с фотографиями. http://urokiistorii.ru/article/2230].

Фотосуретпен жұмыс жасаудың алгоритміне сәйкес суретті талдауға арналған талдамалық жұмыс парағын қолдану оқушының зерттеу жұмысын жүйелі жүргізіуіне септігін тигізеді. Суреттің талдамалық жұмыс парағы кестесінде көрсетілген.

Суреттің талдамалық жұмыс парағы.

<table>
<tr><td colspan="2">1-қадам. Бақылау</td></tr>
<tr><td>А</td><td>Суретті 2 минут ішінде зерттеңіз. Суреттен алған жалпы әсерді сипаттаңыз, содан кейін оның жеке элементтерін зерттеңіз. Суретті жеке бөліктерге бөліп, оның әр элементін зерттеңіз.</td></tr>
<tr><td>В</td><td>Суреттегі адамдар, нысандар және іс-әрекеттерді анықтау үшін төмендегі кестені қолданыңыз.
<table>
<tr><th>Адамдар</th><th>Нысандар</th><th>Іс-әрекеттер</th></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td></tr>
</table></td></tr>
<tr><td colspan="2">2-қадам. Қорытынды</td></tr>
<tr><td></td><td>Өз бақылауларыңыздың негізінде негізгі үш нысанды көрсете отырып, суреттен қорытынды шығарыңыз</td></tr>
<tr><td colspan="2">3-қадам. Сұрақтар</td></tr>
<tr><td>А</td><td>Бұл сурет сізде қандай сұрақтар тудырады?</td></tr>
<tr><td>В</td><td>Оларға жауаптарды қайдан таба аласыздар?</td></tr>
</table>

Нәтижесінде оқушылар суреттегі оқиғаларға сәйкес түркілердің әскери өнердегі жетістіктері бойынша қорытынды жасай алады. (Білім беру мазмұны жаңартылған оқу бағдарламасымен «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» оқу пәндерін (10-11-сыныптарда) оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар, – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2021., 34-35б.)

VII. Жазғы мектеп кезінде ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгісі

VII.1. Үлгі

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Педагогтің аты-жөні | Бегимова Сандугаш Елубаевна<br>Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, «Атамекен» жалпы орта мектебінің тарих мұғалімі<br>Усенбеков Марат Кабылханулы. Облыстық әдістемелік орталықтың тарих және құқықтану пәні әдіскері. | | | |
| Бөлім: | 6.3 А XIII-XV ғасырдың I жартысындағы Қазақстан | | | |
| Сабақтың тақырыбы | Моңғол шапқыншылықтарының салдарлары | | | |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты | 6.3.1.6 картаны қолданып XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттердегі саяси процестерді түсіндіру;<br>6.3.1.5 Отырарды қорғаудағы қала халқының ерлігін сипаттау | | | |
| Сабақтың мақсаты | Моңғол шапқыншылығы салдарын талдап, ассимиляция әсерінен болған өзгерістерді анықтау | | | |
| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | ресурстар |
| Сабақтың басы | Иллюстрациямен жұмыс.<br>Сіздер нені көріп тұрсыздар?<br>Қандай сұрақтар туындады?<br>Қандай сезімдесіздер?<br>Қандай қорытынды шығара аласыздар?<br><br>Жаңа сабақтың тақырыбын, зерттеу сұрағы, мақсаты мен бағалау критерийлерін таныстырыңыз.<br>**1.** Қандай тарихи дереккөздер сақтар туралы мәлімет береді?<br>Сақтарды билеушілерінен кімдерді білесің? | Тақырыпқа қатысты жаңа сөздер мен терминдарды таныстыру мақсатында оқушыларға сәйкестендіру тапсырмасын орындайды. | | Қазақстан тарихы көне заманнан бүгінгі күнге дейін. томдық. II том. Атамұра, 2010<br>Өзгеріспен ұқсастықты анықтауға арналған суретттер |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың ортасы | Зерттеу және талдау Т. Дерекпен жұмыс 2 тапсырма:<br>**1** топ: Орта Азияға моңғолдардың әкелген өзгерісін анықтаңыз.<br>**2** топ: Орта Азияға қыпшақтардың әкелген өзгерісін анықтаңыз.<br>**3** топ: Орта Азияға моңғолдардың және қыпшақтардың әсерінен болған 2 өзгерістің маңыздылығын дәлелдеңіз.<br><br>Зерттеу нәтижелерін белгілеу<br><br>Көшпенділердің мемлекеттік жүйесінде таңба, мөр ұстау, ел билеушісін «хан, қаған» деп атау, елін жүзге бөліп басқару, шекара әскерінің таңдаулы тобын жасақтау, хан ордасының әкімшілік ісін жүргізудің біршама дамыған үлгісі моңғолдың ұлыстық билігі тұсында одан әрі жетілдірілді.<br><br>Әскери мыңдық, жүздік, ондық жүйесін құрып, әскери жорықтық, салтанат рәсімдері барынша жетілдірілді.<br><br>Жошы ұлысы аумағында қыпшақ тілі мемлекеттік тіл деп есептелді.<br><br>Құрылтай жүйесінің ауқымы мен рөлі ұлғая түсті. «Қыпшақтану» («түркілену») үдерісі орын алды.<br><br>1265 жылы Берке хан, одан 45 жылдан кейін Өзбек хан Ислам дінін өз елінің мемлекеттік діні деп қабылдағаннан кейін Ислам діні дәрежеге ие болып, көшпенділер арасына да кеңінен тарала бастады.<br><br>Әскери мыңдық, жүздік, ондық жүйесін құрып, әскери жорықтық, салтанат рәсімдері барынша жетілдірілді.<br><br>Мұнда қыпшақтардың да моңғолдардың да әсері берілген. Оқушылар келесі кестенің сәйкес бөлігіне осы өзгерістерді анықтау қажет. | **1** топ: Орта Азияға моңғолдардың өзгеріс әкелгенін дәлелдейтін 4 дәйек және дәлел келтіреді<br>**2** топ:Орта Азияға қыпшақтардың өзгеріс әкелгенін дәлелдейтін 4 дәйек және дәлел келтіреді<br>**3** топ: Орта Азияға моңғолдардың және қыпшақтардың әсерінен болған 2 өзгерістің маңыздылығын анықтап, талдайды.<br><br>3 тапсырма: Берілген оқиғалардың сәйкес салалары бойынша жіктеп, маңыздылығы бойынша орналастырыңыз Келесі тапсырманың ерекшелігі | <br><br>Бағалау - оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз? | Оқушыларға қажетті ақпараттардың жинауын әртүрлі деректер ұсынылады. Моңғолдардың басқару жүйесі туралы мәтін<br><br>Моңғолдардың жаулап алу бағыттары көрсетілген карта. |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | <table><tr><td></td><td colspan="2">Моңғолдардың келуімен</td><td colspan="2">Қыпшақтардың келуімен</td></tr><tr><td></td><td>өзгерді</td><td>өзгермеді</td><td>өзгерді</td><td>өзгермеді</td></tr><tr><td>Саяси</td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr><tr><td>Әлеуметтік</td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr><tr><td>Мәдени</td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr><tr><td>Этникалық</td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr><tr><td>Қорытын ы</td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr></table><br>Дескриптор:<br>Қыпшақтардың қай салада өзгерістері басым болғанын көрсетеді **о** Моңғолдардың қай салада өзгерістері басым болғанын көрсетеді **о** Өзгерістерді маңыздылығы деңгейі бойынша орналастырады Қорытындылайды. | алдыңғы тапсырманың жалғасы немесе зерттеу нәтижелерін нақтылау үшін беріледі. Енді 3 топ оқушыларына бірдей тапсырма ұсынамыз. Оқушылар өздері анықтаған немесе мән бермей кеткен өзгерістерді алдын ала үлестірме парақшаларына дайындап қоямыз. Мұнда қыпшақтардың да моңғолдардың да әсері берілген. Оқушылар келесі кестенің сәйкес бөлігіне осы өзгерістерді анықтау қажет. |  | |
| Бағалау | Кері байланыс. Мұғалімнің бағалауы | | | | |
| Сабақтың соңы | Рефлексия:<br>Бүгінгі сабақтан алған әсері «Бес бармақ» тәсілі бойынша жүргізіледі. Бұл тәсіл арқылы барлығын түсіндім, енді түсініп келемін, түсінбедім деген сұрақтардың пәрменінде белгілейді. | | | | |

VII.2. Үлгі

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Бөлім: | 6.4А Қазақ хандығының XVI - XVII ғасырлардағы дамуы | | | |
| Педагогтің аты-жөні | Бегимова Сандугаш Елубаевна<br>Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, «Атамекен» жалпы орта мектебінің тарих мұғалімі<br>Усенбеков Марат Кабылханулы. Облыстық әдістемелік орталықтың тарих және құқықтану пәні әдіскері. | | | |
| Күні | | | | |
| Сынып | 6 | | | |
| Сабақтың тақырыбы | Қазақ хандығының әлеуметтік құрылымы | | | |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты | 6.1.2.1 - Қазақ хандығындағы әлеуметтік топтардың орнын анықтау; | | | |
| Сабақтың мақсаты | Қазақ хандығындағы әлеуметтік топтардың орнын анықтау | | | |
| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | ресурстар |
| Сабақтың басы | Ұйымдастыру бөлімі<br>Сабақ тақырыбын, оқу мақсаттарын еске түсіру, бағалау критерийлерін таныстыру.<br>Сіздің зерттеуіңіз:<br>Қоғамдық-саяси өміріндегі батыр, би, сұлтан, жырау лардың қоғамдағы қызметтерін анықтау;<br>Қазақстан аумағындағы мемлекеттердің билік жүйесінің ерекшеліктерін анықтау.<br>Қазақстандағы қола дәуірі ескерткіштерінің қандай ерекшеліктері бар?<br>Тасқа салынған суреттер ежелгі адамдардың дүниетанымын қалай бейнелейді? | | | Интернет арқылы бейне таспаны тыңдау, презентация |
| Сабақтың ортасы | 1 – тапсырма<br>Қазақтардың XVIII ғасырдағы қоғамдық қатынастары<br>Сіздің пікіріңізше, Қазақ хандығында қай әлеуметтік топ саяси тұрғыдан еркін болды?<br><br>2 - тапсырма<br>□ Қазақ хандығында қандай әлеуметтік топтардың билігі шектеулі болды?<br>□ Саяси билікке иелену үшін | Оқушы тапсырмаларды орындайды | қазақ хандығындағы әлеуметтік топтарды салыстырады мемлекеттің саяси өмірінде | https://www.youtube.com/watch?v=Wq0NdULWyGI<br>қазақ елі<br>«хан, бай» және т.б. атаулары жазылған карточкалар, ноутбук<br>Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қандай талаптар қойылды?<br>□ Кез-келген адам саяси билікке қол жеткізе алды ма?<br>□ Билігі шексіз әлеуметтік топтар болды ма?<br>□ Саяси күрестер негізінен қай әлеуметтік топтар арасында жүрді?<br><br>З – тапсырма<br>Т Топтар өз орталарынан бір оқушыны қазақ қоғамындағы орны мен ролін ашуға дайындайды (хан, сұлтан, малшы, батыр, би, қожа, молда, егінші)<br>Б Осыдан кейін әр топтан бір өкіл ортаға шығып, кезекпен қазақ қоғамында атқарған орны мен ролін ашып, образын сомдап шығады. | | гі батыр, би, сұлтан, жыраулардың орнын сипаттайды | орд и степей. – Алматы: «Санат», 1996. |
| Сабақтың соңы | 5 мин эссе | Би - Сұлтан - Хан - Қожа – Жатақ - Малшы - Батыр<br>Оқушылар сабақ барысында сәтті өткен және жақсартуға болатын іс-әрекетті айтады.<br>□ Бүгін мен білдім...<br>□ Қызықты болды…<br>□ Қиын болды…<br>□ Мен орындадым…<br>□ Енді мен істей аламын…<br>□ Осы сабақтан алғаным…<br>□ Мен үйрендім…<br>□ Мен жасап көремін…<br>□ Мені таңқалдырды…<br>□ Сабақ мен үшін тәжірибе берді …<br>□ Менің ойға түйгенім...<br>□ Есте сақтаймын ...<br>□ Мен үшін әлі де ... | Жоғарыда тізбектелген барлық әрекеттер қалыптастырушы бағалау мүмкіндіктерін береді, өйткені мұғалім әрбір оқушы және топты қолдауға мүмкіндігі бар. Тең бағалау мүмкіндіктері бар, алдына берілген немесе сыныппен ортақ талқылау негізінде құрастырылған критерийлер негізінде оқушыларға бір-бірін бағалау мүмкіндіктері бар | | Материалы по казахскому обычному праву: Сб. /Научно-популярное издание. – Алматы: Жалын, 1998<br>Артықбаев Ж.О. Қоғам және этнос (XVIII ғасырдағы қазақ қоғамының этноәлеуметтік құрылымы). – Павлодар, 2004. |

VII.3. Үлгі

| | | |
|---|---|---|
| Бөлім: | 6.1AVI – IX ғғ. Қазақстан | |
| Педагогтың аты-жөні | Бегимова Сандугаш Елубаевна<br>Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, «Атамекен» жалпы орта мектебінің тарих мұғалімі<br>Усенбеков Марат Кабылханулы. Облыстық әдістемелік орталықтың тарих және құқықтану пәні әдіскері.<br>ғалімнің аты-жөні: | |
| Сынып: 6 | Қатысқандар саны: | Қатыспағандар саны: |

| | |
|---|---|
| Сабақ тақырыбы | Қазақстан территориясындағы ерте ортағасырлық мемлекеттер |
| Зерттеу сұрағы | VI-IX ғасырларда билік құрған қай қағандардың есімдері тарихта сақталды? |
| Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме) | 6.3.1.1 оқиғалардың өзара байланысын табу арқылы Түрік қағанаты құрылуының тарихи маңызын анықтау;<br>6.3.1.2 VI-IX ғасырлардағы мемлекеттердің даму ерекшеліктерін түсіндіріп, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау;<br>6.3.2.2 ерте түрік қағанаттарының сыртқы саясатының негізгі бағыттарын анықтау;<br>6.2.1.3 тарихи оқиғалар мен процестердің сабақтастығын сипаттау үшін «Ұлы Дала» ұғымын қолдану |
| Сабақ мақсаты | Оқушылар VI-IX ғасырлардағы мемлекеттердің сыртқы саясатын талдап, елдің дамуындағы қағандардың рөліне баға береді. |
| Бағалау критерийлер | Түрік қағанаттарының сыртқы саясатын талдайды |
| Тілдік мақсаттар | Тілдік мақсат<br>Түрік қағанатының құрылуы туралы мәтінмен жұмыс (оқылым)<br>Тақырып бойынша сыныпта өзара пікір алмасады(айтылым)<br>Пәнге қатысты лексика мен терминология<br>Қағанат, ішкі-сыртқы саясат, қаған, жабғу.<br>Диалогқа/жазылымға қажетті тіркестер<br>Түркі қағанаттарынының сыртқы саясатының негізгі бағыттары...<br>...деректің негізінде келесі қорытындыларды шығаруға болады...<br>Келесі себептер/факторлар әлеуметтік/экономикалық/саяси/мәдени болып табылады.<br>оған қарағанда маңыздырақ болды, өйткені…<br>Бұл оқиға /өзгеріс маңызды болды / айтарлықтай, өйткені… |
| Құндылықтарды дарыту | «Мәңгілік Ел» идеясының «Тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы» құндылығын түркілер жайлы әңгімелеу барысында жүзеге асады |
| Пәнаралық байланыстар | Дүние жүзі тарихы пәнінен алған білімдері мен дағдыларын Түрік қағанатының құрылу маңызын талдау кезінде және мемлекеттерді салыстыруда қолданады. |
| Бастапқы білім | Орта ғасырлардағы Қазақстан тарихының кезеңдері мен ерекшеліктерін біледі. |
| Сабақ барысы | |

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы<br>0-5 мин | Б Ой қозғау<br>- Ерте орта ғасырлардағы ел билеушілердің сыртқы саясатының негізгі мақсаты қандай болды? Олар өз мақсаттарына жету үшін қандай саясат жүргізді?<br>Сабақтың оқу мақсаты мен бағалау критерийлерін таныстыру. | Оқушылар алдыңғы сабақта алған білімдерін еске түсіре отырып, өз пікірлерін ортаға салады. | | Презентация |
| Сабақтың ортасы<br>5-20 мин<br><br>20-25 мин<br><br>25-35 мин | Зерттеу және талдау<br>«Ой қозғау» сұрақтары:<br>1. Сақтар туралы қай елдің деректерінде көп айтылады?<br>2. Сақтар қандай елдермен саяси, мәдени қарым-қатынас орнатты?<br>Т/Ж 1-тапсырма. Венн диаграммасы<br>Әр топқа/ жұпқа екі қағанды таңдап алып, олардың жүргізген сыртқы саясатын салыстыру тапсырмасын беріңіз.<br>(Бумын қаған, Шегу қаған, Сұлу қаған, Білге қаған)<br><br>Топтар бірін-бірі бағалаған соң талқылау сұрағын қойыңыз:<br>- Қағандардың сыртқы саясатын салыстыра отырып, олардың қандай ортақ сипаттарын байқадыңыз? Бұл ортақ белгілер ерте орта ғасырлардағы мемлекеттердің ерекшеліктері туралы түсінік бере ала ма? Ерте орта ғасырлардағы мемлекеттердің сыртқы саясатындағы ұқсастықтардың көп болуын қалай түсіндіруге болады?<br><br>Ж 2-тапсырма.<br>Кубик стратегиясы<br>Кубиктің әр қырына 6 қағанның есімін жазып қойыңыз: Бумын қаған (Түрік қағанаты), Естеми қаған (Түрік қағанаты), Шегу | Топпен жұмыс<br><br>Қосымша ретінде | Топтардың бірін-бірі бағалауы<br>Бағалау критерийі: Түрік қағанаттарының сыртқы саясатын талдайды<br>Дескрипторлар:<br>Әр қағанның сыртқы саясатының екі ерекшелігін анықтайды;<br>Қағандардың сыртқы саясатының үш ұқсастығын атайды;<br>Қағанның | Түркі қағанаты тарихының зерттелуі: http://anyzadam.kz/info/515/<br>С.Жолдасбаев. Орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы. 7-сынып. Хрестоматия.<br><br>http://www.vostlit.info (Восточная литература. Средневековые исторические источники Востока и запада)<br><br>Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. IIт. – Алматы: «Атамұра», 2010 ж.<br><br>Гумилев Л. Н. Көне |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | қаған (Батыс Түрік қағанаты), Сұлу қаған (Түргеш қағанаты), Білге қаған (Шығыс Түрік қағанаты), Білге күл Қадыр хан (Қарлұқ қағанаты).<br>Оқушылар кубикті лақтырып, өздеріне түскен қаған бойынша келесі сұрақтарға жауап береді:<br>- Бұл қағанның есімі неліктен тарихта сақталуы тиіс?<br>- Қағанның өз мемлекеті үшін атқарған ең маңызды қызметін атап, дәлелдеңіз.<br><br>Дескрипторлар: (Топ өздеріне берілген қаған бойынша)<br>Қағанның атқарған ең маңызды қызметін атайды;<br>Қағанның есімі неліктен тарихта сақталуы тиіс екендігін негіздеп, дәлел келтіреді;<br>Қағанның мемлекеттің тәуелсіздігін сақтап қалудағы рөліне баға береді.<br><br>Бағалау. Оқушылардың бір-біріне кері байланысы. | оқушыларға кубиктің оң немесе сол қырындағы қағанмен салыстыру сұрақтарын ұсынуға болады | сыртқы саясатының нәтижесін сипаттайды.<br><br>Оқушылардың бірін-бірі бағалауы<br>Бағалау критерийі: Түрік қағанаттарының сыртқы саясатын талдайды | түркілер. - А., 1994 ж.<br><br>Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері.<br>Саяхатнамалар мен тарихи-географиялық еңбектерден таңдамалар. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005 ж. |
| Сабақтың соңы<br>35-40 мин | Б Рефлексия: Екі жұлдыз, бір тілек.<br>Мұғалімнің кері байланысы. | | Топтар бірін-бірі бағалау критерийлері бойынша берілген дескрипторларға сай бағалайды. | |

| | | |
|---|---|---|
| Саралау –оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз? | Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз? | Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы |
| Деңгейлік тапсырмалар ұйымдастыру. | Топтар бірін-бірі бағалау критерийлері бойынша берілген дескрипторларға сай бағалайды.<br>Мұғалімнің кері байланысы. | Қауіпсіздік техникасының сақталуы |

## 43. «Қазақстан тарихы» оқу пәні, 8-сынып

I. Өткен оқу жылында өтілген оқу бағдарламасының мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттары

8-сыныпта «Қазақстан тарихы» пәнінен диагностикалық жұмыс жүргізу үшін 7-сыныпқа арналған «Қазақстан тарихы» пәнінен оқу бағдарламасының оқыту мақсаттары зерделенеді. Ол үшін негізгі орта білім беру деңгейінің 7-8-сыныптарына арналған «Қазақстан тарихы» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын қарастырамыз [21].

Оқу бағдарламасына сәйкес 7-сыныпта 8 бөлім қарастырылады. Сегіз бөлімге қатысты 7-сыныптың мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттары келесі кестеде көрсетілген (43.1-кесте)

43.1-кесте – 7-сыныптың мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттары

| Бөлім мен тақырыптар, мазмұны | Оқыту мақсаттары |
|---|---|
| Қазақ-жоңғар соғыстары. Жоңғар басқыншылығына қарсы Отан соғысының басталуы | 7.1.1.1 жоңғар шапқыншылығы кезіндегі демографиялық өзгерістерді және миграциялық процестерді түсіндіру;<br>7.2.2.1халық ауыз әдебиеті мен музыка өнері туындыларының тарихи дереккөзі ретінде құндылығын бағалау;<br>7.3.1.2 Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын талдау;<br>7.4.1.1 жоңғар шапқыншылығының қазақ халқының шаруашылығына тигізген зардаптарын анықтау |
| Біртұтас халық жасағының ұйымдастырылуы | 7.3.1.2 Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын талдау;<br>7.3.1.1 Қарақұм және Ордабасы құрылтайларының халықты жоңғар басқыншылығына қарсы жұмылдырудағы рөліне баға беру |
| Қазақ-жоңғар шайқастары | 7.3.2.1 Жоңғар шапқыншылығына қарсы күресте танылған хандар мен батырлардың рөлін түсіндіру |
| XVIII ғасырдағы Қазақ хандығы. XVIII ғасырдың басына дейінгі қазақ-орыс қарым-қатынастарының тарихы | 7.3.1.2 Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын талдау;<br>7.3.2.2 Қазақ хандығының сыртқы саясатының нәтижелерін анықтау |
| Қазақ хандығының Ресей империясына қосылуының басталауы | 7.3.1.2 Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын талдау;<br>7.3.2.2 Қазақ хандығының сыртқы саясатының нәтижелерін анықтау |
| Абылай ханның ішкі және сыртқы саясаты | 7.3.1.2 Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын талдау;<br>7.3.2.3 Абылай ханның ішкі және сыртқы саясатын бағалау |
| XVIII ғасырдағы Қазақстанның мәдениеті. XVIII ғасырдағы халық ауыз әдебиеті | 7.2.2.1 халық ауыз әдебиеті мен музыка өнері туындыларының тарихи дереккөзі ретінде құндылығын бағалау;<br>7.2.1.1 салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың құндылықтары мен маңыздылығын анықтау |

| | |
|---|---|
| XVIII ғасырдағы қазақтардың материалдық мәдениеті | 7.2.2.4 қолданбалы өнердің жетістіктерін бағалау |
| Отарлау және ұлт-азаттық күрес.<br>XVIII ғасырдағы Қазақстандағы казак-әскери отаршылдығы | 7.3.1.3 Ресей империясының отарлық саясатының себеп-салдарын анықтау |
| Сырым Датұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс | 7.3.1.5 халықтың отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресінің себеп-салдарын анықтау;<br>7.3.1.6 ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының рөліне баға беру |
| 1822-1824 жылдардағы патша реформалары | 7.3.1.4 Патша үкіметі реформалары нәтижесіндегі әкімшілік-аумақтық өзгерістерді түсіндіру;<br>7.1.2.1 дәстүрлі қазақ қоғамындағы өзгерістерді өткен тарихи кезеңдермен салыстыру арқылы анықтау |
| 1836-1838 жылдардағы Бөкей Ордасындағы қазақтардың көтерілісі | 7.3.1.5 қазақ халықының отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресінің себеп-салдарын анықтау;<br>7.3.1.6 ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының рөліне баға беру |
| Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс | 7.3.1.5 халықтың отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресінің себеп-салдарын анықтау;<br>7.3.1.6 ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының рөліне баға беру |
| Отарлау және ұлт-азаттық күрес. XIX ғасырдың 40-60 жылдарындағы қазақтардың ортаазиялық хандықтармен қарым-қатынастары | 7.3.1.5 халықтың отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресінің себеп-салдарын анықтау;<br>7.3.1.6 ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының рөліне баға беру |
| Қазақстанның Ресей империясына қосылуының аяқталуы | 7.3.1.2 Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын талдау;<br>7.3.2.2 Қазақ хандығының сыртқы саясатының нәтижелерін анықтау |
| Қазақстан Ресей империясы<br>ның құрамында.<br>XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстандағы әкімшілік-аумақтық реформалар | 7.3.1.3 Ресей империясының отарлық саясатының себеп-салдарын анықтау;<br>7.3.1.4 Патша үкіметі реформалары нәтижесіндегі әкімшілік-аумақтық өзгерістерді түсіндіру;<br>7.1.2.1 дәстүрлі қазақ қоғамындағы өзгерістерді өткен тарихи кезеңдермен салыстыру арқылы анықтау |
| Қазақтардың 1860-1870 жылдардағы азаттық күресі | 7.3.1.5 қазақ халықының отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресінің себеп-салдарын анықтау |
| Қазақстандағы жаппай отаршылдық қоныс аудару саясаты | 7.4.1.2 отарлау саясатының қазақтардың дәстүрлі шаруашылығына тигізген әсерін талдау;<br>7.1.1.2 Ресей империясының қоныстандыру саясатының себептері мен салдарын талдау;<br>7.1.2.1 дәстүрлі қазақ қоғамындағы өзгерістерді өткен тарихи кезеңдермен салыстыру арқылы анықтау |

| | |
|---|---|
| Қазақстан Ресей империясы<br>ның құрамында.<br>Қазақстанда капиталистік қатынастардың дамуы | 7.4.2.1 капиталистік қатынастар дамуының Қазақстанның экономикасына ықпалын анықтау |
| Жәрмеңке саудасының дамуы | 7.4.2.2 сауда қатынастарына жәрмеңкелердің әкелген өзгерістерін анықтау |
| XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ қоғамы | 7.2.1.2 ұлттық құндылықтарға отаршылдық саясаттың кері әсерін талдау;<br>7.1.2.2 қазақ зиялыларының қалыптасуының маңыздылығын түсіндіру |
| XIX ғасыр -XX ғасырдың басындағы<br>Қазақстанның мәдениеті.<br>XIX ғасырдағы<br>мәдениеттің дамуы | 7.2.1.1 салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың құндылықтары мен маңыздылығын анықтау;<br>7.2.2.1 халық ауыз әдебиеті мен музыка өнері туындыларының тарихи дереккөзі ретінде құндылығын бағалау;<br>7.2.2.3 ұлттық музыкалық аспаптардың қолдану ерекшеліктерін сипаттау |
| XIX ғасырдағы білім беру мен ағарту ісі | 7.2.3.2 XIX ғасырдағы білім беру мен ағарту ісінің даму ерекшеліктерін түсіндіру |
| Шоқан Уәлиханов – алғашқы қазақ ғалымы | 7.2.3.1 Шоқан Уәлихановтың ғылыми зерттеулерінің тарихи құндылығын анықтау |
| Ы. Алтынсарин – жаңашыл –педагог | 7.2.3.3 Ыбырай Алтынсариннің ағарту саласына қосқан үлесін бағалау |
| Абай Құнанбаев – ұлы ойшыл | 7.2.2.2 Абай Құнанбаевтың ақын, ойшыл, қоғам қайраткері ретіндегі қызметіне баға беру |
| XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басындағы Қазақтардың ауызша тарихи дәстүрлерінің дамуы | 7.2.3.4 Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Қ.Халид еңбектерін тарихи дерек ретіндегі маңызын айқындау |
| Өлкетану | 7.2.2.6 түрлі дереккөздер негізінде өз мектебінің тарихын анықтау<br>7.4.1.4 өлке дамуының маңызды кезеңдерін анықтау;<br>7.2.2.5 өлкенің тарихи оқиғалар хроникасын құру<br>7.2.3.5 туристік маршруттарды құру жолдарын ұсыну<br>7.4.1.3 өлкені дамытуға қолдау көрсеткен тұлғалардың қызметіне баға беру |

II. Іріктеп алынған оқыту мақсаттары бойынша диагностикалық жұмыстың үлгісі

Диагностикалық жұмыс «Қазақстан тарихы» оқу пәнінен білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды анықтау үшін, өткен оқу жылындағы 6-сыныпта өтілген оқу бағдарламасының мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттары бойынша жүргізіледі. Төменде ұсынылып отырған 4 бөлім бойынша оқыту мақсаттары бойынша тапсырмалардың үлгілері ұсынылады:

1-нұсқа

1. «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» жылдары

А) 1697-1699жж. В)1710-1717жж С) 1687ж-1697жж D) 1720-1721жж Е) 1723-1726жж

2.1859 жылы Батыс Сібір генерал губернаторы Г.Х. Гасфордтың бастамасы бойынша Орта жүз қазақтарынан алынған ..... жуық құл бостандыққа жіберілді.

А) 300 В) 400 С) 500 Д) 600 Е) 700

3.Өз жанынан өлең шығаратын сөз шебері:

А) адат В) шариғат С) шежіре D) ақын Е) күйші

5. Қазақ хандығының соңғы ханы

А) Абылай В) Шерғазы С) Тәуке Д) Болат Е) Кенесары

6. «ПОПС формуласы» арқылы қазақтардың қару-жарағы мен жауынгерлік қабілетіне тұжырым жасаңыз.

«Менің ойымша ...»

«Себебі, мен оны былай түсіндіремін...»

«Оны мен мына мысалдармен, фактілермен дәлелдей аламын...»

Диагностикалық тапсырмаларды бағалау жүйесі

1, 2, 3, 5 тапсырмалардың әрқайсысы бойынша жұмысты тексеру кезінде жауап дұрыс болса-1 ұпай, қате болса-0 балл қойылады. Тапсырмалардың әрқайсысы үшін.

6-тапсырма білім алушының өз ойын айтқаны үшін, толық дұрыс жауап 2 ұпай; тапсырма бойынша дұрыс түсіндіргені үшін толық дұрыс жауап 2 ұпай; фактілермен дәлелдегені үшін толық дұрыс жауап 2 ұпай;

2-нұсқа

1. 8 нұсқадан бірнеше дұрыс жауапты таңда. Сырдария қазақтарының Жанқожа Нұрмұхамедұлы мен Есет Көтібаруұлы бастаған көтерілісіне қатысты деректерді таңдаңыздар

А) Шешуші шайқас Арықбалық шатқалында өтті

В) Көтерілісшілер Хан ордасын қоршауға алды

С) 1888жылы басталды

D) Көтерілістің орталығы Жаңақала болды

Е) Өз еркімен Ресей империясының бейбіт келісім жасасу жөнінде шартын қабылдады

F) 1837-1847жылдары болды

G) Жайық пен Еділ бойындағы қазақтар қатысты

Н) хан Шерғазы

А) A,B,C В) B,G,H С) A,D,E D) D,F,H Е) A,D,H.

2. Хронологиялық тізбекті құрастырыңыз

1. Ұлы жүз үшін пристав лауазымды қызметі белгіленді.

2. Ұлы жүз қазақтары патша үкіметіне Ресей қол астына өтуге өтініш білдірді.

3. Маңғыстауда Новоалександровский қамалының негізі қаланды.

4. Циммерман бастаған әскер Тоқмақ және Пішпек бекіністерін басып алды.

А) 2-3-1-4 В) 2-4--3-1 С) 3-1--4-2 Д) 2--4-3-1 Е) 2--1-4-3

3. Осы өзендердің бойында көтерілісшілер мен жазалаушылар арасында шешуші шайқаста Исатай Таймануұлы қаза тапты

А) Жайық пен Еділ В) Еділ мен Ертіс С) Іле мен Талас Д) Ақбұлақ пен Қиыл Е) Ойыл мен Ертіс

4. Сәйкестікті табыңыз.

| | |
|---|---|
| 1. Ұлттық ойындар | A. Базарлық |
| | B. Жылу жинау |
| | C. Қалау |
| 2. Қонақжайлылық және өзара көмек жөніндегі әдет-ғұрыптар | D.Аударыспақ |
| | E. Байғазы беру |
| | F. Ажырасу аяқ |
| 3. Әдептілік пен сыпайылық әдет – ғұрпы | G. Дәм ауыз тию |
| | H.Күміс алу |
| | I.Жілік сындыру |

А) 1- G, D, I; 2- C,E,A; 3 – B,H,FB)1- C,E,F;2- A,G,D;3- B,H,IC) 1- H,D,I;2- C,B,G;3 – A,E,F

Д) 1 – G,H,I;2- B,E,A;3- C,D,FE) 1- D,E,G;2- I,C,B;3- A,H,F.

5.Сөйлемді толықтырыңыздар

1. _____ бір күні жылға азық

2. Жаман үйді _____ билейді

3. Жақсы жігітке _____өнер де аз

Диагностикалық тапсырмаларды бағалау жүйесі

1-3 тапсырмалардың әрқайсысы бойынша жұмысты тексеру кезінде жауап дұрыс болса-1 ұпай, қате болса-0 балл қойылады. Тапсырмалардың әрқайсысы үшін.

4-тапсырма сәйкестендіру бойынша, әр дұрыс сәйкестік 1 ұпай.

5- толықтыру тапсырмасы бойынша, әр дұрыс бір сөйлем 1 ұпай, жиыны 5-тапсырма бойынша 3 ұпай.

Тапсырмаларды берілген ретпен орындауға кеңес береміз. Уақытты үнемдеу үшін бірден орындауға болмайтын тапсырманы өткізіп жіберіп, келесіге өтіңіз. Егер барлық жұмысты аяқтағаннан кейін сізде уақыт болса, онда сіз жіберілген тапсырмаларға оралуға болады. Мүмкіндігінше көп тапсырмаларды орындауға тырысыңыз. Диагностикалық тапсырма 45 минут орындалады.

III. Сабақ барысында толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары

7-сыныпқа арналған «Қазақстан тарихы» пәнінен оқу бағдарламасын зерделеу нәтижесінде 8-сыныптағы Қазақстан тарихы курсының оқыту мақсаттарымен кіріктіруге болатын оқыту мақсаттары анықталды [21]. Кіріктіруге болатын оқыту мақсаттары ұсыныс түрінде берілген (43.1-кесте).

8-сыныпта 7-сыныптың келесі оқу мақсаттары кіріктіру ұсынылады:

Кесте 43.2. 8-сыныпта 7-сыныптың келесі оқу мақсаттары

| 8-сыныптың оқыту мақсаттары | 7-сыныптың оқыту мақсаттары |
|---|---|
| 1) әлеуметтік қатынастардың дамуы: | |
| 8.1.1.1.демографиялық өзгерістердің себептері мен салдарын анықтау | 7.1.1.1.жоңғар шапқыншылығы кезіндегі демографиялық өзгерістерді және миграциялық процестерді түсіндіру |
| 8.1.2.1.қазақ зиялыларының қоғамдағы рөлі мен қызметін талдау | 7.1.2.1.дәстүрлі қазақ қоғамын дағы өзгерістерді өткен тарихи кезеңдер мен салысты ру арқылы анықтау |
| 8.1.2.2. соғыс жылдарындағы халықтың әлеуметтік жағдайын анықтау | 7.1.2.2 қазақ зиялыларының қалыптасуының маңыздылығын түсіндіру |
| 2) мәдениеттің дамуы: | |
| 8.2.1.1 мемлекеттің діни саясатының мақсаты мен салдарын анықтау | 7.2.1.1 салт - дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың құндылықтары мен маңыздылығын анықтау |
| 8.2.2.1қазақ зиялыларының шығармашылық мұрасын талдау және қоғамдық санаға тигізген әсеріне баға беру | 7.2.2.1халық ауыз әдебиеті мен музыка өнері туындыларының тарихи дереккөзі ретінде құндылығын бағалау |
| 8.2.2.2 Ахмет Байтұрсыновты қазақ тіл білімінің негізін салушы, қоғам қайраткері ретінде бағалау | 7.2.2.2 А. Құнанбаевтың ақын, ойшыл, қоғам қайраткері ретіндегі рөлін айқындау |
| 8.2.2.3 өнер мен әдебиеттегі өзгерістерді анықтау | 7.2.2.3 ұлттық музыкалық аспаптардың қолдану ерекшеліктерін сипаттау |
| 8.2.2.4 Ә. Қашаубаев пен Қажымұқан Мұңайтпасұлының қазақ халқын әлемге танытудағы рөліне баға беру | 7.2.2.4 қолданбалы өнердің жетістіктерін бағалау |
| 8.2.2.5 соғыс жылдарындағы өнер мен әдебиеттің халық рухын көтерудегі маңызын бағалау | 7.2.2.5 өлкенің тарихи оқиғалар хроникасын құру |
| 8.2.3.2 кеңес дәуіріндегі қазақ тілінің ахуалын анықтау | 7.2.3.2 XIX ғ. білім беру мен ағарту ісінің даму ерекшеліктерін түсіндіру |
| 8.2.3.3 XX ғ. бірінші жартысын дағы білім мен ғылым саласындағы өзгерістерді талдау | 7.2.3.3 Ы. Алтын сариннің ағарту саласына қосқан үлесін бағалау |
| 3) мемлекеттің дамуы: | |
| 8.3.1.1 қазақ зиялыларый империясының Мемлекет Думасындағы қызметіне баға беру | 7.3.1.1 Қарақұм және Ордабасы құрылтайларының халықты жоңғар басқыншылығына қарсы жұмылдырудағы рөліне баға беру |
| 8.3.1.2 XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы қоғамдық–саяси процестерге баға беру | 7.3.1.2 Қазақ хандығы ның ішкі саяси жағдайын талдау |
| 8.3.1.3 1916 жылғы ұлт- азаттық көтерілістің тарихи маңызын анықтау және тұлғалар дың рөліне баға беру 8.3.1.6 - Қазақстанда құрылған ұлттық | 7.3.1.3 Ресей империя сының отарлық саясатының себеп-салдарын анықтау |

| | |
|---|---|
| автономиялардың маңыздылығына баға беру; | |
| 8.3.1.4 «Алаш» партиясының ұлттық мемлекеттілікті жаңғырту саясатын талдау | 7.3.1.4патша үкіметі реформалары нәтижесіндегі әкімшілік-аумақтық өзгерістерді түсіндіру |
| 4) Қазақстанның экономикалық дамуы: | |
| 8.4.1.2 күштеп ұжымдастыру саясатының ауыл шаруашылығына тигізген зардаптарын талдау | 7.4.1.2 отарлау саясатының қазақтардың дәстүрлі шаруашылығына тигізген әсерін талдау |
| 8.4.2.1 Қазақстандағы индустрияландырудың жетістіктері мен кемшіліктерін талдау | 7.4.2.1 капиталистік қатынастардың экономикаға ықпалын анықтау |

IV. Кіріктірілетін оқыту мақсаттары бойынша ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгісі

Кіріктірілетін оқыту мақсаттары бойынша ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгісі ретінде республика мектептерінің педагогтері әзірлеген сабақтардың қысқа мерзімді жоспарларының үлгілері ұсынылады:

IV.1. Үлгі

| | |
|---|---|
| Бөлім: | 9.2А Қазақстанда кеңестік биліктің орнығуы (12 сағат) |
| Педагогтің аты-жөні | Бегимова Сандугаш Елубаевна<br>Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, «Атамекен» жалпы орта мектебінің тарих мұғалімі<br>Усенбеков Марат Кабылханулы. Облыстық әдістемелік орталықтың тарих және құқықтану пәні әдіскері. |
| Сабақтың тақырыбы | Қырғыз (Қазақ) Автономиялық Кеңестік Республикасының құрылуы |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты | 8.3.1.6 - Қазақстанда құрылған ұлттық автономиялардың маңыздылығына баға беру;<br>КОМ:7.3.1.3 - Ресей империясының отарлық саясатының себеп-салдарын анықтау |
| Сабақтың мақсаты | Қазақстандағы ұлттық автономия құрылу маңыздылығын түсіну. |
| Бағалау критерийлері | Әрбір тапсырманың критерийлеріне сәйкес білу, түсіну, білімін қолдану, жинақтау, бағалау дағдылары бағаланады. (жоспар ішінде)<br>Мәтіннен Қазақ АКСР-нің құрылуының екі маңызын дұрыс көрсетеді;<br>Қазақ атауының қандай қаулы нәтижесінде қалпына келтірілгенін біледі;<br>Қазақ зиялылары Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов,Ә.Ермеков, М.Сералиннің Қазақ АКСР-нің шекарасына қатысты айтқан ек пікірді деректерді талдауда дұрыс тауып, түсіндіреді;<br>Қазақ АКСР-нің құрылуының тарихи маңызы неде?» тақырыбында газетке «мақала» жазады. Кемінде үш маңызын қамтыса және өз бағасын бере алса (100сөз);<br>Қазақ АКСР-нің шекарасына қатысты талас тудырған ек аймақты дұрыс көрсете алса, бір себебін түсіндіреді;<br>1920 жж. Қазақ АКСР-дің аумағын, жаңа шекараларын, астанасын кескін картаға түсіреді. |

| | |
|---|---|
| Тіллік мақсаттар | Пәнге тән лексика мен терминология:<br>идеология, коммунизм, автономия, Кеңес үкіметінің мақсаты<br>Диалог пен жазу үшін пайдалы сөздер мен тіркестер:<br>Келесі себептерге сүйене отыра біз оқиғаға/саясатқа баға береміз<br>Бұл оқиға/өзгеріс маңызды болды /<br>айтарлықтай, өйткені... |
| Құндылықтарды дарыту | - патриотизм<br>- өз елі үшін мақтаныш<br>- ұлттық сана-сезім<br>- тәуелсіздік |
| Пәнаралық байланыстар | География, Дүнежүзі тарихымен пәнаралық байланыс. Деректерді зерттеу жұмысы. Сабақта пәнаралық кіріктірілу мазмұн арқылы: Дүниежүзі тарихы пәнімен Ресейдегі азамат соғысы мен интервенцияның басталу себептерін анықтау арқылы жүзеге асырылады. |
| АКТ қолдану дағдылары | Ақпарат құралдарын пайдаланып өздеріне қажетті мағлұматтарды алуы. |
| Бастапқы білім | Кеңес революциясы жылдарындағы қазақ халқының жалпы жағдайы туралы, Қазақстанда саяси сананың өсіп, саяси белсенділіктің артуы және ұлттық идеясын ұстанған "Алаш" партиясының қызметі туралы біледі. |

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы | (Б) Бастапқы стимул. Тақтаға жазылған негізгі ұғымдарды «Азамат соғысы», «Шетел интервенциясы», «Әскери коммунизм саясаты», «Азық түлік салғырты» сөздеріне оқушылардың ауызша анықтама беруі тапсырылады. Тақырып қандай болуы мүмкін екендігі туралы болжамдары тыңдалады.<br><br>2) Сабақ тақырыбы, мақсаты, бағалау критерийлерімен таныстыру. Әңгімелесу.<br>3) Зерттеу сұрақтары:<br>Қазақстанда құрылған ұлттық автономиялардың маңыздылығы неде?<br>Қазақ зиялыларының қоғамдағы рөлі қандай болды? | Негізгі ұғымдарға ауызша анықтама беру | | слайд Б. Ғ. Аяған, Х. М. Әбжанов, Д. А. Махат. Қазіргі Қазақстан тарихы. - Алматы: Раритет, 2010<br>Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 4-том. - Алматы, 2010 |
| Сабақтың ортасы<br><br>Білу | *1.* Қазақстанды отарлауды Ресей империясы қалай жүзеге асырды?<br>*2.* Ресей империясының отарлық саясатының себеп- салдарын | Қабілеті жоғары оқушыларға дерек көздері арқылы өз | Өзгерістерді анықтап және салдарын | Омарбеков Т. Қазақстан тарихының XX ғ. Өзекті мәселелері. Өнер, 2014 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | анықтау<br>(Б) Қысқаша шолу. Жаңа тақырыптың негізгі ұғымдарын түсіну мақсатында «сөздік мозаика» әдісін қолдану. Берілген ұғымдарды (Автономия, Ревком, Декрет, Декларация, құрылтай, құжат, шешім т.б) мағынасына сәйкес сәйкестендіреді. Бұл әдіс дерекпен (құжатпен) тиімді жұмыс жасауға негіз болады.<br>Зерттеу мен талдау<br>(Б/Ж) 1-тапсырма. Декрет пен Декларацияның ықшамдалған мәтінін критерийлерге сәйкес талдау және маңызын анықтауды тапсыру.<br>Құжатпен жұмыс жасау критерийлері:<br>Бұл құжат қашан және қайда пайда болды?<br>Құжаттың авторы кім?<br>Құжат мәтініндегі негізгі/жаңа ұғымдарды түсіндіріңдер.<br>Құжат қандай қоғам топтарының мүддесін қорғаған?<br>Бұл құжаттың немесе оның жекелеген бөлімдері бұдан бұрын болған ұқсас басқа мемлекеттер құжаттарынан қандай айырмашылығы бар?<br>Бұл құжат мемлекетке, қоғамға қандай нәтиже немесе өзгеріс әкелді?<br>(Д/Ж) 2-тапсырма. Бейнематериалды көріп, сұрақтарға жауап беріңіздер: война 1918-1920гг.<br>1. Азамат соғысы қашан және қалай басталды?<br>2. Интервенцияның мақсаты қандай болды?<br>3. Азамат соғысы Қазақстанда қалай жүрді?<br><br>(Т/Ж) 3-тапсырма. Оқулықтың 11-12 тақырып мәтіні бойынша жұмыс. Қазақ Автономиялық кеңестік Республикасы құрылуына белсене атсалысқан ұлт зиялыларының (Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, | бетімен өзгерістерді анықтау және кейбір оқушыларға арнайы берілген құжаттар ұсыну жоспарланады<br><br>(Д) 5-тапсырма. Мәтінмен жұмыс жасап, (қосымша 1) «Қазақ Кеңестік автономиясы құрылуының | көрсетіп, өз ойын жеткізген оқушылар бағаланады | Қозыбаев М. Ақтаңдақта рақиқаты. Қазақ университеті. 1992<br>Қойгел2иев М.Қ,, Омарбеков Т. Тарих тағылымы не дейді?. Ана тілі, 1993<br><br>Бейнефильмнен үзінді: hHp5://щщщ.уоыIиЬе.еот/ща1eh?y=2!e5ЦЕМгтБІ<br><br>Карта, кескін карта<br><br>Қазақстанның қазіргі заман тарихы. Хрестоматия: Жалпы білім беретін мектептің 9 сыныбына арналған оқу құралы/ Құрастырған Б.Аяған. Алматы, Атамұра |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Ә.Ермеков, М.Сералиннің) ролін анықтап, қазақ жерінің қалпына келтіруінің маңызын ашып, пікірлерін дәлелдеуді тапсыру. Мысалы, АКСР-дің шекарасының белгіленуі.<br>(Д/Ж) 4-тапсырма. Картамен жұмыс түрін ұйым2астыру. Қазақ АКСР-2ің территориясын, астанасын кескін картаға түсіртіп, басты маңызын жаздырту. Мысалы, ежелгі цазац жері қалпына келтірілді.<br>Қазіргі Қазақстан мен Қазақ АКСР-нің карталарын салыстырып, территориялық өзгерістері мен сабақтастығын анықтату.<br>Критерийлері:<br>Шекарасы;<br>Орталығы;<br>Әкімшілік бөлінісі.<br>Б 1925 жылғы Кеңестердің Бүкілқазақстандық V съезіндегі «қырғыз» атауының «қазақ» атауына ауыстырылған қаулысын оқытып, қаулының маңыздылығы неде? сұрағы арқылы талқылау ұйым2астыру. Оқушылар қазақ атауының қайта жануы, тарихи әділдіктің орнауын түсінуі керек. | тарихи маңызы неде?» тақырыбына газетке мақала жазуды тапсыру. | | |
| Бағалау | Рефлексия. Сабақ мақсаттарына оралып, жалпылау.<br>- нені білдім, нені үйрендім<br>- нені толық түсінбедім<br>- немен жұмысты жалғастыру қажет<br>Оқушылар өздерінің жұмысы мен сыныптастарының жұмысын берілген және өздері ұсынған критерийлер бойынша бағалай алады. | | | |

IV.2. Үлгі

| | |
|---|---|
| Бөлім: | 9.1А XX ғасырдың басындағы Қазақстан |
| Педагогтің аты-жөні | |
| Күні | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың тақырыбы | Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс | | | |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты | 8.3.1.2 XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси процестерге баға беру;<br>8.3.1.3 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің тарихи маңызын анықтау және тұлғалардың рөліне баға беру | | | |
| Қайталауға арналған сабақтың сәйкестік мақсаты | 7.3.1.3 Ресей империясының отарлық саясатының себеп-салдарын анықтау | | | |
| Сабақтың мақсаты | Тарихи айғақтарды талдау және бағалау негізінде дәйекті қорытынды жасау дағдыларын дамыту. | | | |
| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | ресурстар |
| Сабақтың басы | І.Қызығушылықты ояту: Ұйымдастыру: амандасу-түгендеу<br>1.Неліктен Ресей Қазақстанды Азияға шығудың «кілті мен қақпасы» деп санады?<br>2.Әбілқайыр хан Анна Иоанновна патшайымға жазған хатының себептері мен салдарлары қандай болды?<br>М/Б 1. XX ғ. басындағы саяси ахуалды жеткізу Амангельді фильмінен үзінді көрсету<br>2. Бейне таспадағы негізгі ойды және көрініс ті айқындау<br>3. Берілген бейне таспа бойынша үш сөйлем құрастыру<br>4. Жазылған ойларын ортаға салады<br>Негізгі ой: Отарлау саясаты<br>Бейне таспаны ашатын сұрақ:<br>□ Бұл оқиғада қандай | Оқушылар ассоциативті карта жасап, 1916 жкөтерілістің екі қысқа мерзімді, екі ұзақ мерзімді себептерін түсіндіре алады. 1916 жкөтерілістің сипатын, қозғаушы күшін, жетекшілерін, ошақтарын біледі. Тарихи фактілерге сүйене отырып, 1916 жкөтерілістің | | Бейнефильмнен үзінді: 1916 жылғы тарихи оқиға: https://www.youtube.com/watch?v=FWgkLYPnz0I<br>Қаһарлы 1916 жыл: Құжаттар мен материалдар жинағы — Грозный 1916 год: Сборник документов и материалов / Гл. редактор М.К. Козыбаев. Отв. сост. Ж.Б. Сулейменов. — Алматы: Қазақстан, 1998. Т. 2. — 247 б.<br>Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 4-том. – Алматы, 2010 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | мәселе көтеріліп тұр? | кемінде екі тарихи маңызын атай алса, аргумент термен негіздейді | | |
| Сабақтың ортасы | II. Мағынаны тану<br>М/Б 1. Оқушылар мәтін арқылы ұлт-азаттық көтерлістің барысын кестеге түсіреді<br>2. Көтерілістің қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді себептерін айқындайды<br>Танымдық мәтін:<br>1914 жылы патшалық Ресей дүниежүзілік соғысқа тартылды. Бірінші дүниежүзілік империалистік соғыс барлық халықтарға, соның ішінде Қазақстанға да асар ауыр зардаптарын тигізді. Ол патша чиновниктері мен жергілікті әкімдерінің және байлардың зорлық –зомбылығы мен озбырлығын күшейтті. Николай II патшаның 1916 ж. 25 маусымдағы “Реквизициялау туралы” жарлығы шықты. Жарлық бойынша Қазақстан, Орта Азия мен ішінара Сібірдің “бұратана халықтарының” ер-азаматтарынан (19 бен 43 жастың аралығында) майданның тыл жұмыстарына (қорғаныс құрылыстары мен әскери қатынас жолдарын салу, окоптар қазу, т.б.) 400 мың адам | Социал-демократтар Революцияшыл топ өкілдері - Ә.Жангелдин, Ә.Иманов, Т.Бокин, Б.Әшекеев, Ж.Мәмбетов қара жұмысқа барудан бас тартып, халықты көтеріліске шақырды. Мен осы топ өкілдерін қолдаймын, себебі.... | Либерал-демократтар Либералдық-демократиялық Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, үкіметімен келісімпаздық (компромистік) ұстанды. Мен осы топ өкілдерін себебі.... | |
| | | Ал Тоқаш Бокин, Жаңабай Ниязбеков, Әубәкір Жүнісов, Тұрар Рысқұлов, Сейітқали Меңдешев, Бәймен Алманов, Әліб Жангелдин, т.б. радикалды көңіл-күйдегі оқығандар мен белсенділер | Әлихан Бөкейханов, Ахмет Міржақып Дулатовтар 1916 жылы інде жарық көрген «Алаштың үндеуінде: «Біздің жұртқа айтарымыз болмайды. Көнгенде – шаруаға барған жігіт қазаға да, бейнетке елдің іргесі бұзылмас. Көнбегенде көретін ауырлық үкіметтің жарлығынан бас тартсақ, өкпелеп қоймас, күш жұмсар, сүйеніп | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (оның ішінде қазақтардан 240 мыңға жуық) алу белгіленді. Сонымен қатар, империянның еуропалық бөліктерін Қазақстанға 2 млн 400 мың адам қоныстандырылып, 1916 жылға дейін қазақтардан 45 млн. десятина ең шұрайлы жерлерін тартып алынды. Бұл жергілікті халықты таулар мен шөл далаларға ығысуға мәжбүр етті. Соғыс қажетіне Қазақстаннан орасан көп жылқы, ауыл шаруашылық өнімдері жөнетілді. Жергілікті халыққа әскери салық салынып, әр отбасына көлемі 1 сом 84 тиын мөлшерінде белгіленді. Шаруалардың ірі қара малы мен мал азығын соғыс қажетіне алу күшейді. Осынның бәрі егістік жердің қысқаруына, ірі қара мал басынның азаюына әкеп соқтырды. Елдің өнеркәсібіндегі жалпы күйзеліс пен ауыл шаруашылығының күйзелуі Қазақстан экономикасын құлдыратты. Қалалар мен ауылдардағы еңбекші бұқараның жағдайы күрт төмендеді.Осылай - отарлық езгінің күшеюі, жерді тартып алу, салықтардың көбеюі, еңбекшілерді аяусыз қанау, күштеп орыстандыру саясаты, ұлттарды кемсіту | халықты ашық қарулы қарсылыққа шақырды. | | | |
| | | М/Т 1. Оқушыларға топтарға бөліп, Көтерілістің ошақтарын ұсыну<br>2. Топтар көтерліс ошағын оқи отырып, тарихи маңыздылықты айқындайды<br>ТОП: Торғай көтерілісі<br>Торғай уезінде Амангелді Иманов бастаған ірі көтерілісшілер жасағы құрылды. Торғай уезінің қазақтары Әбдіғапар Жанбосынды өздерінің ханы етіп сайлады. Әскердің бас сардарбегі болып Амангелді Иманов, оның көмекшісі етіп Оспан Шолақов тагайындалды. Амангелдінің әскері көтерілісшілердің басқа жасақтарынан үйымдасқандығы және тәртібімен ерекшеленді. Сарбаздар ондық, жүздіктер мен мыңдықтарға бөлінді. Басқару жұмысы штаб міндетін атқарған Әскери Кеңес арқылы жүзеге асырылды.<br>23 қазан кцні Амангелді бастаган 15 мың көтерілісші Торғай қаласын қоршады. Қазан әскери округі әскерлерінің қолбасшысы әскери министрге жолдаған хабарында: «Торғай және Ырғыз уездеріндегі жағдайдың тез нашарлап бара жатқанын, Торғаймен тек телеграф байланысы ғана емес, барлық қарым-қатынастың үзілгенін, Ырғыздың қоршала бастағанын» баяндады. | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | соғысқа байланысты жағдайының нашарлауы стихиялы түрде басталған қозғалыс біртіндеп, ұлт-азаттық көтеріліске ұласты. Оны еңбекші халық өкілдері басқарды. Торгай даласында көтеріліске Амангелді Иманов, Орал облысы мен Бөкей Ордасында Сейітқали Меңдешев, Әбдірахман Әйтиев жетекшілік етті. Маңғыстауда - Жалау Мыңбаев, Жетісуда Тоқаш Бокин, Бекболат Әшекеев, Үзақ Саурықов және тағы басқалар басқарды. Ұлт-азаттық көтеріліске қазақ жұмысшылары да қатынасты. Спасск мен Қарқаралы зауыттарындағы, Успенск мен Жезқазған кеніштеріндегі, Қарағанды мен Екібастүз көмір кендеріндегі, Ембі мұнай кәсіпшіліктеріндегі, Омбы, Орынбор-Ташкент темір жолын-дағы жұмысшылар жұмыстарын тастап, көтерілісшілерге келіп қосылды.<br>М/Ж 1. Жұпта жұмыс жасай отырып, қазақ зиялыларының көзқарастарын анықтайды<br>2. Өз көзқрастарын тұжырымдайды.<br>Көзқарасты айқындайтын сұрақ:<br>□ «Неліктен ұлт зиялылары екіге | Сонымен бір мезгілде көтерілісшілердің Торғай мен Ырғызды басып алып, Орынбор-Ташкент темір жолындағы қозғалысты тоқтатып тастау ойының бар екендігі хабарланды.<br>1916 жылдың қарашасында көтерілісшілердің саны 50 мыңға жетті. Көтерілісшілер жергілікті отарлық өкімет орындарының жұмысын толықтай дерлік тоқтатты. Жазалаушы отрядтар көтерілісті баса алмады. Генерал Лаврентьев басқарған арнайы экспедициялық корпус құрылды. Корпус шабуылды бірден үш бағыттан - Қостанай, Ақтөбе мен Шалқардан бастады.<br>22-24 ақпан күндері көтерілісшілер жазалаушылармен соңғы шайқасын Доғал Үрпек ауданында өткізді. Бірнеше жүздеген әйелдер, қарттар мен балаларды, мыңнан аса сарбаздарды өлтірді. Ақпанның соңында Доғал Үрпекті көтерілісшілердің қолында қалдырып, жазалаушылар шегінді. Ақпан төңкерісінің жеңісінен соң даладағы көтерілісшілер отрядтарының саны шұғыл өсті. 1917 жылдың соңында Амангелді Торғайды алды.<br>ТОП: Жетісу көтерілісі.<br>Тамыз айының ортасында Верный, Жаркент, Лепсі уездерінде халық көтеріліске шықты. Көтерілісті оның танымал жетекшілері Бекболат Әшекеев, Тоқаш Бокин, | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | бөлінді»? | Жәмеңке Мәмбетов, Үзақ Саурықов, Аққөз Қошановтар басқарды.<br>1916 жылы жазда көтерілісшілер Қарқара жәрмеңкесін қоршады. Толқуларға 5 мыңнан аса адам қатынасты. Көтерілісшілер Жаркент уезінде Таврия, Владислав, Краснояр, Мещеры т. б. қоныстарға шабуыл жасады. Жайылмыш болысының көтерілісшілері подполковник Базилевичтің жазалаушы отрядымен шайқасты. Верныйдан әскербасы Фольбаум өзіне бағыныштыларға телеграфпен: «Қазақтардың аз адам болса да шоғырлануын бүлік деп санаңдар, ондайды басып-жаныштаңдар, болыстыққа үрей таратып, бүлікшілерді түтқындаңдар, далалық сотқа беріңдер, бірден дарға асыңдар... Күдікті деп есептелгендерден кез келгені үсталса, басқаларға үлгі болу үшін дереу дарға асыңдар» деп нүсқау берді. Көтерілісті басып-жаныштау мен жергілікті халықты адам қоныстанбайтын жерлерге түгелімен тықсыруды жоспарлаған генерал Куропаткин Жетісуға аттанды.<br>Патша үкіметі Жетісудағы көтерілісті басу үшін құрамында пулемет және зеңбірек командасы бар 95 рота мен 24 казак отрядын аттандырды. Жазалаушы әскермен ірі шайқастар Асы мен Қарқара жайлауларында, Самсы стансасы маңында, Қастек, Нарынқол өңірлерінде, Лепсі уезінде және басқа | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жерлерде өтті. Патшаның зеңбірек, пулеметпен қаруланған жендеттері қыспаққа алған көтерілісшілер жеңіліске үшырады. Көтеріліс аса қатыгездікпен, аяусыз басып тасталды. Бейбіт түрғындар қырылды, мал-мүлік тартып алынды. Аман қалған халықтың бір бөлігі Қытайға ауып кетті. 1916-1917 жылдары көтеріліс бүкіл Қазақстанды қамтып, ұлт-азаттық қозғалыс дәрежесіне дейін өсті.<br>Көтерілістің тарихи маңызы: 1. Қазақ халкының революциялық таптық санасы өсті. 2. Қазақстан халықтары ұлттық мүдделерінің ортақтығын ұғынды. 3. Қозғалыс барысында өкімет құрылымы, қарулы күштер, басқару аппараты құрылды. 4. Ресей империясындағы азаттық күрестің шырқау шыңы болды. 5. Қазақ халқының отарлау саясатына қарсы күрес жүргізе алатын күш екенін көрсетті. 6. 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс империяға қарсы көтерілістердің ішіндегі ең ірісі болды. Көтеріліс революцияға алғышарт қалыптастырды. | | | |
| Сабақтың соңы | М/Б 1. Оқушылар қазақ зиялыларының цитаталарын оқи отырып, олардың іс-әрекетіне өзіндік баға береді.<br>□ «Жұрт сеңдей соғылды,түнде ұйқыдан,күндіз күлкіден айырылды» М.Дулатұлы<br>□ «Қазақ секілді іргелес жұрт | | | Қазақстан, 1998. Т. 2. — 247 б.<br>Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 4-том. – Алматы, 2010 | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | өзгелер қатарында соғыс майданында қару жарақ асынып,мемлекетті қорғауға лайық еді,қатарда жоқ қара жұмысқа байлануын кемшілік санаймыз» А.Байтұрсынұлы<br>«Қазақ қырғыз осы көтерлісте көп адамын өлтіріп,шаруасын күйзелтсе де келешекте қандай ел екенін білдіреді» Ә.Бөкейханов | | | |
| Бағалау | Жалпы баға<br>Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?<br>1:<br>2:<br>Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?<br>1:<br>2:<br>Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік/қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?<br>1:<br>2: | | | |

V. Сабақтан тыс уақытта толықтырылатын өткен оқу жылындағы кіріктіруге болмайтын оқыту мақсаттары

7.1.1.2. Ресей империясының қоныстандыру саясатының себептері мен салдарын талдау

7.2.2.6. Түрлі дереккөздер негізінде өз мектебіңнің тарихын анықтау

7.2.1.2. Отаршылдық саясаттың ұлттық құндылықтарға кері әсерін талдау

7.2.3.5. Туристік маршруттарды құру жолдарын ұсыну

7.3.2.3 . Абылай ханның дипломатиялық шеберлігі мен саясатын бағалау

7.4.1.3. Өлкені дамытуға қолдау көрсеткен тұлғалардың қызметіне баға беру

7.4.1.4. Өлке дамуының маңызды кезеңдерін анықтау

7.3.1.5. Халықтың отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресінің себеп-салдарын анықтау

7.3.1.6. Ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының рөліне баға беру

7.3.2.1. Жоңғар шапқыншылығына қарсы күресте танылған хандар мен батырлардың рөлін түсіндіру
7.3.2.2. Қазақ хандығының сыртқы саясатының нәтижелерін анықтау
7.4.1.1. Жоңғар шапқыншылығының қазақ халқының шаруашылығына тигізген зардаптарын анықтау
7.4.2.2. Сауда қатынастарына жәрмеңкелердің әкелген өзгерістерін анықтау
7.2.3.1. Ш. Уәли хановтың ғылыми зерттеулерінің тарихи құндылығын анықтау
7.2.3.4. Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Қ. Халид еңбектерінің тарихи дерек ретіндегі маңызын айқындау

VI. Кіріктіруге болмайтын оқыту мақсаттары қарастырылатын консультациялардың кестесі

43-3-кесте. Каникул кездерінде ұйымдастырылатын консультациялар кестесі

| № | Тақырыптар | Кіріктіруге болмайтын оқыту мақсаттары | Мерзімі |
|---|---|---|---|
| 1. | Қазақстандағы жаппай отаршылдық қоныс аудару саясаты | 7.1.1.2. Ресей империясының қоныстандыру саясатының себептері мен салдарын талдау | Күзгі каникул |
| 2. | Менің мектебімнің тарихы | 7.2.2.6. Түрлі дереккөздер негізінде өз мектебіңнің тарихын анықтау | Күзгі каникул |
| 3. | XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ қоғамы | 7.2.1.2. Отаршылдық саясаттың ұлттық құндылықтарға кері әсерін талдау | Күзгі каникул |
| 4. | Туристік маршруттар | 7.2.3.5. Туристік маршруттарды құру жолдарын ұсыну | Күзгі каникул |
| 5. | Абылай ханның ішкі және сыртқы саясаты | 7.3.2.3 . Абылай ханның дипломатиялық шеберлігі мен саясатын бағалау | Қысқы каникул |
| 6. | Жомарт жүрек | 7.4.1.3. Өлкені дамытуға қолдау көрсеткен тұлғалардың қызметіне баға беру | Қысқы каникул |
| 7. | Туған өлкенің шежіресі | 7.4.1.4. Өлке дамуының маңызды кезеңдерін анықтау | Қысқы каникул |
| 8. | Қазақтардың 1860-1870 жылдардағы азаттық күресі | 7.3.1.5. Халықтың отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресінің себеп-салдарын анықтау | Қысқы каникул |
| 9. | XIX ғасырдың 40-60 жылдарындағы қазақтардың ортаазиялық хандықтармен қарым-қатынастары | 7.3.1.6. Ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының рөліне баға беру | Қысқы каникул |
| 10. | Қазақ-жоңғар шайқастары | 7.3.2.1. Жоңғар шапқыншылығына қарсы күресте танылған хандар мен батырлардың рөлін түсіндіру | Қысқы каникул |
| 11. | XVIII ғасырдың басына дейінгі қазақ-орыс қарым-қатынастарының тарихы | 7.3.2.2. Қазақ хандығының сыртқы саясатының нәтижелерін анықтау | Қысқы каникул |
| 12. | Жоңғар басқыншылығына қарсы Отан соғысының басталуы | 7.4.1.1. Жоңғар шапқыншылығының қазақ халқының шаруашылығына тигізген зардаптарын анықтау | Көктемгі каникул |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 13. | Жәрмеңке саудасының дамуы | 7.4.2.2. Сауда қатынастарына жәрмеңкелердің әкелген өзгерістерін анықтау | Көктемгі каникул |
| 14. | Шоқан Уәлиханов – алғашқы қазақ ғалымы | 7.2.3.1. Ш. Уәли хановтың ғылыми зерттеулерінің тарихи құндылығын анықтау | Көктемгі каникул |
| 15. | XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басындағы Қазақтардың ауызша тарихи дәстүрлерінің дамуы | 7.2.3.4. Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Қ. Халид еңбектерінің тарихи дерек ретіндегі маңызын айқындау | Көктемгі каникул |

Каникул кездерінде ұйымдастырылатын жұмыс түрі оқушылардың өзіндік жұмыстары негізінде ұйымдастырылады. Оқушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыруда мұғалім мынадай қағида ларды есте сақтау керек.

1.Өздігінен орындайтын жұмыстың мазмұны оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай болу тиіс.

2.Өзіндік жұмыс оқушылардың ойлау кабілетін дамытуы тиіс.

3. Өзіндік жұмыстың түрі, мазмұны кіріктіруге болмайтын оқыту мақсаттарына сай болуы тиіс.

4. Әрбір өзіндік жұмыс тексеріліп, бағалануы керек. Өз бетінше жұмыстың нәтижелілігі оның балаға түсінікті болуына және алдын-ала дайындалуына байланысты.

Сабақтан тыс уақытта 7.2.3.1. Ш. Уәлихановтың ғылыми зерттеулерінің тарихи құндылығын анықтау, 7.2.3.4. Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Қ. Халид еңбектерінің тарихи дерек ретіндегі маңызын айқындау оқыту мақсаттарын меңгерту үшін теориялық материалды баяндаудағы мәліметтер мен дерек көздерін, құжаттарды қолдану оқу дағдыларын қалыптастыру үшін әдістемелік нұсқау. Тарихи мәліметтермен, құжаттармен жұмыс істеу оқушылардың зерттеушілік дағдысын калыптастырып, анализдеуге (сараптауға) үйретеді, ойлау қабілетін жетілдіру.

1.Тарихи құжаттар мен мәліметтермен танысу.

2.Мәліметті конспектілеу. Тарихи мәліметтердің сипаты: авторы, жасалу уақыты, жанры, негізгі идеялары, тақырыптары мен көркемдік ерекшеліктерін анықтау.

Оқыту мақсаттары бойынша тақырыптар бойынша интернет және кітапханадан қосымша әдебиеттермен танысып, мәтіндегі тарихи терминдермен, ұғымдармен, қорытындылармен жұмыс істеу.

Сондай-ақ, тарихи тұлғалардың тарихтағы орны туралы қысқаша конспект жасау ұсынылады.

VII. Жазғы мектеп кезінде ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгілері

VII.1. Үлгі

| | |
|---|---|
| Бөлімі | 7.1 Қазақ-жоңғар соғыстары |
| Педагогтың аты- | Бегимова Сандугаш Елубаевна |

| | |
|---|---|
| жөні | Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, «Атамекен» жалпы орта мектебінің тарих мұғалімі<br>Усенбеков Марат Кабылханулы. Облыстық әдістемелік орталықтың тарих және құқықтану пәні әдіскері. |
| Сабақтың тақырыбы: | Қазақ –жоңғар шайқастары .Қазақ халқының жоңғар басқыншыларына қарсы күресі |
| Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары: | 7.3.2.1 - Жоңғар шапқыншылығына қарсы күресте танылған хандар мен батырлардың рөлін түсіндіру. |
| Сабақтың мақсаты: | Барлық оқушылар: - Жоңғар шапқыншылығына қарсы күресте танылған хандар мен батырлар туралы біледі және Аңырақай шайқасының ландшафтысымен танысады.<br>Оқушылардың басым бөлігі: Хандар мен батырлардың жеңісіне себепкер болған Аңырақай шайқасындағы ландшафт ерекшелігін біледі және оның стратегиялық маңыздылығын анықтайды .<br>Кейбір оқушылар: Қазақ хандар мен батырлардың жеңісінің маңыздылығын анықтап, қазіргі көзқараспен баға береді. |
| Бағалау критерийі | Жоңғар шапқыншылығына қарсы күресте танылған хандар мен батырлар туралы біледі.<br>Аңырақай шайқасының ландшафтысымен танысады.<br>Аңырақай ландшафтысының стратегиялық маңыздылығын анықтайды.<br>Қазақ хандар мен батырлардың жеңісінің маңыздылығын анықтап Қазіргі көзқараспен баға береді. |
| Тілдік мақсаттар | Тілдік дағдылар: Тапсырма барысында оқылым,айтылым жүзеге асады<br>Терминология: Ландшафт, стратегия.<br>Диалогқа түсіретін сөз тіркестері немесе сұрақтар түрінде де болуы мүмкін: Аңырақай үш бұрышы,монументтік мұнара, өлке. |
| Құндылықтарға баулу | Мәңгілің елдің 7 басты құндылығы<br>- Қазақстанның тәуелсіздігі және Астанасы<br>Мәңгілің елдің 7 басты құндылығының 1 інші құндылығы 3 тапсырмада жүзеге асады<br><br>-Қоғамымыздағы ұлттық бірлік , бейбітшілік пен келісім<br>Ынтымақтастық: топтық жұмыс барысында жүзеге асады.<br>2. Ынтымақтастық: топтық жұмыс барысында жылулық қарым-қатынастар дамиды, ынтымақтастық дағдылары қалыптасады және сындарлы көзқарас дамиды, қарым-қатынастарды қалыптастыру кезінде сыни ойлау қабілеті дағдыланады |
| Пәнаралық Байланыс | Тарих,география |
| Алдыңғы білім | Сұрақ қою арқылы алдыңғы білімдері анықталады:<br>1. Алдыңғы тақырыпта Қазақ жеріне қауып төндірген қандай ел еді?<br>2. Аңырақай шайқасы туралы не білесіңдер?<br>3. Жоңғарлар десе естеріңе не түседі<br>4.Қазақ батырларынан кімдерді білесіңдер? |

Сабақ барысы:

| Сабақтың кезеңі/ | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | ресурстар |
|---|---|---|---|---|

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| уақыт | | | | |
| Сабақтың басы 5-6 мин. | (Ұ). Ұйымдастыру кезеңі:<br>1. Оқушылармен амандасу, түгендеу.<br>2. Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыруда «Заряд алу» әдісімен сабағымызды жағымды тілектер айтып, көтеріңкі көңіл-күймен бастаймыз.<br>3. Оқушыларды топтарға біріктіру.<br>Үш түсті кәмпит ұсынып, әр оқушы өзіне ұнаған кәмпитін таңдау арқылы 3 топқа біріктіремін.<br>1 топ: қызыл түс<br>2 топ: сары түс<br>3 топ: жасыл<br>(Ұ). Миға шабуыл «Суреттер сөйлейді» әдісі. Оқушылар берілген суреттер бойынша өздерінің көз алдына елестеген, ойына түрткі болған пікірлерін айтады. Бір-бірімен өз ойларын ортаға салып бөліседі. Мұғалім тарапынан түрткі сұрақтар, жетелеуші сұрақтар, бағыттаушы сұрақтар қойылады.<br>Мақсаты: Жылдам әрі функционалды түрде сыный ойлануды дамыту.<br>Тиімділігі: Оқушының танымдық дағдысы артады. Сонымен қатар оқушыға сабақтың өмірмен байланысын көрсетеді және сабақтың тақырыбы мен мақсатын анықтауға мүмкіндік береді.<br>Саралау: Бұл жерде саралаудың «Диалог және қолдау көрсету» тәсілі көрінеді. Дұрыс мағынада жауап беруге бағыттау мақсатында кейбір оқушыларға ашық сұрақтар ал кейбір көмек қажет ететін оқушыларға жетелеуші сұрақтар қойылады. | Мақсаты: Оқушылар бір-біріне тілек білдіреді, тыңдау дағдыларын дамытуға бағытталады, сондай-ақ барлық оқушылардың қатыстырылуы арқылы сабаққа белсенділігі артады.<br>Тиімділігі: Оқушылар бір-біріне тілек айту арқылы жақындасады, көңіл-күйін көтереді және бауырмалдығын оятады.<br>Саралау: Бұл жерде саралаудың «Жіктеу» тәсілі көрінеді. Оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында мүмкіндігінше оларға таңдау | Қалыптастырушы бағалау: Өз ойын дұрыс мағынада білдіріп, талқылауға белсенділікпен қатысқан оқушыны *«Жарайсың!»* деген *мадақтау сөзімен* ынталандыру. | |

<table>
<tr><td></td><td></td><td>еркіндігі беріледі.</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Сабақтың ортасы<br>26 мин.</td><td>Жаңа сабаққа кіріспе:<br>(Ұ) "Кинометафора" әдісін пайдаланып "Қазақ –жоңғар шайқастары. Қазақ халқының жоңғар басқыншыларына қарсы күресі" тақырыбы бойынша интербелсенді тақтадан бейнеролик көрсетіп, оқушылар бір-біріне ой қозғау сұрақтарын қойып, ұжымдық талқылау жүргізіледі.<br><br>1 – Тапсырма. Топтық жұмыс. « Ажырат,тап әдісі»<br>Кинофилмді көргеннен кейін оқушылар оқулықты пайдалана отырып Аңырақай шайқасына қатысқан батырлар мен хан, билерді ажыратады, танысады, біледі:<br><table><tr><td>Батырлар</td><td>Қазақ әскеріне басшылық еткен хан</td><td>Билер</td></tr><tr><td></td><td></td><td></td></tr></table><br>Саралау: Бұл жерде саралаудың «Дереккөздер» тәсілі көрінеді. Оқушылар оқулықпен және басқа да дереккөздер мен жұмыс жасайды. Қажеттілігіне қарай көмек қажет ететін оқушыларға жетелеуші, түрткі сұрақтар қойып қолдау көрсетемін.<br><br>№2-тапсырма:<br>Кестені толтыр. Оқулықтан «Аңырақай» шайқасында қазақтардың жеңіске жетуіне әсер еткен 3 факторларды анықта.<br><table><tr><td>Сұрақтар</td><td>Жауапта</td></tr><tr><td>Жоңғарларға қарсы кімдер күрес жүргізді?</td><td></td></tr><tr><td>Қазақтардың әскер саны қанша болды?</td><td></td></tr><tr><td>Аңырақай жерінің ерекшелігі қазақтардың жеңіске жетуіне қалай әсер етті? Стратегиялық маңызын аны та.</td><td></td></tr></table></td><td>Жалпы толық тапсырмаға -3 балл.<br>-<br>Оқулықтағы және кинофилімдегі ақпаратпен танысады.<br>-<br>Топтық талқылау жүргізеді.<br>-<br>Аңырақай шайқасына қатысқан батырлар мен хан, билерді ажыратады.<br><br>Мақсаты: Жаңа білім айдарындағы ақпаратпен танысып, жаңа білім қалыптасады.<br>Тиімділігі: Оқушылар оқулықта берілген ақпаратпен танысады, жан-жақты қарастырады. Топ ішінде талқылайды.<br>Дескриптор:<br>Жалпы толық тапсырмаға -3 балл.<br>-<br>Жоңғарларға қарсы күрес жүргізген лауазымдарды атайды.</td><td></td><td>https://youtu.be/0efMWIJAWRA</td></tr>
</table>

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Саралау: Бұл жерде саралаудың «Бағалау арқылы» тәсілі көрінеді. Дұрыс мағынада жауап беруге бағыттау мақсатында кейбір оқушыларға ашық сұрақтар ал кейбір көмек қажет ететін оқушыларға жетелеуші сұрақтар қойылады.<br>Қалыптастырушы бағалау: Өз ойын дұрыс мағынада білдіріп, талқылауға белсенділікпен қатысқан оқушыны *«Жарайсың!»* деген *мадақтау сөзімен* ынталандыру.<br><br>№3-тапсырма: «Үштік» әдіс»<br>Топ ішінде оқушылар бірнеше жұптан бөлінеді: бір оқушы оқиды немесе айтады, екі оқушы тындайды, үш немесе одан көп оқушылар түртіп алады, кейін өз пікірлерін дауыстап айтады.<br><br>Мына сұрақтарға жауап беру керек:<br>А) деңгейі: 2001 ж. Аңырақай шайқасын еске алу мақсатында Қазақстанның қай жеріне ескерткіш орнатылып Елбасы Н.Ә. Назарбаев ескерткіштің ашылу салтанатын қатысты?<br>В) деңгейі: Аңырақай шайқасы нысанның киелілігі қазақтардың осы жерде ұлы жеңіске жетуінде жатыр. Осы шайқас жоңғар хандығы дағдарысының басталуына әсер етіп...<br>*Осы мәтіндегі дағдарыс сөзіне түсініктеме бере отырып жоңғарлардың одан кейінгі тағдырына болжам жасап көріңдер*.<br><br>С) деңгейі: Суретте тұрған аласа бойлы сұр түсті стела жоңғарлардікі, ал бтік қызыл түсті стела қазақтарң стеласы. Сұрақ: Екі стеланың бірі биік, бірі аласа болу нені білдіреді?<br> | -<br>Қазақтардың әскер санын көрсетеді.<br>-<br>Аңырақай жерінің ерекшелігі қазақтардың жеңіске жетуіне қалай әсер еткенін дәлелдейді<br>Стратегиялық маңызын анықтайды<br>Мақсаты: Бұл тапсырма арқылы оқушылар жеңіске жетудің факторларын анықтап, қазақ әскерлерінің негізгі басымдылықтарын біледі.<br>Тиімділігі: Топпен жұмыс жасай білу яғни көмек сұрау, көмектесе білу қарым-қатынас функционалды қабілетін арттыру дамыту. | | |

<table>
<tr><td></td><td>Дескриптор: Жалпы толық тапсырмаға -3 балл.<br><br>- Топта талқылайды<br>- Аңырақай шайқасының құрметіне қойылған ескерткіштің жерін біледі.<br>- «Дағдарыс» сөзіне түсініктеме бере отырып жоңғарлардың одан кейінгі тағдырына болжам жасайды.<br>- Суретке қарай отырып Аңырақай шайқасы ескерткішінің екі стеланың бірі биік, бірі аласа болуының мәнін түсіндіре отырып сөздерін дәлелдейді.</td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Сабақтың соңы</td><td>(Ұ) «Сұрақтар Эстафетасы » әдісі арқылы оқушылар домалақталған қағазды бір-біріне лақтыру арқылы сабақты бекіту сұрақтарына жауап береді.<br>1. Шайқас не себепті «Аңырақай» деп аталды?<br>2. Аңырақай шайқасы қай жерде өтті?<br>3. Аңырақай шайқасы қай жылы болды?<br>4. Аңырақай шайқасына қатысқан қандай батырларды білесіңдер?<br>5. Аңырақай шайқасына қатысқан қандай хан, билерді білесіңдер?<br>6. Жоңғарлардың жеңілуіне Аңырақай жерінің ерекшелігі қалай әсер етті?<br>7. Аңырақай шайқасының тарихи маңыздылығы қандай?<br>6. Аңырақай шайқасының ескерткіші қай жерде орналасқан?<br><br>(Д). Рефлексия «ББББ» кестесі.<br><br>Осы сабақта...<table><tr><td>Білгенмін</td><td>Білдім</td></tr><tr><td></td><td></td></tr></table>Мақсаты: Рефлексия жасау арқылы балалардың бүгінгі сабаққа қатысты бұған дейін не білгенін, осы сабақта не білгенін, болашақта не білгісі келетін анықтау.<br>Тиімділігі: Мұғалімнің өз ісіне сыни түрде қарау.Болашақта нені ескеру керектігін білу.</td><td></td><td>Бағалау – Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз? Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз басқаларға қарағанда қабілетті оқушыларға қандай тапсырмалар бересіз</td><td></td></tr>
<tr><td>Саба</td><td>Бұл тарауды сабақ туралы рефлексия жасау үшін</td><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>

| | | | |
|---|---|---|---|
| қ бойынша рефлексия | пайдаланыңыз. Сол бағандағы өзіңіз маңызды деп санайтын сұрақтарға жауап беріңіз. | | |
| Сабақ мақсаттары немесе оқу мақсаттары шынайы, қолжетімді болды ма?<br>Барлық оқушылар оқу мақсатына қол жеткізді ме? Егер оқушылар оқу мақсатына жетпеген болса, неліктен деп ойлайсыз? Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме?<br>Сабақ кезеңдерінде уақытты тиімді пайдаландыңыз ба?<br>Сабақ жоспарынан ауытқулар болды ма және неліктен? | | | |
| Жалпы бағалау<br>Сабақта ең жақсы өткен екі нәрсе (оқыту мен оқуға қатысты)?<br>1:<br>2:<br>Сабақтың бұдан да жақсы өтуіне не оң ықпал етер еді (оқыту мен оқуға қатысты)?<br>1:<br>2:<br>Осы сабақтың барысында мен сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері/ қиыншылықтары туралы нені анықтадым, келесі сабақтарда не нәрсеге назар аудару қажет? | | | |

43. 7- кесте. Жазғы мектеп кезінде ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгісі

| | |
|---|---|
| Бөлім: | 7.3В Қазақстан Ресей империясының құрамында |
| Педагогтың аты-жөні | Бегимова Сандугаш Елубаевна<br>Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, «Атамекен» жалпы орта мектебінің тарих мұғалімі<br>Усенбеков Марат Кабылханулы. Облыстық әдістемелік орталықтың тарих және құқықтану пәні әдіскері. |
| Сынып: 7 | Қатысқандар саны:<br>Қатыспағандар саны: |
| Сабақ тақырыбы | XIX ғ. II жартысындағы Қазақстандағы әкімшілік территориялық реформалар |
| Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары | 7.3.1.3 Ресей империясының отарлық саясатының себептерін анықтау;<br>7.3.1.4 Патша үкіметі реформалары нәтижесіндегі әкімшілік-аумақтық өзгерістерді түсіндіру;<br>7.1.2.1 дәстүрлі қазақ қоғамындағы өзгерістерді өткен тарихи кезеңдермен салыстыру арқылы анықтау |
| Сабақтың мақсаты | 1822-24 жж жарғылары нәтижесінде Қазақстанда болған әкімшілік-аумақтық өзгерістерді түсіну |

| | |
|---|---|
| Бағалау критерийлері | Білу және түсіну- XIX ғ. 60-ж Қазақстан территориясының бөлшектену себептерін анықтайды;<br>Сыни ойлау мен талдау- 1867-68 жж әкімшілік реформаларының жүргізілу барысын талдайды;<br>Синтез- 1867-68 жж реформалардың нәтижесін қорытындылайды |
| Тілдік мақсаттар | 1867-1868 жж. реформаларының мән-жайы туралы талдайды, (айтылым дағдасы) Ресейдің жүргізген саясаты туралы зерттеулермен танысады (оқылым, айтылым, жазылым дағдылары)<br>Пәнге қатысты лексика мен терминология<br>«Бөліп ал да, билей бер», генерал – губернаторлық, облыс, уезд, болыс, ауыл, приказ<br>Диалог пен жазылымға пайдалы сөз тіркестері:<br>Қазақ Еліне 1867-1868жж. реформалардың жүргізілуінің себебі... ... ...<br>1867-1868жж. реформалардың мақсаты... ... ...<br>Ең басты өзгерістер болды…<br>Бастапқыға қарағанда маңыздырақ болды, өйткені…<br>Бұл оқиға/өзгеріс маңызды болды/ айтарлықтай, өйткені… |
| Құндылықтарды дарыту | «Мәңгілік ел» идеясы негізінде азат елдің тәуелсіздік бұғауына түсу тарихын оқыту арқылы патриотизм құндылығы жүзеге асады.<br>Сабақ барысында «Функционалды сауаттылық», топтық жұмыста «Құрмет пен ашықтық» жүзеге асады |
| Пәнаралық байланыстар | Қазақ тілі пәні бойынша білімдері жаңа сөздермен жұмыс және оқылым, айтылым, жазылым барысында қолданылады. Картамен жұмыс барысында география пәнімен байланыс жүзеге асырылады |
| АКТ қолдану дағдылары | АКТ дағдыларын дамыту (бейнематериал, ноутбук, интербелсенді тақта) |
| Бастапқы білім | Ұлы жүздің Ресей құрамына қосылуы жалпы қазақ жерлерінің Ресей империясының құрамына толықтай қосылуына әкелгендігін біледі |

Сабақ барысы

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы | (Б) Ұйымдастыру сәті. Ой шақыру.<br>БЫМ Интерактивті тақтадағы жаңа тақырыппен байланысты өткен материалға қатысты бірнеше кілт сөздер мен тарихи даталар талқыланып, оқушылардың болжам жауаптары арқылы сабақ тақырыбы анықталады.<br>(М) Сабақ тақырыбы, оқу мақсаттары мен бағалау критерийлері оқушыларға | Оқушылар интеракивті тақтада берілген сұрақтарға жауап береді | | Презентация<br>Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін)<br>3-том. – Алматы, 2010.<br><br>Оқулық<br>Қабылдинов З.Е., Қайыпбаева А.Т. Қазақстан тарихы 8-сыныбына арналған оқулық. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | таныстырылады. Тарихи концепт пен зерттеу сұрағына назар аударылады.<br>1.Моңғолдар мемлекеттілік деңгейге қалай жетті?<br>2.Неліктен Шыңғыс хан әскерлері Отырарды алты ай бойы ала алмады?<br>➢ Тарихи концепт (фокус): Себеп-салдар<br><br>М Сабақ тақырыбы мен оқу мақсаттары таныстырылғаннан кейін бағалау критерийлеріне, тарихи концепт пен зерттеу сұрағына назар аударылады.<br>Тарихи концепт (фокус): Себеп пен салдар | | | Алматы: Атамұра, 2012. |
| Сабақтың ортасы<br><br>03-06 мин | Зерттеу сұрағы: Патша өкіметі тарапынан «бөліп ал да, билей бер» ұстанымы қалай жүзеге асты?<br><br>Жаңа сөздермен жұмыс.<br>(Б) Сабақ барысында кездесетін жаңа ұғымдардың мағынасын оқушылардың алдын-ала түсінуіне жағдай жасалады. Алдымен тақтаға жаңа ұғымдар мен сөз тіркестері жазылған карточкалар ілінеді. Ал оқушыларға жаңа сөздердің мағынасы жазылған карточкалар таратылып, олардың мазмұнын оқып шығуға мүмкіндік беріледі. Мұғалім сонан соң оқушылардан тақтадағы жаңа ұғымдардың атаулары карточкадағы сөздердің қайсысымен сәйкес келетіндігі туралы сұрайды. Ал уақыт тығыз болған жағдайда уақытты тиімді пайдалану үшін мұғалімнің жаңа ұғымдарды қысқаша түсіндіріп кетуіне де болады.<br>Уақытша Ереже -<br>Бөліп ал да, билей бер<br>Әскери губернатор | Оқушылар карточкадағы сұрақтарға жауап береі<br><br>Жаңа сөздердің мағынасын дұрыс таптым деген оқушы жауабын оқиды, егер ол жауап дұрыс болған | | Қосымша-1<br>Карточкалар<br>Артыкбаев Ж. О. Казахское общество в XIX веке традиции и инновации [Текст] / Отв. ред. Аргынбаев Х. Кузембайулы А..- Караганда "Полиграфия", 1993http://www.nlrk.kz/data11/result/ebook_144/index.html#ps<br><br>Қазақстанда хандық биліктің жойылуы<br>http://e-history.kz/ru/scorm/c |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 06-13 мин<br><br>13-23 мин<br><br>23-30 мин | Уезд бастығы-<br>Тыңшы<br>Зейнетақы<br>Түтін салығы<br>Акушер-кіндік шеше<br>Статс хатшы уезд<br>Зерттеу мен талдау<br>Суретпен жұмыс<br>1-тапсырма. «Суреттегі көрініс»<br>(Т) Жаңа тақырып материалын игеруде зерттеу жұмысының алғашқы қадамы- оқушылардың зейінін суретке шоғырландыру іс-әрекетінен басталады. Әр топқа түрлі мазмұндағы суреттер беріліп, олардың мазмұнын ашу үшін сұрақтар ұсынылады.<br><br>1-топ.(1, 2 сурет)<br>Суреттерде нақты қандай үдеріс сипатталуда?<br>Қандай мәселе талқылануда?<br>Қандай іс-әрекет болып жатыр?<br>Бұл адамдар кімдер?<br>2-топ.(3, 4 сурет)<br>Бұл көрініске дейін не болуы мүмкін екендігін болжам көріңіз?<br>Ары қарай не болуы мүмкін?<br>Қайда болады??<br>Бұл қашан болуы мүмкін?<br>3-топ.(5 сурет)<br>Бұл адамдар кімдер?<br>Суреттегі әр кейіпкерді сипаттап беріңіз.<br>Олардың ойларын анықтаңыз.<br>Бұл суреттегі ең маңызды аспект қандай?<br><br>Мәтінмен жұмыс<br>2-тапсырма. «Сұрақ-жауап және тірек-сызба»<br>(Ж) Топтағы оқушыларға 1867-68жж Қазақстандағы реформаларға дайындық туралы мәтін таратылады. 1 және 2 мәтін | жағдайда (мұғалім жауаптардың дұрыс/бұрыс ын тыңдап тұрады) тақтадағы жаңа ұғымдардың біріне сәйкесінше орналастырад ы.<br><br>Суретте гі сұрақтарға жауап береді.<br><br><u>Дескри птор:</u><br>Суретт егі негізгі ойды анықтайды;<br>Жауап құрылымын сауатты құра | | ourse/233<br><br>немесе<br><br>Қазақстанда хандық биліктің жойылуы<br>http://moodle.nci.kz/course/view.php?id=204<br><br>Қосымша-2<br>Таратпа-мәтіндер<br><br>Қосымша-3<br>Оқушылар тірек-сызбаларының дұрыстығын тексеру үшін слайдтан дұрыс жауапты көрсету<br><br>Қосымша-3<br>Кесте<br><br>Карта<br><br>Қосымша-4<br>Кесте |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 30-38мин | мазмұны талқыланып, қазақ жеріндегі жаңа әкімшілік-территориялық бөліниіс туралы төмендегі сызба/схемалар толтыру ұйымдастырылады.<br>3-тапсырма. «Тірек-сызба және карта»<br>(Ж) Мәтіннен алынған ақпараттан Қазақстандағы жаңа әкімшілік-территориялық бөліктердің атауы, ерекшелігі, ондағы жауапты лауазымды тұлға және оның қызметі туралы сызбасын/схеманы толтырып, түсіндіреді<br><br>Кері байланыс. Мұғалімнің бағалауы<br>Интерпретация<br>Мұғалім сабақтың басындағы зерттеу сұрағына қайта оралады. Зерттеу сұрағы төңірегінде талқылау жүргізіледі.<br>(М) Зерттеу сұрағы: «Патша өкіметі тарапынан «бөліп ал да, билей бер» ұстанымы қалай жүзеге асты?<br>3-тапсырма. «Үш жақты күнделік»<br><br>(Т) Оқушылар тарихи оқиғаны түйіндеу, мәселені тұжырымдау тапсырмасы кестеде орындалады.<br><br>Кері байланыс. Мұғалімнің бағалауы. «Смайликтер сыйлау» | алады<br><br>Мәтінмен жұмыс істеуді<br><br>Оқушылар өз тірек-сызбаларының дұрыс/бұрысын интер.тақтадан көрсетілген жауаптар арқылы тексереді. Дескрипторы:<br>-1860 жж қазақ даласында реформаға дайындықтың болғандығын анықтап, 2 дәйек келтіреді ;<br><br>-1867-68 жж реформалар бойынша Қазақ Елінің Жаңа әкімшілік-территориялық бөлікке бөлінгенін түсіндіреді, атауларын атайды;<br><br>-Жаңа әкімшілік-территориялық бөліктердің | | |

| Тарихи оқиға | Тарихи оқиғаға түсінік беру | енің пікірім |
|---|---|---|
| | | |



| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | басындағы билік иелерін атап, қызметін талдайды;<br><br>Дескриптор:<br>1867-68жж Қазақстандағы жаңа әкімшілік басқару туралы ойды түйіндеп-тұжырымдайды | | |
| Сабақтың аяғы<br><br>38-40 мин | Рефлексия. Өз прогресіңді бағала. Стикер жапсыру. | Стикерлер | | |

| | | |
|---|---|---|
| Саралау – оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз? | Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз? | Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы |

Сабақ бойынша рефлексия

Сабақ мақсаттары/оқу мақсаттары дұрыс қойылған ба? Оқушылардың барлығы ОМ қол жеткізді ме?

Жеткізбесе, неліктен?

Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме?

Сабақтың уақыттық кезеңдері сақталды ма?

Сабақ жоспарынан қандай ауытқулар болды, неліктен?

Жалпы баға

Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?

1:

2:

Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?

1:

2:

Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік/қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?

## 44. «Қазақстан тарихы» оқу пәні, 9-сынып

I. Өткен оқу жылында өтілген оқу бағдарламасының мазмұнын толық

қамтитын оқыту мақсаттары

9-сыныпта «Қазақстан тарихы» пәнінен диагностикалық жұмыс жүргізу үшін 8-сыныпқа арналған «Қазақстан тарихы» пәнінен оқу бағдарламасының оқыту мақсаттары зерделенеді. Ол үшін негізгі орта білім беру деңгейінің 8-9-сыныптарына арналған «Қазақстан тарихы» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын қарастырамыз [21].

8-сыныптың мазмұнын толық қамтитын 4 бөлім бойынша оқыту мақсаттары

1) әлеуметтік қатынастардың дамуы:

8.1.1.1 демографиялық өзгерістердің себептері мен салдарын анықтау

8.1.2.1 қазақ зиялыларының қоғамдағы рөлі мен қызметін талдау;

8.1.2.2 соғыс жылдарындағы халықтың әлеуметтік жағдайын анықтау

2) мәдениеттің дамуы:

8.2.1.1 мемлекеттің діни саясатының мақсаты мен салдарын анықтау

8.2.2.1 қазақ зиялыларының шығармашылық мұрасын талдау және қоғамдық санаға тигізген әсеріне баға беру;

8.2.2.2 Ахмет Байтұрсыновты қазақ тіл білімінің негізін салушы, қоғам қайраткері ретінде бағалау

8.2.2.4 Әміре Қашаубаев пен Қажымұқан Мұңайтпасұлының қазақ халқын әлемге танытудағы рөліне баға беру;

8.2.2.3 өнер мен әдебиеттегі өзгерістерді анықтау

8.2.2.5 соғыс жылдарындағы өнер мен әдебиеттің халық рухын көтерудегі маңызын бағалау

8.2.3.1 ұлттық баспасөздің қоғамдық-саяси сананы оятудағы рөліне баға беру

8.2.3.2 кеңес дәуіріндегі қазақ тілінің ахуалын анықтау;

8.2.3.3 XX ғасырдың бірінші жартысындағы білім мен ғылым саласындағы өзгерістерді талдау

8.2.3.4 Қаныш Сәтбаевтың Қазақстан өнеркәсібі мен ғылымын дамытудағы рөліне баға беру

3) мемлекеттің дамуы:

8.3.1.1 қазақ зиялыларының Ресей империясының Мемлекеттік Думасындағы қызметіне баға беру;

8.3.1.2 XX ғасыр басындағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси процестерге баға беру

8.3.1.3 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің тарихи маңызын анықтау және тұлғалардың рөліне баға беру

8.3.1.4 «Алаш» партиясының ұлттық мемлекеттілікті жаңғыртудағы саясатын талдау;

8.3.1.5 Әлихан Бөкейханның саяси көшбасшылық қызметіне баға беру

8.3.1.2 XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси процестерге баға беру

8.3.1.6 Қазақстанда құрылған ұлттық автономиялардың маңыздылығына баға беру;

8.3.1.7 XX ғасырдың 20-30 жылдардағы әміршіл-әкімшіл жүйе

саясатының зардаптарын талдау;

8.3.2.1 қазақстандықтардың Екінші дүниежүзілік соғысының жеңісіне қосқан үлесін бағалау;

8.3.2.2 Бауыржан Момышұлының батырлық, тұлғалық қасиетін айқындау

4) Қазақстанның экономикалық дамуы:

8.4.1.1 деректер мен дәйектерді салыстыру арқылы жаңа экономикалық саясаттың нәтижесінде орын алған өзгерістерді талдау

8.4.1.2 күштеп ұжымдастыру саясатының ауыл шаруашылығына тигізген зардап тарын талдау;

8.4.2.1 Қазақстандағы индустрияландырудың жетістіктері мен кемшіліктерін талдау

8.4.2.2 Қазақстан экономикасының соғыс жағдайларына бейімделгендігін дәлелдеу;

II. Іріктеп алынған оқыту мақсаттары бойынша диагностикалық жұмыстың үлгісі

Диагностикалық жұмыс «Қазақстан тарихы» оқу пәнінен білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды анықтау үшін, өткен оқу жылындағы 8-сыныпта өтілген оқу бағдарламасының мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттары бойынша жүргізіледі. Төменде ұсынылып отырған 4 бөлім бойынша оқыту мақсаттары бойынша тапсырмалардың үлгілері ұсынылады:

1) әлеуметтік қатынастардың дамуы:

8.1.2.1 қазақ зиялыларының қоғамдағы рөлі мен қызметін талдау;

2) мәдениеттің дамуы:

8.2.2.3 өнер мен әдебиеттегі өзгерістерді анықтау

3) мемлекеттің дамуы:

8.3.1.6 Қазақстанда құрылған ұлттық автономиялардың маңыздылығына баға беру;

4) Қазақстанның экономикалық дамуы:

8.4.2.1 Қазақстандағы индустрияландырудың жетістіктері мен кемшіліктерін талдау

Іріктеп алынған оқыту мақсаттары бойынша диагностикалық жұмыс үлгісімазмұнындағы оқу тапсырмалары жалпы білім беретін мектептің 9 (8)-сыныбына арналған оқулықтан алынды.(Қазақстан тарихы (XX ғасырдың басынан Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғанға дейін), Жалпы білім беретін мектептің 9 (8)-сыныбына арналған оқулық, Авторлары: З.Е. Қабылдинов, М.Д. Шаймерденова, Е.М. Куркеев. –Алматы: Атамұра, 2019, 48, 53, 75, 86, 89, 115, 149 беттер).

Іріктеп алынған оқыту мақсаттары бойынша диагностикалық жұмыс үлгісінің I нұсқасы

I.1-тапсырма. Кестені толтырыңыз

XX ғасырдың алғашқы жартысында қазақ халқы демократиялық қозғалыстары жандануының қысқа және ұзақ мерзімді себептерін жіктеңдер.

| Қысқа мерзімді себептер | Ұзақ мерзімді себептер |
|---|---|
| 1. | 1. |

| | |
|---|---|
| 2. | 2. |

I.2-тапсырма. 1920-1930 жылдары жүргізілген индустрияландырудың Қазақстанға әкелген салдарын көрсетіңіз

| | |
|---|---|
| Саяси салада | |
| Экономикалық салада | |
| Әлеуметтік салада | |
| Техникалық салада | |

I.3-тапсырма. Қазақстандағы ағарту ісі мен ғылымды дамытудағы А.Байтұрсынұлы мен Қ.Сәтбаевтың қызметіне баға беріңіз, өз пікіріңізді жазыңыз.

I.4-тапсырма. Кімдерге қатысты айтылған?

1. Қазревком төрағасы.....
2. 1920 жылғы Құрылтай съезінде Қазақ АКСР ОАК-нің төрағасы болып сайланды .....
3. «Даладағы аштық» атты мақаланы жазды ....
4. «Үш жүз» партиясының негізін қалады .....
5. Түркістан автономиясының төрағасы .....

Іріктеп алынған оқыту мақсаттары бойынша диагностикалық жұмыс үлгісінің

II. нұсқасы

II.1-тапсырма. Төмендегі тапсырманы оқып, сұрақтарға жауап жазыңыз.

«Бір өзіндік, бірегей ұлттық құндылықтарымызды сақтай отырып, бұрынғы дәстүріміздің негізінде қазіргі заманғы озық мәдениет пен әдебиетімізді қалыптастыруымыз қажет. Сонда ғана «қазақ» деген атымызды сақтап қала аламыз». (Ә. Бөкейхан)

Үзінді авторы өз отандастарын неге үндеді? Әлихан Бөкейханның идеясының мәні неде?

II.2-тапсырма.

Индустрияландыру бағытының оң және теріс нәтижелерін көрсетіңіз

| Индустрияландыру саясатының жетістіктері | Индустрияландыру саясатының кемшіліктері |
|---|---|
| | |

II.3-тапсырма.

XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы кеңестік Қазақстандағы өнер саласы дамуының артықшылықтары мен кемшіліктерін көрсетіңіз

| XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы кеңестік | XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы кеңестік |
|---|---|

| Қазақстандағы өнер саласы дамуының артықшылықтары | Қазақстандағы өнер саласы дамуының кемшіліктері |
|---|---|
| | |

II.4-тапсырма. Кестені толтырып, салыстырмалы талдау жасаңыз

| | ҚазАКСР-і | Қазақстан Республикасы |
|---|---|---|
| 1. Басқару жүйесі қандай? | | |
| 2. Негізгі заңы | | |
| 3. Жер аумағы | | |
| 4. Идеологиясы, ұстанымы (саясатта, экономикада, әлеуметтік мәселеде, рухани мәселеде) | | |
| 5. Айырмашылығы жайлы өз пікіріңіз | | |

Диагностикалық тапсырмаларды бағалау жүйесі

I.1 I.2, II.2- II.3- тапсырмалардың кестені дұрыс толтырылған, әр дұрыс жауап - 1 ұпай, қате болса-0 балл қойылады.

I.3- тапсырма бойынша тұлғалардың қыметіне өзіндік баға беріп, пікір қалыптастырғаны үшін әр дұрыс жауап 1 ұпай.

I.4- тапсырма сөйлемді толықтыру бойынша әр дұрыс жауап 1ұпай.

II.1- тапсырмада берілген сауалға жауапты толық жазуға арналған, әр дұрыс жауап – 3 балл. Білім алушы өз пікірін кең тұрғыда, жан-жақты ұсынса қосымша ұпай алады.

| I.3 және II.1- тапсырмаларын бағалауға нұсқау | ұпай |
|---|---|
| Жауапты дұрыс негіздейді. Дәлелдейді. Өз шешімін ұсынады. | 3 |
| Жауапты дұрыс негіздейді. Кейбір қателіктері бар болғанымен, негізгі жауабы дұрыс | 2 |
| Шешудің барлық қадамдарының дұрыс реттілігі бар болғанымен, дұрыс жауап бермеді. | 1 |
| Жауабы еш негізсіз. Дұрыс жауап бермеді немесе мүлде жауап жоқ | 0 |
| Жоғары ұпай | 3 |

III. Сабақ барысында толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары

9-сыныпқа арналған «Қазақстан тарихы» пәнінен оқу бағдарламасын зерделеу нәтижесінде 8-сыныптағы «Қазақстан тарихы»курсының оқыту мақсаттарымен кіріктіруге болатын оқыту мақсаттары анықталды [21]. Кіріктіруге болатын оқыту мақсаттары ұсыныс түрінде берілген (44.1-кесте).

Кесте 44.1– 8-9-сыныптардың кіріктірілетін оқыту мақсаттары

| 9-сыныптың оқыту мақсаттары | 8-сыныптың оқыту мақсаттары |
|---|---|
| 9.1.1.1 демографиялық өзгерістердің себеп-салдарлық байланысын талдау арқылы дәйекті қорытынды жасау | 8.1.1.1 демографиялық өзгерістердің себептері мен салдарын анықтау |
| 9.2.1.1 дәстүрлі және деструктивті діни ағымдар мен ұйымдардың іс-әрекетін талдау | 8.2.1.1 мемлекеттің діни саясатының мақсаты мен салдарын анықтау |
| 9.3.1.2 қоғамдық-саяси қайраткерлердің ұлттық мүддені қорғаудағы рөліне баға беру | 8.1.2.1 қазақ зиялыларының қоғамдағы рөлі мен қызметін талдау; |
| 9.2.2.4 ұлттық құндылықтарды жаңғыртуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың қажеттілігін негіздеу («Мәдени мұра», «Болашаққа бағдар:рухани жаңғыру» бағдарламалары) | 8.2.2.1 қазақ зиялыларының шығармашылық мұрасын талдау және қоғамдық санаға тигізген әсеріне баға беру; |
| 9.2.2.3 қазіргі кездегі өнер мен әдебиеттің даму тенденцияларын айқындау | 8.2.2.3 өнер мен әдебиеттегі өзгерістерді анықтау |
| 9.2.3.2 білім мен ғылым саласындағы мемлекеттік саясатқа баға беру | 8.2.2.5 соғыс жылдарындағы өнер мен әдебиеттің халық рухын көтерудегі маңызын бағалау<br>8.2.3.2 кеңес дәуіріндегі қазақ тілінің ахуалын анықтау; |
| 9.2.3.1 Е.Бекмахановтың Қазақстан тарихы ғылымына қосқан үлесін бағалау | 8.2.3.1 ұлттық баспасөздің қоғамдық-саяси сананы оятудағы рөліне баға беру |
| 9.3.1.1 қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктерін түсіндіру және өзіндік интерпретация жасау | 8.3.1.2 XX ғасыр басындағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси процестерге баға беру |
| 9.3.1.4 Әміршіл-әкімшіл саясатқа қарсы халық наразылықтарын салыстырып, талдау; | 8.2.2.1 қазақ зиялыларының шығармашылық мұрасын талдау және қоғамдық санаға тигізген әсеріне баға беру; |
| 9.3.1.7 өткен оқиғалармен сабақтастықты орнатып, тәуелсіз Қазақстанның жариялануының тарихи маңызын түсіндіру | 8.3.1.6 Қазақстанда құрылған ұлттық автономиялардың маңыздылығына баға беру; |
| 9.3.2.1 XX ғасырдың екінші жартысындағы әскери-өнеркәсіп кешендерінің Қазақстанға тигізген зардаптарын талдау | 8.4.2.2 Қазақстан экономикасының соғыс жағдайларына бейімделгендігін дәлелдеу;<br>8.1.2.2 соғыс жылдарындағы халықтың әлеуметтік жағдайын анықтау |
| 9.4.1.1 Кеңес үкіметі кезіндегі ауыл шаруашылығында орын алған өзгерістерге баға беру | 8.4.1.1 деректер мен дәйектерді салыстыру арқылы жаңа экономикалық саясаттың нәтижесінде орын алған өзгерістерді талдау<br>8.4.1.2 күштеп ұжымдастыру саясатының ауыл шаруашылығына тигізген зардаптарын талдау; |
| 9.4.1.2 Кеңес үкіметі кезіндегі орын алған | 8.4.2.1 Қазақстандағы индустрияландырудың жетістіктері мен кемшіліктерін талдау |

| | |
|---|---|
| әлеуметтік экономикалық мәселелерді талдау | 8.4.2.2 Қазақстан экономикасының соғыс жағдайларына бейімделгендігін дәлелдеу; |

IV. Кіріктірілетін оқыту мақсаттары бойынша ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгісі

Әрі қарай республика мектептерінің педагогтері әзірлеген сабақтардың қысқа мерзімді жоспарларының үлгілері ұсынылады:

IV.1. Үлгі

| | |
|---|---|
| Бөлім: | Қазақстан «тоқырау» кезеңінде (1965-1985жж.) |
| Педагогтің аты-жөні | Галымова Жадыра Мелисхановна<br>«Семей қаласы Ыбырай Алтынсарин атындағы № 37 гимназиясы» тарих мұғалімі |
| Сабақтың тақырыбы | «Тоқырау» жылдарындағы демографиялық үрдістер |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары | 9.1.1.1 демографиялық өзгерістердің себеп-салдарлық байланысын талдау арқылы дәйекті қорытынды жасау;<br>9.1.1.2 өткен тарихи кезеңдермен сабақтастықты орнату арқылы қазіргі кезеңдегі демографиялық процестерге баға беру<br>Қазақстан ұжымдастыру тақырыбындағы мақсат: 8.1.1.1 демографиялық өзгерістердің себеп-салдарлық байланысын талдау |
| Сабақтың мақсаты | Барлық оқушылар: Демографиялық өзгерістердің себеп-салдарлық байланысын анықтайды. (білу, түсіну)<br>Басым бөлігі: Демографиялық өзгерістердің себеп-салдарлық байланысының ерекшеліктерін түсінеді. (білу, түсіну)<br>Кейбір оқушылар: Өткен тарихи кезеңдермен сабақтастықты орнату арқылы қазіргі кезеңдегі демографиялық процестердің себептерін, Қазақстанға тигізген зардаптарын талдайды. (талдау) |
| Бағалау критерийлері | Демографиялық ахуалға байланысты жүргізген саясатты дәлелдер келтіре отырып түсіндіреді.<br>«Тоқырау» жылдарындағы демографиялық өзгерістердің себептері мен салдарын анықтайды.<br>(түсіну, талдау) |
| Тілдік мақсаттар | 1. мәліметтермен жұмыс жасайды (оқылым дағдысы);<br>2. Тірек сызбалар арқылы тапсырма орындайды (тыңдалым және айтылым дағдысы);<br>3. шағын әңгіме, хабарлама, эссе жазады (жазылым дағдысы).<br>Пәндік лексика және терминология сөздіктермен<br>Өнеркәсіп реформасы, жаңа техникамен жабдықтау, мемлекеттік жоспар, бесжылдық жоспары, интенсивті экономика, ... |
| Құндылықтарды дарыту | - Ынтымақтастық. Жұппен жұмыс барысында оқушылардың арасында ынтымақтастық қарым-қатынас қалыптасады.<br>- Жауапкершілік. Топтық жұмыс барысында өз қатарластарының алдындағы жауапкершілікті сезінеді.<br>- Қарым- қатынас жасау қабілеті. Өзге оқушылармен ой алмаса отырып қарым-қатынас жасау қабілеті дамиды. |
| Пәнаралық байланыстар | Дүние жүзі тарихы, география |
| Бастапқы білім | Алдыңғы білімді қорытындылау мақсатында білім алушылардан |

<table>
<tr><td></td><td colspan="4">сұрақ-жауап арқылы ой бөліседі.</td></tr>
<tr><td colspan="5">Сабақтың барысы</td></tr>
<tr><td>Сабақтың кезеңі/ уақыт</td><td>Педагогтің әрекеті</td><td>Оқушының әрекеті</td><td>Бағалау</td><td>Ресурстар</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастыру кезеңі</td><td>«Допты лақтыр» әдісін қолданамыз. Оқушылардың назарын сабаққа аудару үшін алдыңғы өткен тақырып бойынша сұрақтар қоямыз, жаңа тақырыпқа жетелейміз. Оқушыларды сабақтың тақырыбы және мақсатымен таныстыру</td><td>Оқушы жауаптарын ортаға салады. Өз пікірлерін айтады.</td><td>ҚБ «Мадақтау»</td><td>Оқулық, доп, интерб елсенбі тақта, стикер</td></tr>
<tr><td>Жаңа сабақ</td><td>1-тапсырма: «Мәтінмен жұмыс» әдісі. (барлық оқушылар орындайды). Оқушылар «Тоқырау жылдарындағы демографиялық үрдістер» деген мәтінмен танысады.<br>Толық мазмұндап, талдап беріңдер: (білу, түсіну)
<table>
<tr><td>Сұрақ</td><td>Анықтама</td></tr>
<tr><td>1965 жылғы реформалардың жағымды түйіні барлық жоспарлық көрсеткіштер әске асырылған, сегізінші бесжылдық болды. Алайда бұл реформа жартылай аяқталмаған сипат алуының баст себебі туралы айтыңдар.</td><td></td></tr>
<tr><td>Шаруашылық реформасы белгілеген шаралар басқарудың жаңа тетігі тұжырымдамасын қалыптастырудағы алғашқы қадам еді. Экономикалық басқарудың жаңадан құрылған жүйесі даму барысында қол жеткен шептерден бірте-бірте айырыла бастады. Н ге реформа кемшіліктерге ұрындырды? Мысал келтіре дәлелдеңдер.</td><td></td></tr>
<tr><td>Үкіметтің қаулысымен 18 совхоз толық</td><td></td></tr>
</table></td><td>Дескриптор:<br>білім алушы:<br>-Реформа жартылай аяқталмаған сипат алуының басты себебі туралы тұжырымдар жазады.<br>-Неге реформа кемшіліктерге ұрындырғандығы туралы тұжырымдар жазады.<br>-<br>Ауылшаруашылық өнімдерін өндірудің жалпы көлемі туралы тұжырымдар жазады.</td><td>«Бағалау шкаласы» арқылы бағалау<br><br>«Бағала</td><td>Тірек-сызбалар<br><br>Кесте</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шаруашылық есепке көшірілді. Басшылардың құқықтары кеңейтіліп, олардың әрбір совхоздың өндірістік қызметінің нәтижелері үшін жауапкершілігі арттырылды. Совхоздарды шаруашылық есепке көшіру жағдайды жақсартты. Алайда ауылшаруашылық өнімдерін өндірудің жалпы көлемі біртіндеп тежеле береді. Себептері неден деп ойлайсыңдар? | | Дескриптор: білім алушы:<br><br>-«Ұжымдастыру» жылдарындағы демографиялық өзгерістердің себептері мен салдарын анықтайды<br>-«Тоқырау» жылдарындағы демографиялық өзгерістердің себептері мен салдарын анықтайды | у шкалас ы» арқылы бағалау | Ақпар аттық мәтін<br><br>Таратп а матери ал |

2-тапсырма: Оқушының алған білімдерін жақсы ажырата алуына ықпал ету үшін, оқушылардың қажеттілігін анықтау үшін өткен жылғы олқылықтардың орнын толтыру мақсатында қосымша «Қазақстандағы ұжымдастыру саясаты» туралы ақпараттық мәтін беремін. «Деректермен жұмыс» тәсілін қолданамын. Тапсырма беріледі (басым бөлігі мен кейбір оқушылар орындайды)

| Ұжымдастыру жылдарындағы демографиялық өзгерістердің себептері мен салдарын анықтау | Тоқырау жылдарындағы демографиялық өзгерістердің себептері мен салдарын анықтау |
|---|---|
| | |

«Бағалау шкаласы»

| Тапсырма түрлері | 1-10 ұпай |
|---|---|
| «Допты лақт р» әдісі | |
| «Мәтінмен жұмыс» әдісі | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | «Деректермен жұмыс» әдісі | | | |
| Қорытынды | «Шабадан-ет тартқыш-себет» әдісі. Оқушылар бүгінгі тақырыптағы алған білімдерінің өздері үшін қаншалықты құнды екенін осы әдіс арқылы көрсетеді.<br> <br>Әрі қарай менің керегіме жарайды;<br><br>Алған ақпаратты өңдеймін;<br>Барлық ақпаратты тастаймын. | Стикерлерге жазады көрсетілген суретке іледі | | А4 |
| Үй тапсырмасы | Қазіргі кездегі демографиялық процестерге баға бер. | «Эссе» жазады | Критерилер арқылы бағалау | |

IV.2. Үлгі

| | |
|---|---|
| Бөлім: | Қазақстан қайта құру кезеңінде (1986-1991 жылдар) |
| Педагогтің аты-жөні | Галымова Жадыра Мелисхановна<br>Семей қаласы Ыбырай Алтынсарин атындағы № 37 гимназиясы» тарих мұғалімі |
| Сабақтың тақырыбы | Қазақстандағы 1986 жылғы Желтоқсан оқиғалары<br>Зерттеу сұрағы: Қазақстандағы 1986 жылғы Желтоқсан оқиғаларының сипаты қандай болды? |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары | 9.3.1.5 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының тарихи маңыздылығына баға беру;<br>9.3.1.4 әміршіл-әкімшіл саясатқа қарсы халық наразылықтарын салыстырып, талдау<br>8.3.1.7 XX ғасырдың 20-30 жылдардағы әміршіл-әкімшіл жүйе саясатының зардаптарын талдау. |
| | сабақтың өн бойына жүреді.Бағалау: +,--,қызық тәсілі бойынша бірін-бірі,«Бағалау парағы» бойынша өзін-өзі бағалайды)<br><br>«Білім» тобының оқушыларына Ғылым мен білім беру жүйесіндегі кедергілер<br><br><br><br><br>Вознесенск кафедралы соборы 1904–1907 ж.ж. Алматы қаласы, 28 гвардияшыл-панфиловшылар саябағында орналасқан (Медеу ауданы, Гоголь көшесі, 40 «В»). 1872 ж. облыстық епархия Ташкенттен Верныйға көшірілуіне байланысты қалада жаңа шіркеу (собор) салу мәселесі тұрады. 1884 ж. жаңа собор ғимараты салынғанымен, үш жылдан кейін шіркеу жер сілкінісі салдарынан қирайды. Сондықтан шіркеудің іргесін қалау салтанатты түрде 1904 ж. 26 қыркүйекте басталып, Верный қаласының құрылғанына 50 жыл толуына орай 1907 ж. аяқталады. Вознесенск соборы 1911 ж. қаңтар айында болған қуатты жер сілкінісіне шыдап, сейсмологиялық тұрақтылығының жоғарғы деңгейін көрсетеді.КСРО-ның атеизмді насихаттау саясатына байланысты 1929–1994 ж.ж | Дескриптор: Білікті кадрлардың жетіспеушілігі мен қатаң идеологиялық бақылау және 30-50 жылдардағы репрессияның әсерін оқушы ойымен ашады | Бағалау критерийі: Білікті кадрлардың жетіспеушілігі мен қатаң идеологиялық бақылау және 30 жылдардағы репрессияның әсерін оқушы ойымен ашу.<br><br>Бағалау критерийі: Ғылыми-зерттеу институттарының атаулары мен орналасқан өңірлері туралы мәліметтер беру | https://kk.wikipedia.org/wiki |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Вознесенск соборы ғибадат үшін емес мәдени қажеттіліктер үшін пайдаланылады: 1929 ж.Қазақстанның Орталық музейі болады. Онда Алматыға жер аударылған жазушы Ю. Домбровский ғылыми қызметкер болып жұмыс істейді.<br><br>«Руханият» тобы оқушыларына.Ғылыми-зерттеу институттары<br><br>«Ғылым» тобы оқушыларына: «Мәтінмен жұмыс»<br><br><br><br><br>М.Е. Массонның ғылыми зерттеу жұмысына бастама болған кесене .<br><br><br><br>Қарашаш ана кесенесінің киелі дәстүрі Қожа Ахмет Яссауидің анасы болып, ол қайтыс болғаннан кейін осы жерге тұрғызылған деген аңызға айналған әңгімелерге сүйенеді. Жазба деректер бойынша, ең бастысы «Мадинат-әл-Байда мен Испиджаб әулиелері хақындағы трактаты» (XVII ғ. соңы–XVIII ғ. басы) мен XIX–XX ғ. басындағы фольклорға негізделеді. Сол уақытта ескерткіштің қазіргі атауы пайда болған аңыз-әңгімелер бойынша кесене күмбезінің ұшар ба- сына Қожа Ахмет Яссауи анасының бір бұрым қара шашы байланған, осылайша оның лақап | Дескриптор: 1.Ғылыми-зерттеу институттарының атаулары мен орналасқан өңірлері туралы «Дара диаграмма» арқылы мәлімет тер береді<br><br>Дескриптор: 1.Кесене тарихын қысқаша баяндайды Бағалау критерийі: | | https://kk.wikipedia.org/wiki |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | есімі мен кесененің аты – «Қарашаш ана» пай- да болады. Оның шын есімі Айша бибі (Айша қатын). XVII ғ. аяғындағы аңыз-әңгімелер бойынша ол – Қожа Ахмет Яссауидің әкесі Ибраһим атаның ең танымал шәкірттерінің бірі болған Мұса шейхтың қызы. Ескерткіш туралы деректер 1925 ж. жарық көрген М.Е. Массонның «Старый Сайрам» тарихи-археологиялық очеркінде кездесуі ғылыми зерттеу жұмысына бастама болады. М.Е. Массон ғимараттың тұрғызылуын өз көзімен көрген адамдардан жинаған ақпараттарға байланысты қазіргі кесене 1851–1852 ж.ж. салынған деп мәлімдейді. Бұл кезеңде Оңтүстік Қазақстан қоқандықтардың қол астына бағынып, Сайрам Қоқан хандығының құрамына ташкенттік биліктегі уәлаяттардың бірі ретінде кіреді, осы кезде діни ғимараттардың құрылысы жанданады. Оңтүстік Қазақстан Ресейге қосылғаннан кейін 1860 ж.ж. бастап кесене бірнеше рет қалпына келтірілгенін жоққа шығаруға болмайды, оны қабырға қаландысының ерекшеліктері төменгі қатарларының бірнеше кірпіші ғаныш ерітіндісімен, ал жоғары қарай балшықты пайдалану арқылы тұрғызылғандығы көрсетеді.<br><br>Дескриптор:Ғылым,білім саласындағы белгілі қайраткерлерге хат жазу | Кесене тарихын қысқаша баяндау.<br><br>Жеке жұмыс. «Кейіпкерге хат» (Кері байланыс сабақтың өн бойына жүреді. Бағалау: +,-- ,*қызық* тәсілі бойынша бірін-бірі,«Бағалау парағы» бойынша өзін-өзі бағалайды) | | |
| Сабақтың соңы 5-минут | | Кері байланыс | | |
| Үйге тапсырма | § 43-44 оқу. Қосымша мәліметтерді жинақтау | | | |
| Саралау – оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз ? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет | Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз? | Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы | | |

| | | |
|---|---|---|
| қоюды жоспарлап отырсыз? | | |
| Сабақ бойынша рефлексия<br>Сабақ мақсаттары/оқу мақсаттары дұрыс қойылған ба? Оқушылардың барлығы ОМ қол жеткізді ме?<br>Жеткізбесе, неліктен?<br>Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме?<br>Сабақтың уақыттық кезеңдері сақталды ма?<br>Сабақ жоспарынан қандай ауытқулар болды, неліктен? | | |
| Жалпы баға<br>Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?<br>1:<br>2:<br>Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?<br>1:<br>2:<br>Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік/қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет? | | |

## VII.3. Үлгі

| Ұзақ мерзімдік жоспардағы тарау: 9.1А ХХ ғасырдың басындағы Қазақстан | |
|---|---|
| Педагогтың аты-жөні | Мұғалімнің аты-жөні: Бегимова Сандугаш Елубаевна<br>Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, «Атамекен» жалпы орта мектебінің тарих мұғалімі<br>Усенбеков Марат Кабылханулы. Облыстық әдістемелік орталықтың тарих және құқықтану пәні әдіскері. |
| Сабақтың тақырыбы | Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс |
| Оқу мақсаты | 8.3.1.2 ХХ ғасырдың басындағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси процестерге баға беру;<br>8.3.1.3 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің тарихи маңызын анықтау және тұлғалардың рөліне баға беру |
| Зерттеу сұрағы: | 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс неліктен бүкілхалықтық сипат алды? |
| Сабақтың мақсаты | Тарихи айғақтарды талдау және бағалау негізінде дәйекті қорытынды жасау дағдыларын дамыту. |
| Жетістік критерийлері | Оқушылар ассоциативті карта жасап, 1916 ж көтерілістің екі қысқа мерзімді, екі ұзақ мерзімді себептерін түсіндіре алады.<br>1916 ж көтерілістің сипатын, қозғаушы күшін, жетекшілерін, ошақтарын біледі.<br>Тарихи фактілерге сүйене отырып, 1916 ж көтерілістің кемінде екі тарихи маңызын атай алса, аргументтермен негіздейді |
| Тілдік мақсаттар | Оқушылар әртүрлі деңгейдегі тапсырмаларды орындай отырып, ауызша және жазбаша өз ойларын бере алады. |
| Қалыптастыратын | Өзіне құрмет, басқаға құрмет:Сабақ барысында, мұғалім және |

| | |
|---|---|
| құндылықтар | оқушы бір-бірін тыңдайды және сыйлайды. |
| | Академиялық шынайылық:Сабақ барысында өзара бағалау кезінде әділ бағалауды үйренеді. |
| | Өмір бойы оқу:Оқушы практикалық тапсырманы орындау барысында өткен сабақтың білімін қолданады. |
| | Ынтымақтастық:Топтық жұмысты орындау барысында өзара байланысқа түсе отырып берілген сұрақтардың жауабын табады. |
| | Азаматтық жауапкершілік және патриотизм: |
| Пәнаралық байланыс | География пәні бойынша карталар арқылы жер-су атауларын анықтап, қолданады.<br>Әдебиет: өлеңдерді дереккөз ретінде пайдаланады |
| АКТ-құндылықтары | АКТ-ны қолдана отырып презентация және бейнеролик көрсету. |
| Алдыңғы білім | XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси үдерістерді біледі |

Сабақтың барысы

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| 0-10 | I.Қызығушылықты ояту: Ұйымдастыру: амандасу-түгендеу<br>1.Неліктен Ресей Қазақстанды Азияға шығудың «кілті мен қақпасы» деп санады?<br>2.Әбілқайыр хан Анна Иоанновна патшайымға жазған хатының себептері мен салдарлары қандай болды?<br>М/Б 1. XX ғ. басындағы саяси ахуалды жеткізу Амангельді фильмінен үзінді көрсету<br>2. Бейне таспадағы негізгі ойды және көріністі айқындау<br>3. Берілген бейне таспа бойынша үш сөйлем құрастыру<br>4. Жазылған ойларын ортаға салады<br>Негізгі ой: Отарлау саясаты<br>Бейне таспаны ашатын сұрақ:<br>• Бұл оқиғада қандай мәселе көтеріліп тұр? | Мұғалімнің сұрақтарына жауап береді<br><br>Амангельді фильмінен үзінді көреді және негізгі ойды, көріністі айқындап, үш сөйлем құрастырады. Жазылған ойларын ортаға салады | ҚБ «Ауызша мадақтау» | Бейнефильмнен үзінді: 1916 жылғы тарихи оқиға: https://www.youtube.com/watch?v=FWgkLYPnz0I<br><br>Қаһарлы 1916 жыл: Құжаттар мен материалдар жинағы — Грозный 1916 год: Сборник документов и материалов / Гл. редактор М.К. Козыбаев. Отв. сост. Ж.Б. Сулейменов |
| 10-60 | II. Мағынаны тану<br>М/Б 1. Оқушылар мәтін арқылы ұлт-азаттық көтерлістің барысын кестеге түсіреді<br>Танымдық мәтін:<br>1914 жылы патшалық Ресей дүниежүзілік соғысқа тартылды. Бірінші дүниежүзілік империалистік соғыс барлық халықтарға, соның ішінде Қазақстанға да асар ауыр | Кестемен жұмыс | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | зардаптарын тигізді. Ол патша чиновниктері мен жергілікті әкімдерінің және байлардың зорлық –зомбылығы мен озбырлығын күшейтті. Николай II патшаның 1916 ж. 25 маусымдағы “Реквизициялау туралы” жарлығы шықты. Жарлық бойынша Қазақстан, Орта Азия мен ішінара Сібірдің “бұратана халықтарының” ер-азаматтарынан (19 бен 43 жастың аралығында) майданның тыл жұмыстарына (қорғаныс құрылыстары мен әскери қатынас жолдарын салу, окоптар қазу, т.б.) 400 мың адам (оның ішінде қазақтардан 240 мыңға жуық) алу белгіленді. Сонымен қатар, империяның еуропалық бөліктерін Қазақстанға 2 млн 400 мың адам қоныстандырылып, 1916 жылға дейін қазақтардан 45 млн. десятина ең шұрайлы жерлерін тартып алынды. Бұл жергілікті халықты таулар мен шөл далаларға ығысуға мәжбүр етті. Соғыс қажетіне Қазақстаннан орасан көп жылқы, ауыл шаруашылық өнімдері жөнетілді. Жергілікті халыққа әскери салық салынып, әр отбасына көлемі 1 сом 84 тиын мөлшерінде белгіленді. Шаруалардың ірі қара малы мен мал азығын соғыс қажетіне алу күшейді. Осынның бәрі егістік жердің қысқаруына, ірі қара мал басынның азаюына әкеп соқтырды. Елдің өнеркәсібіндегі жалпы күйзеліс пен ауыл шаруашылығының күйзелуі Қазақстан экономикасын құлдыратты. Қалалар мен ауылдардағы еңбекші бұқараның жағдайы күрт төмендеді.Осылай<br>- отарлық езгінің күшеюі, жерді тартып алу, салықтардың көбеюі, еңбекшілерді аяусыз қанау, күштеп орыстандыру саясаты, ұлттарды кемсіту соғысқа байланысты жағдайының нашарлауы стихиялы түрде басталған қозғалыс біртіндеп, ұлт-азаттық көтеріліске ұласты. Оны еңбекші халық өкілдері басқарды. Торгай даласында көтеріліске Амангелді Иманов, Орал облысы мен Бөкей Ордасында Сейітқали Меңдешев, Әбдірахман Әйтиев | Көтерілістің қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді себептерін айқындайды | | . — Алматы: Қазақстан, 1998. Т. 2. — 247 б.<br><br>Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 4-том. – Алматы, 2010<br><br>С. Сабырұлы. Қазақстан тарихы. – Алматы: Жеті жарғы, 2012<br>Г.В. Кан, Н.У.Шаяхметов. Қазақстан тарихы. – Алматы: Алматы кітап, 2012<br>К. Бегалин. Империя құрамында. – Алматы: Аруна, 2013<br>Қазақтардың 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі<br>Источник: http://e-history.kz/kz/contents/view/841<br>© e-history.kz<br><br>Национально- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жетекшілік етті. Маңғыстауда - Жалау Мыңбаев, Жетісуда Тоқаш Бокин, Бекболат Әшекеев, Үзақ Саурықов және тағы басқалар басқарды. Ұлт-азаттық көтеріліске қазақ жұмысшылары да қатынасты. Спасск мен Қарқаралы зауыттарындағы, Успенск мен Жезқазған кеніштеріндегі, Қарағанды мен Екібастүз көмір кендеріндегі, Ембі мұнай кәсіпшіліктеріндегі, Омбы, Орынбор-Ташкент темір жолын-дағы жұмысшылар жұмыстарын тастап, көтерілісшілерге келіп қосылды.<br>М/Ж<br>Көзқарасты айқындайтын сұрақ:<br>• «Неліктен ұлт зиялылары екіге бөлінді»?<br><br>Социал-демократтар Революцияшыл топ өкілдері - Ә.Жангелдин, Ә.Иманов, Т.Бокин, Б.Әшекеев, Ж.Мәмбетов қара жұмысқа барудан бас тартып, халықты көтеріліске шақырды. Мен осы топ өкілдерін қолдаймын, себебі....<br><br>Либерал-демократтар Либералдық-демократиялық зиялылар - Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов патша үкіметімен келісімпаздық (компромистік) бағыт ұстанды. Мен осы топ өкілдерін қолдаймын, себебі....<br><br>Ал Тоқаш Бокин, Жаңабай Ниязбеков, Әубәкір Жүнісов, Тұрар Рысқұлов, Сейітқали Меңдешев, Бәймен Алманов, Әліби Жангелдин, т.б. радикалды көңіл-күйдегі оқығандар мен<br><br>Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатовтар 1916 жылы тамыздың 11-інде жарық көрген «Алаштың азаматы» атты үндеуінде: «Біздің | 1. Жұпта жұмыс жасай отырып, қазақ зиялыларының көзқарастарын анықтайды<br>2. Өз көзқрастарын тұжырымдайды.<br><br>Кестемен жұмыс | Сұрақтардың дұрыс жауабы арқылы бағалау | освободительное восстание 1916 года в Казахстане:<br><br>http://1916.kg/ru/articles/nacionalno-osvoboditelnoe-vosstanie-1916-goda-v-kazahstane |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | белсенділер халықты ашық қарулы қарсылыққа шақырды. | жұртқа айтарымыз – бұған көнбеске болмайды. Көнгенде – шаруаға кемшілік те келер, барған жігіт қазаға да, бейнетке де ұшырар, бірақ елдің іргесі бұзылмас. Көнбегенде көретін ауырлық – бағынып тұрған үкіметтің жарлығынан бас тартсақ, үкімет бізге құр өкпелеп қоймас, күш жұмсар, ол күшті законға сүйеніп істер?» – дейді. | | | |
| | ТОП: Торғай көтерілісі<br>Торғай уезінде Амангелді Иманов бастаған ірі көтерілісшілер жасағы құрылды. Торғай уезінің қазақтары Әбдіғапар Жанбосынды өздерінің ханы етіп сайлады. Әскердің бас сардарбегі болып Амангелді Иманов, оның көмекшісі етіп Оспан Шолақов тағайындалды. Амангелдінің әскері көтерілісшілердің басқа жасақтарынан үйымдасқандығы және тәртібімен ерекшеленді. Сарбаздар ондық, жүздіктер мен мыңдықтарға бөлінді. Басқару жұмысы штаб міндетін атқарған Әскери Кеңес арқылы жүзеге асырылды.<br>23 қазан кцні Амангелді бастаған 15 мың көтерілісші Торғай қаласын қоршады. Қазан әскери округі әскерлерінің қолбасшысы әскери министрге жолдаған хабарында: «Торғай және Ырғыз уездеріндегі жағдайдың тез нашарлап бара жатқанын, Торғаймен тек телеграф | М/Т 1. Оқушыларға топтарға бөліп, Көтерілістің ошақтарын ұсыну<br>2. Топтар көтерліс ошағын оқи отырып, тарихи маңыздылықты айқындайды | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | байланысы ғана емес, барлық қарым-қатынастың үзілгенін, Ырғыздың қоршала бастағанын» баяндады. Сонымен бір мезгілде көтерілісшілердің Торғай мен Ырғызды басып алып, Орынбор-Ташкент темір жолындағы қозғалысты тоқтатып тастау ойының бар екендігі хабарланды.<br>1916 жылдың қарашасында көтерілісшілердің саны 50 мыңға жетті. Көтерілісшілер жергілікті отарлық өкімет орындарының жұмысын толықтай дерлік тоқтатты. Жазалаушы отрядтар көтерілісті баса алмады. Генерал Лаврентьев басқарған арнайы экспедициялық корпус құрылды. Корпус шабуылды бірден үш бағыттан - Қостанай, Ақтөбе мен Шалқардан бастады.<br>22-24 ақпан күндері көтерілісшілер жазалаушылармен соңғы шайқасын Доғал Үрпек ауданында өткізді. Бірнеше жүздеген әйелдер, қарттар мен балаларды, мыңнан аса сарбаздарды өлтірді. Ақпанның соңында Доғал Үрпекті көтерілісшілердің қолында қалдырып, жазалаушылар шегінді. Ақпан төңкерісінің жеңісінен соң даладағы көтерілісшілер отрядтарының саны шұғыл өсті. 1917 жылдың соңында Амангелді Торғайды алды.<br>ТОП: Жетісу көтерілісі.<br>Тамыз айының ортасында Верный, Жаркент, Лепсі уездерінде халық көтеріліске шықты. Көтерілісті оның танымал жетекшілері Бекболат Әшекеев, Тоқаш Бокин, Жәмеңке Мәмбетов, Үзақ Саурықов, Аққөз Қошановтар басқарды.<br>1916 жылы жазда көтерілісшілер Қарқара жәрмеңкесін қоршады. Толқуларға 5 мыңнан аса адам қатынасты. Көтерілісшілер Жаркент уезінде Таврия, Владислав, Краснояр, Мещеры т. б. қоныстарға шабуыл жасады. Жайылмыш | Торғай көтерілісінің тарихи маңыздылығын айқындайды<br><br>Жетісу көтерілісінің тарихи маңыздылығын айқындайды | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | болысының көтерілісшілері подполковник Базилевичтің жазалаушы отрядымен шайқасты. Верныйдан әскербасы Фольбаум өзіне бағыныштыларға телеграфпен: «Қазақтардың аз адам болса да шоғырлануын бүлік деп санаңдар, ондайды басып-жаныштаңдар, болыстыққа үрей таратып, бүлікшілерді түтқындаңдар, далалық сотқа беріңдер, бірден дарға асыңдар... Күдікті деп есептелгендерден кез келгені үсталса, басқаларға үлгі болу үшін дереу дарға асыңдар» деп нүсқау берді. Көтерілісті басып- жаныштау мен жергілікті халықты адам қоныстанбайтын жерлерге түгелімен тықсыруды жоспарлаған генерал Куропаткин Жетісуға аттанды.<br>Патша үкіметі Жетісудағы көтерілісті басу үшін құрамында пулемет және зеңбірек командасы бар 95 рота мен 24 казак отрядын аттандырды. Жазалаушы әскермен ірі шайқастар Асы мен Қарқара жайлауларында, Самсы стансасы маңында, Қастек, Нарынқол өңірлерінде, Лепсі уезінде және басқа жерлерде өтті. Патшаның зеңбірек, пулеметпен қаруланған жендеттері қыспаққа алған көтерілісшілер жеңіліске үшырады. Көтеріліс аса қатыгездікпен, аяусыз басып тасталды. Бейбіт түрғындар қырылды, мал-мүлік тартып алынды. Аман қалған халықтың бір бөлігі Қытайға ауып кетті. 1916-1917 жылдары көтеріліс бүкіл Қазақстанды қамтып, ұлт-азаттық қозғалыс дәрежесіне дейін өсті.<br>Көтерілістің тарихи маңызы:<br>1. Қазақ халкының революциялық таптық санасы өсті.<br>2. Қазақстан халықтары ұлттық мүдделерінің ортақтығын ұғынды.<br>3. Қозғалыс барысында өкімет құрылымы, қарулы күштер, басқару аппараты құрылды.<br>4. Ресей империясындағы азаттық күрестің шырқау шыңы болды. | Көтерілістің тарихи маңыздылығын айқындайды | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 5. Қазақ халқының отарлау саясатына қарсы күрес жүргізе алатын күш екенін көрсетті.<br>6. 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс империяға қарсы көтерілістердің ішіндегі ең ірісі болды. Көтеріліс революцияға алғышарт қалыптастырды. | | | |
| 70-80 | М/Б 1.<br>• «Жұрт сеңдей соғылды,түнде ұйқыдан,күндіз күлкіден айырылды» М.Дулатұлы<br>• «Қазақ секілді іргелес жұрт өзгелер қатарында соғыс майданында қару жарақ асынып,мемлекетті қорғауға лайық еді,қатарда жоқ қара жұмысқа байлануын кемшілік санаймыз» А.Байтұрсынұлы<br>• «Қазақ қырғыз осы көтерлісте көп адамын өлтіріп,шаруасын күйзелтсе де келешекте қандай ел екенін білдіреді» Ә.Бөкейханов | | Оқушылар қазақ зиялыларының цитаталарын оқи отырып, олардың іс-әрекетіне өзіндік баға береді. | |
| Қосымша ақпарат | | | | |
| Саралау –оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз? | | Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз? | | Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы |
| Қабілетті төмен оқушылар:<br>Кестенің кейбір пункттерін толтырады<br>Қабілеті орташа оқушылар:<br>Екіден кем емес аргументтерді дәледей алады | | Берілген мақсаттар бойынша құрастырылған тапсырмаларды оқу барысында және АКТ-дан дұрыс жауапты көрсете отырып қалыптастырушы жұмыс жүреді | | |

| | |
|---|---|
| Қабілеті жоғары оқушылар:<br>Барлық пункттерге дәйекті аргументтер бере алады | Бөлмедегі қауіпсіздік жағдайды қадағалау;<br>Оқушылардың денсаулығын қадағалау;<br>Сергіту сәттері мен белсенді іс-әрекет түрлері. |
| Жалпы баға<br>Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?<br>1:<br>2:<br>Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?<br>1:<br>2:<br>Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік/қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?<br>1:<br>2: | |

## VII.4. Үлгі

| | | |
|---|---|---|
| Педагогтың аты-жөні | Мұғалімнің аты-жөні: Бегимова Сандугаш Елубаевна<br>Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, «Атамекен» жалпы орта мектебінің тарих мұғалімі<br>Усенбеков Марат Кабылханулы. Облыстық әдістемелік орталықтың тарих және құқықтану пәні әдіскері. | |
| Уақыты: | | |
| Сынып: 8 | Қатысқан оқушылар саны: | Қатыспағандар: |
| Сабақтың тақырыбы | XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақ өнерінің дамуы<br>Зерттеу сұрағы: Қазақ өнерінің жаңа белеске көтерілуі неден байқалды? | |
| Осы сабақ арқылы жүзеге асырылатын оқу мақсаттары | 8.2.2.4 Әміре Қашаубаев пен Қажымұқан Мұңайтпасұлының қазақ халқын әлемге танытудағы рөліне баға беру;<br>8.2.2.1 қазақ зиялыларының шығармашылық мұрасын талдау және қоғамдық санаға тигізген әсеріне баға беру;<br>8.2.2.3 өнер мен әдебиеттегі өзгерістерді анықтау | |
| Сабақтың мақсаты | XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақ өнерінің айрықша жетістіктерін анықтайды. Қазақ зиялыларының еңбектерін талдап, мәдениет саласындағы кеңестік идеологияның ерекшеліктеріне баға береді. | |
| Бағалау критерийлері | ➢ Әміре Қашаубаев пен Қажымұқан Мұңайтпасовтың қазақ халқының өнерін әлемге танытудағы рөлін бағалайды.<br>➢ Ә.Қастеевтің «Түрксіб» картинасы мен Н.Г.Хлудовтың "Жасауыл" картинасындағы негізгі идея мен ерекшелігін анықтайды.<br>➢ Қазақ зиялыларының еңбектерін бағамдап, олардың қоғамдық санаға тигізген әсерін бағалай алады. | |
| Тілдік мақсаттар | Тілдік дағдылар: Оқылым, жазылым, айтылым.<br>Термин сөздер: музыка, театр, кино, опера, көркемсурет<br>Диалогқа/жазылымға қажетті тіркестер<br>Мен бүгін білдім, қазақ өнерінің дамуына үлес қосқан тұлғалар.....<br>Қазақ өнерінің жаңа белеске көтерілуіне олар мынадай үлес қосты, мысалы..... | |

| | |
|---|---|
| | Қазақ зиялыларының шығармашылық мұралары қоғамдық санаға былайша әсер етті.....<br>Менің келесі сабақта білгім келеді.. |
| Құндылықтарды Дамыту | Топтық жұмыста «Мәңгілік ел» бағдарламасының үшінші құндылығында көрсетілген «Зайырлы қоғам және жоғары руханият » құндылығы сұрақ қою арқылы қамтылады. Сыни тұрғысынан ойлау, топтық, жұптық жұмыста ынтымақтасу, бір- біріне құрметпен қарау,жауапкершілікті ұғыну дағдылары артады. |
| Пәнаралық байланыстар | Өнер, дүниежүзі тарихы |
| АКТ қолдану дағдылары | Бейнежазбалар, презентация, суреттер,т.б. |
| Алдыңғы меңгерілген білім | Оқушылар 7 сыныпта оқып білген орта ғасырлардан бастап XX ғасырдың басына дейінгі Қазақ әдебиеті мен дәстүрлі өнерінің үздік туындылары, қайраткерлерін туралы білімдеріне сүйену мүмкіндіктері бар |

Сабақ барысы

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Басы<br><br>7 мин | Ұйымдастыру кезеңі<br>Ынтымақтастық атмосферасын орнату<br>«Миға шабуыл: сұрақ, тағыда сұрақ» - Оқушылардан өткен тақырыптар бойынша алған ақпараттарын сұрау арқылы үй тапсырмасына дайындықтары тексеріледі.<br>*1.Ш.Құдайбердіұлы, М.Көпейұлы, Қ.Халид еңбектерінің тарихи құндылығы неде?*<br>*2.Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Қ.Халид еңбектерін тарихи дерек ретіндегі маңызын еске түсіру*<br><br>Топқа бөлу. Түрлі түсті стикерлерді қолдана отырып, оқушылар топқа бөлінеді:<br>1- топ: «Театр» (көк)<br>2- топ:«Кино» (сары)<br>3- топ:«Бейнелеу өнері» (жасыл)<br>4- топ:«Музыка» (қызғылт сары )<br>«Тоқталынған кадр» тренингі арқылы бейнежазба көрсетіледі.<br>Ой шақыру.<br>- Бейнежазбадағы тұлғалар туралы не білесіздер?<br>- Осы тұлғалар қазақ өнерінің дамуына қалай әсер етті?<br>- Қазақ өнер тұлғаларының шығармашылық мұраларының қоғамдық санаға әсері қандай болды?<br>(Сұрақтарға жауап беру арқылы оқушылар жаңа тақырыпқа болжам жасайды.) | Мұғалімнің сұрақтарына жауап береді<br><br>Топпен жұмыс «Тоқталынған кадр» тренингі арқылы бейнежазба бойынша сұрақтарға | | Түрлі түсті стикерлер, топтың аты жазылған қатырма қағаздар.<br>https://www.youtube.com/watch?v=EwBqaPneb2I<br>Постер, фломастер маркер. |

<table>
<tr><td></td><td>Осы сұрақтардың ортақ мазмұнына сәйкес жаңа сабақтың тақырыбы, мақсаты анықталады.</td><td>жауап береді</td><td></td><td>Интер белсе нді тақта</td></tr>
<tr><td>Ортасы<br><br>20 мин<br><br>11 мин</td><td>Топтық жұмыс. Оқушылардың назарына Ә.Қашаубаев пен Қ. Мұңайтпасов туралы бейнежазбалар көрсетіледі.<br>1-Тапсырма «Галерея» әдісі негізінде топтар мына критерий бойынша Ә.Қашаубаев пен Қ.Мұңайтпасовтың қазақ өнеріне қосқан үлесін анықтап, зерттеу жұмыстарын жүргізіп, постерлер арқылы жұмыстарын қорғайды
<table>
<tr><td>Критерий</td><td>Дискриптор</td></tr>
<tr><td rowspan="7">Ә.Қашаубаев пен Қ.Мұңайтпасовтың қазақ өнеріне қосқан үлесін анықтау</td><td>Ә.Қашаубаевтың қазақ халқының мәдениетін танытудағы рөлі қандай болды?</td></tr>
<tr><td>Қ.Мұңайтпасовтың қазақ халқының мәдениетін танытудағы рөлі қандай болды?</td></tr>
<tr><td>Ә.Қашаубаев неліктен кеңес билігі тапарынан құдаланды? Дәйектеңіз</td></tr>
<tr><td>Қ.Мұңайтпасов неліктен кеңес билігі тарапынан құдаланды? Дәйектеңіз</td></tr>
<tr><td>Ә. Қашаубаевтың шығармашылық мұрасына баға беріңіз?</td></tr>
<tr><td>Қ. Мұңайтпасовтың тарихи тұлғасына баға беріңіз?</td></tr>
</table>
2- тапсырма Жұптық жұмыс.<br>Жұптық жұмыс. «Қос сызық» әдісі<br>1 және 3 топ жұптарына беріледі. Ә.Қастеевтің «Түрксіб» картинасының негізгі идеясы мен ерекшелігін тірек-сызба түрінде көрсетіңіз<br>2 және 4 топ жұптарына беріледі. Н.Г.Хлудовтың "Жасауыл" картинасының негізгі идеясы мен ерекшелігін тірек-сызба түрінде көрсетіңіз.
<table>
<tr><td>Критерий</td><td>Дискриптор</td></tr>
<tr><td>Ә.Қастеевтің «Түрксіб» картинасы мен Н.Г.Хлудовтың</td><td>Ә.Қастеевтің «Түрксіб» картинасындағы</td></tr>
</table></td><td>Ә.Қашаубаев пен Қ. Мұңайтпасов туралы бейнежазбалар көреді<br><br>Ә.Қашаубаев пен Қ.Мұңайтпасовтың қазақ өнеріне қосқан үлесін анықтап, зерттеу жұмыстарын жүргізіп, постерлер құрастырады</td><td>«Екі жұлдыз бір тілек» әдісі арқылы бірін-бірі бағалау</td><td>Пари ж аспан ын әнге бөлеге н Әміре Қашау баев дауыс ы https://www.youtube.com/watch?v=gLgpufD8pDE Құш атасы-Қажы мұқан https://www.youtube.com/watch?v=VZrz3hI5Vnk</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | "Жасауыл" картинасына баға беру | негізгі идеяны көрсетеді.<br>Ә.Қастеевтің шығармашылық ерекшелігі неде? 2 дәйек<br>Н.Г.Хлудовтың "Жасауыл" картинасындағы негізгі идеяны көрсетеді.<br>Н.Г.Хлудовтың шығармашылық ерекшелігі неде? 2 дәйек | | | |
| | Оқушылар берілген тапсырманы жұп бойынша орындап, өз ой-пікірлерімен бөліседі, ортақ шешімге келеді.Топ жауаптарының дұрыстығына қарай «Үздік жұп», «Шапшаң жұп», «Ұйымшыл жұп» деп жіктеп, сараланады.«Екі жұлдыз бір тілек» әдісі арқылы оқушылар бірін-бірі бағалайды. | | | | |
| Соңы<br>2 мин | Қорытынды сұрақ. XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақ өнерінің айрықша жетістіктері қандай болды ? Қазақ өнерінің жаңа белеске көтерілуіне кімдер үлес қосты?<br>Рефлексия. «Аяқталмаған сөйлемдер» әдісі бойынша оқушылар сабақтағы іс-әрекеттеріне ауызша рефлексия жасайды<br>Мен бүгін білдім, қазақ өнерінің дамуына үлес қосқан тұлғалар.....<br>Қазақ өнерінің жаңа белеске көтерілуіне олар мынадай үлес қосты, мысалы.....<br>Қазақ зиялыларының шығармашылық мұралары қоғамдық санаға былайша әсер етті.....<br>Менің келесі сабақта білгім келеді....<br>Қорытындылау және қолдау арқылы саралау жүргізіледі. | | | | |
| | | | | | |
| Дифференциациялап оқыту – Оқушыларға көбірек қолдау көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндеттер қоюды жоспарлайсыз? | Бағалау – Оқушылардың білімін қалай тексересіз? | Пәнаралық байланыс<br>Қауіпсіздік ережелері<br>АКТ-ны қолдану<br>Құндылықтармен байланыс (тәрбие элементі) | | | |
| Коммуникативті дағдыларын дамыту мақсатында құрылған топтар/жұптар қабілеті | - кері байланыс<br>- «Галерея» әдісі барысында критерий мен дискриптор бойынша | XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақ өнерінің ірі жетістіктерін зерттеу,айқындау арқылы оқушылардың бойында | | | |

| | | |
|---|---|---|
| төмен оқушыларды қабілеті жоғары оқушылардың қолдау көрсетуін меңзейді. Мұғалім талқылау үрдісі кезінде барлық оқушылардың бірегей қатысуын қадағалау тиіс. Дәйекті дәлелдерге ғана негізделген қорытындыға жетудің мағынасының мәні, сыныптағы қабілеті төмен оқушы дәлелдерге негізделе отырып кем дегенде өзін ойын білдіре алады, ал қабілеті жоғары оқушы тәуелсіз, негізгі жауап береді. | бағалау .<br>-«Екі жұлдыз бір тілек» әдісі арқылы бірін-бірі бағалау<br>-«Аяқталмаған сөйлемдер» әдісі рефлексия | ұлтжандылық,адамгершілік қасиеттері қалыптасады. |
| Рефлексия<br><br>Сабақ мақсаты/оқу мақсаты қаншалықты жүзеге асты? Бүгін оқушылар нені үйренді? Оқыту ортасы қандай болды?<br>Дифференциялап оқыту өз мәнінде жүзеге асты ма? Өз уақытымды ұтымды пайдалана алдым ба? Жоспарыма қандай өзгерістер енгіздім және неліктен? | Төменде берілген бос орынды өз сабағыңызға рефлексия жүргізу үшін пайдаланыңыз. Сабағыңызға қатысты сол жақ бағанда келтірілген сұрақтарға жауап беріңіз.<br>Сабақ жоспар бойынша толықтай орындалды. Сабақ өз мақсатына жетті, оқушылар белгіленген дағдыларды қалыптастыра алды. | |
| Қорытынды бағалау<br>Қорытынды бағалау<br>Ең жақсы өткен екі нәрсені атап көрсетіңіз (оқытуға және үйренуге қатысты)<br>1:<br>2:<br>Қандай екі нәрсе немесе тапсырма сабақтың одан да жақсы өтуіне ықпалын тигізер еді (оқытуға және үйренуге қатысты)?<br>1:<br>2:<br>Осы сабақтың барысында барлық сынып немесе жекелеген оқушылар туралы келесі сабағыма қажет болуы мүмкін қандай ақпаратты білдім? | | |

## 45. «Қазақстан тарихы» оқу пәні, 10-сынып

I. Өткен оқу жылында өтілген оқу бағдарламасының мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттары

10-сыныпта «Қазақстан тарихы» пәнінен диагностикалық жұмыс жүргізу үшін 9-сыныпқа арналған «Қазақстан тарихы» пәнінен оқу бағдарламасының оқыту мақсаттары зерделенеді. Ол үшін негізгі орта білім беру деңгейінің 9-10-сыныптарына арналған «Қазақстан тарихы» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын қарастырамыз [21].

9-сыныптың мазмұнын толық қамтитын 4 бөлім бойынша оқыту мақсаттары

1) әлеуметтік қатынастардың дамуы:

9.1.1.1 Демографиялық өзгерістердің себеп-салдарлық байланысын талдау арқылы дәйекті қорытынды жасау

9.1.1.2 Өткен тарихи кезеңдермен сабақтастықты орнату арқылы қазіргі кезеңдегі демографиялық процестерге баға беру

9.1.1.3 Қазақстанның даму стратегиясындағы демографиялық саясаттың бағыттарын талдау

9.1.2.1 Қазіргі кездегі Қазақстан халқының әлеуметтік жағдайын статистикалық мәліметтер негізінде талдау

2) мәдениеттің дамуы:

9.2.1.1 Дәстүрлі және деструктивті діни ағымдар мен ұйымдардың іс-әрекетін талдау

9.2.1.2 Қазақстан халқы Ассамблеясының дінаралық, этносаралық келісім мен ішкі тұрақтылықты нығайтудағы ықпалын бағалау

9.2.1.3. «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының маңыздылығын бағалау

9.2.2.1 Кеңестік әдебиет пен өнер туындыларында қоғамдық өмірдің бейнеленуін талдау

9.2.2.2. Мұхтар Әуезов шығармаларының әлем әдебиетіндегі орнын бағалау

9.2.2.3. Қазіргі кездегі өнер мен әдебиеттің даму тенденцияларын айқындау

9.2.2.4. Ұлттық құндылықтарды жаңғыртуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың қажеттілігін негіздеу («Мәдени мұра», «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалары)

9.2.3.1. Е.Бекмахановтың Қазақстан тарихы ғылымына қосқан үлесін бағалау

9.2.3.2. Білім мен ғылым саласындағы мемлекеттік саясатқа баға беру

3) мемлекеттің дамуы:

9.3.1.1. Қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктерін түсіндіру және өзіндік интерпретация жасау

9.3.1.2. Қоғамдық- саяси қайраткерлердің ұлттық мүддені қорғаудағы рөліне баға беру

9.3.1.3. Қазақстан Республикасы Конституциясын мемлекеттің тұрақты даму кепілі ретінде бағалау

9.3.1.4. Әміршіл-әкімшіл саясатқа қарсы халық наразылықтарын салыстырып, талдау

9.3.1.5. 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының тарихи маңыздылығына баға беру

9.3.1.6. Қазақстанның тәуелсіздік жолындағы алғашқы қадамдарын анықтап, қорытындылау
9.3.1.7. Өткен оқиғалармен сабақтастықты орнатып, тәуелсіз Қазақстанның жариялануының тарихи маңызын түсіндіру
9.3.1.8. Тәуелсіз Қазақстанның қоғамдық-саяси дамуын талдау
9.3.1.9. Ұзақ мерзімді мемлекеттік стратегияларды талдау
9.3.1.10. Тәуелсіз мемлекеттің қалыпта-суындағы Елбасы Н.Назарбаевтың рөліне баға беру
9.3.1.11. Астананы жаңа Қазақстанның өркендеуінің нышаны ретінде айқындау
9.3.2.1. XX ғасырдың екінші жартысындағы әскери-өнеркәсіп кешендерінің Қазақстанға тигізген зардаптарын талдау
9.3.2.2. Қазақстан Республикасының халықаралық сахнадағы танылуына баға беру
9.3.2.3. Қазақстанның аймақтық және халықаралық ұйымдармен байланыстарын талдау
9.3.2.4. Қазақ диаспораларының тарихи Отанымен байланысының маңыздылығын айқындау
4) Қазақстанның экономикалық дамуы:
9.4.1.1. Кеңес үкіметі кезіндегі ауыл шаруашылығында орын алған өзгерістерге баға беру
9.4.1.2. Кеңес үкіметі кезіндегі орын алған әлеуметтік экономикалық мәселелерді талдау
9.4.1.3. Қазақстан Республика сындағы жекешелендіру процесінің экономикаға ықпалын талдау
9.4.1.4. Аграрлық секторды модернизациялау бағыттарын талдау
9.4.2.1. Өнеркәсіптің ахуалын анықтап, қорытынды жасау
9.4.2.2 Нарықтық экономиканың өндірістік қатынастарға әсерін талдау
9.4.2.3. Қазақстанның әлемдік экономикаға кірігуін талдау
9.4.2.4. Сыртқы сауданың экономикаға әсерін зерттеу

II. Іріктеп алынған оқыту мақсаттары бойынша диагностикалық жұмыстың үлгісі

Диагностикалық жұмыс «Қазақстан тарихы» оқу пәнінен білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды анықтау үшін, өткен оқу жылындағы 8-сыныпта өтілген оқу бағдарламасының мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттары бойынша жүргізіледі. Төменде ұсынылып отырған 4 бөлім бойынша оқыту мақсаттары бойынша тапсырмалардың үлгілері ұсынылады:
1) әлеуметтік қатынастардың дамуы:
2) мәдениеттің дамуы:
3) мемлекеттің дамуы:
4) Қазақстанның экономикалық дамуы:

1-нұсқа

1.Оқиғаларды сипаттамасымен сәйкестіру:

| | |
|---|---|
| 1. Тың игерудің жағымды жақтары | А. Астық өндірудің көлемі артты |
| | В. Мал жайылымдары азайды. |
| | С.Топырақ эрозиясы күшейді. |

| | |
|---|---|
| 2. Тың игерудің жағымсыз жақтары | D. Тұрғын үйлер құрылысы кең көлемде жүргізілді. |
| | E. Қазақша тілдік орта тарылды. |
| | F. Ет, сүт өнімдерінің тапшылығы. |
| 3.Тың игеру жылдарындағы мал шаруашылығының жайы | G.Қазақ мектептері азайды. |
| | H.Оңдаған мың шақырым жол төселді.. |
| | I.Жемшөп дайындайтын алқаптар тарылды. |

A)1- A,E,G;2- C,D,H; 3- B,F, I. B)1- A,E, I; 2 - B,F,G; 3- C,D,H. C) 1- A,D,H; 2- C,E,G; 3 –B,F, I. D) 1- B,F,I; 2 – C,E,G; 3-A, D, H. E) 1- A,D,H; 2 – B,F, I; 3 –C, E, G.

2.Тың және тыңайған жерлерді игеру туралы шешім қабылданған жыл:

A) 1950 ж B) 1954 ж C) 1948 ж D)1947 ж. E)1946 ж.

3.Тоқырау жылдарын ата?

A) 1970-1980 жж B) 1960-1980 жжC) 1980-1990 жжD)1960-1990 жж E) 1950-1990 жж

4. «Жас тұлпар» атты ұлттық-демократиялық бейресми ұйым қай қалада құрылды?

A) Павлодар B) Мәскеу C) ҚарағандыD) Семей E) Ақмола

2-нұсқа

1. Оқиғалардың хронологиялық ретін анықта:

1. Оралдағы казачествоға байланысты толқулар
2. «әл-Барака-банк-Қазақстан» банкі құрылды
3. «Невада-Семей» экологиялық қозғалысының құрылуы
4. Алматыдағы жаппай толқулар.
5. Шәкәрім Құдайбердіұлының ақталуы

A)1,3,2,4,5 B)5,4, 3,2,1 C) 1,2,3,4,5 D)4,5,3,2,1 E) 2,3,1,5,4

2.1991 жылы бүкілхалықтық сайлаумен президентікке келген:

A) Н.Назарбаев B) Г.Колбин C) Е.Асанбаев D) Ж.Шаяхметов E) Д.Қонаев

3. Оқиғалардың хронологиялық ретін анықта

1. Тамыз бүлігі.
2. Қазақстанның егемендігі туралы Декларациясының қабылдануы
3. Н.Ә.Назарбаев Қ.Р-ның Президенті болып сайланды.
4. Қазақ КСР –нің Қазақстан республикасы болып аталуы
5. Алматы кеңесі. ТМД құрыдың толық аяқталуы.

A)1,3,2,4,5 B) 5,4,3,2,1C) 1,2,3,4,5 D)3,1,2,5,4 E) 2,1,3,4,5

4. Кеңестік дәуірдегі мәдениет саласындағы болған өзгерістерді сипаттаңыз.

Әдебиет _____
Музыка _____
Бейнелеу _____
Кинематография _____

Диагностикалық тапсырмаларды бағалау жүйесі

1-тапсырма сәйкестендіру бойынша, әр дұрыс сәйкестік 1 ұпай.

1 нұсқа бойынша 2-4 тапсырмалар, 2 нұсқа бойынша 1-3 тапсырмалардың әрқайсысы бойынша жұмысты тексеру кезінде жауап дұрыс болса-1 ұпай, қате болса-0 балл қойылады.

5- Сипаттау бойынша тапсырмаға, әр дұрыс бір сөйлем 1 ұпай, жиыны 4-тапсырма бойынша 4 ұпай.

Тапсырмаларды берілген ретпен орындауға кеңес береміз. Уақытты үнемдеу үшін бірден орындауға болмайтын тапсырманы өткізіп жіберіп, келесіге өтіңіз. Егер барлық жұмысты аяқтағаннан кейін сізде уақыт болса, онда сіз жіберілген тапсырмаларға оралуға болады. Мүмкіндігінше көп тапсырмаларды орындауға тырысыңыз. Диагностикалық тапсырма 45 минут орындалады.

III. Сабақ барысында толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары

10-сыныпқа арналған «Қазақстан тарихы» пәнінен оқу бағдарламасын зерделеу нәтижесінде 9-сыныптағы «Қазақстан тарихы» курсының оқыту мақсаттарымен кіріктіруге болатын оқыту мақсаттары анықталды [21]. Кіріктіруге болатын оқыту мақсаттары ұсыныс түрінде берілген (45.2-кесте).

Кесте 45.1– 9-10-сыныптардың кіріктірілетін оқыту мақсаттары

| 10-сыныптың оқыту мақсаттары | 9-сыныптың оқыту мақсаттары |
|---|---|
| 10.1.3.1 – Орталық Азия халықтарының материалдық мәдениет жетістіктерін талдау арқылы адамзаттың дамуына қосқан үлесін қорытындылау;<br>10.1.3.2 – Орталық Азия халықтарының рухани мәдениеті мен ғылым саласындағы жетістіктерін талдау арқылы адамзаттың дамуына қосқан үлесін қорытындылау. | 9.2.1.3 «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының маңыздылығын бағалау<br>9.2.2.4 ұлттық құндылықтарды жаңғыртуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың қажеттілігін негіздеу («Мәдени мұра», «Болашаққа бағдар:рухани жаңғыру» бағдарламалары) |
| 10.3.4.5 Кеңестік кезеңдегі Қазақстанның қоғамдық-саяси дамуының жетістіктері мен қайшылықтарын талдау | 9.3.1.1 қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктерін түсіндіру және өзіндік интерпретация жасау |
| 10.3.4.3 Түркістан (Қоқан) және Алаш автономиясы түрінде мемлекеттік егемендікті қалпына келтіру тарихын зерттеу | 9.3.1.2 қоғамдық-саяси қайраткерлердің ұлттық мүддені қорғаудағы рөліне баға беру |
| 10.3.4.4 Қазақ мемлекеттілігінің кеңестік түрін түсіндіру үшін «автономдық кеңес республикасы», «кеңес одағы республикасы», «унитарлы мемлекет» ұғымдарын пайдалану | 9.3.1.3 Қазақстан Республикасы Конституциясын мемлекеттің тұрақты даму кепілі ретінде бағалау |
| 10.3.4.2 қазақ халқының мемлекеттік егемендікті қалпына келтіру үшін жүргізген күресін зерттеу | 9.3.1.4әміршіл-әкімшіл саясатқа қарсы халық наразылықтарын салыстырып, талдау 9.3.1.5 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының тарихи маңыздылығына баға беру<br>9.3.1.8 Тәуелсіз Қазақстанның қоғамдық-саяси дамуын талдау<br>9.3.1.6 Қазақстан ның тәуелсіздік жолындағы алғашқы қадамдарын анықтап, қорытындылау |
| 10.3.4.1 Қазақстанның мемлекеттік егемендігінен айрылуының себеп-салдарын анықтау | 9.3.1.7 өткен оқиғалармен сабақтастықты орнатып, тәуелсіз Қазақстанның жариялануының тарихи маңызын түсіндіру |

| | |
|---|---|
| 10.3.4.7 мемлекеттік стратегиялар мен бағдарламалардың мазмұнын зерттей отырып, Қазақстан Республикасының даму бағдарларын болжау | 9.3.1.9 ұзақ мерзімді мемлекеттік стратегияларды талдау |
| 10.3.4.6 Ұлттық мемлекеттіліктің жаңғыртылуындағы Тұңғыш Президент Н.Ә. Назарбаевтың рөлін анықтау | 9.3.1.10 Тәуелсіз мемлекеттің қалыптасуындағы Елбасы Н.Назарбаев тың рөліне баға беру |
| 10.4.2.1 Кеңестік дәуірдегі Қазақстанның мәдениет саласындағы жаңа бағыттарын және жанрларды анықтау | 9.2.2.1 кеңестік әдебиет пен өнер туындыларында қоғамдық өмірдің бейнеленуін талдау |
| 10.4.2.2 кеңестік дәуірдегі мәдениеттің даму ерекшеліктерін қорытындылай келе, жетістіктер мен қайшылықтарды талдау | 9.4.1.2 Кеңес үкіметі кезіндегі орын алған әлеуметтік экономикалық мәселелерді талдау |
| 10.4.3.1 Қазақстан Республикасының мәдениет саласындағы жаңа бағыттарын және жанрларды сипаттау | 9.2.2.3 қазіргі кездегі өнер мен әдебиеттің даму тенденцияларын айқындау |
| 10.4.1.5 – дала өркениетінің белгілі тарихи және мәдени ескерткіштерін зерттеу;<br>10.4.1.6 – типологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, тарихи және мәдени ескерткіштерді классификациялау. | 9.3.1.10 Тәуелсіз мемлекеттің қалыптасуындағы Елбасы Н.Назарбаевтың рөліне баға беру<br>9.2.2.4 ұлттық құндылықтарды жаңғыртуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың қажеттілігін негіздеу («Мәдени мұра», «Болашаққа бағдар:рухани жаңғыру» бағдарламалары) |

IV. Кіріктірілетін оқыту мақсаттары бойынша ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгісі

Әрі қарай республика мектептерінің педагогтері әзірлеген сабақтардың қысқа мерзімді жоспарларының үлгілері ұсынылады:

IV.1. Үлгі

| | | |
|---|---|---|
| Бөлімі<br>Қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті – Дала өркениетінің мұрасы | | |
| Мұғалімнің аты-жөні: | Аманкулова Баян Әбдікерімқызы Алматы қаласы №148 гимназияның тарих мұғалімі | |
| Мерзімі: | | |
| Сынып: 10 | Қатысқандар саны: | Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы | §57 Далалық өркениеттің тарихи және мәдени ескерткіштері | |
| Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме) | 10.4.1.5 – дала өркениетінің белгілі тарихи және мәдени ескерткіштерін зерттеу;<br>10.4.1.6 – типологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, тарихи және мәдени ескерткіштерді классификациялау.<br>Кіріктірілетін оқыту мақсаттары: 9.3.1.10 Тәуелсіз мемлекеттің қалыптасуындағы Елбасы Н.Назарбаевтың рөліне баға беру<br>9.2.2.4 ұлттық құндылықтарды жаңғыртуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың қажеттілігін негіздеу («Мәдени мұра», «Болашаққа бағдар:рухани жаңғыру» бағдарламалары) | |

| | |
|---|---|
| Сабақ мақсаттары: | -Дала өркениетінің белгілі тарихи және мәдени ескерткіштерін зерттейді.<br>-Типологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, тарихи және мәдени ескерткіштерді классификациялайды. |
| Бағалау критерийлері | -Дала өркениетінің белгілі тарихи және мәдени ескерткіштерін зерттейді. --Типологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, тарихи және мәдени ескерткіштерді классификациялайды. |
| Тілдік мақсаттар | Мәтінмен жұмыс – оқылым, айтылым, тыңдалым, жазылым оқушылармен сабақтың әр кезеңіндегі жеке жұмыс, топтық жұмыстар арқылы жүзеге асады.<br>Негізгі ұғымдар, тіркестер:сакральді нысан, рухани қасиетті орын, тарихи-мәдени ескерткіш, қажылық, тарихи жады, мәдени-генетикалық код, ұлттық сәйкестік.<br>Сыныптағы диалогқа қажетті тілдік бірліктер:мәтіндегі негізгі ұғымдар... , олар жайлы біз не білеміз? Айтылған мәселе бойынша мынадай қорытынды жасаймын.... |
| Құндылықтарға баулу | Отаншылдық пен ұлтжандылыққа тәрбиелеу, тарихтың, мәдениет пен тілдің біртұтастығын басшылыққа алу, тарихи ескерткіштерді танып-білу, сақтауға баулу. Топтық және жұптық жұмыстар арқылы оқушылардың өзара ынтымақтастық дағдыларын қалыптастыру |
| Пәнаралық байланыс | қазақ әдебиеті, қоғамтану |
| АКТ қолдану дағдылары | Интернет ресурстарын, бейнематериалдарды қолдану. |
| Алдыңғы оқу | Тәуелсіздікке жол және ұлттық мемлекеттіліктің қайта жаңғыруы тарауы бойынша білімдерін басшылыққа алады. |

Сабақтың жоспары

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы | Үй тапсырмасын сұрау. «Эстафета» әдісі арқылы өтілген тақырып бойынша сұрақ-жауап беру. Микрофондарды кезекпен бір-біріне беру арқылы сұрақтарға бір сөзбен жауап беру арқылы үй тапсырмасы сұралады.<br>Топтық жұмыс. «Ұлы даланың қасиетті тарихи орындары» туралы бейнебаян көрсетіліп, аналитикалық талдау жасалынады.<br>1-топ. Н.Ә.Назарбаевтың 2017 жылғы сәуірдегі «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласының мәні.<br>2-топ. 2017 жылғы | Қалыптастырушы бағалау жүргізіледі дескрипторлар негізінде жауап жазады<br>«Сауран, Қарақан ата»,<br>«Сайрам, киелі қаласы»,<br>«Бабажы қатын»,<br>«Айша бибі»,<br>«Қарахан»жайлы мәліметтер ұсынылады. | | микрофон<br>ҚБ - бағыт-бағдар беру, қолдау көрсету.<br>- белсенділік танытқан |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | мамырдағы «Сакральді Қазақстан» жобасының мәні.<br>3-топ. Жалпыұлттық мағызы бар сакральді нысандардың топтамалары туралы түсінік.<br>Топ жұмыстары кезекпен тыңдалып, топтар бірін-бірі бағалайды. | | | топтарға кері байланыс беру. |
| Сабақтың ортасы | Пікірталас. Ұлттық рухани қасиетті жерлерді білу не үшін керек?<br>Оқушылардың пікірлері тыңдалып, толықтыру мен қолдау көрсетіледі.<br>Топтық жұмыс.Қосымша мәліметпен жұмыс. «Бес саусақ» әдісіне сәйкес «Кім?, Не?, Неге?Қайда?, Қашан? Қалай?» сұрақтарына жауаптарын топ мүшелерінің таңдауы бойынша (постер, кластер, тірек-сызба, ойлау картасы) сызып, кезекпен жариялайды.<br>1 – топ. «Сауран»<br>2 – топ . «Сайрам, киелі қаласы»<br>3 – топ. «Қарақан ата» | Оқушылар сабақ бойынша рефлексия жасап, осы сабақтың барысы туралы «ББББ» кестесіне жазады.<br><br>Бірнеше жұмыс оқушылардың өз еркі бойынша сыныпқа жарияланады. | Жеке және топтық тапсырмалар беру арқылы бағалау | |
| Сабақтың соңы | «ББББ» әдісі бойынша кері байланыс<br><br>Бірнеше оқушының пікірі жарияланады, тыңдалады, кері байланыс беріледі.<br><br>Балаларға белсенді жұмыс жасағандары үшін рахмет айтып, белсенділік танытқан оқушыларға қолдау көрсету, бағыт-бағдар ұсыну. | | | |

| Білем | Білдім | Білгім |
|---|---|---|
| | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Үйге тапсырма | | §57 Далалық өркениеттің тарихи және мәдени ескерткіштері «Бабажы қатын», «Айша бибі», «Қарахан» | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | берілген кесенелердің біріне шығармашылық тапсырма орындау.(эссе, презентация, баяндама, ментальді карта, бейнебаян т.б) | | |
| - Саралау – оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз?<br>- Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз? | Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру немесе игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз? | | Сыныпта денсаулық және қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтау. | |
| Қабілеті жоғары оқушыға қосымша деректермен жұмыс. | | | Көзге жаттығу және үзіліс кезіндегі қауіпсіздік | |

IV.2. Үлгі

| Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі:<br>Орталық Азия және әлемдік өркениет | | |
|---|---|---|
| Мұғалімнің аты-жөні: | Аманкулова Баян Әбдікерімқызы Алматы қаласы №148 гимназияның тарих мұғалімі | |
| Мерзімі: | | |
| Сынып: 10 | Қатысқандар саны: | Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы | §15-16 Әлемдік мәдениеттің дамуына Орталық Азия халықтарының қосқан үлесі | |
| Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме) | 10.1.3.1 – Орталық Азия халықтарының материалдық мәдениет жетістіктерін талдау арқылы адамзаттың дамуына қосқан үлесін қорытындылау;<br>10.1.3.2 – Орталық Азия халықтарының рухани мәдениеті мен ғылым саласындағы жетістіктерін талдау арқылы адамзаттың дамуына қосқан үлесін қорытындылау.<br>9- сыныптағы кіріктірілген оқыту мақсаттары:9.2.1.3 «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының маңыздылығын бағалау<br>9.2.2.4 ұлттық құндылықтарды жаңғыртуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың қажеттілігін негіздеу («Мәдени мұра», «Болашаққа бағдар:рухани жаңғыру» бағдарламалары) | |
| Сабақ мақсаттары: | -Барлық оқушылар: Орталық Азия халықтарының материалдық<br>мәдениеті жетістіктерін талдау арқылы адамзаттың дамуына қосқан үлесін түсіндіреді.<br>-Оқушылардың көбі: Орталық Азия халықтарының материалдық мәдениеті мен ғылым саласындағы жетістіктерін талдап,<br>адамзаттың дамуына қосқан үлесіне мысал келтіру арқылы дәлелдейді.<br>-Кейбір оқушылар: Орталық Азия халықтарының материалдық мәдениеті мен ғылым саласындағы жетістіктерін талдау | |

| | |
|---|---|
| | арқылы<br>адамзаттың дамуына қосқан үлесін дәлелдейді.<br>. ұлттық құндылықтарды жаңғыртуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың қажеттілігін негіздеу («Мәдени мұра», «Болашаққа бағдар:рухани жаңғыру» бағдарламалары) тұрғысында бағдарламалармен таныстыру.. |
| Бағалау критерийлері | -Орталық Азия халықтарының материалдық мәдениеті мен ғылым саласындағы жетістіктерін талдау арқылы адамзаттың дамуына қосқан үлесін бағалау. |
| Тілдік мақсаттар | Мәтінмен жұмыс – оқылым, айтылым, тыңдалым, жазылым<br>оқушылармен сабақтың әр кезеңіндегі жеке жұмыс, топтық жұмыстар арқылы жүзеге асады.<br>Негізгі ұғымдар, тіркестер: әскери арба, қола дәуір қарулары, сақтардың<br>қаруланууы, сақтардың киімі, киіз үй.<br>Сыныптағы диалогқа қажетті тілдік бірліктер: материалдық мәдениет,<br>көшпелілердің баспанасы.<br>мәтіндегі негізгі ұғымдар... , олар жайлы біз не білеміз?<br>Айтылған мәселе бойынша мынадай қорытынды жасаймын.... |
| Құндылықтарға баулу | Отаншылдық пен ұлтжандылыққа тәрбиелеу, тарихтың, мәдениет пен тілдің біртұтастығын басшылыққа алу, тарихи ескерткіштерді танып-білу, сақтауға баулу. Топтық және жұптық жұмыстар арқылы оқушылардың өзара ынтымақтастық дағдыларын қалыптастыру |
| Пәнаралық байланыс | география, дүние жүзі тарихы |
| АКТ қолдану дағдылары | Интернет ресурстарын, бейнематериалдарды қолдану. |
| Алдыңғы оқу | Орталық Азия және әлемдік өркениет тарауы бойынша білімдерін басшылыққа алады. ұлттық құндылықтарды жаңғыртуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың қажеттілігін негіздеу («Мәдени мұра», «Болашаққа бағдар:рухани жаңғыру» бағдарламалары) және «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының маңыздылығын бағалау. |

Сабақтың жоспары

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы | Жеке жұмыс. Үй тапсырмасын қайталау. Элективті тест.Мұғалім алдын ала әрбір оқушыға A, B, C, D, E арқылы белгіленген түстері сәйкес ақ, сары, көк, қызыл, жасыл стикерді таратады. Әрбір сұрақты қойғаннан кейін кідіріп, сыныптан тест жауабына сәйкес әріпті көтерулерін сұрайды.<br>«Борт журналы» әдісі. Үй тапсырмасы бойынша оқушылар келесі мазмұнды кестені толтырады. | Түсті қағаз тілшелері, түсті әріптер<br>ҚБ<br>-бағыт-бағдар беру, қолдау көрсету. | Өзін-өзі және бірін-бірі бағалауды жүз | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | <table><tr><td>Берілген тақырып бойынша бұрыннан білетінім</td><td>Мәтінді оқып жаңадан білгенім</td><td>Болжамдар</td><td>Тың ақпараттар</td></tr><tr><td></td><td></td><td></td><td></td></tr></table> | | | | -белсенділік танытқан оқушыларға кері байланыс беру. | егеасыру үшін дұрыснемесе дұрыс емес жауаптарды диалог құру арқылы талқылайды | |
| | 1.Эссе құрылымын сақтайды;<br>2.Биліктің саясатына, қоныс аударушылардың тағдырына таулдау жасайды;<br>3. Қазақ халқының қонақ жайлылығын бағалайды;<br>«Ыстық орындық» әдісі арқылы 3-4 оқушының жұмысын тыңдау<br>Бағалау, кері байланыс жүргізу | | | |
| Сабақтың соңы<br>5 мин. | Үйге тапсырма. «Ұлттық құндылықтарды сақтау үшін қандай не істеу керек?» тақырыбына эссе жазу (130-160 сөз). | Сабақ соңында оқушылар рефлексия жүргізеді:<br>- нені білдім, нені үйрендім?<br>- нені толық түсінбедім?<br>- немен жұмысты жалғастыру қажет? | | |

| | | |
|---|---|---|
| Саралау –оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз? | Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз? | Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы |

Сабақ бойынша рефлексия
Сабақ мақсаттары /оқу мақсаттары дұрыс қойылған ба? Оқушылардың барлығы ОМ қол жеткізді ме?
Жеткізбесе, неліктен?
Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме?
Сабақтың уақыттық кезеңдері сақталды ма?
Сабақ жоспарынан қандай ауытқулар болды, неліктен?

Жалпы баға
Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?
1:
2:
Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?
1:
2:
Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік/қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?

## IV.3. Үлгі

| | |
|---|---|
| Бөлім: | Қазақстандағы әлеуметтік-саяси ойдың эволюциясы |
| Педагогтың аты-жөні | Мұғалімнің аты-жөні: Бегимова Сандугаш Елубаевна<br>Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, «Атамекен» жалпы орта мектебінің тарих мұғалімі |

| | | |
|---|---|---|
| жөні | Усенбеков Марат Кабылханулы. Облыстық әдістемелік орталықтың тарих және құқықтану пәні әдіскері. | |
| Сынып: 11 | Қатысқан оқушылар саны: | Қатыспағандар: |
| Сабақ тақырыбы: | Қоғамдық-саяси ойдың бастауы және дамуы | |
| Тарихи концепт: | маңыздылық | |
| Осы сабақ арқылы жүзеге асырылатын оқу мақсаттары: | 11.3.1.1 - Ежелгі және ортағасырлық Қазақстанның тарихи тұлғаларының қоғамдық-саяси идеяларын анықтау;<br>11.3.1.2 -Қазақстандағы қоғамдық-саяси ойдың дамуына тарихи қайраткерлердің қосқан үлесін бағалау<br>КОМ: 10.3.1.2 мемлекеттік құрылыстың ерекшеліктерін түсіндіру үшін мемлекеттің пайда болу теорияларын салыстыру | |
| Сабақтың мақсаты: | Түркі ғұламаларының ғылыми және әдеби еңбектерінің құндылығын бағалайды. | |
| Бағалау критерийлері: | Антикалық ойшылдармен түркі әлемінің ойшылдарының қоғамдық-саяси көзқарастарын салыстырады;<br>Ортағасырлық Қазақстанның тарихи тұлғаларының қоғамдық-саяси идеяларын анықтайды;<br>Ортағасырлық Қазақстанда қоғамдық-саяси ойдың қалыптасуы мен дамуына ислам дінінің ықпалын бағалайды. | |
| Тілдік мақсаттар: | Тілдік құзыреттіліктерді дамыту:<br>Оқылым: мәтіндік мәліметпен жұмыс.<br>Жазылым: кесте толтыру барысында жазба жұмысты орындау.<br>Айтылым: барлық сыныппен ұжымдық талқылау<br>Оқушылар:<br>- Өз жұмыстарының нәтижелерін ауызша түрде таныстырады және барлық сыныппен талқылауға (оқылым, жазылым, тыңдалым және айтылым дағдылары) қатысады.<br>Пәнге тән лексика мен терминология:<br>Ежелгі түркілер (прототүркі) (грек. protos) – алғашқы. Алғашқы түркі немесе түркілердің ата-бабалары.<br>Сопылық – ислам діні ағымдарының бірі. Сопы деп дін жолына түскен құдайшыл, тақуа адамды айтады. | |
| Құндылықтарды дарыту: | Қазақстандық патриотизм<br>Құрмет<br>ЫІнтымақтастық<br>Академиялық шындық<br>Ашықтық | |
| Пәнаралық байланыстар: | Дүние жүзі тарихы, қазақ тілі | |

<table>
<tr><td>Сабақтың түрі:</td><td colspan="4">Жаңа тақырыпты меңгеру</td></tr>
<tr><td>Алдыңғы меңгерілген білім:</td><td colspan="4">Қазақстан Республикасының этносаралық қатынастар саласындағы саясатын біледі.</td></tr>
<tr><td colspan="5">Сабақ барысы:</td></tr>
<tr><td>Сабақтың кезеңі/ уақыт</td><td>Педагогтің әрекеті</td><td>Оқушының әрекеті</td><td>Бағалау</td><td>Ресурстар</td></tr>
<tr><td>Сабақтың басы</td><td>Тақырыпқа шығу...<br>Ортағасырлық тарихи қайраткерлердің суреттері көрсетіледі. Оқушыларға иллюстрацияларда бейнеленген тұлғалар туралы өз пікіріңізді бөлісуді ұсыныңыз.<br>Сурет арқылы Қазақстандағы қоғамдық-саяси ойдың дамуына зор үлес қосқан ортағасырлық ғұламалар Әбу Насыр әл-Фарабмен Қожа Ахмет Ясауи туралы білетіндерін еске түсіреді.<br>Талқылаулар негізінде сабақтың тақырыбын болжайды.<br>1.Қазақстанда мемлекеттіліктің қалыптасуының тарихи кезеңдерін еске түсір;<br>2. Қазақстандағы ерте көшпенділердегі мемлекеттілік белгілерін анықтау үшін «мемлекет», «билік », «саяси ұйым» ұғымдарын еске түсір<br>Сабақтың тақырыбы қалай аталуы мүмкін?<br>Оқу мақсаттарын анықтау.<br>Тірек сөздермен жұмыс<br><table><tr><th>Қазақша</th><th>Орысша</th><th>Ағылшынша</th></tr><tr><td>Ежелгі түркілер</td><td>Древние тюрки</td><td>Ancient turks</td></tr><tr><td>Сопылық</td><td>Суфизм</td><td>Sufism</td></tr></table><br>Ежелгі түркілер (прототүркі) (грек. protos) – алғашқы. Алғашқы түркі немесе түркілердің ата-бабалары.<br><br>Сопылық – ислам діні ағымдарының бірі. Сопы деп дін жолына түскен құдайшыл, тақуа адамды айтады.<br>Жаңа сөздермен жұмыс жүргізіледі, терминдерге анықтамалар беріледі.</td><td>Оқушылар иллюстрациялярда бейнеленген тұлғалар туралы өз пікірлерін білдіреді</td><td></td><td>Оқулық<br><br>https://atamurawe b.kz</td></tr>
<tr><td></td><td>№1-тапсырма</td><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың ортасы | Қосымша №1 мәтінді пайдалана отырып, антикалық және түркі ойшылдарының қоғамдық-саяси көзқарастарын салыстырады<br><br>**Антикалық ойшылдар** \| **Түркі әлемінің ойшылдары**<br><br>Сынипты екі топқа бөліп, пікірсайыс негізінде өткізуге болады.<br>№2-тапсырма<br><br>Сұрақтар бойынша талдау жасалады, әр топ әр ғалыммен жұмыс жасағандықтан, қалған ғалымдардың қоғамдық-саяси идеяларын да меңгеру үшін жұптардың жұмыстарын тыңдай отырып, кестені толтырады<br>Мұғалім оқушыларды топқа бөле отырып, мәтін бойынша тапсырма береді.<br><br>№3-тапсырма<br>Қожа Ахмет Ясауи ДАНАЛЫҚ КІТАБЫ<br>Дүние-мүлікке құмартып жаһан малын жиғандар,<br>Құзғын жемін жегендер арамға әбден батпақшы.<br>Молла, муфти болғансып, жалған дұға қылғандар,<br>Ақты қара дегендер тамұққа барып жатпақшы.<br>Қазы, имам атымен қол қойса нақақ жалаға,<br>Сол үкімнің салмағы өздерін басып қалмақшы,<br>Арам жеген әкімдер, құныққандар параға,<br>Өз бармағын тістелеп, өкініш отқа жанбақшы.<br>Таңдап тәтті жегендер, атлас-қамқа кигендер,<br>Алтын таққа мінгендер жер мен жер боп жатар-ды.<br>Оқушылар өлең жолдарына талдау жүргізеді. Ғұлама ойшылдың қоғамдағы | Мәтнімен жұмыс, антикалық және түркі ойшылдарының қоғамдық-саяси көзқарастарын салыстырады<br><br>Оқулықтағы 168-181бб мәтінді пайдалана отырып, кестені толықтырады.<br><br>№4-тапсырма<br><br>«Ортағасырлық Қазақстанда қоғамдық-саяси ойдың қалыптасуы мен дамуына ислам дінінің ықпалы» тақырыбына ой-толғау жазады. | | https://okulyk.kz/istoriya/667/ |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | жаман әдеттерден арылуға шақырған даналығын талдап баға береді. | | | |
| Сабақтың соңы |  | | | |
| Қосымша ақпарат | | | | |
| Дифференциялап оқыту – Оқушыларға көбірек қолдау көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларғақандайміндеттер қоюды жоспарлайсыз? | Бағалау – Оқушылардың білімін қалай тексересіз? | Пәнаралық байланыс Қауіпсіздік ережелері АКТ-ны қолдану Құндылықтарменбайланыс (тәрбие элементі) | | |
| | | | | |
| Рефлексия<br><br>Сабақ мақсаты/оқу мақсаты қаншалықты жүзеге асты? Бүгін оқушылар нені үйренді? Оқыту ортасы қандай болды? Дифференциялап оқыту өз мәнінде жүзеге асты ма? Өз уақытымды ұтымды пайдалана алдым ба? Жоспарыма қандай өзгерістер енгіздім және неліктен?<br>Төменде берілген бос орынды өз сабағыңызға рефлексия жүргізу үшін пайдаланыңыз. Сабағыңызға қатысты сол жақ бағанда келтірілген сұрақтарға жауап беріңіз. | | | | |

IV.4. Үлгі

| | | |
|---|---|---|
| Бөлім: III Қоғамдық –саяси ойдың дамуы | Жетінші тарау: «Алаш» қоғамдық ой және ұлттық идея | |
| Педагогтің аты-жөні: | Асанбекова Гулмира Сагатовна Алматы қаласы №159 гимназияның тарих мұғалімі | |
| Күні: | | |
| Сынып: 11 сынып | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы: | «Алаш» ұлттық идеясының тұжырымдамалық негіздері | |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары: | 11.3.2.1 «Алаш» ұлттық идеясының тарихи негіздерін анықтау<br>Кіріктірілетін оқыту мақсатары: 10.3.4.2 қазақ халқының мемлекеттік егемендікті қалпына келтіру үшін жүргізген күресін зерттеу<br>10.3.4.3 Түркістан (Қоқан) және Алаш автономиясы түрінде мемлекеттік егемендікті қалпына келтіру тарихын зерттеу | |
| Сабақтың мақсаты: Алаш ұлттық идеясының | Оқу мақсаты: 11.3.2.1 «Алаш» ұлттық идеясының тарихи негіздерін анықтау | |

| | |
|---|---|
| тұжырымдамалық негіздерін талдау және оған баға беру. | |
| Сабақтың барысы: | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Сабақтың кезеңі/уақыт 40/он лайн 30 мин. | Педагогтің әрекеті: Амандасу; Сабақтың тақырыбын жариялау; Оқу мақсаттарын айту; Тірек сөздермен таныстыру; Презентация қолдану; Алаш-қоғамдық ой және ұлттық идея бастауы және дамуын түсіндіру; Алаш ұлттық идеясының тұжырымдық негіздері туралы баяндау; XX ғас. қазақ зиялыларының қоғамдық-саяси ойын сипаттау; Олардың қоғамдық-саяси идеялар туралы деректерін | Оқушының әрекеті:<br>• Оқулық, дәптерін және т.б. құралдарын дайындау;<br>• Сабаққа қосылу;<br>• Сабақтың мақсатына назар аудару;<br>• Тірек сөздерді дәптерлеріне жазу;<br>• Қоғамдық-саяси ойдың мәнін түсіну және салыстыру;<br>• Тарихи тұлғалар туралы кесте құрастыру;<br>• Терминдерге мысал келтіру (Алаш, Әлихан Бөкейхан );<br>• Қорыту.<br>1-сабақ. Сабақ кезінде орындалатын тапсырмалар:<br>1-тапсырма. Алаш қозғалысының тарихи кезеңдерін (бес) атау.<br>1-кезең<br>2-кезең<br>3-кезең<br>4-кезең<br>5-кезең<br>2-тапсырма. Петициялар-Алаш зиялыларының ұстанымдары мен озық идеяларының көрінісін талдау.<br>А)<br>Ә)<br>Б)<br>В)<br>Г)<br>3-тапсырма. Алаш ұлттық идеясының тұжырымдамалық негіздері туралы мәліметтер келтіру. | Бағалау:<br>Критерий:<br>- «Алаш» қоғамдық ой және ұлттық идеяға қатысты ұғымдарды түсіндіру;<br>- «Алаш» ұлттық идеясының тұжырымдамалық негіздерін тарихи деректерді талдау негізінде көрсету.<br><br>Дескрипторлар:<br>А) Параграфтағы тірек сөздердің | Ресурстар:<br>§31-32 оқу<br>Сөздіктерді қолдану;<br>Терминдерді қолдану;<br>Презентацияны қолдану;<br>Тарихи деректерді пайдалану. | Білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды жою:<br>9 сыныпта өткен сабақ материалын еске түсіру.<br>«Алаш»;<br>Ә.Бөкейхан;<br>«Алаш-ұлттық идеясы»;<br>Алаш қозғалысы;<br>Алаш үкіметі;<br>Алашорда;<br>Петиция;<br>Алашордалықтар;<br><br>Тақырыптық талқылау: «Алаш-қоғамдық ой және ұлттық идея бастауы және дамуы »<br><br>Жобалық және зерттеу жұмыстары:<br><br>«XX ғасыр басындағы қазақ ұлтының |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>талдау;<br>Тарихи тұлғалардың қызметі туралы сипаттау;<br>Тақырыпқа қатысты қызықты деректерге тоқталу;<br>Үйге тапсырма беру;<br>Қорытынды жасау;<br>Бағалау 1-10 балл аралығында.</td>
<td>1-мәлімет<br>2-мәлімет<br>3-мәлімет<br>4-мәлімет<br>5-мәлімет<br>2-сабақ. Сабақ кезінде орындалатын тапсырмалар:<br>1-тапсырма. «IDEA» формуласы бойынша «Алаш» қозғалысының идеялары Әлихан Бөкейхан еңбектерінде дегенге талдау жасау.
<table>
<tr><td>I ıdentıfy-тарихи оқиғалардың себептерін анықтау</td><td></td></tr>
<tr><td>D descrıbe-сәйкесінше дәлелдерді сипаттау</td><td></td></tr>
<tr><td>E explaın-осы себептердің тарихи оқиғаға қалай ықпал еткенін түсіндіру</td><td></td></tr>
<tr><td>A analıze- осы себептердің маңыздылығына талдау жасау</td><td></td></tr>
</table>
2-тапсырма. Терминдермен жұмыс
<table>
<tr><td>Терминдер</td><td>Мәні мен мағынасы</td></tr>
<tr><td>Алаш</td><td></td></tr>
<tr><td>Алаш қозғалысы</td><td></td></tr>
<tr><td>Петиция</td><td></td></tr>
<tr><td>«Қазақ» газеті</td><td></td></tr>
<tr><td>Мемлекеттік Дума</td><td></td></tr>
</table>
3-тапсырма. INSERT кестесі бойынша</td>
<td>мағынасын біледі;<br>Ә) Ұғымдарды пайдалана отырып, мәтіннің негізгі түсінігін баяндай алады;<br>Б) Қазақстандағы әлеуметтік-саяси ойдың эволюциясына не себеп болғанын түсіндіре алады;<br>В) Тарихи тұлғалардың саяси ойы туралы тарихи деректерді мысалға келтіре алады;<br>Г) Қызықты деректер мен мәтіннен тыс қосымша ақпараттардың қолдана отырып, сипаттай алады;<br>Ғ) Тарихи-саяси мәліметтерді салыстыра отырып, оның «+» және «-» жақтарын атайды және</td>
<td></td>
<td>әлеуметтік-саяси жағдайы»;<br><br>«Алаш ұлттық идеясының тұжырымдамалық негіздері»;<br><br>«Петициялар-Алашзиялыларының ұстанымдары мен</td>
</tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | тұжырым жасау. «XX ғасыр басындағы қазақ ұлтының әлеуметтік-саяси жағдайы» Алаш ұлттық идеясының тұжырымдамалық негіздері<br>+ \| ∨ \| ? \| -<br>Жаңа ақпарат \| Ойымды растайды (білемін) \| Мені ойландырады (толғандырады) \| Менің пікіріме қарсы (түсініксіз) | аналитикалық талдау жасайды, бағалайды. | | озық идеяларының көрінісі»;<br><br>«Әлихан Бөкейхан-ұлт көшбасшысы». |
| | Презентацияда оқушыларға таңдау мүмкіндігін бере отырып, бірнеше тапсырмалар ұсыну. | Мұғалім презентацияда берген тапсырмаларды өз таңдауына қарай таңдап орындау.<br>Қосымша деректерді пайдалана отырып, Қазақстанның қоғамдық-саяси көзқарасы мен идеясының дамуына баға беру және зерттеу жүргізу. | «А», «Ә»- 3,4 балл<br>«Б», «В»-5,6,7 балл<br>«Г», «Ғ»- 8, 9,10 балл | Презентациядағы тапсырмаларды өз таңдауларына қарай орындау | |
| | Үйге: §31-32 бірнеше рет 41 -52 бетке дейін оқу. | Орындау:өз таңдауына қарай орындау. | Тапсырмаларды mıcrosoft teams-ке жүктеу | | |

V. Сабақтан тыс уақытта толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары.

«Қазақстан тарихы» пәні бойынша өткен оқу жылындағы 10-сыныптың кіріктіруге болмайтын оқыту мақсаттары пәннің білім мазмұнын қамтитын әлеуметтік қатынастардың дамуы; мәдениеттің дамуы мен өзара әрекеттестігі; экономикалық қатынастардың дамуы бөлімдері бойынша топтастырылған.

10.1.1.2 әлемдік өркениеттегі Орталық Азияның рөлі туралы ғалымдардың пікірін зерттеу

10.1.1.3 Орталық Азия өркениеттерінің ежелгі ошақтарының ерекшеліктерін сипаттау

10.1.2.1 картаны пайдаланып «Ұлы Дала» тарихи-географиялық аймағын анықтау

10.1.3.1 Орталық Азия халықтарының материалдық мәдениет жетістіктерін талдау арқылы адамзаттың дамуына қосқан үлесін қорытындылау
10.1.2.2 тарихи дерек көздерді талдау негізінде «Ұлы Дала» ұғымының мәнін түсіндіру
10.1.2.4 Қазақстан аумағындағы ежелгі археологиялық мәдениеттердің ерекшеліктерін сипаттау
10.1.3.2 Орталық Азия халықтарының рухани мәдениеті мен ғылым саласындағы жетістіктерін талдау арқылы адамзаттың дамуына қосқан үлесін қорытындылау
10.2.2.3 қазақтардың ру-тайпалық құрылымының ерекшеліктерін ауызша тарихнама негізінде түсіндіру (шежіре, генеалогиялық аңыздар)
10.2.2.4 қазақ көшпелі өркениетінің ерекшеліктерін ескере отырып, туыстық принциптердің және рулық құрылымның функционалдық маңызын түсіндіру
10.2.2.8 туған жердің мәдениеті, салт дәстүрінің маңызына баға беруде «мәдени-генетикалық код» ұғымын қолдану
10.2.2.5 қазақтардың ру-тайпалық ұйымдасуының біріктіруші рөлін түсіндіру
10.2.2.6 қазақтардың әлеуметтік жіктелуіне тән ерекшеліктерді анықтау үшін «ақсүйек», «қарасүйек », «хан», «сұлтан», «би», «батыр» ұғымдарын пайдалану
10.3.2.4 мемлекет құрылысындағы сабақтастықты анықтай отырып, Қазақстан аумағындағы ұлыс жүйесінің дамуын зерттеу
10.3.4.1 Қазақстанның мемлекеттік егемендігіненайрылуының себеп-салдарын анықтау
10.3.4.4 Қазақ мемлекеттілігінің кеңестік түрін түсіндіру үшін «автономдық кеңес республикасы», «кеңес одағы республикасы», «унитарлы мемлекет» ұғымдарын пайдалану
10.3.4.5 Кеңестік кезеңдегі Қазақстанның қоғамдық-саяси дамуының жетістіктері мен қайшылықтарын талдау
10.4.1.9 фольклор және зерттеушілер еңбектерінің негізінде дәстүрлі музыкалық мәдениеттің бастаулары мен ерекшеліктерін анықтау
10.4.2.1 Кеңестік дәуірдегі Қазақстанның мәдениет саласындағы жаңа бағыттарын және жанрларды анықтау
10.4.2.2 кеңестік дәуірдегі мәдениеттің даму ерекшеліктерін қорытындылай келе, жетістіктер мен қайшылықтарды талдау
10.4.3.1 Қазақстан Республикасының мәдениет саласындағы жаңа бағыттарын және жанрларды сипаттау
10.4.3.2 халықаралық мәдени кеңістікке кірігу процесін түсіндіру
10.4.3.3 ұлттық мәдениет туралы білімді қорытындылау
10.4.3.4 халықтың тарихи мәдени мұрасының маңызын зерттеуде «Туған жер» ұғымын қолдану
10.4.1.1 қазақ халқының мәдени жетістіктерін сипаттау үшін «мәдениет», «дала өркениеті», «материалдық мәдениет», «рухани мәдениет», «қолданбалы өнер», «мәдени мұра» ұғымдарын пайдалану
10.4.1.2 қазақ халқының материалдық мәдениетінің маңызды жетістіктерін анықтау; - Қазақстандағы тарихи-этнографиялық процестердің сабақтастығын талдау

10.4.1.3 қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымын анықтау үшін «әдет-ғұрып» «рәсім», «салт-дәстүр», «діл (менталитет)» ұғымдарын пайдалану
10.4.1.4 қазақ халқының рухани-адамгершілік құндылықтарын салт-дәстүрлерді зерттеу негізінде түсіндіру
10.4.1.5 дала өркениетінің белгілі тарихи және мәдени ескерткіштерін зерттеу
10.4.1.6 типологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, тарихи және мәдени ескерткіштерді классификациялау

VI. Кіріктіруге болмайтын оқыту мақсаттары қарастырылатын консультациялардың кестесі

Концультациялар кестесі диагностика барысында анықталған меңгерілуі күрделі тақырыптар, бөлімдер, бөлімшелер мен оқу мақсаттары бойынша әзірленеді.

Кесте білім алушылардың «Қазақстан тарихы» оқу пәні бойынша білімдеріндегі олқылықтардың орнын толтыру, оның ішінде үлгерімі төмен білім алушылар үшін қалыптастырылған топтар/сыныптар ескеріле отырып жасалады.

Жұмыстың нысандары мен әдістерін, оқыту технологияларын педагогтер білім алушылардың жас және жеке ерекшеліктеріне сәйкес дербес айқындайды. Сонымен қатар, қажет болған жағдайда білім алушылар үшін кесте бойынша жеке консультациялар ұйымдастырылады. Жазғы мектеп білім алушыларының оқу жетістіктері бағаланбайды. Жазғы мектеп жағдайында үй тапсырмасы берілмейді.

Сабаққа дайындық кезінде педагогтерге «Қазақстан тарихы» пәнінен оқу материалдары мен ресурстарын мұқият таңдап, білім алушылардың оқу пәндері бойынша біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыруға деген қажеттіліктерін ескере отырып, сараланған тапсырмаларды әзірлеу ұсынылады.

Білім алушылардың танымдық ынтасын арттыру мақсатында қосымша материалдар, тест тапсырмаларын, шығармашылық сипаттағы дидактикалық материалдарды, аудиовизуалды құралдарды (графика, аудио, бейнематериалдар), сабақ тақырыбына сәйкес мұражайға виртуалды саяхат, презентацияларды, сараланған оқу тапсырмаларын пайдалану ұсынылады.

Оқу материалының мазмұны оқу процесінде білім алушылардың ойлау процестерін дамытуға, ойластырылған шешімдер қабылдау, оларды дәлелдеу, ақпаратпен жұмыс істеу, талдау, салыстыру, қорытындылау біліктерін дамытуға бағытталуы тиіс.

Жазғы мектептің оқу процесінде үлгерімі нашар білім алушыларға педагогикалық қолдау көрсету ұсынылады. Қажет болған жағдайда жеке сараланған тапсырмалар әзірлеу ұсынылады.

Сыни ойлауды дамытуға, функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға, интерактивті оқыту әдістемелерін (жобалар әдісі, пікірталас, ойын, ізденіс әдістері) қолдануға, мұражай сабақтарын ұйымдастыруға бағытталған жағдаяттық міндеттерді пайдалану ұсынылады.

Сабақта балалардың эмоционалдық көңіл-күйіне назар аудару және оқуға қолдау көрсету мен сабақта білім алушылардың шамадан тыс жүктемесіне жол бермеуге назар аудару қажет.

«Қазақстан тарихы» оқу пәнінен 10-сынып бойынша кіріктіруге болмайтын оқу мақсаттары мен күрделі тақырыптардың жоспары 46-4-кестеде көрсетілген.

46.-2-кесте. Кіріктіруге болмайтын оқу мақсаттары мен күрделі тақырыптардың жоспары

| | Тақырыптар | Оқыту мақсаттары | Жұмыс формасы | Уақыты |
|---|---|---|---|---|
| 1-тоқсан | | | | |
| 11. | Орталық Азия өркениеттерінің ежелгі ошақтары | 10.1.1.3 Орталық Азия өркениеттерінің ежелгі ошақтары ерекшеліктерін сипаттау; | мини-топтармен жұмыс | Каникул кезінде |
| 12. | Әлемдік мәдениеттің дамуына Орталық Азия халықтарының қосқан үлесі | 10.1.3.1 Орталық Азия халықтарының материалдық мәдениет жетістіктерін талдау арқылы адамзаттың дамуына қосқан үлесін қорытындылау;<br>10.1.3.2 Орталық Азия халықтарының рухани мәдениеті мен ғылым саласындағы жетістіктерін талдау арқылы адамзаттың дамуына қосқан үлесін қорытындылау. | Топ бойынша жұмыс | Жазғы мектеп |
| 13. | Кеңестік дәуірдегі мәдениет | 10.4.2.2 Кеңестік дәуірдегі мәдениеттің даму ерекшеліктерін қорытындылай келе, жетістіктер мен қайшылықтарды талдау, 10.4.3.1 Қазақстан Республикасының мәдениет саласындағы жаңа бағыттарын және жанрларды сипаттау, 10.4.3.2 халықаралық мәдени кеңістікке кірігу процесін түсіндіру | Пікірсайыс | Күзгі каникул |
| 14. | қазақтардың ру-тайпалық құрылымы қалыптасуының тарихи шарттары | 10.2.2.2 тарихи кезеңдерді талдау негізінде қазақтардың ру-тайпалық ұйымдасу түрінің қалыптасу алғышарттарын талдау;<br>10.2.2.3 қазақтардың ру-тайпалық құрылымының ерекшеліктерін ауызша тарихнама негізінде түсіндіру (шежіре, генеалогиялық аңыздар) | Реферат | Қысқы каникул |
| 15. | Дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік жіктелуінің ерекшеліктері | 10.2.2.7 дәстүрлі қазақ қоғамындағы әлеуметтік институттардың функционалдық рөлін түсіндіру | Зерттеу сабағы | Жазғы мектеп |
| 16. | Қазақстан аумағындағы ерте | 10.3.1.2 Қазақстанда мемлекеттіліктің қалыптасуының тарихи кезеңдерін | Жеке кеңестер | Жазғы мектеп |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | мемлекеттерді ң саяси ұйымдасуы | түсіндіру;<br>10.3.1.3 Қазақстан территориясындағы ерте мемлекеттердің саяси құрылымының ерекшеліктерін сипаттау | | |
| 17. | Ақ Орда - Қазақ хандығының негізі | 10.3.1.2 Қазақстанда мемлекеттіліктің қалыптасуының тарихи кезеңдерін түсіндіру;<br>10.3.3.1 Ақ Орда және Қазақ хандығының тарихи сабақтастығын анықтау | семинар | Қысқы каникул |
| 18. | Мемлекеттік егемендікті қалпына келтіру жолындағы қазақ халқының күресі | 10.3.4.1 Қазақстанның мемлекеттік егемендігінен айрылуының себеп-салдарын анықтау;<br>10.3.4.2 қазақ халқының мемлекеттік егемендікті қалпына келтіру үшін жүргізген күресін зерттеу;<br>10.3.4.3 Түркістан (Қоқан) және Алаш автономиясы түрінде мемлекеттік егемендікті қалпына келтіру тарихын зерттеу | Зерттеу жұмысы | Көктемгі каникул |
| 19. | Тарихи және мәдени ескерткіштер | 10.4.1.5 дала өркениетінің белгілі тарихи және мәдени ескерткіштерін зерттеу;<br>10.4.1.6 типологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, тарихи және мәдени ескерткіштерді классификациялау | шағын топпен сабақ | Жазғы мектеп |

Сабақтан тыс уақытта толықтырылатын өткен оқу жылындағы 10.4.2.2 Кеңестік дәуірдегі мәдениеттің даму ерекшеліктерін қорытындылай келе, жетістіктер мен қайшылықтарды талдау, 10.4.3.1 Қазақстан Республикасының мәдениет саласындағы жаңа бағыттарын және жанрларды сипаттау, 10.4.3.2 халықаралық мәдени кеңістікке кірігу процесін түсіндіруоқыту мақсаттары бойынша пікірсайыс ұйымдастыруға әдістемелік нұсқау:

Пікірсайыс- оқушылардың дербес ой пікірлерін дамытып, жетілдіруге арналады. Пікірсайыстың алдында оқушылар оны жүргізудің тәртібімен танысады. Ең бастысы нені дәлелдейтінін біл, ең мықты дәлел нақты дерек; қисынды және сабақтастықпен сөйле; өзің жақсы білетініңді ғана айт; өз қарсыласыңды құрметте және оның ойын бұрмалама; өзіңе дейінгі айтылғандарды қайталама; қолынды босқа сермей берме және дауыс көтерме.

Пікірсайыс «Кеңестік дәуірдегі мәдениеттің даму ерекшеліктері» тақырыбында ұйымдастырылу ұсынылады. Негізгі алгоритмдер: алгоритм 1- Кеңестік дәуірдегі мәдениеттің жоғары дамыды, алгоритм 2- қазіргі Кеңестік дәуірдегі мәдениеттің даму негізінде ұлттық мәдениет кері кетті. Пікірсайысқа оқушылар үйде алдын-ала дайындалады. Олар теориялық тұжырымды қалай теріске шығаруды немесе белгілі бір ұстанымын қалай қорғауды ойластырады. Пікірталасты шағын көрініс, мини-спектакль түрінде ұйымдастыруға болады. Белгілі бір ұстанымды қорғай отырып, оқушылар дауысын, мимикасын, жүріс-

тұрысын құбылтып, өзі қорғайтын тұлғаның кейпіне енуге тырысады.

Пікірталастағы мұғалімнің рөлі пікірталасты ұйымдастырып, оны бағыттап, өз пікірін күштеп таңбай, оқушылардың еркін пікір айтып, қорытынды жасауына жағдай туғызу болмақ. Ал оқушылар пікірталас барысында қосымша әдебиеттермен танысып, қажетті дәйексөздер жинақтап, дереккөздерін зерттейді.

Қазақтардың ру-тайпалық құрылымы қалыптасуының тарихи шарттары тақырыбы бойынша 10.2.2.2 тарихи кезеңдерді талдау негізінде қазақтардың ру-тайпалық ұйымдасу түрінің қалыптасу алғышарттарын талдау;10.2.2.3 қазақтардың ру-тайпалық құрылымының ерекшеліктерін ауызша тарихнама негізінде түсіндіру (шежіре, генеалогиялық аңыздар) оқыту меңгертуге байланысты оқушыларға реферат әзірлеу ұсынылады. Реферат тақырыптары негізгі мәселелер болып табылады. Реферат өздік жұмысының кең таралған және маңызды түрлерінің бірі – ол тәжірибелік сабақтарға және ғылыми конференцияларға студенттермен әзірленетін рефераттар болып саналады. Бұл өздік жұмыстың түрі өте қызықты және маңызды, өйткені ол студентті ғылыми зерттеулерге баулиды.

Рефератты дайындау оқушылардың ізденіс жұмыстарының элементі ретінде оларды аудиторияның алдында сөйлеуге мүмкіндік береді. Осының бәрі, оқушылардың рефераттық жұмыстарын басқаруын ұйымдастыруға үлкен жауапкершілік артады.

Рефераттың тақырыбын таңдап алу өте маңызды орын алады, өйткені оқушы өздік жұмысқа деген қызығушылығы, алынған тақырыпқа байланысты болады. Сондықтан, мұғалім оқушының тақырыпты дұрыс таңдап алуына көмек жасап, рефератты әзірлеу барысында оған жалпы басқаруды қамтамасыз ету қажет. Реферат тақырыптарын пән мұғалімі оқушыларға ұсыну қажет.

Реферат жазу оқушы үшін - шығармашылық жұмыс, ал өзіндік шығармашылықты шебер меңгеру – оқушының даму жолындағы маңызды сатының бірі. Бұл жағдайда мына аргументтерді ескеру керек.

Бірінші аргумент. Реферат жазуда шығармышылық талабын меңгермейінше оқушының белгілі бір табыстарға қол жеткізіп, оның шығармашылық биіктерге көтерілуі қиын. Рефлексия, өзіндік талдау – оқушының өзіндік дамуын ілгері жылжытатын ең тиімді, әмбебап тәсіл. Екінші аргумент. Реферат оқушы үшін өзіндік – шығармашылық жұмыс. Реферат жазу мен тарихи шығармалар жазу оқушының ғылыми ізденіс дағдысын қалыптастырудың ең тамаша тәсілі. Басқа да шығармашылық істің өкілдері сияқты оқушының сезімталдығын есепке алатын болсақ, оның рефераттық жұмысын талдау мен шығармашылығын бағалау құқығы оны көптеген артық тебіреністер мен қобалжулардан құтқарады және оның өзіндік ғылыми ізденісіне деген сенімін туғызады. Оқушыны сын-ескертпелерді ды дұрыс қабылдауға үйретеді.

Үшінші аргумент.Оқушының рефераттық жұмысы талдаусыз қалса ,оқушы өзінің ізденісінің дұрыстығын Рефераттың немесе тарихи шығармасының толыққанды авторы ретінде сезіне алмайды және бұл жағдайда оның шығармашылыққа деген ғылыми ынтасын туғызбауы мүмкін екенін есте

сақтауымыз керек.

Төртінші аргумент.Уақытылы жүргізілген шығамашылық талдаумен талдау мен соның нәтижесінде енгізілетін түзетулер оқушылардың ғылыми шығармашылық жұмыстарының сапасын жақсартады және оқушының шығармашылық ізденіс дағдысын қалыптастырады.

Бесінші аргумент. Реферат жұмыстарын жазу дағдысын меңгерген оқушы сабақты жақсы оқып, тарихи тақырыптарды жақсы меңгеруіне септігін тигізеді. Оқулық пен шектеліп қалмай жан-жақты білімді тұлға болып қалыптасуына ғылыми шығармашылық жұмыс жасау дағдысының берері көп көмектеседі.

Қорыта келгенде, өз бетінше жұмысты балалар үлкендердің көмегінсіз, өздігінен орындауы үшін берілетін тапсырманың мақсаты айқын, оқушыға түсінікті болуы керек. Мұндай жұмыс тапсырылғанда оның ауыр-жеңілдігіне, қанша уақытта орындалатынына баса назар аударған дұрыс.

Мұғалім оқушылардың өздігінен орындайтын жұмыс түрлерін, әр пәннің ерекшелігін ескере отырып, алдын-ала дайындалуы керек. Сонда ғана сабақ жүйелі, өзіндік жұмыстар сапалы болады. Оқушылардың өздігінен жұмыс істеу әрекеті бірден қалыптаспайды. Ол өте күрделі болғандықтан, қарапайым сатыдан күрделі сатыға карай дамиды.

Ақ Орда - Қазақ хандығының негізі тақырыбы бойынша 10.3.1.2 Қазақстанда мемлекеттіліктің қалыптасуының тарихи кезеңдерін түсіндіру; 10.3.3.1 Ақ Орда және Қазақ хандығының тарихи сабақтастығын анықтау т оқыту мақсаттары бойынша 11 сынып оқушыларына семинар ұйымдастыруға әдістемелік нұсқау:

Сабақтан тыс жұмыстың бір формасы ретінде семинар сабағы қазірде алынған білімдерді пысықтау формасы ғана емес, ол сондай- ақ тындаушының өз бетінше ізденуінің, мәселені талдай алудынен алғашқы дағдыларын қалыптастыру, ойлау қабілетін мазмұнды түрде одан ары шыңдай түсу сияқты мәселелерді қамтиды. Семинар сабағында сондай-ақ былтырғы оқу жылында меңгерілмей қалған тақырыптар нәтижесінде және берілген негізгі міндеттермен өз бетінше жұмыс жасау арқылы қол жеткізген білімді қорытындылайды. Сабақ өткізу барысында мұғалімге сөйлей білу, өз ойын еркін жеткізе алатын және қорытынды жасау арқылы ол тындаушының көзқарасын, білімі мен мағлұматын, талдау жасай алу деңгейін байқауға, тыңдаушы өз бетінше дайындық сағаттарында игерген теориялық білімінің дұрыстығын, өз қорытындыларының қисыңдылығына көз жеткізуге, осы мәселе бойынша мағлұматтарды молынан алуға мүмкіндік береді. Семинар сабағың терең, кең ауқымдағы мазмұнды әңгіме түрінде өткізу формасын ұсынамыз.

Кеңейтілген әңгіме семинар сабағының кең тараған формаларының бірі деп қарауға болады. Ол бәріне бірдей көрсетілген міндетті түрдегі және қосымша әдебиеттер арқылы тыңдаушылардың сабақтын жоспарының әрбір көрсетілген сұрағына толықтай дайыңдығын талап етеді және олардың мәселені жан-жақты ашуға атсалысуы, өз пікірлерін білдіруі және өздерінің көзқарастарын қорғай алуы т.б. қол жетеді. Семинар сабағын осы кеңейтілген әңгіме түрінде өткізу мәселені талқылауда тыңдаушылардың көпшілігің

әңгімеге қатыстыруға мүмкіншілік береді, бұл жерде әрине олардың сондай-ақ сабақтағы белсенділігін көтерудің барлық мүмкіншіліктерін қолдануға тиімді.

Семинар сабағында сөйлеген әрбір оқушыға негізделген және жүйеленген сұрақтар қою, семинар сабағын айтып тақтаға шыққан өз әріптестерінің күшті және әлсіз жақтарына тындаушылардың назарын аудару, дер кезінде оған нұсқау беріп, түсініктемелер жасау, дер кезінде түзету енгізіп отыру, әрбір жаңа деректерге тыңдаушылардың ерекше көңіл бөліп отыруы, тындаушылар тарапынан кейде естіліп қалатын тың ойларды да уақытында ескеріп, оны кетермелеп отыру жәнет.б. жатады.

Бұл семинар сабағын өткізудің түпкі негізіне оқушылардың басым бөлігін тікелей қатыстыру принципі жатады, семинар сабағының алдына қойылған міндеттерді шешу жауабын бірге іздеуге қатысушы ретінде қабылдауды жүктейді.

VII. Жазғы мектеп кезінде ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгісі

Әрі қарай республика мектептерінің педагогтері әзірлеген сабақтардың қысқа мерзімді жоспарларының үлгілері ұсынылады:

VII.1. Үлгі

| | | |
|---|---|---|
| Бөлімі:<br>Орталық Азия өркениеттері: саналуандылығы және мәдени ортақтығы | | |
| Күні: | | |
| Сынып: 10 | Қатысқандар саны: | Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы | §3 Орталық Азияның дәстүрлі өркениеттерін зерттеу тарихы. | |
| Мұғалімнің аты-жөні: | Аманкулова Баян Әбдікерімқызы Алматы қаласы №148 гимназияның тарих мұғалімі | |
| Зерттеу сұрағы: | | |
| Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме) | 10.1.1.2-әлемдік өркениеттегі Орталық Азияның рөлі туралы ғалымдардың пікірін зерттеу | |
| Сабақ мақсаттары: | - Барлық оқушылар: әлемдік өркениеттегі Орталық Азияның рөлі туралы ғалымдардың пікірін зерттеу жұмыстарын түсіндіреді.<br>- Оқушылардың көбі: Қазақстандағы археологиялық білімнің қалыптасу тарихы туралы біледі.<br>- Кейбір оқушылар: Орталық Азияның ертедегі дәстүрлі өркениет тарихы туралы жазба деректерін талдайды, бағалайды. | |
| Бағалау критерийлері | - Әлемдік өркениеттегі Орталық Азияның рөлі туралы ғалымдардың пікірін зерттеп, талдайды | |

| | |
|---|---|
| Тілдік мақсаттар | Мәтінмен жұмыс – оқылым, айтылым, тыңдалым, Жеке жұмыс, МММ кестесі – жазылым жүзеге асады.<br>Негізгі ұғымдар, тіркестер: дәстүрлі өркениет, дәстүрлі мәдениет, дәстүр, дәстүрдің дәріптелуі, материалдық мәдениет, рухани мәдениет, жазба дерек, археология, көшпелілік.<br>Сыныптағы диалогқа қажетті тілдік бірліктер:мәтіндегі негізгі ұғымдар... , олар жайлы біз не білеміз? Айтылған мәселе бойынша мынадай қорытынды жасаймын. |
| Құндылықтарға баулу | Отаншылдық пен ұлтжандылыққа тәрбиелеу, тарихтың, мәдениет пен тілдің біртұтастығын басшылыққа алу, тарихи ескерткіштерді танып-білу, сақтауға баулу. Топтық және жұптық жұмыстар арқылы оқушылардың өзара ынтымақтастық дағдыларын қалыптастыру |
| Пәнаралық байланыс | география, дүние жүзі тарихы |
| АКТ қолдану дағдылары | Интернет ресурстарын, бейнематериалдарды қолдану. |
| Алдыңғы оқу | Орталық Азия өркениеттері: саналуандылығы және мәдени ортақтығы тарауы бойынша білімдерін басшылыққа алады. |

Сабақ барысы

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы | «Жақсы тілек.....» әдісі, мұғалім үш топтың құрылуына ықпал етеді.<br><br>«Негізгі сөздер» әдісі - <u>үй тапсырмасын сұрау.</u> Өткен сабақ бойынша тақтаға термин сөздер жазылады. 1-топ термин сөздерге анықтама құрастырады, 2-топ термин сөздерді қолдана отырып «Орталық Азияның физикалық географиясы» тақырыбында, 3-топ термин сөздерді қолдана отырып «Орталық Азияның қазіргі кездегі саяси шегара бөлінісі» тақырыбында қысқаша әңгімелер құрастырып өздеріне А4 парағына жазып алады. (Негізгі сөздер: Орталық Азия, Орта Азия,саяси география, физикалық география, ішкі ағын аймағы, дала ландшафты,құрғақ климат)<br>-ЖИГСО әдісі арқылы қорытындыны жариялау. (- топ мүшелерімен диалогқа түсе отырып қолдау көрсету (саралау). | ҚБ<br>-бағыт-бағдар беру, қолдау көрсету.<br><br>-белсенділік танытқан топтарға кері байланыс беру. | | Бесшатыр – тарихтың алтын көмбесі<br><br>Источник: https://e-history.kz/kz/news/show/1932/?sphrase_id=62172<br>© e-history.kz |

<table>
<tr><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Сабақтың ортасы</td><td>Мәтінмен жұптық жұмыс (мәтіндегі ертедегі дәстүрлі өркениет жайлы біз не білеміз? - сұрақтарына жауап береді, оқулықтағы мәтінмен танысады, оқылым, айтылым дағдысы дамиды, қарым-қатынас дағдысы артады, мүмкіндікке қарай интернет желісінен қосымша ақпараттармен де танысады.<br>Жеке жұмыс: Енді балалар мәтінмен танысып жұпта талқылап болсақ тақтадағы берілген жаңа сөздерді қолдана отырып, ертедегі дәстүрлі өркениет тарихы туралы жазба деректер кестесін толтырамыз. (жазылым жағдысы жүзеге асады)
<table>
<tr><td>дереккөзі</td><td>Тарихи дерек</td></tr>
<tr><td>антикалық</td><td></td></tr>
<tr><td>қытайлық</td><td></td></tr>
<tr><td>ирандық</td><td></td></tr>
<tr><td>түркілер</td><td></td></tr>
</table>
Топтық жұмыс: Қалай ойлайсыңдар балалар, сақ дәуіріндегі Есік, Бесшатыр, Боролдай обалары неліктен маңызды археологиялық жаңалықтар болып табылады?<br>«Талдау картасы»<br>1-топ. Есік обасы<br>2-топ.Бесшатыр обасы<br>3-топ.Боролдай обасы<br>«Әткеншек» әдісі арқылы сағат бағыты бойынша топтық жұмыстың қорытындысы жарияланады</td><td>Жеке жұмыс жасайды, дескрипторлар негізінде жауап жазады<br><br>Топ бойынша сұрақтарға жауап беру</td><td>Қалыптастырушы бағалау жүргізіледі</td><td>Есік,Бесшатыр және Боролдай обалары жайлы мәліметтер ұсынылады</td></tr>
</table>

<table>
<tr><td>Сабақтың соңы</td><td>Қорытындылау. Ал балалар, бүгінгі сабағымыз да аяқталып келеді. Бүгінгі сабағымыздың мақсаты қандай еді, мазмұны қандай болды, осы сабақтан кейін сендер өздеріңнің алдарыңа белгілі бір міндет, мақсат қойып отырсыңдар ма? МММ кестесін толтыруға уақыт беру.<br><table><tr><td>Мақсат</td><td>Мазмұн</td><td>Міндет</td></tr><tr><td></td><td></td><td></td></tr></table>Бірнеше оқушының пікірі жарияланады, тыңдалады, кері байланыс беріледі.</td><td>Оқушылар сабақ бойынша рефлексия жасап, осы сабақтың мақсаты, мазмұны, жайлы ойлана отырып МММ кестесіне жазады.<br>Бірнеше жұмыс оқушылардың өз еркі бойынша сыныпқа жарияланады.</td><td>Балаларға белсенді жұмыс жасағандары үшін рахмет айтып, белсенділік танытқан оқушыларға қолдау көрсету, бағыт-бағдар ұсыну.</td><td></td></tr>
<tr><td>Үйге тапсырма</td><td colspan="2">§ 3 Орталық Азияның дәстүрлі өркениеттерін зерттеу тарихы.</td><td></td></tr>
<tr><td>- Саралау – оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз?<br>- Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз?</td><td>Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру немесе игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз?</td><td colspan="2">Сыныпта денсаулық және қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтау.</td></tr>
<tr><td>Қабілеті жоғары оқушыға қосымша деректермен жұмыс.</td><td>Жеке және топтық тапсырмалар беру арқылы</td><td colspan="2">Көзге жаттығу және үзіліс кезіндегі қауіпсіздік</td></tr>
</table>

VII.2. Үлгі

| Сабақтың тақырыбы: |
|---|
| Тарих және мәдениет ескерткіштері |

| | |
|---|---|
| Педагогтың аты-жөні | Мұғалімнің аты-жөні: Бегимова Сандугаш Елубаевна<br>Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, «Атамекен» жалпы орта мектебінің тарих мұғалімі<br>Усенбеков Марат Кабылханулы. Облыстық әдістемелік орталықтың тарих және құқықтану пәні әдіскері. |
| Оқу мақсаты: | 10.4.1.5 дала өркениетінің белгілі тарихи және мәдени ескерткіштерін зерттеу<br>10.4.1.6 типологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, тарихи және мәдени ескерткіштерді классификациялау |
| Сабақ мақсаты | Тарих және мәдениет ескерткіштерінбілу, бағалау, қорғау |
| Бағалау критерийлері | Білу және түсіну: Оқушылар тарихи және мәдени ескерткіштерді сипаттай алады.<br>Анализ: Оқушылар тарихи және мәдени ескерткіштерді типологиялық ерекшеліктері бойынша ажырата алады<br>Бағалау: Қазақстан аумағындағы тарихи-мәдени ескерткіштердің адамзат үшін маңызына баға бере алады. |
| Концепт | маңыздылық |
| Тілдік міндеттер | Пәнге қатысты лексика мен терминология:<br>қала құрылысы және сәулет ескерткіштері; археология ескерткіштері; ансамбльдер.<br>Тілдік мақсат:<br>Диалогқа/жазылымға қажетті тіркестер:<br>Біздің ойымызша...өйткені...<br>Біз сіздердің пікірлеріңізбен келісеміз/келіспейміз...<br>Бұл оқиға /өзгеріс маңызды/еш маңызсыз болды, өйткені…<br>Біздің анықтағанымыз...<br>Қорытындысында... |
| Құндылықтарды дарыту | - патриотизм<br>- көшбасшылық<br>- төзімділік<br>- бостандық |
| Пәнаралық байланыстар | Әдебиет, география пәндерімен байланысты. |
| АКТ қолдану дағдылары | Интернет ақпарат материалдарын пайдалану, сабақта слайд-презентацияны қолдану. |
| Алдыңғы білім | Қазақтардың дәстүрлі дүниетанымы |

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы | Ұйымдастыру кезеңі. Саббақтың тақырыбын ашу мақсатында мұғалім суреттер топтамасын көрсетеді.<br>. Оқу мақсатымен таныстыру. Мұғалім сабақтың тақырыбы, мақсаты мен оқу | Оқушылар болжау арқылы сабақтың тақырыбын | | Шараф-ад Дин Әли Мазди |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың ортасы | мақсаттарымен оқушыларды таныстыру.<br>1.Тәуелсіздік жылдарындағы білім мен ғылымның және мәдениеттің дамуы<br>2.Діннің қазіргі Қазақстан қоғамындағы рөлі<br>Мұғалім зерттеу сұрақтарын ұсынады.<br>Оқушылар мүмкіндігінше жауап береді.<br>Зерттеу сұрақтары:<br>- Қазақстан аумағындағы тарихи-мәдени ескерткіштер қандай түрлерге бөлінеді?<br>- Тарихи-мәдени ескерткіштер дала өркениетінің ерекшелігін қалай сипаттайды?<br>1-тапсырма Сұрақтарға жауап беріңіз<br>Дескриптор: оқушылар мәтінмен танысып, сұрақтарға жауап бере алады.<br>1)«Бұл мәліметтен қандай тың мағлұмат алдыңыздар?_____<br>_____<br>2) Ескерткішке қандай баға берілген?<br>_____<br>_____<br>3) Сан ғасырлық тарихы бар басқа да қандай ескерткіштерді білесіздер?»<br>_____<br>Тарих және мәдениет ескерткіштері мынадай түрлерге бөлінеді:<br>1) қала құрылысы және сәулет ескерткіштері;<br>2) археология ескерткіштері;<br>3) ансамбльдер.<br>Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы<br>Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 2 шілдедегі N 1488-XII Заңы<br>2-тапсырма Презентация не постер жасаңыз<br>Топтарға берілген тақырыптар:<br>1-топ Қала құрылысы және сәулет ескерткіштері<br>2-топ Археология ескерткіштері<br>3-топ Ансамбльдер<br>4-топ Өз өлкеңдегі тарихи және мәдени ескерткіштер<br>Критерийлер:<br>Мазмұнның толық ашылуы;<br>Ескерткіштің түрін, мақсатын, ерекшеліктерін көрсету;<br>Ескерткіш тарихы туралы мәліметтерді | ашады.<br><br>Оқушылар зерттеу сұрақтарына жауап береді<br><br>Оқушылар берілген тақырыптың кемінде 2-уін таңдап, оқулық, интернет ресурсын пайдаланып, критерийлер бойынша постер не | Оқушылар бір-бірін дескрипторлар бойынша бағалайды. | дің «Жеңістер кітабындағы» немесе М.Е. Массонның Қожа Ахмет Йасауи кесенесі туралы мәліметінен үзінді берілген сілтеме: Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінгі күнге дейін). 5 томдық. II том. – Алматы: «Атамұра», 2010. – 255-256 бб.<br><br>http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z920002900_ |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>тиімді ұсыну;<br>Ескерткіш маңызын айқындау;<br>Топ оқушылары барлығының үлесінің болуы;<br>Креативтілігі;<br>Уақыт регламентін сақтау.<br>3-тапсырма Кестені толтырыңыз<br>Дескриптор: оқушылар алынған ақпараттардың негізінде кестені толтыра алады
<table>
<tr><td></td><td>Кілт сөздер</td><td>Түсіндірме</td></tr>
<tr><td>Қала құрылысы және сәулет ескерткіштері</td><td>Қарахан кесенесі</td><td>Тараз қаласында орналасқан</td></tr>
<tr><td>Археология ескерткіштері</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Ансамбльдер</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Өз өлкеңдегі тарихи және мәдени ескерткіштер</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td colspan="3"><u>Қорытынды ой:</u> Қазақстан аумағындағы тарихи-мәдени ескерткіштердің адамзат үшін маңызы неде?<br>1.<br>2.<br>3.<br>4.<br>5.</td></tr>
</table>
</td>
<td>презентация жасайды.<br><br>Кестені толтырады</td>
<td>Оқушылар бір-бірін дескрипторлар бойынша бағалайды.</td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td>Сабақтың соңы</td>
<td>Кері байланыс:<br>Бағалау. Мұғалім оқушыларға оқу мақсатына жеткенің немесе жетпегенін айтады.<br>Үй жұмысы: қайталау.</td>
<td></td>
<td></td>
<td>Презентация № 7</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="2">Саралау – оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз?</td>
<td>Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз?</td>
<td colspan="2">Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="2">Талқылау үрдісі кезінде барлық оқушылардың бірегей қатысуын</td>
<td>Сабақ барысында өз-өзін бағалау, өзара бағалау</td>
<td colspan="2">Кабинетте температура режимі оқу үрдісіне сай келеді. Сабақ барысында әр оқушы бір-бірінің</td>
</tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| қадағалаймын. Саралау іріктелген тапсырмалар, нақты бір оқушыдан күтілетін нәтижелер, оқушыға дербес қолдау көрсету, оқу материалдары мен ресурстарын оқушылардың жеке қабілеттерін есепке ала отырып іріктеу. Қиындату мен тереңдету саралау жұмыс түрлерін пайдаланамын. Орындалатын тапсырмалардың қиындық деңгейін жоғарылату дарын ды оқушылардың оларды шешудегі құзыреттілігін арттырады. Саралау іріктелген тапсырмалар, нақты бір оқушыдан күтілетін нәтижелер, оқушыға дербес қолдау көрсету | үрдісіне бағыттаймын. Кері байланыс бергенде бағалаймын. Сабақтың соңында оқу мақсаттарына жеткенінді не жетпегенінді айтып түсіндіру керек. | ойын тындатуға жағдай жасау. Көз көру қабілеті оқушылардың ұсынысын ескеріп, алдынғы қатардағы партаға отыруға жағдай жасаймын. Оқушылардың сабақ барысында дұрыс отыруын, топтық жұмыс кезінде оқушылардың қимыл-қозғалыстарының қауіпсізігін қа дағалауОқушыларға отрудың пайдасын ескерту. Оқушылардың тұлғасын дұрыс ұстауға, сабақ кезінде тапсырмаларды орындаған уақытта денсаулық сауқтауға көмектесетін қарапайым ережелерді ескерту:<br>-арқаны міндетті түрде тік ұстау керек, екі иық бірдей биіктікке және иық буындарына ойша жүргзілген сызық үстел бетіне паралель болғаны жөн, арқа орындықтың арқалығына тірелуі қажет.<br>- оқушының қолы үстелдің шетінде, ал екі көзі кітаптан немесе дәптерден 30-35 см қашықтықта болу керек |
| Сабақ бойынша рефлексия<br>Сабақ мақсаттары/оқу мақсаттары дұрыс қойылған ба? Оқушылардың барлығы ОМ қол жеткізді ме? Жеткізбесе, неліктен? Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме? Сабақтың уақыттық кезеңдері сақталды ма? Сабақ жоспарынан қандай ауытқулар болды, неліктен? | Бұл бөлімді сабақ туралы өз пікіріңізді білдіру үшін пайдаланыңыз. Өз сабағыңыз туралы сол жақ бағанда берілген сұрақтарға жауап беріңіз. | |

| |
|---|
| Жалпы баға<br>Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?<br>1:<br>2:<br>Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?<br>1:<br>2:<br>Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік/қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет? |

## VII.4. Үлгі

| | | |
|---|---|---|
| Бөлімі: Тәуелсіздікке жол және ұлттық мемлекеттіліктің қайта жаңғыртылуы | | |
| Күні: | Мұғалімнің аты-жөні: Аманкулова Баян Әбдікерімқызы<br>Алматы қаласы №148 гимназияның тарих мұғалімі | |
| Мерзімі: | | |
| Сынып: 10 | Қатысқандар саны: | Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы | §39-40 Қазақ хандығы: мемлекеттің саяси институттары | |
| Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме) | 10.3.1.2 – Қазақстанда мемлекеттілік қалыптасуының тарихи<br>кезеңдерін түсіндіру:<br>10.3.3.2 – Қазақ хандығының құрылуын Қазақстан аумағындағы<br>тарихи процестердің заңды нәтижесі ретінде тұжырымдау:<br>10.3.3.3 – мемлекет құрылысындағы сабақтастықты анықтай<br>отырып, Қазақ хандығының саяси институттарының ерекшеліктерін зерттеу. | |
| Сабақ мақсаттары: | Құтты жерді қорғау мен сақтаудағы ата-бабалардың рөлін<br>түсіндіреді. | |
| Бағалау критерийлері | Құтты жерді қорғау мен сақтаудағы ата-бабалардың рөлін бағалайды. | |
| Тілдік мақсаттар | Мәтінмен жұмыс – оқылым, айтылым, тыңдалым, жазылым оқушылармен сабақтың әр кезеңіндегі жеке жұмыс, топтық жұмыстар арқылы жүзеге асады.<br>Негізгі ұғымдар, тіркестер: көшпелілердің соңғы империясы, ойрат шапқыншылықтары, «ақтабан шұбырынды» жылдары<br>Сыныптағы диалогқа қажетті тілдік бірліктер:мәтіндегі негізгі ұғымдар... , олар жайлы біз не білеміз? Айтылған мәселе бойынша мынадай қорытынды жасаймын. | |
| Құндылықтарға баулу | Отаншылдық пен ұлтжандылыққа тәрбиелеу, тарихтың, мәдениет пен тілдің біртұтастығын басшылыққа алу, тарихи ескерткіштерді танып-білу, сақтауға баулу. Топтық және жұптық жұмыстар арқылы оқушылардың өзара ынтымақтастық дағдыларын қалыптастыру | |
| Пәнаралық | география, дүние жүзі тарихы | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| байланыс | | | | |
| АКТ қолдану дағдылары | Интернет ресурстарын, бейнематериалдарды қолдану. | | | |
| Алдыңғы оқу | Тәуелсіздікке жол және ұлттық мемлекеттіліктің қайта жаңғыртылуы тарауы бойынша білімдерін басшылыққа алады. | | | |
| Сабақтың жоспары | | | | |
| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
| Сабақтың басы | Жеке жұмыс. «Ақиқат, жалған» әдісі – <u>үй тапсырмасын сұрау.</u> Өткен сабақ бойынша тақтаға бірнеше мәлімет жазылады. Оқушылар өз еркі бойынша сұрақтарға кезекпен жауап береді. Жеке оқушылармен диалогқа түсе отырып қолдау көрсету (саралау).<br><br>Жұппен жұмыс. Қазақтардағы мемлекеттіліктің неліктен көшпелілер өркениетінің мәнімен байланыстылығына 5 сипаттама беру. Тапсырма орындалып, талдау жасай отырып толықтырылады.қ | ҚБ<br>-бағыт-бағдар беру, қолдау көрсету.<br><br>-белсенділік танытқан жұптарға кері байланыс беру. | | |
| Сабақтың ортасы | «Санамақ...» әдісі, мұғалім үш топтың құрылуына ықпал етеді.<br>Мәтінмен топтық жұмыс. Жеріміздегі тәуелсіздікті қалпына келтіру жолындағы күрестер туралы топтаса отырып, «Қос жазба күнделігі» кестесін толтырады.<br>( оқылым, жазылым дағдысы дамиды, қарым-қатынас дағдысы артады)<br>1-топ.Қазақ хандығы дұшпандар құрсауында.<br>2-топ.Жоңғар хандығы-көшпелілердің соңғы империясы.<br>3-топ.XVII ғасырдағы ойрат шапқыншылықтарын тойтару.<br>4-топ. «Ақтабан шұбырынды» жылдары. | топтық жұмыс жасайды, дескрипторлар негізінде жауап жазады<br><br>Қалыптастырушы бағалау жүргізіледі | топтық жұмыстың | https://e-history.kz/kz/history-of-kazakhstan/show/8630/ |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Үзінді- мәтіндегі ерекше назар аудартқан, толғандырған, әсер еткен, қызықтырған мәліметтер.<br>Түсіндірме- үзіндідегі мәліметтерге өз ойларын, пайымдаулары мен дәлелдерін жариялайды.<br>үзінді \| түсінд<br>\|<br>Топтық жұмыс. Топтар берілген қосымша мәліметтер бойынша постер құрастырады.<br>1. «Аңырақай шайқасы, тарихи ландшафт»<br>2. «Орбұлақ шайқасы, тарихи ландшафт»<br>3. Ордабасы – халық бірлігінің нышаны»,<br>Топтық жұмыстың қорытындысы жарияланады. Постерлер ілінеді, және суретке түсіріліп сыныптың ватсап тобына жіберіледі. | «Аңырақай шайқасы, тарихи ландшафт» «Орбұлақ шайқасы, тарихи ландшафт» Ордабасы – халық бірлігінің нышаны», «Күлтөбе», «Мартөбе». | қорытындысы жарияланады, қалыптастырушы бағалау жүргізіледі. | |
| Сабақтың соңы | «ББББ» әдісі бойынша кері байланыс<br>Білем \| Білдім \| Білгім келеді<br>\| \| \|<br>Балаларға белсенді жұмыс жасағандары үшін рахмет айтып, белсенділік танытқан оқушыларға қолдау көрсету, бағыт-бағдар ұсыну. | Оқушылар сабақ бойынша рефлексия жасап, осы сабақтың мақсаты, мазмұны, жайлы ойлана отырып ББББ кестесіне жазады. Бірнеше жұмыс оқушылардың өз еркі бойынша сыныпқа жарияланады | Бірнеше оқушының пікірі жарияланады, тыңдалады, кері байланыс беріледі. | |
| Үйге тапсырма | §39-40 Қазақ хандығы: мемлекеттің саяси институттары. | «Күлтөбе»,«Мартөбе» тақырыптарының таңдауы бойынша біреуіне эссе жазу. | | |
| - Саралау – оқушыларға қалай | Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру немесе | Сыныпта денсаулық және | | |

| | | |
|---|---|---|
| көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз?<br>- Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз? | игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз? | қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтау. |
| Қабілеті жоғары оқушыға қосымша деректермен жұмыс. | Жеке және топтық тапсырмалар беру арқылы | Көзге жаттығу және үзіліс кезіндегі қауіпсіздік |
| | | |

## 47. «Математика» оқу пәні, 5-сынып

I. Өткен оқу жылында өтілген оқу бағдарламасының мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттары

| 6 | Диаграмма | 5.4.3.1 - дөңгелек, сызықтық және бағанды диаграммалар туралы түсініктері болу;<br>5.4.3.2 - дөңгелек, сызықтық және бағанды диаграммалар салу;<br>5.4.3.3 - кесте немесе диаграмма түрінде берілген статистикалық ақпаратты алу. |

## II. Іріктеп алынған оқыту мақсаттары бойынша диагностикалық жұмыстың үлгісі

Диагностикалық жұмыс білім алушылардың олқылықтарын толықтыру үшін жүргізілетін жұмыс болып табылады. Сондықтан диагностикалық жұмыстың А тобының тапсырмаларында дұрыс жауапты белгілеу керек, ал В тобының тапсырмаларының толық шешуін жазу қажет.

Төменде 5-сыныптағы «Математика» пәнінің мазмұнын толық қамтитын

оқыту мақсаттарына сәйкес әзірленген диагностикалық жұмыс тапсырмаларының үлгісі берілген. Үлгі екі нұсқада әзірленген.

Диагностикалық жұмыс тапсырмаларын әзірлегендер: *Қызылорда қаласы №1 орта мектебінің жоғары санатты математика пәнінің мұғалімі Белгибаева Н.Б.; Павлодар қаласы №15 орта мектебінің екінші санатты математика пәнінің мұғалімі Кусаинова А.М.*

48.2-кесте – Тапсырмалар сипаттамасы

| Тақырып | Тапсырма нөмірі | Тапсырманың типі | Оқыту мақсаты |
|---|---|---|---|
| Дәреже | 1 | ҚЖ | 5.1.2.4 - бірдей сандардың көбейтіндісін дәреже түрінде жазу |
| Теңдеу | 2 | ҚЖ | 5.2.2.1 - арифмети-калық амалдардың белгісіз компонент-терін табу ережесі негізінде теңдеулерді шешу; |
| Жиын | 3 | ҚЖ | 5.4.1.1 - жиын, оның элементтері, бос жиын ұғымдарын меңгеру |
| 3 санына бөлінгіштік белгісі | 4 | ҚЖ | 5.1.2.6 - натурал сандардың 3-ке және 9-ға бөлінгіштік белгілерін қолдану; |
| Аралас сандарды салыстыру | 5 | ҚЖ | 5.1.2.16 - жай бөлшектерді ортақ бөлімге келтіру; жай бөлшектерді, аралас сандарды салыстыру |
| Мәтінді есеп | 6 | ҚЖ | 5.1.2.24 - санның бөлігін табу және бөлігі бойынша санды табу |
| Өрнекті ықшамдау | 7 | ҚЖ | 5.2.1.2 - әріптердің берілген мәндері бойынша әріпті өрнектердің мәндерін табу |
| Жай бөлшектерге арифметикалық амалдар қолдану | 8 | ТЖ | 5.1.2.18 - бөлімдері әртүрлі бөлшектерді қосу және азайтуды орындау |
| Ондық бөлшектерге арифметикалық амалдар қолдану | 9 | ТЖ | 5.1.2.27 - ондық бөлшектерді қосу және азайтуды орындау |
| Пайыз | 10 | ТЖ | 5.5.1.6 - пайызға байланысты мәтінді есептерді шығару |

1-нұсқа

**А**

1. Ақиқат теңдікті көрсетіңдер:

A) $4 \cdot 4 \cdot 4 \cdot 4 \cdot 4 = 5^4$

B) $4 \cdot 4 \cdot 4 \cdot 4 \cdot 4 = 4^5$

C) $4 \cdot 4 \cdot 4 \cdot 4 \cdot 4 = 5 \cdot 4$

D) $4 \cdot 4 \cdot 4 \cdot 4 \cdot 4 = 5 : 4$

2. 144: (x+10)=12 теңдеуін шешіңдер.

A) 1
B) 3
C) 2
D) 0
E) 4

3. *C*={ 5, 6, 7, 8, 9, 10} жиыны берілген. Егер $C \subset Д$ болса, онда үш элементтен тұратын *Д* жиынын құрастырыңдар.
A) {4, 6, 10 }
B) {5, 9, 7 }
C) {3, 8, 9 }
D) {5, 3, 7 }
E) {6, 2, 8 }

4. * белгісінің орнына қандай цифрды қойғанда 38577* саны 3 санына бөлінеді?
A) 1
B) 3
C) 2
D) 5
E) 4

5. $1\frac{7}{9}$ және $1\frac{2}{5}$ аралас сандарын салыстырыңдар.
*A)* $1\frac{7}{9} > 1\frac{2}{5}$
*B)* $1\frac{7}{9} = 1\frac{2}{5}$
*C)* $1\frac{7}{9} < 1\frac{2}{5}$

6. Мектеп асханасына 120 кг картоп әкелінді. Бірінші күні барлық картоптың 0,75 бөлігі қолданылды. Бірінші күні қанша картоп қолданылған?
A) 85
B) 70
C) 95
D) 90
E) 80

7. $m = 2$ болғанда $4(11m + 20)$ өрнегінің мәнін табыңдар.
A) 107
B) 115
C) 108
D) 105
E) 118

**B**

8. $\left(9\frac{3}{4}-10:1\frac{2}{3}\right)\cdot\frac{2}{9}+\frac{1}{3}$ өрнегінің мәнін табыңдар.

9. 2,66 ·: 1,4 + 27,09 – 24,5 · 1,02 өрнегінің мәнін табыңдар.

10. Мәтінді есепті шығарыңдар:

Қарақұмық жармасының құрамында 31% ақуыз, 45% май бар, ал қалғаны 48 г көмірсулар. Қарақұмық массасын табыңыз.

2-нұсқа

**А**

1. Ақиқат теңдікті көрсетіңдер:

A) $2 \cdot 2 \cdot 2 \cdot 2 \cdot 2 = 5^2$

B) $2 \cdot 2 \cdot 2 \cdot 2 \cdot 2 = 2^5$

C) $2 \cdot 2 \cdot 2 \cdot 2 \cdot 2 = 5 \cdot 2$

D) $2 \cdot 2 \cdot 2 \cdot 2 \cdot 2 = 5 : 2$

2. 121 : (10 + x) =11 теңдеуін шешіңдер.

A) 2

B) 3

C) 1

D) 0

E) 4

3. *С*={ 3, 4, 5, 6, 7, 8} жиыны берілген. Егер $C \subset Д$ болса, онда үш элементтен тұратын *Д* жиынын құрастырыңдар.

A) {4, 6, 9 }

B) {5, 9, 7 }

C) {3, 8, 9 }

D) {5, 3, 7 }

E) {5, 2, 8 }

4. * белгісінің орнына қандай цифрды қойғанда 38577* саны 3 санына бөлінеді?

A) 1

B) 6

C) 2

D) 5

E) 4

5. $1\frac{5}{6}$ және $1\frac{2}{3}$ аралас сандарын салыстырыңдар.

*A)* $1\frac{5}{6} > 1\frac{2}{3}$

*B)* $1\frac{5}{6} = 1\frac{2}{3}$

*C)* $1\frac{5}{6} < 1\frac{2}{3}$

6. Мектеп асханасына 120 кг картоп әкелінді. Бірінші күні барлық картоптың 0,75 бөлігі қолданылды. Бірінші күні қанша картоп қолданылған?

A) 80
B) 95
C) 90
D) 70
E) 85

7. $m = 2$ болғанда $5(9m + 20)$ өрнегінің мәнін табыңдар.

A) 170
B) 195
C) 190
D) 180
E) 185

**B**

8. $\left(9\frac{3}{4} - 10 : 1\frac{2}{3}\right) \cdot \frac{2}{9} + \frac{1}{3}$ өрнегінің мәнін табыңдар.

9. $3{,}45 \cdot 0{,}5 + 4{,}075 - 1{,}26 : 0{,}7$ өрнегінің мәнін табыңдар.

10. Мәтінді есепті шығарыңдар:

Қорытпада 51% мыс, 24% мырыш және 32 г қорғасын бар. Қорытпаның массасын табыңыз.

48.3-кесте – Тапсырмаларды бағалау критерийлері

| Бағалау критерийлері | Тапсырма нөмірі | Дескриптор | Балл |
|---|---|---|---|
| Натурал санның дәрежесінің анықтамасын біледі | 1 | Бірдей сандардың көбейтіндісін дәреже түрінде жаза алады | 1 |
| Теңдеуді шешеді | 2 | Білгісіз бөлінгішті табу ережесін қолданады және теңдеудің түбірін табады | 1 |
| Берілген жиынның ішкі жиынын жазады | 3 | Берілген жиынның ішкі жиынын табады | 1 |
| Натурал сандардың бөлінгіштік белгілерін қолданады | 4 | Натурал санның 3-ке бөлінгіштік белгісін біледі және берілген шарт орындалу үшін сәйкес цифрды | 1 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | анықтайды | |
| Аралас сандарды салыстырады | 5 | Бөлшектерді ортақ бөлімге келтіреді және аралас сандарды салыстыра алады | 1 |
| Санның бөлігін табуға есеп шығарады | 6 | Есептің мәтіні бойынша өрнек құрастрады, санның бөлігін табады, есептеулерді орындап жауабын жазады | 1 |
| Әріпті өрнекті ықшамдайды | 7 | Көбейтудің қасиетін қолданып жақшаны ашады, қосудың қасиетін қолданып өрнекті ықшамдайды | 1 |
| Жай бөлшектер мен аралас сандарға арифметикалық амалдар қолданады | 8 | Жай бөлшектер мен аралас сандарды бөлуді орындайды | 1 |
| | | Жай бөлшектер мен аралас сандарды көбейтуді орындайды | 1 |
| | | Жай бөлшектер мен аралас сандарды қосуды орындайды | 1 |
| | | Жай бөлшектер мен аралас сандарды азайтуды орындайды | 1 |
| Ондық бөлшектерге арифметикалық амалдар қолданады | 9 | Ондық бөлшектерді бөлуді орындайды | 1 |
| | | Ондық бөлшектерді көбейтуді орындайды | 1 |
| | | Ондық бөлшектерді қосуды орындайды | 1 |
| | | Ондық бөлшектерді азайтуды орындайды | 1 |
| Пайызға байланысты мәтінді есептерді шығарады | 10 | Есептің қысқаша шартын жазады | 1 |
| | | Пайызы бойынша санды табады | 1 |
| | | Есептеулерді орындап, жауабын жазады | 1 |

## III. Сабақ барысында толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары

5-сыныпқа арналған «Математика» пәнінен оқу бағдарламасын зерделеу нәтижесінде 6-сыныптағы математика курсының оқыту мақсаттарымен кіріктіруге болатын оқыту мақсаттары анықталды [17]. Кіріктіруге болатын оқыту мақсаттары ұсыныс түрінде берілген (48.4-кесте).

48.4-кесте – 4-5-сыныптардың кіріктірілетін оқыту мақсаттары

| **6-сыныптың оқыту мақсаттары** | **5-сыныптың оқыту мақсаттары** |
|---|---|
| 6.5.1.2 - пайызға берілген есептерді пропорция арқылы шешу; | 5.1.1.16 - пайыз ұғымын меңгеру;<br>5.1.2.33 - бөлшекті пайызға және пайызды бөлшекке айналдыру ; |

| | |
|---|---|
| | 5.1.2.34 - берілген санның пайызын табу;<br>5.1.2.35 - бір санның екінші санға пайыздық қатынасын және керісінше табу;<br>5.1.2.36 - берілген пайызы бойынша санды табу;<br>5.5.1.6 - пайызға байланысты мәтінді есептерді шығару; |
| 6.3.3.2 - шеңбер ұзындығының оның диаметріне қатынасы тұрақты сан екенін білу;<br>6.3.3.3 - шеңбер ұзындығының формуласын білу және қолдану;<br>6.3.3.4 - дөңгелек ауданының формуласын білу және қолдану;<br>6.3.1.7 - шар мен сфера туралы түсінігінің болуы | 5.3.1.2 - шеңбер, дөңгелек және олардың элементтері (центр, радиус, диаметр) ұғымдарын меңгеру;<br>5.3.1.3 - циркульдің көмегімен шеңберді салу;<br>5.3.1.6 - дөңгелек сектор ұғымын меңгеру; |
| 6.1.1.4 - координаталық түзудің анықтамасын білу және координаталық түзуді салу;<br>6.1.1.7 - қарама-қарсы сандар ұғымын меңгеру, оларды координаталық түзуде белгілеу;<br>6.1.2.9 - координаталық түзуде рационал сандарды кескіндеу; | 5.3.1.1 - өлшеудің түрлі ұзындық бірліктерін білу және координаталық сәуледегі бірлік кесінді дегенді түсіну;<br>5.5.2.2 - натурал сандарды координаталық сәуледе кескіндеу;<br>5.1.2.1 - натурал сандарды салыстыру, сонымен қатар координаталық сәуленің көмегімен салыстыру;<br>5.5.2.3 - жай бөлшектерді, аралас сандарды координаталық сәуледе кескіндеу;<br>5.5.2.4 - ондық бөлшектерді координаталық сәуледе кескіндеу;<br>5.1.2.26 - ондық бөлшектерді салыстыру; |
| 6.1.2.11 - рационал сандардың ішкі жиындарын Эйлер-Венн дөңгелектері арқылы кескіндеу; | 5.4.1.4 - ішкі жиын ұғымын меңгеру;<br>5.4.1.5 - жиындар арасындағы қатынастардың сипаттамасын анықтау (қиылысатын және қиылыспайтын жиындар);<br>5.4.1.3 - берілген жиындардың қиылысуы мен бірігуін табу, нәтижесін ∪, ∩ символдарын қолданып жазу;<br>5.5.1.7 - Эйлер-Венн диаграммасын қолданып, есептер шығару; |
| 6.1.2.8 - бүтін сандарды салыстыру;<br>6.1.2.12 - рационал сандарды салыстыру; | 5.5.2.7 - натурал сандарды салыстыру мен реттеуді талап ететін жағдайды зерттеу;<br>5.1.2.16 - жай бөлшектерді ортақ бөлімге келтіру; жай бөлшектерді, аралас сандарды салыстыру;<br>5.1.2.26 - ондық бөлшектерді салыстыру; |
| 6.1.2.13 - таңбалары бірдей, таңбалары әртүрлі рационал сандарды қосуды | 5.1.2.17 - бөлімдері бірдей бөлшектерді қосу орындау; |

| | |
|---|---|
| орындау; | 5.1.2.18 - бөлімдері әртүрлі бөлшектерді қосу орындау;<br>5.1.2.20 - аралас сандарды қосу орындау; |
| 6.1.2.14 - рационал сандарды азайтуды орындау; | 5.1.2.17 - бөлімдері бірдей бөлшектерді азайтуды орындау;<br>5.1.2.18 - бөлімдері әртүрлі бөлшектерді азайтуды орындау;<br>5.1.2.19 - натурал саннан жай бөлшекті азайтуды орындау;<br>5.1.2.20 - аралас сандарды азайтуды орындау; |
| 6.1.2.15 - рационал сандарды көбейтуді орындау; | 5.1.2.21 - жай бөлшектерді, аралас сандарды көбейтуді орындау;<br>5.1.1.12 - өзара кері сандар анықтамасын білу;<br>5.1.2.22 - берілген санға кері санды табу;<br>5.1.2.28 - ондық бөлшекті натурал санға және ондық бөлшекке көбейтуді орындау;<br>5.1.2.29 - ондық бөлшектерді 10, 100, 1000 және 0,1; 0,01; 0,001 көбейту ережелерін қолдану; |
| 6.1.2.16 - рационал сандарды бөлуді орындау; | 5.1.2.23 - жай бөлшектерді және аралас сандарды бөлуді орындау;<br>5.1.2.30 - ондық бөлшекті натурал санға және ондық бөлшекке бөлуді орындау;<br>5.1.2.31 - ондық бөлшектерді 10, 100, 1000 және 0,1; 0,01; 0,001 – бөлу ережелерін қолдану; |
| 6.5.1.4 - рационал сандарды қолданып мәтінді есептерді шығару; | 5.5.1.3 - жай бөлшектерге арифметикалық амалдар қолданып мәтінді есептер шығару (мысалы, бірлесіп жұмыс жасауға қатысты есептер және тағы басқа);<br>5.5.1.5 - бөлшектерге арифметикалық амалдар қолданып мәтінді есептер шығару; |
| 6.2.1.1 - алгебралық өрнек ұғымын меңгеру;<br>6.2.1.2 - айнымалылардың берілген рационал мәндері үшін алгебралық өрнектердің мәндерін есептеу;<br>6.2.1.3 - алгебралық өрнектегі айнымалының мүмкін мәндерін табу;<br>6.2.1.4 - айнымалылардың қандай мәндерінде алгебралық өрнектің практикалық есептер мәнмәтіндіде мағынасы бар болатынын түсіну; | 5.2.1.1 - қосу және көбейту амалдарының қасиеттерін қолданып, әріпті өрнектерді түрлендіру;<br>5.2.1.2 - әріптердің берілген мәндері бойынша әріпті өрнектердің мәндерін табу; |
| 6.5.2.4 - мәтінді есептер шығаруда айнымалысы бар өрнектер мен | 5.5.1.9 - мәтінді есептерді шығару үшін формулаларды қолдану; |

| | |
|---|---|
| формулалар құрастыру; | |
| 6.2.2.3 - бір айнымалысы бар сызықтық теңдеулерді шешу; | 5.2.2.1 - арифметикалық амалдардың белгісіз компоненттерін табу ережесі негізінде теңдеулерді шешу;<br>5.2.2.2 - теңдеудің шығарылуының дұрыстығын тексеру тәсілдерін қолдану; |
| 6.5.1.6 - мәтінді есептерді сызықтық теңдеулерді құру арқылы шығару; | 5.5.1.1 - натурал сандарға арифметикалық амалдар қолдана отырып, мәтінді есептерді шығару; |
| 6.3.2.4 - кескіні бойынша фигураны ажырату, жазық және кеңістік фигураларын кескіндеу; | 5.3.1.7 - көпбұрыш ұғымын меңгеру; |
| 6.4.3.1 - бірнеше сандардың арифметикалық ортасы, санды деректердің құлашы, медианасы, модасының анықтамаларын білу;<br>6.4.3.2 - статистикалық санды сипаттамаларды есептеу; | 5.4.3.3 - кесте немесе диаграмма түрінде берілген статистикалық ақпаратты алу; |

## IV. Кіріктірілетін оқыту мақсаттары бойынша ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгісі

Әрі қарай республика мектептерінің педагогтері әзірлеген сабақтардың қысқа мерзімді жоспарларының үлгілері ұсынылады:

*Бірінші үлгі*

| | |
|---|---|
| **Сабақтың тақырыбы** | Теріс рационал сандарды қосу. Таңбалары әртүрлі рационал сандарды қосу. |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары** | 6.1.2.13 таңбалары бірдей, таңбалары әртүрлі рационал сандарды қосуды орындау |
| **Сабақтың мақсаты:** | таңбалары әртүрлі рационал сандарды қосуды үйренеді |
| **5-сыныптың оқыту мақсаттары** | 5.1.2.17 - бөлімдері бірдей бөлшектерді қосу және азайтуды орындау;<br>5.1.2.18 - бөлімдері әртүрлі бөлшектерді қосу және азайтуды орындау;<br>5.1.2.27 - ондық бөлшектерді қосу және азайтуды орындау |

**Сабақ барысы**

| Сабақтың кезеңі | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| **Басы**<br>5 минут | **Ұйымдастыру сәті**<br>Амандасу. Сынып түгелдеу<br>Үй тапсырмасын тексеру | | Қалыптастырушы бағалау | Оқулық<br>Жұмыс дәптері |
| **Негізгі бөлім**<br>10 минут | **1-тапсырма**<br>Қосудың ауыстырымдылық және терімділік қасиеттерін пайдаланып есептеңдер:<br>1) -2,6+(-0,3)+(-1,4)+(-9,7)<br>2) 1,5-5,4+(-1,6)+8,5<br>3) 4,37+(-3,65)+(-7,35)+6,63<br>4) 0,13+(-9,94)+(-2,13)+(-0,06)<br><br>**2-тапсырма**<br>1) $-2+1\frac{7}{8}$; 4) $-\frac{5}{7}+\frac{4}{7}$; 7) $\frac{5}{12}-\frac{1}{12}$; | **Дескриптор:**<br>Білім алушы<br>-бүтін сандарға сәйкес нүктелерді координаттық түзуде табады;<br>-таңбалары әртүрлі сандарды қосады;<br>- нәтижесін жазады. | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 2) $-1+2\frac{1}{9}$; 5) $-\frac{5}{8}+\frac{7}{8}$; 8) $\frac{7}{15}-\frac{11}{15}$;<br>3) $-4+3\frac{1}{2}$; 6) $-\frac{1}{6}+1$;<br>**3 – тапсырма**<br>Фирманың ақша есебінің өзгерісі бірінші айда +5,8 млн тг, екінші айда -3,1 млн тг, ал үшінші айда +0,6 млн тг болды. Фирманың үш айдағы ақша есебінің өзгерісі неше тг? Фирма зиян шеккен бе, әлде пайда тапқан ба?<br>**4 – тапсырма**<br>Таңертең ауаның температурасы +8 С болды. Түсте +4 С – қа өзгерді. Кешкі ауаның температурасы тұске қарағанда -3 С-қа өзгерсе, түн ортасында тағы да -2 С – қа өзгерді. Түн ортасында ауаның температурасы неше градус болды? | | | |
| **Оқулықпен жұмыс** 25 минут | **5-тапсырма**<br>Есептеңіз:<br>1) $-\frac{5}{7}+\frac{4}{7}$ 2) $\frac{5}{12}+(-\frac{1}{12})$<br>3) $\left(-\frac{1}{6}\right)+1$ 4) $\frac{5}{16}+(-\frac{1}{16})$<br>5) $(-4)+3\frac{1}{2}$ | **Дескриптор:** Білім алушы<br>- Координаталық түзуде санды белгілей алады;<br>- Координаталық түзуді пайдаланып сандарды дұрыс қосады . | | |
| **Соңы** 5 минут | **Сабақты бекіту. Рефлексия**<br>Үйге тапсырма қолданыстағы оқулықтан беріледі | | | |
| Кері байланыс | Әр педагогтің әдістемесіне қарай жүргізіледі | | | |

V. Сабақтан тыс уақытта толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары

5-сыныпқа арналған «Математика» пәнінен оқу бағдарламасын зерделеу нәтижесінде 6-сыныптағы математика курсының оқыту мақсаттарымен кіріктіруге болмайтын оқыту мақсаттары анықталды [17]. Төменде кіріктіруге болмайтын оқыту мақсаттары берілген:

5.1.2.24 - санның бөлігін табу және бөлігі бойынша санды табу;

5.5.1.4 - санның немесе шаманың бөлігін табу және бөлігі бойынша санды немесе шаманы табуға арналған есептерді құрастыру және шығару;

5.1.1.15 - санның жуық мәні ұғымын меңгеру;

5.1.2.32 - ондық бөлшектерді берілген разрядқа дейін дөңгелектеу;

5.1.2.34 - берілген санның пайызын табу;

5.1.2.35 - бір санның екінші санға пайыздық қатынасын және керісінше табу;

5.1.2.36 - берілген пайызы бойынша санды табу;

5.3.1.4 - бұрыш және оның градустық өлшемі ұғымдарын меңгеру, бұрыштарды белгілеу және салыстыру,

5.3.1.5 - бұрыштардың түрлерін ажырату (сүйір, тік, доғал, жазыңқы, толық);

5.3.3.1 - бұрышты транспортир көмегімен өлшеу;

5.3.3.2 - градустық өлшемі берілген бұрышты транспортир көмегімен салу;

5.3.3.3 - бұрыштың градустық өлшемін табуға, бұрыштарды салыстыруға берілген есептерді шығару;

5.4.3.1 - дөңгелек, сызықтық және бағанды диаграммалар туралы түсініктері болу;

5.4.3.2 - дөңгелек, сызықтық және бағанды диаграммалар салу;

5.3.2.1 - фигураларды қию және құрастыру арқылы есептер шығару;

VI. Кіріктіруге болмайтын оқыту мақсаттары қарастырылатын консультациялардың кестесі

Білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды толықтыру үшін 5-сыныпта «Математика» пәнін оқу барысында кіріктіруге болмайтын оқыту мақсаттары бойынша каникул кездерінде (күзгі, қысқы, көктемгі) консультациялар өткізу ұсынылады.

Төмендегі кесте каникул кездерінде (күзгі, қысқы, көктемгі) өткізілетін консультациялардың кестесінің үлгісі келтірілген (48.3-кесте).

48.3-кесте – Каникул кездерінде (күзгі, қысқы, көктемгі) өткізілетін консультациялардың кестесі

| Өткізілетін мерзімі | Тақырыптың атауы | Оқыту мақсаттары |
|---|---|---|

| | | |
|---|---|---|
| Күзгі каникул | Санның бөлігін және бөлігі бойынша санды табуға берілген есептер | 5.1.2.24 - санның бөлігін табу және бөлігі бойынша санды табу;<br>5.5.1.4 - санның немесе шаманың бөлігін табу және бөлігі бойынша санды немесе шаманы табуға арналған есептерді құрастыру және шығару; |
| Күзгі каникул | Ондық бөлшектерді дөңгелектеу | 5.1.1.15 - санның жуық мәні ұғымын меңгеру;<br>5.1.2.32 - ондық бөлшектерді берілген разрядқа дейін дөңгелектеу; |
| Қысқы каникул | Санның пайызын және пайызы бойынша санды табу | 5.1.2.34 - берілген санның пайызын табу;<br>5.1.2.35 - бір санның екінші санға пайыздық қатынасын және керісінше табу;<br>5.1.2.36 - берілген пайызы бойынша санды табу; |
| Қысқы каникул | Бұрыш | 5.3.1.4 - бұрыш және оның градустық өлшемі ұғымдарын меңгеру, бұрыштарды белгілеу және салыстыру,<br>5.3.1.5 - бұрыштардың түрлерін ажырату (сүйір, тік, доғал, жазыңқы, толық);<br>5.3.3.1 - бұрышты транспортир көмегімен өлшеу;<br>5.3.3.2 - градустық өлшемі берілген бұрышты транспортир көмегімен салу;<br>5.3.3.3 - бұрыштың градустық өлшемін табуға, бұрыштарды салыстыруға берілген есептерді шығару; |
| Көктемгі каникул | Диаграмма | 5.4.3.1 - дөңгелек, сызықтық және бағанды диаграммалар туралы түсініктері болу;<br>5.4.3.2 - дөңгелек, сызықтық және бағанды диаграммалар салу; |
| Көктемгі каникул | Фигураларды қиюға берілген есептер. Фигураларды құрастыруға берілген есептер | 5.3.2.1 - фигураларды қию және құрастыру арқылы есептер шығару; |

## VII. Жазғы мектеп кезінде ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгісі

Білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды толтырудың тағы бір жолы – Жазғы мектепті ұйымдастыру.

Жазғы мектеп кезінде өткізілетін сабақтар 5-сыныпқа арналған «Математика» пәні бойынша оқу бағдарламасына сәйкес келесі тақырыптарды қайталау мен пысықтау ұсынылады:

1) Қос теңсіздік. Натурал сандарға арифметикалық амалдар қолдану.

Санды және әріпті өрнектердің мәндері. Тендеудің көмегімен мәтінді есептерді шығару;

2) Натурал сандарды жай көбейткіштерге жіктеу. Ең үлкен ортақ бөлгіш. Өзара жай сандар. Ең кіші ортақ еселік;

3) Жай бөлшектерді ортақ бөлімге келтіру. Жай бөлшектерді және аралас сандарды салыстыру. Жай бөлшектер мен аралас сандарға арифметикалық амалдар колдану. Бірлесіп орындалатын жұмыстарға қатысты есептер;

4) Ондық бөлшекті натурал санға бөлу. Ондық бөлшекті ондық бөлшекке бөлу. Ондық және жай бөлшектерге арифметикалық амалдар қолдану;

5) Пайыз. Санның пайызын және пайызы бойынша санды табу. Мәтінді есептерді шығару.

Жазғы мектеп кезінде өткізілетін сабақтарды 6-сыныпқа арналған «Математика» пәні бойынша оқу бағдарламасына сәйкес келесі оқыту мақсаттарын қайталау және пысықтау ұсынылады:

6.1.2.2 - берілген қатынасқа кері қатынасты табу;

6.5.2.1 - екі санның қатынасын оқу және жазу;

6.1.2.4 - пропорцияларды ажырату және құрастыру;

6.1.2.5 - пропорцияның негізгі қасиетін білу және қолдану;

6.5.2.2 - пропорцияны оқу және жазу;

6.1.1.2 - қандай шамалар тура пропорционалды болатынын түсіну және оларға мысалдар келтіру, есептер шығару;

6.1.1.3 - қандай шамалар кері пропорционалды болатынын түсіну және оларға мысалдар келтіру,есептер шығару;

6.5.1.1 - шамалары тура және кері пропорционалдықпен байланысты есептерді ажырату және шығару;

6.5.1.2 - пайызға берілген есептерді пропорция арқылы шешу;

6.1.2.6 - шамаларды берілген қатынаста бөлу;

6.1.2.7 - шамаларды берілген сандарға кері болатын пропорционал бөліктерге бөлу;

6.1.1.4 - координаталық түзудің анықтамасын білу және координаталық түзуді салу;

6.1.1.7 - қарама-қарсы сандар ұғымын меңгеру, оларды координаталық түзуде белгілеу;

6.1.2.9 - координаталық түзуде рационал сандарды кескіндеу;

6.1.2.8 - бүтін сандарды салыстыру;

6.1.2.12 - рационал сандарды салыстыру;

6.1.2.10 - бүтін сандарды координаталық түзу көмегімен қосу және азайтуды орындау;

6.1.2.13 - таңбалары бірдей, таңбалары әртүрлі рационал сандарды қосуды орындау;

6.1.2.14 - рационал сандарды азайтуды орындау;

6.1.2.24 - координаталық түзуде нүктелердің арақашықтығын табу;

6.1.2.15 - рационал сандарды көбейтуді орындау;

6.1.2.16 - рационал сандарды бөлуді орындау;

6.1.2.20 - шектеусіз периодты ондық бөлшектің периодын табу;

6.1.2.21 - шектеусіз периодты ондық бөлшекті жай бөлшекке айналдыру;

6.1.2.22 - рационал сандармен арифметикалық амалдарды орындау

6.5.1.4 - рационал сандарды қолданып мәтінді есептерді шығару;

6.2.1.2 - айнымалылардың берілген рационал мәндері үшін алгебралық өрнектердің мәндерін есептеу;

6.2.1.3 - алгебралық өрнектегі айнымалының мүмкін мәндерін табу;

6.2.1.5 - жақшаны ашу ережелерін білу;

6.2.1.7 - алгебралық өрнектерде ұқсас мүшелерді біріктіруді орындау;

6.2.1.9 - алгебралық өрнектерді тепе-тең түрлендіруді орындау;

6.5.2.4 - мәтінді есептер шығаруда айнымалысы бар өрнектер мен формулалар құрастыру;

6.2.1.10 - теңдіктерден бір айнымалыны екінші айнымалы арқылы өрнектеу;

6.2.2.3 - бір айнымалысы бар сызықтық теңдеулерді шешу;

6.2.2.4 - $|x \pm a| = b$ түріндегі теңдеулерді шешу, мұндағы a және b – рационал сандар;

6.5.1.6 - мәтінді есептерді сызықтық теңдеулерді құру арқылы шығару;

6.2.2.9 - сан аралықтардың бірігуін және қиылысуын табу;

6.2.2.10 - $kx > b,\ kx \geq b, kx < b,\ kx \leq b$ түріндегі сызықтық теңсіздіктерді шешу;

6.2.2.11 - алгебралық түрлендірулердің көмегімен теңсіздіктерді $kx > b,\ kx \geq b, kx < b,\ kx \leq b$ түріндегі теңсіздіктерге келтіру;

6.2.2.12 - теңсіздіктердің шешімдерін координаталық түзуде кескіндеу;

6.2.2.13 - теңсіздіктердің шешімдерін сан аралығы арқылы және берілген сан аралығын теңсіздік түрінде жазу;

6.2.2.14 - бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздіктер жүйесін шешу;

6.2.2.15 - $|x| > a, |x| \geq a, |x| < a, |x| \leq a$ теңсіздіктер түрінде берілген нүктелер жиынын координаталық түзуде кескіндеу;

6.3.1.4 - координаталар жүйесінде нүктені оның координаталары бойынша салу және координаталық жазықтықта берілген нүктенің координаталарын табу;

6.3.2.3 - кесінділердің, сәулелер немесе түзулердің бір-бірімен, координаталық осьтермен қиылысу нүктелерінің координаталарын графиктік тәсілмен табу;

6.4.3.1 - бірнеше сандардың арифметикалық ортасы, санды деректердің құлашы, медианасы, модасының анықтамаларын білу;

6.4.2.1 - іріктеу тәсілмен комбинаторикалық есептерді шығару;

6.5.2.10 - шынайы процестердің графиктерін қолданып, шамалар арасындағы тәуелділіктерді табу және зерттеу;

6.5.2.13 - тура пропорционалдықтың графигін салу;

6.2.2.19 - теңдеулер жүйелерін алмастыру тәсілі және қосу тәсілі арқылы шешу;

6.2.1.13 - сандармен байланысты есептер шығаруда $\overline{\mathrm{ab}} = 10\mathrm{a} + \mathrm{b},\ \overline{\mathrm{abc}} = 100\mathrm{a} + 10\mathrm{b} + \mathrm{c}$ жазуларын қолдану;

6.5.1.7 - мәтінді  есептерді сызықтық теңдеулер жүйелерін құру арқылы шешу.

Немесе жазғы мектеп кезінде өткізілетін сабақтарда 6-сыныпқа арналған «Математика» пәні бойынша оқу бағдарламасына сәйкес келесі тақырыптарды қайталау мен пысықтау ұсынылады:

1) Пропорция. Пропорцияның негізгі қасиеті. Мәтінді есептерді пропорция көмегімен шығару;

2) Координаталық түзу. Санның модулі. Рационал сандарды салыстыру. Рационал сандарға арифметикалық амалдар қолдану. Мәтінді есептерді шығару;

3) Жақшаны ашу. Коэффициент. Ұқсас қосылғыштарды біріктіру. Өрнектерді тепе-тең түрлендіру. Тепе-теңдік. Алгебралық өрнектерді түрлендіру. Мәтінді есептерді шығару;

4) Бір айнымалысы бар сызықтық теңдеулерді шешу. Айнымалысы модуль таңбасының ішінде берілген бір айнымалысы бар сызықтық теңдеу. Мәтінді есептерді шығару;

5) Сан аралықтары. Сан аралықтарының бірігуі мен қиылысуы. Бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздіктерді шешу. Бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздіктер жүйесін шешу. Айнымалысы модуль таңбасының ішінде берілген бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздіктерді шешу;

6) «Координаталық жазықтық. Тікбұрышты координаталар жүйесі. Центрлік симметрия. Осьтік симметрия;

7) Шамалар арасындағы тәуелділіктерді беру тәсілдері: аналитикалық (формула арқылы), кестелік, графиктік тәсіл. Тура пропорционалдық және оның графигі.

8) Екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер жүйесін қосу тәсілімен және алмастыру тәсілімен шешу. Мәтінді есептерді екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер жүйелері арқылы шығару.

Әрі қарай республика мектептерінің педагогтері әзірлеген сабақтардың қысқа мерзімді жоспарларының үлгілері ұсынылады:

*Бірінші үлгі*

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың тақырыбы** | Тура пропорционалдық тәуелділік. Кері пропорционалдық тәуелділік. | | | |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары** | 6.1.1.2 қандай шамалар тура пропорционалды болатынын түсіну және оларға мысалдар келтіру, есептер шығару; | | | |
| **Сабақтың мақсаты:** | Тура пропорционал шамалар анықтамасын білу, тура пропорционалдыққа мысалдар келтіру, есептер шығару<br>Тура пропорционалдықты дәлелдеу, қасиетін талдау<br>Математикалық тілде тұжырымдау | | | |
| **Сабақ барысы** | | | | |
| Сабақтың кезеңі | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
| **Басы**<br>5 минут | **Ұйымдастыру сәті**<br>Оқушылармен амандасу, түгендеу.<br>**Үйге тапсырмасын тексеру** | | Қалыптастырушы бағалау | Оқулық |
| **Негізгі бөлім**<br>10 минут | Өткен тақырыптар бойынша сұрақтар қойылады:<br>1. Екі санның бөліндісі қалай аталады?<br>2. Екі қатынастың теңдігі қалай аталады?<br>3. Қандай шамалар тура пропорционал шамалар деп аталады?<br>4. Тура пропорционал шаманың қасиеті қандай? | Қойылған сұрақтарға жауап береді | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Оқулықпен жұмыс**<br>25 минут | **1-тапсырма**<br>Бір жүкті тасуға үш тонналық 10 машина керек. Сол жүкті тасу үшін екі тонналық неше машина керек?<br><br>**2-тапсырма**<br>Автобус Қарағанды және Астана қалаларының арасындағы қашықтықты 60 км/сағ жылдамдықпен 3,5сағ жүрді.Егер автобус жылдамдықты 10 км/сағ арттырса, осы қашықтықты неше сағат жүреді?<br><br>**3-тапсырма**<br>Тігін фабрикасы 600 костюм шығарды. Оның 20% жаңа костюмдер түрі . Фабрика неше жаңа костюмдер шығарды?<br><br>**4-тапсырма**<br>1680 га жердің 42 га жеріне қарбыз егілді. Жердің қандай бөлігінің процентіне қарбыз егілді?<br><br>**5-тапсырма** | **Дескрипторлар:**<br>Есепті кері пропорция арқылы шығару;<br>Кері пропорцияның әріптермен белгіленуін көрсету.<br><br>**Дескрипторлар:**<br>есеп шартының дұрыс құрылуы;<br>жылдамдық формуласының қолданылуы**;**<br>пропорцияның тиімді есептелуі<br><br>**Шешуі:**<br>600 костюм -100%<br>х костюм - 20%<br><br>$x=\frac{600\times20}{100}=120;$<br><br>Жауабы: 120 костюм.<br><br>**Шешуі:**<br>1680 га - 100%<br>42 га - х %<br><br>$x=\frac{42\times100}{120}=35;$<br><br>**Жауабы:** 35% . | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Кітапханада 400 кітаптар мен журналдар бар. Оның 26%-ы математикаға арналған кітаптар. Кітапханада математикаға арналған неше кітап бар?<br><br>**6-тапсырма**<br>Бақта 64 шие терегі қсіп тұр, бұл барлық теректің 16% құрайды. Бақта барлығы қанша терек бар? | Жауабы:104<br><br>Жауабы: 400 | | |
| **Соңы**<br>5 минут | **Сабақты бекіту**<br>*Рефлексия* | | | |
| Кері байланыс | Әр педагогтің әдістемесіне қарай жүргізіледі | | | |

*Екінші үлгі*

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың тақырыбы** | Мәтінді есептерді пропорцияның көмегімен шығару | | | |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары** | 6.1.2.7 шамаларды берілген сандарға кері болатын пропорционал бөліктерге бөлу; | | | |
| **Сабақтың мақсаты:** | Білім алушылар:<br>- пропорция ұғымын түсінеді;<br>- пайыз ұғымын түсінеді;<br>- санның пайызын, пайызы бойынша санды табады;<br>- пайызға берілген есептерді пропорция арқылы шешеді. | | | |
| **Сабақ барысы** | | | | |
| Сабақтың кезеңі | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Басы**<br>5 минут | **Ұйымдастыру сәті**<br>Амандасу. Сынып түгелдеу<br>Үй тапсырмасын тексеру | | Қалыптастырушы бағалау | Оқулық<br>Жұмыс дәптері |
| **Негізгі бөлім**<br>10 минут | **Еске түсіру!**<br>Берілген санның пайызы қалай табылады?<br>Пайызы бойынша санды қалай табамыз?<br>Пропорция дегеніміз не?<br>Пропорцияның негізгі қасиеті қалай айтылады?<br>Тура пропорционал шама дегеніміз не?<br>Кері пропорционал шама дегеніміз не?<br><br>**Мысал:**<br>136 санын 5 және 6 сандарына кері пропорционал екі бөлікке бөлейік<br><br>***Шешуі:*** 143 санын 5 және 6 сандарының әрқайсысына кері санға ($\frac{1}{5}$ және $\frac{1}{6}$) тура пропорционал бөліктерге бөлеміз.<br>143: ($\frac{1}{5}+\frac{1}{6}$) = 136 : $\frac{11}{30}$ = $\frac{143\times30}{11}$ = 390.<br>$x_1$ – бірінші бөлікке сәйкес сан,<br>$x_2$ - екінші бөлікке сәйкес сан.<br>$x_1 = 390 \times \frac{1}{5} = 78$;<br>$x_2 = 390 \times \frac{1}{6} = 65$<br>Жауабы: 78 және 65 сандары | **Қойылған сұрақтарға жауап береді** | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **1 – тапсырма**<br>Берілген жүкті тасымалдау үшін 24 автокөлік әрқайсысы 32 рейстен жүруі керек болады. Егер автокөліктің санын 15% - ға кемітетін болса, әр бір автокөлік берілген жүкті толық тасымалдау үшін әрқайсысы неше рейс жүруі керек?<br>**2 – тапсырма**<br>Сиыр фермасында барлық ірі қараны жемдеу үшін 30 күнге жететін жем шөп дайындалған. Егер сиыр басын 40%-ке кемітіп, бір сиырдың күндік нормасын 25%-ке арттырса, дайындалған жем шөп неше күнге жетер еді? | **Дескриптор**<br>процент арқылы автокөліктің санын есептейді;<br>пропорция құрастырады;<br>пропорцияның түрін дұрыс анықтайды;<br>пропорция арқылы рейс санын есептейді<br>**Дескриптор**:<br>*Білім алушы*<br>мал санының кемуін есептейді;<br>жем шөптің өсуін жазады;<br>шартқа сәйкес пропорция құрады;<br>пропорцияның түрін анықтайды;<br>пропорцияның негізгі қасиетін қолданып есептеулер жүргізеді;<br>уақытты есептейді. | | |
| **Оқулықпен жұмыс**<br>25 минут | **4-тапсырма**<br>1) 91 санын 5 және 8 сандарына;<br>2) 143 санын 4 және 7 сандарына;<br>3) 104 санын 2;3 және 4 сандарына кері пропорционал бөліктерге бөліңіздер.<br><br>**Сараланған тапсырма**<br>**5-тапсырма**<br>Екі бекеттің арақашықтығы 240 км. Осы екі бекеттің арасын | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | жолаушылар пойызы 3 сағ жүрсе, жүк пойызы 5 сағ жүреді. Бір уақытта бірінші бекеттен жолаушылар пойызы, екінші бекеттен жүк пойызы шығып, бір-біріне қарсы жүріп кездесті. Кездескенге дейін жолаушылар пойызы неше км қашықтықты жүрді, жүк пойызы неше км қашықтықты жүрді?<br><br>**6-тапсырма**<br>Ұзындығы 21 км- жолды жұмысшылардың бірінші бригадасы 8 күнде жөндейді, ал екінші бригадасы 6 күнде жөндейді. Егер екі бригада бірігіп жөдесе, жолдың неше км-ін бірінші бригада, неше км-ін екінші бригада жөндейді? ( Әр бригаданың күнделікті орындайтын жұмыс мөлшері бірдей.)<br><br>**7-тапсырма**<br><br>50 оқушы екі топқа бөлініп, аудандары бірдей екі егісті жерді арам шөптерден тазартуға көмектесті. Бірінші егістік жерді бірінші топ оқушылары 4 күнде арам шөптерден тазартады. Екінші егістік жерді екінші топ оқушылары 6 күнде арам шөптерден тазартты. Бірінші | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | және екінші топта неше оқушы болған? | | | |
| **Соңы**<br>5 минут | **Сабақты бекіту**<br>**Рефлексия**<br>Үйге тапсырма қолданыстағы оқулықтан беріледі | | | |
| Кері байланыс | Әр педагогтің әдістемесіне қарай жүргізіледі | | | |

*Үшінші үлгі*

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың тақырыбы** | Екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер жүйесін қосу тәсілімен және алмастыру тәсілімен шешу | | | |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары** | 6.2.2.19 теңдеулер жүйелерін алмастыру тәсілі және қосу тәсілі арқылы шешу; | | | |
| **Сабақтың мақсаты:** | теңдеулер жүйелерін алмастыру тәсілі және қосу тәсілі арқылы шешу; | | | |
| **Сабақ барысы** | | | | |
| Сабақтың кезеңі | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
| **Басы**<br>5 минут | **Ұйымдастыру сәті**<br>Үй тапсырмасын тексеру. | | Қалыптастырушы бағалау | Оқулық, жұмыс дәптері |
| **Негізгі бөлім**<br>10 минут | **1 – тапсырма.**<br>$2x - 5y - 3 = 0$ теңдеуінің екі шешімін табыңыз | **Шешуі:**<br>Айнымалылардың біреуіне кез келген санды берейік ,сонда бір айнымалысы бар сызықтық теңдеуді шешу арқылы екінші айнымалының мәнін табамыз.<br>$y=3$ болсын | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | 2x – 5 · 3 – 3 = 0,<br>2x = 18,<br>x = 9<br>Айнымалылар жұбын теңдеуге қойсақ,<br>2·9 – 5 · 3 – 3 = 0 тура санды теңдік шығады.<br>(9; 3) – шешім.<br>Айнымалының біреуіне басқа мәнді қояйық:<br>x= - 2 болсын,<br>2 · (-2) – 5y – 3 =0,<br>−5y = 7,<br>y = - 1,4<br>Айнымалылар жұбын берілген теңдеуге қойсақ, тура санды теңдік аламыз:<br>2 ·(-2) – 5 ·(-1,4) – 3 = 0 .<br>Яғни, (-2; -1,4) сандар жұбы берілген теңдеуіміздің тағы да бір шешімі болады.<br>Осындай сандар жұбын шексіз көп табуға болады.<br>Жауабы: (9; 3), (-2; -1,4) | | |
| | **2 – тапсырма.**<br>3x + 4y – 7 = 0 теңдеуіндегі y айнымалысын x айнымалысы арқылы өрнектеп мәндес теңдеуге түрлендір. | Шешуі<br>4y =– 3x + 7 \| 1- қасиетті пайдаланып, екі қосылғышты теңдеудің оң жағына | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | көшіреміз | | |
| | | $\frac{4}{4}$ y =- $\frac{3}{4}$x + $\frac{7}{4}$ | 2- қасиетті пайдаланып, теңдеудің екі жағын бірдей y – тің алдындағы коэффициентке яғни 4 – ке бөлеміз. | | |
| | | y = - 0,75x + 1,75 | 3x + 4y – 7 = 0 теңдеуіндегі y айнымалысы x айнымалысы арқылы өрнектелді. | | |
| **Оқулықпен жұмыс** 25 минут | **3-тапсырма.** Теңдеулер жүйесін алмастыру тәсілімен шешіңіз: $\begin{cases} \frac{x-y}{7} - \frac{y+x}{8} = \frac{5}{8} \\ \frac{8x}{5} + 5y = -2 \end{cases}$. | **Шешуі:** Теңдеулердің әрқайсысын бөлімдерінің ЕКОЕ-не көбейтейік: $\begin{cases} \frac{x-y}{7} - \frac{y+x}{8} = \frac{5}{8} \\ \frac{8x}{5} + 5y = -2 \end{cases}$, $\begin{cases} 8(x-y) - 7(y+x) = 5 \cdot 7, \\ 8x + 5 \cdot 5y = 5 \cdot (-2) \end{cases}$ Теңдеулерді ықшамдап, | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | .<br><br>**4-тапсырма.**<br>$\begin{cases} x - 2y = 5, \\ 3x + 2y = 1 \end{cases}$ жүйесін шешіңіз | $\begin{cases} x - 15y = 35, \\ 8x + 25y = -10 \end{cases}$ түріне келтіреміз.<br><br>$\begin{cases} x = 35 + 15y, \\ 8(35 + 15y) + 25y = -10 \end{cases}$<br><br>Бір айнымалысы бар сызықтық теңдеуді шешеміз: 280 + 120y +25y = -10<br>y = -2,<br>$x = 35 + 15 \cdot (-2) = 5$<br><br>**Шешуі.** Бірінші және екінші теңдеулерді мүшелеп қосамыз:<br>4x =6<br>Теңдеудің шешімі x =1,5 санын теңдеулердің кез келгеніне қоямыз:<br>1,5 – 2y =5<br>−2y = 3,5<br>y = – 1,75<br>Жауабы: (1,5; − 1,75 )<br><br>Немесе $\begin{cases} x - 2y = 5, \\ 3x + 2y = 1 \end{cases}$<br>4x = 6,<br>x = 1,5<br><br>Табылған x-тің мәнін теңдеулердің кез келген | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | біреуіне қоямыз.<br>$3 \cdot 1,5 + 2y = 1$<br>$2y = -3,5$<br>$y = -1,75$<br>Жауабы: (1,5; -1,75) | | |
| **Соңы**<br>5 минут | **Сабақты бекіту**<br>**Рефлексия**<br>Үйге тапсырма қолданыстағы оқулықтан беріледі | | | |
| Кері байланыс | Әр педагогтің әдістемесіне қарай жүргізіледі | | | |

*Төртінші үлгі*

| | |
|---|---|
| **Сабақтың тақырыбы** | Екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер жүйесі |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары** | 6.2.2.16<br>екі айнымалысы бар теңдеудің анықтамасын және қасиеттерін білу;<br>6.2.2.17<br>екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер жүйесі туралы түсінігінің болуы;<br>6.2.2.18<br>екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер жүйесінің шешімі реттелген сандар жұбы болатынын түсіну;<br>6.2.2.19<br>теңдеулер жүйелерін алмастыру тәсілі және қосу тәсілі арқылы шешу;<br>6.5.1.7<br>мәтінді есептерді сызықтық теңдеулер жүйелерін құру арқылы шешу; |
| **Сабақтың мақсаты:** | екі айнымалысы бар теңдеудің анықтамасын және қасиеттерін білу;<br>екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер жүйесі туралы түсінігінің болуы;<br>екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер жүйесінің шешімі реттелген сандар жұбы болатынын түсіну; |

| Сабақ барысы | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың кезеңі | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
| **Басы**<br>5 минут | **Ұйымдастыру сәті**<br>Амандасу. Сыныпты түгелдеу<br>Үй тапсырмасын тексеру | | Қалыптастырушы бағалау | Оқулық<br>Жұмыс дәптері |
| **Негізгі бөлім**<br>25 минут | **1-тапсырма**<br>Жағалауда екі орындық және үш орындық 6 қайық бар. Осы қайықтарға барлығы 14 адамға ғана арналған. Жағалауда неше екі орындық және үш орындық қайық болды?<br><br>**2-тапсырма**<br>Берілген екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер жүйесін шешіңіз<br>$\begin{cases} 2x - 3y = 11, \\ 3x + 7y = 5 \end{cases}$ | **Дескриптор:**<br><br>Екі айнымалы енгізіп, есеп шартына сай теңдеулер жүйесін құрастырады;<br>Теңдеулер жүйесін шешу үшін алмастыру немесе қосу тәсілдерін қолданады.<br><br>**Шешуі:**<br>бірінші теңдеудің оң және сол жағын – 3-ке, ал екіншісін 2-ге көбейтеміз:<br>$\begin{cases} -6x + 9y = -33, \\ 6x + 14y = 10. \end{cases}$<br><br>Теңдеулерді мүшелеп қосу арқылы бір айнымалысы бар теңдеу аламыз: 23у = – 23 у = – 1 табамыз.<br>Жүйенің бірінші теңдеуіндегі у –тің орнына қойып х-тің мәнін табамыз:<br>$2x + 3 = 11, x = 4.$<br>Жауабы: (4; -1). | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **3 – тапсырма**<br><br>**Теңдеулер жүйлерін қосу тәсілмен шешіңіз:**<br><br>а) $\begin{cases} 3x-7y-2=0, \\ 4x+7y=19; \end{cases}$<br><br>ә) $\begin{cases} \frac{2x-5}{2}+\frac{7y+9}{4}=2, \\ \frac{2x+5}{3}-\frac{y-7}{6}=3. \end{cases}$ | $\begin{cases} 2x-3y=11, & /\cdot 3 \\ 3x+7y=5 & /\cdot (-2) \end{cases}$<br>Немесе<br>$\begin{cases} + & 6x-9y=33, \\ & -6x-14y=-10 \end{cases}$<br>$-23y = 23$<br>$y = -1$<br>Табылған у-тің мәнін теңдеулердің кез келген біреуіне қоямыз: $2x - 3 \cdot (-1) = 11$,<br>$x = 4$ .<br>Жауабы: $(4; -1)$.<br><br>Қосу тәсілімен шешу алгоритмін қолданады.<br>1) теңдеулердің біреуін немесе екеуін де айнымалыларының коэффициенттері қарама-қарсы болатындай етіп, қандай да бір санға көбейту керек;<br>2) алынған теңдеулерді мүшелеп қосу керек;<br>3) алынған бір айнымалысы бар теңдеуді шешу керек;<br>4) екінші айнымалының | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | сәйкес мәнін табу керек. | | |
| **Оқулықпен жұмыс**<br>10 минут | **Теңдеулер жүйесін шешіңіз: (жұптық жұмыс)**<br>1) $\begin{cases}0.2x+15y=9,8\\0,75x-10y=-3\end{cases}$<br>2) $\begin{cases}2(x+2y)-7y=6\\5(2x+y)-x=2y+60\end{cases}$ | | **Өзара бағалау** | |
| **Соңы**<br>5 минут | **Сабақты бекіту**<br>**Рефлексия**<br>Үйге тапсырма қолданыстағы оқулықтан беріледі | | | |
| Кері байланыс | Әр педагогтің әдістемесіне қарай жүргізіледі | | | |

*Бесінші үлгі*

| | |
|---|---|
| **Сабақтың тақырыбы** | Шамалар арасындағы тәуелділіктерді берілу тәсілдері:аналитикалық (формула арқылы), кестелік, графиктік тәсіл |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары** | 6.5.2.5 шамалар арасындағы тәуелділікке есептер шығару;<br>6.5.2.6 шамалар арасындағы тәуелділіктер-дің берілу тәсілдерін білу;<br>6.5.2.7 сипаттамасы бойынша тәуелділіктің формуласын жазу;<br>6.5.2.8 формуламен немесе графикпен берілген тәуелділіктердің кестесін құру;<br>6.5.2.9 формуламен және кестемен берілген тәуелділіктердің графиктерін салу; |

<table>
<tr><td>Сабақтың мақсаты:</td><td colspan="4">шамалар арасындағы тәуелділікке есептер шығарады;<br>шамалар арасындағы тәуелділіктер-дің берілу тәсілдерін білу;<br>сипаттамасы бойынша тәуелділіктің формуласын жазу;<br>формуламен немесе графикпен берілген тәуелділіктердің кестесін құру;<br>формуламен және кестемен берілген тәуелділіктердің графиктерін салу;</td></tr>
<tr><td colspan="5">Сабақ барысы</td></tr>
<tr><td>Сабақтың кезеңі</td><td>Педагогтің әрекеті</td><td>Оқушының әрекеті</td><td>Бағалау</td><td>Ресурстар</td></tr>
<tr><td>Басы<br>5 минут</td><td>Ұйымдастыру сәті<br>Амандасу. Сынып тұгелдеу<br>Үй тапсырмасын тексеру</td><td></td><td>Қалыптастырушы бағалау</td><td>Оқулық<br>Жұмыс дәптері</td></tr>
<tr><td>Негізгі бөлім<br>25 минут</td><td>1-тапсырма<br>Егер тік төртбұрыштың ұзындығы 150 мм және ені 8см болса, онда тік төртбұрыштың ауданын табыңыз.<br><br>2-тапсырма<br>1-кестеде велосипедші 16 км/сағ жылдамдықпен А қаласынан В қаласына дейінгі кеткен жолының ара қашықтығының (s), жүрген уақытына (t) тәуелділігі берілген. Шамалардың бірі екеуінің көбейтіндісі болып табылатын тәуелділіктер өмірде жиі кездеседі. Кестеде осындай шамалардың бірқатарын қарастырыңыз.</td><td>Шешуі:<br>S=a·b формуласын пайдаланып есептейміз. Онда 150·8=1200см$^2$ емес, 15·8=120см$^2$ болу керек. Яғни өлшем бірліктерді сәйкестендіру маңызды. (150мм=15см)<br><br>1-кесте<table><tr><td>t(сағ)</td><td>0</td><td>1</td><td>2</td><td>3</td><td>4</td><td>5</td><td>6</td><td>7</td></tr><tr><td>s(км)</td><td>0</td><td>16</td><td>32</td><td>48</td><td>56</td><td>80</td><td>96</td><td>112</td></tr></table></td><td></td><td></td></tr>
</table>

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **3 – тапсырма**<br>Жаяу жүргінші 4 км/сағ жылдамдықпен 2 сағатта, 3 сағатта, 4 сағатта неше километр жол жүреді? | **Шешуі:**<br>Берілген жылдамдық және уақыт бойынша жүрілген жолды табады: $s= v \cdot t.$<br>$s= 4 \cdot 2=8$ *(км)-жаяу жүргіншінің 2 сағатта жүрген жолы;*<br>$s= 4 \cdot 3=12$ *(км)-жаяу жүргіншінің 3 сағатта жүрген жолы;*<br>$s= 4 \cdot 4=16$ *(км)-жаяу жүргіншінің 4 сағатта жүрген жолы;*<br>$\boldsymbol{s= v \cdot t}$ формуласында жылдамдық (v)-тұрақты шама, ал жол (s) және уақыт (*t)* – мәндері өзгеріп отыратын шамалар | | |
| **Оқулықпен жұмыс**<br>10 минут | **Мысал:**<br>Заттың құны мен оның санының немесе мөлшерінің арасындағы тәуелділік. Егер заттың *1 кг*-ның бағасы *450 тг* болса, оның *x кг*-ының бағасы *450x* тг болады.<br>$\boldsymbol{C= 450 \cdot x}$<br>Тәуелді айнымалы тәуелсіз айнымалы<br>Тәуелсіз айнымалы х-тың берілген бір мәніне тәуелді айнымалы – С- | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | ның бір ғана мәні сәйкес келеді. | | | |
| **Соңы**<br>5 минут | **Сабақты бекіту**<br>**Рефлексия**<br>Үйге тапсырма қолданыстағы оқулықтан беріледі | | | |
| Кері байланыс | Әр педагогтің әдістемесіне қарай жүргізіледі | | | |

## 49. «Жаратылыстану» оқу пәні, 5-сынып

І. Өткен оқу жылында өтілген оқу бағдарламасының мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттары

Жаратылыстану – табиғатты жанжақты, әрі біртұтас зерттейтін жаратылыстану ғылымдарының жиынтығы. Оның құрамына физика, химия, биология және психология енеді. Табиғат туралы ғылымдар, комплексті болғандықтан, ол натур-философиядан туындаған еді., жаратылыстану тек нақты деректер мен білімді тәжрибеге сүйене отырып тексереді және мұны өзінің негізгі принципі деп санайды. Ірі ғылымдар тобын құрайтын және бағалы жетістіктері бар қоғамдық ғылымдармен салыстырсақ жаратылыстану ғылымы объективтік эталоны болып саналады. Техникалық ғылымдар сияқты әлемді өзгертуге кіріспейді, оны тұтас тануды мақсат етеді, математика ғылымы тәрізді белгілер жүйесін зерделемейді, табиғат жүйесін тануды мақсат етеді. Жаратылыстану ғылымның танып білу құрылымы төмендегідей: тәжрибелік дерек – ғылыми дерек бақылау – нақты тәжрибе – модельдік тәжрибе нақты тәжрибе нәтижелерінің тіркеу – тәжрибе нәтижелерін жинақтап қорыту қалыптасқан теориялық білімдерді тиімді пайдалану – бейне – болжам қалыптастыру – оны тәрибеде тексеру – қажет болған кезде қосымша болжамдар енгізу. Ғылыми зерттеу құрылымы –ғылыми таным тәсілін береді. Қажетті нәтижелерге қол жеткізу үшін әртүрлі әрекетпен қимыл жасап, түрлі әлістерді қолданылады**[**Жаңартылған оқу бағдарламасы бойынша «Жаратылыстану» және «Дүниетану» пәндерін оқыту ерекшелігі.https://bilimainasy.kz/**].**

Бұл бағдарлама бастауыш мектепке арналған «Жаратылыстану» пәні бағдарламасының логикалық жалғасы болып табылады.

5-6 сыныптың оқушыларына жаратылыстану бағытында білім беру, олардың білім құмарлықтарының дамуына, әлем жайлы ой-өрістерінің кеңеюіне, ғылымды ұғыну мен қоршаған әлемді тұтастай қабылдауларының дамуына, қоршаған әлемді бағалай және қорғай білу біліктіліктерінің дамуына көмектеседі.

«Жаратылыстану» пәнін оқу мақсаттары көпқырлы.

Біріншіден қоршаған әлемнің алуантүрлілігін, табиғи құбылыстар мен үдерістердің өзара байланысын және себептерін қарастырады.

Нәтижесінде көптүрлі табиғат құбылыстары мен нысандарын жүйелеу принциптерін түсінуге мүмкіндік береді бастауыш сыныптағы алған білім қорын одан ары дамытады.

«Жаратылыстану» пәнінен оқу бағдарламасы негізгі мектепте зерттеу, ойлау, коммуникативтік дағдылар мен біліктіліктер негіздерінің қалыптасуына бағытталған.Бағдарлама мақсаттары гипотеза құру және оларды тексерудің жолдарын ұсыну, эксперименттер арқылы алынған мәліметтер негізінде қорытынды жасауға мүмкіндіктер тудырады.

Дұрыс ұйымдастырылған сабақ зерттеу мәселелерін дұрыс алу, оның жоспарын жоспарын құру, бақылаулар мен эксперименттер нәтижелерін бағалау және сипаттау, қорытынды шығаруға мүмкіндіктер ашады.

Оқушы мен мұғалім бірлесе отырып бұқаралық ақпараттық құралдары хабарламаларындағы, интернет желісі ресурстарындағы, ғылыми-көпшілік әдебиеттердегі жаратылыстану бағытындағы ақпараттармен жұмыс: іздеу әдістерін игеру, ақпараттың мағыналық негізін анықтау және ақпараттың растығын бағалай алады, зерттеу қорытындыларын әртүрлі формада ұсынады.

Бағдарламаның мақсаты оқушыларды жаратылыстану ғылымы тұрғысынан табиғат пен қоғамның өзара байланысы, табиғаттағы заңдылықтардың біртұтастығы туралы білім, ұғым, түсінік қалыптастыру және білімдерін күнделікті өмірде кездесетін табиғат құбылыстары мен үдерістерін түсіндіру, сипаттау, болжау үшін қолдану білігін дамытуға бағытталған [5-6 сыныптарға арналған «Жаратылыстану» пәнінің оқу бағдарламасы]. «Жаратылыстану» пәні негізгі мектептегі «Биология», «География», «Химия», «Физика» пәндерін зерделеу, негізін қалауға бағытталған кіріктірілген курс болып табылады.

Жаратылыстануды оқу барысында оқушылар төмендегі міндеттерді шешу қажет.

Әлемнің қазіргі заманғы жаратылыстану ғылымы тұрғысынан қалыптасқан бейнесі мен жаратылыстану ғылымдарының әдістері туралы білім негіздерін қалыптастыра отырып, жаратылыстанудың техника мен технология дамуына елеулі ықпал еткен маңызды идеяларымен, жетістіктерімен танысу.

Алған білімдерін қоршаған әлемнің құбылыстарын түсіндіру үшін қолдану және бұқаралық ақпараттық құралдары, интернет ресурстары, арнайы және ғылыми-көпшілік әдебиеттерден алынған жаратылыстану ғылымы тұрғысынан және өмірлік маңызды мазмұны бар ақпаратты қабылдау біліктіліктеріне ие болу.

Зияткерлік, шығармашылық қабілеттерді, сын тұрғысынан ойлау қабілетін қарапайым зерттеулер, құбылыстарды талдау, жаратылыстану ғылымдық ақпаратты қабылдау және түсіндіру барысында дамыту.

Күнделікті өмірде тіршілік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, заманауи технологияларды сауатты пайдалану, денсаулық пен қоршаған ортаны қорғау үшін жаратылыстану ғылымдары бойынша білімдерін қолдану.

Осы қойылған міндеттерді орындау нәтижесінде оқушы 5 сыныпта бағдарламада берілген негізгі мақсаттарды толықтай шеше алады. Ол үшін оқулықтағы дерек базалары жеткілікті.

Бағдарламада 5-6 сыныпта Жаратылыстану шиыршық әдісімен қарастырылуы 5 сыныптағы кейбір білім алудағы кемшіліктерді толықтай жоюға болады. Оқу пәнінің мазмұны 7 бөлімнен тұрады: «Ғылым әлемі», «Ғалам. Жер. Адам», «Заттар және материалдар», «Тірі және өлі табиғаттағы процестер», «Энергия және қозғалыс»,«Экология және тұрақты даму», «Әлемді өзгерткен жаңалықтар». Бағдарлама білім алушыларға қоршаған әлемнің көптүрлілігін, табиғи құбылыстар мен процестердің өзара байланысын, тірі және өлі табиғатта болатын табиғи құбылыстар мен процестердің себептері мен салдарын, табиғаттағы нысандар мен процестердің көптүрлілігін жүйелеу принциптерін Бөлім мақсаттары географиялық,биологиялық физикалық,астрономия деректерін білулері керек.

49.1-кесте. Ғылым әлемі бөлімі бойынша

| | | |
|---|---|---|
| 1.2 Зерттеу сұрағы | 5.1.2.1 зерттеу сұрағы мен болжамды тұжырымдау | 6.1.2.1 тәуелді, тәуелсіз және бақыланатын айнымалыларды анықтау |

49.2-кесте. Ғалам. Жер. Адам бөлімі бойынша

| | | |
|---|---|---|
| 2.1 Макро және микроәлем | 5.2.1.1 макро- және микроәлем нысандарын ажырата білу және мысалдар келтіру | 6.2.1.1 макро- және микроәлем нысандарының параметрлерін атау |

Осы сияқты ұқсас мақсаттарды 5-сыныпта толық қарастырылмаған жағдайда 6-сыныпта қайталау мүмкіндігі бар. Осы бағытта 5 және 6 сынып бағдарламаларын қатар салыстыра отырып кіріктіруге келетін мақсаттарды біріктіру немесе келесі сыныпта қайталау қажеттілігі туындайды. 49.1 кесте мен 2 кесте салыстыру арқылы 5.2.1.1 макро- және микроәлем нысандарын ажырата білу және мысалдар келтіру мақсатында зерттеу сұрақтарын қоя отырып нысандарды ажырата аламыз. Қойылатын сұрақтар мұғалімнің құзырында.

«Экология және тұрақты даму», «Әлемді өзгерткен жаңалықтар» тараулары бойынша қорытынды тапсырмалар мақсаттарын кез келген уақытта тақырыпқа сай толықтырулар бере аламыз.

49.3-кесте «Жаратылыстану» оқу пәнінен күрделі тақырыптар бойынша фокус-жоспар 5-сынып

| | Тақырыптар | Оқу мақсаттары | Жұмыс формасы | Уақыты | Қорытынды |
|---|---|---|---|---|---|
| 1-тоқсан | | | | | |
| | Деректерді жинау және жазу | 5.1.4.1 нысандар параметрлерін өлшем бірліктермен анықтау;<br>5.1.4.2 бақылаулар мен өлшеу деректерін тіркеу | мини-топтармен жұмыс | | әңгімелесу арқылы білімдерін байқау |
| | Деректерді талдау | 5.1.5.1 қайталанған өлшеулер кезіндегі арифметикалық орташа шаманы есептейді және тенденцияларын анықтау | | | |
| | Қорытынды және талқылау | 5.1.6.1 зерттеу сұрағы бойынша қорытынды тұжырымдау | | | |
| | Жер бетін бейнелеу тәсілдері | 5.2.5.1 «жоспар» және «шартты белгілер» ұғымдарын түсіндіру;<br>5.2.5.2 шартты белгілерді қолданып, жергілікті жердің планын оқу;<br>5.2.5.3 бір тәсіл бойынша жергілікті жердің түсірілімін жасау (көз | экскурсия-сабақ | | сауалнама жүргізу |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | мөлшермен түсіру, полярлық түсіру, бағдарлық түсіру);<br>5.2.5.4 тіркеу талаптарына сай жергілікті жердің қарапайым пландарын сызу | | | |
| 2-тоқсан | | | | | |
| | Заттардың жіктелуі | 5.3.2.4 еріген заттың массалық үлесін есептеу;<br>5.3.2.5 заттарды ерігіштігі бойынша, металдар және бейметалдарға жіктеу | сынып бойынша жұмыс | | мини-тесттер |
| 3-тоқсан | | | | | |
| | Тірі табиғаттағы үдерістер | 5.4.2.5 фотосинтез үдерісін түсіндіру;<br>5.4.2.6 өсімдіктерде пигменттердің болуын зерттеу;<br>5.4.2.7 фотосинтездің жүруі үшін қажетті жағдайларын зерттеу | таза ауадағы сабақ | | әңгімелесу |
| | Энергия түрлері мен көздері | 5.5.1.1 энергия түрлерін ажырату;<br>5.5.1.6 энергияның өзара айналымына мысалдар келтіру | чартерлік сабақтар | | мини-тест |
| 4-тоқсан | | | | | |
| | Тірі ағзалардың сан алуандығы | 5.6.2.1 ағзаларды тірі табиғат дүниелеріне жіктеу;<br>5.6.2.2 біржасушалы және көпжасушалы ағзаларды сипаттау | шағын топпен сабақ | | сұрақ-жауап |

II. Іріктеп алынған оқыту мақсаттары бойынша диагностикалық жұмыстың үлгісі.

Оқушылардың жаратылыстану пәні бойынша білімдеріндегі олқылықтарды толтыру алгоритмін қолдану

Оқу жылының басында диагностикалық жұмыстың нәтижелері бойынша пән бойынша білімдегі олқылықтарды анықтау үшін үш- бес жауап нұсқасымен бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдаумен тест тапсырмаларын жасау арқылы болады. Білімдегі олқылықтары бірдей оқушылар тобын анықтап алу шарт.

Олқылықтардың орнын толықтырудың кезеңдері: 1-қадам. Олқылықтарды анықтау. Диагностика жүргізу. Диагностикадан кейін оқушылардың біліміндегі олқылықтарды деңгейіне қарай күрделіден қарапайымға дейін жіктеп, бөлу. Бірінші орында негізгі базалық білімдегі олқылықтармен жұмыс: мысалы, заттар және олардың қасиеттері, периодтық заң, энергия түрлерін т.б. білулері керек. Мектепте, жалпы өмірде бұл ұғымдар үнемі қолданылады.

2-қадам. Уақытты белгілеу. Анықталған олқылықтардың деңгейіне қарай оған жұмсалатын уақытты жоспарлау. Бір тақырыпқа бірнеше сағат бөлу не керісінше бір сабақтың ішіндегі белгілі бір уақыт жеткілікті болуы мүмкін. Мысалы, 5-сыныпта алдыңғы тақырыптардың мазмұнына назар аудара отырып, қайталамау жағын қарастыру.

3-қадам. Оқыту әдісін таңдау. Білімдегі олқылықтарды толықтыру бойынша шараларды таңдау үш факторға байланысты: өткізілетін материалдың көлемі; - жоспарланған уақыт мөлшері; баланың жас және жеке ерекшеліктері. Білімдегі олқылықтарды толықтыру жұмыстарының формалары: 1. Өзіндік жұмыстар Тақырыпты және тапсырманы түсіндіре отырып, өз бетінше ізденуге тапсырма беру;

2. Нақты мақсатқа бағытталған әрекеттер жасау.

3. Сыныпты толық оқыту Білімдегі олқылықтарды толықтыруға бағытталған сабақтарды ұйымдастыру формалары әртүрлі.

Мысалы тақырыптар мен оқу мақсаттары бойынша: «Жаратылыстану» пәнінен: - деректерді жинау және жазу, макро және микроәлем, тірі табиғаттағы үдерістер; - физикалық және химиялық құбылыстар, ауа және ауаның құрамы; - жергілікті жердің экожүйелерін зерттеу. «Физика» пәнінен: - физикалық құбылыстар, кішкентай денелердің өлшемін қатарлау әдісі арқылы анықтау, механикалық қозғалыс және оның сипаттамасы, дыбыс, дыбыстың сипаттамалары, атмосфералық қолайсыз құбылыстар, туған өлкенің флорасы мен фаунасы, топырақ, оның құрамы. «Жаратылыстану» оқу пәнінен күрделі тақырыптар

Диагностикалық жұмыстың үлгісі ретінде алғашқы сабақты осылай бастап оқушылардың Жаратылыстану-табиғат туралы ғылым екендігін анықтаудан бастаймыз.Оқушылар бастауыш сыныптан алған білімдерінің нәтижелерін көрсетулері керек. Оқушылар Жаратылыстану пәні зерттейтін табиғат құбылыстарын түсіндіріп берген жағдайда қай пәнгше қатысты қиындықтар туындағанын анықтай аламыз.




49.1-сурет. Жаратылыстану пәндері бойынша олқылықтарды толықтыру

49.1-суретте көрсетілгендей олқылықтарды толтыруда 4,5,6-сынып бағдарламаларын өзара салыстыра отырып барып жоспарлаған дұрыс. Егер осы ретпен қарастырылатын болса бірізділік қалыптасады.Оқушылардың алған білім деңгнейлерін анықтауға мүмкіндіктер туады. Ұсыну тіркеу және графикалық түрде көрсету барысында бір мақсат шеңберінде қай сұрақтарға назар аудару туралы мәліметтер ала аламыз.

4. Тірі және өлі табиғаттағы үдерістер. 4.1. Өлі табиғаттағы үдерістер. 5.4.1.2 - өлі табиғаттағы болып жатқан үдерістердің себеп-салдарларын түсіндіру онлайн жағдайында нақтылы өтілмеді. Сол себепті іріктеп алынған оқыту мақсаттары бойынша қарастырамыз.Ең бастысы себеп салдарды түсіндіре алу.

5.4.1.1., 5.4.1.2 Бағдарламадағы екі мақсат арасындағы байланыстыатау және оның салдарын түсіндіру масатында орындалатын тапсырмалар мен қойылатын сұрақтар сараланып талдау қажет.

49.4-кесте. Жаратылыстану . Сыныбы 5.

Сабақ тақырыбы: Өлі табиғаттағы үдерістер

5.4.1.1 өлі табиғатта болатын үдерістерді атау (табиғатта заттардың айналымы, тау түзілу, үгілу, климаттық үдерістер)

5.4.1.2 өлі табиғаттағы болып жатқан үдерістердің себеп-салдарларын түсіндіру диагностикалық мақсатта себеп салдар түсінігіне байланысты өтіледі.

| | |
|---|---|
| Сабақ: | Мектеп: |
| Күні: | Мұғалімнің аты – |
| Сабақ тақырыбы: | 5.3А Өлі табиғаттағы үдерістер |
| Сабақ типі | Жаңа сабақ |

| Сабақ: 5 | Қатысқандар саны: | Қатыспағандар саны: |
|---|---|---|
| Осы сабақ арқылы жүзеге асырылатын оқу мақсаттары: | Оқушылар орындай алады:<br>5.4.1.1 өлі табиғатта болатын үдерістерді атау (табиғатта заттардың айналымы, тау түзілу, үгілу, климаттық үдерістер)<br>5.4.1.2 өлі табиғаттағы болып жатқан үдерістердің себеп-салдарларын түсіндіру | |
| Сабақ мақсаты | Өлі табиғаттағы болып жатқан үдерістердің себеп-салдарларын кіріктіріле отырып түсіндіреді | |
| Сабақ оқытудың мақсаттары | Барлық оқушылар: Өлі табиғатта болатын үдерістерді атайды (табиғатта заттардың айналымы, тау түзілу, үгілу, климаттық үдерістер);<br>Оқушылардың көбі: Өлі табиғаттағы болып жатқан үдерістердің себеп-салдарларын түсіндіреді;<br>Кейбір оқушылар: Өлі табиғатта болатын үдерістерінің байланысын анықтайды, қорытынды жасайды. | |
| Бағалау критерийлері: | Өлі табиғатта болатын үдерістерді атайды;<br>Өлі табиғаттағы болып жатқан үдерістердің себеп-салдарларын түсіндіреді.<br>Табиғаттағы заттардың айналымын түсінеді;<br>Тау түзілу, үгілу процестерін анықтайды;<br>Климаттық үдерістерді сипаттайды;<br>Табиғаттағы үдерістердің байланысын қорытындылайды | |
| Тілдік мақсаттар: | Оқушылар орындай алады:<br>- Өлі табиғаттағы болып жатқан үдерістердің себеп-салдарларын түсіндіреді<br>Пәнге қатысты лексика мен терминология<br>«Өлі табиғат», «үдерістер», «табиғатта заттардың айналымы», «тау түзілу», «үгілу», «климаттық үдерістер», «себеп-салдарлар»<br>Диалог құруға / жазылымға қажетті сөздер топтамасы<br>Өлі табиғатта болатын үдерістерге жатады.....<br>Тау түзілу үдерісі ....., оның себебі.....<br>Үгілу үдерісі....., .....себептен пайда болады.<br>Климаттық үдерістерге ...жатады.<br>Өлі табиғаттағы болып жатқан үдерістердің себеп-салдарлары:.....<br>Оқушылар өз ойларын ортаға салып талдайды<br>..... | |
| Құндылықтарды дарыту | «Мәңгілік ел» құндылығы: жалпы әлемдік және аймақтық мәселелерді шешудегі ұлттық қауіпсіздік пен біздің еліміздің жаһандық қатысуы<br>Мектеп құндылығы: ынтамақтастық, еңбек және шығармашылық | |
| Пәнаралық дамыту | Тақырыпқа байланысты кей түсініктерді анықтау барысында физика,биология география пәндерімен байланыстыруға болады. | |
| АКТ қолдану дағдылары | Презентация көрсетуде, оқушылардың өзіндік іздеу жұмыстарында АКТ қолданылады | |
| Бастапқы білім | Бұл бөлім бастауыш мектепте енгізілген: Жердің табиғаты мен табиғаттағы тірі және өлі үдерістер туралы білімдердің жалғасы болып табылады. Оқушылар «табиғат үдерістері», | |

| | |
|---|---|
| | «таудың түзілуі», «ауа райы» туралы түсініктері қалыптасқан. Оқушылар кейбір табиғат үдерістеріне сипаттама бере алады. |

Сабақ барысы

| Сабақ кезеңдері | Сабақта орындалуы тиіс іс – әрекеттер | Оқыту ресурстары |
|---|---|---|
| Басы<br>0 – 3 мин<br>4-5 мин | Ынтымақтастыру атмосферасын құру.<br>Оқушылармен амандасып, көңіл – күйлерін қалыптастыру. Өлі табиғат, Тірі табиғат, Жасанды табиғат атауларымен топтарға бөлу<br>1. Аумаған қар, жаумаған қар,<br>Таңертең бар, түсте жоқ.<br>2. Көк жүзінде көп жолақ,<br>Қояды екен оны кім бояп?<br>3. Мөлдір моншақ,<br>Өзі жұмсақ.<br>4. Бар ма, жоқ па білмейсің,<br>Онсыз өмір сүрмейсің.<br>5. Қаһарын тіге келеді,<br>Төріне шыға келеді.<br>6. Көзге көрінбейді, қолға ілінбейді.<br>7. Оңынан оқы, тіршілік нәрі,<br>Солынан оқы, тіршілік нәрі,<br>Онсыз адам, өсімдік, аң, құс,<br>Әп сәтте семер, тұншығып бәрі. | https://www.youtube.com/watch?v=d9tiTrzCcxI<br><br>үгілу туралы видео:<br>https://www.youtube.com/watch?v=ZDwDW_BLhO8<br>Жердің орбитасы мен маусымдар:<br>https://www.youtube.com/watch?v=9zW6c_hfZ4c |
| 15 мин<br>Оқылым<br>Мәтінмен танысу<br>Дәптермен жұмыс тыңдалым | Бүгінгі сабақтың тақырыбын және мақсатын<br>Тақтаға бүгінігі күн реті және тақырыпты жазып бүгінгі сабағымыздың мақсатын айқындап аламыз<br>Қауіп-опасность-Danger<br>Көмек-помащь -help<br>(ТЖ) Оқушылар табиғатта заттардың айналымы туралы бейнеақпаратпен танысып, олардың бір-бірімен байланысын ашады:<br>-тау түзілу,-тау үгілу,- климаттық үдерістер.<br>Видео және суреттер бойынша оқушылардың табиғат үдерістерінің себептері мен салдарын дұрыс түсінетіндігін анықтау. | |
| айтылым | ҚБ. ЖЖ 1 тапсырма<br>Оқушылар табиғаттағы болып жатқан үдерістердің себеп-салдарларын түрлі суреттер арқылы анықтайды:<br>1. жер сілкінісі<br>2. жанартау атқылауы<br>3. дауыл<br>4. найзағай | |
| Жазылым | ҚБ Тапсырма 2:<br>Ж Кесте толтыру:<br>Табиғат үдерісі \| Себебі \| Салдары<br>\| \| \|<br>Тапсырманы орындау критерийлері:<br>1.Табиғат үдерісінің пайда болуының негізгі себебі | |

| | | |
|---|---|---|
| Сабақ соңы<br><br>10 мин<br><br>5 мин | 1. Ол үдерістің қоршаған орта мен адам өміріне әсері<br>Өлі табиғат үдерістерінің себептерін болжап көруге оқушыларға мүмкіндік беру.<br>(М) Оқушылардың кесте толтыруын бақылап кері байланыс жасайды<br>Зияткерлік ойын: жұлдызшаларды сақтап қалу. Әр оқушыға үш жұлдыздан таратылады, әрбір дұрыс емес жауап үшін бір жұлдыздан айырылып отырады. Соңында кімде *жұлдыз* қалса сол жеңеді!<br>1. Тыныс алуға жануға қатысатын газ - оттегі<br>2. Қоршаған ортадағы үздіксіз жүріп отыратын құбылыстар - табиғи үдерістер<br>3. Ауа райы дегеніміз - белгілі бір жердегі ауаның қысқа мерзімдік жай күйі.<br>4. Ауа райын қалыптастырушы элементтер - ауа температурасы, жауын шашын, бұлттылық, қысым және жел.<br>5. Климат - ауа райының белгілі бір аумаққа тән көп жылдық режимі<br>6. Ауа райын кімдер зерттейді - метеорологтар, *«метеорология ғылымы»*<br>7. Алғашқы метеорологтар - балгерлер, жұлдызшылар, құмалақшылар, шамандар<br>8. Климат жағдайына жануарлардың бейімделуі - мамық жүнінің болуы т.б<br>9. Өсімдіктердің бейімделуі<br>10. Қандай құралдардың көмегімен ауа райына бақылау жүргізіледі-термометр, флюгер, барометр, гигрометр т.б<br>11. Біздің ауылымызда жер бетінің қандай өзгерістері бар? Экзогендік күштер<br>12. Энергия бір түрден екінші күйге ауысып, бірнеше күйден кейін бастапқы күйге қайта оралады - зат айналым<br>13. Табиғаттағы зат айналым түрлері - су айналымы, геологиялық айналым, биологиялық айналым<br>14. Тау түзілісі – тектониканың (ішкі күштердің) тоқтаусыз жоғары көтерілу әсерінен таулы құрылымдарды қалыптастырушы үдеріс<br>15. Эндогендік күштер - ішкі күштер<br>16. Экзогендік күштер - сыртқы жел, күн , су күштері<br>17. Жер бедері - жердің ойлы қырлы сипаты.<br>18. Геоморфология - жер бедерін зерттейтін ғылым<br>19. Макроформалар - ірі жер бедерлері, ірі таулар, ірі ойпаттар<br>20. Қазақстанның ең биік нүктесі - Хан-Тәңірі - 6995м | |

| | | |
|---|---|---|
| 5 мин<br><br>Бағалау өзіндік | 21. Үгілу - жер қыртысының сырты күштер әсерінен өзгеріске ұшырауы<br>22. Физикалық үгілу - желдің, судың, температураның әсерінен тау жыныстарының ұсақ бөлшектерге бөлінуі<br>23. Химиялық үгілу - атмосферадағы түрлі газдар мен еріген заттардың әсерінен тау жыныстарының үгілуі<br>24. Биогендік үгілу - Өсімдіктер мен жануарлар әсерінен үгілу<br>25. Топырақ - жер бетінің ең беткі тау жыныстарының үгілу және организмдердің ыдырауы нәтижесінде пайда болатын қабат<br>26. Топырақтың құнарлылығы - құрамындағы қара шіріндіге байланысты<br>27. Топырақты қорғау - егін алқаптарының жиегіне ағаш отырғызу, судың шайып кетуінен қорғау үшін егістікті жыртудың ережесін сақтау<br>28. Біздің ауылымызда жер бетінің қандай өзгерістері бар?<br>Бағалау парағы<br>Сабақ соңында ауызшаоқушылар рефлексия жүргізеді:<br>- Бүгін нені түсіндің?<br>- Сен үшін тақырып қаншалықты маңызды? | |

| Бағалау критерийлері | Дескриптор | Белгі |
|---|---|---|
| Өлі табиғатта болатын үдерістерді атау(тау түзілу мен үгілу) | Тау түзілу үдерісінің не екенін айта алдым<br>Тау түзілу мен үгілуге әкелетін ішкі және сыртқы күштерді атадым | |
| Үдерістердің себеп салдарларын түсіндіру | Үгілуді атадым, үгілудің түрлеріне мысал келтірдім<br>Қауіпті табиғат апаттары-ның себебін білдім | |
| Өлі табиғатта болатын үдерістерінің байланысын анықтайды, қорытынды жасайды | Жергілікті жер рельефін бақыладым<br>Ондағы үдерістерге мысал келтірдім | |

| | | |
|---|---|---|
| | - Сабақта неден қиналдың? | |
| Қосымша ақпарат Олқылықтарды толықтыру | | |
| Саралау – оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз? | Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз? | Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы |
| Кіріспе сұрақтар негізінде жаңа сабақ тақырыбын анықтайды. Сәйкестендіру тапсырмаларын орындайды. Берілген түсініктерді ажыратады, мысал келтіре отырып түсіндіре алады. | Мәтінмен жұмыс (фактілер мен нақты материалдар негізінде) Суреттік тапсырмалар Сараланған тапсырма | Жауапкершілік, ұйымшылдық, сыйластық сияқты тәрбиелік құндылықтарды топпен және жұппен жұмыс жасау барысында сақтау. |
| Сабақ бойынша рефлексия<br>*Сабақ мақсаттары/оқу мақсаттары дұрыс қойылған ба? Оқушылардың барлығы ОМ қол жеткізді ме? Жеткізбесе, неліктен?*<br>*Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме?*<br>*Сабақтың уақыттық кезеңдері сақталды ма?*<br>*Сабақ жоспарынан қандай ауытқулар болды, неліктен?* | *Бұл бөлімді сабақ туралы өз пікіріңізді білдіру үшін пайдаланыңыз. Өз сабағыңыз туралы сол жақ бағанда берілген сұрақтарға жауап беріңіз.* | |
| Жалпы баға<br>Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?<br>1:<br>2:<br>Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?<br>1:<br>2:<br>Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік/қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет? | | |

Сабақ барысында толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары бойынша 3,4,5 сынып мақсаттарын кіріктіруге болады.Алдымен жіктеу содан соң анықтау сосын саралау арқылы кіріктіре аламыз.

Мұғалімдер саралап оқытуды төмендегідей жолдарымен жүргізе алады . Мазмұн бойынша саралау: Бұл оқушылардың нені оқуы (зерделеуі, үйренуі) керектігі немесе оқушының ақпаратқа қалай қол жеткізе алатынын білу.

Мұғалім оқу мазмұнын Блум таксономиясы (төменгі ойлау деңгейінен жоғары ойлау деңгейіне дейін зияткерлік деңгейлер жіктемесі) бойынша әртүрлі деңгейді қамтитын оқушылар тобына әртүрлі оқу әдістерін ұйымдастыруы керек.

Үдеріс бойынша саралау: Бұл мазмұнды түсіну немесе меңгеру үшін оқушы қатысатын іс-әрекеттер. Оқушылар мазмұнды жақсы түсіну үшін орындайтын жаттығулар мен практикалық жұмыстар және іс-әрекеттер. Үдерісте оқушыларды ақпаратты қабылдау қабілеттеріне қарай визуалдарды оқулықпен қамтамасыз ету, аудиалдарға аудио жазбаларды тыңдату, кинестетиктерге тапсырмаларды өздеріне жасап көруге мүмкіндік беру. [Ізғали Жоламан Ізғалиұлы. І-30 Жоспарлау мен оқытуда саралау тәсілдерін қолдану. Әдістемелік құрал /Использовании дифференцированых способов в планировании и обучении. Методическое пособие /– Атырау / 2019. - 68 б.]

49.5-кесте. Жаратылыстану. Сыныбы-5. 3,4,5 сынып мақсаттарын кіріктіру.

| | | | |
|---|---|---|---|
| 2) «Заттар және табиғи ресурстар» | | | |
| 2.1 Заттардың түрлері | 3.2.1.1 Заттарды агрегаттық күйі бойынша жіктеу | 4.2.1.1. Заттың қолдану аясын қасиеттеріне қарай анықтайды; | 5.2.1.1.Жасалған эксперимент жоспарына сәйкес жаңа зат алу; |
| 2.2 Табиғат ресурстар | 3.2.2.1 Табиғи ресурстардың түрлерін білу; | 4.2.2.1 Табиғи ресурстарды пайдалану саласын анықтау; | 5.2.2.1 Қазақстандағы табиғи ресурстардың бөлінуін анықтау; |
| III. Сабақ барысында толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары<br>Білім алушылар білуі тиіс: | | | |
| 1.Ғылым әлемі | | 1.3 Зерттеуді жоспарлау<br>5.1.3.1 зерттеу жоспарын құрастыру;<br>5.1.3.2 зерттеу жүргізу кезіндегі техника қауіпсіздігі ережелерін тұжырымдау<br>5.1.5.1 қайталанған өлшеулер кезіндегі арифметикалық орташа шаманы есептеу және тенденцияларын анықтау | |
| Бөлімдер | Бөлімшелер | 5-сынып | 6-сынып |
| 2. Ғалам. Жер. Адам | | 2.3 Жер қабықтары және олардың құрамдас бөліктері<br>5.2.3.1 Жер қабықтары және олардың құрамдас бөліктерін сипаттау<br>6.2.3.1 Жердің сыртқы қабықтарының өзара байланысын түсіндіру | |
| 3. Заттар және материалдар | | 3.3 Заттардың түзілуі және алынуы<br>5.3.3.1 табиғатта түзілген және жасанды жолмен алынған заттарға мысалдар келтіру;<br>5.3.3.2 зертханалық жағдайда заттарды бөлінуін түсіндіру | |
| 4. Тірі және өлі табиғаттағы үдерістер | | 4.1 Өлі табиғаттағы үдерістер<br>5.4.1.2 өлі табиғат-тағы болып жатқан үдерістердің себеп-салдарын түсіндіру<br>4.2 Тірі табиғаттағы үдерістер<br>5.4.2.3 микроскоппен жұмыс істеу ережелерін қолдану;<br>5.4.2.4 уақытша микропрепарат дайындау; | |

| Бөлімдер | Бөлімшелер | 5-сынып | 6-сынып |
|---|---|---|---|

| | |
|---|---|
| | 5.4.2.5 фотосинтез үдерісін түсіндіру;<br>5.4.2.6 өсімдіктерде пигменттердің болуын зерттеу;<br>5.4.2.7 фотосинтездің жүруі үшін қажетті жағдайларды зерттеу |
| 5. Энергия және қозғалыс | 5.1 Энергия түрлері мен көздері<br>5.5.1.1 энергия түрлерін ажырату;<br>5.5.1.6 энергияның өзара айналымына мысалдар келтіру<br>5.2 Қозғалыс<br>5.5.2.1 тірі және өлі табиғатта қозғалыстың маңыздылығына мысалдар келтіру және түсіндіру |
| 6. Экология және тұрақты даму | 6.1 Экожүйелер<br>5.6.1.1 экожүйенің құрамдас бөліктерін анықтау;<br>5.6.1.2 экожүйе түрлерін жіктеу;<br>5.6.1.3 экожүйеге экологиялық факторлардың ықпал етуін түсіндіру;<br>5.6.1.4 табиғи және жасанды экожүйелерді салыстыру |
| | 6.2 Тірі ағзалардың сан алуандығы<br>5.6.2.1 ағзаларды тірі табиғат дүниесіне жіктеу;<br>5.6.2.2 біржасушалы және көпжасушалы ағзаларды сипаттау |
| 7. Әлемді өзгертетін жаңалықтар | 7.1 Әлемді өзгертетін жаңалықтар<br>5.7.1.1 әлемді өзгерткен ғылыми жаңалықтарға мысалдар келтіру<br>7.2 Болашақ жаңалықтары<br>5.7.1.2 болашақ ғылыми зерттеулер үшін идеялар ұсыну |

49.6- кесте. Жаратылыстану. Сыныбы- 5. Қозғалыс

| | |
|---|---|
| Бөлім:<br>Энергия және қозғалыс | Мектеп |
| Күні: | Мұғалімнің аты-жөні: |
| Сынып: 5 | Қатысқандар: Қатыспағандар: |
| Сабақтың тақырыбы | Қозғалыс |
| Осы сабақ арқылы жүзеге асырылатын оқу мақсаттары | 5.5.2.1 тірі және өлі табиғатта қозғалыстың маңыздылығына мысалдар келтіреді және түсіндіру<br>5.5.2.2 әртүрлі жануарлардың қаңқа түрлерінің ерекшеліктерін зерттеу<br>5.5.2.3 денелер қозғалысының себебін анықтау |
| Оқу мақсаттары | - тірі және өлі табиғатта қозғалыстың маңыздылығына мысалдар келтіру және түсіндіреді<br>- әртүрлі жануарлардың қаңқа түрлерінің ерекшеліктерін зерттейді<br>- денелер қозғалысының себебін анықтайды |
| Сабақтың мақсаттары | Оқушыларға қозғалыстың маңыздылығын, себебін түсінуге ықпал ету. Қаңқа (скелет) түрлерін ажырату дағдысын қалыптастыру |
| Бағалау критерийлері | Қозғалыстың маңызын біледі. Қозғалыстың себебін түсіндіреді. Өлі және тірі табиғаттағы қозғалысты ажыратады. Қаңқа түрлерін ажыратады. Қаңқа түрлерін сипаттауда ағза өкілдерін атайды |
| Тілдік мақсаттар | Пәндік лексика және терминология<br>гидростатикалық қаңқалар, сыртқы қаңқалар, ішкі қаңқалар, қозғалыс, омыркасыздар, омыртқалылар, координация, тітіркендіргіштер, реакция |

| | |
|---|---|
| | Диалогқа/жазуға қажетті сөзтіркестері<br>Гидростатикалық қаңқаларды …байқауға болады<br>Қаңқалар қозғалуы үшін сыртқы қаңқалы жануарларға және ішкі қаңқалы жануарларға …қажет.Омыртқасыздарда ..... қаңқа.<br>Омыртқалылардың барлығында ...бар |
| Құндылықтарды дарыту | Өмір бойы оқу. Ашықтық. ЫНтымақтастық. |
| Пән аралық байланыстар | Физика пәндерінің кейбір элементтері |
| АКТ қолдану дағдылары | Интербелсенді тақтаны бейнебаян және презентация көру үшін пайдаланады. |
| Алдыңғы білім | Үйкеліс күшінің дененің қозғалыс жылдамдығына әсерін біледі.<br>Тірі табиғат пен өлі табиғат нысандарын ажырата алады. |

Сабақ барысы

| Сабақ кезеңдері | Жоспарланған іс-шаралар | Оқыту ресурстары |
|---|---|---|
| Басы | I. Ұйымдастыру кезеңі.<br>Оқушылармен амандасу, кезекшімен сұхбат. Оқушылардың зейінін сабаққа аудару. | |
| | II. Жана тақырыпқа шығу жолы.<br>Жаңа тақыриппен, оқу мақсаттарымен, бағалау критерийлерімен таныстыру<br>Жұпта талқылау.<br>Тірі және өлі табиғатты атау. Тірі және өлі табиғатта болатын қозғалысты анықтау.<br>Оқушылармен талқылау жүргізу. | ИТ презентация |
| Ортасы | Жеке жұмыс.<br>Оқушыларға таратпалар таратылады. Әр таратпада кез келген қозғалыс бейнелену немесе жазылуы тиіс, мысалы, доптың құлауы, шардын тегіс және бұдыр жерде қозғалысы, тығынның судың бетінде қалқуы және т.б.. Оқушы таратпада көрсетілген қозғалыстың себебін түсіндіруі қажет<br>Талқылай келе оқушылар әрбір дененің қозғалуына ауырлық күші себеп болатынын түсінуі қажет. | |
| | Топтық жұмыс.<br>Оқушылар 3 топқа бірігіп, қозғалыстың маңызын анықтауда Венн диаграммасын толтырады |  |
| | Бағалау<br>Жаңа тақырып бойынша ашық сұрақтар қою<br>Сабақтың қорытындысын шығару. | |
| | Жаңа сабақты түсіндіру<br>Оқушыларды тақырыппен, оқу мақсатымен, бағалау критерийлерімен таныстыру.<br>Бейнеақпарат көру (тірі ағзалардағы қозғалыс)<br>Талқылау жүргізу. | |

| | | |
|---|---|---|
| | Қаңқа (скелет) түрлерімен таныстыру мақсатында оқушылар 3 топқа бірігеді.<br>1- Топ гидрокаңқаны зерттейді.<br>2- Топ ішкі қаңқаны зерттейді.<br>3- Топ сыртқы қаңқаны зерттейді.<br>«Джигсо» әдісі. Оқушылар қаңқа түрлеріне зерттеулер жүргізеді де әрбір топтан бір топ мүшесі келесі топқа зерттеулерімен таныстырады, осылай әр бір топ барлық қаңқа түрлерімен танысуы тиіс. | |
| | Бағалау<br>Оқушылар зерттеулер нәтижесін пайдалана отырып кесте толтыруы қажет. Кесте толтыру нәтижесімен оқушылар бағалау критерийлеріне сәйкес бірін-бірі бағалайды. | |
| | «Таңдау» әдісі.<br>1. Мен сабақты _____ болды деп ойлаймын.<br>2. Мен сабақта _____ үйрендім<br>3. Мен басқаларды _____ тыңдадым.<br>4. Мен сабақтағы өз жетістіктеріме_____. | |

| Қосымша ақпарат | | |
|---|---|---|
| Дифференциалды оқыту – Көбірек қолдау көрсету үшін не істейсіз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндеттер қоюдыжоспарлайсыз? | Бағалау – Оқушылардың берілген материалды меңгеру деңгейін қалай тексересіз? | Денсаулық және қауіпсіздік ережелері |
| Қабілеті жоғары оқушылар қабілеті төмен оқушыларға көмек көрсетеді. Қабілеті жоғары оқушыға қосымша тапсырмалар дайындау | Жеке, сұрақтарға жауап беру арқылы бағалау. Мұғалімнің қорытынды шығаруы арқылы бағалауы. Оқушылардың бірін-бірі бағалауы. | Партада дұрыс отыру ережесі ескертіледі. Биология кабинетінде қауіпсіздік ережелерін сақтау, 3-4 немесе 7-8 сабақтарда көзге жаттығу жасау |
| Рефлексия<br>Сабақ мақсаттары/оқыту мақсаттары жүзеге асырымды болды ма? Бүгін оқушылар нені үйренді? Оқыту ортасы қандай болды? Менің бөліп оқытқаным өз мәнінде жүзеге асты ма? Мен өз уақытымды ұтымды пайдалана алдым ба? Мен жоспарыма қандай өзгерістер енгіздім және неліктен? | Төменде берілген бос орынды өз сабағыңызға рефлексия жүргізу үшін пайдаланыңыз. Сабағыңызға қатысты сол жақта келтірілген сұрақтарға жауап беріңіз. | |
| Жалпы баға<br>Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?<br>1:<br>2:<br>Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)? | | |

| |
|---|
| 1:<br>2:<br>Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік/қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?<br>1:<br>2: |

## IV. Кіріктірілетін оқыту мақсаттары бойынша ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгісі

49.7-кесте. Жаратылыстану. Сыныбы 5. Ғылымның рөлі

| | | |
|---|---|---|
| 5.1А Ғылым әлемі | Мектеп: | |
| Күні: | Мұғалімнің аты-жөні: | |
| Сынып: 5 | Қатысқандар саны: | Қатыспағандар саны: |
| Сабақ тақырыбы | Ғылымның рөлі | |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты | 5.1.1.1 ғылымның қызметтерін адам іс-әрекетінің түрі ретінде анықтау | |
| Сабақ мақсаттары | Оқушыларға жаратылыстану пәнінің зерттейтін құбылыстары, жаратылыстану пәндері жөнінде түсіндіру | |
| Сабақ мақсаты | Барлық оқушылар:<br>Ғылым рөлінің не\гізі жүйесі туралы біледі.Өзойларын жетік пайдалануға дағдыландыру<br>Оқушылардың басым бөлігі:<br>Тақырыптың мазмұнын талдайды,пікірлерін дәлелдейді, тапсырмаларды орындайды.<br>Ғылым туралы біледі, топтық жұмыс орындауда қатесіз тапсырмалар орындайды<br>Кейбір оқушылар:<br>Логикалық ойлау қабілеті мен есептеу дағдыларын жетілдіру, өз бетінше еңбектену, белсенділіктерін арттыру, пәнге қызығушылығын ояту, оқушылардың құзыреттілігін қалыптастыру | |
| Бағалау критерийлері | *Оқушылар:*<br>Тапсырманы түсінеді оның негізгі қасйеттерін меңгереді<br>Топтық жұмыстар арқылы материалды меңгереді;<br>Қасиеттерін пайдалана отырып маңыздылығын түрлендіреді; | |
| Тілдік мақсаттар | Оқушылар тиісті терминологияларды берілген модульдер бойынша түсіндірдіру және сипаттауда қолданады.<br>Пәндік лексика және терминология: жылулық энергия, температура, температура шкалалары, абсолют температура. | |
| Құндылықтарды дарыту<br>Көпмәдениеттілік<br>Интернационализм<br>Әлем азаматы | Коммуникативті дағдылар, ұқыптылық, бір-біріне деген құрмет, функционалдық сауаттылық.<br>Жолдастарын тыңдай білу, ой пікірлерімен санасу, өз ісіне жауапкершілікпен қарау дағдыларын дамыту. | |
| Пәнаралықбайланыстар | математика, ғылымға кіріспе | |
| АКТ қолдану | Интерактив тақатамен жұмыс | |

| Бастапқы білім | Жаратылыс тану білімін салыстырады | |
|---|---|---|
| Сабақ барысы | | |
| Сабақтың кезеңдері | Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
| Сабақтың басы<br>1 мин<br><br><br><br>5 мин<br><br><br><br>7 мин<br><br>2 мин | 1.Мұғалімнің кіріспе сөзі. (Сабаққа психологиялық көңіл-күй)<br>2.Үй жұмысын тексеру (бақылау, өзін-өзі тексеру, өзара тексеру)<br>Мақсаты: оқу материалының игерілу деңгейін тексеру, проблемаларпроблемалады анықтау және оларды түзету.<br>А)Тірек білімдер актуалдау<br>Формасы: ұжымдық<br>Әдісі: жеке<br>Тәсілі: сұрақ-жауап<br>Оқушылармен бірлесіп сабақтың/оқу мақсатын анықтайды.<br>3.Өткенді қайталау<br>Сұрақ жауап<br>1.«Табиғат» деген сөздің мағынасын қалай түсінесіңдер?<br>2.Табиғат пен адамның бірлігін білдіретін қандай нақыл сөздерді, мақалдар мен мәтелдерді білесіңдер?<br>3.Табиғат құбылыстары деп нені айтамыз? | Интерактивтік тақта |
| 30 мин | 4.Практикалық бөлім<br>Формасы: жұптық<br>Әдісі: проблемалық-ізденушілік-<br>Жаратылыстану» сөзі екі ұғымнан тұрады: «Жаратылыс- табиғат және оны тану». Жаратылыстану ғылымының бірнеше саласы бар. Мәселен, астрономия ғылымы- аспан денелерін, физика-табиғат құбылыстарын зерттейді. Химия-бір заттың екінші затқа айналуы туралы ғылым. География – біздің ғаламшарымыз туралы, биология –тірі табиғатты , экология-тірі ағзалардың бір-бірімен және қоршаған ортамен , сондай-ақ адам мен табиғаттың қарым-қатынасы арқылы қоршаан ортаны сақтаудың ғылыми негізі.<br>Біз өсімдіктерді , жануарларды, жәндіктерді, құстарды көре аламыз.<br>Макро— грек тілінен аударғанда «ұзын, үлкен»деген ұғымды білдіреді. Бұл сөз күрделі ғылыми терминнің бір бөлігі ретінде жиі қолданылады.табиғаттағы үлкен құбылыс пен үдерістерді, сондай-ақ адамдарды да макродүниеге жатқызамыз.<br>Микро- «өте ұсақ, майда» деген мағынаны білдіреді. Микродүние – макродүниенің негізі. Оны үйге немесе құрылыс ғимаратына ұқсатуға болады. Ғимарат тек бір заттан тұрмайды.оны қалау үшін цемент ерітіндісі мен кірпіш, т.б нәрселер қолданылады. | стикеры |

Микродүниені микроскоп көмегімен көре аламыз. Қазіргі уақытта ғылымдар микродүниеден де ұсақ денелердің бар екеніне көз жеткізді. Мұндай «микромикродүниеге» жаңадан «нанодүние» деген атау берді.

Мега— грек тілінен аударғанда «үлкен» деген ұғымды білдіреді. Оған Жер шары, Ғарыштық кеңістік жатады. «Макро», «мега» т.б. тәрізді ғылымда өзіндік атауы бар сөздер термин ретінде қабылданған.

Термин— (лат. –шек, шеті, шекарасы ) деген мағынада айтылады.

*2. Топтастыру.*

*Топтастыру арқылы оқушыларға жаратылыстану ғылымдары түсіндіріледі.*

*Кестемен жұмыс.*

Оқушыларға Жаратылыстану пәні зерттейтін табиғат құбылыстарын түсіндіру.

| | |
|---|---|
| Астрономия | Аспан әлемі. |
| География | Жер |
| Биология | Тіршілік |
| Химия | бір заттың екінші затқа айналуы |
| Физика | табиғат құбылыстары |

Мәтінмен жұмыс

1. Сөздік жұмысы.

Табиғат – природа
өзгерістер – изменения
демалу – отдыхать
ерте – рано
тау – гора
тауға - шығу
денсаулық – здоровье
жинау – собирать

Өзара бағалау ( дескриптор бойынша)

Бағалау СГ 3. Тапсырманы орындау нәтижелерін көрсету

| Бағалау кртитериі | Дескриптор |
|---|---|
| Табиғаттағы ғылымның негізгі рөлін түсінеді арнай материалдарды және | Ғылымның рөлін деген не оны жақсы менгерген Қосымша ақпарат көздерін пайдалана отырып тексереді |
| | Орындалған тапсырманың дұрыстығын бақылайды |
| | Тапсырмалардың нәтижесін |

| | | |
|---|---|---|
| тәсілдерін мен анықтамаларды пайдаланады | тексеру<br>Орындалған тапсырмалардың жақсы үлгілерін көрсетеді | |

Оқытудың мақсаты бойынша.
Қайталау сұрақтары
*Сұрақ – жауап арқылы сұрау.*

1. Жаратылыстанупәнінененіүйретеді?
2. Ғарыштықденелердегеніміз не?
3. Ғарыштық денелер туралы ғылым қалай аталады?
4. Органикалықзаттарға не жатады?
5. Бейорганикалықзаттардегеніміз не?
6. Табиғаткұбылыстарыдегеніміз не?

1.Рефлексия
Мақсаты: Оқушылардың өз тәртіптеріне рефлексия жасауды мобильдендіру(мотивация, әрекет тәсілдері, қарым-қатынас).
Рефлексия. Оқушылар стикерге мына сұрақтарға жауап жазады: Учащиеся, предварительно подписав стикеры, записывают: 1. Маған сабақта не ұнады. 2.Маған немен жұмыс істеу керек? 3. Смайл арқылы өзінің көңіл-күйін бейнелейді және стикерді күн бейнесіндегі тақтаға жапсырады.




2. Үй тапсырмасы.
Жаттығу

Сабақ соңы

10мин

| | | |
|---|---|---|
| Саралау –оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз?<br>Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап | Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай | Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы |

| | | |
|---|---|---|
| отырсыз? | тексеруді жоспарлайсыз? | |
| Барлық оқушылар:<br>Температура түсінігін білу, термометр көмегімен температураны өлшей білу, температураны $^0$С-ден К-ге аудару.<br>Оқушылардың көбісі:<br>Термометрлер түрлері мен температуралық шкалаларды білу,<br>Температура және жылулық энергия арасындағы айырмашылықты сапалы түсіндіру<br>Кейбір оқушылар<br>Қыздыру температурасының уақытқа тәуелділік графигіне талдау жасау | -өзара тексеру.<br>-өзін-өзі тексеру.<br>-ауызша сұрақ | Іс-әрекеттердің ауысуы, барысында шаршауды төмендету үшін мұғалімге қозғалыстар және көру бұрышын өзгерту |

| | |
|---|---|
| Сабақ бойынша рефлексия<br>Сабақ мақсаттары/оқу мақсаттары дұрыс қойылған ба? Оқушылардың барлығы ОМ қол жеткізді ме?<br>Жеткізбесе, неліктен?<br>Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме?<br>Сабақтың уақыттық кезеңдері сақталды ма?<br>Сабақ жоспарынан қандай ауытқулар болды, неліктен? | Төменде қалдырылған орынды жүргізілген сабақ бойынша түсіндірмелер үшін қолданыңыз. Сол жақтағы бағанда берілген сабақ бойынша неғұрлым маңызды сұрақтарға жауап беріңіз |

Жалпы баға

Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?

Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?

Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік/қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?

## Қысқа мерзімді жоспар әзірлеу

Қалыптастырушы бағалау мүмкіндіктері қарастырылған орта мерзімді жоспар бойынша мұғалім әрбір жеке сабақтың жоспарын дайындайды.

Қысқа мерзімді жоспар немесе сабақ жоспарын дайындау барысында

Мұғалім оқушылардың жеке қажеттіліктері мен ерекшеліктерін ескере отырып, саралап оқыту тәсіліне ерекше назар аударғаны жөн. Қысқа мерзімді

жоспар мұғалімге сабақты тиімді құруға көмектеседі.Ол үшін мұғалім

оқу материалы мен сабақтағы әрекетті мұқият іріктеп алуы керек. Әр сабақтан кейін мұғалім оқушылар меңгере алмаған немесе түсінбеген жерлерін анықтау мақсатында сабақты талдап, рефлексия жасап отыруы керек.

Қысқа мерзімді жоспарды құрған кезде мұғалім төмендегі ұсыныстарды басшылыққа алуына болады:сабақты ұйымдастырғанда оқу бағдарламасы мен оқу жоспарында көрсетілген оқу мақсаттарын басшылыққа алу қажет;

- Сабақтың мақсатын анық тұжырымдау, яғни нақты, өлшемді, қолжетімді, шынайы мақсаттар қою;
- орта мерзімді жоспарда көрсетілген барлық іс-әрекеттерді, әдістемелік кеңестерді, ресурстарды мұқият зерделеу;

Тапсырмаларды дұрыс құрастыру.

Тапсырмалар әзірлеу үшін алдымен өткен оқу жылында қарастырылған оқыту мақсаттарын (тақырыптарды) іріктеп алған дұрыс. Яғни, 5-сыныпқа арналған тапсырмалар білім алушылардың 4-сыныпта, ал 6-сыныпқа арналған тапсырмалар 5-сыныпта қарастырған оқыту мақсаттары негізінде құрастырылады және т.с.с.

## V. Сабақтан тыс уақытта толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары

*Диагностикалық жұмыс:*

- пәннің оқу бағдарламасы мазмұны бойынша диагностикалық бақылау жұмысын жүргізу (өткен оқу жылындағы күрделі тақырыптар, оқу мақсаттары);
- тақырыптар бойынша білімдегі олқылығы бар оқушылардың санына байланысты өткен тақырыптардың және оқу мақсаттарының қиындық ретін анықтау;

*Жоспарлау жұмысы:*

- пәннің оқу бағдарламасы бойынша өткен оқу жылдарының оқу мақсаттарына жаңа оқу жылындағы сәйкесті оқу мақсаттарын анықтау;
- сәйкесті оқу мақсаттары анықталған сабақтардың қысқа мерзімді жоспарларын мақсаттарды үйлестіре, кіріктіре отырып дайындау;
- пәннің оқу бағдарламасының оқу мақсаттары бойынша олқылықтары анықталған оқушылардың топтарымен өткізілетін кеңестер кестесін жасау.

*Жүзеге асыру және талдау жұмысы:*

- *пән бағдарламасы бойынша оқу мақсаттары кіріктірілген қысқа мерзімді жоспар негізіндегі сабақты ұйымдастыру* арқылы оқушылардың біліміндегі олқылықтарын толықтыра отырып жаңа оқу мақсаттарын меңгерту;
- *меңгерілмеген және қиындық тудыратын оқу мақсаттары, пән тақырыптары* бойынша білім алушылар үшін қосымша оқу материалдарын дайындау;
- білім алушылардың қажеттілігіне қарай және ата-аналардың келісімімен білімдегі олқылықтардың орнын толтыру мақсатында, жеке консультациялар, қосымша сабақтар («демалыс мектептері», «каникулдық мектептер», «жазғы мектептер» ұйымдастыру) өткізуде пән бойынша күрделі тақырыптарды меңгерту;
- білім алушылардың білім сапасына жүргізілген жүйелі мониторинг жұмысының нәтижесін талдау және әдістемелік бірлестікте талқылау ұсынылады.

«Жаратылыстану» пәндері бойынша шектеу шаралары кезіндегі оқу жылдарында жіберілген білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды анықтауды *ауызша сұрақ қою, өзара бақылау, жазбаша жұмыстар, тестілеу* арқылы жүргізу ұсынымыз.

Пән бойынша анықталған қателер мен олқылықтарды 4 топқа топтастыру ұсынылады:

- *терминологиялық;*
- *заңдылықтар;*
- *Бір бірімен байланысты жүйе;*
- *танымдық.*

Бұл топтастыру білімдегі олқылықтардың орнын толтырудың нақты жүйесін құруға мүмкіндік береді, өйткені жоспарлау кезінде мұғалім зерттелетін тақырыптар мен білім алушылардың олқылықтары болған тақырыптар мен оқу мақсаттарын байланыстыра алады.

*Мысалы, «Жаратылыстану» пәні бойынша* өткен оқу жылындағы меңгерілмеген оқу мақсаттарын оқу тапсырмаларында біріктіру ұсынылады:

49.8-кесте 5-6 сынып мақсаттарына сай өткен оқу жылы мақсаттарын қарастыра отырып тест тапсырмалары арқылы анықтап назар аудара аламыз.

49.8 кесте**.** 5-6 сынып мақсаттары

| | | | |
|---|---|---|---|
| 6. Экология және тұрақты даму | 6.1 Экожүйелер | 5.6.1.1 экожүйенің құрамдас бөліктерін анықтау;<br>5.6.1.2 экожүйе түрлерін жіктеу;<br>5.6.1.3 экожүйеге экологиялық факторлардың ықпал етуін түсіндіру;<br>5.6.1.4 табиғи және жасанды экожүйелерді салыстыру | 6.6.1.1 экожүйе құрамдас бөліктерінің өзара байланысын графикалық түрде көрсету және түсіндіру;<br>6.6.1.2 экожүйелердің ауысу себептерін түсіндіру;<br>6.6.1.3 экологиялық пирамидада энергия мен заттардың ауысуын түсіндіру; |
| | 6.2Тірі ағзалардың сан алуандығы | 5.6.2.1 ағзаларды тірі табиғат дүниесіне жіктеу;<br>5.6.2.2 біржасушалы және көпжасушалы ағзаларды сипаттау | 6.6.2.1 өсімдіктер мен жануарлардың түрлерін анықтау үшін ағзалардың өзіндік ерекшеліктерін қолдану;<br>6.6.2.2 жергілікті экожүйелер дегі тірі ағзалардың алуан түрлілігін |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | зерттеу |
| | 6.3 Табиғатты қорғау | 5.6.3.1 Қазақстан Республикасының экологиялық мәселелерін атау;<br>5.6.3.2 өз аймағының экологиялық мәселелерін зерттеу;<br>5.6.3.3 Қазақстан Республикасы Қызыл кітабының маңыздылығын анықтау | 6.6.3.1 өз аймағындағы кейбір экологиялық мәселелердің себептерін талдау;<br>6.6.3.2 экологиялық мәселелерді шешу жолдарын ұсыну |

## VI. Кіріктіруге болмайтын оқыту мақсаттары қарастырылатын консультациялардың кестесі

«Жаратылыстану» пәнінен оқу бағдарламасы негізгі мектепте зерттеу, ойлау, коммуникативтік дағдылар мен біліктіліктер негіздерінің қалыптасуына бағытталған:

-гипотеза құру және оларды тексерудің жолдарын ұсыну, эксперименттер арқылы алынған мәліметтер негізінде қорытынды жасау;

- зерттеу мәселелерін дұрыс алу, зерттеу жұмысының жоспарын құру, бақылаулар мен эксперименттер нәтижелерін бағалау және сипаттау, қорытынды шығару;

«Жаратылыстану» пәні негізгі мектептегі «Биология», «География», «Химия», «Физика» пәндерін зерделеу, негізін қалауға бағытталған кіріктірілген курс болып табылады.

Зерттеушілік білік пен дағдыларын қалыптастыру мен дамытуға бағытталған іс-әрекетттер «Жанды табиғат», «Заттар және табиғат ресурстары», «Жер және ғарыш», «Табиғат физикасы» бөлімдерінің оқу мақсаттарымен кіріктіріле жүзеге асырылады.

Осы мақсаттар 4-сыныпта қарастырылғандықтан консультация беру арқылы өтуге болады

49.9-кесте. Жаратылыстану. Сыныбы 5. Зерттеуді жоспарлауда Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме**)** беріле отырып құрастырылған ҚМЖ.

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі:** | | Мектеп: | |
| **Күні:** | | Мұғалімнің аты-жөні: | |
| **Сынып: 5** | | Қатысқандар саны:<br>Қатыспағандар саны: | |
| **Сабақ тақырыбы** | Зерттеуді жоспарлау | | |
| **Сабақтың түрі** | Жаңа тақырыпты меңгеру | | |

| | |
|---|---|
| **Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)** | 5.1.3.1 зерттеу жоспарын құрастыру<br>5.1.3.2 зерттеу жүргізу кезіндегі қауіпсіздік техникасының ережелерін тұжырымдау |
| **Сабақ мақсаттары** | зерттеу жүргізу кезінде қауіпсіздік техникасы қағидаларын тұжырымдайды<br>қауіпсіздік техникасы қағидаларын атау<br>қауіпсіздік техникасы қағидаларын түсіну<br>зерттеу кезінде қауіпсіздік шараларын қадағалау |
| **Жетістік критерийлері** | ***Оқушылар оқу мақсатына жетеді, егер:***<br>қауіпсіздік техникасы қағидаларын атайды<br>қауіпсіздік техникасы қағидаларын түсінеді<br>зерттеу кезінде қауіпсіздік шараларын қадағалайды |
| **Тілдік мақсаттар** | Оқушылар:<br>Өз зерттеуін жоспарлау кезеңдерін ауызша және жазбаша нысанда талқылай алады.<br>Өз идеяларын плакаттағы схема түрінде көрсете алады. Кейін оқушылар басқа плакаттармен жұмыс істеп, өз пікірлерін айтып және өз идеяларын дамыта отырып, басқаларының идеяларын толықтырады.<br>***Пәнге тән лексика мен терминология:***<br>Зерттеу жоспары<br>Гипотеза<br>Тәжірибе<br>Зерттеу мәселесі<br>Деректерді талдау<br>***Диалог пен жазу үшін пайдалы сөздер мен тіркестер:***<br>Менің зерттеуімнің кезеңдері … болады деп ойлаймын.<br>Бұлай айтуға … негіз болды.<br>Бұл … түсіндіріледі.<br>Менің түсіндіруім ... |
| **Құндылықтарды дарыту** | Топтық жұмыс жасау барысында оқушыларды өзара көмек көрсетуге, бір-бірінің пікірін тыңдауға және өзара ақпарат алмасу барысында бір-біріне құрмет көрсетуге баулу |
| **Пәнаралық байланыстар** | Химия - сымды қыздыру, қышқылға металлды салу,<br>сірке қышқылына (уксус) ас содасын қосқанда улы газдың бөлінуі |
| **АКТқолдану дағдылары** | Сабақ барысында Power Point презентациясын және бейнебаян көрсету үшін интерактивті тақтаны қолдану, зерттеу жүргізу барысында Интернет желісін қолдану |
| **Бастапқы білім** | Ғылыми жаңалықтардың айқындаушы рөлін және олардың адамның күнделікті өміріне әсерін, ақпарат көздерінің түрлерін және зерттеу әдістерін: бақылау және тәжірибені біледі.<br>Тәжірибе жүргізу жоспарын құрастыруды, қоршаған әлемге бақылау жүргізуді және диаграммалар түрінде құрастырылған жоспар бойынша жүргізілген тәжірибе нәтижелерін белгілеуді, қорытындылар тұжырымдауды біледі. |

**Сабақ барысы**

| **Сабақтың жоспарланған кезеңдері** | **Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|

| | | |
|---|---|---|
| Сабақтың басы | **Сабақты ұйымдастыру**<br>**Ынтымақтастыру атмосферасын құру**<br>Мультфильм көрсету https://www.youtube.com/watch?v=VqvvetJN898<br>**Сұрақтар қою.**<br>Маймылдар нені дұрыс жасамады?<br>Неге олай жасауға болмайды?<br>Оқушылармен бірлесіп сабақтың тақырыбы мен мақсатын ашу.<br>**(С)** Оқушылар «Сөйлемді жалғастыр» жаттығуын орындайды:<br>• Ыстық шәйнекті ... ұстау қажет.<br>• Ашық оттың үстінде ... болмайды.<br>• Нанды тураған кезде ...<br>• Өткір пышақты ... болмайды.<br>• Электр құралдарын ... болмайды.<br>• Жұп болып жұмыс істеген кезде ... есте сақтау қажет.<br>• Көзді... сақтау қажет.<br>• Егер қышқыл теріге тисе, ...<br>• Егер көзге қандай да бір сұйықтық тисе, ...<br>Жаттығуды аяқтағаннан кейін оқушылар жұмыс нәтижелерін талқылайды. | Power Point презентациясы |
| Сабақтың ортасы | **Оқушыларға қауіпсіздік техникасы жайлы бейнебаян көрсетіліп, талқыланады:** https://www.youtube.com/watch?v=QhKaRxLOV5g<br>**(Т) Оқушыларды түрлі-түсті таяқшалардың көмегімен топқа бөлу.** Оқушылар қауіпсіздік техникасы қағидаларының тізімін зерттейді:<br>• Тәжірибелер жүргізу уақытында бет пен көзді қолмен ұстауға болмайды;<br>• Заттардың дәмін татып көруге тыйым салынады;<br>• Заттардың иісімен танысқанда сақ болу;<br>• Тек таза ыдысты қолдану және оның тұтастығын тексеру;<br>• Қолданылатын заттардың саны жөніндегі ұсынымдарды сақтау;<br>• Заттарды қыздыру және зертханалық ыдыс сынықтарын жинау кезінде жұмыс ережелерін сақтау.<br>Осыдан кейін олар өздеріне берілген тапсырманың сипаттамасымен танысады. Осы тапсырмада көрсетілген жағдай үшін қажетті тиісті қауіпсіздік техникасы қағидаларын таңдап алады да, **«Олай жасауға болмайды!» ойыны** арқылы әрбір топ практикалық жұмыс жүргізу уақытында оқушылардың қате әрекеті мысалын көрсетеді (*оқушылар тәжірибені орындамайды, тек көрініс арқылы осы тәжірибе барысында қандай қауіпсіздік техникасы сақталуы қажет екендігін түсіндіреді*)<br>1-топ. Сымды қыздыру<br>2-топ. Қышқылға металлды салу<br>3-топ. Сірке қышқылына (уксус) ас содасын қосқанда | Карточка лар |

| | | |
|---|---|---|
| | улы газдың бөлінуі<br>**(Б) Оқушылардың түсіндірмесі бойынша мұғалімнің бағалауы**<br>*Осы тапсырма арқылы оқушылардың қауіпсіздік техникасы шараларын түсіну және тәжірибе жасау барысында қолдану дағдылары бағаланады.* | |
| Сабақтың соңы | Сабақ соңында оқушылар рефлексия жүргізеді: | |

| **Саралау – оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз?** | **Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз?** | **Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы** |
|---|---|---|
| **Барлық оқушылар:** қарапайым қауіпсіздік техникасын атайды<br>**Көпшілік оқушылар:** тәжірибелер жасау барысында сақталуы тиіс қауіпсіздік техникасын сипаттайды<br>**Кей оқушылар:** қауіпсіздік техникасын әр түрлі тәжірибелер негізінде түсіндіреді | • Ауызша сұрақ-жауап<br>• Рөлдік ойын | • Тәжірибелер жүргізу уақытында бет пен көзді қолмен ұстауға болмайды;<br>• Заттардың иісімен танысқанда сақ болу;<br>• Тек таза ыдысты қолдану және оның тұтастығын тексеру;<br>• |
| ***Сабақ бойынша рефлексия***<br><br>*Сабақ мақсаттары/оқу мақсаттары дұрыс қойылған ба? Оқушылардың барлығы ОМ қол жеткізді ме? Жеткізбесе, неліктен?*<br>*Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме?*<br>*Сабақтың уақыттық кезеңдері сақталды ма?*<br>*Сабақ жоспарынан қандай ауытқулар болды, неліктен?* | *Бұл бөлімді сабақ туралы өз пікіріңізді білдіру үшін пайдаланыңыз. Өз сабағыңыз туралы сол жақ бағанда берілген сұрақтарға жауап беріңіз.* | |

**Жалпы баға**

Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?

1:

2:

Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?

1:

2:

Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік/қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?

*Білімдегі олқылықтарды толтыруға бағытталған сабақтарды ұйымдастыру формалары*

*1.Таза ауадағы сабақтар* Жаратылыстану, биология, география, физика сабақтарын баланың денсаулығын сақтауды қамтамасыз ету үшін арасында саябақтарда немесе аулада, таза ауада өткізу ұсынылады. Мысалы тақырыптар мен оқу мақсаттары бойынша:

«Жаратылыстану» пәнінен:

-деректерді жинау және жазу, макро- және микроәлем тірі табиғаттағы үдерістер;

-физикалық және химиялық құбылыстар, ауа және ауаның құрамы;

-жергілікті жердің экожүйелерін зерттеу;

«Физика» пәнінен:

-физикалық құбылыстар, кішкентай денелердің өлшемін қатарлау әдісі арқылы анықтау, механикалық қозғалыс және оның сипаттамасы, горизонталь лақтырылған дененің қозғалысын зерделеу, аспан сферасы, аспан координаталарының жүйесі, дыбыс, дыбыстың сипаттамалары, акустикалық резонанс, жаңғырық;

- ауа райы және метеорологиялық элементтер, атмосфералық қолайсыз құбылыстар, туған өлкенің флорасы мен фаунасы, топырақ, оның құрамы мен құрылымы, Қазақстанның топырақ түрлері, топырақтың экологиялық проблемалары, табиғи-аумақтық кешендер, табиғи-аумақтық кешендердің қалыптасуы, табиғи-аумақтық кешендердің түрлері; туған өлкемнің визит карточкасы: өлкетанудың деректер базасын әзірлеу сынды тақырыптарды далада өткізсе әрі қызықты әрі қауіпсіз болады.

Сабақ уақытында білім алушылардың байқау, ғылыми зерттеуді жоспарлау, деректерді алу және ұсыну, нәтижелерді түсіндіру тәрізді зерттеушілік, ойлау, сөйлеу және коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға ерекше назар аудару қажет. Мысалы, түрлі тақырыптарды зерделеу арқылы, білім алушы зерттеу жоспарын құрастыруды, бақылауды, эксперименттер жүргізуді, нәтижелерді ауызша және жазбаша сипаттауды және бағалауды, қорытынды және тұжырымдама жасауды үйренеді. Ол білім алушының үйде, мектепте, табиғатта бақыланған нысандар мен құбылыстарды түсінуі үшін, алынған білім мен дағдыларды күнделікті өмірде қолдану біліктерін дамытады.

***Білімдегі олқылықтардың орнын толтыру бағытындағ іс-әрекеттерді ұйымдастыру бойынша ұсыныстар***

*Басты назарда ұстаңыз!*

*1-тоқсанда:*

*5 сынып пен 6 сынып арасындағы сабақтастықты сақтаңыз!*

*4 сыныптан келген баланың жеке ерекшеліктерін ескеріңіз!*

*7 сыныпта білім алушының «Биология», «Химия», «Физика», «География» пәндерінде 6-сыныптағы «Жаратылыстану» пәнінің мазмұнымен сабақтастығын және алған білім деңгейін ескеріңіз!*

***Ол үшін:*** **1-ұсыныс**

1) 5-сыныпқа келген білім алушыларға арнайы фокус-жоспар құру;

2) Бастауыш сыныпта «Жаратылыстану» пәнінен алған білімдеріне талдау жасау;

3) «Биология», «Химия», «Физика», «География» пәндерінің жоспарына сай 6-сыныптағы мазмұнмен сабақтастықты сақтай отырып, жоспар жасау.

**2-ұсыныс:**

1) «Биология», «Химия», «Физика», «География» әдістемелік бірлестігі арқылы оқушының біліктілігін анықтау жұмыстарын жүргізу.

***Олқылықтардың орнын толтырудың кезеңдері***

1-қадам. Олқылықтарды анықтаңыз. Диагностика жүргізу керек. Диагностикадан кейін оқушылардың біліміндегі олқылықтарды деңгейіне қарай күрделіден қарапайымға дейін жіктеп, бөлу керек. Бірінші орында негізгі базалық білімдегі олқылықтар тұруы керек: мысалы, заттар және олардың қасиеттері, периодтық заң, энергия түрлерін т.б. білулері керек. Мектепте, жалпы өмірде бұл ұғымдар үнемі қолданылады, сондықтан оларды бірінші кезекте меңгеру қажет.

2-қадам. Уақытты белгілеңіз. Анықталған олқылықтардың деңгейіне қарай оған жұмсайтын уақытты жоспарлау қажет. Бір тақырыпқа бірнеше сағат керек немесе керісінше бір сабақтың ішіндегі белгілі бір уақыт жеткілікті болуы мүмкін.

Мысалы 6 сыныпта алдыңғы тақырыптардың мазмұнына назар аудара отырып қайталануларды жібермеу керек.

3-қадам. Оқыту әдісін таңдаңыз. Білімдегі олқылықтарды толтыру бойынша шараларды таңдау үш факторға байланысты:

өткізілетін материалдың көлемі;

жоспарланған уақыт мөлшері;

баланың жас және жеке ерекшеліктері.

*Білімдегі олқылықтарды толтыру жұмыстарының формалары*

1.Өзіндік жұмыстар Тақырыпты және тапсырманы түсіндіре отырып, өз бетінше ізденуге тапсырма беру.

2. Нақты мақсатқа бағытталған әрекеттер жасау

Егер жекелеген оқушы немесе сыныптағы шағын топ қолдауды қажет етсе нақты мақсатқа бағытталған қысқа сессиялар ұйымдастыру қажет.

3.Сыныпты толық оқыту

Егер бүкіл сыныптың қажеттіліктері немесе олқылықтары шамалас болса бұл көп уақытты алады - бірақ білім алушылардың бәрін қамтиды.

1) Жаңа тақырыптың алдында ұйымдастырылатын консультациялар кестесі Білім алушылардың білімдеріндегі олқылықтардың орнын толтырудың тағы бір тәсілі-жазғы мектеп ұйымдастыру. 5-сыныпқа арналған "Жаратылыстану" пәні бойынша оқу бағдарламасына сәйкес жазғы мектеп кезеңінде өткізілетін сабақтарды қайталау және тақырыпты пысықтау ұсынылады:

Бұдан әрі республика мектептерінің педагогтары әзірлеген қысқа мерзімді сабақ жоспарларының үлгілері ұсынылады:

**49.10- кесте. Жаратылыстану . Сыныбы 5**

Каникул кездерінде ұйымдастырылатын консультациялар кестесі (күзгі, қысқы, көктемгі)

| Өткізілетін мерзімі | Тақырыптың атауы | Оқыту мақсаттары |
|---|---|---|
| Күзгі каникул | 2.1. Макро- және микроәлем | 5.2.1.1- макро- және микроәлем нысанда-рын ажырата білу және мысалдар келтіру |
| Күзгі каникул | 2.5 жер бетін бейнелеу тәсілдері | 5.2.5.1- «план» және «шартты белгілер» ұғымдарын түсіндіру;<br>5.2.5.2 - шартты белгілерді қолданып, жергілікті жердің планын оқу;<br>5.2.5.3 - бір тәсіл бойынша жергілікті жердің түсірілімін жасау;<br>5.2.5.4 - рәсімдеу талаптарына сай жергілікті жердің қарапайым жоспарларын сызу |
| Қысқы каникул | 3.3. Заттардың түзілуі және алынуы | 5.3.3.1 - табиғатта түзілген және жасанды жолмен алынған заттарға мысалдар келтіру;<br>5.3.3.2 - зертханалық жағдайда заттарды бөліп ала алу |
| Қысқы каникул | 5.1. Энергия түрлері мен көздері | 5.5.1.1 - энергия түрлерін ажырату;<br>5.5.1.2 - температура мен жылу энергиясын ажырату;<br>5.5.1.3 - термометрді пайдалана отырып температураны өлшеу;<br>5.5.1.4 - ғимараттарда жылу оқшаулағышта-рын пайдаланудың практикалық әдістерін түсіндіру; |
| Көктемгі каникул | 6.1. Экожүйелер | 5.6.1.2 - экожүйе түрлерін жіктеу;<br>5.6.1.3 - экожүйеге экологиялық факторлардың ықпал етуін түсіндіру;<br>5.6.1.4 - табиғи және жасанды экожүйелерді салыстыру |
| Көктемгі каникул | 6.3. Табиғатты қорғау | 5.6.3.1 - ҚР экологиялық мәселелерін атау;<br>5.6.3.2 - өз аймағының экологиялық мәселелерін |

| | | |
|---|---|---|
| | | зерттеу;<br>5.6.3.3 - Қазақстан |
| Көктемгі каникул | Статистикалық деректер және олардың сипаттамалары: арифметикалық орта, мода, медиана, құлаш | 6.4.3.1 - бірнеше сандардың арифметикалық ортасы, санды деректердің құлашы, медианасы, модасының анықтамаларын білу;<br>6.4.3.2 - статистикалық санды сипаттамаларды есептеу; |

VII. Жазғы мектеп кезінде ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгісі.

## 50. «Жаратылыстану» оқу пәні, 6-сынып

*Жоспарлау жұмысы*. 2021-2022 оқу жылында ***«Жаратылыстану» және «География»*** пәні бойынша онлайн оқу жағдайындағы жіберілген білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толтыру және жаңа оқу жылының оқу бағдарламасын меңгерту бағытында мақсатты шараларды жыл бойы жүргізу жолдары ұсынылады. Аталған шараларды келесі кезеңдерге назар аударамыз.

2021/2022 оқу жылына кейін білім алушылардың қашықтан оқу кезіндегі олқылықтарының орнын толтыру үшін мұғалім өз пәні бойынша кемшіліктерді жою мақсатында арнайы жоспар дайындау қажет.

Оқу бастала салысымен білім алушылардың бағдарламаға сай тақырыптар бойынша түсінбеген тұстарын анықтап, сол тақырыптарды қайталау жорлдарын қарстырасыз.Олқылықтарды анықтау керек.

Білім алушылардың білімі мен дағдыларындағы олқылықтар қай деңгейде және қай бөлімдерде екенін анықтап, оны қалай толтыруға, іске асыруға болатын тұстарын анықтапп аламыз алдын ала ойластыру қажет.

Мектептер мұғалімдерге білімдегі олқылықтарды анықтауға және оларды жою стратегиясын енгізуге көмектесетін қолданыстағы бағалау тәсілін жасауға күш салуы керек.

*Жүзеге асыру жолдары*. Оқушының нені және қай деңгейде білетінін білу үшін формалды тексерудің қажеті жоқ. Тесттер, сауалнамалар немесе қарапайым әңгімелесу арқылы оқушының деңгейі көз алдыңызда келеді. Егер оқушы сабақта таныс жағдайларды қайталаса немесе сұрақтарға бірнеше рет жауап берсе, бұл сізге кәсіби маман ретінде, қандай дағдыларды игергенін көрсетеді және сіз оқытуды қандай бағытта ұйымдастыруды болжай ала аласыз.

5-6-сыныптардың білім алушыларына жаратылыстану бағытында білім беру, олардың жаратылыстану ғылымына деген қызығушылығының артуына, осы жастағылардың мүмкіндігіне қарай зерттеулер жүргізудің қарапайым дағдыларын, әлем туралы ой-өрістерін кеңейтуге, ғылымды ұғыну мен қоршаған әлемді тұтастай қабылдауларының дамуына, қоршаған әлемді бағалай және қорғай білу біліктіліктерінің дамуына көмектеседі.

Оқу пәнінің мазмұны 7 бөлімнен тұрады: «Ғылым әлемі», «Ғалам. Жер. Адам», «Заттар және материалдар», «Тірі және өлі табиғаттағы процестер», «Энергия және қозғалыс»,«Экология және тұрақты даму», «Әлемді өзгертетін жаңалықтар». Бағдарлама білім алушыларға қоршаған әлемнің көптүрлілігін, табиғи құбылыстар мен процестердің өзара байланысын, тірі және өлі табиғатта болатын табиғи құбылыстар мен процестердің себептері мен салдарын, табиғаттағы нысандар мен процестердің көптүрлілігін жүйелеу принциптерін, адамның көптеген іс-әрекеті үшін ғылыми-жаратылыстану білімінің маңыздылығын түсінуге мүмкіндік беретіндейетіп құрылған.

«Жаратылыстану» пәнінің мақсаты – оқушыларға еліміздің табиғаты, табиғи байлығы, экономикасы, «адам-адам», «адам-қоғам», «адам-табиғат» арасындағы қарым-қатынас туралы ғылыми ұғымдар мен дүниені танып білудің әдіс-тәсілдерін меңгерту болып табылады. Осыған орай «Жаратылыстану» пәні «География», «Биология», «Химия», «Физика» пәндеріне өтпелі пән ретінде 136 сағат берілуі пән тарапынан олқылықтар жіберу мүмкіндігін азайтады. Бағалау барысы негізінен мұғалімдердің күнделікпен жұмысы нәтижесінде беріліп отыр. «Күнделік» арқылы мониторинг қорытындысы республика бойынша жаман емес.БЖБ мен ТЖБ қабылдаудағы көрсеткіштер жиынтығы ойлантырады. Сонымен қатар Жаратылыстану пәнінде көптеген тәжірибелік жұмыстар орындалмады. Себебі үй жағдайында орындау қиындықтар тудырады.

Жаратылыстану пәні бойынша 5-6 сыныптардағы тәжірибелік жұмыстарды апта соңында қосымша жүргізу арқылы орнын толтыра аламыз.

Табиғаттағы физикалық, химиялық, географиялық заңдылықтарға байланысты 6-сыныпта «Жаратылыстану» пәнінде қарастыратын тақырыптардың бастапқы түсініктері беріледі. Жаратылыстану ғылымына тек 6-сынып материалдарын игерген соң нақтылы химия, физика, биология, география бағытында мазмұн қарастырылмақ.

Жаратылыстану бағытындағы пәндердің басқа пәндерге қарағанда көп зардап шегетіні - зертханалық және тәжірибелік жұмыстардың орындалмай немесе өз деңгейінде орындалмауы.

Жаратылыстану бағытындағы пәндер бойынша білімдегі олқылықтардың орнын толтыру үшін оқытуды ұйымдастырудың бірнеше әдістері ұсынылады.

5-6-сыныптың оқушыларына жаратылыстану бағытында білім беру, олардың білім құмарлықтарының дамуына, әлем жайлы ой-өрістерінің кеңеюіне, ғылымды ұғыну мен қоршаған әлемді тұтастай қабылдауларының дамуына, қоршаған әлемді бағалай және қорғай білу біліктіліктерінің дамуына көмектеседі.

Пән бағдарламасы келесі міндеттерді шешуге бағытталған:

1) әлемнің қазіргі заманғы жаратылыстану ғылымы тұрғысынан қалыптасқан бейнесі мен жаратылыстану ғылымдарының әдістері туралы білім негіздерін қалыптастыру; жаратылыстанудың техника мен технология дамуына елеулі ықпал еткен маңызды идеяларымен, жетістіктерімен таныстыру;

2) білімдерін қоршаған әлемнің құбылыстарын түсіндіру үшін қолдану және бұқаралық ақпараттық құралдары, интернет ресурстары, арнайы және

ғылыми-көпшілік әдебиеттерден алынған жаратылыстану ғылымы тұрғысынан және өмірлік маңызды мазмұны бар ақпаратты қабылдау біліктіліктеріне ие болу;

3) зияткерлік, шығармашылық қабілеттерді, сын тұрғысынан ойлау қабілетін қарапайым зерттеулер, құбылыстарды талдау, жаратылыстану ғылымдық ақпаратты қабылдау және түсіндіру барысында дамыту;

4) күнделікті өмірде тіршілік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, заманауи технологияларды сауатты пайдалану, денсаулық пен қоршаған ортаны қорғау үшін жаратылыстану ғылымдары бойынша білімдерін қолдану.

| Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері | Ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны | Оқыту мақсаттары. Білім алушылар: |
|---|---|---|
| 1-тоқсан | | |
| 6.1 Ғылым әлемі | Ғылым рөлі | 6.1.1.1 - жаратылыстану ғылымдарының зерттеу нысандарын тізіп атау |
| | Зерттеу сұрағы | 6.1.2.1 - тәуелді, тәуелсіз және бақыланатын айнымалыларды анықтау |
| | Зерттеуді жоспарлау | 6.1.3.1 - жоспар бойынша зерттеу жұмысын жүргізу;<br>6.1.3.2 - қауіпсіз жұмыс жүргізудің жағдайларын анықтау |
| | Деректерді жинау және тіркеу | 6.1.4.1 - Халықаралық бірліктер жүйесінің өлшем бірліктерін пайдалану |
| | Мәліметтерді талдау | 6.1.5.1 - алынған деректерді графикалық түрде көрсету |
| | Қорытынды және талқылау | 6.1.6.1 - алынған қорытындыларды түрлі формада көрсету |
| 6.1 Адам. Жер. Ғалам | Макро- және микроәлем | 6.2.1.1 - макро- және микроәлем нысандарының параметрлерін атау |
| | Жер туралы жалпы мағлұматтар | 6.2.2.1 - Жер бетіндегі бақыланатын үдерістер мен құбылыстарды түсіндіру;<br>6.2.2.2 - Жердің қасиеттерін түсіндіру |
| | Жер өрістері және олардың құрамдас бөліктері | 6.2.3.1 - Жер қабықтарының өзара байланыс тәсілдерін түсіндіру |
| | Жердегі тіршілік | 6.2.4.1 - Жердегі тіршіліктің пайда болуы туралы ғылыми болжамдарды салыстыру;<br>6.2.4.2 - адамның Жерде тіршілік етуінің қазіргі жағдайларын бағалау |

| | | |
|---|---|---|
| | Жер бетін бейнелеу тәсілдері | 6.2.5.1 - географиялық карталар мен шартты белгілерді жіктеу;<br>6.2.5.2 - шартты белгілерді пайдаланып, географиялық карталарды оқу;<br>6.2.5.3 - масштабты пайдаланып, арақашықтықты есептеу;<br>6.2.5.4 - географиялық координаттарды анықтау;<br>6.2.5.5 - сағаттық белдеулер картасын пайдаланып, уақытты анықтау |
| | Материктер мен мұхиттар | 6.2.6.1 - жоспар бойынша материктер мен олардың физикалық-географиялық аймақтарының табиғат ерекшеліктерін анықтау;<br>6.2.6.2 - жоспар бойынша мұхиттар табиғатының ерекшеліктерін анықтау |
| | Халық географиясы | 6.2.7.1 - халықтың қоныстану заңдылықтарын анықтау;<br>6.2.7.2 - халық тығыздығының көрсеткіштеріне баға беру;<br>6.2.7.3 - дүниежүзіндегі халық тығыздығының жоғары және төмен аймақтарын анықтап, себептерін түсіндіру |
| 2-тоқсан | | |
| 6.2 Заттар және материал-дар | Заттардың құрылысы мен қасиеттері | 6.3.1.1 - атом мен молекулаларды, қарапайым және күрделі заттарды айыра білу;<br>6.3.1.2 - атомның негізгі бөлшектерін және олардың орналасуын сипаттау;<br>6.3.1.3 - заттардың қасиеттерін (балқу және қайнау температураларын) сипаттау |
| | Заттардың жіктелуі | 6.3.2.1 - заттарды органикалық және бейорганикалық заттар күйінде жіктеу;<br>6.3.2.2 - тірі және өлі табиғатта қышқыл, сілтілі және бейтарап ортаны айыра біледі және әмбебап индикатор көмегімен ортаны анықтау;<br>6.3.2.3 - бейтараптандыру үдерісін түсіндіру |
| | Заттардың пайда болуы мен оларға қол жеткізу | 6.3.3.1 - жасанды материалдардың артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтау;<br>6.3.3.2 - тұрмыстық химия өнімдерін қолдану саласын және оларды қауіпсіз қолдану ережелерін түсіндіру;<br>6.3.3.3 - Қазақстандағы пайдалы қазбалардың орындарын және қолдану салаларын анықтау;<br>6.3.3.4 - Қазақстандағы пайдалы қазбаларды өндеудің ірі орталықтарын атау және көрсету;<br>6.3.3.5 - пайдалы қазбалардың өндірілуі мен өңделінуінің қоршаған ортаға әсерін түсіндіру |
| 3-тоқсан | | |

| | | |
|---|---|---|
| 6.3 Тірі және өлі табиғат-тағы үдерістер | Өлі табиғаттағы үдерістер | 6.4.1.1 - өлі табиғаттағы болып жатқан үдерістерді модельдеу (таудың жасалу, мүжілу үдерістері, табиғатта заттардың айналымы);<br>6.4.1.2 - табиғаттағы заттардың химиялық айналымын түсіндіру |
| | Тірі табиғаттағы үдерістер | 6.4.2.1 - жасуша компоненттерін анықтау<br>6.4.2.2 - тірі ағзаларға тән үдерістерді түсіндіру;<br>6.4.2.3 - ағзалардың қоректену типтерін ажырату;<br>6.4.2.4 - толыққанды тамақтану рационын құру;<br>6.4.2.5 - азық-түлік өнімдеріндегі органикалық заттардың болуын тестілу;<br>6.4.2.6 - ағзалардағы қоректік заттардың тасымалдануын модельдеу;<br>6.4.2.7 - тыныс алғанда және тыныс шығарғандағы ауа құрамындағы айырмашылықты зерттеу;<br>6.4.2.8 - ағзадан бөлініп шығатын өнімдерді атау;<br>6.4.2.9 - тірі ағзалардың тітіркендіргіштерге жауап беру реакциясын зерттеу |
| 6.3 Энергия және қозғалыс | Энергия түрлері мен көздері | 6.5.1.1- энергия көздерін атау;<br>6.5.1.2 - энергияны шығарумен және оның жұтылуымен байланысты үдерістерді атау және мысалдар келтіру;<br>6.5.1.3 - электр энергиясының бірлігін атау;<br>6.5.1.4 - электр энергиясының құнын есептеу;<br>6.5.1.5 -энергияны алудың баламалы көздерін ұсыну; |
| | Қозғалыс | 6.5.2.1 - қозғалыстың салыстырмалылығына мысалдар келтіру және түсіндіру;<br>6.5.2.2 - қатты денелер, сұйықтар мен газдардың қысымдарын айыра білу;<br>6.5.2.3 - адам қаңқасының құрылысын сипаттау;<br>6.5.2.4 - бұлшық еттің құрылысын сипаттау;<br>6.5.2.5 - тірі ағзалар үшін қысымның мәніне мысалдар келтіру;<br>6.5.2.6 - тиісті құралдарды қолдана отырып, атмосфералық және артериялық қысымды өлшеу және қорытынды жасау |
| 4-тоқсан | | |
| 6.4 Экология және тұрақты даму | Экожүйелер | 6.6.1.1 - экожүйе құрамдас бөліктерінің өзара байланысын график түрінде көрсету және түсіндіру;<br>6.6.1.2 - экожүйе ауысымдарының себептерін түсіндіру;<br>6.6.1.3 - экологиялық пирамидада энергия мен заттардың ауысуын түсіндіру |

| | | |
|---|---|---|
| | Тірі ағзалардың сан алуандығы | 6.6.2.1 - өсімдіктер мен жануарлардың түрлерін анықтау үшін ағзалардың өзіндік ерекшеліктерін қолдану;<br>6.6.2.2 - жергілікті экожүйелердегі тірі ағзалардың алуан түрлілігін зерттеу |
| | Табиғатты қорғау | 6.6.3.1 - өзінің аймағындағы кейбір экологиялық мәселелердің себептерін талдау;<br>6.6.3.2 - экологиялық мәселелерді шешу жолдарын ұсыну |
| 6.4 Әлемді өзгертетін жаңалықтар | Әлемді өзгерткен жаңалықтар | 6.7.1.1 - әлемді өзгерткен жаңалықтардың маңызын талқылау;<br>6.7.1.2 - жаратылыстану ғылымдарын дамытуда қазақстандық ғалымдардың үлесін талқылау |
| | Болашақ жаңалықтары | 6.7.1.3 - ғылыми зерттеулердің бағыттарының болашақтағы дамуына болжам жасау |

Тірі табиғаттағы үдерістер мазмұны бойынша берілген мақсаттар оңтайландыру қажет.

6.4.2.1 - жасуша компоненттерін анықтау

6.4.2.2 - тірі ағзаларға тән үдерістерді түсіндіру;

6.4.2.3 - ағзалардың қоректену типтерін ажырату;

6.4.2.4 - толыққанды тамақтану рационын құру;

6.4.2.5 - азық-түлік өнімдеріндегі органикалық заттардың болуын тестілу;

6.4.2.6 - ағзалардағы қоректік заттардың тасымалдануын модельдеу;

6.4.2.7 - тыныс алғанда және тыныс шығарғандағы ауа құрамындағы айырмашылықты зерттеу;

6.4.2.8 - ағзадан бөлініп шығатын өнімдерді атау;

6.4.2.9 - тірі ағзалардың тітіркендіргіштерге жауап беру реакциясын зерттеу

I. Өткен оқу жылында өтілген оқу бағдарламасының мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттары

## 50. «Жаратылыстану» оқу пәні, 6-сынып

| № | Тақырыптар | Оқу мақсаттары | Жұмыс формасы | Уақыты | Қорытынды |
|---|---|---|---|---|---|
| 1-тоқсан | | | | | |
| 1 | Деректерді жинау және тіркеу | 6.1.4.1 Халықаралық бірліктер жүйесінің өлшем бірліктерін пайдалану | PowerPoint форматта слайд арқылы түсіндіру | | презентация |
| 2 | Мәліметтерді талдау | 6.1.5.1 алынған деректерді графикалық түрде көрсету | инфографика түрінді сабақ | | рефлексия |
| 3 | Жер өрістері | 6.2.3.1 Жер | бейнематериалдар | | әңгімелесу |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | және олардың құрамдас бөліктері | қабықтарының өзара байланыс тәсілдерін түсіндіру | | | |
| 2-тоқсан | | | | | |
| 1 | Заттардың құрылысы мен қасиеттері | 6.3.1.1 атом мен молекулаларды, қарапайым және күрделі заттарды айыра білу;<br>6.3.1.2 атомның негізгі бөлшектерін және олардың орналасуын сипаттау | практикалық жұмыстар | | сұрақ-жауап |
| 2 | Заттардың жіктелуі | 6.3.2.1 заттарды органикалық және бейорганикалық заттар күйінде жіктеу;<br>6.3.2.2 тірі және өлі табиғатта қышқыл, сілтілі және бейтарап ортаны айыра біледі және әмбебап индикатор көмегімен ортаны анықтау | практикалық жұмыстар | | сұрақ-жауап |
| 3-тоқсан | | | | | |
| 1 | Тірі табиғаттағы үдерістер | 6.4.2.1 жасуша компоненттерін анықтау<br>6.4.2.5 азық-түлік өнімдеріндегі органикалық заттардың болуын тестілу;<br>6.4.2.6 ағзалардағы қоректік заттардың тасымалдануын модельдеу;<br>6.4.2.8 ағзадан бөлініп шығатын өнімдерді атау;<br>6.4.2.9 тірі ағзалардың тітіркендіргіштерге жауап беру реакциясын зерттеу | мектеп асханасындағы практикалық жұмыстар | | әңгімелесу |
| 2 | Энергия түрлері мен көздері | 6.5.1.2 энергияны шығарумен және оның жұтылуымен байланысты үдерістерді атау және мысалдар келтіру;<br>6.5.1.3 электр энергиясының бірлігін | дәріс | | өзіндік жұмыс |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | атау;<br>6.5.1.4 электр энергиясының құнын есептеу;<br>6.5.1.5 энергияны алудың баламалы көздерін ұсыну | | | |
| 4-тоқсан | | | | | |
| 3 | Экожүйелер | 6.6.1.1 экожүйе құрамдас бөліктерінің өзара байланысын график түрінде көрсету және түсінду;<br>6.6.1.2 экожүйе ауысымдарының себептерін түсіндіру;<br>6.6.1.3 экологиялық пирамидада энергия мен заттардың ауысуын түсіндіру | таза ауадағы сабақ | | әңгімелесу |

Оқу пәнінен әр тоқсан сайын бөлім бойынша жиынтық бағалау саны 50.1-кестеде көрсетілген.

**50.1-кесте . «Жаратылыстану» оқу пәні, 6-сынып 6.1 Адам. Жер. Ғалам**

50.1-кесте. «Жаратылыстану» пәні бойынша жиынтық бағалау саны

| Сынып | Бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 1-тоқсан | 2-тоқсан | 3-тоқсан | 4-тоқсан |
| 5-сынып | 1 | 1 | 1 | 1 |
| 6-сынып | 1 | 1 | 1 | 1 |

II. Іріктеп алынған оқыту мақсаттары бойынша диагностикалық жұмыстың үлгісі

**50.2-кесте - «Жаратылыстану» оқу пәні, 6-сынып 6.1 Адам. Жер. Ғалам**

| | |
|---|---|
| **Бөлім:**<br>6.1 Адам. Жер. Ғалам<br>**Сынып: 6**<br>**Күні:** | Мектеп:<br>Мұғалім:<br>Қатысқан оқушылардың саны:<br>Қатыспаған оқушылардың саны: |
| **Тақырыбы:** Жер туралы жалпы мағлұматтар | |
| **Осы сабақ арқылы жүзеге** | 6.2.2.1 - Жер бетіндегі бақыланатын үдерістер мен |

| | |
|---|---|
| **асырылатын оқу мақсаты** | құбылыстарды түсіндіру<br>6.2.2.2 - Жердің қасиеттерін түсіндіру |
| **Сабақтың мақсаты** | Оқушылар:<br>• жер бетіндегі үдерістермен мен құбылыстарды анықтайды;<br>• жердің қасиеттерін түсіндіре алады |
| **Бағалау критерийлері:** | Оқушылар:<br>1. Күн мен түннің және маусымдардың алмасу себептерін біледі;<br>2. Жердегі құбылыстар мен үдерістерді бейнелей алады;<br>3. Жердің ішкі құрылысын сипаттап, талдайды |
| **Тілдік мақсаттар** | Оқушылар жер бетіндегі бақыланатын үдерістер мен құбылыстарды анықтап, ауызша түсіндіре алады. Әртүрлі географиялық деректерді талдап,сипаттап жаза алады (оқылым, айтылым, тыңдалым және жазылым дағдылары)<br>**Пәндік лексика және терминология**<br>Қысқы тоқырау<br>Көктемгі теңесу<br>Күн орбитасы<br>Күн жүйесі<br>Құс жолы<br>**Айтылымға қажетті сөз тіркестері:**<br>Жер қабығының ішкі жағы.....<br>Жер - Күн жүйесіндегі .....<br>Жердің өз білігінен айналуы..... |
| **Құндылықтарды дарыту** | Құндылықтар:<br>Топтық, жұптық тапсырмаларды орындау барысында оқушылар бойындағы адамгершілік, қоршаған ортаға деген жауапкершілік, өмір бойы білім алу құндылықтарын дамыту. |
| **Пәнаралық байланыс** | Физика, астрономия – бейнероликті көрген кезде, мауысымдардың ауысу себебін талдаған кезде. |
| **Бастапқы білім** | Оқушылардың 5 сыныптағы жаратылыстану пәні бойынша алған білімдері. 5.2.2.1 Жер ғаламшарының пайда болуын түсіндіру оқу мақсаты бойынша. |

**Сабақ барысы**

| **Сабақтың кезеңдері** | **Сабақта орындалатын іс - әрекеттер** | **Оқыту ресурстары** |
|---|---|---|
| Басы<br>0-5 мин<br><br><br><br><br><br>5-10 мин | **1. Ұйымдастыру кезеңі.**<br>(К) Қолайлы жұмыс ортасы қалыптастырылады. Жағымды жаңалық немесе жақсы тілектер айту<br>**2. Ой қозғау:**<br>*Ой қозғау.* Тақтадан не көріп тұрсыздар? Бүгінгі сабағымыздың тақырыбы қандай деп ойлайсыздар?<br>Оқушылар жеке ойланады, бірнеше оқушы жауап береді. | Power Point презентациясы.<br><br>1-3-слайд.<br><br><br>4-слайд, Жердегі құбылыстар бейнеленген суреттер |

| | | |
|---|---|---|
| | **3. Мақсатты тұжырымдау**<br>Сабақтың тақырыбы анықталады. Оқу мақсаттары (ОМ) мен бағалау критерийлері жарияланады.<br>(Д) «Біз не білеміз?» айдары арқылы оқушылардың білімдерін еске түсіру<br>▪ Жердің пішіні туралы не білеміз?<br>▪ Жер Күнді қанша уақытта толық айналып шығады?<br>▪ Не себепті күн мен түн ауысады?<br>▪ Жердің табиғи серігі туралы не білемізі?<br>▪ Жердің қанша пайызын су алып жатыр?<br>▪ Жердің ішкі бөлігі қандай? | |
| Ортасы<br>10-20 мин<br><br><br><br><br><br><br><br>20-25 мин<br><br><br><br><br><br>25-35 мин | **4. Мұғалімнің түсіндірмесі**<br>Жаңа білімді меңгеру:<br>(С) Жер бетіндегі бақыланатын үдерістер мен құбылыстар туралы бейнеролик көру.<br>«Балаларға Жер туралы: Балаларға арналған астрономия»<br>Мұғалім видео бойынша сұрақтар қойып, бүкіл сыныппен талқылайды.<br>Бейнефильмнен қандай мағлұмат алдыңыздар?<br>Күн мен түннің, маусымдардың ауысу себептері қандай?<br>Атмосфера деген қандай қабат, маңызы қандай?<br>Не себепті біздің ғаламшарымызда тіршілік пайда болған?<br>(Т) «Сергіту сәті» топтық ойын<br>Оқушылар 2 топқа бөлінеді<br>1-топ: Жердің Күнді және өз білігін айналу үрдісін көрсетеді (Жер және Күн)<br>2-топ: Айдың Жерді айнала қозғалуын бейнелеу (Ай, Жер, Күн)<br>**5. Білімді бекіту**<br>(Ж) Оқушылар жұпта талқылап, келесі тапсырмаларды орындайды:<br>Тапсырма - 1. Жердің өз білігінен айналуы дұрыс көрсетілген суретті белгілеңіз<br>Тапсырма - 2. Суретте көрсетілген құбылыстар байқалатын күндерді жазыңыз.<br>Тапсырма - 3. Жердің өз осінен айналуы себебінен Жерде күн мен түн ауысса, ал оның осінің орбита | Ғаламтор мәліметтері,<br>https://www.youtube.com/watch?v=o74jJbbwDcE<br>Қосымша 5<br><br><br><br><br>https://bilimland.kz/ru/#lesson=19299 \<br>https://www.youtube.com/watch?v=EWas-dkx29g<br><br><br><br><br>Қосымша 1<br><br><br>Қосымша 2<br><br><br><br><br>Қосымша 3 |

| | | |
|---|---|---|
| | бойымен Күнді айналуы салдарынан Жерде жыл мезгілдері өзгеріп отырады. Жыл мезгілдерінің ауысуы тағы қандай факторларға байланысты?<br>Тапсырма – 4. Жердің ішкі құрылысының қабаттарын жазыңыз<br>Жердің ішкі құрылысының әлі күнге дейін толық зерттелмеу себебі:<br>**Бағалау:**<br>Оқушылар жұпта жұмыстарын ауыстырады. Бір-бірін тексереді, дескрипторлар бойынша бағалайды.<br>*Дескрипторлар:*<br>-Күн мен түннің және маусымдардың алмасу себептерін біледі;<br>-Жердегі құбылыстар мен үдерістерді бейнелей алады;<br>-Жердің ішкі құрылысын сипаттап, талдайды;<br>Қажеттілік туған жағдайда оқушылардың жауаптарын толықтырады, жұмыстарына комментарий, ұсыныс жасайды, кері байланыс береді. | Бағалау жұмысы ауызша/жазбаша |
| Соңы<br>35-40 мин | *Кері байланыс:*<br>✓ «Үш сәт» әдісі.<br>✓ Оқушылар сабақ барысында қиындық туғызған үш сәтті атап, оларды жақсарту шараларын ұсынады. Қорытындылау.<br>Үй тапсырмасы: «Ай – Жердің серігі» атты хабарлама дайындау | Кері байланыс парағы<br>Қосымша 4 |

| **Қосымша ақпарат** | | |
|---|---|---|
| **Дифференциациялап оқыту** – Оқушыларға көбірек қолдау көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндеттер қоюды жоспарлайсыз? | **Бағалау** – Оқушылардың білімін қалай тексересіз? | **Қауіпсіздік ережелері** |
| Сіз оқушыға қолдау көрсету үшін дұрыс жауап немесе негізгі ойды білдіретін тірек сөздер бере аласыздар<br>Тақтаға да тірек сөздер мен сабақта өтілетін терминдер жазып қойсаңыз, көмек қажет оқушыға жеңіл болады. | Алдын-ала дайындалған немесе оқушылармен бірге құрастырылған бағалау критерийлері арқылы топтық немесе жұптық бағалау жасауға | Топтық және жұптық тапсырмаларды орындау барысында қауіпсіздік техникасын сақтау және Дене шынықтыру минутасы.<br>Оқушылар 2 топқа бөлінеді<br>1-топ: Жердің Күнді және өз білігін айналу үрдісін көрсетеді |

| | | |
|---|---|---|
| Тапсырмаларды топтарға бөліп беруге болады. Жоғары деңгейдегі, талдауды қажет ететін сұрақтарды күшті топтараға беруге болады және де керісінше. | болады. | (Жер және Күн)<br>2-топ: Айдың Жерді айнала қозғалуын бейнелеу (Ай, Жер, Күн) |

III. Сабақ барысында толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары

| | | |
|---|---|---|
| **Ұзақ мерзімді жоспардағы бөлім:**<br>**2. Ғалам. Жер. Адам** | Мектеп: | |
| **Мерзімі:** | Мұғалімнің аты-жөні: | |
| **Сынып: 6** | Қатысқандар саны: | |
| **Сабақ тақырыбы** | **Сағаттық белдеулер** | |
| Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына **сілтеме)** | 6.2.5.5 сағаттық белдеулер картасын пайдаланып, уақытты анықтау | |
| **Сабақ мақсаттары** | **Оқушы:**<br>• Сағаттық белдеу, белдеулік уақыт, даталардың ауысу сызығы ұғымдарын білу;<br>• Сағаттық белдеулер картасын пайдаланып, уақытты анықтау. | |
| **Бағалау критерийлері:** | 1. Сағаттық белдеуді, белдеулік уақытты, даталардың ауысу сызығын түсіндіре алады;<br>2. Сағаттық белдеулер картасын пайдаланып, уақытты анықтай алады. | |
| **Тілдік мақсаттар** | Оқушылар уақытты анықтап, ауызша түсіндіреді. Тақырыпқа байланысты терминдерді ауызша түсіндіреді.<br>**Пәндік лексика және терминология:**<br>Сағаттық белдеу, белдеулік уақыт, декреттік уақыт, даталар ауысу сызығы, Гринвич меридианы.<br>**Айтылымға қажетті сөз тіркестері:**<br>Белдеулік уақыт дегеніміз ...<br>А қаласында уақыт ... болғанда, В қаласында уақыт ... болады.<br>Қазақстан ... сағаттық белдеулерде орналасқан. | |
| **Құндылықтарды дарыту** | Сабақ сыйластықты, ынтымақтастықты дарытуға бағытталған.<br>Құндылықтарды дарыту топтық жұмыстарды ұйымдастыру барысында жүзеге асады. | |
| **Пәнаралық байланыстар** | Уақытты анықтау барысында математика пәнімен байланыс орнатылады. | |
| **Бастапқы білім** | Оқушылар 5 – ші сыныпта жергілікті жердің қарапайым планын сызды.<br>Бастапқы білімді жаңғырту топтық жұмыс барысында жергілікті жерлердің қарапайым планын сызу арқылы | |

| | |
|---|---|
| | жүзеге асады. |

**Сабақ барысы**

| Сабақтың жоспарланған кезеңдері | Сабақтағы жоспарланған іс – әрекет | Ресурстар |
|---|---|---|
| Сабақтың басы<br><br>0-5<br><br><br><

| | | |
|---|---|---|
| 17-22<br><br><br><br><br><br>22-25<br><br><br><br><br><

| | | |
|---|---|---|
| Сабақтың соңы:<br>37-40 | **9. Рефлексия**<br>Мұғалім сабақ мақсатарына қайта оралып, сабақ мақсаттарына жету деңгейін талқылайды.<br>Рефлексия «+-!» әдісі<br>Оқушылар кестеге сабақтың жақсы, сәтсіз болған, таң қалдырған кездерін жазады. | Стикерлер |

| **Саралау** – оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз? | **Бағалау –** оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз? | Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы |
|---|---|---|
| Сабақ барысында оқу материалы ақпаратты қабылдаудың түрлі типтерін ескере отырып қолданылады (мәтін, бейнеролик, сурет). Қабілеті жоғары оқушылар қабілеті төмен оқушыларға қолдау көрсетеді және өз беттерінше есептер құрастырады. | «5.2.5.4 рәсімдеу талаптарына сай жергілікті жердің қарапайым жоспарларын сызу» оқу мақсаттары бойынша бастапқы білімді формативті бағалау. Жақын арадағы даму аймағын анықтауға арналған диагностикалық бағалау. Картамен жұмыс жасау арқылы картамен жұмыс жасау дағдыларын бағалау. | Сыныпта қозғалыс барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау. |

## IV. Кіріктірілетін оқыту мақсаттары бойынша ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгісі

| | | |
|---|---|---|
| **Ұзақ мерзімді жоспардағы бөлім:**<br>**6.4 : Экология және тұрақты даму** | **Мектеп:** | |
| **Мерзімі:** | **Мұғалімнің аты-жөні:** | |
| **Сынып: 6** | **Қатысқандар саны:**<br>**Қатыспағандар саны:** | |

| | |
|---|---|
| **Сабақ тақырыбы** | **Экологиялық мәселелерді шешу жолдары** |
| **Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)** | 6.6.3.1 - өз аймағындағы кейбір экологиялық мәселелердің себептерін талдау;<br>6.6.3.2 - экологиялық мәселелерді шешу жолдарын ұсыну |
| **Сабақ мақсаттары** | **Оқушы:**<br>• экологиялық мәселелердің себептерін анықтау;<br>• экологиялық мәселелерді шешу жолдарын талдау. |
| **Бағалау критерийлері:** | 1. экологиялық мәселелердің себептерін көрсетеді;<br>2. экологиялық мәселелердің салдарын анықтайды;<br>3. экологиялық мәселелерді шешу жолдарын сипаттайды. |

| | |
|---|---|
| **Тілдік мақсаттар** | **Оқушылар орындай алады:**<br>экологиялық мәселелерді шешу жолдарын көрсету үшін жазбалар жасап, есеп дайындай алады<br><br>**Пәнге тән лексика мен терминология:**<br>***экологиялық мәселелер, экологиялық мәселелердің себептері, экологиялық мәселелерді шешу жолдары, экологиялық мәселелердің алдын алу***<br>**Диалог үшін пайдалы сөз тіркестерінің топтамасы:**<br>Менің ойымша, экологиялық мәселенің себебі ….<br>Экологиялық мәселені шешуге қосатын менің үлесім…<br>Бұл мәселенің нәтижесінде… болады деп ойлаймын. |
| **Құндылықтарды дарыту** | Жұпта және топта жұмыс істеу барысында **ынтымақтастық,** өзіне және басқаларға **құрметпен қарау**, **академиялық адалдық** - өз бетімен жұмыс істеу, **ашықтық** - оқушылар сабақтың мақсаттарын және міндеттерін өз бетінше анықтай алады. |
| **Пәнаралық байланыстар** | Топта жұмыс істегенде оқушылар биологиялық терминдерді қолданатын болады. |
| **Бастапқы білім** | Оқушылар 5 – шы сыныпта өз аймағының экологиялық мәселелерімен танысты. Олар экологиялық мәселелерді ажырата алады. Бастапқы білімді жаңғырту сәйкестендіру тапсырмасын орындау арқылы жүзеге асады. |

**Сабақ барысы**

| **Сабақтың жоспарланған кезеңдері** | **Сабақтағы жоспарланған іс – әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Сабақтың басы<br><br>0-5<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>5-10 | **1. Өткенді қайталау арқылы бастапқы білімді жаңғырту.** Оқушылар экологиялық мәселелерді шешу жоспарын құрастыру үшін, бір экологиялық мәселе көрсетілген сурет қиықтарын жинау арқылы топтарға бірігеді. 5.6.3.2 өз аймағының экологиялық мәселелерін зерттеу және 6.6.3.1 өз аймағындағы кейбір экологиялық мәселелердің себептерін талдау мақсаттары бойынша білімдерін көрсетеді.<br>**Дескрипторлар**<br>**Оқушы**<br>Экологиялық мәселе себебін анықтайды.<br>**2. Мақсатты тұжырымдау.**<br>Мұғалім оқушылармен бірге сабақ мақсаттарын, «жақын даму аймағын» және сабақ соңында күтілетін нәтижелерді анықтайды. | Қосымша 1 |
| Сабақтың ортасы<br>10- 25 | **3. Топтық жұмыс. Постер әзірлеу.**<br>Әр топ топқа бөліну барысында алған суретте көрсетілген мәселелердің себептері мен салдарын анықтау үшін постер әзірлейді.<br>Постерда төмендегі сұрақтар қарастырылады:<br>*Бұл мәселені кімдер шеше алады?*<br>*Бұл жоба нәтижелі болу үшін не қажет?*<br>*Мәселені шешуде қандай тежеуші факторлар* | қағаз А2/А1<br>түрлі түсті қарындаш/маркер<br>суреттер<br>желім<br>қайшы |

| | | |
|---|---|---|
| 25 - 37 | *болуы мүмкін?*<br>*Жоба сәтті болып шешілуіне қажетті барлық қандай жағдайлар?*<br>*Қандай мәселелер жоба барысында пайда болуы мүмкін?*<br>**«*Кезбе тілші*» әдісі** бойынша әр топтан бір оқушыдан басқа топқа барып, олардың постері бойынша сұхбат алып, жауаптарын жазып алады. Алған мәліметтерін өз топтарында талқыға салады.<br>**Дескрипторлар**<br>**Оқушы**<br>- Экологиялық мәселені шешетін адамдарды атайды;<br>- Нәтижелі шешімі болуы үшін, не қажет екенін анықтайды;<br>-Мәселені шешуді тежейтін факторларды көрсетеді;<br>- Мәселені шешілудің жолдарын ұсынады;<br>-Экологиялық мәселені шешу барысында пайда болуы мүмкін мәселелерді көрсетеді.<br><br>Мұғалім кері байланыс береді.<br>**4. Сабақты бекіту «Үш қадамды сұхбат»** әдісі<br>Әр топта топ мүшелері үш жұпта жұмыс жасайды.<br>1-ші жұп тақырып бойынша сұрақ қояды;<br>2-ші жұп жауап береді;<br>3-ші топ – толықтырады<br>Келесі кезекте әр жұп рөлдерімен ауысып, әрі қарай жалғастырады.<br>**Дескрипторлар**<br>Экологиялық мәселе себебін көрсетеді.<br>Экологиялық мәселені шешудің жолдарын ұсынады. | Қосымша 2 |
| Сабақтың соңы:<br>37-40 | **5. Рефлексия**<br>Мұғалім сабақ мақсатарына қайта оралып, сабақ мақсаттарына жету деңгейін талқылайды.<br><br>**Кері байланыс «Таңдау» әдісі**<br>Бес пікір жазылған парақ беріледі.<br>1.Мен сабақ *қызықты, қызықсыз* болды деп ойлаймын.<br>2. Мен сабақта: көп нәрсені *үйрендім/ үйренгенім аз* болды.<br>3. Мен басқаларды *мұқият/ зейінсіз* тыңдадым.<br>4. Мен пікірсайыстарға *жиі /сирек* қатыстым.<br>5.Мен сабақтағы өз жетістіктеріме *ризамын риза емеспін*./<br>Оқушылар өздерінің сабаққа қатысу деңгейі мен ынтасын білдіретін сөздердің астын | Қосымша 3 |

| | | |
|---|---|---|
| | сызады. | |

| **Саралау – оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз?** | **Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз?** | **Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы** |
|---|---|---|
| Сабақ барысында топта жұмыс жасай отырып, өзге топ мүшелеріне ақпаратты таныстырады және өзге топ жұыстарымен танысады. Кесте толтыру барысында қиындық танытқан оқушыларға мұғалім тарапынан қолдау көрсетіледі. Қызығушылығы жоғары оқушыларға күрделендірілген тапсырмалар ұсынылады. | Пазл жинау барысында берген ақпараттар бойынша бастапқы білімді формативті бағалау. Жақын арадағы даму аймағын анықтауға арналған диагностикалық бағалау. Топтық жұмыс арқылы жануарлар мен өсімдіктердің бөліп шығаратын мүшелері мен өнімдерін көрсетуі. | ® = техника қауіпсіздігі ережесі<br>Постер әзірлеу барысында сыныптағы қозғалыста ұқыптылық сақтау. |

Кіріктірілетін оқыту мақсаттары бойынша ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгісі

| **Ұзақ мерзімді жоспардағы бөлім:**<br>**6. Экология және тұрақты даму** | **Мектеп:** | |
|---|---|---|
| **Мерзімі:** | **Мұғалімнің аты-жөні:** | |
| **Сынып: 6** | **Қатысқандар саны:**<br>**Қатыспағандар саны:** | |

| | |
|---|---|
| **Сабақ тақырыбы** | **Экологиялық пирамидада энергия мен заттардың ауысуы**_2-сабақ |
| **Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)** | 6.6.1.3 экологиялық пирамидада энергия мен заттардың ауысуын түсіндіру |
| **Сабақ мақсаттары** | **Оқушы:**<br>• Қоректік тізбекте энергия мен заттардың ауысуын талдау;<br>• Экологиялық пирамидада әрбір деңгейдегі қарым қатынасты орнату |
| **Бағалау критерийлері** | • Қоректік тізбекте энергия мен заттардың ауысуын көрсетеді;<br>• Экологиялық пирамидада энергия мен заттардың ауысуын анықтайды. |

| | |
|---|---|
| **Тілдік мақсаттар** | **Оқушылар орындай алады:**<br>Қоректік тізбектер құрастырып, тізбектегі ағзалар арасындағы байланысты сипаттай алады<br>**Пәнге тән лексика мен терминология:**<br>*Түзушілер, тұтынушылар, ыдыратушылар, энергия, 10%, пирамида*<br>**Диалог үшін пайдалы сөз тіркестерінің топтамасы:**<br>• Түзушілер: ..., …, ... және т.б.<br>• ..., …, ... тұтынушылар болып табылады, ал ..., …, ... ыдыратушылар.<br>Экологиялық пирамидада әр бір келесі деңгейге ... беріледі, себебі... . |
| **Құндылықтарды дарыту** | Әртүрлі пікірлерді талқылау барысында оқушылар сыйластыққа үйренеді.<br>Жұптық жұмыс кезінде өзара ынтымақтастық танытуды үйренеді.<br>Бір-біріне сұрақ қою, талқылаулар кезінде ашықтық қалыптасады.<br>Экожүйелердің ауысу себептерін анықтау барысында биологиялық алуантүрліліктің сақталуына себепші болады, табиғаттағы тепе-теңдік сияқты, биосфера, экожүйедегі, экономикадағы тұрақтылық сияқты маңызды түсінігі арқылы жаһандық азаматтық дамытылады.<br>Топтық жұмыс барысында ынтымақтастықта жұмыс жасай алу дағдысы, академиялық шынайылық қалыптастырады. |
| **Пәнаралық байланыстар** | Экожүйенің ауысуына әкелетін факторларды анықтау физика пәнімен байланысады. |
| **Бастапқы білім** | Оқушылар 5 – ші сыныпта экожүйеге экологиялық факторлардың ықпалы үдерістермен танысты. Оқушылар экологиялық факторларды атай алады, ажырата біледі. Бастапқы білімді жаңғырту жұптық жұмыс барысында экологиялық факторлардың ерекшеліктерін сипаттау арқылы жүзеге асады. |

**Сабақ барысы**

| **Сабақтың жоспарланған кезеңдері** | **Сабақтағы жоспарланған іс – әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Сабақтың басы<br><br>0-5<br><br><br><br><br>5-10 | **1. Өткенді қайталау арқылы бастапқы білімді жаңғырту.**<br>Оқушылар топта *бидай тұқымы, тышқан, түлкі* рөліне бөлінеді. Әр топ «Экожүйедегі қоректік тізбектер туралы білудің маңызы неде?» сұрағына жауап береді, өткен сабақтағы оқу мақсаты бойынша білімдерін көрсетеді.<br><br>**2. Ой шақыру.**<br>Оқушылар «Қоректік тізбекте қанша трофикалық деңгей бар?» сұрағын талқылайды. | Қосымша 1 |

| | | |
|---|---|---|
| | **Дескрипторлар**<br>**Оқушы**<br>Қоректік тізбектегі трофикалық деңгейлердің санының энергия мөлшеріне әсерін сипаттайды.<br>**3. Мақсатты тұжырымдау.**<br>Мұғалім оқушылармен бірге сабақ мақсаттарын, «жақын даму аймағын» және сабақ соңында күтілетін нәтижелерді анықтайды. | |
| Сабақтың ортасы<br>10-15 | **4. Мұғалімнің түсіндірмесі.**<br>Қоректік тізбекте қанша трофикалық деңгей бар? Әдеттегі қоректік тізбектерде үштен беске дейін трофикалық деңгей болады. Бестен көп трофикалық деңгейі болатын қоректік тізбектер сирек кездеседі, себебі қосымша трофикалық деңгейде ағзалар популяциясын сақтау үшін қолжетімді энергия өте аз болады. | Қосымша 2 |
| 15 - 30 | **5. Топтық жұмыс. «Қоректік тізбек»** ойыны. Оқушылар топта *бидай тұқымы, тышқан, түлкі* рөліне бөлінеді.<br>Оқушылар бұл ойында түлкілер тек тышқандарды жейтіндігі, тышқандар- бидай тұқымын жейтіндігін түсіндіреді.<br>Әр топ өз жұмыстарымен бөліседі, мұғалім кері байланыс беріп, қоректік тізбекте энергияның бір деңгейден келесі деңгейге өтетіндігін, энергияның берілу заңдылықтары немесе «10% ереже», бір трофикалық деңгейден келесі деңгейге 10% артық энергия өтпейді, 90% энергия ағзаның өз қажеттігіне жұмсалатындығын талдайды.<br>Ойын нәтижесінде қоларындағы қалған «қорек» мөлшерлерін санау арқылы экологиялық пирамида құрастырады. | Қосымша 3 |
| | **Дескрипторлар**<br>**Оқушы**<br>Қоректік тізбектегі энергияның берілу заңдылықтарын сипаттайды;<br>Бір трофикалық деңгейден келесі деңгейге артық энергия өтпей өз қажеттігіне жұмсалатындығын анықтайды.<br>Экологиялық пирамидада деңгейлерінде энергия мен заттардың ауысуын көрсетеді. | Қосымша 4 |
| 30-38 | **6. Сабақты бекіту.**<br>10% ережені ескере отырып 5 кг бір бүркіт өсу үшін қанша шөп керектігін есепте. (қоректік тізбек: шөп – қоян– бүркіт).<br>Әрбір трофикалық деңгейде әрқашан алдыңғы деңгейдегі өкілдерді ғана жейтінін шартты түрде қабылда.<br>Оқушылар мұғалім ұсынған дұрыс жауаптардың көмегімен өзара бағалау жүргізеді. | |
| | **Дескрипторлар**<br>**Оқушы**<br>Әрбір трофикалық деңгейге қажетті қорек мөлшерін анықтайды;<br>Бір бүркіт өсу үшін қанша шөп керектігін есептейді. | |

| | | |
|---|---|---|
| Сабақтың соңы:<br>38-40 | **8. Рефлексия**<br>Мұғалім сабақ мақсатарына қайта оралып, сабақ мақсаттарына жету деңгейін талқылайды.<br>Кері байланыс «Табыс баспалдағы».<br>1 - баспалдақ Мен.....БІЛЕМІН.<br>2 - баспалдақ Мен.....ТҮСІНБЕДІМ.<br>3 - баспалдақ Мен..... ЖАСАЙ АЛАМЫН<br>«Мен ТҮСІНБЕДІМ» бөліміне тоқталып, оқушылармен бірге талқылаулар жасап, жауап беріледі. | Қосымша 5 |

| **Саралау – оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз?** | **Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз?** | **Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы** |
|---|---|---|
| Оқушыларға ресурстың барлық мүмкін түрлері ұсынылғанда олардың өз қабілеттеріне қарай ресурс түрін таңдап алып қолдануы кезінде ресурс түрлері сараланады<br>Оқушылардың сызба, кластер, модель сияқты әртүрлі жолмен өздерінің түсінгенін көрсетуі арқылы тапсырма түрлері сараланады.<br>Сұрақтарға жауап беру кезінде оқушылардың өз деңгейлерінде жауап беру арқылы іс-әрекет сараланады.<br>Кейбір жылдам жұмыс жасайтын оқушыларға қосымша тапсырма орындауды ұсыну саралауды қолдайды.<br>Кейбір оқушыларға ағылшын тіліндегі терминологиямен жұмыс ұсынуға болады | Оқушылардың түрткі және жағдаяттық сұрақтарға жауап берулері кезіндегі өмірмен, өз тәжірибесімен байланысты көрсете алу деңгейлері арқылы<br>Сабақ барысында бағалау критерийлеріне сай тапсырмалардың орындалуы, талқылаулар кезіндегі жауаптары арқылы;<br>Топта, жұпта жұмыс жасай білу дағдылары арқылы;<br>Дескрипторлар арқылы. | Сыныпта қозғалыс барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау.<br>Партада дұрыс отыруына назар аудару. |

V. Сабақтан тыс уақытта толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары

Оқушының бос уақытын тиімді ұйымдастыру, оған дұрыс бағыт беріп отыру-барша қауымның ортақ ісі. Оқушы жан-жақты болып өсу тек қана оның мектепте өткізген уақытымен шектелмейді. Бүгінгі таңда жаңа білімді адамды қалыптастыру барысында мектептің қызметі күннен-күнге ұлғая түсуде. Сондай қызметтерінің бірі- сабақтар мен сыныптан тыс жұмыстар. Аталған пәннің бірнеше негізгі мақсаты бар. Олардың бірі бақылау, ғылыми зерттеуді жоспарлау, деректерді алу және ұсыну, нәтижелерді түсіндіру тәрізді зерттеушілік, ойлау және коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру және дамыту болып табылады. Мысалы, түрлі тақырыптарды зерделеу арқылы, білім

алушы зерттеу жоспарын құрастыруды, жіктеуді, бақылауды, эксперименттер жүргізуді, нәтижелерді сипаттауды және бағалауды, қорытынды және тұжырымдама жасауды үйренеді. Пән үйде, мектепте, табиғатта бақыланған нысандар мен құбылыстарды түсіндіру үшін, алынған білім мен дағдыларды күнделікті өмірде қолдану біліктерін дамытады.

«Жаратылыстану» оқу пәні сабақтан тыс уақытта толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары веб-сайттан ақпаратты іздеу, іріктеп алу, оқу және қойылған мәселені шешуде қолдану үшін; деректерді графикалық түрде ұсыну және оларды сипаттау барысында мәтінмен, кестелермен, слайдтармен жұмыс істеуде базалық офистік бағдарламаларды қолдану үшін интернетте жұмыс істеуді; ақпаратты өңдеу, оны қағаз және электрондық тасымалдағыштарда сақтау үшін ұйымдастыру техникаларын қолдануды қарастырады.

Деректерді жинау және жазу. 6.1.4.1 - Халықаралық бірліктер жүйесінің өлшем бірліктерін пайдалану

Деректерді талдау. 6.1.5.1 - алынған деректерді графикалық түрде көрсету

6.2.2.1 - Жер бетіндегі бақыланатын үдерістер мен құбылыстарды түсіндіру;

6.2.2.2 - Жердің қасиеттерін түсіндіру

6.2.5.1 - географиялық карталар мен шартты белгілерді жіктеу;

6.2.5.2 - шартты белгілерді пайдаланып, географиялық карталарды оқу;

6.2.5.3 - масштабты пайдаланып, арақашықтықты есептеу;

6.2.5.4 - географиялық координаттарды анықтау;

6.2.5.5 - сағаттық белдеулер картасын пайдаланып, уақытты анықтау

6.5.1.1 - энергия көздерін атау;

6.5.1.2 - энергияны шығарумен және оның жұтылуымен байланысты үдерістерді атау және мысалдар келтіру;

## VI. Кіріктіруге болмайтын оқыту мақсаттары қарастырылатын консультациялардың кестесі

Жаңа тақырыптың алдында ұйымдастырылатын консультациялар кестесі

Жаңа тақырыптар өтер алдында жаратылыстану пәні бойынша осы тақырыптарды нақтылай отырып қосымша тапсырмалар берілуі керек.

| Тақырыптың атауы | Оқыту мақсаттары |
|---|---|
| 1.Макро- және микроәлем; | 6.2.1.1 - макро- және микроәлем нысандарының параметрлерін атау |
| 2.Жердегі тіршілік; | 6.2.4.1 - Жердегі тіршіліктің пайда болуы туралы ғылыми болжамдарды салыстыру;<br>6.2.4.2 - адамның Жердегі тіршілік етуінің қазіргі жағдайларын бағалау |
| 3.Әлемді өзгертетін жаңалықтар. | 6.7.1.1 - әлемді өзгерткен жаңалықтардың маңызын талқылау |

| | |
|---|---|
| | 6.7.1.2 - қазақстандық ғалымдардың жаратылыстану ғылымдарын дамытуда қосқан үлестерін талқылау |

3. Заттар және материалдар. 3.1. Заттардың құрылысы мен қасиеттері.

6.3.1.1 - атомдар мен молекулаларды, жай және күрделі заттарды ажырату;

6.3.1.2 - атомның негізгі бөлшектерін және олардың орналасуын сипаттау;

6.3.1.3 - заттардың қасиеттерін (балқу және қайнау температураларын) сипаттау

3.2. Заттардың жіктелуі

6.3.2.1 - заттарды органикалық және бейорганикалық заттарға жіктеу;

6.3.2.2 - тірі және өлі табиғаттағы қышқылдық, сілтілік және бейтарап орталарды ажырату және әмбебап индикатор көмегімен ортаны анықтау;

6.3.2.3 - бейтараптану үдерісін түсіндіру

4. Тірі және өлі табиғаттағы үдерістер. 4.1. Өлі табиғаттағы үдерістер.

6.4.1.1- өлі табиғаттағы болып жатқан үдерістерді модельдеу (тау түзілу, үгілу, заттардың табиғаттағы айналымы);

6.4.1.2 - табиғаттағы заттардың химиялық айналымын түсіндіру

6.4.2.1 - жасуша компоненттерін анықтау

6.4.2.2 - тірі ағзаларға тән үдерістерді түсіндіру;

6.4.2.3 - ағзалардың қоректену типтерін ажырату

6.4.2.4 - толыққанды тамақтану рационын құру;

6.4.2.5 - азық-түлік өнімдердегі органикалық заттардың болуын тестілеу;

6.4.2.6 - ағзалардағы қоректік заттардың тасымалдануын модельдеу;

6.4.2.7 - тыныс алғанда және тыныс шығарғандағы ауа құрамындағы айырмашылықты зерттеу;

6.4.2.8 - ағзадағы бөлініп шығатын өнімдерді атау;

6.4.2.9 - тірі ағзалардағы тітіркендіргіштерге жауап беру реакциясын зерттеу

**Консультация кестесі**

| Өткізілетін мерзімі | Тақырыптың атауы | Оқыту мақсаттары |
|---|---|---|
| Күзгі каникул | 3. Заттар және материалдар. 3.1. Заттардың құрылысы мен қасиеттері. | 6.3.1.1 - атомдар мен молекулаларды, жай және күрделі заттарды ажырату;<br>6.3.1.2 - атомның негізгі бөлшектерін және олардың орналасуын сипаттау;<br>6.3.1.3 - заттардың қасиеттерін (балқу және қайнау температураларын) сипаттау |

| | | |
|---|---|---|
| Күзгі каникул | 3.2. Заттардың жіктелуі | 6.3.2.1 - заттарды органикалық және бейорганикалық заттарға жіктеу;<br>6.3.2.2 - тірі және өлі табиғаттағы қышқылдық, сілтілік және бейтарап орталарды ажырату және әмбебап индикатор көмегімен ортаны анықтау;<br>6.3.2.3 - бейтараптану үдерісін түсіндіру |
| Қысқы каникул | 4. Тірі және өлі табиғаттағы үдерістер.<br>4.1. Өлі табиғаттағы үдерістер. | 6.4.1.1- өлі табиғаттағы болып жатқан үдерістерді модельдеу (тау түзілу, үгілу, заттардың табиғаттағы айналымы);<br>6.4.1.2 - табиғаттағы заттардың химиялық айналымын түсіндіру |
| Көктемгі каникул | 4.2. Тірі табиғаттағы үдерістер | 6.4.2.1 - жасуша компоненттерін анықтау<br>6.4.2.2 - тірі ағзаларға тән үдерістерді түсіндіру;<br>6.4.2.3 - ағзалардың қоректену типтерін ажырату<br>6.4.2.4 - толыққанды тамақтану рационын құру;<br>6.4.2.5 - азық-түлік өнімдердегі органикалық заттардың болуын тестілеу;<br>6.4.2.6 - ағзалардағы қоректік заттардың тасымалдануын модельдеу;<br>6.4.2.7 - тыныс алғанда және тыныс шығарғандағы ауа құрамындағы айырмашылықты зерттеу;<br>6.4.2.8 - ағзадағы бөлініп шығатын өнімдерді атау;<br>6.4.2.9 - тірі ағзалардағы тітіркендіргіштерге жауап беру реакциясын зерттеу |

2.4. Жердегі тіршілік. 6.2.4.1 - Жердегі тіршіліктің пайда болуы туралы ғылыми болжамдарды салыстыру;
6.2.4.2 - адамның Жердегі тіршілік етуінің қазіргі жағдайларын бағалау

VII. Жазғы мектеп кезінде ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгісі

VII.1-үлгі

| | |
|---|---|
| **Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі:**<br>Ғалам. Жер. Адам_5.1С<br>Жер бетін бейнелеу тәсілдері | **Мектеп:** |
| **Күні:** | **Мұғалімнің аты-жөні:** |
| **Сынып: 5** | **Қатысқандар саны:** |
| **Сабақ тақырыбы** | Жергілікті жердің жоспары және шартты белгілер туралы ұғым |
| Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме) | 5.2.5.1 "жоспар" және "шартты белгілер" ұғымдарын түсіндіреді<br>5.2.5.2 шартты белгілерді пайдаланып, жергілікті жер жоспарларын оқи алады |
| **Сабақ мақсаттары** | Оқушылар:<br>• жергілікті жер жоспарларының тағайындалуын, олардың жетекші белгілерін түсіндіре алады;<br>• жергілікті жер жоспарларындағы географиялық нысандардың бейнелену тәсілдерін біледі, орындайды. |
| **Бағалау критерийлері** | «Жоспар» және «шартты белгілер» сұрағына жауап бере алады<br>Жоспар мен картаның айырмашылығын ажырата біледі<br>Шартты белгілердің түрлеріне мысалдар келтіре алады;<br>Шартты белгілерді қолдана отырып, өз аймағының жоспарын сыза алады; |
| **Тілдік мақсаттар** | Оқушылар:<br>• жергілікті жер жоспарларына түсінік бере отырып көрсетуді ауызша жүзеге асыра алады;<br>• топографиялық диктантты жазбаша орындай алады;<br>**Пәндік лексика мен терминология:** жоспар, жергілікті жер, шартты белгі, көкжиек жақтары, масштаб;,көлденеңдер;<br>*Диалог пен жазу үшін пайдалы сөздер мен тіркестер:*<br>Жоспар екі бейнеден мынамен ерекшеленеді:<br>Шартты белгілер дегеніміз - ...<br>Жергілікті жер жоспарында тек келесі нысандар ғана бейнеленген...<br>Жергілікті жер жоспары бойынша арақашықтықты есептеу үшін... |
| **Құндылықтарды дарыту** | Құндылықтарды дарыту: топтық, жұптық жұмыстарды жүргізу барысында оқушылар бір - біріне құрмет көрсету, бір –бірінен үйрену арқылы жүзеге асырылады. |
| **Пәнаралық байланыстар** | Математика, геометрия, бейнелеу сабақтарымен байланыстыруға болады |
| **АКТ қолдану дағдылары** | АКТ дағдыларын дамыту өздеріне қажетті ақпараттарды іздеп табуда ғаламторды қолдануда және карталар мен презентация қолдану барысында жүзеге асады. |
| **Бастапқы білім** | бастауыш сыныптағы «Дүниетану» ғылымынан алған білім, зерттеу түрлері тақырыбынан алған білімдер. |

| **Сабақ барысы** | | |
|---|---|---|
| **кезеңдер** | **Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |

| | | |
|---|---|---|
| *Сабақтың басы*<br>*0-3 мин* | ❖ сәлемдесу<br>❖ түгелдеу<br>❖ ынтымақтастық атмосферасын құру | |
| *4-6*<br><br><br><

| | | |
|---|---|---|
| *31-35*<br>*36-38* | Видео көрсетіледі.<br>**(Т)** Оқушылар шартты белгілерді жіктейді: аудандық, масштабтан тыс, сызықтық, түсіндірме және т.с.с. Шынайы нысандардың фотосуреттерін олардың шартты белгілемесімен салыстырады.<br>**(С)** Оқушылардың білімін бекіту үшін мұғаліммен ұсынылған әңгімеге сәйкес бірнеше шартты белгілерді сурет түрінде көрсетеді.<br>Оқушылар суреттерді орындаған соң, мұғалім әңгімені оқиды және георграфиялық нысанды атаған кезде оқушылар тиісті шартты белгіні көтереді.<br>**(Т)** Оқушылар топта оларға бейтаныс жергілікті жер жоспарларын зерттейді және аумақтың жазбаша сипаттамаларын құрастырады. Топтар тапсырманы орындаған соң, өзінің жазбаша конспектілеріне сүйеніп, жоспарда бейнеленген жергілікті жерді ауызша сипаттайды.<br>**(М)** Мұғалім шартты белгілердің бейнелерін және шынайы географиялық нысандардың фотосуреттерін ұсынады.<br>Мысалға келтірілетін мәтін "Таң атқанда біз ормандағы алаңда едік. Ақшатырдан атып шыққан барлық бала жуыну үшін көлге ұмтылды. Көл жағасы батпақты еді, ал төмпешіктерде қорқынышты бақалар отырды.<br>Таңғы астан соң, біз орман соқпағымен қара жолға шығып, оның бойымен орманшының үйшігіне жеттік. Бұл жерден әрең көрінген сүрлеумен жүріп, ақыры бұлақ басына шығып, сонда түскі ас ішуге аялдадық. Отты жырақшада тұтатып, өзіміз көгалда жайғастық.<br>Түстен кейін біздің сапарымыз келесідей болды: ағаш көпірден өтіп біз жағалаудың екінші жағына шықтық та, қара жолмен солтүстік шығысқа бет алдық, Оң жағымызда жазықтар, ал сол жағымызда-бұталар мен сирек тоғай созылды.<br>Ақыры тас жолға шықтық. Түн жамыла бастағанда біз темір жол бекетіне жеттік".<br>Тапсырманы орындау алдында оқушыларға жекелеген терминдердің және ұғымдардың мағынасын түсіндіру қажет, мысалы "ормақ соқпағы<br>Жергілікті жер сипаттамасын дайындау кезінде әрбір топқа белгісіз жергілікті жердің жоспарын, тапсырманы орындау үшін жеткілікті уақытты, сондай-ақ шартты белгілер бейнелерін пайдалануға рұқсат беру керек.<br>Мұғалім оқушыларға жергілікті жер жоспары бойынша бағдарлау тәсілдерін түсіндіретін | |

<table>
<tr><td></td><td>мәтіндік, графикалық немесе бейне материалдарын ұсынады.</td><td></td></tr>
<tr><td>Сабақтың соңы<br>38-40</td><td>Сабақты бекіту:<br>INSERT кестесін немесе түртіп алу кестесін беруге болады. Яғни оқушы келесі кестені толтырып, сабақты қалай түсінгенін жазады
<table>
<tr><td>Менің білетінім</td><td>Мен үшін жаңалық</td><td>Мені таң қалдырд</td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>
Үй жұмысы:<br>1. «Жазғы демалыс» тақырыбында шартты белгілерді қолдана отырып географиялық диктант жазып келу</td><td></td></tr>
<tr><td>Саралау – оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз?</td><td>Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз?</td><td>Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы</td></tr>
<tr><td>Қабілеті жоғары оқушыларға. Қосымша тапсырмалар беруге болады.</td><td>Бағалау критерийлері арқылы бағалау;<br>Өзін-өзі бағалау;<br>Өзара топтық бағалау</td><td>Техникалық қауіпсіздік ережелерін ғаламтормен жұмыс жасағанда тоқ көзін дұрыс қолдануда сақ болу.</td></tr>
<tr><td>Сабақ бойынша рефлексия<br>Сабақ мақсаттары/оқу мақсаттары дұрыс қойылған ба?<br>Оқушылардың барлығы ОМ қол жеткізді ме?<br>Жеткізбесе, неліктен?<br>Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме?<br>Сабақтың уақыттық кезеңдері сақталды ма?<br>Сабақ жоспарынан қандай ауытқулар болды, неліктен?</td><td colspan="2">Бұл бөлімді сабақ туралы өз пікіріңізді білдіру үшін пайдаланыңыз. Өз сабағыңыз туралы сол жақ бағанда берілген сұрақтарға жауап беріңіз.<br>Сабақ мақсаты дұрыс қойылып өз деңгейінде ашылды. Оқушылардың барлығы макроәлем және микроәлем туралы толық ақпарат ала отырып оқу мақсатына қол жеткізді. Сабақ барысында уақыт жағынан ешқандай ауытқулар болған жоқ. Сабақ барысы уақыт бойынша жүріп отырды. Сабақ жоспарында ешқандай ауытқулар орын алған жоқ. Сабақта сәтті шыққан бөлігі оқушылардың бір-бірін бағалауы. Бұл кезеңде бағалаушы оқушының өзіне деген сенімділігі артып, бағалауға деген көзқарасы өзгерді. Алдағы уақыттада оқушыларды бір-бірін бағалатуға көп көңіл бөлуге тырысамын деген ойдамын.<br>Сабақтың барысында көңіл аударатын нәрсе: оқушылардың алған білімдерін өмірде пайдалана алмауы, сондықтан алдағы сабақтарда қолдану дағдысын дамытуға арналған тапсырмаларды көбірек пайдаланамын.</td></tr>
</table>

VII.2-үлгі

| | | |
|---|---|---|
| **Бөлім: 6.3 Энергия және қозғалыс** | Мектеп: | |
| **Күні:** | Мұғалімнің аты-жөні: | |
| **Сынып: 6** | Қатысқандар саны:<br>Қатыспағандар саны: | |

| | |
|---|---|
| **Сабақ тақырыбы** | Тірі ағзалар үшін қысымның әсері. Атмосфералық және артериялық қысымды өлшеу |
| **Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)** | 6.5.2.5 тірі ағзалар үшін қысымның әсеріне мысалдар келтіру<br>6.5.2.6 тиісті құралдарды қолдана отырып, атмосфералық және артериялық қысымды өлшеу және қорытынды жасау |
| **Сабақ мақсаттары** | оқушылар:<br>-Тірі ағзалардың қысымының маңыздылығын түсіндіреді;<br>-тірі ағзалар үшін қысымның мәніне мысалдар келтіреді;<br>-атмосфералық және қан қысымын өлшейтін құрылғылармен танысады;<br>-атмосфералық және қан қысымын өлшеуді орындау үшін құралдарды (барометр және тонометр) пайдаланады.<br>-алынған мәліметтер негізінде қорытынды жасай отырып, деректерді графикалық түрінде түсіндіре алады. |
| **Бағалау критерийлері** | оқушылар:<br>-Тірі ағзалардың қысымының маңыздылығын түсіндіреді;<br>-тірі ағзалар үшін қысымның мәніне мысалдар келтіреді;<br>-атмосфералық және қан қысымын өлшейтін құрылғыларды атай алады;<br>-атмосфералық және қан қысымын өлшейтін құралдарды пайдаланып қысымды өлшей алады және кесте түріндегі деректерді жинайды;<br>-алынған мәліметтер негізінде қорытынды жасайды. |
| **Тілдік мақсаттар** | Оқушылар:<br>- Атмосфералық қысым түсінігіне анықтама бере алады;<br>-Тірі ағзалар үшін қысымның әсерін ауызша және жазбаша сипаттайды;<br>-Тірі ағзалар үшін қысымның маңыздылығын ауызша және жазбаша сипаттай алады;<br>-атмосфералық және қан қысымын өлшейтін құрылғыларды ауызша атай алады және қызметін түсіндіреді;<br>-алынған мәліметтер негізінде қорытындыны ауызша және жазбаша түсіндіре алады.<br>***Пәнге тән лексика мен терминология:***<br>Қысым, атмосфералық қысым, артериялық қысым, барометр, манометр, тонометр, гипертония, гипотензия.<br>***Айтылымға қажетті сөздер мен сөз тіркестер:***<br>• Атмосфералық қысым ....., оның өлшеу құрылғысы арқылы жүзеге асырылады .....<br>• атмосфералық қысым - бұл индикатор.<br>• Қан қысымы ....., сіз оны өлшей аласыз .....<br>-төмен қан қысымымен байланысты ... .., артериялық қысымның жоғарылауымен байланысты .....<br>***Глоссарий*** |

| | |
|---|---|
| | <table><tr><th>Қазақша</th><th>На русском</th><th>In English</th></tr><tr><td>Қысым</td><td>Давление</td><td>Pressure</td></tr><tr><td>Атмосералық қысым</td><td>Атмосферное давление</td><td>Atmospheric pressure</td></tr><tr><td>Артериялық қысым</td><td>Артериальное давление</td><td>Arterial pressure</td></tr><tr><td>Барометр</td><td>Барометр</td><td>Barometer</td></tr><tr><td>Манометр</td><td>Манометр</td><td>Manometer</td></tr><tr><td>Тонометр</td><td>Тонометр</td><td>Tonometer</td></tr><tr><td>Гипертония</td><td>Гипертония</td><td>Hypertension</td></tr><tr><td>Гипотензия</td><td>Гипотензия</td><td>Hypotension</td></tr></table> |
| **Құндылықтарды дарыту** | *Сыйластық*: оқушылар сабақ барысында өзіне және өзгелерге кедергі келтірмейді, өзгенің ойын соңына дейін тыңдайды. Мұғалім іркімнің пікірін тыңдап, өз ойын білдіреді.<br>*Академиялық шыншылдық*: өзара бағалау мен өзіндік бағалауда шыншылдық таныту.<br>*Өмір бойы оқу*: оқушы деңгейіне сәйкес өз бетімен тапсырмаларды орындау үшін тапсырманы орындау стратегиясын жоспарлайды. Орындаған тапсырмаға өзіндік рефлексия жасайды.<br>*Ынтымақтастық*: әркімнің ойы құнды қағидасын ұстану; өзара оқыту ортасын құру.<br>*Патриоттық және азаматтық позиция* жүйке жүйесінің денсаулық туралы аспектірлерін қозғап, қазіргі таңдағы жүйке жүйесінің аурулары туралы ой қозғау. Адамзат денсаулығын сақтау мәселесі. |
| **Пәнаралық байланыстар** | Сабақ тақырыбы тірі ағза қысымы болғандықтан, тақырып биология және анатомия курсымен байланысты оқытылады.<br>-Қысым ұғымы физика курсымен байланысты оқытылады.<br>- география (Жердің әртүрлі биіктігіндегі атмосфералық қысым) және медицинамен (қысым аурулары) байланысты қарастырылады. |
| **АКТ қолдану дағдылары** | Топтарға бөлу үшін http://www.classtools.net/education-games-php/diamond9 ресурсын қолдану<br>Ғаламтордан қажетті ақпараттарды тауып, пайдалана білу.<br>Ғаламторға қосылған ноутбуктар арқылы «Bilimland.kz» сайтының ресурстарын тиімді пайдалану. |
| **Бастапқы білім** | 5 сынып, Жаратылыстану<br>5.5.2.1 тірі және өлі табиғатта қозғалыстың маңыздылығына мысалдар келтіру және түсіндіру<br>5.5.2.2 әртүрлі жануарлардың қаңқа түрлерінің ерекшеліктерін зерттеу<br>5.5.2.3 денелер қозғалысының себебін анықтау |
| **ЖОСПАР** | |


| **Сабақтың жоспарланған кезеңдері** | **Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Сабақтың басы<br><br>0-5 мин | **1. Миға шабуыл**<br>Оқушыларға ойлану үшін сұрақ қойылады:<br>Ауасыз өмір сүре аламыз ба?<br>Осы сұрақ арқылы оқушыларды сабаққа бейімдеу және ауаның, ауа қысымының маңыздылығы туралы пікір қалыптастыру, сонымен қатар **сабақ мақсатын айқындау.** | Презентация<br><br>глоссарий |
| Сабақтың ортасы<br>6-13 мин<br><br><br><


Қан қысым - бұл қан тамырларының қабырғаларына қан қысым жасайтын қысым. атмосферадағы қанайналым жүйесіндегі артық сұйықтықтың қысымы.

Артериялық қысым - қанның қысымы, артерия қабырғаларында жүректің қысылу ырғағы.



Тонометр – қан қысымын өлшеуге арналған құрылғы.




26-35 мин

**5. Эксперименттік тапсырма**. Атмосфералық және артериялық қан қысымын өлшеу.

Оқушылар жұппен жұмыс жасайды.

Қан қысымын тонометр арқылы, атмосфералық қысымды барометр көмегімен өлшейді және қорытынды жасайды.

**Қалыптастырушы бағалау:**

-мұғалім бақылауы және комментарийі;

-жұптардың бағалауы;

-мұғалімнің кері байланысы.

| **Дескрипторлар**<br><br>Оқушылар: |
|---|
| -атмосфералық қысымды өлшей алады;<br><br>-қан қысымын өлшей алады; |

Қосымша 1
Қосымша 2

36-38 мин

Презентация
Сабақ мақсаттары

| | | |
|---|---|---|
| | -кесте түріндегі деректерді жинайды;<br>-алынған мәліметтер негізінде қорытынды жасай алады.<br>**6. Диалогтың әңгіме-Сабақ қорытындысы**<br>Мұғалім оқушылармен бірге диалогтың әңгіме арқылы сабақты қорытындылайды.<br>✓ Ауа райының қандай да өзгерісі болмасын, адамда бейімделушілік пайда болады.<br>✓ Егер, мысалы ауа температурасы төмен түсетін болса, онда жылу берілу қысқарады.<br>✓ Атмосфералық қысымның төмендеуімен артериялардағы қысым төмендейді. Атмосфералық қысым күшейе түссе, артериядағы қысымда жоғары көтеріледі. Сондықтан атмосфералық қысымның жоғарылауы ашық ауа-райында, көптеген адамдарда бас ауыруын тудырады. | |
| Сабақтың соңы 39-40 мин | **7. Кері байланыс «Жетістік баспалдағы»**<br><br><br>Оқушылар бүгінгі сабақтағы көңіл күйін «жетістік баспалдағына» белгілейді. | Жетістік баспалдағы |

| **Саралау – оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз?** | **Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз?** | **Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы** |
|---|---|---|
| **Барлық оқушылар**<br>Атмосфералық қысым түсінігіне анықтама бере алады; -атмосфералық және қан қысымын өлшейтін құралдарды пайдаланып қысымды өлшей алады және кесте түріндегі деректерді жинайды;<br>**Оқушылардың көпшілігі**<br>Тірі ағзалар үшін қысымның әсерін сипаттайды;<br>-алынған мәліметтер | Сабақ барысындағы мұғалімнің қолпаштау сөздері; «жарайсың», «тамаша», «осылай жалғастыр» тб<br>Өздік жұмысты-өзіндік бағалау<br>Өз-ара бағалау<br>Оқушылар атмосфералық қысым әсерін сипаттау барысында сыни ойлау дағдыларын қолдану арқылы қалыптастырушы бағалау тапсырмасын орындайды.<br>Оқушылар атмосфералық қысым мен артериялық қысымды өлшеу барысында сыни ойлау дағдыларын қолдану арқылы қалыптастырушы бағалау тапсырмасын орындайды | Денсаулық сақтау технологиялары.<br>Сабақ барысындағы қауіпсіздік техникасының ережелерін еске сақтау<br>Ноутбуктармен жұмыс барысында қауіпсіздік техникасының ережелерін еске сақтау |

| | | |
|---|---|---|
| негізінде қорытынды жасайды.<br>**Кейбір оқушылар**<br>Тірі ағзалар үшін қысымның маңыздылығын сипаттай алады; Атмосфералық және артериялық қысымды өлшейтін құралдардың құрылысы мен жұмыс принципін түсіндіре алады; | | |
| **Сабақ бойынша рефлексия**<br>Сабақ мақсаттары/оқу мақсаттары дұрыс қойылған ба?<br>Оқушылардың барлығы ОМ қол жеткізді ме?<br>Жеткізбесе, неліктен?<br>Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме?<br>Сабақтың уақыттық кезеңдері сақталды ма?<br>Сабақ жоспарынан қандай ауытқулар болды, неліктен? | | |
| **Жалпы баға**<br>Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?<br><br>Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?<br><br>Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік/қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет? | | |

## 51. «Физика» оқу пәні, 8-сынып

I. Өткен оқу жылында өтілген оқу бағдарламасының мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттары

7.2.1.1 келесі терминдердің физикалық мағынасын түсіндіру - материялық нүкте, санақ жүйесі, қозғалыстың салыстырмалылығы, траектория, жол, орын ауыстыру;

7.2.1.2 механикалық қозғалыстың салыстырмалылығына мысалдар келтіру;

7.2.1.3 түзу сызықты бірқалыпты қозғалыс пен бірқалыпсыз қозғалысты ажырата білу;

7.2.1.4 қозғалыстағы дененің жылдамдығы мен орташа жылдамдығын есептеу;

7.2.1.5 s -тің t-ға тәуелділік графигін тұрғызуда координаталар осьтерінде және кестелерде өлшем бірліктерін дұрыс белгілеу;

7.2.1.6 дененің орын ауыстыруының уақытқа тәуелділік графигінен келесі жағдайларды анықтау:

(1) дененің тыныштық күйін,

(2) тұрақты жылдамдықпен қозғалысын;

7.2.1.7 бірқалыпты қозғалған дененің орын ауыстыруының уақытқа тәуелділік графигінен жылдамдығын анықтау;

7.2.2.12 әртүрлі пішіндегі қатты дененің немесе сұйықтың көлемін өлшеу үшін өлшеуіш цилиндрді (мензурка) қолдану;

7.2.2.13 тығыздықтың физикалық мағынасын түсіндіру;

7.2.2.14 сұйықтар мен қатты денелердің тығыздығын тәжірибе арқылы анықтау;

7.2.2.15 тығыздықтың формуласын есептер шығаруда қолдану;

7.2.2.1 инерция құбылысын түсіндіру және мысалдар келтіру;

7.2.2.2 күнделікті өмірден күштердің әрекет етуіне мысалдар келтіру;

7.2.2.10 масса, салмақ және ауырлық күші ұғымдарын ажырату;

7.2.2.4 серпімділік күшінің серіппенің ұзаруына тәуелділік графигінен қатаңдық коэффициентін анықтау;

7.2.2.3 пластикалық және серпімді деформацияларды ажырату, мысалдар келтіру;

7.2.2.5 Гук заңының формуласы бойынша серпімділік күшін есептеу;

7.2.2.6 тыныштық, домалау және сырғанау үйкелістерін сипаттау;

7.2.2.7 үйкеліс күшінің пайдасы мен зиянына мысалдар келтіру;

7.2.2.8 күштерді берілген масштабта графикалық түрде көрсету;

7.2.2.9 денеге әсер ететін және бір түзудің бойымен бағытталған күштердің тең әрекетті күшінің модулі мен бағытын анықтау;

7.3.1.1 заттардың молекулалық құрылысы негізінде, газдардың сұйықтар мен қатты денелердің құрылымын сипаттау;

7.3.1.2 қысымның физикалық мағынасын түсіндіру және өзгерту әдістерін сипаттау;

7.3.1.3 есептер шығаруда қатты дененің қысымының формуласын қолдану;

7.3.1.4 газ қысымын молекулалық құрылым негізінде түсіндіру;

7.3.1.5 сұйықтардағы гидростатикалық қысымның формуласын шығару және оны есептер шығаруда қолдану;

7.3.1.6 қатынас ыдыстарды қолдануға мысалдар келтіру;

7.3.1.8 гидравликалық машиналарды қолдану кезіндегі күштен ұтысты есептеу;

7.3.1.9 атмосфералық қысымның табиғатын түсіндіру және оны өлшеудің әдістерін ұсыну;

7.3.1.11 кері итеруші күшті анықтау және оның сұйыққа батырылған дененің көлеміне тәуелділігін зерттеу;

7.3.1.12 сұйықтар мен газдардағы кері итеруші күштің табиғатын түсіндіру;

7.3.1.13 есептер шығаруда Архимед заңын қолдану;

7.3.1.14 дененің сұйықта жүзу шарттарын зерттеу;

7.2.3.1 механикалық жұмыс ұғымының физикалық мағынасын түсіндіру;

7.2.3.7 қуат ұғымының физикалық мағынасын түсіндіру;

7.2.3.8 механикалық жұмыс пен қуаттың формулаларын есептер шығаруда қолдану;

7.2.3.2 механикалық энергияның екі түрін ажырату;

7.2.3.3 кинетикалық энергия формуласын есептер шығаруда қолдану;

7.2.3.4 жоғары көтерілген дене үшін потенциалдық энергияның және серпімді дененің формуласын қолдану;

7.2.3.5 энергияның түрленуіне мысалдар келтіру;

7.2.3.6 механикалық энергияның сақталу заңын есептер шығаруда қолдану;

7.2.4.1 «Механиканың алтын ережесін» тұжырымдау және қарапайым механизмдердің қолданылуына мысалдар келтіру;

7.2.4.2 күш моменті ұғымының физикалық мағынасын түсіндіру;

7.2.4.3 жазық фигураның массалық центрін тәжірибеде анықтау;

7.2.4.5 тәжірибеде иіндіктің тепе-теңдік шарттарын анықтау;

7.2.4.4 тепе-теңдікте тұрған денелер үшін күш моменттер ережесін тұжырымдау және есептер шығаруда қолдану;

7.2.4.6 көлбеу жазықтықтың пайдалы әрекет коэффициентін тәжірибеде анықтау;

7.7.1.1 геоцентрлік және гелиоцентрлік жүйелерді салыстыру;

7.7.1.2 Күн жүйесінің нысандарын жүйелеу;

7.7.1.3 жыл мезгілдерінің ендіктерге байланысты ауысуы және күн мен түннің ұзақтығын түсіндіру.

II. Іріктеп алынған оқыту мақсаттары бойынша диагностикалық жұмыстың үлгісі

1-нұсқа

1. Джоульмен өлшенетін физикалық шама
A. Уақыт
B. Тығыздық
C. Қысым
D. Қуат
E. Энергия

2.СИ (ХБЖ) жүйесіндегі жылдамдық бірлігі
A.см/с
B.м/с
C.м/мин
D.км/сағ
E.км/с

3. Архимед заңының тұжырымдамасы
A. Газдың ыдыс қабырғаларына түсіретін қысымы газ молекулаларының соқтығысуынан пайда болады
B.Жабық ыдыстағы газдың температурасы неғұрлым жоғары болса, оның қысымы соғұрлым көп болады
C.Сұйыққа немесе газға түсірілген қысым оның әрбір нүктесіне өзгеріссіз беріледі
D.Сұйыққа толық батырылған денені кері итеруші күш, көлемі сол дененің көлеміндей сұйықтың салмағына тең
E.Сұйықтың ыдыс түбіне түсіретін қысымы сұйық бағанының биіктігіне және тығыздығына тура пропорционал


4. Көлемін сақтап, пішінін онай өзгертетін заттың күйі
A. тек газ
B. тек сұйық.
C. тек қатты дене.
D. сұйық пен газ.
E. қатты дене мен газ.

5. Жылжымалы блок күштен
A. 2 есе ұтыс береді
B. 3 есе ұтыс береді
C. 4 есе ұтыс береді
D. Ұтыс бермейді
E. 1,5 есе ұтыс береді

6. 5кН-да неше Н
A. 50 Н
B. 0,5Н
C. 500Н
D. 5000Н

E. 50000Н

7. Білеуше оңға қарай жылжығандағы сырғанау үйкеліс күшінің бағыты:




A) жоғары қарай
B) солға
C) оңға
D) төмен қарай
E) ешқайда емес

8. Диффузия құбылысы:
A. Әр түрлі заттың молекулаларының бір -біріне өтуі
B. Молекулалардың белгілі бір ретпен орналасуы
C. Қатты денедегі бөлшектердің ретсіз қозғалысы.
D. Молекулалардың  баяу қозғалысы.
E. Молекулалардың ретсіз қозғалысы.

9. Механикалық энергияның сақталу заңына сәйкес келетін өрнек
A.$W_к=W_p$
B.$W_к+W_p=0$
C.$W_к+W_p=const$
D.$W_к+W_p=A$
E.$W_к=-W_p$

10.Ауырлық күші
A. $F=mg$
B. $F=\gamma\, m_1m_2/R^2$
C. $F= -k\,\Delta x$
D. $F= \mu N.$
E. $F=ma$

11.Пайдалы әсер коэффициенті
A.$\eta=A_Т/(A_П\cdot 100).$
B.$\eta=A_Т/A_П.$
C.$\eta=A_П\cdot A_Т.$
D.$\eta=A_П\cdot 100/A_Т.$

E. $\eta=A_П/A_Т$.

12. Салмағы 14000 Н станоктың тіреу ауданы 2 $м^2$. Станоктың фундаментке түсіретін қысымы

A. 2800 Па
B. 28000 Па
C. 7000 Па
D. 700 Па
E. 280 Па

13. Гук заңы

A. $F=\gamma\, m_1m_2/R^2$
B. F=ma
C. $F= \mu N.$
D. $F= k\, \Delta x$
E. $F= mg$

14. 36 км/сағ жылдамдықпен қозғалған массасы 1000 кг дененің кинетикалық энергиясы

A. $5\cdot10^3$ Дж
B. $5\cdot10^4$ Дж
C. $5\cdot10^6$ Дж
D. $5\cdot10^{-2}$ Дж
E. $5\cdot10^{-3}$ Дж

15. 80 км жолды 160 км/сағ жылдамдықпен жүріп өткен дененің қозғалыс уақыты

A. 200 с
B. 1800 с
C. 2000 с
D. 3000 с
E. 1500 с

16. 80 Дж энергия әсерінен, қатаңдығы 40 Н/м болатын серіппенің созылуы

A. 2 м
B. 2 см
C. 0,02 м
D. 20 м
E. 0,2 м

17. Суға батырылған денеге 2500 Н Архимед күші әсер етеді. Осы дененің көлемі

($\rho_{су}$ = 1000 кг/$м^3$; g = 10 Н/кг).

A.0,25 м$^3$
B.2,5 м$^3$
C.0,1 м$^3$
D.1 м$^3$
E.0,025 м$^3$

18. Паскаль заңының тұжырымдамасы:

A. Сұйыққа не газға түсірілген қысым оның әрбір нүктесіне өзгеріссіз бер іледі.


B. Сұйық ішіндегі қысым белгілі деңгейде барлық бағытта бірдей болады.

C. Сұйықтың, газдың ыдыс ішіне түсіретін қысымы тығыздығына және ба ған биіктігіне тура пропорционал болады.

D. Сұйыққа батырылған денеге кері итеруші күш әсер етеді.

E. Сұйыққа не газға түсірілген қысым өзгермейді.

19. $S(t)$ графигінде жылдамдығы үлкен дене




A. 1
B. 2.
C. 3.
D. Үшеуінің жылдамдығы бірдей.
E. 2 және 3.

20. Рычагқа әсер етуші күш 4 Н. Күш иіні 0,4 м болса, күш моменті
A. 1,6 Н·м
B. 1Н·м
C. 10 Н·м
D. 0,16 Н·м
E. 4,4 Н·м

*2-нұсқа*

1. Табиғатты зерттеудің ғылыми әдістері.
A. Болжам жасау және қорыту
B. Бақылау, эксперимент, теория
C. теориялық заңдар шығару
D. теория, заң.
E. бақылау, теориялық зерттеу

2. Қалыпты атмосфералық қысым дегеніміз
A. Бөлме температурасындағы 750 мм сынап бағанының қысымы
B. 20°C температурадағы биіктігі 730 мм сынап бағанының қысымы
C. 0°C температурадағы биіктігі 760 мм сынап бағанының қысымы
D. 10°C температурадағы биіктігі 720 мм сынап бағанының қысымы
E. 30°C температурадағы биіктігі 740 мм сынап бағанының қысымы

3. Жылжымайтын блок күштен
A. 2 есе ұтыс береді
B. 3 есе ұтыс береді
C. 4 есе ұтыс береді
D. Ұтыс бермейді
E. 1,5 есе ұтыс береді

4. Дененің потенциалдық энергиясы
A. Дененің ішкі энергиясы
B. Дененің басқа денелермен әсерлесу энергиясы
C. Дене массасының жартысы мен жылдамдығының көбейтіндісі
D. Дененің қозғалыс энергиясы
E. Дененің тыныштық энергиясы

5. Пайдалы әсер коэффициенті үшін:
A. $\eta>1$
B. $\eta<1$
C. $\eta=0$.
D. $\eta\leq1$
E. $\eta=1$.

6. Жай механизмдер:
A. Қозғалтқыштың қозғалу бағытын өзгертуге септігін тигізетін құралдар
B. Күшті түрлендіріп, қозғалыс бағытын өзгерту үшін қолданылатын құралдар
C. Күшті түрлендірмейтін құралдар
D. Күшті азайтатын ќұралдар
E. Қозғалыс бағытын өзгерте алмайтын құралдар

7. Гитара ойнағанда, оның шектерінде байқалатын деформация
A. Аққыштық деформация
B. Периодтық деформация
C. Пластикалық деформация
D. Серпінді деформация
E. Гармониялық деформация

8. 0,5 сағат уақытта 250 км ара қашықтықты ұшып өткен ұшақтың жылдамдығы

A. 138,9 м/с
B. 13,89 м/с
C. 138,9 км/сағ
D. 13,89 км/сағ
E. 1,389 м/с

9. Тарту күші 80 кН және жылдамдығы 36 км/сағ электровоздың қуаты:
A. 8000 Вт
B. 2880 Вт
C. 80 кВт
D. 2880 кВт
E. 800 кВт


10. Үйкеліс күші
A. F=ma
B. $F=\gamma m_1m_2/R^2$
C. $F= -k \Delta x$
D. $F= \mu N.$
E. F=mg

11. Ауырлық күші
A. F=mg
B. $F=\gamma m_1m_2/R^2$
C. $F= -k \Delta x$
D. $F= \mu N.$
E. F=ma

12. Қысым
A. F=mg
B. $F=\gamma m_1m_2/R^2$
C. $F= -k \Delta x$
D. $F= \mu N.$
E. p=F/S

13. Қатаңдық коэффициенті 100 Н/м серіппені 0,01 м-ге созатын күш
A. 100 Н.
B. 50 Н.
C. 1 Н.
D. 5 Н.
E. 10 Н.

14. График бойынша t = 3 с уақыттағы велосипедшінің жылдамдығы




A. 4 м/с.
B. 2,5 м/с.
C. 10 м/с.
D. 40 м/с.
E. 5 м/с.

15. Массасы 2 кг дененің кинетикалық энергиясы 400 Дж болса, оның жылдамдығы
A. 30 м/с
B. 20 м/с
C. 40 м/с
D. 10 м/с
E. 50 м/с

16. 10 Н күштің әсерінен серіппе 0,1 м-ге ұзарды. Серіппенің қатаңдығы
A. 10 Н/м
B. 0,01 Н/м
C. 0,1 Н/м
D. 1 Н/м
E. 100 Н/м

17. 2 Па қысым
A. 133 мм.сын.бағ
B. 399 мм. сын. бағ
C. 266 мм. сын. бағ
D. 75 мм. сын бағ.
E. 138 мм. сын.бағ

18.Массасы 10 кг, жылдамдығы 36 км/сағ дененің кинетикалық энергиясы
A. 500 Дж
B. 5000 Дж

C. 500 МДж
D. 5 МДж
E. 50 кДж

19. Судың 0,06 м тереңдіктегі қысымы қандай болады? Судың тығыздығы 1000 кг/м$^3$,
g = 10 н/кг;
A. 58,8 Па
B. 588 Па
C. 5880 Па
D. 58,8 кПа
E. 588 кПа

20. Рычагтың қысқа иініне 300 Н, ал ұзын иініне 20 Н күш әсер етеді. Қысқа иінінің ұзындығы 5 см болса, ұзын иінінің ұзындығы
A. 65 см
B. 55 см
C. 35 см
D. 75 см
E. 45 см

*3-нұсқа*


1. Физикалық шамалардың белгіленуі мен ХБЖ-дегі өлшем бірліктер арасындағы сәйкестікті анықтаңыз:

| | |
|---|---|
| Жол | км/сағ |
| Уақыт | с |
| Жылдамдық | сағ |
| Масса | г |
| | м/с |
| | кг |
| | м |
| | км |

2. Бірқалыпты және бірқалыпсыз қозғалыстағы денелерді анықтап, кестеге (+) белгісімен белгілеңіз.

| Мысалдар | Бірқалыпты қозғалыс | Бірқалыпсыз қозғалыс |
|---|---|---|
| Ұшақ 720 км/сағ жылдамдықпен ұшып келеді | | |
| Бағдаршам алдында мотоцикл тежеледі | | |

3. Суретте әр түрлі заттардан жасалған көлемдері бірдей үш дене көрсетілген. Олардың тығыздықтары $\rho_{\text{бетон}} = 2200\frac{\text{кг}}{\text{м}^3}$, $\rho_{\text{гранит}} = 2600\frac{\text{кг}}{\text{м}^3}$, $\rho_{\text{кварц}} = 2650\frac{\text{кг}}{\text{м}^3}$. Ең кіші массаға ие денені табыңыз.




_____

_____

_____

_____

4. Суретте серіппенің қатаңдығын анықтау схемасы көрсетілген.

a) Серіппенің ұзаруын анықтаңыз.

_____


_____

b) Жүк салмағын анықтаңыз.

_____


_____

c) Серіппенің қатаңдығын есептеңіз.




| | |
|---|---|
| _____ _____ | |
| | |

5. Үстел бетінде суретте көрсетілгендей бір кірпіш әр түрлі тәсілдермен орналастырылған. Қай жағдайда кірпіш үстел бетіне ең аз қысым түсіреді? Себебін түсіндіріңіз




_____
_____ [2]

6. Суретте адамның арбаны тартып бірқалыпты қозғалтуы көрсетілген.



1) Адамның жасаған жұмысын анықтау үшін қандай екі физикалық шаманы білу керек?

_____
_____

2) Механикалық жұмысты анықтайтын формуланы жазыңыз.

7. Келесі жағдайлардың қайсысында дене кинетикалық энергияға, ал қай жағдайда потенциалдық энергияға ие болады:

| Мысалдар | Механикалық энергияның түрлері |
|---|---|
| Оқтың мылтықтан ұшып шығуы | |
| Кірпішті бірқалыпты қандайда бір биіктікке көтеру | |

III. Сабақ барысында толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары

| 7 сынып | 8 сынып |
|---|---|
| 7.3.1.1 заттардың молекулалық құрылысы негізінде, газдардың сұйықтар мен қатты денелердің құрылымын сипаттау | 8.3.1.1 молекула-кинетикалық теорияның негізгі қағидаларын дәлелдейтін мысалдар келтіру және тәжірибені сипаттау |
| 7.3.1.4 газ қысымын молекулалық құрылым негізінде түсіндіру; | |
| 7.3.1.9 атмосфералық қысымның табиғатын түсіндіру және оны өлшеудің әдістерін ұсыну | 8.3.1.3 Температураны өлшеуді жылулық ұлғаю негізінде сипаттау; |
| 7.2.3.1 механикалық жұмыс ұғымының физикалық мағынасын түсіндіру; | 8.3.2.1 дененің ішкі энергиясын өзгерту тәсілдерін сипаттау; |
| 7.2.2.15 тығыздықтың формуласын есептер шығаруда қолдану | 8.3.2.5 жылу алмасу процесі кезінде алған немесе берген жылу мөлшерін анықтау; |
| 7.2.2.13 тығыздықтың физикалық мағынасын түсіндіру; | 8.3.2.6 заттың меншікті жылу сыйымдылығының мағынасын түсіндіру |
| 7.2.3.5 энергияның түрленуіне | 8.3.2.8 жылу құбылыстарындағы энергияның сақталу және айналу |

| | |
|---|---|
| мысалдар келтіру; | заңын зерттеу; |
| 7.2.3.6 механикалық энергияның сақталу заңын есептер шығаруда қолдану | 8.3.2.9 жылулық тепе-теңдік теңдеуін есептер шығаруда қолдану |
| 7.3.1.4 газ қысымын молекулалық құрылым негізінде түсіндіру; | 8.3.1.5 молекула-кинетикалық теория негізінде заттың сұйық күйден газ күйіне және кері айналуын сипаттау; |
| 7.3.1.2 қысымның физикалық мағынасын түсіндіру және өзгерту әдістерін сипаттау | 8.3.2.15 меншікті булану жылуын анықтау;<br>8.3.2.16 қайнау температурасының сыртқы қысымға тәуелділігін түсіндіру |
| 7.2.3.2 механикалық энергияның екі түрін ажырату; | 8.3.2.22 жылу қозғалтқыштарындағы энергияның түрленуін сипаттау;<br>8.3.2.20 іштен жану қозғалтқышының, бу турбинасының жұмыс істеу принципін сипаттау |
| 7.2.4.6 көлбеу жазықтықтың пайдалы әрекет коэффициентін тәжірибеде анықтау; | 8.3.2.19 жылу қозғалтқышының пайдалы әрекет коэффициентін анықтау;<br>8.3.2.21 жылу қозғалтқыштарын жетілдіру жолдарын ұсыну |

VI. Кіріктірілетін оқыту мақсаттары бойынша ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгісі

1-НҰСҚА

| | |
|---|---|
| Бөлімі: | Жылу құбылыстары |
| Педагогтің аты-жөні: | Алимжанова Г.Р |
| Күні: | |
| Сыныбы: 8 | Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы: | Жылулық қозғалыс, броундық қозғалыс, диффузия |

| | |
|---|---|
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты | 8.3.1.1 – молекула-кинетикалық теорияның негізгі қағидаларын дәлелдейтін мысалдар келтіру және тәжірибені сипаттау;<br>7.3.1.1 заттардың молекулалық құрылысы негізінде, газдардың, сұйықтар мен қатты денелердің құрылымын сипаттау;<br><br>7.3.1.4 газ қысымын молекулалық құрылым негізінде түсіндіру. |
| Сабақтың мақсаты: | Барлық оқушылар :<br>Оқулықта берілген тапсырмаларды орындайды, жазба жұмысын жасайды.Физикалық құбылыстарға мысалдар келтіре алады және оқулықтағы тапсырмалармен жұмыс жасайды.<br>Көптеген оқуышылар :<br>Топтық жұмысты бірлесе орындайды және өз бетінше жұмыс жасайды. МКТ қағидаларына сүйене отырып, сұрақтарға жауап береді.<br>Кейбір оқушылар:<br>Оқулықтан тыс берілген қосымша тапсырмалады орындайды, тақырып бойынша қосымша мәліметтер мен дәлелдер келтіре алады. |
| Бағалау критерийлері | МКТ негізгі қағидалары негізінде:<br><br>Жылулық қозғалыстың физикалық мағынасын біледі;<br><br>Броундық қозғалысты сипаттайды;<br><br>Температураның диффузия жылдамдығына әсерін талдайды |
| Құндылықтарға баулу | Шығармашылық және сын тұрғысынан ойлауға баулу, әр оқушының пікіріне, көзқарастарына құрметпен қарау. Оқушылардың өз бетімен жұмыс жасау, іздену қабілеттерін арттыру. |

Сабақтың барысы:

| Сабақ кезеңі/ Уақыты | Педагогтің іс-әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы<br><br>8 мин | Ұйымдастыру кезеңі<br>1. **«Ой қозғау» әдісі**<br><br>7.3.1.1- заттардың молекулалық құрылысы негізінде, газдардың, сұйықтар мен қатты денелердің құрылымын сипаттау және<br><br>7.3.1.4- газ қысымын | Оқушылар өткен білімді еске түсіріп, | Дескриптор: МКТ –ң негізгі | АКТ<br>Презентация<br>Видео |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | молекулалық құрылым негізінде түсіндіру,<br>оқу мақсаттары бойынша,<br>7 сыныпта алған білімдерін еске түсіреді. Заттың құрылысын еске түсіру мақсатында видео көрсетіледі.<br><br>Оқушылар МКТ негізгі үш қағидасын тұжырымдайды:<br>Барлық денелер бөлшектерден (атомдардан немесе молекулалардан) тұрады.<br>Дене бөлшектері үздіксіз, бей-берекет қозғалыста болады.<br>Ол бөлшектер өзара әрекеттеседі. | МКТ негізгі 3 қағидасын тұжырымдайды және заттың молекулалық құрылымын еске түсіреді.<br>. | қағидаларын біледі.<br>Заттың құрылысын еске түсіреді.<br><br>Жалпы балл-1 | көрсетілім<br>«Эдисон физикасы» Kaztube БІЛІМ сайты немесе Bilimland.kz |
| **Сабақтың ортасы.**<br><br>Жұптық жұмыс<br>7 мин | ***II. Қолдану.***<br>**«Суреттер сөйлейді» әдісі**<br><br>**С**уреттер бойынша диффузия құбылысын анықтайды:<br><br>- табиғаттағы диффузия;<br>- тұрмыстағы диффузия;<br>- техникадағы диффузия.<br><br><br> | Оқушылар берілген суреттер бойынша диффузия құбылысын сипаттайды. | Дескриптор: диффузия құбылысының қолданылу аймағын ажыратады<br><br>Жалпы балл - 3 | АКТ<br>Презентация<br>8-сынып оқулық бойынша |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| |  | | | |
| 14 мин | **3. Жинақтау.**<br>Оқушылар бір-бірін бағалайды.<br><br>1.Дене температурасының өзгеруіне байланысты құбылыстар.....<br>2.Молекулалардың бейберекет қозғалысы.....қозғалыс<br>3.Молекула-кинетикалық теорияның дамуына үлес қосқан ұлы орыс ғалымы.....<br>4.Броундық қозғалыс-бұл..... (немесе .....) қалықтаған бөлшектердің жылулық қозғалысы.<br>5.Броундық құбылысты алғаш рет 1827 жылы ағылшын ботанигі Р.Броун суда қалықтаған .....спорасын микроскоппен қарап отырып байқаған.<br>6.Газдар шексіз ұлғаяды. Олар..... де, ..... де сақтамайды.<br>7.Молекулалардың жылулық қозғалысын дәлелдейтін құбылыстар.....<br>8.Жылулық қозғалыстың шапшаңдығы тәуелді.....<br>9.Қатты дене,сұйық және газ молекулалары қозғалыстарының ортақ | Оқушылар оқылым және жазылым дағдысын дамытады және бірін -бірі бағалайды. (Келісемін. Жоқ) | Дескриптор:<br>Диффузия құбылысы бойынша білімін қолданады;<br>Заттың құрылысын біледі;<br>Броундық қозғалысты түсінеді.<br><br>Жалпы балл-4 | Таратпа материал, дәптер, оқулық. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | сипаты .....және айырмашылықтары..... | | | |
| **«Білгеніңмен бөліс» әдісі** 11 мин | **4.Қолдану**<br><br>«Білгеніңмен бөліс» әдісі арқылы қорытындылау.<br><br>1.Молекулалардың жылулық қозғалысын заттың үш күйімен байланыстырып қалай түсіндіруге болады?<br><br>2.Диффузия құбылысына бірнеше мысал келтіріңіз.<br><br>3.Броундық бөлшектердің қозғалысын молекула қозғалысы арқылы сипаттауға болады ма? Қалай түсіндірер едіңіз?<br><br>4.Броундық қозғалыстың тоқтауы мүмкін бе? | Оқушылар қорытындылау сұрақтарына жауап береді. | Дескриптор: жылулық қозғалысты сипаттайды; молекулалардың сұйықтағы қозғалысын түсінеді. Жалпы балл-2 | АКТ, презентация 8 сынып оқулығы |
| **Сабақтың соңы**<br><br>5 мин | **5.Рефлексия**<br>Сабақ мақсатын еске түсіріп, келесі сабақты жоспарлау үшін сұрақтар:<br>- нені білдім;<br>- нені түсінбедім;<br>Сұрақтар ауызша талқыланады.<br><br>**6.Үй тапсырмасы**:<br>Практикалық тапсырма (1,2 ) орындау, 10-бет.<br>Әр тапсырма бағалау критериилері бойынша 10 балдық жүйемен бағаланады. | Оқушылар сабақтағы жеткен деңгейіне байланысты өз ойларын айтады. | | |
| Саралау. Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз қабілетті оқушылардың алдына қандай тапсырмалар қоясыз? | | | Бағалау. Сіз оқушылардың материалды игеру | Денсаулық және қауіпсіздік техникасын |

| | | |
|---|---|---|
| | деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз? | сақтау |
| Орташа қабілетті оқушыларға өздік жұмыс барысында бағыттаушы сұрақтар қойып, көмек көрсету. Қабілетті оқушылар диффузия құбылысына мысалдар келтіріп, өз тұжырымдарын дәлелдейді.Жұппен, топпен жұмыс жасау арқылы, оқушыларға бір – біріне көмектесу арқылы, түсінбей тұрған өткелден бірлесіп өту, бауырмалдық , ынтымақтастыққа баулыймын. | - Жылулық қозғалыстың физикалық мағынасын біледі;<br>- Броундық қозғалысты сипаттайды;<br>- Температураның диффузия жылдамдығына әсерін талдайды | Физика кабинетіндегі қауіпсіздік ережесі еске салынады. |
| Жалпы бағалау<br>Сабақтың қандай екі аспектісі жақсы өтті? Оқыту туралы да, сабақ беру туралы да ойланыңыз.<br>1:<br>2:<br>Сабақты жақсартуға не жәрдемдесер еді? Оқыту туралы да, сабақ беру туралы да ойланыңыз.<br>1:<br>2:<br>Сабақ кезінде, сынып немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері/қиыншылықтары туралы мен нені анықтадым? Келесі сабақтарда неге назар аудару керек?<br>1:<br>2: | | |


2-НҰСҚА

| | |
|---|---|
| Бөлімі: | Жылу құбылыстары |
| Педагогтің аты-жөні: | Алимжанова Г.Р |
| Күні: | |
| Сыныбы: 8 | Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы: | Ішкі энергия, ішкі энергияны өзгерту тәсілдері |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты | 8.3.2.1 – дененің ішкі энергиясын өзгерту тәсілдерін сипаттау;<br>7.2.3.1 механикалық жұмыс ұғымының физикалық мағынасын түсіндіру; |



| | |
|---|---|
| Сабақтың мақсаты: | Барлық оқушылар:<br><br>дене температурасының өзгерісі оның ішкі энергиясының өзгерісіне байланысты екенін түсінеді;<br><br>Көптеген оқушылар:<br><br>дененің ішкі энергиясы денені құрайтын бөлшектердің ретсіз қозғалысының кинетикалық және олардың өзара әрекеттесуінің потенциалдық энергиясының қосындысы екенін түсінеді;<br><br>Кейбір оқушылар:<br><br>ішкі энергияны өзгертудің тәсілдеріне мысалдар келтіре отырып сипаттайды. |
| Бағалау критерийлері | • Механикалық жұмыс пен механикалық энергия арасындағы байланысты біледі және энергияның түрленуіне мысалдар келтіре алады;<br>• Дененің ішкі энергиясы денені құрайтын бөлшектердің ретсіз қозғалысының кинетикалық және олардың өзара әрекеттесуінің потенциалдық энергиясының қосындысы екенін түсінеді.<br>• Ішкі энергияның қандай физикалық шамаларға тәуелді екенін түсінеді.<br>• Дененің ішкі энергиясын өзгерту тәсілдерін сипаттайды. |
| Құндылықтарға баулу | Шығармашылық және сын тұрғысынан ойлауға баулу, әр оқушының пікіріне, көзқарастарына құрметпен қарау. Оқушылардың өз бетімен жұмыс жасау, іздену қабілеттерін арттыру. |


Сабақтың барысы:

| Сабақ кезеңі/Уақыты | Педагогтің іс-әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы<br><br>7 мин. | 1.Ұйымдастыру<br><br>Өткен материалды меңгергендерін тексеру мақсатында қайталау | Оқушылар алдыңғы тақырыпты | Дескриптор: термометр | Оқулық , 8– сынып |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | <br>а)Термометр шкаласының бөлік құнын және өлшеудің төменгі және жоғарғы шегін анықтаңыздар<br>б)Дене батырылмай тұрғандағы судың температурасын абсолют қателігімен жазыңыздар<br>с)Суға жез цилиндрді салғанда температура көрсеткіші 36 $^0$C төмендеді.Су температурасының төмендеу себебін түсіндіріңіздер.<br><br>2.«Ой қозғау» әдісі<br><br>Ой қозғау. Балғамен темірдің бетін бірнеше рет ұрған. Металл темір мен балғаның температурасы артты. Құбылысты қалай түсіндіруге болады?<br><br><br><br>3. Мақсатты болжау.<br>• Дене температурасының артуы оның ішкі энергиясының артуымен байланысты екенін түсіну;<br>• Дененің ішкі энергиясы денені құрайтын бөлшектердің ретсіз қозғалысының кинетикалық және олардың өзара әрекеттесуінің потенциалдық энергиясының қосындысы екенін түсіну; | еске түсіреді.<br><br>Оқушылар берілген сұрақтарға өз ойларын айтады. | шкаласының бөлік құнын анықтайды; температураның өзгерісін түсіндіреді;<br><br>Жалпы балл - 2<br><br>Дескриптор:<br><br>Дененің ішкі энергиясын өзгерту тәсілдерін сипаттайды.<br>Жалпы балл - 1 | |
| 6 мин | | | | Презентация<br>Оқулық 8-сынып. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | • Ішкі энергияны өзгертудің тәсілдерін білу. | | | |
| Сабақтың ортасы<br><br>14 мин | 4. Түсіндіру.<br>Мұғалім демонстрация көрсетеді.Стақандарға бірдей мөлшерде ыстық және суық су құйылған. Қай стақандағы судың ішкі энергиясы жоғары екендігін түсіндір<br><br><br><br>• Тиынды плитаның үстіне қою;<br>• Ыстық суға салуға болады;<br>• Терезенің алдына күн көзіне қою;<br>• Қызған лампаның астына қою;<br>• Кранннан ағып тұрған ыстық судың астына қою;<br>• Тиынды үйкеу арқылы.<br><br>Осы тәсілдерді жылу берілудің түріне қарай топтастырады.<br><br>Әрбір тәжірибені сипаттайды | Оқушылар ішкі энергияны жұмыс істеу және жылу берілу арқылы өзгертуге болатындығын түсінулері қажет. | Дескриптор: Әрбір тәжірибені сипаттайды және ішкі энергиясы қандай әдіспен өзгертілгенін анықтайды. Жалпы балл - 4 | 8-сынып оқулығы. Термометр, ыстық су, мензурка, уақыт өлшегіш құрал. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 14 мин | және ішкі энергиясы қандай әдіспен өзгертілгенін анықтайды. Оқушылар ішкі энергияны жұмыс істеу және жылу берілу арқылы өзгертуге болатындығын түсінулері қажет.<br>Мұғалім кері байланыс жасай отырып, энергияның түрленуін және ішкі энергияны өзгертудің тәсілдерін түсіндіреді.<br>5. Суреттер сөйлейді.<br>1)Суретке қарап дененің ішкі энергиясын өзгертудің тәсілдерін атаңыздар.<br><br><br> | Оқушылар берілген сурет бойынша ішкі энергияны өзгерту тәсілдерін сипаттайды. | Дескриптор:<br>Механикалық жұмыс, энергия түрлерін біледі және энергияның түрленуіне түсіндіре алады.<br>Берілген суреттер бойынша ішкі энергияның өзгерту тәсілдерін тәсілдерін сипаттайды.<br>Жалпы балл-3 | 8-сынып оқулық. Презентация |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | <br>2) Екі латуннан жасалған шарик бірдей биіктіктен құлайды. Бірі топыраққа, екіншісі тасқа соғылысымен біршама биіктікте шарикті ұстап алады.Шариктердің ішінде қайсысы ішкі энергиясын көп өзгертті. Себебін түсіндіріңіз. | | | |
| Сабақтың соңы.<br><br>4 мин | 6. Рефлексия<br>нені білдім, нені үйрендім;<br>нені толық түсінбедім;<br>немен жұмысты жалғастыру қажет.<br>7. Үйге тапсырма:<br>Практикалық тапсырма, 19-бет | | | |
| Саралау. Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз қабілетті оқушылардың алдына қандай тапсырмалар қоясыз? | | Бағалау. Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз? | | Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау |
| Оқушыларға өткен білімдерін еске түсіру арқылы сұрақ қойып, жаңа тақырып мазмұнын ашуға көмек беремін. Берілген суреттерді сипаттай отырып оқушылардың тақырыпты ашуына, сындарлы ойлауына мүмкіндік жасалады. Сабақ соңында сұрақтарға жауап бере отырып байланысты кері байланыс орнатылады. Оқушылардың түсінбеген тұстары бойынша көмек беріледі. | | - Механикалық энергия түрлерін біледі және энергияның түрленуіне мысалдар келтіре алады.<br>- Дененің ішкі энергиясы денені құрайтын бөлшектердің ретсіз қозғалысының кинетикалық және олардың өзара әрекеттесуінің потенциалдық энергиясының қосындысы екенін түсінеді.<br>-Дененің ішкі энергиясын өзгерту тәсілдерін | | Физика кабинетіндегі қауіпсіздік ережесі еске салынады. |

| | | |
|---|---|---|
| | сипаттайды. | |
| Жалпы бағалау<br>Сабақтың қандай екі аспектісі жақсы өтті? Оқыту туралы да, сабақ беру туралы да ойланыңыз.<br>1:<br>2:<br>Сабақты жақсартуға не жәрдемдесер еді? Оқыту туралы да, сабақ беру туралы да ойланыңыз.<br>1:<br>2:<br>Сабақ кезінде, сынып немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері/қиыншылықтары туралы мен нені анықтадым? Келесі сабақтарда неге назар аудару керек?<br>1:<br>2: | | |

3-НҰСҚА

| | |
|---|---|
| Бөлімі: | |
| Педагогтің аты-жөні: | |
| Күні: | |
| Сыныбы: | Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы: | Жылу мөлшері.<br>Заттың меншікті жылу сыйымдылығы |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты | 8.3.2.5 – жылу алмасу процесі кезінде алған немесе берген жылу мөлшерін анықтау;<br>8.3.2.6 – заттың меншікті жылу сыйымдылығының мағынасын түсіндіру |
| | 7.2.2.15 тығыздықтың формуласын есептер шығаруда қолдану<br>7.2.2.13 тығыздықтың физикалық мағынасын түсіндіру; |
| Сабақтың мақсаты: | Барлық оқушылар істей алады:жылу алмасу процесін түсінеді;<br>Көптеген оқушылар істей алады: заттың меншікті жылу сыйымдылығының мағынасын түсінеді;<br>Кейбір оқушылар істей алады: тәжірибе жасап, есептер шығара алады; |
| Бағалау критерийлері | -жылу алмасу процесін түсінеді;<br>-заттың меншікті жылу сыйымдылығының мағынасын түсінеді; |

| | |
|---|---|
| | - тәжірибе жасап, меншікті жылусыйымдылықтың формуласын есептер шығарғанда қолдана алады; |
| Құндылықтарға баулу | Берілген есептерді шығаруда қажет формуланы тауып, өлшем бірлігін сауатты жазып, нақты жауабын дұрыс табу арқылы еңбек және шығармашылық құндылығы<br>қалыптасады. |

Сабақтың барысы:

| Сабақ кезеңі/Уақыты | Педагогтің іс-әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы<br>2 мин.<br><br>«Өткенге қайту»-әдісі<br>7 мин | Ұйымдастыру кезеңі<br>Оқушылармен амандасу, түгендеу, сабаққа дайындығын бақылау.<br><br>«Өткенге қайту» әдісі<br>7- сынпта өтілген «Заттың тығыздығы және тығыздықтың өлшем бірлігі» тақырбын қайталау<br>Тапсырма 1<br><br>Егер шойынның тығыздығы $7 \cdot 10^3$ кг/м$^3$ болса, онда көлемі 20 см$^3$ шойын кесегінің массасын анықтаңыз. | Тығыздықтың формуласын қолданып есеп шығарады. | Дескриптор:<br><br>- шамаларды ХБЖ-нде жазады;<br>- тығыздықты есептеу формуласын қолданады;<br>- білеушелердің массасын анықтайды. | https://www.youtube.com/watch?v=QF8xPNeXncw |
| Сабақтың ортасы | Білім дағдысы: Білу (D) | Оқушылар | Дескриптор:<br>-жылу мөлшері, | Оқулық 8- |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 8 мин | Мұғалім BilimLand – сайтынан тақырыпты ашу мақсатында видеокөрсетілім ұсынады. Жылу мөлшері, заттың меншікті жылу сыйымдылығы тақырыптарын қысқаша түсіндіру.<br><br>«onlinemektep» платформасында тест тапсырмаларын орындау арқылы жаңа білімді бекітеміз | видеоны қарайды<br><br>«onlinemektep» платформасында тест тапсырмаларын орындайды | заттың меншікті жылу сыйымдылығы тақырыптарын қысқаша түсінеді.<br><br>- жылу сыйымдылығын ескеріп, бөлінетін жылу мөлшерінің шамасын есептейді. | сынып.<br><br>https://bilimland.kz/kk/courses/physics-kk/molekulalyq-fizika/termodinamika/lesson/zhylusyi-ymdylyq<br><br>https://onlinemektep.org/schedule/08.10.2021/lesson/e748966f-f638-4211-9733-8c79f7846f2a |
| Жеке жұмыс<br><br>«Кім жылдам» әдісі<br><br>20 мин | Білім дағдысы: Қолдану (I)<br><br>2-тапсырма<br><br>«Кім жылдам» әдісі арқылы есептер беріледі<br><br>Тапсырма 2<br>1. Алғашқы температурасы 20°С, 6кг суды қайнату үшін жылудың қандай мөлшері қажет? (2,016 МДж)<br><br>2. Массасы 120 г күміс кесегі $66^0$С-тан $16^0$С-қа дейін суығанда қоршаған ортаға 1,2 кДж жылу береді. Күмістің меншікті жылу сыйымдылығы қандай?<br>3. Массасы 4 кг | Оқушылар берілген есептерді шығарады | Дескриптор:<br><br>-Есептің шартын дұрыс талдайды<br>- Белгісіз шаманың формуласын дұрыс қорытып шығарады<br><br>-Берілген шамалардың мәндерін пайдаланып, дұрыс есептеулер жүргізеді.<br><br>Жалпы балл- 5 | ДЭ,<br><br>8-сынып оқулық<br><br>ҮМ |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | кірпішті $\Delta t_1^0=63^0$C-қа қыздыруға жұмсалған жылу мөлшері, массасы осындай суды $\Delta t_2^0=13,2^0$C-қа дейін жылытуға қажетті жылу мөлшеріне тең болса, кірпіштің меншікті жылу сыйымдылығы қандай болар еді? $c_{су}$=4200 Дж/кг$^0$C.<br><br>Ерекше қабілетті оқушыларға берілетін тапсырмалар:<br><br>1.Температурасы $42^0$C, массасы 6 кг суға температурасы $72^0$C, массасы 4 кг су құйды. Оған тағыда, температурасы $18^0$C, массасы 20 кг су құйылса, қоспаның температурасы қандай болған?<br><br>2.Температурасы $20^0$C болатын 400 л су температурасы $70^0$C, 100 л сумен араластырылған. Қоспаның температурасы қандай? | | | |
| Сабақтың соңы. | Сабақтың рефлексиясы.<br><br>ББББ кестесі беріледі | Оқушылар кестені толтырады. | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Рефлексия<br><br>5 мин | Үйге тапсырма:<br>Ж.О.Бақынов е.ж Б тобы есептері | | | |

| | | |
|---|---|---|
| Саралау. Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз қабілетті оқушылардың алдына қандай тапсырмалар қоясыз? | Бағалау. Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз? | Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау |
| Оқушылар видеосабақты көру арқылы тақырыпты түсіну мүмкіндігі артады.<br>Оқушылардың деңгейіне байланысты есептер шығарады.<br>Оқушылардың түсінбеген тұстары бойынша көмек беріледі. | - жылу алмасу процесін түсінеді;<br>-заттың меншікті жылу сыйымдылығының мағынасын түсінеді;<br>-меншікті жылусыйымдылықтың формуласын есептер шығарғанда қолдана алады; | Физика кабинетіндегі қауіпсіздік ережесі еске салынады. |

Жалпы бағалау
Сабақтың қандай екі аспектісі жақсы өтті? Оқыту туралы да, сабақ беру туралы да ойланыңыз.
1:
2:
Сабақты жақсартуға не жәрдемдесер еді? Оқыту туралы да, сабақ беру туралы да ойланыңыз.
1:
2:
Сабақ кезінде, сынып немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері/қиыншылықтары туралы мен нені анықтадым? Келесі сабақтарда неге назар аудару керек?
1:
2:

V. Сабақтан тыс уақытта толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары

I. Өткен оқу жылында өтілген оқу бағдарламасының мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттары

7.2.1.1 келесі терминдердің физикалық мағынасын түсіндіру - материялық нүкте, санақ жүйесі, қозғалыстың салыстырмалылығы, траектория, жол, орын ауыстыру;

7.2.1.2 механикалық қозғалыстың салыстырмалылығына мысалдар келтіру;

7.2.1.3 түзу сызықты бірқалыпты қозғалыс пен бірқалыпсыз қозғалысты ажырата білу;

7.2.1.4 қозғалыстағы дененің жылдамдығы мен орташа жылдамдығын есептеу;

7.2.1.5 s -тің t-ға тәуелділік графигін тұрғызуда координаталар осьтерінде және кестелерде өлшем бірліктерін дұрыс белгілеу;

7.2.1.6 дененің орын ауыстыруының уақытқа тәуелділік графигінен келесі жағдайларды анықтау:

(1) дененің тыныштық күйін,

(2) тұрақты жылдамдықпен қозғалысын;

7.2.1.7 бірқалыпты қозғалған дененің орын ауыстыруының уақытқа тәуелділік графигінен жылдамдығын анықтау;

7.2.2.12 әртүрлі пішіндегі қатты дененің немесе сұйықтың көлемін өлшеу үшін өлшеуіш цилиндрді (мензурка) қолдану;

7.2.2.2 күнделікті өмірден күштердің әрекет етуіне мысалдар келтіру;

7.2.2.10 масса, салмақ және ауырлық күші ұғымдарын ажырату;

7.2.2.4 серпімділік күшінің серіппенің ұзаруына тәуелділік графигінен қатаңдық коэффициентін анықтау;

7.2.2.3 пластикалық және серпімді деформацияларды ажырату, мысалдар келтіру;

7.2.2.5 Гук заңының формуласы бойынша серпімділік күшін есептеу;

7.2.2.6 тыныштық, домалау және сырғанау үйкелістерін сипаттау;

7.2.2.7 үйкеліс күшінің пайдасы мен зиянына мысалдар келтіру;

7.2.2.8 күштерді берілген масштабта графикалық түрде көрсету;

7.2.2.9 денеге әсер ететін және бір түзудің бойымен бағытталған күштердің тең әрекетті күшінің модулі мен бағытын анықтау;

7.3.1.3 есептер шығаруда қатты дененің қысымының формуласын қолдану;

7.3.1.5 сұйықтардағы гидростатикалық қысымның формуласын шығару және оны есептер шығаруда қолдану;

7.3.1.6 қатынас ыдыстарды қолдануға мысалдар келтіру;

7.3.1.8 гидравликалық машиналарды қолдану кезіндегі күштен ұтысты есептеу;

7.3.1.11 кері итеруші күшті анықтау және оның сұйыққа батырылған дененің көлеміне тәуелділігін зерттеу;

7.3.1.12 сұйықтар мен газдардағы кері итеруші күштің табиғатын түсіндіру;

7.3.1.13 есептер шығаруда Архимед заңын қолдану;

7.3.1.14 дененің сұйықта жүзу шарттарын зерттеу;

7.2.3.7 қуат ұғымының физикалық мағынасын түсіндіру;

7.2.3.8 механикалық жұмыс пен қуаттың формулаларын есептер шығаруда қолдану;

7.2.3.3 кинетикалық энергия формуласын есептер шығаруда қолдану;

7.2.3.4 жоғары көтерілген дене үшін потенциалдық энергияның және серпімді дененің формуласын қолдану;

7.2.4.1 «Механиканың алтын ережесін» тұжырымдау және қарапайым механизмдердің қолданылуына мысалдар келтіру;

7.2.4.2 күш моменті ұғымының физикалық мағынасын түсіндіру;

7.2.4.3 жазық фигураның массалық центрін тәжірибеде анықтау;

7.2.4.5 тәжірибеде иіндіктің тепе-теңдік шарттарын анықтау;

7.2.4.4 тепе-теңдікте тұрған денелер үшін күш моменттер ережесін тұжырымдау және есептер шығаруда қолдану;

7.7.1.1 геоцентрлік және гелиоцентрлік жүйелерді салыстыру;

7.7.1.2 Күн жүйесінің нысандарын жүйелеу;

7.7.1.3 жыл мезгілдерінің ендіктерге байланысты ауысуы және күн мен түннің ұзақтығын түсіндіру.

VI. Кіріктіруге болмайтын оқыту мақсаттары қарастырылатын консультациялардың кестесі

1) жаңа тақырыптың алдында ұйымдастырылатын консультациялар кестесі

*1-тоқсан*
| Сабақтың аяғы (5 минут)<br><br>(3 минут) | **Өтілген тақырыпты «Балық қаңқасы» әдісімен қорытындылау.**<br>Тақтада балық қаңқасы беріледі. Сынып болып ақылдасып, қаңқаның басына «мәселені» анықтап жазады, қаңқа сүйекшелеріне әр топ жеке-жеке есептерді жазады. Соңында балықтың құйрығына бүгінгі тақырыптың қорытындысы жазылады.<br><br>**Рефлексия:**<br>**«Инсерт»** тәсілі бойынша жаңа білімді қалай меңгергенін тексеру. | | http://www.physics-regelman.com/high/lens-tests/ |

| «V» - «Білемін» | «-» «мен үшін түсініксіз» | «+» - «мен үшін жаңа ақпарат» | «?» - «мені таңғалдырады» |
|---|---|---|---|
| | | | |




| | | |
|---|---|---|
| | **Үй жұмысы:** Физика 9 сынып 25 - жаттығу**.** № 2-3 есептер (137 – бет ) | |
| **Дифференциация – Сіз жоспарда қолдауды қалай басымырақ көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілетті балаларға қандай міндеттер қоюды жоспарлайсыз?** | **Бағалау – Оқушылардың меңгерген білімдерін қалай тексеруді жоспарға енгізіп отырсыз?** | **Денсаулық пен қауіпсіздік техникасын қорғау** |
| Жаңа сабақты игеру кезеңінде «Джигсо» әдісін қолдану арқылы оқушылар тапсырма бойынша жасақталған жаңа топта тапсырмаларды берілген ресурстарды пайдаланып талқылайды. Талдау біткен соң өз топтарына барып, топтағыларымен бөліседі. Оқушылардың жаңа білімді меңгеруін ***«Теңгерім дөңгелегі»*** тәсілімен бағалаймын. Жаңа білімді қорытындылау үшін **«Балық қаңқасы »** әдісі пайдаланып, жаңа тақырыптың маңызды проблемасы мен себептерін есте сақтауға мүкіндік жасалды. | 1. « Пазл» әдісі.<br>2. « Миға шабуыл»әдісі.<br>3. «Карточкалар иерархиясы» әдісі.<br>4. « Мадақтау» әдісі.<br>5. «Джигсо» әдісі.<br>6. «Серпілген сауал» әдісі.<br>7. «Кері байланыс бутерброды» әдісі.<br>8. «Балық қаңқасы» әдісі.<br>9. «Инсерт» тәсілі. | Физика кабинетіндегі қауіпсіздік ережесін сақтау. |
| ***Сабақ бойынша рефлексия***<br>*Оқу мақсаттары шынайы болды ма? Барлық оқушылар ОМ жетті ме? Егер жетпесе неге?*<br>*Сабақта дифференциация дұрыс жүргізілді ме? Сабақтың уақыттары сақталды ма? Сабақ жоспарынан қандай ауытқулар болды, неге?* | *Осы бөлімде сабақ туралы ойланыңыз. Сол жақтағы бағанның негізгі сұрақтарына жауап беріңіз.* | |
| | | |






**2-НҰСҚА**

| | | |
|---|---|---|
| **Сабақтың тақырыбы**: Жұқа линзалар. Линзада кескін алу. | | |
| **Күні:** | **Мұғалімнің аты-жөні:**АлимжановаГ.Р | |
| **Сынып: 9** | Қатысқан оқушылар: | Қатыспаған оқушылар: |
| **Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)** | 8.5.1.13 – жұқа линзада сәуленің жолын салу және кескінге сипаттама беру | |
| **Сабақтың мақсаты** | Оқушылар білуі керек:<br>- жинағыш және шашыратқыш линзалардан өтетін жарық сәулесінің жүрістерін сипаттауды;<br>- линзаларда өтетін жарық сәулелерінің жүрісі арқылы линзаның фокусын анықтауды;<br>- жұқа линзада кескін алуды және оны сипаттауды. | |
| **Бағалау критерийлері** | • жинағыш және шашыратқыш линзалардан өтетін жарық сәулесінің жүрістерін сипаттайды;<br>• линзаларда өтетін жарық сәулелерінің жүрісі арқылы линзаның фокусын анықтайды;<br>• жұқа линзада кескін алуды және оны сипаттайды. | |
| **Тілдік мақсаттар** | **Пәнге тән лексика мен терминология:**<br>жұқа линза, жинағыш линза, шашыратқыш линза, дөңес линзалар, ойыс линзалар, линзаның оптикалық центрі, линзаның бас оптикалық осі, линзаның бас фокусы, линзаның фокустық қашықтығы, линзаның фокальдық жазықтығы, линзаның оптикалық күші.<br>**Диалог пен жазу үшін пайдалы сөздер мен тіркестер:**<br>**Линза**- екі сфералық бетпен шектелген мөлдір дене. Линзалардың екі түрі бар: **жинағыш және шашыратқыш**.<br>Линзаны шектеп тұрған сфералық беттердің центрлері арқылы өтетін түзу **линзаның бас оптикалық осі** деп аталады.<br>Бас оптикалық осьтің бойында және линзаның центрінде жатқан нүкте **линзаның оптикалық центрі** деп аталады. Жинағыш линзаның бас оптикалық осіне параллель жарық шоқтарын бағыттаймыз. Шоқтар линзадан сына өтіп бас оптикалық осьтің бір нүктесінде жиналады. Бұл нүкте **линзаның бас фокусы** деп аталады. | |
| **Құндылықтарды дарыту** | Бұл сабақ академиялық адалдық,топта жұмыс жасай алу және жауапкершілік құндылықтарын дамытуға бағытталған. | |
| **Пәнаралық байланыстар** | Есептеулер жүргізгенде математика пәнімен байланыс | |
| **Бастапқы білім** | Жұқа линза формуласын есептер шығару үшін қолдануды біледі. | |

**Сабақтың барысы**

| **Сабақтың жоспарланған кезеңдері** | **Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| **Сабақтың басы**<br>7 мин | 1) **Ой қозғау.**<br>Қандай оптикалық құралдарды білесіңдер олардың ортақ элементін атаңдар<br>Құралдардың негізгі элементі **линза** болып табылатынын | |

| | | |
|---|---|---|
| | оқушылар түсінулері тиіс.<br>Оқушылардың жауаптарына кері байланыс бере отырып, бүгінгі сабақтың оқу мақсатымен таныстыру. | |
| **Сабақтың ортасы**<br><br>15 мин | **2) Оқушылар жинағыш және шашыратқыш линзалардан жарық сәулесінің өтуін сипаттайды**<br>а) Жинағыш линза:<br><br>Линзаның бас оптикалық осіне параллель түскен сәулелер линзадан сынғаннан кейін линзаның бас фокусында (шын фокус) қиылысады<br><br><br>б) Шашыратқыш линза:<br><br><br>Бас оптикалық оське параллель түскен сәулелер шашыратқыш линзадан сынғаннан кейін сәулелердің жалған жалғасы линзаның фокусында (жалған фокус) қиылысады<br>OF қашықтығы – линзаның фокустық қашықтығы (F, метр).<br>F нүктесі - линзаның фокусы;<br>Жинағыш линзаның бас оптикалық осіне параллель жарық шоқтарын бағыттаймыз. Шоқтар линзадан сына өтіп бас оптикалық осьтің бір нүктесінде жиналады. Бұл нүкте линзаның бас фокусы деп аталады.<br>http://files.school-collection.edu.ru/dlrstore/669ba081-e921-11dc-95ff-0800200c9a66/5_6.swf<br><br><br>**Жұқа линзалардағы кескіндерді алу**<br>http://files.school-collection.edu.ru/dlrstore/669ba082-e921-11dc- | |

| | | |
|---|---|---|
| 19 мин | 95ff-0800200c9a66/5_7.swf<br>3) Оқушыларға жинағыш линзада кескін алуды бір мысалмен түсіндіреміз. Пайда болған кескінді сипаттаймыз.<br><br><br>Сынып оқушылары қалған салу есептерін өзері орындайды.<br><br>**Қорытынды**:<br>1) Егер нәрсе жинағыш линзадан 2F>d>F қашықтықта орналасқан болса, онда **шын, төңкерілген, үлкейтілген** кескін пайда болады.<br><br><br>2) Егер нәрсе жинағыш линзадан d>2F қашықтықта орналасқан болса, онда **шын, төңкерілген, кішірейтілген** кескін пайда болады.<br><br><br>3) Егер нәрсе жинағыш линзадан d<F қашықтықта орналасқан болса, онда **жалған, тура, үлкейтілген** кескін пайда болады.<br><br><br>4) Шашыратқыш линзада нәрсенің линзадан қашықтығы қандай болуына қарамастан, кескін жалған, тура, кішірейтілген болады.<br>F<d<2F<br><br> | |

| | | |
|---|---|---|
| | | |
| **Сабақтың соңы**<br>5 мин | **5) Рефлексия.**<br>- нені білдім, нені үйрендім<br>- нені толық түсінбедім<br>- немен жұмысты жалғастыру қажет<br>**6) Үйге тапсырма:** § 38-40; | |

| | |
|---|---|
| **Сабақ бойынша рефлексия**<br>Сабақ мақсаттары/оқу мақсаттары дұрыс қойылған ба?<br>Оқушылардың барлығы ОМ қол жеткізді ме?<br>Сабақта саралау дұры сжүргізілді ме?<br>Сабақ жоспарынан қандай ауытқулар болды, неліктен? | **Өз сабағыңыз туралы сол жақ бағанда берілген сұрақтарға жауап беріңіз.** |


**3-НҰСҚА**

| | | |
|---|---|---|
| **Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі:** | Тұрақты электр тогы | |
| **Күні:** | Мұғалімнің аты-жөні:Алимжанова Г.Р | |
| **Сынып: 9** | Қатысқандар саны: | |

| | |
|---|---|
| **Сабақтың тақырыбы** | Электрқыздырғыш құралдар. Қыздыру шамдары. Қысқа тұйықталу. Балқымалы сақтандырғыштар. |
| **Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)** | 8.4.2.17 – қысқа тұйықталудың пайда болу себептерін және алдын алу амалдарын түсіндіру |
| **Сабақ мақсаттары** | - қысқа тұйықталудың пайда болу себептерін анықтау және алдын алудың жолдарын қарастыру.. |
| **Бағалау критерийлері** | • Қыздырғыш приборлар параметрлерінің тәуелділігін біледі<br>• Шам кедергісін табуға қатысты дұрыс есептеулер жүргізеді (кедергі тәуелді болатын шамалардың бірін табу үшін формуланы өзгерте алады);<br>• Қысқа тұйықталу жайлы біледі;<br>• Балқымалы сақтандырғыштар қолдану мақсатын түсінеді. |
| **Тілдік мақсаттар** | Оқушылар электрқыздырғыш приборлар, қыздыру шамы, қысқа тұйықталу, балқымалы сақтандырғыштар жайында ауызша түсіндіреді<br>**Пәнге тән лексика мен терминология:**<br>электрқыздырғыш приборлар, қыздыру шамы, қысқа тұйықталу, балқымалы сақтандырғыштар, температура, кедергі, қуат ,электр энергиясы<br>**Диалог пен жазу үшін пайдалы сөздер мен тіркестер:**<br>қысқа тұйықталу деп.....<br>балқымалы сақтандырғыштардың қызметі .....<br>ПӘК-і деп..... |
| **Құндылықтарды ард дарыту** | Бұл сабақ академиялық адалдық, жауапкершілік, топ ережесін сақтау, игерген білімдерін өмірде қолдану құндылығын дамытуға бағытталған. |
| **Пәнаралық байланыстар** | Есептерді шығарғанда математика пәнімен байланыс |
| **Бастапқы білім** | Электр тогының жұмысы мен қуаты. Металдардағы электр кедергісінің температураға тәуелділігі, асқын өткізгіштік |

**Сабақ барысы**

| **Сабақтың жоспарланған кезеңдері** | **Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| **Сабақтың басы,** **7** мин | **1.Оқушылардың белсенділіген аттыру мақсатында «Электр» сөзжұмбағы беріледі.**<br>1) «Электр» атауы қандай сөзден шыққан?<br>(электрон)<br><br>2) Диэлектриктен жасалған дене (изолятор)<br><br>3) Электрді өткізбейтін дене (резинка) | |

| | | |
|---|---|---|
| | 4) Электр зарядының бірлігін анықтаушы француз физигі. (Кулон)<br>5) Зарядтың таңбасы (теріс)<br>6) Денелердің электрленгенін анықтайтын аспап. (электроскоп) | |
| **Сабақтың ортасы,** 20 мин | **2.Жаңа тақырыпты оқушылардың өздері игерулеріне мүмкіндік беру**<br>Топпен жұмыс<br>**1-топ** Электрқыздырғыш құралдар.<br>**2-топ** Қыздыру шамдары<br>**3-топ** Қысқа тұйықталу.<br>**4-топ** Балқымалы сақтандырғыштар<br>Оқушылар топта талқылайды да, басқа топ мүшелерін өздерінің материалдарымен таныстырады. Соңында мұғалім оларға кері байланыс жасай отырып, теориялық материалдарға толықтырулар жасайды.<br>Қыздырғыш аспаптарға электр кептіргіш фендер, электр үтігі т.б жатады. Қыздырғыш аспапатрда қыздырғыш элемент болады.<br><br><br>**Қыздыру шамы:**<br>1-вольфрам қыл<br>2-металл шығыс<br>3-шыны тірек<br>4-түтікше<br>5-металл цоколь<br>6-контакт. | |
| 13 мин | **3.Сабақты бекіту.** Оқушылардың теориялық материалды меңгергендіктерін тексеру үшін сұрақтар қойылады.<br>1. Электр қыздырғыш құралдарына жататын құралдар<br>2. Қыздыру шамының құрамды бөліктері және әрқайсысының атқаратын қызметі қандай?<br>3. Қыздыру элементі қандай материалдан жасалады?<br>4. Қысқа тұйықталу дегеніміз не?<br>5. Электр тізбегіне сақтандырғыш не үшін керек?<br>6. Не себепті тізбектің басқа бір бөлігіне қарағанда, алдымен балқыған сақтандырғыш істен шығады?<br>**4. Жұпта талқылайтын сұрақтар** | |

| | | |
|---|---|---|
| | №680. Балқымалы сақтандырғыштарда баяу балқитын металдарды қолданбайтыны неліктен?<br>№681. Жөндеу кезінде электрқыздырғыштың спиралін қысқартқан. Оның қуаты мен қызуы өзгереме? Неге?<br>№682. Электр қыздырғышына ток жеткізетін сымдар спираль сияқты неге қызбайды?<br>№685. Сақтандырғыштың жанып кеткен қорғасын сымның орнына, мыс немесе болат сымдарын қолдануға бола ма? | |
| **Сабақтың соңы,**<br>5 мин | **5. Рефлексия**<br>- нені білдім, нені үйрендім<br>- нені толық түсінбедім<br>- немен жұмысты жалғастыру қажет.<br>**6. Үйге тапсырма:**Практикалық тапсырма | |

| | |
|---|---|
| ***Сабақ бойынша рефлексия***<br><br>*Сабақ мақсаттары/оқу мақсаттары дұрыс қойылған ба? Оқушылардың барлығы ОМ қол жеткізді ме? Жеткізбесе, неліктен? Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме? Сабақтың уақыттық кезеңдері сақталды ма? Сабақ жоспарынан қандай ауытқулар болды, неліктен?* | *Өз сабағыңыз туралы сол жақ бағанда берілген сұрақтарға жауап беріңіз* |
| | |

## 53. «Физика» оқу пәні, 10-сынып

I. Өткен оқу жылында өтілген оқу бағдарламасының мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттары

9.2.1.4 уақыттан тәуелділік графиктерінен орын ауыстыруды, жылдамдықты, үдеуді анықтау;

9.2.1.5 түзу сызықты теңайнымалы қозғалыс кезіндегі жылдамдық және үдеу формулаларын есептер шығаруда қолдану;

9.2.1.6 түзу сызықты теңайнымалы қозғалыс кезіндегі координата мен орын ауыстыру теңдеулерін есептер шығаруда қолдану

9.2.1.7 теңүдемелі қозғалыс кезіндегі дененің үдеуін эксперименттік жолмен анықтау;

9.2.1.8 теңүдемелі қозғалыс кезіндегі орын ауыстырудың және жылдамдықтың уақытқа тәуелділік графиктерін тұрғызу және оларды түсіндіру

9.2.1.9 еркін түсуді сипаттау үшін теңайнымалы қозғалыстың кинематикалық теңдеулерін қолдану

9.2.1.10 теңайнымалы және бірқалыпты қозғалыстың кинематикалық теңдеулерін қолдана отырып, горизонталь лақтырылған дененің қозғалысын сипаттау;

9.2.1.11 горизонталь лақтырылған дененің қозғалыс жылдамдығын анықтау ;

9.2.1.12 горизонталь лақтырылған дененің қозғалыс траекториясын сызу

9.2.1.13 дененің шеңбер бойымен бірқалыпты қозғалысын сызықтық және бұрыштық шамалар арқылы сипаттау;

9.2.1.14 сызықтық және бұрыштық жылдамдықты байланыстыратын өрнекті есептер шығаруда қолдану

9.2.1.15 центрге тартқыш үдеу формуласын есептер шығаруда қолдану

9.7.2.2 жұлдыздырдың жарқырауына әсер ететін факторларды атау

9.7.2.3 аспан сферасының негізгі элементтерін атау;

9.7.2.4 жұлдызды аспанның жылжымалы картасынан жұлдыздардың аспан координатасын анықтау

9.7.2.5 әртүрлі ендіктегі жұлдыздардың шарықтау айырмашылығын түсіндіру;

9.7.2.6 жергілікті, белдеулік және бүкіләлемдік уақытты сәйкестендіру

9.7.2.7 Кеплер заңдарының негізінде аспан денелерінің қозғалысын түсіндіру

9.7.2.8 Күн жүйесіндегі денелердің ара қашықтығын немесе өлшемдерін анықтау үшін параллакс әдісін қолдануды түсіндіру

9.2.2.1 инерция, инерттілік және инерциялық санақ жүйесі ұғымдарының мағынасын түсіндіру;

9.2.2.2 Ньютонның бірінші заңын тұжырымдау және оны есептер шығаруда қолдану

9.2.2.3 ауырлық күші, серпімділік күші, және үйкеліс күші табиғатын түсіндіру

9.2.2.2 Ньютонның екінші заңын тұжырымдау және оны есептер шығаруда қолдану

9.2.2.5 Ньютонның үшінші заңын тұжырымдау және оны есептер шығаруда қолдану

9.2.2.6 Бүкіләлемдік тартылыс заңын тұжырымдау және оны есептер шығаруда қолдану

9.2.2.10 үдеумен қозғалған дененің салмағын анықтау;

9.2.2.11 салмақсыздық күйді түсіндіру

9.2.2.9 бірінші ғарыштық жылдамдықтың формуласын есептер шығаруда қолдану;

9.2.2.7 ғарыш аппараттардың орбиталарын салыстыру;

9.2.2.8 тартылыс өрісіндегі дененің қозғалысын сипаттайтын шамаларды анықтау

9.2.3.1 дене импульсі мен күш импульсін ажырату

9.2.3.2 импульстің сақталу заңын тұжырымдау және есептер шығаруда қолдану;

9.2.3.5 механикалық жұмысты аналитикалық және графиктік тәсілдермен анықтау;

9.2.3.6 жұмыс пен энергияның байланысын түсіндіру

9.2.3.7 энергияның сақталу заңын тұжырымдау және есептер шығаруда қолдану

9.2.5.1 еркін және еріксіз тербелістерге мысалдар келтіру;

9.2.5.2 эксперименттік әдіспен амплитуда, период, жиілікті анықтау;

9.2.5.3 формулаларды қолданып, период, жиілік, циклдік жиілікті анықтау

9.2.5.4 тербелмелі процесте энергияның сақталу заңын сипаттау;

9.2.5.5 гармониялық тербелістердің графиктері бойынша координатаның, жылдамдықтың және үдеудің теңдеулерін жаза білу

9.2.5.6 әртүрлі тербелмелі жүйедегі тербелістің пайда болу себептерін түсіндіру;

9.2.5.7 маятниктер тербелісі периодының әртүрлі параметрлерге тәуелділігін зерттеу

9.2.5.8 математикалық маятник периодының формуласынан еркін түсу үдеуін анықтау;

9.2.5.9 период квадратының маятник ұзындығына тәуелділік графигін тұрғызу және талдау;

9.2.5.10 еріксіз тербеліс амплитудасының мәжбүрлеуші күштің жиілігіне тәуелділігін график бойынша сипаттау;

9.2.5.11 резонанс құбылысын сипаттау

9.4.4.1 тербелмелі контурдағы еркін электромагниттік тербелістерді сапалық түрде сипаттау

9.2.5.12 толқын жылдамдығы, жиілігі және толқын ұзындығы формулаларын есеп шығаруда қолдану;

9.2.5.15 дыбыстың пайда болу және таралу шарттарын атау;

9.2.5.16 дыбыс сипаттамаларын дыбыс толқындарының жиілігі және амплитудасымен сәйкестендіру;

9.2.5.17 резонанстың пайда болу шарттарын атау және оның қолданылуына мысалдар келтіру;

9.2.5.18 жаңғырықтың пайда болу табиғатын және оны қолдану әдістерін сипаттау;

9.4.4.2 механикалық толқындар мен электромагниттік толқындардың ұқсастығы мен айырмашылығын салыстыру;

9.4.4.3 электромагниттік толқындар шкаласын сипаттау және әртүрлі диапазондағы толқындардың қолданылуына мысалдар келтіру;

9.4.4.4 шыны призма арқылы өткен жарықтың дисперсиясына сапалы сипаттама беру

9.6.1.1 жылулық сәуле шығару энергиясының температураға тәуелділігін сипаттау

9.6.1.2 Планк формуласын есептер шығаруда қолдану

9.6.1.4 фотоэффект үшін Эйнштейн формуласын есептер шығаруда қолдану;

9.6.1.5 рентген сәулесін электромагниттік сәулелердің басқа түрлерімен салыстыру;

9.6.2.1 α, β және γ - сәулеленудің табиғаты мен қасиеттерін түсіндіру

9.6.1.7 α-бөлшегінің шашырауы бойынша Резерфорд тәжірибесін сипаттау

9.6.1.8 ядролық күштердің қасиеттерін сипаттау;

9.6.1.9 атом ядросының масса ақауын анықтау;

9.6.1.10 атом ядросының байланыс энергиясы формуласын есептер шығаруда қолдану

9.6.1.11 ядролық реакцияның теңдеуін шешуде зарядтық және массалық сандардың сақталу заңын қолдану;

9.6.2.3 радиоактивті ыдырау заңын есеп шығаруда қолдану

9.6.2.4 тізбекті ядролық реакциялардың өту шарттарын сипаттау;

9.6.2.5 ядролық реактордың жұмыс істеу принципін сипаттау

9.6.2.6 ядролық ыдырау мен ядролық синтезді салыстыру;


9.6.2.7 радиактивті изотоптарды қолданудың мысалдарын келтіру;

9. 6.3.8 элементар бөлшектерді жіктеу

II. Іріктеп алынған оқыту мақсаттары бойынша диагностикалық жұмыстың үлгісі (екі нұсқа)

**1-нұсқа**

1. График бойынша дененің үдеуі мен 10 с-тағы орын ауыстыруы




A -0,4 м/с$^2$; 20 м.
B -0,3 м/с$^2$; 35 м.
C -0,1 м/с$^2$; 25 м.
D -0,2 м/с$^2$; 30 м.
E -2 м/с$^2$; 40 м.

2. 10 м/с бастапқы жылдамдықпен қозғалған үдеуі 1 м/с$^2$ автомобильдің 192 м жол жүргендегі соңғы жылдамдығы

A. 22 м/с
B. 2 м/с
C. 2,2 м/с
D. 4 м/с
E.30 м/с

3. Ұзындығы 50 м таудан бала шанамен 20 с түсіп тоқтағанға дейін горизонталь жолмен 25 м жүргендегі шананың үдеуі

A. 0,1 м/с$^2$
B. 0,2 м/с$^2$
C. 0,5 м/с$^2$
D. 2 м/с$^2$
E. 10 м/с$^2$

4. 2 м/с$^2$тұрақты үдеумен қозғалған автомобильдің сол мезеттегі жылдамдығы 10 м/с. Осыған дейінгі 4 с-та жүрген жолы мен жылдамдықтың өзгерісі

A.20 м, 8 м/с-қа
B.24 м, 8 м/с -қа
C.15 м, 6 м/с -қа
D.15 м, 8 м/с -қа
E.24 м, 8 м/с -қа

5. Жердің жасанды серігінің орбитасының радиусын 2 есе арттырса айналым периоды 4 есе артады. Осы жағдайдағы жасанды серіктің жылдамдығының өзгерісі

A. 2 есе артады.

B. 4 есе артады.
C. 8 есе артады.
D. 2 есе кемиді.
E. 4 есе кемиді.

6. Тең үдемелі қозғалыстағы дененің жүрген жолының формуласы
A. $S = x + x_0$.
B. $S = \upsilon_0 t + \frac{at^2}{2}$.
C. $S = \upsilon_0 + \frac{at^2}{2}$.
D. $S = \upsilon t$.
E. $S = \upsilon_0 + at$.

7. Биіктігі 80 м көлбеу мұнарадан бастапқы жылдамдықсыз тасталған тастың құлау уақыты ($g = 10$ м/с$^2$)
A ≈ 6 с
B ≈ 5 с
C ≈ 1 с
D ≈ 4 с
E≈ 10 с

8. Жердің жасанды серігі Күнге қатысты ... қозғалады.
A. шеңбер бойымен
B. эллипс бойымен
C. циклоидттың күрделі траекториясымен
D. түзу бойымен
E. парабола бойымен

9. Екі дененің теңдеулері $x = 5 - t$ және $x = -10 + 0{,}5t$ берілген. Денелердің кездесуге дейінгі координаты мен уақыты
A -5м; 10с
B 5м; 10с
C 5см; 10с
D 10м; 5с
E -10м; 5с

10. Ұзындығы 0,6 м жіп 1800 Н күшке шыдайды. Жіпте массасы 3 кг тас айналуда. Горизонталь жазықтықта жіп үзілмейтіндей тасты айналу жиілігі ($g = 10$м/с$^2$)
A. 5 Гц
B.500 Гц
C. 400Гц
D.50Гц

E. 100Гц

11. Екі дене арасындағы арақашықтық 2 есе артса, тартылыс күші
A. 4 есе артады.
B. 4 есе кемиді.
C. 2 есе кемиді.
D. өзгермейді.
E. 2 есе артады.

12. Қисықтық радиусы 100м дөңес көпірдің үстімен 60 км/сағ жылдамдықпен өткен, массасы 2 т автомобиль салмағының өзгерісі
A. 5600 Н-ға артады
B. 5600 Н-ға кемиді
C. Өзгермейді
D. 2000 Н-ға артады
E. 2000 Н-ға кемиді

13. Әр метрдің массасы 400 г арқанмен, массасы 8 кг суы бар шелекті тереңдігі 10 м құдықтан көтергендегі жұмыс ($g = 10$ м/с$^2$)
A.2 кДж
B.1,2 кДж
C. 3 кДж
D. 4,2 кДж
E. 5 кДж

14. Қатаңдығы 40 кН/м серіппені 0,5 см ге созу үшін атқарылатын жұмыс
A. 1 Дж
B. 0,5 Дж
C. 0,6 Дж
D. 2 Дж
E. 2,5 Дж

15. Бақылаушы биік таудың баурайынан 200 м қашықтықта тұр. Өзінің қатты дауыстаған сөзінің жаңғырығын еститін уақыты (дыбыстың таралу жылдамдығы 340 м/с)
A ≈ 0,6 с.
B ≈ 0,06 с
C ≈ 2с.
D ≈ 1,2 с.
E ≈ 1,7 с.

16. Фотоэффектінің күміс үшін қызыл шекарасы 0,29 мкм. Электрондардың күмістен шығу жұмысы ($c = 3\cdot10^8$ м/с; $h = 6{,}63\cdot10^{-34}$Дж·с)
A. 6,86 Дж
B. 686 Дж

C. $6{,}86\cdot10^{-19}$ Дж
D. $686\cdot10^{-19}$Дж
E. $6{,}86\cdot10^{-34}$ Дж

17. Қатаңдығы 200 Н/м серіппеге ілінген жүк $x = 0{,}1\sin 5t$ тербеліс теңдеуімен тербеледі. Жүктің массасы
A. 8 кг
B. 20 кг
C. 16 кг
D. 5 кг
E 100 г


18. Рентген түтікшесі 50 кВ кернеумен жұмыс істейді. Сәуле шығарудың минимал толқын ұзындығы ($c = 3\cdot10^{8}$ м/с; $h = 6{,}63\cdot10^{-34}$Дж·с; $e = 1{,}6\cdot10^{-19}$ Кл)
A. 0,025 нм
B. 0,25 нм
C. 25 нм
D. 2,5 нм
E. 250 нм

19. Массасы 10 кг дене 20Н күштің әсерінен жылдамдығын 2 м/с-ге арттырғанда, күш әсері созылатын уақыт
A. 1с
B. 6 с
C. 4 с
D. 2 с
E. 4 с

20. Массасы 8 кг мылтықтан массасы 16 г оқ 600 м/с жылдамдықпен ұшып шықты. Мылтықтың кері қозғалу жылдамдығы.
A. 1,2 м/с
B. 0,6 м/с
C. 2,2 м/с
D. 0,1 м/с
E. 4 м/с


**2-нұсқа**

Төмендегі графикте автокөлік жылдамдығы қысқа уақыт аралығында қалай өзгеретіні бейнеленген. Жолдың әрбір бөлігі сәйкесінше A, B, C, D және E деп белгіленген.




1) Автокөліктің жолдың В бөлігіндегі қозғалысын сипатңадар және үдеуін анықтаңдар.
2) Графиктен автокөліктің тұрақты жылдамдықпен қозғалған бөлігін анықтап жазыңыз.
3) Автокөліктің жалпы жүрген жолын анықтаңыз.

1. Суретте қол шананы сүйреп бара жатқан адам бейнеленген.




Шананың қозғалыс үдеуі 1,5 м/с2. Шана мен баланың жалпы массасы
38 кг.

1) Күш, масса және үдеуді байланыстыратын теңдеуді жазыңыз.
2) Шанаға әсер ететін күшті анықтаңыз.

3. Массасы 1,4·104кг спутник, Жердің центрінен 6800 км қашықтықтағы орбитада орналасқан. (Жердің массасы 6·1024кг, $G$=6,67·10−11 Н м2 кг-2). Спутник пен Жер арасындағы тартылыс күшін есептеңіз.


4. Суретте ермексаздан жасалған екі шар қарама-қарсы бағытта келе жатқандығы бейнеленген. Соққы серпімсіз.




а) Соқтығысқаннан кейінгі шарлардың жылдамдығын және бағытын анықтаңыз.

Шарлардың соқтығысқанға дейінгі кинетикалық энергиясының өзгерісін соқтығысқаннан кейінгі энергия өзгерісімен салыстырыңыз.

5.Суретте тербелмелі дененің орын ауыстыруының уақытқа тәуелді графигі көрсетілген.




Берілген графиктен анықтаңыз:

1) Тербеліс амплитудасын.
2) Тербеліс периодын
3) Тербеліс жиілігін

**III. Сабақ барысында толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары**

| | |
|---|---|
| 9.2.1.4 уақыттан тәуелділік графиктерінен орын ауыстыруды, жылдамдықты, үдеуді анықтау; | 10.1.1.5 - жылдамдықтың уақытқа тәуелділігі графигін пайдалана отырып, теңүдемелі қозғалыс кезіндегі орын ауыстыру формуласын қорытып шығару; |
| 9.2.1.8 теңүдемелі қозғалыс кезіндегі | 10.1.1.6 - сандық және графиктік |

| | |
|---|---|
| орын ауыстырудың және жылдамдықтың уақытқа тәуелділік графиктерін тұрғызу және оларды түсіндіру | есептерді шығаруда кинематика теңдеулерін қолдану |
| 9.2.1.6 түзу сызықты теңайнымалы қозғалыс кезіндегі координата мен орын ауыстыру теңдеулерін есептер шығаруда қолдану | 10.1.1.7 - инварианты және салыстырмалы физикалық шамаларды ажырату; |
| 9.2.1.5 түзу сызықты теңайнымалы қозғалыс кезіндегі жылдамдық және үдеу формулаларын есептер шығаруда қолдану; | 10.1.1.8 - жылдамдықтарды қосу мен орын ауыстыруды қосудың классикалық заңын есеп шығаруда қолдану |
| 9.2.1.13 дененің шеңбер бойымен бірқалыпты қозғалысын сызықтық және бұрыштық шамалар арқылы сипаттау;<br>9.2.1.14 сызықтық және бұрыштық жылдамдықты байланыстыратын өрнекті есептер шығаруда қолдану | 10.1.1.9 - қисықсызықты қозғалыс кезіндегі траекторияның қисықтық радиусын, дененің тангенциалды, центрге тартқыш және толық үдеуін анықтау; |
| 9.2.1.11 горизонталь лақтырылған дененің қозғалыс жылдамдығын анықтау ;<br>9.2.1.12 горизонталь лақтырылған дененің қозғалыс траекториясын сызу | 10.1.1.10 - көкжиекке бұрыш жасай лақтырылған дененің қозғалысы кезіндегі кинематикалық шамаларын анықтау; |
| 9.2.2.3 ауырлық күші, серпімділік күші, және үйкеліс күші табиғатын түсіндіру | 10.1.2.1 - бірнеше күштің әрекетінен болатын дененің қозғалысына есеп шығарудың алгоритмдерін құру |
| 9.2.2.6 Бүкіләлемдік тартылыс заңын тұжырымдау және оны есептер шығаруда қолдану | 10.1.2.2 - инертті масса мен гравитациялық массаның физикалық мағынасын түсіндіру;<br>10.1.2.3 - материалдық нүктенің гравитациялық өріс кернеулігі мен потенциалының қашықтыққа тәуелділік |

| | |
|---|---|
| | графигін түсіндіру;<br>10.1.2.4 - бүкіл әлемдік тартылыс заңын есептер шығаруда қолдану |
| 9.2.2.1 инерция, инерттілік және инерциялық санақ жүйесі ұғымдарының мағынасын түсіндіру; | 10.1.2.5 - материалдық дененің инерция моментін есептеу үшін Штейнер теоремасын қолдану |
| 9.2.1.10 теңайнымалы және бірқалыпты қозғалыстың кинематикалық теңдеулерін қолдана отырып, горизонталь лақтырылған дененің қозғалысын сипаттау; | 10.1.2.6 - айналмалы қозғалыс динамикасының негізгі теңдеуін есеп шығаруда қолдану;<br>10.1.2.7 - айналмалы және ілгерілемелі қозғалысты сипаттайтын физикалық шамалардың арасындағы сәйкестікті жүргізу |
| 9.2.1.15 центрге тартқыш үдеу формуласын есептер шығаруда қолдан | 10.1.3.1 - абсолют қатты дененің және денелер жүйесінің массалар центрін анықтау |
| 9.2.2.2 Ньютонның бірінші заңын тұжырымдау және оны есептер шығаруда қолдану<br>9.2.2.2 Ньютонның екінші заңын тұжырымдау және оны есептер шығаруда қолдану | 10.1.3.2 - әртүрлі тепе-теңдікті түсіндіру кезінде себеп-салдар байланысын орнату |
| 9.2.2.5 Ньютонның үшінші заңын тұжырымдау және оны есептер шығаруда қолдану | 10.1.3.3 - күштерді қосудың заңдылығын эксперименттік тексеру және күш шамасын тәжірибелік жолмен анықтау |
| 9.2.3.1 дене импульсі мен күш импульсін ажырату<br>9.2.3.2 импульстің сақталу заңын тұжырымдау және есептер шығаруда қолдану; | 10.1.4.1 - сақталу заңдарын сандық және эксперименттік есептерді шығаруда қолдану |

V. Кіріктірілетін оқыту мақсаттары бойынша ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгісі

| | |
|---|---|
| Бөлімі: | **Динамика** |
| Педагогтің аты-жөні: | Алимжанова Г.Р |
| Күні: | |
| Сыныбы: **10** | Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы: | **Айналмалы қозғалыс динамикасының негізгі теңдеуі.** |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты | 9.2.1.10 теңайнымалы және бірқалыпты қозғалыстың кинематикалық теңдеулерін қолдана отырып, горизонталь лақтырылған дененің қозғалысын сипаттау;<br>10.1.2.6 - айналмалы қозғалыс динамикасының негізгі теңдеуін есеп шығаруда қолдану;<br>10.1.2.7 - айналмалы және ілгерілемелі қозғалысты сипаттайтын физикалық шамалардың арасындағы сәйкестікті жүргізу; |
| Сабақтың мақсаты: | **Оқушылардың барлығы**:<br>теңайнымалы және бірқалыпты қозғалыстың кинематикалық теңдеулерін қолданады;<br>айналмалы қозғалысты сипаттайтын кинематикалық және динамикалық шамалардың арасындағы ұқсастықтарын салыстыра біледі.<br>1. $\sum_{i=1}^{n} F_i=0$ шарты кезінде кез келген үдемелі ілгерілемелі қозғалыс болмайтындығын;<br>$\sum_{i=1}^{n} M_i=0$ шарты кезінде оның үдемелі айналмалы қозғалысы болмайтынын түсінеді.<br>**Оқушылардың көпшілігі:**<br>теңайнымалы және айналмалы қозғалыс динамикасының негізгі теңдеуін есеп шығаруда қолданады;<br>**Оқушылардың кейбірі**:<br>айналмалы қозғалыс динамикасының негізгі теңдеуін түрлендіреді және есеп шығаруды жақсы меңгереді. |
| Бағалау критерийлері | теңайнымалы және бірқалыпты қозғалыстың кинематикалық теңдеулерін меңгереді;<br>– $\sum_{i=1}^{n} F_i=0$ шарты кезінде кез келген үдемелі ілгерілемелі қозғалыс болмайтындығын;<br>$\sum_{i=1}^{n} M_i=0$ шарты кезінде оның үдемелі айналмалы қозғалысы болмайтынын түсінеді;<br>айналмалы қозғалыс динамикасының негізгі теңдеуін түрлендіреді және есеп шығаруды жақсы меңгереді. |
| Құндылықтарға баулу | Тұжырымдамалар мен қорытындыларды жасау дағдыларын қалыптастыру, логикалық ойлауды дамыту және топта жұмыс істей білуге, өз ойларын еркін жеткізе білуге көмектесетін дағдыларды дамыту. Бір-бірін тыңдай білуге, әркімнің пікірі құнды екенін түсініп, жұмыс жасауға дағдыландыру. |

**Сабақтың барысы:**

| Сабақ кезеңі/ Уақыты | Педагогтің іс-әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы**<br><br>**8 мин** | **1.Ұйымдастыру**<br><br>**2.»Білгеніңмен бөліс»**<br><br>9.2.1.10 теңайнымалы және бірқалыпты қозғалыстың кинематикалық теңдеулерін қолдана отырып, горизонталь лақтырылған дененің қозғалысын сипаттау мақсатына сәйкес<br><br>1. Бірқалыпты түзусызықты қозғалысты сипаттайтын шамалар<br>2. Теңайнымалы қозғалыстың кинематикалық теңдеулері<br>3.Горизонталь лақтырылған дененің қозғалысына мысалдар келтіру<br>4.Қисық сызықты қозғалысқа мысалдар келтіру<br><br>**3.Қызығушылықты ояту**<br>Неліктен фигурист қолы мен аяғын денесіне жақындатқанда оның айналысының шапшаңдығы артады? | 9-сынып бойынша өтілген тақырыпты еске түсіреді.<br>Сыныптастарының жауабын тыңдап, ұсыныстар айтады.<br>Мұғалім оқушылардың жауабын презентациядағы мәліметтер мен толықтырады.<br>Қажетті формулаларды дәптерге жазып отырады<br><br>Оқушылар ойларымен бөлісіп, сұраққа жауап береді. | **Дескриптор:**<br><br>теңайнымалы және бірқалыпты қозғалыс теңдеулерін еске түсіріп, жазады;<br>Жалпы балл-1 | Презентация, 9-сынып бойынша.<br><br>Презентация, 10-сынып оқулығы |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | <br><br>Мұғалім оқушылардың жауабын толықтырып, сабақтың тақырыбы мен мақсатын айтады. | | | |
| **Сабақтың ортасы**<br><br>**14 мин** | **4.Жаңа тақырыпты меңгерту**<br><br>**Импульс (қозғалыс мөлшері) –** дененің механикалық қозғалысының өлшемі болып табылатын векторлық физикалық шама.<br>**Күш импульсі** – күштің, осы күш әсер ету уақытына көбейтіндісіне тең, берілген уақыт аралығында күштің денеге әсер ету өлшемі болып саналатын векторлық физикалық шама.<br>**Оқушыларға бейне материалдар** көрсетіліп, сұрақтар қойылады, нәтижесінде айналмалы қозғалыс динамикасының негізгі теңдеуі мен импульс моменті, импульс моментінің сақталу заңын мұғалім оқушылармен бірлесе отырып қорытып шығарады**.**<br><br>Айналмалы және ілгерілемелі қозғалысты | Оқушылар қажетті ақпараттарды дәптерге жазып отырады, кесте толтырады. | **Дескриптор:** дене импульсі мен күш импульсінің арасындағы байланысты меңгереді; айналмалы қозғалыс үшін импульс моментінің сақталу заңын түсінеді;<br>Жалпы балл-4 | Презентация, видео материал. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | сипаттайтын физикалық шамалардың арасындағы сәйкестік туралы кесте толтырады | | | |
| **15 мин** | **5.Бекіту**<br>**Топтық жұмыс**<br>**1-топ:**<br>1)Массасы 50 кг оқушы секундына 2 айналым жасайтын, радиусы 1 м платформаның ортасында тұр. Оқушы платформаның шетіне қарай жылжығаннан кейінгі платформаның бұрыштық жылдамдығының өзгерісін анықтаңыз. Платформаның инерция моменті 30 кг $\cdot$ м$^2$.<br>2)Неліктен тік ұшақта 2 винт болады?<br><br>**2-топ:**<br>1)Тегершікті доңғалақ $\varepsilon$= 0,5 рад/с$^2$ бұрыштық үдеумен айнала бастайды. $t1$ = 15 с өткеннен кейін доңғалақтың импульс моменті $L_1$ = 73,5 кг·м$^2$/с. Қозғалыс басталғаннан кейін $t2$ = 20 с кезіндегі дөңгелектің айналмалы кинетикалық энергиясын табыңыз.<br>2)Мысық неліктен жерге ылғи аяғымен түседі?<br><br>**3-топ:**<br>1)Тегіс көлбеу жазықтық бойымен массалары бірдей шар мен цилиндр бірдей уақытта домалап бастады. Екі дененің қайсысы белгіленген жерге ертерек жетеді?<br>2) Сіздің қолыңызда үрленген шар бар және оның ауызы байланбаған. Егер шарды жібере салса не болар еді? | | **Дескриптор:**<br>айналмалы және ілгерілемелі қозғалысты сипаттайтын физикалық шамалардың арасындағы сәйкестікті анықтайды;<br>айнымалы қозғалыстың инерция моменті мен кинетикалық энергиясын анықтайды;<br>материалға сүйене отырып, сұрақтарға жауап береді.<br>Жалпы балл-5 | |
| **Сабақтың соңы.**<br>**5 мин** | **6.Рефлексия**<br>-нені білдім, нені үйрендім<br>- нені толық түсінбедім<br>-немен жұмысты жалғастыру қажет<br><br>**7.Үй тапсырмасы**<br>Жаттығу тапсырмалары | Бірнеше оқушы өз ойымен бөлісіп, оқу мақсатына қалай қол жеткізгені туралы пікір бөліседі. | | |

| | | |
|---|---|---|
| Саралау. Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз қабілетті оқушылардың | Бағалау. Сіз оқушылардың материалды игеру | Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау |

| | | |
|---|---|---|
| алдына қандай тапсырмалар қоясыз? | деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз? | |
| Саралау тапсырмаларды іріктеуді, белгілі бір оқушыдан күтілетін нәтижені, оқушыға жеке қолдау көрсетуде, оқу материалы мен ресурстарды оқушылардың жеке қабілеттерін ескере отырып әзірлеуді қамтиды. | Тапсырмаға критерий бойынша құрастырылған дескрипторларды қолдану арқылы, ал критерий оқу мақсатына тікелей негізделген болуы қажет | Денсаулық сақтау технологиялары. Сабақта сергіту жаттығулары мен белсенді жұмыс түрлерін қолданамын. Осы сабақта қолданылатын Қауіпсіздік техникасы ережелерінің тармақтары орындалады. |
| **Жалпы бағалау**<br>Сабақтың қандай екі аспектісі жақсы өтті? Оқыту туралы да, сабақ беру туралы да ойланыңыз.<br>1:<br>2:<br>Сабақты жақсартуға не жәрдемдесер еді? Оқыту туралы да, сабақ беру туралы да ойланыңыз.<br>1:<br>2:<br>Сабақ кезінде, сынып немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері/қиыншылықтары туралы мен нені анықтадым? Келесі сабақтарда неге назар аудару керек?<br>1:<br>2: | | |

## V. Сабақтан тыс уақытта толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары

9.2.1.7 теңүдемелі қозғалыс кезіндегі дененің үдеуін эксперименттік жолмен анықтау;

9.2.1.9 еркін түсуді сипаттау үшін теңайнымалы қозғалыстың кинематикалық теңдеулерін қолдану

9.7.2.2 жұлдыздырдың жарқырауына әсер ететін факторларды атау

9.7.2.3 аспан сферасының негізгі элементтерін атау;

9.7.2.4 жұлдызды аспанның жылжымалы картасынан жұлдыздардың аспан координатасын анықтау

9.7.2.5 әртүрлі ендіктегі жұлдыздардың шарықтау айырмашылығын түсіндіру;

9.7.2.6 жергілікті, белдеулік және бүкіләлемдік уақытты сәйкестендіру

9.7.2.7 Кеплер заңдарының негізінде аспан денелерінің қозғалысын түсіндіру

9.7.2.8 Күн жүйесіндегі денелердің ара қашықтығын немесе өлшемдерін анықтау үшін параллакс әдісін қолдануды түсіндіру

9.2.2.10 үдеумен қозғалған дененің салмағын анықтау;

9.2.2.11 салмақсыздық күйді түсіндіру

9.2.2.9 бірінші ғарыштық жылдамдықтың формуласын есептер шығаруда қолдану;

9.2.2.7 ғарыш аппараттардың орбиталарын салыстыру;

9.2.2.8 тартылыс өрісіндегі дененің қозғалысын сипаттайтын шамаларды анықтау

9.2.3.5 механикалық жұмысты аналитикалық және графиктік тәсілдермен анықтау;

9.2.3.6 жұмыс пен энергияның байланысын түсіндіру

9.2.3.7 энергияның сақталу заңын тұжырымдау және есептер шығаруда қолдану

9.2.5.1 еркін және еріксіз тербелістерге мысалдар келтіру;

9.2.5.2 эксперименттік әдіспен амплитуда, период, жиілікті анықтау;

9.2.5.3 формулаларды қолданып, период, жиілік, циклдік жиілікті анықтау

9.2.5.4 тербелмелі процесте энергияның сақталу заңын сипаттау;

9.2.5.5 гармониялық тербелістердің графиктері бойынша координатаның, жылдамдықтың және үдеудің теңдеулерін жаза білу

9.2.5.6 әртүрлі тербелмелі жүйедегі тербелістің пайда болу себептерін түсіндіру;

9.2.5.7 маятниктер тербелісі периодының әртүрлі параметрлерге тәуелділігін зерттеу

9.2.5.8 математикалық маятник периодының формуласынан еркін түсу үдеуін анықтау;

9.2.5.9 период квадратының маятник ұзындығына тәуелділік графигін тұрғызу және талдау;

9.2.5.10 еріксіз тербеліс амплитудасының мәжбүрлеуші күштің жиілігіне тәуелділігін график бойынша сипаттау;

9.2.5.11 резонанс құбылысын сипаттау

9.4.4.1 тербелмелі контурдағы еркін электромагниттік тербелістерді сапалық түрде сипаттау

9.2.5.12 толқын жылдамдығы, жиілігі және толқын ұзындығы формулаларын есеп шығаруда қолдану;

9.2.5.15 дыбыстың пайда болу және таралу шарттарын атау;

9.2.5.16 дыбыс сипаттамаларын дыбыс толқындарының жиілігі және амплитудасымен сәйкестендіру;

9.2.5.17 резонанстың пайда болу шарттарын атау және оның қолданылуына мысалдар келтіру;

9.2.5.18 жаңғырықтың пайда болу табиғатын және оны қолдану әдістерін сипаттау;

9.4.4.2 механикалық толқындар мен электромагниттік толқындардың ұқсастығы мен айырмашылығын салыстыру;

9.4.4.3 электромагниттік толқындар шкаласын сипаттау және әртүрлі диапазондағы толқындардың қолданылуына мысалдар келтіру;

9.4.4.4 шыны призма арқылы өткен жарықтың дисперсиясына сапалы сипаттама беру

9.6.1.1 жылулық сәуле шығару энергиясының температураға тәуелділігін сипаттау

9.6.1.2 Планк формуласын есептер шығаруда қолдану

9.6.1.4 фотоэффект үшін Эйнштейн формуласын есептер шығаруда қолдану;

9.6.1.5 рентген сәулесін электромагниттік сәулелердің басқа түрлерімен салыстыру;

9.6.2.1 α, β және γ - сәулеленудің табиғаты мен қасиеттерін түсіндіру

9.6.1.7 α-бөлшегінің шашырауы бойынша Резерфорд тәжірибесін сипаттау

9.6.1.8 ядролық күштердің қасиеттерін сипаттау;

9.6.1.9 атом ядросының масса ақауын анықтау;

9.6.1.10 атом ядросының байланыс энергиясы формуласын есептер шығаруда қолдану

9.6.1.11 ядролық реакцияның теңдеуін шешуде зарядтық және массалық сандардың сақталу заңын қолдану;

9.6.2.3 радиоактивті ыдырау заңын есеп шығаруда қолдану

9.6.2.4 тізбекті ядролық реакциялардың өту шарттарын сипаттау;

9.6.2.5 ядролық реактордың жұмыс істеу принципін сипаттау

9.6.2.6 ядролық ыдырау мен ядролық синтезді салыстыру;

9.6.2.7 радиактивті изотоптарды қолданудың мысалдарын келтіру;

9. 6.3 элементар бөлшектерді жіктеу

VI. Кіріктіруге болмайтын оқыту мақсаттары қарастырылатын консультациялардың кестесі

1) жаңа тақырыптың алдында ұйымдастырылатын консультациялар кестесі

**1- тоқсан**

9.2.1.4 уақыттан тәуелділік графиктерінен орын ауыстыруды, жылдамдықты, үдеуді анықтау;

9.2.1.8 теңүдемелі қозғалыс кезіндегі орын ауыстырудың және жылдамдықтың уақытқа тәуелділік графиктерін тұрғызу және оларды түсіндіру

9.2.1.6 түзу сызықты теңайнымалы қозғалыс кезіндегі координата мен орын ауыстыру теңдеулерін есептер шығаруда қолдану

9.2.1.5 түзу сызықты теңайнымалы қозғалыс кезіндегі жылдамдық және үдеу формулаларын есептер шығаруда қолдану;

9.2.1.13 дененің шеңбер бойымен бірқалыпты қозғалысын сызықтық және бұрыштық шамалар арқылы сипаттау;

9.2.1.14 сызықтық және бұрыштық жылдамдықты байланыстыратын өрнекті есептер шығаруда қолдану

9.2.1.11 горизонталь лақтырылған дененің қозғалыс жылдамдығын анықтау ;

9.2.1.12 горизонталь лақтырылған дененің қозғалыс траекториясын сызу

9.2.2.3 ауырлық күші, серпімділік күші, және үйкеліс күші табиғатын түсіндіру

9.2.2.6 Бүкіләлемдік тартылыс заңын тұжырымдау және оны есептер шығаруда қолдану

9.2.2.1 инерция, инерттілік және инерциялық санақ жүйесі ұғымдарының мағынасын түсіндіру;

9.2.1.10 теңайнымалы және бірқалыпты қозғалыстың кинематикалық теңдеулерін қолдана отырып, горизонталь лақтырылған дененің қозғалысын сипаттау;

9.2.1.15 центрге тартқыш үдеу формуласын есептер шығаруда қолдан

9.2.2.2 Ньютонның бірінші заңын тұжырымдау және оны есептер шығаруда қолдану

9.2.2.2 Ньютонның екінші заңын тұжырымдау және оны есептер шығаруда қолдану

9.2.2.5 Ньютонның үшінші заңын тұжырымдау және оны есептер шығаруда қолдану

9.2.3.1 дене импульсі мен күш импульсін ажырату

9.2.3.2 импульстің сақталу заңын тұжырымдау және есептер шығаруда қолдану;

2) каникул кездерінде ұйымдастырылатын консультациялар кестесі (күзгі, қысқы, көктемгі)

**күзгі**

9.2.1.7 теңүдемелі қозғалыс кезіндегі дененің үдеуін эксперименттік жолмен анықтау;

9.2.1.9 еркін түсуді сипаттау үшін теңайнымалы қозғалыстың кинематикалық теңдеулерін қолдану

9.7.2.2 жұлдыздырдың жарқырауына әсер ететін факторларды атау

9.7.2.3 аспан сферасының негізгі элементтерін атау;

9.7.2.4 жұлдызды аспанның жылжымалы картасынан жұлдыздардың аспан координатасын анықтау

9.7.2.5 әртүрлі ендіктегі жұлдыздардың шарықтау айырмашылығын түсіндіру;

9.7.2.6 жергілікті, белдеулік және бүкіләлемдік уақытты сәйкестендіру

9.7.2.7 Кеплер заңдарының негізінде аспан денелерінің қозғалысын түсіндіру

9.7.2.8 Күн жүйесіндегі денелердің ара қашықтығын немесе өлшемдерін анықтау үшін параллакс әдісін қолдануды түсіндіру

9.2.2.10 үдеумен қозғалған дененің салмағын анықтау;

9.2.2.11 салмақсыздық күйді түсіндіру

9.2.2.9 бірінші ғарыштық жылдамдықтың формуласын есептер шығаруда қолдану;

9.2.2.7 ғарыш аппараттардың орбиталарын салыстыру;

9.2.2.8 тартылыс өрісіндегі дененің қозғалысын сипаттайтын шамаларды анықтау

9.2.3.5 механикалық жұмысты аналитикалық және графиктік тәсілдермен анықтау;

9.2.3.6 жұмыс пен энергияның байланысын түсіндіру

9.2.3.7 энергияның сақталу заңын тұжырымдау және есептер шығаруда қолдану

9.2.5.1 еркін және еріксіз тербелістерге мысалдар келтіру;

9.2.5.2 эксперименттік әдіспен амплитуда, период, жиілікті анықтау.

**Зертханалық жұмыстар**

№ 1-зертханалық жұмыс. «Теңүдемелі қозғалыс кезіндегі дененің үдеуін анықтау».

№ 2-зертханалық жұмыс. «Горизонталь лақтырылған дененің қозғалысын зерделеу».

**қысқы**

9.2.5.3 формулаларды қолданып, период, жиілік, циклдік жиілікті анықтау

9.2.5.4 тербелмелі процесте энергияның сақталу заңын сипаттау;

9.2.5.5 гармониялық тербелістердің графиктері бойынша координатаның, жылдамдықтың және үдеудің теңдеулерін жаза білу

9.2.5.6 әртүрлі тербелмелі жүйедегі тербелістің пайда болу себептерін түсіндіру;

9.2.5.7 маятниктер тербелісі периодының әртүрлі параметрлерге тәуелділігін зерттеу

9.2.5.8 математикалық маятник периодының формуласынан еркін түсу үдеуін анықтау;

9.2.5.9 период квадратының маятник ұзындығына тәуелділік графигін тұрғызу және талдау;

9.2.5.10 еріксіз тербеліс амплитудасының мәжбүрлеуші күштің жиілігіне тәуелділігін график бойынша сипаттау;

9.2.5.11 резонанс құбылысын сипаттау

тербелмелі контурдағы еркін электромагниттік тербелістерді сапалық түрде сипаттау

9.2.5.12 толқын жылдамдығы, жиілігі және толқын ұзындығы формулаларын есеп шығаруда қолдану;

9.2.5.15 дыбыстың пайда болу және таралу шарттарын атау;

9.2.5.16 дыбыс сипаттамаларын дыбыс толқындарының жиілігі және амплитудасымен сәйкестендіру;

9.2.5.17 резонанстың пайда болу шарттарын атау және оның қолданылуына мысалдар келтіру;

9.2.5.18 жаңғырықтың пайда болу табиғатын және оны қолдану әдістерін сипаттау;

9.4.4.2 механикалық толқындар мен электромагниттік толқындардың ұқсастығы мен айырмашылығын салыстыру;

9.4.4.3 электромагниттік толқындар шкаласын сипаттау және әртүрлі диапазондағы толқындардың қолданылуына мысалдар келтіру;

9.4.4.4 шыны призма арқылы өткен жарықтың дисперсиясына сапалы сипаттама беру

**Зертханалық жұмыстар**

№ 3-зертханалық жұмыс. «Математикалық маятниктің көмегімен еркін түсу үдеуін анықтау»

№4-зертханалық жұмыс. «Беттік толқындардың таралу жылдамдығын анықтау»

**көктемгі**

9.6.1.1 жылулық сәуле шығару энергиясының температураға тәуелділігін сипаттау

9.6.1.2 Планк формуласын есептер шығаруда қолдану

9.6.1.4 фотоэффект үшін Эйнштейн формуласын есептер шығаруда қолдану;

9.6.1.5 рентген сәулесін электромагниттік сәулелердің басқа түрлерімен салыстыру;

9.6.2.1 α, β және γ - сәулеленудің табиғаты мен қасиеттерін түсіндіру

9.6.1.7 α-бөлшегінің шашырауы бойынша Резерфорд тәжірибесін сипаттау

9.6.1.8 ядролық күштердің қасиеттерін сипаттау;

9.6.1.9 атом ядросының масса ақауын анықтау;

9.6.1.10 атом ядросының байланыс энергиясы формуласын есептер шығаруда қолдану

9.6.1.11 ядролық реакцияның теңдеуін шешуде зарядтық және массалық сандардың сақталу заңын қолдану;

9.6.2.3 радиоактивті ыдырау заңын есеп шығаруда қолдану

9.6.2.4 тізбекті ядролық реакциялардың өту шарттарын сипаттау;

9.6.2.5 ядролық реактордың жұмыс істеу принципін сипаттау

9.6.2.6 ядролық ыдырау мен ядролық синтезді салыстыру;

9.6.2.7 радиактивті изотоптарды қолданудың мысалдарын келтіру;

9. 6.3 элементар бөлшектерді жіктеу.

## VII. Жазғы мектеп кезінде ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгісі

<table>
<tr><td colspan="2">Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі:</td><td>Астрономия</td></tr>
<tr><td colspan="2">Күні:</td><td>Мұғалімнің аты-жөні: Алимжанова Г.Р</td></tr>
<tr><td colspan="2">Сынып: 10</td><td>Қатысқандар саны:<br><br>Қатыспағандар саны:</td></tr>
<tr><td>Сабақ тақырыбы</td><td colspan="2">Күн жүйесіндегі ғаламшарлардың қозғалыс заңдары</td></tr>
<tr><td>Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)</td><td colspan="2">9.7.2.7- Кеплер заңдарының негізінде аспан денелерінің қозғалысын түсіндіру;</td></tr>
<tr><td>Сабақ мақсаттары</td><td colspan="2">Оқушылар:<br><br>Кеплер заңдарын тұжырымдай білу;<br><br>Кеплер заңдарын есеп шығаруда қолдана білу;</td></tr>
<tr><td>Жетістік критерийлері</td><td colspan="2"><table>
<tr><th>Дағдылар</th><th>Бағалау критерийлері</th></tr>
<tr><td rowspan="2">Білу және түсіну</td><td>Кеплер заңдарын тұжырымдай алады</td></tr>
<tr><td>Кеплер заңдарының негізінде аспан денелерінің қозғалысын түсіндіре алады</td></tr>
<tr><td>Қолдану</td><td>Кеплер заңдарын есеп шығаруда қолдана алады</td></tr>
</table></td></tr>
<tr><td>Тілдік мақсаттар</td><td colspan="2">Пәнге тән лексика мен терминология:<br><br>Күн, Жер, Ай, ғаламшарлар,комета, астероидтар<br><br>Диалог пен жазу үшін қажет сөз тіркестер:<br><br>Күннен қашықтығының өсу ретімен алғанда олар:.....<br><br>Барлық ғаламшарлардың массасы Күн массасының .....маңында ғана.</td></tr>
</table>

| | |
|---|---|
| | Төменгі қосылыс ғаламшардың Жерге ..... кезі.<br><br>Ғаламшарлардың жұлдыздарға қатысты Күнді айнала қозғалыс периоды..... деп аталады. |
| **Құндылықтарды дарыту** | ✓ Оқушылардың белсенділігін арттыру;<br>✓ Сыни ойлау қабілетін дамытуға жағдай жасау;<br>✓ Коммуникативтік дағдысын жетілдіру |
| **АКТ қолдану дағдылары** | Интерактивті тақтаның қажетті мүмкіндіктерін кеңінен пайдалануы, интернет желісінен ақпараттар іздегенде тиімді жолдарды таңдауы. |
| **Бастапқы білім** | Күн жүйесінің құрамы |

**Сабақ барысы**

| **Сабақтың жоспарланған кезеңдері** | **Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Сабақтың басы | 1.**Ұйымдастыру**<br><br>Оқытушы сабақ тақырыбы мен сабақтың оқу мақсаттарын таныстырады.<br><br>2.**Үй тапсырмасын еске түсіру**<br><br>Сабақтың басында қойылған сұрақтарға жауап береді және алдыңғы білімді еске түсіреді<br><br>1.Күн жүйесінің құрамы<br><br>2.Планеталардың конфигурациялары. | |
| Сабақтың ортасы | **1.Сыныппен жұмыс.Бейнематериал**<br><br>Тихо Браге, Иоганн Кеплер және ғаламшарлар қозғалысы<br><br>https://www.youtube.com/watch?v=de_J35xDi_E<br><br>**2.Топтық жұмыс.**<br><br>***Әр топқа Кеплердің үш заңынна постер жасауға*** | https://www.youtube.com/watch?v=de_J35xDi_E<br><br>Таныстырылым |

***тапсырма беру. Кеплер заңдарын топта талқылау***

***Кеплердің бірінші заңы*** – планета орбитасының пішінін анықтайды: барлық ғаламшарлар Күнді эллипс бойымен айналады, оның фокустарының бірінде Күн орналасады.

***Кеплердің екінші заңы*** – аудандар заңы планета қозғалыстарының бірқалыпты емес екендігін анықтайды: планетаның радиус-векторы бірдей уақыт аралығында шамалары бірдей аудандар сызып шығады.

***Кеплердің үшінші заңы*** – ғаламшарлардың Күнді жұлдыздық айналу периодтары квадраттарының қатынасы олардың орбиталарының үлкен жарты осьтерінің кубтарының қатынасына тең болады.

$$\frac{T_1^2}{T_2^2} = \frac{a_1^3}{a_2^3}$$

**3.Жұптық жұмыс.**

Марстың үлкен жарты осі 1,5 а.б. Күнді айнала қозғалысының жұлдыздық айналу периодын анықтаңыз.

| Бер : | Шешуі: |
|---|---|
| $a_1 = 1{,}5$ а.е.<br>$a_2 = 1$ а.е.<br>$T_2 = 1$ год | $\frac{T_1^2}{T_2^2} = \frac{a_1^3}{a_2^3}$; $T_1 = \frac{\sqrt{T_2^2 a_1^3}}{a_2^3}$; |
| $T_1$ — ? | $T_1 = \frac{T_2 \cdot a_1}{a_2}\sqrt{\frac{a_1}{a_2}}$; $T_1 = 1{,}5\sqrt{1{,}5}$ г. $\approx 1{,}9$ г. |

Үлестірмелі материалдар

**4.Жеке жұмыс.Есеп шығару**

| | | |
|---|---|---|
| | 1.Ғаламшардың синодтық периоды 500 тәулік.Оның орбитасының үлкен жарты осін және жұлдыздық айналыс периодын анықтаңдар.<br><br>2.Қайсы бір ғаламшардың қарсы тұруы 2 жыл сайын қайталанады.Оның орбитасының үлкен жарты осі неге тең? | |
| | **5.Рефлексия:** «Қандай тапсырманы орындау мен үшін қиынырақ?»<br><br>**6.Үйге тапсырма:** Есеп шығару<br><br>Юпитердің Күнді жұлдыздық айналу периоды 12 жыл.Күннен Юпитерге шейінгі орташа қашықтық неге тең? (а=5.2а.б) | |

| | | |
|---|---|---|
| Саралау – оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз? | Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз? | Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы |
| Саралау іріктелген тапсырмалар, нақты бір оқушыдан күтілетін нәтижелер, оқушыға дербес қолдау көрсету, оқу материалдары мен ресурстарын оқушылардың жеке қабілеттерін есепке ала отырып іріктеу (Гарднердің жиындық зият теориясы) түрінде | Бұл бөлімде оқушылардың сабақ барысында үйренгенін бағалау үшін қолданатын әдіс-тәсілдеріңізді жазасыз | Денсаулық сақтау технологиялары.<br><br>Сергіту сәттері мен белсенді іс-әрекет түрлері.<br><br>Осы сабақта қолданылатын Қауіпсіздік техникасы ережелерінің тармақтары |

| | | |
|---|---|---|
| болуы мүмкін.<br><br>Саралау уақытты ұтымды пайдалануды есепке ала отырып, сабақтың кез-келген кезеңінде қолданыла алады | | |
| | ρ — сұйық тығыздығы,<br>υ — ағыс жылдамдығы,<br>h—қарастырылатын сұйықтық элементі орналасқан биіктік<br>p — қарастырылатын сұйық элементінің масса центрі орналасқан жердегі қысымы<br>g— еркін түсу үдеуі<br>$\frac{\rho\upsilon^2}{2}$ - динамикалық қысым, ол қозғалыстың салдарынан сұйық ішіндегі қысымның қаншаға өзгергенін көрсетеді;<br>$\rho gh$ - гидравликалық немесе гидростатикалық қысым түтікті h биіктікке көтергенде статикалық қысымның қаншаға өзгергенін көрсетеді;<br>$P$ - қозғалатын сұйық ішіндегі қысым, оны статиаклық қысым деп атайды, ол қозғалмайтын манометр арқылы өлшенеді. $P$ – ағын жылдамдығы артқан сайын және ағын түтігінің биіктігі көбейген сайын кемиді.<br>**2-Видео Бернулли теңдеуі**<br>**Бернулли теңдеуі қолданылуы**<br><br>**III. Материалды бекіту**<br>Ол шешімдер түрінде және сапалы, сандық және эксперименттік тапсырмаларды шешу және талқылау түрінде жүргізіледі.<br><br>**1) Неліктен қайықпен өзенді бойлай төмен түскенде өзеннің ортасымен, ал көтерілгенде жағалай жүзеді?**<br>Бұл әртүрлі нүктелердегі ағынның жылдамдығы әр түрлі: өзеннің ортасында өзеннің жылдамдығы жағалауға қарағанда үлкен. Сондықтан түсіп бара жатқанда өзеннің ортасында жүзеді, бұл өзеннің ағыс жылдамдығы қайық жылдамдығына | |

қосылатындықтан, түсуді жеңілдетеді. Тауға шыққанда, өзеннің ағысы қайықты қатты ығыстырмауы үшін жағаны ұстауға тырысады. Бұл кезде қайықтың жылдамдығы өзеннің жылдамдығынан азаяды.

**2) Неге күшті жел құрғақ жапырақтарды жерден жоғары көтереді?**
Ауа ағынының жоғары жылдамдығынан осы объектілердің бетіндегі ауа қысымы атмосфераға қарағанда аз болады, себебі неғұрлым ауа жылдамдығы жоғары болса, оның қысымы соғұрлым төмендейді. Жапырақтары астында қысым атмосфералық болып табылады. Қысымдардың айырмашылығына байланысты, жапырақтарды жер бетінен көтеретін көтеру күші пайда болады.

**3) Неліктен екі кеме параллель бағытта жақын арақашықтықта жүзуге болмайды?**
Теңіз және өзен кемелерінің капитандары Бернулли теңдеуінің көрінісімен жақсы таныс. Егер екі кеме бір-біріне тым жақын орналасқан болса, гидродинамикалық күш оларды бір-біріне жақындатып, кемелердің соқтығысуына алып келеді. Бернуллидің формуласы осы күштің неге пайда болатындығын түсінуге мүмкіндік береді: кемелер арасындағы судың салыстырмалы жылдамдығы сыртынан көбірек болады, ал олардың арасындағы кеңістіктегі су қысымы сырттан қарағанда төмен болады. Кемелердің әртүрлі тараптарындағы қысым айырмасы оларды бір-біріне итермелейтін күш құрады.

**1-тәжірибе.**
**екі жолақ (немесе парақ) қағаздың ортасынан үрлейміз, олар бір-біріне жақындайды.**
Жолақтардың ішіндегі ауа жылдамдығы көп, ал жолақтар арасындағы қысым сырттағыдан аз.

**2-тәжірибе (Талқылау және сурет)**

**Жаңбырлы және желді ауа-райында сіздердің әрқайсыларыңыз ашық қолшатырларды ашқан кезде аударылып кететінін байқаған шығарсыздар. Неліктен бұлай болады?**



1. Қолшатырдың қисық бетінде ауа ағыны төменгі бөліктегі ауа ағынына қарағанда жоғары жылдамдықта ие, демек, қолшатыр үстінде қысым аз, астында көп. Сол себептен қолшатыр аударылады.

**IV.Есеп шығару**
1. Су көлденең құбырдың айнымалы қимасынан ағады.

| | | |
|---|---|---|
| | Құбырдың көлденең бөлігіндегі ағынның жылдамдығы 20 см / с. Диаметрі кең бөліктің диаметрінен 1,5 есе аз құбырдың тар бөлігіндегі су ағысының жылдамдығын анықтаңыз, | |
| **Сабақтың соңы** | **Үй тапсырмасы:** Бернулли теңдеуінің табиғатта және техникада қолданылуы туралы білімді толықтыру | |
| Жалпы баға<br><br>Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?<br>1:<br><br>2:<br>Сабақты жақсартуға не ықпал етеа лады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?<br>1:<br><br>2:<br>Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік/қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет? | | |

## 55. «Биология» оқу пәні, 8-сынып

### I. Өткен оқу жылында өтілген оқу бағдарламасының мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттары

Қазіргі кезде еліміздегі білім беру саласы қызметкерлерінің алдына қойған міндеттердің бірі – пандемия кезінде орын алған олқылықтардың орнын толтыру. Олқылықтардың орнын толтыру үшін оқыту процесіне оқытудың озық әдіс-тәсілдерін үнемі қолдану және педагогикалық жаң технологияларды енгізіп отыру ұсынылады.

Инновациялық және интерактивтік әдістемелерді оқу процесінде үздіксіз пайдалану сабақтың сапалы әрі қызықты өтуіне ықпалын тигізетіні анық. Берген білім есте қаларлықтай болуы үшін сабақты үнемі түрлендіріп, қызықты әдіс-тәсілдерді әр сабақта пайдалану қажет.

«Биология» пәні тіршілікпен, өмірмен тікелей байланысты. Сондықтан мұнда теориялық біліммен шектеліп қалуға мүлде болмайды, теориялық білім ді үнемі тәжірибемен ұштастырып отыру қажет.

Қазіргі кезде алға қойып жүрген міндеттердің бірі – функционалдық білім беру болса, осы функционалдық білім биологияны оқытуда басты міндет болып есептеледі.

Пандемия кезінде қашықтан оқыту барысында білім алушылардың білімінде түрлі жағдаяттарға байланысты орын алғын олқылықтардың орнын толтыруда ең алдымен мұғалім білім алушылардың тәжірибелік дағдыларын дамытуға арналған тапсырмаларды көптеп әзірлеу қажет болады.

Негізгі білім беру деңгейінің 7-сыныбындағы «Биология» пәні жаратылыстану ғылымдарына жататын болғандықтан жаратылыстану бағытындағы «Химия», «Физика», «География» сынды өзге де пәндермен тығыз байланысты. Сондықтан білімдегі олқылықтарды толтыру жұмыстарының жоспарын жасағанда осы аталған пән мұғалімдерімен бірігіп, әрбір оқушы бойынша мониторинг жүргізген дұрыс болады.

«Биология» оқу пәнінің сабақ құрылымының негізгі элементтері:

Берілетін білімнің өзекті болуы, қарапайымнан күрделіге қарай дамыту, теориялық білімді тәжірибемен ұштастыру, тірі организмдердің әрбір патшалығының тіршілік әреткеттерін зерттеу, биологиялық ашылуларды оқып-зерттеу т.б.

Әрі қарай 8-сынып білім алушылары үшін өткен оқу жылындағы өтілген тақырыптар берілді.

55.1-кесте 8-сынып білім алушылары үшін өткен оқу жылындағы өтілген тақырыптар

| 7-сыныпта өтілген тақырыптар | Оқыту мақсаттары |
|---|---|
| **Экожүйелер** | |
| Ортаның экологиялық факторлары: абиотикалық (температура, жарық, pH, ылғалдылық) биотикалық (микроағзалар, жануарлар, өсімдіктер). Зертханалық жұмыс «Жергілікті жердің экожүйелерін зерттеу (мектеп ауласы мысалында)» | 7.3.1.1 жергілікті жер экожүйесі қоршаған орта факторларының тірі ағзалардың тіршілік әрекеті мен таралуына әсерін зерттеу |
| Қоректік тізбектер және қоректік торлар. Модельдеу «Қоректік тізбек пен торды құру» | 7.3.1.2 табиғи қоректік тізбектерді салыстыру;<br>7.3.1.3 қоректік тізбектер және қоректік торларды құрастыру |
| Экологиялық сукцессиялар: Бірінші және екінші реттік сукцессиялар. Экожүйелердің алмасуы | 7.3.1.4 экологиялық сукцессия үдерісін сипаттау |
| Адам экожүйенің бір бөлігі. Антропогендік фактор | 7.3.2.1 адам мен экожүйе арасындағы қарым-қатынастарды сипаттау |
| Адам әрекеттерінің экожүйеге жағымсыз әсері | 7.3.2.2 экожүйеге жағымсыз әсер ететін адам тіршілігінің салаларына мысалдар келтіру |
| Қазақстанда ерекше қорғалатын аймақтар. Жергілікті жердің ерекше қорғалатын аймақтары | 7.3.2.3 Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аймақтарының өсімдіктері мен жануарларын сипаттау |
| Қазақстан Республикасының Қызыл кітабы. Жергілікті өңірдің ҚР Қызыл кітабына енгізілген жануарлары мен өсімдіктері | 7.3.2.4 жергілікті өңірдің Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген жануарлары мен өсімдіктеріне мысал келтіру |
| **Тірі ағзаларды жүйелеу** | |

| | |
|---|---|
| Тірі ағзалардың бес патшалығына жалпы сипаттама: прокариоттар, протисталар, саңырауқұлақтар, өсімдіктер, жануарлар. Өсімдіктер мен жануарлардың негізгі жүйелік топтары: Патшалықтар. Типтер. Бөлімдер. Кластар. Өсімдіктер мен жануарларды жүйелеудің маңызы | 7.1.1.1 жүйелеудің маңызын түсіндіру;<br>7.1.1.2 жүйелеуде тірі ағзалардың орынын анықтау |
| Омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың сыртқы құрылысындағы ерекшеліктер | 7.1.1.3 омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың құрылысының ерекшеліктерін сипаттау |
| Дихотомиялықәдіс.<br>Дихотомиялық кілттерді қолдану | 7.1.1.4 жекелеген ағзаларға қарапайым дихотомиялық кілттерді қолдану |
| **Жасушалық биология**<br>**Су және органикалық заттар** | |
| Жасуша, ұлпа, мүше, мүшелер жүйесі түсініктері. Өсімдіктер және жануарлар жасушаларын салыстыру. Жарық микроскобынан көрінетін жасуша құрылымдары: пластидтер, вакуоль, ядро, цитоплазма, жасушалық мембрана, жасушалық қабырға | 7.4.2.1 «жасуша», «ұлпа», «мүше», «мүшелер жүйесі» туралы түсініктер;<br>7.4.2.2 өсімдіктер және жануарлар жасушаларын ажырату |
| Судың қасиеттері: беттік керілу, судың қозғалысы, еріткіштігі, қайнау және балқу температурасы, жылусыйымдылығы. Судың биологиялық маңызы және оның еріткіш ретіндегі, температураны сақтау мен реттеудегі ролі. Зертханалық жұмыс «Судың тірі ағзалар үшін маңызы мен қасиеттерін зерттеу». Микро- (мырыш, темір, селен, фтор) және макроэлементтердің (магний, кальций, калий, фосфор) тірі ағзалардың тіршілік әрекеті үшін маңызы | 7.4.1.1 судың қасиеті мен тірі ағзалар үшін маңызын сипаттау;<br>7.4.1.2 тірі ағзалар тіршілік әрекеттері үшін микро- және макроэлементтердің ролін сипаттау |
| Азық-түліктердегі органикалық заттар: нәруыздар, майлар, көмірсулар. Зертханалық жұмыс «Азық-түліктерде көмірсулар, нәруыздар және майлардың бар болуын зерттеу» | 7.4.1.3 азық–түліктерде көмірсулар, нәруыздар және майлардың бар екендігін дәлелдеу |
| Өсімдіктерде макроэлементтердің тапшылығы (азот, калий, фосфор). Тыңайтқыштар: органикалық және минералдық (азотты, калийлі жәнефосфорлы) | 7.1.1.4 минералды тыңайтқыштардағы азот, калий және фосфордың өсімдіктер үшін маңызын танып білу |
| **Заттардың тасымалдануы** | |
| Заттар тасымалдануының тірі ағзалардың тіршілік әрекеті үшін маңызы. Заттардың тасымалдануына қатысатын тірі ағзалардың мүшелері мен мүшелер жүйесі | 7.1.3.1 тірі ағзалардағы қоректік заттардың тасымалының маңызын түсіндіру<br>7.1.3.2 өсімдіктерде заттардың тасымалын қамтамасыз ететін мүшелерді танып білу |
| Сабақ және тамыр. Сабақтың ішкі құрылысы: қабық, камбий, сүрек, өзек. Тамыр аймақтары: бөліну, өсу, сору және | 7.1.3.3 тамыр және сабақтың ішкі құрылысын зерттеу;<br>7.1.3.4 тамыр және сабақтың құрылысы мен |

| | |
|---|---|
| өткізу аймақтары.<br>Тамырдың ішкі құрылысы: флоэма, ксилема, камбий. Зертханалық жұмыс «Сабақтың ішкі құрылысын зерттеу».<br>Зертханалық жұмыс «Тамыр аймақтарын зерттеу» | қызметі арасындағы байланысты сипаттау |
| Ксилема, флоэма және олардың құрылымдық элементтері | 7.1.3.5 флоэма мен ксилеманың элементтерін құрылысын салыстыру |
| Жануарлардағы қанайналым мүшелері: буылтық құрттар, ұлулар, буынаяқтылар және омыртқалылар | 7.1.3.6 жануарларда заттар тасымалына қатысатын мүшелерді танып білу |
| **Тірі ағзалардың қоректенуі** | |
| Жапырақтың құрылысы мен қызметі. Жапырақтың ішкі құрылысы. Лептесік. Жапырақ фотосинтездеуші негізгі арнайы мүше. Судың буланuы мен газдардың алмасуы | 7.1.2.1 жапырақтың ішкі құрылысын сипаттау, құрылысы мен қызметі арасындағы өзара байланысты түсіндіру |
| Фотосинтезге қажетті жағдайлар.<br>Зертханалық жұмыс «Фотосинтез үдерісіне қажетті жағдайларды зерттеу» | 7.1.2.2 фотосинтезге қажетті жағдайларды зерттеу |
| **Тыныс алу** | |
| Өсімдіктер мен жануарлар үшін тыныс алудың маңызы. Тыныс алу - энергия көзі. Тыныс алу типтері: анаэробты және аэробты.<br>Анаэробты және аэробты тынысалуды салыстыру: оттегінің қатысында/қатысынсыз, статикалық/динамикалық жұмыс, жылықанды/суыққанды жануарлар | 7.1.4.1 тірі ағзалардағы тыныс алу маңызын сипаттау;<br>7.1.4.2 анаэробты және аэробты тыныс алу типтерін ажырату |
| Өсімдіктердің тыныс алуы. Тұқымның немесе өскіндердің тынысалуы мысалында Зертханалық жұмыс «Өсімдіктер-дің тынысалуын зерттеу» | 7.1.4.3 өсімдіктердегі тыныс алуды зерттеу |
| Омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың тыныс алу мүшелері (бунақденелілердің демтүтіктері, балықтарының желбезектері, құстардың және сүтқоректілердің өкпесі). Модельдеу «Омыртқалы және омыртқасыз жануарлардың тынысалу жүйесі мүшелерін салыстыру» | 7.1.4.4 омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың тыныс алу мүшелерін салыстыру |
| Тынысалу мүшелері. Адамның тынысалу жолдарының құрылысы мен газалмасу мүшелері | 7.1.4.5 адамның тыныс алу мүшелерінің құрылыс ерекшеліктерін танып білу |
| Тыныс алу мүшелерінің аурулары. Тыныс алу мүшелерінің ауруларының себептері мен алдын алу жолдары (өкпе обыры, астма, бронхит, туберкулез, тұмау) | 7.1.4.6 тыныс алу мүшелерінің ауруларының себептері мен алдын алу жолдарын түсіндіру |
| **Бөліп шығару** | |
| Бөліп шығарудың тірі ағзалар үшін маңызы. | 7.1.5.1 ағзалардың тіршілік әрекетінде бөліп |

| | |
|---|---|
| Жануарлардағы бөліп шығару өнімдері. Зат алмасудың соңғы өнімдері | шығарудың маңыздылығын түсіндіру |
| Өсімдіктердегі бөліп шығару өнімдері: тыныс алу мен фотосинтездің бастапқы және соңғы өнімдері. Зертханалық жұмыс «Өсімдіктердің тынысалу ерекшеліктерін өскіндер мысалында зерттеу» | 7.1.5.2 өсімдіктердегі бөліп шығару ерекшеліктерін зерттеу |
| Жануарлардың бөліп шығару жүйелері. Жануарлардың бөліп шығару жүйелерінің құрылысын салыстыру | 7.1.5.3 омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың бөліп шығару жүйелерінің құрылысын салыстыру |
| **Қозғалыс** | |
| Өсімдіктердің қозғалысы. Қозға лыстың өсімдіктер тіршілігіндегі маңызы. Өсімдіктердің қозғалу тәсілдері (тропизмдер, таксистер, өсу қозғалыстары). Өсімдіктердің өсуі мен дамуына жарықтың әсері. Жарықтың түсу деңгейіне қарай өсімдіктердің бейімделуі. Фотопериодизм күннің жарық түсу ұзақтығына ағзалардың бейімделуі | 7.1.6.1 өсімдіктердің қозғалысы себептерін түсіндіріп, қозғалыстың маңызын сипаттау;<br>7.1.6.2 жарықтың өсімдіктердің дамуына әсерін түсіндіру;<br>7.1.6.3 өсімдіктердегі фотопериодизм ролін сипаттау |
| Жануарлардың қозғалыс мүшелері. Тірі ағзалардағы қозғалыстың рөлі. Жануарлардың қозғалу тәсілдеріне мысалдар. Жануарлардың мекен ортасы мен қозғалыстәсілдері арасындағы байланыстарды анықтау | 7.1.6.4 омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың қозғалыс мүшелерін салыстыру |
| **Координация және реттелу** | |
| Жүйке жүйесінің типтерін салыстыру: диффузиялы, сатылы, түйнекті, түтіктәрізді | 7.1.7.1 жануарлардың жүйке жүйесінің типтерін салыстыру |
| Жүйке жүйесінің құрам бөліктері. Жүйке жүйесінің қызметі. Нейронның құрылысы: денесі, дендриттер, аксон. Нейронның қызметтері | 7.1.7.2 жүйке жүйесінің қызметін және құрылымдық компоненттерін атау;<br>7.1.7.3 жүйке жасушасының компоненттерін анықтау |
| Жүйке жүйесінің орталық және шеткі бөлімдері. Жұлын. Ми. Ми бөлімдерінің құрылысы мен қызметтері: сопақша ми, артқы (ми көпірі, мишық), орталық және аралық ми. Үлкен ми сыңарлары | 7.1.7.4 орталық жүйке жүйесі бөлімдерінің құрылысы мен қызметтерін салыстыру |
| Рефлекстік доға: рецептор, сезгіш, аралық, қозғалыс нейрондары, жұмыс мүшесі. Зертханалық жұмыс «Тізе рефлексі» | 7.1.7.5 рефлекстік доғаны зерттеу |
| Мінез-құлықтың рефлекторлық табиғыты: шартсыз және шартты рефлекстер. Шартты рефлекстердің сөнуі | 7.1.7.6 мінез-құлықтың рефлекторлық табиғатын түсіндіру |
| Ішкі мүшелер жұмысының жүйкелік реттелуі | 7.1.7.7 вегетативті жүйке жүйесінің қызметін сипаттау |
| Адам ағзасы үшін ұйқының маңызы. Биологиялық ритмдер. Ұйқының кезеңдері: баяу және жылдам ұйқы. Жұмысқа қабілеттілік. Күн тәртібі. Оқу еңбегі мен дене еңбегінің гигиенасы. Күйзеліс. | 7.1.7.8 ағзаның тіршілік әрекеттерінің қалпына келуіне және тынығуына ұйқының маңызын түсіндіру;<br>7.1.7.9 жақсы психикалық денсаулықты сақтаудың принциптерін түсіндіру |

| | |
|---|---|
| Күйзеліс жағдайларымен күрес және олардың алдын алу әдістері | |
| Жүйке жүйесінің қызметіне алкаголь, темекі, және наркотикалық заттардың әсері | 7.1.7.10 жүйке жүйесінің қызметіне алкаголь, темекі, және наркотикалық заттардың әсерін түсіндіру |
| **Тұқымқуалау мен өзгергіштік** | |
| Адамда белгілердің тұқым қуалауында гендер мен ДНҚ рөлі.<br>Жүре пайда болған және тұқымқуалайтын белгілер. Хромосоманың құрылымы. Генетикалық материалды сақтаушы және тасымалдаушы ДНҚ жайлы түсінік<br>Модельдеу «Адам ағзасындағы тұқым қуалайтын және тұқым қуаламайтын белгілерді зерттеу» | 7.2.4.1 адам ағзасындағы тұқымқуалайтын және тұқым қуаламайтын белгілерді зерттеу;<br>7.2.4.2 үздік және үздіксіз өзгергіштікті атау;<br>7.2.4.3 белгілерді анықтаудығы гендердің рөлін түсіндіру;<br>7.2.4.4 хромосомадағы генетикалық ақпарат дезоксирибонуклеин қышқылы рөлін түсіндіру |
| Әртүрлі ағзалар түрлерінің хромосомалар саны.<br>Соматикалық және жыныс жасушалар. Гаплоидты және диплоидты хромосомалар жиыны | 7.2.2.1 әртүрлі ағзалардағы хромосомалардың санын салыстыру;<br>7.2.2.2 соматикалық және жыныс хромосомаларындағы хромосомалар санының әртүрлілігін түсіндіру |
| **Көбею. Өсу және даму** | |
| Өсімдіктердің жынысты және жыныссыз көбеюі. Өсімдіктердің жынысты және жыныссыз көбеюінің биологиялық маңызы | 7.2.1.1 өсімдіктердің жынысты және жыныссыз көбеюін сипаттау |
| Өсімдіктердің өсімді жолмен көбеюі, оның түрлері және табиғаттағы биологиялық маңызы. Өсімдік өсіруде өсімді жолмен көбею тәсілдерін қолдану. Қалемшелеу, сұлатпа өркен, телу (қалемшелермен, көзшелермен), көбею ұлпаларымен.<br>Зертханалық жұмыс «Өсімдіктердегі вегетативті көбею тәсілдері» | 7.2.1.2 өсімдіктердің өсімді көбею тәсілдерін салыстыру |
| Гүл құрылысы. Тозаңдану түрлері. Гүлдеу және тозаңдану. Тозаңдану түрлері (өздігінен, айқас, жасанды). Өсімдіктердегі ұрықтану туралы түсінік және зиготаның түзілуі. Қосарлы ұрықтану. Қосарлы ұрықтанудың биологиялық маңызы | 7.2.1.3 өздігінен және айқас тозаңданудың шамалы артықшылықтарын сипаттау;<br>7.2.1.4 гүлді өсімдіктердегі қосарлы ұрықтанудың маңызын сипаттау |
| Ағзалардың жеке дамуы түсінігі. Өсімдіктер мен жануарлардағы онтогенез кезеңдері. Бөліну, өсу, көбею, қартаю. Өсімдіктердің өсуі. Сабақтың ұзарып және жуандап өсуі. Камбийдің рөлі. Жылдық сақиналар.<br>Зертханалық жұмыс «Жылдық сақинаны санау» | 7.2.3.1 ағзалардың өсу және даму үдерістерін сипаттау;<br>7.2.3.2 өсімдіктердің ұзарып және жуандап өсу үдерістерін зерттеу |
| Жануарлардағы тура және түрленіп даму онтогенез типтері. Бунақденелілердің шала және толық түрленіп дамуына мысалдар.<br>Модельдеу «Жануарлардағы онтогенез | 7.2.3.3 өсімдіктер мен жануарлардағы онтогенез кезеңдерін ажырату;<br>7.2.3.4 жануарлардағы тура және тура емес онтогенез типтерін салыстыру |

| | |
|---|---|
| типтерін салыстыру» | |
| **Микробиология және биотехнология** | |
| Бактериялардың формаларының әртүрлілігі. Бактериялардың таралуы.<br>Зертханалық жұмыс «Пішен таяқшасының сыртқы пішінін қарастыру» Бұршақ тұқымдастардың тамырындағы түйнек бактериялары | 7.4.3.1 бактериялар формаларының әртүрлілігін сипаттау |
| Бактерияларды пайдалану. Табиғаттағы және адам өміріндегі бактериялардың маңызы.<br>Зертханалық жұмыс «Өндірісте йогурт және ірімшік жасауды зерттеу» | 7.4.3.2 ірімшік және йогурт өндірісін зерттеу |
| Патогендермен күрес тәсілдері. Бактериялардың антибиотиктерге тұрақтылығы. Зертханалық жұмыс «Антибиотиктер, антисептиктер және залалсыздандыру өнімдерін қолдануды зерттеу» | 7.4.3.3 антибиотиктер, антисептиктер және залалсыздандыру өнімдерінің қолданылуын сипаттау |
| Вирустар. Жасушасыз құрылым иелері вирустардың құрылыс ерекшеліктері | 7.4.3.4 вирустардың тіршіліктің жасушасыз формасы екендігін түсіндіру |

## II. Іріктеп алынған оқыту мақсаттары бойынша диагностикалық жұмыстың үлгісі

Мектепте оралғаннан кейін алғашқы екі аптаның ішінде білім алушылардың қашықтан оқыған кездегі алған білімдеріндегі олқылықтарды анықтау керек.

Мұғалімдерге осы білім алушылардың білімі мен дағдыларындағы олқылықтар қай деңгейде және қай бөлімдерде екенін анықтап, оны қалай толтыруға, қандай тұжырымдар мен процестерді қосуға болатынын алдын ала ойластыру қажет.

Мектептер мұғалімдерге білімдегі олқылықтарды анықтауға және оларды жою стратегиясын енгізуге көмектесетін қолданыстағы бағалау тәсілін жасауға күш салуы керек.

Оқушының нені және қай деңгейде білетінін білу үшін формалды тексерудің қажеті жоқ. Тесттер, сауалнамалар немесе қарапайым әңгімелесу арқылы оқушының деңгейі көз алдыңызда келеді. Егер оқушы сабақта таныс жағдайларды қайталаса немесе сұрақтарға бірнеше рет жауап берсе, бұл сізге кәсіби маман ретінде, қандай дағдыларды игергенін көрсетеді және сіз оқытуды қандай бағытта ұйымдастыруды болжайсыз.

«Биология» пәнінің басқа пәндерге қарағанда көп зардап шегетіні - зертханалық және тәжірибелік жұмыстардың орындалмай немесе өз деңгейінде орындалмауы.

8-сыныптағы «Биология» пәні бойынша білімдегі олқылықтардың орнын толтыру үшін оқытуды ұйымдастырудың бірнеше әдістері ұсынылады.

***Олқылықтардың орнын толтырудың кезеңдері***

1-қадам. Олқылықтарды анықтаңыз.

Диагностика жүргізу керек. Диагностикадан кейін оқушылардың біліміндегі олқылықтарды деңгейіне қарай күрделіден қарапайымға дейін жіктеп, бөлу керек. Бірінші орында негізгі базалық білімдегі олқылықтар тұруы керек: мысалы, заттар және олардың қасиеттері, периодтық заң, энергия түрлерін т.б. білулері керек. Мектепте, жалпы өмірде бұл ұғымдар үнемі қолданылады, сондықтан оларды бірінші кезекте меңгеру қажет.

*Білімдегі олқылықтарды толтыру жұмыстарының формалары*

1.Өзіндік жұмыстар

Тақырыпты және тапсырманы түсіндіре отырып, өз бетінше ізденуге тапсырма беру.

2. Нақты мақсатқа бағытталған әрекет

Егер жекелеген оқушы немесе сыныптағы шағын топ қолдауды қажет етсе нақты мақсатқа бағытталған қысқа сессиялар ұйымдастыру қажет.

3.Сыныпты толық оқыту

Егер бүкіл сыныптың қажеттіліктері немесе олқылықтары шамалас болса бұл көп уақытты алады - бірақ білім алушылардың бәрін қамтиды.

Білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды анықтаудың қарапайым бір тәсілі тест сынағы. Тест құрастырғанда ең алдымен тоқсандарға бөлінген оқу мақсаттарын іріктеп, әр тоқсанға, тіпті әр бөлімге ыңғайлап жасау ұсынылады. Мұндай әдіс білім беруді жүйелеуде, яғни белгілі бір реттілікпен жүйелі түрде жүргізуге мүмкіндік береді.

8-сынып білім алушыларын 1-тоқсанның басында-ақ өткен оқу жылындағы тақырыптар бойынша, яғни 7-сынып тақырыптары мен оқу мақсаттары бойынша тест алу ұсынылады.

Төменде 7-сыныптағы олқылықтарды анықтау үшін бірқатар тест үлгілері ұсынылады. 7-сыныптың 1-тоқсанында өтілген «Экожүйелер» бөлімі бойынша тест сұрақтары берілген.

**Экожүйелер бөлімі**

1.Тірі ағзалардың өзара және қоршаған ортамен қарым-қатынасын зерттейтін биология бөлімі

а) анатомия

б) ботаника

в) экология

г) зоология

д) микология

2.Экологиялық факторлардың үш тобын анықтаңыз

а) жыртқыштық, биотикалық, антропогендік

б) симбиоз, биотикалық, антропогендік

в) абиотикалық, температура, антропогендік

г) абиотикалық, биотикалық, паразитизм
д) абиотикалық, биотикалық, антропогендік
3.Тірі ағзалардың бір-біріне әсер етуі
а) абиотикалық
б) жарық
в) антропогендік
г) ылғал
д) биотикалық
4.Абиотикалық факторды анықтаңыз
а) жыртқыштық
б) паразиттік
в) ылғал
г) симбиоз
д) қорек
5. Бірінші реттік консументті анықтаңыз
а) ағаш
б) қасқыр
в) кит
г) тышқан
д) бүркіт
6. Ең үлкен экожүйе
а) литосфера
б) құрылық
в) биосфера
г) материктер
д) мұхиттар
7. Экожүйелердің біртіндеп, уақыт бойынша ретті аусымы
а) сукцессия
б) бірінші реттік сукцессия
в) екінші реттік сукцессия
г) климат
д) топырақ
8.Агроценоз дегеніміз
а) экожүйе
б) табиғи экожүйе
в) жасанды экожүйе
г) құрлық экожүйесі
д) материктер экожүйесі
9. Н.Ә Назарбаев «Семей ядролық полигоннын жабу туралы» Жарлыққа қол қойды
а) 1991 жылы, 16 желтоқсан
б) 1991 жылы, 22 наурыз
в) 1991 жылы, 30 тамыз
г) 1991 жылы, 15 сәуір
д) 1991 жылы, 29 тамыз

10.Қазақстанда ерекше қорғалатын табиғи аумақтың (ЕҚТА) қанша түрі бар

а) 8
б) 9
в) 10
г) 11
д) 12

11. Қазақстанның эндемик жануары жалманды тапқан ғалым

а) В.А.Селевин
б) М.В.Бейерник
в) Д.И.Ивановский
г)А.Левенгук
д) К.Линней

12.Демалуға, спортпен айналысуға, танымжарық ұйымдастыруға, болатын бірақ, өсімдіктер мен жануарлар қатаң қорғауға алынған жер

а) қорық
б) ботаникалық бақ
в) зоологиялық бақ
г) дендрологиялық бақ
д) ұлттық табиғи саябақ

**Бір немесе бірнеше дұрыс жауапты белгілеңіз**

13.Қоректік тізбектің алғашқы бастамасын көрсетіңіз

а) консументтер
б) өндірушілер
в) ыдыратушылар
г) тұтынушылар
д) продуценттер
е) редуценттер
ж) бірінші реттік консументтер
з) екінші реттік консументтер

14.Шаруашылық пайдаланудан толық алынған, адамдардың демалуына және аң аулау, балық аулау, орман ағаштарын кесу, мал жаю, шөп шабу іс-әрекеттеріне тыйым салынған

а) қорық
б) ботаникалық бақ
в) зоологиялық бақ
г) дендрологиялық бақ
д) табиғат ескерткіштері
е) табиғи қорыққорлар
ж) табиғи саябақтар

15.Жоғары сатыдағы өсімдіктердің шамамен 1100 түрі енгізілген қорық

а) Қорғалжың қорығы
б) Ақсу-Жабағылы қорығы
в) Марқакөл қорығы

г) Алматы қорығы
д) Барсакелмес қорығы
е) Наурызым қорығы
ж) Алакөл қорығы
з) Батыс Алтай қорығы
16. Жоғары сатыдағы өсімдіктердің шамамен 1000 түрі енгізілген қорық
а) Қорғалжың қорығы
б) Ақсу-Жабағылы қорығы
в) Марқакөл қорығы
г) Алматы қорығы
д) Барсакелмес қорығы
е) Наурызым қорығы
ж) Алакөл қорығы
з) Батыс Алтай қорығы
17.Қазақстанның Қызыл кітабының екінші басылымы қай жылы және қандай ағзалармен толықтырылды
а) 1991 ж
б) 1978 ж
в) 1981 ж
г) 1996 ж
д) омыртқасыздар
е) омыртқалылар
ж) өсімдіктер
18. Қорғауды қажет ететін құстар
а) Қызғылт бірқазан
б) Қоқиқаз
в) Сұңқылдақ аққу
г) Жорға дуадақ
д) Шымшық
е) Боз тоқылдақ
ж) Үй торғайы
з) Қараторғай
19.Қорғауды қажет ететін сүтқоректілер
а) Түрікменстан құланы
б) Сұр кесел
в) Ортаазиялық бақа
г) Мензбир суыры
д) Тиянь-Шань арқары
е) Ортаазиялық өзен камшаты
ж) Жұпар тышқан
20. Қорғауды қажет ететін жорғалаушылар
а) Түрікменстан құланы
б) Сұр кесел
в) Ортаазиялық бақа
г) Мензбир суыры

д) Тянь-Шань арқары
е) Ортаазиялық өзен камшаты
ж) Жұпар тышқан

Жауабы: 1в, 2д, 3д., 4в.,5г., 6в., 7а., 8в., 9д., 10б.,11а.,12д.,13 б,д.,14 а.,15 г., 16 в.,17а, д.,18а,б,в,г.,19а,г, д,е,ж., 20б,в

«Тірі ағзаларды жүйелеу» бөлімі бойынша тест сұрақтары

1.Бүкіл тірі ағзаларды сипаттайтын және топ бойынша бөлетін биология бөлімі
а) Жіктеу б) Жүйелеу в) Түр г) Туыс д) Тұқымдас
2.Заманауи жүйелеудің негізін қалаған швед ғалымы, ботаник
а) Ж.Б.Ламарк б) А.Левенгук в) Д.И.Ивановский г) Р.Гук д) К.Линней
3.Барлық эукариоттардың ең кіші жүйелік категориясы
а) туыс б) бөлім в) тұқымдас г) түр д) дүние
4. Ядросы жоқ ағзалар
а) протистер б) саңырауқұлақтар в) прокариоттар г) эукариоттар д) өсімдіктер
5. Алғаш омыртқалы және осыртқасыз деп ажыратқан француз биологі
а) Ж.Б.Ламарк б) А.Левенгук в) Д.И.Ивановский г) Р.Гук д) К.Линней
6. Ең алғаш үш қабат пайда болған ағза
а) губкалар б) жалпақ құрттар в) ұлулар г) буылтық құрттар д) жұмыр құрттар
7.Алғаш рет ішкі мүшелері орналасқан дене қуысы пайда болған ағза
а) губкалар б) жалпақ құрттар в) ұлулар г) буылтық құрттар д) жұмыр құрттар
8.Сыртқы қаңқасы қатты зат – хитиннен тұратын тип
а) буынаяқтылар б) буылтық құрттар в) ұлулар г) ішекқуыстылар д) қарапайымдар
9. Дихотомиялық кілтті ұсынған ғалым
а) Ж.Б.Ламарк б) А.Левенгук в) Д.И.Ивановский г) Р.Гук д) К.Линней
10.Прокариот ағза
а) амеба б) эвглена в) кірпікшелі кебісше г) бактерия д) балдыр
11.Қор заты – гликоген болатын ағзалар
а) плаундар б) қырықжапырақтар в) мүктер г) саңырауқұлақтар д) балдырлар
12. Өсімдікке жасыл түс беретін пластид
а) Хлоропластар б) Лейкопластар в) Хромопластар г) Вакуоль д) Грана
13. Бір жасушалы ағза
а) Ақ сұлама. б) Айқұлақ. в) Шұбалшаң. г) Жасыл эвглена. д) Вирус.
14. Нәруыздың мономері
а) Глюкоза б) Аминқышқыл в) Май қышқылы г) Глицерин д) Қант

15. Ең алғаш жасушаны ашқан:

A) Т.Шванн. B) Р.Гук. C) М.Шлейден. D) Ч.Дарвин. E) Р.Вирхов.

16. Лейкопластардың қызметі:

A) Гүл, жеміске қызыл, сары түс беру. B) Көбеюге қатысу.C) Фотосинтезге қатысу. D) Өсімдікке жасыл түс беру.E) Қор затын жинауға қатысу.

17. Адам жасушаның энергия көзі

A) ядрошы B) вакуоль C) ядро D) митохондрия E) цитоплазма

18. «Энергетикалық стансасы» аталған органоид

A) митохондрия B) қабықша C) центросома D) рибосома E) лизосома

19. Нуклеин қышқылдары түзіледі

A) цитоплазмада B) ядрода C) вакуольде D) центросомада E) қабықшада

20. Жасушаның бейорганикалық заты:

A) Нуклеин қышқылы B) Ақуыз C) Тұз D) Көмірсу E) Май

21. Ядроның қызметі:

A) Гүл, жеміске қызыл, сары түс беру. B) Көбеюге қатысу. C) Фотосинтезге қатысу. D) Өсімдікке жасыл түс беру. E) Қор затын жинауға қатысу.

Дұрыс жауап кілттері: 1.б., 2.д., 3.г., 4.в., 5.а., 6.б., 7.д., 8.а., 9.а., 10.г., 11.г., 12.а., 13.г., 14.б., 15.в.,16.е., 17.д., 18.а., 19.в., 20.с., 21.в

«Жасушалық биология» бөлімі

1.«Жасуша» деген түсінікті ең алғаш қолданған ғалым
а)К.Линней
б)Д.Рей
в)А.В.Левенгук
г)Р.Гук
д)Т.Морган
2.Жасушаны қоршаған ортадан бөлетін, қорғайтын бөлігі
а)ядро
б)қабықша
в)цитоплазма
г)вакуоль
д)рибосома
3.Тұрақты орны, құрылысы бар, белгілі бір қызмет атқаратын ағза бөлігі
а)жасуша
б)ұлпа
в)молекула
г)мүше
д)популяция
4.Өсімдік жасушасына түс береді
а)пластидтер

б)ядро
в)вакуоль
г)рибосома
д)лизосома
5. Өсімдіктегі қоректік қор заты – крахмалды жинақтайды
а)хромопласт
б)хлоропласт
в)лейкопласт
г)рибосома
д)хромосома
6.Судың қату температурасы
а)-0ºС
б)-1ºС
в)-100℃
г)-20ºС
д)-50ºС
7.Қанға қызыл түс беретін элемент
а)молибден
б)йод
в)мыс
г)сынап
д)темір
8.Органикалық заттарға жатпайды
а)нәруыз
б)нуклеин қышқылы
в)көмірсу
г)май
д)оттек
9.Көмірсуға бай азық-түлік түрі
а)ет
б)май
в)сүт
г)қант
д)жұмыртқа
10.Жасушаны толтыратын тұтқыр сұйықтық, жасушаның ішкі ортасы
а)лизосома
б)ядро
в)митохондрия
г)рибосома
д)цитоплазма
11.Жасушаның көбеюге қатысатын бөлігі
а)лизосома
б)ядро
в)митохондрия
г)рибосома

д)ЭПТ

12. Тұқымқуалау ақпаратын сақтайтын ДНҚ көп бөлігі қайда орналасады?

а)қабықша

б)цитоплазма

в)ядро

г)ЭПТ

д)Гольджи жиынтығы

13.Құрылысы, шығу тегі, атқаратын қызметтері ұқсас жасушалар жиынтығы қалай аталады?

а)ұлпа

б)мүше

в)ағза

г)жасуша

д)мүшелер жүйесі

14.Жасушааралық заттар тасымалын қамтамасыз етеді

а)цитоплазма

б)ядро

в)қабықша

г)рибосома

д)митохондрия

15. «Қойма» немесе «қоқыс салатын шелек» рөлін атқаратын органоид

а)пластидтер б)вакуоль в)ядро г)лизосома д)рибосома

16.Өрік, қызанақ, асқабақ жемістерінде, қызылша мен сәбіздің тамыр жемістерінде көп болады

а)хлоропластар б)хромопластар в)лейкопластар г)су д)минералды тұздар

17.Картоп түйнегінде, бидай дәнінде көптеп кездеседі

а) хлоропластар б)хромопласта в)лейкопластар г)су д)минералды тұздар

18.Жапырақтардың, қағаз қайықтардың суға батпай қалқып тұруы-судың қай қасиетіне байланысты?

а)беттік керілу б)жылу сыйымдылығы в)өзін-өзі тазарт г)әмбебап еріткіш д)қату

19.Тұрақты орны, құрылысы және атқаратын қызметі бар ағза бөлігі

а)ұлпа б)мүше в)ағза г)жасуша д)мүшелер жүйесі

20.Өсімдіктерде хлорофилл түзуге қатысады

а)темір б)кальций в)калий г)фосфор д)азот

21.Органикалық заттарға жатады

а) фосфор қышқылы б)кальций фосфаты в)сутектер г) нәруыздар д)су

22.Көмірсулар қандай заттар құрамына кіреді?

а) органикалық заттар б)минералды заттар в)қышқылдар г)сілтілер д)тұздар

23.Нәруыздар көптеп кездеседі

а) асбұршақ б)жүзім в)қауын г)қарбыз д)өрік

24.Көмірсуларға бай

а) бидай б)асбұршақ в)үрмебұршақ г)сүт өнімдері д)ет
25.Майлар ыдырағанда қанша энергия бөлінеді?
а)17,8% б)17,2% в)19,2% г)38,9% д) 37,8%

## III. Сабақ барысында толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары

55.2-кесте. «Тірі организмдердің көп түрлілігі, құрылымы мен қызметтері» бөлімі

| 7-сынып | 8-сынып |
|---|---|
| Тірі ағзалардың көптүрлілігі | |
| 7.1.1.1 жүйелеудің маңызын түсіндіру;<br>7.1.1.2 жүйелеуде тірі ағзалардың орынын анықтау;<br>7.1.1.3 омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың құрылысының айырмашылық белгілерін сипаттау; | 8.1.1.1 балдырлар мүктәрізділер, қырықжапырақ тәріздестер, ашықтұқымдылар және жабықтұқымдылар мысалында өсімдіктердің ерекшеліктерін сипаттау;<br>8.1.1.2 саңырауқұлақтардың ерекшелік белгілерін сипаттау;<br>8.1.1.3 даражарнақты және қосжарнақты өсімдіктер кластарын негізгі белгілеріне қарай ажырату;<br>8.1.1.4 буынаяқтылар мен хордалы жануарлар кластарын ерекше белгілері бойынша тану |
| Заттардың тасымалдануы | |
| 7.1.3.1 тірі ағзалардағы қоректік заттардың тасымалының маңызын түсіндіру;<br>7.1.3.6 жануарларда заттар тасымалына қатысатын мүшелерді танып білу | 8.1.3.1 қан құрамы мен қызметін сипаттау;<br>8.1.3.2 дайын микропрепараттар арқылы әртүрлі ағзалардың қан жасушаларының құрылыс ерекшеліктерін зерттеу;<br>8.1.3.3 лейкоциттердің түрлі типтерінің қызметтерін сипаттау;<br>8.1.3.4 гуморальдық және жасушалық иммунитетті салыстыру;<br>8.1.3.5 лимфа жүйелерін және қан, ұлпалық сұйықтық пен лимфа арасындағы өзара байланысты сипаттау;<br>8.1.3.6 аурулардың алдын алуындағы вакцинацияның ролін бағалау;<br>8.1.3.7 агглютинация және резус-конфликт механизмдерін түсіндіру;<br>8.1.3.8 жануарлардың жүрегінің құрылысы мен қантамыр жүйелерінің маңызын сипаттау;<br>8.1.3.9 қантамыр қабырғасының құрылысы мен олардың қызметі арасындағы байланысты орнату;<br>8.1.3.10 жануарлардың қантамырлар жүйесінің түрлерін сипаттау;<br>8.1.3.11 дене жаттығуларының жүрек |

| | |
|---|---|
| | жұмысына әсерін зерттеу;<br>8.1.3.12 қантамыр жүйесі мүшелерінің ауруларының себептері мен ауру белгілерін сипаттау |
| Тыныс алу | |
| 7.1.4.1 тірі ағзалар үшін тыныс алудың маңызын сипаттау;<br>7.1.4.2 анаэробты және аэробты тыныс алу типтерін ажырату;<br>7.1.4.3 өсімдіктердің тыныс алу үдерісін зерттеу;<br>7.1.4.4 омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың тыныс алу мүшелерін салыстыру;<br>7.1.4.5 адамның тыныс алу мүшелері құрылысының ерекшеліктерін танып білу;<br>7.1.4.6 тыныс алу мүшелерінің ауыруларының себептері мен олардың алдын алу жолдарын түсіндіру | 8.1.4.1 өкпе мен ұлпадағы газ алмасу механизмдерін сипаттау;<br>8.1.4.2 тыныс алу және тыныс шығару механизмін түсіндіру;<br>8.1.4.3 өкпенің тіршілік сыйымдылығын анықтау және қалыпты жағдайдағы және дененің физикалық жүктемесі кезіндегі тыныс алудың минуттық көлемін анықтау |
| Бөліп шығару | |
| 7.1.5.1 ағзалардың тіршілік әрекетіндегі бөліп шығарудың маңызын сипаттау;<br>7.1.5.3 омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың бөліп шығару жүйелерінің құрылысын салыстыру | 8.1.5.1 адамның зәр шығару жүйесі мүшелерінің құрылысы мен қызметтерін сипаттау;<br>8.1.5.2 бүйректің құрылымдық бөліктерін танып білу;<br>8.1.5.3 терінің құрылысы мен оның бөліп шығарудағы маңызын сипаттау;<br>8.1.5.4 тері ауруларын және оның алдын алу шараларын түсіндіру |
| Қозғалыс | |
| 7.1.6.4 омыртқалы және омыртқасыз жануарлардың қозғалыс мүшелерін салыстыру | 8.1.6.1 тірек-қимыл жүйесінің қызметтерін сипаттау;<br>8.1.6.2 сүйектің химиялық құрамын, макро және микроскопиялық құрылысын зерттеу;<br>8.1.6.3 сүйектердің байланыс түрлерін салыстыру;<br>8.1.6.4 буынның әр түрлі типтерінің құрылысы мен олардың қызметтері арасындағы байланысты орнату;<br>8.1.6.5 бұлшық ет ұлпасының қызметтері түрлері мен олардың қызметтерін сипаттау;<br>8.1.6.6 адам бұлшық еттерінің құрылысы мен бұлшықет топтарын оқып тану;<br>8.1.6.7 гиподинамия салдарын атау;<br>8.1.6.8 сымбаттың бұзылуы және жалпақ жалпақтабандылықтың пайда болу себептерін анықтау |
| Координация және реттелу | |

| | |
|---|---|
| 7.1.7.2 жүйке жүйесінің қызметі мен құрылымдық компонентерін атау;<br>7.1.7.3 жүйке жасушасының құрылымдық бөліктерін анықтау;<br>7.1.7.4 орталық жүйке жүйесі бөлімдерінің құрылысы мен қызметін салыстыру;<br>7.1.7.7 вегетативті жүйке жүйесінің қызметін сипаттау; | 8.1.7.1 көруді қабылдау ерекшеліктерін зерттеу және көру гигиенасы ережелерін сипаттау;<br>8.1.7.2 дыбысты қабылдау ерекшеліктерін зертеу және есту мүшелерінің гигиенасы ережелерін сипаттау;<br>8.1.7.3 көру және есту рецепторларының құрылымы мен қызметін сәйкестендіру;<br>8.1.7.4 эндокикринді, экзокринді және аралас бездердің орналасқан жерлерін анықтау;<br>8.1.7.5 бездердің негізгі қызметтерін түсіндіру;<br>8.1.7.6 эндокриндік бездер қызметінің бұзылуынан туындаған ауруларды атау;<br>8.1.7.7 терінің сезімталдығын зерттеу;<br>8.1.7.8 жылықанды жануарлардың дене температураны сақтаудағы терінің ролін сипаттау |

55.3-кесте. «Көбею, тұқым қуалаушылық, өзгергіштік, эволюциялық даму» бөлімі

| 7-сыныпта | 8-сыныпта |
|---|---|
| Көбею | |
| 7.2.1.1 өсімдіктердің жыныссыз және жынысты көбеюін сипаттау;<br>7.2.1.2 өсімдіктердің өсімді көбею тәсілдерін салыстыру;<br>7.2.1.3 айқас тозаңдану мен өздігінен тозаңданудың салыстырмалы артықшылықтарын сипаттау;<br>7.2.1.4 гүлді өсімдіктердегі қосарлы ұрықтанудың маңызын сипаттау | 8.2.1.1 жануарлардың көбею тәсілдерін салыстыру;<br>8.2.1.2 мүктер мен қырықжапырақтардың мысалында жынысты және жыныссыз ұрпақтарының ерекшеліктерін түсіндіру;<br>8.2.1.3 ашық тұқымды және жабық тұқымды өсімдіктердің тіршілік циклінің ерекшеліктерін түсіндіру |
| Жасушалық айналым | |
| 7.2.2.1 әртүрлі ағзалар түрлеріндегі хромосомалардың санын салыстыру;<br>7.2.2.2 сомалық және жыныс жасушаларындағы хромосомалар сандарын атау | 8.2.2.1 тірі ағзалардың өсуі мен дамуы үшін митоз бен мейоздың маңызын түсіндіру |
| Өсу және даму | |
| 7.2.3.1 ағзадардың өсу мен даму үдерістерін сипаттау;<br>7.2.3.4 жануарлардың онтогенезіндегі тура және түрленіп даму типтерін салыстыру | 8.2.3.1 эмбриоалдық даму кезеңдерін сипаттау;<br>8.2.3.2 әр түрлі ұрық жапырақшаларынан қалыптасқан мүшелер мен ұлпалар дифференциасын сипаттау |
| Тұқым қуалаушылық пен өзгергіштік заңдылықтары | |
| 7.2.4.1 адам ағзасындағы тұқым қуалайтын және тұқым қуаламайтын белгілерді зерттеу; | 8.2.4.1 тұқым қуалаушылық пен өзгергіштіктің эволюциядағы ролін дәйектеу; |

| | |
|---|---|
| 7.2.4.2 үздік және үздіксіз өзгергіштікті атау | 8.2.4.2 ағзалар селекциясы үшін қолдан сұрыптаудың маңызын сипаттау;<br>8.2.4.3 мәдени өсімдіктер мен үй жануарларының шығу тегінің орталықтарын оқып білу;<br>8.2.4.4 маңызды мәдени өсімдіктер іріктемелері мен үй жануарлары қолтұқымын сипаттау |

55.4-кесте. «Ағза мен қоршаған орта» бөлімі

| 7-сынып | 8-сынып |
|---|---|
| Биосфера, экожүйе, популяция | |
| 7.3.1.1 жергілікті жер экожүйесі қоршаған орта факторларының тірі ағзаларының тіршілік әрекеті мен таралуына әсерін зерттеу;<br>7.3.1.2 табиғи қоректік тізбектерді салыстыру;<br>7.3.1.3 қоректік тізбекті және қоректік торларды құру;<br>7.3.1.4 экологиялық сукцессия үдерісін сипаттау | 8.3.1.1 экожүйелердің жалпы құрылымының сызбасын жасау;<br>8.3.1.2 су және құрлық экожүйелерін салыстыру;<br>8.3.1.3 популяцияның негізгі қасиеттерін және құрылымдық ерекшеліктерін сипаттау;<br>8.3.1.4 ағзалардың түрлі тірі қалу тәсілдерін зерттеу;<br>8.3.1.5 жыртқыш-құрбан қарым-қатынасы мысалында популяция санының өзгеру себептерін орнату;<br>8.3.1.6 тірі ағзалардың өзара қарым-қатынас түрлерін сипаттау;<br>8.3.1.7 тірі ағзалардың қоршаған ортаның өзгермелі жағдайларына бейімделу механизмдерін түсіндіру |
| Адам қызметінің қоршаған ортаға әсері | |
| 7.3.2.1 адам мен экожүйе арасындағы қарым-қатынастарды сипаттау;<br>7.3.2.2 экожүйеге жағымсыз әсер ететін адам тіршілігінің шаруашылық салаларынан | 8.3.2.1 биологиялық әртүрлілікті сақтаудың және қолдауды қажеттіктің себептерін негіздеу;<br>8.3.2.2 Дүниежүзілік Тұқым қорының |

| | |
|---|---|
| мысалдар келтіру;<br>7.3.2.3 Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың өсімдіктері мен жануарларын сипаттау;<br>7.3.2.4 Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген жергілікті өңірдің жануарлары мен өсімдіктеріне мысал келтіру | маңызын бағалау;<br>8.3.2.3 Қазақстан аумағындағы экологиялық проблемалардың туындау себептері мен оларды шешу жолдарын түсіндіру |

55.5-кесте «Қолданбалы кіріктірілген ғылымдар» бөлімі:

| 7-сынып | 8-сынып |
|---|---|
| Молекулалық биология мен биохимия | |
| 7.4.1.2 тірі ағзалар тіршілік әрекеті үшін микро-және макроэлементтердің ролін сипаттау;<br>7.4.1.3 азық-түліктер құрамындағы нәруыз, май, көмірсулардың бар болуын дәлелдеу; | 8.4.1.1 биологиялық мысалдарды пайдаланып полимерлер мен мономерлер арасындағы айырмашылықты сипаттау;<br>8.4.1.2 көмірсулар мен липидтердің биологиялық қызметтерін сипаттау;<br>8.4.1.3 нәруыздардың қасиеттері мен биологиялық қызметтерін сипаттау |
| Жасушалық биология | |
| 7.4.2.1 жасуша, ұлпа, мүше, мүшелер жүйесі ұғымын түсіндіру<br>7.4.2.2 жануарлар және өсімдіктер жасушаларын ажырату | 8.4.2.1 өсімдік және жануар ұлпаларын жіктеу;<br>8.4.2.2 прокариот және эукариот жасушаларының құрылысын салыстыру |
| 3. Микробиология және биотехнология | |
| 7.4.3.1 бактериялар формаларының әртүрлілігін сипаттау;<br>7.4.3.3 антибиотиктер, антисептиктер мен залалсыздандыру өнімдерінің қолданылуын сипаттау;<br>7.4.3.4 вирустардың тіршіліктің жасушасыз формасы екендігін түсіндіру | 8.4.3.1 қарапайымдылар, бактериялар, саңырауқұлақтар, вирустармен туындайтын аурулардың ерекшеліктері мен алдын алу шараларын сипаттау |

IV. Кіріктірілетін оқыту мақсаттары бойынша ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгісі

Өткен оқу жылындағы тақырыптарды шиыршық қағидаты бойынша сәйкес сабақтарда кіріктіру арқылы білімдегі олқылықтардың орнын толтыру әдісі ұсынылады. Әдістемелік құралда Қарағанды қаласындағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттың биология пәні мұғалімі Еркен Индира Еркенқызының сабақ жоспары үлгі ретінде берілді.


| | |
|---|---|
| **Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны: 8.1 А Жасушалық биология**<br><br>**Мерзімі:**<br><br>**Сынып:** 8 | **Мектеп:** ММИ «Дарын»<br><br>**Мұғалімнің аты-жөні:** Еркен Индира Еркенқызы<br><br>**Қатысқандар:** **Қатыспағандар:** |





| | |
|---|---|
| **Сабақ тақырыбы** | Прокариот және эукариот жасушалардың құрылысы. |
| **Оқу мақсаты** | 8.4.2.2 эукариот және прокариот жасушалардың құрылысын салыстыру |
| **Сабақ мақсаты** | *Оқушылардың барлығы* Жасушалардың құрылыс арасындағы айырмашылықты анықтайды<br>*Оқушылардың көпшілігі* Жасушалардың құрамбөлік ерекшеліктерін үш тілде сипаттайды<br>*Оқушылардың кейбірі* Сан алуан жасушаларды жинақтамалардан, микропрепараттардың құрылысына қарап топтастырады |
| **Бағалау критерийлері** | *Обучающийся:* Эукариотты және прокариотты жасушалардың құрылысын айқындайды<br>Ядролылар мен ядросыздардың органоидтарын біледі,үш тілде сипаттайды<br>Дайын микропрепараттан әр түрлі жасушаларды жіктейді |
| **Тілдік мақсаттар** | Айтылым : қойылған сұрақтарға толық ауызша жауап береді<br><br>Жазылым: биологиялық диктант,эссе жазады<br><br>Тыңдалым: көрген бейнетаспа бойынша глоссариймен жұмыс ұйымдастырады<br><br>Оқылым: мәтінмен жұмыс жасайды, ақпаратты талдайды.<br><br>Глоссарий:<br><br>Прокариотты жасуша-Prokaryote cell<br><br>Эукариотты жасуша-Eukaryote cell |

| | |
|---|---|
| | Мембрана – Membrane<br>Цитоплазма-Cytoplasm<br>Жасуша қабықшасы-Cell wall<br>Ядро – Nucleus<br>Хромосома және гендер – Chromosomes and genes<br>Рибосома – ribosomes<br>Вакуоль - Vacuoles |
| **Құндылықтарды қалыптастыру** | **Құндылық/ ценность: Жалпыұлттық «Мәңгілік Ел» идеясының құндылықтары**<br>4.Индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өсу<br>- ғылым саласының шешуші реформалары (биотехнология, гендік инженерия) |
| **Пәнаралық байланыс** | Эукариотты жасуша→ физика (мембрандық потенциал)<br>→ химия (органоидтардың химиялық құрамы) |
| **Алдынғы білім** | Жануарлар және өсімдіктер жасушаларын ажырату |

Сабақ барысы

| **Сабақ кезеңдері/уақыт** | **Мұғалімнің іс-әрекеті** (мақсатқа қалай қол жеткіземін? | **Оқушының іс-әрекеті** | **Бағалау** (әдіс-тәсілдер) | **Саралау тәсілдері** |
|---|---|---|---|---|

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы** | **1.Ұйымдастыру кезеңі**<br>**Топқа бөлу**<br>Әр оқушыға органоиды бар сурет таратылады, «Жануар», «Өсімдік», «Прокариот» деп топтасулары ұсынылады.<br> | Жануар немесе өсімдік жасушасына тән органоидтарды есіне түсіреді, топқа бөлінеді |  | Жіктеу (сарапшы топ) |
| | 2.**«Миға шабуыл» әдісі**<br>**Мақсаты:** Оқушалармен бірлесе отырып сабақтың мақсаты мен міндетін шығару.<br>«Прокариот» тобындағы оқушылар органоидтарын атап шығады.<br>Мұғалім сұрақ қояды:<br>-Жаңа топтың атауы, құрылысындағы органоидтары туралы қандай ақпарат айта аласыздар?<br><br><u>Тақтаға</u> «Жер бетіндегі сан алуандыққа тән жасушалар суреттері» таратылады. | Оқушылар мұғаліммен диалогқа түсіп прокариотты жасушаның құрылысы туралы ақпаратты талдайды, қорытындылайды,сабақ тың мақсатын қояды | Қ.Б  | Диалог және қолдау корсету -мұғалім оқушыларды ойланту үшін және бірқатар жауаптар алу үшін алдын ала дайындалған сұрақтарды қоюына болады. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| |      Рис. 15. Форма некоторых вирусов: 1 — вирус герпеса, 2 — вирус гриппа Рис. 16. Модель вируса табачной мозаики: 1 — белковая оболочка, 2 — РНК   Строение клетки гриба олардың сипаттамалары оқушыларға беріледі. **Тапсырма:** Берілген анықтаманы суретпен сәйкестендіру керек. | | | |
| **Негізгі бөлім** | I.Эукариотты және прокариотты жасуша туралы қысқаша бейнетаспа ұсынылады (2-3 мин.) **Мақсаты:**Тілдік құзыреттіліктерін дамыту, білімдерін бекіту Глоссариймен жұмыс – оқушылар дәптерге жаңа сөздерді жасады II.Жаңа тақырыпқа байланысты «А – С арақашықтағы көпірді өтейік» атты тапсырма | Бейне таспаны тыңдайды, глоссариймен жұмыс жасайды Тапсырманы жазбаша | Ж.Б | Дереккөздермен жұмыс Тапсырма -Мұның |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>орындайды<br>Мақсаты: білімді игеру деңгейлерін тексеру, ойлау деңгейлерін дамыту<br>Тапсырма:Көпірді өту барысында әр нүктеден бір тапсырманы орындап алып, әр қарай журуге болады.<br>А деңгейі<br>1.Прокариотты және эукариотты жасушаларға анықтама бер.<br>2.Прокариотты және эукариотты жасушалардың ортақ белгілерін ата.<br>3.Эукариотты және прокариотты жасушаларға тән ерекшеліктерін ажырата жаз.<br>В деңгейі<br>1.Ядролылар мен ядросыздарға тән ерекшеліктерді салыстырмалы кестеге толтыр.<br>2.Эукариоттардың артықшылықтарын сипатта.<br>3.Прокариоттардың кемшіліктерін анықта.<br>С деңгейі<br>1.Прокариоттардың бар болуына байланысты қандай өнеркәсіп дамыды.<br>2.Жасуша органоидтарын қаланың инфрақұрылымымен сәйкестендір.Эссе жаз «Жасуша атты қала».<br><br><table><tr><th>Критерий</th><th>Дескриптор</th></tr><tr><td>Ядролылар мен ядросыздардың ерекшеліктерін біледі</td><td>- терминдердің анықтамасын бере алады;<br>- прокариотты және эукариотты жасушаларға ортақ белгілерді атайды;<br>- прокариотты және</td></tr></table></td>
<td>орындайды</td>
<td></td>
<td>құрамына білім деңгейі әр түрлі оқушыларға арналған тапсырмалар кіреді.</td>
</tr>
</table>

<table>
<tr><td></td><td></td><td>эукариотты жасушалардың салыстырмалы сипаттамаларын біледі;<br>- эукариотты жасушалардың артықшылықтарын, прокариотты жасушалардың кемшіліктерін біледі;жасушаны үлгілейді.</td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Сабақ соңы</td><td colspan="2">«Өнім жинаймыз» әдісі<br>Максаты:<br>Алған теориялық білімдерін тексеру,бекіту<br>Тапсырма<br>Берілген суреттер, микропрепараттардан (15 дана) өз топтарына сәйкес жасушаларды жинақтау<br>Әр топ атауына байланысты жасушаларды сан алуан жасушалардың жинағынан іріктеп алуы ұсынылады.<br><table><tr><th>Критерий</th><th>Дескриптор</th></tr><tr><td>Берілген әр түрлі жасушаларды жіктейді</td><td>- эукариотты жасушаның құрылысын біледі;<br>- прокариотты жасушаның құрылысын біледі.</td></tr></table>Модельдеу<br>Мұғалім ұсынған заттардан (плакат,түрлі түсті қағаз,желім,пенопласт,акварель т.б)жасушаны үлгілейді<br>Мақсаты: алған білімдерін бекіту</td><td>Оқушы таңдайды</td><td></td><td>Қорытынды<br>-Барлық оқушылар бір тапсырманы орындаса да олардың нәтижелері әр түрлі болады.</td></tr>
</table>

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **Критерий** \| **Дескриптор**<br>Жасушаны үлгілейді \| -үлгіні эстетикалық талаптарға сай орындайды;<br>- жасушаның құрылым компоненттерін дұрыс орналастырады | | | |
| **Мұғалімнің өткізген сабақ бойынша рефлексиясы**<br>**I can …** | | | | |
| | |  | | |
| Эукариотты жасуша құрылысын білемін | | + | | |
| Прокариотты жасуша құрылысын сипаттаймын | | + | | |
| Жасушаларды жіктей аламын | | | | |
| Жасушаны үлгілей аламын | | + | | |

V. Сабақтан тыс уақытта толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары

55.6-кесте сабақтан тыс уақытта толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары

| 7-сыныпта өтілген тақырыптар | Оқыту мақсаттары |
|---|---|
| **Экожүйелер** | |
| Қоректік тізбектер және қоректік торлар. Модельдеу «Қоректік тізбек пен торды құру» | 7.3.1.2 табиғи қоректік тізбектерді салыстыру;<br>7.3.1.3 қоректік тізбектер және қоректік торларды құрастыру |
| Адам экожүйенің бір бөлігі. Антропогендік фактор | 7.3.2.1 адам мен экожүйе арасындағы қарым-қатынастарды сипаттау |
| Адам әрекеттерінің экожүйеге жағымсыз әсері | 7.3.2.2 экожүйеге жағымсыз әсер ететін адам тіршілігінің салаларына мысалдар келтіру |
| Қазақстанда ерекше қорғалатын аймақтар. Жергілікті жердің ерекше қорғалатын аймақтары | 7.3.2.3 Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аймақтарының өсімдіктері мен жануарларын сипаттау |
| Қазақстан Республикасының Қызыл кітабы. Жергілікті өңірдің ҚР Қызыл кітабына енгізілген жануарлары мен өсімдіктері | 7.3.2.4 жергілікті өңірдің Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген жануарлары мен өсімдіктеріне мысал келтіру |
| **Тірі ағзаларды жүйелеу** | |
| Тірі ағзалардың бес патшалығына жалпы сипаттама: прокариоттар, протисталар, саңырауқұлақтар, өсімдіктер, жануарлар. Өсімдіктер мен жануарлардың негізгі жүйелік топтары: Патшалықтар. Типтер. Бөлімдер. Кластар. Өсімдіктер мен жануарларды жүйелеудің маңызы | 7.1.1.2 жүйелеуде тірі ағзалардың орынын анықтау |
| Дихотомиялықәдіс. Дихотомиялық кілттерді қолдану | 7.1.1.4 жекелеген ағзаларға қарапайым дихотомиялық кілттерді қолдану |
| **Жасушалық биология**<br>**Су және органикалық заттар** | |

| | |
|---|---|
| Жасуша, ұлпа, мүше, мүшелер жүйесі түсініктері. Өсімдіктер және жануарлар жасушаларын салыстыру. Жарық микроскобынан көрінетін жасуша құрылымдары: пластидтер, вакуоль, ядро, цитоплазма, жасушалық мембрана, жасушалық қабырға | 7.4.2.1 «жасуша», «ұлпа», «мүше», «мүшелер жүйесі» туралы түсініктер; |
| Судың қасиеттері: беттік керілу, судың қозғалысы, еріткіштігі, қайнау және балқу температурасы, жылусыйымдылығы. Судың биологиялық маңызы және оның еріткіш ретіндегі, температураны сақтау мен реттеудегі ролі. Зертханалық жұмыс «Судың тірі ағзалар үшін маңызы мен қасиеттерін зерттеу». Микро- (мырыш, темір, селен, фтор) және макроэлементтердің (магний, кальций, калий, фосфор) тірі ағзалардың тіршілік әрекеті үшін маңызы | 7.4.1.1 судың қасиеті мен тірі ағзалар үшін маңызын сипаттау;<br>7.4.1.2 тірі ағзалар тіршілік әрекеттері үшін микро- және макроэлементтердің ролін сипаттау |
| Өсімдіктерде макроэлементтердің тапшылығы (азот, калий, фосфор). Тыңайтқыштар: органикалық және минералдық (азотты, калийлі жәнефосфорлы) | 7.1.1.4 минералды тыңайтқыштардағы азот, калий және фосфордың өсімдіктер үшін маңызын танып білу |
| **Заттардың тасымалдануы** | |
| Заттар тасымалдануының тірі ағзалардың тіршілік әрекеті үшін маңызы. Заттардың тасымалдануына қатысатын тірі ағзалардың мүшелері мен мүшелер жүйесі | 7.1.3.2 өсімдіктерде заттардың тасымалын қамтамасыз ететін мүшелерді танып білу |
| Сабақ және тамыр. Сабақтың ішкі құрылысы: қабық, камбий, сүрек, өзек. Тамыр аймақтары: бөліну, өсу, сору және өткізу аймақтары.<br>Тамырдың ішкі құрылысы: флоэма, ксилема, камбий. Зертханалық жұмыс «Сабақтың ішкі құрылысын зерттеу». Зертханалық жұмыс «Тамыр аймақтарын зерттеу» | 7.1.3.3 тамыр және сабақтың ішкі құрылысын зерттеу;<br>7.1.3.4 тамыр және сабақтың құрылысы мен қызметі арасындағы байланысты сипаттау |

| | |
|---|---|
| Ксилема, флоэма және олардың құрылымдық элементтері | 7.1.3.5 флоэма мен ксилеманың элементтерін құрылысын салыстыру |
| Жануарлардағы қанайналым мүшелері: буылтық құрттар, ұлулар, буынаяқтылар және омыртқалылар | 7.1.3.6 жануарларда заттар тасымалына қатысатын мүшелерді танып білу |
| **Тірі ағзалардың қоректенуі** | |
| Жапырақтың құрылысы мен қызметі. Жапырақтың ішкі құрылысы. Лептесік. Жапырақ фотосинтездеуші негізгі арнайы мүше. Судың буланuы мен газдардың алмасуы | 7.1.2.1 жапырақтың ішкі құрылысын сипаттау, құрылысы мен қызметі арасындағы өзара байланысты түсіндіру |
| Фотосинтезге қажетті жағдайлар. Зертханалық жұмыс «Фотосинтез үдерісіне қажетті жағдайларды зерттеу» | 7.1.2.2 фотосинтезге қажетті жағдайларды зерттеу |
| **Тыныс алу** | |
| Өсімдіктер мен жануарлар үшін тыныс алудың маңызы. Тыныс алу - энергия көзі. Тыныс алу типтері: анаэробты және аэробты. Анаэробты және аэробты тынысалуды салыстыру: оттегінің қатысында/қатысынсыз, статикалық/динамикалық жұмыс, жылықанды/суыққанды жануарлар | 7.1.4.2 анаэробты және аэробты тыныс алу типтерін ажырату |
| Өсімдіктердің тыныс алуы. Тұқымның немесе өскіндердің тынысалуы мысалында Зертханалық жұмыс «Өсімдіктер-дің тынысалуын зерттеу» | 7.1.4.3 өсімдіктердегі тыныс алуды зерттеу |
| Омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың тыныс алу мүшелері (бунақденелілердің демтүтіктері, балықтарының желбезектері, құстардың және сүтқоректілердің өкпесі). Модельдеу «Омыртқалы және омыртқасыз жануарлардың тынысалу жүйесі мүшелерін салыстыру» | 7.1.4.4 омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың тыныс алу мүшелерін салыстыру |

| | |
|---|---|
| **Бөліп шығару** | |
| Өсімдіктердегі бөліп шығару өнімдері: тыныс алу мен фотосинтездің бастапқы және соңғы өнімдері. Зертханалық жұмыс «Өсімдіктердің тынысалу ерекшеліктерін өскіндер мысалында зерттеу» | 7.1.5.2 өсімдіктердегі бөліп шығару ерекшеліктерін зерттеу |
| Жануарлардың бөліп шығару жүйелері. Жануарлардың бөліп шығару жүйелерінің құрылысын салыстыру | 7.1.5.3 омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың бөліп шығару жүйелерінің құрылысын салыстыру |
| **Қозғалыс** | |
| Өсімдіктердің қозғалысы. Қозға лыстың өсімдіктер тіршілігіндегі маңызы. Өсімдіктердің қозғалу тәсілдері (тропизмдер, таксистер, өсу қозғалыстары). Өсімдіктердің өсуі мен дамуына жарықтың әсері. Жарықтың түсу деңгейіне қарай өсімдіктердің бейімделуі. Фотопериодизм күннің жарық түсу ұзақтығына ағзалардың бейімделуі | 7.1.6.1 өсімдіктердің қозғалысы себептерін түсіндіріп, қозғалыстың маңызын сипаттау;<br>7.1.6.2 жарықтың өсімдіктердің дамуына әсерін түсіндіру;<br>7.1.6.3 өсімдіктердегі фотопериодизм ролін сипаттау |
| Жануарлардың қозғалыс мүшелері. Тірі ағзалардағы қозғалыстың рөлі. Жануарлардың қозғалу тәсілдеріне мысалдар. Жануарлардың мекен ортасы мен қозғалыстәсілдері арасындағы байланыстарды анықтау | 7.1.6.4 омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың қозғалыс мүшелерін салыстыру |
| **Координация және реттелу** | |
| Жүйке жүйесінің типтерін салыстыру: диффузиялы, сатылы, түйнекті, түтіктәрізді | 7.1.7.1 жануарлардың жүйке жүйесінің типтерін салыстыру |
| Жүйке жүйесінің құрам бөліктері. Жүйке жүйесінің қызметі. Нейронның құрылысы: денесі, дендриттер, аксон. Нейронның қызметтері | 7.1.7.2 жүйке жүйесінің қызметін және құрылымдық компоненттерін атау;<br>7.1.7.3 жүйке жасушасының компоненттерін анықтау |
| Жүйке жүйесінің орталық және шеткі бөлімдері. Жұлын. Ми. Ми бөлімдерінің құрылысы мен қызметтері: сопақша ми, | 7.1.7.4 орталық жүйке жүйесі бөлімдерінің құрылысы мен қызметтерін салыстыру |

| | |
|---|---|
| артқы (ми көпірі, мишық), орталық және аралық ми. Үлкен ми сыңарлары | |
| Рефлекстік доға: рецептор, сезгіш, аралық, қозғалыс нейрондары, жұмыс мүшесі.<br>Зертханалық жұмыс «Тізе рефлексі» | 7.1.7.5 рефлекстік доғаны зерттеу |
| Мінез-құлықтың рефлекторлық табиғыты: шартсыз және шартты рефлекстер. Шартты рефлекстердің сөнуі | 7.1.7.6 мінез-құлықтың рефлекторлық табиғатын түсіндіру |
| Ішкі мүшелер жұмысының жүйкелік реттелуі | 7.1.7.7 вегетативті жүйке жүйесінің қызметін сипаттау |
| Адам ағзасы үшін ұйқының маңызы. Биологиялық ритмдер. Ұйқының кезеңдері: баяу және жылдам ұйқы. Жұмысқа қабілеттілік. Күн тәртібі. Оқу еңбегі мен дене еңбегінің гигиенасы. Күйзеліс. Күйзеліс жағдайларымен күрес және олардың алдын алу әдістері | 7.1.7.8 ағзаның тіршілік әрекеттерінің қалпына келуіне және тынығуына ұйқының маңызын түсіндіру;<br>7.1.7.9 жақсы психикалық денсаулықты сақтаудың принциптерін түсіндіру |
| Жүйке жүйесінің қызметіне алкаголь, темекі, және наркотикалық заттардың әсері | 7.1.7.10 жүйке жүйесінің қызметіне алкаголь, темекі, және наркотикалық заттардың әсерін түсіндіру |
| **Тұқымқуалау мен өзгергіштік** | |
| Адамда белгілердің тұқым қуалауында гендер мен ДНҚ рөлі.<br>Жүре пайда болған және тұқымқуалайтын белгілер. Хромосоманың құрылымы. Генетикалық материалды сақтаушы және тасымалдаушы ДНҚ жайлы түсінік<br>Модельдеу «Адам ағзасындағы тұқым қуалайтын және тұқым қуаламайтын белгілерді зерттеу» | 7.2.4.3 белгілерді анықтаудығы гендердің рөлін түсіндіру;<br>7.2.4.4 хромосомадағы генетикалық ақпарат дезоксирибонуклеин қышқылы рөлін түсіндіру |
| Әртүрлі ағзалар түрлерінің хромосомалар саны.<br>Соматикалық және жыныс жасушалар. Гаплоидты және диплоидты хромосомалар | 7.2.2.1 әртүрлі ағзалардағы хромосомалардың санын салыстыру;<br>7.2.2.2 соматикалық және жыныс хромосомаларындағы хромосомалар |

| | |
|---|---|
| жиыны | санының әртүрлілігін түсіндіру |
| **Көбею. Өсу және даму** | |
| Ағзалардың жеке дамуы түсінігі. Өсімдіктер мен жануарлардағы онтогенез кезеңдері. Бөліну, өсу, көбею, қартаю. Өсімдіктердің өсуі. Сабақтың ұзарып және жуандап өсуі. Камбийдің рөлі. Жылдық сақиналар. Зертханалық жұмыс «Жылдық сақинаны санау» | 7.2.3.2 өсімдіктердің ұзарып және жуандап өсу үдерістерін зерттеу |
| **Микробиология және биотехнология** | |
| Бактерияларды пайдалану. Табиғаттағы және адам өміріндегі бактериялардың маңызы. Зертханалық жұмыс «Өндірісте йогурт және ірімшік жасауды зерттеу» | 7.4.3.2 ірімшік және йогурт өндірісін зерттеу |

VI. Кіріктіруге болмайтын оқыту мақсаттары қарастырылатын консультациялардың кестесі

Каникул кездерінде 8-сыныпқа өткен оқу жылындағы оқу мақсаттарын, оның ішінде 8-сыныпта кіріктіруге келмейтін оқу мақсаттарын қамтитын қосымша сабақ жоспарларын әзірлеу қажет болады. Білім алушылардың біліміндегі анықталған олқылықтар негізінде өтілетін тақырыптар мен оқу мақсаттарын айқындап алу қажет.

Мысалы, 8-сыныпта «Қозғалыс» бөлімінде адамның тірек-қимыл жүйесі, оның құрылысы мен қызметтері туралы. Ал 7-сыныпта бұл оқушылар өсімдіктердің қозғалысы туралы білім алады, өсімдіктердегі қозғалыстың маңызы жоғары сыныптарда (8-9 сыныптарда) шиыршықты түрде тереңдетіліп не қайталанбайды. Сондықтан бұл тақырыптарды жеке жоспар түрінде жүргізу ұсынылады.

Төменде 8-сыныптарға өткен оқу жылындағы орын алған олқылықтардың орнын толтыру мақсатында өткен оқу жылындағы тақырыптарды жүргізуді ұйымдастыру бойынша сабақ жоспарлары ұсынылады.

Нұр-Сұлтан қаласындағы Абай Құнанбайұлы атындағы № 87 мектеп – гимназияның биология пәні мұғалімі Қасымова Ләзім Талғатқызының қысқа мерзімді жоспары үлгі ретінде ұсынылады.


| | | |
|---|---|---|
| **Ұзақ мерзімдік жоспардың бөлімі :**<br>7.3В: Қозғалыс | **Мектеп : Абай Құнанбайұлы атындағы №**<br>**87 мектеп -гимназия** | |
| **Күні:** | **Мұғалімнің аты-жөні: Қасымова Ләзім Талғатқызы** | |
| **Класс: 7 «А»** | **Қатысушылар саны:** | **Қатыспағандар саны:** |
| **Сабақ тақырыбы:**<br>**«Қозғалыстың өсімдіктер тіршілігіндегі маңызы»** | | |

| | |
|---|---|
| **Осы сабақ арқылы жүзеге асырылатын оқу мақсаттары (оқу бғдарламасына сілтеме)** | *7.1.6.2 өсімдіктің өсуіне жарықтың әсерін түсіндіру*<br>*7.1.6.3 өсімдіктегі фотопериодизм рөлін сипаттау* |
| **Сабақ мақсаты** | • *өсімдік өсуіне жарықтың әсерін түсіндіру*<br>• *өсімдіктегі фотопериодизм рөлін сипаттау* |
| **Бағалау критерилері** | • өсімдік өсуіне жарықтың әсерін түсіндіре алады<br>• фотопериодизм ұғымын түсіндіреді<br>• ұзақ күнді және қысқа күнді өсімдіктерді ажырата алады |
| **Тілдік мақсаттар** | ***Оқушылар орындай алады:***<br>зерттеуді талдаудағы тілдік құзыреттілікті дамыта алады |

| | |
|---|---|
| | ***Пәнге қатысты лексика мен терминология:***<br><br>Фотопериодизм<br><br>***Диалог/жазу үшін пайдалы сөз тіркестері топтамасы:***<br>Фотопериодизм –күн мерзімділігіне байланысты өсімдіктердің жоғарыға қарай тартылып өсуі |
| **Құндылықтарды дарыту** | Оқушылар жұптық тапсырмалар орындау арқылы бір-біріне деген ынтымақтастық, қамқорлық және адамгершілік, сыйластық қалыптасады; Оқушылардың тапсырмаларды орындау барысында өз беттерімен орындау қажеттілігін ескерту, әрі адалдықты дамыту;<br><br>Сабақ барысында үштілділік, денсаулық, құрмет, жауапкершілік және үздіксіз оқу сияқты маңызды құндылықтарды қалыптастыруға көңіл бөлу;<br><br>Оқушылар практикалық жұмыс жасау арқылы қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету. |
| **Пәнаралық байланыс** | География, химия. |
| **АКТ дағдылары** | презентация слайдтарын, бейнематериалдар пайдалану |
| **Бастапқы білім** | Алдыңғы сабақ бойынша өсімдіктердің қозғалыс себептерін біледі. (тропизмдер, таксистер). |

***Сабақ барысы***

| Сабақ | | ***Ресурстар*** |
|---|---|---|


| | | |
|---|---|---|
| кезеңдері | | |
| Сабақтың<br><br>басы<br><br>**0-2**<br><br><br>**2-4** | **Сабақты ұйымдастыру**<br><br>**Сәлемдесу. Көңіл күйлерін көтеру.**<br><br><br>**МИҒА ШАБУЫЛ**<br><br>**Оқушыларға видеоматериал ұсыну. Ол арқылы өткен сабақт не туралы болғанын айту**<br><br><br>Өткен сабақта біз туралы өттік?<br><br><br>Бүгін не туралы өтуіміз мүмкін?<br><br><br>***Сабақ тақырыбы мен мақсатын таныстыру*** | слайд 1<br><br>Презентация<br><br><br><br><br>слайд 2<br><br><br><br><br>слайд 3 |

| | | |
|---|---|---|
| 5-6 минут | Қозғалыстың өсімдіктер тіршілігіндегі маңызы<br><br>7.1.6.2 - жарықтың өсімдіктердің дамуына әсерін түсіндіру;<br><br>➢ *өсімдік өсуіне жарықтың әсерін түсіндіру*<br>➢ *өсімдіктегі фотопериодизм рөлін сипаттау* | Слайд 4 |
| **Сабақтың ортасы**<br><br>**6-15 минуи** | ***Топпен жұмыс.*** | |

| | | |
|---|---|---|
| **15-20минут** | **Ойланайық!**<br><br><br>**Дәлелдейік!**<br>**Жарық өсімдіктер үшін маңызды. Барлық өсімдіктер үшін жарық қажет.**<br>**Дескриптор:**<br>Жарықтың өсімдіктер үшін маңыздылығын дәлелдейді<br><br>Оқушылардың жауаптарын тыңдау<br><br>Оқулықпен жұмыс | слайд 5-6<br><br>слайд 8 |

| | | |
|---|---|---|
| |  <br>**Фотопериодизм**-жарықтың тәуліктік ырғағына ағзаның реакциясы. Жарық пен қараңғының тәулік бойынша өсімдіктің өсуі мен дамуына әсері.<br><br><br><br>***Мұғалім фотопериодизм туралы ақпарат береді:***<br><br>Күннің ұзақтығына байланысты өсімдік өсуінің баяулауы немесе жеделдетуі қалай аталады | бейнебаян<br><br>дидактикалық материал |

| | | |
|---|---|---|
| **20-25 минут** | **ФОТОПЕРИОДИЗМ**<br><br>***Миға шабуыл***<br>• фотопериодизм өсімдіктің жарық күн ұзақтығына бейімделуіне қалай жағдай туғызады?<br><br>***Бейнебаян көрсету***<br>Бейнебаянды мұқият қарап болғаннан кейін оқушылар фотопериодизмнің биологиялық рөлін талқылайды<br><br>**(И) Кестені толтырыңыз**<br><br>Жарық күннің узақтығына байланысты кейбір өсімдіктердің бейімделуіне байланысты топтары<br><br>Ұзақ күндік өсімдіктер / Қысқа күндік өсімдіктер / Күннің ұзақтығына бейтарап өсімдіктер<br><br>Өсімдіктер мысалдары | Слайд 10 |

| | | |
|---|---|---|
| **26-29 минут** | **Соңында пысықтау мақсатында тапсырмалар орындау**<br><br>**Қай суретте(суреттерде) өсімдіктің жарыққа қарай бағытталып қозғалғанын көрсетеді?**<br>**Дескриптор: суреттерге қарап жарыққа бағытталып қозғалған өсімдікті анықтайды;** | слайд 11-12 |

| | | |
|---|---|---|
| | | Слайд 14-15-16 |
| **Сабақтың соңы**<br><br>**29-30 минут** | <br>***Рефлексия***<br><br>***Үй тапсырмасы***<br><br>Тақырып бойынша материалдарды меңгеру,бейнебаянды қайта қарау және сұрақтарға жауап беру | |

| **Қосымша ақпарат** | | | |
|---|---|---|---|
| **Дифференциация: қандай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Сіз қабілетті оқушылар алдына қандай міндет қоюды жоспарлайсыз?** | **Сіз оқушылардың материалды меңгеру деңгейін тексеруді қалай жоспарлайтыныңызды бағалаңыз?** | **Пәнаралық байланыс. Денсаулық және қауіпсіздік**<br><br>**ИКТмен байланыс**<br><br>**Құндылықтармен байланыс (тәрбиелеу элементі)** | |
| **Барлық оқушылар білу қажет:**<br>өсімдік өсуіне жарықтың әсерін түсіну<br>**Көпшілік оқушылар білу қажет:**<br>өсімдіктегі фотопериодизм рөлін сипаттау<br>**Кейбір оқушылар білу қажет:**<br>Сонымен қатар өсімдіктерге жарықтың маңызын,оның фотосинтезге әсері.<br>Оқушылар жұмыс жасау барысында көмекші нұсқаулық экранда көрсетіледі.<br>Тек қосымша көмек қажет оқушылардың | 1. Өзін-өзі бағалау және өзара бағалау<br>2. Жеке және топтық жұмыс<br>3.Оқушылар кестені толтырыуы қажет | Оқушылар жұппен және топпен жұмыс істеу арқылы басқа оқушылармен және мұғаліммен жұмысты талқылаған кезде **өзгенің ойын құрметтеуге,** өзімен қатарлас және үлкен адамдармен сөйлескен кезде тиісті бейне қалыптастыру қабілетін дамытады.<br>презентация слайдтарын, | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| өтініші бойынша оларға нақты жұмыс сызбанұсқасы беріледі.<br>Оқушылар сұрақтарға жауап бере отырып сабақ тақырыбын өмірмен байланыстыра алады. Бұл айналада болып жатқан процестерді түсінуіне мүмкіндік береді.<br>Ағылшын тіліндегі глоссарий<br>Белсенділігі жоғары оқушылар өз бетімен тапсырмалар мен модельдерді демонстрациялай алады | | бейнематериалдар пайдалану<br><br>Адам денсаулығына ең аз тәуекелділігі<br>Биология бөлмесінде қауіпсіздік ережелерді сақтау (электр, компьютер, кесу құралдары) | |
| Жалпы баға<br><br>Сабақтың қай екі аспектісі жақсы өтті (сабақ беру мен оқыту)?<br><br>1:<br><br>2:<br><br>Сабақты жаксартудың екі мүмкіндігі (сабақ беру мен оқыту)?<br><br>1:<br><br>2:<br><br>Келесі сабаққа дайындалу үшін, сабақ барысында класс және жеке оқушылар туралы не білдім | | | |

## VII. Жазғы мектеп кезінде ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгісі

Әдістемелік ұсынымда Семей қаласы ЫБырай Алтынсарин атындағы № 37 гимназиясының биология пәнінің мұғалімі Архыматаева Арай Жаксылыққызының іс-тәжірибесінен сабақ жоспарының үлгісі ұсынылады.

| | | |
|---|---|---|
| **Бөлім:** | **8.3D Координация және реттелу** | |
| Сынып: 8 сынып | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы | **Сезім мүшелері тарауын қорытындылау** | |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары | 8.1.7.1 көруді қабылдаудың ерекшеліктерін зерттеу және көру гигиенасы ережесін сипаттау<br>8.1.7.2 дыбысты қабылдау ерекшеліктерін зерттеу және есту гигиенасының ережелерін сипаттау<br>8.1.7.3 көру және есту рецепторларының құрылымы мен қызметтерін сәйкестендіру | |
| Сабақтың мақсаты | Сезім мүшелері туралы алған білімдерін қолдану, дамыту<br>**Барлық оқушылар:** Сезім мүшелері туралы сұрақтарға жауап береді салыстырады, қолдана біледі.<br>**Оқушылардың басым бөлігі:** Сезім мүшелерін салыстыра отырып талдайды, ерекшеліктерін анықтайды<br>**Кейбір оқушылар:** Сезім мүшелерінің қолдану түрлерін, маңызын талдай отырып тұжырымдап баға береді | |
| **Алдыңғы білім** | 7 сынып . Рефлекстік доға: рецептор, сезгіш, аралық, қозғалыс нейрондары, жұмыс мүшесі. | |

Сабақтың барысы

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы<br><br>10 минут | **Ұйымдастыру. Психологиялық ахуал.**<br>Оқушыларды топтарға бөлінеді.<br><br>Алдыңғы білімді тексеру, байланыстыру<br><br>Рецептор деген не сұрағы талқыланады. Осы талқылаудан соң оқушылардан сабағымыз не туралы екен деп сұрай келе сабақтың тақырыбы ашылады. Көру мен | 1 топ: Офтальмолог<br>2 топ: Лор<br>3 топ: Дегустатор<br><br>«Жалған, ақиқат» стратегиясы<br>Көздің нұрлы қабығы пигментке бай<br>Жүйке импульсі түрінде бейне тор қабықта пайда болады<br>Көздің қосалқы мүшелеріне ақ қабық жатады /-/<br>Тамырлы қабық арқылы көзге жарық түседі<br>Ішкі құлақ сыртқы құлақпен дабыл жарғағы арқылы бөлінеді /-/<br>Ішкі құлақтағы ұлулыденедегі орналасқан түкті жасушаларды есту рецепторлары деп атайды<br>Түкті жасушаларда | Сигналдық карточка қызыл-жалған, жасыл-ақиқат | Көз, құлақ, рецепторлар суреттері бар қағаздар<br><br>Слайд 1-2<br><br>Слайд 2-3 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | есту рецепторлары туралы нені білу қажет деп ойлайсыздар деп сұрау арқылы сабақтың мақсаты анықталып, бағалау критерийлері таныстырылады. | механикалық әсерден жүйке импульстері пайда болады<br>Ұлулы денедегі сұйықтықтың тербелісі есту рецепторларын тітіркендіреді<br><br>Тақырыптың мазмұны мен мақсатын ашу | | |
| Сабақтың ортасы<br>6 минут<br><br><br><br><br><br><br><br>5 минут | **<u>1 тапсырма:</u>**<br>Сәйкестендіру тапсырмасы.<br>Құлаққа зиянды және зиянды емес дыбыстардың суреттері, дыбыстық децибельдердің сандары<br><br><br><br>**<u>2 тапсырма: « Қызықты анимация»</u>**<br>/ қараңғы бөлмедегі көздің бейнесі/<br>**<u>Сұрақ:</u>**<br>1. Бұл анимация нені | **<u>Дескриптор</u>**:<br>Құлаққа зиянды және зиянды емес дыбыстардың суреттері мен дыбыстық децибиелдерді сәйкестендіріп, түсіндерді<br>/Дұрыс жауабы экран арқылы көрсетіледі/<br>**Бағалау критерийі:**<br>Құлақтың құрылысын біледі<br>Құлаққа зиянды және зиянды емес | Өздік бағалау | Дыбыстардың суреттері, децибель сандары бар қима қағаздар<br>Слайд-4<br><br>https://twig-bilim.kz/kz/film/factpack-decibel-range<br><br>Бейнеролик<br><br><br>https://twig-bilim.kz/kz/film/factpack-colour-mixing (Физика) |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 4 минут<br><br>8 минут<br><br>6 минут | білдіреді?<br>2.Қараңғы бөлмедегі көздің көру қабілетін сипатта, түрлі түсті көрмейміз неге?<br>(Т)Құтыша мен таяқшаның ерекшеліктерін таяқша мен құтышалардың қызметтеріне тоқталу,Родопсин және йодопсин пигменттері. Әртүрлі түстерді ажырата алмаушылық ауруы дальтанизм туралы еске түсіру<br>(Т) Оқушыларға құтшалардың негізгі үш түсті көретіндігін, осы түстердің араласуынан әртүрлі түстерді көре алады<br><br>Сұрақ: Нені сезіндің? | дыбыстарды анықтайды, дыбыстық децибельдердің қауіптілігін анықтап, сәйкестендіреді<br>**Бағалау критерийі:**<br>Анимацияны түсініп талдайды<br>Қараңғы жердегі көздің көру қабілеттін сипаттайды<br><br>**3 тапсырма:**<br>Дальтонизм тәжірибесін орындату<br>Эксперимент жүргізу */Қосымша 1/*<br><br>**4 тапсырма:**<br>Онлайн экспериментті және физика пәнімен байланыстра отырып https://twig-bilim.kz/kz/film/factp | Өздік бағалау<br><br>Өздік бағалау<br><br>Бас бармақ | https://twig-bilim.kz/kz/film/how-we-see-part-1-eyes<br><br>Тест Дальтонизм<br><br>https://phet.colorado.edu/sims/html/color-vision/latest/color-vision_en.html<br>Түрлі түсті бояулар, сынауық, қылқалам<br>Эксперимент парақшасы<br><br>Құрт, лимон, тосап |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | ack-colour-mixing видеосын көрсету арқылы тәжірибелік жұмысты қорытындылау. Экспенимент жасау /Бояуларды араластыру/<br><br>**<u>5 тапсырма:</u>** Әдіс – тәсіл:<br>« Сезім мүшелер композициясы»<br>Тағамдардың атауын дыбыс арқылы беріледі<br>Тағамдарды қолмен ұстап көреді<br>Тағамның дәмін татып көреді.<br>**<u>Бағалау критерийі:</u>**<br>Сезім мүшелерінің бір-бірімен байланысын түсіндіреді, айырмашылықтарын талдайды, бағалайды | | |
| Сабақтың аяғы<br>2 минут | **Рефлексия. «VAK»**<br><br>**Сабақты** | **Не көрдің?.....**<br>**Не естідің?.....**<br>**Не сезіндің?.....** | Өздік бағалау | Стикерлер |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **қорытындылау** | | | |

## 56. «Биология» оқу пәні, 9-сынып

I. Өткен оқу жылында өтілген оқу бағдарламасының мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттары

56.1-кесте. 9-сыныпта өткен оқу жылында өтілген оқу бағдарламасының мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттары:

| 8-сыныпта өтілген тақырыптар | Оқыту мақсаты. Білім алушылар білуге тиісті. |
|---|---|
| «Жасушалық биология» бөлімі | |
| Жасуша – тірі ағзалардың құрылымдық негізгі өлшем бірлігі. Прокариот және эукариот жасушалардың құрылысы: ядроның болуы және орналасуы, жасуша қабырғасы, жасуша мембранасы, пластидтер, митохондрия, рибосомалар, Гольджи аппараты, вакуоль | 8.4.2.2 прокариот және эукариот жасушалардың құрылысын салыстыру |
| Өсімдік ұлпаларының әртүрлілігі: түзуші, жабын, негізгі, өткізгіш, механикалық, бөліп шығарушы ұлпа. Жануар ұлпаларының әртүрлілігі: эпителий, дәнекер, бұлшықет, жүйке.<br>Зертханалық жұмыс «Өсімдіктер ұлпаларын жіктеу».<br>Зертханалық жұмыс «Жануарлар ұлпаларын жіктеу» | 8.4.2.1 өсімдіктер мен жануарлардың ұлпаларын классификациялау |
| «Молекулалық биология» бөлімі | |
| Жасушаның құрамындағы органикалық заттар. Мономерлер мен полимерлер арасындағы айырмашылық | 8.4.1.1 биологиялық мысалдарды пайдаланып полимерлер мен мономерлер арасындағы айырмашылықты сипаттау |
| Көмірсулар – энергия көзі. Глюкоза, сахароза, гликоген, крахмал, жасұнық пен хитиннің маңызы және қызметтері. Липидтердің қасиеттері мен қызметі. Липидтердің әртүрлілігі: майлар, фосфолипидтер, балауыз | 8.4.1.2 көмірсулар мен липидтің құрылымы мен биологиялық қызметтерін сипаттау |
| Нәруыздар, қасиеттері мен қызметтері | 8.4.1.3 нәруыздардың биологиялық құрылымы мен қызметі |
| «Тірі ағзалардың көп түрлілігі» бөлімі | |
| Зертханалық жұмыс «Өсімдіктер бөлімдеріндегі ерекшелік белгілерді анықтау. Балдырлар, мүктәрізділер, қырықжапырақтәрізділер, ашықтұқымдылар және жабықтұқымдылар | 8.1.1.1. балдырлар, мүктер, қырықжапырақ тәріздестер, ашық және жабықтұқымдыар мысалында өсімдіктердің ерекшеліктерін сипаттау |
| Саңырауқұлақтар патшалығы. Зең саңырауқұлағы: мукор, пеницилл. Біржасушалы саңырауқұлақтар – ашытқы. Көпжасушалы саңырауқұлақтар. Қалпақшалы саңырауқұлақтар. Жеуге | 8.1.1.2 саңырауқұлақтардың негізгі белгілерін сипаттау |

| | |
|---|---|
| жарамды және улы саңырауқұлақтар | |
| Зертханалық жұмыс «Дара жарнақты және қосжарнақтылар өсімдіктер кластарының белгілерін зерттеу» | 8.1.1.3 даражарнақты және қосжарнақты өсімдіктерді негізгі белгілеріне қарай ажырату |
| Буынаяқтылар типі. Хордалылар типі. Сыртқы белгілеріне қарай салыстырмалы сипаттама.<br>Демонстрация «Хордалы жануарлар мен буынаяқтылардың ерекшелік белгілерін анықтау» | 8.1.1.4 буынаяқтылар мен хордалы жануарлар кластарын ерекше белгілері бойынша тану |
| «Қоректену» бөлімі | |
| Жауын құртының, сиырдың және адамның асқорыту жүйесінің құрылысы.<br>Модельдеу «Адамның, сиырдың және жауынқұртының» асқорыту жүйесінің құрылысын салыстыру | 8.1.2.1 омыртқасыз (жауынқұрт), күйіс қайыратын (сиыр) жануарлар мен адамның ас қорыту жүйесінің құрылысын салыстыру |
| Тістің құрылысы мен қызметі, сүт тістердің тұрақты тістерге ауысуы. Тіс гигиенасы.<br>Адамның асқорыту жолдарының құрылысы. Асқорыту бездері. Асқорыту мүшелерінің қызметі | 8.1.2.2 тістердің құрылысы, әртүрлі типтері мен қызметтері арасындағы байланысты және тісті күту ережелерін сипаттау;<br>8.1.2.3 адамның ас қорыту жүйесінің құрылысы мен қызметтері арасындағы өзара байланысты анықтау |
| Тамақтану гигиенасы. Асқорыту мүшелерінің жұқпалы аурулары және олардың алдын алу. Тағамнан уланудың алдын алу. Алғашқы жәрдем шаралары. Ішек құрт ауруларының алдын алу | 8.1.2.4 асқорыту жолы ауруларының себептерін және астан улану себебін ашу |
| Дәрумендер және олардың маңызы. Суда еритін және майда еритін дәрумендер. Дәрумендердің тәуліктік мөлшері. Авитаминоз, гиповитаминоз және гипервитаминоз. А авитаминоздағы ақшам соқыр, $B_1$ авитаминоздағы бери – бери ауруы, С авитаминоздағы қырқұлақ, Д авитаминоздағы мешел аурулары.<br>Зертханалық жұмыс «Тағамдық заттар құрамынан С дәрумені анықтау» | 8.1.2.5 адам ағзасындағы дәрумендердің маңыздылығын сипаттау;<br>8.1.2.6 құрамында дәрумендердің маңызды мөлшері бар азық-түлік тізімін жасау;<br>8.1.2.7 азық түлік құрамындағы С дәруменін анықтау |
| «Заттардың тасымалдануы» бөлімі | |
| Ағзаның ішкі ортасы және оның маңызы. Лимфа. Лимфа айналымы мен оның маңызы. Гомеостаз. Ағзаның ішкі ортасы: қан, лимфа, ұлпа сұйықтығы | 8.1.3.5 лимфа жүйесін және қан, ұлпа сұйықтығы мен лимфа арасындағы өзара байланысты сипаттау |
| Қанның құрамы мен қызметі. Қан түйіршіктері: эритроциттер, лейкоциттер, тромбоциттер. Плазма. Қанның қызметі: транспорттық, гомеостаздық, қорғаныштық | 8.1.3.1 қан құрамы мен қызметін сипаттау |
| Зертханалық жұмыс «Әр түрлі ағзалардың қан жасушаларын зерттеу». | 8.1.3.2 дайын микропрепараттар арқылы әр түрлі ағзалардың қан жасушаларының құрылыс ерекшеліктерін зерттеу |

| | |
|---|---|
| Иммунитет. Гуморальдық және жасушалық иммунитет. Лейкоциттердің түрлі типтері және олардың қызметтері. Т- және В-лимфоциттердің әрекет етуі | 8.1.3.3 лейкоциттердің түрлі типтерінің қызметтерін сипаттау;<br>8.1.3.4 гуморальдық және жасушалық иммунитетті салыстыру |
| Жұқпалы аурулар және олардың алдын алу: амебалық қантышқақ, фитофтороз, оба, күл, лейшмания, герпес | 8.4.3.1 қарапайымдылар, саңырауқұлақтар, бактериялар мен вирустар қоздыратынмен туындайтын аурулардың ерекшеліктерін сипаттау және алдын алу шараларын сипаттау |
| Иммунитет. Иммунитеттің түрлері: туа пайда болған және жүре пайда болған иммунитет. Екпенің (вакцин) түрлері және оның жасанды иммунитетті қалыптастырудағы маңызы. Жұқпалы аурулардың алдын алу | 8.1.3.6 аурудың алдын алудағы вакцинацияның рөлін бағалау |
| Қан топтары. Қан құю. Резус-фактор. Агглютинация. Резус-конфликт | 8.1.3.7 агглютинация және резус-конфликт механизмдерін түсіндіру |
| Буылтық құрттардың (жауын құрт), ұлулардың, буынаяқтылардың және омыртқалылардың жүрегі және қантамырларының құрылысы мен қызметі | 8.1.3.8 жануарлар жүрегінің құрылысы мен қантамырлар жүйелерінің маңызын сипаттау;<br>8.1.3.9 қантамыр қабырғасының құрылысы мен олардың қызметі арасындағы байланысты орнату |
| Қантамырлар жүйесінің түрлері. Ашық және тұйық қанайналым жүйелері. Үлкен және кіші қанайналым шеңберлері. Адамның қанайналым жүйесі | 8.1.3.10 жануарлардың қантамырлар жүйесі түрлерін сипаттау |
| Зертханалық жұмыс «Дене жаттығуларының жүрек жұмысына әсерін зерттеу» | 8.1.3.11 дене жаттығуларының жүрек жұмысына әсерін зерттеу |
| Жүрек-қантамырлар жүйесі аурулары (гипертония, инфаркт, тахикардия, ишемиялық ауру, атеросклероз, инсульт). Аурудың себептері: тұқым қуалайтын ауруларға бейімділік, салауатты өмір салтын дұрыс ұстанбау, т.б. | 8.1.3.12 қантамыр жүйесі ауруларының себептері мен ауру белгілерін сипаттау |
| «Тыныс алу» бөлімі | |
| Альвеола мен қан арасындағы газ алмасу. Өкпедегі қанның оттекке қанығуы. Ұлпа мен қан арасындағы газ алмасу. Қанның көмірқышқыл газына қанығуы, жасушаның оттекке қанығуы | 8.1.4.1 өкпе мен ұлпадағы газалмасу механизмдерін сипаттау |
| Тыныс алу және тыныс шығару механизмі. Кеуде қуысының құрылысы. Тыныс алуға және тыныс шығаруға қатысатын бұлшықеттер. Тыныс алу және тыныс шығарудағы көкеттің маңызы. Ауа жүретін жолдардағы қысымның өзгеруі | 8.1.4.2 тыныс алу және тыныс шығару механизмін түсіндіру |
| Тыныс алудың минуттық көлемі. Әр түрлі жастағы, физикалық дамыған, ер және әйел адамдардың өкпесінің тіршілік сыйымдылығы. Тынысалу қозғалыстарының | 8.1.4.3 өкпенің тіршілік сыйымдылығын анықтау және қалыпты жағдайдағы және дененің физикалық жүктемесі кезіндегі |

| | |
|---|---|
| жиілігі. Шылым шегудің өкпенің тіршілік сыйымдылығына әсері.<br>Зертханалық жұмыс «Өкпенің тіршілік сыйымдылығын зерттеу» | тыныс алудың минуттық көлемін анықтау |
| «Бөліп шығару» бөлімі | |
| Зәр шығару жүйесі мүшелерінің құрылысы (бүйрек, несепағар, қуық, несеп жолы) мен қызметі. Бөліпшығару және сүзу мүшелері. Бүйректің құрылысы (қыртысты және милы қабат, нефрон, пирамида, астауша, бүйрек өзекшелері) | 8.1.5.1 адамның зәр шығару жүйесі мүшелерінің құрылысы мен қызметін сипаттау;<br>8.1.5.2 бүйректің құрылымдық бөліктерін танып білу |
| Терінің маңызы, құрылысы мен қызметі. Тер бөлінудің реттелуі | 8.1.5.3 терінің құрылысы мен оның бөліп шығарудағы маңызын сипаттау |
| Тері ауруларының пайда болу себептері мен салдары (қышыма, теміреткі, безеу бөртпелері). Белгілері мен алдын алу шаралары | 8.1.5.4 тері ауруларының алдын алу шараларын түсіндіру |
| Қозғалыс. Биофизика | |
| Адам қаңқасының құрылысы. Тірек-қимыл жүйесінің маңызы мен қызметі | 8.1.6.1 тірек-қимыл жүйесінің қызметтерін сипаттау |
| Сүйектің макро- және микроскопиялық құрылысы. Сүйектің химиялық құрамы.<br>Зертханалық жұмыс «Сүйектің макро және микроскопиялық құрылысы». Демонстрация «Сүйектің химиялық құрамы» | 8.1.6.2 сүйектің химиялық құрамын, макро және микроскопиялық құрылысын зерттеу |
| Сүйектің байланыс түрлері: қозғалмайтын, жартылай қозғалмалы, қозғалмалы | 8.1.6.3 сүйектердің байланыс түрлерін салыстыру |
| Буынның құрылысы және қызметтері. Сүйек буындарының атқаратын қызметіне сәйкес бейімделуі | 8.1.6.4 буынның әр түрлі типтерінің құрылысы және олардың қызметтерінің арасында байланыс орнату |
| Бұлшықет ұлпаларының құрылысы мен қызметі (бірыңғай салалы, көлденең жолақты қаңқа, көлденең жолақты жүрек). Зертханалық жұмыс «Бұлшықет ұлпаларының құрылысын зерттеу» Адам денесінің бұлшықеттерін жіктеу | 8.1.6.5 бұлшық ет ұлпасының түрлері мен олардың қызметтерін сипаттау;<br>8.1.6.6 адам бұлшық еттерінің құрылысы мен бұлшықет топтарын оқып тану |
| Гиподинамия. Сымбаттың бұзылуы және жалпақтабандылықтың пайда болу себептері. Сымбаттың бұзылуы мен жалпақтабандылықтың алдын алу шаралары | 8.1.6.7 гиподинамия салдарын атау;<br>8.1.6.8 сымбаттың бұзылуы және жалпақтабандылықтың пайда болу себептерін анықтау |
| Тік жүруге байланысты адам қозғалуының биомеханикалық ерекшеліктері. Тік жүруге байланысты адамның қаңқа құрылысының ерекшеліктері. Тік жүруге байланысты бұлшықеттің маңызы. Тік жүру кезіндегі дененің ауырлық орталығы. Адам денесіндегі иіндер | 8.4.4.1 тік жүруге байланысты адам қозғалуының биомеханикалық ерекшеліктерін зерттеу |
| «Координация және реттелу» бөлімі | |
| Көру мүшелерінің құрылысы. Көрудің маңызы. Көру қызметінің бұзылуы. Көру гигиенасы. | 8.1.7.1 көруді қабылдаудың ерекшеліктерін зерттеу және көру гигиенасы ережесін сипаттау |

| | |
|---|---|
| Зертханалық жұмыс «Көру жітілігі мен көру аймағының шегін зерттеу» | |
| Есту мүшесінің құрылысы. Естудің маңызы. Естудің бұзылу себептері. Есту мүшесінің гигиенасы.<br>Зертханалық жұмыс «Дыбысты қабылдау ерекшеліктерін зерттеу». (құлақтың есту қабілетін анықтау) | 8.1.7.2 дыбысты қабылдау ерекшеліктерін зерттеу және есту гигиенасының ережелерін сипаттау |
| Таяқшаның, құтышаның және түкті жасушалардың құрылымы мен қызметі. Зертханалық жұмыс «Соқыр дақты анықтау, түстердің аралсуына тәжірибе, дыбыстың ауа және сүйек арқылы өтуі» | 8.1.7.3 көру және есту рецепторларының құрылымы мен қызметтерін сәйкестендіру |
| «Гормондар», «Гуморальдық реттелу» ұғымдары. Эндокринді, экзокринді және аралас бездердің орналасуы және қызметі. Бездерден бөлінетін гормондар | 8.1.7.4 эндокринді, экзокринді және аралас бездердің орналасқан жерлерін анықтау;<br>8.1.7.5 бездердің негізгі қызметтерін түсіндіру |
| Эндокринді бездер қызметінің бұзылуынан туындаған аурулар (гипо- және гиперфункция) | 8.1.7.6 эндкриндік бездер қызметінің бұзылуынан туындаған ауруларды атау |
| Адам денесінде орналасқан тері рецепторлары (терморецепторлар, механорецепторлар, ноцицепторлар).<br>Зертханалық жұмыс «Тері сезімталдығын зерттеу» | 8.1.7.7 терінің сезімталдығын зерттеу |
| Жылықанды жануарлардың тұрақты температураны сақтауындағы терінің ролі. Температураға сезімталдық. Терморецепторлардың температураның өзгеруіне бейімделуі | 8.1.7.8 жылықанды жануарлардың дене температураны сақтаудағы терінің ролін сипаттау |
| «Көбею» бөлімі | |
| Митоз. Мейоз. Митоз бен мейоздың биологиялық маңызы | 8.2.2.1 тірі ағзалардың тіршілік әрекетіндегі митоз бен мейоздың маңызын түсіндіру |
| Жануарлардың көбею формалары. Жыныссыз көбею типтері. Жынысты көбею | 8.2.1.1 жануарлардың көбею тәсілдерін салыстыру |
| Мүктер мен қырықжапырақтардың тіршілік циклі. Гаметофит. Спорофит | 8.2.1.2 мүктер мен қырықжапырақтардың мысалдарында жынысты және жыныссыз ұрпақтарының ерекшеліктерін түсіндіру |
| Ашықтұқымды және жабықтұқымды өсімдіктердің тіршілік циклі | 8.2.1.3 ашықтұқымды және жабықтұқымды өсімдіктердің тіршілік циклінің ерекшеліктерін түсіндіру |
| Эмбриоалдық даму кезеңдері: бластула, гаструла, нейрула.<br>Ұлпалар мен мүшелердің дифференциялануы. Органогенез | 8.2.3.1 эмбриоалдық даму кезеңдерін сипаттау;<br>8.2.3.2 әр түрлі ұрық жапырақшаларынан қалыптасатын ұлпалар мен мүшелердің дифференциялануын сипаттау |

| | |
|---|---|
| Тұқым қуалаушылық пен өзгергіштіктің эволюциядағы маңызы. Өзгергіштік пен қоршаған орта жағдайларына бейімделгіштік арасындағы өзара байланыс | 8.2.4.1 тұқым қуалаушылық пен өзгергіштіктің эволюциядағы ролін дәйектеу |
| Қолдан сұрыптау және оның селекция үшін маңызы. Қолдан сұрыптау түрлері | 8.2.4.2 ағзалар селекциясы үшін қолдан сұрыптаудың маңызын сипаттау |
| Мәдени өсімдіктер мен үй жануарларының шығу орталықтары | 8.2.4.3 мәдени өсімдіктер мен үй жануарларының шығу тегінің орталықтарын оқып білу |
| Қазақстан территориясында кездесетін егістік дақылдар мен үй жануарларының қолтұқымдары. Маңызды белгілер | 8.2.4.4 маңызды мәдени өсімдіктер іріктемелері мен үй жануарлары қолтұқымын сипаттау |
| «Биосфера, экожүйе, популяция» бөлімі | |
| Экожүйелердің компоненттері. Су және құрлық экожүйелері.<br>Модельдеу «Су және құрлық экожүйелерін салыстыру» | 8.3.1.1 экожүйелердің жалпы құрылымының сызбасын жасау;<br>8.3.1.2 су және құрлық экожүйелерін салыстыру |
| Популяцияның құрылымының негізгі сипаттамалары және ерекшеліктері. Ағзалардың тіршілікке қабілеттілігінің әртүрлі тәсілдері. (Тіршілікті сақтаудың К және r стрпатегиялары). «Жыртқыш-жемтік» қарымқатынас түрі. Популяция санының өзгеруі | 8.3.1.3 популяцияның негізгі қасиеттерін және құрылымдық ерекшеліктерін сипаттау;<br>8.3.1.4 ағзалардың тіршілікке қабілеттілігінің әртүрлі тәсілдерін зерттеу;<br>8.3.1.5 жыртқыш-құрбан қарым-қатынасы мысалында популяция санының өзгеру себептерін анықтау |
| Тірі ағзалардың өзара қарым-қатынас түрлері. Ағзалардың тікелей және жанама қарымқатынас түрлері. Қоршаған орта жағдайларының өзгерістеріне ағзалардың бейімделуі | 8.3.1.6 тірі ағзалардың өзара қарым-қатынас түрлерін сипаттау;<br>8.3.1.7 тірі ағзалардың қоршаған ортаның өзгермелі жағдайларына бейімделу механизмдерін түсіндіру |
| «Адам қызметінің қоршаған ортаға әсері» бөлімі | |
| Адамның табиғаттағы ролі. Табиғатты тиімді пайдалану. Табиғатты қорғау. Биологиялық алуан түрлілікті сақтау. Дүниежүзілік Тұқым қоры | 8.3.2.1 биологиялық әртүрлілікті сақтаудың және қолдауды қажеттіктің себептеріннегіздеу;<br>8.3.2.2 Дүниежүзілік Тұқым қорының маңызын бағалау |
| Қазақстан Республикасының экологиялық проблемалары. Себептері мен салдарлары. Оларды шешу жолдары | 8.3.2.3 Қазақстан аумағындағы экологиялық проблемалардың туындау себептері мен оларды шешу жолдарын түсіндіру |

II. Іріктеп алынған оқыту мақсаттары бойынша диагностикалық жұмыстың үлгісі (екі нұсқа)

Өткен оқу жылындағы олқылықтарды анықтау үшін түрлі тапсырмалар, мысалы тест, сызбанұсқалар мен кестелер толтыру, биологиялық диктант, сауалнамалар жүргізуге болады.

Олқылықтарды анықтау үшін үлгі ретінде тест сұрақтары ұсынылады.

І-нұсқа

1. Адам организміндегі ұлпалардың түрлерін атаңыз:

А) эпителий, дәнекер, бұлшықет В) жүйкелік, бұлшықет, дәнекер

С) эпителий, дәнекер, бұлшықет және жүйкелік. Д) түзуші, бөлуші, механикалық және жабын

Е) дұрыс жуабы жоқ

2. Жүрек еті, ол:

А) эпителий В) гистокард С) эндокард Д) эпикард Е) миокард.

3. Жүйке жасушалары:

А) нейрондар мен нейроглиялар. В) аксондар С) дентриттер

Д) глиялар Е) миокард

4. Жүйке жасушасының қысқа өсіндісі:

А) денесі В) синапс С) нейрондар Д) аксондар Е) дендриттер.

5.Жүйке жасушасының ұзын өсіндісі:

А)нейрон В) дендрит С) аксон. Д) денесі Е) синапстар

6. Адам жасушасындағы қандай органоидте нәруыздар синтезделеді:

А) тегіс ЭПТ В) түйіршікті ЭПТ. С) митохондрия Д) лизосома Е) мембрана

7. Қай органоидте көмірсулар мен майлар синтезделеді?

А) тегіс ЭПТ. В) түйіршікті ЭПТ С) митохондриялар Д) мембрана Е) лизосома

8. Дәнекер ұлпаларына жатады:

А) несепағар эпителиі мен тыныс жолының эпителиі В) безді, сыртқы

С) нейрондар мен нейроглиялар Д) шеміршекті, сүйек, май, қан.

Е) көлденен жолдақты, бірыңғай салалы

9. ішкі секреция безі гипофиздің салмағы:

А) 1 – 2г В) 1, 2 - 1, 8г С) 0, 5 - 0, 7 г. Д) 600мг Е) 3 - 5г

10. жас ұлғайған кезде өсу гормонының артық синтезі:

А) даун ауруы В) кретинизм С) эндемиялық зоб Д) акромегалия ауруы. Е) ергежейлік

11. Өсу гормонын қандай без бөледі?

А) гипофиз. В) эпифиз С) қалқанша без Д) айырша без Е) қалқанша маңы безі

12. Тироксин гормонын қандай без бөледі:

А) қалқанша без. В) қалқанша маңы безі С) айырша без

Д) бүйрек үсті бездері Е) жыныс безі

13. Егер балаларда қалқанша бездің жұмысы баяуласа қандай ауру пайда болады?

А) ергежейлік В) алыптық С)миксидема Д) бадырақ көз Е) кретинизм.

14. бүйрек үсті безінде қандай гормон түзіледі?

А) өсу гормоны В) соматотропин С) тироксин Д) адреналин. Е) тимозин

15. Аралас секрециялы бездер:

А) гипофиз бен эпифиз В) ұйқы және жыныс бездері. С) қалқанша және қалқанша маңы бездері Д) бүйрек үсті безі мен тимус Е) дұрыс жауабы жоқ

16. орталық жүйке жүйесімен іске асырылатын және бақыланатын, сыртқы немесе ішкі тітіркендіргіштерге жауап реакциясы қалай аталады?

А) қозғыш В) рефлекс. С) жиырылу Д) сезіну Е) түйсік

17. жұлынның ұзындығы:

А) 42 – 45см. В) 36 – 37см С) 15 – 16см Д) 40 – 41см Е) 33 - 34см

18. жұлынның негізгі қызметі:

А) өткізгіш және рефлекстік. В) қозғыштық пен тітіркену С) өткізу мен жеткізу Д) сезу, қабылдау Е) түйсіну

19. ересек адам миының орташа массасы:

А) 400 – 500гр В) 1500гр С) 1200 – 1300гр Д) 1300 – 1400гр. Е) 650 - 700гр

20. Қимыл қозғалысты тепе - теңдікті реттейтін ми бөлімі

А) аралық ми В) үлкен ми сыңарлары С) сопақша ми Д) ортаңғы ми Е) мишық.

Жауаптары:

1.С, 2.Е, 3.А, 4.Е, 5.С, 6.В, 7.А, 8.Д, 9.С, 10.Д, 11.А, 12.А, 13.Е, 14.Д, 15.В, 16.В, 17.А, 18.А, 19.Д, 20.Е

II-нұсқа

1.«Анализатор» түсінігін алғаш XX ғасырдың басында орыс ғалымы кім ұсынды?

А) И.П. Павлов В) Н. И. Пирогов С) И. М. Сеченов Д) И. И. Мечников

2.Шүйде аймағында қандай анализаторлар орналасқан?

А) есту В) көру С) дәм сезу Д) иіс сезу

3.Адам көру анализаторы арқылы қоршаған дүниеден неше % ақпарат ала алады?

А) 70 % В) 80 % С) 85% Д) 90%

4.Қарашықтың артқы жағында екі жағы дөңес линза тәрізді не орналасқан?

А) ақ қабық В) тамырлы қабық С) көзбұршақ Д) тор қабық

5.Құлақ қалқаны мен сыртқы есту жолы қай мүшеге жатады?

А) ортаңғы құлақ В) сыртқы құлақ С) ішкі құлақ Д) есту сүйекшелері

6.Бұл қорғаныш реакциясы, қауіппен күресуді жеделдетудің маңызды сигналы

А) ауырсыну В) сипап сезу С) тері сезімі Д) бұлшық ет сезімі

7.Тілдің ұшы …….сезеді?
А) тұзды В) тәтті С) Қышқыл Д) Ащы

8.Омыртқа жотасы мен қабырғалар, төс сүйегі қай қаңқаға жатады?
А) бас В) кеуде С) тұлға Д) иық

9.Арқа омыртқа саны

А) 7 В) 5 С) 4-5 Д) 12

10.Екі жауырын мен екі бұғанадан тұратын белдеу

А) кеуде В) Иық С) Қол Д) аяқ

11.Қолдың еркін қозғалатын қаңқа сүйектер:

А) омыртқа жотасы, қабырға В) төс және жауырын С) тоқпан, білек, қол басы сүйектері Д) ортан, асық жілік, шыбық сүйегі

12.Сүйектің неше %-ы органикалық заттардан тұрады
А) 10 В) 20 С) 60 Д) 30

13.Қысқа сүйектерді көрсет

А) омыртқа, білезік, алақан В) жіліктер С) жауырын, бас сүйек Д) барлық жауап дұрыс

14.Көз және ауыз айналасындағы бұлшық еттер, күлкі бұлшық еттер қандай бұлшық еттерге жатады?

А) тұлға В) мимикалық С) аяқ-қол Д) бас

15.Қан қандай ұлпаға жатады:

А) бұлшық ет В) эпителий С) дәнекер Д) жүйке

16.Қан дене температурасын реттеп, оның тұрақтылығын сақтайтын қызметі
А) тасымалдау В) гуморальдық С) қорғаныш Д) жылуреттеу

17.Туылғаннан қаны ұйымайтын тұқым қуалайтын ауру
А) гемофилия В) қант диабеті С) лейкомея Д) даун ауруы

18.Ағзаның ішкі сұйықтық ортасы деп:
А) Сыртқа бөлінген тер В) Бездердің бөлінуі С) Зәр сұйықтығы
Д) Қан,лимфа, ұлпа сұйықтығы

19.Адамның қаңқасында нешеден астам сүйектер бар?
А) 300 В) 400 С)200 Д)100
20.Мидың орташа салмағы:
А) 1500-1700 г В) 1300-1400 г С) 1700-1900 г Д) 1200-1300 г

Дұрыс жауаптары: 1.А 2.В 3.Д 4. С 5. В 6. А 7. В 8. С 9. Д 10. В 11.С 12.Д 13. А В 15.С 16. Д 17. А 18. Д 19. С 20.В

III. Сабақ барысында толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары

56.2-кесте. «Тірі организмдердің көп түрлілігі, құрылымы мен қызметтері» бөлімі

| 8-сынып | 9-сынып |
|---|---|
| Тірі ағзалардың көптүрлілігі | |
| 8.1.1.1 балдырлар мүктәрізділер, қырықжапырақ тәріздестер, ашықтұқымдылар және жабықтұқымдылар мысалында өсімдіктердің ерекшеліктерін сипаттау;<br>8.1.1.2 саңырауқұлақтардың ерекшелік белгілерін сипаттау;<br>8.1.1.3 даражарнақты және қосжарнақты өсімдіктер кластарын негізгі белгілеріне қарай ажырату;<br>8.1.1.4 буынаяқтылар мен хордалы жануарлар кластарын ерекше белгілері бойынша тану | 9.1.1.1 әртүрлі түрлерді сипаттауда бинарлы номенклатураны қолдану;<br>9.1.1.2 өсімдіктер мен жануарлардың түрлерін ерекшелік белгілері бойынша танып білу (анықтағыш бойынша) |
| Қоректену | |
| 8.1.2.1 омыртқасыздар, күйіс қайыратын жануарлар мен адамның ас қорыту жүйесінің құрылысын салыстыру | 9.1.2.1 адамның асқорыту жолдарындағы үдерістерді сипаттау |
| 8.1.2.2 әртүрлі типті тістердің құрылысы мен қызметтері арасындағы байланысын және тісті күту ережелерін сипаттау;<br>8.1.2.3 адамның ас қорыту жүйесінің құрылысы мен қызметтері арасындағы өзара байланысты түсіндіру;<br>8.1.2.4 ас қорыту жолы ауруларының себептерін және астан улану белгілерін анықтау;<br>8.1.2.5 адам ағзасындағы дәрумендердің маңыздылығын сипаттау;<br>8.1.2.6 құрамында дәрумендердің маңызды | 9.1.2.2 ас қорыту үдерісіндегі органикалық заттар мен сәйкес ферменттердің арасындағы байланысты орнату;<br>9.1.2.3 ферменттердің белсенділігіне әсер ететін әр түрлі жағдайларды (температура, pH) зерттеу;<br>9.1.2.4 өттің әсерінен майлардың эмульгациялануы үдерісін зерттеу |

| | |
|---|---|
| мөлшері бар азық-түліктер тізімін жасау;<br>8.1.2.7 азық- түлік құрамындағы С дәруменін анықтау | |
| Тыныс алу | |
| 8.1.4.1 өкпе мен ұлпадағы газ алмасу механизмдерін сипаттау;<br>8.1.4.2 тыныс алу және тыныс шығару механизмін түсіндіру;<br>8.1.4.3 өкпенің тіршілік сыйымдылығын анықтау және қалыпты жағдайдағы және дененің физикалық жүктемесі кезіндегі тыныс алудың минуттық көлемін анықтау | 9.1.4.1 тыныс алу реакциясының химиялық теңдеуін пайдалана отырып, анаэробты және аэробты тыныс алуды салыстыру;<br>9.1.4.2 бұлшықет қажуы және аэробты, анаэробты тыныс алу үдерістері арасындағы байланысты қарастыру |
| Бөліп шығару | |
| 8.1.5.1 адамның зәр шығару жүйесі мүшелерінің құрылысы мен қызметтерін сипаттау;<br>8.1.5.2 бүйректің құрылымдық бөліктерін танып білу;<br>8.1.5.3 терінің құрылысы мен оның бөліп шығарудағы маңызын сипаттау;<br>8.1.5.4 тері ауруларын және оның алдын алу шараларын түсіндіру | 9.1.5.1 нефронның құрылысы мен қызметін сипаттау;<br>9.1.5.2 фильтрация және несептің түзілуі үдерістерін сипаттау;<br>9.1.5.3 бүйректің жұмысына әсер ететін факторларды сипаттау;<br>9.1.5.4 зәр шығару жүйесі, бүйрек ауруларының алдын алу шараларын түсіндіру;<br>9.1.5.5 әртүрлі ағзалардың мекен ету ортасы мен зат алмасуларының соңғы өнімдері арасындағы байланысты орнату |
| Қозғалыс | |
| 8.1.6.1 тірек-қимыл жүйесінің қызметтерін сипаттау;<br>8.1.6.2 сүйектің химиялық құрамын, макро және микроскопиялық құрылысын зерттеу;<br>8.1.6.3 сүйектердің байланыс түрлерін салыстыру;<br>8.1.6.4 буынның әр түрлі типтерінің құрылысы мен олардың қызметтері арасындағы байланысты орнату;<br>8.1.6.5 бұлшық ет ұлпасының қызметтері түрлері мен олардың қызметтерін сипаттау;<br>8.1.6.6 адам бұлшық еттерінің құрылысы мен бұлшықет топтарын оқып тану;<br>8.1.6.7 гиподинамия салдарын атау;<br>8.1.6.8 сымбаттың бұзылуы және жалпақ жалпақтабандылықтың пайда болу себептерін анықтау | 9.1.6.1 қол бұлшық еттерінің максимальды жұмыс күшін және күшке төзімділігін зерттеу;<br>9.1.6.2 бұлшық еттің жиырылу жиілігіне бұлшықет жұмысының тәуелділігін зерттеу |
| Координация және реттелу | |

| | |
|---|---|
| 8.1.7.1 көруді қабылдау ерекшеліктерін зерттеу және көру гигиенасы ережелерін сипаттау;<br>8.1.7.2 дыбысты қабылдау ерекшеліктерін зертеу және есту мүшелерінің гигиенасы ережелерін сипаттау;<br>8.1.7.3 көру және есту рецепторларының құрылымы мен қызметін сәйкестендіру;<br>8.1.7.4 эндокикринді, экзокринді және аралас бездердің орналасқан жерлерін анықтау;<br>8.1.7.5 бездердің негізгі қызметтерін түсіндіру;<br>8.1.7.6 эндокриндік бездер қызметінің бұзылуынан туындаған ауруларды атау;<br>8.1.7.7 терінің сезімталдығын зерттеу;<br>8.1.7.8 жылықанды жануарлардың дене температураны сақтаудағы терінің ролін сипаттау | 9.1.7.1 жүйке жасушасының құрылысы мен қызметі арасында байланыс орнату;<br>9.1.7.2 жүйке ұлпалары мен оның құрылымдық бөліктерінің қызметтерін талдау;<br>9.1.7.3 жүйке импульстарының туындауы мен өтуін сипаттау;<br>9.1.7.4 нейрогуморальді реттелу механизмін түсіндіру;<br>9.1.7.5 ағзаның ішкі ортасының тұрақтылығын ұстаудағы гомеостазды сақтаудың механизмін түсіндіру;<br>9.1.7.6 өсімдіктердің өсуі мен дамуына әсер ететін заттардың әрекетін талдау |

56.3-кесте. «Көбею, тұқым қуалаушылық, өзгергіштік, эволюциялық даму» бөлімі

| 8-сынып | 9-сынып |
|---|---|
| Көбею | |
| 8.2.1.1 жануарлардың көбею тәсілдерін салыстыру;<br>8.2.1.2 мүктер мен қырықжапырақтардың мысалында жынысты және жыныссыз ұрпақтарының ерекшеліктерін түсіндіру;<br>8.2.1.3 ашық тұқымды және жабық тұқымды өсімдіктердің тіршілік циклінің ерекшеліктерін түсіндіру | 9.2.1.1 адамның жыныс жүйесінің құрылысын сипаттау;<br>9.2.1.2 жыныстық жетілу кезеңіндегі екінші реттік жыныстық белгілердің дамуын сипаттау;<br>9.2.1.3 менструалдық цикл мен экстроген және прогестеронның маңызын сипаттау;<br>9.2.1.4 контрацепцияның түрлерін және жыныстық жолмен таралатын аурулардың салдары мен алдын алу шараларын түсіндіру |
| Жасушалық айналым | |
| 8.2.2.1 тірі ағзалардың өсуі мен дамуы үшін митоз бен мейоздың маңызын түсіндіру | 9.2.2.1 жасушалық айналымның интерфаза кезеңіндегі жүретін үдерістерді түсіндіру; |

| | |
|---|---|
| | 9.2.2.2 митоздың кезеңдерін сипаттау;<br>9.2.2.3 мейоз кезеңдерін сипаттау;<br>9.2.2.4 митоз бен мейоз үдерісін салыстыру |
| Өсу және даму | |
| 8.2.3.1 эмбрионалдық даму кезеңдерін сипаттау;<br>8.2.3.2 әр түрлі ұрық жапырақшаларынан қалыптасқан мүшелер мен ұлпалар дифференциасын сипаттау | 9.2.3.1 ұрықтың дамуындағы плацентаның маңызын түсіндіру;<br>9.2.3.2 ұрық пен эмбрионның дамуын салыстыру;<br>9.2.3.3 адам ұрығының дамуына шылым шегу, алкоголь мен басқа есірткілер әсерінің салдарын түсіндіру |
| Тұқым қуалаушылық пен өзгергіштік заңдылықтары | |
| 8.2.4.1 тұқым қуалаушылық пен өзгергіштіктің эволюциядағы ролін дәйектеу;<br>8.2.4.2 ағзалар селекциясы үшін қолдан сұрыптаудың маңызын сипаттау;<br>8.2.4.3 мәдени өсімдіктер мен үй жануарларының шығу тегінің орталықтарын оқып білу;<br>8.2.4.4 маңызды мәдени өсімдіктер іріктемелері мен үй жануарлары қолтұқымын сипаттау | 9.2.4.1 генетиканың дамуымен қалыптасуындағы Мендель зерттеулерінің рөлін бағалау;<br>9.2.4.2 моногибридті будандастырудың цитологиялық негіздерін тұжырымдау және моногибридті будандастыруға есептер шығару;<br>9.2.4.3 дигибридті будандастырудың цитологиялық негіздерін негіздерін дәлелдеу және есептер шығару;<br>9.2.4.4 толық және толымсыз доминаттылықты салыстыру;<br>9.2.4.5 талдаушы шағылыстырудың маңыздылығын бағалау;<br>9.2.4.6 жынысты анықтау теориясын сипаттау;<br>9.2.4.7 жынысты анықтау кезінде хромосомалардың рөлін түсіндіретін сызба жасау;<br>9.2.4.8 адамның қан тобының тұқымқуалауын және қан топтарын анықтау механизмін түсіндіру; |

| | |
|---|---|
| | 9.2.4.9 адам генетикасын зерттеудің негізгі әдістерін сипаттау;<br>9.2.4.10 шежіре сызбасын құру;<br>9.2.4.11 мәдени өсімдіктердің өнімділігін арттыру үшін заманауи ауылшаруашылық технологиялардың қолданылуын зерттеу |

5

6.4-кесте. «Ағзамен қоршаған орта» бөлімі

| 8-сынып | 9-сынып |
|---|---|
| Биосфера, экожүйе, популяция | |
| 8.3.1.1 экожүйелердің жалпы құрылымының сызбасын жасау;<br>8.3.1.2 су және құрлық экожүйелерін салыстыру;<br>8.3.1.3 популяцияның негізгі қасиеттерін және құрылымдық ерекшеліктерін сипаттау;<br>8.3.1.4 ағзалардың түрлі тірі қалу тәсілдерін зерттеу;<br>8.3.1.5 жыртқыш-құрбан қарым-қатынасы мысалында популяция санының өзгеру себептерін орнату;<br>8.3.1.6 тірі ағзалардың өзара қарым-қатынас түрлерін сипаттау;<br>8.3.1.7 тірі ағзалардың қоршаған ортаның өзгермелі жағдайларына бейімделу механизмдерін түсіндіру | 9.3.1.1 популяция өсімінің экспоненциалдық және сигмоидтік үлгілерінің қисық сызықтарының графиктерін талдау;<br>9.3.1.2 энергия ағымының тиімділігін есептеу;<br>9.3.1.3 энергия, биомасса және сандар пирамидаларын салыстыру;<br>9.3.1.4 азот пен көміртек айналымының табиғаттағы сызбасын құру |
| Адам қызметінің қоршаған ортаға әсері | |
| 8.3.2.1 биологиялық әртүрлілікті сақтаудың және қолдауды қажеттіктің себептерін негіздеу;<br>8.3.2.2 Дүниежүзілік Тұқым қорының маңызын бағалау;<br>8.3.2.3 Қазақстан аумағындағы экологиялық | 9.3.2.1 пайдалы қазбалар өндірудің және қайта өндірудің қоршаған ортаға әсерін түсіндіру;<br>9.3.2.2 пестицидтерді пайдаланудың, қоршаған ортаға мен адам денсаулығы әсерін түсіндіру; |

| | |
|---|---|
| проблемалардың туындау себептері мен оларды шешу жолдарын түсіндіру | 9.3.2.3 жылыжай эффектісінің тірі ағзаларға әсерін түсіндіру;<br>9.3.2.4 озон қабатының бұзылуының себептері мен салдарын түсіндіру |

56.5-кесте. «Қолданбалы кіріктірілген ғылымдар» бөлімі


| 8-сынып | 9-сынып |
|---|---|
| Молекулалық биология мен биохимия | |
| 8.4.1.1 биологиялық мысалдарды пайдаланып полимерлер мен мономерлер арасындағы айырмашылықты сипаттау;<br>8.4.1.2 көмірсулар мен липидтердің биологиялық қызметтерін сипаттау;<br>8.4.1.3 нәруыздардың қасиеттері мен биологиялық қызметтерін сипаттау | 9.4.1.1 ферменттің әрекет ету механизмін оқып тану;<br>9.4.1.2 дезоксирибонуклеин қышқылы молекуласының қос шиыршықты құрылымын сипаттау;<br>9.4.1.3 дезоксирибонуклеин қышқылының құрылымдық қағидалары негізінде үлгілеу |
| Жасушалық биология | |
| 8.4.2.1 өсімдік және жануар ұлпаларын жіктеу;<br>8.4.2.2 прокариот және эукариот жасушаларының құрылысын салыстыру | 9.4.2.1 өсімдік және жануар жасушаларының негізгі бөліктерінің құрылысы мен қызметін түсіндіру;<br>9.4.2.2 микрофотографияны қолданып жасушаның сызықтық ұлғаюын есептеу |
| Микробиология және биотехнология | |
| 8.4.3.1 қарапайымдылар, бактериялар, саңырауқұлақтар, вирустармен туындайтын аурулардың ерекшеліктері мен алдын алу шараларын сипаттау | 9.4.3.1 инсулин өндіру мысалында биотехнологиялық үдерістің жалпы сызбасын сипаттау;<br>9.4.3.2 биотехнологияда өндірілетін өнімдерге мысал келтіру |
| Биофизика | |
| 8.4.4.1 тік жүруге байланысты адам қозғалуының биомеханикалық ерекшеліктерін зерттеу | 9.4.4.1 тірі ағзалардағы электрлі үдерістерді зерттеу;<br>9.4.4.2 «компьютер-ми» интерфейс технологиясының ерекшеліктерін зерттеу |



IV. Кіріктірілетін оқыту мақсаттары бойынша ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгісі


Нұр-Сұлтан қаласындағы А.Құнанбаев атындағы №87 гимназияның мұғалімі Киізбай Әсел Нұрланқызының іс-тәжірибесінен қысқа мерзімді жоспары үлгі ретінде ұсынылады.

| | | |
|---|---|---|
| Бөлім: | **9.2 Тыныс алу** | |
| Педагогтің аты-жөні | Киізбай Әсел Нұрланқызы | |
| Күні: | | |
| Сынып: 9 сынып | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы | Анаэробты және аэробты тыныс алу. Анаэробты және аэробты тыныс алу үдерістерін химиялық реакция теңдеулерін қолданып қарастыру. Анаэробты және аэробты тыныс алудың тиімділіктері. | |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары | 9.1.4.1 - тыныс алу реакциясының химиялық теңдеуін пайдалана отырып, анаэробты және аэробты тыныс алуды салыстыру | |
| Сабақтың мақсаты | • тыныс алу реакциясының химиялық теңдеуін пайдалана отырып, анаэробты және аэробты тыныс алуды салыстырады | |
| Алдыңғы оқу<br><br>Олқылықтарды жою | 8.1.4.2 тыныс алу және тыныс шығару механизмін түсіндіру | |

Сабақтың барысы

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы<br><br>3 минут<br><br><br><br><br><br>5 минут | Ұйымдастыру бөлімі<br>Оқушыларды түгендеу.<br>Ынтымақтастық атмосферасын құру<br>Сабақтың тақырыбы мен оқу мақсатымен таныстырады.<br>Суретке назар аударып, алдыңғы білімді еске түсіреді | <br>Суретке назар аударып, тірі ағзаға тән қандай үдеріс екенін табады және талдайды. | Өздік бағалау | Сур 1 |
| Сабақтың ортасы<br>5 минут<br><br><br><br><br><br>7 минут | Қысқаша ақпараттандыру<br><br> | **Padlet.com** сервисінде постер құру.<br>***Дескриптор***<br>• мәтінмен танысады.<br>• **Padlet.com** сервисінде экологялық қозғалыс кезеңдеріне постер құрастырады. | ҚБ «Сиқырлы сызғыш» әдісі | Padlet.com |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 8 минут<br><br>3 минут | Тапсырма 1<br>Анаэробты және аэробты тыныс алу үдерісінің айырмашылықтарын салыстыру белгілері бойынша анықтаңыз<br><br><br><br><br>**2 – тапсырма**<br>Тыныс алу реакцияларының химиялық теңдеулерін жазып, тиімділігін бағалаңыз<br><br><br><br><br>**3-тапсырма**<br>Жасушалық тыныс алу кезеңдерін атаңыз | ***Дескриптор***<br>- анаэробты және аэробты тыныс алу үдерісінің айырмашылықтарын салыстыру белгілері бойынша анықтайды.<br><br>***Дескриптор***<br>- тыныс алу реакцияларының химиялық теңдеулерін жазып, тиімділігін бағалайды<br><br>***Дескриптор***<br>- Жасушалық тыныс алу кезеңдерін атайды | Өзара бағалау<br><br>Бас бармақ<br><br>Жапондық» бағалау | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| |  | | | |
| Сабақтың аяғы<br>8 минут | Сабақты қорытындылау<br>Оқу мақсатына бекіту | **«3+2+1»**<br>Ұнаған 3 кезең, ұнаған 2 сұрақ, келесі сабаққа 1 ұсыныс беру тапсырмасын орындайды. | Смайлик | Пирамида суреттері |

## V. Сабақтан тыс уақытта толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары

Бұл бөлімде 9-сыныпта сабақтан тыс уақытта толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары берілді.
56.7-кесте «Тірі организмдердің көп түрлілігі, құрылымы мен қызметтері» бөлімі

| Бөлім | 8-сынып |
|---|---|
| 2. Қоректену | 8.1.2.1 омыртқасыздар, күйіс қайыратын жануарлар мен адамның ас қорыту жүйесінің құрылысын салыстыру |
| | 8.1.2.2 әртүрлі типті тістердің құрылысы мен қызметтері арасындағы байланысын және тісті күту ережелерін сипаттау;<br>8.1.2.5 адам ағзасындағы дәрумендердің маңыздылығын сипаттау;<br>8.1.2.6 құрамында дәрумендердің маңызды мөлшері бар азық-түліктер тізімін жасау;<br>8.1.2.7 азық- түлік құрамындағы С дәруменін анықтау |
| 3. Заттардың тасымалдануы | 8.1.3.1 қан құрамы мен қызметін сипаттау;<br>8.1.3.2 дайын микропрепараттар арқылы әртүрлі ағзалардың қан жасушаларының құрылыс ерекшеліктерін зерттеу;<br>8.1.3.3 лейкоциттердің түрлі типтерінің қызметтерін сипаттау;<br>8.1.3.4 гуморальдық және жасушалық иммунитетті салыстыру;<br>8.1.3.5 лимфа жүйелерін және қан, ұлпалық сұйықтық пен лимфа арасындағы өзара байланысты сипаттау;<br>8.1.3.6 аурулардың алдын алуындағы вакцинацияның ролін бағалау;<br>8.1.3.7 агглютинация және резус-конфликт механизмдерін түсіндіру;<br>8.1.3.8 жануарлардың жүрегінің құрылысы мен қантамыр жүйелерінің маңызын сипаттау;<br>8.1.3.9 қантамыр қабырғасының құрылысы мен олардың қызметі арасындағы байланысты орнату;<br>8.1.3.10 жануарлардың қантамырлар жүйесінің түрлерін сипаттау;<br>8.1.3.11 дене жаттығуларының жүрек жұмысына әсерін зерттеу;<br>8.1.3.12 қантамыр жүйесі мүшелерінің ауруларының себептері мен ауру белгілерін сипаттау |
| 5. Бөліп шығару | 8.1.5.3 терінің құрылысы мен оның бөліп шығарудағы маңызын сипаттау;<br>8.1.5.4 тері ауруларын және оның алдын алу шараларын түсіндіру |
| 6. Қозғалыс | 8.1.6.2 сүйектің химиялық құрамын, макро және микроскопиялық құрылысын зерттеу;<br>8.1.6.3 сүйектердің байланыс түрлерін салыстыру;<br>8.1.6.4 буынның әр түрлі типтерінің құрылысы мен олардың қызметтері арасындағы байланысты орнату |

| | |
|---|---|
| 7. Координация және реттелу | 8.1.7.1 көруді қабылдау ерекшеліктерін зерттеу және көру гигиенасы ережелерін сипаттау;<br>8.1.7.2 дыбысты қабылдау ерекшеліктерін зертеу және есту мүшелерінің гигиенасы ережелерін сипаттау;<br>8.1.7.3 көру және есту рецепторларының құрылымы мен қызметін сәйкестендіру;<br>8.1.7.4 эндокикринді, экзокринді және аралас бездердің орналасқан жерлерін анықтау;<br>8.1.7.5 бездердің негізгі қызметтерін түсіндіру;<br>8.1.7.6 эндокриндік бездер қызметінің бұзылуынан туындаған ауруларды атау;<br>8.1.7.7 терінің сезімталдығын зерттеу;<br>8.1.7.8 жылықанды жануарлардың дене температураны сақтаудағы терінің ролін сипаттау |

56.8-кесте. «Көбею, тұқым қуалаушылық, өзгергіштік, эволюциялық даму» бөлімі

| | |
|---|---|
| 1. Көбею | 8-сынып |
| | 8.2.1.1 жануарлардың көбею тәсілдерін салыстыру;<br>8.2.1.2 мүктер мен қырықжапырақтардың мысалында жынысты және жыныссыз ұрпақтарының ерекшеліктерін түсіндіру;<br>8.2.1.3 ашық тұқымды және жабық тұқымды өсімдіктердің тіршілік циклінің ерекшеліктерін түсіндіру |
| 4. Тұқым қуалаушылық пен өзгергіштік заңдылықтары | 8.2.4.3 мәдени өсімдіктер мен үй жануарларының шығу тегінің орталықтарын оқып білу;<br>8.2.4.4 маңызды мәдени өсімдіктер іріктемелері мен үй жануарлары қолтұқымын сипаттау |

56.9-кесте. «Ағза мен қоршаған орта» бөлімі

| | |
|---|---|
| 1. Биосфера, экожүйе, популяция | 8-сынып |
| | 8.3.1.2 су және құрлық экожүйелерін салыстыру;<br>8.3.1.4 ағзалардың түрлі тірі қалу тәсілдерін зерттеу;<br>8.3.1.5 жыртқыш-құрбан қарым-қатынасы мысалында популяция санының өзгеру себептерін орнату;<br>8.3.1.6 тірі ағзалардың өзара қарым-қатынас түрлерін сипаттау;<br>8.3.1.7 тірі ағзалардың қоршаған ортаның өзгермелі жағдайларына бейімделу механизмдерін түсіндіру |

VI. Кіріктіруге болмайтын оқыту мақсаттары қарастырылатын консультациялардың кестесі

Білімдегі олқылықтардың орнын толтыру жұмыстарын жүзеге асырудағы негізгі мақсаттардың бірі оқу жетістіктерінің деңгейін көтеру болып табылады. Ол үшін қысқа мерзімді жоспар немесе сабақ жоспарын дайындау барысында мұғалім оқушылардың жеке қажеттіліктері мен ерекшеліктерін ескере отырып, оқыту тәсіліне ерекше назар аударғаны жөн. Сабақ жоспарын жасағанда, негізгі оқу мақсатын басшылыққа алумен қатар, білім алушылардың жас ерекшеліктерін, жеке қабілеттерін ескеріп, оны дамытуға ықпал ететіндей жағдай жасау қажет. Әрі қарай қысқа мерзімді сабақ жоспарының үлгісі ұсынылады.

Сабақ жоспарларын әзірлегенде өткен оқу жылындағы оқу мақсаттарын кіріктіру арқылы білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толтыру бойынша жұмыс жасау ұсынылады. Шиыршық қағидаты негізінде бөлімдер бойынша оқу мақсаттарын іріктеп, қысқа мерзімді жоспарға қосуға болады. 8-сыныптағы тақырыптарды кіріктіру арқылы білімдерін еске түсіріп, жеткілікті деңгейде меңгермеген оқу мақсаттары бойынша жеке немесе топтарда жұмыс жасау ұсынылады. Ол үшін әрбір білім алушының жеке қабілеттерін ескеру қажет. Тәжірибелік дағдыларын дамытуға көбірек көңіл бөліп, қолдану деңгейіне тапсырмалар әзірлеген дұрыс.

Кіріктірілетін оқыту мақсаттары бойынша сабақты ұйымдастырғанда алдымен өткен оқу жылынадағы тақырыптарды еске түсіруден бастаған дұрыс. Ол үшін түрлі бейнематериалдарды, қызықты сұрақтарды қоюды және оған жауап іздеуге қызықтыруды ойластырған жақсы. Оқушыларға ой қозғайтын, шешімін өздері іздейтін қызықты жағдаяттар арқылы өткен оқу жылынадағы тақырыптарды еске түсіруге жағдай жасау керек. Сыныптағы оқушылардың әңгімеге белсенді араласу немесе керісінше араласпай тұйықталуын байқап, ол оқушыға тақырып бойынша түсініктеме беру ұсынылады.

Әдістемелік ұсынымдамада кіріктірілетін оқыту мақсаттары бойынша сабақты ұйымдастыруға арналған қысқа мерзімді сабақ жоспарларының үлгісі берілді.

Қызылорда облысының білім басқармасының Қармақшы ауданындағы № 277 мектеп-лицейінің мұғалімі Алашбаева Бекзада Сәндешқызының іс-тәжірибесінен қысқа мерзімді жоспар үлгісі берілді.

| | |
|---|---|
| **Бөлім:** | **8.2А Заттардың тасымалдануы** |
| **Педагогтің аты-жөні** | **Алашбаева Бекзада Сандешовна** |
| **Күні:** | **11.10.2021жыл** |
| **Сынып: 8»Ә»** | **Қатысушылар саны: 17 Қатыспағандар саны:0** |
| **Сабақтың тақырыбы** | Иммунитет.Иммунитеттің түрлері;туа пайда болған және жүре пайда болған иммунитет. Екпенің (вакцин) түрлері және оның жасанды иммунитетті қалыптастырудағы маңызы. Жұқпалы аурулардың алдын алу. |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары** | 8.1.3.6 – аурудың алдың алудағы вакцинацияның ролін бағалау; |
| **Сабақтың мақсаты** | **Барлығы:** вакцинацияның рөлін бағалайды.<br>**Көпшілігі:** вакцина түрлері мен емдік сары суды салыстырады<br>**Кейбіреулері:** COVID-19 індетіне қарсы жүргізіліп жатқан вакция мәселелелері туралы ақпараттарды сараптайды. |

Сабақ барысы

| **Сабақтың кезеңі/ уақыт** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы** | | Сынып оқушылары бүгінгі тақырыпқа сай жасырын сөздер | Мақсаты: Оқушылар бір-біріне тілек білдіреді, | Оқулық.<br>АКТ мен |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Қызығушылықты ояту 7 мин** | Ұйымдастыру кезеңі:<br><br>1.Оқушылармен амандасу, түгендеу.<br><br>2.Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыруда шаттық шеңбері жүзеге асырылады.<br><br>3Оқушыларды топтарға біріктіру. | арқылы үш топқа бөлінді.<br><br>1 топ: Туа пайда болған иммунитет.<br><br>2 топ: Жүре пайда болған иммунитет.<br><br>3 топ: Жасанды иммунитет.<br><br>Үй тапсырмасын сұрау.<br><br>**«Менен-сұрақ-сізден жылдам жауап»** әдісі арқылы үй жұмысын тексеру,оқушылар бір-біріне сұрақ қояды, жауап береді.<br><br>1.Жұқпаның жұғу жолдары дегеніміз не?Олар көбінесе қандай болады?<br><br>2.Фитофтороз қандай ағзада жүретін ауру?ағза ауруға шалдыққанда қандай белгілері болады?<br><br>3.Вирустық және бактериялық жұқпалардың қандай ерекшеліктері бар?Олардың айырмашылықтары неде? | тыңдау дағдыларын дамытуға бағытталады, сондай-ақ барлық оқушылардың қатыстырылуы арқылы сабаққа белсенділігі артады.<br><br>Тиімділігі: Оқушылар бір-біріне тілек айту арқылы жақындасады, көңіл-күйін көтереді және бауырмалдығын оятады.<br><br>Саралау: Бұл жерде саралаудың «Жіктеу» тәсілі көрінеді. Оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында мүмкіндігінше оларға таңдау еркіндігі беріледі.<br><br>Қалыптастырушы бағалау: Өз ойын дұрыс мағынада білдіріп, талқылауға белсенділікпен қатысқан оқушыға «Жарайсың!» деген мадақтау сөзімен | байланыс.<br><br>Бір-бірінің құнды пікірлерін тыңдай біледі.<br><br>Өзара жағымды қарым – қатынас орнатады<br><br>Денсаулық сақтау технологиялары. Сабақ барысында белсенді оқыту әдістерін қолданудан бұрын оқушылардың көңіл күйлеріне назар аудару<br><br>Дәріс - Иммунитет. Иммунитет түрлері. Антигендер. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | ынталандыру. | Антиденелер. Иммунобиологиялық препараттар |
| **Жаңа сабаққа кіріспе 3 мин** | «Миға шабуыл» әдісі арқылы өткен тақырыппен жаңа сабақты байланыстыру мақсатында ой қозғау сұрақтарын ұжымдық талқылау. Оқушыларға жалпылама төмендегі сұрақтар және жаттығу түрлері беріледі. Әр оқушы өз оймен бөліседі. | | Мақсаты: Жылдам әрі функционалды түрде сыни ойлануды дамыту.<br>Тиімділігі: оқушының танымдық дағдысы артады. Сонымен қатар оқушыға сабақтың өмірмен байланысын көрсетеді және сабақтың тақырыбы мен мақсатын анықтауға мүмкіндік | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Жаттығу жасайды.<br><br>Оқушылар сұрақтарға жауап беріп, өзара ұжымдық талқылау және дене жаттығуларын жасағаннан кейін мұғалім оқушыларға сабақтың тақырыбы, мақсатымен таныстырады. | | береді.<br><br>Саралау: Бұл жерде саралаудың «Диалог және қолдау көрсету» тәсілі көрінеді. Дұрыс мағынада жауап беруге бағыттау мақсатында кейбір оқушыларға ашық сұрақтар, ал кейбір көмек қажет ететін оқушыларға жетелеуші сұрақтар қойылады. | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың ортасы 25мин** | Оқулықтағы жаңа сабақтың мәтінін оқуға тапсырма береді. Қолдану айдарындағы тапсырманы орындатады.<br><br>**Жаңа сабақ**.<br><br>Жаңа сабақтың тақырыбын ашу мақсатында интербелсенді тақтадан қазіргі таңдағы вакцина тарихы туралы бейнебаян көрсетіледі.<br><br>**Ой қозғау әдісі**<br><br>- Бейнеролик не туралы?<br><br>- Бүгінгі сабағымыздың тақырыбын болжап көріңдерші?<br><br>-Осы тақырыпты меңгеру үшін мақсатымыз қандай<br><br>Болады деп ойлайсыздар?<br><br>(оқушылармен бірлескен | Оқулықты оқып танысып шығады. Тірек сөздермен танысып, өз дәптерлеріне жазып алады.<br><br>Топтық жұмыс. **«Борт журналы»**<br><br>**Тапсырма 1**<br><br>Берілген тақырып бойынша маған не белгілі? мен не білемін? Мәтіннен қандай жаңалық туралы білдім?<br><br>**Жеке жұмыс. Тапсырма 2**.<br><br>Вакцинация тарихы<br><br>Мэри Монтегю өте сұлу әйел болған. 1715 жылы ол шешек ауруынан тірі қалды, бірақ оның | Дескриптор:<br><br>1-топ.туа пайда болған иммунитеттің ерекшелігін ажыратады 1балл<br><br>2-топ Иммундық есте сақтау жасушаларының түзілуін<br><br>талдайды.1балл<br><br>3-топ. Емдік сарысудың және вакцинаның қолданылуын анықтайды. 1балл<br><br>ҚБ: «Бағдаршам» әдісі топтар бір-бірін бағалайды<br><br>КБ « плюс-минус-қызықты» | Тақырып бойынша интернет желісін пайдаланып видеоролик. Көру<br><br>Сілтеме https://mangystaumedia.kz/kk/kogam/48279<br><br>ДК экраны<br><br>8-сынып оқулығы.<br><br>Жұмыс дәптерлері. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | түрде сабақ мақсатын<br><br>анықтайды).<br><br>Егу,вакцинация дегеніміз - ол адам организміне вакцина немесе арнайы тәсілмен дайындалған антигендік қасиеті бар заттарды енгізу (иммуни-зациялау) арқылы белгілі бір жұқпалы аурудан алдын ала сақтандыру үшін қолданылатын әдіс. | денесі тыртықтарға толы болды. 1717 жылы Мэри Түркияда тұрды, ол ондағы әдетте қолданатын егу (прививка) әдісін бақылады. Бұл жас адамдардың денесіне жарақаттап оған шешек ауруының жеңіл түрінің вирусын енгізу болатын. Кейін бұл адамдар шешек ауруымен ауырды, бірақ ауру жеңіл түрде өткен.<br><br>Мэри Монтегю егудің қауіпсіздігіне толық сенімді болып, өзінің ұлы мен қызына егу жасатқызады.<br><br>1796 жылы Эдвард Дженнер егуді сиырдың шешек аурумен ұқсас ауруларға пайдаланып, шешекке қарсы антидене жасауға қолданды. Шешек егуімен салыстырғанда бұл егудің кері әсері азырақ болды және егуден кейін ауру бір-біріне жұқпады. Бұл әдіс вакцинация деп аталады.<br><br>**Сұрақ 1:МЭРИ МОНТЕГЮ**<br><br>Адамдарға вакцинацияны қандай ауру түрлеріне қарсы жасауға | Дескриптор:<br><br>1-топ.туа пайда болған иммунитеттің ерекшелігін ажыратады 1 балл<br><br>2-топ. Иммундық есте сақтау жасушаларының түзілуін талдайды 1 балл<br><br>3-топ. Емдік сарысудың және вакцинаның қолданылуын анықтайды. 1балл<br><br>ҚБ: «Бағдаршам» әдісі топтар бір-бірін бағалайды<br><br>КБ «плюс-минус-қызықты» | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | болады?<br><br>A Тұқым қуалайтын ауруларға, мысалы гемофилия<br><br>B Вирус арқылы жұғатын ауруларға, мысалы полиомиелит<br><br>C Организмнің қызметін бұзатын ауруларға, мысалы диабет<br><br>D Кезкелген емделмейтін ауруларға<br><br>**Сұрақ2: МЭРИ МОНТЕГЮ**<br><br>Егер, адамдар немесе жануарлар бактериялар арқылы берілетін жұқпалы аурулармен ауырған болса, әдетте жазылғаннан кейін ауруды туғызған бактериялар бұл аурудың ағзада қайта жүруін болдырмайды.<br><br>Бұл құбылыстың себебі неде?<br><br>A Ағза ауруға себеп болатын барлық бактерияларды жояды<br><br>B Ағза бактериялардың көбеюін болдырмайтын антидене | Дескриптор;қандай ауруларға вакцина жасалатынын анықтайды | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | өндіреді<br><br>C Қанның қызыл түйіршіктері сол аурудың себебі болатын бактерияларды жояды<br><br>D Қанның қызыл түйіршіктері бактерияларды жойып, ағзадан шығарады<br><br>Сабақты қорытындылау.<br><br>Жұмыстың сипаты: еркін әңгімеге әр топтан сұрақ қоюшылар мен сұрақтарға жауап беруші екі тарап қатысады. Олар негізгі мәселені талқылайды, пікір алмасады, тақырыппен байланыстыра отырып, шешім қабылдап, сараптама жасалады.<br><br>1-сұрақ: COVID-19 індетінен айықтым. Екпе алмай қойсам бол ма?<br><br>2-топ: Кейбір екпенің құрамында короновирус бар дейді. Екпе | 1 балл<br><br>Ағзаның бактериялардың көбеюін болдырмайтын антидене өндіретінін біледі 1балл<br><br>ҚБ «Мадақтау»мұғалім бағалайды<br><br>КБ<br><br>:<br><br>Дискриптор: COVID-19 індетіне қарсы жүргізіліп жатқан вакция мәселелелері туралы пікірлерін ұсынып талқылап,тақырыппен байланыстырып шешім қабылдайды.3 балл.<br><br>ҚБ «Жапондық бағалау»<br><br>КБ « Білім ағашы» | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | алсам, ауырып қалуым мүмкін бе?<br><br>3-топ. «Спутник V» жайлы не белгілі? Халықтың басым көпшілігінде екпе жасатуға не себепті үміттен көрі, күмән басым?**Жұптық жұмыс.тапсырмасы.3**<br><br>**«Суреттер сөйлейді»**<br><br> <br><br> | **Дискрипторы**:<br>ғалымдарды таниды, олардың ашқан ғылыми жаңалықтарын талдайды 2 балл<br><br>ҚБ «Көршіңе бір тілек»<br><br>КБ «Жетістік баспалдағы» | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың соңы Ой толғаныс.**<br><br>**Рефлексия**<br><br>**10 мин.** | **«Еркін микрофон» әдісі.** Мұғалім сабақты қорытындылау мақсатында оқушылардың сабаққа деген көзқарасын, рефлексиясын тыңдайды<br><br>Үйге тапсырма: Қосымша ақпарат көздерін пайдаланып, қазіргі таңдағы вакцина түрлерінен бейнероликтер дайындау.<br><br>Мақсаты:Оқушы алған білімін саралай білуге дағдыланады.<br><br>Тиімділігі:Тақырып бойынша оқушылардың пікірін анықтайды. Жинақталған деректердің құнды болуын қадағалайды.<br><br>Саралау: Бұл кезеңде саралаудың «Қорытынды» тәсілі көрінеді. | Оқушылар бүгінгі сабақтың мақсаты, тақырыбы бойынша өз ойын айту арқылы сабаққа қорытынды жасайды. | «Еркін әңгіме» әдісі<br><br>Мұғалім оқушыларды **«Жапондық бағалау» әдісі арқылы** бағалайды. Яғни «Дұрыс келісемін», «Толықтырамын, басқа көзқарасым бар», «Менің сұрағым бар». Сонымен қатар 1-10 баллдық жүйе бойынша оқушылардың сабаққа қатысу белсенділігі бойынша бағаланады. | <br> |

VII. Жазғы мектеп кезінде ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгісі
Қысқа мерзімді сабақ жоспары

| | |
|---|---|
| **Бөлім:** | **8.4А Көбею** |
| Педагогтің аты-жөні: | |
| Күні: | |
| Сыныбы: | Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы: | **Ашықтұқымды және жабықтұқымды өсімдіктердің тіршілік циклі** |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты | 8.2.1.3 ашықтұқымды және жабықтұқымды өсімдіктердің тіршілік циклінің ерекшеліктерін түсіндіру |
| Сабақтың мақсаты: | ***Барлық оқушылар үшін:***<br>Білім алушылар ашықтұқымды және жабықтұқымды өсімдіктердің тіршілік циклін салыстыра алады. |
| Құндылықтарға баулу: | «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясы бойынша «Жалпыға бірдей еңбек қоғамы» құндылығына баулу. Бұл арқылы оқушыларда шығармашылық және сын тұрғысынан ойлауы, функционалдық сауаттылығы, қарым-қатынас жасау қабілеті мен жауапкершілігі артады. Сонымен қатар өмір бойы оқуға, еңбеу етуге, Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілікке деген дағдысы қалыптасады. |

Сабақ барысы

| Сабақ кезеңі/Уақыты | Педагогтің іс-әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы<br>Қызығушылықты ояту<br>7 мин. | **I.Ұйымдастыру кезеңі:**<br>**а)** Оқушылармен сәлемдесу, түгендеу. Психологиялық жағымды ахуал туғызу<br>**Мақсаты:** Оқушылар бір-біріне тілек білдіреді, тыңдау дағдыларын дамытуға бағытталады, сондай-ақ барлық | | | |


| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | оқушылардың қатыстырылуы арқылы сабаққа белсенділігі артады.<br>**Тиімділігі:** Оқушылар бір-біріне тілек айту арқылы жақындасады, көңіл күйін көтереді және бауырмалдығын оятады.<br>**Саралау:** Бұл жерде саралаудың **«Жіктеу»** тәсілі қолданылады. Оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында мүмкіндігінше оларға таңдау еркіндігі беріледі. | | | |
| **Жаңа сабаққа кіріспе** | **(Ұ) «Миға шабуыл»** әдісі арқылы өткен тақырыппен жаңа сабақты байланыстыру мақсатында ой қозғау сұрақтарын ұжымдық талқылау. Бір-біріне сұрақтар қояды. Сыныптастырының пікірін толықтырады. Өз ойымен бөліседі.<br><br>*Оқушылар сұрақтарға жауап беріп, өзара ұжымдық талқылау жасағаннан кейін мұғалім* | 1. Гүлді өсімдіктердің ұрықтануының ерекшеліктері неде?<br><br>2. Ашықтұқымды және жабықтұқымды өсімдіктердің ерекшеліктерін атаңдар. Оларда спора түзіле<br>ме? Олардың негізгі көбею мүшелері қандай?<br><br>Осы тапсырманы орындау арқылы оқушылардың айтылым дағдысы қалыптасады. | **Мақсаты:** Жылдам әрі функционалды түрде сыни ойлануды дамыту.<br>**Тиімділігі:** оқушының танымдық дағдысы артады. Сонымен қатар оқушыға сабақтың өмірмен байланысын көрсетеді және сабақтың тақырыбы мен мақсатын анықтауға мүмкіндік береді.<br>**Саралау:** Бұл жерде саралаудың **«Диалог және қолдау көрсету»** тәсілі көрінеді. Дұрыс мағынада жауап беруге бағыттау мақсатында кейбір оқушыларға ашық сұрақтар, ал кейбір көмек қажет ететін оқушыларға жетелеуші сұрақтар | **Қалыптастырушы бағалау:** Өз ойын дұрыс мағынада білдіріп, талқылауға белсенділікпен қатысқан оқушыға «Жарайсың!» деген мадақтау сөзімен ынталандыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *оқушыларға сабақтың тақырыбы, мақсатымен таныстырады.* | | | қойылады. | |
| Сабақтың ортасы<br>Мағынаны ашу.<br>26 мин.<br> | **№1-тапсырма**<br>Оқулықтағы жаңа сабақтың мәтінін оқуға тапсырма береді<br>Тірек сөздермен танысып, өз дәптерлеріне жазып алады. | 1. «Бүр, тұқым, мегаспорогенез, микрогаметогенез, микроспорогенез, мегагаметогенез » деген түсініктерге анықтама береді.<br><br>2. «Тұқымды өсімдіктердің тіршілік циклінде ядролық фазаларының ауысуы» деген ұғымды қалай түсінесіңдер?<br><br>3. Жасушалар қандай әдіспен бөлінген кезде тұқымды өсімдіктерде | ***Дескриптор:***<br>***Жалпы - 3 балл.***<br>-тапсырмаларды талқылайды;<br>-сұрақтарға жауап береді. | 8-сынып оқулығы<br>Жұмыс дәптерлері. | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | гаметалар түзіледі?<br><br>4. Ашықтұқымды өсімдіктердің аталық, аналық гаметалары және микро-, мега споралары қашан, қайда (қандай құрылымдарда), қашан түзіледі?<br><br>5. Жабықтұқымды өсімдіктердің аталық, аналық гаметалары және микро-, мега споралары қашан, қайда (қандай құрылымдарда), қашан түзіледі? | | |
|  | **№2-тапсырма**<br>Оқулықта берілген қолдану айдарындағы | 1. Неліктен тұқымды өсімдіктердің тіршілік | ***Дескриптор:***<br>***Жалпы - 3 балл.***<br>-Тапсырманы салыстырады; | 8-сынып оқулығы<br>Жұмыс дәптерлері |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | тапсырмаларды орындатады, бақылайды, мысал, үлгі көрсетеді. | циклінде гаплоидты кезеңі көрінбейді және жеке құрылым ретінде қатыспайды?<br><br>2. Ашықтұқымдылардың бүрлері қандай қызмет атқарады?<br><br>3. Жабықтұқымдылардың гүлі қандай қызмет атқарады?<br><br>4. Ашықтұқымдылар мен жабықтұқымдылардың ұрықтануы, гаметалары мен спораларының түзілу үдерісі қайда жүретінін салыстырады. | -Сұрақтарға жауап береді. | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **3-тапсырма**<br><br>Оқулықта берілген тапсырманы орындатады, бақылайды, мысал, үлгі көрсетеді. | 1. Жасушалардағы хромосомасанын, митоз және мейоз, микро- және<br><br>мегаспорангийлер, гаметалар, зигота, ұрықтану, көпжасушалы эмбрионды көрсете отырып, «гүлді өсімдіктердің тіршілік циклі» деген сызба сызады.<br><br>2. Жасушалардағы хромосома санын, митоз және мейоз, микро- және мегаспорангийлер, гаметалар, зигота, ұрықтану, көпжасушалы эмбрионды көрсете отырып, «ашықтұқымды өсімдіктердің тіршілік циклі» деген сызба сызады.<br><br>3. Ашықтұқымдылар мен жабықтұқымдылардың көбеюіндегі айырмашылықты көрсетіңдер.<br><br>4. Ашықтұқымдылардың көбеюін сипаттап береді. | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | <br><br><br>***Дескриптор:*** ***Жалпы - 4 балл.***<br><br>- Сызба сызады;<br><br>-Тапсырманы сипаттайды. | | |
| Сабақтың соңы<br>Ой толғаныс.<br>Рефлексия<br>7 мин.<br><br> | **«Еркін микрофон» әдісі.**<br>Мұғалім сабақты қорытындылау мақсатында оқушылардың сабаққа деген көзқарасын, рефлексиясын тыңдайды.<br><br>***Мақсаты:***<br>Оқушы алған білімін саралай | Оқушылар бүгінгі сабақтың мақсаты, тақырыбы бойынша өз ойын айту арқылы сабаққа қорытынды жасайды. | Мұғалім оқушыларды **«Жапондық бағалау»** әдісі арқылы бағалайды. Яғни *«Дұрыс келісемін», «Толықтырамын, басқа көзқарасым бар», «Менің сұрағым бар».* | <br> |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | білуге дағдыланады. ***Тиімділігі:*** Тақырып бойынша оқушылардың пікірін анықтайды. Жинақталған деректердің құнды болуын қадағалайды. ***Саралау:*** Бұл кезеңде саралаудың ***«Қорытынды»*** тәсілі көрінеді. | | *Сонымен қатар 1-10 баллдық жүйе бойынша оқушыларды ң сабаққа қатысу белсенділігі бойынша бағаланады.* | |
| Саралау. Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз қабілетті оқушылардың алдына қандай тапсырмалар қоясыз? | | Бағалау. Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз? | Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау | |
| «Диалог және қолдау көрсету», «Тапсырма», «Жіктеу».<br><br>Саралау тапсырмаларды іріктеуді, белгілі бір оқушыдан күтілетін нәтижені, оқушыға жеке қолдау көрсетуде, оқу материалы мен ресурстарды оқушылардың жеке қабілеттерін ескере отырып | | «Мадақтау сөз» әдісі. 1-10 баллдық жүйе бойынша бағаланады. | Денсаулық сақтау технологиялары.<br>Сабақта сергіту жаттығулары мен белсенді жұмыс түрлерін қолданамын.<br>Осы сабақта қолданылатын<br>Қауіпсіздік техникасы ережелерінің тармақтары орындалады. | |

| | | |
|---|---|---|
| әзірлеуді қамтиды. | | |

**Жалпы бағалау**

Сабақтың қандай екі аспектісі жақсы өтті? Оқыту туралы да, сабақ беру туралы да ойланыңыз.

1:

2:

Сабақты жақсартуға не жәрдемдесер еді? Оқыту туралы да, сабақ беру туралы да ойланыңыз.

1:

2:

Сабақ кезінде, сынып немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері/қиыншылықтары туралы мен нені анықтадым? Келесі сабақтарда неге назар аудару керек?

1:

2:

## 57. «Биология» оқу пәні, 10-сынып

I. Өткен оқу жылында өтілген оқу бағдарламасының мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттары

57.1-кесте. Жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11-сыныптарға арналған «Биология» пәнінен өткен оқу жылында өтілген оқу бағдарламасының мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттары:

| 9-сыныпта өтілген тақырып | Оқыту мақсаттары |
|---|---|
| Жасушалық биология | |
| Жасушаның негізгі компоненттерінің қызметтері. Жасуша құрылымдары:плазмалық мембрана, цитоплазма, ядро, эндоплазмалық тор, жасуша орталығы, рибосомалар, Гольджи аппараты мен лизосомалар, митохондрия, пластидтер, қозғалыс органоидтары, жасушаның қосындылары. Құрылыстары және атқаратын қызметтері | 9.4.2.1 өсімдік және жануар жасушаларының негізгі бөліктерінің құрылысы мен қызметін түсіндіру |
| Жасушалардың сызықтық ұлғаюын есептеу. Ұлғаю, актуальды өлшемі және суреттің нақты өлшемі. Өлшем бірліктерін СИ жүйесіне аудару (сантиметр-миллиметр-микрометр-нанометр). Модельдеу «Микрофотографияларды пайдаланып жасушаның сызықтық ұлғаюын есептеу» | 9.4.2.2 микрофотографияны қолданып, жасушалардың сызықтық ұлғаюын есептеу |
| Тірі ағзалардың көп түрлілігі.<br>Биосфера және экожүйе | |
| Әртүрлі түрлерді сипаттауда бинарлық номенклатураны қолдану. Зертханалық жұмыс «Анықтағыш көмегімен өсімдіктер мен жануарлар түрлерін (жергілікті регионның) анықтау» | 9.1.1.1 әр түрлі түрлерді сипаттауда бинарлы номенклатураны қолдану;<br>9.1.1.2 Өсімдіктер мен жануарлардың түрлерін ерекшелік белгілері бойынша танып білу (анықтағыш бойынша) |
| Популяцияның өсуінің экспоненциалды және сигмоидты қисығы | 9.3.1.1 популяция өсімінің экспоненциалдық және сигмоидтік үлгілерінің қисық сызықтарының графиктерін талдау |
| Экожүйедегі энергия тасымаланың тиімділігі. Энергия ағыны және қоректік тізбектер. Экологиялық пирамида түрлері | 9.3.1.2 энергия ағымының тиімділігін есептеу;<br>9.3.1.3 энергия, биомасса және сандар пирамидаларын салыстыру |
| Табиғаттағы көміртек пен азот айналымы. Биосферадағы биохимиялық үрдістер. Топырақ пен шөгінді жыныстар түзудегі тірі ағзалардың рөлі | 9.3.1.4 азот пен көміртектің табиғаттағы айналымының сызбасын құру |

| | |
|---|---|
| Адам қызметінің қоршаған ортаға әсері | |
| Пайдалы қазбаларды өндірудің қоршаған орта мен адам денсаулығына әсері | 9.3.2.1 пайдалы қазбалар өндірудің және қайта өңдеудің қоршаған ортаға әсерін түсіндіру |
| Пестицидтердің қоршаған орта мен адам денсаулығына әсері | 9.3.2.2 пестицидтерді пайдаланудың қоршаған орта мен адам денсаулығына әсерін түсіндіру |
| жылыжай эффктісі (булану) және озон қабатыныңжұқаруы. Дүниежүзілік мұхит деңгейінің, су мен атмосфера температурасының көтерілуінің тірі ағзаларға әсері | 9.3.2.3 парниктік эффектінің тірі ағзаларға әсерін түсіндіру;<br>9.3.2.4 озон қабатының бұзылуының себептері мен салдарын түсіндіру |
| Қоректену | |
| Ыдырау үдерісі. Асқорыту ферменттерінің әсері. Асқорытудағы ферменттердің маңызы. Сіңіру және бөліп шығару | 9.1.2.1 адамның асқорыту жолдарындағы үдерістерді сипаттау;<br>9.1.2.2 ас қорыту үдерісіндегі органикалық заттар мен сәйкесі ферменттердің арасындағы байланысты орнату |
| Ферменттердің әсер ету механизмі. Ферменттің белсенді орталығы. Зертханалық жұмыс «Ферменттердің белсенділігіне әр түрлі жағдайлардың (температура, pH) әсерін зерттеу» | 9.4.1.1 ферменттер механизмін оқып тану;<br>9.1.2.3 ферменттердің белсенділігіне әр түрлі жағдайлардың (температура, pH) әсерін зерттеу |
| Өттің әсерінен майлардың эмульгациясы. Зертханалық жұмыс «Өттің әсерінен майлардың эмульгациялануын зерттеу» | 9.1.2.4 өттің әсерінен майлардың эмульгациялануы үдерісін зерттеу |
| Заттар тасымалы | |
| Активті және пассивті тасымалдардың ұқсастығы мен айырмашылығы. Жасуша мембранасы арқылы тасымалдану. Белсенді тасымалдану кезіндегі энергияның жұмсалуы | 9.1.3.1 активті және пассивті тасымалдарды салыстыру |
| Сыртқы және ішкі факторлардың транспирацияға әсері. Зертханалық жұмыс «Транспирация үдерісі кезіндегі сыртқы факторларды (температура, ылғалдылық пен су буының қысымы, ауа қозғалысын) зерттеу. Зертханалық жұмыс «Ішкі факторларды: Буландыратын беттің ауданы және бұл беттік ауданның өсімдік көлеміне қатынасының (кутикула мен лептесіктер) транспирация үдерісіне әсері» | 9.1.3.2 өсімдіктердегі транспирация үдерісінің мәнін түсіндіру;<br>9.1.3.3 ішкі және сыртқы факторлардың транспирацияға әсерін зерттеу |
| Сыртқы факторлардың флоэмада зат тасымалына әсері: температура, ылғалдылық, жарық | 9.1.3.4 сыртқы факторлардың флоэма арқылы заттардың тасымалдануына әсерін зерттеу |

| | |
|---|---|
| Тыныс алу | |
| Анаэробты және аэробты тыныс алу. Анаэробты және аэробты тыны салу үдерістерін химиялық реакция теңдеулерін қолданып қарастыру. Анаэробты және аэробты тыныс алудың тиімділіктері | 9.1.4.1 тыныс алу реакциясының химиялық теңдеуін пайдалана отырып, анаэробты және аэробты тыныс алуды салыстыру |
| Аэробты, анаэробты тынысалу үдерістерімен байланысты бұлшық еттердің қажуы. Аэробты және анаэробты тынысалуға физикалық жүктемелердің әсері | 9.1.4.2 бұлшықет қажуы және аэробты, анаэробты тыныс алу үдерістері арасындағы байланысты қарастыру |
| Бөліп шығару | |
| Нефронның құрылысы және қызметі. Ультрафильтрация. Абсорбция және таңдамалы реабсорбция. Несептің құрамы. Фильтрация мен кері фильтрацияның себептері | 9.1.5.1 нефронның құрылысы мен қызметін сипаттау;<br>9.1.5.2 фильтрация және несептің түзілу үрдістерін сипаттау |
| Бүйрек жұмысына әсер ететін факторлар: тамақтану рационы, дене температурасының күрт түсуі, дәрілік препараттар, созылмалы және инфекциялық аурулар(кариес, іріңді ангина т.б.) | 9.1.5.3 бүйректің жұмысына әсер ететін факторларды сипаттау |
| Зәр шығару жүйесінің гигиенасы. Бүйрек және зәр шығару жүйесінің аурулары: пиелонефрит, цистит, бүйрекке тастың жиналуы. Себептері және алдын алу шаралары | 9.1.5.4 бүйрек және зәр шығару жүйесі ауруларының алдын алу жолдарын түсіндіру |
| Құрлықта, шөлде, тұщы және тұзды суларда тіршілік ететін тірі ағзалардың зат алмасуының соңғы өнімдері. Құрамында азоты бар органикалық заттардың ыдырау өнімдері: аммиак, несепнәр, несеп қышқылы | 9.1.5.5 әртүрлі ағзалардың мекен ету ортасы мен зат алмасудың соңғы өнімдері арасындағы байланысты орнату |
| Координация және реттелу | |
| Нейрондардың түрлері мен қызметтері. Жүйке ұлпасының қызметі (глиальды жасушалар). Аксондардың миеленді және миеленсіз қабықтары. Синапстар және медиаторлар. Модельдеу «Жүйке ұлпаларын зерттеу» | 9.1.7.1 жүйке жасушасының құрылысы мен қызметі арасындағы өзара байланысты орнату;<br>9.1.7.2 жүйке ұлпалары мен оның құрылымдық бөліктерінің қызметтерін талдау |
| Миеленді, миеленсіз аксондарда жүйке импульстарының туындауы және өткізілуі. Өткізу жылдамдығы. Мембраналық потенциал, тыныштық потенциалы және әрекет потенциалы. Модельдеу «Жүйке импульстарының туындауы мен таралу жылдамдығын зерттеу» | 9.1.7.3 жүйке импульсінің туындауы мен өтуін сипаттау |
| Тірі ағзалардағы электрлік үдерістер. Электрорецепторлар және электрлі мүшелер | 9.4.4.1 тірі ағзалардағы электрлік үдерістерді зерттеу |
| Тынысалу мен тыныс шығарудың реттелуі мысалында нейрогуморальдық реттелу механизмі. Жүйкелік және гуморальдық реттелуді салыстыру. Ағзаның күйзеліске бейімделуі | 9.1.7.4 нейрогуморалды реттелудің механизмін түсіндіру |

| | |
|---|---|
| Нейрокомпьютерлік интерфейс. Компьютер мен ми арасындағы ақпарат алмасу жүйесі | 9.4.4.2 «компьютер-ми» интерфейс технологиясының ерекшеліктерін оқып білу |
| Гомеостазды тұрақты ұстаудың механизмдері | 9.1.7.5 ағзаның ішкі ортасының тұрақтылығын ұстаудағы гомеостазды сақтаудың механизмін түсіндіру |
| Өсімдіктердің өсуі мен дамуын реттеуші. Зертханалық жұмыс «Ауксиннің өсімдіктерге әсерін зерттеу» | 9.1.7.6 өсімдіктердің өсуі мен дамуына әсер ететін заттардың әрекетін талдау |
| Қозғалыс | |
| Бұлшық еттің жұмысы.<br>Демонстрация « Негізгі бұлшық еттердің жұмысын өзіндік бақылау, иық белдеуінің қол қозғалысындағы рөлі. Бұлшықет қозғалысын реттеу»<br>Зертханалық жұмыс «Статикалық және динамикалық жұмыс кезіндегі бұлшық еттің қажуын зерттеу» | 9.1.6.1 қол бұлшық еттерінің максималды жұмыс күшін және күшке төзімділігін зерттеу;<br>9.1.6.2 бұлшық еттің жиырылу жиілігіне бұлшықет жұмысының тәуелділігін зерттеу |
| Молекулалық биология | |
| Дезоксирибонуклеин қышқылының<br>молекулалық құрылысының принцптері: нуклеотидтердің комплементарлылығы.<br>Модельдеу «Дезоксирибонуклеин қышқылы» молекуласын құру» | 9.4.1.2 дезоксирибонуклеин қышқылының молекуласының қос шиыршықты құрылымын сипаттау;<br>9.4.1.3 дезоксирибонуклеин қышқылының құрылымдық қағидалары негізінде үлгілеу |
| Жасушалық цикл | |
| Интерфаза. Интерфаза кезеңдері: Gl, S және G2 | 9.2.2.1 жасуша айналымының интерфаза кезіндегі жүретін үдерістерді түсіндіру |
| Митоз. Митоз фазалары. Зертханалық жұмыс «Пияз тамыр ұшындағы жасушалардан митозды зерттеу» | 9.2.2.2 митоздың кезеңдерін сипаттау |
| Митоз. Митоз фазалары. Мейоз бен митозды салыстыру. Модельдеу «Митоз кезеңдерңн зерттеу» | 9.2.2.3 мейоз кезеңдерін сипаттау;<br>9.2.2.4 митоз және мейоз үдерістерін салыстыру |
| Тұқым қуалаушылық пен өзгергіштік заңдылықтары | |
| Мендель ашқан белгілердің тұқымқуалаузаңдылықтары. Тұқымқуалаушылықты зерттеудің гибридологиялық әдісі | 9.2.4.1 генетиканың дамуы мен қалыптасуындағы Мендель зерттеулерінің рөлін бағалау |
| Тұқымқуалаушылық заңдылықтарының цитологиялық негіздері. Гаметалар тазалығы және оның цитологиялық негіздемесі. Моногибридті және дигибридті будандастыру. Басымдылық заңы. Ажырау заңы | 9.2.4.2 моногибридті будандастырудың цитологиялық негіздерін дәлелдеу және есептер шығару;<br>9.2.4.3 дигибридті будандасты-рудың цитологиялық негіздерін дәлелдеу және есептер шығару |

| | |
|---|---|
| Аллельді гендердің әрекеттесуі: толықжәне толымсыз. Доминанттылық белгілердің пайда болуы. Талдаушы шағылыстыру ұғымы мен оның практикалық маңызы | 9.2.4.4 толық және толымсыз доминаттылықты салыстыру;<br>9.2.4.5 талдаушы будандастырудың маңыздылығын бағалау |
| Жыныс генетикасы. Жынысты анықтаудың генетикалық механизмі. Жыныспен тіркесіп тұқымқуалау. Гемофилия және дальтонизм | 9.2.4.6 жынысты анықтау теориясын сипаттау;<br>9.2.4.7 жынысты анықтау кезінде хромосомалардың рөлін түсіндіретін сызба жасау |
| Адам қан топтарының тұқымқуалау заңдылықтары. Резус-фактор | 9.2.4.8 адамның қан тобының тұқымқуалауын және қан топтарын анықтау механизмін түсіндіру |
| Адам генетикасы. Адамның тұқымқуалау белгілерін зерттеу әдістері. Адамның генетикалық ауруларының алдын алу. Модельдеу «Адамның генеалогиялық шежіре ағашын құру» | 9.2.4.9 адам генетикасын зерттеудің негізгі әдістерін сипаттау;<br>9.2.4.10 шежіре сызбасын құру |
| Өнімділікті арттыратын заманауи ауыл шаруашылық технологиялары. Өнімділігі жоғары ауыл шаруашылықты жүргізудің жаңа баламалы жолдары | 9.2.4.11 мәдени өсімдіктердің өнімділігін арттыру үшін заманауи ауылшаруашылық технологияларды қолданылуын зерттеу |
| Микробиология және биотехнология | |
| Биотехнологиялық үдерістін жалпы сызбасы және биотехнологияда алынатын өнімдері (медицинада, өнеркәсіпте және ауылшаруашылықта). Инсулин өндірісі | 9.4.3.1 инсулин өндіру мысалында биотехнологиялық үдерістің жалпы сызбасын сипаттау;<br>9.4.3.2 биотехнологияда өндірілетін өнімдерге мысал келтіру |
| Көбею | |
| Адамның жыныс жүйесінің құрылымы мен қызметі | 9.2.1.1 адамның жыныс жүйесінің құрылысын сипаттау |
| Екінші реттік жыныстық белгілер. Ұлдар мен қыздардың жыныстық жетілуі. Биологиялық және әлеуметтік жетілу | 9.2.1.2 жыныстық жетілу кезеңіндегі екінші реттік жыныстық белгілердің дамуын сипаттау |
| Менструалдық цикл: менструалдық циклындағы эстроген мен прогестерон гормондарының маңызы | 9.2.1.3 менструалдық цикл мен экстроген және прогестеронның маңызын сипаттау |
| Контрацепция түрлері.<br>Жыныстық жолмен берілетін аурулар: жүре пайда болған иммундық дефицитінің синдромы, сифилис, гонорея, гепатит В,С. Алдын алу шаралары | 9.2.1.4 контрацепцияның түрлерін және жыныстық жолмен таралатын аурулардың салдары мен алдын алу шараларын түсіндіру |
| Өсу және даму | |
| Құрсақта даму. Ұрықтық дамудың алғашқы кезеңдері. Ұрықтың қалыптасуы мен дамуы | 9.2.3.1 ұрықтың дамуындағы плацентаның маңызын түсіндіру;<br>9.2.3.2 эмбрион мен ұрықтың дамуын салыстыру |
| Шылым шегу, есірткі мен ішімдіктің адам ұрығының дамуына тигізетін әсері | 9.2.3.3 адам ұрығының дамуына шылым шегу, алкоголь мен басқа есірткілер әсерінің салдарын |

| | |
|---|---|
| | түсіндіру |
| Эволюциялық даму | |
| Жердегі тіршіліктің пайда болуы кезеңдері | 9.2.5.7 Жердегі тіршіліктің дамуының негізгі кезеңдерін оқып білу |
| Эволюциялық ұғымдардың қалыптасуы және дамуы. Ч.Дарвиннің эволюциялық ілімінің негізгі қағидалары. Эволюцияның қазіргі заман теориясының пайда болуы | 9.2.5.1 К. Линней мен Ж.Б. Ламарк еңбектерінің негізгі қағидаларын оқып зерттеу;<br>9.2.5.2 Эволюция ілімінің қалыптасуындағы. Ч.Дарвин еңбектерінің ролін түсіндіру |
| Эволюцияның қозғаушы күштері. Табиғи сұрыпталу нәтижесіндегі бейімделушілік. Эволюциялық үдерістегі өзгергіштіктің (мутациялық, комбинтивтік) рөлі. Табиғи сұрыпталу, оның түрлері (қозғаушы және тұрақтандырушы). Тіршілік үшін күрес (түрішілік, тұраралық). Модельдеу «Бейімделгіштікті табиғи сұрыпталу нәтижесі ретінде зерттеу (көбелек)» | 9.2.5.3 эволюцияның қозғаушы күштерін сипаттау;<br>9.2.5.4 ағзалардың бейімделудегі табиғи сұрыпталудың рөлін сипаттау |
| «Түр» ұғымының анықтамасы. Түрдің құрылымы. Түр критерийлері. «Түр түзілу» ұғымы. Түр түзілудің тәсілдері мен механизмдері | 9.2.5.5 түрдің құрылымы мен критерийлерін сипаттау;<br>9.2.5.6 түр түзілу үдерісін түсіндіру |

II. Іріктеп алынған оқыту мақсаттары бойынша диагностикалық жұмыстың үлгісі

Білім алушыларыдң біліміндегі олқылықтарды болдырмау және оларды жою үшін әр сабақта, әр тақырыпты бекіту әдістерін жетілдіру және олқылықтарды анықтаудың тиімді жолдары ұсынылады.

Алдыңғы оқу жылындағы білімдері бойынша оқу жетістіктерін айқындау үшін тест сұрақтарын беруге болады. Тест әзірлегенде тоқсандарға бөліп, бөлімдер бойынша қамту ұсынылады. Төменде 10-сынып білім алушылары үшін бөлімдер бойынша тест сұрақтары берілген.

«Қоректену» бөлімі

Бір дұрыс жауабы бар тест сұрақтары

1. Нәруызы мол тағам
A. нан
B. картоп
C. жарма
D. асбұршақ
E. алма

2. Өсімдіктекті тағамдардың құрамында басым болады
A. май
B. нәруыз
C. протеин
D. фермент
E. көмірсу
3. Бауырда, бұлшықетте қор ретінде жиналады
A. гликоген
B. целлюлоза
C. хитин
D. муреин
E. крахмал
4. Организмнің дамуы, өсуі үшін қажетті химиялық зат
A. никотин
B. токсин
C. витамин
D. тұз қышқылы
E. муреин
5. Қоректік заттардың ыдырап, қан мен лимфаға өтуі
A. асқорыту
B. тыныс алу
C. бөліп шығару
D. зәр шығару
E. қозғалу
6. Іші қуыс, түтікті асқорыту мүшесі
A. ішек
B. жүрек
C. кеңірдек
D. несепағар
E. салатамыр
7. Асқорыту мүшелерінің сыртқы қабаты
A. дәнекер ұлпалы сірнелі
B. бірыңғай салалы бұлшықетті
C. сілемейлі эпителийлі
D. дәнекер ұлпалы шеміршекті
E көлденең жолақты бұлшықетті

8. Асқорыту мүшелерінің ішкі қабаты
A. дәнекер ұлпалы сірнелі
B. бірыңғай салалы бұлшықетті
C. сілемейлі эпителийлі
D. дәнекер ұлпалы шеміршекті
E көлденең жолақты бұлшықетті
9. Астың қорытылуы басталады
A. ауызда

B. асқазанда
C. ашішекте
D. тоқішекте
E. жұтқыншақта
10. Көлденеңжолақты бұлшықет ұлпасынан тұрады

A. асқазан
B. соқырішек
C. ашішек
D. тіл
E. тоқішек
11. Сөйлеуге және асты жұтуға қатысады
A. тіл
B. асқазан
C. ашішек
D. тоқішек
E. өңеш
12. Мойынның алдында орналасқан асқорыту мүшесі
A. қарын
B. ашішек
C. ұлтабар
D. жұтқыншақ
E. тоқішек
13. Жұтқыншақ байланысады
A. сыртқы құлақпен
B. ортаңғы құлақпен
C. кеңірдекпен
D. асқазанмен
E ұлтабармен
14. Лимфа жүйесіне жатады
A. сілекей безі
B. бадамша безі
C. қарын безі
D. ішек безі
E. қалқанша безі
15. Бадамшалардың ішінде болады
A. лейкоцит
B. эритроцит
C. тромбоцит
D. ооцит
E. гепатоцит
16. Бадамша бездің қызметі
A. қоректі ұсақтап, майдалау
B. тамақты асқазнға жеткізу
C. майды эмульсиялау

D. тағаммен түскен микробтарды жою
E. аминқышқылдарды тасымалдау
17. Төменгі бөлімі асқазанмен жалғасады
A. жұтқыншақ
B. өңеш
C. ұлтабар
D. ашішек
E. тоқішек
18. Көлденеңжолақты және бірыңғай салалы бұлшықеттен тұрады
A. жұтқыншақ
B. өңеш
C. асқазан
D. ұлтабар
E. тоқішек
19. Оқтын-оқтын жиырылып тамақты асқазанға түсіреді
A. жұтқыншақ
B. өңеш
C. ұлтабар
D. ашішек
E тоқішек

20. Асқазанның ортаңғы қабатының бұлшықетінің орналасуы
A. қиғаш
B. ұзыннан
C. көлденеңнен
D. сақиналы
E. буылтықты
21. Асқорыту жолының кеңейген мүшесі
A. ауыз
B. жұтқыншақ
C. өңеш
D. асқазан
E. ұлтабар

22. Қарын сөлінің құрамында болады
A. күкірт қышқылы
B. тұз қышқылы
C. фосфор қышқылы
D. азот қышқылы
E. фолий қышқылы
23. Асқазан мен тоқішекті жалғастыратын мүше
A. жұтқыншақ
B. өңеш
C. тікішек
D. ашішек

E. соқырішек
24. Тоқішектің басталған жері
A. ұлтабар
B. соқырішек
C. бүйен
D. тікішек
E. мықынішек
25. Ашішектің асқазаннан басталған бөлімі
A. ұлтабар
B. соқырішек
C. бүйен
D. аппендикс
E. тікішек

Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар сұрақтар

1. Тамақ құрамындағы органикалық зат(тар)
A. май
B. нуклеин қышқылы
C. нәруыз
D. көмірсу
E. су
F. минералды тұз
G. тұз қышқылы
H. лизоцим
2. Асқорыту мүшесі(лері)
A. жұтқыншақ
B. жүрек
C. бүйрек
D. өңеш
E. несепағар
F. асқазан
G. көмей
H. кеңірдек
3. Асқорыту мүшелерінің қабырғасының қабаттары
A. эктодерма
B. эпикард
C. миокард
D. плевра
E. шеміршекті
F. сірнелі
G. сілемейлі
H. бұлшықеті
4. Тіл бөлімі(дері)
A. түбі

B. білік
C. буын
D. денесі
E. ұшы
F. доғасы
G. өсіндісі
H. басы
5. Тоқ ішек бөлімдері
A. ұлтабар
B. ашішек
C. соқырішек
D. жиекішек
E. тікішек
F. мықынішек
G. он екі ішек
H. асқазан
6. Аш ішектің бөлімдері
A. асқазан
B. ұлтабар
C. тікішек
D. аппендикс
E. соқырішек
F. жиекішіек
G. ашішек
H. мықынішек
7. Тіс бөлімдері
A. түбірі
B. ұшы
C. негізі
D. мойыны
E. басы
F. қаптамасы
G. пердесі
H. өзегі
8. Біртүбірлі тістер
A. кіші азу
B. үстіңгі  үлкен азу
C. астыңғы үлкен азу
D. күрек
E. сойдақ
F. ақыл
G. үстіңгі кіші азу
H. астыңғы кіші азу
9. Қарын сөлінің құрамында болады
A. тұз қышқылы

B. амилаза
C. липаза
D. фермент
E. химотрипсин
F. лецитин
G. лактаза
H. рибонуклеаза
10. Сілекей бездері
A. шықшыт
B. жақасты
C. тіласты
D. ішек
E. панкреатин
F. қарын
G. муцин
H. жентек
11. Бауыр-
A. ең үлкен асқорыту безі
B. сол жақ бөлігі кіші
C. алмұрт пішінді өт қабы бар
D. ішкі, сыртқы секрециялы
E. майды эмульсиялап, ыдыратады
F. нәруызды ыдыратады
G. кеуде қуысында орналасады
H. асқазанның сол жағын қамтиды
12. Бауырдың қызметі
A. қанның түзілуіне қатысады
B. пепсин ферментін бөледі
C. тәбет сөлін шығарады
D. С,Д витаминдерін синтездейді
E. жасунықты ыдыратады
F. қорға гликоген сақтайды
G. қанды фильтлейді, заласыздандырады
H. қарын сөлінің белсенділігін арттырады
13. Бауырдың аурулары
A. гепатит
B. колит
C. дизентерия
D. эхинококкоз
E. финноз
F. беріштену
G. цистит
H. гастрит
14. Қарын мен ішектің қауіпті аурулары
A. іш сүзегі

B. холера
C. гепатит
D. нефрит
E. отит
F. баспа
G. холера
H. носток
15. Қанға бірден сіңеді
A. су
B. тұздар
C. нәруыз
D. жасунық
E. май
F. нәруыз
G. полисахарид
H. гликоген

«Тыныс алу» бөлімі

Бір дұрыс жауабы бар тест сұрақтары
1. Ауа тасымалдау жолы
A. жүрек
B. көмекей
C. өкпе
D. ішек
E. бүйрек
2. Газ алмасу жүреді
A. өкпе
B. кеңірдек
C. көмей
D. ауатамыр
E. кеңсірік
3. Мұрынның ішкі беті
A. сүйекті
B. қатпарлы
C. қабыршақты
D. сілемейлі
E. сақиналы
4. Мұрын қуысына енген микробтарды жояды
A. эритроцит
B. тромбоцит
C. лейкоцит
D. миоцит
E. хондроцит
5. Мойынның алдыңғы бөлігінде орналасқан іші қуыс шеміршекті мүше

A. кеңірдек
B. кеңсірік
C. көмекей
D. ауа тамыры
E. жұтқыншақ
6. Өңештің алдында орналасқан жартылай шеміршекті сақиналы
A. өкпе
B. альвеола
C. көмей
D. кеңірдек
E. кеңсірік
7. Көмекейдің ең ірі шеміршегі
A. қалақ
B. айдаршақ
C. қалқанша
D. шодыр
E. бронхы
8. Ер адамдардың көмекейінің ұзынығы
A.  44 мм
B. 36 мм
C. 52 мм
D. 0.5 мм
E. 18 мм
9. Кеңірдектің жалғасы
A. кеңсірік
B. бронхы
C. өкпе
D. альвеола
E. көмей
10. Кеуде қуысының қабырғасына жанаса орналасқан кеуекті мүше
A. кеңірдек
B. көмек
C. өкпе
D. кеңсірін
E. мұрын
11. Өкпе сыртын қаптайды
A. эпикард
B. миокард
C. перикард
D. плевра
E. пелиикула
12. Бір қабат эпителий жасушаларынан тұратын өкпе көпіршіктері
A. бронхы
B. бронхиола
C. альвеола

D. саңылау
E. бидайық
13. Кеуде қуысын құрсақ қуысынан бөліп тұрады
A. көкет
B. қабырға
C. бауыр
D. төс
E. кеңірдек
14. Әйел адамдардың тыныс алу типі
A. құрсақтық
B. көкіректік
C. көкеттік
D. диафрагмалық
E. көмекейлік
15. Тынысалу орталығы орналасқан ми
A. аралық
B. мишық
C. алдыңғы ми
D. ми көпірі
E. сопақша
16.Тынысалуды жиілететін гормон
A. тироксин
B. инсулин
C. гепарин
D. гистамин
E. окцитоцин
17. Өкпені қатайтып, беріштендіреді
A. баспатуберкулез
C. тұмау
D. отит
E. паротит
18. Бүкіл организмді әлсіретететін жұқпалы ауру
A. акромегалия
B. қола
C. дальтонизм
D. тұмау
E. микседема
19. Тынысалудың қорғаныш рефлексі
A. сілекей бөлу
B. құсу
C. жөтел
D. көзді жыпылықтату
E. кекіру
20. Ауаны жылытады, ылғалдандырады
A. мұрын қуысы

B. өкпе
C. көмей
D. кеңірдек
E. бронхылар
Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар сұрақтар

1. Ауа тасымалдау жолдары
A. ауыз
B. мұрын
C. көмекей
D. кеңірдек
E. ішек
F. асқазан
G. жүрек
H. бүйрек
2. Газ алмасу жүретін мүше(лер)
A. өкпе
B. мұрын қуысы
C. кеңсірік
D. жұтқыншақ
E. көмей
F. көмекей
G. кеңірдек
H. бронхы
3. Мүшелер мен қоршаған орта арасындағы газ алмасу
A. бөліп шығару
B. ас қорыту
C. тыныс алу
D. зәр шығару
E. түйсік сезіну
F. қимылды реттеу
G. көбею
H. даму
4. Мұрын қуысына тән белгі(лер)
A. ішкі қабаты сілемейлі
B. кеуекті, шымыр мүше
C. кеңірдектің жалғасы
D. дыбыс сіңірлері орналасады
E. қабырғасы сақиналы шеміршекті
F. ауаны ылғалдандырады, жылытады
G. мойынның алдыңғы жағында орналасады
H. микробтарды жояды
5. Кеңірдектің көмекейден ерекшілігі(ерекшіліктері)
A. мойынның алдыңғы жағында орналасады
B. қабырғасы шеміршектерден тұрады

C. іші қуыс шеміршекті мүше
D. арасында дыбыс саңылауы болады
E. кеуде қуысына жанаса орналасатын кеуекті
F. жартылай сақиналы шеміршектерден тұрады
G. өңештің алдыңғы бөлігінде орналасады
H. өкпеге баратын бронхыларға тармақталады
6. Альвеола-
A. кеңірдектің екіге тармақталған жалғасы
B. іші сұйықтыққа толы қапшық
C. шеміршекті қабықшамен қапталған
D. бір қабат эпителий жасушаларынан тұрады
E. сыртын тұтас капиллярлар торлап жатады
F. бірыңғай салалы бұлшықеттен тұрады
G. шеміршекті түйіннен құралады
H. тыныс алғанда созылатын серпімді
7. Тынысалуды жиілететін гормон(дар)
A. адреналин
B. гистамин
C. гепарин
D. оссеин
E. тироксин
F. гемоцианин
G. миоглобин
H. миозин
8. Тыныс алу орталығы тудыратын қорғаныш рефлекс(тері)
A. зәр шығару
B. бөліп шығару
C. терлеу
D. жөтелу
E. құсу
F. жұтыну
G. түшкіру
H. көзді жыпылықтату
9. Өкпенің тіршілік сыйымдылығын құрайды
A. тынысалу көлемі
B. тыныс алудың қалдық көлемі
C. тыныс алудың қосымша көлемі
D. тыныс шығарудың қалдық көлемі
E. тыныс шығарудың қосымша көлемі
F. тыныс алудың жиілігі
G. тыныс алудың жалпы сыйымдылығы
H. өкпенің ауаға толуы
10. Тыныс алу мүшелерінің ауруы(аурулары)
A. туберкулез
B. тұмау

C. колит
D. балантидиоз
E. бөсір
F. қотыр
G. анемия
H. дракунлез

III. Сабақ барысында толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары

57.2-кесте. Сабақ барысында толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары

| 9-сынып | 10-сынып |
|---|---|
| Молекулалық биология және биохимия | |
| 9.4.1.1 ферменттің әрекет ету механизмін оқып тану;<br>9.4.1.2 дезоксирибонуклеин қышқылы молекуласының қос шиыршықты құрылымын сипаттау;<br>9.4.1.3 дезоксирибонуклеин қышқылының құрылымдық қағидалары негізінде үлгілеу | 10.4.1.1 - Жердегі тіршілік үшін судың іргелі маңызын түсіндіру<br>10.4.1.2 - көмірсуларды құрылымы, құрамы және қызметтері бойынша жіктеу<br>10.4.1.3 - майлардың химиялық құрылысы мен қызметтерін сипаттау<br>10.4.1.4 - нәруыздарды олардың құрылымы, құрамы, атқаратын қызметтері бойынша жіктеу<br>10.4.1.5 - түрлі жағдайлардың нәруыздар құрылымына әсерін зерттеу<br>10.4.1.6 - биологиялық нысандарда нәруыздың болуын анықтау<br>10.4.1.7 -дезоксирибонуклеин қышқылы құрылымы мен қызметі арасындағы байланысты орнату<br>10.4.1.8 -рибонуклеин қышқылы типтерінің құрылысы мен қызметтерін ажырату |
| Жасушалық биология | |
| 9.4.2.1 өсімдік және жануар жасушаларының негізгі бөліктерінің құрылысы мен қызметін түсіндіру;<br>9.4.2.2 микрофотографияны қолданып жасушаның сызықтық ұлғаюын есептеу | 10.4.2.1 - электронды микроскоп арқылы көрінетін жасуша органоидтерінің құрылысы мен қызметтерінің ерекшеліктерін түсіндіру<br>10.4.2.2 - жасуша мембранасының сұйық кристалды моделін пайдаланып, жасуша мембранасының құрылымы, қасиеттері және қызметтері арасындағы байланысты орнату |
| Қоректену | |

| | |
|---|---|
| 9.1.2.1 адамның асқорыту жолдарындағы үдерістерді сипаттау<br>9.1.2.2 ас қорыту үдерісіндегі органикалық заттар мен сәйкес ферменттердің арасындағы байланысты орнату;<br>9.1.2.3 ферменттердің белсенділігіне әсер ететін әр түрлі жағдайларды (температура, pH) зерттеу;<br>9.1.2.4 өттің әсерінен майлардың эмульгациялануы үдерісін зерттеу | 10.1.2.1 - ферменттер белсенділігіне әр түрлі жағдайлардың әсерін зерттеу |
| Заттардың тасымалдануы | |
| 9.1.3.1 активті және пассивті тасымалдарды салыстыру; | 10.1.3.1 - эмбрион мен ересек ағзаның гемоглобині мен миоглобині үшін оттектің диссоциациялануының қисық сызығын түсіндіру<br>10.1.3.2 - пассивті тасымалдау механизмін түсіндіру |
| Тыныс алу | |
| 9.1.4.1 тыныс алу реакциясының химиялық теңдеуін пайдалана отырып, анаэробты және аэробты тыныс алуды салыстыру;<br>9.1.4.2 бұлшықет қажуы және аэробты, анаэробты тыныс алу үдерістері арасындағы байланысты қарастыру | 10.1.4.1 -аденозинүшфосфаттың құрылысы мен қызметтерін сипаттау<br>10.1.4.2 - анаэробты және аэробты тыныс алу барысындағы аденозинүшфосфаттың синтезін салыстыру<br>10.1.4.3 - метоболизмнің түрлерін атау;<br>10.1.4.4 - энергетикалық алмасу кезеңдерін сипаттау<br>10.1.4.5 - митохондрия құрылымдары мен жасушалық тынысалу үдерістерінің өзара байланысты орнату<br>10.1.4.6 - Кребс циклін сипаттау |
| Бөліп шығару | |
| 9.1.5.1 нефронның құрылысы мен қызметін сипаттау;<br>9.1.5.2 фильтрация және несептің түзілуі үдерістерін сипаттау;<br>9.1.5.3 үйректің жұмысына әсер ететін факторларды сипаттау;<br>9.1.5.4 зәр шығару жүйесі, бүйрек ауруларының алдын алу шараларын түсіндіру;<br>9.1.5.5 әртүрлі ағзалардың мекен ету ортасы мен зат алмасуларының соңғы өнімдері арасындағы байланысты орнату | 10.1.5.1 - зәрдің сүзілу (фильтрация) және түзілуі механизмін түсіндіру<br>10.1.5.2 - су мөлшерін бақылаудағы антидиуретикалық гормонның рөлін түсіндіру<br>10.1.5.3 - диализ және бүйрек трансплантациясы механизмін түсіндіру |
| Жасушалық цикл | |

| | |
|---|---|
| | 10.2.2.1 - дайын микропрепараттар көмегімен митоз фазаларын зерттеу<br>10.2.2.2 - өсімдіктер мен жануарлардағы гаметалардың қалыптасу ерекшелігін түсіндіру<br>10.2.2.3 - жасушалардың бақылауға бағынбайтын бөлінуі нәтижесінде обырдың түзілуін түсіндіру<br>10.2.2.4 - қартаю үдерісін түсіндіру |
| Тұқым қуалаушылық пен өзгергіштік заңдылықтары | |
| 9.2.4.1 генетиканың дамуымен қалыптасуындағы Мендель зерттеулерінің рөлін бағалау;<br>9.2.4.2 моногибридті будандастырудың цитологиялық негіздерін тұжырымдау және моногибридті будандастыруға есептер шығару;<br>9.2.4.3 дигибридті будандастырудың цитологиялық негіздерін негіздерін дәлелдеу және есептер шығару;<br>9.2.4.4 толық және толымсыз доминаттылықты салыстыру;<br>9.2.4.5 талдаушы шағылыстырудың маңыздылығын бағалау;<br>9.2.4.6 жынысты анықтау теориясын сипаттау;<br>9.2.4.7 жынысты анықтау кезінде хромосомалардың рөлін түсіндіретін сызба жасау;<br>9.2.4.8 адамның қан тобының тұқымқуалауын және қан топтарын анықтау механизмін түсіндіру;<br>9.2.4.9 адам генетикасын зерттеудің негізгі әдістерін сипаттау;<br>9.2.4.10 шежіре сызбасын құру;<br>9.2.4.11 мәдени өсімдіктердің өнімділігін арттыру үшін заманауи ауылшаруашылық технологиялардың қолданылуын зерттеу | 10.2.4.1 - модификациялық өзгергіштіктің заңдылықтарын зерттеу<br>10.2.4.2 - дигибридті будандастыру; жыныспен тіркескен тұқым қуалау мен көп аллельділіктің цитологиялық негіздерін есептер шығаруда қолдану<br>10.2.4.3 - кроссинговер нәтижесінде белгілердің тұқымқуалау заңдылықтарының бұзылуын түсіндіру<br>10.2.4.4 - аллельді және аллельді емес гендердің өзара әрекеттесуін салыстыру<br>10.2.4.5 - Хуго де Фриздің мутация теориясын, мутагенез себептер, мутагенез себептерін және мутация түрлерін зерттеу<br>10.2.4.6 - хромосомалар санының ауытқуымен байланысты адамның хромосомдық ауруларын сипаттау |
| Эволюциялық даму. Селекция негіздері.<br>Тірі ағзалардың көптүрлілігі | |

| | |
|---|---|
| 9.2.5.1 К. Линней мен Ж.Б. Ламарк еңбектерінің негізгі қағидаларын оқып зерттеу;<br>9.2.5.2 эволюциялық ілімнің қалыптасуындағы Ч. Дарвин еңбектерінің рөлін түсіндіру;<br>9.2.5.3 эволюцияның қозғаушы күштерін сипаттау;<br>9.2.5.4 ағзалардың бейімделушілігіндегі табиғи сұрыпталудың рөлін сипаттау;<br>9.2.5.5 түрдің құрылымы мен критерийлерін сипаттау;<br>9.2.5.6 түр түзілу үдерісін түсіндіру;<br>9.2.5.7 Жердегі тіршіліктің дамуының негізгі кезеңдерін оқып білу | 10.2.6.1 - тұқымқуалайтын өзгергіштік пен эволюция арасындағы өзара байланысты түсіндіру;<br>10.2.6.2 - эволюция үдерісіне әсер ететін факторларды талдау<br>10.2.6.3 - эволюцияның дәлелдемелерін талдау<br>10.1.1.1 - Жер бетінде тіршіліктің қалыптасу кезеңдерін және сызбаларын сипаттау<br>10.1.1.2 - филогенетикалық карталарды (кладограммалар мен филогенетикалық ағаштарды) құру және түсіндіріп беру<br><br>10.2.6.4 - түр түзілудің тәсілдерін атау және түр түзілудің негізгі механизмдерін жіктеу<br>10.2.5.1 - селекция әдістері арқылы ауыл шаруашылық өсімдіктері мен жануарлардың қолтұқымдарын жақсарту тәсілдердің зерттеу<br>10.2.6.5 - антропогенездің кезеңдерін атау |
| Координация және реттеу | |
| 9.1.7.1 жүйке жасушасының құрылысы мен қызметі арасында байланыс орнату;<br>9.1.7.2 жүйке ұлпалары мен оның құрылымдық бөліктерінің қызметтерін талдау;<br>9.1.7.3 жүйке импульстарының туындауы мен өтуін сипаттау;<br>9.1.7.4 нейрогуморальді реттелу механизмін түсіндіру;<br>9.1.7.5 ағзаның ішкі ортасының тұрақтылығын ұстаудағы гомеостазды сақтаудың механизмін түсіндіру;<br>9.1.7.6 өсімдіктердің өсуі мен дамуына әсер ететін заттардың әрекетін талдау | 10.1.7.1 - миеленденген нейрон аксонында әрекет потенциалының инициациясы мен трансмиссиясын сипаттау және түсіндіру<br>10.1.7.2 - рефрактерлық кезең мен миелин қабығының маңызын түсіндіру<br>10.1.7.3 - механорецепторлардың тітіркендіргіштің өзгерісіне жауап беруін (Пачини денешігі) сипаттау |
| Қозғалыс | |
| 9.1.6.1 қол бұлшық еттерінің максимальды жұмыс күшін және күшке төзімділігін зерттеу;<br>9.1.6.2 бұлшық еттің жиырылу жиілігіне бұлшықет жұмысының тәуелділігін зерттеу | 10.1.6.1 - көлденең жолақты бұлшықеттердің құрылымы мен бұлшықеттің жиырылу механизмінің өзара байланысын түсіндіру<br>10.1.6.2 - жылдам және баяу жиырылатын бұлшықет талшық-тарының ортақ қасиеттерін, орналасуы мен құрылысының байланысын орналастыру |
| Биомедицина және биоинформатика | |

| | |
|---|---|
| | 10.4.4.1 - биомеханиканы робототехникада қолдалынуын зерттеу<br>10.4.4.2 - электрокардиограмманы қолдана отырып жүрек автоматиясы механизмін түсіндіру |
| Биотехнология | |
| 9.4.3.1 инсулин өндіру мысалында биотехнологиялық үдерістің жалпы сызбасын сипаттау;<br>9.4.3.2 биотехнологияда өндірілетін өнімдерге мысал келтіру | 10.4.3.1 биотехнологияда қолданылатын тірі ағзалардың артықшылықтары мен кемшіліктерін талқылау<br>10.4.3.2 - полимеразды тізбекті реакцияның таксономияда, медицинада және криминалистикадағы маңызын сипаттау<br>10.4.3.3 - гендік модификация-ланған ағзаларды қолданудың этикалық сұрақтарын талқылау |


IV. Кіріктірілетін оқыту мақсаттары бойынша ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгісі



«Биология» пәні мұғалімі Есренова Тәжігүл Нағашыбайқызының іс-тәжірибесінен қысқа мерзімді сабақ жоспары үлгі ретінде ұсынылады.
Төмендетілген оқу жүктемесіне әзірленген жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-сынып бағдарламасы бойынша (аптасына 3 сағат) 1-тоқсанда өтілетін тақырыптың өткен оқу жылындағы тақырыппен кіріктірілген үлгісі берілді.


| | |
|---|---|
| **Мұғалімнің аты-жөні:** | Есренова Тажигуль Нагашыбаевна |
| **Пән/Сынып:** | Биология, 10 сынып, жаратылыстану-математикалық бағыт |
| **Қай аптаның нешінші сабағы** | 14-сабақ |
| **Тарау немесе бөлім атауы:** | 1-тарау. Молекулалық биология және биохимия |
| **Сабақтың тақырыбы:** | **Дезоксирибонуклеин қышқылы молекулаларының қызметі** |
| **Оқу мақсаты:** | 10.4.1.8 - Дезоксирибонуклеин қышқылының құрылымы мен қызметі арасындағы байланысты орнату |
| **Кіріктірілетін оқу мақсаты** | 9.4.1.2 дезоксирибонуклеин қышқылы молекуласының қос шиыршықты құрылымын сипаттау;<br>9.4.1.3 дезоксирибонуклеин қышқылының құрылымдық қағидалары негізінде үлгілеу |
| **Бағалау критериі:** | Дезоксирибонуклеин қышқылының құрылымы мен қызметі арасындағы байланысты орнатады |

Сабақ барысы

| **Уақыты** | **Кезеңдері** | **Тапсырма** | **Тапсырманың мақсаты** | **Мұғалімнің бақылауы мен зерттеуі не?** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 минут<br><br><br><br><br>1 мин | Ұйымдастыру | Сәлеметсіздер ме, оқушылар?<br>Бүгінгі сабағымыздың тақырыбы:<br>**Дезоксирибонуклеин қышқылы молекулаларының қызметі**<br>**Бүгінгі сабақ тақырыбы**: Дезоксирибонуклеин қышқылы молекулаларының қызметінен<br>**Сіздің білетініңіз**: | | | | Презентация<br>Слайд 1<br><br><br><br>Слайд 2 |


| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Дезоксирибонуклеин қышқылының құрылымы мен қызметі арасындағы байланысты орнату;<br>**Сіздің меңгеретініңіз**:<br>Дезоксирибонуклеин қышқылы құрылымы мен қызметі арасындағы байланысты орнатады | | | | |
| 7-8 минут<br><br>1 мин<br><br><br><br>5 мин<br><br><br><br><br>02:30 – 03:00 | **Жаңа сабақ** | -**ДНҚ-ның негізгі қызметі:**<br>**-тұқымқуалаушылық ақпаратты сақтау**; Ол нәруыз молекуласындағы амин қышқылдар-ының бірізділігі ДНҚ молекуласында нуклео-тид қалдықтарының орналасатын ретімен анықталады.<br>**- тұқымқуалаушылық ақпаратты ұрпақтан ұрпаққа беруге қабілеттілігі**; Ол ДНҚ-ның өздігінен екі еселену қабілетіне, яғни репли-кациялану қабілетіне байланысты болады.<br>**Репликация**- ДНҚ молекуласының екі еселенуі үдерісі.<br>**Репликацияның ерекшелігі:** | Жаңа тақырыпты меңгеру | | | Презентация<br>Слайд 3<br><br>Слайд 4 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 03:00-<br>04:30<br><br><br><br><br><br><br>04:00-<br>05:00 | | 1. Генетикалық ақпараттардың көшірмесін жасайды және оның ұрпақтан-ұрпаққа берілуін қамтамасыз етеді;<br>2. Репликация митоз интерфазасының синтетикалық кезеңінде жүреді;<br>3.Жасушаның митоздық бөлінуі кезіндегі хромосомалар санының тұрақтылығын сақтайды;<br>4.Қосалқы жасушалардың генетикалық біркелкілігін сақтайды;<br>5. Репликация нәтижесінде ДНҚ-ның екі бірдей молекуласы түзіледі. ДНҚ-ның саны жасушада екі еселенеді;<br>6.Әр жаңа ДНҚ молекуласы бір «ескі» және бір «жаңа» синтезделген полинуклеотидті тізбектен құралады;<br>7. Репликация механизмі соматикалық жасушаларда диплоидті хромосома санын сақтауға мүмкіндік береді;<br>8.Хеликаза ферменті ДНҚ | | | | <br>Слайд 5<br> |


| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | шиыршығындағы азоттық негіздердің арасындағы сутектік байланыстарды үзеді;<br>9.Әр тізбек ДНҚ-полимеразасы ферменті көмегімен , комплементарлық принциптері негізінде қосалқы тізбектердің нуклеотидтерімен толықтырылады.<br>**Генетикалық код** — тірі организмдерге тән ну клеин<br>қышқылдары молекуласы нда-<br>ғы тұқымқуалаушы (генет икалық)<br>ақпараттың нуклеотидтер тізбегі түріндегі біртұтас “жазылу” жүйесі. Бұл — барлық тірі организмдерге ортақ заңдылық.<br>**Генетикалық код бірлігі** —<br>ДНҚ мен РНҚ молекулас ындағы 3<br>нуклеотид (триплет) тізбе ктерінен тұратын<br>**кодон** (аРНҚ нуклеотидтерінің триплеттері) болып | | | | Слайд 6<br><br> |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | табылады.<br>-Гендегі кодондар тізбегі осы генді “жазатын” (кодтайтын) нә руыздағы амин қышқылдар тізбегін анықтайды.<br>Тұқымқуалау ақпаратының жүзеге асырылуы екі матрицалық процестен тұрады.<br>**Тұқымқуалау ақпаратының жүзеге асырылуының екі сатысы**<br>1.**Транскрипция**-ДНҚ матрицасында а-РНҚ синтезделуі.<br>2. **Трансляция** - а- РНҚ матрицасында полипептидті тізбек синтезделуі (аРНҚ нуклеотидтер тізбегі, полипептидтер құрайтын амин қышқылдар қалдықтарын ың белгілі бір тізбегіне көшеді)<br>**Транскрипция** сатысы:<br>а) ядрода жүреді және ДНҚ-ның сәйкес бөліктерінде ақпараттық рибонуклеин | | | | Слайд 7<br>Слайд 8<br>Слайд 9 |


| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | қышқылдарының молекулалары -(аРНҚ) – жасалады;<br>ә)ДНҚ нуклеотидтер тізбегі аРНҚ нуклео-тидтер тізбегі ретінде қайта жазылады;<br>**Трансляция** сатысы:<br>а) цитоплазмада, нәруыз синтезделетін рибосомада жүреді;<br>ә) аРНҚ нуклеотидтер тізбегі, полипептидтер құрайтын амин қышқылдары қалдықтары ның белгілі бір тізбегіне көшеді.<br>**Генетикалық кодтың ерекшелігі**:<br>а) әмбебаптығы;<br>ә) барлық организмдерде белгілі бір 3 нуклеотид (триплет) белгі лі бір амин қышқылдарын “жазады” (кодтайды).<br>б) Бір амин қышқылы бірнеше триплетпен “жазылуы” (кодталуы) мү мкін.<br>в) Кодондар арасында “үтір” болмайды, яғни олар бір-бірінен бөлінбеген. Ол бір геннің | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | аймағында белгіленген нүктеден бастап, бір бағытта есептелінеді.<br>г)64 кодонның 61-і ақуыз құрайтын 20 амин қышқылдарын “жазады” (кодтайды), ал қалған үш “нонсенс” (мағынасыз) ко донда р (УАГ, УАА және УГА) полипептид синтезін аяқтай-тын “нүкте” қызметін атқарады. Олар ақуыз биосинтезінінің аяқталғанын білдіреді | | | | |
| 8 минут<br><br>03:00-03:30<br><br><br><br>03:30-03:40<br><br><br><br>03:30-03:40 | Тәжірибе | **Тапсырма№1** Кестедегі терминдердің анықтамасын жазу.<br>Терминдер<br>**Репликация-**<br>**Генетикалық код**<br>**Транскрипция**<br>**Трансляция**<br>**Тапсырма №2. Сызбада қандай процестер көрсетілген?Олардың байланысын көрсету.** | Жаңа тақырыпты тәжірибе арқылы меңгеру | | **Дескриптор:**<br>1.ДНҚ-ның құрылымы мен қызметін көрсе-тетін терминдер анықтамаларын жазады.<br><br>**Дескриптор:** | Слайд 10<br> |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 03:40-<br>04:40 | |  | | | ДНҚ-ның құрылысы мен қызметі арасындағы байланысты орнатады | Слайд 12 |
| 3 минут<br>04:50-<br>05:00<br><br>05:00-<br>05:10<br><br><br><br><br>05:10-<br>05:20 | **Бекіту** | **Тапсырма**<br>**№3**.Генетикалық код кестесімен жұмыс орындау. | Тақырып-ты меңгерге-нін анықтау | | **Дескриптор:**<br>1.ДНҚ-ның құрылымы мен қызметі арасындағы байланысты көрсетеді | Презентация<br>Слайд 14 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **Генетическ**<br><br>1.тРНҚ антикодоны нәруыз синтезделетін аРНҚ молекуласының триплетіне комплементарлы, аРНҚ нуклеотидтерінің бірізділігін анықтаймыз, олар<br>УЦГ- ЦГГ-АГУ-ГЦУ-УЦУ<br>2. аРНҚ кодоны бойынша нәруыз құрамындағы аминқышқылдарын табу.<br>3. аРНҚ фрагменті бойынша ДНҚ-ның бір тізбегін анықтау.<br>4. ДНҚ-ның бір тізбегі бойынша екіншісін табу | | | | |

| Первое основание | Второе осно | | |
|---|---|---|---|
| | У (А) | Ц (Г) | |
| У(А) | Фен<br>Фен<br>Лей<br>Лей | Сер<br>Сер<br>Сер<br>Сер | |
| Ц(Г) | Лей<br>Лей<br>Лей<br>Лей | Про<br>Про<br>Про<br>Про | |
| А(Т) | Иле<br>Иле<br>Иле<br>Мет | Тре<br>Тре<br>Тре<br>Тре | |
| Г(Ц) | Вал<br>Вал<br>Вал<br>Вал | Ала<br>Ала<br>Ала<br>Ала | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 05:50-06:00 | **Қорытын-дылау** | Сабақты қорытындылау + - таңбаларын қолданып өз өзіңізді бағалаңыз<br>**Бүгінгі сабақта:**<br>Мен .....түсіндім<br>Мен ..... анықтадым<br>Мен ..... ажырата алам<br>Мен ..... орната алам<br>**Тапсырмалар жауаптары**:<br>**Тапсырма №1**<br>**Жауабы:**<br>1. **Репликация-** ДНҚ молекуласының екі еселенуі.<br>**2. Генетикалық код -** тірі организмдерге тән нуклеин қышқылдары молекуласын-дағы тұқымқуалаушы (генетикалық) ақпар-аттың нуклеотидтер тізбегі түріндегі біртұтас “жазылу” жүйесі<br>**3. Транскрипция -** ДНҚ матрицасында а-РНҚ | | | | Слайд 16<br>Слайд 11<br> |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | синтезделуі.<br>**4. Трансляция -** а- РНҚ матрицасында полипептидті тізбек синтезделуі;<br>**Тапсырма №2**<br>**Жауабы:**<br>ДНҚ-екі еселеніп нәтижесінде ДНҚ-ның екі молекуласы пайда болады. Сызбада тұқымқуалау ақпаратының жүзеге асырылуының екі сатысы көрсетілген:<br>- Транскрипция- ДНҚ матрицасында а-РНҚ синтезделуі.<br>-Трансляция - а- РНҚ матрицасында полипептидті тізбек синтезделуі (аРНҚ нуклеотидтер тізбегі, полипептидтер құрайтын амин қышқылдар қалдықтарын ың белгілі бір тізбегіне көшеді)<br>**Нәтижесінде** нәруыз синтезделеді, тұқымқуалаушылық ақпарат ұрпақтан ұрпаққа беріледі. | | | | Слайд 13<br><br><br>Слайд 15 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **Тапсырма №3**<br>**Жауабы**:<br>1. УЦГ- ЦГГ-АГУ-ГЦУ-УЦУ<br>2. сер- арг- сер- ала-сер<br>3. УЦГ- ЦГГ-АГУ-ГЦУ-УЦУ<br>АГЦ-ГЦЦ-ТЦА-ЦГА-АГА<br>4. ТЦГ-ЦГГ-АГТ-ГЦТ-ТЦТ | | | | |

V. Сабақтан тыс уақытта толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары

Сабақ барысында өткен оқу жылындағы тақырыптар мен оқу мақсаттарын кіріктіруге мүмкіндік болмаған жағдайда, яғни шиыршық қағидатына сәйкес келмейтін оқу мақсаттары бойынша олқылықтардың орнын толтыру үшін күзгі каникул күндерінде қосымша сабақ ретінде жүргізу ұсынылады.

57.3-кесте. Сабақтан тыс уақытта толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары

| 9-сыныпта өтілген тақырыптар | Оқыту мақсаттары. Білім алушылар білуге тиісті. |
|---|---|
| Жасушалық биология | |
| Жасушалардың сызықтық ұлғаюын есептеу. Ұлғаю, актуальды өлшемі және суреттің нақты өлшемі. Өлшем бірліктерін СИ жүйесіне аудару (сантиметр-миллиметр-микрометр-нанометр). Модельдеу «Микрофотографияларды пайдаланып жасушаның сызықтық ұлғаюын есептеу» | 9.4.2.2 микрофотографияны қолданып, жасушалардың сызықтық ұлғаюын есептеу |
| Тірі ағзалардың көп түрлілігі. Биосфера және экожүйе | |
| Әртүрлі түрлерді сипаттауда бинарлық номенклатураны қолдану. Зертханалық жұмыс «Анықтағыш көмегімен өсімдіктер мен жануарлар түрлерін (жергілікті регионның) анықтау» | 9.1.1.1 әр түрлі түрлерді сипаттауда бинарлы номенклатураны қолдану;<br>9.1.1.2 Өсімдіктер мен жануарлардың түрлерін ерекшелік белгілері бойынша танып білу (анықтағыш бойынша) |
| Популяцияның өсуінің экспоненциалды және сигмоидты қисығы | 9.3.1.1 популяция өсімінің экспоненциалдық және сигмоидтік үлгілерінің қисық сызықтарының графиктерін талдау |
| Экожүйедегі энергия тасымаланың тиімділігі. Энергия ағыны және қоректік тізбектер. Экологиялық пирамида түрлері | 9.3.1.2 энергия ағымының тиімділігін есептеу;<br>9.3.1.3 энергия, биомасса және сандар пирамидаларын салыстыру |
| Табиғаттағы көміртек пен азот айналымы. Биосферадағы биохимиялық үрдістер. Топырақ пен шөгінді жыныстар түзудегі тірі ағзалардың рөлі | 9.3.1.4 азот пен көміртектің табиғаттағы айналымының сызбасын құру |
| Пайдалы қазбаларды өндірудің қоршаған орта мен адам денсаулығына әсері | 9.3.2.1 пайдалы қазбалар өндірудің және қайта өңдеудің қоршаған ортаға әсерін түсіндіру |
| Пестицидтердің қоршаған орта мен адам денсаулығына әсері | 9.3.2.2 пестицидтерді пайдаланудың қоршаған орта мен адам денсаулығына әсерін түсіндіру |
| жылыжай эффктісі (булану) және озон қабатыныңжұқаруы. Дүниежүзілік мұхит деңгейінің, су мен атмосфера температурасының көтерілуінің тірі | 9.3.2.3 парниктік эффектінің тірі ағзаларға әсерін түсіндіру;<br>9.3.2.4 озон қабатының бұзылуының себептері мен салдарын түсіндіру |

| | |
|---|---|
| ағзаларға әсері | |
| Сыртқы және ішкі факторлардың транспирацияға әсері. Зертханалық жұмыс «Транспирация үдерісі кезіндегі сыртқы факторларды (температура, ылғалдылық пен су буының қысымы, ауа қозғалысын) зерттеу. Зертханалық жұмыс «Ішкі факторларды: Буландыратын беттің ауданы және бұл беттік ауданның өсімдік көлеміне қатынасының (кутикула мен лептесіктер) транспирация үдерісіне әсері»<br>Сыртқы факторлардың флоэмада зат тасымалына әсері: температура, ылғалдылық, жарық | 9.1.3.2 өсімдіктердегі транспирация үдерісінің мәнін түсіндіру;<br>9.1.3.3 ішкі және сыртқы факторлардың транспирацияға әсерін зерттеу<br>9.1.3.4 сыртқы факторлардың флоэма арқылы заттардың тасымалдануына әсерін зерттеу |
| Нейрокомпьютерлік интерфейс. Компьютер мен ми арасындағы ақпарат алмасу жүйесі | 9.4.4.2 «компьютер-ми» интерфейс технологиясының ерекшеліктерін оқып білу |
| Гомеостазды тұрақты ұстаудың механизмдері | 9.1.7.5 ағзаның ішкі ортасының тұрақтылығын ұстаудағы гомеостазды сақтаудың механизмін түсіндіру |
| Өсімдіктердің өсуі мен дамуын реттеуші. Зертханалық жұмыс «Ауксиннің өсімдіктерге әсерін зерттеу» | 9.1.7.6 өсімдіктердің өсуі мен дамуына әсер ететін заттардың әрекетін талдау |
| Митоз. Митоз фазалары. Мейоз бен митозды салыстыру. Модельдеу «Митоз кезеңдерңн зерттеу» | 9.2.2.3 мейоз кезеңдерін сипаттау;<br>9.2.2.4 митоз және мейоз үдерістерін салыстыру |
| Микробиология және биотехнология | |
| Биотехнологиялық үдерістің жалпы сызбасы және биотехнологияда алынатын өнімдері (медицинада, өнеркәсіпте және ауылшаруашылықта). Инсулин өндірісі | 9.4.3.1 инсулин өндіру мысалында биотехнологиялық үдерістің жалпы сызбасын сипаттау; |
| Көбею | |
| Адамның жыныс жүйесінің құрылымы мен қызметі | 9.2.1.1 адамның жыныс жүйесінің құрылысын сипаттау |
| Екінші реттік жыныстық белгілер. Ұлдар мен қыздардың жыныстық жетілуі. Биологиялық және әлеуметтік жетілу | 9.2.1.2 жыныстық жетілу кезеңіндегі екінші реттік жыныстық белгілердің дамуын сипаттау |
| Менструалдық цикл: менструалдық циклындағы эстроген мен прогестерон гормондарының маңызы | 9.2.1.3 менструалдық цикл мен экстроген және прогестеронның маңызын сипаттау |
| Контрацепция түрлері.<br>Жыныстық жолмен берілетін аурулар: жүре пайда болған иммундық дефицитінің синдромы, сифилис, гонорея, гепатит В,С. Алдын алу шаралары | 9.2.1.4 контрацепцияның түрлерін және жыныстық жолмен таралатын аурулардың салдары мен алдын алу шараларын түсіндіру |
| Өсу және даму | |
| Құрсақта даму. Ұрықтық дамудың алғашқы | 9.2.3.1 ұрықтың дамуындағы |

| | |
|---|---|
| кезеңдері. Ұрықтың қалыптасуы мен дамуы | плацентаның маңызын түсіндіру;<br>9.2.3.2 эмбрион мен ұрықтың дамуын салыстыру |
| Шылым шегу, есірткі мен ішімдіктің адам ұрығының дамуына тигізетін әсері | 9.2.3.3 адам ұрығының дамуына шылым шегу, алкоголь мен басқа есірткілер әсерінің салдарын түсіндіру |
| Эволюциялық даму | |
| Жердегі тіршіліктің пайда болуы кезеңдері | 9.2.5.7 Жердегі тіршіліктің дамуының негізгі кезеңдерін оқып білу |
| Эволюциялық ұғымдардың қалыптасуы және дамуы. Ч.Дарвиннің эволюциялық ілімінің негізгі қағидалары. Эволюцияның қазіргі заман теориясының пайда болуы | 9.2.5.1 К. Линней мен Ж.Б. Ламарк еңбектерінің негізгі қағидаларын оқып зерттеу;<br>9.2.5.2 Эволюция ілімінің қалыптасуындағы. Ч.Дарвин еңбектерінің ролін түсіндіру |
| Эволюцияның қозғаушы күштері. Табиғи сұрыпталу нәтижесіндегі бейімделушілік. Эволюциялық үдерістегі өзгергіштіктің (мутациялық, комбинтивтік) рөлі. Табиғи сұрыпталу, оның түрлері (қозғаушы және тұрақтандырушы). Тіршілік үшін күрес (түрішілік, тұраралық). Модельдеу «Бейімделгіштікті табиғи сұрыпталу нәтижесі ретінде зерттеу (көбелек)» | 9.2.5.3 эволюцияның қозғаушы күштерін сипаттау;<br>9.2.5.4 ағзалардың бейімделудегі табиғи сұрыпталудың рөлін сипаттау |
| «Түр» ұғымының анықтамасы. Түрдің құрылымы. Түр критерийлері. «Түр түзілу» ұғымы. Түр түзілудің тәсілдері мен механизмдері | 9.2.5.5 түрдің құрылымы мен критерийлерін сипаттау;<br>9.2.5.6 түр түзілу үдерісін түсіндіру |

## VI. Кіріктіруге болмайтын оқыту мақсаттары қарастырылатын консультациялардың кестесі


Сабақ барысында кіріктіруге болмайтын оқыту мақсаттары қарастырылатын қысқа мерзімді оқу жоспарларының үлгілері ұсынылады.


| | | |
|---|---|---|
| Сабақ: 9.1F Заттардың тасымалдануы | Мектеп: | |
| **Күні:** | Мұғалімнің аты-жөні: | |
| **Сыныбы: 9** | Қатысқандар: | Қатыспағандар саны: |
| **Тақырып:**<br><br>Сыртқы және ішкі факторлардың транспирацияға әсері.<br><br>Зертханалық жұмыс №2 «Ішкі факторларды: Буландыратын беттің ауданы және бұл беттік ауданның өсімдік көлеміне қатынасының (кутикула мен лептесіктер) транспирация үдерісіне әсері» | | |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары:** | 9.1.3.3 ішкі және сыртқы факторлардың транспирацияға әсерін зерттеу. | |
| **Сабақтың мақсаты:** | • Ішкі факторлардың транспирацияға әсерін зерттеу;<br>• Транспирация кезінде жүретін процесстерді және қандай механизмдер жүретінін сипаттау.<br>• Жасаған зертханалық жұмыс бойынша нәтиже шығару. | |
| **Алдыңғы білім:** | Оқушылар заттар тасымалы үдерісіне тартылған өсімдік бөліктерінің тани біледі (7-сынып).<br><br>Ксилема мен флоэманың құрылымын түсіндіре отырып, сабақ пен тамырдың құрылымын біледі (7-сынып) | |
| Сабақ барысы | | |

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Басы<br><br>0-2 минут | Ұйымдастру кезеңі:<br><br>-Оқушыларды түгендеу.<br><br>-Оқу жоспарына сәйкес жаңа тақырыптың мақсатын анықтау.<br><br>-Бағалау критерийлерімен таныстыру.<br><br>**Миға шабуыл:** | | | **Видеокөрсетілім** |
| 3-6 мин | **(Т)** Транспирацияға әсер етуші ішкі факторларды талдау, тақырыпты түсіндіру. | | | Презентация |
| 7-31 мин | Зертханалық жұмыс №2 «Ішкі факторларды: Буландыратын беттің ауданы және бұл беттік ауданның өсімдік көлеміне қатынасының (кутикула мен лептесіктер) транспирация | | | Транспирация https://www.youtube.com/watch?v=i0cbgP-JYY0<br><br>Жұмыс парағы |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | үдерісіне әсері».<br><br>**Жұмыстың мақсаты:** Ішкі орта факторларың транспирацияға әсерін зерттеу.<br><br>**Жұмыс барысы:**<br><br>**Жұмыс №1**<br>Кобальт хлориді қағазын жапырақтардың үстінгі және төменгі жағына қойыңыз (әлі де өсімдік үстіндегі). Қағазды белгілеу үшін резеңкемен бекітілген бұйымдық әйнектерді қолданыңыз. Қағаз түсін өзгерткенше ұстап тұрыңыз.<br>**Жұмыс №2**<br>Жапырақтарды өлшеңіз; жапырақтарды әр түрлі | | | **Құрал-жабдықтар мен реагенттер:**<br>Барлық зерттеу әдістері үшін өсімдіктер<br>Кобальд хлориді қағазы<br>Сағат<br>Заттық шыны<br>Резеңке<br>Таразы<br>Киім бауы<br>Потометр (траспирометр)<br>Құмыралар. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | жағдайларда орналастырыңыз; жапырақтарды «киім бауына» жайыңыз; біраз уақыттан кейін жапырақтарды қайта өлшеңіз; әр түрлі жағдайлардағы судың жоғалу көлемін анықтаңыз.<br><br>**Жұмыс №3**<br><br>Құмырадағы өсімдіктерді потометр көмегімен өлшеу – судың жер қыртысынан буланuын болдырмау үшін құмыраларды пластик пакеттерге салыңыз; өсімдіктерді өлшеңіз; өсімдіктерді әр түрлі жағдайларда орналастырыңыз; біраз уақыттан кейін құмырадағы өсімдіктерді қайта өлшеңіз; әр түрлі жағдайлардағы судың жоғалу көлемін анықтаңыз. Бұл әдіс өсімдіктің суды сіңіру мөлшерін анықтайды.<br><br>**Жұмыс №4** | **(I) Жеке жұмыс.**<br><br>1. 1.1. Суретке мұқият қараңыз | | Жұмыс парағы |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Көпіршікті потометр – жапырақ тармағын кесіп, оны потометрге бекітіңіз; потометр суға толы екендігіне көз жеткізіңіз; белгілі бір уақыт аралығында ауа көпіршігі капилляр түтігі бойынша қаншалықты жоғары көтерілетінін өлшеңіз; белгілі бір уақыт аралығында ауа көпіршігі капилляр түтігі бойынша қаншалықты жоғары көтерілетінін өлшей отырып, өсімдіктерді әр түрлі жағдайларға орналастырыңыз. | <br>Сурет 1.1<br>А)Жапырықтың құрылысын атаңыз.<br>.....<br>.....<br>.....<br>.....<br>.....<br>.....<br>.....<br>.....<br>.....<br>.....<br>..... | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 32-36 мин | | 1. 2.1 Суретке сәйкес, буланудың транспирация үдерісіндегі, өсімдік өміріндегі маңызын түсіндіріңіз.<br> | | |
| Соңы<br><br>37-38 мин | Үйге тапсырма: Зертханалық жұмыстың нәтижесін пайдалана отырып транспирация ұғымы туралы білімдерін толықтыру. | Рефлекция:<br><br>**Қолдар баспалдағы**<br><br>Орындалған тәжірибе бойынша ойларын ортаға салады. Әр ақпарат айтқан оқушы бас бармағын жоғары көтереді, келесі оқушы қайталанбайтындай жаңа ақпарат айтып, | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 39-40 мин | | ойды жалғастырады. | | |
| Қосымша ақпарат | | | | |
| Дифференциалды оқыту – Көбірек қолдау көрсету үшін не істейсіз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндеттер қоюды жоспарлайсыз? | | Бағалау – Оқушылардың берілген материалды меңгеру деңгейін қалай тексересіз? | | Пәнаралық байланыс Денсаулық және қауіпсіздік ережелері АКТ Құндылықтармен байланыс (тәрбиелік элемент) |
| **Барлық оқушылар:**<br>• Транспирация мәнін түсінеді;<br>**Көп оқушылар:**<br>• Сыртқы факторлардың транспирацияға әсерін зерттейді;<br>• Транспирация кезінде жүретін процесстерді және қандай механизмдер жүретінін сипаттайды.<br>**Кейбір оқушылар:**<br>Жасаған зертханалық жұмыс бойынша | | Сұрақ-жауап арқылы<br><br>Видео арқылы түсінеді | | Презентация арқылы берілген ақпаратты талқылау барысында түсінік алады.<br><br>АКТ-ны топта жұмыс жасау барысында, видеоролик қарау кезінде қолданды. |

| | | |
|---|---|---|
| нәтиже шығару. | Топтық жұмыс арқылы | Бір-біріне ауруларды сипаттап түсіндірген кезде естеріне сақтайды. |
| Қорытынды баға<br>Ең табысты екі сәті қандай еді (білім беру мен оқуды қараңыз)?<br>1:<br>2:<br>Сабақтың қандай екі сәтін жақсарттым (білім беру мен оқуды қараңыз)?<br>1:<br>2:<br>Мен сабақта сынып және жекелеген адамдар туралы нені білдім, мен келесі сабақта нені әңгімелеймін.<br>1.<br>2. | | |

VII. Жазғы мектеп кезінде ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгісі (2-3)

Өткен оқу жылындағы кейбір тақырыптарды жазға мектеп кезінде қосымша сабақ ретінде жүргізу ұсынылады. Жазғы мектеп кезінде жүргізетін сабақтардың кестесіне сәйкес өтілетін тақырыптарға қысқа мерзімді сабақ жоспарларын әзірлеу қажет. «Биология» пәні тіршілікпен, өмірмен тікелей байланысты болғандықтан тәжірибелік дағдыларды дамытуға көбірек көңіл бөлу керек. Сабақ жоспарын жасағанда әрбір оқушының қабілеті мен мүмкіндігін ескеруді ұмытпаған жөн.

Әдістемелік ұсынымда жазғы мектеп кезінде ұйымдастыратын сабаққа арналған қысқа мерзімді жоспар үлгісі берілді.

| | |
|---|---|
| **Бөлім:** | **9.4А Көбею** |
| Педагогтің аты-жөні: | |
| Күні: | |
| Сыныбы: | Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы: | **Адамның жыныс жүйесінің құрылымы мен қызметі.** |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты | 9.2.1.1 - адамның жыныс жүйесінің құрылысын сипаттау |
| Сабақтың мақсаты: | ***Барлық оқушылар үшін:*** Білім алушылар аталық және аналық жыныс мүшелерінің қызметін, құрылысн сипаттап бере біледі. |
| Құндылықтарға баулу: | «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясы бойынша «Жалпыға бірдей еңбек қоғамы» құндылығына баулу. Бұл арқылы оқушыларда шығармашылық және сын тұрғысынан ойлауы, функционалдық сауаттылығы, қарым-қатынас жасау қабілеті мен жауапкершілігі артады. Сонымен қатар өмір бойы оқуға, еңбеу етуге, Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілікке деген дағдысы қалыптасады. |

Сабақтың барысы

| Сабақ кезеңі/Уақыты | Педагогтің іс-әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы<br>Қызығушылықты ояту.<br>7 мин. | **(Ұ). Ұйымдастыру кезеңі:**<br>1. Оқушылармен амандасу, түгендеу.<br>2. Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру<br>**Мақсаты:** Оқушылар бір-біріне тілек білдіреді, тыңдау дағдыларын дамытуға бағытталады, сондай-ақ барлық оқушылардың қатыстырылуы арқылы сабаққа белсенділігі артады.<br>**Тиімділігі:** Оқушылар бір-біріне тілек айту арқылы жақындасады, | | | Оқулық, жұмыс дәптерлері<br>ДК экраны |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | көңіл-күйін көтереді және бауырмалдығын оятады.<br>**Саралау:** Бұл жерде саралаудың **«Жіктеу»** тәсілі көрінеді. Оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында мүмкіндігінше оларға таңдау еркіндігі беріледі. | | | |
| **Жаңа сабаққа кіріспе** | **(Ұ) «Миға шабуыл»** әдісі арқылы өткен тақырыппен жаңа сабақты байланыстыру мақсатында ой қозғау сұрақтарын ұжымдық талқылау. Бір-біріне сұрақтар қояды. Сыныптастырының пікірін толықтырады. Өз ойымен бөліседі.<br><br>*Оқушылар сұрақтарға жауап беріп, өзара ұжымдық талқылау жасағаннан кейін мұғалім оқушыларға сабақтың тақырыбы, мақсатымен таныстырады.* | **1.** Жыныс дегеніміз не?<br><br>2. Адамның жынысын қандай факторлар анықтайды?<br><br>3. Түрлі топтағы омыртқалы жануарлардың аталық және аналықтары бір-бірімен несімен ерекшеленеді?<br><br>Осы тапсырманы орындау арқылы оқушылардың айтылым дағдысы қалыптасады | **Мақсаты:** Жылдам әрі функционалды түрде сыни ойлануды дамыту.<br>**Тиімділігі:** оқушының танымдық дағдысы артады. Сонымен қатар оқушыға сабақтың өмірмен байланысын көрсетеді және сабақтың тақырыбы мен мақсатын анықтауға мүмкіндік береді.<br>**Саралау:** Бұл жерде | **Қалыптастырушы бағалау:** Өз ойын дұрыс мағынада білдіріп, талқылауға белсенділікпен қатысқан оқушыға «Жарайсың!» деген мадақтау сөзімен ынталандыру. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | саралаудың **«Диалог және қолдау көрсету»** тәсілі көрінеді. Дұрыс мағынада жауап беруге бағыттау мақсатында кейбір оқушыларға ашық сұрақтар, ал кейбір көмек қажет ететін оқушыларға жетелеуші сұрақтар қойылады. | |
| Сабақтың ортасы<br>Мағынаны ашу.<br>26 мин. | **№1-тапсырма:**<br>Оқулықтағы жаңа сабақтың мәтінін оқуға тапсырма береді.<br>Тірек сөздермен танысып, өз дәптерлеріне жазып алады. | 1. Неліктен адамның аталық және аналық жыныс жүйесінің мүшелері әртүрлі екенін түсіндіреді.<br><br>2. Жоғарғы сатыдағы ағзалар мен адамдар жыныс мүшелерінсіз көбейе ала ма?<br><br>3. Аналық жыныс жүйесінің мүшесін сипаттайды. | | 9-сынып оқулығы, жұмыс дәптері |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | 4. Аталық жыныс жүйесінің құрылысы мен қызметі арасындағы байланысты анықтайды.<br><br>***Дескриптор:*** ***Жалпы - 3 балл.***<br>-тапсырмаға түсініктеме береді<br>-сұрақтарға жауап береді<br>-суретпен жұмыс жасайды. | | |
|  | **№2-тапсырма:**<br>Оқулықта берілген талдау айдарындағы тапсырмаларды орындатады, бақылайды, мысал, үлгі көрсетеді. | 1. Ер адамдарда жыныс бездерінің үш типінің және әйелде тек бір жыныс безінің қалыптасу себептері туралы пікірлерін айтады.<br>2. Жыныс жүйесінің әрбір мүшесі қажет екенін мысалдар келтіріп дәлелдейді. | ***Дескриптор:*** ***Жалпы – 4 балл.***<br>-өз пікірлерін айтады;<br>- тапсырманы дәлелдейді. | 9-сынып оқулығы, жұмыс дәптері |
|  | **№3-тапсырма:**<br>Оқулықта берілген синтез айдарындағы тапсырмаларды орындатады, бақылайды, мысал, үлгі көрсетеді. | 1. Жатыр қабырғасы мен оның атқаратын қызметі өзара қалай байланысты? Меңгерген білімдерін жүйелейді.<br><br>2. Адамда және басқа | ***Дескриптор:*** ***Жалпы - 3 балл.***<br>-тапсырманы жүйелейді<br>-сұрақтарға жауап береді | 9-сынып оқулығы, жұмыс дәптері |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | жоғары сатыдағы сүтқоректілерде осындай күрделі жыныс жүйесінің қалыптасуының эволюциялық мәні неде? Іштей ұрықтану мен жатырішілік дамудың қандай артықшылықтары бар? | | |
| Сабақтың соңы<br>Ой толғаныс.<br>Рефлексия<br>7 мин.<br> | **«Еркін микрофон» әдісі.**<br>Мұғалім сабақты қорытындылау мақсатында оқушылардың сабаққа деген көзқарасын, рефлексиясын тыңдайды.<br><br>***Мақсаты:*** Оқушы алған білімін саралай білуге дағдыланады.<br>***Тиімділігі:*** Тақырып бойынша оқушылардың пікірін анықтайды. Жинақталған деректердің құнды болуын қадағалайды.<br>***Саралау:*** Бұл кезеңде саралаудың ***«Қорытынды»*** тәсілі көрінеді. | Оқушылар бүгінгі сабақтың мақсаты, тақырыбы бойынша өз ойын айту арқылы сабаққа қорытынды жасайды. | Мұғалім оқушыларды **«Жапондық бағалау»** әдісі арқылы бағалайды. Яғни *«Дұрыс келісемін», «Толықтырамын, басқа көзқарасым бар», «Менің сұрағым бар». Сонымен қатар 1-10 баллдық жүйе бойынша оқушылардың сабаққа қатысу белсенділігі бойынша бағаланады.* | <br> |

| | | |
|---|---|---|
| Саралау. Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз қабілетті оқушылардың алдына қандай тапсырмалар қоясыз? | Бағалау. Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз? | Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау |
| «Диалог және қолдау көрсету», «Тапсырма», «Жіктеу».<br><br>Саралау тапсырмаларды іріктеуді, белгілі бір оқушыдан күтілетін нәтижені, оқушыға жеке қолдау көрсетуде, оқу материалы мен ресурстарды оқушылардың жеке қабілеттерін ескере отырып әзірлеуді қамтиды. | «Мадақтау сөз» әдісі.<br>1-10 баллдық жүйе бойынша бағаланады. | Денсаулық сақтау технологиялары.<br>Сабақта сергіту жаттығулары мен белсенді жұмыс түрлерін қолданамын.<br>Осы сабақта қолданылатын<br>Қауіпсіздік техникасы ережелерінің тармақтары орындалады. |
| **Жалпы бағалау**<br>Сабақтың қандай екі аспектісі жақсы өтті? Оқыту туралы да, сабақ беру туралы да ойланыңыз.<br>1:<br>2:<br>Сабақты жақсартуға не жәрдемдесер еді? Оқыту туралы да, сабақ беру туралы да ойланыңыз.<br>1:<br>2:<br>Сабақ кезінде, сынып немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері/қиыншылықтары туралы мен нені анықтадым? Келесі сабақтарда неге назар аудару керек?<br>1:<br>2: | | |

4.1 Молекулалық биология және биохимия

## 58. «Биология» оқу пәні, 11-сынып

I. Өткен оқу жылында өтілген оқу бағдарламасының мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттары

58.1-кесте. Өткен оқу жылында өтілген оқу бағдарламасының мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттары

| 10-сыныпта өткен тақырыптар | Оқу мақсаттары |
|---|---|
| Молекулалық биология және биохимия | |
| Жердегі тіршілік үшін судың маңызы | 10.4.1.1 - Жердегі тіршілік үшін судың іргелі маңызын түсіндіру |
| Көмірсуларды жіктеу: моносаха-ридтер, дисахаридтер, полисахаридтер. Химиялық құрылымы. Көмірсулардың қасиеті және қызметтері | 10.4.1.2 - көмірсуларды құрылымы, құрамы және қызметтері бойынша жіктеу |
| Липидтердің құрылымдық компоненттері. Майлардың химиялық құрылысы мен қызметтері | 10.4.1.3 - майлардың химиялық құрылысы мен қызметтерін сипаттау |
| Нәруыздарды құрамы (жай, күрделі) және қызметі бойынша жіктеу. Нәруыздардың құрылымдық деңгейлері мен құрылысы. Нәруыз денатурациясы мен ренатурациясы. №1 зертханалық жұмыс «Нәруыздардың құрылымына әр түрлі жағдай-лардың әсері (температура, pH)» | 10.4.1.4 - нәруыздарды олардың құрылымы, құрамы, атқаратын қызметтері бойынша жіктеу<br>10.4.1.5 - түрлі жағдайлардың нәруыздар құрылымына әсерін зерттеу |
| Биологиялық нысандарда нәруыздың болуы. | 10.4.1.6 - биологиялық нысандарда нәруыздың болуын анықтау |
| Дезоксирибонуклеин қышқылы<br>құрылысы мен құрылымы (бірінші және екінші реттік). Дезоксирибонуклеин қышқылы молекуласының қызметі | 10.4.1.7 -дезоксирибонуклеин қышқылы құрылымы мен қызметі арасындағы байланысты орнату |
| Рибонуклеин қышқылы молекуласының құрылысы мен қызметтері. Матрицалық рибонуклеин қышқылы. Рибосомалық рибонуклеин қышқылы. Транспорттық рибонуклеин қышқылы | 10.4.1.8 -рибонуклеин қышқылы<br>типтерінің құрылысы мен қызметтерін ажырату |
| Жасушалық биология | |

| | |
|---|---|
| Жасуша органоидтерінің құрылысы мен қызметтерінің ерекшеліктері. Жасушаның негізгі компоненттері. Жасушаның негізгі компоненттерінің қызметтері | 10.4.2.1 - электронды микроскоп арқылы көрінетін жасуша органоидтерінің құрылысы мен қызметтерінің ерекшеліктерін түсіндіру |
| Жасуша мембранасының құрылымы, қасиеттері және қызметтері арасындағы байланыс. №2 зертханалық жұмыс «Жасуша мембранасына әр түрлі жағдайлардың әсері» | 10.4.2.2 - жасуша мембранасының сұйық кристалды моделін пайдаланып, жасуша мембранасының құрылымы, қасиеттері және қызметтері арасындағы байланысты орнату |
| Қоректену | |
| Ферменттер белсенділігіне әсер ететін факторлар мен жағдайлар. №3 зертханалық жұмыс «Ферменттер белсенділігіне әр түрлі жағдайлардың әсері» | 10.1.2.1 - ферменттер белсенділігіне әр түрлі жағдайлардың әсерін зерттеу |
| Заттардың тасымалдануы | |
| Адам гемоглобині мен миоглобинінің құрылысы мен қыз-меті. Адам гемоглобині мен миоглобині үшін оттектің диссоциациялануының қисық сызығы | 10.1.3.1 - эмбрион мен ересек ағзаның гемоглобині мен миоглобині үшін оттектің диссоциациялануының қисық сызығын түсіндіру |
| Пассивті тасымалдау механизмі | 10.1.3.2 - пассивті тасымалдау механизмін түсіндіру |
| Тыныс алу | |
| Аденозинүшфосфаттың (АТФ)құрылысы мен қызметі | 10.1.4.1 -аденозинүшфосфаттың құрылысы мен қызметтерін сипаттау |
| Аденозинүшфосфаттың синтезі: глюкозаның анаэробты және аэробты ыдырау кезеңдері | 10.1.4.2 - анаэробты және аэробты тыныс алу барысындағы аденозинүшфосфаттың синтезін салыстыру |
| Метаболизм түрлері. Энергетикалық алмасу кезеңдері | 10.1.4.3 - метоболизмнің түрлерін атау;<br>10.1.4.4 - энергетикалық алмасу кезеңдерін сипаттау |
| Митохондрияның құрылымы мен қызметтері.<br>Кребс циклі және оның биологиялық маңызы | 10.1.4.5 - митохондрия құрылымдары мен жасушалық тынысалу үдерістерінің өзара байланысты орнату |

| | |
|---|---|
| | 10.1.4.6 - Кребс циклін сипаттау |
| Бөліп шығару | |
| Абсорбция және реабсорбция. Зәрдің түзілуі. | 10.1.5.1 - зәрдің сүзілу (фильтрация) және түзілуі механизмін түсіндіру |
| Су мөлшерін реттеу. Нысана мүшелер. Әсер ету эффектсі. Гипофункция. Гиперфункция | 10.1.5.2 - су мөлшерін бақылаудағы антидиуретикалық гормонның рөлін түсіндіру |
| Адам денесіндегі қан мен басқа сұйықтықтарды жасанды тазарту. Созылмалы бүйрек жетіспеушілігі. Диализ және бүйрек трансплантациясы. | 10.1.5.3 - диализ және бүйрек трансплантациясы механизмін түсіндіру |
| Жасушалық цикл | |
| Митоз. Жасушада митоздың әр түрлі кезеңдерінде жүретін үрдістер. №4 зертханалық жұмыс «Пияз тамыры ұшындағы жасушалардан митоздың белсенділік деңгейін анықтау» | 10.2.2.1 - дайын микропрепараттар көмегімен митоз фазаларын зерттеу |
| Өсімдіктер мен жануарлардағы гаметогенез. Гаметалар. Гаметогенез кезеңдері. Өсімдіктердегі спорогенез және гаметогенез | 10.2.2.2 - өсімдіктер мен жануарлардағы гаметалардың қалыптасу ерекшелігін түсіндіру |
| Онкологиялық жаңа түзілулердің пайда болуы. Обыралды жағдайлардың туындауына әсер етуші факторлар | 10.2.2.3 - жасушалардың бақылауға бағынбайтын бөлінуі нәтижесінде обырдың түзілуін түсіндіру |
| Қартаю. Қартаю үрдісі туралы теориялар. | 10.2.2.4 - қартаю үдерісін түсіндіру |
| Тұқым қуалаушылық пен өзгергіштік заңдылықтары | |
| Модификациялық өзгергіштік. Белгілердің өзгеруіндегі вариациялық қатарлар. №5 зертханалық жұмыс «Вариациялық қатар мен қисыққа құрылған модификациялық өзгергіштікті зерттеу». | 10.2.4.1 - модификациялық өзгергіштіктің заңдылықтарын зерттеу |
| Белгілердің тұқымқуалауындағы цитологиялық негіздер. Дигибридті будандастыру кезіндегі хромосомалардың тәуелсіз ажырауы. Жыныспен тіркесіп тұқым қуалау. Көптік аллельділік. Есептер шығару | 10.2.4.2 - дигибридті будандастыру; жыныспен тіркескен тұқым қуалау мен көп аллельділіктің цитологиялық негіздерін есептер шығаруда қолдану |
| Тұқымқуалаушылықтың хромосомалық теориясы. Кроссинговер нәтижесінде белгілердің тұқымқуалау заңдылықтарының бұзылуы | 10.2.4.3 - кроссинговер нәтижесінде белгілердің тұқымқуалау заңдылықтарының бұзылуын |

| | |
|---|---|
| | түсіндіру |
| Аллельді және аллельді емес ген-дердің өзара әрекеттесуі. Эпистаз. Комплиментарлық. Полимерия | 10.2.4.4 - аллельді және аллельді емес гендердің өзара әрекеттесуін салыстыру |
| Хуго де Фризадің мутация теориясы. Кенеттен және индуцияланған мутация..Модельдеу «Адам хромосомасы жиынтығынан кариограмм құру. Геномдық мутацияны оқып білу» | 10.2.4.5 - Хуго де Фриздің мутация теориясын, мутагенез себептер, мутагенез себептерін және мутация түрлерін зерттеу |
| Хромосомалар санының ауытқуымен байланысты адамның хромосомдық аурулары. | 10.2.4.6 - хромосомалар санының ауытқуымен байланысты адамның хромосомдық ауруларын сипаттау |
| Эволюциялық даму. Селекция негіздері. Тірі ағзалардың көптүрлілігі | |
| Тұқымқуалайтын өзгергіштік пен эволюция арасындағы өзара байланыс. Тұқымқуалайтын өзгергіштік – эволюция негізі. Комбинативтік өзгергіштік, мутациялар. Табиғи сұрыпталу. Тіршілік үшін күрес. Гендер дрейфі. Популяциялық толқындар | 10.2.6.1 - тұқымқуалайтын өзгергіштік пен эволюция арасындағы өзара байланысты түсіндіру;<br>10.2.6.2 - эволюция үдерісіне әсер ететін факторларды талдау |
| Эволюцияның дәлелдемелері. Салыстырмалы-анатомиялық. Эмбриологиялық. Палеонтологиялық. Биогеографиялық. Биохимиялық | 10.2.6.3 - эволюцияның дәлелдемелерін талдау |
| Жер бетінде тіршіліктің қалыптасу кезеңдері | 10.1.1.1 - Жер бетінде тіршіліктің қалыптасу кезеңдерін және сызбаларын сипаттау |
| Филогенетикалық шежіре ағашы. Кладограммалар. Түсінік «Соңғы әмбебап жалпы ата тек». Модельдеу «Кладограмма құру».Филогенетикалық картаның әр түрлі формалары. Кладограммалар мен филогенетикалық ағаштардың айырмашылығы. | 10.1.1.2 - филогенетикалық карталарды (кладограммалар мен филогенетикалық ағаштарды) құру және түсіндіріп беру |
| Түр түзілудің тәсілдері. Түр түзілудің механизмі. Түр түзілудің оқшаулаушы механизмі. Түртүзілудегі репродуктивті оқшаулану. Полиплоидия және гибридизация | 10.2.6.4 - түр түзілудің тәсілдерін атау және түр түзілудің негізгі механизмдерін жіктеу |
| Селекция әдістері арқылы ауыл шаруашылық өсімдіктері мен жануарлардың қолтұқымдарын жақсарту тәсілдері. Гибридизация (будандастыру). Полиплоидия. Жасанды мутагенез | 10.2.5.1 - селекция әдістері арқылы ауыл шаруашылық өсімдіктері мен жануарлардың қолтұқымдарын жақсарту тәсілдердің зерттеу |
| Антропогенез кезеңдері. Проантроптар. | 10.2.6.5 - антропогенездің кезеңдерін |

| | |
|---|---|
| Архантроптар. Палеоантроптар. Неоантроптар | атау |
| Координация және реттеу | |
| Жүйке жасушаларының құрылысы. Мембраналық потенциал. Әрекет потенциалы.. Нейронның аксон бойымен қозудың берілуі | 10.1.7.1 - миеленденген нейрон аксонында әрекет потенциалының инициациясы мен трансмиссиясын сипаттау және түсіндіру |
| Рефрактерлық кезең мен оның маңызы. Миелинденген және миелинденбеген нейрондарды салыстыру | 10.1.7.2 - рефрактерлық кезең мен миелин қабығының маңызын түсіндіру |
| Механорецепторлардың түрлері. Пачини денешігі мысалында рецепторлардың тітіркендіргіштің өзгерісіне жауап беру реакциясы | 10.1.7.3 - механорецепторлардың тітіркендіргіштің өзгерісіне жауап беруін (Пачини денешігі) сипаттау |
| Қозғалыс | |
| Көлденең жолақты бұлшықет ұлпаларының құрылысы. Миофибрилла құрылымы.<br><br>Бұлшықет талшықтарының жиырылу механизмі. | 10.1.6.1 - көлденең жолақты бұлшықеттердің құрылымы мен бұлшықеттің жиырылу механизмінің өзара байланысын түсіндіру |
| Жылдам және баяу жиырылатын бұлшықет талшықтарының ортақ қасиеттерін, орналасуы мен құрылысы. Актинге қатысты қаңқа бұлшықет ұлпаларының түрлер | 10.1.6.2 - жылдам және баяу жиырылатын бұлшықет талшық-тарының ортақ қасиеттерін, орналасуы мен құрылысының байланысын орналастыру |
| Биомедицина және биоинформатика | |
| Биомеханиканы робототехникада қолдану. Инженерлік биомеханика (экзоқаңқа, робототехника). Медициналық биомеханика (протездеу). Эргометриялық биомеханика(оптимизация). Модельдеу «Жердегі тірі ағзалар қозғалысының биомеханикасын зерттеу» | 10.4.4.1 - биомеханиканы робототехникада қолдалынуын зерттеу |
| Жүректің өткізгіш жүйесі. Жүрек автоматиясының механизмі. Жүректегі қозудың өту жылдамдығы. Жүрек бұлшықеттерінің жиырылғыштығы. Электрокардиография, оның диагностикалық маңызы. Модельдеу « Жүректе өтетін электрлік үрдісті зерттеу» | 10.4.4.2 - электрокардиограмманы қолдана отырып жүрек автоматиясы механизмін түсіндіру |
| Биотехнология | |

| | |
|---|---|
| Микроағзаларды өндірісте, ауыл шаруашылығында, медицинада, тұрмыста қолданудың артықшылықтары мен кемшіліктері | 10.4.3.1 биотехнологияда қолданылатын тірі ағзалардың артықшылықтары мен кемшіліктерін талқылау |
| Полимеразды тізбекті реакцияны қолдану. | 10.4.3.2 - полимеразды тізбекті реакцияның таксономияда, медицинада және криминалистикадағы маңызын сипаттау |
| Гендік модификацияланған ағзаларды қолданудың оң және теріс тұстары. Гендік модификацияланған ағзаларды қолданудың этикалық сұрақтары. | 10.4.3.3 - гендік модификация-ланған ағзаларды қолданудың этикалық сұрақтарын талқылау |

II. Іріктеп алынған оқыту мақсаттары бойынша диагностикалық жұмыстың үлгісі

11-сынып білім алушыларына өткен оқу жылындағы білімдегі олқылықтарын анықтау үшін бөлімдер бойынша тест сұрақтарын әзірлеу ұсынылады. Төменде «Молекулалық биология және биохимия» бөлімі бойынша тест сұрақтары үлгі ретінде ұсынылады.

11-сынып білім алушылар үшін «Биология» пәнінен білімдегі олқылықтарды анықтау мақсатында әзірленген тест сұрақтары:

**Тақырыптар**

Нәруыздардың құрамы мен қызметтеріне байланысты жіктелуі
Нәруыздардың құрылымдық деңгейлері мен құрылысы
Нәруыз денатурациясы мен ренатурациясы
Нәруыздардың құрылымына әртүрлі орта жағдайларының әсері
Биологиялық нысандарда нәруыздардың болуы

**Оқу мақсаттары:**
10.4.1.5 - нәруыздарды олардың құрылымы, құрамы, атқаратын қызметтері бойынша жіктеу
10.4.1.6 - түрлі жағдайлардың нәруыздар құрылымына әсерін зерттеу
10.4.1.7 - биологиялық нысандарда нәруыздың болуын анықтау

**Бір дұрыс жауабы бар сұрақтар**
1. Суда ерімейтін фибриллярлы нәруыз
A. кератин
B. антидене
C. миоглобин
D. гемоглобин
E. альбумин
2. Глоубалы нәруыз туралы дұрыс тұжырым

A. суда мүлдем ерімейді
B. ұзын жіп тәрізді молекула
C. механикалық жағынан өте берік
D. әдетте суда жақсы ериді
E. полипептидтік тізбегі бі сызықты бойлай орналасқан
3. Өрмекші торы мен жібек талшығында болатын нәруыз
A. фибрин
B. миозин
C. глютелин
D. фиброин
E. казеин
4. Қарапайым нәруыз
A. муцин
B. гемоглобин
C. коллаген
D. родопсин
E. миоглобин
5. Астық тұқымдастарының дәндерінде қорға жиналатын нәруыз
A. глютелин
B. казеин
C. миозин
D. инсулин
E. протромбин
6. Көзде жарықты қабылдау процесіне қатысатын нәруыз
A. миоглобин
B. актин
C. родопсин
D. глюкагон
E. фибриноген

7. Организмге енген бактерияларды, вирустарды анықтап, зарасыздандыратын нәруыз
A. тромбин
B. инсулин
C. антидене
D. кератин
E. гистон
8. Құрамында фосфоры бар күрделі нәруыз
A. гемоглобин
B. хлорофилл
C. фикобилин
D. казеин
E. муцин
9. Биологиялық процесстерді басқаруға қатысатын реттеуші нәруыз
A. фермент


B. гормон
C. токсин
D. иммуноглобулин
E. миозин
10. Қан құрамындағы глюкоза деңгейін азайтатын гормонды нәруыз
A. тироксин
B. паратгормон
C. инсулин
D. соматропин
E. адреналин
11.Нәруыздың мономері
A. май қышқылы
B. глицерин
C. амин қышқылы
D. нуклеотид
E. моносахарид
12. Бірінші реттік нәруыздың байланысы
A. сутектік
B. дисульфидтік
C. күкірттік
D. пептидтік
E. иондық
13.Орта жағдайларына қарай нәруыздың кеңістік конфигурациясының өзгеруі
A. транслокация
B. транскрипция
C. денатурация
D. репликация
E. транспирация
14. Дентаурацияланған нәруыз молекуласы
A. биологиялық қызметтері артады
B. құрылымы еш өзгермейді
C. бірден қайта қалпына келеді
D. құрамындағы байланыстар үзілмейді
E. молекула тарқатылып, қабілетінен айырылады
15. Тұқымның құрамында нәруызы көп өсімдік
A. күнбағыс
B. мақсыр
C. үрмебұршақ
D. картоп
E. бидай

**Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар сұрақтар**

1. Фибриллярлы нәруыз(дар)
A. коллаген
B. антидене

C. миоглобин
D. гемоглобин
E. эластин
F. иммуноглобулин
G. кератин
H. альбумин
2. Қарапайым нәруыз(дар)
A. казеин
B. родопсин
C. гемоглобин
D. гистон
E. глютелин
F. эластин
G. муцин
H. липопротеин
3. Гемоглобин құрамында болатын элемент(тер)
A. мыс
B. темір
C. марганец
D. мырыш
E. молибден
F. хром
G. күміс
H. кадмий
4. Құрылымдық қызмет атқаратын нәруыз(дар)
A. целлюлоза
B. хитин
C. коллаген
D. кератин
E. муреин
F. инсулин
G. фиброин
H. фибрин
5. Жиырылғыштық қызмет атқаратын нәруыз(дар)
A. миозин
B. гемоглобин
C. миоглобин
D. фибриноген
E. актин
F. инсулин
G. глюкагон
H. иммуноглобулин
6. Нәруыздың  денатурациясын тудыратын фактор(лар)
A. ыстық жел
B. жылы су

C. ионаушы радиация
D. қалыпты дене температурасы
E. ауыр метал тұздары
F. органикалық қосылыстар
G. көмірқышқыл газы
H. құнарлы тамақ
7. Денатурацияланған нәруыз(дар)
A. молекула конформациясы өзгереді
B. ешқандай байланыстар үзілмейді
C. молекула заряды өзгереді
D. биологиялық белсенділігі артады
E. биологиялық белсенділігі жоғалады
F. құрылым деңгейлері өзгеріске ұшырамайды
G. атқаратын қызметінің қабілеті артады
H. барлығы қайта қалпына келеді
8. Құрамында күкірті бар аминқышқыл(дар)
A. аланин
B. гистидин
C. метионин
D. пролин
E. цистеин
F. тирозин
G.валин
H. фенилаланин




1. Суретте А әрпімен берілген нәруыз
A. гемоглобин
B. коллаген
C. миоглобин
D. альбумин
E. глобулин
2. Суретте В әрпімен берілген нәруыз
A. кератин
B. эластин
C. гистон
D. гемоглобин
E. фиброин

3. Фибрилярлы нәруыз
A. суда жақсы еріп, коллоидты суспензия түзеді
B. бірнеше полпептидтік тізбектен шумақталған
C. шар тәрізді тізбектер жинақалады
D. өте берік, суда мүлдем ерімейді
E. көбінесе фермент қызметін атқарады
4. Коллаген құрамында көрсеткіші жоғары болатын аминқышқылы
A. лейцин
B. тирозин
C. пролин
D. метионин
E. цистеин
5. Құстардың қауырсыны мен тырнағын құрайтын нәруыз
A. казеин
B. родопсин
C. гистон
D. глютелин
E. кератин

Білімдегі олқылықтарды анықтау үшін түрлі деңгейдегі тапсырмаларды әзірлеу ұсынылады. Төменде 10-сыныпта өткен тақырыптар бойынша тапсырмалар үлгілері берілді.

Тапсырма А: Берілген тұжырымдардың дұрыс және бұрысын анықтаңыз

| № | Тұжырымдар | дұрыс/бұрыс |
|---|---|---|
| 1 | Жануар жасушасының беткі қабаты гликокаликс деп аталады | |
| 2 | Мембрана арқылы заттардың тасымалдануы тек бір бағытта жүреді. | |
| 3 | Мембрана негізін қос липидтік қабат құрайды. | |
| 4 | Липидті қабаттың ішкі жағы гидрофобты | |
| 5 | Мембрана нәруыздары интегралды және шеткі деп бөлінеді | |

Дұрыс жауабы:

| № | Тұжырымдар | дұрыс/бұрыс |
|---|---|---|
| 1 | Жануар жасушасының беткі қабаты гликокаликс деп аталады | дұрыс |
| 2 | Мембрана арқылы заттардың тасымалдануы тек бір бағытта жүреді. | бұрыс |
| 3 | Мембрана негізін қос липидтік қабат құрайды. | дұрыс |
| 4 | Липидті қабаттың ішкі жағы гидрофобты | дұрыс |
| 5 | Мембрана нәруыздары интегралды және шеткі деп бөлінеді | дұрыс |

III. Сабақ барысында толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары

58.2-кесте. «Тірі ағзалардың көптүрлілігі, құрылымы мен қызметтері» бөлімі

| Оқыту мақсаттары | |
|---|---|
| 10-сынып | 11-сынып |
| 1.2 Қоректену | |
| 10.1.2.1 - әр түрлі жағдайлардың (температура, pH, субстрат пен ингибитор концентрациясы) ферменттер белсенділігіне әсерін зерттеу | 11.1.2.1 - хлоропласттың құрылымы мен қызметі арасындағы өзара байланысты орнату;<br>11.1.2.2 - фотосинтездің жарық кезеңінде өтетін үдерістерді түсіндіру;<br>11.1.2.3 - фотосинтездің қараңғы кезеңінде өтетін үдерістерді түсіндіру;<br>11.1.2.4 - $C_3$ және $C_4$ өсімдіктердегі көмір-текті тұту (фиксация) жолдарын оқып білу;<br>11.1.2.5 - фотосинтездің шектеуші факторларын зерттеу және түсіндіру |
| 1.3 Заттардың тасымалдануы | |
| 10.1.3.1 - эмбрион мен ересек ағзаның гемоглобині мен миоглобині үшін оттектің диссоциациялануы-ның қисық сызығын түсіндіру;<br>10.1.3.2 - беттік аудан мөлшерінің көлемге қатынасының мәнін есептеу және олардың заттарды тасымалдауға қатысты маңызын түсіндіру; | 11.1.3.1 - өсімдіктердегі заттар транслокация механизмін түсіндіру;<br>11.1.3.2 - заттар тасымалданудың симпласттық, апопласттық, вакуолярлық жолдарының мәнін түсіндіру;<br>11.1.3.3 - жасуша мембранасы арқылы заттарды тасымалдаудың әр түрлі типтерінің механизмдерін түсіндіру;<br>11.1.3.4 - натрий-калий сорғысы мысалында белсенді тасымалды түсіндіру;<br>11.1.3.5 - мембраналық потенциал-ды сақтаудағы активті тасымалдың маңызын |

| | |
|---|---|
| | анықтау |
| 1.7 Координация және реттеу | |
| 10.1.7.1 - миеленденген нейрон аксонында әрекет потенциалының инициациясы мен трансмиссиясын сипаттау және түсіндіру; | 11.1.7.1 - биологиядағы басқару жүйесін сипаттау;<br>11.1.7.2 - гормондардың әрекет ету механизмін түсіндіру;<br>11.1.7.3 - өсімдіктердің өсуіне стимуляторлардың (өсуді тездететін) әсер ету механизмін зерттеу |

58.3-кесте. «Көбею, тұқым қуалаушылық, өзгергіштік. Эволюциялық даму» бөлімі

| 2.4 Тұқым қуалаушылық пен өзгергіштік заңдылықтары | |
|---|---|
| 10.2.4.2 - дигибридті будандастыру, жыныспен тіркескен тұқым қуалау мен көп аллельділіктің цитологиялық негіздерін есептер шығаруда қолдану;<br>10.2.4.3 - кроссинговер нәтижесінде белгілердің тұқымқуалау заңдылық-тарының бұзылуын түсіндіру;<br>10.2.4.4 - аллельді және аллельді емес гендердің өзара әрекеттесуін салыстыру;<br>10.2.4.5 - Хуго де Фриздің мутация теориясын, мутагенез себептер, мутагенез себептерін және мутация түрлерін зерттеу;<br>10.2.4.6 - хромосомалар санының ауытқуымен байланысты адамның хромосомдық ауруларын (аутосомдық және жыныстық) сипаттау | 11.2.4.1 - мутациялардың дезоксирибонуклеин қышқылы репарациясы, дезоксирибонуклеин қышқылы рекомбинациясы, дезоксирибонуклеин қышқылы репликациясы арасындағы байланысын табу;<br>11.2.4.2 - белгілердің тұқымқуалауының нақтылығын талдауда статистикалық әдістерді қолдану (t-критерий, $\chi^2$ критерий) |

5

8.4-кесте «Қолданбалы кірістірілген ғылымдар» бөлімі

| 4.1 Молекулалық биология және биохимия | |
|---|---|
| 10.4.1.5 - нәруыздарды олардың құрылымы, құрамы, атқаратын қызметтері бойынша жіктеу;<br>10.4.1.6 - түрлі жағдайлардың нәруыздар құрылымына әсерін зерттеу;<br>10.4.1.7 - биологиялық нысандарда нәруыздыңболуын анықтау;<br>10.4.1.8 -дезоксирибонуклеин қышқылықұрылымы мен қызметі арасындағы байланысты орнату; | 11.4.1.1 - антиген мен антидененің әрекеттесуін түсіндіру;<br>11.4.1.2 - фермент-субстрат комплек-сінің түзілу механизмін түсіндіру;<br>11.4.1.3 - ферменттердің бәсекелес және бәсекелес емес ингибирленуін салыстыру;<br>11.4.1.4 - нәруыз биосинтезі үдерісіндегі транскрипция мен трансляцияны сипаттау;<br>11.4.1.5 - генетикалық кодтың қасиеттерін түсіндіру |
| 4.2 Жасушалық биология | |
| 10.4.2.1 - электронды микроскоп арқылы көрінетін жасуша органоидтерінің құрылысы мен қызметтерінің ерекшеліктерін түсіндіру; | 11.4.2.1 - микрофотография қолданып жасушалардың негізгі компоненттерін анықтау және сипаттау;<br>11.4.2.2 - жасушалардың нақты |

| | |
|---|---|
| 10.4.2.2 - жасуша мембранасының сұйық кристалды моделін пайдаланып, жасуша мембранасының құрылымы, қасиеттері және қызметтері арасындағы байланысты орнату | мөлшерін анықтау |
| 4.3 Биотехнология | |
| 10.4.3.1 - биотехнологияда қолданылатын тірі ағзалардың артықшылықтары мен кемшіліктерін талқылау;<br>10.4.3.2 - полимеразды тізбекті реакцияның таксономияда, медицина мен криминалистикадағы маңызын сипаттау;<br>10.4.3.3- гендік-инженериялық манипуляциялаудың кезеңдерін түсіндіру; | 11.4.3.1 - микробиологиялық зерттеу кезеңдерін сипаттау және түсіндіру;<br>11.4.3.2 - грамм «оң» және грамм «теріс» бактерияларды зерттеу;<br>11.4.3.3 - рекомбинантты дезоксирибонуклеин қышқылын алу тәсілдерін түсіндіру;<br>11.4.3.4 - ағзаларды клондау тәсілдерін түсіндіру;<br>11.4.3.5 - өсімдіктердің микроклоналды көбейту тәсілін сипаттау |
| 4.4 Биомедицина және биоинфотматика | |
| 10.4.4.1 - биомехаником робототехникада қолдалынуын зерттеу;<br>10.4.4.2 - электрокардиограмманы қолдана отырып жүрек автоматиясы механизмін түсіндіру | 11.4.4.1 - электромагниттік және дыбыс толқындарының адам ағзасына әсерін түсіндіру;<br>11.4.4.2 - гендердің реттілігін бұзбайтын, гендерді реттеудің механизмін зерттеудегі эпигенетиканың маңызын түсіндіру;<br>11.4.4.3- биоинформатиканың рөлін сипаттау |

IV. Кіріктірілетін оқыту мақсаттары бойынша ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгісі

Сабақ жоспарларын әзірлегенде өткен оқу жылындағы оқу мақсаттарын кіріктіру арқылы білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толтыру бойынша жұмыс жасау ұсынылады. Шиыршық қағидаты негізінде бөлімдер бойынша оқу мақсаттарын іріктеп, қысқа мерзімді жоспарға қосуға болады. 10-сыныптағы тақырыптарды кіріктіру арқылы білімдерін еске түсіріп, жеткілікті деңгейде меңгермеген оқу мақсаттары бойынша жеке немесе топтарда жұмыс жасау ұсынылады. Ол үшін әрбір білім алушының жеке қабілеттерін ескеру қажет. Тәжірибелік дағдыларын дамытуға көбірек көңіл бөліп, қолдану деңгейіне тапсырмалар әзірлеген дұрыс.

Кіріктірілетін оқыту мақсаттары бойынша сабақты ұйымдастырғанда алдымен өткен оқу жылынадағы тақырыптарды еске түсіруден бастаған дұрыс. Ол үшін түрлі бейнематериалдарды, қызықты сұрақтарды қоюды және оған жауап іздеуге қызықтыруды ойластырған жақсы. Мысалы, робототехниканың биологиядағы маңызы, оған қатысы, биоинформатика ұғымы туралы сұрақтарды қойып, оған жауап табуға мүмкіндік беру керек. Содан соң оқушылар ойланып, өздерінің қызықты жауаптарын айтатын болады.

Жоғары сынып болғандықтан ойын түрлеріне қарағанда ой қозғайтын, шешімін өздері іздейтін қызықты жағдаяттар арқылы өткен оқу жылынадағы тақырыптарды еске түсіруге жағдай жасау керек. Сыныптағы оқушылардың әңгімеге белсенді араласу немесе керісінше араласпай тұйықталуын байқап, ол оқушыға тақырып бойынша түсініктеме беру ұсынылады.

Әдістемелік ұсынымдамада кіріктірілетін оқыту мақсаттары бойынша сабақты ұйымдастыруға арналған қысқа мерзімді сабақ жоспарларының үлгісі берілді.

Кіріктірілетін оқыту мақсаттары бойынша ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгісі

| | | |
|---|---|---|
| Бөлім: | **Молекуляр<br>лық биология және биохимия** | |
| Педагогтің аты-жөні | ШҚО білім басқармасы Семей қаалсы бойынша білім бөлімінің «Ыбырай Алтынсарин атындағы №37 гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі<br>Архыматаева Арай Жаксылыковна биология пәні мұғалімі. жоғары санатты, педагог-зерттеуші | |
| Күні: | | |
| Сынып: 11 ЖМБ | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы | Генетикалық кодтың қасиеттері: үшөрімділігі, көптілігі, әмбебаптығы, бірін бірі жаппайтындығы | |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары | 11.4.1.3 – генетикалық кодтың қасиеттерін түсіндіру | |
| Сабақтың мақсаты | • Генетикалық код ұғымын білу<br>• Генетикалық код қасиеттерін атау және сипатау | |
| Алдыңғы оқу<br>Олқылықтарды жою | Алдыңғы оқу<br>Олқылықтарды жою | 10.4.1.6 . ДНҚ құрылымы мен қызметі арасындағы байланысты түсіндіру<br>10.4.1.8 РНҚ типтерінің құрылысы мен қызметтерін ажырату |

Сабақтың барысы

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурс тар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы<br>2 минут<br><br><br><br><br><br><br>5 миунт | Амандасу.<br>Ұйымдастыру бөлімі.<br>Миға шабуыл<br>Оқушыларға алдыңғы өткен тақырыптар бойынша сұрақтар беріледі.<br>/10 сынып/<br>Бейнематериал көрсету | ДНҚ және РНҚ құрылысына, Ген, Триплет, байланысты сұрақтарға жауап беру<br><br><br><br><br>бейне талдау жүргізіледі.<br>Сабақтың тақырыбы мен мақсаттарын анықтайды | Оң қол | Слайд -1-2<br><br><br><br><br><br>https://youtu.be/IKgHFh-n-fo<br>https://youtu.be/pv3Kj0UjiLE |
| Сабақтың ортасы<br><br><br><br>10 минут<br><br><br><br><br><br><br><br>15 минут<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>3 минут | Генетикалық кодтың қасиеттері: үшөрімділігі, көптілігі, әмбебаптығы, бірін бірі жаппайтындығы туралы мұғалім презентация арқылы түсіндіріп өтеді<br>Сынып топтарға бөлінеді / 1-3 дейін санау арқылы/ | ДНҚ триплеттілігі туралы білімдерін еске түсіре отырып / 10 сынып/ тақырыпты тыңдайды, мәтінмен жұмыс жасайды (Жж)<br><br><br>Топтық жұмыс. Генетикалық кодтың қасиеттері<br>№1 топ: Үшөрімділік, үздіксіздік, тыныс белгі, коллинеарлық<br>№2 топ: артықтық, әмбебаптық, бірбағыттылық<br>№3 топ: Арнайылық,бірін-бірі жаппайтыны<br>Дескриптор:<br>* Генетикалық кодтың қасиеттертін атап, сипаттайды<br><br>Интерактивті тапсырма: Интерактивті тақат арқылы берілген генетикалық кодты | Өздік бағалау<br><br><br><br><br><br><br><br>Өкіл арқылы өзара бағалау<br><br><br><br><br><br><br><br>Бас бармақ | Слайд 5-8<br><br><br>Ақпараттық парақ, оқулық<br><br><br><br><br><br>Постер құру |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | анықатуға арналаған логикалық есепті ауызша есептеп шығару | | Инерактивті тақта тапсырмасы |
| Сабақтың аяғы<br><br>5 минут | Сабақты қорытындылау | Рефлексия «Блоб ағашы» әдісі бойынша бүгінгі сабақты қаншалықты түсінгені бойынша ағаштан өзін таңдап белгілейді | Өзін-өзі бағалау |  |

V. Сабақтан тыс уақытта толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары

58.5-кесте. Сабақтан тыс уақытта толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары

| Тақырып | Оқу мақсаттары |
|---|---|
| Молекулалық биология және биохимия | |
| Жердегі тіршілік үшін судың маңызы | 10.4.1.1 - Жердегі тіршілік үшін судың іргелі маңызын түсіндіру |
| Көмірсуларды жіктеу: моносаха-ридтер, дисахаридтер, полисахаридтер. Химиялық құрылымы. Көмірсулардың қасиеті және қызметтері | 10.4.1.2 - көмірсуларды құрылымы, құрамы және қызметтері бойынша жіктеу |
| Липидтердің құрылымдық компоненттері. Майлардың химиялық құрылысы мен қызметтері | 10.4.1.3 - майлардың химиялық құрылысы мен қызметтерін сипаттау |
| уыздарды құрамы (жай, күрделі) және қызметі бойынша жіктеу. Нәруыздардың құрылымдық дең-гейлері мен құрылысы. Нәруыз денатурациясы мен ренатурациясы. №1 зертханалық жұмыс «Нәруыздардың құрылымына әр түрлі жағдай-лардың әсері (температура, pH)» | 10.4.1.4 - нәруыздарды олардың құрылымы, құрамы, атқаратын қызметтері бойынша жіктеу |

| | |
|---|---|
| Биологиялық нысандарда нәруыздың болуы. | 10.4.1.6 - биологиялық нысандарда нәруыздың болуын анықтау |
| Қоректену | |
| Ферменттер белсенділігіне әсер ететін факторлар мен жағдайлар. №3 зертханалық жұмыс «Ферменттер белсенділігіне әр түрлі жағдайлардың әсері» | 10.1.2.1 - ферменттер белсенділігіне әр түрлі жағдайлардың әсерін зерттеу |
| Заттардың тасымалдануы | |
| Адам гемоглобині мен миоглобинінің құрылысы мен қыз-меті. Адам гемоглобині мен миоглобині үшін оттектің диссоциациялануының қисық сызығы | 10.1.3.1 - эмбрион мен ересек ағзаның гемоглобині мен миоглобині үшін оттектің диссоциациялануының қисық сызығын түсіндіру |
| Пассивті тасымалдау механизмі | 10.1.3.2 - пассивті тасымалдау механизмін түсіндіру |
| Тыныс алу | |
| Аденозинүшфосфаттың (АҮФ) құрылысы мен қызметі | 10.1.4.1 -аденозинүшфосфаттың құрылысы мен қызметтерін сипаттау |
| Аденозинүшфосфаттың синтезі: глюкозаның анаэробты және аэробты ыдырау кезеңдері | 10.1.4.2 - анаэробты және аэробты тыныс алу барысындағы аденозинүшфосфаттың синтезін салыстыру |
| Метаболизм түрлері. Энергетикалық алмасу кезеңдері | 10.1.4.3 - метоболизмнің түрлерін атау;<br>10.1.4.4 - энергетикалық алмасу кезеңдерін сипаттау |
| Митохондрияның құрылымы мен қызметтері.<br>Кребс циклі және оның биологиялық маңызы | 10.1.4.5 - митохондрия құрылымдары мен жасушалық тынысалу үдерістерінің өзара байланысты орнату<br>10.1.4.6 - Кребс циклін сипаттау |
| Бөліп шығару | |
| Абсорбция және реабсорбция. Зәрдің түзілуі. | 10.1.5.1 - зәрдің сүзілу (фильтрация) және түзілуі механизмін түсіндіру |
| Су мөлшерін реттеу. Нысана мүшелер. Әсер ету эффектсі. Гипофункция. Гиперфункция | 10.1.5.2 - су мөлшерін бақылаудағы антидиуретикалық гормонның рөлін түсіндіру |
| Адам денесіндегі қан мен басқа сұйықтықтарды жасанды тазарту. Созылмалы бүйрек жетіспеушілігі. Диализ және бүйрек трансплантациясы. | 10.1.5.3 - диализ және бүйрек трансплантациясы механизмін түсіндіру |
| Жасушалық цикл | |
| Митоз. Жасушада митоздың әр түрлі кезеңдерінде жүретін үрдістер. №4 зертханалық жұмыс «Пияз тамыры ұшындағы жасушалардан митоздың белсенділік деңгейін анықтау» | 10.2.2.1 - дайын микропрепараттар көмегімен митоз фазаларын зерттеу |

| | |
|---|---|
| Өсімдіктер мен жануарлардағы гаметогенез. Гаметалар. Гаметогенез кезеңдері. Өсімдіктердегі спорогенез және гаметогенез | 10.2.2.2 - өсімдіктер мен жануарлардағы гаметалардың қалыптасу ерекшелігін түсіндіру |
| Онкологиялық жаңа түзілулердің пайда болуы. Обыралды жағдайлардың туындауына әсер етуші факторлар | 10.2.2.3 - жасушалардың бақылауға бағынбайтын бөлінуі нәтижесінде обырдың түзілуін түсіндіру |
| Қартаю. Қартаю үрдісі туралы теориялар. | 10.2.2.4 - қартаю үдерісін түсіндіру |
| Тұқым қуалаушылық пен өзгергіштік заңдылықтары | |
| Модификациялық өзгергіштік. Белгілердің өзгеруіндегі вариациялық қатарлар. №5 зертханалық жұмыс «Вариациялық қатар мен қисыққа құрылған модификациялық өзгергіштікті зерттеу». | 10.2.4.1 - модификациялық өзгергіштіктің заңдылықтарын зерттеу |
| Белгілердің тұқымқуалауындағы цитологиялық негіздер. Дигибридті будандастыру кезіндегі хромосомалардың тәуелсіз ажырауы. Жыныспен тіркесіп тұқым қуалау. Көптік аллельділік. Есептер шығару | 10.2.4.2 - дигибридті будандастыру; жыныспен тіркескен тұқым қуалау мен көп аллельділіктің цитологиялық негіздерін есептер шығаруда қолдану |
| Тұқымқуалаушылықтың хромосомалық теориясы. Кроссинговер нәтижесінде белгілердің тұқымқуалау заңдылықтарының бұзылуы | 10.2.4.3 - кроссинговер нәтижесінде белгілердің тұқымқуалау заңдылықтарының бұзылуын түсіндіру |
| Аллельді және аллельді емес ген-дердің өзара әрекеттесуі. Эпистаз. Комплиментарлық. Полимерия | 10.2.4.4 - аллельді және аллельді емес гендердің өзара әрекеттесуін салыстыру |
| Хуго де Фризадің мутация теориясы. Кенеттен және индуцияланған мутация..Модельдеу «Адам хромосомасы жиынтығынан кариограмм құру. Геномдық мутацияны оқып білу» | 10.2.4.5 - Хуго де Фриздің мутация теориясын, мутагенез себептер, мутагенез себептерін және мутация түрлерін зерттеу |
| Хромосомалар санының ауытқуымен байланысты адамның хромосомдық аурулары. | 10.2.4.6 - хромосомалар санының ауытқуымен байланысты адамның хромосомдық ауруларын сипаттау |
| Эволюциялық даму. Селекция негіздері.Тірі ағзалардың көптүрлілігі | |
| Тұқымқуалайтын өзгергіштік пен эволюция арасындағы өзара байланыс. Тұқымқуалайтын өзгергіштік – эволюция негізі. Комбинативтік өзгергіштік, мутациялар. Табиғи сұрыпталу. Тіршілік үшін күрес. Гендер дрейфі. Популяциялық толқындар | 10.2.6.1 - тұқымқуалайтын өзгергіштік пен эволюция арасындағы өзара байланысты түсіндіру;<br>10.2.6.2 - эволюция үдерісіне әсер ететін факторларды талдау |
| Эволюцияның дәлелдемелері. Салыстырмалы-анатомиялық. Эмбриологиялық. Палеонтологиялық. Биогеографиялық. Биохимиялық | 10.2.6.3 - эволюцияның дәлелдемелерін талдау |
| Жер бетінде тіршіліктің қалыптасу кезеңдері | 10.1.1.1 - Жер бетінде тіршіліктің қалыптасу кезеңдерін және сызбаларын сипаттау |

| | |
|---|---|
| Филогенетикалық шежіре ағашы. Кладограммалар. Түсінік «Соңғы әмбебап жалпы ата тек». Модельдеу «Кладограмма құру».Филогенетикалық картаның әр түрлі формалары. Кладограммалар мен филогенетикалық ағаштардың айырмашылығы. | 10.1.1.2 - филогенетикалық карталарды (кладограммалар мен филогенетикалық ағаштарды) құру және түсіндіріп беру |
| Түр түзілудің тәсілдері. Түр түзілудің механизмі. Түр түзілудің оқшаулаушы механизмі. Түртүзілудегі репродуктивті оқшаулану. Полиплоидия және гибридизация | 10.2.6.4 - түр түзілудің тәсілдерін атау және түр түзілудің негізгі механизмдерін жіктеу |
| Селекция әдістері арқылы ауыл шаруашылық өсімдіктері мен жануарлардың қолтұқымдарын жақсарту тәсілдері. Гибридизация (будандастыру). Полиплоидия. Жасанды мутагенез | 10.2.5.1 - селекция әдістері арқылы ауыл шаруашылық өсімдіктері мен жануарлардың қолтұқымдарын жақсарту тәсілдердің зерттеу |
| Антропогенез кезеңдері. Проантроптар. Архантроптар. Палеоантроптар. Неоантроптар | 10.2.6.5 - антропогенездің кезеңдерін атау |
| Координация және реттеу | |
| Жүйке жасушаларының құрылысы. Мембраналық потенциал. Әрекет потенциалы.. Нейронның аксон бойымен қозудың берілуі | 10.1.7.1 - миеленденген нейрон аксонында әрекет потенциалының инициациясы мен трансмиссиясын сипаттау және түсіндіру |
| Рефрактерлық кезең мен оның маңызы. Миелинденген және миелинденбеген нейрондарды салыстыру | 10.1.7.2 - рефрактерлық кезең мен миелин қабығының маңызын түсіндіру |
| Механорецепторлардың түрлері. Пачини денешігі мысалында рецепторлардың тітіркендіргіштің өзгерісіне жауап беру реакциясы | 10.1.7.3 - механорецепторлардың тітіркендіргіштің өзгерісіне жауап беруін (Пачини денешігі) сипаттау |
| Қозғалыс | |
| Көлденең жолақты бұлшықет ұлпаларының құрылысы. Миофибрилла құрылымы. Бұлшықет талшықтарының жиырылу механизмі. | 10.1.6.1 - көлденең жолақты бұлшықеттердің құрылымы мен бұлшықеттің жиырылу механизмінің өзара байланысын түсіндіру |
| Жылдам және баяу жиырылатын бұлшықет талшықтарының ортақ қасиеттерін, орналасуы мен құрылысы. Актинге қатысты қаңқа бұлшықет ұлпаларының түрлер | 10.1.6.2 - жылдам және баяу жиырылатын бұлшықет талшық-тарының ортақ қасиеттерін, орналасуы мен құрылысының байланысын орналастыру |

VI. Кіріктіруге болмайтын оқыту мақсаттары қарастырылатын консультациялардың кестесі

Оқу процесінде өткен оқу жылында өтілген тақырыптар бойынша білімдегі олқылықтардың орнын толтыруды әрдайым мақсат ету қажет.

Сабақ үстінде кіріктіруге келмейтін тақырыптар мен оқу мақсаттарын қамтитын орта немесе қысқа мерзімді жоспар дайындап, оны каникул кездерінде қосымша сабақ ретінде жүргізу ұсынылады.

Кіріктіруге болмайтын тақырыптар бойынша ұйымдастырылған сабақтарда үй тапсырмасын бермеген дұрыс. Тапсырмалар қызықты, ой қозғайтындай деңгейде боланы жөн. Әдістемелік ұсынымдамада үлгі ретінде 1-тоқсан каникулы кезінде ұйымдастыруға болатын сабақтың қысқа мерзімді жоспары берілді.

«Молекулалық биология және биохимия» бөлімі бойынша кіріктіруге келмейтін тақырып ретінде каникул кезінде ұйымдастыру ұсынылады.

Нұр-Сұлтан қаласының білікті мұғалімі Оспанова Гулнур Абдисалыковнаның қысқа мерзімді сабақ жоспары үлгі ретінде берілді.

| | |
|---|---|
| **Мұғалімнің аты-жөні:** | Оспанова Гулнур Абдисалыковна |
| **Пән/Сынып:** | Биология, 10 сынып, ЖМБ |
| **Қай аптаның нешінші сабағы** | 1сабақ |
| **Тарау немесе бөлім атауы:** | 1-тарау. Молекулалық биология және биохимия |
| **Сабақтың тақырыбы:** | **Жердегі тіршілік үшін судың маңызы** |
| **Оқу мақсаты:** | 10.4.1.1 Жердегі тіршілік үшін судың іргелі маңызын түсіндіру |
| **Бағалау критериі:** | Жердегі тіршілік үшін судың іргелі маңызын түсінеді |

**Саралап оқыту тапсырмалары**


| | | |
|---|---|---|
| **Ұжымдық жұмыс**<br>Жаңа тақырыптың түсіндірілуі | **Бірлескен жұмыс (1,2 тапсырма)**<br>Тапсырманы ұсыну және дұрыс жауапты ұсыну арқылы үйрету | **Жеке жұмыс**<br>Тапсырманы ұсыну, оқушылар өз бетімен орындауы |

| **Уақыты** | **Кезеңдері** | **Тапсырма** | **Тапсырманың мақсаты** | **Мұғалімнің бақылауы мен зерттеуі не?** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 минут<br><br><br><br><br>1 мин | Ұйымдастыру | Сәлеметсіздер ме, оқушылар. Біз сіздермен 10 сыныптың алғашқы сабағыныан бастап төменгі сыныптарда өткен тарауларды тереңдете отырып жалғастырамыз.<br>Біз сіздермен «Молекулалық биология және биохимия» тарауын бастаймыз.<br>Бүгінгі сабағымыздың тақырыбы: **Жердегі тіршілік үшін судың маңызы**<br>Бүгінгі сабақта:<br>• Жердегі тіршілік үшін судың маңызын түсінесіздер;<br>Сіздің меңгеретініңіз:<br>• Судың қасиеттеріне негізделе отырып, оның маңызын түсінесіздер. | | | | Презентация Слайд 1<br><br><br>Слайд 2 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 7-8 минут | Жаңа сабақ | **Су** – таза күйінде сутек пен оттектің химиялық байланысы болып табылатын мөлдір,түссіз сұйықтық.<br>- **Табиғаттағы су**<br>- жер шары беткейінің 71% -ын су алып жатыр;<br>- табиғаттағы су айналымынына қатысады;<br>- фотосинтез процесіндегі негізгі рөлдердің бірін атқарады;<br>- жер бетіндегі климаттың қалыптасуынада судың тікелей қатысы бар;<br>- жер бетіндегі температуралық режімді реттейді;<br>- жер бетіне түсетін ультракүлгін сәулесінің әсерін әлсіретеді;<br>- **Адам тіршілігіндегі су**<br>- тірі организмдердің барлығы ерте кездерде тіршілігін судан бастаған;<br>- ағзада зат алмасу процестеріне белсене қатыса отырып қоректік заттардың тасымалдануы мен сіңірілуін қамтамасыз етеді;<br>- адамның денесінің 65% судан тұрады, 20% суды жоғалтқанда жасушаларда болатын қайтымсыз өзгерістердің нәтижесінде адам қазаға ұшырайды;<br>- статистикалық мәліметтер бойынша бір адам жылына тамақтану үшін 60т-ға дейін су қабылдайды<br><br>Судың айналымында маңызы бар биологиялық процестерге транспирация жатады, ол өсімдік тіршілігі үшін аса қажетті де күрделі процесс болып | Жаңа тақырыпты меңгеру | | | Презентация<br>Слайд 3<br><br>https://youtu.be/VSQkOTbEhWM<br><br>Слайд 4 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | табылады.Транспирация-бұл өсімдіктің жасыл бөліктерінің суды буландыруы. Транспирацияға жұмсалатын судың мөлшері(судыңшығыны)сол өсімдіктің түріне, ауа райына және топырақтың ылғалдылығына байланысты болады.<br><br>Су табиғатта үш түрлі күйде болады: қатты, сұйық және бу түрінде.<br>Таңғаларлық жайт, Жер бетінде тек судың ғана қатты күйіндегі тығыздығы сұйық күйіндегіден төмен. Міне, сондықтанда мұз суға батпайды, ал су айдындары түбіне дейін қатпайды (егер экстремалды аса суық температура болмаса)<br><br>**Судың ластануы.** Судың ластануы деп су айдындарының зиянды заттармен, өндірістік және тұрмыстық қалдықтармен қанығу процесін айтады. Мұның нәтижесінде су өз қасиетінің көп бөлігін жоғалтады және ары қарай қолдануға жарамсыз болып қалады.<br>Ластанудың негізгі көздері:<br>1) мұнай өңдейтін кәсіпорындар;<br>2) ауыр металдар;<br>3) радиоактивті элементтер;<br>4)улы химикаттар;<br>5) қалалық құбырлардан және мал шаруашылығы фермаларынан қалдықтардың ағып шығуы. | | | | Слайд 5<br><br>Слайд 6<br>https://youtu.be/9AkNAx4tqsY |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Дүниежүзілік мұхитқа жыл сайын 13 млн т-дан астам мұнай өнімдерінің қалдықтары төгілетіні туралы ғалымдар талайдан бері дабыл қағуда. Анығырақ айтқанда, Тынық мұхитқа олардың 9млнт-ға жуығы, ал Атлант мұхитына 3млн т-дан артығы төгіледі екен.<br>Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша қазіргі кездің өзінде біздің ғаламшарда таза табиғи судың бірде-бір қайнар көзі қалмаған. Тек басқаларына қарағанда ластануы сәл төмендеу су айдындары ғана бар көрінеді. Бұл жағдай біздің өркениетімізге апат қаупін төндіреді, өйткені адамзаттың сусыз тіршілік етуі мүмкін емес. Ал оны алмастыратын ешнәрсе жоқ. | | | | |


<table>
<tr>
<td>8 минут</td>
<td>Тәжірибе</td>
<td>Тапсырма №1. «Су байлықтарының табиғаттағы және адам өміріндегі маңызы» сызбанұсқасын толтырыңыз .<br>
<br>№ 2 Тапсырма. Тіршілік мүмкін болмайтын негізгі факторларды жазыңыз. Осылардың арасында су нешінші орында тұрғанын анықтаңыз.<br><table><tr><td>1</td><td>Ауа</td></tr><tr><td>2</td><td>Су</td></tr><tr><td>3</td><td>Жылу</td></tr></table></td>
<td>Жаңа тақырыпты тәжірибе арқылы меңгеру</td>
<td></td>
<td>Дескриптор:<br>-су байлықтарының түрлерін түсінеді;<br><br>Дескрипторлар:<br>-тіршілік мүмкін болмайтын негізгі факторларды жазады, судың маңызын түсінеді;</td>
<td>Слайд 7<br><br>Слайд 9</td>
</tr>
<tr>
<td>3 минут</td>
<td>Бекіту</td>
<td>№3 тапсырма<br>Егер үйдегі шүмекті жабуды ұмытып кеткен жағдайда (су жіңішке ағынмен ағып тұрса)1сағатта (тәулік бойы) 1 литр су ағады деп есептейік. Ал, еліміздегі суық су тарифі 1 куб метр су үшін 64 теңгені құрайды десек, есептей беріңіз, жылына қанша ақша үнемсіздік үшін төленіп жатырсыз? Суды үнемдеу ережелерін құрастырыңыз<br>Жауабы:<br>Су тамшылап тұрған краннан тәулігіне 24 литр, айына</td>
<td>Тақырыпты меңгергенін анықтау</td>
<td></td>
<td>Дескриптор:<br><br>- суды ң үнемс</td>
<td>Презентация<br><br>Слайд 11</td>
</tr>
</table>

<table>
<tr><td></td><td></td><td>720 литр, жылына 8 мың 784 литр су ағады. Ал, еліміздегі суық су тарифі 1 куб метр су үшін 64 теңгені құрайды десек, үнемсіздік үшін жылына 562 тг төленіп жатырсыз</td><td></td><td></td><td>із аққан мөлшерін есептей отырып маңыздылығын түсінеді;</td><td></td></tr>
<tr><td>1 мин</td><td></td><td>Бүгінгі сабақта:<br><table><tr><td>Түсіндім</td><td></td></tr><tr><td>Түсінуді қажет етеді</td><td></td></tr><tr><td>Түсіне алмадым</td><td></td></tr></table></td><td></td><td></td><td></td><td>Слайд 13</td></tr>
</table>

VII. Жазғы мектеп кезінде ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгісі

| | | |
|---|---|---|
| Бөлім: | **Ұзақ мерзімдік жоспардың бөлімі :**<br><br>**10.1 Молекулалық биология және биохимия** | |
| Педагогтің аты-жөні | Қасымова Ләзім Талғатқызы<br>Нұр-Сұлтан қаласы Абай Құнанбайұлы атындағы №87 мектеп-гимназия | |
| Күні:10 «Ә» | | |
| Сынып: сынып | Қатысушылар саны:24 | Қатыспағандар саны:0 |
| Сабақтың тақырыбы | **Нәруыздардың құрамы мен қызметтеріне байланысты жіктелуі** | |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары | 10.4.1.4 - нәруыздарды олардың құрылымы, құрамы, атқаратын қызметтері бойынша жіктеу | |
| Сабақтың мақсаты | • Нәруыздарды олардың құрылымы, құрамы, атқаратын қызметтері бойынша жіктейді | |
| Алдыңғы оқу | 8.4.1.3 нәруыздардың қасиеттері мен биологиялық қызметтерін сипаттау | |

Сабақтың тақырыбы

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы<br><br>5 минут | Ұйымдастыру бөлімі<br><br>***Миға шабуыл***<br>Слайдта берілген суреттер қандай затпен байланысты? Сабақтың тақырыбы мен мақсатын айту | Оқушылар суреттерге қарап, нәруыз екендігін атайды.<br><br>Оқушылардан төменгі сыныптардан алған ақпараттарын естеріне түсіріп сұрақтар арқылы жетелеу<br><br>Адам ағзасына нәруыз не үшін қажет?<br><br>Нәруыз жасушада қандай органоидта синтезделеді?<br><br>Нәруыздың мономерін қалай атайды?<br><br>Нәруызды тағамдарды атаңыз | Бас бармақ | Слайд 1-2 |
| Сабақтың ортасы<br>10 минут | <br><br><br>Жетелеу | Жұптық жұмыс<br><br>Оқушылар оқулықтағы 32 беттегі ақпаратты пайдалана отырып мына кестені толтырыңыздар<br><br>Сипаттамала \| Фибри \| Глоб | | Слайд 3-4 |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>мақсатында сұрақтар қояды: Құрылымы бойынша нәруыздар қалай жіктеледі? Фибриллярлы нәруыздар неге суда ерімейді? Глобулярлы нәруыздар пішіні қандай болады?<br><br>«Сұрақ-жауап әдісі»<br><br>Оқушыны жеке жұмыс жасату арқылы жай және күрделі нәруыздың айырмашылығын түсінуге бағыт</td>
<td>
<table>
<tr><td>р</td><td>ллярлы</td><td>улалы</td></tr>
<tr><td>Ұзын жіп тәрізді нәруыз</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Бірнеше полипептидтік тізбектер жинақталған тығыз шумақты нәруыз</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Суда ерімейді, мықты, берік нәруыз</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Суда жақсы ериді</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Коллаген, эластин, миозин</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Антидене, гемоглобин, миоглобин</td><td></td><td></td></tr>
</table>
Дескриптор: нәруыздың фибриллярлы және глобулалы түрлерін ажыратады<br>Оқушылардың жауаптарын көрші жұптар тексереді және қатемен жұмыс ауызша жасалады<br><br>Жеке жұмыс: слайдтағы ақпаратты, оқулықтағы 33 беттегі ақпаратты пайдаланып биологиялық диктанттағы бос орындарға тиісті сөздерді жазыңыздар.
</td>
<td>Өзара бағалау</td>
<td>Интербелсенді тақта<br><br>Оқулық</td>
</tr>
<tr>
<td>5- минут</td>
<td></td>
<td></td>
<td></td>
<td></td>
</tr>
</table>

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 15 минут | береді<br>Нәруыздарды құрамы бойынша жай және күрделі нәруыздарды жіктеу бойынша кесте мен оқулықтағы ақпаратты ұсынады.<br><br>Жай нәруыз бен күрделі нәруыздың басты айырмашылығы неде?<br><br>Оқушыларды шағын топқа тапсырма беріп, оқушылардың бірігіп жұмыс істеп, шешім таба алуына жағдай туғызады<br><br> | Кілт сөздер: жай, күрделі<br>Тек аминқышқылдарынан тұратын нәруызды .....деп атайды. Егер аминқышқылдарынан басқа да химиялық құрылымдар енсе ол нәруыз..... болып саналады.<br>Коллаген, кератин, эластин нәруыздары .....нәруыздар болады, ал гемоглобин, казеин, муцин .....нәруыздар.<br>Дескриптор: күрделі және жай нәруызды анықтайды<br>Топтық жұмыс (бір қатарда отырған 6 оқушы)<br>Нәруыздың қызметі бойынша:<br>Құрылымдық;<br>Жиырылғыш;<br>Ферменттік;<br>Қорғаныштық;<br>Реттеуші;<br>Тасымалдаушы;<br>Бағалау критерийлері: нәруыздың атқаратын қызметін атайды;<br>Қызметі бойынша нәруызды мысалға келтіреді;<br>Слайд бойынша пысықталады<br>Кесте толтыруға беріледі<br>Дескриптор: қызметіне қарай 6 нәруызды анықтайды<br>Тапсырма жауаптарын талқылау | Өзара бағалау<br><br>Өзара бағалау | Оқулық<br>Слайд 5-6<br><br>Оқулық<br><br>Оқулық<br>Слайдтағы суреттер<br>Үлестірмелі тапсырма |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 5 минут | <br>Топтық жұмысты пысықтау үшін тапсырма береді | | | Үлестірмелі тапсырма |
| Сабақтың аяғы 5 минут | Сабақты қорытындылау<br>Оқушылардан жаңа тақырыпты қаншалықты түсінгендігін анықтау мақсатында, пысықтау ретінде Маған ұнаған ақпарат:бір сөйлеммен өзіне ұнаған ақпаратын айтқызады<br>Оқу мақсатына бекіту<br>Үйге тапсырма беру | Қорытынды ретінде оқушы өзіне ұнаған, есінде қалған ақпаратты атайды.<br><br>Рефлексия: «Маған сабақта ұнаған сәт.....себебі.....» | Смайлик | |

## 59. «Дүниежүзі тарихы» оқу пәні, 6-сынып

I. Өткен оқу жылында өтілген оқу бағдарламасының мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттары

6-сыныпта «Дүниежүзі тарихы» пәнінен диагностикалық жұмыс жүргізу үшін 5-сыныпқа арналған «Дүниежүзі тарихы» пәнінен оқу бағдарламасының оқыту мақсаттары зерделенеді. Ол үшін негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Дүниежүзі тарихы» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын қарастырамыз [33]. Оқу бағдарламасына сәйкес 5-сыныпта 10 бөлім қарастырылады.

Диагностика пән бойынша оқу бағдарламасының мазмұнын қамтитын келесі бөлімдердің оқу мақсаттары бойынша жүзеге асырылады:

- әлеуметтік қатынастардың дамуы;
- мәдениеттің дамуы мен өзара әрекеттестігі;
- саяси жүйелердің дамуы мен өзара әрекеттестігі;
- экономикалық қатынастардың дамуы.

*1) әлеуметтік қатынастардың дамуы бөлімі бойынша оқу мақсаттары:*

5.1.2.1 ежелгі қоғамның әлеуметтік ұйымдасуын сипаттау;

5.1.2.3 қоғамның әлеуметтік құрылымын түсіндіру үшін Үндістандағы «касталық жүйе» ұғымын қолдану.

*2) мәдениеттің дамуы мен өзара әрекеттестігі бөлімі бойынша:*

5.2.1.2 тотемизм, анимизм, фетишизм, магия сияқты ежелгі діни наным-сенімдерді білу;

5.2.1.3 ежелгі қоғамның дамуына діндердің ықпалын сипаттау;

5.2.2.2 Ежелгі Египеттің ғибадатханалары мен пирамидаларын сипаттау;

5.2.4.1 ежелгі қоғамның дамуындағы жазудың рөлін сипаттау;

5.2.4.2 ғылымдардың (арифметика, геометрия, астрономия, медицина) пайда болып, дамуына шаруашылық іс-әрекетпен әлеуметтік өзгерістердің ықпалын сипаттау;

*3) саяси жүйелердің дамуы мен өзара әрекеттестігі бөлімі бойынша:*

5.3.1.1 ежелгі мемлекеттердің саяси құрылымының ерекшеліктерін сипаттау;

5.3.2.1 ежелгі заман тарихындағы мемлекетаралық қатынастарды түсіндіру үшін «империя» ұғымын білу және пайдалану;

5.3.2.2 басқыншылық соғыстар мен империялардың пайда болуы мемлекеттердің шекараларын қалай өзгергерткенін түсіндіру;

5.3.2.3 Ежелгі Римдегі Спартак көтерілісін сипаттау, себептерін анықтау;

*4) экономикалық қатынастардың дамуы:*

5.4.1.1 кәсіп және шаруашылық түрлерін (терімшілік, аңшылық, балық аулау, егіншілік, мал шаруа шылығы, металл өңдеу, айырбас сауда) сипаттау;

5.4.1.2 «неолиттік төңкеріс» ұғымын түсіндіру, оның мәнін ашу;

5.4.2.1 экономикалық ілгерілеуді түсіну үшін шаруашылықтың иемденуші және өндіруші түрлерін салыстыру.

II. Іріктеп алынған оқыту мақсаттары бойынша диагностикалық жұмыстың үлгісі

1- нұсқа

| Бөлім | Оқыту мақсаттары |
|---|---|
| Әлеуметтік қатынастардың дамуы | 5.1.2.3 қоғамның әлеуметтік құрылымын түсіндіру үшін Үндістандағы «касталық жүйе» ұғымын қолдану |
| Мәдениеттің дамуы мен өзара әрекеттестігі | 5.2.2.2 Ежелгі Египеттің ғибадатханалары мен пирамидаларын сипаттау;<br>5.2.4.1 ежелгі қоғамның дамуындағы жазудың рөлін сипаттау;<br>5.2.4.2 ғылымдардың (арифметика, геометрия, астрономия, медицина) пайда болып, дамуына шаруашылық іс-әрекетпен әлеуметтік өзгерістердің ықпалын сипаттау |
| Саяси жүйелердің дамуы мен өзара әрекеттестігі | 5.3.1.1 ежелгі мемлекеттердің саяси құрылымының ерекшеліктерін сипаттау; |
| Экономикалық қатынастардың дамуы. | 5.4.1.1 кәсіп және шаруашылық түрлерін (терімшілік, аңшылық, балық аулау, егіншілік, мал шаруа шылығы, металл өңдеу, айырбас сауда) сипаттау; |

Тест тапсырмалары

1. Үнділік діни нанымы бойынша Брахма құдайдың аяғынан жаратылған топ:

A) Жауынгерлер
B) Шудралар
C) Шаруалар
D) Раджалар
E) Датхалар

2.Ежелгі Мысырда ең алғаш бой көтерген пирамида:
A) Жосер
B) Хеопс
C) Тутанхамон
D) Тутмос
E) Снофр

3. Вавилон қаласында биік әрі құдыретті ғибатхана салынды:
A) Иштар құдайына
B) Мардук құдайына
C) Шамаш құдайына
D)Тиамат құдайына
E) Кингу құдайына

4.Ең ежелгі жазу жүйесі қалыптасты:

A) Ежелгі Грекияда
B) Ежелгі Римде
C) Ежелгі Қосөзенде
D) Ежелгі Мысырда
E) Ежелгі Қытайда

5.Ежелгі Мысырда ең жоғарғы дәрежеде дамыған ғылымдардың бірі:
A) Математика
B) Философия
C) Астрономия
D) Геометрия
E) Тарих

3. Ежелгі Грекияның саяси құрылымын сипаттамасымен сәйкестендіріңіз

| р/с | Ежелгі Грекияның саяси құрылымы | р/с | Сипаттамасы |
|---|---|---|---|
| 1 | Демократия | A | Қаламен басқарылатын (ереже бойынша, бір орталыққа бағынатын) және әдетте тәуелсіз мемлекет болып табылатын кішігірім территория |
| 2 | Олигархия | B | Халық билігі |
| 3 | Қала-мемлекет | C | Спартаның беделді алқалы органы. Олар заңдардың сақталуын қадағалады және қызметтік тұлғалардың іс-әрекеттерін бақылады |
| 4 | Герусия | Д | Кішігірім бай адамдар тобының билігі |
| 5 | Эфорлар | E | Олардың қатарына ата-анасының екеуі де афиналықтар болып саналатын Афины тұрғындары жатқызылды |
| 6 | Азаматтар | F | Құрамында алпыс жастан асқан ер адамдар ғана кірген, себебі спарталықтар тек осы жасқа ақылды және күш қуаты мол адам ғана жетеді деп ойлады |

4. Алғашқы кәсіп және шаруашылық түрлеріне сипаттама беріңіздер

| Кәсіп және шаруашылық түрлері | Сипаттамасы |
|---|---|
| Терімшілік | |
| Аңшылық | |
| Балық аулау | |
| Егіншілік | |

| | |
|---|---|
| Мал шаруашылығы | |
| Металл өңдеу | |
| Айырбас сауда | |

2-нұсқа.

II. Іріктеп алынған оқыту мақсаттары бойынша диагностикалық жұмыстың үлгісі

| Бөлім | Оқыту мақсаттары |
|---|---|
| Әлеуметтік қатынастардың дамуы | 5.1.2.1 ежелгі қоғамның әлеуметтік ұйымдасуын сипаттау |
| Мәдениеттің дамуы мен өзара әрекеттестігі | 5.2.4.2 ғылымдардың (арифметика, геометрия, астрономия, медицина) пайда болып, дамуына шаруашылық іс-әрекетпен әлеуметтік өзгерістердің ықпалын сипаттау |
| Саяси жүйелердің дамуы мен өзара әрекеттестігі | 5.3.2.2 басқыншылық соғыстар мен империялардың пайда болуы мемлекеттердің шекараларын қалай өзгергерткенін түсіндіру |
| Экономикалық қатынастардың дамуы. | 5.4.1.2 «неолиттік төңкеріс» ұғымын түсіндіру, оның мәнін ашу |

Тапсырма.

1. Ежелгі Египет қоғамының әлеуметтік құрылымына сипаттама беріңіз

| Әлеуметтік топтар | Сипаттама |
|---|---|
| Шонжарлар | |
| Тау-кен жұмысшылары | |
| Қолөнершілер | |
| Шаруалар | |
| Құлдар | |

2. Ғылымдардың одан әрі дамуына шаруашылықтың ықпалын сәйкестендіріңіздер

| р/с | Ғылымдар атауы | р/с | Шаруашылық түрлерінің ғылымға әсері |
|---|---|---|---|

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1 | Арифметика | А | діни ғұрыптарды өткізу үшін, өзеннің ағысын болжау үшін қажеттілік |
| 2 | Геометрия | В | жараларды емдеу және адамның дене құрылысын зерттеу мақсатында дамытылды |
| 3 | Астрономия | С | салық жинау үшін жерді өлшеп бөлушілер – алғаш геометрия мамандары |
| 4 | Медицина | Д | теңізде жүзу, үйлердің, каналдардың құрылысына, ақша есептеуге қажеттілік. |

Жауаптары

| 1 | 2 | 3 | 4 |
|---|---|---|---|
| | | | |

3. а) *Ежелгі әлемдік державаға айналған Римнің территориясына кірмеген аймақты анықтаңыз*

А) Каспий теңізінің жағалауындағы орталық азия елдері

Ә) Жерорта теңізінің жағалауындағы азиялық елдер


Б) Еуропаның батыс бөлігі

В) Еуропаның оңтүстік және шығыс бөліктері

Г) Солтүстік аймақтары

б) *Рим жаулап алған мемлекеттер мен аймақтарды кескін картада белгілеңіз*

4.«Неолиттік төңкеріс» ұғымына сипаттама беріңіз



Неолиттік төңкеріс -
_____
_____
_____
_____
_____
_____
_____

II. Сабақ барысында толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары

«Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша анықталған олқылықтарды 4 бөлімге топтастыру ұсынылады:

- қоғамдық қатынастар;
- мәдениеттің дамуы;
- саяси жүйелер;
- экономикалық қатынастар.

II. Іріктеп алынған оқыту мақсаттары бойынша диагностикалық жұмыстың үлгісі

Диагностикалық жұмыс білім алушылардың олқылықтарын толықтыру үшін жүргізілетін жұмыс болып табылады. Төменде «Дүниежүзі тарихы» оқу пәнінен білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды анықтау үшін, өткен оқу жылындағы 6-сыныпта өтілген оқу бағдарламасының мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттары бойынша тапсырмалардың үлгісі берілген. Тапсырмалар келесі бөлімдердің оқу мақсаттары бойынша әзірленген.

*1) әлеуметтік қатынастардың дамуы:*

6.1.2.1 үстемдік етушілер мен бағыныштылардың (феодалдар мен шаруалардың) өзара қатынасын сипаттау;

*2) мәдениеттің дамуы мен өзара әрекеттестігі:*

6.2.4.3 картадан XV-XVI ғасырдағы саяхатшылардың негізгі бағыт-бағдарларын белгілей отырып, Ұлы географиялық жаңалықтардың адамдардың әлем туралы түсінігіне ықпалын анықтау;

6.3.1.2 Батыс пен Шығыс тағы монархия формаларын (сословиелік-өкілдік және шексіз билік) ажырату;

6.3.2.6 картада оқиғаларды даму динамикасында белгілей отырып, 1-4 жорықтар мысалында крест жорықтарының себеп-салдарын анықтау;

Төменде 6-сыныптағы «Дүниежүзі тарихы» пәнінің мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттарына сәйкес әзірленген диагностикалық жұмыс тапсырмаларының үлгісі берілген.

Іріктеп алынған оқыту мақсаттары бойынша диагностикалық жұмыс үлгісінің нұсқасы

Тапсырма.

1. Феодалдық құрылыстың белгісі болып саналатын шаруашылық түрі. Мұндай шаруашылықта қажетті азық-түлік пен заттардың барлығы феодалдың поместьесінде өндірілді:

A) Натуралды шаруашылық

B) Феодалдық жерлердің үлестерге бөлінуі

C) Қауымдық шаруашылық

D) Дәстүрлі шаруашылық

E) Капиталистік шаруашылық

2.Батыс Еуропада IX – X ғасырларда феодалдық құрылыстың басты белгісі:


A) Ірі феодалдық иеліктердің король билігіне тәуелділігі
B) Соғыс болған жағдайда шаруалардан әскери жасақтар құрылуы
C) Бағыныштылық (вассалдық) жүйенің болуы
D) Жердің негізгі табыс пен байлық көзіне айналуы
E) Қос танапты егіншіліктің пайда болуы

3. .Крест жорықтарының Батыс Еуропа елдері үшін жағымды жағын көрсет:
A) Батыс Еуропа халықтары Шығыстан жоғарғы дәрежеде дамыған мәдениеттің үлгісін игерді
B) Шай ішу үлгісін үйренді
C) Көпір салу үрдісін үйренді
D) Мемлекеттік басқару жүйесін енгізді
E) Жазу үлгісін қабылдады

4. Араб ғалымдары Багдад пен Дамаскіде астрономиялық обсерватория арқылы есептеп шығарды:
A) Күн және барлық спутник планеталардың көлемін
B) Ай мен Шолпан көлемін
C) Жер шары көлемін
D) Жер мен Күн ара қашықтығын
E) Жер мен Ай ара қашықтығын

5.Ұлы географиялық ашулар ықпал етті:
A) Сауда жолдарының Атлант мұхитынан Жерорта теңізіне ауысуына
B) Еуропада тауар өндірісінің дамуына және индустриялық өндірістің пайда болуына
C) Америка халықтарының мәдениетінің дамуына
D) Түрік және араб көпестерінің Шығысқа баратын сауда жолдарының иеленуіне
E) Еуропада феодалдық құрылыстың нығаюына

2-тапсырма. Ұлы географиялық ашылулардың адамзаттың әлем туралы түсінігіне әсерін анықтаңыз. Кескін картада Христофор Колумб, Фернандо Магелан атты саяхатшылардың бағыттарын белгілеңіз.



3-тапсырма. Кестені толтырыңыз. Крест жорықтарының Еуропа мен мұсылман елдеріне тигізген жағымды және жағымсыз жақтарын ашып көрсетіңіз.

| Елдер | Жағымды жақтары | Жағымсыз жақтары |
|---|---|---|
| Еуропа елдері | | |
| Мұсылман елдері | | |

4-тапсырма.

Сәйкестендіріңіз. Монархиялық басқару жүйелеріне тән белгілерді сәйкесінше кестеге орналастырыңыз.

Шексіз билік

Сословиелік-өкілдік

Мемлекеттің тірегі кәсіптік әскер құрылады

Монарх барлық адамдардың ішінде негізгі тұлға.

Барлық мәселелер дін өкілдерінің, дворяндардың өкілдерінің қатысуымен бірлесе отырып шешіледі.

Монархтың жарлығы заңдық күшке ие және оған ешкім қарсы тұра алмайды.

Сословиелік өкілдіктің қызметі тек қана формалды түрде болады немесе олар таратылады

III. Сабақ барысында толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары

«Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша анықталған олқылықтарды 4 бөлімге топтастыру ұсынылады:

- қоғамдық қатынастар;
- мәдениеттің дамуы;
- саяси жүйелер;
- экономикалық қатынастар.

Бұл топтастыру білімдегі олқылықтардың орнын толықтырудың нақты жүйесін құруға мүмкіндік береді, өйткені жоспарлау кезінде мұғалім зерттелетін тақырыптар мен білім алушылардың олқылықтары болған тақырыптар мен оқу мақсаттарын байланыстыра алады.

«Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша өткен оқу жылындағы 6-сыныпта меңгерілмеген оқу мақсаттарын 7-сыныптың оқу мақсаттарымен біріктіру мысалдары келесі кестеде келтірілген (60.1-кесте).

60.1-кесте. «Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша 7-сынып оқу мақсаттарына кіріктірілген 6-сынып оқу мақсаттары

| 7-сынып, Дүниежүзі тарихы | |
|---|---|
| 7-сыныптың оқыту мақсаттары | 6-сыныптың оқыту мақсаттары |
| Әлеуметтік қатынастардың дамуы | |
| 7.1.1.3 еуропалық державалардың отаршылдық экспансиясы кезеңіндегі Азия мемлекеттерінің (Қытай, Үндістан, Жапония) әлеуметтік құрылымындағы ерекшеліктерді анықтау; 7.2.1.2 миссионерліктің міндеттерін анықтау; | 6.1.1.1 феодалдық қоғамның әлеуметтік құрылымын сипаттау |
| 7.1.1.2 мануфактура, фабрикалардың пайда болуы мен жалдамалы жұмысшы табының қалыптасуы арасындағы байланысты анықтау | 6.1.2.1 үстемдік етушілер мен бағыныштылардың (феодалдар мен шаруалардың) өзара қатынасын сипаттау |
| Мәдениеттің дамуы мен өзара әрекеттестігі | |
| 7.2.1.1 қоғамда дін рөлінің шектелуіне байланысты адамдар өмірінде орын алған өзгерістерді анықтау; | 6.2.1.1 адамның дүниетанымы мен қоғамдық өмірдегі дін рөлінің өзгеру себептерін анықтау; |
| 7.2.2.2 өнердегі негізгі стильдер мен ағымдардың белгілерін (неоклас сицизм, романтизм, импрессио низм, реализм) анықтау; | 6.2.2.2 өнердің (сәулет, сурет өнері) дамуына қоғамдағы өзгерістердің ықпалын анықтау;<br>6.2.2.3 антикалық мәдениетпен байланыс орнату арқылы Қайта |

| | |
|---|---|
| | өрлеу дәуірінің мәдениетін (бейнелеу, мүсін өнері) сипаттау; |
| 7.2.4.1 өзгерістер мен сабақтастықты көрсету арқылы, адам мен қоғам өміріндегі ғылыми жаңалықтардың маңызын талдау; | 6.2.4.2 жаратылыстану ғылымдарының келешектегі дамуы үшін кейінгі орта ғасырлар кезеңінде Жердің құрылысы туралы жасалған ғылыми жаңалықтардың маңыздылығын анықтау;<br>6.2.4.3 картадан XV-XVI ғасырдағы саяхатшылардың негізгі бағыт-бағдарларын белгілей отырып, Ұлы географиялық жаңалықтардың адамдардың әлем туралы түсінігіне ықпалын анықтау; |
| Саяси жүйелердің дамуы мен өзара әрекеттестігі | |
| 7.3.1.1 республикалық басқару құрылымының ерекшеліктерін анықтау; | 6.3.1.1 «ерте, орта, кейінгі орта ғасырлар» хронологиялық шегін білу және уақыт сызығында белгілеу; |
| 7.3.1.2 XIX ғасырдағы Америка Құрама Штаттары территориясының кеңею үдерісін сипаттау; | 6.3.1.2 Батыс пен Шығыс тағы монархия формаларын (сословиелік-өкілдік және шексіз билік) ажырату; |
| 7.3.1.4 әртүрлі елдердің бір уақыт кезеңіндегі тарихи оқиғаларын салыстыру арқылы ұлттық мемлекеттердің (Италия, Германия) қалыптасу маңызын анықтау; | 6.3.1.5 саяси биліктің ерекшеліктерін анықтау үшін әр түрлі ел билеуші лерінің қызметін салыстыру; |
| 7.3.2.1 Батыс Еуропадағы буржуазиялық революциялардың себептерін сипаттау; | 6.3.2.2 кейінгі орта ғасыр кезеңіндегі. антифеодалдық көтеріліс тердің себептері мен салдарын анықтау; |
| 7.3.2.4 басқыншылық соғыстардың әлемдік саясаттың өзгеруіне ықпалын бағалау<br>(Наполеон соғыстары мысалында) ; | 6.3.2.5 ортағасырлық шапқыншылықтар кезіндегі халықаралық қатынастардың ерекшеліктерін анықтау; |
| 7.3.2.6 еуропалық отаршылдық экспансияның Шығыстың дәстүрлі қоғамдарына ықпалын сипаттау; | 6.1.1.1 феодалдық қоғамның әлеуметтік құрылымын сипаттау |
| Экономикалық қатынастардың дамуы | |
| 7.4.1.1 себеп-салдарды анықтау арқылы Еуропадағы феодалдық құрылыстан капиталистік шаруашылыққа (мануфак тура, фабрика) өту процесін түсіндіру | 6.4.1.<br>1 қолөнер мен сауданың рөлін анықтай отырып, ортағасырлық қала<br>лардың даму ерекшеліктерін сипаттау; |
| 7.4.1.3 АҚШ-дағы капиталистік монополиялардың даму ерекшеліктерін анықтау | 6.3.1.5 саяси биліктің ерекшеліктерін анықтау үшін әр түрлі ел билеуші лерінің қызметін салыстыру; |

| | |
|---|---|
| 7.4.1.4 «экспорт», «импорт», «экспансия», «отарлау», «фактория» ұғымдарын қолдану арқылы, тауар-ақша қатынастарының дамуын түсіндіру | 6.4.1.2 ортағасырлардағы халықаралық сауда мен саяхаттардың рөлін түсіндіру;<br>6.3.2.7 «отаршылдық саясат» ұғымын түсіндіру (Испания және Португалияның жаулап алуының мысалында . |
| 7.4.2.2 қоғамның индустрияға дейінгі және индустриялық даму кезеңдерінің айырмашы<br>лығын анықтау | 6.4.2.1 экономикалық қатынастардың формаларын түсіндіру арқылы феодал<br>дық шаруашылықтың ерекшеліктерін сипаттау. |
| | 5.4.2.1 экономикалық ілгерілеуді түсіну үшін шаруашылықтың иемденуші және өндіруші түрлерін салыстыру |

IV. Кіріктірілетін оқыту мақсаттары бойынша ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгісі

«Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша өткен оқу жылындағы 6-сынып оқыту мақсаттарын кіріктіру арқылы 7-сыныптың оқу мақсаттарын меңгертуге арналған сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгісі 60.2-кестеде берілген.


60.2-кесте. 7-сыныпта 6-сыныптың оқыту мақсаттарын кіріктіру арқылы меңгертуге арналған қысқа мерзімді жоспардың үлгісі



| | |
|---|---|
| Бөлімі: | XVIII ғасырдағы Үндістан және Ұлыбритания |
| Педагогтің аты-жөні: | Искакова Зайра Каирлиновна<br>Солтүстік Қазақстан облысы, Айыртау ауданы, Саумалкөл ауылы, «Саумалкөл қазақ орта мектебі» |
| Күні: | |
| Сыныбы: 7 | Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы: | Ағылшындар саудагерлерден Үндістан билеушілеріне қалай айналды? |
| Оқу бағдарлама сына сәйкес оқыту мақсаты | 7.3.2.6 – еуропалық отаршылдық экспансияның Шығыстың дәстүрлі қоғамдарына ықпалын сипаттау;<br>*Кіріктірілген мақсат*:<br>6.1.1.1 феодалдық қоғамның әлеуметтік құрылымын сипаттау; |
| Сабақтың мақсаты: | *Барлығы:* Европалықтардың отарлау саясатының себептері мен нәтижелерін біледі;<br>*Көпшілігі*: Англияның Үндістанды отарлаудағы саяси зардаптарын анықтайды;<br>*Кейбірі:* Еуропалық отарлаушылардың Үндістаннның дәстүрлі басқару жүйесіне оң және теріс ықпалын өздігінше тұжырымдайды |
| Бағалау критерийлері | Ағылшындардың Үндістанды отарлау кезеңін картадан көрсетеді. Үндістан, Жапония, Қытай әлеуметтік құрылымына сипаттама береді және сәйкестендіреді. |

| | |
|---|---|
| Құндылықтарға баулу | - өз еліне және өзге мемлекеттердің тарихы мен мәдениетіне қызығушылық пен құрмет таныту;<br>-тұлғалардың қарым-қатынасыты дамытуға және бағалауға мүмкіндік беретін жұптық жұмысты қолдану;<br>-жеке тұлғаның пікірін ескерту және әрбір ойдың құндылығын құрметтеу |

Сабақ барысы

| Сабақ кезеңі/ уақыты | Педагогтің іс-әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |
| Сабақтың басы<br>4 минут | Ұйымдастыру кезеңі:<br>Ой қозғау:<br>Үнді қоғамына анықтама беріңдер:<br>Брахмандар_____<br>Жауынгерлер_____<br>Шаруалар_____<br>Шудралар_____<br>Дескриптор:<br>Брахмандар қызметін анықтайды;<br>Жауынгерлер қызметін анықтайды;<br>Шаруалар қызметін анықтайды;<br>Шудралар қызметін анықтайды;<br>Бұл қай елдің қоғамы? Сұраққа жауап беру арқылы жаңа сабақтың тақырыбын айту, мақсатымен таныстыру. | Сөздерге толық жауап береді.<br>Сынып тастарының жауабын тыңдап, ұсыныстар айтады. | Кері байланыс | Дидактикалық материалдар |
| Сабақтың ортасы<br>5 минут | Берілген суреттерді дереккөз ретінде қолдана отырып, ағылшындардың Үндістанды жаппай отарлауына әсер еткен жағдайларды жазу.<br>№ 1<br> | Суретпен жұмыс жасайды<br>Жалпы сыныпқа тапсырма | Кері байланыс | Дидактикалық материал |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | <br>Дескриптор Ағылшындардың Үндістан жерін жаппай отарлап алуының негізгі үш себебін дәптерге түсіріп жазады . | | | |
| 28 минут | Топқа бөлу<br>1-топ «Үндістан»,<br>2-топ «Жапония», 3-топ «Қытай»<br><br>1-топ:Үндістанды европалық тардың отарлай бастауы;<br>Дескриптор:<br>Үндістанды отарлауы себеп, салдарын анықтайды:<br>2-топ: Үндістанның экономикалық дамуы;<br>Дескриптор:Үндістан елінің экономикалық жағына әсерін анықтау;<br>3-топ: Отарлық езгі зардаптары;<br>Дескриптор: Үндістан еліне тигізген зардаптарын анықтау;<br>Әр топ тапсырмаларын толық орындайды.<br>1) әр топ жеке тапсырма алады, тапсырмадағы керекті мағлұматты дәптеріне жазып алады. Топ басшысы тобының тапсырмасадағы датаны, фактіні, болған оқиғаны қысқа түрде қағазға жазып, сызады.<br>2)<br>Жұптық жұмыс. «Венн диаграммасы» әдісі. Оқушылар Үндістан, Жапония, Қытайдың әлеуметтік құрылымын салыстырады.<br>Үндістан-Жапония<br><br>Үндістан-Қытай | Әр топтан екі оқушы шығып қорғайды<br><br>Жұптық тапсырма Әр жұп өзінің жұмысын қорғайды. | Кері байланыс<br><br>Кері байла ныс | Ватман, фломас тер, маркер.<br><br>Оқулық: Дүние жүзі тарихы Ватман, маркер |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | <br>Жапония-Қытай<br><br>Дескриптор: Азия елдерінің әлеуметтік құрылымын салыстырады; Ұқсастықтарымен және айырмашылықтарымен танысады ;<br>Ерекшеліктерін біледі.<br>Тарихи маңызын түсіндіреді.<br>«Картамен жұмыс» - мемлекеттердің орналасқан аумақтарын көрсету | Картамен жұмыс жасау | | Карта.<br>Оқулық: Дүние жүзі тарихы |
| Сабақтың соңы.<br>6 минут<br><br>2 минут | Үш жақты түсіндірме күнделік<br>Не таңқалдырды? Мен үшін жаңа ақпарат Білдім<br><br>Үй тапсырмасы : Хронологиялық кесте құру | Оқушылар кері байланыс парағын толық тырады. | Бірнеше оқушы өз ойымен бөлісіп, оқу мақсатына қалай қол жеткізгені туралы пікір бөліседі. | Оқушылар өздерінің жұмысы мен сынып тастарының жұмысын белгілі бір критерийлер бойынша бағалайды |

| | | |
|---|---|---|
| Саралау. Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз қабілетті оқушылардың алдына қандай тапсырмалар қоясыз? | Бағалау. Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз? | Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау |
| Саралау тапсырмаларды іріктеуді, белгілі бір оқушыдан күтілетін нәтижені, оқушыға жеке қолдау көрсетуде, оқу материалы мен ресурстарды оқушылардың жеке қабілеттерін ескере отырып әзірлеуді қамтиды. | Тапсырмаға критерий бойынша құрастырылған дескрипторларды қолдану арқылы, ал критерий оқу мақсатына тікелей негізделген болуы қажет | Денсаулық сақтау технологиялары. Сабақта сергіту жаттығулары мен белсенді жұмыс түрлерін қолданамын.<br>Осы сабақта қолданылатын Қауіпсіздік техникасы ережелерінің тармақтары орындалады. |



60.3-кесте. 7-сыныпта 6-сыныптың оқыту мақсаттарын кіріктіру арқылы меңгертуге арналған қысқа мерзімді жоспардың үлгісі

| | |
|---|---|
| Бөлімі: | XIX ғасырдағы Қытай мен Еуропа елдері |
| Педагогтің аты-жөні: | Искакова Зайра Каирлиновна<br>Солтүстік Қазақстан облысы, Айыртау ауданы, Саумалкөл ауылы, «Саумалкөл қазақ орта мектебі» |
| Күні: | |
| Сыныбы: 7 | Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны |
| Сабақтың тақырыбы | Неліктен апиын соғыстары осы күнге дейін қытай халқының есінде? |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты | 7.1.1.3 еуропалық державалардың отаршылдық экспансиясы кезеңіндегі Азия мемлекеттерінің (Қытай, Үндістан, Жапония) әлеуметтік құрылымындағы ерекшеліктерді анықтау;<br>7.2.1.2 миссионерліктің міндеттерін анықтау;<br>*Кіріктірілген мақсат*:<br>6.1.1.1 феодалдық қоғамның әлеуметтік құрылымын сипаттау |
| Сабақтың мақсаты: | Барлық оқушылар: Азиялық мемлекеттерді еуропалық державалардың отаршылдық экспансиясы кезеңіндегі орын алған ортақ белгілерді сипаттайды;<br>Көпшілік оқушылар: Апиын соғысының қытай тарихындағы орнын анықтайды;<br>Кейбір оқушылар: Апиын соғысындағы отарлаушылардың әрекеттеріне өзіндік баға береді |
| Бағалау критерийлері | Мемлекеттердің XIX ғасырдағы еуропалық державалардың отаршылдық экспансиясы кезеңіндегі әлеуметтік құрылымындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды түсіндіреді.<br>Феодалдық саты баспалдақтары өкілдерінің қызметтік міндеттерін сипаттайды. |
| Құндылықтарға баулу | - өз еліне және өзге мемлекеттердің тарихы мен мәдениетіне қызығушылық пен құрмет таныту;<br>-тұлғалардың қарым-қатынасыты дамытуға және бағалауға мүмкіндік беретін жұптық жұмысты қолдану;<br>-жеке тұлғаның пікірін ескерту және әрбір ойдың құндылығын құрметтеу; |

Сабақтың барысы

| Сабақ кезеңі/ Уақыты | Педагогтің іс-әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы 4 минут | Ұйымдастыру кезеңі:<br><br><u>Ой қозғау:</u><br>Терминдерге анықтама бер:<br>Сёэн-_____<br>Даймё-_____<br>Самурайлар-_____<br>Микадо-_____<br>Сегундар-_____<br>Сегун-_____ | Сұрақтарға жауап береді. Сыныптастарының жауабын тыңдап, ұсыныстар айтады. | Кері байланыс | |
| Сабақтың ортасы | Сабақ тақырыбы мен мақсатын оқушыларға айту. | *Оқушыларға мәтін* | Кері байланыс | Дидактикалық |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | *таратылады.* | | материал |
| 5 минут | INSERT әдісі<br>Мәтін бойынша сызбаны толтыру,білетінін айту,өзі үшін жаңалық екенін айту,түсінбейтінін ортаға салып талдау.<br>XIX ғасырдың басында маньчжурлар билігіндегі Қытайда ортағасырлық феодалдық қатынастар үстемдік етті. Ауылшаруашылығы, қолөнер өндірісі, әскер мен флот, жалпы қоғам өмірі ежелден келе жатқан конфуцийлік дәстүрлер деңгейінде қалды. Орасан зор жер аумағында, табиғат байлықтарына, мемлекеттік даму тәжірибесіне қарамастан, Қытай артта қалған феодалдық ел болып қалды. Қытай халқы мемлекет басында отырған маньчжур үстемдігіне наразылық күрес жүргізумен болды, үкіметке қарсы бағытталған құпия ұйымдар көбейді.<br>XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың басында Цин империясы әлсірей бастады. Елдің экономикалық жағдайы, тұрмысы нашарлады. Халықтың манчур үстемдігіне наразылығы өршіді.Цин империясының ішкі дағдарысына сыртқы әсерлер де қосылды.Қытайға ағылшындардың отарлық әрекеті күшейе бастады. | *Жалпы сыныпқа тапсырма.*<br><br>*Мәтінмен жұмыс жасайды.*<br><br>*Оқып отырып толықтырады.* | | |
| **28 минут** | Бекіту<br><br>Білемін Жаңалық Түсінбейтін<br>Y + ? | Әр жұп жазғанын қорғайды. | Кері байланыс | Ватман, маркер |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **<u>Дескриптор:</u>**<br><br>Оқушылар білемін, жаңалық, түсінбедім дегендерді<br><br>анықтап жазады<br><br>2.Топтастыру<br><br><br><br><br>Дескриптор:<br><br>Миссионерлердің басты міндетін анықтайды;<br><br>Миссионерлердің кім екендігін анықтайды;<br><br>Миссинерлер кімдер екенін анықтайды;<br><br>3. Балық қаңқасы арқылы Англия Қытайды күшпен ашуын себеп-салдарын жазады.<br><br><br> | Жалпы сыныпқа тапсырма<br><br>Кестені толықтыру | Кері байланыс<br><br>Мадақтау<br>**Кері байланыс** : | Оқулықты пайдалану, Дүниежүзі тарихы<br><br>Оқулық : Дүние жүзі тарихы Материал тартпа |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Дескриптор:<br>1-себебін анықтайды;<br>2-себебін анықтайды;<br>3-себебін анықтайды;<br>1-салдарын анықтайды;<br>2- салдарын анықтайды;<br>3-салдарын анықтайды;<br><br>4.Концептуалды кесте әдісі.Жұптық жұмыс.<br><br>Бірінші апиын соғысы Екінші апиын соғысы<br>Шиеленісуі<br>Келісім<br>Нәтижесі<br>Түйінді ой<br><br>Дескриптор:<br>-Елдерді анықтайды;<br>-Елдердің арасындағы келісімдерді анықтайды;<br>-Нәтижесін анықтайды;<br>-Түйінді ой жазады. | | | |
| Сабақтың соңы<br>6 минут<br><br>2 минут | Сабаққа кері байланыс берілежді.<br>«ПОПС формуласы» әдісі арқылы талдау<br>«Менің ойымша.....»<br>«Себебі, мен оны былай түсіндіремін.....»<br>«Оны мына мысалдармен, фактілермен дәлелдей аламын.....»<br>«Осыған байланысты мен мынадай шешімге келдім.....».<br><br>*Үй тапсырмасы* : «Неліктен апиын соғыстары осы күнге дейін қытай халқының есінде?» Эссе жазу. | Оқушылар кері байланыс парағын толықтырады. | Бірнеше оқушы өз ойымен бөлісіп, оқу мақсатына қалай қол жеткізгені туралы пікір бөліседі. | Стикер, слайд<br><br>Оқушылар өздерінің жұмысы мен сыныптастарының жұмысын белгілі бір критерийлер бойынша бағалайды |
| Саралау. Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз қабілетті оқушылардың | Бағалау. Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз? | Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау | | |

| | | |
|---|---|---|
| алдына қандай тапсырмалар қоясыз? | | |
| Саралау тапсырмаларды іріктеуді, белгілі бір оқушыдан күтілетін нәтижені, оқушыға жеке қолдау көрсетуде, оқу материалы мен ресурстарды оқушылардың жеке қабілеттерін ескере отырып әзірлеуді қамтиды. | Тапсырмаға критерий бойынша құрастырылған дескрипторларды қолдану арқылы, ал критерий оқу мақсатына тікелей негізделген болуы қажет | Денсаулық сақтау технологиялары. Сабақта сергіту жаттығулары мен белсенді жұмыс түрлерін қолданамын. Осы сабақта қолданылатын Қауіпсіздік техникасы ережелерінің тармақтары орындалады. |



60.4-кесте. 7-сыныпта 6-сыныптың оқыту мақсаттарын кіріктіру арқылы меңгертуге арналған қысқа мерзімді жоспардың үлгісі

| | |
|---|---|
| Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі: | 7-бөлім Революциялық идеялардың XIX ғасырдағы Еуропаға әсері |
| Мұғалімнің аты-жөні: | Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, «Атамекен» жалпы орта мектебінің тарих пәнінің мұғалімі Бегимова Сандугаш Елубаевна |
| Күні: | |
| Сынып: 7 | Қатысқандар: Қатыспағандар: |
| Сабақтың тақырыбы | Италия және Германияның бірігу жолдары қаншалықты бір-біріне ұқсас болмады? |
| Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарлама сына сәйкес) | 7.3.1.4 - әртүрлі елдердің бір уақыт кезеңіндегі тарихи оқиғаларын салыстыру арқылы ұлттық мемлекеттердің (Италия, Германия) қалыптасу маңызын анықтау;<br>7.3.2.5 тарихи оқиғаларды түсіндіру үшін «либерализм», «консерватизм», «социализм», «марксизм», «ұлтшылдық» ұғымдарын қолдану<br>*Кіріктірілген оқу мақсаты*:<br>6.3.1.4 феодалдық соғыстар мен орталықтандырылған мемлекеттердің құрылуы арасында байланыс орнату |
| Сабақ мақсаты | Барлығы: Италия мен Германияның әлеуметтік-экономикалық дамуын анықтау.<br>Басым бөлігі: Италия мен Германияның елдеріндегі революцияның ұқсастығы мен айырмашылықтарын дәлелдер келтіру арқылы салыстыру.<br>Кейбірі: Италия мен Германия ұлттық мемлекеттерінің қалыптасуының ерекшелігі мен маңызын саралау |

| | |
|---|---|
| Бағалау критерийлері | ✓ Италия мен Германияның әлеуметтік-экономикалық дамуының ерекшеліктерін анықтайды.<br>✓ Италия мен Германияның елдеріндегі революциялның ұқсастығы мен айырмашылықтарын салыстыра- сипаттайды.<br>✓ Екі елдің ұлттық мемлекеттерінің қалыптасуының ерекшелктерін және маңызын саралап шығады |
| Тілдік мақсаттар | Пәнге қатысты лексика мен терминология:<br>• революция,ұлттық қанау,ұлттық бірігу<br>• Жазылым: «Венн диаграммасы» тапсырмаларды орындайды,жазады<br>• Оқылым: «Кластер» әдісі арқылы мәтінмен жұмыс жасайды<br>• Айтылым:«Серпілген сауал» сұрақтарға жауап береді,өз пікірін білдіреді<br>• Тыңдалым:Сыныптастарының пікірлерін , мұғалімді тыңдайды |
| Дағды | Білу, түсіну |
| Пәнаралық байланыстар | География пәнімен картамен жұмыс жасау барысында байланысады. |
| Бастапқы білім | 7.3.2.5 - тарихи оқиғаларды түсіндіру үшін «либерализм», «консерватизм», «социализм», «марксизм», «ұлтшылдық» ұғымдарын қолдану<br>КОМ: 6-сынып. Дүние жүзі тарихы. Феодалдық соғыстар мен орталықтандырылған мемлекеттердің құрылуы арасында байланыс орнатуды біледі |

Сабақ барысы

| Сабақтың жоспарланған кезеңдері | Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|---|---|---|
| Сабақтың басы<br><br>5- минут | Топтастыру.«ел аттарымен » сынып оқушыларын топтарға бөлу.<br>«Серпілген сауал»әдісі арқылы қайталау сұрақтарына жауап береді<br>• *Германия мемлекетінің даму ерекшелігі кандай?*<br>• *Италия мемлекетіндегі дамудың тежелу себетері неде?*<br>• *Бу машиналары қашан пайда болды?*<br>• *Отто фон Бисмарк кім және тарихта қандай тұлға ретінде қалды*<br>• *Темір және қан саясаты жайлы не білеміз?*<br>Оқушылар өтілген тақырыпты қайталайды,жаңа сабақтың тақырыбын ашады.<br>Тақырыпқа қысқаша шолу жасайды.<br>Қалыптастырушы бағалау:<br>Оқушыларға дұрыс бағыт бағдар беру мақсатында кері байланыс беріп, дескриптордағы өлшемдерге қарай бағалаймын,*қорытынды,бағалау саралауын жүргіземін* | Қосымша материалдар, интерактивті тақта |

| | | |
|---|---|---|
| Сабақтың ортасы<br>15 мин | Италия, Германия елдердің бір уақыт кезеңіндегі тарихи оқиғаларын анықтайды<br>*1-Тапсырма Топтық жұмыс*<br>*«Кластер» әдісі: Мәтінді оқиды, дайын сызбаға жауап береді.* Европа елдердің бір уақыт кезеңіндегі тарихи оқиғаларын анықтайды<br>• *-Германиядағы революция*<br>• *-Италиядағы революция*<br>• *-Франциядағы революция*<br>• -Австарлиядағы революция<br><br><br>*Дескриптор:*<br>*–Германиядағы революция барысын біледі*<br>*-Италиядағы революция барысын біледі*<br>*-Франциядағы революция барысын біледі*<br>*-Австарлиядағы революцияны біледі*<br>Қалыптастырушы бағалау: Басбармақ әдісімен<br><br>*2-Тапсырма ,Жұптық жұмыс*<br>*Венн диаграммасы*<br>*«*Италия және Германияның бірігу жолдары»<br><br><br>*Дескриптор:*<br>➢ *Германия мен Италиядағы революция болған*<br>➢ *жылдары*<br>➢ *Екі елдің экономикалық дамуы қандай болды?*<br>➢ *Германия мен Италиядағы революция жылдарындағы тарихи тұлғалар*<br>➢ *Екі елдің ұлттық мемлекет болып бірігуі қай кезеңдерді қамтиды?*<br>➢ *Екі елдің ұқсастықтарын анықтайды* | Интерактивті тақта, дәптер<br>Г.Көкебаева,Р.Мырзабекова, Е.Қартабаева 7сынып Дүниежүзі тарихы оқулығы «Мектеп» баспасы 2018 ж |
| 5-мин | 3-Тапсырма: Жеке жұмыс:<br>«Көшбасшы» әдісімен «Италия мен Германия ұлттық мемлекеттерінің қалыптасуының ерекшелігі мен маңызын қандай,?<br>Отто фон Бисмарк қандай тарихи тұлға ? | |

| | | |
|---|---|---|
| 10-мин | Джузеппе Горивальди кім?<br>деген проблемалық сұрақ беріледі. Оқушылар өз ойларын жинақтап айтып шығады.<br><br>Дескриптор:<br>• Сұраққа жауап береді;<br>• Нақты фактілер келтіреді;<br>• Өзінің жеке пікірін білдіреді.<br><br>Қалыптастырушы бағалау:<br>Оқушыларға дұрыс бағыт бағдар беру мақсатында кері байланыс беріп, дескриптордағы өлшемдерге қарай бағалаймын,*қорытынды,бағалау саралауын жүргіземін* | |
| Сабақтың соңы<br>5- мин | . Блиц -турнир лездік сұрақтар арқылы сұрақтар қойылады<br>1. Европадағы революциялық көтерілістердің алғышарттарын ата?<br>2.Жұмысшыға оның еңбегімен кепілдік беру дегенді қалай түсінесің<br>3.Германиядағы көтерілісшілердң негізгі талаптарын ата?<br>4.Джузеппе Мадзини қандай ұйым құрды және не мақсатпен?<br>5.Оңтүстік және Орталық Италияның Солтүстік Италиядан дамуда артта қалуына не себеп болы деп ойлайсын?<br>жеңілді<br>Рефлексия. Кері байланыс:<br>«Алма ағашы» .<br>Жасыл түсті алма – мен бәрін түсіндім, көңіл күйім жақсы<br>Сары түсті алма– мен онша түсінбедім, көңілім орнында емес<br>Қызыл түсті алма – мен түсінбедім, көңіл күйім жоқ.<br> | Дәптер, интерактивті тақта<br><br>Стикер |
| Саралау – Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз басқаларға қарағанда қабілетті оқушыларға қандай тапсырмалар бересіз? | Бағалау – Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз? | Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау |

| | | |
|---|---|---|
| Барлығы:<br>«Кластер» әдісі бойынша интерактивті тақтадан көрсетілген суреттерден және мәтіндегі деректерді оқып толық түсінік алды.<br>Басым бөлігі: Венн диаграммасын орындау арқылы салыстырып,саралайды<br>Кейбір оқушылар: «Көшбасшы» әдісімен поблемалық сұрақтарға жауап беру арқылы сабаққа қортынды жасайды | Қалыптастырушы бағалау: қошемет сөздер,геометрилық фигуралар, «Өзара бағалау», «Бас бармақ» әдісі арқылы | •Акт мен жұмыс жасау кезінде қауіпсіздік ережесін сақтау.<br>• Сыныпта еркін атмосфера қалыптастыру.<br>•Топ ережесін сақтау,<br>•Сынып тазалығын сақтау. |
| Сабақ бойынша рефлексия<br>Сабақ мақсаттары немесе оқу мақсаттары шынайы, қолжетімді болды ма?<br>Барлық оқушылар оқу мақсатына қол жеткізді ме? Егер оқушылар оқу мақсатына жетпеген болса, неліктен деп ойлайсыз? Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме?<br>Сабақ кезеңдерінде уақытты тиімді пайдаландыңыз ба? Сабақ жоспарынан ауытқулар болды ма және неліктен? | Бұл тарауды сабақ туралы рефлексия жасау үшін пайдаланыңыз. Сол бағандағы өзіңіз маңызды деп санайтын сұрақтарға жауап беріңіз. | |
| Жалпы бағалау<br>Сабақта ең жақсы өткен екі нәрсе (оқыту мен оқуға қатысты)?<br>1:<br>2:<br>Сабақтың бұдан да жақсы өтуіне не оң ықпал етер еді (оқыту мен оқуға қатысты)?<br>1:<br>2:<br>Осы сабақтың барысында мен сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері/ қиыншылықтары туралы нені анықтадым, келесі сабақтарда не нәрсеге назар аудару қажет? | | |



60.5-кесте. 7-сыныпта 6-сыныптың оқыту мақсаттарын кіріктіру арқылы меңгертуге арналған қысқа мерзімді жоспардың үлгісі

| | |
|---|---|
| Бөлімі: | Америка Құрама Штаттарының күшеюі |
| Педагогтің аты-жөні: | Искакова Зайра Каирлиновна<br>Солтүстік Қазақстан облысы, Айыртау ауданы, Саумалкөл ауылы, «Саумалкөл қазақ орта мектебі» |
| Күні: | |
| Сыныбы: 7 | Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы: | Неліктен АҚШ өз әскери кемелерін Жапонияға жіберді? |

| | |
|---|---|
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты | 7.4.1.3 АҚШ-ғы капиталистік монополиялардың даму ерекшеліктерін анықтау;<br>7.3.2.6 еуропалық отаршылдық экспансияның Шығыстың дәстүрлі қоғамдарына ықпалын сипаттау;<br><br>*Кіріктірілген оқыту мақсаты:*<br>6.3.1.5 саяси биліктің ерекшеліктерін анықтау үшін әр түрлі елдердің билеушілерінің қызметін салыстыру; |
| Сабақтың мақсаты: | Барлығы: АҚШ-ның өз әскери кемелерін Жапонияға жіберу себепте- рін түсінеді;<br>Көпшілігі: АҚШ-ғы капиталистік монополиялардың даму ерекшелік- терін анықтайды;<br>Кейбірі:АҚШ пен Жапонияның индустриялық даму кезеңдерін айырмашылығын ажырату; |
| Бағалау критерийлері | АҚШ пен Жапония мемлекетінің арасындағы дипломатиялық қарым-қатынасты анықтайды;<br>Шығыс елдері императорларының билігін салыстырады; |
| Құндылықтарға баулу | - өз еліне және өзге мемлекеттердің тарихы мен мәдениетіне қызығушылық пен құрмет таныту;<br>-тұлғалардың қарым-қатынасыты дамытуға және бағалауға мүмкіндік беретін жұптық жұмысты қолдану;<br>-жеке тұлғаның пікірін ескерту және әрбір ойдың құндылығын құрметтеу; |


Сабақтың барысы:

| Сабақ кезеңі/Уақыты | Педагогтің іс-әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы<br>4 минут<br><br>Сабақтың ортасы<br>5 минут | Ұйымдастыру кезеңі:<br>Ой тастау:<br><br>Салыстыру<br><br>Токугава<br><br>Муцухито<br><br>Мемлекеттік басқару<br><br>Саясаты<br><br>Суретпен жұмысжасау.АҚШ-тың жылдам экономикалық дамуының себептері не деп ойлайсыңдар?Сурет арқылы жаңа сабақтың тақырыбын ашу.<br>№1 | Сұрақтарға жауап беру арқылы, өткен тақырыптар еске түсіру.<br><br>Суреттерді қарап АҚШ-тың жылдам экономикалық дауының себептерін айтады.<br>Жалпы сыныпқа | Кері байланыс<br><br>Кері байланыс | Дидактикалық материалда,оқушыларға таратып беру<br><br>Дидактикалық материал, суреттер |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | <br>№2<br><br>№ 3<br><br>Дескриптор:<br>1-ші себебін айтады;<br>2-ші себебін айтады;<br>3-ші себебін айтады; | тапсырма | | |
| Мұғалімнің толықтыруы<br>5 минут |  | Сыныптас тардың жауаптарын қолдап, толық тырады | Кері байла ныс | |
| 25 минут | 2.Тұлғаны таны<br>№1<br><br>М.Перри | Оқулықпен жұмыс жасау | Қалыпта стыруш ы бағалау | Оқулықта дүниежүзі тарихы<br>160-161 бет |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Қызметі_____<br>___<br>Қай елге аттанды?_____<br>__<br>Мақсаты:_____<br>___<br><br> №2<br>Император Муцухито<br><br>Билік еткен мерзімі:_____<br>Саясаты:_____<br>_____<br>_____<br>_____<br>Дескриптор:<br>М.Перри қызметін анықтайды;<br>Қай елге аттанғанын анықтайды;<br>М.Перридің мақсатын анықтайды;<br>Император Муцухито билік еткен мерзімін анықтайды;<br>Император Муцухито саясатын анықтайды;<br><br>3.Сематикалық карта.<br>Еуропалықтардың Жапонияны ашуы | Жұптық жұмыс | Мақтау | Сематикалық карта |

| Қай жылы? | Европа Лықтар мен жапон дар | Қайда? Қандай саясат ұстанды ? | Нәти жесін де |
|---|---|---|---|
| 1791-1849 ж.ж | АҚШ | Жапо нияға 7 экспеди ция аттан дырды | |
| 1852ж | М.Перр и \АҚШ/ | | Сәтсіз аяқтал ды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | <table><tr><td>1854 ж<br><br>1855 ж<br>1856 ж<br><br>1858ж</td><td>Жапон-ағылшын соғысы<br>Орыс-жапон<br>Голланд-жапон<br>Француз-жапон</td><td>Келісімдер жасалды</td><td></td></tr></table><br>Дескриптор:<br>Еуропалықтардың Жапонияны ашуын қандай саясат ұстағанын, нәтижесін анықтайды;<br>4.Топтастыру<br><br><br>Дескриптор:<br>Миссионерлердің басты міндетін анықтайды;<br>Миссионерлердің кім екендігін анықтайды;<br>Миссинерлер кімдер екенін анықтайды;<br><br>5..Жапониядағы Мэйдзи реформасын өрмекші сызбасы арқылы толықтырады.<br>*Мэйдзи* :<br>*Мемлекетттік құрылыстағы өзгерістер;*<br>*Қоғамдық қатынастардағы өзгерістер;*<br>*Экономикалықкайта құру;*<br>*Білім саласындағы өзгерістер;*<br><br>Дескриптор:Мэйдзи реформасын толықтырып айтады; | | | Әр оқушы өз ойын жазады<br><br>Ауызша слайд арқылы көрсету |
| Сабақтың соңы.<br>5 минут | Сабаққа кері байланыс берілежді.<br>Екі жақты түсіндірмелі күнделік<br>Әсер еткен жер Өз пікірім | Оқушылар кері байланыс парағын толық тырады. | Бірнеше оқушы өз ойымен бөлісіп, оқу мақсаты | Стикер, слайд<br>Оқушылар өздерінің жұмысы мен сыныптастарының жұмысын белгілі бір |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | *Үй тапсырмасы* :<br>Еуроплықтардың жапонияны ашуы тақырыбына әңгме құру. | | на қалай қол жеткізгені туралы пікір бөліседі. | критерийлер бойынша бағалайды |
| Саралау. Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз қабілетті оқушылардың алдына қандай тапсырмалар қоясыз? | Бағалау. Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз? | Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау | | |
| Саралау тапсырмаларды іріктеуді, белгілі бір оқушыдан күтілетін нәтижені, оқушыға жеке қолдау көрсетуде, оқу материалы мен ресурстарды оқушылардың жеке қабілеттерін ескере отырып әзірлеуді қамтиды. | Тапсырмаға критерий бойынша құрастырылған дескрипторларды қолдану арқылы, ал критерий оқу мақсатына тікелей негізделген болуы қажет | Денсаулық сақтау технологиялары.<br>Сабақта сергіту жаттығулары мен белсенді жұмыс түрлерін қолданамын.<br>Осы сабақта қолданылатын Қауіпсіздік техникасы ережелерінің тармақтары орындалады. | | |

V. Сабақтан тыс уақытта толықтырылатын өткен оқу жылындағы оқыту мақсаттары.

6.2.1.2 тарихи процестер контекстінде «гуманизм», «реформация», «протестантизм», «лютеранство», «каль винизм», «контрреформация», «кезуиттер ордені» ұғымдарын түсіндіру;

6.2.2.1 тарихи оқиғалардың өзара байланысын орнату арқылы діндердің әлемдік мәдениетке ықпалын анықтау;

6.2.3.1 Шығыс ойшылдары жетістіктерінің маңызын түсіндіру;

6.2.3.2 гуманистік идеялардың орта ғасырлық мәдениеттің дамуына ықпалын анықтау;

6.2.4.1 адам өміріндегі қоршаған орта туралы білімнің рөлін түсіндіру;

6.2.2.4 Шығыстың ортағасырлық мәдениетінің ерекшеліктерін сипаттау;

6.3.1.3 феодалдық мемлекеттің даму кезеңдерін сипаттау;

6.3.1.4 феодалдық соғыстар мен орталықтандырылған мемлекеттердің құрылуы арасында байланыс орнату;

6.3.1.6 басқару формасына сипаттама беру үшін «парламент», «Бас штаттар», «сейм», «кортес», «Боярлар Думасы» ұғымдарын түсіндіру;

6.3.2.1 Рим империясының ыдырау себептерін анықтау және жіктеу;

6.3.2.3 Византияның ішкі саясатын сипаттап, оның ұзақ өмір сүруінің себептерін анықтау және жіктеу;

6.3.2.4 Византияның дипломатиялық саясатын оның көршілес елдермен қарым-қатынасының мысалында қарастырып, сипаттау;

6.3.2.6 картада оқиғаларды даму динамикасында белгілей отырып, 1-4 жорықтар мысалында крест жорықтарының себеп-салдарын анықтау;

5.4.1.3 ежелгі өркениеттердің шаруашылық жүйесін сипаттау

-VI. Кіріктіруге болмайтын оқыту мақсаттары қарастырылатын консультациялардың кестесі

Консультациялар кестесі диагностика барысында анықталған меңгерілуі күрделі тақырыптар, бөлімдер, бөлімшелер мен оқу мақсаттары бойынша әзірленеді.

Кесте білім алушылардың «Дүниежүзі тарихы» оқу пәні бойынша білімдеріндегі олқылықтардың орнын толтыру, оның ішінде үлгерімі төмен білім алушылар үшін қалыптастырылған топтар/сыныптар ескеріле отырып жасалады.

Жұмыстың нысандары мен әдістерін, оқыту технологияларын педагогтер білім алушылардың жас және жеке ерекшеліктеріне сәйкес дербес айқындайды.

Сонымен қатар, қажет болған жағдайда білім алушылар үшін кесте бойынша жеке консультациялар ұйымдастырылады. Жазғы мектеп білім алушыларының оқу жетістіктері бағаланбайды. Жазғы мектеп жағдайында үй тапсырмасы берілмейді.

Сабаққа дайындық кезінде педагогтерге «Дүниежүзі тарихы» пәнінен оқу материалдары мен ресурстарын мұқият таңдап, білім алушылардың оқу пәндері бойынша біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыруға деген қажеттіліктерін ескере отырып, сараланған тапсырмаларды әзірлеу ұсынылады.

Білім алушылардың танымдық ынтасын арттыру мақсатында қосымша материалдар, тест тапсырмаларын, шығармашылық сипаттағы дидактикалық материалдарды, аудиовизуалды құралдарды (графика, аудио, бейнематериалдар), сабақ тақырыбына сәйкес мұражайға виртуалды саяхат, презентацияларды, сараланған оқу тапсырмаларын пайдалану ұсынылады.

Оқу материалының мазмұны оқу процесінде білім алушылардың ойлау процестерін дамытуға, ойластырылған шешімдер қабылдау, оларды дәлелдеу, ақпаратпен жұмыс істеу, талдау, салыстыру, қорытындылау біліктерін дамытуға бағытталуы тиіс.

Жазғы мектептің оқу процесінде үлгерімі нашар білім алушыларға педагогикалық қолдау көрсету ұсынылады. Қажет болған жағдайда жеке сараланған тапсырмалар әзірлеу ұсынылады.

Сыни ойлауды дамытуға, функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға, интерактивті оқыту әдістемелерін (жобалар әдісі, пікірталас, ойын, іздеу әдістері) қолдануға, мұражай сабақтарын ұйымдастыруға бағытталған жағдаяттық міндеттерді пайдалану ұсынылады.

Сабақта балалардың эмоционалдық көңіл-күйіне назар аудару және оқуға қолдау көрсету мен сабақта білім алушылардың шамадан тыс жүктемесіне жол бермеуге назар аудару қажет.

60-6-кесте. Кіріктіруге болмайтын оқу мақсаттары қарастырылатын консультациялардың кестесі

| № | Тақырыптар | Оқыту мақсаттары | Өткізілетін мерзімі |
|---|---|---|---|
| 1 | Мартин Лютердің наразылығы Еуропаны қалай өзгертті? | 6.2.1.2 тарихи процестер контекстінде «гуманизм», «реформация», «протестантизм», «лютеранство», «каль винизм», «контрреформация», «кезуиттер ордені» ұғымдарын түсіндіру;<br>6.3.2.1 Рим империясының ыдырау себептерін анықтау және жіктеу; | Күзгі каникул |
| 2 | Неліктен VIII-XII ғасырды ислам мәдениетінің "алтын ғасыры" деп атайды? | 6.2.2.1 тарихи оқиғалардың өзара байланысын орнату арқылы діндердің әлемдік мәдениетке ықпалын анықтау<br><br>6.2.3.1 Шығыс ойшылдары жетістіктерінің маңызын түсіндіру; | Күзгі каникул |
| 3 | Қайта өрлеу дәуірі өнердің дамуын қалай өзгертті? | 6.2.3.2 гуманистік идеялардың орта ғасырлық мәдениеттің дамуына ықпалын анықтау; | Күзгі каникул |
| 4 | Коперниктің теориясы қаншалықты бірегей болды? | 6.2.4.1 адам өміріндегі қоршаған орта туралы білімнің рөлін түсіндіру; | Қысқы каникул |
| 5 | Шығыстағы Ренессанс әлемдік мәдениетті қалай байытты? | 6.2.2.4 Шығыстың ортағасырлық мәдениетінің ерекшеліктерін сипаттау; | Қысқы каникул |
| 6 | XIV Людовик және Ұлы Петр: кімнің билігі айтарлықтай шексіз болды? | 6.3.1.3 феодалдық мемлекеттің даму кезеңдерін сипаттау;<br>6.3.1.6 басқару формасына сипаттама беру үшін «парламент», «Бас штаттар», «сейм», «кортес», «Боярлар Думасы» ұғымдарын түсіндіру; | Қысқы каникул |
| 7 | Еуропада орталықтандырылған мемлекеттер қалай құрылды? | 6.3.1.4 феодалдық соғыстар мен орталықтандырылған мемлекеттердің құрылуы арасында байланыс орнату; | Қысқы каникул |
| 8 | Рим империясы Шығыста неліктен сақталды? Неліктен Византия 568 жылы түрік қағаны | 6.3.2.3 Византияның ішкі саясатын сипаттап, оның ұзақ өмір сүруінің себептерін анықтау және жіктеу;<br>6.3.2.4 Византияның дипломатиялық саясатын оның көршілес елдермен қарым-қатынасының | Көктемгі каникул |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Истемиге елші жіберді? | мысалында қарастырып, сипаттау; | |
| 9 | Крест жорықтары христиандық Еуропа мен мұсылман әлемін қалай өзгертті? | 6.3.2.6 картада оқиғаларды даму динамикасында белгілей отырып, 1-4 жорықтар мысалында крест жорықтарының себеп-салдарын анықтау; | Көктемгі каникул |

VII. Жазғы мектеп кезінде ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгісі 60.7-кестеде көрсетілген

60.7-кесте. Жазғы мектеп кезінде ұйымдастырылатын сабақтың қысқа мерзімді жоспарының үлгісі


| | | |
|---|---|---|
| Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі:<br>VIII бөлім. Сауда, қолөнер және әлемді игеру | | Мектеп: «Атамекен» жалпы орта мектебі |
| Күні: | Мұғалімнің аты-жөні: Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, «Атамекен» жалпы орта мектебінің тарих пәнінің мұғалімі Бегимова Сандугаш Елубаевна | |
| Сынып: | Қатысқан оқушылар саны: | Қатыспағандар: |
| Сабақ тақырыбы: | Ұлы географиялық ашылулар әлемді қалай өзгертті? | |
| Оқу мақсаттары: | 6.2.4.3 – картада XV-XVI ғасырлардағы саяхатшылардың негізгі бағыт-бағдарларын белгілей отырып, Ұлы географиялық жаңалықтардың адамдардың әлем туралы түсінігіне ықпалын анықтау | |
| Сабақ мақсаттары: | Қытай императорының өз еліне еуропалық саяхатшылардың келуіне тыйым салуының және Батыс Еуропалық саяхатшылардың Қытайға келуін жалғастыра беру себептерін салыстырады.Сондай-ақ әлемді игеруге әкелген түрлі әсерлерге баға береді. | |
| Ойлау деңгейі: | Қолдану, Жоғары деңгей дағдылары | |
| Бағалау критерийлері: | Ұлы географиялық жаңалықтардың адамдардың әлем туралы түсінігіне ықпалын сипаттайды | |
| Тілдік мақсаттар: | Сабақ барысында оқушылардың төмендегі көрсетілген тілдік құзіреттілігін дамытуға мүмкіндік беріледі.<br>✓ *Тыңдалым* - видеоматериал көріп болған соң тәжірибелік тапсырмалар орындау барысында.<br>✓ *Оқылым* – тәжірибелік тапсырмалар жасау барысында тарихи деректермен және мәтінмен жұмыс.<br>✓ *Жазылым* – тәжірибелік тапсырмалар орындау барысында жазбаша жұмыстар жасау.<br>*Айтылым* - топтарда және жұптарда талдау талдау және мұғалімнің сұрақтарына жауап беру барысында.<br>Диалогқа: /Жазылымға қатысты тіркестер:<br>Қытайлар зерттеу саяхаттарына кедергі жасады өйткені ...<br>Батыс Еуропада зерттеу саяхаттарының бағыты сақталды, өйткені ...<br>Ең маңызды фактор ... болды | |

| | |
|---|---|
| | Анағұрлым пайда тапқан мына адамдар ...<br>Бәрінен айрылғандар мына адамдар ...<br>Сұрақтар-мысалы:<br>Неліктен сіз қостыңыз ...?<br>Неліктен сіз алып тастадыңыз...?<br>Қорғау-мысалы: Мен мұны қостым, өйткені...<br>Мен мұны алып тастадым, өйткені..<br>Өңдеу – мысалы:<br>Талқылау негізінде мен мынаны өзгерткім келеді/алып тастағым келеді...<br>Пайымдау-мысалы<br>Өзгерістерге қорытынды жасау қиын, өйткені...<br>Пәнге қатысты лексика мен терминология:<br>Әлемді ашу, зерттеу саяхаттары, варварлар, алым-салық |
| Құндылық тарды дамыту: | Ұлттық бірлік, қоғамымыздағы бейбітшілік және келісім |
| Пәнаралық байланыс тар | География (Ұлы географиялық ашулар) |
| Бастапқы білім | Оқушылар сауда, экономикалық және мәдени байланыстар бойынша алдыңғы бөлімдердегі және Қазақстан тарихындағы қарастырған тақырыптарында алған білімдерін қолдана алады.<br>КОМ: 5-сынып Дүние жүзі тарихы. Ежелгі дүниенің мәдени мұрасы қандай? Ғылымдардың (арифметика, геометрия, астрономия, медицина) пайда болып, дамуына шаруашылық іс-әрекет пен әлеуметтік өзгерістердің ықпалын сипаттай алады. |

Сабақ барысы:

| | | |
|---|---|---|
| Сабақтың жоспар ланған кезеңдері | Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
| Сабақ тың басы: 5-минут | Сыныпта ынтымақтастық атмосферасын құру.<br>Оқушыларды топтарға бөліп, географиялық ашулардың нәтижесінде әлемде орын алған өзгерістер туралы өз болжамдарын ауызша ортаға салуды ұсыну. Жетелеуші сұрақтар арқылы тақырыпқа шығу.<br>Жетелеуші сұрақтар:<br>• Өзгеріс туралы ойлағанда сіздің ойыңызға келетін сөздерді атаңыздар?<br>• Қандай заттар өзгеріске ұшырауы мүмкін?<br>• Өзгеретін қандай ерекше заттарды білесіздер ?<br>• Өзеріске ұшырайтын заттар қандай болады?<br>• Заттың өзгеріске ұшырау ықтималдығын қалай білесіз?<br>• Өзгеріс болғандығына қандай дәлелдер келтіресіз?<br>Ұлы географиялық ашулардың нәтижесінде әлемде өзгерістер орын алуы мүмкін бе? –деп оқушылар пікірін сұрап, сабақ тақырыбын анықтату. | |

| | | |
|---|---|---|
| Сабақтың ортасы:<br>*2-мин*<br><br>3-мин<br><br><br><br><br><br>10 мин<br><br><br><br><br><

| | | |
|---|---|---|
| | - мәселедегі басты маңызды себепті сипаттайды;<br>- мәселені мысалдармен дәлелдейді;<br>- мәселе бойынша қорытынды жасайды.<br>3-тапсырма:<br>Қытайлықтар мен еуропалық саяхатшылардың теңіз экспедициясына шығу себептерін тірек сызбада жіктеңіз.<br><br><br>Дескриптор:<br>Қытайлықтар мен еуропалық саяхатшылардың теңіз экспедициясына шығу себептерін тірек сызбада анықтайды. | |
| Сабақтың соңы: 3-мин | Оқу тапсырмасы:<br>Тақырып туралы қосымша деңгейлік ізденіс жұмысы | |

| Саралау –оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз? | Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз? | Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы |
|---|---|---|
| | | |

*Сабақ бойынша рефлексия*
Жалпы баға
Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?
1.
2.
Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?
1.
2.

## 61. «Дүниежүзі тарихы» оқу пәні, 8-сынып

I. Өткен оқу жылында өтілген оқу бағдарламасының мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттары

8-сыныпта «Дүниежүзі тарихы» пәнінен диагностикалық жұмыс жүргізу үшін 7-сыныпқа арналған «Дүниежүзі тарихы» пәнінен оқу бағдарламасының оқыту мақсаттары зерделенеді. Ол үшін негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Дүниежүзі тарихы» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын қарастырамыз [33]. Оқу бағдарламасына сәйкес 7-сыныпта 12 бөлім қарастырылады.

Диагностика пән бойынша оқу бағдарламасының мазмұнын қамтитын келесі бөлімдердің оқу мақсаттары бойынша жүзеге асырылады Білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды анықтауда «Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша өткен оқу жылындағы 7-сыныптың келесі оқу мақсаттары бойынша диагностикалық жұмыс жүргізу ұсынылады (61.1-кесте.).

Диагностика пән бойынша оқу бағдарламасының мазмұнын қамтитын келесі бөлімдердің оқу мақсаттары бойынша жүзеге асырылады:

- әлеуметтік қатынастардың дамуы;
- мәдениеттің дамуы мен өзара әрекеттестігі;
- саяси жүйелердің дамуы мен өзара әрекеттестігі;
- экономикалық қатынастардың дамуы.

61.1-кесте. Өткен оқу жылындағы 7-сынып оқу бағдарламасының мазмұнын толық қамтитын оқыту мақсаттары

| «Әлеуметтік қатынастардың дамуы» бөлімі | |
|---|---|
| Бөлімше | 7-сынып<br>XVII ғасырдың ортасы -XIX ғасыр<br><br>Франция, Германия, Ұлыбритания, АҚШ, Қытай, Жапония, Үндістан, Ресей, Осман империясы |
| 1.1 Әлеуметтік құрылымдар | 7.1.1.1 «капитал», «буржуазия», «жұмысшы табы» \пролетариат\ ұғымдарын қоғамның әлеуметтік құрылымын түсіндіру үшін қолдану |
| | 7.1.1.2 мануфактура, фабрикалардың пайда болуы мен жалдамалы жұмысшы табының қалыптасуы арасындағы байланысты анықтау |
| | 7.1.1.3 Еуропалық державалардың отаршылдық экспансиясы кезеңіндегі Азия мемлекеттерінің әлеуметтік құрылымындағы ерекшеліктерді анықтау (Қытай, Үндістан, Жапония) |
| 1.2 Әлеуметтік өзара әрекеттестік | 7.1.2.1 экономикалық және саяси жүйенің өзгеруіне буржуазияның әсерін анықтау |
| | 7.1.2.2 трансатлантикалық құлдықтың ерекшеліктерін анықтау |
| *«Мәдениеттің дамуы мен өзара әрекеттестігі» бөлімі* | |
| Франция, Германия, Англия, АҚШ, Қытай, Жапония, Үндістан, Ресей, Осман империясы, Иран | |
| 2.1 Дін | 7.2.1.1 қоғамда дін рөлінің шектелуіне байланысты адамдар өмірінде орын алған өзгерістерді анықтау |
| | 7.2.1.2 миссионерліктің міндеттерін анықтау |
| 2.2 Өнер | 7.2.2.1 тарихи оқиғаларды интерпретациялау үшін өнер туындыларын пайдалану |
| | 7.2.2.2 өнердегі негізгі стильдер мен ағымдардың белгілерін (неоклассицизм, романтизм, импрессионизм, реализм) анықтау |

| | |
|---|---|
| 2.3 Философиялық жүйелер | 7.2.3.1 Ресейде жаңа қоғамдық-саяси ағымдардың (халықшылдық, либерализм) пайда болу себептерін анықтау |
| | 7.2.3.2 Ағартушылық дәуір идеяларының қоғамдық дамуға ықпалын анықтау |
| | 7.2.3.3 Карл Маркстың көзқарастарын және марксизмнің қоғамдық өмірге ықпалын түсіндіру |
| 2.4 Ғылым | 7.2.4.1 өзгерістер мен сабақтастықты көрсету арқылы, адам мен қоғам өміріндегі ғылыми жаңалықтардың маңызын талдау |
